



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АЛАН БРАЙМАН

Әлеуметтік зерттеу әдістері



I

ТОМ

Алматы, 2014



Әлеуметтік зерттеу әдістері

Алан Брайман

Төртінші басылымы

OXFORD
UNIVERSITY PRESS



Social Research Methods

Alan Bryman

Fourth edition

OXFORD
UNIVERSITY PRESS

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Алан Брайман

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

I том

Оқулық

Алматы, 2014

ӘОЖ 316.(07)
КБЖ 60.5
Б 80

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Қазақ тіліне аударған:
Байленова Арайлым,
Ерменбаева Ләйла

Брайман Алан

Б 80 Әлеуметтік зерттеу әдістері. Оқулық/Ауд. А. Байленова, Л. Ерменбаева – Алматы, 2014.–584 бет.

ISBN 978-601-7427-53-5

Т. 1. – 584 б.

ISBN 978-601-7427-54-2

Бұл оқулық – әлеуметтік зерттеулер жайлы жалпы теориялық мағлұматтар жинағы және әлеуметтік зерттеу жүргізуді көздеп жүргендер үшін әдістемелік, логикалық інжу-маржан десе болады. Осы кітаптағы нақышына келтіріліп түсініктемесі берілген тәсілдер, құнды және тың мәліметтер әрбір әлеуметтанушының көзқарасына өзгеріс енгізіп, жаңа бастамаларды алға тартары сөзсіз.

Ғылыми және техникалық шығармаларды аударғанда, белгілі салалардың терминологиялық ұғымдарын дұрыс беру көзделетіні мәлім, дегенмен аудармада кітаптың мазмұнын барынша сақтап қалуға тырыстық.

Әлеуметтік зерттеулер кейбір шешімін таба алмай жүрген дилеммалардың айқын шешімдерін ұсынады. Сондықтан, әлеуметтік зерттеулердің негізгі тәсілдері қамтылған осы оқулықпен мұқият танысқаныңыз болашақта айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге септігін тигізері анық.

ӘОЖ 316 (07)
КБЖ 60.05

ISBN 978-601-7427-53-5 – (Т. 1)

ISBN 978-601-7427-54-2 – (ортақ)

© English language edition published by
SAGE Publications of London, Thousand
Oaks, New Delhi and Singapore, Janet
Jones & Lee Salter, 2012.

© Қазақ тіліндегі басылым, ҚР жоғары
оқу орындарының қауымдастығы, 2014

Софи мен Даниелге арнаймын

Алғыс сөз

Осы кітаптың жарық көруіне көп адамдар қол ұшын бергенін, олардың ішінде көпшілігі өз еріктерімен көмектескенін ерекше атап өткім келеді. Зерттеу әдістерінің жаңа буыны Лафборо университеті мен Лейстер университеті студенттерінің сұрақтары мен идеялары мені осы кітапты қолға алуыма ынталандырды. Oxford University Press-пен байланысыма жәрдем бергендері үшін осы кітапты қолға алуыма кеңес берген Тим Бартонға, аталмыш кітаптың бірінші басылымының жарық көруіне көмектескені үшін Ангела Гриффинге; қайта өңделген басылымы мен үшінші басылымды дайындау барысында үнемі қолдау көрсетіп отырғандары үшін Патрик Бриндл мен Кэти Алланға; кітаптың төртінші басылымын дайындау кезіндегі ақыл-кеңестері мен қолдауы үшін Кирсти Ридке; мәтіннің қолжазба нұсқасын редакциялағаны және детальдарға егжей-тегжейлі көңіл бөлгені үшін Хиллари Уолфордқа; Филлиппа Хендриге осы кітапты жарыққа шығару барысын басқарғаны үшін; Сара Бретт пен Люси Хайдқа осыдан ертерек басылымдарға жәрдем бергендері үшін шексіз ризашылығымды білдіргім келеді.

Сонымен қатар, Алан Бирдсуордқа осы кітаптың тұңғыш тырнақалды жобаларына жасаған саликалы ескертулері үшін; Майкл Биллигке өте құнды ескертулері мен бірінші басылымның бөлігін дайындауға қол ұшын бергені үшін алғысымды білдіремін.

Эмма Беллге бірінші кітапты дайындау барысында сіңірген еңбегі мен осы кітаптың кейінгі өңдеулері мен үшінші басылымын шығаруға көмегі үшін және аталмыш кітапты бизнес мектепте *Бизнес зерттеулер әдістері* атты кітапты ыңғайлап енгізгені үшін ерекше

алғысымды білдіргім келеді. Осы басылымда енгізілген көптеген өзгерістер мен қосымшалар соның арқасында жүзеге асты.

Енді бір алғысқа сай кісілер Алан Рэдли, Даррен Ходжетс және Андреа Кулленте екі фотосурет үшін: бірі, баспанасыз адамдар жайында және екіншісі, Сара Пинктің өз зерттеу еңбегіндегі коррида бейнеленген фотосуреттерін бізге пайдалануға рұқсат бергені үшін, сонымен бірге *Nottingham Evening Post*-қа олардың 13-тарауда екі газеттік мақаласын ұсынып, аса мейірімділік танытқандары үшін шексіз алғысымды білдіремін.

19.5 Табақша атты DaimlerChrysler корпорациясының меншігі болып табылады және аталмыш корпорацияның рұқсатымен ұсынылды. Жаңа басылымға «Студент тәжірибесі» тақырыбындағы сауалнаманы жинақтап берген студенттерге алғысымды білдіремін. Сонымен қатар Oxford University Press-тің алдыңғы басылымына пайдалы кеңестер берген рецензенттерге рахметімді айтамын. Ең ақырында, бүкіл ауыр жұмысты мойнына артқан осы кітаптың алдыңғы басылымдарына енгізген дұрыстаулары үшін Сюге айрықша алғысымды білдіремін. Оның детальдарға жіті қарайтын дағдысына бас иемін. Әдеттегісіндей, Сю, Сара және Даррен маған барынша қолдау көрсетіп, менің кенеттен кабинетімнен шықпай қалатын әдетіме де, менің қорқыныштарыма да көндікті. Сара өзін Университет студенті сезінгенде, менімен тұтынушы тұрғысынан алғандағы көптеген идеяларымен бөлісті: сол үшін де оған ерекше ризамын.

Менен басқасының бәрі аталмыш кітаптың кез келген олқылықтары үшін жауап беруден босатылады.

Қысқаша мазмұны

Автор жайында	8
Студенттерге арналған кіріспе сөз	9
Кітаптың нұсқаулығы	17
Қысқартылған сөздер/Аббревиатуралар	22

1-бөлім

24

1	Әлеуметтік зерттеудің табиғаты мен үдерісі	24
2	Әлеуметтік зерттеу стратегиялары	48
3	Зерттеу жобасы	88
4	Зерттеу жобасын жоспарлау және зерттеуге қатысты сұрақтар құрастыру	143
5	Бастамасы: әдебиеттерді қарастыру	169
6	Әлеуметтік зерттеулердің этикасы және саясат	219

2-бөлім

262

7	Сандық зерттеу сипаттамасы	263
8	Іріктеме	302
9	Стандартталған сұхбат	341
10	Өз бетінше толтырылатын сауалнамалар	377
11	Сұрақ қою	398
12	Стандартталған бақылау	433
13	Мағыналық талдау	460
14	Қайталама талдау және ресми статистика	491
15	Сандық деректерге талдау жүргізу	521
16	Windows жүйесінде IBM SPSS бағдарламалық жасақтамасын қолдану	556

Автор жайында



Алан Брайман 2005 жылдың тамыз айында Лестер университетінің ұйымдастырушылық және әлеуметтік зерттеулер менеджменті мектебінің профессоры болып тағайындалды. Ол 2008-2009 жылдары осы аталмыш мектептің басшысы қызметін атқарған. Өзінің Лестер университетіне ауысуына дейін ол Лафборо университетінде отыз бір жыл жұмыс істеген.

Оның негізгі зерттеу нысандары: көшбасшылық, әсіресе білім саласында, ғылыми әдістер (оның ішінде аралас зерттеу әдістері) және қазіргі қоғамды «Диснейлендіру», «Макдоналдизация» жасау мәселелері. 2003-2004 жылдары

Алан Брайман Экономикалық және Әлеуметтік ғылыми-зерттеу Кеңесінің Әдістер бағдарламасының бөлігі ретінде өзінің аралас зерттеу әдістері жобасын аяқтады.

Аталмыш ғылыми-зерттеу жайындағы ақпарат 27-тарауда жазылған. Сонымен қатар, оны қызықтыратын салалар көшбасшылық, оның ішінде жоғары білім саласындағы көшбасшылық мәселесі.

Оның әлеуметтік зерттеулер саласында көптеген еңбектері жарық көрген, солардың ішінде: Дункан Крамермен авторлық бірлестікте *IBM арқылы Әлеуметтік ғылымдардың статистикалық кешені (SPSS - ӘФСК) 17, 18 және 19: Әлеуметтік ғалымдарға нұсқаулық* (Routledge, 2011); Эмма Беллмен авторлық бірлестікте *Бизнес зерттеу әдістері* (Oxford University Press, 3-басылым 2011); Майкл Льюис-Бек және Тим Футинг Лицаомен авторлық бірлестікте *Әлеуметтік Ғылыми-зерттеу әдістері электрондық SAGE энциклопедиясы* (Sage, 2004); Қоғамды диснейлендіру (Sage, 2004); Мелисса Хардимен авторлық бірлестікте *Мәліметтер базасына анықтағыш* (Sage, 2004); Дэвид Бьюкананмен авторлық бірлестікте *SAGE Ұйымдастырушылық зерттеу әдістері* (Sage, 2009); және Дэвид Коллинсон, Кейт Гринт, Бред Джексон және Мэри Албианмен авторлық бірлестікте *SAGE көшбасшылық мәселелері бойынша нұсқаулық* (Sage, 2011). Алан Брайманның мақалалары бірқатар академиялық журналдарда басылып шыққан. Олар: *Journal of Management Studies; Human Relations; International Journal of Social Research Methodology; Leadership Quarterly; Leadership; Studies in Higher Education;* және *American Behavioral Scientist*. Сонымен қатар ол келесі журналдардың редакция алқасына мүше болып табылады: *Leadership; Qualitative Research in Organizations and Management: An International Journal;* және *Journal of Mixed Methods Research*.

Студенттерге арналған кіріспе сөз

Көптеген оқырмандар үшін осы кітапты қолданудың басты себебі оның алғаш ғылыми-зерттеу жобасын жүргізуге көмекші құрал болуында. Осыны басшылыққа ала отырып, мен әлеуметтік ғылымды үйреніп жүрген және өздерінің қорытынды диссертациялары негізінде зерттеу жобаларын жасаған студенттердің тәжірибесін басшылыққа алып, «Студент тәжірибесі» атты қосымшаны енгіздім. «Бәрінің қалай болғаны» мәселен, Николс пен Бэннон сияқты (1977) студенттердің өз сөздерімен айтылған тәжірибесі ұсынылған.

Бұл еңбек Ұлыбритания университетінің әлеуметтік ғылымдар бөлімінің студенттері мен аспиранттары жүргізген әр алуан сауалнамалар кешенінің негізінде орындалған. Аталмыш еңбектің басты мақсаты – зерттеуші студенттің тың идеялары мен тәжірибелерімен бөлісу болса керек. Әр студенттің профилдері, сауалнамалардың түпнұсқаларын төмендегі Онлайн Қор Орталығының подкастынан көшіріп ала аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Мен осы кітаптың «Студент тәжірибесі» атты жазылым бөліміне атсалысқан студенттермен таныстырайын. Олардың өз үйренгендерімен, зерттеу тәжірибелері және ғылыми-зерттеу жобаларымен осы кітап оқырмандарымен бөліскендері үшін үлкен ризашылығымды білдіремін. Және олардың тәжірибесі басқалар үшін пайдалы болары сөзсіз. Көптеген студенттер осы кітаптың алдыңғы басылымына көмектесті және олардың өмірбаяндары олардың ғылыми зерттеудегі қызығушылық салаларын көрсетеді.

Ребекка Барнс

Ребекка Барнс Ноттингем университетінің Әлеуметтану және Әлеуметтік саясат мектебінде өзінің Ph.D. диссертациясын жазудың соңғы кезеңінде болды. Ребекканың диссертациялық жұмысы бір жынысты отбасыларындағы жақын қатынастарда әйелдердің жәбір көруі мен зорлық-зомбылыққа ұшырауы мәселесіне арналған. Оның зерттеу жұмысы – Ұлыбританиядағы аталмыш тақырыптағы саусақпен санарлықтай аз еңбектердің бірі.

Ребекка сапалық зерттеуді басшылыққа алып, соған дейін бір жынысты отбасыларында өздері зорлық-зомбылық құрбаны болған қырық әйелмен жартылай құрылымдалған, терең сұхбат жүргізген. Ол Англияның бүкіл аудандарында, соның ішінде Уэльсте сұхбаттар жүргізіп, онлайн-проспектілер мен жарнама түрлерін өз үлгілерінде пайдаланған. Ребекканың ғылыми-зерттеу тәжірибесі әсіресе «нәзік» жанға тиетін этикалық мәселелерді қозғайтын тақырыптардың әдіснамалық жағына қызығушылығымен түсіндіріледі. Дерби университетінің Әлеуметтану оқытушысы болып тағайындалғаннан бері оның еңбегінің көп бөлігі ғылыми зерттеумен байланысты.

Джез Кларк

Джез Кларк 2007 жылы Норидждегі Шығыс Англия университетін үздік дипломмен тәмамдаған. Джез Саясат пен Медиа саласы бойынша маманданып, жарнама агенттігінде тағлымдамадан өтіп, саяси жарнама эволюциясы мәселелері бойынша зерттеу жұмысын жазған. Екінші жылында Джез студенттердің университетте оқыған кездеріндегі қабылдау қабілеттерін, оны қалай сақтап қалатындарын зерттеу мақсатында «Әлеуметтік зерттеу әдістері» атты жобаны қолға алған. Ол баяндамасында адамдарға кезігетін академиялық мәселелер мен қиындықтарды және Шығыс Англия университеті (UEA) кеңес беру жүйесі тиісті қолдау жасай ала ма деген сауалдарға назар аударады. Ақпарат жинақтау ісі жүйелі ықтималдық пен стратификациялық кездейсоқ іріктеуді пайдалана отырып жасалды. ӘҒӘҚ (SPSS) мәліметтер базасы бағдарламасын пайдалана отырып жалпыланып, талданды (егер жауаптары кодталған болса); кодталмаған; «ашық» жауаптар тәуелсіз бағаланды.

Ханна Креани

Ханна Креани Әлеуметтану және Құқық бакалавры дәрежесін Дархем университетінде алған. Ол оқуын 2007 жылы тәмамдады. Ханнаның зерттеу жобасының мақсаты – балалық шақтағы ұрпақ өзгерістері мәселесі. Ханнаны әрқашан адамның бала кезден ересек кезге дейінгі дамуы, әлеуметтік қалыптасуы қызықтырды. Бұл қызығушылық кейін 2005 жылы балалардың бауырластық қатынастарының дамуы эксперименттік жобасын жасауына ықпал етті. Ханнаның жобасы ересектермен салыстырғанда, баланы бала ететін не және кейінгі буындар қаншалықты өзгерді деген сауалдарға негізделген еді. Оның зерттеуі тоғыз жартылай құрылымдалған сұхбаттардан тұрады; ол өзінің зерттеу әдісін сұхбат алынатын адамдарының реакцияларын шектеуден аулақ болу үшін таңдап алды. Ол 0-29, 30–59, және 60+ жас аралықтарын алып, әр жас категориясынан әр буыннан тең үш адамнан таңдап алып, сұхбат жүргізді

Марк Герван

Марк 2011 жылы Стратклайд университетінің саясаттану мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алған. Үшінші курста ол 2010 жылғы Ұлыбританиядағы жалпы сайлауда дауыс беру сипатын зерттеушілер тобында болып, сандық зерттеулер жүргізген. Эксперименттік ғылыми-зерттеу үлгілерін пайдалана отырып, топ сауалды қою түрі мен құрылымы екі басқа жеке сауалнамалар жүргізді. Респонденттерге «Шотландияның тәуелсіздігі» жөнінде референдумда қалай дауыс берер едіңіздер деген сұрақ қойылды. Оның мақсаты – қолда бар нұсқалар санын өзгерту арқылы дауыс беруге респонденттердің ықпалын анықтау. Эмотив тілдің дауыс берушіге әсерін сауалнамалар арасында сұрақтарды қою стилін өзгерту арқылы анықтады.

Корнелиус Гриб

Корнелиус Гриб Әлеуметтік Саясат және Әкімшілік Ph.D. дәрежесін Ноттингем университетінде қорғаған. Оның диссертациясы Германиядағы ақылы жұмыс пен біреуге күтім жасау жұмысы саясатында қолданылды. Корнелиус контекстуалдық

әлеуметтік конструктивист парадигмасын ата-ананың демалысы, балаға қарау, қандай да дискриминацияға қарсы және жұмыс уақыты саясатын біріктірді. Оны біздің әлеуметтік саясаттың әлеуметтік мәселелерді шешуде ақылы жұмыс пен біреуге күтім жасау жұмысының қарама-қайшылығын қалай түсінетініміз қызықтырды. Корнелиус заңнамада қабылданған және ұсынылатын құжаттардың талдамасын қолданды.

Эми Найт

Эми Найт 2010 жылы Портсмут университетінің Саясат және Әлеуметтану мамандығының Жоғары Екінші тап Құрмет дәрежесін алған.

Эми өзінің оқуының үшінші жылында алғашқы еңбегі еркектер мен әйелдер үлгісінің қайта өзгеруі мәселесіне қатысты зерттеу жұмысын аяқтады. Эмидің ғылыми-зерттеу жұмысының басты мақсаты – жеке тұлғалардың әдеттері мен түсініктеріндегі гендерлік айырмашылықтарды, ол айырмашылықтардың болуының, соның себебін анықтау.

Эми толық сұхбаттар мен сауалнамалар жүргізіп, сапалық және сандық мәліметтер базасын жасады. Мәліметтер ӘФӘҚ (SPSS) бағдарламасы көмегімен енгізілді және талданды. Сұхбатта «ашық» сұрақтар тәуелсіз бағаланды.

Сара Хэнсон

2006 жылы Сара Дерби университетіндегі үш жылдық оқуынан соң «Ағылшын тілі және Әлеуметтану» бакалавры бағдарламасын үздік тәмамдап, дипломын алды. Оқуының соңғы жылы Сара өз диссертациясын әйелдер журналдарының әлеуметтік ықпалын зерттеуге арнап, контекстік және кодтық талдауларды аралас жүргізді. Әділ және алалаушылыққа бармайтын мазмұн талдаулары жүйесін пайдаланып, Сара журнал мұқабаларының әр жағында, яғни астарында тұрған мәнді ашты. Феминизмнің жақсы құжатталған теориялары мен гендер құрылымдары жөніндегі стереотиптерді зерттеу Сараға нәтижелер кодын және журнал мұқабаларының шын мәнін ашуға мүмкіндік берді.

Софи Мейсон

Софи Мейсон Шығыс Англия университетінде Қоғам, Мәдениет және Медиа мамандығы бойынша үш жылдық бакалавр курсында оқыды. 2005-2006 оқу жылы ол оқып жатқан курсының ажырамас бөлігі болып табылатын ғылыми-зерттеу жобасын жүргізді. Оның аталмыш жобасы Шығыс Англия университеті студенттерінің көзқарастары мен тәжірибелеріне негізделді.

Бұл жобаға тамаша ұйымдастырушылық қабілетті талап ететін, жеке және топтық шкалалар бойынша сапалық және сандық зерттеулер кірді. Софи барлық демографиядан студенттердің пікірлерін университеттің физикалық тұлғалары тәжірибесін түсіну үшін маңызды болатынын сезінді. Аталмыш жоба толықтай аяқтау ұсынысымен үш айға созылды.

Уилльям Дж. Мейсон

Уилльям Дж. Мейсон 2005 жылы Шеффилд университетінің әлеуметтану мамандығы бойынша бакалавриат оқуын бастады. Оқуының соңғы жылында Экономика және Әлеуметтік ғылыми-зерттеу Кеңесінің (ESRC) 1+3 квотасы бойынша оқуға студенттік грантты жеңіп алды. Содан соң ол әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістері мамандығы бойынша 2:1 магистр дәрежесін алды. Қазіргі таңда ол Ph.D-дің екінші жылында. Уилльямның докторлық зерттеу жұмысы жас адамдардың қылықтарындағы аумалы-төкпелілік пен тұрақтылығына бағытталған. Бұл мәселелер этникалық, интеракция және сәйкестік концептілеріне сілтеме жасау арқылы қарастырылған. Мұнда этнографиялық көзқарас Англияның солтүстігіндегі өнеркәсіптік аудандардағы жас жұмысшылардың және жалпы жастардың пендешілік тәжірибесі қарастырылады. Бұл осыған дейінгі ғылыми-зерттеулерде аталмыш салаға назар аударылмаған мәселе еді. Мұндай ақпарат жастарды қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың тұжырымдары мен уәждерін ескеру, тәуекелді әлеуметтік жағынан түсініп, этникалық, сәйкестік және денсаулық мәселелері тұрғысынан алғанда, қауымдастықтардан тұратын ұйымдардың жастарға жасайтын ықпалына/рөліне баса көңіл аударады.

Гарет Мэтьюс

Гарет Мэтьюс 2002 жылы Ноттингем университетінің Әлеуметтану мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алып, Ғылыми-зерттеу әдістері мамандығы бойынша Магистратураға емтихан тапсырды. Осы уақыт барысында ол өнеркәсіптік әлеуметтануға және нақтылап айтсақ, өзінің әр жерде жұмыс істеген жеке тәжірибесінің нәтижесінде еңбек үдерісін талдаудың марксистік көзқарасына қызығушылығы артты. Қазіргі кезде ол Брайтон мен Хов аймағындағы қонақүйлердің, барлардың және мейрамханалардың қызметкерлері мен менеджерлерінен алған терең сұхбаттарына сүйене отырып, Ұлыбритания қонақжайлық индустриясында мигрант еңбекшілерді жұмыспен қамту мәселесі бойынша диссертация жазу үстінде. Зерттеу жұмысы осыған дейін еңбек үдерісін зерттеудің теориялық, аналитикалық және әдіснамалық тұрғыдан дағдылы болып келген көптеген байланыстарға күмән келтіреді де, экономикалық-географиялық перспективалардың ерекше рөліне баса көңіл аударып, эмпирикалық күн тәртібіне жаңа көзқарасын білдіреді.

Элис Палмер

Элис Палмер 2009 жылы Шеффилд университетін үздік тәмәмдап, Бірінші класты Құрмет дипломын алды. Элис Әлеуметтану мамандығы бойынша үздік оқып, «Халықаралық балалық шақ» мамандығы бойынша Магистр дәрежесіне оқуын жалғастырды. Элистің ғылыми-зерттеу жұмысы аналардың үйде отыру рөлінің өзгеруін, жас адамдардың БҰҰ-ның Балалар Құқығы Конвенциясына сай өз құқықтарын түсінуі мен балалардың іске асырылған тәжірибесін қарастырады. Элис Бағалау саясаты тобының ғылыми қызметкері ретінде жұмыс істеген және қазіргі кезде Шеффилд университеті қаржыландыратын Ph.D бағдарламасы бойынша оқып жатыр.

Элистің зерттеу әдістері оның феминистік саяси тұғырнаамасы және зерттеуші мен нысана арасындағы өзара қарым-қатынас орнатуға сенімділігінің айғағы болса керек.

Изабелла Роббинс

Изабелла Роббинс алғашқы дәрежесін үшінші баласын туғаннан кейін және жиырма бес жыл кәсіби медбике мансабынан соң алды. Ол Әлеуметтануды өз әлемін тануға көмегі болар деп оқыды. Ноттингем университетінде Әлеуметтану бакалавры дәрежесін алғаннан кейін сол Ноттингем университетінде Экономика және Әлеуметтік ғылыми-зерттеу Кеңесінің (ESRC) 1+3 квотасы бойынша оқуға студенттік грантты жеңіп алды. Оның ғылыми-зерттеу аясы – қазіргі аналар және олардың вакцинация алу-алмау жөніндегі шешімдері мәселесі. Изабелланың қызығушылығы өзінің аналық тәжірибесі мен ішкі қарама-қайшылықтар және ана болу қиындықтарынан туған. Аталған мәселені зерттеу үшін ол сапалық ғылыми-зерттеу жүргізді. Ол жуырда ғана Ph.D. диссертациясын ұсынды.

Ерин Сандерс

Ерин Сандерс жақында ғана Лондон университетінің Биркбек колледжін гендер және саясат саласы бойынша Магистратура бағдарламасын тәмамдаған. Оны әйелдердің саясат дамуынан қандай зардап шегетіні және сонымен қатар, түрлі дамушы елдерде жүзеге асырылып жатқан секс-бизнес қызметкерлерінің саясатқа тәуелділігі мәселесі қызықтырды. Оның дипломдық зерттеу жұмысы Тайландтың Үкіметтік емес ұйымдары әйел секс-қызметкерлерімен қалай жұмыс істейтіні және аталмыш ұйымдар әйелдердің мүддесін қандай дәрежеде қорғайтынына арналған. Оның зерттеу жұмысы сапалық және феминистік әдіснаманы енгізген; жартылай құрылымдалған сұхбаттар Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ-NGO) өкілдері мен Бангкок және Чианг Мей секс-бизнес қызметкерлері арасында жүргізілген.

Қазіргі таңда Эрин Ноттингем университетінде өзінің Ph.D. диссертациясына сай Тайландтағы әйелдер туризмі мәселесін зерттеуде.

Джек Сайерс

Джек Сайерс – Норвидждегі Шығыс Англия университетінің «Философия және Саясаттану» бакалавриатының студенті. Аталмыш бағдарламаның екінші жылында Джек Сайерс Әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістерін оқып жатыр. Ол осы салада баяндама жасады. Өз нәтижелерін білу үшін резиденцияның залына жиналған студенттерден сұхбат ала отырып, олардың университетте орналастырылу/жайғастырылуына қанағаттанушылықтарын зерттеген. Джектің баяндамасының басты назарында – университеттің өзінде және резиденция залында көрсетілетін қызметтері деңгейі. Ол әйелдер мен ерлер арасындағы қанағаттанушылық деңгейін, олардың көзқарасындағы ауытқушылық деңгейін салыстырған.

Александра Шерер

Александра Сюррей университетінің Ph.D бағдарламасының екінші жылында оқып жатыр; қазіргі таңда Лондон бастауыш мектеп балаларынан сұхбат алу

арқылы мәліметтер жинауда. Александраның зерттеу жұмысы кәметке толмаған балалардың суреті бар кітаптар оқуына байланысты. Александра Экономика және Әлеуметтік ғылыми-зерттеу Кеңесінің (ESRC) 1+3 грантын алғанға дейін бастауыш мектептің мұғалімі болған. Ол балаларға арналған суретті кітаптардың мазмұны жағынан тереңірек бола бастағанына танданды.

Александраның алған алғашқы дәрежесі Манчестер университетіндегі «Ағылшын әдебиеті» мамандығы бойынша, оның ішінде ол ағылшын тіліндегі балалар әдебиеті және иллюстрациясы магистрі дәрежесін алған.

Джонатан Сметзерхам

Джонатан 2009 жылы Шеффилд университетіндегі өзінің Әлеуметтану мамандығы бойынша (BA) оқыған соңғы жылында Джон Вестергаард сыйлығына ие болды. Бұл зерттеу жұмысы жеті апта Гватемаланың ауылдық жерлерінде этнографиялық зерттеулер жүргізіп, жергілікті халықтың даму бағдарламалары мен үкіметтік емес ұйымдардың рөліне көңіл аударды. Бакалавр дәрежесін алғаннан кейін Джонатан Ұлттық Статистикалық кеңседе жұмыс істеді. Онда Джонатан өзінің алғашқы лауазымы бойынша мәліметтердің шағын базасы зертханасын қолдау және Мәліметтерді қорғау қызметінің жұмысын жеңілдетуге үлесін қосу үшін Үкіметтік үйлестіру істеріне қатысады. Осы уақытта ол (толық емес жұмыс күні жағдайында) Ашық университеттің әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістері бойынша магистратураны тәмәмдайды.

Эмма Тэйлор

Эмма Тэйлор Глазгодағы Страйтклайд университетінде Саясаттану факультеті бакалавриатының үздік студенті. Үшінші курста оқып жүргенде, Эмма қазіргі әлеуметтік мәселелердің бірі топ таңдау төңірегіне негізделген «Саясаттану ғылымдарының зерттеу әдістері» класына қатысып, топ жобасына атсалысты. Шотландияның заңдарды лицензиялаудағы өзгерістері жайында білетін адамдар ретінде, топ аталмыш өзгерістерге студенттер мен қоғам көзқарасын және бағалау құралын дамыту қажет деп шешті. Есепте басты назар лицензиялау (Шотландия) мәселелерін зерттеуге бағытталған. 2005 [2009] жылғы акт жеке адамдардың «ішімдік ішу қылықтарына» және жалпы заңдарды лицензиялауды қолдау мәселесіне қатты әсер еткен болар еді.

Осы болжамдарды бағалау үшін бетпе-бет сұхбаттар арқылы және кездейсоқ үлгілерді енгізе отырып, Эмма мен оның зерттеу тобы PASW-ты (Болжаулық талдаулардың бағдарламалық жүйесін) қолдана отырып, құрылымдық зерттеуді дамытты. Бұдан басқа Эмма өзінің үздік диплом алар жылында диссертациясын қорғау жөнінде өтініш білдірген еді. Оның назарында Британдық саяси мінез-құлық пен қазіргі әлеуметтік және саяси мәселелер болғандықтан, Эмма сандық зерттеулерге негізделген диссертация жазуды ұйғарды.

Оның зерттеу жұмысының мақсаты 2005 және 2010 жылдардағы жалпы сайлауларға сайлаушылардың келуіне негіз болған ықпал еткенін анықтау еді. Әсіресе, Эмманың назарында болған мәселе: Британдық сайлауды зерттеу деректерін пай-

далана отырып, 2005 жылғы Ирактағы соғыс пен 2010 жылғы қаржы дағдарысының маңыздылығын ашып көрсету.

Лили Тэйлор

Лили Тэйлор 2007 жылы Шығыс Англия Университетінде қоғамда, мәдениет пен БАҚ-та 2:01-ге қол жеткізіп, бакалавр дәрежесін алған. Оқу барысында Лили ең алдымен, әлеуметтік зерттеу жұмыстарына басымдық берген. Лилидің сандық негіздегі еңбегі Шығыс Англия Университетінің (ШАУ) академиялық өмірі төңірегінде студенттік қарыздарды тереңірек зерттеу еді. Ғылыми-зерттеу әдіснамасы сауалнамадан, студенттік жатақхана мен университет төңірегіндегі кампуста кездейсоқ таңдау техникасы арқылы аралас ашық-жабық сұрақтардан тұрды. Гендерлік айырмашылықтар, үй-жай жағдайлары, курс деңгейлері, толық емес жұмыс күні сияқты факторларды зерттей келе, Лили университеттен қарыздар болып шығудан гөрі дәреже ала алмай шығудан көбірек қорқатын адамдар тобын анықтады.

Джой Томсон

Джой Томсон Шығыс Англия университетінің Бұқаралық ақпарат құралдары және саясат мамандығы бакалавры дәрежесін алған. Оқуының екінші жылы Джой университеттік ортаға негізделген әлеуметтік зерттеу жұмысы мен жеке жоба жасауды қолға алды. Джек Сэйерс сияқты Джойдың жобасы ШАУ студенттерінің болашақтағы орналасуы мен кампус мәселелеріндегі келісімдерді өлшеуге және түсінуге тырысты. Оның есебі халықаралық студенттер мен Ұлыбритания\ЕО) студенттері арасындағы қауіпсіздік, ортақ ас үйді бөлісу және орналастыру қызметтерімен қамтамасыз етілу тәжірибесін салыстыруға арналған. Джой өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін сауалнама дизайнын және әдістер таңдамы комбинациясы ретінде: таңдамның стратификациялық кездейсоқ және жүйелі ықтималдылық әдістерін қолданды. Сұхбаттардан жиналған кодталуы тиіс мәліметтер алынып, талданып, ӘҒӘҚ (SPSS) компьютерлік мәліметтер базасына енгізілді.

Саманта Вандермарк

Саманта 2010 жылы Сюррей университетінде өзінің «Әлеуметтану, мәдениет және Медиа» мамандығы бойынша құрметті бірінші дәрежеге ие болды. Оның диссертациясы – балалардың семіруі мәселесін түсінуге және оның алдын алуға талпынған үкіметтің пайдаланған жарнамаларын зерттеуге арналған жоба. Саманта әртүрлі әлеуметтік топқа жататын аналарға назарын аударып, әлеуметтік тап ретінде ата-ананың тамаққа деген балалық шақтағы тәжірибесін, олардың тамаққа деген қалыптасып қалған құндылықтары қалай ықпал еткенін зерттеді.

Жарнама мәтіндеріне семиотикалық және дискурстық талдаулар мен өлшемдер жасау үкімет жағынан талпыныстар және ата-ана танымдарын салыстыруға мүмкіндік берді.

Бақылаушыларды таныстыру

Тоғыз бақылаушы кітаптың ерекшелігі жайлы мәлімдеу арқылы пайдалы кері байланысты қамтамасыз етті. Олардың ілтипатты түрде студенттерінің зерттеу жобаларымен бөлісуге келіскені кітап оқырмандары үшін қызықты да тың кеңістіктер ашады деген үміттеміз. Олардың кері байланыспен жасырын қамтамасыз етуі кезінде қосылған Аберистуив университетіне, Брунел университетіне, Копенгаген университетіне, Лейчестер университетіне, Манчестер университетіне, Портсмут университетіне, Рокемптен университетіне және Шеффилд университетіне алғысымды білдіргім келеді.

Кітаптың нұсқаулығы

Кітап жайлы

Аталмыш кітап оқырмандардың екі тобын ескере отырып жазылған. Бірінші топ: әлеуметтану, әлеуметтік саясат, экономикалық география және білім беру пәндерін таңдаумен қатар бір емес бірнеше мамандық бойынша ғылыми-зерттеу жүргізген студенттер. Кітап ғылыми-зерттеу әдістерінің кең аясын қамтыды, әлеуметтік зерттеу тәсілдерін және осы саладағы көптеген студенттермен кездесуді қажет етті. Екінші топ, бұл негізінен, студенттер мен аспиранттардан тұрады. Олар бірінші топпен тығыз байланысты: ғылыми-зерттеу жұмысымен дәреже алу бағдарламасының бір талабын орындау ретінде айналысатындар. Бұл көп қалыпта болуы мүмкін, бірақ ең кең таралғаны – шағын ғылыми-зерттеу жұмысын орындайды және зерттеуге негізделген диссертация ұсынады. Бұған қоса, студенттер көп жағдайда анық модульдерге қатысты шағын жобалар жасауды күтеді. 4-тарау зерттеу жобаларын жазып жатқан студенттер үшін арнайы жазылған. Аталмыш бөлім бұдан ертерек 1-тарауда айтылған зерттеу сұрақтарын талқылау ғылыми-зерттеу үдерісінде басты мәселе болып табылады. 2- және 3-тарауларда басты назар әлеуметтік зерттеулер студенттер тәжірибесінде негізді шешімдерге келуде аса пайдалы болары хақ. Сонымен қатар, әр зерттеу әдісі тексерілгенде, қолдану мен шектеулер зерттеу үстінде студенттерге шешім қабылдауға көмектеседі. Төртінші тараудағы 29-бөлім ғылыми-зерттеу жұмысын жазуға арналған кеңестерден тұрады. Осыған қоса, студенттерді зерт-

теу жасауда практикалық кеңестермен қамтамасыз ете отырып, оқулық әлеуметтік зерттеулердің табиғатын зерттейді. Бұл әлеуметтік зерттеулердің неге әкелетіні жайындағы іргелі ойларға оқырман назарын аударады деген сөз.

Мысалы:

- Жаратылыстану бағытының ғылыми-зерттеу үлгілерін әлеуметтік зерттеуге қолдануға бола ма?
- Егер «жоқ» деген жауап болса, онда неге «жоқ»?
- Неге кейбір адамдар мұндай үлгіні қолдану орынсыз деп есептейді?
- Егер біз шын мәнісінде, жаратылыстану үлгісін қолдансақ, бұл әлеуметтік болмыс табиғаты жайында белгілі бір болжамдар жасаймыз дегенді білдіре ме?
- Мұндай үлгілерден бас тартатын әлеуметтанушылардың да, зерттеушілердің де әлеуметтік болмыс табиғаты жөнінде баламалы болжамдары бар ма?
- Зерттеулердің қай түрі заңды және орынды деп қарастырылады?
- Зерттеу үдерісіне құндылықтар қаншалықты ықпал етеді?
- Біздің зерттеу кезінде адамдардың көмегіне жүгінетінімізге қатысты ғылыми қоғамдастықтан тыс адамдардың сезімдері жайында мазасыздануымыз қажет пе?

Осы және тағы көптеген мәселелерге қатысты сауалдар осы кітаптың өне бойында зерттеулердің түрлі кезеңдерінде және түрлі жолдарында кездесіп қалып отырады.

Зерттеуді қалай жасау керек, сауалнаманың көркемделуін өте жақсы етіп қалай жасау керек, шолуды қалай жасау керек, құжаттарды қалай талдау керек – осының бәрін білу білім саласындағы ғылыми-зерттеу әдістерінде қаншалықты маңызды болса, әлеуметтік зерттеуде кең мәселелерді кеңінен бағалау – соншалықты маңызды. Осылайша, білім саласындағы зерттеу әдістері мені қызықтырып қана қоймай, өз зерттеу жұмысымды жасауға мүмкіндік береді, бірақ зерттеу қалай жасалды, қандай болжамдармен жасалды деген сияқты сауалдарға сындарлы баға бергізеді.

Зерттеу әдістері мен әдіснамасын түсінудегі ең маңызды мүмкіндіктердің бірі – ол бізге ұсынылғандардан (кітаптарда, журналдарда және т.с.с.) дәлелдеме алмау қажеттігін түсіну.

Бұл кітапты неге пайдаланамыз?

Дәл қазір осы кітапты ұстап отырғаныңыздың екі себебі болуы ықтимал. Соның бірі – сізге дәреже алу үшін ғылыми-зерттеу әдістерінің бір немесе одан да көп модульдерін немесе әдіснамалық компоненттердің бір тәуелсіз модулін (мысалы, ұйымдық мінез-құлық модулін) зерттеу керек. Екіншісі – диссертацияңыз немесе жоба бойынша есеп беру керек және сіз кеңеске мұқтажсыз, өз зерттеу жұмысыңызға жақынырақ келу үшін әлеуметтік-ғылыми салада зерттеу жұмысын жүргізуіңіз керек. Сіздің сала ретінде ғылыми-зерттеу әдістерін оқу не үшін қажет, мәселен, осы кітаптың авторы сияқты адамдар неге жалпы әлеуметтік ғылым саласында зерттеу жасайды деген сияқты сауалдар тууы мүмкін.

Зерттеу әдістерін оқып-үйрену несімен маңызды?

Кейбір студенттерге зерттеу әдістері онша көп емес сияқты көрінер. Егер олар зерттеу жүргізгілері келсе, «білгім келеді» тәсілін неге қолданбасқа деген көзқарасты қабылдаулары мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, зерттеуді қалай жасау керек деп қана емес, зерттеу жасауға кірісейін деп тұрғанда неге оқымасқа? Әлбетте, тек бұл тым тәуекелді стратегия болғаны болмаса, оқу ұсынатын зерттеу әдістерінің мүмкіндіктерін ескермейді. Сондай-ақ, сіздің мынаны назарға алуыңыз керек:

- Зерттеу әдістері тренингі сізді әлеуметтік зерттеуші ретінде таңдау жасауға сезімтал етеді. Басқа сөзбен, бұл сізді зерттеу кезінде мәліметтер жинауға және сол мәліметтерді талдаудың түрлі тәсілдерін біліммен жасауға ықпал етеді. Мұндай білім сізге жоба үшін ең қолайлы таңдау жасауға көмектеседі. Себебі сіз қолайлы, қолайсыз мәліметтер жинаудың және талдаудың ерекше техникаларын білетін боласыз.
- Зерттеу әдістерін үйрену, мәліметтерді жинау мен оларды талдаудың ерекше тәсілдерін білу арқылы сізге нені «істеу» және нені «істемеу» керек екені туралы түсінік келеді. Осылайша, зерттеу әдісін таңдағаннан кейін (мысалы, сауалнама) сол әдісті қалай лайықты түрде іске асырудың жолдарын білуіңіз қажет. Сонымен қатар, сіз кейбір кілттипандарды айналып өтуді білуіңіз қажет.
- Зерттеу әдістері тренингі зерттеу үдерісінің толық мәнін ұғынуды қамтамасыз етеді. Бұл зерттеудің қалай

жасалатынын түсінудің жалпы көз-қарасын қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл білім зерттеуді қалай жоспарлау, сіздің зерттеу жұмысыңыз бен зерттеу сауалдарын байланыстыру сияқты мәселелерді ойлауға және тағы сол сияқты зерттеудің түрлі кезеңдеріне сәуле түсіреді.

- Зерттеу әдістері тренингі сізді жақсы немесе нашар зерттеуді ажырата алу білімімен қамтамасыз етеді. Сондықтан сіз оқитын зерттеу жұмысының шектері мен шектеулерін білетін сыни көзқарасты дамыту тұғырнамасын жасайды. Бұл әлеуметтану және тұтыну социология сияқты тәуелсіз салаларда зерттеу жұмысын сыни тұрғыда оқуға көмекші болары хақ.
- Зерттеу әдістерін жаттықтырудағы дағдылар таратылуға тиістіні жеткізеді. Сауалнаманы қалай ұйымдастыруға, жартылай құрылымдық сұхбат жасауға немесе фокус-топты қалай жүргізуге және т.с.с зерттеудің басқа салаларында (мәселен, фирмаларда, ұйымдардың қоғамдық секторларында және т.б.) қолдануға болатын етіледі.
- Аталмыш кітапты қолдану арқылы ғылыми-зерттеу әдістерін оқу сізге нақты өмірден көптеген үлгілер алуға ықпал етеді. Мен әрдайым зерттеу жұмыстарын көп оқыдым және басқалардың зерттеу жұмыстарынан қандай сабақ алғандарын анықтадым. Соның нәтижесінде, кітап мысалдарға толы. Мен кітаптың маңызды деген тұстарын және мысалдардың бір емес бірнешеуін иллюстрациялауға тырыстым. Менің мысалдарымның көпшілігі жарық көрген зерттеулерімнен алынған және сіз осыларға тең зерттеулер

жасау ресурстардың, уақыттың және тәжірибенің жетіспеушілігінен қиын деп табуыңыз мүмкін. Бірақ басқа жағынан алғанда, жарық көрген жұмыс арқылы жақсы тәжірибенің масштабын, маңыздылығын түсіне аласыз. Сіздің өз зерттеу жұмысыңызда Герберт Саймон (1960) ойлап тапқан белгілі терминді қолдану үшін сізге қанағаттану (satisfice) керек. (Саймон бұл терминді экономикада саналы шешім қабылдау үлгісіне контраст (қарама-қайшы) ретінде ойлап тапқан. Оның пікірінше, қанағаттанушы адамдар ұйымдарда жұмыс істегенде, шешім қабылдауда жетістікке жету үшін анағұрлым қолайлы құралдар таба алады. Қанағаттанарлық (Satisficing) дегеніміз – әрекеттің қолайлысын іздеуде ізденіс принципі басқаратын, оңтайлыдан гөрі қанағаттандырарлық жақсырақ деген қағидат. Маңызды мәселе – қанағаттануға қажет жолдарды білу және соған сай әрекет ету.

Сөйтіп, мен зерттеу әдістерін үйрену аталмыш кітаптың оқырмандарына мүмкіндіктер мен артықшылықтарды тануға ықпал етеді деп үміттенемін.

Осы кітаптың шығуына ықпал еткен студенттердің бірі, Ерин Сандерстің өзі ғылыми-зерттеу жобасын бастаған студентке зерттеу әдістерін білгеннің пайдасын мақұлдайды:

Меніңше, студенттер зерттеу субъектісінің төңірегінде көп жақсы істер істейді де, өздерінің зерттеу тақырыптарына қатысты әдістер мен әдіснаманы сирек оқиды. Зерттеу әдістерін білу зерттеу жүргізгенде және көбіне зерттеу үдерісінде аса пайдалы.

Оқулықтың құрылымы

Әлеуметтік зерттеулердің әртүрлі дәстүрлері бар. Солардың ішінде ең іргелісі – сандық және сапалық талдау арасындағы айырмашылық.

Қай мәселе және қай әдіс анағұрлым қолайлы екенін білдіретін бұл айырмашылық оқулықтың құрылымының тереңінде жатыр.

Оқулық төрт тараудан тұрады:

Бірінші тарау алты бөлімнен тұрады. Бұл әлеуметтік ғылыми-зерттеу жұмысының негізін құрайтын басты идеялар.

- 1-тарау әлеуметтік зерттеулердің көпшілігін орындау кезінде туатын кейбір басты кезеңдерді жалпылама сипаттайды. Сонымен қатар, осы тарауда әлеуметтік ғылымның кейбір жолдары кеңірек контексте ықпал ету факторларын, әлеуметтік зерттеудің іске асырылған ерекше жолдарын зерттеуді көздейді. Осы тарауда алынған тақырыптардың басым көпшілігін кейінгі тарауларда мұқият, нақтылы түрде қарастыруға бағытталған. Тараудың мақсаты – әлеуметтік зерттеулер әдістері жайындағы ойлармен байланысты негізгі бөлімді ұғынуды қамтамасыз ету.
- 2-тарау жаратылыстанудың амалдары қоғамды зерттеуге сәйкес келетін құрылым болып табылатын теория мен зерттеу арасындағы дәреже арақатынасының табиғатын зерттейді. Дәл осы арасандық және сапалық зерттеу айырмашылығының алғаш түйісетін тұсы. Олар адамдар мен қоғамның қалай зерттелуі тиіс екенін ұғынудың сан алуан тәсілдері мен түрлі зерттеу стратегиялары ретінде

ұсынылған. Сонымен бірге олардың арасындағы ең үлкен айырмашылық неде және зерттеуге сандық мәліметтер жиынтығы кіре ме деген сауалдарға жауап береді.

- 3-тарауда ғылыми-зерттеу жобасына кірістіру тарауы беріледі. Бұл тарау эксперименттік зерттеу, әлеуметтік зерттеу типі, оның қандай шеңберде орындалғаны сияқты басты құрылымдарды енгізуге мүмкіндік береді.

Бұл үш тарау оқулықтың басқа қалған бөліктерін негізгі стандартты блоктармен қамтамасыз етеді.

- 4-тарау ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау мен жобалау енгізілген қадамдарды алып, осы үдерісті басқару жөнінде кеңес береді. Сонымен қатар, зерттеу жөніндегі мәселелерді – олар қандай, несімен маңызды, олар қалай пайда болады және қалыптасады сияқты сауалдарды қамтиды.
- 5-тарау әдебиетті байыппен шолу сияқты негізгі қадамдарды енгізе отырып, сіздің ғылыми-зерттеу жұмысыңызды бастауға көмектесуге бағытталған.
- 6-тарау зерттеушілердің алдарында кездесетін этикалық мәселелер мен принцип түрлерін қарастырады.

Екінші бөлім сандық зерттеулерге арналған он тараудан тұрады.

- 7-тарау сандық зерттеудің қыр-сырларын зерттейді және кейінгі тараулардың контекстін құрайды. Келесі төрт тарау сауалнама жүргізу арқылы зерттеу аспектілерін кең дәрежеде қарастырады.

- 8-тарау алынған сұрақ үлгілерін – әртүрлі үлгілерді қалай сұрыптау және қарастыру мәселесін назарға алады. Аталмыш тараудың басында келесі үш тараудың тақырыбына және үлгілер алуды талқылау аясы ретінде шолу зерттеу жүргізуге кіріспе бар.
- 9-тарауда шолу зерттеу жүргізілетін сұхбат түрлері мен құрылымы сөз болады.
- 10-тарау сауалнама әрлеуі мәселелерін қамтиды. Мұнда сауалнаманы әсіресе, пошта арқылы сауалнаманы өз бетімен толтыру мәселесі қарастырылады.
- 11-тарауда сауалнамалар мен анкеталық сауалдарға сұрақтарды қалай беру мәселесі зерттеледі.
- 12-тарауда мінез-құлықты жүйелі зерттеуді дамытудың әдісі ретінде құрылымдалған шолу қарастырылады.
- 13-тарау құжаттардың кең ауқымын талдаудың қатаң құрылымын қамтамасыз ететін мазмұнды талдау әдісі ұсынылады.
- 14-тарауда басқа зерттеушілер және мемлекеттік мекемелер алған мәліметтерді талдау мәселесін қозғайды. Сандық мәліметтерді талдауға мүмкіндік беретін амалдарға назар аударылады.
- 15-тарау сандық мәліметтерді талдауға қажетті негізгі құралдардың кең диапазонын ұсынады. Аталмыш амал техникалық емес. Осы тарау талдау әдісін қалай таңдау және нәтижелерді қалай шығару мәселелерін анықтайды. Ешқандай формулалар ұсынылмаған.
- 16-тарау сізге сандық мәліметтерді зерттеуде ыңғайлы әрі кең қолданылатын компьютерлік арнайы бағдарламаны ӘҒӘҚ (SPSS) қалай пайдалануға болатынын көрсетеді. Сол арқылы сіз 15-тараудан білген әдістерді іске асыра аласыз.

Аббревиатуралар

ASA	Америкалық әлеуметтанушылар ассоциациясы
BCS	Британия Қылмыс сауалнамасы
BFI	Британия Фильм Институты
BHPS	Британия Тұрмыстық жағдайды зерттеу
BPS	Британия психологиялық қоғамы
BSA	Британия әлеуметтік қатынастары [зерттеу]
BSA	Британия Әлеуметтанушылары Ассоциациясы
BSE	Бұқаның кеуекті энцефалопатиясы
CA	Әңгімелерді талдау
CAPI	Компьютер көмегімен жеке сауалнама жүргізу
CAQDAS	Компьютер көмегімен/автоматтандырылған сапалық мәліметтер базасын талдау
CATI	Компьютер көмегімен телефон арқылы сауалнама жүргізу
CCSE	Мәдени капитал және әлеуметтік оқшаулану
CCTV	Тұйық телевизиялық жүйе
CDA	Сыни дискурстық талдау
CF	Муковисцидоз
CJD	Крейцфельдт Джакоб ауруы
CV	Резюме
DA	Дискурстық талдау
ECA	Этнографиялық мазмұн талдауы
EFS	Шығындар мен азық-түлікті зерттеу
ENT	Құлақ, алқым, мұрын
EPPI	Ақпараттық-үйлестіруші орталық пен саясат үшін нақты мәліметтер
ESDS	Экономикалық және Әлеуметтік мәліметтер қызметі
ESRC	Экономикалық және Әлеуметтік ғылыми-зерттеу кеңесі
FES	Отбасы шығындарын зерттеу
FIAC	Фландер бойынша интерактивті талдау категориялары
FMD	Аусыл
FRE	Зерттеу жүргізудегі этика құрылымы
GHS	Жалпы тұрмыстық зерттеу
GLF	Жалпы өмір стилін зерттеу
HALS	Денсаулық және өмір стилін зерттеу
HETUS	Келісілген еуропалық уақытты пайдалануды зерттеу
HISS	Аурухананы ақпараттық жүйемен қолдау қызметі
HRT	Гормон алмастырғыш терапиясы
IBSS	Әлеуметтік Ғылымдар бойынша Халықаралық библиография
ICI	Жоғары Химиялық Индустрия
HIS	Үй шаруашылығын интеграциялық зерттеу


IRB	Институциялық Бақылау Кеңесі
ISSP	Халықаралық Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы
ISP	Интернет қызметімен қамсыздандыру
AT (IT)	Ақпараттық технология
LFS	Жұмыс күшін зерттеу
MUD	Көп қолданылатын домен
NCDS	Балаларды дамыту бойынша Ұлттық зерттеу
NFS	Ұлттық азық-түлік зерттеу
NGO	Үкіметтік емес ұйымдар
NHS	Ұлттық денсаулық сақтау қызметі
NSPCC	Балаларға қатыгез қараудың алдын алу бойынша Ұлттық қоғам
NS-SEC	Ұлттық Статистикалық әлеуметтік-экономикалық классификация
NUD*IST	Сандық емес құрылымсыз индекстеу базасын зерттеу және теориялау
NVIVO	QSR NUD*IST Vivo
ONS	Ұлттық Статистика кеңсесі
ONS	Жан-жақты зерттеу
ORACLE	Шолу сипатындағы зерттеу және Сыныптағы оқуды бағалау
QLL	Сапалық бойлай зерттеу
RAE	Ғылыми-зерттеуді бағалауға жаттығу
RCT	Кездейсоқ бақыланатын зерттеу
RDD	Кездейсоқ сандық кодты анықтау
REC	Ғылыми-зерттеу мәселесі бойынша этика комитеті
REF	Ғылыми-зерттеу этикасының құрылымы
RGF	Денсаулық және әлеуметтік сақтандыру басқармасын зерттеу портфолиосы
SCELI	Әлеуметтік өзгерістер және экономикалық өмір бастамасы
SCPR	Әлеуметтік және қоғамдық жоспарлауды зерттеу
SE	Стандартты қате [орташа алғанда]
SPSS	Әлеуметтік ғылымдар үшін статистикалық бағдарламалар пакеті
SRA	Әлеуметтік Ғылыми-зерттеу ассоциациясы
SSCI	Әлеуметтік ғылымдардың цитаталық көрсеткіші
TB	Туберкулез
TDM	Арнаулы дизайн әдісі
UKDA	ҰБК Мұрағат базасы
WERS	Жұмыс орнындағы қарым-қатынастар мәселесіне шолу
WI	Әйелдер институты
WoK	Білім дүниежүзілік өрмегі

1-тарау

Әлеуметтік зерттеудің табиғаты мен үдерісі

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	25
«Әлеуметтік зерттеу» түсінігі нені меңзейді?	26
Неге әлеуметтік зерттеулер?	26
Әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістерінің контексі	27
Әлеуметтік зерттеу үдерісінің элементтері	31
Әдебиетке шолу	31
Тұжырымдамалар мен теориялар	32
Зерттеу мәселелері	34
Кездейсоқ жағдайларды таңдау	37
Мәлімет жинау	38
Мәліметтерді талдау	39
Жазбаша есеп	43
Әлеуметтік ғылыми-зерттеу жұмысындағы ретсіздік	44
<i>Негізгі ұғымдар</i>	45
<i>Қысқаша шолу сұрақтары</i>	46





Тараудың қысқаша мазмұны

Бұл тараудың мақсаты – оқырмандарды әлеуметтік зерттеу жүргізудің кейбір іргелі түсініктерімен таныстыру.

Тарау әлеуметтік зерттеу дегеніміздің не екенін, оның мәнін және оны неге жүргізетінімізді мазмұндаумен басталады.

Дегенмен, содан соң тараудың негізгі бөлігі келесі үш саланы қарастыруға арналады:

- *Әлеуметтік зерттеу әдістерінің контексі.* Бұл өз алдына келесі үш мәселені қарастыруға әкеледі: теорияның әлеуметтік зерттеулерге қатысты рөлі, құндылықтар рөлі және сондай-ақ, зерттеу үдерісіндегі этикалық түсініктер, әлеуметтік дүниенің табиғаты жөніндегі болжам-тұспалдар мәні және ол туралы білімнің қалай өндірілуі керек, саяси ұғымдардың әлеуметтік зерттеулерде қалай заттануы тиіс екенінің амал-тәсілдері.
- *Зерттеу үдерісінің элементтері.* Бүкіл кітап әлеуметтік зерттеулер элементтеріне арналған болса да, негізгі кезеңдері алдын ала өңдеулерді ұсынады. Элементтер неден тұрады: әдебиетке шолудан, тұжырымдамалар мен теориялар жасаудан, зерттеу мәселелерін жасаудан; мәліметтер жинаудан; мәліметтерді талдау мен нәтижелерді жазудан.
- *Әлеуметтік зерттеудегі ретсіздік.* Бұл бөлімде әлеуметтік зерттеулер көбіне мұқият, бір желілі үдеріс бола бермейтінін және зерттеушілердің алдында күтпеген жағдайлар мен қиындықтар туу мүмкіншілігі мойындалады. Сонымен қатар, зерттеу үдерісінің табиғатымен және қағидаларымен танысу күтпеген жағдайларды кешіп өтуде аса шешуші маңызға ие болады. Осы үш бөлімдегі көтерілген барлық мәселелер келесі тарауларда егжей-тегжейлі қарастырылады. Алайда бұлардың ертерек кезеңде берілу себебі – оқырмандарды аталмыш мәселелермен ертерек таныстыру, дайындау мақсатын көздейді.

Кіріспе

Аталмыш кітапта әлеуметтік зерттеушілердің кәсіптеріне қандай әлеуметтік зерттеу тәсілдері лайықты деген мәселе қозғалады. Менің оны қолға алғанымның мақсаты – әлеуметтік зерттеушілер зерттеу үдерісінің барлық кезеңдерінде болу, зерттеу мақсаттарын анықтау, зерттеу әдістерін таңдау, зерттеуге қатысушыларды біріктіру, талдау және мәліметтерді түсіндіру, сонымен қатар

басқалар үшін алынған мәліметтерді тарту амалдарын іске асыру.

Әлеуметтік зерттеу әдістерін түсінудің бірнеше маңызы бар. Алайда оның ішінде екеуі айрықшаланады. Біріншісі, оқырмандарға, мәселен, зерттеуге қажетті әдістерінің сәйкессіздігі, **сауалнамалардағы** екіұшты жауаптар, этикалық жағынан күмәнді болып табылатын практикаға қатысу сияқты, әдетте,


тәжірибесіз адамдардың әлеуметтік зерттеулермен айналысқанда жіберетін көптеген қателіктерінің алдын алуға үміт бар.

Егер сіз, күтілгендей ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізсеңіз, зерттеу әдістерінде білім аса маңызды: оны тек дұрыс рәсімдеп қана қоймай, сізге қолжетімді нұсқаулардан қажеттісін алу үшін де керек.

Екіншісі, әлеуметтік зерттеу әдістерін түсінудің маңызы тағы мынада: жарық-

қа шыққан зерттеу нәтижелерінің тұтынушысы болу үшін. Егер адамның әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша ғылыми дәрежесі болса, онда ғылымның негізгі салалары бойынша жарық көрген зерттеу жұмыстарын көбірек оқиды.


Ғылыми үдерістегі жақсы негіз бен білім басқалардың зерттеулерін оқығанда кез болатын күтпеген кедергілерді еңсере алуға мүмкіндік бере алады. Бұл өз алдына баға жетпес игілік.



«Әлеуметтік зерттеу» түсінігі нені меңзейді?

Осы кітапта қолданылып отырған «әлеуметтік зерттеулер» термині арнаулы тақырыптар бойынша жүргізілетін ғылыми-әлеуметтік салаларға, мәселен, әлеуметтану, адам географиясы, әлеуметтік саясат, саясат пен криминологияға қатысты зерттеулерді білдіреді. Сөйтіп, әлеуметтік ғылыми-зерттеуге концептуалды және теориялық шабытқа сүйенетін ғылым кіреді. Мұндай зерттеулер қоғамның дамуына және өзгерістерге уәждеуі мүмкін, мәселен, қауіпсіздік немесе ішімдікке салыну жайында қобалжудың өсуі сияқты, бірақ ол әлеуметтік ғылыми идеяларды

осы өзгерістерді айқындай түсу үшін қолданылады. Ол: зерттеу тақырыптары мен мәселелерін қалай қисындау және түсіндіру, ғылыми-зерттеу нәтижелерінің салдарын анықтау сияқты әлеуметтік ғылымдарға негізделеді. Басқа сөзбен айтқанда, әлеуметтік ғылымдардың сол сияқты басқа ғылымдардан қандай айырмашылығы бар, оның әлеуметтік ғылымдардың интеллектуалдық дәстүрлері мен идеяларына терең тамырын жібергені жайлы осы аталмыш кітапта сөз болады. Бұл кітап осы сияқты зерттеулер жасау үшін қажетті әдістер жайында болмақ.



Неге әлеуметтік зерттеулер?


Әлеуметтік зерттеулер жүргізуге ненің негіз болатыны жайлы белгілі дәрежеде алдыңғы бөлімде айқындалды. Академиктер ғылымға басшылық ететін себебі, тақырып бойынша әдебиетті оқыған кезде немесе қазіргі қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға байланысты

ой-толғаныстар барысында көптеген сауалдар туады. Әлеуметтік зерттеулер әдебиеттегі олқылықты не болмаса, зерттеулер мен әдебиеттегі сәйкессіздік мәселелерін байқап, ашуы мүмкін. Академиялық сала әлеуметтік зерттеулер жүргізу үшін серіппе іспетті жалпы

шарттармен қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, қоғамда даму болғанда, зерттеу мәселесінің қызықтылық шегі арта түседі. Ол әлеуметтік ғылымдарға сүйеніп, ұялы телефондардың мәтіндік хабарламаларын кең қолдану идеясын негізге алады. Зерттеуші осының әлеуметтік өмірдегі арақатынаса, оның сапасына қалай ықпал еткенін зерттеуге қызығушылық танытуы мүмкін. Міне, осы сияқты мәселелерді зерттеу барысында зерттеуші

осы мәселеге қалай жақындау керектігін толыққанды түсіну үшін бәлкім, технология бойынша әдебиет пен әлеуметтік өзара қатынаса сүйенеді.

2-тарауда айтып кеткенімдей, адамдардың осы сияқты әлеуметтік зерттеулермен айналысатынына тек бір ғана себеп болмайды. Дегенмен, қоғамда болып жатқан құбылыстарды түсінуіміздің бір аспектісі болғандықтан және ол шешімін таппағандықтан болуы керек.



Әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістерінің контексі

Әлеуметтік зерттеулер және онымен байланысты әдістер вакуумнан шықпайды. Аталмыш кітапта әлеуметтік зерттеулердің контексін қалыптастыратын бірқатар факторлар қарастырылады.

Келесі факторлар әлеуметтік зерттеулер мен оның әдістерін анықтайтын бөлігі болып табылады:

- Әлеуметтанушылардың әлеуметтік дүниені тану үшін пайдаланатын теориялары зерттелетін мәселеге де, зерттеу қорытындыларының қалай түсіндірілетініне де ықпал етеді. Басқа сөзбен айтқанда, зерттеу нысаны болып табылатын тақырыптар осы күні бар теориялық жағдайлардың күшті ықпалымен зерттеледі. Осылайша, егер зерттеуші ұялы телефондардағы мәтіндік хабарламалардың адамдардың бір-бірімен араласу ықпалына қызығушылық танытса, онда ол кісі технологияның қалай пайдаланылатыны мен оның ықпалына байланысты басым теорияларды назарына алады. Сөйтіп,

әлеуметтік зерттеу теорияның ықпалымен хабарланады. Бұл да өз алдына теорияға әсер етері хақ. Өйткені зерттеуден алынған ғажап нәтижелер сол теорияға қатысты білім қорын толықтырады сөзсіз.

- Алдыңғы тармақтан шығатыны, зерттеушіні қызықтыратын білім саласы сол әлеуметтік зерттеу шеңберінің маңызды аясы болып табылады. Тәжірибеде бұл біреу зерттеу жасауды жоспарлай отырып, өз қызығушылық саласындағы тақырып бойынша әдебиетпен таныс болуы тиіс дегенді білдіреді. Яғни, сізді қызықтыратын ғылыми-зерттеу саласында қазіргі таңда белгілі ақпаратты білуіңіз тиіс. Неге? Сол бар іргелі білімнен әрі қарай жылжу үшін және соған дейін басқалардың жіберген қателерін қайталау тәуекелінен аулақ болу үшін. Әдебиетке шолу 5-тарауда және сонымен қатар, басқа тараулардың бөлімдерінде басты назарда болады.
- Зерттеушінің *теория мен ғылыми-зерттеу арасындағы арақатынас*

табиғаты жайындағы көзқарастары да зерттеуге ықпал етері сөзсіз. Кейбір практиктер үшін теория ғылыми жобаның басында айтылады. Зерттеушілердің теориялық ойға қатысуынан туған **жорамалдар қалыптастырылып**, кейінгі сынақтарда байқалады. Бұл зерттеу үдерісінің нәтижесін көруге, яғни зерттеу жұмыстарының қалай жүргізілгенін көру үшін баламалық тұғырнама болып табылады. Осы айырмашылық зерттеу жұмыстары үшін маңызды, себебі бірінші амалға сәйкес теориялық идеялар жиынтығы мәліметтер жинау мен оны талдау болса, екінші амал теориялық идеяларды мәліметтерден алатын анағұрлым ашық стратегияны көздейді. Әрине, дискуссияларда жиі болатындай, осы іспетті таңдау сирек әрі шұғыл теория мен зерттеу арасындағы өзара қатынасты меңзейтінінің себебі – зерттеу жұмыстарына қатысты теорияның рөліне байланысты кейбір қарама-қайшы пікірлер орын алған.

Бұл мәселе 2-тарауда қарастырылатын негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

- Зерттеу жұмысын қалай жүргізу керек деген жорамалдар мен пікірлер зерттеу үдерісіне әсер ететіні рас. Көп жағдайда ұстанатын «ғылыми» көзқарас немесе тәсілдеме қалыптасқан гипотезаға ілесуі, содан соң дәл өлшем әдістерін қолдана отырып, сынақтан өткізілуі тиіс. Осы іспетті зерттеулер, әлбетте, бар, алайда ол зерттеу қалай жасалуы тиіс деген мәселе, баршамен бөлісерлік болмауы мүмкін. Мұндай жорамалдарды **эпистемологиялық** деп атайды. Олар

бізді әлеуметтік әлем қалай зерттелуі тиіс және ғылыми тәсілді қабылдау дұрыс болып табыла ма деген сияқты ой-толғаныстарға жетелейді. Кейбір зерттеушілер адамдар мен олардың әлеуметтік институттары ғалымның үлгісінен өте айрықшаланады деп ғылыми үлгідегі тәсілдерден қашады да, адамдардың арнайы қасиеттеріне сезімтал тәсілдерді таңдап алады. Бұл мәселе 2-тараудың негізгі бағыттарының бірі болмақ.

- Әлеуметтік құбылыстардың табиғаты жайындағы болжамдар да зерттеу үдерісіне ықпал етеді. Кейде әлеуметтік дүниені әлеуметтік актерларға қарағанда, анағұрлым үстірт және оларға ешқандай бақылау жүрмейді деген сияқты ойлар қарастырылады. Бұл жай ғана бар нәрсе, мінез-құлыққа, наным-сенімдер мен құндылықтарға әсер етеді. Біз ұйым мәдениетін ұйымда жұмыс істейтіндерге және сол ұйымға келген жаңа адамдардың сіңісіп кетуіне күшті ықпал ететін құндылықтар мен мінез-құлықтық жүйе жиынтығы ретінде қарастыруымыз керек. Бірақ, сонымен қатар біз оны ұйым мүшелері үнемі өз практикалары арқылы өзгертіп отыратын, азғантай жаңалықтар енгізу арқылы жасалу және қайта бағалану үдерісіндегі объект ретінде де көре аламыз. Мұндай жорамалдарды біз **онтологиялық** деп атаймыз. Онтологиялық жорамалдар бізді әлеуметтік құбылыстардың жаратылысының инертті және біздің ықпалымыздан тыс немесе әлеуметтік қарым-қатынас жемісі ретінде қарастыруға шақыра ма? Алдыңғы тармақта талқыланған эпистемологиялық мәселелерге келетін

болсақ, онда зерттеушінің әлеуметтік зерттеулер қалай жүргізілетіні жайындағы тұғырнамасы маңызды. Бұл 2-тарауда басты назарға алынған негізгі бағыттардың бірі болмақ.

- Зерттеушілік қоғамдастықтың *базалаулары* зерттеушілер үшін маңызды болмақ. Ол бірнеше формада алынуы мүмкін. *Этикалық мәселелер* тіптен жиі кездеседі, ұзақ уақыт бойы айтарлықтай келіспеушіліктер орын алып, көптеген ойлар талқыға салынды және соңғы жылдары этика мәселесінде қайшылықтар күрт өсіп отыр. Қазіргі таңда кейбір зерттеулерді зерттеушілік қоғамдастықтың, зерттеушілер жұмыс істейтін ұйымдардың сынап-мінеуін туғызбай, белгілі бір зерттеулер жасау мүмкін емес деуге болады. Қазіргі кезде зерттеушілік ұсыныстарды этикалық толықтық жағынан мұқият караушы органдардың күрделі құрылымы болғандықтан, этикалық қағидаларды бұзу ықтималдығы өте төмен. Зерттеу жұмыстарының біршамасы балалар мен осалдықтары бар ересектерді зерттеу арнайы этикалық ережелерді талап етеді. Осылайша, этикалық сақтыққа байланысты туған шуға қатысты кімдер зерттелуі тиіс, оның салдары қандай болуы мүмкін, қай тұстарда белгілі әдістер мен зерттеулер қолданылмауы керек деген сияқты сауалдарға жауап ретінде этикалық құндылықтар мен институционалдық тетіктердің негізі жасалды. Зерттеушілік қоғамдастығының тағы бір құнды тәсілі мысалы, әлеуметтік саясатта зерттелушілердің зерттеу үдерісіне қатысуы тиіс деген бұлтартпас пікір

бар. Мысалы, әлеуметтанушылар қызметті қолданушыларға зерттеу жүргізгенде, осы қызметті пайдаланушылар сауалнама сияқты зерттеу мен оның аспаптарын тұжырымдау үдерісіне тартылуы тиіс. Дегенмен, осы іспетті көзқарастар жалпыға ортақ болмаса да (Беккер және басқалары. 2010), олар кейбір салаларда белгілі бір зерттеу түрлерін қарастырғанда, осындай ойға баруға мәжбүр. Этикалық мәселелер 6-тарауда қарастырылады және бірнеше тарауда аталмыш мәселе козғалады.

- Алдыңғы мәселеге байланысты қандай зерттеу кім үшін деген сауал туады.

Осыған дейін мен әдеттегідей, әлеуметтік зерттеулердің академиялық сипаты мен рөлін, әсіресе оның әлеуметтік дүние туралы білім қорын байытатынын баса айтамын. Дегенмен, көптеген әлеуметтанушылардың пікірінше, зерттеу жұмысының тәжірибелік мақсаты болуы тиіс және ол айналамыздағы әлемдегі жағдайларды өзгертуге себін тигізуі тиіс. Мұндай ерекше көңіл бөлу кейбір әлеуметтанушы практиктер үшін, ақыр аяғында, практика үшін салдары болатын тақырыптар мен мәселелерге назарды бағыттау керек дегенді білдіреді. Әлеуметтік ғылымдар саласындағы ғылыми қызметкерлер үшін, мәселен, әлеуметтік саясатты алсақ, тәжірибе үшін салдары айқын зерттеулерге аса көңіл бөлу басқа ғылымдарға қарағанда, кеңірек таралған. Бұдан басқа, адамдардың күнделікті өміріне ықпал ететін зерттеуге арналған мәселелер бар. Мәселен, **ғылыми-зерттеу жұмы-**

сын бағалау және әрекеттерді зерттеу сияқты мәселелер 3- және 17-тарауларда қозғалады.

Әйтсе де, тіпті әлеуметтік саясат сияқты салаларда тәжірибеге баса көңіл бөлу қажет деген жалпыға ортақ көзқарас ұсталынбайды. 2005 жылы британдық әлеуметтік саясат зерттеушілері Беккер, Брайман және Семпик (2006) жүргізген сауалнамада сауалға қатысушылардың 53%-ы тең дәрежеде зерттеу үшін саясат пен тәжірибенің маңыздылығы мен білім жинаудың мәні тең дәрежеде, бір-бірінен кем түспейтін әлеуетті құндылықтар деп есептеген. Ал сауалнамаға қатысушылардың 34%-ы саясат пен практикадан гөрі жалпы зерттеу үшін маңыздылығын көрсеткен де, 13%-ы мұның әлеуметтік саясатты зерттеу үшін маңызды білім жинақтау екенін көрсеткен.

- Әлеуметтік ғылыми-зерттеулер өте кең саяси контекске сүйенеді. Бұл қызметтің көптеген аспектілері бар және олардың кейбірі 6-тарауда аталады. Мысалы, әлеуметтік зерттеулердің көпшілігін Үкіметтік қорлар қаржыландырады әрі олар үкіметтің күніне бағытталады. Бұл кейбір зерттеулер басқаларына қарағанда, жиірек қаржылай қолдауға ие болады деген сөз.


Бұдан басқа, негізгі қаржылаушысы Ұлы Британияның Экономикалық және әлеуметтік ғылыми-зерттеу кеңесі (ЭӘҒЗК-ESRC) болып табылатын әлеуметтік зерттеулерді қолдаушы ұйымға келешек талапкерлер егер де қаржылық қолдау тапса, қандай зерттеуге кірістірілетінін немесе айналысатынын көрсетулері тиіс.

«Пайдаланушы» ұғымын алуан түрлі түсіндіріп беруге болады, алайда ғылыми-зерттеу жұмысы анағұрлым қолданбалы сипатта болғанда, талапкердің қатысын тура көрсетеді. Басқаша айтқанда, пайдаланушылар қатыстырылуы тиіс шарт азғантай артықшылық беруі үшін және тәжірибеге бағытталған зерттеу болуы үшін қабылдануы тиіс.

- Зерттеушінің *оқуы мен жеке қасиеттері* еленбей қалмауы тиіс. Олар зерттеу саласына, зерттеу мәселелері мен әдістеріне әсер ететіндіктен, әлеуметтік зерттеу әдістерінің контексін қалыптастырады. Көп жағдайда біздің тәжірибеміз бен қызығушылығымыз біздің зерттеуімізге ықпал ететіні сөзсіз. Академиялық әлеуметтік зерттеушілер ретінде бізді қызықтыратын мәселелер әлеуметтік ғылымдардың кең ауқымын қамтуы керек. Мысал ретінде 2-тарауда испандық Костадель-Соль жағалауында тұрып жатқан британдық экспатрианттар О'Рейлилерді зерттеуі (2000) айтылды. Мәселе ең алдымен, О'Рейлидің жұбайын қызықтырған, бұл жұп онда өз беттерімен тұруды жоспарлаған екен. Бұл жеке қызығушылық екені сөзсіз. Дегенмен, мүлдем солай деп айту да қиын, себебі соңғы жылдары қоғамтану саласы ғалымдарының үлкен ықыласын туғызып жүрген трансұлттық миграция мәселесін линза ретінде пайдаланғаны белгілі болды. Сонымен бірге мен әлеуметтік ғылыми-зерттеудің бұқаралық ақпарат құралдарында қалай көрсетілгеніне өзімнің қызығушылығым болғанын 2-тарауда атап өтемін. Ол жанды жаралайтын тәжірибеден шыққанын Хэслэм мен Брайман (1994) жария-

лады: ол өз алдына мені аталмыш мәселені бұрынғыдан да кеңірек дамытуға деген ықыласымды күшейтті, ғылыми есептерге байланысты әдебиет оқып әрі бұқаралық ақпарат құралдарынан да әлеуметтік ғылым туралы көп ақпарат оқып, осының бәрін ғылыми-зерттеу жобасына айналдыруыма себеп болды. Бұдан басқа, әлеуметтанушылардың оқуының нәтижесінде, кейде кейбір зерттеу әдістері мен амалдарына қызығушылық туады немесе кейбіреулерін жеке артық көрушілік пайда болады. Менің осы кітапта зерттеу әдістерінің кең тобын қамтуға тырысқанымның себебі: практикadan өтушілер үшін де келешек

зерттеушілер үшін де әдістердің сан алуан түрлерімен танысып, оларды іске асыру маңызды. Әдіснамалық преференциялардан келетін қауіп – зерттеуші білгеніне шектеліп, ойсыз болып кетуі мүмкін – осындай преференциялар (қолайлы жағдай үшін жеңілдікті таңдау) жиі туып отырады және зерттеу жүргізу барысына кедергі келтіретіне күмән жоқ. Осы бөлімге толық қатысы бар факторлардың тізіміне жақындау мүмкін емес болса да, жоғарыда келтірілген сипаттаманың ерекшелігі әлеуметтік зерттеу жұмысын жүргізу, зерттеу әдісін таңдау анағұрлым кең ықпалдардан жабық емес екені көңілге үміт ұялатады.



Әлеуметтік зерттеу үдерісінің элементтері

Осы тарауда және осы тараудың қалған бөліктерінде мен ғылыми-зерттеу жобаларының көпшілігінің негізгі элементтерін ұсынуды ойлаймын. Ол зерттеу үдерісін блок-схемалар арқылы құрастыру әлеуметтік ғылыми әдістері бойынша оқулық жазушы авторлар үшін де жалпы болып табылады және мен де соған еліктеуден ада емеспін. Оны сіздер, мысалы, 2.1, 8.1 және 17.1-суреттерден көре аласыздар!

Дәл қазір мен зерттеу үдерісінің түрлі кезеңдері мен элементтерін тәртіпке келтіріп, реттейін деп отырғаным жоқ, өйткені бөлшектеу зерттеу стратегиялары мен амалдарына байланысты аздап алмасып тұрады. Менің берілген кезеңде бар болғаны, баршаға ортақ не-

месе көпшілігіне тән болып табылатын әлеуметтік зерттеулердің кейбір негізгі элементтерін енгізгім келеді. Олардың кейбіреулері жайлы алдыңғы тарауда сөз қозғалды, әрі олардың барлығы кейінірек анағұрлым егжей-тегжейлі келесі тарауларды қарастырылатын болады.

Әдебиетке шолу

Қолда бар әдебиет барлық зерттеулерді жүргізуде маңызды элемент болып табылады. Өзіңізді қызықтыратын тақырып немесе мәселе талқыланған әдебиетті кездестіргенде, одан әрі ізденістерді жалғастыра беруіңіз керек. Не үшін? Бірқатар мәселелердің басын ашып алу үшін. Бізге нені білу керек:

- тақырып бойынша алдын ала не білеміз?
- қандай қағидалар мен теорияларды тақырыпта қолдану керек?
- тақырыбымызға байланысты қандай ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану қажет?
- тақырыбыңызға қатысты қандай даулы мәселелер бар және олардан қалай абыроймен шығуды үйрену.
- қандай дәлелдемелер соқтығысы бар (егер бар болса)?
- тақырыпқа қатысты зерттеулер арқылы кімдер елеулі үлес қосты?

Көптеген тақырыптар зерттеу дәстүрлеріне бай. Сондықтан бакалавр дәрежесі бойынша оқып жатқан көптеген студенттердің дипломдық жұмыстарынан немесе магистр ғылыми дәрежесін алу үшін жасалатын диссертацияларына қарап, аталмыш салада әдебиетке толық шолу жасауға болады. Әдебиеттер тізіміне жазған басты кітаптар мен мақалаларды анықтап, оқығанда тұрған не бар? 5-тарауда ұсынатынымдай, сізді ешкім үй жұмысын орындамады деп кінәлай алмайтынын және ашық есікке баса-көктеп кірудің қажеті жоқ екенін білгеніңіз маңызды. Бұдан басқа, өз ғылыми-зерттеу нысаныңыздағы мәселені, әдебиеттегі қорытындылар және пікірлермен байланыстыра отырып, сенім білдіру және өз үлесіңізді көрсету маңызды. Дегенмен, 5-тарауды оқығаннан айқын болатындай әдебиетке шолу дегеніміз жай ғана әдебиет түйіндемесі емес екені белгілі. Әдебиетке жазбаша шолу, күткеніміздей, сыни тұрғыда болады. Бұл міндетті түрде сіз күткендей, тым сыни бағыттағы авторларды оқисыз деген сөз емес, бірақ

сіз жұмыстың мәнін бағалауыңыз керек және әдебиетке шолу жазғаныңызда, әр элемент мазмұндауға енуі тиіс.

Тұжырымдамалар мен теориялар

Тұжырымдамалар дегеніміз – бұл біздің әлеуметтік дүниенің мәнін тану жолымыз. Олар бізге маңызды болып көрінетін әлеуметтік дүниенің сан түрлі қырларын танитын жалпы белгілер. 7-тарауда көрсетілгеніндей, әлеуметтік ғылымдардың күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып кеткен мықты ұғымдар дәстүрі бар. Мәселен, бюрократия, билік, қоғамдық бақылау, мәртебе, харизма, еңбек үдерісі, мәдени капитал (1.1-зерттеу нүктесі, осы тұжырымдаманы зерттеу мысалы ретінде), макдоналдизация, адалау және тағы сол сияқты әлеуметтанушылардың бірнеше буыны құрған теориялық көзқарастар жүйесі/доктриналардың тірегі болып табылады. Тұжырымдамалар немесе концепциялар – теориялардың басты кілті. Шын мәнісінде, ең болмағанда, бір ұғым енгізілмеген теорияны көзге елестету мүмкін емес. Тұжырымдамалар әлеуметтік зерттеулер жүргізудің бірнеше мақсатына қызмет етеді. Оларға біздің ғылыми қызығушылығымыздың мақсатты аудиториясын қалай ұйымдастыратынымыз бен белгілейтінімізді таңдау аса маңызды. Олар бізге ойлауға және анағұрлым тәртіпті болуға және сонымен бірге біздің зерттеулерімізді ұйымдастыруға көмектеседі. «Әлеуметтік ғылыми-зерттеулер контексіне» арналған тарауда теория мен зерттеу арақатынасы көбіне зерттеу үдерісін оның барлық



1.1-тармағындағы басты концепциялар

Зерттеу мәселелері дегеніміз не?

Зерттеу мәселелері дегеніміз зерттеушілердің аталмыш салада білгілері келетін нақты ашық сауалдарын білдіреді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты (мысалы, «Менің ... анықтап алғым келеді немесе неге») – сияқты мәлімдеу түрінде болуы мүмкін, бірақ сұрақ зерттеушінің не зерттелуі тиіс деген мәселеде мейлінше анық болуға мәжбүрлейді. Зерттеу сауалы болғанда, сөйлем соңында міндетті түрде сұрақ белгісі тұруы тиіс: әйтпесе, ол сұрақ емес. Ол сұрақ тергеу сипатында болуы тиіс. Ғылыми-зерттеудің 1.1-тармағы үйренуге үлгі ретінде бірнеше сауалмен қамтамасыз етіледі.

Жорамал белгілі бір дәрежеде ғылыми-зерттеу сауалы болып табылады. Алайда ол анықталуы тиіс сұрақ сияқты қойылмайды.

Денском (2010) зерттеу сауалдары типтерінің пайдалы тізімін ұсынды. Аталмыш тізім жарияланымыздың ертерек нұсқасында жарық көрген әрі оларды Уайт (2009) толықтырған болатын.

Денском бойынша жасалған ғылыми-зерттеу мәселелерінің типтері:

1. Қорытындыны болжау (y жағдайы, шын мәнісінде, a және b жағдайларында болуы мүмкін бе?).
2. Белгілі бір құбылыстың себептері мен салдарын түсіндіру (y -ке x байланысты немесе y -тің салдары x пе?).
3. Құбылысты бағалау (шынында да y сендіргеніндей тиімді ме?).
4. Құбылысты сипаттау (y -ке не ұнайды немесе y қандай формаларды топшылайды?).
5. Жақсы тәжірибені дамыту (y -ды қалай жақсартса аламыз?).
6. Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту (зерттеу нысанасы болып табылатындардың өмірін қайтсек, жетілдіре аламыз?).

Уайт (2009) Денскомның соңғы категориясы жайында жоғары сапалы зерттеулер жүргізуге кедергі жасайтын саяси уәждерге жайдан жай баса көңіл аударып отырған болмаса керек. Белгілі бір дәрежеде, бұл пікірлер қайшылығы «Әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістерінің контексіне» арналған тарауда зерттеу мақсаттары жайындағы баяндалған пікірлермен байланысты болуы мүмкін. Жоғарыда айтылған сұрақтардың алты типіне қоса, Уайт өз альтернативасын, яғни баламасын ұсынады:

7. Салыстыру (x -пен салыстырғанда, a мен b айрықшалана ма?).

Ғылыми-зерттеу мәселелерінің жіктелуі тиіс екеніне байланысты көптеген амал-тәсілдер бар. Сонымен қатар, жеткілікті толық тізім табу қиын болғанымен, аталған жеті типі біздің мүмкіндіктер жайында көзқарасымызды қалыптастыра алады және зерттеудің анағұрлым кең мақсаттары жөніндегі полемикаға назар аудартады.

кезеңдерінде жүргізу мен теорияны зерттеу үдерісінің өнімі арасынан таңдау ретінде көрсетілетінін қысқаша айтып өттім.

Бұл әрдайым дедуктивті және индуктивті тәсілдер арасындағы кереғарлық ретінде сипатталады. Бұл мәселе 2-тарауда кеңейтіледі. Бұл кереғарлықтың ұғымдар үшін маңызы бар екеніне еш таңғалудың қажеті жоқ.

Тұжырымдамаларды зерттеу жұмысында жинақталған басты салаларды және олардың неден басталатынын көрсететін мәліметтерді қарастыру деп ұғуға болады. Басқаша айтқанда, біз ұғымды немесе бірнеше концепцияның өзара байланысын анықтай түсу үшін мәліметтер жинақтай аламыз.

Бұл тәсіл ғылыми-зерттеудің 1.1-топтамасында қолданылған. Ғылыми-зерттеудің баламалық көзқарасы оның нәтижелері болып табылады. Екінші пікірге сәйкес, ұғымдар біз жинайтын мәліметтер жайында ойланып-толғануға және оларды реттеуге көмектеседі. Әрине, бұлар бірін-бірі жоққа шығаратын тұғырнамалар емес. Зерттеу жұмысын біз жиі тақырыбымызда бағыт-бағдар жасауға жәрдем ететін басты ұғымдардан бастаймыз. Бірақ мәліметтер жинау нәтижесінде және оларды түсіндіруде біз аталмыш ұғымдарды қайта қарауымызға тура келеді немесе біздің ой-толғауымыздың жаңа қырлары ашылады. Зерттеу саласында осы уақытқа дейінгі шыққан әдебиетпен танысу маңыздылығының себептерінің бірі – ол бұрынғы ғалым-зерттеушілерге негізгі мәселені ашу үшін негізгі ұғымдардың қандай пайдасы болғаны немесе шектеуші фактор болғаны жайында ескертеді. 1.1-тармағындағы зерттеу жұмысында Оксфорд университетіне түсуге талапкер

студенттердің өтініштерін қабылдау немесе қабылдамау үдерісінде мәдени капитал тұжырымдамасы пайдаланылатын үдеріс екендігінің мысалы келтіріледі. Тіпті егер біз ғылыми әдебиетті зерттеу нәтижелерінің тұтынушылары ретінде оқитын болсақ та, мысалы, эссе жазғанда, басты ұғымдарды және оларға кімнің жауапты екенін, олардың айналасында қандай даулардың барын (егер болса) білсек, осының өзі шешуші болмақ.

Зерттеу мәселелері

Зерттеу мәселелері бір-екі жағдайда аталып өтті және кейбір талқылауларда олар туралы осы күнге дейін болжау айтылады.

Зерттеу мәселелерінің зерттеу үдерісінде аса маңызды болуының себебі сіздің білгіңіз келетін, сіздің қызығушылық аяңызда ненің ең басты мәселелердің бірі болып табылатынын анықтауға көмектеседі. Көптеген адамдар ғылыми-зерттеуді өздерін қызықтыратын басты идеядан бастайды. Зерттеу сұрақтары сізді мәселеде не білгіңіз келетінін дәл әрі қатаң қарастыруға мәжбүрлейді. Зерттеу мәселелерін құрастыру – бұл зерттеу ауқымын нақтылау мәселесі болады және сіздің не жайлы білгіңіз келетініне бағытталған.

Зерттеу сұрақтары осылайша маңызды. Ғылыми-зерттеу мәселесінің болмауы, не болмаса, зерттеу мәселесін дұрыс қисындамау зерттеу жұмысының нашар болуына әкеп соғады. Егер сіз зерттеу мәселесін анық көрсетпесеңіз, зерттеулеріңіздің қандай мәліметтер жинайтынының жөн-жосықсыз болу қаупі бар. Сіздің сауалнаманы қалай жасағаныңыз, сіздің қаншалықты кәсіби



1.1-тармағындағы ғылыми-зерттеу

Мәдени капиталды оқығандағы ғылыми сұрақтар

Зимдарс, Салливан және Хит (2009) мақаласының назарында тұрған мәселе – Оксфорд университетіне студенттер қабылдау.

Ұлыбританияның университеттеріне және Оксфорд, Кембридж элиталық университеттеріне студенттер қабылдау мәселесі соңғы жылдары саяси пікірталастың назарында болды. Өйткені мемлекеттік мектеп студенттерін жеткілікті мөлшерде элита ретінде қабылдаудан бас тарту әлеуметтік жұмылдырылғыштықты шектеу ретінде қарастырылады.

Оксфорд және Кембридж университеттерінің қабылдау комиссиясы, сондай-ақ қоғамның онша пұрсатты емес тобынан болатын жастардың мүмкіншіліктерін шектейтін таптық соқыр наным ретінде сипатталады. Зерттеушілердің мақсаты – «мәдени капитал қабылданғандардың жетістігімен байланысты бола ма, жоқ па» (Зимдарс және басқалары. 2009.: 653) соны анықтау. Содан соң олар келесі сауалдарға бағыттайды:

1. Оксфорд талапкерлері ата-аналарының алған білімі, әлеуметтік табы, жынысы және этникалық тобына қарай өздерінің мәдени қатыстылығымен және мәдени білімімен айрықшалана ма?
2. Оксфордқа қабылдану мәдени капиталды болжай ма?
3. Егер солай болса, онда бұл эффект біз емтихан жұмыстарын бақылағанда қала ма?
4. Мәдени капитал таза ғылыми факультеттерге қарағанда, өнер және гуманитарлық мамандықтар үшін маңыздырақ па?
5. Мәдени капитал деген түсінік әлеуметтік тап, ата-аналардың білімі, жеке оқу, этникалық топ және жыныс арасына қаншалықты дәнекер болып табылады? (Зимдарс және басқалары. 2009: 653)

Бір жағынан алғанда, бұл зерттеу жұмысы әлеуметтік және білімі саясатқа қатысты мәселелерді шешуге талпыныс болса керек. «Әлеуметтік ғылыми-зерттеулер әдістері контексіне» арналған тарауда аталып кеткендей, кейде әлеуметтік зерттеу негізінен, саясатпен және практикамен байланысты мәселелерді қарастырады. Бірақ зерттеушілер сонымен қатар, мәселен, нақты Бурдьенің мәдени капитал тұжырымдамасын Оксфордқа мемлекеттік мектептерден келетін талапкерлердің төмен деңгейінің түп негізінде жатқан үдерістерді түсінуге көмек болу үшін теорияға жүгінеді. Мәдени капитал ұғымы адамның жеке қабілеттерін мәдени тәжірибе мен біліктілік арқылы ажыратуға қатысы бар. Ол осындай мәдени тәжірибе орташа тапқа өздерін мәдени және әлеуметтік жағынан жаңғыртуға әрі жұмысшы таптан шыққан балалардың әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктерін азайтуға ерік береді деп есептеген.

Зимдарс ең алдымен, 2002 жылы Оксфорд университетіне түсу жөнінде өтініш білдіргендер сауалнамасын алға тартады.

Ерекше қызығушылықтың мәні мынада: зерттеушілер мәдени өмірге мұражайларды, көрмелерді және т.с.с. аралау арқылы араласудан гөрі мәдени білім оқуға түсу үшін маңызды фактор болатынын байқаған.

Авторлар: «Мәдениетке деген көзқарастың қалыптасуы мәдени шараларға жай ғана қатысып қоюдан әлдеқайда маңыздырақ» дейді. (Зимдарс және басқалары. 2009: 661). Осылайша, ең ақыры, талапкерлердің Оксфордқа қалай қабылданатыны мәселесіне қатысты айтатын болсақ, осы мәліметтер Бурдье идеяларын тек жартылай қолдайды.

білікті сұхбаткер болғаныңыз маңызды емес; сіз өз зерттеу мәселелеріңізді анықтап дәл білуіңіз керек. Дәл осылай, сіздің ғылыми-зерттеу жобаңыз 1.1-докторлық зерттеулер фокусындағы £300,000 гранты немесе кішкентай жоба болса да бәрібір.

Ғылыми-зерттеу мәселелері аса шешуші болмақ, себебі:

- сіздің әдебиет іздеу жұмысыңызға нұсқау береді;
- сіздің ғылымның қандай құрылымдарын зерттеу қажеттігі жөнінде нұсқау болады;
- сіздің қандай және қай мәліметтерді кімнен жинау қажет деген сауалыңызға нұсқау береді;
- сіздің мәліметтеріңізді талдауға нұсқау жасайды;
- сіздің жазбаларыңыз мәліметтеріңіздің жоспарына бағыттайды;
- сізді қажет емес бағыттан тоқтатады;

- оқырмандарыңызға ғылыми-зерттеу жұмысыңыздың нысанын айқынырақ сезінуге көмектеседі.

Жоғарыда ғылыми-зерттеу сауалдары сіздің әдебиет іздеуіңізге және әдебиетке шолу жасауыңызға көмекші бағыт болады деген болжау айтылды. Дегенмен, әдебиетті оқу сізге зерттеу сұрақтарын қайта қарауға және тіпті кейбір мәселелерге жаңаша қарауға итермелеуі мүмкін. Сондықтан ғылыми-зерттеу жұмысының бастапқы кезеңінде зерттеу мәселелері мен әдебиет бір-бірімен өріліп, бітісе қайнайды десе де болады. Зерттеу жұмысының бастауында шыннайы бөлік қызығушылық шеңберіндегі әдебиетпен түйісіп, кейін оқу барысында бастапқы зерттеу сауалдарын қайта қарауды қарастыратын немесе кейбір жаңаларын туғызатын бір немесе екі зерттеу мәселелерін жорамалдайды.

4-тарауда зерттеу мәселелері, оларды қалай дамыту мүмкін деген сауалдар көбірек талқыланатын болады.



Студент тәжірибесінен

Ғылыми-зерттеу мәселесін жалпылау және өзгерту

Ханна Криин электрондық поштадағы зерттеу сұрақтарына берілген жауаптарға егжей-тегжейлі тоқталған. Ол былай деп жазады: зерттеуді бастағанымдағы ең бастапқы үш сауал: «Баланы бала қылатын не?», «Ересек адамды ересек ететін не?» және «Бала – кішкентай ересек адам» деген түсінік қандай дәрежеде қарастырылуы тиіс? Дегенмен, ғылыми-зерттеу жұмысымды жазу барысында осынау сұрақтар зерттеуім үшін онша маңызды болмай қалды. Зерттеу жұмысы толығымен берді де, балалық шақтағы жалпы өзгерістер сауалынан гөрі «Балалық шақ деген не өзі?» деген мәселе анағұрлым эмпирикалық сипатқа ие болды. Зерттеуге байланысты осы екі сұрақ толығымен қазіргі кезде: «Баланы ересек адамнан қандай қасиеті арқылы ажыратуға болады?» және «Бұрынғы ұрпақтарға қарағанда, қазіргілерде не өзгерген?» сияқты сауалдар маған өзектірек сияқты болып көрінеді.



Ханнаның ғылыми-зерттеу жұмысы жайында көбірек білгіңіз келсе, онлайн қор орталығына жүгініп, мына кітапты оқыңыз.

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Кездейсоқ жағдайларды таңдау

Әлеуметтік ғылыми-зерттеулер әрдайым тек адамдарға ғана жүргізілмейді. Мысалы, біз бұқаралық ақпарат құралдарының **мазмұнды талдау** (контент-анализ) әдісін қалай қолданатынын зерттейміз. Ол мәселе 13-тарауда толығырақ қарастырылады. Мұндай жағдайда біз мәліметтерімізді адамдардан емес, газет мақалалары мен телевизиялық бағдарламалардан жинаймыз. Өйткені соның нәтижесінде мәліметтер кімге және кімнен жиналуы тиіс деген объектілердің кең спектрін әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістері жайлы жазушылар үшін ортақ «нақты оқиғаны зерттеу» (case study) деген терминді пайдаландық. Адам өмірінің жиі, тіпті басым бөлігінде дерлік «нақты оқиғалар» болып тұрады. Әлеуметтік зерттеулерде бізге сұхбат алу, байқау жүргізу немесе зерттеу мүмкін болатын адамдарға сауалнама жіберу мүмкіндігі бола бермейді. Сондай-ақ, біз бізді қызықтыратын медиа-контент аясына қатысты барлық газеттердің мазмұнын оқып, талдай алуымыз екіталай.

Сауалдардың уақыты мен құны әрқашан біздің зерттеуімізге қоса алатын оқиғалар санын шектейді де, ұдайы дерліктей мысалдарға жүгінуімізге тура келеді.

Келесі тараулардан көретініміздей, іріктеу тәсіліне қатысты алуан түрлі қағидалар бар. Көптеген адамдар зерттеуден сынама іріктеу мен **қайталап таныстырмалы іріктеме үлгілерін** байланыстырады.

Іріктеме деген тәсіл бізге жиі газет-

терде кездесетін қоғамдық пікірді білу үшін қолданылатын сауалнамалардың негізінде жатыр. Мұндай іріктеме әдетте, **қалың көпшілікті** (яғни, микрокосм іспетті әрекет етуді) көрсете алатын үлгілерді іздеу қағидағарына негізделеді. Егер газеттер өз комиссияларының қоғамдық пікірді зерттеу мақсатындағы сауалнамаларында қолданылатын **қайталап таныстырмалы іріктеме үлгілер** жайында мәлімдеме жасай алмаса, олардың есебіндегі саяси партиялар туралы қорытындылары онша салмақты болмайды.

8-тарауда қайталап таныстырмалы іріктеме үлгілерінің негізінде жатқан қағидалар түсіндіріледі. Бұл қағидалар тек 1.1-топтамасында сипатталған **шолу зерттеу** типінде қолданылмаса да, зерттеудің басқа түрлері үшін, мысалы, медиа-контенттің медиа-анализі үшін алынған газеттік мақалалар үлгілерін сұрыптауда қолданылуы мүмкін. Әлеуметтік ғылымдардың барлық түрлерінде қайталап таныстырмалы іріктемелерге басымдық бере бермейді.

Үшінші бөлімнің кейбір тарауларында қайталап таныстырмалы іріктемелер идеясына емес, бірақ зерттеу мақсаттарына сәйкестік негізінде алынған сынама алу қағидаларымен кездесеміз.

Бұдан басқа, **нақты оқиғаны** зерттеуде талдаудың бір немесе екі бірлігі болуы мүмкін.

Мұндай зерттеулердің мақсаты таңдап алған регистрді немесе нақты оқиғаларды тереңінде түсіну болып табылады.

Іріктелген мәселелердің сонымен қатар, осы сияқты зерттеулерге қатысы бар.

Нақты оқиғалар немесе оқиғалар зерттеуге қатысты өлшемдерге сай таңдалуы тиістігін айтпағанның өзінде, зерттеу контексінің мүшелері болып табылатын адамдар да арнайы өлшемдерге сай іріктелуі тиіс.

Десек те, берілген кезеңде тіркеудің негізгі тармағы әлеуметтік зерттеулердің бәрінің болмаса да, іріктеудің зерттеулердің көпшілігіне тән, әрі кез келген зерттеудің болмай қалмайтын маңызды кезеңі екенін ескеру шарт.

Мәлімет жинау

Көп адамдар үшін мәліметтер жинау кезеңі кез келген зерттеу жобасының маңызды сәті болып табылатыны таңғаларлық жәйт емес, сондықтан басқалармен салыстырғанда, дәл осы кітап зерттеу үдерісінің аталмыш кезеңіне басымдық берген.

Осы кітапта айтылған мәліметтер жинау әдістерінің кейбіреулері, мысалы, сұхбат пен сауалнамалар, оқырман-андарға басқаларынан гөрі көбірек таныс болуы ықтимал. Кейбір әдістер зерттеуші өзіне керек мәселені білу мақсатында іске асыруға қажет зерттеу құралдарының құрылымы жайында алдын ала жорамалданған жалпы сұлбасын анықтау үшін мәліметтер жинау тәсілінің құрылымдық түрін тартады.

Сауалнама сондай құралдың үлгісі болып табылады; зерттеуші зерттеу сұрақтарына, мәліметтер жинауға мүмкіндік беретін жоба мен сауалнама сұрақтарына жауап беру үшін өзінің нені білуі тиіс екенін анықтап алады.

Сол сияқты шолу сипатындағы зерттеулерде қолданылатын сұхбат түрі – **құрылымдық сұхбатқа** дәл осы мақ-

сатқа арналған көптеген сұрақтар енеді. Біздің ғылыми-зерттеуге арналған мәселелер мен сауалнамалардағы, сұхбат мәтініндегі сауал түрлері бірдей болатыны өкінішті.

Олар әртүрлі болуы тиіс: зерттеу мәселелері сол зерттеу мақсатын көрсетуге арналады; сауалнама болса, зерттеу мәселелерін ашуға көмектесетін бір немесе бірнеше сауалдардан тұруы тиіс.

Бұдан басқа, осы кітапта азырақ құрылымдалған немесе басқа сөзбен айтқанда, көбірек құрылымдалмаған мәліметтер жинау әдістерін көруге болады.

Әсіресе, үшінші бөлімде ғылыми-зерттеу әдістері зерттеу процесінің анағұрлым ашық түрін ерекше көрсету үшін және кейбір нәрселерге шектеу азырақ болуы мақсатында кездеседі.

Қатысушы енгізілген зерттеу және жартылай құрылымдалған сұхбат сияқты зерттеу әдістерін зерттеушілер осылайша, мәліметтерден туатын ұғымдар мен теориялар жөнінде, сұлбалар жайлы сананың ашық болуы тиіс екенін білуі керек.

Бұл жоғарыда айтылған теорияландыру мен тұжырымдауға деген индуктивті тәсіл болып табылады. Мұндай зерттеулер әдетте, бұрынғысынша сұрақтарға жауап беруге бағытталған болса да, 1.1-топтамасында көрсетілгендей, зерттеудің анағұрлым құрылымдалған түрінде туады және олардың зерттеу сұрақтарының көбіне айқындығы аздау болады.

Оны аталмыш сұрақтардың ерекшелігі мен Джонс, Леонтович және Хиггс сияқты зейнетке шыққан аға менеджерлердің зерттеулерінің қорытындысын (2010) салыстыра отырып көруге болады:

Біздің мақсатымыз жоғары басшылықтан ерте зейнетке шығумен байланысты өмір салтының және әлеуметтік рөлдер мен мәннің өзгеруі тәжірибесін зерттеуде еді.

Зерттеу мәселелеріне не кірген: біздің респонденттеріміз іс-әрекеттің жаңа тепе-теңдігін қалай орната алды?

Күнделікті өмірдің жаңа дискурсын құрған респонденттер бар ма?

Респонденттердің зейнеттік демалысқа шығуы өмірдің басқа бөліктерінде жаңа шиеленіс туғыза ма? (Джонс және басқалары. 2010: 105)

Аталмыш сұрақтар жартылай алынып, қазіргі қоғамда «квази-субъект» тұжырымдамасында баяндалды. Соның нәтижесінде белгісіздік жағдайында сүрген өмірлеріне маңыз беру үшін үнемі сәйкестік пен өмірбаяндық әңгімелер жазып, халық өз өмірбаяндарының авторы болады. (Джонс және басқалары, 2010: 104)

Зерттеу мақсатында жиырма шақты зейнеткермен жартылай құрылымдалған сұхбат өткізілді. Сұхбат әңгімені ынталандыру және қатысушыларға зейнетке шығуға жеке есеп беруге мүмкіндік беру үшін жүргізілген (Джонс және басқалары, 2010: 108)

Бұл зерттеу мәселелерінің ашық сипатын бейнелейтін мәліметтер жинауға азырақ құрылымдалған тәсіл. Мәліметтер жинау дегеніміз әдістерді жүзеге асырудың ашық немесе құрылымдалған тәсілдері түрлі амал-тәсілдерін пайдалануға қалай әкеледі.

Барлық мәселелер *сана* дегеннің өзі не деген сауал тудырады. Жақсы зерттеуді қалай жасауға болады және ол жайлы оқығанда, оны қалай білесіз?

Зерттеу сапасын бағалау зерттеу үдерісінің бүкіл кезеңдеріне қатысты, бірақ мәліметтер жинау қарекетінің сапасы міндетті түрде ең басты мәселелердің бірі болады.

Бірнеше тарауда көретініміздей, әлеуметтік зерттеулер маман-практиктері арасында сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жасауға қызығушылар саясатын анықтаушылар үшін маңызды мәселе болмақ. Осы кітап 2001 жылы бірінші жарияланғаннан бері бұл мәселе анағұрлым маңызды болды.

Зерттеу сапасын бағалаудың көбірек айқынырақ болуы үшін бірнеше себеп бар және олардың бірнешеуі келесі тарауларда сөз болады. Дегенмен, тіркеу үшін өз кезіне дейін зерттеудің барлық формаларына қолданылатын сапа өлшемдері сияқты мәселелер бойынша дебаттар туды.

Біз 17-тарауда көретініміздей, мұнда кейбір әдіскерлер арасында «әр істің жеті аспап адамын таңдау» тәсілі талап етіледі: нәтижесінде, әр зерттеу әдісіне сай келетін сапа өлшемдерін қолдану мәселесін ескеру қажет.

Мәліметтерді талдау

Мәліметтер талдауға бірнеше элементтер кіреді. Ең айқын деңгейде жинақталған мәліметтерге статистикалық әдістерді қолдану деп ұғынылады.

Дегенмен, мәліметтердің бәрімен бірдей сандық талдау жасай беруге болмайды, тіпті кейбір мәліметтерге баламалық талдау түрлерін таңдаған лайықты болуы мүмкін. Өйткені кейде дәл сол мәліметтерді талдағанда, басқа нәтиже шығуы мүмкін.

Ең алдымен, бастапқы деректер меңгерілуі тиіс. Бұл зерттеуші айқын кемшіліктердің бар-жоғын анықтап алып, мәліметтерді тексеруі керек. Мысалы, егер Джонс және басқалары (2010) жүргізген ерте зейнетке шыққан басшыларды зерттеу түрін алсақ, сұхбаттың, мысалы, аудиожазбасы кейін транскрипцияланды. Зерттеуші адамдардың жауаптарының мәніне әсер ететін жаңылыс есту қателеріне дайын болуы тиіс. Мәліметтерді транскрипциялауға дайындау зерттеушіге мағыналарды ажырату ісін компьютердің бағдарламалық қамсыздандыру орталығына ұсынуға мүмкіндік береді және осы сияқты бағдарламалар 25-тарауда талқыланады.

Джонс және басқалары зерттеуіне байланысты стенограммалар бағдарламаға енгізілгеннен соң, авторлар **тақырыптық талдау** өткіздік дейді. Бұл олар транскриптердің арасы мен ішіндегі негізгі тақырыптарды алу үшін мәліметтерді қарады деген сөз.

Тақырыптарды сәйкестендірудің негізгі элементтерінің бірі әрқайсысын стенограмма арқылы **кодтау** болды. Осы үлгілердің сапалық мәліметтерін талдағанда, кодтау деп мәліметтерді құрамдас бөліктерге ажыратуды айтады және ол бөліктер өз алдына затбелгілерді анықтайды.

Аналитик содан кейін кодталған **мәтіннің** ішіндегі және арасындағы оқиғалардың, сонымен қатар әртүрлі **кодтар** арасындағы байланыс бірізділігінің қайталамаларын іздейді.

Сөйтіп, бұл үдерісте өте көп жағдайлар болады: мәліметтер меңгеріледі, стенограммалар ықтималдығынан анағұрлым

меңгермелі болады; егер зерттеуші жазбаларды қайта-қайта тыңдай берсе, транскриптілердің кодын ажырату арқылы мәліметтердің мәнін ашады және мәліметтер түсіндіріледі, яғни зерттеуші мәліметтердің мәнін ұғыну үдерісін зерттеу сұрақтарымен байланыстыруға тырысады. Сонымен қатар, зейнетке шығуымен байланысты әдебиетпен және теориялық идеялармен байланыстыра отырып, авторлар аталмыш мәселені айқындау үшін пайдаланады.

Мәліметтерді талдау кезеңі

Мәліметтерді талдау кезеңі – бұл мәліметтерді түбегейлі өңдеу кезеңі: зерттеуші жинаған ақпараттың үлкен ауқымын қысқартумен байланысты.

Егер зерттеуші жинаған мәліметтер санын азайтпаса, мысалы, кестелер жасау бойынша сандық мәліметтер жағдайында немесе сапалық мәліметтер жағдайында орташа, мәтіндік материалды категорияларға топтап, мәселен, тақырып бойынша, онда материалды түсіндіру мүмкін болмайды.

Мәліметтерді талдауда тағы бір ескеретін мәселе – ол бастапқы және екінші мәліметтерді талдауға жүгіне алады. Бастапқы мәліметтерді талдаумен қатар сол мәліметтерді жинауға жауапты зерттеуші немесе зерттеушілер мәселен, Зимдарс және басқалары (2009), Джонс және басқалары (2010) сияқты осы тарауда айтылғандай, бақылау жүргізеді. Мәліметтерге екінші қайтара талдау басқа біреу жасаған талдаумен жүргізіледі.

Қазіргі кезде университеттерде қызмет ететін зерттеушілерге өздері жиі

1.1-кесте (басы)

Ғылыми-зерттеу процесінде кезеңдерді екі талдау салыстыру

Кезең	Кезеңді сипаттау	(Зимдарт және басқалары. 2009) *	Үлгі (Джонс және басқалары. 2010)
Әдебиетке шолу	Қолда бар зерттеулерді қызығушылық феноменіне қатысты және соған сәйкес теориялық идеяларды сыни тұрғыдан қарастыру.	Білімге қол жеткізу және мәдени капиталға ұғымына қатысты әлеуметтік стратификация бойынша әдебиет.	Зейнетке шығу және «квази-субъект» ұғымы екінші заманауилық түсінігіне қатысты әдебиет.
Тұжырым-дамалар мен теориялар	Зерттеу үдерісін меңгеретін идеялар мен алынған нәтижелерді анықтай түсу. Аталмыш нәтижелер идеялардың тууына ықпал етеді.	Академиялық (яғни оқу-білім) жетістіктер; мәдени капитал; әлеуметтік шығу тегі.	Мерзімінен ерте зейнетке шығу; квази-субъект; дискурс; өмір салты.
Ғылыми сұрақтар	Зерттеушінің білгісі келетіні туралы ашық мәлімдейтін сұрақ.	1. Оксфорд талапкерлері өз мәдени қатысуы мен мәдени білімі, ата-аналарының білімі, әлеуметтік табы, жынысы мен этникалық тиімелдігі бойынша қалай ерекшеленеді? 2. Мәдени капитал болуы Оксфордқа қабылданудың алғышарты бола ма? 3. Егер солай болса, аталмыш нәтиже тек біз емтиханға бақылау жасағанда ғана қала ма? 4. Мәдени капитал өнер және гуманитарлық факультеттерге түсу үшін ғылымдарға қарағанда маңыздырақ бола ма? 5. Мәдени капитал қандай дәрежеде әлеуметтік тап, ата-аналар, білім, жеке мектепте оқу, этникалық шығу тегі және жынысы үшін дәнекер бола алады? 6. (Зимдарт және басқалары. 2009: 653)	Біздің респонденттеріміз қандай дәрежеде белсенділіктің жаңа тепе-теңдігін құра алады? Күнделікті өмірдің жаңа дискурстарын құра алған респонденттер бар ма? (Jones және басқалары 2010:105)

1.1-кесте (аяғы)

Ғылыми-зерттеу процесінде кезеңдерді екі талдауға салыстыру

Кезең	Кезеңді сипаттау	(Зимдарс және басқалары. 2009) *	Үлгі (Джонс және басқалары. 2010)
Нақты оқиғалар үлгілерін іріктеу	Зерттеу мәселелеріне қатысты (тап осы жағдайда) нақты оқиғалар үлгілерін тандау.	«Оксфордқа 2002 қабылдау бөліміне британдық біліктілігі бар 1,700 талапкерлердің қайталап таныстырмалы іріктеулер үлгілері» (Зимдарс және басқалары. 2009: 653).	Зейнеттік демалысқа ерте шыққан жиырма адамның үлгісі зейнеткерлері зейнетке шықса да, жұмыс істеп жүрген ұйымдардың мәліметтер базасынан алынды.
Мәліметтер жинау	Үлгілерден мәліметтерді ғылыми-зерттеу сұрақтарына жауап бере алатындай етіп жинау.	Зерттеу сауалнамасы. Әр талапкердің қол жеткізген дәрежесінде алынған мәліметтер. Бұдан басқа, ұстаздардың қабылдау бөлімінен алынған сұхбат мен қабылдау бөліміндегі кездесулердегі байқаулар.	Жартылай құрылымдалған сұхбат
Мәліметтерді талдау	Менеджмент, талдау, мәліметтерді түсіндіру.	Сауалнама мәліметтерін статистикалық талдау.	Сауалнама мәліметтерін тақырыптық талдау.
Жазбаша есеп	Ғылыми-зерттеу жұмысын және оның қорытындыларын тарату	Ғылыми-зерттеу жұмысы докторлық диссертация және мақалалар күйінде жазылған, оның ішінде Зимдарс және басқалары (2009). Зимдарс және басқаларының (2009) Негізгі бөлімдері: • Кіріспе • Іске енгізу • Зерттеу сұрақтары • Мәліметтер мен әдістер • Талқылау • Қосымша	Зерттеу жұмысы мақала түрінде (Jones және басқалары (2010)) жазылған Негізгі бөлімдері: • Кіріспе • Негізгі бөлім • Әдістер • Нәтижелер • Талқылау • Қорытынды

наған мәліметтерін мұрағаттарға енгізу ұсынылады: кейін оларды басқалардың талдауына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік зерттеулерге жұмсалатын уақыт пен қаржыны ескерсек, бұл қисынды іс. Өйткені бұл зерттеу нәтижелерінің құнын өсіру сияқты, екінші талдау жүргізе отырып, зерттеуші өзін қызықтырған мәселеге бастапқы материал жинақтау үшін ауыр және ұзақ үдеріссіз-ақ зерттеу мәселесін анықтай алады.

Екінші талдау жүргізу мәселесі 14-және 24-тарауларда талқыланады. Соған қарамастан, бастапқы мен екінші талдау арасындағы айырмашылық күмәнсіз емес.

14.1-басты тұжырымдамасында мен өзім қатысқан мәліметтерді екінші талдау үлгісін ұсынамын. Мәліметтерді жинауға менің авторластарым екінші рет қатысса да, мен үшін бұл мәліметтерді негізгі талдау болды.

Жазбаша есеп

Егер ақпарат басқаларға таратылмаса, онда ғылыми-зерттеу жұмысының ең жақсы бөлігі мәнсіз, пайдасыз болып қалар еді. Біз зерттеу жұмысын жазбаша есеп арқылы өзіміздің істеген ісімізбен бөлісіп, жеткен нәтижемізбен басқалардың оқып-танысуына мүмкіндік береміз.

Сонымен қатар, жазбаша есеп – бұл әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістері жайлы кітаптың басты бөлігі болуы керек деген сөз емес.


Дегенмен, зерттеуші үшін ақпарат тарату маңызды болғандықтан, жазбаша есептің енгізілуі дұрыс және осы кітаптың соңғы тарауы (29-тарау) сол мәселеге арналған.

Әлеуметтік ғылыми-зерттеулерде жазбаша есепті жүзеге асырудың бірнеше тәсілдері бар және олар зерттеудің түрлі стильдеріне байланысты ерекшеленуі мүмкін. Мысалы, 1.1-тармақтағы зерттеуде көрсетілгендей, зерттеудің анағұрлым құрылымдалған түрлері кейде Джонс және басқалары (2010) ұсынған мақаладағыдай анағұрлым ашық жазылады.

Десек те, барлық дерлік диссертациялардың тезистері мен ғылыми мақалаларға кіретін негізгі бөлімдері бар. Оларға не жатады:

- *Кіріспе.* Мұнда зерттеу саласы мен оның өзектілігі мазмұндалады. Ғылыми-зерттеу мәселесі де осы бөлімде баяндалмақ.
- *Әдебиетке шолу.* Аталмыш ғылым саласында қазіргі күнге дейін не белгілі екенінің нобайы анықталып, сыни тұрғыдан тексеріледі.
- *Ғылыми-зерттеу әдістері.* Мұнда зерттеу әдістері (сынамаларды іріктеу, мәліметтер жинау әдістері) ұсынылады және дәлелденеді.
- *Нәтижелер.* Зерттеу қорытындылары ұсынылады.
- *Талқылау.* Бұған дейін кірістірілген зерттеу мәселелері мен әдебиет мәніне байланысты нәтижелер талқыланады.
- *Қорытынды.* Оқырман үшін ғылыми-зерттеу өзектілігі күшейе түседі.

Аталмыш элементтер анағұрлым егжей-тегжейлі 29-тарауда талқыланады. Олар мейлінше толық тізім болмаса да, конвенция ақырғы жазбаша қорытындылармен айрықшаланады. 1.1-кесте осы тарауда қарастырылған зерттеу үдерісіндегі жеті элементті жинақтайды.



Әлеуметтік ғылыми-зерттеу жұмысындағы ретсіздік

Бір айта кететін маңызды мәселе бұл әлеуметтік ғылыми-зерттеу жұмыстары, зерттеу үдерісі сіздер осы сияқты кітаптарда оқитыныңыздай, жиі жатық, тептегіс болудан алыс екені жөнінде сақтандырғым келеді.

Осы кітаптың мақсаты – зерттеу үдерісіне шолу жасап, зерттеудің қалай жасалуы тиіс екені жөнінде кеңес беру.

Шын мәнінде, зерттеу жалған бастаулар, тұйыққа тірелу жағдайлары, қателер мен зерттеу жоспарын өзгертуге күштеу сияқты қиындықтарға толы.

Қалай болғанда да, кітапта осы сияқты алдын ала болжалмаған жағдайларды қамту мүмкін емес, өйткені олардың көпшілігі бір реттен кездеседі немесе тіпті мүлдем алдын ала болжау мүмкін болмайды.

Біз зерттеудің көп жылдар бойы жазылған зерттеу үдерісі кезінде конфессиялық есептерден ретсізденетінін, тәртіпсізденетінін білеміз (мысалы, донорлар П. Хаммонд 1964; Белл мен Ньюби 1977; Брайман 1988; Таунсенд пен Берджес 2009; Стрейнер мен Сидани 2010)

Егер әлеуметтік зерттеу жұмысы ретсіз болса, кітаптар мен журналдардағы ғылыми-зерттеу есептерін оқығанда, неге ол туралы мағлұмат алмаймыз не байқамаймыз? Әрине, көп жағдайда зерттеу шын мәнісінде тиянақты жүреді және болмашы қиындықтарға қарамастан, жоспар бойынша өтеді.

Дегенмен, мұндай жағдай біз ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептерді оқығанда, зерттеушінің қандай қиындықтарды жеңгеніне қарамастан, атал-

мыш есептер жиі өңделіп, тазартылады. Бұл әлеуметтік зерттеушілер өз есептерін жазғанда, бізді алдайды дегенді білдірмейді. Алайда қорытындылар есебі мен олар қалай алынды деген мәселеге келетін болсақ, олар анық емес шаблондарға сүйеніп, зерттеу үдерісінің кейбір аспектілерін, кейбір аспектілерін айқындайды.

Олар әдетте, есепте ұсынылған нақты қорытындыларды баса көрсету үшін және осы кітаптағы негізгі үдерісті айқындау үшін берілген стандартты әдіснамалық терминологияны қолдану үшін ұсынылды. Аналитикалық есептер әдетте, осыған дейінгі тарауда сипатталған түрлі элементтерді көрсетеді – сәйкес әдебиетте қарастырылады, басты ұғымдар мен теориялар талқыланады, зерттеу мәселелері баяндалады, мәліметтер жинаудың сұрыптамалық жосықтары мен әдістері түсіндіріледі, нәтижелері ұсынылады, талқыға салынады және қорытындысы шығарылады.

Әдеттегідей, зерттеудің құбылмалылығы, берілген үлгіде жоқ. Бұл үдеріс тек әлеуметтік зерттеуге ғана тән емес: 22-тарауда ғалымдардың өз жұмыстарын қалай дайындап, талқылауы ұсынылады және бұл жерде «нәтижелер» шығарудың басты аспектілері жазбаша есепте түсіріледі (Жильберт және Малкей 1984). Сонымен қатар, түрлі амал-тәсілдерге байланысты емес, зерттеу жолынан тайған жағдайлар бұл кітапта сөз болмайды: тек жалпы жағдайлар беріледі. Бұл кітап бүкіл мүмкін жағдайларды қамти алмайды, зерттеу жұмысын жүргізгенде,

сіз сол жалпы жағдайлардың жай-жапсарымен тамаша үйлесе бермейтінін көре аласыз.

Мұндай мүмкіндік жайында хабардар болу маңызды. Жеңіл-желпі ауытқушылықтарды түсіндіру емес, осы кітапта ұсынылған сіздің зерттеу жұмысынан алатын дағдыларыңыз бен түсінігіңізге байланысты кеңестер беру – маңызды. Өздерінің зерттеушілік жоспарларында әлеуметтік зерттеушілер тұйыққа тірелуі мүмкін болса да, алуан түрлі амал-тәсілдердің арқасында ол зерттеудің қалай жүргізілуі және қалай мазмұндалуының онша үлкен маңызы болмайды. Әлбетте, менің мұндай ойды қолдамасым аян.

Көп жыл бұрын мен бірнеше құрылыс жобаларына қатысқан болатынмын.

Қорытындылардағы үнемі кездесетін, құрылыс жобаларын жаңылдыратын тақырыптардың бірі – алдын ала болжай алмайтын ауа райы, басты жеткізілімдердің кенеттен жетпей қалатыны, науқастану, жазатайым оқиғалар, осыған дейін сенімді болып келген қосалқы мердігерлердің жоба басшысын жайсыз жағдайға қалдыруы, клиенттердің өз пікірлерін өзгертуі, денсаулық пен қауіпсіздікті реттеу ережелерінің ке-

неттен өзгеруі, сапаның нашар болуы, жұмыс сапасының нашар болуы, ерте қазу жұмыстарында күтпеген жағдайлардың ұшырауы – осының бәрі тіпті құрылыс жобасы жап-жақсы-ақ жоспарланса да, елеулі үзіліске мәжбүр етуі мүмкін.

Алайда құрылыс принциптері мен құрылысты басқарудан бас тартуға ешқашан ұсыныс білдірілмеген. Осы іспетті принциптерсіз жоба басшылары әрі қарай қалай әрекет жасау керек екенін біле тұра, көп жоғалтады. Дәл осыны ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы да айтуға болады.

Сіз жоспарлағандай болмай шығуы ықтимал нәрселер көп. Таунсенд және Берджесс (2009b) өз коллекцияларының кіріспесінде жазғандарындай, «ғылыми-зерттеу оқиғалары жайлы сіз оқулықтардан оқи алмайсыз», олардың жиған есептеріндегі үнемі кездесетін мәселелерінің екеуі: бейімшілдіктің қажеттігі және табандылықтың қажеттігі. Дегенмен әдіснамалық тұжырымдамалар мен олардың айналасындағы көптеген дебаттар мен даулар туралы білу маңызды: олар келесі жиырма сегіз тарауда баяндалған. Ол тұжырымдамалар әрі қарай жылжудың жол картасы іспетті.



Негізгі ұғымдар

- Әлеуметтік ғылыми-зерттеу және зерттеу әдістері анағұрлым кеңірек контекстуалдық факторларға енгізілген. Олар вакуумда, яғни бос кеңістікте іске асырылмайды ғой.
- Барлық дерлік әлеуметтік ғылыми-зерттеулер тәжірибесіне, ең ақыры, әлеуметтік зерттеулердің едәуір бөлігі барлығына жалпы болып табылатын элементтерді

қамтиды. Оларға не жатады: әдебиетке шолу жасау; концепциялар мен теориялар; зерттеу мәселелері; оқиғалар іріктемесі; мәліметтерді талдау; ғылыми-зерттеу нәтижелерінің жазбаша есебі.

- Аталмыш қадамдарға назар аудару академиялық ғылыми әлеуметтік зерттеулер мен әлеуметтік зерттеулердің басқа түрлерін ажыратады.
- Біз әлеуметтік ғылыми-зерттеулерді жүргізудің жалпы қағидаларын тұжырымдай алсақ та, кей жағдайлардың әрдайым жоспарға сай келе бермейтінін мойындауға тиіспіз.



Қысқаша шолу сұрақтары

«Әлеуметтік ғылыми-зерттеу» нені білдіреді?

- Академиялық әлеуметтік ғылыми-зерттеудің айырмашылығы неде?

Әлеуметтік ғылыми-зерттеулерді неге жасауымыз керек?

- Егер сіз дәл қазір немесе таяу болашақта ғылыми жоба жасаудың алдында тұрсаңыз, онда сіздің назарыңызда не тұруы және неге тұруы мүмкін?

Әлеуметтік ғылыми-зерттеу әдістерінің контексті

- Тарауда әлеуметтік ғылыми-зерттеулер мен әлеуметтік ғылыми-зерттеулер әдістерін жүзеге асыру үшін маңызды қандай негізгі факторлар сөз болады? Қозғалмай қалған факторларды есіңізге түсіре аласыз ба?

Әлеуметтік ғылыми-зерттеулер үдерісінің элементтері

- Ғылыми-зерттеу жүргізгенде, әдебиетке шолу жасаудың маңызы неде?
- Әлеуметтік зерттеулер жүргізуде концептілер мен теориялардың рөлі қандай?
- Зерттеушілерге неге өз ғылыми мәселелерін көрсету ұсынылады? Ғылыми-зерттеудің қандай сұрақтары бар?
- Неге зерттеушілер үлгіге мұқтаж? Бұл неге олардың үлгілер таңдамының негізінде жатқан қағидаларды анықтау үшін маңызды болмақ?
- Зерттеушінің мәліметтер жинау қорын таңдауына ықпал ететін бір немесе екі сұлбасын көрсетіңіз.
- Зимдарс пен авторластары (2009) және Джонс және басқалары (2010) талдап шыққан мәліметтер арасында қандай негізгі айырмашылықтар бар?

- Сіз жүргізген жобаның нәтижелері жөніндегі есепті қалай құрылымдауға болады?

Әлеуметтік ғылыми-зерттеу жұмысындағы ретсіздік жайлы

- Егер ғылыми-зерттеу жұмысы әрдайым жоспар бойынша жүрмесе, әдіснамалық қағидалармен неге әуреленуіміз керек?



Онлайн қор орталығы

<http://www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/>

Әлеуметтік зерттеулер жайлы түсінігіңізді байыта түсу үшін осы кітаптың өне бойын сүйемелдеп жүрген біздің Интернеттің қор орталығына келіңіз. Веб-сілтемелерден кеңес алыңыз, көптен таңдау (multiple choice) сұрақтарының көмегімен өзіңізді тексеріңіз және бұдан әрі қарайғы сілтемелерді алып, зерттеуші студенттің құралдар жинақтамасынан шабыт алыңыз.

2-тарау

Әлеуметтік зерттеу стратегиялары

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	49
Теория және зерттеу	52
Теорияның қандай түрі қолданылады?	52
Дедуктивті және индуктивті теориялар	57
Эпистемологиялық ұғым	62
Жаратылыстану ғылымдарының эпистемологиясы: позитивизм	62
Интерпретевизм	64
Онтологиялық ұғым	70
Объективизм	71
Конструктивизм	71
Әлеуметтік зерттеуге көзқарас	75
Зерттеу стратегиясы: сандық және сапалық зерттеулер	75
Әлеуметтік зерттеулер жүргізуге әсер ететін факторлар	79
Пайымды пікірлер немесе бағалау	81
Тәжірибелік ұғымдар	84
Негізгі ұғымдар	86
Қысқаша шолу сұрақтары	86



Тараудың қысқаша мазмұны

Берілген тараудың негізгі мақсаты – әлеуметтік зерттеулер жүргізгенде, бірнеше ұғымдар қатар қолданылатынын дәлелдеу. Әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізуші практиканттар мен әлеуметтанушылар арасында кеңінен талқыланып жүрген *сандық зерттеу* және *сапалық зерттеу* арасындағы айырмашылық та осы ұғымдармен қатар қарастырылып отыр. Сонымен, осы тарауда қарастырылатындар:

- теория және зерттеу арасындағы байланыс сипаты, соның ішінде зерттеулер теория негізінде жүргізіле ме (*дедуктивті* тәсілдеме ретінде танымал) немесе теория зерттеулер нәтижесінде пайда бола ма (*индуктивті* тәсілдеме ретінде танымал);
- *эпистемологиялық* мәселелер – әлеуметтік өмір жайлы тиісті мағлұмат беретін барлық тиісті сұрақтар; осы мәселеде қарастырылатын аса маңызды аспектілердің бірі – зерттеу үдерісіне арналған жаратылыстану ғылымдары үлгісінің әлеуметтік өмірді зерделеуге жарамды немесе жарамсыз екендігін анықтау;
- *онтологиялық* мәселелер – әлеуметтік өмір әлеуметтік серіктеспен еш байланыспайтын тыс мәселе ме немесе адамдар қалыптастырып бітпеген мәселелер ме деген сауалдарды қарастырады;
- әлеуметтану ғылымдарын *зерттеу стратегиясында* кеңінен қолданылып жүрген екі түрі сандық және сапалық зерттеулер арасындағы айырмашылыққа бұл мәселелердің қандай қатысы бар екендігі; сонымен қатар, әлеуметтік зерттеуде сандық және сапалық зерттеулердің әртүрлі тәсілдерін ұтымды қолдануда мұқият болуымыз жайлы 27-тарауда жалғасын табатын алғашқы талқылаулар қарастырылған;
- әлеуметтік зерттеу үдерістеріндегі бағалаулар, *өлшемдер* мен *тәжірибелік мәселелердің* қолданылу жолдары.

Кіріспе

Бұл кітап – әлеуметтік зерттеулер жайында мағлұматтар жинағы. Әлеуметтік зерттеу қалай жүргізілетіні және одан туындайтын нәтижелері жайлы әлеуметтік ғылымдарды жете ұғынатын ізденушілерге таптырмас құрал. Соңғы жоба әлеуметтік зерттеудің әлеуметтану мәнмәтінінде алар орнын, басқаша айтқанда, осы пән саласында қаралатын

барлық сұрақтарды қамтиды. Әрине, бірден «әңгіменің төркініне көшіп», әлеуметтік зерттеу әдістерінің табиғатын анықтап, қандай әдісті таңдап және оны қалай іс жүзінде жүзеге асыру керектігін жазуымыз оңайырақ болар еді. Және де көптеген оқырмандар тақырыптың атына қарап, осы кітапты әлеуметтік зерттеушілер қорындағы әртүрлі тәсіл-

дердің қолданылу әдістерімен тікелей байланысты деп күтуі де мүмкін.

Алайда әлеуметтік зерттеу жұмысы бір шеңбер аясында жүргізілмейді, ол әлеуметтік ғылымдармен және олардың практиктерінің зияткерлік пікірлерімен тығыз байланыста жүзеге асады. Осы арада өзекті екі пікірге тоқтала кетейік.

Біріншіден, әлеуметтік зерттеу әдістері әлеуметтік болмыс қалай зерттелуі керек деген әртүрлі көзқарастармен тікелей байланысты. Бұл тәсілдерді бейтарап құралдар ретінде ғана қарастырып қоймай, әлеуметтанушылар әлеуметтік болмыстардың сипаттары жайлы әртүрлі көзқарастар арасында байланыс орнатады және оларды қалай зерттеу керектігін қарастырады. Дегенмен бұл көзқарас асыра бағалануы мүмкін. Егер тәсілдер бейтарап ретінде емес және байланысы бар деп қарастырылатын болса, олар зияткерлік дағдылармен толығымен жымдаспайды. Екіншіден, әлеуметтік зерттеу тәсілдері мен тәжірибелік жұмыстар осыншама кең ауқымды әлеуметтік ғылымдар саласымен қалай байланысады деген сұрақ туындайды. Зерттеу нәтижелері тақырыпқа байланысты үнемі жинақталып отыратыны анық. Ал бұл «тақырып» кейде қоғамдағы өзекті мәселемен байланысты болып жатса, ал бірталай жағдайларда теорияға байланысты болып келеді.

Алайда зерттеулер теориялық бағыттардың талаптарына толығымен бағынады деуге болмайды. Кейде «деректерді анықтау» жайында қарапайым мысалдарды кездестіруге болады. Ғалымдар Фэнтон және басқалары (1998), британиялық ақпарат көздерінде жарияланған әлеуметтік зерттеулерге қатысты

сандық мағыналық талдау жүргізді. Олар өз жұмыстарын ұлттық және аймақтық газет-журналдарын оқып, теледидар, радио тыңдай отырып жүзеге асырды. Осы зерттеуді жүргізе отырып, ұсынылған зерттеулердің саны мен түрлерін анықтауды мақсат тұтқандарын айтты. Кей кездері зерттеу тақырыптарында қоғамдағы көкейтесті мәселелерді көтеру орын алып жатады. Мысалы, МакКигани мен Барнард (1996), Глазго қаласында жезөкшелер мен олардың қызметін пайдаланушылар арасында бақылау жүргізіп, сұхбат алу арқылы сапалық талдама жүргізді. Жезөкшелердің АИТВ жұқпалы ауруын таратуы алаңдаушылық туындатып, осы тақырыпта зерттеу жүргізуге ықпал етті (МакКигани мен Барнард 1996: 3). Қолайлы жағдайлар туындап, белгілі тақырыпқа қатысты зерттеулер жүргізілгенде көптеген күтпеген нәтижелер туындап жатады. Шеффилд университетіндегі мекемелік жүйесін қолдай отырып жұмыс атқаратын Шеффилд болат құятын компаниясында шектен шығушылыққа жол беріліп, көптеген жұмысшылар қысқартылды, осылайша жұмыссыздық кең етек алды. Олардың осы шектен шығушылық салдарынан орын алған оқиғада Вестергард және тағы да басқаларының мүддесі (1989) қолайлы жағдайларға қол жеткізген тәрізді. Қызметкерлерді қысқарту оқиғасы орын алғанына бір жыл толғанда, мекеме басшылары қысқартылған азаматтардың хал-ахуалын білу мақсатында зерттеу жүргізуге осы авторларды жалдады. Зерттеу жүргізуші авторлар, қысқарып қалған көптеген қызметкерлерден стандартталған сұхбат алу тәсілімен, **әлеуметтік сауалнама**

зерттеуін жүргізді. Әрине, зерттеушілер жұмыссыздық жайлы теорияларға және бұрын соңды жүргізілген зерттеулер негізіне сүйенгендіктен, зерттеу барысында қысқарып қалу әсеріне арнайы ынта танытылмады. Сонымен қатар, адамның жеке басының тәжірибесі зерттеу жүргізуге түрткі болатын тағы бір себеп. Зукиннің (1982) шатырдағы өмір туралы жазбалары оның Нью-Йорк қаласында шатырда тұрған кездерінен алынғанын мысалға келтіре отырып, Лофтланд және Лофтланд (1995) ғылыми-зерттеу басылымдардың біршама бөлігі зерттеушілердің жеке өмірлерінен алынатынын атап өтті. Бұған тағы бір мысал, О’Рейлидің (2000) Испания елінде Коста-дель-Соль жағалауында тұратын британдық экспатрианттар жайлы жазған ізденіс жұмыстары: бұл жазбада, оның серіктесімен бірге сол

аймаққа көшіп бару арманынан туындап, түбінде армандарын іс жүзіне асырғаны жайлы баяндалады. Хаслам мен Брайман өз әңгімелерінде (1994): «Менің, Диснейдің тақырыптық саябағына деген қызығушылығымды 1991 жылы Флоридадағы Дисней әлеміне барғаныма дейінгі кезімнен көруге болады (Брайман, 1995, 1999), ал бұқаралық ақпарат көздерінде әлеуметтік ғылымдар саласын зерттеуді ұсынуға танытқан қызығушылығымды (ғалымдар Фентон және басқалары, 1998), сөзсіз, баспасөзде кездескен қиындықтармен толықтырдым», – деп баяндады.

Қанша дегенмен, әлеуметтану ғылымдары зерттеулерінде деректер теориялық мәніне байланысты қарастырылғанда, нақтылыққа қол жеткізеді. Осыдан теория мен зерттеу арасындағы өзара байланыстың сипаты жайлы мәселе алға шығады.



Студент тәжірибесінен


Ғылыми-зерттеу жүргізуге қызығушылық танытуға негіз болған дербес тәжірибе

Изабелла Роббинс, өз зерттеу жұмысында жас балаларды вакциналау мәселесі жайлы қабылдайтын шешімдерді қарастырған. Әрине, бұл тақырыптың Изабелла үшін алар орны ерекше болды десе болады. Ол өз жазбаларында былай деген: «Үш баланың анасы ретінде, оларға қатысты жауапкершілік міндеттерін атқаруда біршама күрделі шешімдер қабылдауға мәжбүр болдым. Кемел жастағы студент ретінде, әлеуметтануды оқып-үйрену арқылы өз жан дүниемді таныдым және шешімін таба алмаған бірталай дилеммаларды осы пәннің мән-мәтіндерінде қиыстыра білдім. Маған аса қиындық тудырғаны балаларымды вакциналауға қатысты шешім қабылдау болды».



Изабелланың зерттеу тәжірибесімен толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/



Теория және зерттеу

Теория және зерттеу арасындағы байланыс сипаттамасы ешқашан тікелей қарастырылмайды. Бұл тақырыпта талқылануы тиіс бірнеше маңызды мәселелер бар, дегенмен осы арада екі түрін ерекше ашып қарастырамыз. Біріншіден, теорияның қандай түрі талқыланып жатқанын анықтау керек. Екіншіден, деректердің теорияны тестілеу мақсатында немесе теория құрастыру мақсатында жинақталғаны анықталуы тиіс. Әлеуметтанушылардың жүргізіп отырған зерттеуіне жүйелі түсініктеме беріп, оның аясын анықтап беретіндіктен теорияның маңызы ерекше. Сонымен қатар, теория – әлеуметтік құбылыстарды түсінудің және зерттеу нәтижелерін жете түсіндірудің негізін ұсына алады.

Теорияның қандай түрі қолданылады?

«Теория» термині әртүрлі жолдарда қолданылады, бірақ зерттеуге алынған заңдылығына түсініктеме беруде қолданылуы ерекше орын алған. Мысалы: есалаң ауруына неліктен орта тап өкілдеріне қарағанда, жұмысшы тап өкілдері көбірек шалдығады немесе неліктен жұмыстан қол үзушілік технологияларға байланысты әртүрлі. Бірақ мұндай теориялар әлеуметтік теория курстарының оқу материалдары ретінде қарастырылмайды, себебі мұндай курстарда, әдетте, абстракциялы жоғары деңгейлі теорияларды қамтуға мән беріледі. Мұндай теорияларға мысал болатындар: құрылымдық-функционализм теориясы, **символикалық интеракцио-**

низм, постструктурализм, структурация теориясы және т.б. Осы арада, көбінесе *орта деңгейлі теориялар* (Merton 1967) деп атап кеткен теориялардың алғашқы түрлері мен *маңызды теориялар* деп аталатын абстрактылы және жалпылама қолданылатын теориялар арасындағы айырмашылықты байқаймыз. Мертонның пікірінше, маңызды теорияларға жүгіну – зерттеушілерге эмпириялық мәліметтер жинауды қалай жүргізуге немесе қалай ықпал етуге болатыны жайлы біраз бағыт-бағдар береді. Егер әлдекім теорияны тексеруді немесе осы теориядан тестіленуі әбден мүмкін бір нәтиже шығаруды көздеген болса, бұл пікірдің абстрактылық деңгейі анағұрлым жоғары болып зерттеуші шынайы өмірмен тиісті байланысын табуы өте қиын болар еді. Алайда осы арада бір қарама-қайшылық туындайды. Өте жоғары деңгейлі абстрактылы пікірлердің өзі объективті болмыспен қандай да бір байланыста болуы тиіс: мысалы, Парсонстың «ауыспалы үлгі» және «функционалды қажеттілік» туралы пікірлері оның зерттеу жайлы оқығандары немесе оның оқығандарынан туындаған ойлары немесе басқалардың жазған пікірлерімен байланысты тұжырымдалған болуы керек. Дегенмен, теория тұрғысынан тексерудің абстрактылық деңгейі өте жоғары болуы, оларға зерттеу жұмыстарын кең көлемде жүргізуге кедергі болып отыр. Мертонның айтуынша, әлеуметтік зерттеулерге қатысты маңызды теорияларды қолдану біршама шектелген. Дегенмен, 2.1-зерттеу нысанында келтірілген мысалдан көретініміз – қоғамдық капитал тәрізді абстракты-

лы түсініктің де (Бурдье 1984) зерттеу шарттарында қандай да бір қайтарымды салдары болуы мүмкін екендігі. Есесіне, орта деңгейлі теориялар – «қоғамдық тәртіп пен ұйымның арнайы топтарынан өте алшақ әлеуметтік жүйенің жал-

пы теорияларының аралық буыны және зерделеніп отырған тақырыпқа қарай, жалпылама ұсынылмаған мәліметтерге толық, жинақы сипаттама берілуіне байланысты өзгеріп отырады» (Мертон, 1967: 39).



2.1 Зерттеу нысаны

Маңызды теория және әлеуметтік зерттеу

Батлер мен Робсон (2001) Лондонның кейбір аймақтарын жаңарту үдерісін түсінуге Боурдюдің қоғамдық капитал жайлы тұжырымдамасын қолданды. «Қоғамдық капитал» термині күнделікті қолданысқа енгізілгенде де, әлеуметтік байланыстылыққа және қоғамдық капиталы бар тұлғалардың өздерінің мақсаттарына қол жеткізулері үшін жеке адамдармен байланыс құруына назар аударту үшін Батлер мен Робсон Боурдюдің теориялық мағынасын қолдануды жалғастырды. Олардың пікірінше, әлеуметтік саясат пен басқа да әлеуметтік шеттету салаларындағы зерттеушілердің назарына ілінген соң, бұл терминді орта тап өкілдерімен байланыстыра қолдану өзінің айқындылығын жоғалтты. Боурдюдің баяндауынша, қоғамдық капитал иелері алдымен маңызды әлеуметтік байланыстарды дамытып, содан кейін ғана осы байланыстарды өз мақсаттарына қол жеткізетін қорлар ретінде қолданады. Батлер мен Робсон, Лондонның ішкі үш аймағында осы «жаңартылғандармен» жартылай стандартталған сұхбат жүргізді. Аймақтарды жақсарту үдерісін біртұтас қарастыра отырып, авторлар осы үш аймақтың тұрғындарынан үдеріс «кұбылмалылығына» нені жатқызатындарын анықтады. Зерттеу барысында орын алған өзгерістерді анықтау мақсатында мына екі фактор таңдалып алынды: аймақтарды жақсартуға кеткен уақыт бөлігі және осы әрбір аймақта орналасқан орта таптық өкілдер тобы. Қажетті факторларға қолдануға және аймақтар арасында таңдау жүргізуге **халық санағы** деректері қолайлық туғызды. Және қоғамдық капитал тұрғысынан алғанда, Телеграф Хил аймағы ең мықтысы екені анықталды. Авторлардың пікірінше, мұның себебі, аймақтың «еркін ынтымақтастық құруға үлкен ниет танытуымен және географиялық тұрғыдан одақ құруға бейімді болуында» (Батлер және Робсон, 2001: 2159). Бұл Телеграф Хил аймағын жақсарту үдерісінің жемісті атқарылуын қамтамасыз ететін қоғамдық жүйелер қоры. Боурдюдің айтуынша, таңдап алынған басқа екі аймақтың бірі Баттерси, аймақтың жақсаруына қарама-қайшы стимул танытқан. Телеграф Хил аймағы үшін қоғамдық капитал өте маңызды рөл атқарған болса, бұл аймақтың жақсаруына экономикалық капитал маңызды ықпал еткен. Баттерсидағы экономикалық капиталдың рөлін мына бағыттарда бірден байқауға болады: «еліктіре қызықтыратын, қымбат тұрғын үйлердің қорына қол жеткізуде бәсекелесу және ерекше оқу тәсілімен дербес оқуды ұсыну мүмкіндіктерінің болуы» (Батлер және Робсон, 2001: 2159). Біріншісінде, қоғам – аймақты жақсартуға түрткі болған болса, Баттерсидің аймағын жақсарту нарықтың күшімен және ішінара қоғамдық байланыстылықпен жүргізілді. Бұл зерттеу, заманауи қалалық өмірдің серпіндеріне қатысты зерттеулердің мәселелерін анықтауда әлеуметтік капитал мен оған ұқсас ұғым экономикалық капиталдың біршама жоғары деңгейлі теориялық ойы әлеуметтік теориямен байланысына қызықты мысал бола алады.

Сонымен, әлеуметтік зерттеулерді жүргізуге көшбасшы болатын маңызды теориялар емес екенін білдік. Оған қарағанда, орта деңгейлі теориялар эмпириялық сұранысқа көп ие болатын сияқты. Іс жүзінде, Мертон, теория (маңызды теория туралы) мен эмпириялық нәтиже арасындағы терең тұңғышқа көпір ретінде пікірін тұжырымдады. Бірақ бұл Мертон осы пікірді жазар алдында орта деңгейлі теория болмады дегенді білдірмейді. Әрине, ондай теориялар болған, дегенмен Мертон әлеуметтанушылар теория мен зерттеулер арасындағы байланысты жазғанда қолданылатын «теорияны» түсіндіруді көздеді.

Орта деңгейлі теориялар маңызды теорияларға қарағанда, қай салада болмасын, мысалы, жасөспірімдер қылмысы, нәсілдік сенім, білім деңгейі немесе еңбек барысы тәрізді салаларда қолданыс аясы шектеулі және осы қолданыс аясы-

на қарай өзгеріп отырады (2.2-зерттеу нысанын қараңыз). Мысалы, нормадан ауытқу әлеуметтануында таңбалау теориясын қолдану осы орта деңгейлі теориядан келіп шығады. Оның нұсқалары қоғамның ауытқуға деген реакциясына себеп және салдар тұрғысынан түсінуге қолданылды. Сонымен қатар, ауытқудың басқа да түрлерінде, соның ішінде қылмыстық және психологиялық ауру ауытқуларында да қолданылды. Осыған қарама-қайшы, Клоуард және Охлин (1960) жасөспірімдер қылмысымен тікелей байланысты дифференциалды қауымдастық теориясын дәлелдеп шықты. Кейінгі жылдары қолданыста жүрген – осы теория. Осылайша, орта деңгейлі теориялар маңызды теориялар мен эмпириялық нәтижелер арасында орын алып отыр. Олар әлеуметтік өмірдің шектелген аспектілерін түсіну мен түсініктеме беруде қолданылады.



2.2 Зерттеу нысаны

Еңбек үдерісі теориясы: орта деңгейлі теория

Еңбек үдерісі теориясы еңбек әлеуметтануында орта деңгейлі теория ретінде қаралады. Еңбек және Монополия капиталы басылымы (Брейвермен, 1974) еңбек үдерісі жайлы ойлар мен зерттеулер ағынына жол салды, әсіресе, қол еңбегі жұмысшыларын басқаруда және қол еңбегі мамандығын жоюда үздіксіз беталыстың алға басуы жайлы толассыз пікірлер айтылып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыстың басым бөлігі Еңбек үдерісі теориясы ретінде басылып шықты (Найтс және Виллмот, 1990). П. Томпсонның түсіндіруінше (1989), бұл теория төрт элементтен тұрады: еңбек үдерісі үстемге құн тудыратыны туралы қағида; өндіріс үдерістерін жүргізу үшін ұдайы капиталистік кәсіпкерлікті қажетсіну; еңбекті бақылауға алуға ынталану; капитал мен еңбек арасындағы елеулі шиеленіс. Еңбек үдерісі теориясы маңызды эмпириялық зерттеуге жол ашты деуге болады (мысалы, Найтс және басқалары, 1985).

Маңызды-орта деңгейлі теориялар айырмашылықтарының өзі «теория дегеніміз не?» деген қарапайым сұраққа енгізілген мәселелерге түбегейлі жауап бере алмайды. Бұның себебі – «тео-

рия» терминінің мәні әлеуметтік зерттеулердің белгілі бір аясындағы түпнұсқа әдебиеттерінде қолданылған мәнінен көп маңызды болуы. Белгілі бір дәрежеде осы пунктті жоғарыда жазылған бөлім-

дердің анықтау жаттығуы ретінде көрсетуге болады. Ғалымдар Фэнтон және басқаларының (1998) әлеуметтік зерттеулердің бұқаралақ ақпарат көздерінде ұсынылуына жүргізген талдауы АҚШ-та осыған ұқсас жасалған талдаулар аясынан және бірнеше елдердің БАҚ көздерінде жарияланған жаратылыстану ғылымдары зерттеулерінің түсінігін зерделеуден алынған. Көптеген

жағдайларда тақырыпқа байланысты түпнұсқа әдебиет тиісті мақалаға немесе кітапқа назар аудартып, 2.3-тарауында мысал келтірілген зерттеуде көрсетілгендей, теорияның баламасы ретінде қолданылады. Кей салаларда тақырыптық әдебиет сұранысқа демеуші ретінде ықпал ете отырып, зерттеушіні бірнеше жолдармен ынталандыра түседі: зерттеуші әртүрлі дәйектер арасындағы



2.3 Зерттеу нысаны

Түпнұсқа әдебиеттің теория ретінде қолданылуы: эмоциялық жұмыс түрлері және стильдік шаштараздар оқиғасы

Р. С. Коэнның (2010) стильдік шаштараздардың өз тұтынушыларымен қарым-қатынастарын зерттеуде аралас тәсілдерді қолдана отырып, зерттеуінің бір бөлімін Англияның солтүстік қалаларындағы барлық шаштараздар мен салондарда **пошталық сауалнама** арқылы жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан 328 кәсіпорынның 40%-ы сауалнама сұрақтарына жауап берді. Зерттеудің мақсаты, қызмет көрсететін шаштараздың ақылы жұмысшы немесе салон иегері болуына байланысты тұтынушыларға танытатын эмоциялық қатынас игілігін анықтау болды. Зерттеудің нәтижелері, салон иегерлері тұтынушылары үшін қолайлы уақыт тауып, тіптен кеш уақытқа дейін кідіруге және тіркеліп қойған тұтынушылар арасынан уақыт үнемдеп, басқаларын қабылдауға даяр екенін көрсетті.

Хохшильд (1983) өз кітабында алғаш рет «эмоциялық қызмет» терминін қолданып, Коэнның зерттеу жұмысының бастапқы кезеңдерінен-ақ қолданылған осы ұғыммен байланысты көптеген зерттеулерін енгізді. Бұл жұмыстың маңыздылығын Коэнның қысқаша жазған екі ауыз сөзінен көруге болады:

«Хохшильд алғаш болып интерактивті қызмет атқаратын қызметшілерге өздерінің жұмысы барысында эмоцияларын білдіре отырып, қызмет көрсетуді ұсынғаннан бері, бұл пікір кеңінен қолданысқа енгізілді. Алайда жұмыспен қамтамасыз етудің құрылымдық қатынастарына қарағанда, эмоциялық қызмет қатынасы және тұтынушы-жұмысшы арасындағы әлеуметтік өзара қатынас өте аз ықыласқа ие болды (Р. С. Коэн, 2010: 197)».

Осылайша, эмоциялық қызмет туралы әдебиет – зерттеудің алғышарттарын қалыптастырып, нәтижелерге түсініктеме беруде маңызды рөл атқарады. Мұндағы бірталай нәтижелер кейбір салон иелері мен жұмысшылары арасында жүргізілген жартылай стандартталған сұхбаттың сапа көрсеткіштерінен туындаған. Жұмысшыларға тұтынушылармен өзара қатынастар құру, Хохшильд (1983) айтқандай «шалағай әрекет» қалпына еніп кеткен тәрізді, яғни тұтынушыға қатысты эмоциялық қызмет пен эмоциялық әрекеттің үстірт қалпы.

немесе дәйектердің әртүрлі талдаулары арасындағы сәйкессіздікті байқап, оны зерттеуді қолға алуды ойнауы мүмкін; зерттеуші тақырыптың еленбей қалған қырын ұшыратуы мүмкін; кейбір пікірлер бұрын жеткілікті зерттелмеген болуы ықтимал; зерттеуші, тақырыпты зерттеуге арналған қолда бар зерттеулер жеткіліксіз екенін сезіп, баламалы түрлерін ұсынуы мүмкін және т.б.

Кейде әлеуметтанушылар маңызды немесе орта деңгейлі теорияға нақты байланысы айқындалмаған зерттеулерді елемейді. Мұндай зерттеулер, көбіне, аңғырт **эмпиризм** ретінде қала береді (2.1-негізгі ұғымдар). Авторлардың

теорияға жеткілікті мән бермей, басылымдарды теория стратегиясы ретінде қолданған көптеген зерттеулерін аңғырт эмпиризмге жатқызу, нақты айтпасақ та, жағымсыз болар еді. Мұндай зерттеу әдебиет сауалынан туындайтын зерттеу мәселелеріне тікелей байланысты жүргізіледі. Деректерді жинау және талдау, бастапқыда таңдап алынған зерттеу тақырыбын баяндау немесе ашып түсіндіруге байланысты бейімделеді. Әдебиетті теорияның сенімді өкілі ретінде қолданамыз және әдебиетте теория көптеген жағдайларда жасырын немесе жанама түрде көрсетіледі.



2.1 Негізгі ұғымдар

Эмпиризм дегеніміз не?

«Эмпиризм» термині көптеген жолдармен қолданылған, дегенмен екі мағынасы ерекше атап көрсетіледі. Біріншіден, болмысты зерттеуде ортақ тәсілді анықтауда қолданылады, бұл өз кезегінде тәжірибе мен сезіне білу негізінде алынған білім ғана жарамды екенін білдіреді. Басқаша айтқанда, толыққанды білім ретінде ұсынар алдында, пікірлер қатаң тексеруден немесе тәжірибеден өткізілуі керек дегенді білдіреді. Терминнің екінші мағынасы да осы пікірмен байланысады және «деректерді» жинақтау өз алдына жеке заңды құбылыс екенін білдіреді. Дәл осы екінші мағынасы кей жағдайларда «аңғал эмпиризм» деп көрсетіледі.

Шындығында да, деректі анықтауды жүзеге асыратын сипаттары бар зерттеу жұмысын уақытынан бұрын аңғал эмпиризмге жатқызып, тоқтатып тастауға болмайды. Маккегэни мен Барнардтың (1996) жезөкшелер мен олардың қызметін пайдаланушылар арасында жүргізген зерттеу – осыған дәлел. Бір қарағанда, АИТВ жұқтыру мәселесін алып тастайтын болса, бұл зерттеу тақырыбын аңғал эмпиризмге жатқызып және

мысқылға айналдырып жіберері әбден мүмкін. Олай болған жағдайда, бұл тағы да қатаң әрі жағымсыз пайымдау болар еді. Олар басқа көптеген елдердің жезөкшелер арасында жүргізілген зерттеу жазбаларынан мысал келтіре отырып, әдебиеттерді қарастырып, өз зерттеулерінің нәтижелерімен байланыстырды. Және әлеуметтанушылардың тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген маңызды пікірлерге сүйене оты-

рып өз нәтижелерін жария етті. Аңғал эмпиризмге келер тағы бір мысал, ол Гоффменнің (1963) «таңба» ұғымы және осы «таңба тағылған» немесе қандай да бір атаққа ілінген адамның осы таңбадан немесе атақтан арылу жолдарын іздеуі; екінші мысал, ол Хоршильдтің (1983) «эмоциялық қызмет» ұғымы – ол бұл терминді әуежай компанияларында жұмыс істейтін жолсерік қызметкерлерінің жұмыс талаптарына сай жағымды эмоциялар танытып, ілтипат білдіру жолдарын көрсетуілеріне қатысты қолданды. «Эилциялық қызмет» көрсете отырып, жолсерік қызметкерлері жолаушыларға, кейде аса күрделі жағдай тудыратын жолаушыларға нақышына келтіріп, жылы ықылас танытады (2.3-зерттеу нысанымен танысыңыз).

Маккегэни мен Барнардтың (1996) баяндамасына қарап, таңба немесе эмоциялық қызмет ұғымдарының олардың зерттеулеріне деректер жинауға әсер етіп немесе етпегенін айту қиын. Дегенмен, бұл сұрақты талдауға ұсыну басқа бір мәселені ортаға шығарады: зерттеудің қандай да бір бөлігі теориямен байланысты болғандықтан, сол теорияның зерттеуде алған рөлі қандай болды? Осы жерге дейін, мен теорияны деректерді жинау және сараптауға ықпал ететін бағыттаушы және ықпал етуші ретінде жазуға тырыстым. Басқаша айтқанда, зерттеу теориялық ұғым тұрғысынан құралған сұрақтарға жауап беру мақсатында жүргізілді. Баламалы нұсқа ретінде, теорияны жобаға қатысты жартылай немесе толық жиналған және сарапталған деректер нәтижесінде пайда болуын қарастыруға болады. Осы

арада теория мен зерттеу арасындағы байланысқа қатысты екінші фактордың – индуктивті немесе дедуктивті теорияның – маңызын байқаймыз.

Дедуктивті және индуктивті теориялар

Дедуктивті теория, теория мен әлеуметтік зерттеулер арасындағы байланыстың ең қарапайым түрі. Зерттеуші, жеке бір сала жайлы айқын мәліметтер мен осы салаға байланысты теориялық ұғымдар негізінде гипотезаны (ларды) анықтайды, өз кезегінде гипотезалар эмпириялық зерттеуден өтілуі талап етіледі. Гипотезаны зерттеу барысында, зерттеу шарттарына бейімделген жаңа ұғымдар пайда болады. Әлеуметтанушы гипотезаны асқан шебелікпен дәлелдеп, оны қолданысқа енгізе білуі тиіс. Демек, гипотезаны анықтау үшін әлеуметтанушы осы ұғымдарға байланысты деректерді жинақтау тәсілін алдын ала анықтауы тиіс.

Зерттеулерге қатысты теорияның осы рөлі, Мертон орта деңгейлі теория жайлы өз пікірінде «әлеуметтану ғылымдарында, көбіне, эмпириялық талаптарды туындату үшін қолданылады» деп анықтаған рөлімен өте ұқсас (Мертон, 1967: 39). Осыдан келіп шығатын теория мен гипотеза деректерді жинақтауға бірінші болып қолайлы жағдай туғызады (теория мен деректер арасындағы қатынасқа дедуктивті тәсіл қолдану жайлы берілген 2.4-зерттеу нысанымен танысыңыз). Жүйелілігін 2.1-сызбасында жалпылама көрсетілген қадамдарға ұқсас сипаттап көрсетуге болады.

2.1-сызба



Соңғы қадам: **дедукцияға** қарсы бағытта жүргізілетін **индукцияны** іске қосады, зерттеуші осы зерттеуді жүргізуге себеп болған деректер жинағын енгізіп, ары қарай теорияға айналдыруға ұсынады. Бұл нәтижелер теорияға айналып және зерттеу нәтижелері бірталай салалардың талаптарына сай қолданыс халіне келтіріліп, кері қайтарылады. Мұндай нәтижені Батлер мен Робсонның Лондонның үш аймағында жүргізген (2001–2.1-зерттеу нысанымен танысыңыз) зерттеу нәтижелерінің соңғы тұжырымдамаларынан көруге болады:

«Осы үш топтың әрқайсысы өз басымдылықтарын қолданды. Қарастырылып отырған аймақты жақсарту қай жағынан алса да, біртұтас құбылыс ретінде қарастырыла алмайды және әрбір жағдайда өз қисыны мен нәтижелеріне орай зерттеу жүргізуді қажет етеді. Әлеуметтік капитал ұғымы орта тап өкілдерінің негізгі қатынастарының барлық түрлерін жете ұғынудың құрамдас бөлігі ретінде қолданылғанда, әртүрлі әлеуметтік құбылыстар арасында кемсітушілікке қатысты маңызды рөл атқаруы мүмкін (Батлер және Робсон 2001: 2160)».

Осы қорытынды тұжырымдамаларында, олар өздерінің нәтижелері мен осы нәтижелердің талдаулары, сонымен қатар әлеуметтік капитал ұғымы мен осы ұғымның қолданысқа енгізілуі қалаларда аймақтарды жақсартуға қатысты ғылым-білім өрісінде қалай қолданылғанын көрсетті.

Алайда белгіленген тәсілде міндетті түрде индукциялық бөлшек болса да, әдетте, дедуктивті бағыт басым болып келеді. Сонымен қатар, әдетте сандық зерттеумен байланыста болатын дедуктивті тәсіл қолданылғанда, үдерістердің шынайы реттілігі жоғарыда көрсетілген түрінде сақталмайтынын ескерген жөн. Алдыңғы жазылғандарда атап өткеніміздей, әдебиетке қарағанда кітаптар мен мақалалардан жинақталатын «теорияның» алар орны маңыздырақ болуы мүмкін. Сонымен қатар, теория немесе теорияларды бірден анықтау мүмкін болса да, анық гипотездер Келли мен Де Графтың (1997) 2.4-тақырыбында мы-

сал келтірілген зерттеу нысаны түрінде анықталмайды. Жадыңызда ұстайтын тағы бір пункт – дедуктивті үдеріс жүйелілікті сақтайды, демек әр қадам анық логикалық жүйелілікпен бірінен соң бірі келеді. Алайда бұл жүйеге бағынбайтын

тұстары да бар: зерттеуші жинақталған деректер негізінде теорияға немесе әдебиетке деген көзқарасын өзгертуі мүмкін; зерттеуші өз нәтижелерін жариялағанға дейін, басқа біреулер жасаған зерттеулерінің жаңа теориялық



2.4 Зерттеу нысаны

Дедуктивті зерттеу

Келли және Де Грааф (1997) жүргізген бірталай зерттеу жұмыстары адамның діни сенімдеріне оның қасында жүрген ата-анасы, мектептегі немесе айналасындағы басқа достарының да әсер ететінін көрсеткенін айта келе, адамның туылған мемлекетінің де мәдени фактор ретінде алар орны маңызды екеніне дәлел келтіріп отыр. Олар осы көзқарастар негізінде туындаған «теорияны» құрастырды және сол теорияға сүйене отырып зерттеулер жүргізіп, осылайша гипотеза тұжырымдап шығарды: діни сенімді қатты ұстанатын мемлекет азаматтары, олардың ортодокс діндегі отандастарымен салыстырғанда, зайырлы мемлекеттің адамдарынан да көбірек ортодокстық көзқарасты қабылдайды (Келли және Де Грааф, 1997: 641). Бұл гипотезада әрқайсысы жеке анықталуы тиіс екі маңызды ұғым бар: ұлттық діндарлық (діндар немесе зайырлы болсын) және ортодокстық жеке діндарлық. Авторлардың пікірінше, жеке адамның жанұясының діни көзқарасы (діндар немесе зайырлы болсын) ұлттық діндарлық пен ортодокстық діндарлық арасындағы қатынас салдарына әсер етеді.

Гипотеза тұжырымдамасын тексеру мақсатында, көптеген мысалдарға сүйене отырып, он бес ел арасында қайтадан зерттеулер жүргізілді. Ұлыбританиялық оқырмандар үшін, британиялық және солтүстік ирландиялық (және Ирландия мемлекеті) мәліметтердің 1991 жылғы британиялық әлеуметтік бағдарлар сараптамасынан алынғанын айта кеткеніміз жөн (Джоуел және басқалары 1992). Ортодокстық діндарлық діни сенімге байланысты төрт сараптамалық сауал бойынша қарастырылды: бірінші сұрақ – адамның Жаратушыға сеніп немесе сенбейтіні жайлы; екінші сұрақ – адамның өткен шағындағы Жаратушыға сенімі жайлы; үшінші сұрақ – адам өзін Жаратушыға қаншалықты жақын сезінетіні жайлы; ал төртінші сұрақ – Жаратушының әр адамның қамын ойлайтынын сезініп немесе сезінбейтіні жайлы сауалдар болды. Мемлекеттің діндарлығын анықтау үшін осы он бес мемлекет діндар немесе зайырлы болуына байланысты әртүрлі бес дәрежеге бөлініп алынды. Бұл дәрежелер «ата-аналарының шіркеуге баруларының орта шамасы және бүтін бір мемлекеттің діни сеніміне орай» бөлінді (Келли және Де Граф, 1997: 647). Бір жанұяның діндарлығын сол жанұядағы ата-ананың шіркеуге бару жиілігін бес түрге бөле отырып анықтады. Осы жүргізілген зерттеуге орай, гипотеза толығымен дәлелденіп, авторлар «мемлекеттегі діндарлық орта оның азаматтарының сенімдеріне үлкен ықпал етеді» деген қорытындыға келді (Келли және Де Граф, 1997: 654). Осы теорияға негіз болған діндарлықтағы халықаралық ерекшеліктер жайлы кейбір нәтижелер кейінірек атап көрсетіледі.

Осы жүргізілген зерттеу қолда бар теориядан гипотезалар шығару үдерісіне мысал бола алады. Осылайша гипотезалар деректер жинақтау ісін тексеруден өткізе отырып, ары қарай басшылыққа алынады.


тұжырымдары мен нәтижелерін жария етуі мүмкін; немесе деректер жинақтарының теорияға қатысы деректер жинақталып біткенде, бірден анық байқалуы ықтимал.

Осының бәрі біраз таңғаларлық және шиеленіскен болып көрінуі мүмкін. Теорияны анықтап, содан кейін дәлелдеуге ұсыну пікірінің қисыны бар. Біз бірден теориялардың анықтаушы, түсіндіруші қасиеті жайлы ойлаймыз, алайда оларды жарамды және тиімді деп қолданысқа енгізуден бұрын міндетті түрде тексеру керек. Дедукция үдерісі дәл 2.1-сызбада көрсетілгендей жүзеге асатын болса, бұл үдерісті теория мен зерттеу арасындағы байланыстың ортақ нұсқасы деп қарастырған жөн. Ортақ нұсқа болғандықтан, оның ауқымды контуры әлеуметтану зерттеулерінде жиі кездесуі мүмкін, сондықтан үдерістерде ауытқулар кездесіп отырады. Алайда кейбір зерттеулерде 2.1-сызбада көрсетілген реттілік тіптен сақталмайды, себебі бірталай зерттеушілер өз жұмыстарында теория мен зерттеу арасындағы байланысты индуктивті тәсілмен қарастырады. Индуктивті ұстаным бойынша – теория зерттеулердің нәтижесі. Басқаша айтқанда, индукция үдерісі бақылаулар қорытындысының жалпылама сипаттамасын қамтиды. 2.2-сызбада индуктивизм мен дедуктивизм арасындағы айырмашылық мәнісін көрсетуге тырыстық.

Дегенмен, дедукция үдерісі индукция элементін қоса қамтитындықтан, индукция да өз кезегінде дедукцияның кішігірім бір бөлігін қамтиды. Теориялық қорытындылар бойынша бірқатар деректер жинақталғанда, зерттеуші осы теорияның қолданып немесе қолданбайтын бағыты жайлы ары қарай мағлұматтар жинауға да ниет білдіруі мүмкін.

Мұндай жалпылама стратегия көбіне қайталамалы деп аталады: бұл теория мен зерттеуді алдына және соңына қойып алмастырып қолданылады. Бұл 24-тарауда талқыланатын **дәлелді теорияда** айрықша көрсетілген. Алайда осы оқығандардың негізінде, индукцияның теория мен зерттеу байланысына баламалы үлгіні ұсынатынын атап өткен дұрыс, бірақ бұл үлгіде дедукция элементі де бар болады.

2.2-сызба



Теория мен зерттеу арасындағы байланыстың дедуктивті тәсілінде «теорияны» қолданғанымыздай, индуктивті стратегиялық мәтінде терминді қолдануға абай болуымыз керек. Кейбір зерттеушілер теорияларды еш күмәнсіз жетілдіргенде, олардың қорытындысы Мертон (1967) жазған эмпириялық жалпылама түрінен біраз басқаша болуы мүмкін екенін білген дұрыс. 2.5-тақырыбының зерттеу нысанындағы созыл-

малы ауруға шалдыққан ер адамдардың арасынан олардың өмірге қабілеттік механизмін қалай анықтайтыны жайлы сұхбат нәтижесі теорияға негіз болғандықтан, индуктивті зерттеуге жатқызуға болады. Шын мәнісінде, автордың (Чармэз 1997) осы арада қолданып отырған аналитикалық стратегиясы дәлелді теория болып табылады, сол себепті, көптеген маңызды индуктивті зерттеулердің осы тәсіл бойынша жүргізілуі орынды (келесі тараулардағы Штраус және Корбине (1997) мысалы-

мен танысыңыз, ол жерде Чармэздің жұмысы мысалға келтірілген).

Чармэздің (1997) жүргізген зерттеуі – индуктивті тәсілге жататын керемет бір мысал. Әсіресе, екі пунктін ерекше атап өтуге болады. Алдымен, осыдан бұрын айтып өткеніміздей, деректерді сараптауда және теорияның қалыптасуында дәлелді теория тәсілі қолданылды. Алғашында Глэзер мен Штрау (1967) жоспарлап көрсеткен осы тәсіл, деректерді теорияға айналдыруда мықты және көп қолданылатын тәсіл



2.5 Зерттеу нысаны

Индуктивті зерттеу

Чармэз (1991, 1997) созылмалы ауруға шалдыққан адамдардың тәжірибе аспектілеріне қатысты зерттеу жүргізді. Зерттеу кезеңінің бір бөлімі осы ауруға шалдыққан тек қана ер адамдарды зерттеумен байланысты болды және ол өзінің бір баяндамасында (Чармэз 1997) созылмалы ауруға шалдыққан жиырма ер адам арасында жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесі жайлы айтып өтті. Зерттеу барысында ол деректерді көбіне жартылай стандартталған сұхбат жүргізу арқылы жинаған. Ер адамдардың жауаптарының айқындығын растау үшін, ол сонымен қатар осы ауруға шалдыққан әйел адамдар арасында да сұхбат жүргізіп, алынған жауаптарды салыстырды. Ол ер адамдардың жауаптарында олар үшін өзін-өзі қорғау стратегиясы маңызды орын алатынын байқағанына дәлел келтірді. Алайда созылмалы ауруға шалдыққан адамның өмірі үнемі өзгерістер енгізіп отыруды талап етеді, бұл өз кезегінде адамның жеке қасиеттерін, дағдыларын өзгертуге себеп болары сөзсіз. Дегенмен, ер адамдар «өз өткендеріндегі елеулі қасиеттеріне, ерекшеліктеріне сүйене отырып, өз сана-сезімдерін сақтап қалуға барын салған» (Чармэз 1997: 49). Керісінше, әйел адамдар жеке қасиеттерін сақтап қалуды ойламайтын және өзін-өзі қорғау стратегиясына тәуелсіз болып шықты. Ол өз нәтижелерінің теориялық тұжырымдамасын сауалдарға жауап берген ер адамдардың пікірімен байланыстырды. Оның өзін-өзі қорғау пікіріне екпін жасауы, созылмалы ауруға шалдыққан ер адамның «позитивті жеке өміріне оралу немесе жабығып, сарыуайымға түсу» факторларын анықтауға мүмкіндік туғызады (Чармэз 1997: 57). Егер өткенін сезінуге мүмкіндік беретін істерін болашақта жалғастыра алмайтын болса (мысалы, жұмысын жалғастыру), олардың сарыуайымға салыну қаупі басымдырақ болған.

Осы зерттеуде теория мен зерттеу арасындағы индуктивтік сипат, Чармэздің теориялық пікірлері (мысалы, «өзін-өзі қорғау» ұғымы) оның жинаған деректерінен туындағанын көреміз, ал деректер жинақталмай тұрып, мұндай пікірлері болмаған.

деп бағаланады. Алайда қызықты және ақпаратты нәтижелер қалыптастыратын, бірақ теориялық мағынасы толық анықталмаған шамамен индуктивті зерттеулерге келетін көптеген зерттеулердің сипаттарына қарама-қайшы. Олар шексіз эмпириялық жалпылама қорытынды бергенімен, теориясы аз. Екіншіден, дедуктивті стратегияның сандық зерттеу тәсілімен байланысы болса, теория мен деректерді байланыстырудағы индуктивті стратегия да, әдетте, сапалық зерттеу тәсілімен байланысты. Кең ауқымды, жартылай стандартталған сұхбат жүргізуге негізделген 2.5-тарауындағы Чармзз (1997) зерттеуінде оған қатысушылардың сұрақтарға жауап беруі арқылы сапалық деректер жинақтауы кездейсоқтық емес. Дегенмен, төменде айтып өтетініміздей, сапалық зерттеумен

байланысты индуктивті стратегияның сипатын қарапайым деуге келмейді: кей жағдайларда қаншалықты сапалық зерттеу болса да, нәтижеде ешқандай теорияны қалыптастырмайды, сонымен қатар, сапалық зерттеулерде кейде теория тек қана реңк беру үшін ғана қолданылады.

Теория мен зерттеу арасындағы байланысты дедуктивті және индуктивті стратегиялар көзқарасын ескере отырып шамалау өте тиімді. Дегенмен, жоғарыда атап өткендерімізден байқайтынымыз, мәселелер бір көзге көрінгендей оңай бола бермейді. Көптеген жағдайларда, дедуктивті және индуктивті стратегияларды бұлжымайтын сипат дегеннен гөрі, үрдіс деп қарастыру біршама қолайлы болуы мүмкін. Өкінішке орай, бұл әлеуметтік зерттеулерде кездесетін бірден-бір кедергі емес.



Эпистемологиялық ұғым

Эпистемологиялық мәселелер пән бойынша қандай білім қамтылады (қамтылуы тиіс) деген сұрақтарды қарастырады. Осы тақырыпта қарастырылатын сұрақ: әлеуметтік өмір жаратылыстану ғылымдарында қолданылатын қағидалар, тәртіптер мен жосықтар бойынша оқытылуы мүмкін бе және оқытылуы тиіс пе? Позитивизм атымен белгілі эпистемологиялық қағидамен тұрақты байланыста болуы осы жаратылыстану ғылымдарын оқыту жолын ұстаудың маңыздылығына дәлел болып табылады (2.2-негізгі ұғымдарын қараңыз).

Жаратылыстану ғылымдарының эпистемологиясы: позитивизм

Позитивизмнің ғылыми теориясын айқын белгілеу және жалпылама түсінік беру өте қиын, себебі бұл ұғымды әрбір автор өзінше қолданады. Кейбір әлеуметтанушылар үшін бұл ұғым – сипаттама категориясына жатады және зерттеуде танып-білінетін философиялық жағдай, алайда бұл категорияға не жататыны жайлы әлі де әртүрлі көзқарастар бар; тағы бір басқалары үшін бұл ұғым – кемсіту сөзі, өңделмеген және көбіне

аттамалы деректер жинағын суреттеуде қолданылады.

2.2-тақырыбының негізгі ұғымдарында берілген бес қағиданың теория мен зерттеу арасындағы байланыстарды талқылағанда қарастырылған кейбір пікірлермен байланысын көруге болады. Мысалы, позитивизмде дедуктивті тәсіл (2-қағида) және индуктивті стратегия (3-қағида) екеуінің де элементтері қолданылады. Сонымен қатар, теория мен зерттеу арасында өте айқын айырмашылық байқалады. Зерттеудің атқаратын рөлі – теорияларды тестілеу және заңдылықтарды жетілдіру үшін деректер жинақтау.

Теория мен зерттеу арасындағы кез келген байланыстың өз алдына бір мәні бар, бұл қолда бар теориялардың ықпалынан тыс бақылауларға қол жеткізуге мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге, бақылауға тікелей бейімделмеген теориялық ұғымдар анық ғылыми болып есептелмейді, себебі теориялық ұғымдар дәлелдеудің барлық талаптарына бейімді болуы қажет. Осының бәрі зерттеу жүргізгенде теориялық мағынаға қарағанда эпистемологиялық мағынасына көбірек мән берілетін көрсетеді.

Позитивизмді ғылым және ғылымтанумен синонимдес деп қарастырудың



2.2 Негізгі ұғымдар

Позитивизм дегеніміз не?

Позитивизм – әлеуметтік болмысты зерттеуде және одан тыс зерттеулерде жаратылыстану ғылымдарының қағидаларын қолдануды мақұлдайтын, эпистемологиялық көзқарас. Термин бұл қағидадан тыс та кең қолданылады, дегенмен құрамдас элементтері әр авторда әртүрлі. Позитивизм мына төмендегі қағидаларды құрайды:

1. Тек қана жете түсіну арқылы қабылданған құбылыстар мен олардан шыққан мәліметтер ғана нақты білім ретінде расталып, қабылданады (*феноменализм* қағидасы).
2. Теорияның мақсаты – теориядан гипотеза шығару, бұл өз кезегінде тексеруден өтіп, дәлелденіп және қағидаларға берілген түсініктемелердің қабылдануына жол ашады (*дедуктивизм* қағидасы).
3. Деректер жинақтау негізінде қағидалардың пайда болуы арқылы нақты білімге қол жеткізіледі (*индуктивизм* қағидасы).
4. Ғылым пайымды пікірлерден тыс болуы тиіс (шамасы, бола алатын да тәрізді) (*бұл мақсатқа* жатады).
5. Ғылыми мәлімдемелер, нормативті мәлімдемелер және сенім арасында айырмашылық бар және алғашқылары ғылымның шынайы салалары болып табылады. Бұл соңғы қағида бірінші қағидаға байланысты туындап отыр, себебі шындық немесе нормативті мәлімдемелер сезіну арқылы дәлелдеуге бағынбайды.

қате пікір екенін айта кеткеніміз жөн. Шындығында, ғылым философтары және әлеуметтік ғылымдар философтары ғылыми тәжірибеге әсерлі сипаттама берулеріне қарай өте айқын ерекшеленді және 1960 жылдың басынан бұған позитивистік көзқараспен қарамайтын болды. Сондықтан қазіргі әлеуметтанушылардың позитивизмді шектеулі деп шағынулары түсініксіз, себебі олар философиялық терминнен немесе жалпы ғылыми тәсілден шағымданып жатқандары айқын байқалмайды. Мысалы, **реализм** (соның ішінде **сыншыл реализм**), ғылыми тәжірибенің сипатына жататын тағы бір философиялық көзқарас болып табылады (2.3-негізгі ұғымдарымен танысыңыз).

Осы бөлімнің негізгі бағытын құрайтын эпистемологиялық ұғымдардың қиындау себебі кейбір әлеуметтанушылардың әлеуметтік болмысты зерттеуге жаратылыстану ғылымдарының қағидаларын қолданудан бас тартуларымен байланысты. Осы арада жаратылыстану ғылымдарының үлгісіне танытқан сыни ескертпелерін позитивизмнен айыру біршама қиын. Басқаша айтқанда, олардың жалпыға бірдей жаратылыстану ғылымдарының қолданысына немесе толықтай позитивизмге қарсы танытылған пікір екенін анықтау мүмкін емес. Жаратылыстану ғылымдарының үлгісін әлеуметтану ғылымында қолдану жайлы ұзақ уақыт шешімін таба алмай жүрген пікірталастар бар, алайда осы үлгіде ұсынылған негізде позитивистік мән-мәтіннің болуы басқа ғылыми тәжірибе негіздері емес, позитивизмнің нақ өзі болса керек (сыншыл реализм және т.б. ұғымдарды 2.3-тақырыбының негізгі ұғымдарынан қараңыз).

Интерпретивизм

Интерпретивизм – эпистемологияның позитивизмге қарсылығын көрсетуге арналған термин. (2.4 негізгі ұғымдарын қараңыз). Бұл термин жаратылыстану ғылымдарының үлгілерін әлеуметтік өмірді талқылауда қолдануды сынға алады және төменде келтірілетін әртүрлі интеллектуалды жоралардың әсеріндегі авторлардың пікірлерін жинақтап көрсетеді. Олардың пікірінше, әлеуметтану ғылымдарының тақырыптары – адамдар және олардың тармақтары жататын жаратылыстану ғылымдарынан мүлдем басқа. Сондықтан әлеуметтік өмірді зерттеу – зерттеу рәсімдерінің әртүрлі қисынынан қаралуын талап етеді және адами ерекшеліктерді табиғи тәртіпке қарсы сипаттайды. Фон Райт (1971) позитивизм мен **герменевтика** (бұл термин діни ілімнен алынған, әлеуметтік ғылымдарға енгізілгенде адам әрекетінің теориясы мен тәсілдерін түсіндіруде қолданылады) арасында болуы мүмкін эпистемологиялық қарама-қайшылықты көрсетті. Бұл қарама-қайшылық, адамдардың әрекетін түсіну мен жаратылыстану ғылымдарының позитивистік тәсілі болып табылатын адамның әрекетіне түсініктеме беру арасындағы екпінді білдіреді. Адамның әрекетін түсіну осы әрекетті іске асырған күшті емес, керісінше әрекеттің ниетін түсінуге бағытталған. Бұл қарама-қайшылық көптен бері орын алып келе жатқан заманауи әлеуметтік ғылымдардың пайда болуына қарсы, алайда ондай ұғымдарды жақтайтын пікірталастарды алға шығарады, мысалы, Макс Вебердің (1864-1920) туған неміс тілінде *Verstehen* (түсіну дегенді білдіреді) деп көрсеткен тәсілін атап өтуге



2.3 Негізгі ұғымдар

Реализм дегеніміз не?

Реализм позитивизммен екі ерекшелікті бөліседі: жаратылыстану және әлеуметтану ғылымдары деректерді жинақтау және түсіндіруге бірдей тәсілдер қолдана алады және қолдануы тиіс екеніне сену; және ғалымдар назардан тыс қалдырмайтын сыртқы болмыс ұғымы бар дегенге сенім (басқаша айтқанда, біздің анықатасын берген болмыстан тыс сыртқы болмыс бар). Реализмнің екі маңызды түрі бар:

- *Эмпириялық реализм* – тиісті тәсілдердің көмегімен болмысқа түсінік беруге болады дегенді ұйғарады. Реализмнің бұл түрі кейде *аңғырт реализм* деп те аталады, реалисттер болмыс пен оны түсіндіретін термин арасында тамаша үйлесімдік бар (немесе өте жақын) деп анықтама береді. Мысалы, «айқын құбылыстар мен оқиғаларды болдырушы, негізін қалаушы – құрылымдар мен тетіктерді тудырушы деуге сенгісіз», сондықтан да бұл «үстіртін» анықтама (Бхаскар, 1989: 2). Бұл – терминнің кең көлемде қолданылатын мағынасы және әлеуметтанушылар «реализм» терминін жалпылама қолданғанда да осы мағынасына меңзейді.
- *Сыншыл реализм* – реализмнің ерекше бір түрі, бұл жердегі манифест – әлеуметтік өмірдегі табиғи тәртіптің, оқиғалардың және пікірлердің болмысын қабылдау және «біз осы оқиғалар мен пікірлерді туындататын жұмыстардың құрылымын анықтасақ қана қоғамдық өмірді түсінетін едік» деп санау. ... Бұл құрылымдар осы оқиғалар желісінде жайдан-жай пайда болмайды, олар әлеуметтану ғылымдарының тәжірибелері мен теориялық жұмыстары арқылы алға шығады (Бхаскар, 1989: 2).

Сыншыл реализм өз ішінде екіге бөлінеді. Біріншіден, позитивистердің пікірінше, ғалымдар болмысқа мағына беруінің өзі осы болмысты білдіреді, ал реалистердің айтуынша, ғалымдардың мағына беруі – болмысты тану. Бхаскардың (1975: 250) пікірінше: «Ғылым – ойдан тыс әрекет ететін істердің құрылымы мен тәсілдерін ойша білдіруге тырысудың жүйелік әрекеті».

Сыншыл реалистер, болмысты тануда қолданатын категориялардың барлығы уақытша болуы мүмкін екенін мойындайды және осы пікірді қабылдайды. Осылайша, аңғырт реалистерге қарағанда, сыншыл реалистер өздері түсіндіруде, түсінуде қолданатын сауалдар мен терминдердің нысандары арасында айырмашылық бар екенін мойындайды. Екіншіден, сыншыл реалистер позитивистерге қарағанда, өз түсініктемелеріне бақылауға бейімделмеген теориялық терминдерді қосуды жатсынбайды. Нәтижеде табиғи тәртіптің немесе қоғамдық құрылыстың жүйелілігін құрайтын (Бхаскар атап көрсеткен «тетіктер өндіретін») жорамал түйіндер реалистер үшін тіптен ұйғарынды, ал позитивистер бұл пікірді құптамайды. Өндіруші тетіктер, қызығушылық құбылысын құрастырушысы түйіндер мен үдерістерді туындатады. Сыншыл реалистер үшін өндіруші тетіктердің бақылауға тікелей бейімделмегені кедергі емес, себебі олардың берер әсерлері көрнекті болғандықтан, оларды теориялық мағынада енгізуге болады. Сонымен қатар, сыншыл реалистер үшін әлеуметтік өмірде бақылаудағы жүйелілікті жүргізуде өндіруші тетікпен өзара әрекет ететін мән-мәтіннің сәйкестігін түсіну өте маңызды. Сыншыл реалистік түсініктер үшін мән-мәтінді бағалау өте маңызды, себебі бұл себептік тетікті жүзеге асыруда жол ашатын немесе

кедергі болатын шарттарды анықтауға көмектеседі. Сыншыл реализмді сыншыл ететін тұсы – өндіруші тетіктерді анықтай отырып өзгерістер енгізуге болады, осылайша кво статусына түрлендіру мүмкіндігін тудырады. Сыншыл реализм жайлы тағы бір айта кететін жайт, мұнда себептік өндіруші тетіктерді анықтауда орын алатын пікірлер индуктивті немесе дедуктивті болып саналмайды. Бұл Блейки (2004) атап өткен **ретродуктивті** пікірді алға шығарады, бұл жүйе әлеуметтік өмірде байқалып отырған жүйелілікті іске асыратын және осы жүйелілікті реттейтін жаңа себептік механизмді ашуға мүмкіндік береді. 26.1-зерттеу нысаны сыншыл реалистік тәсілдің қолданылуына мысал бола алады. Бұл мысал соңғы тарауларда қаралатын болса да, осы арада оқып шығу тиімділік тудырады.

болады. Вебер (1947: 88) әлеуметтану ғылымын «қоғамдық әрекеттердің бағыты мен әсерінің себебіне анықтама бере отырып түсіндіруге тырысатын ғылым» деп түсіндіреді. Вебердің анықтамасы түсіндіру мен түсіну екеуін де қамтитын тәрізді, алайда осы жерде екіталай жайт – «себебін түсіндіру» міндеті осы әрекеттерге еш қатысы жоқ сырттан келген күшке емес, «қоғамдық әрекеттерге анықтама беріп түсіндіруші ұғымға» қатысты алынып отыр.

Антипозитивті көзқарасқа жауапты аса маңызды интеллектуалды дәстүрдің бірі ретінде – **феноменология** қарастырылады, философияның бұл саласы өз кезегінде адамдардың айналасындағы әлемнің мән-мағынасын қалай түсінетіні жайлы сұрақтарды және философтың осы әлем жайлы өзінің біржақты пікірін қалай саралайтыны жайлы мәселелерді қамтиды. Феноменологиялық әдістерді әлеуметтану ғылымдарында алғаш рет Альфред Шутц (1899-1959) өз жұмыстарында қолданған, алайда оның жазғандары жиырма немесе одан да көп жылдар өте келе, 1960 жылдары негізгі жазбалары неміс тілінен аударылғанға дейін көптеген ағылшын тілді әлеуметтанушылардың назарына ілінбеді. Оның жұмысы Вебердің

Verstehen-түсіну ұғымымен және Гуссерль тәрізді феноменологиялық философтардың ұғымдарымен түбегейлі ықпалда еді. Шутцтың көзқарасын көптеген жағдайларда мысал ретінде келтірілетін мына үзіндіден өте жақсы байқауға болады:

Жаратылыстану ғалымдары анықтағандай, табиғат әлемінің молекулалар, атомдар және электрондар үшін ешқандай «мағынасы» жоқ. Дегенмен, әлеуметтанушылардың зерттеу алаңында, әлеуметтік болмыстың – оның маңайындағы тірі, әрекет етуші және ойлай білетін барлық тіршіліктердің белгілі мәні мен орынды құрылымы бар. Парасатты мағынаның үйлесімі ретінде күнделікті бастан кешіп жүрген өмірлерін мысалға ала отырып, олар осы өмірді алдын ала таңдап және оған алдын ала түсініктеме береді. Осы ой объектілері дәлел келтіре отырып, олардың әрекеттерін анықтайды. Әлеуметтік болмысты қамту үшін әлеуметтанушылардың ашқан ой объектілері әлеуметтік өмірде күнделікті түршілікпен өмір сүріп жатқан ер адамның [және әйел адамның] парасатты мағыналы ойларына негізделуі керек (Шутц 1962: 59).



2.4 Негізгі ұғымдар

Интерпретивизм дегеніміз не?

Интерпретивизм – онжылдықтар бойы үстемдік етіп келген позитивистік ортодокстыққа балама ретінде қолданылатын термин. Бұл адамдар мен жаратылыстану ғылымдарының объективтері арасындағы ерекшеліктерді ескеретін стратегияны талап етуге негізделген және осыған байланысты әлеуметтанушылардан әлеуметтік әрекеттің субъективтік мәнін түсінуді талап етеді. Оның зиялылық мұрасына енетіндер: Вебердің *Verstehen* ұғымы; герменевтикалық-феноменологиялық рәсімдер; символикалық интеракционизм.

Бұл дәйексөзде екі пунктке аса мән берген дұрыс. Біріншіден, жаратылыстану ғылымдары мен әлеуметтану ғылымдарының тақырыптары арасында терең бір айырмашылық бар және осы айырмашылықты нақтылап көрсететін таным теориясы, яғни эпистемология қажет деп тұжырымдалады. Атап өткен айырмашылық – әлеуметтік болмыстың адамдар арасында мәні зор болуында, яғни адамдардың әрекеттерінің мағынасы бар және олар бұл іске және басқаларының істеріне мән беру арқылы әрекет етеді. Осыдан екінші пункт туындайды: әлеуметтанушының жұмысы «адамдардың парасатты мағыналы ойларын» тану және олардың әрекеттері мен әлеуметтік өмірлерін олардың көзқарастарымен түсіндіру. Феноменологияға берік әлеуметтанушылар дәл осы ерекшелікті атап көрсетеді. Әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің мәнін феноменологиялық түрде түсіндіретін авторлардың айтуынша: «адамдардың өмірді түсіндіруіне қарай феноменолог олардың әрекетін қарастырады... Адамның әрекетінің мағынасын анықтау үшін феноменолог әрекеттерді сол адамның көзқарасымен көруге тырысады» (Богдан және Тейлор, 1975: 13-14; түпнұсқадан алынған).

Verstehen (түсіну/түсіндіру) және феноменология түсініктерінде кейбір күрделі мәселелерді айналып өту қажет. Соның ішінде, Вебердің *Verstehen* (түсіну/түсіндіру) сараптамасы жоғарыдағы айтылғаннан әлдеқайда күрделі, себебі жоғарыда келтірілген эмпирикалық түсінік деп ойлағаны, тіптен оған жатпайтын болып шықты (Бауман, 1978), ал әлеуметтану ғылымдарында феноменологиялық тәсілге ненің қатысты немесе қатысты емес екені – пікірталас туғызатын тақырып (Куча және Рот, 1973). Алайда адамдар үшін маңызы бар қоғамдық әрекеттерге басымдық көрсететін және олардың көзқарасымен түсіндіретін герменевтикалық-феноменологиялық мұра жазуларындағы және *Verstehen* (түсіну/түсіндіру) тәсіліндегі ұқсастық, позитивизмнен ауытқи отырып интерпретивизм деп аталатын пікірлерге жол салды (мысалы, Дж. А. Хьюз 1990).

Verstehen (түсіну/түсіндіру) мен герменевтикалық-феноменологиялық мұра интерпретивизмге интеллектуалды ықпал етпейді. Әлеуметтану ғылымдарында символикалық интеракционизм деген атпен танымал теориялық мұра көптеген әлеуметтанушылар тарапынан мұнан былайғы ықпалды

әрекет деп бағаланып отыр. Осы жерде тағы да бір түсініксіздік бар. Символикалық интеракционизмді ашқандардың пікірлеріне империкалық зерттеу нәтижелері, соның ішінде Джордж Герберт Мидтің (1863-1931) «басқаларының біз жайлы қандай баға беруіне қарай өзіміз жайлы ойымызды қалыптастырамыз» деген пікірі қызу айтысқа салынды. Айова штатындағы бір мектепте Мидтің пікірі мен ұсынысына тікелей сүйене отырып, зерттеу жүргізілді, көп адамдар бұл зерттеу позитивистік екпінмен жүргізілді деген пікір танытты (Мельтцер және басқалары, 1975). Сонымен қатар, біраз әлеуметтанушылар Мидтің тәсілі жаратылыстану ғылымдарының тәсілімен әдеттегіден көбірек үйлесімді деген пікір білдірді (Макфэй және Рексрут, 1979). Алайда осы арада символикалық интеракционизмнің герменевтикалық-феноменологиялық мұраға интеллектуалды орын бөлгенін және кең ауқымды қарастырған жалпы үрдісін көреміз. Бұл үрдіс көбіне Герберт Блумердің жазбаларының еңбегі болып табылады: Герберт Блумер – Мидтің оқушысы, оның өкілі және аудармашысы, сонымен қатар жолын қуушы ретінде танымал (Хаммерсли, 1989; Р. Коллинз, 1994). Блумер символикалық әрекеттестік терминін енгізіп қана қоймай, ол Мидтің жазбаларындағы батыл түсінік берілген сөз астарларына нақты түсініктемелер берді.

Символикалық интеракционизмді жақтаушылар адам өзінің айналысындағы ортаның (басқалардың да әрекеттерінің) символикалық мәнін қайталап түсіндіруімен әрекеттестік туындайды және осы мағынада әрекет етеді деп тұжырымдайды. Блумердің (1962: 188) өткізген зерттеу шарттарына орай,

«символикалық әрекеттестік – сұраққа жауап берушілердің өз әрекеттеріне түсініктеме беру арқылы жауап құрастырғанын байқау», осы сөздерімен ол символикалық интеракционизмді зерттеу нәтижелері мен Мидтің пікірлері жайлы өз көзқарасын ашып айтты.

Символикалық интеракционизм мен герменевтикалық-феноменологиялық мұра арасындағы параллелизмді асыра бағалауға болмайтынын ескергеніміз жөн. Бұл екеуі өздерінің позитивизмге қарсылықтарына орай біріктірілген және түсіндіруші ұстанымдары да бар. Алайда символикалық интеракционизм – тек қана Блумердің және оның жолын қуған бірталай әлеуметтанушылар мен зерттеушілердің пікірінше – ерекше эпистемологиялық мағынадағы әлеуметтік теория; ал герменевтикалық-феноменологиялық мұра, керісінше, өз алдына жалпы эпистемологиялық тәсіл деп қарастырылады. Блумер герменевтикалық-феноменологиялық мұраның ықпалында қалған болар, алайда бұған анық дәлелдеулер жоқ. Басқа да түсінік беру жағынан ұқсас интеллектуалды бағыттар бар, мысалы, философ Людвиг Витгенштейннің (Винч, 1958) еңбектерінің тармақтары бойынша осы арада герменевтикалық-феноменологиялық *Verstehen* (түсіну/түсіндіру) және символикалық интеракционизм мұраларын маңызды ықпалдар деп қабылдауға болады.

Түсіндіруші ұстанымды қолдау арқылы зерттеуші керемет нәтижелерге жетуі мүмкін немесе сыртқы ұстанымнан, яғни әлеуметтік мән-мәтіннен тыс ұстанымды зерттеу арқылы қызықты болып көрінетін нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін. 2.6-тақырыбында осы мүмкіндікке қатысты қызықты зерттеу нысаны келтірілген.

Әрине, 2.6-зерттеу нысанында көрсетілген мысалда айтылғандай, әлеуметтанушы түсіндіруші ұстанымды қабылдағанда, ол әлеуметтік топтың мүшелері айналасындағы органы қалай түсіндіретінін бірден ашып айтпайды. Әлеуметтік ғылыми салаға мәлім болған түсініктемеге әлеуметтанушы міндетті түрде өз пікірін білдіруге тырысатыны анық. Осы арада қосарлы түсіндіру пайда болады, яғни зерттеуші түсініктеме ретінде басқаларының түсіндіргенін ұсынады. Шындығында, түсініктеменің үшінші деңгейі іске қосылады, себебі зерттеушінің түсініктемесіне әрі қарай тұжырымдама, теория және пән әдебиеті ретінде анықтама берілуі керек. Осылайша 2.6-тақырыбының зерттеу ныса-

нын мысалға ала отырып, Фостердің (1995) Риверсайд аймағын онда тұрып жатқан тұрғындар салдарынан жоғары қылмыстық аймаққа жатпайды деп жорамалдауы оның өз тақырыбына түсініктеме бере отырып, дәлелдеуі болып табылады. Өзінің қол жеткізген қызықты нәтижелерін әлеуметтік ғылыми салаға жолдау арқылы ол қосалқы жұмыс атқарды, бұл нәтижелерге ол қылмысты зерттеу саласындағы бейресми қоғамдық бақылау, көршілерге барлау жұмыстарын жүргізу және қылмыстық әрекетке апаратын тұрғын үй мәселесінің алар орны тәрізді қолда бар түсініктер мен талқылаулармен байланыстыра отырып, қол жеткізді.




2.6 Зерттеу нысаны

Тәжірибе жүзіндегі интерпретивизм

Фостер (1995) Лондонның батысындағы Риверсайд аймағындағы тұрғын үй орнына қатысушы бақылау тәсілін қолданып, жартылай стандартталған сұхбат алу арқылы этнографиялық зерттеу жүргізді. Ресми **қылмыстық мәліметтерге** орай осы өңірдің қылмыстық көрсеткіштері өте жоғары еді. Алайда ол жүргізген зерттеулері нәтижесінде, ол аймақтың тұрғындары ол жерді қылмыстық аймақ деп санамайтынын анықтады. Бұл деректі қолда бар басқа факторлармен салыстырып, ығыстырып қоя салуға болар еді, алайда «бейресми қоғамдық бақылаудың» қызмет атқаратыны туралы мәлімет өте маңызды орын алып, бұл көрсеткіш ерекше ықпалға ие болды. Барлық жерде тұрақты қауіпсіздік қамтамасыз етілсе де, адамдар қандай да бір қауіптің бар екенін әрқашан жадында ұстаған, бұған себеп бейресми қоғамдық бақылаудың ұдайы қылмыстық деңгейдің қандай да бір көрсеткішін беріп отыруы. Бейресми қоғамдық бақылаудың бірнеше қырлары бар. Бір қырына мысал – көршілердің бір-бірімен өте қырағы болуы. Фостердің сұхбатына қатысушылардың бірі сөзінде былай деді: «Егер мен қандай да бір айқай-шу естісем, далаға шығып қараймын, іс өршігіп бара жатса, полиция қызметкерлеріне қоңырау шаламын. Мен мұндай келеңсіздікке жол бермеймін». Бейресми қоғамдық бақылаудың тағы бір қыры, мысалы адамдар бірін-бірін танитындықтан, ешқандай қауіп сезінбеген. Тағы бір сұхбатқа қатысушы өз сөзінде былай деген: «Менің ешқандай уайымым жоқ... себебі адамдар көбіне бірін-бірі жақсы таниды және біз бір-біріміздің мүліктерімізге қарай жүреміз. Көршіңізді білетін болсаңыз, ешқандай қауіпсіздік сезбейсіз, себебі көршіңіздің үйінде екенін және олардың сіздің заттарыңызға қарайлай жүретінін білесіз, мен ешқандай қорқыныш сезбеймін» (Фостер 1995: 575).

Осы бөлімнің мақсаты – жаратылыстану ғылымдарының тәсілі, соның ішінде позитивист тәсілі әлеуметтік өмір жайлы заңды мәліметтерді қамтамасыз ете алатыны немесе қамтамасыз ете алмайтыны жайлы эпистемологиялық түсініктердің зерттеу тәжірибесімен қалай сабақтас екенін анықтау. Осы арада теория мен зерттеу арасындағы қатынастың дедуктивті тәсілі әдетте позитивистік қағидаға қатысты деп жоғарыда жазылған тараулармен байланыс құрылады. 2.2-тақырыбының негізгі ұғымдарында айтылғандай, индуктивизм өз кезегінде позитивизмнің бір ерекшелігі болып табылады (үшінші қағида), алайда оны әлеуметтік зерттеу тәжірибесінде қолданса, ерекше таны-

латын дедуктивті элементке айналады (екінші қағида). Осылайша, зерттеуші түсініктеме беру зерттеуіне енгізген үшінші деңгейінде алдыңғы тарауларда анықтамасы берілген индуктивті стратегияның біршама бөлігін іске қосуы керек. Алайда эпистемологиялық мәселелер мен зерттеу тәжірибесі арасында осындай өзара әрекеттестік болса, олар анық тұжырымдалмағандықтан, оларды асыра қолданбау өте маңызды. Осыдан байқайтынымыз: зерттеудің эпистемологиялық қағидалары мен тәсілдері әрқашан жүйелілікті сақтап, қоян-қолтық жүрмейді. Осы пікірге алдағы тарауларда тағы да тоқталамыз және 26-тарауда арнайы бөлім қарастырылған.



ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Әлеуметтік **онтология** әлеуметтік ұйымдардың болмысымен байланысты мәселелерді қарастырады. Әлеуметтік ұйымдар әлеуметтік серіктестіктерге қатысты объективті ұйымдармен санасады ма және санасуы керек пе немесе олар әлеуметтік серіктестіктердің түсініктері мен әрекеттеріне негізделген әлеуметтік құрылымдарды құрайды

ма және құрауы тиіс пе деген сұрақ – осы арада қарастырылатын жалпы бағыт. Бұл бағыттар көбіне **объективизм** және **конструктивизм** деп қарастырылады. Бұлардың арасындағы айырмашылықтарды әлеуметтану ғылымдарының ең танымал және ортақ екі терминдері – ұйым және мәдениет – арқылы түсіндіруге болады.



2.5 Негізгі ұғымдар

Объективизм дегеніміз не?

Объективизм – онтологияның бір бағыты, әлеуметтік құбылыстар және олардың түсініктері әлеуметтік серіктестерден тыс өз алдына орын алады дегенді білдіреді. Демек біз күнделікті өмірдегі әңгімелерімізде қолданып жүрген әлеуметтік құбылыстар мен әртүрлі категориялар бізден тыс, өз алдына да бар бола алады.

Объективизм

Объективизм – онтологияның бір бағыты, әлеуметтік құбылыс біз қол жеткізе алмайтын немесе ықпал ете алмайтын сыртқы фактілер деп тұжырымдайды (2.5 негізгі ұғымдарын қараңыз).

Біз ұйымдар жайлы пікірлерімізді айта аламыз, басқаша айтсақ, ұйым ол – нақты, материалдық объект. Оның ережелері мен құралдары болады. Мақсаттарына жету үшін стандартты шараларды іске асырады. Еңбекті бөлу аясында адамдар әртүрлі лауазымдарға тағайындалады – бұл иерархияға жатады. Иерархияның өз міндеттері бар, осылайша жалғасып кете береді. Бұл айырмашылық деңгейі ұйымнан ұйымға қарай әртүрлі болып келеді, дегенмен бұл ұйымның осы ұйымның жұмысын жүргізіп отырған жеке тұлғалардан тыс болмыс деген пікірге келеміз. Сонымен қатар, бұл ұйым өз талаптарына сай болулары үшін осы тұлғаларға басшылық етіп, қоғамдық құрылыс орнатады. Адамдар ол ұйымның ережелері мен құралдарын жаттап және оларды қолданады, осылайша стандартты шараларға бағынады. Оларға бөлініп берілген қызметтерді атқарып, біреулеріне не істеу керек екенін айтса, олар барып басқаларына не істеу керек екенін айтады. Олар пікір танытуда қандай құндылықтар болатынын біліп алып, қолданады. Егер олар айтылғандарды дұрыс атқармаса, оларға сөгіс жарияланып, тіптен жұмыстан шығарылып та жатады. Осылайша, ұйым – өз мүшелеріне қысым көрсетіп және қақпалай отырып әрекет ететін мәжбүрлеуші күш болып табылады.

Дәл осылай мәдениет жайлы да тұжырымдауға болады. Мәдениет және

қосалқы мәдениет – кең ауқымды жалпы құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау орындары және осы орындарға адамдар бір ортаның өнегелі азаматтары немесе толыққанды мүшесі ретінде әрекет ете алатындай топтарға қоғамдастарылған. Мәдениеттер және қосалқы мәдениеттер бізге шектеулер қояды, себебі сол мәдениетке қатысты сенімдер мен құндылықтарды бойымызға сіңіріп, ұстанамыз. Ұйым және мәдениет екеуінде де, әлеуметтік серіктестік барлық жағдайларда материалдық ақиқаты дерлік меншігі бар, жай ғана үстірт қатысушы ретінде қаралады. Және ол ақиқат болмысы бар объект ретінде қаралады. Көптеген жағдайларда, ұйым мен мәдениет топтарына жинақтаудың «классикалық» тәсілдері – осылар.

Конструктивизм

Конструктивизм – онтологиялық бағыттың баламасы ретінде қарастырылады (2.6 негізгі ұғымдары). Бұл бағыт, алдыңғы тақырыпта айтылып кеткен ұйым және мәдениет сияқты категориялар алдын ала анықталған деген ұсынысқа қарсы және әлеуметтік серіктестер белгілі бір нәрсені қалыптастыруда ешқандай рөл атқармайтын үстірт қатысушылар дегенді құптамайды.

Мысал ретінде Штраус және басқаларының (1973) символикалық интеракционизм ұғымдарына сүйене, психиатриялық ауруханадағы «келісімді тәртіп» деп атаған түсінікті негізге ала отырып жүргізген зерттеуін атауға болады. Ұйымдарда тәртіптер жүйелі түрде алдын ала бекітіледі деген пікірге қарамастан, олар бұл ұйымда қалыптасқан тәртіп бар дегенді тұжырымдайды. Ережелер ұйымдарда болатын

классикалық түрлерімен салыстырғанда өте аз және анық емес болған. Штраус және басқалары (1973: 308) бұл тәртіптерге «бұйрық ретінде аз мәнге ие, жалпылама мағынада айтылған» деген анықтама берді. Дәрігерлерге, медбикелерге және тағы басқа қызметкерлерге аз көлемде қызмет түрлері бөлініп берілген, себебі олардың өздері әр түрлі мүдделі тараптардың өзара жүргізген келіссөздерінің нәтижесінде осы аурухананың әлеуметтік реттілігін қалыптастырып, қызмет түрлерін өзара бөлісіп алған. Әлеуметтік реттілік үнемі өзгеріп тұратын жүйе, себебі ауруханада күнделікті көптеген келісімдер жойылып немесе ұмытылып қалып жатады, сонымен қатар мұндай келісімдер то-

лассыз жаңадан жасалып, жаңартылып, өзгертулер енгізіліп те жатады. Демек аурухананың өзінің әлеуметтік реттілігі бар (Штраус және басқалары, 1973: 316-17). Сонымен қатар, авторлар ұйымдардың ресми құрылымдық ерекшеліктеріне (ережелер, ұйым құрылымы, құралдар, атқарылатын рөлдер) асыра мән беру ұйымдардың күнделікті әрекеттерінде сақталатын реттілікке әсер етеді, алайда бұл ресми құрылымдық ерекшеліктер жеке әрекеттерге шектеу қоя алмайды деген сөз емес деп тұжырымдар келтіріп отыр.

Мәдениет пікірлері жайлы пункт те дәл осындай болмақ. Мәдениетті адамдарды әрекет еттіріп және шектейтін сырттан келген болмыс деп қарастырғаннан гөрі,



2.6 Негізгі ұғымдар

Конструктивизм дегеніміз не?

Конструктивизм – әлеуметтік құбылыстар мен олардың мәні үнемі әлеуметтік серіктестер тарапынан жүзеге асырылады деген тұжырымға сәйкес – онтологияның бір бағыты. Әлеуметтік құбылыстар мен оның категориялары әлеуметтік өзара әрекеттестік арқылы ғана іске асып қоймай, олар ұдайы қайтадан қарастыру түрінде де жүргізіледі деп тұспалдайды. Соңғы жылдары, зерттеушілердің әлеуметтік өмір жайлы жеке ойлары да құрылымға жатады деген түсінік те осы термин аясына еніп кетті. Басқаша айтқанда, зерттеуші әлеуметтік болмыс жайлы кесімді тұжырым айтқаннан гөрі, белгілі бір нұсқа ұсынады. Білім **постмодернизмнің** аяқталмаған тәсілдерін еске түсіретін ұстаным ретінде танылады (17.1-негізгі ұғымдарын қараңыз, кейінгі жазбаларда осы көзқарасты тексеруде қолданылады). Конструктивизмді осылай қабылдау, әдетте, терминнің онтологиялық нұсқасымен байланыстырылады. Басқаша айтқанда, бұлар өзара байланысты мағыналар береді. Екі мағына да *объективизмге* қайшы (2.5-негізгі ұғымдарын қараңыз), және де екінші мағынасы *реализмге* де қайшы (2.3-негізгі ұғымдарын қараңыз). Бірінші мағынасын конструктивизмнің әлеуметтік өмірмен қатысты тиімді жақтарымен түсінуге болады; ал екінші мағынасын конструктивизмнің әлеуметтік өмір саласының білім негізімен (және табиғат әлемімен) түсінуге болады.

Әлеуметтік өмір саласының білім негізімен конструктивизмнің байланысын барған сайын конструктивизмде қолдану артып келеді, бірақ осы кітапта мен бұл терминді бірінші мағынасымен байланыстырып қолданамын, демек конструктивизм әлеуметтік объектілер мен категорияларға байланысты онтологиялық бағыт ретінде ұсынылады, бұл өз кезегінде оларды әлеуметтік негізде құрылған деп тану.

ұдайы дамып отыратын құрылым және қайта құрылымның жаңарған болмысы деп қарастыру қолайлы. Мысалы, Беккер (1982: 521) өз пікірінде былай деген: «Адамдар мәдениетті үздіксіз дамытып отырады. Ешқандай мәдени келісімдер жүйесі қалыптаспаған, адамдардың бір күн ішінде шешуі тиіс соншалықты қиын мәселелерге өте тиімді шешімдер қабылдап және осы ұсынылған шешімдерден кейін орын алған өзгерістерге орай өз шешімдерін өзгертіп, түсініктерін жаңа жағдайға қарай бейімдеулері керек». Беккер конструктивистік көзқарастың шектен шығуына жол бермеу керек деген Штраус және басқаларының пікірін қолдайды: мәдениеттің «айрықша топтан құралған кейбір адамдарды жинап ұстап тұратын» және олардың келешектерін қалыптастыратын болмыс ретінде алар өз орны бар және оны бағалай білуіміз керек. Алайда бұл тек қана шектеулік сезімін қамтыған инерциялы объективті болмыс емес: бұл тұспалдап бағыт көрсетуші көмекші ретінде әрекет еткенімен, құрастырушы бөлшек ретінде қосылып кетуі онай.

Беккердің де, Штраус және басқаларының да жасаған жұмыстарында конструктивистік дәлел шектен шығушылыққа жол бермейді деген пікірді көруге болады. Екеуі де қарастырылып отырған объекті бастапқыдан бері келе жатқанын айтады (тиісінше, ұйым да, мәдениет те). Алайда әлеуметтік болмыстың әлеуметтік құрылымның әрбір жағдайында адамдардың интеллектуалды бейімділігін танытып, белсенді орын алатынын байқаймыз. Объективті болмыстың бар екенін немесе оның маңыздығы жайлы мағлұматты конструктивистік көзқарасты ұстанатын кейбір әлеуметтанушылар ғана мақұл-

дамайды. Мысалы, Уолш (1972: 19) өзінің пікірінде былай деп жазған: «Алдын ала пайда болған құбылыстар әлемін зерттеуге туындап отырған мүмкіндіктерді қолдануымыз керек, табиғат зерттеушілері тәрізді дәлелдеуді қажет етпейтін, өздігінен болатын құбылыс дей алмаймыз және әлеуметтік өмірді қалыптастырып отырған үдерістерді бақылауды міндетті түрде қолға алуымыз керек». Конструктивизм зерттеушілерді өз ерекшелігіне байланысты басқа тәсілдерден гөрі, әлеуметтік болмысты әлеуметтік серіктестердің дамылсыз әрекеттерінің жолдарымен қарастыруды ұсынады, ал бұл қолайсыз шектеуліктер тудырып отыр.

Сонымен қатар, конструктивизмде адамдарға жаратылыстану және әлеуметтік өмірді түсінуге көмектесетін категориялар әлеуметтік өнім болып табылады деген пікір де талқыланады. Категориялар кіріктіріме болмысқа жатпайды, керісінше, олардың мағынасы өзара әрекет етумен және осы категориялар арқылы басқаларының әрекет етуінен құралады. Осылайша, мысалы «батылдық» категориясы әлеуметтік құрылым ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл ұғымда батылдық таза инертті түйін деп қарастырылғаннан гөрі, өзара әрекеттестік арқылы пайда болатын құбылыс ретінде қарастырылып отыр. Алайда бұл мағына уақыт өте келе және тақырыптық өзгерістерге қатысты өте тұрақсыз болатын тәрізді және категорияларды белгілі бір жолмен танытуда қолданылған тілдік ерекшеліктер де алаңдатушылық танытады. Демек, әлеуметтік өмір мен оның категориялары бізбен сырттай байланыста емес, керісінше өзара әрекеттестік арқылы

құрылған. Бұл үдерісті 22-тарауда талданған **дискурс сараптамаларынан** көруге болады. Поттердің айтуынша (1996: 98): «Өмір адамдардың сөздерімен, жазбаларымен және талқылауларымен қай жаққа бағыттаса, сол бағытты алып, жалғасын табады». Бұл – конструктивизмнің реализмге қарама-қарсы ұғымы (2.3-негізгі ұғымдарын қараңыз). Конструктивизм әлеуметтік құбылыстарда орын алуға ынталанады. 2.7-тақырыбында келтірілген АҚШ-та

сүт бездері ісігінің індеті жайлы жүргізілген зерттеу – осыған мысал.

Конструктивизм біздің әлеуметтік өмір жайлы біліміміздің нақты емес екенін көрсететін термин ретінде де қолданылады (2.6-негізгі ұғымдарын және конструктивизмнің әлеуметтік өмір саласының білім негізімен байланысын қараңыз). Дегенмен бұл кітапта аталған терминді әлеуметтік құбылыспен категориялар әлеуметтік құрылыспен қалыптастырады деген ұғыммен байланыстыра қараймын.



2.7 Зерттеу нысаны

Қолданыстағы конструктивизм

Ланц пен Бутс (1998) сүт бездері ісігін әлеуметтік құрылым ретінде емдеуге болатынын көрсетті. ҚШ деректеріне орай осы ауруға шалдығу 1980 жылдардың алғашқы жартысынан бастап үдей түскенін және осының салдарынан бұл үдерісті індет деп сипаттауға тура келгенін жазады. Авторлар **сапалық мағыналық талдау** тәсілі арқылы кең таралған журналдарды ақтарып шықты (тәсіл жайлы қысқаша түсініктеме үшін 13.1-негізгі ұғымдармен танысып шығыңыз). Олардың байқауынша, бұл мақалалар жаңа ғасырлық әйел адамдардың өмір салтына, әсіресе олардың арасында жайылып кеткен бірінші баланы кештетіп босану, диетаға отыру, алкогольды ішімдіктер қолдану және мансапқа ұмтылу туралы себептерге аса назар аударған. Авторлар, қауіп төндіретін ықпалдардың тізімін ұсына отырып, бұл мақалаларда жеке тұлғалардың әрекеттеріне кінә артқан (бұл әрекеттердің көбі «дәстүрлі» әйелдерге жат қылық), соңында осы әрекеттерге жол бермеу үшін саналы пікірлер жазғанына дәлел келтіреді. Әйелдер зұлым аурудың құрбаны ретінде сипатталған, сонымен қатар бірталай жағдайларда өздерінің бала туу мүмкіндіктерін шектеулерімен байланысты өз әрекеттерінің құрбаны деп қарастырылған. Осы мақалаларда дәстүрлі емес бағыттағы әйелдердің паталогиялық салдарларға тап болғаны және орын алып отырған сүт бездері ісігі індетіне себепші болуы мүмкін екені жазылған (Ланц пен Бутс, 1998: 915-16).

Бұл мақалаларда сүт бездері ісігі індеті әлеуметтік категория ретінде қарастырылып – мақала танымал журналдарда айрықша тәсілмен жарыққа шыққан – құрбандардың өзін, соның ішінде қазіргі заман әйелдерінің өмір салтын айыптаған. Сүт бездері ісігі ауруына шалдыққан 50 жастан төмен әйелдер осы көрсеткіштің тек қана 20% аз ауқымын құрайтыны бұл тұжырымға тосқауыл бола алмады. Ланц пен Бутстың зерттеуі індетті әлеуметтік шындық ретінде тек қана түсіндіріп қоймай, ерекше мағынасы да қосымша көрсетілуі керек дей отырып, конструктивистік отнологияға біршама жақын ой танытты (мысалы, аурудың құрбандарына кінә тағу). Осылайша ауру жайлы мақаланы танымал журналдарда жариялау оның әлеуметтік құрылымында маңызды орын алады.

Әлеуметтік зерттеуге көзқарас

Әлеуметтік онтологияның сұрақтары әлеуметтік зерттеулермен қатысты мәселелерден тыс бола алмайды. Онтологиялық болжаулар мен көзқарастар зерттеу сұрақтары құрастырылып жатқанда және зерттеу жұмыстары барысында қолданысқа еніп отырады. Ұйымдар мен мәдениеттер жеке тұлғаларға ықпал ететін объективті әлеуметтік түйін ретінде болжауды қарастыратын зерттеу сұрағы туындаса, онда зерттеушілер ұйымдардың формалды ерекшеліктерін немесе мәдениет мүшелерінің сенімдері мен құндылықтарын көрсеткен болар еді. Басқа жағынан қарастырсақ, егер зерттеуші зерттеу сұрақтарында ұйымдар мен мәдениеттердің аз бөлігін объективті категория деп алып қарастырса, адамдардың болмыс құрылымында белсенді қатысуына аса екіпін бөлінетін тәрізді. Қай жағынан алып қараса да, әлеуметтік зерттеу тәсілі мен деректерді жинақтауға әртүрлі тәсілдер талап етілуі мүмкін. Кітаптың соңғы тарауларына жақын 20.8-тақырыбының зерттеу нысанында зерттеу үдерісінің контруктивистік онтология мен оның салдарларының қарқынды бейімділігіне мысал келтіріледі.



Зерттеу стратегиясы: сандық және сапалық зерттеулер

Көптеген әлеуметтанушылар әдіснамалық жұмыстарға қатысты **сандық зерттеу** мен **сапалық зерттеуді** өзара бөліп қарастыру өте пайдалы екенін айтады. Осылай айырмашылыққа бөлу біржақты емес, себебі бірқатар әлеуметтанушылар тарапынан кереғарлық деп қарастырылса, тағы бір топ әлеуметтанушылар тарапынан қазіргі күні қолданылмайтын немесе жай ғана «қате» деп қарастырылады (Лэйдер, 1993: 110). Алайда бұл айырмашылықты қолдану азайып кеткені жайлы дәлелдер өте аз, керісінше, жалғасын тауып жатқаны, тіптен ағымдағы қолданысы артып келе жатқаны жайлы сансыз деректер бар. Сандық/сапалық айырмашылық жайлы осы кітапта көп айтылады, себебі бұл әлеуметтік зерттеуге қатысты әртүрлі тәсілдерді топтастыруда өте пайдалы және тағы бір себеп – осы айырмашылық

әлеуметтік зерттеу тәжірибесіне қатысты мәселелердің көбінде қолданылатын көмекші қалқан десе болады.

Бір қарағанда, сандық және сапалық тәсілдер арасында сандық зерттеулерде өлшемдердің қолданылып, ал сапалық зерттеулерде қолданылмайтынынан басқа, айырмашылық аз болып көрінуі мүмкін. Осы мәселе бойынша зерттеушілер арасында бейімділік бары анық, алайда көптеген әлеуметтанушылар сапалық белгілердің сандық өлшемі (квантификация) бар немесе жоғы туралы үстірт мәселелерге қарағанда, бұл айырмашылықтар мәселесі тереңде жатқанын жорамалдап отыр. Көптеген әлеуметтанушылар үшін сандық және сапалық зерттеулер өздерінің эпистемологиялық негіздеріне және тағы басқа ерекшеліктеріне қарай әртүрлі. Шынында, егер теория мен

зерттеу арасындағы байланыс, эпистемологиялық түсініктемелер және онтологиялық түсініктемелер жайлы алдыңғы үш тақырыптардың әңгіме орталығы болған саласын жинақтасақ, сандық және сапалық зерттеулер әлеуметтік зерттеу стратегияларының

екі ерекше тобын құрайтынын көреміз. **Әлеуметтік зерттеу стратегиясы** дей келе әлеуметтік зерттеу жүргізудің жалпы бағыттарын қамтимыз. 2.1-кестеде үш салаға қатысты сандық және сапалық зерттеулердің арасындағы айырмашылықты көруге болады.

2.1-кесте

Сапалық және сандық зерттеу стратегияларының арасындағы негізгі айырмашылықтар

	Сандық	Сапалық
Теорияның зерттеуге қатысты рөлінің негізі	Дедуктивті; теорияны тексеру	Индуктивті; теория құру
Эпистемологиялық бағыт	Жаратылыстану-ғылыми үлгі, әсіресе позитивизмде	Интерпретивизм
Онтологиялық бағыт	Объективизм	Конструктивизм

Осылайша сандық зерттеу – деректерді жинақтау және талдауда сандық өлшемін көрсететін әлеуметтік зерттеу стратегиясы деген түсініктеме беруге болады және:

- теорияларды тексеруге аса мән бөлінетін, теория мен зерттеу арасындағы қатынастың дедуктивті тәсілін алға шығарады;
- позитивизм мен жаратылыстану ғылымдарының ғылыми үлгісінің тәжірибелері мен нормаларын қамтиды;
- әлеуметтік болмысты – сыртқы, объективті болмыс деген көзқарасты енгізеді.

Бұған қарағанда, сапалық зерттеу деректерді жинақтау және сараптауда сандық өлшемнен гөрі белгілі бір сөздерге айрықша мағына беретін әлеуметтік зерттеу стратегиясы ретінде қарастырыла алады;

- теорияларды құрастыруға аса маңыз бөлінетін, теория мен зерттеу арасындағы қатынастың индуктивті тәсіліне көңіл бөледі.
- адамдар өз әлеуметтік өмірлеріне түсініктеме беретін позитивизм мен жаратылыстану ғылымдарының ғылыми үлгінің тәжірибелері мен нормаларын қабылдамайды;
- әлеуметтік болмысты жеке тұлғаларды қалыптастыруда үнемі өзгерістегі ерекшеліктерімен түсіндіруді қамтиды.

Шынымен, бұл қайшылыққа қарағанда, сапалық/сандық зерттеу тәсілдерінің айырмашылық маңызы зор. 7- және 17-тарауларда сапалық және сандық зерттеудің негіздері толығымен сипатталады, сонымен қатар 26- және 27-тарауларында қарама-қарсы ерекшеліктері жайлы мағлұматтар қамтылған. Сондай-ақ позитивисттік эпистемоло-

гияны сандық зерттеу стратегиясы жағынан қарастырғанда және сапалық зерттеу стратегиясын қолданушылардың сол эпистемологияны қабылдамауынан бірталай ерекшелік сипаттары алға шығады. Басқа сөзбен айтқанда, 2.1-кестеде берілген үш қайшы пікірлер негізгі түрлері болып табылады.

Алайда алдыңғы тақырыпта айтылғандай, сапалық және сандық зерттеулердің өзара әрекеттестігі арасындағы әртүрлі ерекшеліктер нақты 2.1-кестеде көрсетілгендей емес. Стратегияның осы екі тәсілін салыстырғанда, араларындағы жіктерді байланыстыру ұқыптылықты қажет етеді. Алдымен жалпы айырмашылықтарды енгізіп, кейін олар қарама-қарсы деу, әрине, салғырттық болып көрінуі мүмкін. Кітаптағы қайталанып келе беретін әлеуметтік зерттеулер сипаты жайлы жазбалар шынайы өмірдегі зерттеулер жүргізумен бара бар күрделі. Мысалы, сапалық зерттеуді теорияны дәлелдеуге емес, оның пайда болуында көбірек қолданылады деп айтылады. Алайда сапалық зерттеудің теория құрастырудан бұрын, оны тексеріп, дәлелдеуге қолданылғаны жайлы көптеген зерттеулерді мысалға келтіруге болады. Мысалы, Адлер және Адлер (1985) АҚШ-тың жоғарғы оқу орындарында спорттық ойын түрлеріне қатысу студенттердің оқу үлгерімі деңгейіне әсер етіп немесе етпейтіні жайлы мәселені қарастырды. Бұл мәселеге сай қолда бар әдебиеттерде мағлұмат жоқ еді немесе бәрі тек қайшылықтар тудырды. Бұл – осы тақырыптағы қолда бар

әдебиеттерді теория орнына қолдануға мысал. Бірінші автор төрт жыл бойы университеттің баскетбол командасының мүшесі әрі бақылаушысы ретінде мүше болған. Екі автор да ойыншылармен «қарқынды сұхбат жүргізіп, таспаға жазып отырды». Көрсеткен нәтижелер авторларды спорттық ойын түрлеріне қатысу студенттердің оқу үлгеріміне кері әсерін береді деген нәтижені қорытындылауға мәжбүрледі. Мұның себептері: спорттық бағдарламаларға қатысушылар көбіне академиялық бағыттан ауытқып кетеді және әртүрлі ықпалдар олардың академиялық бағыттан барған сайын алыстауларына себеп болады. Мысалы, бір студент өз пікірін былай білдірді: «Егер мен басқа студенттер сияқты болсам, әрине, оқу үлгерімім әлдеқайда жақсы болар еді, алайда егер біз сияқты ұзақ уақыт доппен ойнап, шұғылданатын болсаңыз, жақсы оқитын студент қатарына іліне алмайсыз. Қазіргі менің қалауым орта деңгейлі оқу үлгерімін көрсететін студенттер қатарында болу... Барлық берілген тапсырмаларды орындауға уақытың болмайды» (Адлер және Адлер, 1985: 247). Бұл зерттеу, сапалық зерттеудің теория құрумен әдеттегі байланысын көрсетуімен қатар, оның тестілеу, дәлелдеу жұмыстарын жүргізуде де қолданылғанын көрсетіп отыр.

Сонымен қатар Адлер және Адлер зерттеуі университет атлеттері өздерінің әлеуметтік жағдайын қалай бағалайтынына көңіл аудара отырып, эпистемологиялық бағытта барынша интерпретивистті болғанымен,

қол жеткізген нәтижелерде конструктивизмнен гөрі объективизмге жақын сөз астарлары бар. Мысалы, авторлар студенттердің оқу үлгерімін «демографиялық ерекшеліктері мен орта мектепте алған тәжірибелерімен салыстырғанда, университеттегі тәжірибелеріне көбірек байланысты» деп сипаттауы (Адлер және Адлер, 1985: 249), олардың әлеуметтік өмірді «тысқары» деп алып және оның формалды, объективті сапасы болатынын көрсетіп отыр. Сандық көрсеткіштердің өте аз мөлшерде болуы немесе кей жерлерде тіптен болмауы, осы зерттеуді сапалық зерттеуге мысал ретінде көрсетеді, алайда мұнда 2.1-кестеде көрсетілген барлық сипаттар жоқ. Осыған ұқсас алдыңғы тақырыптардың бірінде Вестергард және оның авторластары (1989) айтып кеткен зерттеу жұмысындағы шектен шығушылық салдарлары осы ұғымдар мөлшерінің аса көптігімен байланысты сапалық зерттеу бола алады, алайда жұмыссыздық теориясын немесе шектен шығушылық тәрізді шиеленіскен өмір жағдайын тексеруге аз дәлелдер берілген. Мұның орнына, жұмыссыз қалғандардың жұмыс табуда қандай тәсілдер қолданып жатқандары, олардың қандай жұмысқа ниет білдіріп жүргендері және саяси көзқарастары жайлы пікірлерін біліп, нәтижелер осы сұрақтар маңында жинастырылған. Және сандық зерттеу болғанына қарамастан интерпретивисті сөз астарлары көбірек болған.

Осы тарауды қорытындылай келе, тоқталатын пікір – сапалық және сандық

зерттеулер әртүрлі зерттеу стратегияларын ұсынады және олардың әрқайсысы теория, эпистемологиялық мәселелер, онтологиялық мәселелер терминдерімен қосылғанда біршама айырмашылықтар көрсетеді. Алайда бұлар күрделі айырмашылықтар емес: бір зерттеу стратегиясының сипаттарын кең көлемде қамтыған зерттеулер тағы басқа бір стратегияны да қамти алады. Сапалық және сандық зерттеулердің ортақ сипаттары жайлы 26-тарауда кеңінен айтып өтемін. Тек қана осы жазылғандар емес, сонымен қатар көптеген әлеуметтанушылар осы аталып отырған екі зерттеу стратегиясы барлық ғылыми-зерттеу жобалары аясында біріктіріле қолданыла алады дегенді тұжырымдап отыр, 27-тарауда осы пікір толығымен қарастырылған. 27-тарауда қазіргі таңда көп айтылып жүрген **зерттеудің аралас тәсілін** қарастырамын. Бұл термин осы күндері сапалық және сандық зерттеулермен байланысты тәсілдерді біріктірген зерттеулерде кеңінен қолданылып жүр.


2.8- және 2.9-тақырыптарындағы зерттеуде аралас тәсіл зерттеулеріне мысалдар келтіремін. Зерттеуді аралас тәсілдер арқылы жүргізудің мәнісін алдын ала ашу мақсатында осы жерде кіріспе мәлімет жазылған, сандық және сапалық зерттеулер арасында жік болмауын және жүргізілмеуін көрсетуді көздеп отырмын. Екі тәсілді салыстыра отырып, олардың үйлеспейтінін көруге болады. 2.8- және 2.9-тақырыптарындағы зерттеуде оларды нәтижелі түрде бір жобадан ұсынамыз. Және осы пункт 27-тарауда да тереңірек қарастырылатын болады.



2.8 Зерттеу нысаны

Зерттеудің аралас тәсілдеріне мысал

2001 жылы Британияның мал шаруашылығы саласында ірі қара малдарда аусыл ауруы пайда болып, бұл адамдардың өзара қарым-қатынастарына да қиындықтар туындатты. Пуртинг және авторластары (2004) қоғамның осы оқиға жайлы мемлекеттің беріп отырған мәліметтеріне қаншалықты сенетіндерін және мал ауруымен байланысты қатерді қалай қабылдағандарын білуге тақырыптық қызығушылық танытты. Мұндай мәселелерге қызығушылық танытуларының себебін, зерттеушілер әлеуметтің осы орын алған күйзеліске деген көзқарастары өте маңызды тақырып екенін, сонымен қатар соңғы жылдары әлеуметтің назарын өзіне аударып отырған «әлеуметтік күйзеліс» (Бек 1992) ұғымымен байланысты мәселелерді талқылауға мүмкіндік беретінін айтып түсінді. Аурудың қатты өршіп тұрған кезінде, 2001 жылдың 2-5 сәуірінде, авторлар Корнуолдағы Бюдд және Норфолктағы Норвич тәрізді екі қарама-қарсы орналасқан аймақта **өз бетінше толтырылатын сауалнама** (10-тарауды қараңыз) жүргізді. Аусыл ауруының ауыл шаруашылығына тигізген әсері әртүрлі болғандықтан, дәл осы екі аймақ таңдалып алынды. Сауалнамаға мынадай сұрақтар енгізілді: аурудың індетке айналып кеткенін қабылдау деңгейі (мысалы: «Мен ірі қара малдың аусыл ауруынан адам денсаулығына қандай да бір әсері болар ма деп қорқамын»); аурудың жайылуына кім кінәлі екенін талқылау; мемлекеттің аусыл ауруының алдын алу тәсілдеріне қатысты келісім деңгейі; ауру жайлы мағлұмат беріп жатқан ақпарат көздеріне сенім деңгейі; және сауалнамаға жауап беруші жайлы мағлұмат, мысалы, ауыл шаруашылық немесе туризм саласымен қандай да бір байланысы бар ма? Сондай-ақ сапалық зерттеу тәсіліне жататын **фокустық топ** тәсілі қолданылды (21-тарауды қараңыз). 2001 жылдың мамыр және маусым айларында осы сауалнаманы жүргізген адамдарды қайта жинап, сол сауалнамада жазылған ірі қара малдың аусыл ауруы жайлы сұрақтар өздеріне қойылды. Фокустық топтың арасынан, сауалнамада фокустық топтың талқылауларына қатысуға келісім беремін деп белгілеген мүшелерін ғана жинады, нәтижеде фокустық топтың үш талқылау отырысы орын алды. Сауалнама деректеріне орай мәліметтер, мысалы, әртүрлі ақпарат көздеріне деген сенім деңгейінің көрсеткіші тәрізді дайын болғанда, фокустық топ «адамдардың аусыл ауруы жайлы түсініктерінің астарын, әсіресе себептері жайлы құнды, қосымша ақпарат» жинай алды (Пуртинг және авторластары, 2004: 86). Нәтижеде, зерттеушілер аусыл ауруының нәтижесінде ауыл шаруашылығында орын алған қиыншылықтарға қатысты толық мағлұматты дер кезінде жинады; сапалық немесе сандық зерттеу тәсілдерінің біреуі ғана қолданылса, мұндай нәтижеге қол жеткізу екітұлай еді. Зерттеудің аралас тәсілінің осы және басқа да мүмкін артықшылықтары жайлы 27-тарауда қарастырылады.



Әлеуметтік зерттеулер жүргізуге әсер ететін факторлар

Әлеуметтік зерттеулер көптеген факторлардың ықпалына түсетіні жайлы жалпылама түсінік ала бастадық. 2.3-сызбада осы күнге дейін қарас-

тырылып келген ықпалдары жинақталып көрсетілген және тағы да екі түрі қосылды – пайымды пікір мен тәжірибелік ұғым ықпалдары.



2.9. Зерттеу нысаны

Зерттеудің аралас тәсілдеріне мысал

Зерттеудің аралас тәсілдеріне келтіріліп отырған осы екінші мысал, бәлкім Ұлыбританиядағы – Мәдени Капитал және Әлеуметтік шеттету (МКӘШ) тәсілі қолданылған – ең үлкен зерттеулердің бірі. 2.1-тақырыбында жазылған зерттеуде МКӘШ жобасы Бордьюдің терең ықпалында болды және сондай-ақ мәдени капитал мен оның әлеуметтік бөлімдерді ұдайы қалыптастырудағы рөлі осы зерттеуде оның терең ықпалымен қарастырылды (Бордью 1984). МКӘШ Бордьюдің әлеуметтік зерттеу тәсілі ықпалына іліккенде, зерттеушілер әдіснамалық тәсіл болып табылатын теориялық тәсілді қолдану туралы бірқатар ескертпелер айта бастады және оның уақытқа байланысы жоқ реттілігі мен аймағы (Франция) туралы да айтылды. Бұл зерттеу үш сұраққа қатысты жүргізілді:

- «Британияның мәдени капиталының табиғаты неде? Мәдени капиталды таптық күйге бөлудегі ерекше бөлімдеріне байланысты әлеуметтік шеттетудің қандай түрлері пайда болды?»
- «Экономикалық капитал, әлеуметтік капитал және мәдени капитал арасында қандай байланыстар бар, сондай-ақ мәдени капитал капиталдың басқа түрлерімен қалай байланысқан?»
- «Мәдени капитал әлеуметтік шеттетудің үлгілеріне қарсы қандай рөл атқарады? Мәдени саясатты дамыту жайлы көбірек мағлұмат білу әлеуметтік шеттетудің нұқсандарының орын толтыруға қалай көмектесе алады?»

(www.open.ac.uk/socialsciences/cultural-capital-and-social-exclusion/research-questions.php (2010 жылдың 13 тамызынан бастап қолданыста))

Зерттеуге қатысты осы үш сұрақтың әрқайсысы өз алдына бірнеше сұрақтарды қамтиды. Зерттеудің осы мәселелерін шешу мақсатында, авторлар үш маңызды әлеуметтік зерттеу тәсілін қарастырды:

1. Өз алдына ерекшеліктеріне байланысты жиырма бес фокустық топ құрылды, мысалы, пакистандық орта тап, сырттай бақылаушылар, жекеменшік иегері.
2. Ұлыбританияда қайталап таныстырмалы іріктеме арқылы 1,781 респонденттердің қатысуымен стандартталған сұхбат жүргізілді.
3. 30 үйдің 44 тұрғынымен жартылай стандартталған сұхбат жүргізілді. Сұхбатқа қатысушылар әлеуметтік демографиялық және мәдени капиталдық ерекшеліктеріне қарай жасалған бақылаулар нәтижесінде таңдалып алынды. Сұхбат алушылар, сонымен қатар өздері сұхбат алуға барған үйдің жағдайы туралы да мәліметтер жазып отырды. Осыған қосымша, кезектегі сұхбатқа қатыспай қалғандары анықталғанда, 11 сұхбат алушы «таңдаулы элиталы» жеке тұлғалармен жұмыс істеуге бөлінді.

Осылайша МКӘШ сапалық зерттеу тәсілінің екі түрін (фокустық топ және жартылай стандартталған сұхбат) және сандық зерттеу тәсілінің бір түрін (стандартталған шолу сұхбаты) қамтиды. Осы зерттеуде аралас тәсілдерді қолдану зерттеушілерге бірнеше рөлдерді толықтырып берді. Мысалы, фокустық топтар зерттеліп жатқан тақырыпқа қатысты нәтижелерді қарастыра отырып, шолу сұрақтарын құрастыруға да қатысты. 27-тарауда аралас тәсілдерді қолданудың пайдасы жайлы айтып өтемін, ол жерде МКӘШ элементтері аралық тарауларда қолданылатын болады.

Дерекнама: Силва және Райт (2008); Беннет және авторластары (2009); Силва және авторластары (2009); www.open.ac.uk/socialsciences/cultural-capital-and-social-exclusion/project-summary.php (2010 жылдың 13 тамызынан бастап қолданыста).


Пайымды пікірлер немесе бағалау

Пайымды пікір зерттеушінің дербес сенімдерін немесе сезімдерін қамтиды. Бір қарағанда, біз әлеуметтанушылар пайымды пікірлерден алшақ және өз зерттеулерінде объективті болуы керек деп күтеміз. Және тәжірибе адамының жалған сенімінен туындаған зерттеу жарамды болып табылмайды, себебі бұл сол тәжірибе адамының субъективтілігінен туындап отыр деп тұжырымдауға болады. Қазіргі таңда мұндай көзқарастарды ұстану әлеуметтанушылар арасында өте сиреп барады. Эмиль Дюркгейм (1858-1917) бұл жайлы жазғанында, әлеуметтік деректерді жай бір заттар ретінде қарастыруда тыйым салуды жақтаушы ретінде «алдын ала пішілген, біржақты пікірлер жойылуы тиіс» деген пікірін жазды (Дюркгейм 1938: 31). Пайымды пікірлер алдын ала пішілген пікір болғандықтан, ол бұл пікірлерді насихаттауда тек қана жанамалау тәсілімен зерттеуде қолданып, оларды басып тастауды көздеген еді. Біздің заманымызда оның көзқарасына сенім білдіру екіталай, себебі зерттеушілер үнемі қарастырып отыруды қажет ететін пайымды пікірлерді ұстану мүмкін емес деген үдемелі пікірлер айтып жатыр. Олар әлеуметтік зерттеулерде кез келген немесе барлық мәселелерге араласып кете алады:

- Зерттеу саласын таңдауда;
- Зерттеу сұрақтарын құрастыруда;
- Әлеуметтік зерттеу тәсілін таңдауда;

- зерттеу жүргізу және дерек жинақтау тәсілдерін бекітуде;
- деректер жинақтауды жүргізуде;
- деректерді сараптауда;
- деректерді түсіндіруде;
- қорытындылар жасауда.

2.3-сызба



Сондықтан пайымды пікірлерге бейім және араласып кетуіне мүмкіндік беретін көптеген пікірлер туындауы мүмкін. Пайымды пікірлер зерттеу барысында кез келген пунктте араласып кете алады. Зерттеуші оған түсінік танытып, тіптен мақұлдап қолдануы да мүмкін, алайда жаңадан бастап жүрген зерттеушілерге осындай осалдық немесе алғырттық танытудан сақ болыңыз деймін. Бұл көбіне сапалық зерттеу стратегиясын қолданатын зерттеушілерде кездесетін сипат, соның ішінде олар өздері зерттеу жүргізіп жатқан адамдармен енгізілген бақылау немесе қарқынды сұхбат жүргізу арқылы осы зерттеу жүргізіп отырған адамдарды соншалықты жақын тартса, бұл әлеуметтанушы ретінде өз көзқарасын субъектінің көзқарасынан айыруды қиындатады. Бұл мүмкіндік Бек-

кер (1967) әлеуметтанушыларға ұсынған ұтылған топтарға тілектес болу үрдісімен қосылса, тағы да күшейе түсуі мүмкін. Сонымен қатар әлеуметтанушылар да зерттеп отырған адамдар тарапынан кері әсерленуі мүмкін. Әлеуметтанушы-антрополог Колин Тернбулл (1973) өзінің африкалық Ик тайпасында жүргізген зерттеуінің нәтижелерін жариялады. Тернбулл өз көргендеріне қайран қалды: жастары оларды тастап кеткен, тек қана сүйіспеншіліксіз (және оның ойынша сүйкімсіз) қалған өлім алдындағы қарт адамдар. Осы жағдайға жеткізген шарттарды жазуға келгенде Тернбулл, әсіресе осы тайпамен бірге болған алғашқы күндері жайлы өз жиіркенішін жасырмады. Алайда осы жиіркеніш Батыстың жанұя жайлы құндылықтары болып табылады, соған қарағанда, оның ойынша осы көргендері оның түсінігіне ықпал ететіні анық.

Пайымды пікірлерге және оған бейім барлық сұрақтарға байланысты тағы бір көзқарас: ол зерттеу пайымды пікірлерден ешқашан алшақ бола алмайтынын ұғыну және қабылдау, алайда осы пайымды пікірлердің зерттеу барысында еніп кетпеуін қамтамасыз етіп және өздігінен рефлекторлық танытып (17.5-негізгі ұғымдарын қараңыз) және осындай ықпалдардың әсеріне **рефлекторлық** таныта білу керек. Тернбулл (1973: 13) өзінің Ик тайпасы жайлы кітабының басында былай деп жазды: «оқырмандар жазушының осы салада көздеген мақсаттары, болжаулар, үміттер мен көзқарастары жайлы білуге құқылы,

шағын кіріспе мағлұмат берілмеген болса оқырмандар пайымды пікірлер таныта отырып, жазушының қалай жазатынына ғана емес, оның нені жазатынына да араласа бастайды».

Зерттеушілер өздерінің бағыттары мен болжамдары және олардың ықтимал нәтижелерге қалай ықпал ететіні жайлы оқырмандармен алдын ала бөлісуді соңғы кездері көп қолданып жүр. 1970 жылдардың ортасында әлеуметтік зерттеу тәсілдері жайлы кітаптарда берілген жалпылама тәсіліне қарағанда, зерттеудің бір бөлігінің нені көрсететіні жайлы мысал келтіріп ішкі мәліметтер жинағын қолдалану тәсілі артты (осы кітап осыған мысал бола алады!). Бұл жинақтар көбіне «сыр ашу» деп аталады, бұл жазушының өзіндік бейімділігі жайлы ашық жазуына дайын екенін көрсетеді.

Тағы бір тәсіл: пайымдаушы пікірлерге негізделген зерттеулер жайлы тұжырымға келу. Осылай пайымдау – әйел адамдарға арналған зерттеулер тек қана әйел адамдар арасында өткізілсе, әйел адамдардың саяси қажеттіліктерін кеңінен қамтиды деген кейбір феминистік көзқарастағы зерттеушілердің ұстанымы. Миистің (1993: 68) тұжырымдамасында осы феминистік көзқарастағы зерттеулер «зерттеу объектісімен жартылай сәйкестігіне байланысты саналы біржақты болуы, зерттеліп отырған объектіге қарсы бейтарапты және немқұрайлы пайымдаушы пікірлерден арылған зерттеулердің жорамалы» деп жазылған (түпнұсқадан үзінді).



Студент тәжірибесінен

Зерттеу сұрақтарына феминизмнің ықпалы

Сара Хансон өзінің зерттеуінде, әсіресе зерттеу сұрақтарына феминизмнің ықпалы жайлы өте анық жазған.

«Менің зерттеу жобам, феминистік теорияны қолдана отырып сараптама мағынасын түрлендіру тәсілімен бірлестіре, әйел адамдарды әйелдерге арналған бес журналдың алғашқы беті арқылы таныстыруға бағытталады. Жоба барысында мен әйелдерге арналған журналдардың табиғатын түсінуге, осы журналдардың әйелдердің өздеріне деген сезімдеріне ықпал етуін және осы ықпалға қатысты журналдардың алатын орнын анықтауға тырыстым. Өзіме-өзім сұрақ қойдым: әйелдерге арналған журналдар әйелдердің жеке тұлғалығын қалыптастырады ма әлде күйретеді ме және өз қадірін сезінуді немесе өзін-өзі тексеруді мадақтайды ма? Суреттер мен мәтіндердің астарындағы мағыналарын негізге ала отырып, мен теория мен шындықты бірлестіргім келді.

Осыған ұқсас, мемлекеттік емес ұйымдар (МЕҰ) мен сексуалды бағыттағы жұмысшылар жайлы зерттеуінде Эрин Сандерс былай деп жазды: «зерттеу барысында феминистік тәсіл қолданылды: зерттеуге қатысушылармен «зерттеу жүргізуші» емес «дос» ретінде қатынас құруға тырыстым» дей келе, жазбаларын былай деп жалғастырған:

«Мен феминистік тәсілді таңдадым, себебі зерттеу жұмысында сенімсіздік теңгерімінің болғанын қаламадым. Арада бірнеше сенімсіздік тудыратын мәселелер бар еді, мысалы, мен жайлы «ақ терілі», «ақ терілі еместерден» сұхбат алып жүрген «батыс» әйелі, «батыстық емес» сексуалды бағыттағы жұмысшылар және тағысын тағы пікірлер көп қалыптасатын еді, сондықтан мен осы феминистік көзқарасты таңдауым сенімсіздікке қатысты біраз мәселені жеңілдетеді деп үміттендім».



Сара мен Эриннің зерттеу жұмыстарымен көбірек танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Феминизмнің пайымдаушы пікірлерге қатысты маңыздылығы барған сайын артып барады. Сонымен қатар, 1980 жылдардың басында кейбір феминист әлеуметтік зерттеушілер сандық зерттеумен байланысты қағидалар мен тәжірибелер әйелдер арасында жүргізілген феминистік зерттеулермен үйлеспейтінін айтқан. Оуклей (1981) тәрізді әлеуметтанушылар үшін сандық зерттеулер осы зерттеу стратегиясында кездесетін жетекші бақылау құндылықтарымен байланысқан, мыса-

лы, зерттеу субъектісін/қатысушысын бақылау және зерттеудің құрамын және жағдайды бақылау мүмкіндігінің болуы. Сонымен қатар, зерттеу үдерісі бір бағытта ғана жүргізіліп жатқандай болған, демек зерттеушілер зерттеп жатқан адамдардан мағлұмат алады, ал алмасуға берері аз, кейде тіпті ешнәрсе бермейді. Көптеген феминистер үшін мұндай стратегия пайдаланып қалумен ғана шектеледі, ал бұл түсінік феминизмнің достық қатынас құндылықтарына жат және әйелдер

арасындағы қатынасқа иерархиялық емес болғандықтан жанаспайды. Осылайша феминистер сандық зерттеуді жаратпай, сапалық зерттеуді жақсырақ деп тапты. Және де сапалық зерттеу феминизмнің құндылықтарымен үйлесімді болып табылғанымен қоса, осы құндылықтарға бейімді екені де байқалды. Нәтижеде, феминистік көзқарастағы сапалық зерттеу, зерттеуші бейтарап пайымдаушы пікір тәсілін қолданбайтын және зерттеу құралдарына сай респондент ретінде емес, адамдар арасына қатысушы ретінде араласып, оларға жақын бола отырып зерттеді. Феминизм ұстанымы сапалық және сандық тәсілдердің екеуіне де қатысты пайымдаушы пікірлердің әлеуметтік зерттеу үдерісіне ықпал ететін көрсетеді. Соңғы жылдары феминизмнің сандық зерттеуге қарсы қатаң көзқарасы біраз әлсірегенін байқаймыз. Кейбір зерттеушілер сандық зерттеудің, әсіресе, сапалық зерттеумен бірге қолданылғандағы, лайықты және бейімді жақтарын мойындады (Джаяратне және Стюарт, 1991; Оукли, 1998). Бұл мәселе 17, 26 және 27-тарауларында тағы да қарастырылады.

Осыдан, пайымдаушы пікірлерге және пайымдаушы пікірлердің еркіндігіне байланысты әртүрлі көзқарастар шығады. Бұрынғыға қарағанда, объективтік қағида іске асуы мүмкін деген пікірді ашықтай жариялайтын зерттеушілер саны барған сайын азайып барады. Сандық зерттеушілер объективтік аураны қолданып жазатын тәрізді көрінеді (Мииз 1993), алайда біз олардың бұл көзқарасқа қалай жеткенін білмейміз. Осы күндері объективтіліктің шектілігі жайлы жеткілікті мәліметтер бар, сондықтан кейбір аңғырт деп айтпасақ та соншалықты сенімді мәлімдемелер, мысалы, Дюркгеймнің мәлімдемесі,

жағымсыз пікірге ілігіп отыр. Пайымдаушы пікірлердің әлеуметтік зерттеуді жүргізуде ары қарай алатын орны этникалық қағидаларды немесе стандарттарды сақтау жайлы тақырыпта, 6-тарауда қарастырылады.

Тәжірибелік ұғымдар

Тәжірибелік мәселелердің маңыздылығы мен мағыналығын әлеуметтік зерттеу жүргізгенде естен шығармауымыз керек. Бұл мәселенің көптеген түрлі өлшемдері бар. Біріншісі зерттеу стратегиясы, үлгісі немесе тәсілі зерттеуге ұсынылып отырған сұрақтың ерекшеліктеріне байланысты болуы керек. Егер әлеуметтік құбылыстың әртүрлі себептерінің салыстырмалы маңыздылығын айқындауды көздесек, біздің талаптарымызға сандық стратегия сай келетін тәрізді, бұл тақырып 7-тарауда көрсететініміздей себептерді бағалай білу туралы өзекті мәселеде талқыланады. Керісінше, егер біз белгілі бір әлеуметтік топтың мүшелерінің өмірге көзқарасын айқындауға талпынсақ, қатысушылардың өздерінің әлеуметтік өмірі жайлы әңгімесінің әсерін сезіну үшін сапалық зерттеу стратегиясының бағытын ұстау дұрыс шешім болады. Егер зерттеуші бұдан бұрын ешқашан тексерілмеген, шын мәнінде еш дерек жоқ тақырыпты зерттеуді ойласа, сандық стратегияны қолдану қиындықтар тудырады, себебі бұл тақырыпта тиісті әдебиеттер, мәліметтер жоқтың қасы. Осы арада зерттеуші үдеріс қажет екенін және осыған орай сапалық зерттеу зерттеушілердің талабына көбірек сай екенін көреміз, өйткені ол теорияны дәлелдеп шығарудан гөрі осы теорияны құрастырумен байланысты (2.1-кесетсін қараңыз) және

зерттеу үдерісіне стандартталмаған тәсілдің қолданылуымен де (17- тарауын қараңыз) ерекшеленеді. Тағы бір өлшем тақырыптың ерекшелігі мен зерттеуге қатысушы адамдарға байланысты. Мысалы, зерттеуші заңсыз әрекет етуші адамдар немесе топтармен өзара әрекет ету керек болса – мысалы, гангстерлік зорлық (Патрик, 1973), есірткі саудасы (П.А. Адлер, 1985) немесе адам ағзаларын сататын қылмыстық орта (Щепер-Хагс, 2004) – олармен әлеуметтік шолу жүргізу, осы тақырыпқа қатысты субъектілермен байланыс құру немесе олардың сеніміне кіру екіталай. Шындығында, осындай тақырыптарға немесе қатысушыларға қатысты зерттеу жүргізу пікірінің өзі күлкілі. Мұндай салдарлар болатыны таңғалдырмайды, сондықтан осы саладағы зерттеушілер б-тарауда қарастырылған этикалық дилемма түрлеріне қарамастан, зерттеуге қатысушы субъектілердің ықпалын өзіне бұрып алуға немесе кей жағдайларда

өздерінің зерттеуші екенін жасырып қалуға мүмкіндіктерді қарастырып, сапалық зерттеу жүргізуді таңдайды. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 2.4-тақырыбының мысалға келтірілген зерттеу нысанындағы гипотеза сапалық зерттеудің қатысушы бақылау тәсілімен тексерілгенге ұқсамайды.

Эпистемология, онтология және тағы басқа тақырыптардағы пікірталастарға толы философия тәрізді жоғары ғылым саласындағы көптеген жарыссөздермен салыстырғанда, осы тәжірибелік ұғымдар қапарайым және қызықсыз болып көрінуі мүмкін. Алайда бұл алдамшы көрініс және бұл тақырыптар да өте маңызды. Барлық әлеуметтік зерттеулер мінсіз және шындыққа жанасуымен біріккен. Осыған орай зерттеліп отырған тақырыптың немесе субъектінің ерекшеліктері және зерттеушінің ең қолайлы тәсілді таңдауына байланысты ең дұрыс шешім таңдауда мәселе аса ұлғайып кететін көптеген жағдайлар орын алады.



Студент тәжірибесінен

Әлеуметтік зерттеу тәсілін таңдаудағы тәжірибелік талқылау

Ребекка Барнердің әйелдерді бір жынысты сексуалды қатынаста жәбір көруіне байланысты жүргізген зерттеуіне жартылай стандартталған сұхбат жүргізу тәсілін таңдап алуына себеп болған бір фактор – тақырыптың өте сезімтал болуы және сұхбатқа қатысушылардың жауаптарынан сезім әсерлерін көру қажет еді.

«Зерттеу жүргізілетін тақырыптың сезімталдығын ескере отырып, осы жартылай стандартталған тәсілмен, терең мағыналы сұхбат алуды дұрыс деп таптым. Бұл маған жәбір көру жайлы сұраққа жауап беру кезінде әйелдердің эмоциялық жауаптарын бақылауға және зерттеуге және кез келген шиеленістің немесе басқа да кері әсерлі сезімдердің алдын алуға мүмкіндік туғызды».



Ребекканың зерттеу жұмысымен көбірек танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/



Негізгі ұғымдар

- Сандық және сапалық зерттеулер әлеуметтік зерттеулерге әртүрлі тәсілдер ұсынады, сонымен қатар өздерімен бірге маңызды эпистемологиялық және онтологиялық ұғымдар енгізеді.
- Теория зерттеу жүргізерден бұрын бар болғандай сипаттала алады (сандық зерттеудегідей) немесе сол зерттеу нәтижесінде теория қалыптасатындай сипаты да бар (сапалық зерттеудегідей).
- Эпистемологиялық ұғымдар зерттеу стратегияларын қарастырғанда асыра сипатталған. Көбіне бұл интерпретивизмге қарсы жаратылыстану ғылымдарының үлгісін қолдану қажеттілігі жайлы мәселеге айналып кете береді.
- Объективизмнің конструктивизмге қарсы онтологиялық ұғымдары да сапалық/сандық қайшылықтың маңызды өлшемдерін құрайды.
- Пайымдаушы пікірлер зерттеу үдерісіне кез келген уақытта еніп кетуі мүмкін.
- Әлеуметтік зерттеу тәсілдері жайлы шешімдердің тәжірибелік мағыналары да маңызды факторлар болып табылады.
- Феминист зерттеушілер сапалық зерттеуге айрықша ықылас танытады, алайда осы мәселеге байланысты пікірлердің өзгергені туралы дәлелдер бар.



Қысқаша шолу сұрақтары

Теория мен зерттеу

- Егер сіз қандай да бір әлеуметтік зерттеу жүргізетін болсаңыз, оның тақырыбы қандай болар еді және сіздің таңдауыңызға қандай факторлар әсер етті? Сіздің ойыңызша теорияға жүгіну қаншалықты маңызды болды?
- Өз мысалыңызды келтіре отырып, маңызды және орта деңгейлі теориялар арасындағы айырмашылықты көрсетіңіз.
- Индуктивті және дедуктивті теориялар арасындағы айырмашылықтар қандай және айырмашылық не үшін маңызды болып табылады?

Эпистемологиялық ұғымдар

- Мына көрсетілген терминдердің мағынасын түсіндіріңіз: позитивизм; реализм; интерпретивизм. Олардың әрқайсысын жеке түсіну неліктен маңызды?

- Эпистемологиялық ұғымдардың зерттеу тәжірибесіне қандай ықпалдары бар?
- Онтологиялық ұғымдар**
- Эпистемологиялық және онтологиялық ұғымдар арасындағы негізгі айырмашылықтарды атаңыз.
 - Объективизм және конструктивизм дегеніміз не?
 - Сапалық зерттеуге қызығушылықтың артуына ерекше әсер еткен қандай теориялық пікірлерді білесіз?

Зерттеу стратегиясы: сапалық және сандық зерттеу

- Сапалық және сандық зерттеулер арасындағы негізгі айырмашылықтарын мына шарттарға байланысты көрсетіңіз: теория мен деректер арасындағы қатынастарына қарай; эпистемологиялық ұғымдарға қатысты; онтологиялық ұғымдарға қатысты.
- Сандық зерттеудің теорияларды дәлелдеумен және сапалық зерттеудің теорияларды құрастырумен жеке дара байланыстары қандай?

Әлеуметтік зерттеулер жүргізуге әсер ететін факторлар

- Әлеуметтік зерттеулерге әсер ететін кейбір маңызды ықпалдарды атаңыз.



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/


Әлеуметтік зерттеулер стратегиясы жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралдары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз, бұл сонымен қатар зерттеу жұмысыңызды бастауға шабыттандырады.

3-тарау

Зерттеу жобасы

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	89
Әлеуметтік зерттеу өлшемдері	91
Сенімділік	91
Қайтара зерттеу	91
Заңдылық	92
Зерттеу стратегиясымен өзара әрекеттестік	94
Зерттеу жобасы	97
Эксперименттік жоба	97
Кросс-секциялық жоба	116
Созылмалы зерттеу жобасы	118
Жеке тақырыптық зерттеу жобасы	122
Салыстырмалы жоба	132
Зерттеу стратегиясы мен зерттеу жобасын бірге қолдану	138
<i>Негізгі ұғымдар</i>	140
<i>Қысқаша шолу сұрақтары</i>	140





Тараудың қысқаша мазмұны

Зерттеудің әртүрлі зерттеу жобаларына көңіл бөле отырып, деректер жинақтау мен оларды талдаудың бірнеше құрылымдарына назар аударамыз. Зерттеу жобасы әлеуметтік зерттеуді бағалауда қолданылатын критерийлерге жатады. Сондықтан ол – зерттеуші үшін маңызды критерийлер мен зерттеу сұрақтарының тиісті жиынтығына сай тиімді дәлелді анықтауға арналған құрал. Тараудың мазмұны:

- Әлеуметтік зерттеудің сапасын бағалау үшін сенімділік, қайталама және заңдылық өлшемдері ұсынылып отыр. Заңдылық өз кезегінде тарау барысында қарастырылатын бірнеше өлшемдерді қамтиды: өлшем заңдылығы; ішкі заңдылық; сыртқы заңдылық; экологиялық заңдылық.
- Мұндай өлшемдер көбіне сандық зерттеуге қатысты қолданылады деген болжаммен қатар сапалық зерттеумен байланысты баламалы өлшемдер жинақтары қолданылуы керек. Нақтылық мәселесімен тікелей байланысқан осы баламалы өлшемдер жинағы қысқаша қамтылған.
- Бес маңызды зерттеу жобалары бөлініп көрсетіледі;
 - Экспериментті және байланысты зерттеу жобалары (мысалы, квази-эксперимент);
 - Кросс-секциялық зерттеу жобасы, зерттеу жұмыстырында ең көп қолданыстағы жоба;
 - Созылмалы зерттеу жобасы және оның түрлері, мысалы қайтара зерттеу және топтамалық зерттеу;
 - Жеке тақырыптық зерттеу жобасы;
 - Салыстырмалы зерттеу жобасы;
- Әрбір зерттеу жобасы зерттеу нәтижелерін бағалаудың өлшемдерімен байланысты қарастырылған.

Кіріспе

Өткен тарауда, зерттеу стратегиясы жайлы пікір әлеуметтік зерттеуге қатысты кең бағытта таныстырылған болатын. Таныстыру бөліміндегі нақты мағлұматтарды әртүрлі зерттеу стратегиялары ретінде сандық және сапалық зерттеулер арасындағы айырмашылықты қарастырылды. Алайда тиісті страте-

гия таңдап алып, қолдану шешімі сіздің зерттеу жұмыстарыңызды алысқа апара қоймайды. Осы арада тағы да екі маңызды шешім қабылдануы тиіс (зерттеу жүргізу және деректер жинақтау жұмыстарында қолданылатын көптеген тактикалық шешімдерді қоса алғанда). Бұл шешімдер зерттеу жобасы мен

әлеуметтік зерттеу тәсіліне байланысты болмақ. Бір қарағанда, осы екі терминнің мағынасы бірдей болып көрінеді, алайда екеуінің айырмашылығын білу өте маңызды (3.1- және 3.2-тақырыптарындағы негізгі ұғымдарын қараңыз).

Әлеуметтік зерттеу тәсілдері зерттеу жобаларының әр түрімен байланыса алады және байланысады. Соңғысы – әлеуметтік зерттеу тәсілін орындауды және кезектегі деректерді талдауды іске асыратын құрылым. Екі терминді көбіне шатастырып алып жатады. Мысалы, осы тарауда қаралатын зерттеу жобаларының бірі – жеке тақырыптық зерттеу жобасы – көптеген жағдайларда тәсіл деп аталады. Оқу барысында көретініміздей, тақырыптық зерттеу жобасы нақты бір мәселені, мысалы, қоғам, ұйым немесе жеке тұлға болсын, жете зерттеуді ұсынады. Дегенмен, реті келіп тұрғанда айта кетейік, әлеуметтік зерттеу тәсілі немесе тәсілдері деректер жинақтауды қажет етеді. Жай ғана ұйымды таңдап алып,

оны жіті қадағалау зерттеуді ешқандай деректермен қамтамасыз етпейді. Сіз бақылап жүрсіз бе? Сұхбат жүргіздіңіз бе? Құжаттарын тексердіңіз бе? Сауалнама жүргіздіңіз бе? Шын мәнінде, сіз осы зерттеу тәсілдерінің бірін немесе барлығын қолдана аласыз, алайда бұл арадағы сыншыл жайт, жеке тақырыптық зерттеу жобасын таңдау өздігінен сізге ешқандай мағлұмат бермейтінін ескеруіңіз керек.

Осы тарауда бес түрлі зерттеу жобасы қарастырылады: эксперименттік жоба және оның түрлері, **квази-эксперимент** те қоса қамтылған; кросс-секциялық зерттеу жобасы; созылмалы зерттеу жобасы; жеке тақырыптық зерттеу жобасы; **салыстырмалы жоба**. Алайда осы жобалардың сипатымен және арасындағы айырмашылықтарын анықтауды бастамас бұрын осы жобалардың кейбірінде немесе барлығында кездесетін әлеуметтік зерттеу мәселелерін алдын ала талқылап алған тиімді.



3.1 Негізгі ұғымдар

Зерттеу жобасы дегеніміз не?

Зерттеу жобасы деректер жинақтау және талдаудың негізін құрайды. Зерттеу үдерісі өлшемдерінің ауқымын таңдалып алынған зерттеу жобасынан көруге болады. Төменде көрсетілген маңыздылықтар осыған жатады:

- **айнымалылар** арасында себеп байланысын білдіру;
- зерттеуге қатысушылардың қатарын құрайтын адамдардан басқа жеке тұлғалардан үлкен топ құру;
- ерекше әлеуметтік мәнмәтінге байланысты әрекетті түсіну және ол әрекеттің мағынасын түсіну;
- әлеуметтік құбылыстардың және олардың өзара әрекеттестігіне уақытша (біраз уақытқа дейін) баға беру.



3.2 Негізгі ұғымдар

Әлеуметтік зерттеу тәсілі дегеніміз не?

Әлеуметтік зерттеу тәсілі дегеніміз – деректер жинақтау техникасы. Бұл өзінің ерекше құралдарын енгізе алады. Мысалы: зерттеушінің басқаларды тыңдау немесе бақылау арқылы жүргізе алатын өз бетінше сауалнама толтыру немесе стандартталған **сұхбат кестесін** толтыру немесе жай ғана қатысушыларды бақылау.



Әлеуметтік зерттеу өлшемдері

Әлеуметтік зерттеуді бағалаудың ең танымал үш өлшемі – **сенімділік, қайталама, заңдылық**. Келесі тарауларда осы өлшемдердің әрқайсысы терең қарастырылады, дегенмен олар жайлы негізгі ұғым беру өте пайдалы болары сөзсіз.

Сенімділік

Сенімділік зерттеу нәтижелерінің қайталамалы болып немесе болмауын қадағалайтын мәселемен байланысты. Термин көбіне әлеуметтік ғылымдардың ұғымдарына (мысалы, жоқшылық, нәсілдік ырымшылық, біліктілігін жоғалту, ортодокстық діншіл) өлшемдердің тиісті түрде қолданылып немесе қолданылмағанын тексеретін мәселелерде қолданылады. 7-тарауда сенімділік пікірі, соның ішінде қандай түрлерге бөлінетіні жайлы мағлұматтар жете қарастырылады. Сенімділік, әсіресе сандық зерттеулермен көп байланысты. Сандық зерттеуді жүргізуші қолданылған өлшем тұрақты ма, емес пе деген мәселені де тексеріп қарауы керек. Егер біз ақыл жетіктігін бағалайтын IQ тест бағасы тұрақсыз екенін және

адамдардың IQ көрсеткіші бір немесе бірнеше рет айрықша өзгерістермен енгізілгенін байқасақ, бұл бағалау өлшемі жайлы күмән туатыны анық. Біз мұндай жағдайларды күмәнді деп есептеп, жүйелілігіне сенім артпайтын едік.

Қайтара зерттеу

Сенімділік пікірі зерттеудің тағы бір өлшеміне жақын – қайтара зерттеу. Кей жағдайларда зерттеуші басқалардың жұмыс нәтижелерін қайталауды таңдап жатады. Бұлай етулеріне белгілі себептер де бар, мысалы, түпнұсқа нәтижелері қарастырылып отырған сұрақтың басқа аспектілеріне сай емес деген пікірдің туындауы. Қайтара зерттеу жүргізу үшін зерттеу жұмысы қайталауға бейім болуы керек, басқаша айтқанда зерттеу жұмысы қайталап жүргізуге мүмкіндіктер қарастыруы керек. Осы арада туындайтын өте айқын ой: егер зерттеуші өз ойын ерекше ашып көрсетпеген болса, қайталау жұмысын жүргізу мүмкін емес. Сонымен қатар, тұжырымдаманың сенімділігін бағалау үшін, осы бағалау басқа біреулер тарапынан берілуі тиіс. Бір қызығы, қайталама әлеуметтік зерт-

теуде аса көп танымал емес, дәлірек айтсақ өте сирек қолданылады. Буравой (1979) ҚШ зауытында тақырыптық зерттеу жобасын жүргізіп жатқанда, осы зауытта отыз жыл бұрын басқа бір зерттеуші (Дональд Рой) тарапынан зерттеу жүргізілгенін біледі, ол өз жұмысын ары қарай қайтара зерттеу ретінде жүргізуді ойлады. Алайда академиялық өмірде қайтараның төмен бағаланатынын ойлап, бұл пікірінен айныды. Ол жазбаларында былай дейді: «Ройдың зерттеу жұмысын қайталау маған алдағы уақытта жұмысқа орналасуымды есепке алмағанда, тіптен диссертацияны ойдағыдай қорғауыма да көмектеспейтінін білдім... Академияда шынайы марапат қайталама жұмыстарынан емес, жұмыстың өзіндік ерекшелігіне қарай беріледі!» (Буравой, 2003: 650). Дегенмен сандық зерттеу тәсілдерін қолданатын көптеген әлеуметтік зерттеушілердің арасында зерттеу өлшемдерінің қайталауға бейім болуы, қайталамалы болуы өте бағаланады. Қайтара зерттеуге мысал ретінде 7.7-тақырыбының зерттеу нысанымен танысыңыз.

Заңдылық

Бұдан кейін де және көптеген жағдайларда, заңдылық зерттеу өлшемдерінің ең маңыздысы болып табылады. Заңдылық зерттеудің жүргізілген шағын бөліміне негізделіп шығарылған ұғымдар тұтастығымен байланысқан. Сенімділік тәрізді заңдылық жайлы пікірлерді келесі тақырыптарда кеңінен қамтимыз, дегенмен осы арада заңдылықтың әдетте қолданылатын маңызды түрлерін атап кеткеніміз дұрыс:

- *Өлшем заңдылығы.* Өлшем заңдылығы ең алдымен сандық зерттеуде және әлеуметтік ғылыми ұғымдарды

бағалауға арналған зерттеулерде қолданылады. Өлшем заңдылығы көбіне сындарлы өлшем деп те аталады. Шын мәнінде, ұғымды қалыптастырған өлшем іс жүзінде сол мағынаға сәйкес келеді ме, тура сол мағынаның түсінігін береді ме деген сұрақ туындайды. IQ тест шыныменде адамның ақыл жетістігіндегі ауытқуларды көрсетеді ме? Егер 2.4-тақырыбында берілген зерттеуді алып қарайтын болсақ, болжамдарды тексеру үшін үш ұғым өлшемнен өткізілуді талап етеді: ұлттық діндарлық, ортоксалды діндарлық және жанұяның діндарлық бағыты. Мұнда жаңадан қалыптасып шығарылатын ұғымдар шынында өлшемдер негізінде қалыптасады ма деген сұрақ туындайды. Егер өлшемдерге бағынбайтын болса, зерттеу нәтижелері шешілмеген мәселе болып, үлкен сұрақ тудырады. Өлшем заңдылығы сенімділікке бағынатынын естен шығармаған жөн: егер ұғымға берілген түсінік тұрақсыз болып, ауытқулар байқалса, ендеше мұндай ұғым сенімсіз және қарастырылып отырған мәселенің заңды өлшемін немесе нақты бағасын қамтамасыз ете алмайды. Басқаша айтқанда, өлшем заңдылығын бағалау сол бағаның сенімділігін алдын ала жорамалдайды. Егер берілген баға қарастырылып отырған мәнмәтіннің тиянақты мағынасын ашып көрсетпегендіктен, сенімсіз деп табылса, бұл баға заңды бола алмайды, себебі заңды өлшем бағалауға бағынатын ұғымды дәріптейді.

- *Ішкі заңдылық.* Ішкі заңдылық негізінде **себептік** байланысқа қатысты мәселелерді қарастырады, бұл жайлы 7-тарауда толығымен қарастырамыз.

Ішкі заңдылық бір немесе бірнеше айнымалылар арасындағы себептік байланыс қорытындысының қиынды болу немесе болмауына қатысты сұрақтарды талқылайды. Егер x нәтижесінде y шығады деп тұжырымдасақ, біз y айнымалысына x жауапты екеніне сенімді бола аламыз ба, мүмкін айқын себеп байланысын тудыратын басқа бір нәрсе бар болар? 2.4-тақырыбында берілген зерттеуде авторлар мынадай тұжырымға дәйексөз келтірген: «мемлекеттегі діндарлық орта оның азаматтарының сенімдеріне үлкен ықпал етеді» (Келли мен Де Граф, 1997: 654). Осы арада ішкі заңдылыққа қатысты туындайтын сұрақ: ұлттық діндарлық, шынымен діндарлық бағытта өзгеріске себеп болатынына сенімді бола аламыз ба және осы анық себептік байланыс шынайы ма және басқа бір нәрселердің ықпалы жоқ па? Себептік мәселелерді талқылағанда, **тәуелсіз және тәуелді айнымалы** ретінде себептік ықпал ететін факторға мән беру тиімділік тудырады (3.3-негізгі ұғымдарын қараңыз). Келли мен Де Граф жүргізген зерттеу жұмысында «бір ұлттың діндарлық ортасы» тәуелсіз айнымалыға жататын болса, «діндарлық сенім» тәуелді айнымалыға жатады. Осы арада «тәуелсіз айнымалы тәуелді айнымалының, кем дегенде бір бөлігіне қатысты екеніне қаншалықты сенімді бола аламыз?» деген ішкі заңдылыққа қатысты сұрақ туындайды.

- **Сыртқы заңдылық.** **Сыртқы заңдылық** зерттеу нәтижелерінің айқын зерттеу мәнмәтінінен тыс пайда

болып немесе болмауымен қатысты сұрақтарды қарастырады. 2.8-тақырыбында қарастырылған Пуртинга және басқаларының (2004) ірі қара малдың аусыл ауруы жайлы жүргізген зерттеуінде деректер Бюд тұрғындары арасынан 229 қатысушы мен Норвих тұрғындарынан 244 қатысушылардың берген мағлұматтарына орай жинақталды. Аурудың таралуын өңдеу жағдайына байланысты олардың зерттеу соңында көрсеткен нәтижелері осы қатысушылардың жауабынан тыс құрастырылуы мүмкін бе? Басқаша айтқанда, егер зерттеу сыртқы заңдылыққа бағынбайтын болса, 473 қатысушының орнына тек қана біреуі жетер еді. Және егер бұл сыртқы заңдылықтарға бағынышты болса, ауру таралған уақытта сол екі қаланың тұрғындарының басым бөлігін зерттеуге қатысуға шақыратынын күтетін едік. Осы арада адамдардың зерттеуге қатысуға қалай таңдалып алынғаны жайлы сұрақ сынға алынады. Сандық зерттеу жүргізушілерін көрнекі мысалдарды көп қолдануы осыдан (8-тарауды қараңыз).

- **Экологиялық заңдылық.** **Экологиялық заңдылық** әлеуметтік ғылыми нәтижелер адамдардың күнделікті өмірлерінде, табиғи әлеуметтік бағдарларында қолданылып немесе қолданылмайтыны жайлы сұрақтарды қарастырады. Сикоурел (1982: 15) айтқандай: «Біздің күнделікті өмірде кездестіріп жатқан жағдайларымыз, пікірлеріміз, құндылықтарымыз, мақсаттарымыз және білім деңгейіміз оларды табиғи ортасында қалай болатыны жайлы оқығандарымызбен

сәйкес келеді ме?» Бұл бағалау, әлеуметтік зерттеулер кейде адамның күнделікті өмірінде орын алып жатқан жағдайлармен аз қатысты, бірақ техникалық жағынан жарамды нәтижелер беруі мүмкін бе деген сұрақты алға шығарады. Егер зерттеу нәтижелері экологиялық заңдылыққа бағынбайтын болса, әлеуметтанушылардың деректер жинағы мен талдау құралдарының молдығы белгілі бір дәрежеде жасанды болып табылады. Әлеуметтанушылар табиғи заңдылықтарға қаншалықты көп араласса немесе табиғи емес заңдылықтар құрастырса, мысалы

сұхбат жүргізуге зертхана немесе арнайы бөлме жасақтаса, нәтижеде экологиялық заңдылыққа бағынбауы соншалықты көбірек болады. Сауалнама арқылы жүргізілетін зерттеулермен қол жеткізетін нәтижелерге өлшем заңдылығы және ішкі заңдылықтың себептік деңгейі қолданылуы мүмкін, сонымен қатар сол сауалнамада салыстыруға қолданылған басқа сұрақтарға қатысты сыртқы заңдылыққа да бағынуы мүмкін, дегенмен сауалнамаға жауап беруде орын алатын жасандылық осы нәтижелерге шектеулі экологиялық заңдылықтар мәнін беруі мүмкін.



3.3 Негізгі ұғымдар

Айнымалы дегеніміз не?

Айнымалы – жағдайлардың өзгеріп отыруының белгісі. «Жағдайлар» ретінде адамдар қарастырылуы мүмкін, сонымен қатар тұрғын үйлер, қалалар, ұйымдар, мектептер немесе ұлттар да кіруі ықтимал. Егер жағдай өзгермейтін болса, бұл жағдай **тұрақты** болып саналады. Егер барлық өндіруші ұйымдарда менеджерлердің ерлер мен әйелдер арасындағы саны пропорциялы болса, мұндай ұйымдардың осы жағдайы ауыспалы емес, тұрақты болады. Әлеуметтанушылар тұрақтылықты зерттеуге аса ұмтылмайды. Айнымалыларды бірнеше түрлерге бөлу кең таралған және ең негізгі *айырмашылық тәуелсіз және тәуелді айнымалылар* арасында қарастырылады. Алдыңғысы соңғысына себептік салдар танытады. Осыған қоса, айнымалыларды, тәуелсіз және тәуелді болса да, араларындағы өлшем ерекшеліктеріне қарай ажырату да маңызды. Бұл сандық деректерді талдау жұмысында маңызды болып табылады. 15-тарауда айнымалының мына түрлері арасындағы айырмашылық кестемен көрсетілген: **аралық немесе арақатынас айнымалылары; реттік айнымалы; шартты айнымалы; дихотомиялық айнымалы**. Осы негізгі түрлері туралы толық түсініктемені 335-беттен оқи аласыз және 15.1-кестесінде бұларға қысқаша анықтама берілген.

Зерттеу стратегиясымен өзара әрекеттестік

Осы араға дейінгі талқыланып келген мәселелердің сапалық зерттеуге қарағанда, сандық зерттеуге көбірек

қатысты болуы – таңғалдыратын ерекшелік. Көптеген жағдайларда сандық зерттеулерге қатысты сенімділік және өлшем заңдылықтары шын мәнінде өлшемдердің адекватты болуына байланысты. Ішкі заңдылық себептік байла-

нысты анықтайтын туралық нәтижелерді қарастырады, бұл мәселе сандық зерттеушілер арасында көптеп талқыға салынады. Сыртқы заңдылық сапалық зерттеуге де қатысты бола алады, алайда зерттеу тақырыптарындағы мәселеге байланысты көрнекілік сұрағында сандық зерттеу саласының анық қолданысы байқалады және осы көрнекі мысалды жетілдіру мүмкіндігін арттыратын мысал әрекеттерді қамтиды. Экологиялық заңдылық мәселесі әлеуметтік зерттеу тәсілінің табиғилығына байланысты және сандық, сапалық зерттеулердің екеуіне де айтарлықтай қолданбалы.

Кейбір әлеуметтанушылар сенімділік пен заңдылық ұғымдарын сапалық зерттеу тәжірибесіне қолдануға ынталанды (мысалы, ЛиКомпти және Гетц, 1982; Кирк және Миллер, 1986; Перакила, 1997), алайда басқа зерттеушілер бұл пікірлер сандық зерттеуде қолданылғандықтан, сапалық зерттеуде қолдануға жарамсыз немесе үйлесімсіз деп тұжырымдайды. Кирк және Миллер (1986) тәрізді әлеуметтанушылар сенімділік пен заңдылық ұғымдарын сапалық зерттеуде қолданды, алайда мағынасын өзгерте қолданғандықтан, терминдер өте аз қолданылған. Кейбір сапалық зерттеушілер өздерінің жүргізген жұмыстарын сандық зерттеуде қолданылатын өлшемдерден басқа өлшемдермен бағалауды, талдауды ұсынады. Линкольн мен Губа (1985) сапалық зерттеу жұмыстарын бағалаудың басқа балама түрлері мен шарттары қажет деп тұжырымдайды. Мысал ретінде, сенімділіктің сапалық зерттеудің өлшемі ретінде керемет үйлесетінін атап

отыр. Сенімділіктің әрбір қыры сандық зерттеу өлшемімен теңдей немесе қатар жүреді.

- *Ықтималдық* – ішкі заңдылықпен тепе-тең: нәтижелер қаншалықты сенімді екенін қарастырады.
- *Орнын басушылық/Алмасушы* – сыртқы заңдылықпен тепе-тең: нәтижелер басқа мәнмәтіндерде қолданылғанын қарастырады.
- *Нақтылық*, сенімділікпен тепе-тең – демек, нәтижелер басқа уақыттарда да қолданылады ма деген сұрақты қарастырады.
- *Растаушылық* – объективтілікпен тепе-тең: зерттеуші өзінің пайымдаушы пікірін жоғары дәрежеге араластырғанын тексереді.

Бұл өлшемдерге 17-тарауда қайта ораламыз.

Хаммерсли (1992а) заңдылықты маңызды өлшем деген пікір білдіріп (эмпириялық пікір ықтимал және шындыққа жанасатын болуы және осы пікірге қатысты қолданылған дәлелдер түрі мен саны есепке алынуы тиіс деген мағынада), екі жақтың ортасында орын алатынын айтып, реттілікті өлшем ретінде қарауды ұсынып отыр. Реттілік қарастырылып отырған тақырыптың осы тақырыптың қатысты салаға немесе сол саланың әдебиетіне қосатын үлесіне байланысты маңыздылығын бағалауда қолданылады. Сапалық зерттеушілер кәсіптерінің ерекшеліктеріне қарай осындай әртүрлі көзқарастағы мәселелерді әртүрлі мақсаттармен байланысады деп тұжырымдайды. Сапалық зерттеудің ерекше сипаттары келесі тарауларда толығымен қарастырылады.



3.4 Негізгі ұғымдар

Натурализм дегеніміз не?

Натурализм – мағыналары өте көп болуымен қатар осы мағыналарының бір-біріне қарама-қарсы болуына мысал болатын өте сирек кездесетін термин. Әртүрлі үш мағынасын анықтап алуымызға болады.

- *Натурализм, зерттеудің – жаратылыстану немесе әлеуметтік ғылымдарының – барлық объектілерін бір салаға жатады деп қарастырады және жаратылыстану ғылымдарының ғылыми тәсілдерінің қағидаларына бағынады.* Осы мағынасы барлық болмыстар бір істің барысымен жүреді деген позитивизмнің анықтамасымен бірдей және жаратылыстану ғылымдары мен әлеуметтік ғылымдардың объектілері арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін білдіреді (М.Уллиам 2000). Көптеген жаратылыстану ғалымдарына бұл қағида жаратылыстану немесе әлеуметтік ғылымдары арасындағы құбылыстарды зерттеуде ешқандай айырмашылық болмауы керек деген пікірді қолдайды. Натурализмнің осы нұсқасы жаратылыстану немесе әлеуметтік ғылымдарының объектілері арасында одақтастық бар және осы себепті әлеуметтанушыларға жаратылыстану ғалымдарының тәсілдерін қолданбауға ешбір себеп жоқ дегенді ұсынады.
- *Натурализм зерттеліп жатқан құбылыстың табиғатын еш өзгеріссіз қарастыру дегенді білдіреді.* Мацаның пікірінше, натурализм: «зерттеліп жатқан құбылыстың өз табиғатында берік қалуы дегенді білдіретін философиялық ой» (1969: 5) және «әлем табиғатының талаптарына берік болуы» (1969: 8). Бұл мағына 2-тарауда қарастырылған интерпретивисттік эпистемология мен құрылымдық онтология элементтерін бірге ұсынады. Натурализм адамдар өз әрекеттеріне мағына беріп, анықтайды және пассивті объектілерге қарағанда, өздерінің әлеуметтік өмірлерінің авторлары деген пікірді қолдайды.
- *Натурализм деректерді жинақтауда жасанды тәсілдердің қолданылуына шектеу қоятын зерттеу түрі.* Басқаша айтқанда, әлеуметтік өмір зерттеу үдерісі барысында барынша бұзылмауы керек дегенді білдіреді. (Хеммерслей және Аткинсон, 1995: 6).

Екінші және үшінші мағыналары айтарлықтай үйлеседі, екінші мағынаны қолданып натуралистік жолмен зерттеу жүргізу үшін үшінші мағынадағы натуралистік жолмен зерттеу қағидаларын қолдану талап етілетінін өте оңай білуге болады. Екінші және үшінші мағыналарының екеуі де бірінші мағынасымен үйлеспейді, тіптен қайшы болып келеді. Натурализмнің бірінші жағдайы әлеуметтанушылар тарапынан интерпретивистік эпистемологияның әлеуметтік әлемге «сәйкес» емес екенін қарастырады, себебі: жаратылыстану ғылымдарының объектілері мен адамдар арасында ешқандай айырмашылық жоқ деген пікірді тұжырымдайды; осы себепті адамдардың әлеуметтік өмірді түсіндіру шамасын және оның белсенді қатысушы екенін ескермейді; деректерді жинақтауда жасанды жолды қолдана отырып, жаратылыстану ғылымдарының тәсілдерін қолдануды таңдайды. Әлеуметтанушыларды *анти-натуралистерге* жатқызып бөлгенде, үш мағынаның осы бірінші түрі әрдайым наразылықты тудырады.

Алайда жоғарыда атап өткен өлшемдердің бірі – экологиялық заңдылық – сандық зерттеудің мәтіндерінде көп қолданылатынын есімізден шығармауымыз керек, ал сапалық зерттеуге қатысты ерекшеліктері одан да тиімді болып табылады. Сапалық зерттеулер көбіне *натуралистік* көзқарасты қамтиды (3.4-негізгі ұғымдарын қараңыз). Бұл зерттеуші жағдайлардың немесе қоршаған ортаның деректер жинағын жасанды немесе алдын ала дайын мәліметтерін қолданбай, табиғи түрінде ұсынуға ынталанғанын білдіреді.

Бұл ерекшелік, әсіресе, енгізілген бақылау деректер жинақтаудың көр-

некті элементі болып табылатын этнографиялық зерттеулерде жақсы қолданылады, дегенмен әдетте сапалық зерттеушілер тарапынан сұхбаттық тәсілдің түрінде қолданылғаны да ұсынылған, бұл тәсіл сандық зерттеуде қолданылатын тәсілге қарағанда, аз директивті болып саналады.

Жалпы алғанда, әлеуметтік зерттеулердегі бұл мәселелердің кейбіреулері келесі тараулардағы зерттеу жобаларын талдау мәнтәтіндерінде кездеседі және кейбір мәселелердің екінші кезектегі түсініктерін ұсынудың көптеген жағдайларда да қарастырылған. Осы кітапта келесі тарауларында қамтылған.



Зерттеу жобасы

Зерттеу жобасының осы талдауында оның бес түрін қарастырамыз: эксперименттік жоба; кросс-секциялық жоба; созылмалы жоба; жеке тақырыптық зерттеу жобасы; салыстырмалы жоба. Бұлардың арасындағы айырмашылықтар арнайы бөлінген тақырыпта талқыланады.

Эксперименттік жоба

Әлеуметтану ғылымында шынайы **эксперименттер** әдеттегіден тыс, алайда байланысты салалар болып табылатын әлеуметтік психология және ұйымдық зерттеулер тәрізді салалардың талаптарына сай қолданылады, мысалы, зерттеушілер әлеуметтік саясат саласындағы енгізілген жаңа реформалар немесе жаңа саясаттың ықпалын бағалау мақсатында қажеттіліктеріне жаратады.

Ендеше, неліктен осы әлеуметтік зерттеулер жайлы кітаптың мәнмәтіндерінде эксперименттік жоба жайлы жазылды? Негізгі себеп жалпы қолданылатын мәлім фактіден басқа, шынайы эксперименттің эксперименттік емес зерттеуге берілген бағаға қарсы өлшем ретінде қолданылуы болып табылады. Эксперименттік зерттеу көбіне мықтылықты сынайтын тас ретінде сипатталады, себебі ол сенімдік нәтижелерін зерттеуде сенімділік және нақтылық ерекшеліктеріне айтарлықтай салмақ береді. Басқаша айтқанда, шынайы эксперименттер ішкі заңдылықтар негізінде өте ұстамды болып келеді.

Айралы әрекет

Егер эксперименттер шынымен сондай ұстамды болса, неліктен әлеуметтанушылар осы тәсілді кеңінен

қолданбайды? Бұл сұрақтың себептік жауабы өте қарапайым: шынайы эксперимент жүргізу үшін тәуелсіз айнаымалыға айлалы әрекет жасап, оның тәуелді айнаымалыға іс жүзінде ықпал ететін немесе етпейтінін анықтау керек. Эксперименттік субъектілер әрқайсысы тәуелсіз айнаымалының әртүрлі типтері мен деңгейлерін ұсынатын бір немесе бірнеше **эксперименттік топтарға** бөлінуі мүмкін. Осылайша, тәуелді айнаымалылар деңгейіндегі ерекшеліктерге жауапты топтар арасындағы айырмашылықтар қаншалықты үлкен еке-

нін көруге мүмкіндік туады. Айлалы әрекет жағдайға етене араласып, субъектілерге айлалы әрекеттің қалай әсер еткенін анықтайды. Алайда әлеуметтанушылар қолданып жүрген көптеген тәуелсіз айнаымалылар айлалы әрекетке келе бермейді. Егер біз жұмыс эксперименттерінде адамдардың жынысына әсер етуді ойласақ, біз кей адамдардың ер жынысты және кей адамдардың әйел жынысынан болуына ешқандай айлалы әрекет қолдана алмаймыз. Егер біз әлеуметтік топқа өзгерістер енгізуді, мысалы әлеуметтік



3.1 Зерттеу нысаны

Далалық эксперимент

Өзін-өзі иландыру ықпалын зерттеу бағдарламасы аясында (мысалы, бір адамның әрекеттерінің орын алуына басқа біреу ықпал ететініне сенімі немесе үміті), Розенталь және Джэйкобсон (1968) мұғалімдердің өз оқушыларының қабілеті жайлы үміттері, соңғысының оқу үлгеріміне әсер етіп немесе етпейтіні жайлы сұрақты негізге ала отырып, зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу АҚШ-тың төменгі топ тұрғындары арасында азшылық топтың жоғары деңгейлі көрсеткішке ие балалары арасында жүргізілді. 1964 жылдың көктемінде оқушыларға тест берілді, нәтижесінде «спуртерлерді», яғни оқу үлгерімі жағынан жақсы көрсеткіші бар оқушылар анықталады деген сылтау айтылды. Осы академиялық оқу жылының басында барлық мұғалімдерге үлгерімі жақсы спуртер студенттердің аты-жөні берілді. Нәтижеде 20% мектеп оқушылары спуртерлер деп белгіленді. Алайда бұл студенттерге әдеттегі IQ тестінен өту тапсырылды және соңында олардың арасынан спуртерлер кездейсоқ тәсілмен таңдалып алынды. Осы тесттен кейін сегіз ай өткенде тағы бір рет тесттен өткізілді. Авторлар, спуртерлер мен басқа студенттер арасындағы оқу үлгерімінің әртүрлі өлшемдеріне қарай өзгерістерін, мысалы, IQ бағасы, оқу қабілеті және интеллектуалдық әуесқойлығы арасындағы айырмашылықтарын салыстырды. Спуртерлер мен басқа оқушылардың қабілеттіліктері арасында қандай да бір айырмашылықтың бар екеніне ешқандай дәлел болмауы, спуртерлердің өз құрбыларынан қандай да бір өзгеше көрсеткіш көрсетпеуі мұғалімдердің бұрынғы жақсы оқитын оқушылардан жақсы көрсеткіш күткенін көрсетер еді. Нәтижеде мұндай өзгешеліктердің бар екені алға шықты, алайда спуртерлер мен олардың құрбылары арасындағы мұндай өзгешеліктер тек қана бастапқы бірінші, екінші немесе үшінші сыныпқа дейін ғана болған. Басқаша айтқанда, мұғалімдердің үміт арту эффектісі бірыңғай болмай шықты. Дегенмен, бұл – мұғалімдердің үміт арту эффектісіне нақты дәлел келтіре алатын ықпалды эксперимент. Жүйелілік және Розенталь мен Якобсонның жұмысына пікірлер жайлы қысқаша пайдалы шолу үшін Хаммерслейді қараңыз (2011: 106-9).

және саяси көзқарастарына немесе денсаулықтарына әсер етуді ойласақ, біз адамдарды әртүрлі әлеуметтік топтарға топтастыра алмаймыз. Осы тәрізді сансыз айнымалылар тәрізді әлеуметтік инженерияның тиісті деңгейлері қатаң талқылауларды қажет етпейді.

Эксперименттік жобаны ары қарай тереңдете талқылауға көшу үшін зертханалық эксперимент пен далалық эксперимент арасындағы негізі айырмашылықпен танысу өте маңызды. Аты айтып тұрғандай, зертханалық эксперимент зертхана ішінде немесе жасанды ортада өткізіледі, ал далалық эксперимент мектеп сыныптарында және ұйымдар ішінде немесе жаңа реформалар немесе жаңа саяси бағыт енгізу тәрізді шынайы өмір ортасында өткізіледі. Осы эксперименттер – әлеуметтанушылардың зерттеу жүргізуге назарын көп аударатын соңғы тақырып салалары. Айлалы әрекет пен далалық эксперименттің сипатын қарастыру үшін 3.1-тақырыбының зерттеу нысанында эксперименттік зерттеудің танымал тілімдері келтірілген.

Классикалық эксперименталды жоба

3.1-тақырыбының зерттеу нысаны жұмысына мысал ретінде алынған зерттеу классикалық эксперименталды жоба деп аталатын жобаның көптеген сипаттарын қамтиды. Эксперименттің бұл түрі көбіне кездейсоқ эксперимент немесе **кездейсоқ бағытталған бақылау** (КББ) деп те аталады. Екі топ іріктеліп алынды, бұл топ айлалы әрекет және тәуелсіз айнымалы негізінде құрылды,

дәл осы зерттеуде мұғалімдердің үміті мысал бола алады. Осы таңдап алынған спуртерлер арасынан эксперименттік топ немесе зерттелуші топ, ал басқа студенттер арасында бақылаудағы топ құрылды. Эксперименттік топ мұғалімдердің үміт артуымен түсіндірілетін эксперименттік зерттеуге алынды, ал бақылаудағы топ болса эксперименттік зерттеуге енбеді. Тәуелді айнымалыға жататын студенттердің үлгерімі – алғашқы және қорытынды нәтижелерді салыстыруға қолдану үшін эксперименттік айлалы әрекет қолданар алдында және соңында тексеріліп, бағаланды (3.1-сызбаны қараңыз). Сонымен қатар, спуртерлер және спуртерлер емес қатысушылар өз топтарына кездейсоқ таңдап алынды. Эксперименттік және бақылаудағы топтар осылай **кездейсоқтық тәсілмен** таңдап алынғандықтан, зерттеушілер зерттеудің құпия түрде өтетініне және екі топ арасындағы тек қана айырмашылық мұғалімдердің басқа оқушыларға қарағанда, спуртерлердің мектепте өздерін жақсырақ көрсетулеріне үміт артатын факт қана екеніне сенімді болды. Егер олар екі топ арасындағы айырмашылықты көрсете білсе, бұл олардың айлалы әрекетті қолдануларының нәтижесі болары анық еді.

Осы жобаның болмысын сипаттау үшін төмендегі қарапайым белгілер қолданылады:

Obs: Тәуелді топқа қатысты жасалған бақылау; екі немесе одан да көп бақылау түрлері қолданылғаны тиімді болады, мысалы, эксперименттік айлалы әрекетті қолданар алдындағы (бастапқы тест)

және соңындағы (қорытынды тест) IQ көрсеткіштері және мәнерлеп оқу бағалары.

Ехр: Эксперименттік зерттеу (тәуелсіз ауыспалылық), мұғалімдерге үміт беру. **Ехр емес:** эксперименттік зерттеу жүргізілмейтін, бақылаушы топқа қолданылатын эксперименттерді қалыптастырады.

Т: Тәуелді ауыспалылыққа қатысты жүргізілген бақылауға кеткен уақыт, мысалы IQ тестті өткізу мерзімін бақылау.

Классикалық эксперименталды жоба және заңдылық


Бақылау тобына қойылған мақсат қандай? Спуртерлерде (эксперименттік топ) болған жағдай, шынында бізге қатысты ма? Шынайы экспериментті қолданып зерттеу жүргізу үшін бәсекелестікпен түсіндіруге болатын себептік нәтижелердің мүмкін эффектілерін

қадағалау (басқа сөзбен айтқанда болдырмауы) керек, мысалы, мұғалімдердің артқан үтімітеріне қол жеткізу мақсатында оқушыларға ықпал етуіне жол бермеу керек. Және де бұл зерттеу түрінде ішкі заңдылықтарға бағынатын көзқарасты қабылдауымыз керек. Бақылаудағы топтың болуы, сонымен қатар эксперименттік және бақылаудағы топқа арналған пәндердің экспериментке кездейсоқ таңдап алынуы бәсекелестік себептерді болдырмауға мүмкіндік тудырады. Бұған көз жеткізу үшін, егер бақылаудағы топ болмаған жағдайда қандай бәсекелестік түсініктер болатынын қарастырып көрейік. Олай болған жағдайда ішкі заңдылықта ықтималды кемшіліктер орын алар еді (3.2-тақырыбындағы зерттеу жұмысын қараңыз). Бұл кемшіліктер Кемпбелл (1957) және Кук пен Кемпбел (1979) жұмыстарынан алынды, алайда ішкі заңдылықтарға әсер ететін барлық кемшіліктер қамтылмады.

Егер осы кемшіліктердің әрқайсысының ішкі заңдылыққа әсерін, яғни

3.1-сызба

Классикалық эксперименталды жоба (мұғалімдердің IQ көрсеткішіне артқан үтімітері ықпалының суреттемесі)





3.2 Зерттеу нысаны

Зерттеудің ішкі дәлдігіне қауіп төндіретін факторлар (және олардың 1968 жылғы Розенталь мен Джейкобсон жасаған зерттеуінде қолданылуы).

Төменде кез келген зерттеудің ішкі дәлдігіне қауіп келтіруі мүмкін факторлар тізімі мен олардың әрқайсысының әсері, 1968 жылы орын алған Розенталь мен Джейкобсонның жасаған шын эксперимент мысалында қалай азайтылғаны сипатталады.

Болған оқиғалар. Бұл мұғалімнің жасаған шараларынан тыс, қоршаған ортада кездесетін және оқушылардың бағаларының жоғары болуына септігін тигізе алған оқиғаларды қамтиды. Мектеп басшыларының стандарттарды жоғарылату мақсатында жасалған әрекеттері осындай оқиғалардың мысалы бола алады. Егер бақылау топтары қолданылмағанда, оқушылардың бағаларының жоғарылауына не себеп – мұғалімдердің шаралары немесе басшылардың әрекеттері болғанын білмес едік. Бақылау тобы қолданылса, болған оқиғалар бақылау тобының мүшелеріне де әсер тигізер еді деп айта аламыз, сондықтан эксперименттік топ пен бақылау тобы арасындағы деректердің айырмашылығы тек мұғалімдердің шараларының салдарынан ғана орын алды деп есептелінеді.

Тестілеу. Бұл фактор субъектілердің тесттен өтуге машықтанып алғандығын немесе алдын ала тестілеуден өткендігі нәтижесінде бұл эксперименттің мақсатына үйреншікті болып қалғандығын білдіреді. Бақылау тобы да дәл осы әсерге ұшырайтынын болжасақ, оның қолданылуы, эксперименттік тобы мен бақылау тобы арасындағы тәуелді айнымалы шамаларында қандай да бір айырмашылық болған жағдайда, сол әсерді азайтуға септігін тигізеді.

Қолданыс тәсілі. Бұл – мысалы, тестке болмашы ғана өзгерістер енгізілген жағдайда, тесттерді тағайындау жолдарының ауысуына байланысты тест-алды және тест-соңы бағаларының жоғарылап (немесе төмендеп) кету мүмкіндігіне әкеліп соғатын қауіп факторы. Ал егер бақылау тобы қолданылған жағдайда, бұл мәселе сол топ мүшелеріне де әсерін тигізетінін күтер едік.

Қатысушылық деңгейі. Бұл – ұзақ уақыт жүргізілетін, көптеген зерттеулерде кездесетін, субъектілердің зерттеуге қатысуын тоқтатып, шығып кетуіне қатысты мәселе. Мектеп оқушылары мектеп маңынан көшіп кетіп немесе басқа мектепке ауысып кетуі ықтимал. Бұл жағдай бақылау тобына да қатысты болу мүмкіндігін ескерсек, оның пайда болған нәтижеге және мұғалім шараларына қатысты әсерін қауіп факторы ретінде айырып алуға болады.

Есею. Адамдар өзгереді және олардың өзгеруіне алып келген бағыттар да тәуелді айнымалы шамасына өз әсерін тигізуі мүмкін. Үлгерімі жақсы болып белгіленген оқушылар мұғалімнің шараларына қарамастан да жақсаратын еді. Дегенмен есею факторы бақылау тобының мүшелеріне де әсерін тигізбей қоймас еді. Егер бақылау тобын қолданбағанда, оқушының көрсеткіштері уақыт өте келе олардың онсыз да жақсару мүмкіндігіне бала нар еді. Бақылау тобының қолданылуы осы жайтты айырып алуға көмектеседі.

Таңдау. Егер екі топ деректерінің арасында айырмашылық байқалса және осы айырмашылық екі топтың кездейсоқ емес, әдейі таңдау процесі қолданылуы арқасында артып отыратын болса, эксперименттік топ пен бақылау тобының арасындағы өзгерістерді олардың сол топқа мүше болуына себепкер болған, алдын ала болған айырмашылығымен байланыстыруға болады. Дегенмен зерттеу субъектілерін эксперимент тобына немесе бақылау тобына жатқызу үшін кездейсоқ іріктеу тәсілі қолданылған болса, бұл фактордың әсері азаяды.

Себеп-салдар әсері бағытының екіұштылығы. Тәуелді және тәуелсіз айнымалылардың түсінігінің болуы, себеп-салдар бағытын анықтап беріп тұрғандай. Алайда зерттеудегі уақытша жүйелілік (реттілік) анық болмайтын жағдайлар кездесіп, тіптен қай айнымалы қайсысына әсер етіп жатқандығын айырып алу мүмкін болмай қалады. Мұғалім шараларының орнатылуы, мектептегі алдыңғы жылдар оқу үлгерімінің жақсаруына негіз болғандықтан, Розенталь мен Джейкобсон зерттеуінде себеп-салдар әсерінің бағыты анық.

әрқайсысы бәсекелестікпен түсіндіруге болатын себептік нәтижелерді арттыратын болса, кездейсоқ түрде таңдалып алынған бақылаудағы топтың болуы осы кемшіліктердің алдын алады. Нәтижеде, мұғалімдердің артқан үміті оқушылардың үлгеріміне әсер ететіні жайлы себептік нәтижелерге сеніміміз арта түседі.

Дегенмен зерттеу ішкі дәлдікке сәйкес ұйымдастырылса да, сынға алынбайды немесе сұрақ тудырмайды дегенді білдірмейді. Сандық зерттеу стратегиясы қолданылса, онда зерттеуді бағалау үшін белгілі бір критерийлерді пайдалануға болады. Біріншіден, өлшем дәлдігі жөнінде сұрақ туындайды. Розенталь мен Джейкобсон зерттеу мысалында мұны екі аспектен көруге болады.

Біріншісі – оқу үлгерімінің қаншалықты дұрыс өлшенгендігі. Оқу бағалары сияқты өлшемдер кейде мазмұн дәлдігіне қатысты проблема тудыруы мүмкін, өйткені олар өлшеу керек мәселенің сәйкестілігін көрсетпеуі ықтимал. Алайда IQ тесті мен оның

не өлшейтіндігі жөніндегі қарама-қайшылықтарды ескерсек (Камин, 1974), IQ тестте жиналған жоғары ұпайлар оқу үлгерімінің қаншалықты көрсеткіші бола алатынына сенімсіз қарауымыз мүмкін. Осы сияқты, авторлардың басқа – интеллектуалды қызығушылық өлшемін қарастыратын болсақ, бұл өлшемнің де оқу үлгерімін өлшеуге жарамды екеніне қаншалықты сенімді бола аламыз? Ол, шын мәнінде өлшеу керек нәрсені өлшеп жатыр ма? Өлшем дәлдігіне қатысты екінші сұрақ – эксперименттік айла-шарғының шын мәнінде қаншалықты іске асқаны. Басқа сөзбен айтқанда, кейбір оқушыларды кездейсоқ тұрғыда тез үйреніп алушы ретінде сәйкестендірудің өзі (зерттеуге кіргізу) көздеген нәтижеге жетуге жағдай жасайды ма? Бұл айла-шарғы мұғалімдердің осы айла-шарғының өзімен айналысуына арналған, бірақ олардың барлығы бірдей қабылдамауы да мүмкін. Мұндай жағдай туындағанда, экспериментке кір келтірген боламыз.

Екіншіден, зерттеу сыртқы дәлдікке сая ма? Бұл мәселе зерттеу нысаны 3.3-бөлімінде қарастырылған. Үшіншіден, табылған нәтижелер экологиялық дәлдікке сая ма? Зерттеу зертхана экспериментінен гөрі дала экспериментіне жататындықтан, Розенталь мен Джейкобсон зерттеуі осы қырынан күшейтілген сияқты. Сонымен қатар, оқушылар мен мұғалімдер шынында экспериментке қатысып жатқандарына аса үлкен мән бермеген сияқты болғандықтан, экологиялық дәлдікті арттырған болуы мүмкін. Алайда бұл зерттеудің осы қыры этикалық

тұрғыдан зор алаңдаушылық туғызады, өйткені бұл айла маңызы үлкен және зерттеуде қажет ететін ерекшелік болуы мүмкін.

Этикалық мәселе көп жағдайларда кез келген зерттеу дәлдігіне әсерін тигізетін өз алдына жеке тақырып және б-тарауда қарастырылады. Розенталь мен Джейкобсонның оқу үлгерімін өлшеу үшін алуан түрлі құралдарды қарқынды қолданғаны, экологиялық дәлдікке алаң тудыратын факторлар көзі болуы мүмкін, дегенмен көптеген сандық зерттеулер немесе тіптен барлығы дерлік зерттеулер осы проблемамен байланыспай қоймайды.



3.3 Зерттеу нысаны

Сыртқы дәлдікке қауіп келтіретін факторлар (және олардың 1968 жылғы орын алған Розенталь мен Джейкобсон зерттеуінде қолданысы).

Кампбел (1957) және Кук пен Кампбел (1979) сыртқы дәлдікке, демек, зерттеу нәтижелерін **жалпылама ұсынуға** қауіп келтіретін бес факторды бөліп көрсетеді.

- *Таңдау мен ықпалдың өзара әрекеттесуі.* Бұл қауіп факторы – табылған нәтиже қандай әлеуметтік және психологиялық топтарға жалпылануы мүмкін деген сұраққа жауап іздейді. Этносқа, әлеуметтік топқа, өңірге, жынысына және тұлғаның болмысына қарай әртүрлі болып келетін қалың көпшілікке жалпылануы мүмкін бе? Розенталь мен Джейкобсон зерттеуін мысал ретінде қарастырсақ, оқушылар көбіне төмен әлеуметтік топтардан және үлкен үлесі аз болып табылатын этнос топтарынан болатын.
- *Зерттеу орын алған орын (мекеме) мен ықпалдың өзара әрекеттесуі.* Бұл зерттеу нәтижелерінің басқа мекемелерде қаншалықты қолданыла алатынына сенімді болатынымызға қатысты қауіп факторы. Жекелеп айтқанда, Розенталь мен Джейкобсон зерттеу нәтижелері басқа мектептерге жалпылана алатындығына қаншалықты сенімді бола аламыз? Сонымен қатар, білім беру орындарынан басқа мекемелерде өздігінен орындалатын мақсат қаншалықты өзгеше болатынына сенімді бола алатынымыз туралы да сұрақ туындайды. Шындығында, Розенталь және басқалары өздігінен орындалатын мақсат рөлі мен маңыздылығын әртүрлі мазмұнда көрсете білді (Росноу және Розенталь, 1997), дегенмен, бұл әлі де қол жеткізілген белгілі нәтижелер қаншалықты жалпылама қолданыла алатындығы туралы сұраққа жауап бермейді. Розенталь мен Джейкобсон зерттеу нәтижелерінің алаң тудыратын негіздерінің бірі – олардың зерттеу жүргізуіне шексіз мөлшерде еркіндік берілуінде.

Мектеп басшылары тарапынан жоғарғы деңгейдегі ынтымақтастық ерекше көрініс алды, сондықтан бұл сол мектептердің ішінара әдеттегі мектеп емес екенінің көрсеткіші болуы мүмкін, алайда «әдеттегі мектеп» ұғымының болып, болмауы да үлкен сұрақ тудырады.

- *Болған оқиғалар мен ықпалдың өзара әрекеттесуі.* Бұл зерттеу нәтижелерінің өткен шақ пен болашаққа жалпылама қолданыла алатындығына қатысты қауіп факторы. Розенталь мен Джейкобсон зерттеуі осыдан қырық жыл бұрын жүргізілген. Сол зерттеу нәтижелері қазіргі таңда қаншалықты қолданыла алады? Сонымен қатар, олардың зерттеуі академиялық оқу жылының белгілі бір ұштасқан уақытында орын алды. Егер осы зерттеу оқу жылының басқа уақыттарында орындалғанында дәл осындай нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болар ме еді?
- *Алдын ала тестілеу салдарының өзара әрекеттесуі.* Алдын ала тестілеу нәтижесінде, зерттеу субъектілері эксперимент ықпалына сезімталдығын арттыруы мүмкін. Сондықтан зерттеу нәтижелері алдын ала тестілеуден өтпеген топтарға жалпылама қолданыла алмайды және шын өмірде адамдар осылайша алдын ала тестіден өткізілмейтінін ескеру қажет. Демек зерттеу нәтижелері бір тараптан эксперимент ықпалының өзімен және басқа тараптан алдын ала тестілеуге сезімталдық, субъектілердің эксперимент ықпалына жауап беру жолын әсер етуімен анықталады. Бұл мәселе Розенталь мен Джейкобсон зерттеуінде орын алуы әбден мүмкін, өйткені оқушылардың барлығы дерліктей басым бөлігі алдыңғы оқу жылының соңында алдын ала тестілеуден өткен болатын.
- Эксперимент шараларына жауап салдары. Көп жағдайларда, тіптен тұрақты жағдайда, адамдар экспериментке қатысып жатқандарынан хабардар болады. Бұл жәйт олардың экспериментке қалай жауап беретіндіктеріне әсер етуі мүмкін, сондықтан зерттеу нәтижесінің жалпылануына ықпалын тигізеді. Розенталь мен Джейкобсон зерттеуінде субъектілер экспериментке қатысып отырғандарынан хабарсыз болғандары елеулі болуы екіталай. Экспериментке **жауап беру** және оның ықтимал залалдары әлеуметтік зерттеу саласында қолданылатын әдістерге қатысты қайта-қайта көтерілетін мәселе.

Төртінші көтергіміз келіп отырған мәселе – эксперименттің қайталана алуына (қайта өндірілгеніне) қатысты туындайтын сұрақ. Зерттеу авторлары қолданылған өлшемдер мен зерттеу тәртібін өте айқын түрде ашып жазуы керек. Егер кез келген адам зерттеуді қайталағысы келсе, ол қажет еткен ақпаратқа қол жеткізе ала білуі тиіс. Осылайша зерттеу қайталана алады, дегенмен дәл сондай репликация әлі кездеспеген. Розенталь мен Джейкобсонның зерттеу тәртібіне ұқсас, алғашқылардың бірі болып қайталап-

зерттеу жасаған Клейборн (1969) болды. Зерттеу қала маңындағы үш орта сыныпта өткізілді және мұғалім шараларын орнатудағы мезгіл Розенталь мен Джейкобсонның түпнұсқасындағыдан өзгеше болды. Клейборнның Розенталь мен Джейкобсонның нәтижесін қайталау ниеті сәтсіз аяқталды. Бұл сәтсіздік негізгі зерттеу нұсқасының сыртқы дәлдігіне күдік ұялатады және екі зерттеу арасындағы нәтижелердің айырмашылығының болуында 3.3 Зерттеу нысанында айтылған сыртқы дәлдікке қауіп келтіретін факторлардың

алғашқы үшеуі маңызды рөл атқарды деп топшылауымызға негіз бола алады.

Классикалық эксперименттік жоба денсаулық сақтау саласында жоғары деңгейде, алтын стандарт зерттеу жобасы болып орныққан кездейсоқ бақыланбалы сынауының (КБС) іргетасы болып саналады. Басты мақсат – кездейсоқ бақыланбалы сынаумен (КБС) жағдайды басқару үшін балама жолдарды сынап көру (Окли 2000: 18). Бұл араласудың салдары мен араласу орын алмағандағы нәтижелерді салыстыру немесе екі түрлі араласудың нәтижелерін (мысалы, әлдебір ауруға қарсы екі түрлі емдеу әдістерін) қамтиды. Бұл жердегі маңыздысы – экспериментке қатысушыларды кездейсоқ таңдау, өйткені бұл әртүрлі топ мүшелерінің ниет пен мақсатқа бірдей дәрежеде ұшырау мүмкіндігін білдіреді. Кездейсоқ бақыланбалы сынау (КБС), жиі «Х-тің әсері қандай?» деген сияқты зерттеу сұрағы туындайтын, әсіресе, медицина саласында аса танымал.

Зертхана эксперименті

Әлеуметтік психология саласындағы көп эксперименттер далалық эксперименттен гөрі зертхана эксперименті болып саналады. Соңғы эксперименттің біріншісіне қарағанда, басты артықшылығы – зерттеуші экспериментке даярлау барысына көбірек әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы, қатысушыларды әртүрлі эксперименттік шарттарға, үздіксіз, шын-өмір жағдайына қарағанда зертханада кездейсоқ белгілеу жеңілрек. Зерттеуші зерттеу бағытын жоғарғы деңгейде бақылай алғандықтан, бұл зерттеудің ішкі дәлдігін арттыра алады. Сонымен қатар, зертхана эксперименттерін қайталау ашық түрде жасалынуы мүм-

кін, өйткені олар қоршаған ортаға байланысы аз, демек шарттарды қайта сол қалпына келтіру қиындығы жөнінде сөз қозғалмайды.

Алайда зертхана эксперименттеріне мысал ретінде 3.4 Зерттеу нысанында сипатталған эксперименттегідей, бірнеше кемшіліктері болуы мүмкін. Біріншіден, сыртқы дәлдікті орнату қиынға соғуы мүмкін. Зерттеу орын алған орын (мекеме) шын өмірдегі тәжірибе мен мән-мәтінге қатысы жоқ болуы мүмкін, сондықтан зерттеу орын алған орын мен ықпалдың өзара әрекеттесу фактісі орын алады. Одан бөлек, таңдау мен ықпалдың да болуы мүмкін. 3.4 Зерттеу нысанында сипатталғандай Хауэл және Фрост (1989) зерттеуінде бірнеше қиындықтар туындады: субъектілер – халықты жалпылама түрде ұсынуға екіталай, себебі тек қана студенттер арасынан таңдалып алынды, сондықтан олардың эксперимент ықпалына жауаптары айрықша болуы мүмкін; олар экспериментке өз еркімен қатысты, ал өз еркімен қатысқандар мен еркінен тыс қатысқандардың арасында айырмашылық көп (Росноу мен Розенталь, 1997: 5 тармақ); және олар қатысқандары үшін ынталандырылды, бұл жәйт оларды басқалардан ерекшелендіреді, өйкені бәрі ынталандыруға бірдей реакция танытпайды. Алдын ала тестілеуге қатысты әрекеттесу проблемасы туындамаған болуы да мүмкін, өйткені басқа эксперименттердегідей мұнда да алдын ала тестілеу қолданылған жоқ.

Дегенмен эксперимент шараларына жауап салдары, экспериментке дайындалу бағытымен ұштасқан болуы да мүмкін. Екіншіден, экологиялық дәлдік тұрғыдан қарастыратын болсақ, зерттеу әлсіз болды десек болады, өйткені көрсетілген нәтижелер шын орта мен

күнделікті өмірде қандай қолданыста болатынына толық сенімді бола алмаймыз. Сонда да, кейде зерттеуде дағдылы реализм жетіспесе де, эксперименттік

реализмге ие бола алады (Аронсон және Карлсмит 1968). Соңғысы – субъектілердің экспериментке елігіп, оны шын-дап қабылдайтынын білдіреді.



3.4 Зерттеу нысаны

Зертхана эксперименті

Хауэл мен Фрост (1989), харизмалық жетекші (Макс Вебердің (1947) заңды билік түрлерімен байланысты атау) басқа жетекші түрлеріне қарағанда, мекемеде тиімдірек болатын мүмкіншілігіне қызықты. Олар харизмалық жетекшілік пен жетекшіліктің басқа екі түрі – ойланып-толғану және құрылымдаудың тиімділігін салыстыратын зертхана экспериментін ұйымдастырды. Бірнеше гипотеза талданды, соның ішінде таңдалғаны: «Харизмалы жетекші қол астында жұмыс істейтіндер, ойланып-толғанатын жетекшімен жұмыс істегендерге қарағанда тапсырманы орындау қабілеті жоғары болады» деген тұжырым жасалды (Хауэл мен Фрост, 1989: 245).

Бұл экспериментке 144 оқушы өз еркімен қатысты. Олардың пән бағалары, зерттеуге қатысуға келіскендері үшін 3 % жоғарылатылды. Бұл оқушылар кездейсоқтық әдісімен үш жетекші түрінің бірінің қол астына тапсырма жасауға белгіленді. Тапсырма ретінде симуляцияланған бизнес тапсырма берілді. Барлық үш жетекшілік әдісін екі әртис әйел орындады. Кең ауқымда гипотезаға сай, харизмалық жетекші қол астында тапсырма орындағандар жалпы алғанда, басқа жетекші қол астындағыларға, әсіресе ойланып-толғанатын жетекші қол астында тапсырма орындағандарға қарағанда жоғарырақ бағаланды.



3.5 Зерттеу нысаны

Квази-эксперимент (Эксперимент сияқты зерттеу)

1980 жылдардың орталарынан бастап бір топ зерттеушілер 10 мыңнан астам Британдық мемлекеттік қызметкерлер шоғырланымның медициналық және психиатриялық мәліметтерін жинаған болатын. Бірінші мәлімет жинау толқыны 1985 жылдың аяғы мен 1988 жылдың басы аралығында орын алды және ол клиникалық өлшемдер (мысалы, қан қысымы, ЭКГ, холестерин) мен жалпы денсаулық, стресс және кішігірім психиатриялық симптомдар туралы деректер жинақтайтын сауалнаманы қамтыды. Дәл сол топтың ары қарайғы өлшемдері 1989/1990 және 1992/1993 жылдары қайтадан жинақталды.

Ұлыбритания үкіметінің 1980 жылдың орталарынан бастап үкіметтің бірқатар атқарушы қызметтерін, көбіне коммерциялық тұрғыда жұмыс істейтін атқарушы билікке ауыстыру шешімі осы үлкен құрылымдық өзгерістің денсаулыққа әсерін зерттеуге мүмкіндік ашты. Ферри және авторлар (1998) 1-ші және 3-кезеңнің нәтижелерінің есебін берді. Олар 3 топты бөліп қарастырды: өзгерістің салдарын басынан өткізіп жатқандар; өзгерістің оларға қандай да бір әсерін қалдыратынын болжап отырғандар;

және өзгерістен еш әсерленбеген «бақылау тобы». Авторлар, бірінші мен екінші топта бақылау тобымен салыстырғанда, денсаулыққа айтарлықтай жағымсыз салдарын тапты, дегенмен үлкен құрылымдық өзгеріс (немесе өзгерістің болуын күту) салдарының деңгейі әйелдер мен ерлер арасында айтарлықтай ерекшелінеді. Осы бақылау тобы мен ықпалды екі топпен салыстырылған зерттеуге квази-эксперименттік жобасы қолданылды. Онда классикалық эксперименттің нышандары көрсетілгенімен, кездейсоқ белгілеу қолданылмайды. Осы мысалда субъектілер 3 топқа кездейсоқ іріктеме әдісімен топтастырылған жоқ. Болған өзгерістерден әсер алу да, әсердің болуын күтіп отыру да, үкіметтің қабылдаған шешімінен немесе мемлекеттік саясат салдарынан туындады.

Квази-эксперименттер

Бір топ әлеуметтанушылар квази-эксперименттердің, яғни эксперименттік жобаның белгілі сипаттамасын ұстанатын, бірақ ішкі дәлдікке сәйкес барлық шарттарын қанағаттандырмайтын зерттеулердің ұсынатын мүмкіндіктеріне назар аударғты. Квази-эксперименттердің сан-алуан түрінің көп саны анықталды (Кук пен Кампел, 1979), бірақ олар бұл жерде толықтай қамтылмайды. Квази-эксперименттің айрықша қызық түрі «табиғи эксперименттер» деген зерттеуде кездеседі. Бұл «зерттеулер», қоғамдық тәртіпті өзгертуге табиғи бір түрде пайда болатын талпыныстың бір бөлігі ретінде, қоғамдық орындардың бұрмалауын қамтиды. Мұндай шарттар астында, субъектілерді эксперименттік және бақылау тобына кездейсоқ түрде белгілеу мүмкін еместігіне 3.5 Зерттеу нысанында мысал келтірілген. Зерттеуде кездейсоқ белгілеу болмағандығы, зерттеудің ішкі дәлдігіне белгілі бір дәрежеде күмән тудырады, өйткені топтар салыстырмалы болмауы ықтимал. Десек те, осындай зерттеулердің нәтижелері әлде де тартымды, өйткені бұлар қоғамдық өмірдегі жасанды араласуларға негізделмейді және экологиялық дәлдік тұрғысынан өте тұрақты. Квази-эксперименттеу туралы ой бөлісетін бірқатар әлеуметтанушылар

табиғи эксперименттерді бақылау тобы болмағандықтан немесе салыстыруға негіз болмағандықтан елемейді (Кук және Кампел 1979), алайда оқта-текте жалғыз топты табиғи экспериментті кездестіруге болады (3.6-зерттеу нысанын қараңыз). Эксперименттік жобалар, әсіресе квази-эксперименттік жобалар көбіне зерттеулерді бағалауда аса танымал (3.5-негізгі ұғымдар және 3.7-зерттеу нысанын қараңыз).

Осы бөлімде көрсетілгендей, квази-эксперименттердің бірқатар қиындықтарынан болар, Грант пен Уолл (2008) олардың құрылымдық зерттеулерде біршама сирек қолданылатынын көрсетеді. Дегенмен бұл авторлар қосымша квази-экспериментті қоршап тұрған ішкі дәлдікке қатысты алаңдаушылықты сейілте алатын жолдардың да болуы мүмкін екендігін көрсетеді. Олар, мысалы, қатысушыларды эксперимент тобына немесе бақылау тобына кездейсоқ әдіспен бөлуге немесе зерттеуші эксперименттік айлалы тәсіл қолдануға шектелген немесе тіптен бақылай алмаған жағдайларда себеп-салдар түйінін күшейтуге мүмкін болатындығын топшылайды. Бұл шынайы эксперименттік жобаның жетіспегенінен себеп-салдар ара қатынасының бәсекелестік талдауларына шүбә келтіруге көмектесетін қосымша

мәлімет жинау арқылы іске аса алады. Дегенмен бұл көзқарас, себеп-салдар ара қатынасын нақты түрде анықтап алу

үшін эксперименттік жобаның жасалуын жақтайтын әлеуметтанушылар арасында қолдау табуы екіталай.



3.6 Зерттеу нысаны

Табиғи эксперимент

Теледидардағы қатыгездіктің балаларға әсері – көп жағдайда әлеуметтік зерттеулерде пікірталасқа ие және бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан өткір сыналатын мәселенің бірі. Оңтүстік Атлантикадағы Қасиетті Елена аралына 1990 жылдардың орталарында теледидар алғаш рет енгізілгенде, әртүрлі мәлімдемелерді зерттеу үшін эксперимент ұсынылды. Оқушылардан құралған ауқымды топтың теледидар қарау әдеттері мен олардың мінез-құлқы бақылауға алынып отыр және болашақта да ұзақ жылдар бойы бақылау жалғасатын болады. Жоба жетекшісі Тони Чарлтонның айтқаны; «*The Times* басылымында сілтеме жасағандай, «Теледидарда қатыгездікті көру жастардың қатігез болуына әкеліп соғады деген дәйек әлі өзінің қолдауын тапқан жоқ... Балалар, британиялық балалар сияқты бағдарламалар мен қатыгездіктің бірдей мөлшерін көріп келеді. Бірақ, олар сыртқа шығып теледидардағы көргендерді еліктеп жасаған жоқ» (Мидглэй, 1998: 5). 1998 жылдың сәуірінде *The Times* газетінде басылған нәтижелердің есебіне қарағанда, «бірігіп теледидар көру тәжірибесі бір-бірін келемеждеп және ұрсысуға азырақ бейімдеп, кітап оқудан көбірек ләззат алуға ынталандырған» (Фрин, 1998: 7). Бұл нәтижелер балалардың үзіліс кезіндегі ойын алаңынан 900 минут видеокөшірмелерінен, 300 балалардың толтырылған күнделігінен және мұғалімдердің бағалауынан алынды. Академиялық журналдарда басқа зерттеу нәтижелері де теледидардың анти-социалдық мінез-құлықтың артуына себеп болды деген тұжырымдама жасауға негіз жоқ екенін құптады (мысалы, Чарлтон және басқа авторластар, 1998, 1999).



3.5 Негізгі ұғымдар

Зерттеуді бағалау дегеніміз не?

Өзінің атынан білініп тұрғандай, зерттеуді бағалау, қоғамдық және құрылымдық жобалар немесе араласулар сияқты жағдайларды бағалаумен байланысты. Зерттеуге баға беруде қарастырылатын басты сұрақ: кез келген араласу (мысалы, жаңа саясат бастамасын немесе құрылымдық өзгеріс енгізу) дйттеген мақсатына жетті ме? Әдеттегі зерттеу жобасы ықпалға ұшырайтын топтан және ұшырымайтын бақылау тобынан тұрады. Қатысушыларды кездейсоқ 2 топқа бөлу немесе этикалық тұрғыдан белгілеу мүмкін болмағандықтан, мұндай зерттеу көбіне квази-эксперименттік тәсілмен жүргізіледі. Зерттеуді бағалауда, эксперименттік жобаның принциптерін қолданудың орныққан, бірақ соңғы жылдары басқа да тәсілдері, әсіресе сапалық зерттеуге қатысты бағалау тәсілдері пайда болып жатыр. Сапалық зерттеулер қалай орындалуы керек екені туралы ойлардың әртүрлі болғанына қарамастан, бірқатар көзқарастар әдетте зерттеудің мәнмәтінін және мүдделі тараптардың түрлі көзқарастарын терең түсінудің маңыздылығын мойындаудың айналасында жинақталады (Грин, 1994,

2000). Паусон мен Тиллей (1997) сыни (критикалық) реализм (2.3 негізгі ұғымын қараныз) принциптеріне негізделетін және араласудың қорытындысын – жалпы тетіктер мен сол тетіктердің мән-мазмұнының нәтижесі ретінде көретін тәсілді насихаттайды. Араласу орын алғанда, өзгеріске кедергі жасайтын немесе септігін тигізетін себеп-салдар факторларын зерттеу басты назарға алынады. Паусон мен Тиллейдің тәсілі өлшем және сапалы зерттеу сияқты екі әдісін де қолдануды қолдайды. Тиллей (2000) осындай тәсілдің алғашқы мысалы – автотұрақтағы бейнебақылауды зерттеу мәнмәтініне көңіл аударады. Оның байқауынша, көлік тұрағындағы бейнебақылаудың құқық бұзушылардың секемденіп, осылайша автокөлік қылмысының азаюына алып келетін, автотұрақтарды көптеп қолдану, қауіпсіздік қызметкерлерін тиімді қолдану және көлік жүргізушілердің арасындағы көлік қауіпсіздігіне аса сезімталдықпен қарау сияқты бірнеше себептерді туындатқан. Мән-мәтін мысалдары – қолдану ерекшеліктері (тез арада, әсіресе қарбалас сәтте тез босап қалатын немесе әрдайым қолданыста болатын тұрақтарды қолдану сияқты); автотұрақтың қалқалы орындарын қолдану және ықтимал құқық бұзушылар үшін автокөлік қылмысына септігін тигізетін басқа да мүмкіншіліктердің болуы. Басқаша айтқанда, тетіктердің белгілі бір ықпалының болуы, бейнебақылаудың қандай мақсатқа сай қойылғанына байланысты. Паусон мен Тиллейдің насихаттаған бағалау зерттеу түрі, түрлі нәтижелерге қатысты тетік пен мақсаттың әртүрлі ұштасуымен байланыстырылады.



3.7 Зерттеу нысаны

Квази-эксперименттік бағалау

Кобер (2005) АҚШ университеттерінде әлеуметтануға кіріспе пәнін оқыту үшін қолданылған PowerPoint бағдарламасының ұсыныстарын және ғаламтор негізінде жүргізілетін дәрісті бағалайтын квази-эксперименттің нәтижелерін ұсынды. Студенттердің бір тобы эксперименттік топқа енгізілді және олар екі бірдей оқыту тәсілімен оқытылды, басқа топ бақылау тобы ретінде бекітіліп, оқу әдіснамасында аталмыш оқу құралдарының ешқайсысы қолданылмады. Қатысушыларға кездейсоқ іріктеу тәсілі қолданылмағанымен, бірқатар қатынаста екі топ салыстырылмалы болды. Сондықтан зерттеуші екі ықпалды барынша салыстырмалы етіп көрсетуге тырысқан бұл зерттеу шын эксперименттік зерттеу болмағанымен, әдеттегі квази-эксперименттің ерекшеліктері байқалады. Бұл бағалау зерттеуі болып саналады, өйткені зерттеуші екі оқыту тәсілінің қолдануына баға беруді көздеді. Зерттеу соңында қызықты нәтижелерге қол жеткізілді: оқытудың жаңа немесе дәстүрлі тәсілімен оқытылған студенттердің (пәннен алынған соңғы бағаларымен өлшенген) үлгерімдерінің арасында айтарлықтай дәлелді айырмашылық байқалған жоқ. Десекте, жаңа оқыту тәсілі қолданылған оқушылар оқытылған пәнді ұнамдырақ қабылдауға және пәннің түрлі аспектілерін (мысалы, пән құрылымын, басқа оқушылармен қосылып жасаған баяндамалары мен пән маңыздылығын) оң қабылдауға бейімдірек болды. Сонымен қатар, эксперименттік топ пәннің талаптарын қиын және пәнге қатысты жұмыс мөлшерін көп етіп қабылдауға бейімдірек болды.

Эксперименттік жобаның маңыздылығы

Бастапқыда айтылғандай, экспериментті зерттеу жобасы ретінде енгізудің басты мақсаты – оның жиі өлшеуіш ретінде қабылдануы, осыған қарай сандық зерттеулерге баға беріледі. Мұның көптеп кездесуіне себеп – шын эксперименттің ішкі дәлдікке күмән келтіруінен және сандық зерттеулерде себеп-салдарды анықтауға көп көңіл аударатындығынан туындайды. Келесі тармақта көретініміздей, сауалнамамен байланысты зерттеулер – **кросс-секциялық** жобаларды қолданғанда, себеп-салдарлы бірімәнді жүктеу мәселесі туындайтындықтан, бұл жобалар шектелген болып саналады.

Салыстырудың логикасы

Осындай мәселелерді көтерер алдында, эксперименттерді талқылаудың бізге жалпылама не үйрететініне аса көңіл аудару қажет. Кез келген эксперименттің басты ерекшелігі зерттеу барысында салыстыру жұмыстарының қамтылуынан байқалады: ең кемінде,

ол эксперименттік топ пен бақылау тобының қатысуымен алынған нәтижелерді салыстыруды қамтиды. 3.4 Зерттеу нысанында қозғалған Хауэл мен Фрост (1989) экспериментінде бақылау тобы болған жоқ: зерттеу үш жетекшілік түрінің ықпалын салыстыруды қамтыды. Осындай салыстыруды іске асырудың артықшылығы – қызығушылығымызды тудырған феноменді соған ұқсас нәрсемен салыстыру арқылы оны жақсырақ түсіну. Харизмалық жетекшіліктің тиімді, үлгерімді жақсартатын жетекшілік түрі екеніне басқа түрлерімен салыстырған жағдайда ғана көзіміз жетеді. Сондықтан эксперименттік жобаға қатысты белгілі бір көзқарастар сандық зерттеулермен байланысты болған болса, әлеуметтік зерттеулердегі салыстыру мүмкіншілігі зерттеу стратегиясы мен зерттеу жоба мәселелерінен асып түсетін жалпы сабақ береді. Басқаша айтқанда, эксперименттік жоба әдетте сандық зерттеу стратегиясымен байланысты болса, салыстырудың ерекше логикасы кең ауқымды қолданысы мен орынды болуының үлгісін көрсетеді. Бұл мәселеге толығырақ төменде салыстырмалы жобаға қатысты мәселеде тоқталып өтілген.



3.6 Негізгі ұғымдар

Кросс-секциялық жоба дегеніміз не?

Кросс-секциялық жобасы дегеніміз – бірнеше тақырыптан тұратын (әдетте екіден көп) және белгілі бір уақыт аралығында сандық немесе санауға болатын көрсеткішті жинау мақсатында, екі немесе одан да көп (әдетте екіден көп) айнымалыларға қатысты және одан әрі байланыс бағытын анықтау үшін, деректер жинақтау.

Кросс-секциялық жоба

Кросс-секциялық жоба көбіне сауалнама жобасы деп аталады, бірақ сауалнама мен стандартталған сұхбат адамдардың санасында қалыптасып қалғандықтан, кросс-секциялық жоба деген жалпы атауы көбірек қолданылады. Сауалнамамен байланыстырылатын әлеуметтік зерттеу тәсілдері кросс-секциялық жоба мән-мәтінінде жиі қолданғанымен, басқа да көптеген – **стандартталған бақылау**, мазмұнды талдау, ресми статистика мен жүргізілген күнделікті сараптау сияқты зерттеу тәсілдері де қолданады. Бұл әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің барлығы да бұдан кейінгі тармақтарда қарастырылады, ал қазір кросс-секциялық жобаның басты құрылымына тоқтап өтейік.

Кросс-секциялық жобаның анықтамасы 3.6 негізгі ұғымда берілген. Сол анықтамада бірқатар элементтерге аса назар аударылған.

- *Бірден көп субъект.* Кросс-секциялық жоба қолдануды шешкен зерттеуші, вариация (эртүрлілік) болуын қалайды. Бұл вариация адамдарға, жанұяға, мекемелерге, ұлтқа немесе басқа да нәрсеге қатысты болуы мүмкін. Вариация, тек бірден көп субъект зерттелген кезде ғана іске асуы мүмкін. Әдетте осы жобаны қолданатын зерттеушілер бірден көп субъектін таңдауына бірнеше себеп бар: олар қызығушылық танытқан айнымалылардың барлығында вариацияларға тап болу мүмкіндігі басымдырақ; зерттеуге алынғандар

арасындағы ерекшелікті аса үлкен сезімталдықпен айырып алуға мүмкіндік береді; және зерттеуге алынған топты таңдау процедурасының талаптары үлкен сандарды (ауқымды мөлшерді) қажет етуі мүмкін (8-тарауды қараңыз).

- *Белгілі бір шектелген уақыт.* Кросс-секциялық жобаны зерттеуде қызығушылық тудырған айнымалылар мәліметтері бір уақытта жиналады. Адам елу немесе одан да көп айнымалылары бар сауалнаманы толтырған сәтте, жауаптар бір мезгілде беріледі. Бұл эксперименттік жобадан айрықша. Сондықтан эксперименттік топтағы адам әуелі алдын ала тестіленеді, содан кейін ғана ықпалға ұшырайды, кейін тағы тестіленеді. Осындай зерттеу фазаларын күндер, апталар, айлар немесе тіпті жылдар айырып тұрады. Розенталь мен Джейкобсон зерттеуінде (1968), оқушылардың алғашқы және соңғы тестілеуінің арасы сегіз айға созылған.
- *Сандық немесе санауға болатын көрсеткішке айналдыруға болатын мәлімет.* Зерттеуге қатысушылар арасында вариацияны орнату үшін (содан кейін айнымалылар арасында байланыс орнату үшін – келесі пунктті қараңыз), вариацияны өлшеу үшін жүйелік және стандартталған әдістерді қолдану қажет. Сандық көрсеткішке айналдырудың ең маңызды артықшылығының бірі оның зерттеуді тұрақты салыстырумен қамтамасыз ете білуінде. Сандық көрсеткішке

айналдырудың артықшылығы мен оның өлшенуі толығырақ 7-тарауда қарастырылады.

- *Байланыс бағыттары.* Кросс-секциялық жоба арқылы айнымалылардың арасындағы ара-қатынасты ғана анықтауға болады. Айнымалыларға қатысты мәліметтер бір уақытта жиналып және зерттеуші айнымалыларды өзгерте алмағандықтан, оларда уақыт реттілігі қарастырылмайды. Бұл 3.2-зерттеу нысанында көтерілген «Себеп-салдар әсері бағытының тұрлаусыздығы (екіұштылығы)» мәселесіне жағдай туғызады. Егер де зерттеуші екі айнымалы арасында қандай да бір байланыс тапса, ол эксперименттік жобаның ерекшеліктері болмағандықтан, мұның себеп-салдар ара қатынасы екендігіне сенімді бола алмайды. Тек қана айнымалылардың арасында байланыстың бар екенін айта аламыз. Алайда бұл кросс-секциялық жоба негізінде жасалған зерттеулерден себеп-салдардың өзара әрекеттестігін анықтай алмаймыз деген сөз емес. 15-тарауда көрсетілетіндей, зерттеушінің бірнеше жолдармен себеп-салдардың өзара әрекеттестігін анықтап алуға мүмкіндігі бар, бірақ бұл ара қатынас эксперименттік жобада қолданылатын себеп-салдар нәтижесіндей ерекшелікке ие емес. Нәтижеде көптеген эксперименттік жобада кездесетін ішкі дәлдік кросс-секциялық зерттеуде жетіспейтінін көреміз (3.8-зерттеу нысаны және 3.1-терең пікірлер мысалдарын қараңыз).

Бұл кітапта «сауалнама» атауы кросс-секциялық жобада қолданатын және сауалнама мен стандартталған сұхбаттасу арқылы мәлімет жинайтын зерттеуде қолданылады (3.7-негізгі ұғымдарын қараңыз). Бұл, сауалнама мен стандартталған сұхбаттасу арқылы мәлімет жинаумен қатысты болмаса да, сауалнаманың дәстүрлі түсінігін сақтауға және кросс-секциялық жобаның кең қолданысын анықтауға көмектеседі.

Сенімділік, қайталама және заңдылық

Кросс-секциялық жоба, ертерек көтерілген сандық зерттеуді бағалау критерийлері бойынша сенімділікті, көшірмені және заңдылықты қалай өлшейді?

- Өлшемдердің сапасына қатысты, зерттеу жобасы мәселелерінен гөрі зерттеушіні қызықтыратын концепциялардың талаптарына сәйкес келу үшін қолданылған сенімділік және өлшеу дәлдік мәселелері басты сұрақтар болып табылады.
- Көптеген кросс-секциялық зерттеулерде қайталаудың болуы зерттеушінің респонденттерді таңдау, концепцияларды өлшеу жобасы, зерттеу құралнамаларын тағайындау (стандартталған сұхбаттау мен өз бетімен толтырылатын сауалнама сияқты) және мәліметтерді талдау шараларын қаншалықты ашық жариялаған деңгейіне байланысты. Кросс-секциялық зерттеу жоба негізінде құралған сандық зерттеулердің көбісі осындай шараларды кең ауқымда толық баяндайды.



3.8 Зерттеу нысаны

Кросс-секциялық жоба және ішкі дәлділік: Денсаулық пен өмір салты сауалнамасы негізінде мысал

Блакстер (1990) сұхбаттың кең ауқымды кросс-секциялық зерттеудің кейбір нәтижелеріне деректер жинақтауда үш тәсілді қолданғанын айтады: әр респондентінің физиологиялық мәліметтерін медбике көмегімен жинау; стандартталған сұхбат жүргізу; өз бетімен сауалнама толтыру. Мәліметтер 9000-ға жуық адамдардан тұратын кездейсоқ іріктеліп алынған топ арасында жиналды. Бір мезгілде, Блакстер тұлғаның темекі шегіп-шекпеуі мен оның диетасы арасында байланыс барлығын көрсеткен болатын. Алайда бұл байланысты қалай талдауымызға болады? Блакстер бұл мәселеде өте абай болып, екеуінің арасындағы себеп-салдар қатынасын тұжырымдамайды. Жиналған мәліметтерге сүйеніп, темекі шегу белгілі бір диетаға себепкер немесе диета темекі шегуге себепкер, не болмаса екеуінің арасындағы байланыс шын мәнінде, мысалы, «салауатты» өмір салтына берілгендік немесе немқұрайлылық сияқты үшінші бір айнымалының әсерінен туындағаны туралы түсінік болуы мүмкін. Сондықтан бұл жерде себеп-салдар әсері бағытының тұрлаусыздығы (екіұштылығы) орын алған.



3.1 Терең пікірлер

Себеп-салдар әсерінің бағыты: жыныс қатынасы сіз үшін пайдалы ма?

Guardian басылымының *Денсаулық бағанасындағы* бір мақала жыныс қатынасының пайдалы болып немесе болмауындағы дәлелді қарастырды. Бір жерінде, автор ер кісілердің жыныс қатынасы олардың денсаулықтарына пайда келтіретінін болжаған зерттеуге назар аударады, бірақ автор сонымен қатар себеп пен оның салдарының бағыт-бағдар мәселесін ескеруі қажет. Керфилдағы 1000 ер кісілер арасында жүргізілген бір зерттеуде, айына бірден аз оргазм сезінгендерге қарағанда аптасына екі немесе одан да көп оргазм сезінгендер өлім қауіп-қатерін екі есеге азайтқанын анықтады. Авторлар жыныс қатынасы ерлер денсаулығына қорғаныс әсерін береді деп топшылайды. Алайда байланыстың әсері әбден керісінше болуы мүмкін: денсаулығы нашар адамдар әу бастан-ақ жыныс қатынасында аз болуы мүмкін (Хьюгтон, 1998: 14).



3.7 Негізгі ұғымдар

Сауалнамалық зерттеу дегеніміз не?

Сауалнамалық зерттеу, белгілі бір шектелген уақыт аралығында ғана сандық немесе сандық көрсеткішке айналдырыла алатын, екі немесе одан да көп (әдетте екіден көп) айнымалы (тұрақты) факторларға қатысы бар бірден көп субъектілерден (әдетте өте көп), одан әрі байланыс бағытын анықтап алу үшін сауалнама немесе стандартталған сұхбат мәліметті және осыған қатысты кросс-секциялық жобаны қамтиды.

- Ішкі дәлділік мәселесі әдеттегі әлсіздік. Жоғарыда айтылып өткендей, нәтижеленген мәліметтен себеп-салдар бағдарын орнату қиын. Кросс-секциялық жобадағы зерттеулер, бұлтартпас себеп-салдар арақатынас қорытындысын шығаруға көмектесетін нәтижеден гөрі арада болатын байланысты көрсетеді. Дегенмен кросс-секциялық жобаның мәліметінен себеп-салдар өзара әрекеттестігін анықтауға шаралар 15 тарауда талқыланады, алайда көптеген зерттеушілер табылған себеп-салдар нәтижелері эксперименттік жобадан шыққан нәтижелерге қарағанда, ішкі дәлдікке сирек ие болады деп ойлайды.
- Сыртқы дәлділік, Блакстердің (1990) Денсаулық және Өмір салты зерттеуіндегідей (3.8-зерттеу нысанын қараңыз) мәліметтер жиналған топ кездейсоқ таңдалған жағдайда нақтырақ болып саналады. Топты таңдауда кездейсоқ емес тәсілдер қолданылса, сыртқы дәлділік сұрақ тудырап еді. Топ таңдау мәселесі 8-тарауда арнайы талқыланады.
- Көптеген кросс-секциялық зерттеулер өз бетімен сауалнама толтыру мен құрылымдық **бақылау кестесі** сияқты зерттеу құралнамаларын кеңінен қолданғандықтан, экологиялық дәлділік қауіпке ұшырайды, өйткені сол құралдар, Сикурель (1982) айтқандай, «табиғи ортаны» жояды (48 беттегі дәйексөзді қараңыз).

Айлалы тәсілге бағынбайтын айнымалылар

Эксперименттік жобаға қатысты бөлімнің басында айтылып өткендей,

әлуметтік зерттеудің көбінде бізді қызықтыратын айнымалыларды бағындыру мүмкін емес. Осы себепті көптеген әлеуметтік сандық зерттеулерде, эксперименттік жобаға қарағанда кросс-секциялық жобаны қолданылады. Блакстердің (1990) (3.8-зерттеу нысанын қараңыз) зерттеген темекі шегу – диета ара қатынасына байланысты ішкі дәлдікке сай нәтижелерге қол жеткізуді қалағанымызда, біз айнымалылардың бірін қалауымызға қарай бағындыруымыз қажет болар еді. Мысалы, темекі шегудің диетаға әсер ететіндігіне сенсек (бәлкім темекі де адамдардың белгілі бір тағам түрлерін таңдап алатыны тәрізді қымбат әдет болғандықтан болар), төмендегі қадамдардан тұратын экспериментті ойластырап едік:

- Темекі тартпайтын адамдардың арасынан кездейсоқ топ мүшелерін таңдау;
- Олардың сол уақыттағы тамақ жеу әдеттерін (диетасын) анықтау;
- Оларды кездейсоқ түрде үш эксперименттік топқа тағайындау – көп көлемде темекі тартатындар, орташа және тартпайтындар (бақылау тобы болып есептелетіндер);
- Белгілі бір уақыттан кейін олардың тамақ жеу әдеттерін (диетасын) анықтау.

Осындай зерттеу жобасын күлкілі деуге болады, өйткені этикалық және тәжірибелік тұрғыдан алғанда іске жарамсыз деуге боларлық. Мысалы, зерттеу жүргізу үшін кейбір адамдарды темекі тартатындарға айналдыруымызға болады, ал темекі тартудың зиянды әсерінің дәлелдер шеңберінде қарастырсақ, бұл істің этикалық тұрғыдан дұрыс болмасы сөзсіз. Сол сияқты темекі тартудың зиянды әсерінің дәлелдер шеңберінде



3.2 Терең пікірлер

Айла – шарғыға көнбейтін айнымалыларды айныту: нәсіл

1950 жылдары Джон Ховард Гриффин (1961) беті мен денесінің көрінетін жерлерін қараға бояп, қара нәсілді адам секілденіп Американың оңтүстігінде саяхаттаған. Ол көзін алып қашып, ақ нәсілділерге ізет көрсетіп, қара нәсілді адамдарға тиісінше әрекет еткен. Ол бірқатар жағдайларда, мысалы, оның суды «түсті нәсілдерге» деп арналған су құбырларынан қолдануға мәжбүр болуы сияқты істерде де, қара нәсілді адамға тән әрекет еткен. Гриффиннің мақсаты нәсілге бөлетін заманда және аймақта қара нәсілді болу қандай екенін сезіну.

өздерін темекі тартушыға айналдыруға дайын адамдарды табуымыз екіталай болар еді. Олардың темекі тартушы болулары үшін біз оларды ынталандыра аламыз, бірақ егер біз экономикалық ахуал темекі шегудің диетаға қатысты әсерінде маңызды рөл ойнайтынына сенсек, диетаға қатысты әсер бойынша табылған нәтижелер өз күшін жояды. Демек мұндай зерттеу әу бастан-ақ жарамсыз.

Бұдан бөлек әлеуметтік зерттеушілерді қызықтыратын, сонымен қатар потенциалды маңызды тәуелсіз айнымалы болып саналатын кейбір айнымалылар, аса қажетті жағдайларда қолданатын шаралардан басқа өзгертуге келмейді. Азды-көпті барлық мақсат пен ниетіміз, нәсіліміз, жасымыз, жынысымыз бен әлеуметтік ата-тегіміз «берілгендіктен» шын эксперименттік жобаға қажетті алдау тәсілін енгізу арқылы өзгертуге келмейді. Жұмыс мүмкіншілігіне жыныстың ықпалын зерттеу үшін, «Жезөкше» фильмдегі Дастин Хоффманның сомдаған кейіпкеріндей, ер адам киім мен макияж арқылы өзін әйел ретінде ұсына алады, бірақ осы мәселенің зерттелуіне жағдай жасайтын мәнді зерттеу жүргізу үшін қажет болатын ер адамдарды та-


буымыз екіталай (дегенмен 3.2 терең пікірлерінде сырттай өзгертуге көнбейтін болып көрінетін, алдауға бағынбайтын айнымалыға мысал ұсынылады). Одан бөлек, бұл зерттеу жобасын жеміс беретін деңгейге әкелгеннің өзінде, зерттеуші тек жыныстың сыртқы белгілерін ғана зерттеп, оның субъективтік және ішкі сезіну жақтарын елемеуі мүмкін деп сыналуды ықтимал. Сол сияқты 3.2 терең пікірлеріндегі ақ нәсілді ер адамның өзін қара нәсілді етіп көрсеткен мысал қызық болғанмен, қысқа уақытқа ғана «түсті» адамы болуының, Американың оңтүстігінде қара нәсілді болудың нендей екендігін (тәжирибесін) толығымен қамти алатындығы күмәнді. Мұндай тәжірибе – көптеген жылдар бойы жинақталған және алда да жалғаса беретіндігінің сезімі негізіндегі жеке адамның тәжирибесі. Сондықтан, 3.2 терең пікірлеріндегі мысал сырттай **өзгертуге көнбейтін** болып көрінетін **айнымалыны** – нәсілді – алдап бағындырудың мысалын ұсынғанымен, бұл эксперименттік мән-мәтініне керегінше қолданыла алатындығы күмән келтіреді, ең кемінде қолайсыздық пен ыңғайсыздыққа шыдай алатын қажетті адам санының табылу мүмкіндігі екіталай болуымен байланысты.

Басқа тараптан белгілі бір айнымалылар «берілген» болып танылғанымен, олар қалай себеп-салдар өзара әрекеттестігін құра алатындығымызды көрсете алады. Бізді қызықтыратын айнымалылардың көбісі одан кейін келетін айнымалыларға қарағанда, үздіксіз болатынын топшыласақ болады. Мысалы, егер біз нәсіл мен ішімдік қолдану арасында байланыс табатын болсақ, алдыңғысының тәуелсіз айнымалы болғандығын ұйғарсақ болады, өйткені ол алкоголь қолдану алдында – үздіксіз. Басқа сөзбен айтқанда, этникалық айнымалы (нәсілді) өзгерте алмағанымызбен, кросс-секциялық мәліметтерден себеп-салдар қатынасын тұжырымдай аламыз.

Кросс-секциялық жоба құрылымы

Кросс-секциялық зерттеу жобасын алдында таныстырылып өтілген жазба шеңберінде суреттеу оңай емес, алайда 3.2-сызба оның басты ерекшеліктерін қамтиды, бір айырмашылық – Бақылау1 жай ғана айнымалыға қатысты бақылауды ғана көрсетеді.

3.2-сызба



3.2-сызба кросс-секциялық жобаның белгілі бір уақыттың бөлігінде T_j, (Бақылау₁ Бақылау₂ Бақылау₃ Бақылау₄ Бақылау₅..... Бақылау_n) айнымалылар мәліметтерінің жиналуын қамтитындығына сілтейді. Мақсат – Марштың (1982) көрсеткеніндей, 3.3-сызбада көрсетілгендей, Бақылау 1-ден Бақылау n-ге дейін және Мысал 1-ден Мысал n-ге дейін қамтитын, мәліметтер «тікбұрышын» құру. Әрбір тақырып үшін (адам, үй іші, қала, ұлт, т.б. болсын) мәлімет әрбір айнымалы Бақылау 1-ден Бақылау n-ге дейін болу керек, сонымен қатар олардың барлығы T₁-де жиналған болуы керек. Матрицадағы әрбір ұяшық ішінде мәлімет болу керек.

Кросс-секциялық жоба және зерттеу стратегиясы

Кросс-секциялық жоба туралы пікірталас оның сандық зерттеу мәнмәтінінде нық орын алады. Сонымен қатар осы жобаның бағалануы сандық зерттеу стратегиясымен байланысқан өлшемдеріне шамалас. Дегенмен, сапалық зерттеу оқтын-оқтын кросс-секциялық жоба түрін қамтитындығын айта кету керек. Осындай зерттеудің әдеттегі түрінің бірі – зерттеушінің бірқатар адамдарға **стандартталмаған немесе** жартылай стандартталған сұхбаттасуды қолдануы. 3.9-зерттеу нысаны осындай зерттеу түрін сипаттайды.

Қатаң сапалық зерттеу салты шеңберінде болғанымен, 3.9-зерттеу нысанында сипатталған зерттеу жұмысында – Блэкстердің (1990) сандық зерттеу салты шеңберінде кросс-секциялық зерттеуі тәрізді көптеген зерттеу жобасымен ұқсастықтары бар. Бұдан бөлек, бұл – сапалық зерттеудің танымал түрі.

3.3-сызба

Кросс-секциялық жобадa деректерді төртбұрыш пішінде көрсету

	Бақылау ₁	Бақылау ₂	Бақылау ₃	Бақылау ₄	...	Бақылау _n
Оқиға ₁						
Оқиға ₂						
Оқиға ₃						
Оқиға ₄						
Оқиға ₅						
...						
Оқиға _n						

Бұл зерттеу сандық зерттеудегі ішкі және сыртқы дәлділік, көшірме, заңдылық және сол сияқты басқа өлшемдерді қарастырмаған. Шын мәнінде, бейресми мәлімет жинау құралдарын қолданатын зерттеуге қарағанда, әңгіме құру арқылы сұхбаттасу стилі бұл зерттеуді экологиялық дәлдік тұрғысынан сай етті деген дау тудыруы мүмкін. Сонымен қатар зерттеуде тағам таңдауға әсер ететін, вегетариандық сияқты факторлардың қарастырылғаны

қайран қалдырады. «Әсер» дегеннің өзі себеп-салдар қатынасына тұспалай түсінік беріп, сапалық зерттеушілер себеп пен оның салдарды зерттеуге ғана қызықтыратынын ұйғартады, әрине сандық зерттеудегі лық толы айнымалылар, тілінің мәнінде емес. Сондай-ақ сандық зерттеуде кездеспейтін вегетариандық сияқты бірталай ұғымдардың тәжірибесін ұғындыруға көптеп көңіл бөлінді. Алайда сипаттамаларды ұсынудағы басты мақсат – оның сан-



3.9 Зерттеу нысаны

Кросс-секциялық жоба ішінде сапалық зерттеу

Бирдсворт және Кейл (1992) вегетариандықтардың диеталық сенімдері мен дағдысын зерттеу мақсатымен зерттеу жүргізді. Олардың баяндауы бойынша, ниеттері «тағамды таңдау мен тыйым салу ерекшеліктеріне әсер ететін мәдениет пен әлеуметтік факторлардың талдауына» үлес қосу, «ерекше көңіл заманауи вегетарианшылықта – өзара сабақтасқан сенімдер, көзқарас пен дағдылар жиынтығында...» (1992: 253). Авторлар зерттеуді Шығыс Мидленстегі жетпіс алты вегетариандықтармен «түгендеме тізімі бойынша жүргізілген» «біршама стандартталмаған сұхбаттасу» арқылы іске асырған (1992: 261). Респонденттер *айқындама іріктеме* тәсілімен таңдалды. Сапалық мәліметтер көптеп жиналды, сұхбаттар таспаға жазылып, кейіннен басылым түрінде жарық көрді.

дық зерттеудегі кросс-секциялық жобамен ұқсастықтарының көп болуын көрсетуде. Ол көп адамдардан сұхбат алу нәтижесінде құрастырылды және ол белгілі бір уақытта орын алды. Көптеген кросс-секциялық жобаны қолданатын сандық зерттеулердегідей, адамдардың өткен және қазіргі өмір салтына ерте әсерлерін зерттеу олардың өткен шақта әсерін тигізген ретроспективті факторлар есебінде негізделген.

Созылмалы зерттеу жобасы

Созылмалы зерттеу жобасы зерттеу жобасының жекелеген бір түрін ұсынады. Уақыт пен қаржы шығыны болғандықтан, әлеуметтік зерттеуде бұл аз қолданатын жоба, сондықтан бұл жоба түріне кеңінен орын бөлмеуді ұсынамыз. Бұл жобаның әлеуметтану, әлеуметтік саясат және адам жағрафиясы сияқты әлеуметтік ғылым пәндерінде кездесетін әдеттегі түрі – кросс-секциялық жоба ішіндегі өз бетінше толтырылатын сауалнама немесе стандартталған сұхбаттасу зерттеуі негізінде жасалған сауалнама зерттеуінің кеңейтілген түрі. Осыны ескерсек, сенімділік, қайта өндірістік және дәлелділік тұрғысынан созылмалы зерттеу жобасы кросс-секциялық зерттеуінен кішкене ерекше. Дегенмен созылмалы зерттеу жоба айнымалылардың уақыт реттілігіне әлдебір анықтық бере алады, сондықтан себеп-салдар қатынасы туралы қорытынды жасауға көбірек мүмкіндік бере алады.

Созылмалы зерттеу жобасында таңдалынған топ, ең кемінде бір уақиға үшін сауалнамадан қайта-қайта өтеді. Созылмалы зерттеу жобаның әдетте екі түрін ажыратады: қайталамалы зерттеуі және шоғырлама зерттеуі. Бірінші түрінде, көбіне кездейсоқ таңдалған, екі немесе

одан да көп уақиға үстіне мәлімет жинау үшін зерттелінетін топ – назарда. Мәлімет қайталамалы зерттеу құрылымының ішіндегі әртүрлі қайнардан жиналуы мүмкін: адамдар, үй-іші, мекемелер, мектептер және тағы сол сияқты. Осындай зерттеу түрінің сипаттамасы British Household Panel Survey (Британдық үй-іші қайталанбалы зерттеу) мысалында берілген (3.10-зерттеу нысанын қараңыз).

Шоғырлама зерттеуінде, бүкіл халық тобы немесе соның ішінен кездейсоқ таңдалынған топ мәлімет жинау үшін алынады. Шоғырланым (когорта) бір аптада дүниеге келген, немесе жұмыссыз болу, бір күнде немесе бір аптада үйленген сияқты белгілі бір сипатты бөлісетін адамдар тобынан құралады. Шоғырлама (когорта) зерттеуінің бір мысалы ретінде Ұлттық балалар дамуын зерттеуін атай аламыз (National Child Development Study) (3.11-зерттеу нысанын қараңыз). Жаңа шоғырлама зерттеуі – Экономикалық және Әлеуметтік Зерттеу Кеңесі (Economic and Social Research Council) миллениум шоғырлама зерттеуі – қазіргі миллениумға кірген шағымызда басталған зерттеу. Қайталамалы және шоғырлама зерттеулердің ортақ ерекшеліктері бар. Олардың жоба құрылымы ұқсас: 3.4-сызба осы құрылымды суреттейді және мәліметтердің бірдей адам тобынан бірдей айнымалыларға ең кемінде екі толқынмен жиналатынын білдіреді. Қайталамалы және шоғырланым зерттеулердің екеуі де әлеуметтік өзгертуді баяндау және уақыт өте себеп-салдар қатынасын түсінуді жақсартумен айналысады. Соңғысы, ұзақ уақыттық зерттеу жобалардың, кросс-секциялық жобадағы толып жатқан «себеп-салдар әсері бағытының екіұштылығы» проблемасын біршама жақсы шеше алатындығын білдіреді.



3.10 Зерттеу нысаны

Британдық үй-іші қайталамалы зерттеу

Британдық үй-іші қайталамалы зерттеу 1991 жылы басталды, 10,264 адамдардан құралған ұлттық іріктеме тобы мен 5,538 үй-ішінен (жанұядан) бірінші рет қызығушылық танытқан алты басты салаға қатысты сұхбат алынған:

- үй-іші ұйымы;
- жұмыс қарқынының бет алысы;
- табыс пен әл-ауқат;
- баспана жағдайы;
- денсаулық;
- әлеуметтік-экономикалық құндылықтар.

Қайталамалы зерттеу мүшелері жыл сайын сұхбаттан өтіп тұрды. Созылмалы сұхбаттасу нәтижесінде әлеуметтік өзгеріс тұстарын айрықша басып айтуға мүмкіндік туады. Мысалы, Лаури мен Гершани (2000) жұптардың ақша жарату жолдарында өзгерістер болғандығын көрсетеді. Біршама қысқа – бес жыл мерзім ішінде (1991-1995) қаржылық мәселерде соңғы шешімде басымдылық танытатын ер адамдардың пропорциясының шамалы азайғаны және сәйкесінше бірдей шешім қабылдайтындардың шамалы көбейгені байқалады, дегенмен бұл беталыс жинақталған жауаптарға сүйенсек – серіктестердің төрттен бір бөлігі соңғы шешімде кімнің сөзі басымырақ болатындығы жөнінде әртүрлі пікір қалдырған.

Қосымша ақпарат үшін www.iser.essex.ac.uk/ulsc/bhps (2011 жылдың 17 қаңтарынан қолданысқа енгізілді) қараңыз.

Британдық үй-іші қайталамалы зерттеуі бірте-бірте, сол аймақтың 40,000 үй-іші (жанұя) негізінде іске асырылатын Қоғамды Түсіну Зерттеуімен алмастырылады.

www.understandingsociety.org.uk (2011 жылдың 17 қаңтарынан қолданысқа енгізілді) қараңыз.



3.11 Зерттеу нысаны

Ұлттық балалар дамуын зерттеу

Ұлттық балалар дамуын зерттеуінде Ұлыбританияда 1958 жылы 3-9 наурыз аралығында туылған барлық 17,000 балалар қамтылды. Алғашында зерттеу – перинаталдық (шараның шетінеуі) өлім-жітімге байланысты алаңдаушылықтан туған, алайда жинақталған мәлімет тек назар аударылғаннан тыс, кең ауқымды мәселелерді қамтыды. Мәліметтер балалар жасы жетіге толғанда, балалардан және олардың жанұясынан жиналды. Шын мәнінде, зерттеу басында созылмалы зерттеу ретінде жоспарланбаған. Сол балалар мен олардың жанұясы балалар 11, 16, 23, 33, 41-2, 46, және 50-51-ге толғанда қадағаланып отырды. Мәліметтер бірқатар салада жиналды,

оның ішінде: физикалық және психологиялық денсаулық; жанұя; бала тәрбиесі; жұмыс түрі мен табыс; және баспана жағдайы және айналасындағы орта.

Қосымша ақпарат үшін Фокс пен Фогельман (1990); Ходж (1998); және www.esds.ac.uk/longitudinal/access/ncds/l33004.asp (2011 жылдың 17 қаңтарынан қолданысқа енгізілді) қараңыз.

Жаңа шоғырлама зерттеу – Миллениум шоғырлама зерттеуі – 2000-2001 жылдары басталып, Англия мен Уэльсте 2000 жылдың 1 қыркүйегінен бастап және Шотландия мен Солтүстік Ирландияда 2000 жылдың 1 желтоқсанынан бастап он екі ай аралығында барлық дүниеге келген балалар шоғыры негізге алынған зерттеу.

Қосымша ақпарат үшін <http://securedata.ukda.ac.uk/sdata/mcs.asp> (2011 жылдың 17 қаңтарынан қолданысқа енгізілді) қараңыз.

Белгілі бір потенциалды тәуелсіз айнымалылар T1-де анықтала алғандықтан, зерттеуші T2-де немесе одан кейін анықталған әсерлер тәуелсіз айнымалылардан кейін пайда болғанына қорытынды жасай алады. Бұл бүкіл себеп-салдар әсері бағытының екіұштылығы проблемасын шеше алмайды, бірақ, ең кемінде қай айнымалының бірінші болып келгенін білуге септігін тигізеді. Басқа кросс-секциялық жоба туралы айтылған тұстар, ұзақ уақыттық зерттеу жобасында да бірдей болып келеді.

3.4-сызба

Созылмалды жоба

T ₁	...	T _n
Бақылау ₁		Бақылау ₁
Бақылау ₂		Бақылау ₂
Бақылау ₃		Бақылау ₃
Бақылау ₄		Бақылау ₄
Бақылау ₅		Бақылау ₅
...		...
Бақылау _n		Бақылау _n

Қайталамалы зерттеу және шоғырлама зерттеулері де маңызды мәселелерде айырмашылықтары бар. Қай-

таламалы (панельдік) зерттеу ұзақ жылдар бойы жалғасатын Британдық үй-іші зерттеуі сияқты жас-аралық әсерлерді (адамдарға ержету процессінің әсерін) және шоғырланым әсерін (бір мезгілде дүниеге келудің әсерін) бөлек көрсете алады, өйткені оның мүшелері әртүрлі уақытта туылуы мүмкін. Алайда шоғырлама зерттеуі тек жас-аралық әсерлерді ғана айыра алады, өйткені оның мүшелері азды-көпті бір уақытта туылуы мүмкін. Сонымен қатар қайталамалы (панельдік) зерттеу, әсіресе, үй-іші деңгейінде ұйымдастырылатынның бірі, үй-іші құрамы өзгерген жағдайда (мысалы, үйленіп немесе қартайған адамдың бірге тұру ниетімен көшіп адам саны көбейсе және ажырасып немесе балалардың үйден жырақ кетуіне байланысты адам саны азайса) қалай әрекет ету керек жөнінде ережені қажет етеді.

Қайталамалы (панельдік) және шоғырлама зерттеулердің ұқсас проблемалары да бар. Біріншіден, ол өлім-жітім, көшіп кету, субъектілердің зерттеудің кейінгі кезеңдерінде қатысудан бас тартуы және сол сияқты зерттеуден шығып кетуіне қатысты мәселе. Мысалы, Менард (1991) жасөспірімдердің есірткі қолдануын зерттеуіндегі сегіз жылда 55% зерттелушілердің зерттеуден бас

тартқан уақиғасына сілтеме жасайды. Алайда бас тарту деңгейі әрдайым осындай жоғары. 1981 жылы Ұлттық балалар дамуы зерттеуі бастапқыда қатысқан 17,414 шоғырламаның 12,537 мүшелерінен мәлімет ала білді, балалардың туылғанынан бастап жиырма үш жыл өтіп кеткенін ескерсек, бұл үлкен жетістік. 1991 жылы мәліметтер 11,407 адамдар арасынан жиналды. Зерттеуден бас тарту мәселесінің зор болуы – бас тартқандар кейбір маңызды нәрселерде зерттеуде қалғандарға қарағанда өзгеше болып, соңғыларының өкілдік бір топ құра алмайтындығына себеп. Қайталамалы (панельдік) зерттеулерден бас тарту мәселесінің уақыт өте келе азаятындығы жөнінде кейбір дәлелдер келтірілген (Бертоуд 2000а); басқаша айтқанда, бірінші немесе екінші мәлімет жинау толқынынан кейін зерттеуден бас тартпағандар зерттеуде қалу үрдісін байқатады.

Екіншіден, келесі мәлімет жинау толқынының оңтайлы кезеңі, қашан тағайындалуы керек екендігі жөнінде нұсқаулықтар аз.

Үшіншіден, қайталамалы (панельдік) зерттеулердің керегінше ой елегінен

өткізілмей, нәтижесінде, өте үлкен мөлшерде айқын жоспарлаусыз мәлімет жиналады деп топшыланады.

Төртіншіден, қайталамалы зерттеулерде ұзақ қатысу респонденттердің қалай әрекет ететіндігі себепті *панельдік шарттары* әсерінің орын алу ықтималдығы жөнінде дәйек келтіріледі.

Менард (1991) қамқоршы жанұяның зерттеуінде 52 % респонденттердің, зерттеуге қатысу себебінен олардың туыстарына қамқорлық көрсетуі өзгергендігін баяндайтын зерттеуге сілтеме жасайды.

Жалпы үй-іші пікірлама, Британдық Әлеуметтік Қатынас зерттеуі және Британдық Қылмыс пікірнамасы (14.1 кестесін қараңыз) сияқты зерттеулер, халықтың ішінде іріктемелі топқа жүйелі түрде жүргізіліп тұрғандықтан, шын мәнінде созылмалы зерттеу бола алмайды, өйткені олар әрдайым белгіленген бір адамдардан сұхбат алмайды. Бұл зерттеулер бірнеше жағдайдың әрқайсысына іріктелген топ таңдалынатын қайталамалы кросс-секциялық жоба немесе тренд жобасы ретінде қарастырылғаны жөн. Олар себеп пен салдардың бағытын емес, тек



3.12 Зерттеу нысаны

Сапалық созылмалы зерттеу: Timescapes жобасы

Зерттелушілермен қайталамалы сұхбаттарды қамтитын сапалық **созылмалы зерттеу** (ССЗ) осы ғасырдың басынан бастап кең қолданыла бастады. Мұның айғағы 2007 жылы ақпан айында бастау алған үлкен «Timescapes» жобасынан байқалады. Жобаның мақсаты – адамдар мен олардың өмір ырғағы, ойлары мен сезінулеріндегі әлеуметтік өзгеріс пен ауытқуды анықтау үшін қайталамалы түрде сұхбаттасу. Ол жеті тәуелсіз жобадан құралған. Осы жобалар арқылы зерттеушілер 400-ге жуық адамның өмірін қадағалауды мақсат етіп отыр. Жобаның бірі «Еркектік, жеке тұлға және тәуекел: ер адамдардың өмірінің әке болуымен ауысуы» деп аталады және көздегені, ер адамдардың бірінші рет әке болуымен қандай өзгеріске ұшырайтынын байқау. Дәл осы зерттеу,

Timescapes жобасы басталмай тұрып-ақ, әуелден 1999 жылы Норфолкта бастау алған зерттеуден өрбіген. 2000-2001 жылдары отыз ер адамнан тұңғыштарының туылуынан бұрын және кейін сұхбат алынған. Әрбір ер кісі үш рет сұхбатқа қатысқан (оның екеуі нәрестенің туылғанынан кейін орын алған).

Осы ер адамдар тобына кейіннен 2008 жылы қайтадан бақылау жүргізілді. Келесі сұхбаттар алдыңғылары сияқты бірі нәрестенің туылуынан бұрын, екеуі туылғаннан кейін 2008-2009 жылдары оңтүстік Уэльстен он сегіз ер адам арасында жүргізілген. Сұхбат барысында әкелік туралы ой-толғанысты ынталандару үшін жанұя суреттері мен ер кісілердің балаларымен түскен суреттері қолданылған. Сұхбатта суреттердің қолданылуы 19 және 20-тарауда қарастырылған. Екіншілік талдау үшін мәліметтерді кейінірек алуға мүмкіндік туады («Сапалық мәліметтердің екіншілік талдауын» 24-тараудан қараңыз).

Guardian, 20 қараша, 2009 жыл:

www.guardian.co.uk/education/2009/oct/20/timescapes-leeds-research-memories?INTCMP=SRCH

Жоба вебсайты: www.timescapes.leeds.ac.uk

Ер адамдар арасындағы жобаға қосымша ақпарат үшін мына сілтемені қараңыз:

www.timescapes.leeds.ac.uk/research-projects/projects/masculinities-fatherhood-risk.php

Timescapes жобасына қатысты кейбір әдіснамалық тұжырымдар үшін мына сілтемені қараңыз: www.timescapes.leeds.ac.uk/methods-ethics

Барлық вебсайттар 2011 жылдың 18 мамырынан қолданысқа енгізілді.

өзгерісті тіркей алады, өйткені қолданылған топтар әр уақытта әртүрлі.

Созылмалы жобаларды азды-көпті тек сапалық зерттеумен ұқсастыруға болады. Алайда сандық зерттеу кей кездері созылмалы жобаның элементтерін қамтиды. Көптеген созылмалы зерттеулерді, алғаш жоспарлағаннан бастап, уақыт өте келе қайтадан бақылауды ойға алады. Дегенмен, созылмалы зерттеу әдісін қолдану пікірі, зерттеушілердің ойына кешірек келуі мүмкін. 3.12 және 3.13 нысандарындағы әлеуметтік зерттеу жұмыстары, осы созылмалы зерттеу тәсіліне мысал бола алады: жоспарға алынған және алынбаған жақтарын байқауға болады. Сонымен қатар, сандық және сапалық зерттеу тәсілдері қатар қолданылғандықтан, аралас зерттеу тәсіліне де мысал бола алады.

Жеке тақырыптық зерттеу жобасы

Қарапайым жеке тақырыптық зерттеу жалғыз жағдайдың қарқынды және жіті талдануын қамтиды. Стайк (1995) байқағанындай, жеке тақырыптық зерттеуі белгілі бір жағдайдың күрделілігімен және өзіне тән ерекшелігімен байланысты. Әлеуметтануда танымал зерттеулерінің бірқатары осы зерттеу жоба негізінде жасалған. Олар келесі зерттеулер:

- Жеке қауым зерттеуі (мысалы, Уайттың Бостондағы Корнервил зерттеуі (1955), Ганстың (1962) Бостондағы Ист Энд зерттеуі, М. Стесидің (1960) Банбури зерттеуі, О'Рейлидің (2000) Испанияның Коста-дель-Сольда тұратын қауымды зерттеуі. Соңғы

уақытта әлеуметтік зерттеушілердің қызығушылығы онлайн қауымын зерттеуге артып келеді (28-тарау, әсіресе Зерттеу нысаны 28.4 қараңыз).

- Жеке мектеп зерттеуі (мысалы, Болдың (1981) Beachside Comprehensive (Жан-жақты жағажай) және Бургестің (1983) Бишоп МакГрегор зерттеулері;
- Жеке жанұя зерттеулері (мысалы, О. Левистің (1961) Санчес жанұясының зерттеуі немесе Браннен мен Нильсеннің (2006) «әкеліктің» уақыт өте келе әсерін анықтау үшін төмен білікті, төрт ұрпақ алмастырған британиялық ер кісілер жанұясының зерттеуі;
- Жеке мекеме зерттеуі (мысалы, Буравой (1979) мен Кавендиштің (1982) зауыт зерттеулері, наубайхана сияқты жерлерде ұсақ ұрлық зерттеуі (Диттон 1977), жалғыз тәртіп сақтау орнының қызметі (Холдуэй 1982, 1983; 3.14 зерттеу нысанын қараңыз), немесе жалғыз ақпарат отралығы қызметі (Каллаган мен Томпсон, 2002; Ниберг 2009);
- Жеке адам зерттеуі. (мысалы, Станли туралы танымал зерттеуі (Шо 1930); мұндай зерттеулер өмір тарихы немесе өмірбаян тәсілімен қолдануымен сипатталады (20-тараудың «Өмір тарихы мен ауызша тарихты сұхбаттау» бөлімін қараңыз);
- Жеке оқиға (мысалы, Кубалық ракеталық дағдарыс (Аллисон, 1971), БАҚ-ның баяндайтын белгілі бір сала айналасындағы жағдай (Декон, Фентон және Браймен, 1999), Балиналық қораздар шайқасы (Гиртс, 1973b) және апатты жағдай туралы зерттеу (Вауган 1996, 2004).



3.13 Зерттеу нысаны

Жоспарланған және жоспарланбаған созылмалы жоба

1940 жылдары Гарвард Заң мектебінен Шелдон мен Элеанор Глюк қылмыстық мансаптың қалай басталып және жалғасын табатындығы жөнінде зерттеу бастаған болатын. Зерттеуге Массачусетстің 500 қылмыскері мен 500 қылмыскер емес тұрғындары алынды. Осы екі іріктеме жасы, этникалық құрамы және олардың тұрғылықты аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы сияқты бірнеше сипаттама бойынша салыстырылды. Іріктемелер таңдалған уақытта олар 14 жасында болды, кейінірек олар 25 және 33 жасқа толған кездерінде тағы зерттеу жүргізілді. Мәліметтер бірнеше жолдармен жиналды: 1000 қатысушы, олардың жанұясымен және олардың өмірінде жетекші рөл атқарған адамдармен (мысалы, әлеуметтік жұмысшылар мен мектеп мұғалімдері) сұхбаттасу; үйлерінің немесе тұрмыс жағдайлары ескерілді; қатысушылар мен олардың жанұяларының қандай да бір байланыстары болған қоғамдардың жазбалары алынды. Әр қатысушының қылмыстық әрекеттеріне қатысты мәліметтер сот отырысының хаттамалары мен жазбаларын зерттеу арқылы алынғаны анық. Осы мәлімет көздерінің барлығы сандық ақпарат бергенімен, сұхбаттардағы **ашық сұрақтар** арқылы сапалық ақпарат та жиналған болатын. 1990 жылдардың орталарынан бастап Лауб пен Сампсон (2003, 2004) қылмыскерлер іріктеме тобындағы 500 ер кісіні қадағалай бастаған болатын. Бұл уақытта олардың жастары, шамамен 70 болулары керек еді. Жалғасатын

қылмыстық әрекеттері болған жағдайда, олардың тиянақты бағалануы үшін сол 500 ер кісінің өлімін растайтын жазбалар және қылмыстық әрекеттері ізденді. Бұдан ары зерттеушілер бастапқы іріктеме тобының елу екі мүшесін таба біліп, сұхбаттаса алды. Бұл адамдар олардың қылмыстарын хаттап отыратын мәліметтеріне сүйеніп, жылдар бойы жалғасқан қылмыстық әрекеттерінің ерекшеліктеріне қарай тандалды. Сұхбаттар, өмір тарихын деректейтін, өмірлеріндегі басты шешуші кезеңдерін және **өмір тәжірибесін ашып көрсететін сұхбаттар** болды. Бұл – жоспарланған (бастапқы мәлімет жинау толқыны, одан ары он бір және он сегіз жылдан кейінгі ақпарат алу) және бірнеше жылдан кейінгі Лауб пен Сампсонның ұйымдастырған жоспарланбаған элементтері бар созылмалы зерттеуіне өте ерекше мысал бола алады.



3.14 Зерттеу нысаны

Жеке тақырыптық зерттеу

Холдуэй (1982, 1983) өз қаласындағы полиция қызметінде жүріп, докторлық диссертациясына зерттеу жүргізген полиция офицері. Оның басты әлеуметтік зерттеу тәсілі **этнография** болатын, ол қарым-қатынасты байқап жүретін, әңгімелерді тыңдайтын, құжаттарды зерттейтін және алған әсерлері мен тәжірибесін жазып жүретін қатысушы-бақылаушы рөлінде болды. Оның басшылығы да Холдуэйдің өзінің қол-астындағыларға зерттеу жүргізіп жүргенінен, яғни бүркемелі зерттеуші рөлінде жүргенінен хабары жоқ болатын. Бұл этикалық тұрғыдан алғанда (6 және 19-тарауларды қараңыз) шүбәлі, талас тудыратын тәсіл. Холдуэйдың зерттеуі тәртіп сақшыларының мамандық мәдениетін және полиция жұмысының сырын ашады.

Жеке тақырып дегеніміз не?

Көп қолданыстағы «жеке тақырып» сөзі жеке тақырыптық зерттеуді қоғам немесе мекеме сияқты белгілі бір орынмен байланыстырады. Сол орынның қарқынды зерттеуіне көбірек көңіл бөлу басымдырақ. Кейде тақырыптық зерттеулерін сапалық зерттеулермен ұқсастырып жатады, алайда мұндай теңестіру дұрыс емес. Жеке тақырыпты зерттеу жобаның жақтаушылары, қатысушылық бақылау мен құрылымсыз сұхбаттасу сияқты сапалық тәсілдерді, олардың сол жеке тақырыпты қарқынды және толық зерттеуінде ерекше көмегі көп болып көрінгендігінен артығырақ

көретіні рас. Дегенмен тақырыптық зерттеулері сапалық пен сандық зерттеудің екеуін де қолданатындығына жиі сілтеме жасайды (27-тарауда толығырақ қарастырылады). Шынында, кей кездері зерттеулер тек сапалық зерттеу негізінде ғана құрастырылса, тақырыптық зерттеуі кросс-секциялық зерттеу жобасы ретінде баяндалуы керек пе, оны анықтау қиынға соғады. Дәл осы мәселе сандық зерттеу негізінде құрастырылған тақырыптық зерттеулері жайында да айтуға болады.

Тақырыптық зерттеулері жайында жазу қиындықтарының үлгісі ретінде 3.3-терең пікірлер зерттеуін қарастырсаңыз болады. Мейлінше ол Бирдсворт және Кейлдің (1992), кросс-

секциялық жоба құрылымының ішіндегі сапалық зерттеудің бөлігі болғандықтан, вегетариандықтар зерттеуіне ұқсас (3.9-зерттеу нысанын қараңыз). Алайда ол Давис және ұжымдас авторлардың (1994: 157), «тақырыптық зерттеуінің дәлелін» ұсынған сияқты болып сипаттау себебі – зерттеу жұмыстарының бір жерде орын алғандықтан. Дегенмен, мен «тақырыптық зерттеуі» терминін «жеке тақырыптың» бізді қызықтыратын басты мәселе болған жағдайлар үшін ғана қолданамын (3.3-терең пікірлер). Бирдсворт және Кейлдің (1992) Шығыс Мидландағы тақырыптық зерттеуге

жататын болса, 3.3-терең пікіріндегі Киддерминстер (яғни, орын) зерттеуі бұл зерттеу түріне жатпайды. МакКи және Бель (1985) қырық бес жұп арасында жұмыссыздықпен байланысты әсерлері жайлы сұхбат ала отырып, зерттеу жүргізді. Киддерминстерге айтарлықтай жеке тақырыптық көңіл бөлінген жоқ. Қала қызықтыратын мәселеден гөрі, өз алдына жетілдірілген нәтижелер ұсына алады. Мұның себебі, Киддерминстердің талдау бірлігі ретінде қарастырылмады, керісінше ол талдау бірлігі болып табылатын іріктеме қатарына енді.



3.3 Терең пікірлер

Талдау бірлігі дегеніміз не?

МакКи және Бель (1985: 387) «жұмыссыздықтың жанұя мен неке қарым-қатынасына әсерін» зерттеуге бір аймақтың (Батыс Мидландағы Киддерминстер) қырық бес жұбын тандап алды. Олар өздерінің зерттеу құралнамаларын «құрылымсыз, әңгіме құру арқылы сұхбат түрі» ретінде суреттейді. Көп жағдайларда ері мен әйелі сұхбатқа бірге қатысқан. Сұхбат алу бағыт беру әсерінен тыс, жұптардың өз тілінде және қалаған уақыт аралығында жауап беретін жағдай туғызды. Зерттеу жұмыссыздықпен көптен қарсыласқан бірқатар жанұяларда, осыған қатысты туындайтын мәселелерді, олармен қалай күресетіндігін және сол тәжірибелерінің әртүрлілігін қарастырды. Нәтижеде жұптар тарапынан жұмыссыздықты бастарынан өткізу тәжірибесі басты көңіл бөлінген мәселе болды. Зерттеудің басты өзегі жұмыссыздық болғандықтан, авторлар мысалы, ер адамдардың жұмыссыздығы әйелдеріне әлқайда басым әсер ететінін көрсетті. Жұптардың үй шаруасын бөлісуінде бірқатар өзгерістер еніп, оның ер адамға және тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты сұрақ туындатқанын көрсетті.

Бұл зерттеу Киддерминстердегі жұмыссыздық тақырыптық зерттеуі ме немесе жұмыссыз ерлер мен олардың әйелдерінің кросс-секциялық зерттеу жобасы ма? Оны тақырыптық зерттеу ретінде қарастыру мүлдем мардымсыз, өйткені Киддерминстер талдау бірлігі емес. Бұл – іріктеме тобының жұмыссыздыққа қатысты кейбір жеке тұлғалар арасында жүргізген зерттеу жауаптары, зерттеуге қатысушылардың тек қана Киддерминстерде тұратындығын ескере келе зерттеу нәтижесі жалпылама болып саналмайды. Дегенмен зерттеудің бір емес басқа түрі болғандығын анықтау оңай емес. Осы түсініктемеден көруге болатындай, өздеріңіздің санаңызда талдау бірлігіне не жататынын айқын анықтау өте маңызды.

Осыған ұқсас, Пауэл мен Батерфилд (1997) АҚШ үкіметінің белгілі бір бөлімінде қызмет бабы бойынша жоғарылау мәселесіне сапалы зерттеу жүргізуді ұсынды. Олар сол бөлім ішінде жеке тұлға нәсілінің оның қызмет бабымен көтерілуге қаншалықты әсерін тигізетінін зерттеуді қолға алды. Нәтижесінде, олар нәсілдің қызмет бабы бойынша жоғарылауына тікелей болмаса да, жанама әсер тигізетінін анықтады. Мысалы, жеке тұлғаның нәсілі екі айнымалыға әсер еткен: біріншісі, үміткердің қабылдау бөлімінде жұмыс атқарып немесе атқармағаны есепке алынса, екіншіден, жұмыс тәжірибе жылдары ескерілген. Нәтижеде осы екі айнымалы қызмет бабында жоғарылауға әсер еткен. Нәсілдің осы екі айнымалыға әсер еткендігі соншалықты, «түсті» адамдардың қызмет бабы бойынша жоғарылауы үмітсіздік тудырған. Осы арада байқайтынымыз, бұл жерде жеке тақырыптық зерттеу мен кросс-секциялық жобалардың ерекшеліктері бірге қарастырылған, алайда сапалық зерттеу стратегиясы қолданылған. МакКи және Бель (1985) зерттеуіндегідей, бұл зерттеуді де тақырыптық зерттеу ретінде емес, кросс-секциялық жоба ретінде сипаттау дұрыстау болар еді, өйткені мысалдың өзі қызығушылығымызды айқын танытатын тақырып ретінде емес, нәтижеге жетуге жол сілтеуші ретінде ғана алынып отыр.

Сол сияқты Уэстергард және басқаларының (1989) болат балқыту жұмысшыларының шектен шығушылық жөніндегі зерттеуі де, айқын кросс-секциялық жоба белгілерімен сандық зерттеу стратегиясы қолданылған артық-

шылық әсерін зерттейтін тақырыптық зерттеуге жататынын айтар едім. Жеке тақырыптық зерттеуінде, келтіріліп отырған тақырыптық зерттеуі өз алдына қызығушылық болып саналады да, зерттеуші оның терең түсінігін ұсынуды мақсат етіп алады. Осы немесе басқа да зерттеу түрі айқын анықталмайынша, тақырыптық зерттеуін басқа ерекше зерттеу жобасынан айыру мүмкін емес, өйткені кез келген зерттеу түрі тақырыптық зерттеу ретінде қабылдана алады: Ұлыбритания халқының ұлттық, кездейсоқ іріктеме тобы негізінде жасалған зерттеу Ұлыбританияның тақырыптық зерттеуі болып саналуы керек! Дегенмен арнайы зерттеу сипаттамалары қарастырылғанда, олар бірден көп зерттеу түрінің ерекшеліктерін көрсете алады. Тақырыптық зерттеуді бөліп жаратын ерекшелігі – зерттеушінің әдетте сол мысалдың сирек ерекшелігін ашып көрсетуі. Бұл *идиографикалық* (жеке дара оқиғаларды баяндайтын) тәсіл ретінде танымал. Кросс-секциялық жоба сияқты зерттеу жобалары, уақыт пен жерге қарамастан, қолданыста бола алатын пайымдауларды өндірумен айналысатындықтан, олар *номотетикалық* (жалпы заңдылықтарды қалыптастыратын) болып танылады. Сонда да зерттеу екеуінің де элементтерін қамти алады (3.15-зерттеу нысанын қараңыз).

Эксперименттік және кросс-секциялық жобаларда теория мен зерттеу арасындағы қарым-қатынастың әдеттегі бағдары – дедуктивті. Зерттеу жобасы және мәлімет жинау, теорияның қатысуынан шығатын белгілі бір зерттеу сұрақтары арқылы

бағытталады. Дегенмен, Бирдсворт және Кейлдің (1992) зерттеуіндегідей, кросс-секциялық жоба ішінде сапалық зерттеу стратегиясы қолданылса, тәсіл индуктивті болуға тән. Басқаша айтқанда, кросс-секциялық жобаның индуктивті немесе дедуктивті болуы оның сапалы не сандық зерттеу стра-

тегиясын қолданғанымен байланысты. Дәл осы мәселе тақырыптық зерттеуіне де қатысты. Зерттеуде сапалық стратегиясы басым болса, тақырыптық зерттеуі теория мен зерттеу қарым-қатынасында индуктивті болуға бейім болады; сандық стратегиясы басым болса, ол дедуктивті болады.



3.15 Зерттеу нысаны

Тақырыптық зерттеу элементтерімен кросс-секциялық жоба

Кей кездері зерттеулер тақырыптық зерттеу мен кросс-секциялық жобаның элементтерін қатар қамти алады. Мысалы, Леонард (2004) бөлінген әлеуметтік қазынаның қоғам (аймақты) орнату үшін қолдануға қызығушылығын танытты. Осыған ұқсас, ол 2.2-зерттеу нысанында көрсетілген ұқсас мәселелермен қызықты. Ол Батыс Белфасттағы Католик тұрғын үй орамында 150 үй арасында барлығы 246 тұрғындардан жартылай стандартталған сұхбаттасу негізінде зерттеуді жүзеге асырды. Зерттеу жобасы кросс-секциялыққа ұқсас болғандықтан, табылған нәтижелер әлеуметтік қазына мағынасына қатысты. Алайда кей жағдайларда ол Белфасттың соңғы уақыттағы қақтығыс тарихына және сол маңдағы проблемаларға саяси шешімдерді табуға қатысты ерекшелігіне көңіл аудартады. Бір уақытта оның жазғаны: «Батыс Белфастта тыныштық орнауымен, саяси көшбасшылар ресми емес қоғам бірлестіктерінен ресми ұйымдар бірлестіктеріне ауысып кетті» (Леонард, 2004: 939). Осы пікірге сүйенсек, осы сияқты зерттеулерде азды көпті қоғам орнату мәселесіне қатысты Белфасттың ерекшеліктері мен оның қиын тарихына сілтеме жасап, қозғамай қорытынды шығару үшін мүмкін емес.

Сенімділік, көшірме және заңдылық

Осы тарау алдында көтерілген зерттеу жоба өлшемдеріне – өлшем дәлдігі, ішкі дәлдік, сыртқы дәлдік, экологиялық дәлдік, сенімділік пен көшірме – бойынша тақырыптық зерттеудің қаншалықты нәтижеде табысты болуы зерттеушінің бұлардың тақырыптық зерттеуін бағалауда қаншалықты қонымды екенін сезінуіне байланысты. Тақырыптық зерттеу-

мен айналысатын, Йин (2009) тәрізді әлеуметтанушылардың бірқатары бұл өлшемдерді керекті етіп санап, оларды дамытудың жолдарын ұсынған, ал мысалы Стайк (1995) тәрізділер болса елер-елемес атап өтеді. Бағыттау көзқарасы сапалық зерттеу стратегиясымен сай келетін тақырыптық зерттеу жөніндегі әлеуметтанушылар айтылған факторларды елемеуге немесе маңыздылығын төмендетуге бейім болады, керісінше сандық стратегиямен қатты әсерленгендер сол факторларды

маңызды етіп суреттеуге бейім. Дегенмен үлкен талас тудыратын сұрақтардың бірі – тақырыптық зерттеудің *сыртқы дәлдік пен жалпылауға* қатысты мәселелері. Бір ғана тақырып қалай өкілдік ете алады және оның негізінде алынған нәтижелер жалпылама түрде басқа тақырыптарда қалай қолданыла алады? Мысалы, 3.14-зерттеу нысанында айтылған Холдуэй (1982, 1983) зерттеуінің нәтижелері басқа Ұлыбритания полиция қызметінде жалпылама қолданылады ма? Жауап, әрине жоқ. Тақырыптық зерттеушілер өздерін зерттеуінде, зауыт болсын, БАҚ-ның хабарламалары, полиция қызметі немесе қоғамға қатысты болсын әдеттегі бір тақырыптық анықтауы оның сол топты жетерліктей ұсындым деп алмайды, жалған ақапарат бермейді. Басқаша айтқанда, олар тақырыптық зерттеудің бір ғана бірліктен тұратын іріктеме негізінде жасалынғанын ескереді.

Жеке тақырып түрлері

Сыртқы дәлдік мәселесін жалғастыра отырып, кейбір жағдайларда элеуметтанушылар жұмысы жеке тақырып болатындай әртүрлі тақырып түрлері арасындағы айырмашылықты біліп алу пайдалы. Йин бұл айырмашылықтардың (2009) бес түрін сипаттап көрсетеді:

- *Сыни (критикалық) жеке тақырып.* Мұнда зерттеушінің жақсы дамыған теориясы бар, жеке тақырыптың таңдалуы да гипотезаны қолдайтын немесе қолдамайтын шарттарды жақсы түсінуге көмектесетін негізде құралған. Осы арада, Фестингер және басқаларының (1956) бір діни сенім мүшелерінің ақырзаман орнап жатқандығына сенгендігі туралы зерттеуі мысал бола алады. Сол жағдайдың белгіленген уақытта жүзеге аспауы зерттеушілерге адамдардың күткеніне қарама-қайшы болжамына қалай жауап қайтаратындығын зерттеуге мүмкіндік берді.
- *Экстремалдық немесе өзгеше жеке тақырып.* Йин зерттеуінде байқағандай, өзгеше немесе экстремалдық жеке тақырыпқа көңіл бөлу – клиникалық зерттеулерде қалыпты жағдай. Маргарет Мидтың (1928) Самоада өсіп жетілу туралы зерттеуін жазуы, оның сол елдің ерекше тақырыбы бола алатындығына сенімін ынталандырған сияқты. Оның айтқанына қарағанда, басқа қоғамдарға қарағанда, Самоа жастары жасөсіпірім шақтарында стресс пен мазасыздыққа ұшырамайды. Батыстың жастарына сабақ бола алатындықтан, автор олардың өмірлеріндегі біршама қайғысыз кезеңдерімен байланысты факторларды зерттеуге құнықты. Сол сияқты, Филдинг те (1982) оңқанатты экстремалдық Ұлттық Фронт ұйымын зерттеді. Ұлттық Фронт Британдық саясат алаңында өзгеше болмағанымен, зерттеу жүргізілген уақытта ерекше айқын және сайлау күшіне ие бола бастаған еді. Сондықтан ол өзіне тән ерекшелігімен еліктірді.
- *Өкілді немесе әдеттегі жеке тақырып.* Мұны иллюстрациялық жеке тақырып деп атауға бейіммін, өйткені өкілдік пен әдеттегілік кей кездері шатастырылуы мүмкін.

Осыған ұқсас жеке тақырыптардағы «мақсат – әр күнгі және қалыпты орындағы жағдайдың шарттары мен мән-жайын қамтиды» (Йин 2009: 48). Осылайша, жеке тақырып өзі мүшесі болып келетін кең бір категорияны суреттей алатындықтан, таңдап алынады. Иллюстрациялау астарында, жеке тақырыптардың өкілді немесе ерекше болғаны үшін емес оның кең бір категорияны жинақтап, қысқаша түрде белгілі бір зерттеу сұрақтар мән-мәтініне жауап беру үшін жарамды болатыны жатыр. Бірінші жағдай түрінің мысалы, Линд және Линдтің (1929, 1937) «Мидлтаун» (Орталыққала) деп анық қайталап атаған, америкалық әдеттегі өмірін суреттейтіндей болып көрінгендіктен, АҚШ, Индианадағы Мунсидегі тұрғылықты классикалық қоғам зерттеуі бола алады. Иллюстрациялық жеке тақырыптарды таңдаудың екінші себебі – олар зерттеушілерге басты әлеуметтік процестермен танысуға мүмкіндік береді. Мысалы, зерттеуші ұйымға кіру жолдарын іздейді, өйткені оның жаңа технологиялар орнатқандығы белгілі болады да, зерттеуші сол жаңа технологияның әсерін білгісі келеді. Зерттеуші технология мен жұмыс арасындағы байланысқа қатысты бірқатар теориялардан және тақырыпқа қатысты көптеген зерттеу әдебиетінен әсерленуі мүмкін, нәтижесінде осы теориялық және тәжірибелік толғанулар салдарын белгілі бір зерттеу орнын бақылағысы келеді. Жеке тақырыптың өзі тек зерттеу сұрақтарын қалыптастыру барысында қисынды мән-мәтінін ұсынады. Нақты бір мысал келтірсек, Рассел мен Тайлердің (2002) 3-13 жас

аралығындағы қыздарға арналған Ұлыбританиядағы «Қыз жәннаты» дүкендер торабын зерттеуі, ол дүкеннің сыни, ерекше немесе бұрын-соңды зерттелмеген мазмұны болғандықтан орын алды дей алмаймыз, бар болғаны ол зерттеу орнының жыныс пен қолданыстың және заманауи қоғамда балалықты тауарға айналдырудың арасындағы байланысты зерттеуге мүмкіншілік беруімен байланысты.

- *Әшкерелеуші жеке тақырып.* Әшкерелеуші жеке тақырып қалану негізі «зерттеушіде, бұрын-соңды ғылыми-зерттеуге қол жетпеген феноменді бақылауға және талдауға мүмкіндігінің» болғанында жатыр (Йин 2009: 48). Үлгі ретінде, Йин Уайттың (1955) Корневилл зерттеуіне және Либоудың (1967) жұмыссыз қалған қара нәсілділер зерттеуіне сілтеме жасайды.
- *Созылмалы жеке тақырып.* Йин жеке тақырыпты екі немесе одан да көп түйіскен жерінде зерттеу мүмкіндігін таңдап алу мүмкіндігінің болуы деп топшылайды. Дегенмен, көптеген зерттеулер созылмалы элементті қамтиды, сондықтан жеке тақырып басқа төртеуінің бірінің негізіне қаланып, зерттеу сұрақтарына лайық, оңтайлы болғаны үшін және уақыт өткен сайын зерттеу жүргізуге болатындықтан да таңдап алынуы ықтимал.

Осы элементтердің кез келгенін жұптастырып, тақырыптық зерттеу құрамына енгізу, белгілі бір жеке тақырыптың таңдалу себебі болып қарастырыла алады. Мысалы, Маргарет Мидтың (1928) Самоада туып өсу туралы классикалық зерттеуі жоғарыда экстремалдық жеке

тақырып ретінде келтірілді, алайда ол тағы сыни жеке тақырыптың да элементтерін қамтиды, өйткені ол жасөспірімдердің жеткіншек шағына енуде жауапкершіліктері тек табиғи жағдаймен ғана анықталмайтынын көрсетуге мүмкіндігі бар деп сезді. Керісінше, ол Самоада туып өсуді мәдениетті адамдардың дамып жетілуінде маңызды рөл атқаратынын көрсету үшін, яғни биологиялық детерминизм (себеп-салдар мәселелері) ұғымына күмәнмен қарауға шақыру үшін сыни жеке тақырып ретінде қолданды. Жеке тақырыптың дербестігі мен маңыздылығы тек кешірек кезеңдерде ғана айқын бола бастайды (Радлей мен Чамберлин 2001). Флайберг (2003) осының үлгісін көрсетті. Ол Даниядағы Ольбургта қала саясаты мен жоспарлауының зерттеуін, мұның сыни жеке тақырып екендігін ойлап, қалай жасағандығын көрсетеді. Зерттеу жұмысын біраз уақытқа дейін жүргізіп келіп, кейінірек оның шын мәнінде экстремалдық жеке тақырып болғандығын түсінеді. Оның жазуларынан:

«Алғашқыда, Ольбургтың «көбіне» сыни жеке тақырып болуына бір себеп бар деп ойладым: Ольбургта қала жоспарлауы мен зерделік күш әлсіз деп табылатын болса, бұл ең кемінде бүкіл Дания бойынша әлсіз болуы тиіс, өйткені Ольбургта жоспарлаудың парадигмасы басқа жерлерге қарағанда күштірек болды. Ең ақырында, бұл логиканың қате екенін ұғындым, өйткені жергілікті күштердің қарым-қатынасын зерттеуім, Ольбургтағы ең беделді «күшті бағыттар» – Индустрия және Коммерция Пала-

тасы, өздерінің басқа балама бағыттарына қарағанда едәуір күштірек екенін көрдім. Сондықтан сыни жеке тақырыптың орнына еріксіз экстремалдық тақырыптық зерттеу жазумен аяқтадым, өйткені Ольбургтағы зерделік пен басым бағыттар ерекше мықты болды да, менің зерттеуім қала саясаты мен жоспарлау саласында осы зерделік пен басым бағыттар қосылғанда қандай нәтижелер болатынын қарастыратын зерттеу болып шықты. Алайда Ольбургты экстремалды жеке тақырып ретінде әдейі таңдаған жоқпын» (Флайберг 2003: 426).

Сондықтан «жеке тақырыптың» табиғаты мен маңыздылығын оны жете мұқият қарастырмайынша жетерліктей бағалай алмаймыз.

Тақырыптық зерттеудегі үйреншікті критикалардың бірі – оның негізінде табылған нәтижелердің жалпылама қамтылмағандығында. Тақырыптық зерттеуінің жақтастары осы зерттеудің ұсынатын дәлелдерінің сыртқы дәлдікке сай болуы мардымсыз болғаны үшін шектеулі екендігіне қарсылық білдіреді, себебі олардың топшылауынша, оны басқа мысалдарға немесе популяцияға жалпыландыру зерттеу жобасының басты мақсаты емес.

Бұл позиция сауалнама зерттеу практиктерінің пікіріне қарағанда, тіптен өзгеше. Сауалнама зерттеушілері **кездейсоқ іріктеме** тобын таңдау арқылы топтың өкілді болу мүмкіндігін немесе жалпылама қолдану мүмкіндігін және сонысымен сыртқы дәлдікке сай болу мүмкіндігін арттыру үшін өздерінің нәтижелерін халыққа кең көлемде жалпыландырудың жолдарын іздейді. Тақырыптық зерттеу ізденушілері бол-

са, белсенді түрде бұл олардың зерттеулерінің мақсатына сай емес екендігін айтуда.

Тақырыптық зерттеуді қарқынды талдау ретінде қарастыру

Тақырыптық зерттеушілер керісінше, жалғыз мысалдың қарқынды зерттеуін өрбіту және сол арқылы кейін теориялық талдаумен айналысу олардың мақсаты екендігін алға тартады. Көңіл аударарлық мәселелерінің бірі – тақырыптық зерттеуші тақырыбының теориялық негізінің (тірегінің) сапасы. Жиналған мәліметтер теориялық дәлелді қаншалықты қолдайды? Теориялық талдау қаншалықты нақты? Мысалы, мәліметтерден тыс дамыған әртүрлі концепциялық идеялар арасындағы байланыстарды көрсете алады ма? Басты сұрақ нәтижелердің кең әлемге жалпылана білуінде емес, бірақ зерттеушінің табылған нәти-

желерден қаншалықта теория құра алатындығында. Жалпыландырудың осы түсінігі Йинмен (2009) «аналитикалық жалпыландыру» деп және Митчеллмен (1983) «теориялық жалпыландыру» деп аталады. Мұндай пікір тақырыптық зерттеуін теория мен зерттеу арасындағы байланыстың индуктивті дәстүрінде нық орнықтырады. Алайда 2-тараудың тақырыптық зерттеуінде айтылып өткен Адлер және Адлер (1985) зерттеуінде байқалатындай, индуктивті тәсілмен міндетті түрде байланыстырылмайды. Сондықтан тақырыптық зерттеулері теория дамытумен және теорияны тексерумен де байланыстырыла алады. Бұдан бөлек, Ульямс (2000) топшылағандай, тақырыптық зерттеушілер басқалардың қарастырылған салыстырыла алатын мысалдардың нәтижесіне сілтеме жасай отырып жалпыландыруды іске асыра алатын жағдайда бола алады. Бұл мәселеге 18-тарауда қайта оралатын боламыз.



3.16 Зерттеу нысаны

Империялық химиялық өнеркәсіп (ИХӨ) тақырыптық зерттеуі

Петигрю (1985) Империялық химиялық өнеркәсіпте ұйымның даму кәсібі тәжірибесін қолданысы туралы зерттеу бастаған болатын. Зерттеу 1975 және 1983 жылдар аралығында орын алды. Ол 1975-1977 жылдары кейін тағы 1980-1983 жылдары ұзақ стандартталмаған сұхбаттарды өткізген болатын. Ол зерттеу жұмысының барысында ұйым мүшелерімен мейлінше жиі хабарласып тұрды. Өзінің жазуына қарағанда: «Жалғаспалы сол уақыттағы мәлімет жинау ретроспективті сұхбаттасу және мұрағаттық талдау ... арқылы толықтырылды» (Петигрю, 1985: 40).

Созылмалы зерттеу және тақырыптық зерттеу

Тақырыптық зерттеу жиі созылмалы зерттеудің элементін қамтиды. Зерттеушінің өзі көбіне қарастырылатын

мекеменің қатысушысы немесе бірнеше ай немесе жылдар бойына қоғамның мүшесі болып табылады. Балама ретінде ол ұзақ уақыт бойы адамдармен сұхбат өткізуі мүмкін. Оған қосымша зерттеуші мұрағаттық ақпаратты талдау

және ретроспективті сұхбаттасу арқылы қосымша созылмалы элемент ендіруі мүмкін.

Осындай зерттеу түрі 3.16-зерттеу нысанында ұсынылады.

Созылмалы элемент – зерттеу жүргізілетін тақырып уақыт өте келе қайта қарастырылғанда қайтып оралады. Айрықша келтірілетін қызық мысал – осыдан бұрын айтылып өткен Мидлтаун (Орталық қала) зерттеуі. Бұл қалаға бастапқыда 1924-1925 жылдары Линд және Линд зерттеу жүргізген болатын (Линд пен Линд, 1929) және 1935 жылы өзгерістерді анықтау мақсатында қайтадан зерттелген болатын (Линд және Линд, 1937). 1977 жылы болмашы өзгерістер енгізіп немесе дәл сол зерттеу құралнамаларын қолдану арқылы қоғамға қайтадан зерттеу жүргізілді (Бахр және басқалары 1983). Сол сияқты ерте 1970 жылдары өзі зерттеген мектепте жалғасулық пен өзгерісті одан ары бақылауға қызыққан Бургесс (1987) он жылдан кейінгі зерттеуінде қайта оралады. Алайда, ол байқағандай, зерттеуші үшін өзгерістің мектептегі басқа адамдар, екі уақыт аралығындағы басқа оқыту амалдарының енгізілуі және алғашқы зерттеудің өзінің ықтимал әсері сияқты басқа факторларды ескере отырып осы екі уақыт аралығындағы қаншалықты айырмашылық нәтижелер көрсеткенін анықтау қиын болды.

Салыстырмалы жоба

Салыстырмалы жобаны жеке жоба түрінде түсініп алу маңызды. Қарапайым тілмен жеткізсек, бұл зерттеу түрі азды-көпті бірдей тәсіл қолдану арқылы екі салыстырмалы оқиғаларды зерттеуді қамтиды. Ол салыстыру қисынын іске асырады, яғни әлеуметтік феноменді

оны басқа екі немесе одан көп оқиға немесе жағдайлармен мағыналы салыстыру арқылы жақсырақ түсіне аламыз дегенді білдіртеді. Салыстырмалы жоба сандық немесе сапалық зерттеу арқылы іске асырыла алады. Сандық зерттеу шеңберінде мәлімет жинау стратегиясы 3.5-сызбада көрсетілгендей орын алады. Бұл кесте бойынша ең кемінде екі тақырып лайнцы керек (мекеме, ұлттар, қоғамдар, полиция күштері, т.б. болуы мүмкін) және мәлімет әрқайсысынан, әдетте кросс-секциялық жоба форматының шеңберінде жиналуы қажет.

3.5-сызба

Салыстырмалы жоба

Оқиға 1	T ₁
	Бақылау ₁
	Бақылау ₂
	Бақылау ₃
	Бақылау ₄
	Бақылау ₅
	...
	T _n
Оқиға n	Бақылау ₁
	Бақылау ₂
	Бақылау ₃
	Бақылау ₄
	Бақылау ₅
	Бақылау _n

Осы зерттеудің айқын түрлерінің бірі аралас-мәдениет немесе аралас-ұлттық зерттеуде табылады. Пайдалы анықтамада, Хантрайс (1996) осындай зерттеу түрі, жекелеген адамдар немесе топтар белгілі бір жағдай немесе феноменді екі немесе

одан көп елдерде әртүрлі әлеуметтік-мәдени тараптарда (мекемелер, салттар, дәстүрлер, құндылықтар, өмір салты, тіл, ойлау үлгілері) салыстыру ниетімен, бірдей зерттеу құралнамаларын қолдану арқылы екінші талдау жасау үшін немесе жаңа тәжірибелік жұмыс жүргізу үшін пайда болады деп топшылайды. Мұндағы мақсат – бәлкім, ұқсастықтар мен айырмашылықтарға түсінік беру немесе көбірек хабардар болу және әртүрлі ұлттық сахнада әлеуметтік ақиқатты тереңірек түсіну болып табылады.

2.4 Зерттеу нысанында айтылып өткен Келли және Де Графтың (1997) зерттеуі он бес ұлттан жиналған сауалнама дәлелінің екіншілік талдауын қамтитын аралас-мәдениет зерттеуіне мысал бола алады. Бұған және кейінгі Галлидің (1978) жете дамыған автоматтандырылған жүйесінің Англия және Франция мемлекеттерінде өнеркәсіп жұмысшыларына әсерін зерттейтін сауалнама зерттеуі мысал бола алады. Галли өнеркәсіп ара-қатынасының ұлттық дәстүрлерінің маңыздылығы жұмысшылардың әрекеттері мен жұмысшы ара-қатынасының менеджментін түсіндіруде технологияға карағанда басымырақ болғанын көрсете білді, бұл нәтиже сол кезде әлі де сенімде болған технологиялық детерминизм тезисі шеңберінде маңызды табыс болды.

Аралас-мәдениет зерттеуі кіршіксіз емес: мұндай зерттеу үшін қаржы табу және оны ұстап тұру (3.4-терең пікірлерді қараңыз); ресми статистика немесе сауалнамадан дәлелдер сияқты

бар мәліметтердің екіншілік талдауға енгіздірілгеніне және мәліметтердің категория және мәлімет жинау тәсілдері бойынша салыстырыла алатындығына көз жеткізу жаңа мәлімет жиналып жатқанда, мәлімет жинау құралдарының (сұхбат кестесі мысалы) қолданылуын салыстыру сәйкестікті бұзбайтынына көз жеткізу; және респонденттер немесе ұйымдар іріктеме топтары бірдей болғанына көз жеткізу сияқты мәселелер шешілуі керек.

Мәлімет жинау құралдары құзырлы түрде қолданылғанның өзінде, ол белгілі бір ұлттық және мәдени мазмұнына сезімсіздік потенциалды проблемасы сияқты қиыншылықтарды тудыруы мүмкін. Басқа тараптан, аралас-мәдени зерттеу әлеуметтік ғылым нәтижелерінің жиі мәдениетке тән спецификалық болатынын бағалай алмау қатерін төмендетуге ықпал етеді. Мысалы, Кромптон және Биркланд (2000) Норвегия мен Британияның салыстырыла алатын ерлер және әйел банк менеджерлерімен жартылай стандартталған сұхбаттасуды қолдану арқылы зерттеу жасады. Олар Норвегияда жанұяны қолдайтын саясаттың болғанына қарамастан, екі елдің де банк менеджерлері карьера мен тұрмыстық өмірдің арасында күресіп жүргендерін тапты. Осындай саясаты бар елдерде айтылып кеткен қысымдарды жеңілдететін сияқты болып көрінуі мүмкін, бірақ салыстырылғанда, осы тектес аралас-мәдени зерттеу мұндай пікірдің қаншалықты қате бола алатындығын көрсетеді.

Салыстырмалы зерттеу тек ұлттар (халық) арасындағы салыстырумен ғана



3.4 Терең пікірлер

Аралас-мәдениетті зерттеу түрлері

Аты айтып тұрғандай, аралас-мәдениетті зерттеу екі немесе одан көп ұлттан мәлімет жинауды және/немесе соны талдауды қамтиды. Аралас-мәдениетті зерттеуді құрастырудың ықтимал үлгілері төмендегідей:

1. Зерттеуші, бәлкім зерттеу тобымен қосылып, бірнеше елдердің мәліметтерін жинайды. Галлидің (1978) жете дамыған автоматтандырылған жүйесінің өнеркәсіп жұмысшыларына әсерін зерттеуі осы үлгінің мысалы бола алады, ол екі салыстырылатын іріктеме жұмысшылар топтарын Англия мен Франциядан екі мұнай өндеу өнеркәсібінен таңдады.
2. Орталық ұйымның ұлттық ұйымдар жұмысының бір бөлігін үйлестіруі. Осы тарауда көрсетілген Келли мен Де-Графтың (1997) мақаласы осы үлгіге мысал бола алады.
3. Салыстырыла алатын мәліметтердің екіншілік талдауы, алайда оның жиналу үйлесімі шектелген немесе тіптен мүмкін емес. Осы сияқты аралас-мәдениетті талдаулар, зерттеушілердің басқа елде қолданылған сауалнама сұрақтарын өздерінің елдерінде қолданғанда пайда болуы мүмкін. Алынған мәліметтер кейіннен аралас-мәдениетті зерттеу негізінде талданады. Осы үлгінің ілгері түрі – жұмыссыздық деңгейі сияқты ресми статистикалық мәліметтердің екінші рет талдануы. Уолстың (1989) он сегіз Европалық елдердегі қарт адамдардың баспана (жайғасу) мәселесінің талдауы осы зерттеудің мысалы бола алады. Зерттеу жалғыз өзі тұру немесе қарттар үйінде орналасу сияқты факторларда айырмашылық тапты. Дегенмен бұл амалда ресми статистиканың көптеген формаларының (14-тарауды қараңыз) жетіспеушілігі, ресми ұғымдардың айырмашылығы мен мәліметтерді жинау жолдарына қатысты проблемалар толы.
4. Жоба жетекшісі немесе үйлестіруші қатысып отырған ұлттардың ішінен зерттеушілер тобын таңдайды немесе әртүрлі елдердегі бірегей қызығушылық танытқан зерттеушілер хабарласып, зерттеулерін үйлестіреді. Әрбір зерттеуші немесе зерттеушілер тобы өздерінің елдерінде зерттеуді жүргізуге жауапты. Зерттеу сұрақтарының, сауалнама сұрақтарының және зерттеу құралнамаларын тағайындау шараларының салыстыруға келетінінен сенімді болу үшін жұмыс келісімді түрде жүзеге асуы керек (мысалы, Кромптон мен Биркеланд, 2000). Бұл үлгі белгілі бір зерттеу сұрақтарын қамтығаны үшін (2) өзгеше. Мысалды 27.7-зерттеу нысанында таба аласыз.
5. Зерттеуші бір елде белгілі болған жәйтті басқа елде орын алған жаңа зерттеумен салыстырғанда, таза ұлтаралық үйлесімді жобаға сілтейтін аралас мәдениетті зерттеу болмаса да, басқа түрі пайда болады. Мысалы, өзінің елінде көше ұрлығына қатысты көптеген зерттеу жүргізген Америкалық криминалист Ричард Райт осы қылмысқа қатысты табылған зерттеу нәтижелері Ұлыбританиялық нәтижелермен қаншалықты ұқсас болатындығын білгісі келді. Айрықша Ұлыбритания зерттеулері көше мәдениетінің сондай қылмысқа итермелеудегі рөлін баса көрсеткен болатын. Ол оңтүстік-батыс Англияда абақтыдағы көше ұрлықшылармен болған жартылай стандартталған сұхбаттарды қамтитын жобаға қатысты (Райт және басқалар, 2006). Шынында, зерттеушілер Ұлыбританияда, АҚШ-тағы жолдарға ұқсас жолдармен, көше мәдениеті сондай қылмысқа итермелеуде үлкен рөл атқаратындығын тапты.

шұғылданады деп қарастырылмауы керек. Салыстыру логикасы әртүрлі жағдайда қолданылуы мүмкін. 7.1-зерттеу нысанында сипатталған Әлеуметтік өзгеріс пен Экономикалық өмір Бастамасы, 1980 жылдардың басынан ортасына дейін және жуырдағы өткен шақтағы экономикалық өзгерістің әртүрлі үлгілерін қамту үшін таңдалған алты салыстырмалы еңбек нарығында орын алған бірдей (негізінен, сауалнама зерттеуін қамтитын) зерттеулерден тұрды. Мағыналы салыстырулар арқылы әртүрлі үлгілердің жұмысшыларға да жұмыс берушілерге де маңыздылығы суреттеліне алады. Мұндай жобалар проблемасыз емес: салыстырылып жатқан мысалдардың арасындағы байқалған айырмашылықтар сол мысалдардың өзгеше ерекшеліктерінен ғана болмауы мүмкін. Сондықтан мысалдардың арасындағы айырмашылықтарын түсіндіргенде, белгілі бір деңгейде абай болу шарт.

Сенімділік, дәлділік, қайта өндіріштік және жалпыландыру сияқты мәселелерде салыстырмалы зерттеу кросс-секциялық зерттеуден еш айырмашылығы жоқ. Салыстырмалы жоба әуелден азды-көпті бірдей уақыт ішінде жүргізілетін екі немесе одан да көп кросс-секциялық зерттеуден құралған.

Сонымен қатар, салыстырмалы жоба сапалық зерттеу стратегиясына қатысты да қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдай орын алса, ол жиынтық-тақырыптық зерттеу түріне айналады (3.17-зерттеу нысанын қараңыз). Соңғы жылдары бірқатар әлеуметтанушылар бірден көп

мысалды қамтитын тақырыптық зерттеулердің көптеп қолданысқа ие болып жатқандығын топшылайды. Шынында, ұйымдарды зерттеу сияқты белгілі бір әлеуметтік ғылым салаларында бұл – еңбегіне лайық жиі қолданылатын зерттеу жобасы болып қалған. Жиынтық мысал (немесе көп мысал) зерттеуі әуелгіде, зерттелінетін мысал саны бірден асқан жағдайда пайда болады. Жиынтық тақырыптық зерттеудің пайдасына айтылатын уәж – оның теорияның қалануын жақсартуында. Екі немесе одан көп мысалды салыстыру, зерттеушіге теорияны қолдап-қолдамайтын жайттарды орнатуға жағдай туғызады. (Эйзенгарт 1989; Йин 2009). Бұдан бөлек, салыстырудың өзі пайда болып жатқан теорияға қатысты тұжырымдамаларды ұсынуы мүмкін. Тақырыптық зерттеуінің және жиынтық тақырыптық зерттеу, себеп-салдар байланысын түсінуге қатысты мәселеде шешуші рөл ойнауы мүмкін екендігінен хабардар болғандар саны ұлғаюда. Дегенмен бұл хабардарлық алдыңғы Тарауларда көтерілген себеп-салдар байланысынан басқа ұғымды қамтиды.

Жоғарыдағы тәуелді және тәуелсіз айнымалылардың талдауында – себеп және салдарының астарлы түйсігі, жиі себеп-салдар байланысының «ізбасары» түсінігі деп аталып кеткен атауының көрсеткіші мәнді. «Ізбасар» ұғымының өзі айтып тұрғандай, себеп-салдар байланысының идеясы алдында келетін тәуелсіз айнымалыдан әсерленетін (яғни, соңынан еретін) салдарды білдіреді. Сыни реализм (2.3-негізгі ұғымдарды қараңыз) себеп-салдар байланысын әр-

түрлі түсінікті қалыптастырумен айналысады, әлеуметтік өмірде бақыланған жүйелік және олар белгілі бір жағдайда өзгеріске ұшырауына жауапты болатын жалпы тетіктерді іздейді.

Сыни реалист Тақырыптық зерттеулер, өйткені көптеген тақырыптық зерттеулердің қарқынды табиғаты зерттеушінің белгілі бір мазмұн ішінде бақыланған үлгілердің әрекетінің астарында жатқан факторларына сезімталдығын арттырады (Акройд, 2009). Жиынтық тақырыптық зерттеуі бұдан да көп мүмкіндікті ұсынады, өйткені зерттеуші салыстырмалы немесе ұқсас мазмұнында жалпы себеп-салдар байланысының тетіктерінің әрекеттерін зерттей алатын жағдайда бола алады. Сондықтан Делбриджтің (2004) оңтүстік Уельстегі екі «жоғары өнімділік» көрсеткен компаниялардың этнографиялық зерттеуі, жұмысты қарқындату мен өнімділік процесстерінде босаңсуды азайтуға бағытталған менеджмент ықпалдарына қарамастан сақталынған, екі ұйымда да қарсылық пен тәуелсіздіктің үлгілерін

анықтай алды. Дегенмен екі мекемеде бейресми ұйымдастыру мен жою жұмыстарында айтарлықтай айырмашылықтар табылды, және осы вариацияда маңыздысы – жұмысшылардың өздерінің арасындағы қарым-қатынастың сапасы болды. Бұл – екі ұйымдағы қарсылық вариациясын өндіретін себеп-салдар байланысы тетіктерінің көрінісі. Бір ұйымдағы шешуші мазмұнды фактор – кінәләйтін мәдениет еді (Жапондық компания), кез келген қателік адамға байланыстырылатын, ол болса келіспеушілікпен тартыстарды тудырғандықтан, жұмысшылардың арасындағы қарым-қатынастың сапасына әсерін тигізбей қоймады. Нәтижесінде, жиынтық тақырыптық зерттеу арқылы Делбридж ресми емес ұйымдарда вариацияның және қарсылықтың (бақыланған жүйелік), оның жалпы себеп-салдар тетігі арқылы (қызметкерлер қарым қатынасының сапасы) және мазмұнының маңыздылығы (кінәләу мәдениетінің болуы немесе болмауы) арқылы қалай түсініле алатынын көрсетті.



3.17 Зерттеу нысаны

Британдық компаниялардың жиынтық-тақырыптық зерттеуі

Петигрю мен Уип (1991) Британдық ірі бірлестіктердің арасындағы бәсекелі табысқа үлесін қосатын факторларды зерттеу үшін жиынтық-тақырыптық зерттеуін ікемдеді. Олар үш коммерциялық секторда (автокөлік өндірістігі; коммерциялық банк қызметі; және кітап баспасы), құрамында әрқайсысы табысты және сәтсіз серіктес компаниясы бар сегіз компанияды қарастырды. Бұларға қосымша өмірді сақтандыратын компания да іріктелген топқа қосылды. Компанияларды осылайша стратегиялық таңдау арқылы олар табысты менеджменттік өзгерістің нәтижесіне жататын бәріне ортақ және ерекше факторларды айыра білді.

Зерттеу нысаны 3.17-жиынтық-тақырыптық зерттеуі үшін зерттеуге алынатын таңдаудағы бір тәсілді сипаттайды. Бұл үлгіде зерттеуге алынатын мысалдар экстремалды түрлерді атап айтқанда табысты және сәтсіз серіктес компанияларды және олардың белгілі бір коммерциялық секторда болғанын ұсыну негізінде таңдалған. 3.18-зерттеу нысанында басқа мысал келтіріледі. Бұл екінші үлгіде зерттеуге алынатын мысалдар экономикалық шығынның сандық **көрсеткіштері** негізінде таңдалған. Мысалы, Эдинбург және Глазгоның

экономикалық тұрғыда құлдыраған екі аймағы Шотландияның ең құлдыраған 5% аймақтарының ішіне кіреді. Зерттеуге алынатын мысалдарды осылайша таңдау тәсілдері арқылы осы мысалдарға тән – ортақ және оларды айыратын фактордың нәтижелері қызықты және маңызды болуы тиіс. Зерттеу нысаны 3.17 мен 3.18 екеуі де салыстырмалы жоба жиынтық-тақырыптық зерттеу тәсілін қолданғанымен, біріншісінің сапалық зерттеу стратегиясы басымдырақ, екіншісінде сандық зерттеу стратегиясы басымдырақ болғанын айта кету керек.



3.18 Зерттеу нысаны

Шотландия орамдарының жиынтық-тақырыптық зерттеуі

Аткинсон мен Кинтрэни (2001) орам (аймақ) болып танылатын әсердің салдары қызықтырды. Орам (аймақ) әсері, аты айтып тұрғандай, белгілі бір орамда тұрудың салдары өмір мүмкіншіліктері мен қалыптасатын көзқарастармен байланысты. Бұл авторларды қызықтырған мәселе – экономикасы құлдыраған аймақтарда тұрған адамдардың кедейшілікті бастан кешіру оқиғалары сол орам әсерлерінің салдары болды. Дәлірек айтқанда, кедейшілік, егер адам аралас экономикалық жағдайлы орамда тұрғаннан гөрі, экономикасы құлдыраған орамда тұрса, аса қатты байқалады ма? Әлеуметтік шеттетуді сезіну экономикалық жағдайға байланысты ма (яғни, экономикасы құлдыраған немесе аралас экономикалық жағдайлы орамдар)? Зерттеушілер Глазгоның экономикасы құлдыраған және экономикалық-әлеуметтік жағдайы аралас орамдарын салыстыру мақсатымен таңдап алды. Осыған ұқсас Эдинбургтің де екі орамы таңдап алынды, бұл әрі қарай оның Глазгоға қарағанда біршама ширақ мүмкіндігінің бар болуымен салыстыруда қолайлық тудырды. Сонымен төрт орам таңдалынып, ішінен іріктеме топтарынан сауалнама құралын пайдалану арқылы, сұхбат жүргізілді. Сапалық мәліметтерді салыстыра келе, зерттеушілер «аралас экономикалық орамда тапшылық өмір сүруге қарағанда экономикасы құлдыраған орамда тапшылық өмір сүру ең жаманы» деген қорытынды жасауға итермеледі (Аткинсон мен Кинтрэ 2001: 2295).

Дегенмен барлық әлеуметтанушыларды жиынтық-тақырыптық зерттеуінің сіңірген еңбегі туралы мейлінше сендіру қиын. Мысалы, Даер мен Уилкинс (1991), жиынтық-тақырыптық зерттеуінің тәсілі

зерттеушінің арнайы мағынасына аз көңіл бөліп, керісінше зерттеуге алынған мысалдардың салыстыру жолдарына көбірек көңіл бөледі деп топшылайды. Бұдан бөлек, салыстыруды алға тарту

қажеттілігі, зерттеушінің әу бастан-ақ нақты мақсатты дамытуы керек дегенді білдіртсе, сыншылардың пайымдауынша, жиынтық-тақырыптық зерттеуінде соны ашық болатын тәсілді бейімдеу тиімдірек. Мазмұн мәнін сақтап қалу туралы мәселелер мен стандартталмаған зерттеу амалдары көбіне сапалық зерттеу стратегиясымен байланысқан (17-тарауды қараңыз).

Салыстырмалы жобаның басты ерекшелігі – оның екі немесе одан да көп мысалдардың айрықша сипатта-

маларын, қарама-қайшы нәтижелер жайлы теориялық пікірлерге серіппе ретінде көрсете білу қабілеті. Бұл гибрид (араластыру) тәрізді, сандық зерттеуде ол жиірек кросс-секциялық жобаның кеңейтілген түрі ретінде және сапалық зерттеуде жиірек тақырыптық зерттеудің кеңейтілген түрі болып табылады. Ол кейде, тіптен, салыстыруды алға тартатын мүмкіншіліктерге жататын эксперименттік және квази-эксперименттік зерттеу ерекшеліктерінде көрсетеді.



Зерттеу стратегиясы мен зерттеу жобасын бірге қолдану

Соңында 2-тарауда талқыланған екі зерттеу стратегиясы мен осы тарауда айтылған зерттеу жобаларын бір араға алып келуге болады. 3.1-кестеде зерттеу стратегиясы мен зерттеу жобаның қысқан түрлерімен байланысты формалары және талданған немесе келесі тарауларда талданатын мысалдардың реттік сандары көрсетілген. Сонымен қатар 3.1-кестеде бұрын айтылмаған бірақ келесі тарауларда көтерілетін әлеуметтік зерттеу тәсілдеріне сілтемелер де қамтылған. Қолданылған таныс емес терминдерге Глоссарий (сөздік) қысқаша түсінік бере алады. Ашық айтсақ, 3.1-кесте қосымша аралас зерттеу тәсілдерін – яғни сандық пен сапалық зерттеулерін байланыстыратын тәсілді көрсететін тағы үшінші бағананы қамту керек еді. Алайда, аралас зерттеу тәсілдері әртүрлі зерттеу жобасын (мысалы, кросс-секциялық және жиынтық-тақырыптық зерттеуі) және

тәсілдерін қоса іске асыратындықтан, кесте тым күрделеніп кетеді, сондықтан үшінші баған қосылмады. Алайда осы кітапта көтерілген кейбір аралас зерттеу тәсілдерінің сапалық және сандық компоненттері осы кестеге енгізілген.

Айырмашылықтар әрдайым қатесіз бола бермейді. Әсіресе, кейбір сапалы зерттеулерде оның не созылмалы немесе тақырыптық зерттеу жобасының үлгісі екені айқын бола бермейді. Өмір тарихы зерттеулері, уақыт өте келе арнайы жағдайға қатысты жасалынған зерттеу (мысалы, Декон, Фентон және Бриман 1999) және жалғыз зерттелініп жатқан жағдайдың өзгерісін қадағалап отыратын этнография, зерттеулердің екі түрінің айқасатындығын көрсететін мысалдар бола алады. Осындай зерттеулер бәлкім зерттеу жобасының біріне немесе басқа категориясына жатқызылғанынан гөрі, көбіне созылмалы тақырыптық

3.1-кесте

Зерттеу стратегиясы мен зерттеу жобасы

Зерттеу жобасы	Зерттеу стратегиясы	
	Сандық	Сапалық
Эксперименттік	<p><i>Әдетте кездесетін түрі.</i> Көптеген зерттеушілер эксперименттік жобада қолданатын, эксперименттік және бақылау топтарының арасындағы тәуелді айнымалыға қатысты айырмашылықтарды айыруды сандық салыстыру арқылы жүзеге асырады.</p> <p><i>Мысалдар.</i> Зерттеу нысаны 3.2, 3.4.</p>	<p><i>Әдетте кездесетін түрі жоқ.</i> Дегенмен Бриман (1988а: 151-2) квази-эксперименттік зерттеу жоба шеңберінде сапалық мәліметтердің мектеп оқушыларынан жиналған зерттеуін көрсетеді.</p>
Кросс-секциялық	<p><i>Әдетте кездесетін түрі.</i> Іріктелген топқа белгілі бір уақыт бөлігінде ғана сауалнама зерттеуін немесе стандартталған бақылау жүргізу. Іріктелген құжаттардың мазмұнын талдау.</p> <p><i>Мысалдар.</i> Зерттеу нысаны 2.9, 3.8, 8.1, 8.4, 12.4, 13.2, 14.1.</p>	<p><i>Әдетте кездесетін түрі.</i> Белгілі бір уақыт бөлігінде ғана жүргізілетін сапалық сұхбаттар немесе назардағы топтар. Белгілі бір уақыт бөлігіне ғана қатысты құжаттар топтамасының сапалық мазмұнын талдау.</p> <p><i>Мысалдар.</i> Зерттеу нысаны 2.3, 2.9, 3.9, 20.4 (1.1-кестесін де қараңыз); Терең пікірлер 3.3.</p>
Созылмалы	<p><i>Әдетте кездесетін түрі.</i> Қайталама және шоғырланым зерттеуіндегідей бір немесе одан да көп жағдай үшін іріктеме тобында жүргізілген сауалнама зерттеуі. Өртүрлі уақыт аралығына қатысты құжаттардың мазмұнын талдау.</p> <p><i>Мысалдар.</i> Зерттеу нысаны 3.10, 3.11, 3.13.</p>	<p><i>Әдетте кездесетін түрі.</i> Ұзақ уақыт жалғасатын этнографиялық зерттеу, бірден көп жағдай үшін сапалық сұхбаттасу немесе әртүрлі уақыт аралығына қатысты құжаттардың мазмұнын сапалық талдау. Мұндай зерттеу картаны өзгерту мәселесі туындағанда қосарланған созылмалы болуына кепілдік береді.</p> <p><i>Мысалдар.</i> Зерттеу нысаны 3.12, 17.4.</p>
Case study	<p><i>Әдетте кездесетін түрі.</i> Оның табиғаты туралы маңызды ерекшеліктерін анықтау мақсатымен жалғыз мысалдың сауалнама зерттеуі.</p> <p><i>Мысалдар.</i> Голторп және басқаларының (1968) Лутон жерін эмборгоизм тезисін зерттеу үшін таңдауы; Уестегард және басқаларының (1989) болат өңдейтін Шеффилд орнындағы артықшылықтың әсерлері зерттеуі (7.2-зерттеу нысаны).</p>	<p><i>Әдетте кездесетін түрі.</i> Мекеме, өмір, жанұя немесе қоғам сияқты жалғыз мысалдың этнография немесе сапалық сұхбаттасу арқылы асатын қарқынды зерттеу. <i>Мысалдар.</i> Зерттеу нысаны 2.6, 3.14, 19.1, 20.4.</p>
Салыстырмалы	<p><i>Әдетте кездесетін түрі.</i> Айқасқан – мәдениеттер зерттеуіндегідей екі немесе одан да көп мысалдардың тікелей салыстырылуы арқылы жүзеге асатын сауалнама зерттеуі.</p> <p><i>Мысалдар.</i> Зерттеу нысаны 2.4; Галли (1978).</p>	<p><i>Әдетте кездесетін түрі.</i> Екі немесе одан да көп мысалдардың этнографиялық немесе сапалық сұхбаттасу зерттеуі.</p> <p><i>Мысалдар.</i> Зерттеу нысаны 3.17, 3.18, 17.3.</p>

зерттеулер болып саналады. Келесі айта кететін жайт – ол сапалық зерттеу стратегиясында немесе эксперименттік зерттеу жоба торында «әдеттегі» үлгі (бір типті үлгі) болмайтындығы. Сапалы зерттеудің шынайы эксперименттердің

мән-мазмұнында болуы – әдеттегіден тыс жағдай. Дегенмен кестеде ұсынылғандай, Бриман (1988а), Хол мен Гутридің (1981) квази-эксперименттік жобасын қолданған сапалы зерттеу жұмысына сілтеме жасайды.



Негізгі ұғымдар

- Әлеуметтік зерттеу тәсілі мен зерттеу жоба арасында маңызды айырмашылық бар.
- Зерттеуді бағалау өлшемдері ретінде қолданылатын техникалық терминдердің мағынасымен тиянақты түрде таныс болу өте қажетті: сенімділік; дәлділік; қайта өндіріштік; және дәлділіктің түрлері (өлшемдік, ішкі, сыртқы, экологиялық).
- Сонымен қатар қамтылған бес ірі зерттеу жобалардың айырмашылығымен де таныс болу өте маңызды: эксперименттік; кросс-секциялық; созылмалы; тақырыптық зерттеуі; және салыстырмалы зерттеу. Бұл мағынада жиі әр күнгі ауызекі әңгімеде ұқыпсыз қолданылған «эксперимент» сөзінің айрықша техникалық мағынасы бар екенін есте сақтау қажет.
- Эксперименттік емес зерттеулерде ішкі дәлдікті бұзатын бірқатар потенциалды қауіп факторлары бар.
- Тақырыптық зерттеуі кей кездері зерттеу жобаның жалғыз түрі болып саналғанымен, шын мәнінде, оның бірнеше түрлері бар. Сыртқы дәлділік (жалпылау) сияқты мәселелерге қатысты тақырыптық зерттеу дәлелінің табиғатының басты проблемалармен де хабардар болу өте маңызды.



Қысқаша шолу сұрақтары

- Осы кітапта қолданылған анықтамалар шеңберінде төменде көрсетілгендердің басты айырмашылықтары неде: әлеуметтік зерттеу тәсілі, зерттеу стратегиясы, зерттеу жобасы?

Әлеуметтік зерттеу өлшемдері

- Сенімділік пен дәлділіктің айырмашылығы неде және бұлар неге әлеуметтік зерттеу бағалауында маңызды өлшемдер болып саналады?

- Төменде көрсетілгендердің мағынасын ашып көрсетіңіз: дәлділік өлшенуі, ішкі дәлділік, сыртқы дәлділік және экологиялық дәлділік.
- Неге кейбір сапалы зерттеу мамандары, зерттеудің сапасын бағалау барысында дәлділік пен сенімділіктен бөлек басқа альтернативті өлшемдерді қарастырды?
- Неге кейбір сапалы зерттеу мамандары, зерттеудің сапасын бағалау барысында дәлділік пен сенімділіктен бөлек басқа альтернативті өлшемдерді қарастырмады?

Зерттеу жобалары

- Осы тарауда талқыланған басты зерттеу жобалары қандай?
- Бір зерттеуші кең жайылымды газеттерді оқитын адамдар таблоидтық газеттерді оқитын адамдарға қарағанда, өздерінің қаржылық жағдайынан көбірек хабардар екенін пайымдайды. Ол 100 адаммен қандай газет түрін оқитыны және қаржылық білім деңгейі туралы сұхбаттасады. Алпыс бес адам таблоидтардан және отыз бесі жайылымдық баспаларын оқыған болып шыққан. Зерттеуші жайылымдық баспаларын оқыған адамдардың, орта есеппен алғанда өздерінің қаржылық жағдайынан көбірек хабардар екенін табады. Ол жайылымдық баспаларын оқудың қаржылық білім деңгейін арттырады деп қорытындылайды. Зерттеушінің пайымдауын бағалаңыз.

Эксперименттік жоба

- Әлеуметтік зерттеуші үшін эксперименттік жобаның басты маңыздылығы екі айнаымалылардың арасындағы себеп-салдар қатынасын ажыратып алуға септігін тигізетін үлгісін ұсынуында деген көзқараспен қаншалықты келісесіз?
- Бірінші сұрақты ескере отырып жалғастырсақ, егер эксперименттік жоба пайдалы және маңызды болса, неге қатысты көп қолданылмайды? Квази эксперимент дегеніміз не?

Кросс-секциялық жоба

- Қандай жолдармен сауалнама кросс-секциялық жобаны еске салады?
- Сауалнама зерттеушісі ішкі дәлділікке сай нәтижелерге қол жеткізе ала алатын дәрежені бағалаңыз.
- Сауалнама қандай деңгейде сандық зерттеуге эксклюзивті бола алады?

Созылмалы жоба(лар)

- Неліктен созылмалы зерттеу жобасы кросс-секциялық жобадан үстін болуы мүмкін?
- Созылмалы жобадағы қайталамалы (панельдік) және шоғырлама жобалардың басты айырмашылықтары қандай?

Тақырыптық зерттеу жоба

- Тақырыптық зерттеу дегеніміз не?
- Тақырыптық зерттеуі сапалық зерттеуге эксклюзивті ме?
- Мысалдар таңдаудың кейбір принциптерін атаңыз.

Салыстырмалы жоба

- Салыстырмалы жобаның басты қуатты тараптары қандай?
- Неге салыстырмалы жоба маңызды ұғымдарға жеткізе алады?



Онлайн қор орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/


Зерттеу жобалары жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа веб сілтемелеріне жүгініңіз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

4-тарау

Зерттеу жобасын жоспарлау және зерттеуге қатысты сұрақтар құрастыру

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	144
Мекемеңізден сізден қандай үміт күтетінін анықтау	144
Зерттеу жүргізетін салаңыз жайлы ойлау	145
Өз жетекшіңіздің көмегіне жүгіну	145
Уақыт және ресурстарды тиімді меңгере білу	147
Онтайлы зерттеу сұрақтарын құрастыру	152
Зерттеу сұрақтарын бағалаудың өлшемі	159
Зерттеу тақырыбы бойынша ұсыным жазу	162
Зерттеу жұмысына дайындық	163
Зерттеу жұмысын жүргізу және қол жеткізген нәтижелеріңізді талдау	164
<i>Сұрақтар тізімі</i>	166
<i>Негізгі ұғымдар</i>	167
<i>Қысқаша шолу сұрақтары</i>	168





Тараудың қысқаша мазмұны


Бұл тараудың мақсаты кішігірім жобаға қатысты диссертация дайындау қажет болғанда, студенттердің ескеруі тиіс кейбір тақырыптар жайлы ақыл-кеңестер беру. Соңғы кездері қоғамдық ғылым саласындағы студенттердің білім деңгейін арттыру мақсатында осындай диссертацияларды талап ету артып отыр. Осы кітап тарауларында мақсат етіліп отырған зерттеу жұмыстарына қатысты көмек көрсетумен қатар, әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістері жайлы диссертация жазу және қорғауға арналған нақты кеңестер де пайдаға асары сөзсіз. Осы аталған және басқа да себептерге орай жазылып отырған осы тарауда төменде көрсетілген тақырыптар қаралмақ:

- уақыт үнемділігі жайлы кеңестер;
- зерттеу сұрақтарын құрастыруға кеңестер;
- зерттеу жобасын жүзеге асыруға кеңестер;
- зерттеу тақырыбы бойынша ұсыныс жазуға кеңестер;

Кіріспе

Бұл тарау, өздерінің жекеше зерттеу жобасын жүргізіп жатқан оқырмандарымызға кеңес беруге арналып жазылып отыр. Осы кітаптың екінші, үшінші және төртінші тарауларында сіздерге ұсынылып отырған таңдаулар мен оларды қалай жүзеге асыру жайлы бірталай кеңестер берілген. Дегенмен, өзіңіздің кішігірім жеке жобаңызды мұнан басқа қандай жолдармен жүргізуге болады? Қазіргі таңда қоғамдық ғылымның бағдарлама деңгейіне байланысты 8000-150000 сөзден тұратын диссертация жа-

зуды талап ету орын алып отырғанын ескерте кеткім келіп отыр. Дегенмен бакалавр студенттерінің қажетіне жарайтын менің ойымдағы мағлұматтар, жоғары білім деңгейін ары қарай дамытып жатқан студенттердің де кәдесіне жарап қалар. Сонымен қатар бұл кеңестер тәжірибелік зерттеу элементі жайлы жаңа мағлұматтар жинап немесе сол қолда бар мағлұматтар негізінде қайталама талдау жүргізіп жатқан жобаларымен айналысып жүрген студенттерге тікелей қатысты.




Мекемеңізден сізден қандай үміт күтетінін анықтау

Сіздің мекемеңіз немесе бөліміңіздің сіздің диссертацияңызда қамтылуы тиіс әртүрлі сипаттардың кең ауқымды болуына және осыған байланысты басқа

да мәселелердің қамтылуына қоятын өзіндік талаптары бар. Бұл талаптарға мыналар жатады: байланыс нысаны; ұсыну үлгісі; дерексіз түсінік қажет

пе; парақ саны; сілтемелер үлгісі; сөздердің саны; диссертация құрылымы талап етілуі де мүмкін; жетекшіңізден қаншалықты кең ауқымда кеңес ала аласыз; ұсыныс қажеттігі немесе қажетсіздігі; шығармашылық ұрлық; ақырғы мерзім; қанша қаржылай көмек болуы мүмкін (егер қажет болса); және тағы басқалар. Осы арада қарапайым бір кеңес: сізге қойылған талаптарға,

берілген нұсқаулар мен мағлұматтарды бұлжытпай орындаңыз. Егер бұл кітапта жазылған әлдеқандай мағлұмат сіздің мекемеңіздің құралдарына сай келмесе, әрине, бұл кітапта жазылғандарға назар аудармаңыз. Мұндай жағдайлар көптеп кездеспесе де, аракідік орын алып тұрады. Дегенмен міндетті түрде мекемеңіздің құралдарына сай әрекет етіңіз.



Зерттеу жүргізетін салаңыз жайлы ойлау

Диссертацияңызды бастамастан көп бұрын сізден зерттеу жүргізетін жұмысыңыз жайлы ойлай бастауыңызды талап етуі ықтимал. Осы кезеңге аса көңіл бөліп, уақытты міндетті түрде пайдалы қолданыңыз. Себебі, дәл осы

уақытта сіз әртүрлі модульдерді қолға алып, сізге зерттеу жүргізетін саланы таңдауға мүмкіндік беретін және сізді қызықтырып жүрген қандай тақырыптар бар екенін ойластыра бастайсыз.



Өз жетекшіңіздің көмегіне жүгіну

Диссертация немесе осыған ұқсас мақалалар талап ететін көптеген мекемелер студенттерге жетекші тағайындайды. Мекемелерде жетекшілерге жүктелінген талаптар көптеген түрлерге бөлінеді, басқаша айтқанда, жетекшілердің өздеріне қарасты студенттерге қандай және қаншалықты көмек бере алатын шарттарына байланысты мекемелер бірнеше түрге бөлінеді. Осыған сәйкес, жетекшілерімен қаншалықты жиі кездесетіні және олардың көмегіне қаншалықты жиі жүгінетіні ескеріле отырып, студенттерге бірталай мүмкіндіктер ұсынылады. Осы арада берілетін қарапайым кеңес: өз жетекшіңізді сізге рұқсат етіл-

ген мөлшерде толығымен қолданыңыз және оның берген барлық нұсқауларын қадағалай орындаңыз. Міндетті түрде сіздің жетекшіңіз зерттеу үдерістерін жақсы меңгерген және сіздің зерттеу жұмысыңыздың барлық кезеңдерінде тиісті көмек көрсете алатын, сіздің оқу орныңыздың осы тұрғыдағы талаптарына сәйкес маман болары анық. Жетекшіңіздің сіздің зерттеу жұмыстарыңызға сын айтқан пікірін оңды қабылдаңыз. Оның айтқандарын қалт жібермей тыңдаңыз, себебі айтылған сын пікірлер қайтадан қарастыруды қажет ететін сыншыл пікірлер мен кеңестерге себеп бола алады. Жетекшіңізбен көп қарсыласа бермеңіз. Жетекшілердің

өздері де, мақаласын бәсекелік-рецензиялық журналға шығаруда немесе зерттеу грантын алуды көздегенде немесе конференциялық мәлімдеме жасағанда ұдайы осындай үдерістерден өтіп тұратыны анық. Сондықтан айтылған сындар мен ұсыныстарға оңды карап, ресми түрде ұсынар алдында жұмысыңыздағы жетіспеушіліктерді қайтадан қарастыруға мүмкіндік туғанына қуаныңыз. Кейде студенттер зерттеу жұмысының басында-ақ тығырыққа тіреліп қалады немесе кейде

жетекшілерімен кездесуді ұзаққа созып, жұмысты бастауды кешіктіріп алатын кездері де болады. Ары қарай олар шырғалаң шеңберге түсіп, нәтижеде оның жұмысы елеусіз қалып немесе ең соңынан қарастырылатын болып, шетте қалу ықтималы бар. Осы жағдайды болдырмау үшін қолыңыздан келгенше тырысып, сіз бастамада кездесетін қиындықтар немесе артта қалып қойған кейбір қиыншылықтарды ысырып қойып, жетекшіңізбен тез арада кездесіп, ақыл-кеңес алуға асығыңыз.



Студент тәжірибесінен

Жетекшілердің көмегін қолдану

Бірталай студенттер өздерінің зерттеу жұмысында жетекшілерінің алған рөлі туралы жазды. Мысалы, Изабелла Роббинс оның сапалық деректер жайлы сараптама жасауда жетекшісінің алған маңызды рөлін атап өтті.

«Туындаған тақырыптардың барлығы орынды болды, сондықтан сараптама жасау қиыншылық тудырмады, алайда осы сараптаманы теорияға айналдыруда қиындықтарға кездестірдім. Бұл мәселені шешу үшін бақылау кезінде сараптама жайлы әңгіме қозғап және осы талқылаулардан туындаған пікірлерді жазып отырдым».

Корнелиус Греб жетекшілермен қарым-қатынас туралы мынадай ақыл-кеңес береді: «Мен өзімнің жетекшілерімнен нені күтетінімді, мысалы, қандай кәсіби және дербес қарым-қатынас құруды және олардан қандай демеу күтуді алдын ала анық түсініп алуды ұйғардым».



Изабелла мен Корнелиустың зерттеу тәжірибелерімен толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/



Жетекші тәжірибесінен

Жетекшіңізді ашуландырып, өзіңізге қиындықтар туғызып алудың сіз мән бермейтін бес түрі

Жетекшілерге студенттердің диссертациясына жетекшілік ету барысындағы қатты көңілдері қалған кейбір жағдайлар жайлы сұрақ қойылды. Олардың жауаптарынан кейбір мәселелердің қайталанып кездесетінін көруге болады. Жетекшіңізді ашуландырып, өзіңізге қиындықтар тудырып алудың сіз мән бермейтін бес түрі мыналар:

1. Алдын ала белгіленген бақылау кездесуіне кешікпеңіз. Бастамай жатып өрескел түрде ағыттыққа бару, болашақта сізге тиімді емес.
2. Жұмыстың ауқымды бөлігін соңғы уақытқа қалдыру. Жетекшілер зерттеудің өз қарқынымен жүргізілуі керек екенін біледі, сондықтан өте кезеңде мұқият болуды талап етеді және кейде нәтижелер сіз ойлағандай болмауы мүмкін. Студенттер зерттеу жұмыстарын қаншалықты кейінге қалдырса, зерттеу жұмыстарын жүргізу және мәселелерді шешу соншалықты қиын болмақ.
3. Жетекшіңіздің сізге берген ақыл-кеңесін елемеу. Жетекшілер аса тәжірибелі зерттеушілер, сондықтан олардың берген ақыл-кеңесін елемеу ашуландырады және студенттің мүддесіне кері әсерін тигізеді.
4. Алғашқы, шимай қолжазбаларыңызды өте кеш беру. Сізге диссертация жазу сіздің жетекшіңіздің жұмысы емес, сондықтан сізге ақыл кеңес және ұсыныстар беруі үшін жазбаңыз дайын болмаса да, алғашқы қолжазбаларыңызды өзіңіз әкеліп беруге тиіссіз. Және жетекшілердің диссертация жазып жатқан бірнеше студенттері екенін ескеріңіз, сонымен қатар оның басқа да жедел атқаратын міндеттері болады, сондықтан сіздің жұмысыңызбен танысуы үшін белгілі бір уақыт керек болатынын естен шығармаңыз.
5. Әлеуметтік зерттеу тәсілдері модульдерінде немесе зерттеу тәжірибесі модульдерінде оқып, үйренгендеріңізді ұмытпаңыз. Зерттеуді қалай жүргізу туралы алатын нұсқауыңыз сіздің болашақ зерттеуіңіздің кәдесіне жарамақ, кей қадамдарды аттап өтіп, ары қарай жұмысыңызды жалғастыруға еш бөгет жоқ.



Уақыт және ресурстарды тиімді меңгере білу

Барлық зерттеулерде уақыт пен ресурстарға шектеу қойылған. Уақыт тығыздығына байланысты немесе шығыны қарастырылмаған зерттеу сұрақтары мен жоспарларын қарастырудың еш мағынасы жоқ. Осы арада екі маңызды тармақты атап өтейік.

1. Мүмкіндігінше өз жетекшіңізбен бірігіп, зерттеу жұмысының әртүрлі сатыларын толық түрде көрсетіп (соның ішінде, әдебиеттер тізімі мен түсініктемені де қамти отырып), зерттеу жұмысы кестесін жасап алыңыз. Бұл кестеде әртүрлі сатыларды және күнтізбе бойынша қай кезде бастап және

қашан тәмамдайтыныңызды көрсетіңіз. Кейбір сатылары көптеген жағдайларда сүрелі болып келеді, мысалы жаңа зерттеулерге әдебиеттер іздестіру (төменде қарастырылған), алайда бұл кестені ары қарай дамытуға еш кедергі болмауы керек. Кейбір жағдайларда студенттердің зерттеу жұмыстарына орай ұйымдарға енуге рұқсат беріледі, алайда студенттер мұндай жұмыстарда әдетте уақытты тиімді қолдануды бағаламайды. Мысалы, Райан (2009) өзінің коммерциялық тазарту тақырыбының зерттеу нысаны ретінде тиісті компанияның ақпараттарына қол жеткізуге екі жылдай уақытын сарп еткен.

2. Зерттеу жұмысыңызды жүргізу үшін сізге қандай да бір ресурстар бөлінуі мүмкіндігін қарастырып көріңіз. Мысалы, мекемеңіз тарапынан сіздің саяхат, көшірме, хатшылық көмек, пошталық, кеңсе заттары және тағы да басқа шығындарыңызға қаржылай көмек бөлінеді ме? Егер сіздің зерттеу жұмысыңызда сұхбаттарды таспаға жазу немесе көшіріп жазу қажет болып жатса, сіздің мекемеңіз таспаға жазатын құралдар және көшірме құралдары тәрізді жабдықтарды уақытша қолдануға бере алады ма? Мекемеңізде сізге қажет болатын СДТБП немесе NVivo сапалық деректерді талдау пакеті тәрізді құралдар бар ма? Осы сияқты мәліметтерді білу, сіз таңдаған зерттеу жобасы мен тәсілдерінің қаншалықты қаржылай және тәжірибелік жағынан

қамтылғанын көрсетеді. 15-тарауда қолданылған ойша жүргізілетін «фитнес клуб зерттеуі» әдетте соңғы курс студенттері мен аспиранттарға диссертация жазуға бөлінетін уақыт аралығында зерттеу жүргізуге мысал бола алады. Дегенмен зерттеушінің өзінен мынадай әдістер талап етіледі: қазіргі таңда студенттер өз қабілеттіліктерімен мән-мәтін даярлау бағдарламаларын қолдана отырып сауалнама басып дайындай алады, сонымен қатар, жолдама хаттар пен сауалнамалардың көшірмесін түсіру, сауалнаманы пошта арқылы тарату және жауап бермегендерге қайталап жіберу, сауалнамаларды поштамен кері жинау және SPSS тәрізді сандық деректерді талдауға арналған бағдарламалық жасақтама пакеттерінің қолда болуын қадағалау.



Студент тәжірибесінен

Уақытты тиімді меңгеру

Көптеген студенттер үшін зерттеу жұмыстарын жүргізуде аса қиын аспектілердің бірі – уақытты тиімді пайдалану. Сара Хансон осы орайда өз пікірін былай тұжырымдайды:

«Диссертация тәрізді ауқымды жобаны тәмамдау қанша уақыт алатынын жете бағаламауға ешқашан жол бермеңіз. Өзіңіз қалаған тақырыпты таңдап алыңыз. Зерттеуіңіз қаншалықты қызықты өтсе, соңында ол жайлы оқу да соншалықты қызықты болады. Белгілі бір тәртіп орнатыңыз, әрдайым қажетті заттарды қол астында ұстаңыз: белгілер түсіріп отыратын желімді қағаздар, мұқабалар, қабырға жоспар кестесі және де сізге күннен-күнге зерттеу жұмысыңыздың мақсатынан ауытқып кетпеу үшін қажетті басқа да заттар».

Ханна Крин мен Лили Тейлор екеуі де егер уақытыңыз тиімді қолданылмаған болса, талдау кезеңі өте тығыз болып және жағымсыз салдарлар тудыруы мүмкін екенін айтады. Шынында, студенттердің диссертацияларында деректерге талдау жүргізіп және түсініктеме жазуға аз уақыт қалдыратыны менің жетекшілік ету тәжірибемде де кездесті. Ханна мен Лилидің басқаларға бір ауыз сөзбен қандай кеңес беретіндері жайлы сұраққа берген жауабы мынадай: «Өзіңіздің зерттеу жұмысыңызды мүмкіндігінше тездетіп жүргізіңіз. Талдау жұмысы сүрмелі үдеріс және біршама көп уақытты талап етеді, сондықтан деректерді қаншалықты ертерек жинап болсаңыз – өзіңізге жақсы. Сонымен қатар осылай уақыт үнемдеу, жеңіл-желпі тұжырымнан гөрі көлемді талдау жасауға мүмкіндік береді».

Жобаны іске асыруға уақытыңыздың жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз, деректерді талдауға кететін уақыт ауқымын бағаламауға жол бермеңіз!

Эми Найт өзінің соңғы курста жазған гендерлік мәселелер және кәдеге жарату тақырыбы бойынша диссертациясында уақытын өте тиімді қолданғанын сезіп, өз тәжірибесімен былай деп бөліседі:

«Диссертация тәрізді ауқымды зерттеу жобасын тәмамдауда уақытты тиімді пайдалану – ең дұрысы. Мен екінші және үшінші оқу жылы арасындағы жаздық демалыс уақытымды қажетті әдебиеттер жинаумен және тараулардың жобасын құрумен өткіздім. Сонымен қатар алға дербес мақсаттар қойып алғаныңыз дұрыс, мысалы, мен әдебиеттерге шолу жасау тарауын үшінші жылдың басында бір айдың ішінде бітіремін деп жоспарладым. Өз мақсаттарымды осылай алдын ала жоспарлап алуым жұмыс мөлшерін тиімді бөліп тастауға септігін тигізді, өз кезегінде бұл менің жетекшіме менің жұмысыма түзетулер енгізуге уақыт жағынан біршама қолайлы болды және диссертацияма жазған өте нәтижелі жауабын алуыма мүмкіндік тудырды».

Ребекка Барнем де дәл осылай пікір білдіріп, егер ол тағы да зерттеу жұмысын жүргізетін болса:

«Мен де деректерді талдау мен жазу жұмыстарына көбірек уақыт бөлер едім, себебі зерттеуге қатысушыларды таңдап алу біршама уақыт мөлшерін қажет ететіндіктен, зерттеудің осы кезеңдерінде уақыт тапшылығын өте қатты сезіндім».



Сара, Ханна, Лили Эмми және Ребеккалардың зерттеу тәжірибелерімен толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:
www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/



Зерттеуші тәжірибесінен

Уақытыңызды этикалық тұрғыдан бақылауға да бөліңіз

Студенттердің зерттеу жобаларына қатысты уақытты тиімді пайдалануда кездесетін бір мәселе – ұйымдастыру шаралары мен басқа да бастама істеріне, сонымен қатар этикалық комитеттен зерттеу жүргізуге рұқсат алу сияқты жұмыстарға қанша уақыт кететініне мән бермеулерімен байланысты. Рұқсат алу мәселелері 19-тарауда және этикалық мәселелер 6-тарауда толығымен қарастырылған. Кейбір мекемелер, студенттердің ұсыныстарында ешқандай айқын этикалық мәселелерді қарастырмау шартын қойып, этиканы үстірт қарастырып өтеді. Ал басқалары жете бақылау жүргізе отырып барлық ұсыныстарды қамтиды.

Ал жетекші былай деп жазады:

«Қылмыстық тақырып – эмпириялық зерттеу жүргізіп, диссертация жазуға оңай тақырып емес: кейбіреулер көбіне этикалық мәселелерге келіп тірелетін (саналы келісім; зерттеуші қауіпсіздігі; деректер құпиялылығы; шындықты ашып жазу)

заңсыз және құқықты бұзушылық туралы тақырыптарды зерттеуді таңдайды, алайда бұл мәселелерді студенттерге берілген уақытқа енгізу мүмкін емес және зерттеуге оңайлықпен берілмейтін тақырып».

Сонымен қатар, көптеген жетекшілер этникалық негізді ұсынатын кеңесшілер, сондықтан студенттерге этникалық сұрақтарға қатысты тақырыптар мен тәсілдерді таңдамауға кеңес берері анық.

Жетекші С, өз тәжірибесінде анық этникалық мәселеге қатысты немесе ұсынылған кестені орындау мүмкін емес жағдайларда және таңдап алынған тәсілдер зерттеу мақсатына сай болмаған жағдайларда студенттердің тақырып және/немесе әлеуметтік зерттеу тәсілін таңдауларының алдын алғаны туралы жазды.

Жетекші Ф былай деп жазды: «Тақырыпты студенттердің өздері таңдайды, этникалық немесе тәжірибелік мәселелерді қамтитын тақырыптар болса, студенттерге міндетті түрде ойларына қайтадан шолу жасауларына кеңес беріледі». Жетекші И де өз ретінде ойымен бөлісті: «Оларға деректер жинақтау жұмыстарында қауіпсіздік қамтамасыз ете отырып, деректерге қол жеткізуде қиындықтардың туындайтын (әсіресе, сапалық жөнінде далалық зерттеулер жүргізуде) немесе этикалық мәселелермен қатысты тақырып таңдауларының алдын аламын». Сіздің таңдап алған тақырыбыңыздың этикалық мәселеге жақын болса қайтадан қарастыру керек болатындықтан, сіздің зерттеу жұмысыңыздың қарқыны бәсеңдеп қалады, сондықтан этикалық және қол жеткізу мүмкіндігі жағынан проблемалар тудыратын тақырыптарды өте ертеден бастап талқылаңыз.



Студент тәжірибесінен

Жазба жұмыстарының кестесін дайындау

Лили Тейлор өзінің баяндамасында жазуы керек әр түрлі тақырыптардың ақырғы мерзімдерін көрсетіп, кесте жасап алғаны оған қолайлылық тудырғанын айтады.

«Мен қолжазбамның алғашқы нұсқасын дайындағанымда, соңғы уақытқа көп жеткізбей бітіретініме сенімді болдым. Ары қарай жұмысымды жалғастырып, қажетті өзгертулер енгіздім. Және әрбір бөлім үшін ақырғы уақыттың ең аз көлемін есепке ала отырып кесте жасап алдым. Осылайша мен жұмысымды жүргізуде уақыт жағынан үлгеріп жатқанымды біліп, ары қарай да қарқынды жылдамдығымды арттыра бердім».

Изабелла Роббинс «тезис жобасына сәйкес кесте дайындап алдым» деп жазады. Корнелиус Гриб те өзінің қолжазбаларының алғашқы нұсқаларында осы тәсілді қолданғанын айтып, пікірімен бөлісті: «Әрбір тарауым бойынша қолжазбаларымның алғашқы нұсқаларын тапсыруды жетекшілеріммен келісіп отырдым».



Лили, Изабелла және Корнелиустың зерттеу тәжірибелерімен толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/



Студент пен жетекші тәжірибесінен

Талдау мен жазба жұмыстарына айтарлықтай мол уақыт бөліңіз

Студенттер диссертацияларын дайындауы кезінде қайталып кездесетін қателер – ол студенттердің талдау және жазба жұмыстарына келгенде уақыттарының тым тығыз болып кетуі. Осының салдарынан студенттер осы екі кезеңге келгенде, асығыстық жасайды, алайда кезеңдердің екеуі де жақсылап ойлану және қайтадан құрастыру жұмыстарына біршама уақыт талап етеді. Көптеген жетекшілер өздерінің студенттерінен де дәл осы мәселені кездестіргенін айтады.

С жетекшінің айтуына қарағанда, студенттердің диссертация жұмыстарын жазуда кездесетін жалпы мәселе – ол студенттердің «қайтадан құрастыруға керегінше уақыт» бөлмеуінде десе, ал Г жетекші мәселеленің «жазба жұмыстарын соңғы уақыттарға қалдыру» болып табылады деп отыр. Жетекшілердің көпшілігі өздерінің студенттеріне деректерді жинақтардың алдында мәселелерді жақсылап саралап алуға ынталандыратынын атап өтті. Д жетекші осы мәселеге орай «Мен барлық керек деректі жинақтадым, ары қарай онымен қалай жұмыс істеуді білмеймін» сияқты сұрақтың жиі қойылатынын айтып өтті. Бұл жетекші студенттерге зерттеу сұрақтарын құрастырып жатқанда немесе сұрақтарды құрастырып біркеннен кейін бірден осы талдау жайлы ойлаулары қажет екенін айтып студенттерді ынталанадыратынын жазды. Демек, олар өз зерттеулерінің жобасын таңдап, қалай құруды ойлап жүрген кездерінде-ақ, олардың қандай нәтижеге қол жеткізетіндері жайлы жалпылама түсінігі болуы керек (яғни олардың зерттеу жобасының сол жобаға қатысты сұрақтармен қалай байланыстыратынын ойлау керек).

Кейбір студенттер өздерінің тәжірибесі барысында кездестірген дәл осындай ескертулерді атап өтті. Мысалы, Алис Пальмер өзінің жазба жұмысынан алған тәжірибесін былай деп сипаттайды:

«Егер сіз аз ғана болсын, бірнарселер жазған болсаңыз, сіз дұрыс жолдасыз. Жазуға ынтамның бар болып/болмауына қарамастан, мен күніне бірнеше жүз сөз жазуды өзіме мақсат қылып алдым. Егер жазба жұмыстарым жақсы жүріп жатқанын сезсем, мен ары қарай жаза бердім, осылайша мен мақсатымды іске асыруға талпыныс жасап жатқанымды білдім. Бұл өте көмектеседі, себебі бір аптаның ішінде жазбаңыздың қандай жағдайда болатынын білмейтіндей қауыртпалықты тудырмайды».

Марк Гирван өзі қатысқан топтық жоба жайлы былай деп жазды:


«Жұмысыңызды кейінге ҚАЛДЫРМАҢЫЗ! Біздің зерттеуші топ тоқтаусыз жұмыс істеуден шаршады, соңында, баяндамамызды айтарлықтай түбегейлі жазуға біздің қалауымыздай еркін уақыт қалмады. Көптеген істер атқарылмай соңына қалды, сондықтан нәтижеде құрастырғанмыз өзіміздің қабілетімізге орай қол жеткізе алатындай жоғары деңгейлі қорытынды бермеді».

Осы бөлімде қамтылған материалдардан жасалатын анық қорытынды: зерттеу үдерісінің әртүрлі кезеңдеріне жетерлікті уақыт бөліңіз. Студенттердің

уақытты тиімді мөлшерлеп бөлуде қиындықтармен кездесетіндіктен қажеттіліктерге қол жеткізу, деректерді талдау және нәтижелерді жинақтап

жазу тәрізді кезеңдер бірінші болып атқарылуы тиіс істер қатарына жатады. Уақытпен байланысты тағы бір мәселе – этикалық комитетінен сіздің зерттеу жұмысыңызға рұқсат алуға кететін мерзім сіз ойлағаннан көпке созылуы мүмкін. Этикаға қатысты мәселелер толығымен 6-тарауда қарастырылады. Дегенмен осы арада айта кететін соңғы пікір: ең тиімді түрде жоспарланған жобаның өзінде де сіздің кестеңізде қарастырылмаған мәселелер аяқ асты туындауы мүмкін. Мысалы, МакДональд, Таксенд және Уотерхаус (2009) өздерінің жүргізіп жатқан көптеген зерттеу жұмыстарына қатысып отырған австралиялық ұйымдармен келіссөз жүргізіп, олардың мәліметтеріне қол жеткізуге келісті. Алайда олардың

зерттеулеріне қатысуға келісім берген қызметкерлердің (әлеуметтік зерттеу тәсілдері әдебиеттерінде көбіне «дәнекер» деп аталады) кейбіреулері жұмыстан шығып кеткен немесе басқа жаққа көшіп кеткен, сондықтан зерттеушілерге жаңа қатынастар құруға және өздерінің сұхбаттарының шарттарын тиімді түрде қайтадан қарастыруға тура келді. Ал бұл өз кезегінде, олардың зерттеу жұмыстарының қарқынның едәуір бәсеңдетті. Міне, осындай кедергілер зерттеу жұмыстарында орын алуы мүмкін. Осындай мүмкіндіктердің болуын қарастырып қана қоймай, өзіңіздің зерттеу жұмысыңыздың кестесін осындай ықпалдардың әсеріне алдын ала икемді етіп құруыңыз өте маңызды.



Оңтайлы зерттеу сұрақтарын құрастыру

Көптеген студенттер өздерін дербес қызықтыратын салада зерттеу жұмыстарын жүргізуді таңдайды. Бұл, әрине, жаман таңдау емес және 2-тарауда айтып кеткенімдей, көптеген әлеуметтанушылар осы пікірді негізге ала отырып бастайды (Лофтленд және Лофтленд, 1995: 11-14 жайлы жазбалармен де танысыңыз). Дегенмен сіз зерттеу жұмыстарын ары қарай жүргізіп, сұрақтар дамытуды бастауыңыз керек. Бұл кеңес сапалық және сандық зерттеу түрлеріне де қатысты. 17-тарауда түсіндірілгендей, сапалық зерттеу сандық зерттеуге қарағанда мерзімге аса байланысты емес және 19-тарауда кейбір ерекше зерттеу сұрақтарын

қарастырмау туралы елеулі зерттеулер жайлы жаздым. Алайда мерзімге байланысты емес зерттеулердің де қолайсыз жақтары бар, уақыт тығыздығы болмағандықтан, деректер жинақтау ұзаққа созылып және аса көп ауқымды деректердің жинақталуына жол береді. Алайда жазба жұмыстарына келгенде ауқымды деректер сіздің ойыңызды жинақтауға кедергі келтіреді. Сонымен егер жетекшіңіз басқаша кеңес бермеген болса, сандық зерттеуде көптеп кездестіретін түрлеріне қарағанда біраз ерекше болса да, мен алдын ала біраз зерттеу сұрақтарын дайындап алар едім. Басқаша айтқанда, сізді қызықтырып отырған сала не жайлы?

1-тарауда айтып кеткенімдей, зерттеу сұрақтарының қолданысы көп-жақты, сондықтан оларды құрастырмау немесе құрастыруды кейінге қалдыру тәрізді ойларды бірден ысырып тас-

таңыз. Және де сіздің зерттеу сұрақтарыңыз анық әлеуметтік ғылыми бағытта болуын (мысалы, әлеуметтік) қадағалауды жадыңыздан шығармаңыз.



4.1 Терең пікірлер

Маркстың зерттеу сұрақтарының дерекнамасы

Маркс (1997) мына төменде көрсетілген нұсқаларды зерттеу сұрақтарының ықтимал дерекнамасы деген ұсыныс білдіріп отыр:

- Интеллектуалды жұмбақтар мен қайшылықтар;
- Қолда бар әдебиеттер;
- Көшірме;
- Құрылымдар мен міндеттер. Мысалы, ұйым түрі тәрізді құрылымды көрсетсеңіз, құрылымның неге бірнеше түрлері бар және ерекшеліктерінің мағынасы жайлы сұрақтар қоя аласыз;
- Қарсылық. Маркс кейбір теориялық тұжырымдаманың немесе жұмыстың елеулі бөлігінің қате екенін сезінсеңіз, осы қарсы ойыңыздың себептерін анықтап алу керектігі жайлы тұжырымдама жасады;
- Әлеуметтік мәселе. Мұның тек зерттеу сұрақтарының дерекнамасы ғана екенін ұмытпаңыз; сіз әлі әлеуметтік мәселемен байланысты әлеуметтік ғылыми бағытын (мысалы, әлеуметтік) анықтауыңыз керек;
- «Болмыстың ресми нұсқасы мен фактілері арасындағы кей жерлерде кездесетін айырмашылық» (Маркс, 1997: 113). Мысал ретінде, Делбридждің (1998) компания риторикасының этнографиялық есебінде жапондықтардың жұмыс үлгілері мен олардың тәжірибеде қалай қолданылатыны туралы зерттеуін атауға болады;
- Парадоксалдық/қарама-қайшылық. Мысалы, парасатты мағынаның әлеуметтік ғылыми шындыққа қарсы келуі;
- «Таңғалдыратын эмпириялық мысалдар» (Маркс, 1997: 114). Маркс мысал ретінде, қалыптан тыс және әдеттен тыс оқиғаларды жатқызады;
- Жаңа тәсілдер мен теориялар. Олар жаңа күйде қалай қолданылады?
- «Жаңа әлеуметтік және техникалық дамулар және әлеуметтік үрдістер» (Маркс, 1997: 114);
- Жеке басының тәжірибесі;
- Демеушілер және мұғалімдер. Алайда мұғалімдеріңізден сіздің зерттеу сұрақтарыңызды анықтап дайындап береді деп күтпеңіз.

Маркс (1997) зерттеу сұрақтарының аса зор мүмкін нұсқаларын ұсынды (4.1-тақырыбының терең пікірлерін қараңыз). Осы тізімнен көріп отырғанымыздай, зерттеу сұрақтары алуан түрлі жағдайларға қатысты туындауы мүмкін. 4.1-сызбада зерттеу сұрақтарын дамытудың маңызды түрлері көрсетілген. Сандық зерттеу саласының сұрақтары кейде сапалық зерттеу сұрақтарына қарағанда көп нақтырақ болып келеді. Шынында, кейде сапалық зерттеушілер зерттеу жүргізуге келмейтін сұрақтарды өте ашық тәсілмен қарастырып жата-

ды. Бұл тәсілді қолдану тәуекелді іс, себебі нені бақылау керек екенін немесе сұхбатта не жайлы сұрау керек екенін білмегендіктен нәтижеде анық бағыты жоқ ауқымды деректер жинақтап алуға әкеліп соқтырады. Сапалық зерттеушілер арасында өздерінің кәсіптеріне қатысты тәсілдерді қарастыру үрдісі артып келеді (мысалы, Хаммерили және Аткинсон, 1995: 24-9).

4.1-сызбада көрсетілгендей, біз көбіне өзімізді қызықтырған жалпы зерттеу саласынан бастаймыз және бірқатар дерек-намалардан бастау алуымыз мүмкін.



Студент тәжірибесінен

Теорияны зерттеу сұрақтарына ықпал етуші ретінде қарастыру

Ребекка Барнестің патриархқа бағынатын феминистік теорияларға деген қызығушылығы оны әйел адамның серіктесінен қиянат көруі тақырыбын таңдауға ықпал етті.

«Мен студенттік өмірдің соңғы жылында әйел адамның серіктесінен қиянат көруі тақырыбына назар аудардым. Бұл тақырыппен қарсыласқанда, менің алғаш түсінігім – жанұядағы зорлық жайлы теориялық мағынадағы феминистік түсінігіммен байланысты болды. Ал бұл түсінік алдымен патриархқа бағынатындықтан қиянат көрсету және әйелдерге бір жынысты сексуалды қатынастарда қиянат көрсету сияқты ұғымдардың туындауы осы түсінікке қарсы келді. Осылайша осы тақырыпты қарастыруымның алғашқы сәтінен-ақ мен осы саладағы зерттеу жұмыстарының тапшылығын көрдім, әсіресе Ұлыбританияда бұл тақырып еш зерттелмеген аймақпен тең десем болады. Бастапқыда мен тек қана аспирантураға баяндама жазуды көздеген болатынмын, дегенмен Ұлыбританиялық негізде әйел адамның серіктесінен қиянат көруі тақырыбына өзімнің дербес зерттеуімді жүргізіп, ғылым кандидаттығын қорғауды шештім».

Теориялық пікірлер Гарет Мэтьюстің маусымдық жұмыс тақырыбын зерттеуіне себеп болды. Осы жағдайда оның теориялық зерттеуге назарын аударған еңбек үдерісі теориясы болды.

«Ең алдымен, менің қызығушылығым марксистік еңбек үдерісі теориясына деген жалпы ықыласымнан туындап отыр. Бұл теория қазіргі замандағы жұмыс үлгілерінің мағынасын анықтауда өте маңызды рөл алады деп сенемін және академиктердің осы жайлы айтқан наразылықтарын да қарастырғым келді».

Брейверменнің 1974 жылы *Еңбек және монополиялық капитал* атты жұмысы жарық көргеннен бастап, еңбек үдерісі тақырыбындағы пікірталастарда көптеген бұрмалаулар мен жалтарыстар орын ала бастады және қазіргі күндері теорияның «маңызды» элементтері Брейвермен түсіндіргеннен әлдеқайда басқаша. Мен Брейверменнің жазғандарын жай ғана дұрысқа шығаруға дәлел іздеуден аулақпын, оның орнына осы заманғы жұмыс және жұмысшылар әлемінің шынайы және қолданылып жүрген өзгерістерін қарастыра отырып, осы теория мен жаңа заманға сай теориялық анықтама арасындағы орынды зерттеуге ынталандым.

Менің осы мәселе жайлы пікірім: еңбек қатынастары тек қана жұмыс мөлшерін талдаумен «есептелмейді», керісінше ол әртүрлі деңгейде әрекет ететін жұмсалған күш есесінде қарастырылуы керек (мысалы, жұмыс орны, еңбек нарығы, мекен-жай және т.б.) және осы күштер мен жұмысшылардың алға қойған мақсаттарымен жанаспайтын осы күштердің оларға қысым көрсету арасындағы өзара әрекеттестік негізінде жалпылама қарастырылуы тиіс.



Ребекка мен Гареттің зерттеу тәжірибелерімен толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:
www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

4.1-сызба

Зерттеу сұрақтарын таңдаудағы қадамдар



- *Дербес қызығушылық/тәжірибе.* Диснейдің тақырыптық саябағына деген қызығушылығымды 1991 жылы Орландодағы Дисней Әлеміне барғаныма дейінгі кезімнен көруге болатынын, ал бұқаралық ақпарат көздерінде әлеуметтік зерттеуді ұсынуда танытқан қызығушылығымның баспасөзде кездескен қиындықтармен толықтырғанымды да осы 1 және 2-тарауларда жазып кеттім.

- *Теория.* Кейбіреулер еңбек үдерісі теориясының немесе қоғамның тәуекел теориясының немесе жүйелілік әрекеттестігі теориясының технологияларын күнделікті өмірде қолдану үшін дәлелдеуге немесе зерттеуге ынталануы мүмкін.

- *Зерттеу әдебиеті.* Қазіргі тұтынушы мүдделерін қорғау тәрізді зерттеу саласына қатысты зерделеулер қазіргі замандағы сатып алу тәжірибесінің сипатына қызығушылық тудыруы мүмкін. Зерттеулерді ұйымдастыру саласы туралы жаза отырып, Зандберг пен Альвесон (2011) әдебиеттегі аралықты анықтау зерттеу сұрақтарын құрастыруда басты тәсіл екенін атап өтті. Мұны іске асырудың басты стратегиясы: байқалмай қалған немесе зерттелмей қалған салаларды анықтау және теориялар мен перспективаларды қолданып, бұрын соңды зерттеу жүргізілмеген зерттеу салаларын анықтау.

- *Жұмбақтар.* Бұған қызықты мысалды Ходсанның (2004) этнографиялық жұмыс орны жобасынан деректер келтірген (13.4-тақырыбы зерттеу нысанын қараңыз) зерттеу мақаласынан таба аласыз. Осы мақаласында ол қазіргі таңдағы жұмыс жайлы жазбалар бүгінгі күні жұмыспен қамтамасыз етуді әлеу-

меттік жүзеге асырудың негізі болып табылады деген бағалауға қатысты едәуір қайшы екі пікірді білдіреді деп жазады. Кейбір әлеуметтанушылар қазіргі жұмыс орындары адамдарды жақсы шарттарымен тартады деп тұжырымдаса, тағы біреулері адамдардың жұмыс және мансап тұрақсыздығы жұмыс орнындағы әлеуметтік өмірмен тығыз байланысты деп біледі. Ходсон осы екі түрлі пікірді өзара бәсекелес гипотезалар деп көрсетіп отыр. Осылайша Райт және басқалары (2006) Ұлыбританияда көшедегі қалта ұрыларынан жартылай стандартталған сұхбат алып, деректер жинақтады: олардың мақсаты осындай қылмысқа итермелейтін кейбір себептерді анықтау. Бірінші түрі ол оңтайлы таңдау теориясы негізінде анықталған. Көшедегі ұрлықты қаржылай пайда көруге және осындай істерді ашу мүмкіндігін азайту арасында ымыраға келу арқылы негізделеді. Көше ұрлығының екінші түрін, қылмыскерлердің белгілі бір өмір салтын сақтап және осы іспен айналыса отырып, бір әсерлі сезім алатын қызметі деп сипаттайды.

- *Қоғамдағы жаңа туындылар.* Мысал ретінде ғаламтордың күнделікті қолданысқа енуі және ұйымдардың жаңа үлгілерінің қалыптасуы – мысалы, қоңырауларға жауап беру орталықтарын атауға болады.

- *Әлеуметтік мәселе.* Мысал ретінде, қоғамның кейбір секторлары тарапынан әлеуметтік мәселеге жататын баспана іздеп жүргендердің ықпалын атауға болады. Осы мәселе Лин мен Лиидің (2003) Ұлыбританияға баспана іздеп келушілердің пікірлерін талқылаған жұмыстарының астарында қаралған

негізгі мәселе (22.7-тақырыбының зерттеу нысанын қараңыз).

Мұндай қызығушылықтардың дерекнамалары бірін-бірі жоққа шығармайды. Мысалы, 2.1-зерттеу нысаны, кем деген-

де мына екі дерекнамаға сүйеніп жүргізілген: әлеуметтік капитал ұғымын (теория) анықтауға деген қызығушылық және аймақты жақсарту үдерісін түсіну (қоғамдағы жаңа туынды).



Студент тәжірибесінен

Қоғамдағы жаңа туындылардың зерттеу сұрақтарына ықпал етуі

Лили Тейлор студенттердің тәжірибесінде қосымша төлемдік қарыздың рөлін анықтауды қолға алды. Басқаша айтқанда, жоғарғы оқу орнындағы студенттердің оқуына қосымша төлемнің ықпалы қандай?

Университетте оқуға қосымша төлемге байланысты оқуды күннен күнге кейінге қалдырып жатқандар саны көбейіп барады. Шынында, оқуға төлем жүйесі мен қосымша төлемдер зерттеу алаңы ретінде өте қызықты тақырып екеніне сенгенмін де. Бүгінгі таңда қаржы мәселесі университет студенттері үшін маңызды болып тұрғандықтан, олар өздерінің баяндамаларын тапсыратын соңғы күндерін, лекция және семинарларға уақтылы қатысып отыру жайлы ойларымен бөлісіп, алаңдаушылық танытуда.



Лилидің зерттеу тәжірибесімен толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Зерттеуде ұсынылып отырған осы түрлеріне қарамастан, біз жалпы өзімізді қызықтыратын салаға бет бұрамыз. Қажетті тақырыпты таңдап алуға ыңғайлы етіп, зерттеу алаңын мүмкіндігінше кішірейту керек. Біз зерттеу сұрақтарын құрастыру үдерісін 4.1-сызбада көрсетілген бірқатар қадамдарды ескере отырып жинақтай аламыз. Зерттеу сұрақтарын дамытуда бұл қадамдарға, зерттеуші мәселеге көз тігуді өте әріден алып, жалпы зерттеу алаңының ұғымынан бастап ерекше зерттеу сұрақтарын алға шығаруды қолданады. Бұл істі жүзеге асыру үшін кейбір ескертулерді естен шығармаған жөн:

- Зерттеу барысында қарсымызға шыққан барлық сұрақтарға жауап бере алмаймыз. Әрине, бұл уақыт немесе қаржы мәселелерімен еш байланысты емес. Біздің негізгі зерттеп жатқан тақырыбымыздан ауытқып кетпей, барлық зерттеу сұрақтарының бір-бірімен байланысты болуын және жүйелі мәселелер жиынтығын құрауын қадағалауымыз керек.
- Сондықтан біз қолда бар зерттеу сұрақтарынан бірін таңдауымыз керек.
- Таңдау жасар алдында осы таңдалып алынған зерттеу сұрақтарының бір-бірімен байланысты болуы керек деген

қағиданы ұмытпауымыз керек. Егер біз сұрақтарды өзара байланыстыра алмасақ, біздің назар аударуымыз керек негізгі мәселе керегінше ашылмай қалады. Ал бұл біздің осы зерттеу сұрақтары бір-

бірімен байланысты болуы керек деген ұғымды жете түсінбегендіктен болуы мүмкін. 4.1-сызбадан тәуекелге байланысты зерттеу сұрақтары бір-бірімен тығыз байланысты екенін көруге болады.



Студент тәжірибесінен

Зерттеу сұрақтарының ерекшеліктері

Бірқатар студенттер өте көрнекі, сонымен қатар аясы тар зерттеу сұрақтарын қарастырды. Мысалы, Ребекка Барнс былай деп жазды:

«Менің зерттеуге таңдап алған сұрақтарым мыналар: Бір жыныстық сексуалды қатынастағы әйелдер қандай қорлық түрлеріне және өзгерістерге ұшырайды? Осы мәселеден арылуға әйелдер қандай көмекке жүгіне алады және қандай мүмкіндіктері бар? Әйел серіктесінен зәбір көру әйелдердің жеке басына және өміріне қандай әсер етеді? Әйелдің әйелге жәбір көрсетуі гетерогенді қатынастағы әйелдердің серіктестерінен жәбір көруімен қаншалықты ұқсас?»

Изабелла Роббинс та өзінің зерттеу сұрақтарын айқындықпен құрастырды:

1. «Аналар балаларын вакциналау мәселесі жайлы шешімдерді қалай қабылдайды? Негізінде, олар бұл іске ағлақтық міндеттеме (балалары/қоғам алдында) деп қарайды ма?»
2. Аналар балаларын вакциналау туралы мәселеге қатысты таңдау жасауды ойлайды ма? Егер ойланатын болса, қандай шешімдерді қабылдайды және егер таңдаған шешімдерінде қандай да бір шектеулер болса, ары қарай не істемек?»
3. Балаларын вакциналауда тәуекелдік жайлы әңгімелер, жауапкершілік, дербестік және сараптама деректеріне байланысты сұрақтарда аналар өздерін және өздерінің шешімдерін қалай қабылдайды?»
4. Балаларын вакциналау шешімін қабылдағанда, аналар серіктестеріне, аналарға, туысқандары немесе жұмыстастарына қандай рөл бөледі?»

Тағы басқа студенттер өте кең ауқымды және жалпылама қарастыруға болатын зерттеу сұрақтарын таңдап жатады. Ерин Сандерс өзінің зерттеу жұмысына арналған зерттеу сұрақтары жайлы былай деп құрастырды:

«Тайландтағы МЕҰ-дағы әйелдердің саяси мақсаттары қандай? Бұл саяси мақсаттардың секс индустриясындағы әйелдердің қажеттіліктеріне қатысы қандай?»

Гарет Мэтью да дәл осы бағытты ұстанған:

«Мен зерттеу сұрақтарын жалпылама түрде құрастырдым. (i) Ұлыбританияның қонақжайлығын таныта білуінде мигранттардың алатын орны қандай? (ii) Бұл мәселе марксистік еңбек үдерісі теориясының маңыздылығы мен пайдалылығы жайында бізге не түсіндіре алады?»

Өз жазбаларын былай деп жалғастырды:

«Бұл сұрақтар – менің, зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерге қатысты теориялық туындылар мен осы нәтижелерге бағынатын тезистерді тұжырымдауды

қалауымнан туындаған теориялық пікірлер. Мен мәлім гипотезамен бастағым келмеді, себебі жұмыс барысында оның «дұрыс» немесе «бұрыс» екенін дәлелдеу керек болады. Сондықтан жұмыс жайлы жалпы теориялық ұғымнан бастауды ұйғардым, осылайша кең ой өрісін қамти отырып зерттеу барысында сапалық нәтижелермен түсіндіруге бағыттадым».



Ребекка, Изабелла, Эрин және Гареттің зерттеу тәжірибелерімен толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Зерттеу сұрақтарын бағалаудың өлшемі

Диссертация немесе жобаға қатысты зерттеу сұрақтары төменде көрсетілген сипаттамаларды қамтиды:

- Сұрақтар түсінікті болатындай анық құрылуы керек.

- Олар зерттеуге *бейім* болуы керек – демек, осы сұрақтарға қатысты зерттеу жүргізу мүмкіндігі болуы керек. Басқаша айтқанда, олар зерттеу саласына айналдыруға болмайтындай абстрактылы терминдермен жазылмауы тиіс.

- Олардың осы уақытқа дейін анықталып, *дәлелденген теория мен зерттеумен* қандай да бір байланысы болуы керек. Сіздің зерттеу сұрақтарыңызды қандай жолмен жүргізуге болатынына жол сілтеп жіберетін осы бағытта әдебиеттер болуы тиіс. Сіз таңдаған тақырып әлеуметтанушылар тарапынан мүлдем аз қарастырылған болса да, бұл осы тақырыпқа қатысты басқа салада әдебиеттер жоқ дегенді білдірмейді (мысалы, осы байланыстағы немесе қатарласа салыстырылған тақырыптар).

- Сіздің зерттеу сұрақтарыңыз *бір-бірімен байланысты* болуы керек. Арасында байланысы жоқ сұрақтар қолданысқа енбей қалуы мүмкін, себебі

сіз диссертацияңызда дәлелдер келтіру керексіз. Және осы байланыссыз сұраққа қатысты, алдын ала дайындап қойсаңыз да, тек қана бір дәлел жеткіліксіз екенін білгеніңіз дұрыс.

- Олар тақырыпқа қатысты, өте аз да болсын, *ерекше үлесін қосатындай* болуы керек.

- Зерттеу сұрақтары, сонымен қатар өте *ауқымды да болмауы керек* (оларды зерттеуге арнайы жеңілдіктер қарастырылмағандығын ескергеніңіз жөн), сәйкесінше аясы тар да болмауы керек (зерттеу алаңына өз үлесіңізді қоса алатындай болуыңыз).

Егер сіз зерттеу сұрақтарын құрастыруда қиындықтарға тап болсаңыз (болмаса зерттеуіңіздің басқа кезеңіне), зерттеу монографияларын жариялайтын журналдағы мақалаларды оқып шығыңыз, онда басқа зерттеушілердің сұрақтарын қалай құрастырғандары жайлы тәжірибелерімен бөліскен пікірлері жазылады. Сонымен қатар өткен диссертация жұмыстарыңызды шолып шығыңыз, бұл да жаңа идеялардың пайда болуына жақсы септігін тигізеді. Маркс (1997) зерттеу сұрақтарының негізі ретінде көптеген ұсыныстар үлгісін жазып көрсетті (4.1-тақырыбының терең пікірлерін қараңыз). Әрине, зерттеу сұрақтарының өзін ақтауы өте маңызды

екенін де ұмытпау керек. Және олардың еркін бағытта болмауын қадағалауыңыз керек, зерттеу сұрақтарының қайдан шыққаны және неліктен осы сұрақтардың маңызды екенін көрсетуіңіз керек. 4.1-тақырыбының терең пікірлерінде Маркс ұсынған зерттеу сұрақтары негізінің тізімін айтып өттік, алайда сіз зерттеу сұрақтарыңыздың арасындағы байланысты және сол сұрақтар неге негізделгенін дәлелдеуге тиіссіз. Осы тақырыптың үшінші пунктінде қарастырылып кеткен тізімдерде айтылғандай, зерттеу сұрақтары «осы уақытқа дейін анықталып, дәлелденген теория мен зерттеумен қандай да бір байланысы болуы керек», дегенмен сұрақтардың байланысы *болуымен* қатар, бұл байланыс анық көрсетілуі тиіс. Мысал ретінде 1.1-тақырыбының зерттеу нысанын қарастыруға болады (1.1 кестесін де қараңыз). Зерттеушілер, мәлімдемелерінде бірден зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, британдық элиталық топ күші Оксфорд және Кэмбридж университеттерінің түлектері екенін көрсетті, Зимдарс және басқалары (2009) осы университеттердегі қабылдау бөлімінің басшылары элиталық топқа енгізуде тәртіп сақтаушы ретінде әрекет етеді деген тұжырымдама жасауға мәжбүр болды. Сонымен қатар олар «мәдени капиталдың білім деңгейіне әсер етуіне қатысты шығу тегі әлеуметтік топ пен тағайындалған әлеуметтік топ ара-

сындағы байланысты түсіндіруге тырысатын» (Зимдарс және басқалары. 2009: 650) Бордьенің мәдени ұдайы жалғас теориясын әлеуметтік үдерістің ұдайы жалғасымен түсіндірудің потенциалды мағынасын атап өтті. «Зерттеу сұрақтары» тақырыбымен басталған бөлімде авторлар «Оксфорд университетіне қабылданғандардың осыған қол жеткізулерінің мәдени капиталмен байланысты болып немесе болмауын бағалау үшін» зерттеуді жалғасыратынын жазған (Зимдарс және басқалары 2009: 653). Мәселеге бір көз жүгіртіп шыққаннан соң, олар 1.1-тақырыбының зерттеу нысанында танысуға болатын бес зерттеу сұрағын бөліп көрсетті. Осылайша авторлар әлеуметтік мәселеге байланыстыра отырып, өздерінің зерттеу сұрақтарының маңыздылығын, сонымен қатар осы тақырыпқа қатысты әдебиеттер тізімін, әлеуметтік және мәдени көшірменің тиімді есебі ретінде дәлелденген теорияны қолдану үмітін (Бордьенің мәдени капитал теориясы және оның әлеуметтік және мәдени көшірмедегі рөлі) сызып көрсетті. Авторлар өздерінің зерттеу сұрақтарында әлеуметтік мәселемен байланысты кейбір бағыттарды жарыққа шығару арқылы анықтап және себебін көрсете отырып, осы тақырыпқа қатысты зерттеу әдебиеті мен теориялық тәсілді ұсына отырып оқырмандардың назарын өздеріне аудара алды.



Жетекші тәжірибесінен

Зерттеу сұрақтарында кездесетін қиындықтар

Бірталай жетекшілер кішігірім жобалар, диссертациялар және тезистер жазатын студенттер жайлы пікірін білдірді. Олардан студенттерге зерттеу сұрақтарын құрастырудың маңызды болып/болмауы жайлы сұрақ қойылды: сұраққа жауап берген

барлық тоғыз жетекші бұл істің ең маңыздысы екенін айтты. Кейбір студенттер ауқымды және қиын салаларда зерттеу сұрақтарын анықтау және құрастыруда кездесетін қиындықтарды атап көрсетті. Олардан диссертация жазу барысында студенттер ең көп қоятын үш аса маңызды жалпы сұрақты айтуларын сұрағанда, жетекші А сөзінде «тиянақсыз құрылған зерттеу сұрақтары» десе, жетекші Д бұл сұраққа жауапты қатты күрделендіріп жіберді:

Мен «Сіздің зерттеу сұрақтарыңыз қандай?»

Студент «Мен [x] тақырыбы бойынша бірнәрселер жасағалы жүрмін?»

Мен «Қандай нәтижеге қол жеткізуді көздеп жүрсіз?»

Студент «[үндемейді]»

Сонымен қатар, жетекшілер студенттерге көп көмегін тигізетін ақыл-кеңестер ұсынып отыр. Жетекші А: «Өз жұмысыңыздың алдын ала зерттеу сұрақтары мен қолданатын тәсілдердің балама жобасын жасап алыңыз: [зерттеуді] болмысқа жанасымды және үш ай ішінде тамамдай алатындай қылып жүргізіңіз». Ал Жетекші И болса: «Зерттеу сұрақтарыңыздың ауқымына көп маңыз бөліңіз және зерттеу саласы аясынан асып кетпеңіз» дейді. Жетекші Х өз сөзінде: «Арасында зерттеу сұрақтары мен олардың мақсаттарына қайта оралып ары қарай жалғастыруға тұрарлық па деп қарастырыңыз. Бұл сұрақтар негізінде қандай нәтижеге қол жеткізу ниеттеліп отырғанын тағы да ойланыңыз» деген кеңес береді.

Жетекші Д өз тәжірибесінде кездескен мәселе туралы, зерттеу сұрақтарын қалыптастырудан бұрын әлеуметтік зерттеу тәсілін анықтап алған көптеген студенттермен кездескенін жазады. Осыған ұқсас И жетекші де былай дейді: «Біз оларды зерттеу сұрақтарына негіздеп әлеуметтік зерттеу тәсілдері мен тәсілнамаларын таңдауды қанша үйретсек те, кейбір студенттер алдымен әлеуметтік зерттеу тәсілін таңдап алып, ары қарай осы тәсілге орай қандай мәселені зерттейтінін шешетін сияқты. Басқаша айтқанда, студенттер қандай тәсіл қолданатынын шешіп алғаннан соң ғана, осы тәсілге келуі мүмкін зерттеу сұрақтарын қарастырады. Бұл кейде таңқалдырмайды, себебі әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің ұстаздары мен осы тақырыпта кітап жазушылар әлеуметтік зерттеу тәсілі зерттеу сұрақтарына негізделуі керек деп ескертсе де, зерттеушілер бұл тәжірибені әрқашан қолдана бермейді» (Браймен 2006b).



Жетекші тәжірибесінен

Зерттеу сұрақтары нұсқаулар бере алады


Студенттердің «ағаштарды орман деп көріп» айдан анық затты түсінбей, қиындықтарға тап болғанда, осы зерттеу сұрақтары маңызды нұсқаулар бере алады. Көп жағдайларда студенттер жинақтап алған ауқымды деректеріне қарап шатасып кетіп жатады. Осы сәтте зерттеу сұрақтарына қайта шолу жасау – өте орынды кеңес және де Жетекші ретінде беретін кеңестерім:

Студенттер көбіне жинақтаған деректерінің ауқымдылығына қарай шатасып кетіп, диссертацияны қорытындылауда қиындықтарға кездесуі мүмкін. Деректердің барлығы сол тақырыпқа қатысты болып көрінеді. Осы арада мен оларды бастапқыда

құрастырған сұрақтарына өздерінің жауап беруіне кеңес беремін және де тек қана зерттеу сұрақтарына жауап беру керек екенін қайталап ескертемін. Ең маңызды зерттеу сұрақтарын жабысқақ кішкентай қағаздарға теріп жазып (әдетте үштен көп емес), оларды компьютер экранының жанына көз жетімді жерге жабыстырып қою да өте орынды.

Жетекші Д студенттерге мәселелерді талдауды ертерек бастауына кеңес береді және олардың зерттеу сұрақтары туралы сауалдарына былай деп жауап жазады:

«Олар зерттеу сұрақтарын құрастыру барысында немесе құрастырып болғаннан кейін бірден талдау туралы ойлауларын ынталандыруға тырысу керек. Зерттеу жобасын таңдауға келгенде, олардың нәтижеде неге қол жеткізетіндері туралы қысқаша пікірлері болуы керек (демек, алдын-ала пікірлерін қалыптастырулары керек, себебі бұл олардың таңдап алған зерттеу жобасын зерттеу сұрақтарымен байланыстырады)».



Зерттеу тақырыбы бойынша ұсыным жазу

Диссертацияңызды дайындау барысында сізге зерттеу жобаңыздың не жайлы болатыны және қалай жүргізуге ниеттенгеніңіз туралы қысқаша ұсыным немесе жоспар жазуыңызды талап етуі мүмкін. Бұл сіздің зерттеуге дайындалуыңызға тиімді жол және жұмысыңыздың келесі кезеңінде қамтылуы керек көптеген мәселелер туралы ойыңызды жинақтауға ынталандырады. Таңдалып алынған зерттеу жобасы мен тәсілдерін көрсетуді, сіздің зерттеуіңіз көтергелі отырған тақырып алаңын, сіз зерттеуге ынталанып отырған зерттеу сұрақтарын ашып көрсетуді талап етуімен қатар, ұсынымда осы таңдалып алынған саланың әдебиетінен біраз мағлұмат келтіру, мысалы кейбір әйгілі жазушылар немесе маңызды зерттеу жұмыстарын атап көрсету талап етілуі мүмкін. Бұл мәлімет сізді қызықтырып жүрген саланы жақсы меңгерген немесе сіз таңдап алған әлеуметтік зерттеу тәсілінде тәжірибесі мол жетекші

таңдауға негіз бола алады. Ұсынымның қолыңызда болғаны жетекшіңізбен зерттеу жобасын талқылағанда, әңгіме құруға көмектеседі, сонымен қатар жоба бойынша кесте құрып алған болсаңыз, ары қарай жетекшіңізбен алға басқан қадамдарыңыз туралы кеңесуге жүйелі түрде кездесіп тұруға келісім жасауға септігін тигізеді. Жоба бойынша кесте жасау, сіздің зерттеуіңіздің әртүрлі кезеңдерін және оларға бөлінген уақыт мөлшерін белгілеуді және ары қарай дамытуда бірталай мақсаттарды жоспарлау тәрізді зерттеу үдерісінің аспектілері туралы өзіңіздің пікіріңізді жинақтауда өте маңызды рөл атқарады. Егер сізден ұсыным жазуды талап етпесе де, зерттеуіңізге қажетті кесте жасап, оны жетекшіңізге тексертіп алғаныңыз өзіңізге тиімділік тудырады, осылайша алға қойған шынайы (емес) мақсаттарыңызды бағалап және зерттеу үдерісінің әрбір кезеңіне жеткілікті уақыт бөліп/бөлмегеніңізді біліп аласыз.

Зерттеу жұмысыңызға ұсыным жазғанда, біраз мәселелерді қамтуыңыз керек.

- Зерттеу тақырыбы қандай немесе баламасы ретінде сіздің зерттеу объектілеріне не жатады?

- Таңдап алған зерттеу тақырыбы несімен маңызды (немесе неге бұларды зерттеу объектілері ретінде таңдап алдыңыз)?

- Негізгі зерттеу сұрағы қандай немесе негізгі зерттеу сұрақтары қандай?

- Сіздің тақырыбыңыз/объектілеріңіз және зерттеу сұрақтарыңыз туралы әдебиетте не жазылған?

- Зерттеу сұрағына(тарына) қатысты деректер жинақтауды қалай жүргізбексіз? Басқаша айтқанда, зерттеу жобасының қай түрін қолданбақсыз?

- Неліктен сіз таңдап алған әлеуметтік зерттеу тәсілдері/негіздері сіздің зерттеу сұрағыңызға(тарыңызға) жарамды деп ойлайсыз?

- Зерттеуіңізді жүргізуге қандай қорлар қажет етіледі (мысалы, пошта, саяхат, ақпарат құралдары) және ол қорлар қалай қаржыландырылады?


- Жобаңыздың әртүрлі кезеңдеріне бөлген уақыт мөлшері қандай?

- Зерттеу жүргізу барысында қандай қиындықтар кездеседі деп ойлайсыз (мысалы, ұйымдарға еруге рұқсат алу)?

- Сіздің зерттеуіңізбен байланысты қандай мүмкін этикалық мәселелер бар?

- Деректеріңізді қалай талдамақсыз?

Сонымен қатар ұсыным жазу – зерттеу жобасының бастамасында өте пайдалы және сізді зерттеу жобаңызға шынайы мақсаттар қоюыңызға ынталандырады. Кейбір жоғарғы оқу орны мекемелерінде зерттеу ұсынымы диссертацияны жалпылама бағалаудың бір бөлігі (әрине, кішігірім бөлімін) немесе жобаның негізінде жазылған баяндама ретінде қаралуы мүмкін. Егер зерттеу ұсынымы дайын қолжазба түріне келіп және анықтаған пікірлеріңізді ары қарай дәлелдеп, дамытуға дайын кезінде сіз зерттеу саласы немесе зерттеу жобасы туралы өз пікіріңізді өзгертетін болсаңыз, диссертацияңызды жазуға берілген асыл уақытыңызды жоғалтып алғаныңызды және берілген уақытқа үлгермей қалатыныңызды ескергеніңіз жөн.



Зерттеу жұмысына дайындық


Зерттеу сұрақтарын керегінше анықтап алғанша деректер жинақтауды бастамаңыз. Осы зерттеу сұрақтарын негізге ала отырып, деректерді жинақтауға қажетті құралдарды жетілдіріңіз. Егер бұл істі қолға алмасаңыз, қол жеткізген нәтижелеріңіз зерттеу сұрақтарын керегінше сипаттауға мүмкіндік тудыр-

майды. Мүмкін болған жағдайда зерттеу құралнамаларының жұмысқа дайындығын тексеріп, бақылаудан өткізіп алыңыз.

Сонымен қатар мүмкіндік пен мысал мәселелерін де естен шығармаңыз. Егер сіздің зерттеуіңіз жабық немесе шектеулі мүмкіндіктерге қол жеткізуді немесе бір

немесе бірнеше жабық ұйымдармен ынтымақтастық құруды талап ететін болса, сіз бірінші мүмкіндікті қолданып, осы зерттеу жұмысын жүргізуге рұқсатыңыздың бар екенін тексеру керексіз. Сонымен қатар адамдармен қатынас құрудың тәсілдерін де алдын-ала ойластыруыңыз керек. Төменде іріктеліп көрсетілген түрлері осындай мәселелерді шешуге пікірлер қосады.

- Зерттеу сұрақтарына бақылау жүргізу мақсатында сіз кімдерге немесе қандай объектілерге зерттеу жүргізуіңіз керек?



Зерттеу жұмысын жүргізу және қол жеткізген нәтижелеріңізді талдау

Зерттеу жұмысын жүргізу және қол жеткізген нәтижелеріңізді талдау осы кітаптың ауқымды бөлігін қамтитындықтан, осы кезеңде егжей-тегжейлі жете қарастырмаймыз, дегенмен тәжірибелік жағынан кейбір пайдалы жақтарын атап өтейік:

- Атқарған істеріңізді жазып жүріңіз, зерттеу **күнделігін** жүргізу өте пайдалы. Дегенмен есіңізде сақтау керек кейбір ерекшеліктер де бар. Мысалы, егер сіз поштамен жіберу арқылы сауалнама жүргізіп жатқан болсаңыз кімнің жауап бергенін міндетті түрде жазып алыңыз, бұл кімдерге қайталап ескерту жіберу керектігін анықтағанда тиімді. Егер қатысушыны бақылау сіздің зерттеуіңіздің құрамдас бөлігі болса, есте сақтау қабілетіңізге сүйенбей, мүмкіндігінше бірден далалық жазбаларды түртіп алыңыз,

- Сіз **іріктеу негізіне** қаншалықты тез қол жеткізе аласыз?

- Сіз қандай іріктеу тәсілін қолданасыз (мысалы, **кездейсоқ іріктеу, квоталық іріктеу, теориялық іріктеу, қолайлы іріктеме**)?

- Іріктеу тәсілін таңдау себебін түсіндіріп бере аласыз ба?

Деректерді жинақтауды кезеңінде сіздің таңдап алған зерттеу жобасында немесе адамдармен қатынас түрінде қандай да бір мүмкін этикалық мәселелердің болып/болмауын анықтап алыңыз (6-тарауды қараңыз).

- Қажетті деректерді жинақтауда қолданатын барлық құралдар түрлерімен, мысалы сұхбат жазып алатын үнжазбамен жақсы таныс екеніңізге және осы құралдардың дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз (мысалы, батареясының қуаты бітіп қалмады ма немесе қуаты азайып қалмады ма?).

- Деректерді бөліп белгілеуді соңына, барлық деректеріңіз жиналып болғанға дейін қалдырмаңыз. Бұл кеңес сандық және сапалық зерттеудің екеуіне де тиімді. Егер сіз сауалнама жүргізіп жатқан болсаңыз, белгілі көлемде жауаптар жинап алғаннан кейін жинаған деректеріңізді арнайы белгімен белгілеп және SPSS немесе басқа да құралдар пакетіне енгізуді бастаңыз. Сапалық зерттеу деректеріне келетін болсақ, мұндай сауалнамаларды көшіріп жазуда да осындай тәсіл қолданылады, сонымен қатар

маңызды теорияларды жақтаушылардың кеңесі бойынша деректерді жинақтау мен талдау өзара әрекеттестікте болуы керек.

Жазылып алынған сұхбаттарды көшіру көп уақыт алатынын естен шығармаңыз. Әрбір бір сағаттық ұнтаспаға жазылған сұхбатты көшіруге, кем дегенде алты сағат бөліңіз, уақытыңыз тығыз болса да жаңадан жұмыс бастағанда, осы тәртіпті сақтауға тырысыңыз.

Әрбір деректерді талдауды мүмкіндігінше тез арада қарастырып, танысыңыз. Бұл таныстық сізге бұл деректердің анық керек немесе керек еместігін анықтауға және оларды талдауға қажетті мәліметтер жинақтауда неге көңіл бөлу керектігіңізді анықтауға көмектеседі.

Өз жеке басыңыздың қауіпсіздігіне қатысты ешқашан тәуекелге бармаңыз («зерттеудегі қауіпсіздік»).



Ұсыныстар мен қорытындылар

Зерттеуде қауіпсіздікке мән беру

2002 жылдың желтоқсан айының ортасында, Манчестер қалалық университетінің әлеуметтану және әлеуметтік зерттеулер дайындық курсының студенті 19 жасар қыз жоғалып кетті. Оның соңғы рет, курстық жұмысын тәмамдау үшін 50 жастан асқан адамнан өмірбаян тарихы жайлы сұхбат алуға кеткені мәлім еді. Ол зерттеу жұмысы барысында баспанасыз адамдарды зерттеп жүргендіктен, барлығы оны баспанасыз адамнан сұхбат алуға кетті деп тұжырымдады. Қауіпсіздік мақсатында оған жетекшісі қасына досын ертіп алып, қоғамдық орындарда сұхбат алуға кеңес берген. Ақырында оның сұхбат алуға бармағаны және Дублин қаласынан бірақ шыққаны белгілі болғанда, барлығы таң қалып, бір жеңілдеп қалды. Осы жағдайға байланысты маңызды сабақ алуға болады. Әлеуметтік зерттеулер жүргізу кейде әртүрлі жағдайларға байланысты сізді ықтимал қауіпсіздікке ұшыратуы мүмкін екенін ұдайы жадыңызда ұстауыңыз керек. Қаншалықты тиімді болып тұрса да, сіз жеке басыңызды қауіпке тікпеуіңіз керек және ондай жағдайлардың туындауының, жеке басыңызға шынымен қатер төндіретін барлық әрекеттердің алдын алуыңыз керек. Сонымен қатар зерттеуге қатысушыларға да ешқандай қатердің жоқ екеніне көз жеткізуіңіз керек (6-тарауда этикалық қағидалар жайлы әңгімеде сипатталғандай), басқаларының зерттеулеріне қатысушы тұлғалар да студенттер мен зерттеушілерді оларға қауіп төндіретіндей жағдайға соқтырмауы керек. Осымен қатар, дара зерттеушілер де мұндай жағдайлардың алдын алуы тиіс. Кей кездері аталмыш баспанасыз адамдармен сұхбат жүргізу зерттеуінде орын алған жағдайдағыдай, қауіпті жағдайлар да кездесіп жатады. Мұндай жағдайларда зерттеуші жұмысын ары қарай жалғастыру керек екенін сезсе, ол сұхбат алуға барар алдында қауіпсіздік шараларын қарастырып алғаны дұрыс. Осы арада жетекшінің берген қасыңызға бір досыңызды ертіп, сұхбатты қоғамдық орында жүргізуіңіз туралы берген кеңесі – осындай қауіпті сұхбат алуда берілген орынды кеңес. Егер ұялы телефоныңыз бар болса, үнемі қасыңызда ұстаңыз және іске қосылып тұрғанын қадағалаңыз. Жеке қауіп-қатер дабылы да кәдеңізге жарап қалар. Егер сұхбат алу немесе белгілі бір уақыт бақылау жүргізу сіздің жұмысыңыздың бағдарламасына енетін болса, сіз басқа біреулермен ұдайы байланыста болатындай жоспар құрып алыңыз. Алайда кейбір жағдайларда қандай да бір қауіп төндіруі мүмкін деп ойламайтын жерде зерттеушілер

жәбірлеу немесе қауіпті жағдай тудыратын кездердің аяқ астынан орын алып жататынын айтады. Бұл адамдардың сұхбат сұрақтарына немесе сұхбатқа тартқаны үшін күтпеген реакция танытуынан туындауы мүмкін. Егер мұндай жағдай орын алатынын сезсеңіз (мысалы, бет әлпетінен, басқаша айтқанда дене тілімен), зерттеу жұмысын бірден тоқтатып, кері шегініңіз. Осы мәселелер бойынша толық нұсқауларды Крейг және басқалары (2000) жазбасынан таба аласыз.

Ли (2004) далалық зерттеу жұмысында кездесетін қауіптің екі маңызды түрлері арасындағы айырмашылықты атап көрсетті: қоршаған орта және ситуациялық.

Бірінші түрі қауіптен құтылып кетуге болатын түріне жатады және бұл жағдайда қауіп зерттеудің құрамдас бөлігі болып табылады. Өтірік айтып, рөл ойнайтын зерттеушілердің шиеленіскен жағдайларда далалық зерттеу жүргізуі (Хобс және басқалары, 2003) осындай қатерлерге мысал бола алады. Ситуациялық қатер «зерттеушінің келуі немесе оның әрекеттері кезінде сол жердегілердің агрессия танытып, қастандық жасауға немесе жәбірлеуге талпынуынан білінеді» (Ли, 2004: 1285). Қоршаған ортаға қатысты қатерді оңай сезіп, білуге болатын болса, ситуациялық қатерді алдын ала білу өте қиын. Алайда бұл қоршаған орта түрінің қатерлерін алдын ала білуге болады дегеніміз емес. Мысалы, Ланкшир (2000) аурухана зертханасында зерттеу жұмысын бастап жүргізіп жатқанына біраз уақыт өткеннен соң ғана, оның қауіпті патогенге ұшырау қатері бар екенін білді.

Дерекнамалар: П.Бархам және Р.Дженкинс «Баспанасыз адамдардан сұхбат алуға кетіп, жоғалып кеткен бастауыш курс студенті үшін алаңдау», *Таймс*, 13 желтоқсан. 2002; S. Макинтайр, «Вики Ваниш қалай әрекет етті?», *Дейли мейл*, 13 желт. 2002; РР.Дженкинс, «Вестландта жоғалған студентті іздеу».



Сұрақтар тізімі

Зерттеу жобасын жоспарлау

- Сіздің мекемеңіз немесе университетіңіздің диссертация жазуға қойған талаптары қандай екенін білесіз бе?
- Жетекшіңізбен байланыс құрдыңыз ба?
- Сізге зерттеу жұмысын жоспарлауға, жүргізуге, жазбаларыңызды жинақтауға жетерліктей уақыт берілді ме?
- Өз зерттеу жобаның әрбір кезеңінде көрсетілген нақты мақсаттарды іске асыруды қарастырған айқын кестеңіз бар ма?
- Зерттеуіңізді жүзеге асыруға қолданатын ықтимал қажеттіліктерге жетерлікті қаржылай көмек және тәжірибелік қолдау көрсетілді ме (мысалы, зерттеу алаңдарын зерттеуге баруға жол қаражаты, үнжазба құралы)?
- Зерттеу сұрақтарын құрастырдыңыз ба және оны жетекшіңізбен кеңестіңіз бе?

- Таңдап алған зерттеу сұрақтарыңыз зерттеу жобасы барысында нақты анықтауға бейімделген сұрақтардан тұрады ма?
- Зерттеу жұмысын жүргізуге қойылған қандай да бір талаптарға рұқсатыңыз бар ма?
- Деректеріңізді талдауға қолданатын деректерді талдау құралдарын қалай қолдануды білесіз бе?
- Осы уақытқа дейін басқаларға сіздің жұмысыңызға пікір жазуға рұқсат бердіңіз бе және оларға жауап жаздыңыз ба?
- Сіздің зерттеу жұмысыңызға қатысты қандай да бір ықтимал этикалық мәселелердің бар/жоғын тексердіңіз бе?
- Этикалық комитетінен рұқсат алуға жетерлікті уақыт бөлінді ме (егер сіздің зерттеу сұрақтарыңызға сондай талап қойылған болса)?



Негізгі ұғымдар

- Диссертация жазуға мекемеңіздің берген нұсқауларын қадағалаңыз.
- Зерттеу тақырыбы жайлы ойлану уақытты көп қажет етеді, сондықтан диссертация үдерісінің осы кезеңіне жеткілікті уақыт бөліңіз.
- Жетекшіңіздің көмегін рұқсат етілген мөлшерде толығымен қолданыңыз және оның берген кеңестерін толығымен орындаңыз.
- Уақытыңызды тиімді қолдануды жоспарлаңыз және сізге бөлінген уақыт ішінде қол жеткізетін мақсаттарыңыз жайлы реалистік көзқараста болыңыз.
- Сізді қызықтырған саладан не жайлы білгіңіз келетіні туралы зерттеу сұрақтарын құрастырыңыз.
- Зерттеу жобаңыздың бастамасы ретінде зерттеу ұсынымын жазып алу тиімділік тудырады және сізді алға шынайы мақсаттар қоюға ынталандырады.
- Қол жеткізу керек рұқсаттар мен мәселелерді іріктеп алу жұмыстарын зерттеудің алғашқы қадамдарынан бастап анықтап алыңыз және таңдап алған әлеуметтік зерттеу тәсілін бақылау зерттеу арқылы тестілеп алыңыз.
- Зерттеу жұмысыңызды дамылсыз жүргізесіз, сондықтан зерттеу барысында қандай жұмыстар атқарғаныңызды міндетті түрде жазып отырыңыз және арнайы ишарамен белгілеуді деректер жинақтаудың соңына дейін қалдырмаңыз.



Қысқаша шолу сұрақтары

Уақыт және ресурстарды тиімді пайдалану

- Зерттеу жобасы үшін кесте құрып алу неліктен маңызды?

Тиімді зерттеу сұрақтарын құрастыру

- Зерттеу сұрақтары неліктен міндетті?
- Зерттеу сұрақтарының негізгі дерекнамалары қандай?
- Зерттеу сұрақтарын дамытуда қандай негізгі қадамдарды білесіз?
- Зерттеу сұрақтарын бағалауда қандай өлшемдер қолданылады?

Зерттеу ұсынымын жазу

- Зерттеу ұсынымының мақсаты неде және тиімділігі қандай?
-



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/


Зерттеу жобаларын жоспарлау және зерттеу сұрақтарын құрастыру жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

5-тарау

Бастамасы: әдебиеттерді қарастыру

Тараудың қысқаша мазмұны

Қолда бар әдебиеттерге шолу жасау	170
Оқыған әдебиеттерден барынша көбірек мәлімет алу	171
Жүйелі шолу	177
Әңгімелі шолу	189
Қолда бар әдебиеттерді іздеу	193
Электрондық мәліметтер қоры	194
Кілтсөздер және зерттеу параметрлерін анықтау	202
Өз жұмысыңызға сілтемелер жасау	204
Библиографияның алар орны	210
Шығармашылық ұрлықтың алдын алу	211
<i>Сұрақтар тізімі</i>	216
<i>Негізгі ұғымдар</i>	217
<i>Қысқаша шолу сұрақтары</i>	217






Тараудың қысқаша мазмұны

Бұл тараудың мақсаты – студенттерге өздерінің зерттеу жобаларын неден бастаулары керектігі туралы кеңестер беруді қамтиды. Сіздер зерттеу сұрақтарын анықтап алған соң (4-тарауды қараңыз), кез келген зерттеу жобасының келесі қадамы – қолда бар әдебиеттерді іздеу және оларға шолу жасау болып табылады.

Алғашқы кезеңдегі басты міндет негізгі ойларыңыз бен сізді қызықтырған саладағы нысанға қатысты зерттеулермен танысу. Бұл диссертацияның маңызды бөлігін құрайтын әдебиеттерге шолу жасауға негіз болып табылады.

Бұл тарау – студенттерге әдебиеттерді қалай іздеу керектігін және басқа да әлеуметтанушылардың ойларын таразыға салуға кеңес береді. Сонымен қатар әдебиеттерге шолу жасаудан қандай қорытынды шығаруға болатыны және осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулердің нәтижесінің сапасын қалай бағалауға болатыны туралы кейбір пікірлер қамтылған.



Қолда бар әдебиеттерге шолу жасау

Сіз нәліктен қолда бар әдебиеттерді қарастыруыңыз керек? Ең айқын себебі: сізді қызықтырып отырған сала туралы адамдарға не белгілі екенін білуіңіз керек, өйткені «дөңгелекті қайтадан ойлап табудың» қажеті жоқ. Сіздің әдебиеттерге шолу жасау арқылы өз зерттеуіңізге де және сол тақырып бойынша зерттеу жүргізген басқа да зерттеушілердің жұмыстары жөнінде де академиялық ой-пікірлерге қатыса алатындығыңызға көзіңізді жеткізесіз.

Сонымен қатар тақырып бойынша қолда бар әдебиеттерді қолдана отырып, өз зерттеулеріңіздің маңызын және қандай нәтижеге қол жеткізетіңізді түсінесіз. Бұл мән-мәтінде кейде әңгімемен салыстыру да қолданылады (5.1-тақырыбындағы

терең пікірлерді қараңыз). Әдебиеттерді шолу үдерісі туралы пікірлеріңіздің қаншалықты өзгеше болғанына қарамастан, осы үдеріс алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталғанына сенімді болыңыз. Әдебиеттерге тыңғылықты шолу жасау – өзіңіз таңдап алған тақырыппен жақсы танысқаныңыз жөніндегі сеніміңізді растай түседі. Бұл басқа ғалымдардың ойлары мен теорияларын еске түсіру ғана емес, сонымен қатар олардың жазғандарын өзіңізше түсіну, тіпті олардың ой-пікірлерінің көмегімен ерекше көзқарасқа немесе аргументке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қолда бар әдебиеттерге шолу жасау төменде көрсетілген мәселелерді анықтауға арналған болуы қажет:

- Зерттеліп отырған тақырып бойынша қазіргі уақытта не белгілі?
- Тандалып алынған тақырыпқа қандай түсініктер мен теориялардың қатысы бар?
- Бұл тақырыпты зерттеу барысында қандай әлеуметтік зерттеу тәсілдері мен зерттеу стратегиялары қолданылған?
- Қандай да бір анық қайшылықтары бар ма?
- Осы тақырыпқа қатысты зерттеулердің нәтижесінде қандай да бір үйлеспешіліктер бар ма?
- Осы тақырып бойынша зерттеулер барысында жауапсыз қалған қандай да бір мәселелер бар ма?

Осы соңғы пункт әдебиетке шолу барысында зерттеу сұрақтарыңызды қайтадан қарастыруға немесе өзгертуге мүмкіндігіңіз бар екенін көрсетіп тұр десе болады.

Оқыған әдебиеттерден барынша көбірек мәлімет алу

Сіз ғылыми-зерттеу жұмысыңыздың алғашқы кезеңінде көп уақытыңызды шолу жұмысын жазу үшін бұрындары жарық көрген кітаптарды оқумен өткізесіз. Кітап оқу үдерісі алдын ала дайындық, сондай-ақ сіздің өз рецензияңызды жазуда бірден-бір таптырмас құрал екенін білуіңіз өте маңызды. Кітап оқығаннан алған біліміңіз сіздің оқу дағдыңызды белсенді қолдануға және сыни көзқараста қолдануға мүмкіндік береді. Сіз бұрынырақ жарық көрген

әдебиетті оқып отырғанда, мына машықтарды қолданыңыз:

- Оқып отырған мәліметті өзіңізге түсінікті түрде егжей-тегжейлі көрсете отырып, қажетті белгілерді жазып алыңыз. Оқылған ауқымды мақалалар көлемін жазуды ұмытып кетсеңіз, себебі библиография бөлімін қорытындылауға келгенде, көптеген қиындықтар туындауы мүмкін.

- Кітап оқыған кезде сын білдіруге дағдыланыңыз. Әдебиеттерге шолу жасағанда оқығандарыңыздан ой түйіндеңіз. Өз аяқ алысыңызға да сын білдіріп отыру – үлкен рөл атқаратынын білгеніңіз жөн. Жазба белгілерін жазып алғаныңызда сәйкесінше сыни межелерді жазып отыруды дағдыға айналдыру керек. Сыни көзқарас білдіру басқалардың жұмысына айтылған қарапайым сындардан мүлдем басқа. Бұл қарапайым сөздермен ғана суреттеу шеңберінен шығуға және жұмыстың маңызы туралы сұрақтардың туындауына септігін тигізеді. Осылайша мынадай мәселелерді қарастыруға жол ашады: Тақырып сіз оқыған басқаларының жазбаларымен қалай байланысады? Әдіснама немесе жасалған қорытындының ықтималдығы тұрғысынан қандай да бір айқын басымдылықтары мен кемшіліктері бар ма? Тақырыпқа қандай теориялық пікірлер ықпал еткен? Зерттеу жүргізген кезде автор қандай мақсат көздеген? Қандай маңызды қорытындылар тұжырымдалған және олар тақырыпқа сай ма немесе тақырыпта талқыланған сұрақтарға жауап берілген бе? Автордың болжамдары қандай?



Ұсыныстар мен қорытындылар

Әдебиетке шолу жасауды тұжырымдау жолдары

Брюстің (1994) студенттердің диссертациялық әдебиетке шолуды өте ерте бастаулары туралы зерттеуінде аспиранттар қолданған шолу үдерістерінен алты түрлі сапалы айырмашылықты анықтады:

1. *Тізім*. Әдебиеттерге шолу жасау – тақырыптық әдебиеттерде сәйкес тақырыптардан тұратын тізім ретінде қабылдау.
2. *Іздеу*. Бұл түрінде шолу – сәйкес ақпараттарды анықтау үдерісі арқылы жүргізіледі және ақпараттарды табу үшін деректер көздерінен (мысалы, мақала, дерекқор) анықтау немесе іздеуге назар аударылады.
3. *Шолу жасау*. Сонымен қатар, студенттер әдебиеттерге шолуды тақырып аясындағы өткен және қазіргі жазбалар немесе зерттеулерді тексеру ретінде қарастыра алады; бұл тексеру белсенді (сыни/аналитикалық) немесе белсенді емес (суреттеу, бейнелеп айту) болуы мүмкін.
4. *Тарату құралы*. Шолу жүргізу, сонымен қатар, зерттеушіге де әсер ететіндігі байқалады. Өйткені оның білімі мен түсінігінің артуына жол ашатын тарату құралы ретінде қарастырылады. Бұл тұжырымдама шеңберінде шолу таратушы рупор ретінде әрекет етеді, ол арқылы студент өзінің ой-пікірлерін немесе жеке түсінігін тексере алады.
5. *Бағыт беруші*. Әдебиетке шолу жасауды – зерттеушіге тақырыпты анықтауға, әдістемеге қолдау көрсетуге, мән-мәтін құрастыруға немесе зерттеу бағытын өзгертуге көмектесетін зерттеумен тікелей байланысты үдеріс ретінде түсінуге болады. Шолу осылайша студенттің зерттеу жүргізу барысын жоспарлауына көмектеседі.
6. *Есеп беру*. Шолу жасау бұрынғы жасалған зерттеулерге назар аудару арқылы әдебиетті жазбаша түрде талдау ретінде қарастырылады. Осы арадағы назар аударатынымыз – «Тезистің немесе басқа да зерттеу баяндамасының бір бөлігі ретінде қалыптасқан әдебиет жайлы жазбаша пікір қалыптастыру» (Брюс 1994:223).

Бұл 6 тұжырымдама студенттің әдебиетке ауыспалы көзқарасын көрсетеді: алғашқы көзқарас барынша жанама болып табылады, бұл көзқарас барысында студент библиографиялық дәйексөз сияқты негізгі әдебиеттерді көрсететін тармақтармен жұмыс істейді, ал барынша дәл болып табылатын соңғы кезеңдерінде студент таныстырмалы абстракцияға қарағанда, негізгі мәліметпен жұмыс істей бастайды. Бұл ұғымдар біртұтас болуы мүмкін, себебі студент жетекші ұғымдарды қабылдайтын болса, әдебиетке шолу жасау бақылаумен тең деген ұғымды да қолдауы мүмкін. Сол себепті де Брюс студенттерге жоғары деңгейлі ұғымдарды қабылдауға шақырады, бұл өз кезегінде әдебиетке шолу жасаудың мағыналы жағын аша түседі.

• Әдебиеттерді қарастыру сіздің таңдап алған зерттеу сұрақтарыңыздан басшылық алуы керек, бірақ сіз өзіңіздің әдебиетке жасаған шолуыңызды зерттейтін сұрақтарыңыздың қаншалықты маңызды екенін көрсету үшін пайдалануыңыз қажет. Мысалы, X тақырыбына (жалпы тақырып немесе сала, мысалы секуляризация үдерісі, әйелдер қауымдастығы, жұмысшылар абсентеизмі) қатысты көптеген зерттеулер жасалғанын сіз таңдап алған зерттеу сұрақтарының бір себебі ретінде көрсетсеңіз, Xj тақырыбына (X тақырыпның бөлімі) қатысты аз немесе тіптен зерттеу жүргізілмеген болса, әдебиетке шолу – осы арада тұжырымдамаңызды нығайтуға нақты дәлел. Екінші жағынан, Xj-ге қатысты бәсекелес екі ұстаным болуы мүмкін және қайсысы барынша түсініктірек болса, сіз сол бойынша зерттеу жүргізуге ұмтыласыз. Әдебиетке шолу жасағанда, бәсекелес ұстанымдардың арасындағы айырмашылықтарға сипаттама беруіңіз қажет. Әдебиетке шолу сізге зерттеу дәстүрі шеңберінде осы саладағы өзіңіздің жеке зерттеуіңізді анықтауға мүмкіндік береді. Шындығында, оқылған әдебиеттер зерттеу жөніндегі сұрақтардың маңызды дереккөзі болып табылады.

• Өзіңіздің қол жеткізген нәтижелеріңіз бен қорытындыларыңызды талдау кезінде оқып шыққан әдебиеттеріңіздің басым бөлігіне қайтып оралғыңыз келетінін естен шығармаңыз.

• Өзіңіз оқығанның барлығын әдебиет шолуына енгізуге тырыспаңыз.

Сіздің әдеби шолу кезінде оқыған кітаптарыңыздың барлығы сізге көмектеспеуі мүмкін (себебі барлық жасаған жұмыстарыңыз тақырыпты тануға және оқуға бағытталады). Әдеби шолу өз дәлеліңізді дамытуға көрмектесуі тиіс және де күмәнді мәліметті енгізу өз дәлеліңізді түсіндіруіңізге кедергі болуы мүмкін.

• Өз зерттеуіңізді жобалауды бастаған сәтте де әдебиет оқудан қол үзбеуді ойлаңыз. Сіз зерттеу жұмысын жүргізумен қатар, оның барлық кезеңдерінде сәйкес әдебиеттерді оқуды және ізденуіңізді жалғастыра беруіңіз керек. Бұл дегеніміз, сіз әдеби шолуды мәліметтер жинағын бастамас бұрын жазған болсаңыз, онда сіз оны уақытша деп бағалауыңыз керек. Шынында, зерттеу жұмысыңыздың соңына қарай өз шолуыңызға айтарлықтай өзгерту енгізуіңіз мүмкін.

• Оқыған барлық әдебиеттеріңіздегі қорытындылауға тырыспаңыз. Ең алдымен бұл іс адамды жалықтырып жібереді және оқырманға сіздің әдебиетпен танысқаныңыз және оның сіздің зерттеу жұмысыңызда қандай рөл алғаны жайлы ешқандай мағлұмат бермейді. Алайда қандай да бір әдебиетті тізімге енгізер болсаңыз, ол әдебиет жайлы қызықты әңгіме жазыңыз. Осындай тәсілмен әдебиетті қалай жетілдіру керектігі туралы пайдалы кеңестерді 5.1-тақырыбындағы терең пікірлерден оқи аласыз. Әдебиетті түсіндірудің мұнда келтірілген түрлі тәсілдері ұйымдарда жүргізілген сапалы зерттеулерге шолу жасау негізінде жасалған, алайда қолданылған тәсілдер, сандық зерт-

теулерді қоса алғанда, біршама кең ауқымды қолданылады.

- 5.2-тақырыбындағы терең пікірлерде жазылған Холбрук және авторластарының (2007) сынақ алушы ғылым кандидаттарының баяндамаларын зерттеген жұмыстарында әдебиетті шолуға қатысты өте пайдалы тұжырымдама жасаған. Әдебиетті жан-жақты қарас-

тыруды басты мағыналарының бірі ретінде атауға болады. Жан-жақты қарастыру ғылым кандидаттарының жұмыстарында қалыпты және болжалды болса, мұндай тәсілді қолдану соңғы курс студенттері немесе аспиранттарға қиындық тудыраы анық. Сонда да шолу жасауда түйінді сілтемелердің қамтылғанына көз жеткізу өте маңызды.



5.1. Терең пікірлер

Мақалада қарастырылған әдебиеттер ұйымның сапалы зерттеулеріне негізделеді

Сіздің әдебиетпен жеке жұмысыңызға байланысты құнды кеңестерді ұйымның сапалы зерттеулеріне негізделген мақалаларда көрсетілген жолдарды зерттеу барысында жинай аласыз. Осындай мақалаларды сараптау барысында Голден-Бидл және Локк (1993, 1997) бұл саладағы жақсы мақалалар оқиғаны құрастырады, яғни анық және дәлелді негіздің айналасында құрылады деп тұжырымдайды. Бұл идея Волкоттың (1990а: 18) «алдымен айтып бергіңіз келетін негізгі оқиғаны анықтап алыңыз» деген ойымен ұштасып жатыр. Голден-Бидл және Локк өздерінің жүргізген зерттеулерінде әдебиетке деген автордың көзқарасын баяндауы негізгі құрамдас бөлігі болып табылады деп санайды. Олар әдебиеттің берілуінің екі жолын бөліп көрсетеді:

1. Интермәгіндік келісім құру (дәлме-дәл байланыстыру). Бұл қазіргі мәлім білімнің қалай ұсынылғаны және ұйымдастырылғанына байланысты; автор әдебиетке қосылған үлестердің және зерттеу мақалаларының бір-бірімен қалай байланысатынын көрсетеді. Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- Шын мәнінде, байланысы жоқ деп саналатын жұмыстарды *синтезделген байланыс* бір жерге жинақтайды; теория мен зерттеулер бір-бірімен байланысы жоқ деп қарастырылса да, бір жерге топтастырылады. Қолданыстағы түрлері мыналар:
 - i. Үйлеспейтін сілтемелер (бөліктер мен үзінділер) ұйымдастырылып бірге жинақталады;
 - ii. Қалыптасқан теориялар немесе зерттеу бағдарламаларының арасындағы байланыстар ұмытылады.
- *Үдемелі байланыс* айтарлықтай консенсусы бар білім саласының бірізді дамуын көрсетеді.
- *Байланыссыз немесе үйлеспейтіндері* белгілі зерттеу бағдарламаларына көптеген үлес қосылғанына қарамастан, практиктердің арасында бірқатар келіспеушілік болатындығын мойындайды.

Осы айтылған әрбір стратегияның өз деңгейінде үлес қосатын орны бар.

2. Жағдайды ушықтыру. Әдебиет мәселені көтеру арқылы басқа арнаға ауып кетеді. Оның мынадай тәсілдері анықталған:
- *Аяқталмаған*: Қолда бар әдебиеттер толығымен қамтылмаған; кемшіліктері бар (Сандберг және Алексон, 2011).
 - *Үйлесімсіз*: Қолда бар әдебиеттер қызығушылық феноменінен қарастырсақ, әдебиетті жақсырақ түсінуге көмектесетін, оны талдайтын жолдарын тасада қалдырған; осы арада альтернативті перспективалары мен жолдарын кіргізуге болады.
 - *Шамаласпайтын/сәйкеспейтін*: Бұл альтернативті перспективалар бағытына дәлел келтіреді, бірақ әдебиетте тым асыра бағаланған. Ол «үйлесімсіз шиеленістіруден» ерекшеленеді, өйткені берілген әдебиетті «қате, бағыттан шалыс кеткен, дұрыс емес» деп сипаттайды (Голден Бидл және Локк, 1997: 43).

Голден Бидл және Локктың осы саладағы әдебиетті құрастыру жолдары туралы көзқарастары әлеуметтанушыларға бірқатар мақсаттарға жетуге септігін тигізеді:

- Өз саласындағы танымал жұмыстарға сілтеме жасай отырып, олар өздерінің біліктілігін көрсетті (Гильберт, 1997).
- Олар ұсынылып отырған әдебиеттің өз нұсқаларын ұсына отырып, осылайша мақалада ашып отырған жаңалығын белгілі бір үлес ретінде көрсете алды.
- Зерттеу сұрақтарына қатысты әдебиетте орын алған кемшіліктер немесе мәселелер.

Өз зерттеуін баяндау, оқиғаны айту түрінде жазу идеясы әдебиетке шолуды баяндаудың құрамдас бөлігі, сонымен бірге мақаланы бөлек бір элемент ретінде емес, керісінше, басқа да бөліктерін оңай да әдемі байланыстырып тұруы керек.



5.2 Терең пікірлер

Сынаушы әдебиетке шолу жүргізу арқылы қандай нәтиже көргісі келеді?

Холбрук және басқалары (2007) ғылым кандидаты дәрежесіне үміткерлердің тезистеріне сынаушылардың жазған баяндамасына талдау жүргізді. Олар Австралияда (кандидаттық диссертация, кем дегенде екі тексерушінің қолынан өтеді) жүргізілген 501 тезиске қатысы бар 1310 баяндаманы сараптап шықты. Бұл баяндамалар – түпнұсқа құжаттар, эксперттер ғылым кандидаты дәрежесіне үміткерлерді бағалау кезінде ұсынатын міндетті құжаттардың бірі. Баяндама дайындау барысында эксперттер көбінесе, негізі, барлық жағдайларда әдебиеттер талдауына шолу жасаған. Бұл процедура магистрлік дәрежесін алушыларға ғана байланысты болғанымен, басқа да жазба жұмысын тапсыратындарға, мысалы, соңғы курс студенттерінің немесе магистрлік диссертацияларды тексеруде де қолданылған. Баяндамалар мәліметтері сапалық талдау жасайтын компьютерлік бағдарламаның көмегімен сарапталды, бұл ақпарат 25-

тарауда сипатталады. Осы баяндамаларды талдау барысында әдебиетке шолу жасауға түсініктеме беру жолдарын негізгі үш түрге бөліп көрсетуге болады:

1. *Әдебиетті қамту туралы пікірлер*. Бұл, негізінен, өте көп кездесетін пікір түрі, ол үміткердің әдебиетті қаншалықты ауқымды қамтығанын көрсетеді.
2. *Қателерді табу*. Бұл пікірлер, көбінесе, библиографияда түсіп қалған сілтемелерді, қате жазылған сілтемелерді, дәйексөздер мен басқа да сілтемелерді дұрыс көрсетпеуге байланысты жазылады.
3. *Әдебиетті «тізіп шығу және қолдануға» байланысты пікірлер*. Әдебиетке шолу жұмыстарына жазылған ескертулердің ішінде ең аз кездессе де, ол авторлардың, мысалы, Холбрук және басқалардың назарын өзіне аударған. Оның өзін мынадай шағын категорияларға бөлуге болады:
 - Әдебиет дәлел келтіру және дамытумен байланысты қолданылады (немесе қолданылмайды);
 - Әдебиет тізімімен жақсы таныс болу;
 - Әдебиетті сыни тұрғыдан бағалауды дамыту («әдебиетке бос сыни баға бермей, оны жақсы сараптау және нәтижеде жаңа немесе қызықты көзқарастар білдіру» (Холбрук және басқалары, 2007: .348));
 - Әдебиетті қорытындымен байланыстыру;
 - Әдебиетті пәндік контексте бағалауды көрсете білу.

Соңғы ескертулерді қамтитын негізгі тақырыптың бірі, студент жай ғана қалыптасқан жолмен әдебиетке шолу жасамайды, яғни ол әдебиетке шолу жасау керектігін білгендіктен жасамайды. Сонымен бірге эксперттер үміткер әдебиетті дәлелдеулер келтіру үшін, оны нәтижелермен байланыстыру үшін немесе бұл мәселе бойынша басқа көзқарас дамыту үшін қолданатынына дәлел іздейді. Бірақ эксперттерді, шынымен қынжылтатын мәселе, ол – әдебиетті шолудың толық ашылмауы, ол өз кезегінде тақырыппен байланыстың жоқтығын және толық бағалаудың да жоқтығын көрсетеді.

Әдебиетке жасалған шолудың басым бөлігі **баяндама/әңгіме** сипатында жасалады (бұл туралы төменірек көбірек мәлімет ала аласыздар). Бұл үміткерлердің зерттеу саласындағы әдебиет шолуында ақылға қонымды күрделі бағалау мен әдебиетті сыни жолдармен қолданатынын көрсетеді. Мұндай шолулар кейбір эмпириялық нәтижелерді ұсынуға кіріспе сияқты немесе олар өз алдына дербес жұмыс ретінде жазылуы мүмкін (мысалы, дис-

сертация немесе мақала толығымен өз саласындағы әдебиетті шолуға негізделген). Көптеген жағдайларда мақсаттарды көрсетуде қолда бар әдебиеттерге осындай шолулар қалыпты жағдайлар ретінде әлі де қолданыста, дегенмен әдебиетке шолу жасауда қазіргі таңда жүйелі шолу деп аталып кеткен тағы бір жолы қызығушылықты арттырып отырғанын айтып өткен дұрыс. Бұл туралы келесі бөлімде толығырақ қарастырамыз.



5.1 Негізгі ұғымдар

Жүйелі шолу дегеніміз не?

Жүйелі шолу терминіне мынадай анықтама берілген: «Ұдайы қалпына келтіретін, ғылыми және айқын үдеріс. Ол басылып шыққан және әлі басылымға берілмеген зерттеулерді іздеу арқылы және шолушылардың шешімі, үдерісі және қорытындылары арқылы толыққанды әдебиеттер тізімін жасауға мүмкіндік береді, ауытқуды минимумға келтіреді» (Транфилд және басқалары, 2003. 209). Мұндай шолу келесі бөлімде толық қарастырылатын дәстүрлі баяндау шолуына ұқсамайды. Жүйелі шолудың жақтастары әдебиет туралы толыққанды және бейтарап пікір жасауға ұмтылады, әсіресе салаларда осындай кірісулердің, олар жүйесіз деп тапқан дәстүрлі шолуды қолданатындармен салыстырғанда, қандай да бір пайдасы бар немесе жоқтығын түсіну негізгі мақсат болып табылады. Жүйелі шолу тек қана сандық зерттеулерге сүйенетін **мета-анализ** болып табылады (5.2-негізгі ұғымдарды қараңыз). Соңғы кездері сапалы зерттеулерге арналған жүйелі шолу үдерісінің дамуы, әлеуметтік ғылымдар саласында, көпшіліктің назарын өзіне аударып отыр. **Мета-этнография** (5.3-негізгі ұғымдарды қараңыз) сапалы нәтижелерді синтездеудегі осындай тәсілдердің бірі болып табылады. Қазіргі кезде бірде-біреуі кең қолданысқа ие болмаған басқа да тәсілдер бар (Мейс және басқалары, 2005).

Жүйелі шолу

Соңғы жылдары **жүйелі шолу** түсінігіне байланысты ойлар толассыз көп болып отыр (5.1-негізгі ұғымдарды қараңыз). Бұл әдебиетті шолу тәсілдеріне нақты рәсімдерді бейімдеу болып табылады. Ол екі негізгі себептердің әсерінен пайда болады. Біріншіден ұсынылған көптеген әдебиеттер шолуларына, әдетте, «мұқияттылық жетіспейді» және олар зерттеушінің қате түсінгенін көрсетеді (мысал ретінде Транфилд және басқалары 2003 қараңыз). Жүйелі шолудың жақтаушылары нақты рәсімдерді қабылдау осындай қате түсініктерді болдырмауға мүмкіндік береді деп топшылайды. Екіншіден, медицина сияқты салаларда, аурулар мен оларды емдеуге бай-

ланысты ғылыми негізделген шешімдердің алға басуы артып келе жатқанын көруге болады. Әдебиетке жүйелі шолу жасауды көбінесе ғылыми негізделген тәсілге көмекші ретінде қарап келгені сөзсіз, өйткені олардың мақсаты қолда бар дәлелдерге сүйене отырып дәрігерлер мен практиктерге кеңес ұсыну. Мұндай шолулар шешім қабылдайтын мамандарға, әсіресе емдеу туралы қарама-қайшы мәліметтер бар аймақтарда (мұндай жағдайлар медицина саласында жиі болып тұрады) бағалы болып табылады.

Жүйелі шолу тәсілі басқа салаларда да көптеп орын алған. Мысалы, әлеуметтік саясат саласында саясаткерлер және басқа мамандар нақты салалардағы дәлелдер теңгерімін жинақтаған пікірлер

мен есептерге сүйенуіне болады. Трен-филд және оның әріптестері жүйелі шолуға өздерінің «дәстүрлі баяндау шолуы» (келесі бөлімнің тақырыбы) деп аталатын түсініктерін қарама-қарсы қояды. Жүйелі шолуға, мысалы, 5.1-бөліміндегі қарастырылған зерттеу жұмысын жатқызуға болады.

Соған қарамастан жүйелі шолудың жақтастары медицина ғылымымен салыстырғанда әлеуметтік ғылымдарда, көбінесе, теориялық тәсілдердің әртүрлілігіне байланысты маңызды мәселелер бойынша пәтуаға келу қиындығы бар екенін мойындайды.

Сонымен бірге медицина ғылымы «Қайсысы тиімді?» деген зерттеу сұрағына жауап беруге талпынады. Мұндай сұрақтар әлеуметтік саясат сияқты салаларда жүйелі шолу жасауға сәйкес келсе де, әлеуметтану сияқты әлеуметтік ғылымдар саласына келіңкірей бермейді.

Дегенмен жүйелі шолу соңғы жылдары өзіне көп назар аудартып отыр, сондықтан оның негізгі кезеңдерін зерттеп шығу артықтық етпейді.

Жүйелі шолу үдерісінің айтарлықтай айырмашылығы жоқ, бірақ олар, шамамен мына көрсетілген қадамдар реттілігін қамтиды:

1. Шолудың мақсаты мен аясын анықтап алу. Шолу оның мақсатының нақты пайымдалуын қажет етеді (көбінесе зерттеу сұрағы түрінде), сондықтан маңызды мәселелер туралы шешім қабылдау, яғни зерттеудің қандай түрлері қарастырылуы керек және зерттеудің

қандай мысалдары байланысты болу керек деген сияқты сұрақтар үнемі қойылып отырылуы керек. Көбінесе жүйелі шолу үшін зерттеуші мен оның тобы жиналыс өткізіп кеңес берулері керек, яғни зерттеу мәселесін(лерін) тұжырымдау және қарастыру, сонымен бірге екінші қадамға арналған кілтсөздерді нақтылаулары керек деген тұжырымдамалар айтылады.

2. Сіздің салаңызға қатысы бар және шолу мақсаттары сәйкес зерттеулерді іздеу. Шолушылар ғылыми-зерттеу сұрақтарына қатысы бар зерттеулерді іздеулері қажет. Іздеу зерттеу тақырыбына қатысы бар, 1-қадамда көрсетіліп кеткен Негізгі ұғымдар мен терминдер негізінде жүргізіледі. Іздеу стратегиясы қайта жаңартуға, қалпына келтіруге мүмкіндік беретіндей түрде сипатталуы керек. Шолушы қандай бағылымдар түрлерін қарастыру жайлы ойластыруы керек. Әрине зерттеулерді рецензияланатын журналдарда басылатын мақалалардан іздеу оңайырақ, өйткені оларды кілтсөздерді қолданып деректер қоры арқылы, мысалы, әлеуметтік ғылымдардың дәйексөздер индексі арқылы (SSCI, бұл туралы толығырақ төменде айтылады) оңай тауып алуға болады. Соған қарамастан тек қана рецензияланатын журналдардың мақалаларына сүйену, бірінші кезекте бұл кітаптарда, рецензияланбайтын журналдарда басылатын мақалаларға байланысты және «сұр әдебиет» деп аталып кеткен (мысалы, түрлі мекемелердің конференция материалдары және баяндама-

лары) басқа дереккөздерді ескермеуге жол ашады.

3. 2-қадамнан бастап зерттеуге баға беру. Шолушы зерттеу шолуын тек қана белгілі бір уақыт бөлігінде жарық көрген зерттеулермен немесе бір ғана аймақтан, регионнан, ұлттан шыққан зерттеулермен шектеуі мүмкін. Басқа критерий ретінде зерттеу жобасы мен әлеуметтік зерттеу тәсілдері алынуы мүмкін. Кейбір салаларда, мысалы медицинада, «Қайсысы тиімді?» деген сұраққа қатысты әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің біржақты иерархиясы бар. Бұл кездейсоқ бақыланбалы зерттеу немесе КБЗ деп аталып кеткен – таза эксперименттік зерттеулерді көрсете алатын мақалалар ғана алынатын болады дегенді көрсетеді, ал осы жобаға қатысты іздеу бойынша жүргізілгендері де себеп-салдар байланысы туралы біржақты пікір береді. Соған қарамастан әлеуметтік ғылымдардың көпшілігінде зерттеуге сәйкес келетін тәсілдер, жолдар туралы мәселелер бойынша келісім жоқтың қасы. Критерийлерді қосуға негізделген қатаң қолдану талаптары, жасалған шолу негізін алған басылып шыққан басылымдардың тізімін жасап шығаруға әкеледі. Бастапқыда 2-қадамдағы Негізгі ұғымдар арқылы және қолда бар түрлі басылымдар арқылы іздеу шолуға қосуға болатын әдебиеттер мен мақалалардың үлкен тізімін береді. Бұл зерттеулер уақытымен азая береді, өйткені ғылыми-зерттеу пәндері зерттеу сұрақтарына сәйкес келетініне және зерттеушілердің қолданатын сапалы критерийлеріне қарай қарастырылады. Бұл кезең сапа критерийлерін сипаттау-

ды қажет етеді. Ол өз кезегінде, сәйкес келетін зерттеу жобасы мен әлеуметтік зерттеу тәсілдері қолданылды ма, осы таңдап алынған зерттеу жобасы мен тәсілдері нәтижелі, жақсы зерттеу жұмысын анықтайтын зерттеу жобасы мен тәсілдерінің стандарттарына сәйкес пе деген критерийлерді көзден өткізуді қажет етеді. Сондай-ақ, зерттеу сұрақтары және зерттеудің пайдалылығы мен жарамдылығының сәйкестігі бағаланады.

4. Әр зерттеуді талдау және қорытындыларды жинақтау. Ресми хаттамада келесі міндеттер қамтылуы тиіс: зерттеу жүргізілген уақыт мерзімі; орналасқан жері; іріктеу ауқымы; деректерді жинақтау тәсілдері; негізгі нәтижелер. Ары қарай қорытындылардың синтезі жасалуы керек. Егер зерттеу топтарының нәтижелері сандық мазмұнда болса мета-анализ жүргізілуі ықтимал. Бұл кезең өзіне әр зерттеуде ұсынылған сандық деректердің статистикалық мәліметтер жиынтығын жасауды қамтиды. Жүйелі шолудың басқа түрлерінде, мысалы, сапалық зерттеулерге негізделген немесе сандық және сапалық зерттеулердің қосындысынан тұратын зерттеулерде, нәтижелер көбінесе негізгі кілтсөздерді қорытындылайтын жинақталған кестелер және сипаттаудың біріктірілуі түрінде беріледі. Дениер және Транфилд (2009) шолу құжатының зерттеу баяндамасы сияқты құрылымы болуы керек деп болжайды; ол жерде шолу мақсаты, оның тәсілдері, нәтижелері, нәтижелерді талқылауы және қорытындысы нақты көрініс табуы керек.



5.1 Зерттеу нысаны

Жастар арасындағы дұрыс тамақтану

Шеферд және басқалары (2006) 11-16 жас аралығындағы жасөспірімдердің дұрыс тамақтануына кедергілерді зерттеуге қатысты қандай рәсімдерді (процедураларды) қолданғандары және дұрыс тамақтануға әсер ететін факторлар туралы есеп басып шығарды. Негізгі мәтінде көрсетілгендей, Шеферд және басқаларының шолуында қарастырылған рәсімдер мен тәжірибеге сәйкес, 5.1-кестеде мен жүйелі шолуды жасаудың негізгі кадамдарын сызып көрсеттім. Бұл авторлар, Лондон университетінің Білім институтының Саяси және тәжірибелік ақпараттарға дәлел және үйлестіру орталығы (СТАД) тарапынан жасалған жүйелі шолу әдісін қолданған. СТАД-нің кешенді веб-парағы қолданысқа енгізілген және оның негізгі тәсілдері мен қатысушылары қолданған жүйелі шолулардың толық баяндамалары жинақталған (<http://eppi.ioe.ac.uk/cms/Default.aspx?tabid=53&language=en-US> (2010 жылдың 2 тамызынан қолданысқа енгізілген)).

5.1-кестені қорытындылай келе, тағы бір ерекше атап өтуді қажет ететін ерекшеліктер: **интервенциялық зерттеулер** немесе араласу зерттеуі (мысалы, осындай араласу нәтижесінде ата-аналардың тамақтануды және одан шығар нәтижелерді бағалауға оқытуы) және **интервенциялық емес зерттеулер** немесе араласпау зерттеуі (мысалы, шоғырламалық немесе сұхбат алу зерттеуі), олар зерттеудің нәтижесін және зерттеу сапасын бағалау туралы қысқаша баяндама беру мақсатында бөлініп алынды. Дегенмен соңғы матрица зерттеудің екі түрінің негізгі элементтерін қосу арқылы құрастырылды. Зерттеудің сапасын бағалау жүйелі шолудың маңызды бөлігі болып табылады, оның бірден-бір шынайы дәлелі ретінде саясаттағы өзгерістер негіз бола алады. Зерттеудің екі түріне әртүрлі сапа критерийлері қолданылды. Интервенциялық емес зерттеулерге келесі жеті критерий қолданылды:

- (i) нақты теориялық негіз және / немесе әдебиетке шолу;
- (ii) зерттеудің мақсат, міндеттерін айқын сипаттау;
- (iii) зерттеу жүргізілген жағдайларды түсінікті тілмен сипаттау;
- (iv) үлгілердің, мысалдардың сипатын және олардың қалай жасалғанын нақты сипаттау;
- (v) деректерді жинақтау мен талдау әдістерін анық көрсету;
- (vi) «Бірнеше зерттеушінің деректеріне талдау жүргізу» (Шеферд және басқалары. 2006: 242);
- (vii) оқырмандарға деректерге негізделген нәтижелерге қалай қол жеткізілгені туралы жеткілікті ақпарат берілді ме?

Осы критерийлерді интервенциялық зерттеулерге қолданғанда, тек қана 7-тәсілде әдіснамалық жағынан жарамды деп қарастырғаны белгілі болды. 8 интервенциялық емес зерттеулерінің бірде-біреуі жоғарыда айтылған 7 критерийге сәйкес әдіснамалық деп айтуға келмеді, дегенмен төртеуінде жеті критерийдің алтауы кездеседі, ал тағы екеуінде бес критерий қамтылған. 8 интервенциялық емес зерттеулерінің 5-уі мәліметтерді туды-

ру үшін фокустық топтарды қолданып дербес толтырылатын сауалнаманы қолданған және біреуінде сұхбаттар жүргізілген. Сонымен, «интервенциялық емес зерттеу» категориясы сандық және сапалық зерттеулермен байланысты әлеуметтік зерттеу тәсілдерін қамтиды. Жүргізілген аз зерттеулерге сүйене отырып тәмамдау жүйелі шолуларға тән нәрсе, себебі сапалық критерийлермен байланыстыра отырып енгізілген нақты критерийлер зерттеушілердің барлығы танып біле бермейтін стандарттар ұсынады.

Шолудың нәтижелерін жинақтап көрсету барысында авторлар қарастырылған 15 зерттеудің ішінен 7 интервенциялық зерттеулерінің әдіснамалық нәтижелерін бөліп көрсеткен. Интервенциялық емес зерттеулеріне қатысты нәтижелерге келсек, авторлар дұрыс тамақтануға байланысты бірнеше кедергілер мен факторларды анықтаған. Мысалы, олар былай деп жазады: «Көмекші факторларға тағамның қоректілік құндылығы туралы ақпаратты затбелгінің болуы, ата-аналар мен отбасы мүшелерінің қолдауы; дұрыс тамақтанудың сыртқы келбетін, күш жігерін, мүмкіндіктерін жақсартуы, дұрыс тамақтануға арналған тағамдардың бағасының төмен болуын жатқызуға болады» (Шеферд және басқалары, 2006: 255).

Интервенциялық зерттеулерімен байланысты «кедергілер мен дәнекерлерді қарама-қарсы қоя отырып, сонымен бірге зерттеудің тиімділігін ескере отырып, бағалау шаралары тарапынан жастардың қажеттіліктеріне қаншалықты деңгейде көңіл бөлінгенін зерттеуге мүмкіндік берді» деген қорытындыларды авторлар пікірталасқа шығарды (Шеферд және басқалары. 2006: 255).

Транфилд және басқалары (2003) жүйелі шолу зерттеуді жүргізудің сенімді негізін жасауға мүмкіндік береді деп есептейді, өйткені ол біз пән туралы білгенімізден гөрі толығырақ түсінуге негізделген. Сондықтан өз қорытындыларын қысқаша баяндау әдісі ретінде жүйелі шолулардан пайда тек қана тиімділік табатын мамандарға ғана емес, зерттеушілерге де қатысты болуы әбден мүмкін. Жүйелі шолудың жақтаушылары сонымен бірге оның анықтығына да назар аудартады; басқаша айтқанда, зерттеулердің таңдап алынған негіздері және зерттеулер нақты тұжырымдалып және қалпына келтіруге мүмкіндік қарастырылғаны жайлы талдау жүргізілген жолдары анық. Бұл арқылы кейде барлық салалардағы әдебиетті жүйелі шолу тәсіліне салуға болмайтынын шамалауға болады,

өйткені кейбір тәуелсіз айнаымалылардың әртүрлі әсер етуіне қатысты зерттеу сұрақтарымен әрқашан байланысты бола бермейді. Сандық зерттеулердегі мета-анализ осындай зерттеу сұрағын талап етеді, дегенмен кейбір сапалық зерттеулер мен біршама сандық зерттеулердің осы форматта болуы міндетті емес. Мұндай әсердің алдыңғы жүйелі шолулар «Қайсысы тиімді?» немесе «Х тиімді ме немесе жүзеге асады ма?» деген сауалдарды қамтығандықтан болуы мүмкін, бұл жерде түрлі әсер етулерге байланысты әдебиет бағаланып және пікірлер берілген болар еді. Соңғы жылдары сапалық зерттеулерді және сандық интервенциялық емес зерттеулерде де қамти бастағандықтан, жүйелі шолу аймағында зерттеу сұрақтарының кең ауқымды талқыланып жатқанын байқауға болады.

5.1-кесте

Жастар арасындағы дұрыс тамақтану мәселесіндегі кедергілер мен дәнекерлерді шолумен байланысты жүйелі шолудағы қадамдар (Шеферд және басқалары. 2006)

Жүйелі шолудағы қадамдар	Сәйкес тәжірибелер Шеферд және басқалар (2006)
1. Шолудың мақсаты мен аясын анықтау:	а) Шолу сұрағы: «Жастар арасындағы дұрыс тамақтану мәселесіндегі кедергілер мен дәнекерлер туралы не білеміз? (Шеферд және басқалар, 2006: . 243).
2. Шолудың мақсаты мен аясына қатысы бар зерттеулерді іздеу	ә) Авторлар дұрыс тамақтануға қатысты терминдердің байланысын (мысалы, нәрлілік) және денсаулықты жақсарту немесе аурудың себептеріне байланысты терминдерді (мысалы, тәуекел тобы), сонымен бірге жас адамдарды сипаттайтын терминдерді (мысалы, жасөспірім) қолданды. «Жастар арасындағы дұрыс тамақтану мәселесіндегі кедергілер мен дәнекерлер туралы» шолу мына мәселелерді де қамтуы керек: нәтижелерді бағалау (көбінесе интервенциялық нәтижелерді бағалау үшін) немесе британиялық ағылшын тілі нұсқасындағы интервенциялық емес зерттеу (мысалы, сұхбат тәсілімен зерттеу). Сонымен бірге жетекші қағидаттар зерттеудің бұл екі түріне бөлек-бөлек жасалады. Интервенциялық емес зерттеулерде қамтылатындар: дұрыс тамақтану туралы пікірлер, көзқарастар, тәжірибелер т.с.с. қамтылуы тиіс; респонденттердің жауаптары негізінде дұрыс тамақтану мен оған әсер ететін факторлар туралы өздерінің анықтамаларын ұсыну; және «жастардың көзқарастарына басымдылық беру» (Шеферд және басқалары, 2006: . 241). Кейбір интернет-библиографиялық мәліметтер қорынан (соның ішінде SSCI және PsycINFO), сілтемелер тізімі және басқа да дереккөздерден деректер қарастырылды. Бастапқы 7048 сілтеме жүре келе 135-ке (116 зерттеулерге қатысты) дейін азайды. Осы 116 зерттеудің ішінен 75-і интервенциялық зерттеулер болды, ал 32-і интервенциялық емес зерттеулер және 9-ы маңызды жүйелі шолу болып шықты. Критерийлердің толық жиынтығын қолдану 22 нәтижелерді бағалау және 8 интервенциялық емес зерттеулерді авторлар «тереңдетілген жүйелі шолу» деп анықтаған критерийлерінде табылды (Шеферд және басқалары, 2006: . 242).
3. 2-қадамның зерттеулерді бағалауы	б) «Әр зерттеуге арналған мәліметтерді екі тәуелсіз зерттеуші компьютердің арнайы мәліметтер қорына енгізіп отырды (Шеферд және басқалары, 2006: 241). Сонымен бірге шолушылар әр зерттеудің нәтижелерін талдап қорытуға және оның әдіснамалық сапасын бағалауға талпынды. Интервенциялық немесе интервенциялық емес зерттеулерге өзгеше сапа критерийлері қолданылды. Интервенциялық зерттеулерде сегіз критерийді қолдану тек қана 7 зерттеуді «әдіснамалық» деп атауға болатынын және осы 7 зерттеудің нәтижелері авторлардың назарында болып қорытындыда көрініс тапқан.
4. Әр зерттеуді талдау және қорытындыларды синтездеу	в) Синтез зерттеудің екі түрі бойынша жеке-жеке жүргізілді және тағы бір синтез интервенциялық және интервенциялық емес зерттеулерді біріктіріп жүргізілді. Авторлар үшінші синтез туралы былай жазады: «жастардың анықтаған кедергілер мен дәнекерлерін жоспарлап көрсеткен матрица құрылды [интервенциялық емес зерттеуде] және ол нәтижелердің көрсеткіштеріне тереңдетілген жүйелі шолу жасай отырып қосылған интервенциялық түсініктермен қатарлас сипатталды. Матрица, мектеп, жанұя мен достары, өз бетінше, практикалық және материалдық ресурстардың кедергілер мен дәнекерлер деңгейіне қарай төрт аналитикалық тақырыпқа бөлінді» (Шеферд және басқалары, 2006: 241). Матрица құрастыру барысында бір бағанада интервенциялық емес зерттеулерде анықталған кедергілер мен дәнекерлер қорытындыланды, ал басқа бағандарда 7 «толықтай бағаланған интервенциялар» және 15 «басқаша бағаланған интервенциялар» қамтылды».



5.2 Негізгі ұғымдар

Мета-анализ дегеніміз не?

Мета-анализ сандық зерттеулердің көп мөлшерін талдап қорытынды жасауды және белгілі айнымалының әсері бар немесе жоқтығын анықтау үшін түрлі аналитикалық тестер өткізуді қамтиды. Бұл нақты тақырыптар бойынша жүргізілген сандық зерттеулердің көп мөлшеріне қорытынды жүргізіліп және салыстыруға мүмкіндік береді дегенді білдіреді. Осындай тәсілдің мақсаты – түрлі зерттеулердің нәтижелерін салыстыра отырып, айнымалылардың қандай да бір әсері бар немесе жоқтығын анықтау. Сонымен мета-анализ нақты зерттеуге байланысты туындауы мүмкін мәселелерді, мысалы, түрлі **іріктемеге қатысты** және **іріктеуге қатысты емес қателерді** түзей отырып, жалпы әсерді бағалау үшін әртүрлі зерттеулердің нәтижелерін біріктіруді қажет етеді. Мета-анализ осы кітапта қарастырылған әрекеттің екі түрінің арасында жасалады: сіз қызығушылық танытқан саладағы қолда бар зерттеулер әдебиеттеріне шолу жасау (осы тарауда қарастырылған) және басқа зерттеушілердің деректеріне екінші рет талдау жүргізу (14-тараудағы «Басқа зерттеулершілердің деректері» бөлімін қараңыз). Бірақ бұл тәсіл зерттелген тақырыптардың әрқайсысына сәйкес ақпараттардың қолжетімділігіне негізделген. Әлеуметтік зерттеу тәсілдері және іріктеудің мөлшері басылып шыққан жұмыстарға толық енгізілмегендіктен мета-анализ жасау көп жағдайда мүмкін болмайды. Мета-анализдің осал жері «картотека жәшігі мәселесі» екені белгілі. Бұл зерттеуші зерттеу жүргізген кезде тәуелсіз айнымалы қажет әсер бермегенін анықтағанда орын алып жатады және өзінің қол жеткізген нәтижелерін басып шығаруда қиындықтар туындайды. Нәтижесінде, ол нәтижелер жай ғана картотека жәшігіне сақтап қоюға кеңес беріледі. Егер зерттеу саласында осындай мәселе туындаса, мета-анализдың нәтижелері тәуелсіз айнымалылардың пайдасына шешіледі және бұл айнымалыға қарама-қайшы болатын тұстары қоғамның назарына ұсынылмайды.



5.2 Зерттеу нысаны

Басшылық интервенциясы әсерінің мета-анализі

Аволио және басқаларының (2009) жүргізген мета-анализі келесі зерттеу сұрағын анықтауға бағытталды: «Басшылықтың араласуы көзделген ықпалға қол жеткізуге әсер етті ме, егер әсер еткен болса қандай дәрежеге дейін?» Көшбасшылық ұғымына және олардың нақты мінез-құлық ерекшеліктеріне көрсетілген маңызды және көшбасшыларды оқытуға бөлінген қаржыны ескеретін болсақ, бұл өте маңызды сұрақ. Аволио және басқалары өздерінің шолуында басшылықтың араласуының барлық эксперименттік және квази-эксперименттік зерттеулерін қосқылары келді. Демек көшбасшылық және басшылықтың араласуына бағытталған барлық кросс-секциялық жоба зерттеулері ешқандай сапа деңгейін көрсетпеді, өйткені олар тәуелсіз айнал-

малыларды манипуляциялау бар жерге араласпайды. Авторлардың зерттеудің толық жиынтығын жасау бойынша ізденістері келесі рәсімдерді қамтыды:

1. 124 Негізгі ұғымдар мен фразаларды қолдана отырып он сегіз электронды мәліметтер қорына іздеу жүргізу.
2. Электронды мәліметтер қорынан табылған барлық зерттеулердің библиографиясын зерттеу және осы саладағы бұрын жасалған мета-анализдердің библиографиясын қарастыру.
3. Ұсынылып отырған зерттеулер тізімін қарап шығуларын өтініп 670 көшбасшыға хат жазу.
4. Көшбасшылыққа арналған анықтамалықтар мен басқа да кітаптарды өз бетінше іздеу.

Бұл іздеу процесінде 500-ден аса зерттеу табылды, кейін ол авторлардың критерийлеріне сай келетін 200 зерттеуге дейін азайды. Интервенциялық зерттеуге жатпайтын зерттеулер бірінші болып тізімнен алынып тасталды. Бір қызығы, тек қана басылып шыққан зерттеулерге сүйенген мета-анализ және анализдің басқа да түрлерінде көптеген зерттеулердің қарастырылмай қалуы негізінде және де бұл біржақты бағалау болғандықтан көптеген зерттеулер іздеу процесінде ұсынылмауы мүмкін, нәтижеде 200 зерттеудің 16% басылып шықпаған болып шықты. 3.4-тақырыбында қарастырылған Хоуел мен Фросттың (1989) зерттеуі осы 200 зерттеудің ішіне кіреді. Авторлар басшылықтың араласуы мен әртүрлі нәтижелердің арасында терең байланыс бар екенін анықтады (мысалы, тапсырманы орындауда, 3.4-тақырыбында қарастырылған ғылыми-зерттеулердегі сияқты). Басқаша айтсақ, басшылықтың араласуы тәуелді айналмалылардың түрлеріне барынша әсер етеді.



5.3 Негізгі ұғымдар

Мета-этнография дегеніміз не?

Мета-этнография бұл – сапалы зерттеулер мен басқа да екінші деңгейлі дереккөздерді түсіндіруді синтездеуде қолданылатын әдіс, осылайша тақырыптас сандық зерттеуде мета-анализ жасауды қамтамасыз етеді (Ноблит және Харе, 1988). Ол кең ауқымда зерттелген құбылыс туралы ақпаратты талдау мен қорытындылау үшін қолданылуы мүмкін, мысалы, диабетке қатысты тәжірибені атап өтуге болады (5.3-зерттеу нысанын қараңыз). Бірақ осы жерде олардың ұқсастықтары аяқталады, өйткені мета-этнография «бәрін қамти қорытындылауға емес, сапалы зерттеулерді бір-біріне өткізуді дамытуға бағытталады» (Ноблит және Харе, 1988 : 25). Ноблит және Харе өздерінің ұстанымдарын мына идеяға негіздейді: барлық әлеуметтік ғылымдардың түсініктері, зерттеушілердің қазіргі қолда бар зерттеулерді өздерінің көзқарастарына, танымдарына айналдыра отырып салыстырудан тұрады және осы арқылы басқа адамдардың пән туралы айтқандарын өз ойынша жасап, түсіндіріп шығады. Мета-этнография синтез барысында орындалатын және қайталанып тұратын жеті фазадан тұрады.

1. *Жұмысты бастау.* Бұл зерттеушілердің сапалы зерттеу түсініктемесін оқи отырып интеллектуалды қызығушылықтарын анықтауға жол ашады.
2. *Бастапқы қызығушылыққа ненің түрткі болғанын анықтау.* Түсініктеме жасайтын зерттеушілердің позитивистерден айырмашылығы – шолуға кіргізуге болатын толық зерттеу тізімін жасаумен бастарын қатырмайды. Оның орнына, олардың басты мақсаты синтез үшін мақсатты аудиторияның қызығушылығы мен сенімін шақыратын нәрселерді анықтау.
3. *Зерттеулерді оқу.* Бұл кезең зерттеулердің сипаттамасын талдауға емес, зерттеулерді асықпай, қайта-қайта оқуға бағытталған.
4. *Зерттеулердің бір-бірімен байланысын анықтау.* Бұл кезең зерттеулер арасындағы байланыс пен оларда қолданылатын метафораларды анықтай отырып, әртүрлі зерттеулерді «біріктіруге» бағытталған.
5. *Зерттеулерді бір-біріне өткізу, кіріктіру.* Бұл кезең зерттеулер мағынасының, мәнінің бір-бірімен қандай қатынаста екенін түсіндірумен байланысты: олар тікелей салыстырмалы ма әлде «өзара» қолданыла ма (бір зерттеуде қолданылатын ұғымдар екінші зерттеуде де дәл солай қолданылады); немесе олар бір-біріне қарама-қарсы ма, яғни: бір-бірін «жоққа шығарады»; немесе олар бірге алынып «өзара» қолданылу және «жоққа шығару» екеуіне де сәйкес келмейтін өз алдына дәлелдер тобын құрайды ма?
6. *Бір-бірімен синтездеу.* Зерттеуші түрлі кіріктірмелерді салыстырып, олардың бір-бірімен сәйкестігін көрсетеді. Бұл оларды түрлі типтерге топтастыруды да қарастыруы мүмкін.
7. *Синтезді жеткізу жолы.* Бұл кезең өзіне синтезді мақсатты аудиторияға түсінікті болатындай белгілі бір формаға өткізумен байланысты.

Бұл тәсілді түсінудегі шешуші мәселе, ол синтез, ең алдымен, зерттеудің негізінде жатқан мәліметтерге емес, осы ұсынылған зерттеулерде қарастырылатын түсініктер мен анықтамаларға бағытталған. Сонымен мета-этнография бір зерттеудің түсініктерін екінші зерттеуге ауыстырады.



5.3 Зерттеу нысаны

Диабет тәжірибесіндегі мета-этнография

Кэмпбелл және басқалары (2003) медицина әлеуметтануы аясында диабет және диабетті емдеу тәжірибелерінде жүргізген мета-этнографиялық зерттеуде қолданған тәсілі жайлы жазды. Іздеу жұмыстары сапалы зерттеулерге негізделген осы салада он мақала ұсынды. Үшеуі әртүрлі себептерге байланысты алынып тасталды: біреуі сапалы зерттеуге негізделмеген; екіншісіндегі дәлелдер тым әлсіз деп бағаланды; ал үшіншісіндегі қорытындылар таңдап алынған басқа жеті зерттеудің біреуінде орын алған. Жеті зерттеуді үш «кластер» бойынша топтастыруға болады: диабет пен оған

қабылданған емге реакция беру; емделушілер мен практиктер ауру жайлы хабарды қабылдау өзгешіліктері; диабеттің себептері туралы сенімдер мен себептер байланысы және ауруды емдеу жолдары. Осы үш кластерге қатысы бар төрт мақаланың біреуінің тақырыбы бақылау мен «стратегиялық алдау» арасындағы байланыс болды. Кэмпбелл және басқалары бір зерттеуде ауруды стратегиялық тұрғыда басқару арқылы бақылап, адамдардың сезімінің қарастырылғанына назар аударды. Мұндай адамдар «пайдакүнем» деп аталады. Басқа зерттеу өзінің жейтін тамағының рационын бақылайтындар мен оған «түкіре» қарағандар туралы осыған ұқсас көзқарасты атап өткен. Осы мәселе бойынша олардың көзқарастары алдыңғы аз негативті көзқарастардағы топпен бірдей пікірде болуына әсер етеді. Кейбір адамдар тамақ рационын стратегиялық түрде «күнәсіз алдау» деп қабылдауға болатындай, өзіне ыңғайлап басқаруға қабілетті болып шықты. Бұл қорытындылар осы топтағы басқа да екі зерттеумен байланыстырылды. Авторлар былай деп жазады:

«Осы төрт зерттеуді қарастыра отырып, қиыстырылған және интеллектуалды тәсіл арқылы медициналық кеңес беру диабеттің талаптары мен адамның қалай өмір сүргісі келетіні арасында балансты табу мақсатында сенімге кіруге, өзін-өзі кіналауды азайтып, диабетті және глюкозаның деңгейінің көтерілуін қабылдау сезімімен байланыса отырып, стратегиялық алдау тәрізді» (Кэмпбелл және басқалары, 2003:.. 678)

Сонымен қатар, жеті зерттеуден диабетпен ауыратын адамдарға осы аурумен күресу және өмірінде тепе-теңдік сақтауға көмектесу үшін маңызды болатын алты тұжырымдама жасалды, мысалы, практик дәрігерлердің көмегіне аз жүгіну. Бір қызығы авторлар мақалаларда болмаған мета-этнографиялық идеяларды қалыптастыра алған.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Студенттердің ғылыми-зерттеу жобасында жүйелі шолуды қолдану

Жүйелі шолудың кейбір элементтерін студенттердің ғылыми-зерттеу жобаларында оңай қолдана алмайсыз, ол ең алдымен уақыт пен ресурстардың тапшылығымен байланысты.

Мысалы, әдіснама мен теорияға қатысты эксперттердің тобын жинап және шолу жасаған ой өрісінізді тұжырымдау үшін ұдайы кездесу ұйымдастыру мүмкіндігі әрқашан туындай бермейді. Соған қарамастан студенттердің зерттеуінде қолдануға болатын кейбір аспектілер бар. Мысалы, әдебиетті шолуды жоспарлау барысында объектінің аясын анықтау және іздеудің мүмкін жағдайларын ойластыру үшін өз ғылыми жетекшіңізбен жиі кездесіп тұру өте пайдалы. Сіздің жетекшіңіздің пән бойынша білімі осы кезеңде баға жетпес көмек. Сонымен бірге әдебиет бойынша жүйелі шолу жасау сізден әдебиетті зерттеуге қатысты ашық тәсілдерді қолдану және сіздің атқарған істеріңіз туралы есеп жүргізгеніңізді талап етеді. Бұл тәжірибелерді студенттер зерттеу жобасында шыңдай алады.

Осыған қарамастан, жүйелі шолудағы бірден-бір шектеу мынадай жағдайда туындайды: зерттеудің сұрақтары айнымалының номиналдығының әсерінен анықталмайды немесе объектінің аясы тым ауқымды немесе ауыспалы болса. Бұл – әлеуметтік зерттеулер салаларында көптеп кездесетін құбылыс. Тағы бір сыни пікір әдебиетке шолу процесі бюрократизацияланып кетуі мүмкіндігімен де байланысты, өйткені ол көбінесе аналитикалық түсінік беруден гөрі, техникалық аспектіде көбірек қарастырылады. Үшінші шектеу бұл тәсілді тек сапалы зерттеулерде қолданылатын, нақтылап айтсақ, сапа туралы және осы арқылы мақаланың тізімге енуі немесе енбеуі туралы шешімді қабылдайтын әдіснамалық пікірлермен байланыстырады. Олар әдіснамалық сапаны бағалауға арналған критерийлерге қатысты сапалық және сандық зерттеулердің арасындағы айырмашылықтардан туындайды (7-және 17-тарауларды қараңыз). Жүйелі тәсіл мақаланың сапасы туралы объективті ой айтылуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Сапалы зерттеулерге байланысты зерттеудің сапасын қалай қадағалау керектігі туралы бәтуа аз, бұл сұраққа 17-тарауда қайтып келеміз. Тіпті, кейбір зерттеушілер басылып шыққан зерттеулердің сапасын олар өздері нені қызықты деп тапқанына байланысты бағалайды – ол

жерде эмпириялық зерттеу болғаны немесе болмағанына қарамастан, мұндай көзқарас мақалаларды әдіснамалық критерийлер тұрғысынан бағалауда қажет ететін жүйелі тәсілге сәйкес келмейді. Осыған қоса медицина саласында зерттеулер жүргізетін зерттеушілер сапалы зерттеулерге сәйкес келетін анықтау үдерісі ауқымды жұмысты, күшті қажет ететінін және сандық ғылыми-зерттеулерде қолданылатын абстрактілі немесе қорытындылау негізінде жасалмайтынын анықтады (М.Л.Джонс, 2004). Сонымен, сіздің эпистемологиялық ұстамыңызға байланысты жүйелі шолу тәсілінің болуып немесе болмауы сіз үшін маңызды (2-тарауды қараңыз). Ноблит және Хайре айтқандай: «интерпретивистерге қарағанда, позитивистер білімнің синтезіне көп қызығушылық білдіреді. Олар білім аясын кеңейте түсу керек деп есептейді, алайда, осы кеңейтуге қалай қол жеткізуге болатыны өз алдына бір мәселе». Осы себептердің әсерінен әлеуметтік ғылымдарды анықтауда түсіндіру тәсіліне бейімделген зерттеушілер жүйелі шолу тәсілін проблемасы көп тәсіл деп қарастыруы мүмкін. Денсаулық сақтау саласында жүйелі шолудың тиімділігі туралы оның қолданылған аясының медицина саласынан тым басқа болғандықтан, дәл осындай пікір қалыптасты (5.3-тақырыбының терең пікірлерін қараңыз)



5.3 Терең пікірлер

Білім саласындағы зерттеулердегі жүйелі шолулар туралы пікірталастар

Білім саласындағы зерттеулердегі жүйелі шолудың рөлі туралы пікірталастардың әлеуметтік саясат зерттеушілеріне де қатысы бар, бұл осы екі саладағы зерттеулердің ұқсастығымен байланысты.

Білім және әлеуметтік саясат екеуі де практиктердің зерттеуін енгізе отырып әлеуметтік ғылымдар пәндерін қамтиды және кей кездері практиктер мен саясатқа ықпал етушілердің талқыланған мәселелердің толыққанды бағытын орнықтырмағандары үшін сынға алып жатады. Эванс және Бенефилд (2001) жүйелі шолудың медициналық үлгісі білім саласындағы зерттеулерде қолдану үшін бейімделуі мүмкін деп тұжырымдайды. Бұл зерттеушілерге нақты шаралардың пайдалылығы туралы «мақсатқа бағытталған және анық нәрселер туралы айтуға» мүмкіндік береді немесе, басқа сөзбен айтсақ, «қайсысы тиімді» екеніне дәлелдер береді (Эванс және Бенефилд, 2001: 538). Сонымен жүйелі шолулар зерттеудің мәліметтерін тиімдірек қолдануға көмектеседі.

Соған қарамастан, Хаммерсли (2001) зерттеудің негізділігін бағалауда (эксперименттер жоғары бағаланады) қолданылатын әдіснамалық критерийлер арқылы және «объективті» пікірлер қалыптастыратын үдерістер арқылы зерттеудің позитивистік үлгісінің басымдылығын сынға алады. Бұл – «жиырмасыншы ғасырдың ортасынан бастап осы үлгі қолданылғалы бері аз тіпті ешқандай сынға алынбаған» (Хаммерсли, 2001: 545). Сонымен бірге Хаммерсли жүйелі шолудағы рационалды ережелер мен әңгімелі шолудағы иррационалды шешім арасындағы дихотомия асыра бағаланған деп топшылайды, өйткені, ең қарапайым ережелерінің өзінде түсіндіру элементтері қарастырылған. Осылайша ол мынадай қорытындыға келді: «Әдебиетке шолу жасау – өз алдына құқықтары бар ерекше тапсырма».

Бұл «мәліметтер синтезінің» мәселесі емес, немесе шолу жасау осындай үлгіде болуы керек деп санауымызға ешқандай себеп жоқ. Нақты зерттеулердің қорытындылары мен шешімдеріне шолу жасай отырып, осы саланы зерттеуде олар бір-бірімен қалай сәйкес келетінін және олардың байланысы қалай көрініс табатынын ойлау керек. Бұл шолушыдан тек қана жүзеге асыруға болатын тәртіптерді ғана қолданып қоймай, оның тәжірибеден алынған жасырын білімдерін қолдануын және материалды әдіснамалық мәселелер туралы ойлауын талап етеді. (Хаммерсли, 2001: 549)

Пирсон және Кумбер (2009) Хаммерслидің жүйелі шолу түсіндіру элементін тудыратыны жайлы ойын қолдайтын тағы бір дәлел келтірді. Олар жүйелі шолу процесіне қатысушыларына жүргізген бақылау зерттеуінің нәтижесін жария етті. Шолушылар арасында алаңдатушылық тудырған есірткіге құмарлыққа қарсы нұсқаулықтарды дамыту мәселесі болды. Пирсон және Кумбер шолушылар зерттеу тақырыптарын таңдау барысында сыртқы валидтіліктен гөрі ішкі валидтілікке басымдылық танытатынын анықтады. Одан бөлек шолушылар интервенцияның бір түрінің маңызын (мысалы, өмірлік дағдыларды жаттықтыру) төмендету жолын таңдаған, өйткені қолжетімді баяндамаларда олар қатты сынға алынған. Дегенмен Пирсон және Кумбер өмірлік дағдылар туралы зерттеулерді экспертизадан өткізу барысында ол жерде емдеу нұсқаулығына кіргізетін жақсы үлгі болғанын атап өтеді. Осылайша адамның үдеріске шолу жасауда субъективті екендігін көрсететін өмірлік дағдыларының болмауына байланысты жүйелі шолу барысында назарға алынбаған баяндама маңызды рөл атқаратынға ұқсайды.

Маклур (2005: 409) білім беру саласында «маңызды болып көрінетін барлық мәселелерге қарсы, сондықтан үнемі бақылауға алынып, сапасы тексеріліп отырады» дей келе жүйелі шолуға басымдылық берудің алаңдатушылық тудырып отырғанын

айтады; осылайша талдау мен дәлелді дамытуда шешуші маңызы бар оқу, жазу, пікір білдіру және түсініктеме беруге нұқсан келтіреді деп отыр. Жүйелі шолу осы кезге дейін әлеуметтік зерттеулерде кең қолданысқа ие болмаса да, білім саласындағы зерттеушілер, әсіресе сапалы зерттеушілер арасында алаңдатушылық танытуда. Хаммерсли (2001) жүйелі шолу өзінің ішінара қағидаларымен үйлеспейді және жүйелі шолудың нақты дәлелге қол жеткізуге болатыны жайлы (сонымен бірге нақты дәлелдерге негізделген тәжірибе жайлы) дәлелдер тым аз немесе тіптен жоқ деген сыни пікір танытты!

Әңгімелі шолу

Әдебиетке жай ғана шолу жасаудың қолда бар мағлұматтарға тағы да қандай үлес қосатынын қарастыру орнына түсініктеме беретін зерттеушілер (интерпретивизмнің түсіндірмесін 2-тараудан қараңыз) арнайы бір тақырыптағы әдебиетке шолу жасауда әртүрлі мақсаттарды көздеуі мүмкін және білімді шоғырландырып қана қоймай, түсінік беру арқылы адамдық дискурсты байыта түседі (Гиртц 1973а). Әдебиетке шолу жасау олар үшін өздері зерттеу

жүргізу арқылы түсінуге тырысатын тақырыптық сала бойынша алғашқы әсер алу әдісі болып табылады. Сонымен әдебиетті шолу үдерісі сіз алдын ала қандай нәтижеге қол жеткізетінін белгісіз, жаңалық ашудың анықталмаған үдерісі. Сондықтан әңгімелі шолу жүйелі шолуға қарағанда, мақсаттық бағыттары шектелген, ал аясы кең ауқымды қамтиды. Оларды зерттеуге қосу немесе қоспау критерийлері жағынан да аса айқын байқалмайды. Әңгімелі шолуға мысал ретінде 5.4-зерттеу нысаны берілген.



5.4 Зерттеу нысаны

Көшбасшылық туралы сапалық зерттеулерге әңгімелік шолу

Бірнеше жыл бұрын мен көшбасшылық бағытында жасалған сапалық зерттеулердің әдебиетіне шолу жүргіздім (Брайман 2004b). Көшбасшылық бағытындағы зерттеулер көп жылдар бойы сандық зерттеулерде алдыңғы қатарда болды, сондықтан бұл тақырып мені жаңадан жүзеге асырылып жатқан сапалы зерттеу жүргізуге қызықтырды. Мен әріптестерім шолу жасап шыққан мақалаларын басып шығаратын журналдардағы мақалаларды ғана зерттеуді шештім. Мұның екі негізгі себебі болды: әріптестерім шолу жасаған мақалаларды желідегі дерекқорлардан, мысалы, SSCI-дан, оңай тауып алуға болады және тек қана әріптестерім шолу жасаған мақалалар ғана басылымға жіберілгендіктен, оларды эксперттік бағалауда сапалық зерттеудің элементтерін байқауға болады. Эксперттік бағалау барысында сапасы жоғары емес мақалаларды сүзгіден өткізіп, журналдарға басылымға ұсынылмайды немесе мақалалар толықтай қабылданбайды немесе авторлардан тексерушілердің ұсыныстарына орай өзгерістер енгізуді талап етеді. Сонымен қатар мен өзімнің шолуымда танымал болып үлгерген

нарықтағы зерттеу мақалаларының маңыздысы басып шығарылатын Тоқсан сайынғы басшылық журналындағы мақалаларды өз бетімше іздеп тауып, енгіздім.

Сонымен қатар кейбір мақалалардың библиографиясын болашақта қосуға болатын нұсқалар ретінде қарап шықтым. Бұл салаға мен қызығушылығымды көптен бері танытып жүрген едім, өйткені біраз уақыттан бері көшбасшылық саласы мен сапалы зерттеулерге назар аударып жүрген едім. Өз шолуымда менің нақты бір бағытым болмады, бірақ көшбасшылық саласындағы басымдылығымен танымал сандық зерттеудің сапалық зерттеумен ұқсастығына жалпылама зерттеуге ниет білдірдім. Мен өзімнің негізгі қорытындыларымды кестеде көрсеттім: басылым жылы, зерттеу жүргізілген сектор, зерттеу жобасы, қолданылған әлеуметтік зерттеу тәсілдері, негізгі қорытындылардың сипаты және әрбір зерттеуде көрсетілген көшбасшылық стилінің түрлері мен көшбасшының қабілеттілігі. Мақаламның тақырыпшасында мен оны «сыни, бірақ жағымды пікір» деп атадым. Сыни болу себебі – мен көшбасшылыққа байланысты сапалы зерттеулердегі ортақ кемшіліктерге назар аудардым, сонымен бірге сапалы зерттеудің осы салаға қосқан үлесін жаза отырып жағымды жақтарын да атап өттім. Менің шолуымның ең басты кемшілігі – тек қана басылып шыққан зерттеулерге сүйене отырып жасалғандықтан менің қорытындыларым картотекалық жәшік мәселесіне жақын еді.

Егер сіздің теория мен зерттеу арасындағы байланыс туралы ойыңыз дедуктивті емес индуктивті болса (2-тарауды қараңыз), қолға алған зерттеу саласында деректер жинақтағанға дейінгі пікіріңізді қалыптастыратын негізгі теориялық және тұжырымдық терминдерді қалыптастыру өте қиын, өйткені теория зерттеуге негіз болып емес, керісінше, осы зерттеудің нәтижесінде түзіледі. Осылай ақпаратты іздеу барысында зерттеушілер алдын ала болжай алмаған, бірақ зерттеу саласында маңызды болатын мәселелерді анықтап ала алады. Нәтижесінде бастапқыда зерттеу жүргізіп, ауқымды қарастыруды жоспарлаған тақырыптық саланың шектеулі екеніне көздері жетеді және бұл оларға күтпеген түсініктер беріп, анықтамалар жасуға жол ашады (Ноблит және Харе, 1988). Түсініктеме беретін/

интерпретативті зерттеушілер дедуктивті зерттеушілерге қарағанда, жинақталған деректерді талдау нәтижесінде теория мен әдебиетке деген өз көзқарастарын өзгертуге көп бейім, сондықтан олар өздері тандап алған тақырыптағы шектеулерді өзгертуге дайын болады. Бұл зерттеу стратегиясы эпистемологияны түсіндіруге негізделген сапалық зерттеулерде әңгімелі шолуды қолдану тиімдірек болатынын көрсетеді, дегенмен олар үшін әдебиетке қатысты жүйелі шолу автоматты түрде ең жақсы тәсіл түрінде қабылданбауы керек.

Көптеген шолулар әңгімелі түрінде болады, бұл кейде шолушының жеке зерттеуіне бастау да болып жатады (мысалы, ғылыми-зерттеу тақырыбына сәйкес не бар екенін анықтау мақсатында әдебиетке шолу жасалады, яғни зерттеу сұрақтары нақтыланып, зерттеуші

оларды тексере бастайды) немесе өз пікірлеріне тоқталады (осы салада мәлім ақпараттарды қорытындылау ретінде). 29-тарауда зерттеу қолжазбаларын жазу мысалдарын қарастырғанда, зерттеушінің қызығушылық аясына сәйкес келетін әдебиетті шолу барлық жағдайда зерттеушінің осы зерттеуін неліктен жүргізгені және қандай үлес қосатыны туралы жазылатынын көреміз. Мұндай шолулардың басым бөлігі әңгімелі шолуға жатады.

Жүйелі шолулармен салыстырғанда, әңгімелі шолулар, тіпті жүйесіз болуы мүмкін (бұл оларды қайта жаңғыртуда қиындық тудырады), шүбә келтіретін жан-жақтылық пен көптеп енгізуге жол берілмесе де қолданылатын дәлелдердің анықталмауы да орын алады (5.3-терең пікірлерді қараңыз). Әңгімелік шолуларын жүйелі шолулармен байланыстыра қолданудың жиілеп келе жатқанын осымен түсіндіруге болады (5.4-терең пікірлерді қараңыз).



5.4 Терең пікірлер

Жүйелік шолу тәжірибені әңгімелік шолуымен қосу

Кейде болжам жасаудың өзі екіұшты, дегенмен менің ойымша, кейбір әңгімелік шолуларда жүйелік шолумен байланысты кейбір тәжірибелерді қамтитынын сезетінмін. Дегенмен 5.3-терең ойлау тақырыбында атап өтілген кейбір әлеуметтанушылар әдебиетке шолуда механикалық тәсілді қолдайтын осы жүйелік шолуға қарсы, ал кейбір шолушылар бұл жүйенің зерттеушілердің әдебиетті іздеуді қалай жүргізгендері және /немесе жан-жақтылықты жасырмай, ашып көрсететін қадамын жақтауы мүмкін. Жүйелік шолуда, әсіресе, шолушы өз бетімен жұмыс істегенде зерттеу сұрақтарын құрастыру, кілтсөздерді таңдау және сапасын бағалау тәрізді қадамдарды іске асыруда бірнеше адамның жұмылдырылғанын талап етуі мүмкін.

Жоғарғы оқу орнында кафедралық деңгейде басшылық тиімділігі туралы жасаған жұмысымда кейбір жүйелік шолу тәжірибелерін қолданылған әдебиеттерге жасаған әңгімелік шолуыма қостым. (Браймен, 2007с). Жүйелік шолу тәжірибесі мына бағыттарда қарастырылды:

- Шолу жасауға нақты зерттеу сұрағын пайдалану. Сұрақ: «Жоғары оқу орнында басшылықтың тиімділігі үшін басшылық студенттің қандай түрі немесе әдістері өзара байланысты?» (Браймен, 2007с: 693).
- Әдебиетті іздеу үдерісін қайтадан қалпына келетіндей етіп сипаттау, онлайн дерекқорлардың бірнешеуінде әдебиетті іздеуге қатысты кілтсөздердің үйлесімін қолдану (SSCI, Білім беру ресурстарының ақпараттық орталығы, Google Scholar және басқалары) көптеген маңызды мақалалардың библиографиясынан іздеу. Іздеуде қолданылған терминдер: көшбасшы*, басқару*, администрация*, жоғарғы оқу орны*, университет*, академиялық тиімділік* (жұлдызша «универсалды символ», мысалы, көшбасшы сөзін қарастырғанда көшбасшылар, көшбасшылық сөздерін де қарастырады).

- Шолу аясында қандай мақалалар қарастыру керектігін шешуде сапалық бағалаудың критерийлерін қолдану. Сапалық бағалау үдерісі мына критерийлер бойынша сүзгіден өткізілді: «зерттеудің мақсатын анық жазу; деректер қандай жолмен жинақталғаны туралы анық түсінік беру (іріктеу, мәліметтерді талдау жолдары; қолданылған ғылыми-зерттеу құралдары), сонымен бірге жүйелі түрде бағалай отырып тәсілдердің мақсаттармен қалай байланысқаны көрсетілді; интерпретацияны нақтылай түсу үшін жеткілікті мәліметтер ұсынылды; талдау әдістері көрсетілді» (Брайман 2007с : 695). Жүздеген «хиттардың» арасынан бар болғаны жиырма мақала ғана ғылыми-зерттеу сұрақтарымен байланысты және бағалау критерийлеріне сай болып шықты.
- Көшбасшылық тиімділігімен байланысты көшбасшылардың стилін анықтай отырып олардың қандай мақалаларда көрініс тапқанын кестемен сипаттау.

Бұл шолудың жүйелі шолу үдерістерімен сәйкес келмейтін бірнеше жолын көруге болады, мысалы, әдебиетке тек қана ғылыми журналдардағы рецензияланатын мақалалар арасынан шолу жасалды, яғни, 5.2-тақырыбының зерттеу нысанында айтылған мета-анализдегі «сұр әдебиет» қарастырылмай, тыс қалды. Табылған мақалалардың басым бөлігі шолуда қарастырылмай қалу себебі олардың сапа критерийлеріне сай келмеуінде, зерттеу сұрақтарымен байланысы болмауында. Онлайн библиографиялары қорынан іздеу және өз бетінше басқа қорлардан іздеу барысында табылған мақалалар барлығы журналдарға басылып шығар алдындағы нысаны болып шықты, ал олар әлдеқашан сапалық бағалау үдерісінен өткізіліп қойған.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Әдебиетке шолу жазу себептері

Мына берілген тізімде әдебиетке шолу жазу себептері қамтылған:

- Сіздің зерттеу салаңызбен байланысты мәлім ақпараттарды білуіңіз керек, өйткені сізге «дөңгелекті қайта ойлап тапқыңыз» жайлы айып тағылғаны керек емес.
- Сіз басқа зерттеушілердің жіберген қателерінен сабақ алып және осыған ұқсас қателердің алдын аласыз.
- Сіз өз зерттеу салаңыздағы түрлі теориялық және әдіснамалық тәсілдер жайлы біліміңізді кеңейте аласыз.
- Бұл сізге аналитикалық құрылымды дамытуға көмектесуі мүмкін.
- Зерттеуіңізге айнаымалыларды қосу туралы шешім қабылдауға жол ашуы мүмкін, ал бұл үдеріс жайлы сіз алдын ала жоспарламаған боларсыз.
- Бұл сізге зерттеу сұрақтарын ары қарай дамытуға пікірлер қосуы мүмкін.
- Қорытындыларға түсінік беруге көмектесуі мүмкін.
- Бұл сізге қорытындыларыңызды бекіту жағынан бағыттар көрсетеді.
- Шолу жасауыңызды күтеді!



Студент тәжірибесінен

Әдебиетке шолу жасаудың маңыздылығы

Лили Тейлорды әдебиет шолуы жасаудың қажеттілігі туралы айтып сендірудің қажеті жоқ сияқты. Өз ойын ол былай деп тұжырымдайды:

«Менің зерттеуіме байланысты бірталай жұмысты қарап шығу маған қолданылған әдіснамаға және негізгі түсініктер мен жұмыстың сипаттамасына қол жеткізуге мүмкіндік берді».

Кейбір студенттер үшін әдебиеттер олардың таңдап алған саласындағы зерттеу сұрақтарына әсер етті.

Мысалы, Алиса Палмер қазіргі кездегі үй шаруашылығындағы әйелдердің рөлі туралы диссертациялық зерттеуі жайлы былай деп жазды:

«Өте көп әдебиеттер оқу алдыңғы зерттеулердегі қалып қойған нәрселерді анықтай отырып зерттеу сұрақтарын құрастыруда маңызды орын алды. Дегенмен қандай сұрақтарға зерттеу жүргізу керектігі жайлы «ырықсыз сезімдерге» де еру өте маңызды, өйткені кейбір мәселелер бұрынырақта қарастырылып кетсе, уақыт өте келе бәрі өзгеруі мүмкін».

Эми Найт гендерлік мәселелер және кәдеге жарату туралы өз жобасы жайлы былай деп жазды:

«Мен гендерлік мәселелер және кәдеге жарату туралы тақырып аясында өте көп әдебиет оқып шықтым. Алдыңғы зерттеулерде экологиялық проблемалар деңгейі бойынша гендерлік айырмашылықтар көбінесе бірдей болатын (ер адамдарға қарағанда әйелдерде экологиялық проблемалардың жоғарғы деңгейі көрініс тапты). Соған қарамастан, мысалы, дағдылардың қайталануы және гендерлік айырмашылық тәрізді мәселелерге байланысты алдыңғы басылып шыққан зерттеулердің нәтижелері толық емес екенін аңғардым. Маған экологиялық проблемалардың деңгейі дағдылардың қайталануымен байланысы болуы немесе болмауы жайлы тақырып қызықты болып көрінді, осы арада екі зерттеу сұрағы туындады».



Лили, Алиса және Эмидің ғылыми-зерттеу тәжірибелері туралы толығырақ білу үшін Онлайн ресурс орталығының сайтың көріңіздер:
www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/



Қолда бар әдебиеттерді іздеу

Студенттер жобаларын жаңадан бастағанда, әдетте, ойларында бірнеше бастапқы сілтемелері болады. Бұл көбінесе оқулықтан немесе курс модулінің

оқуға ұсынылған әдебиеттер тізімінен алынуы мүмкін. Оқулық тарауларының немесе мақаланың соңында берілетін библиография сізге қажет сәйкес келетін

сілтемелерді ұсынады. Әдебиетті іздеу кітаптар, журналдар мен шолуларды мұқият оқуға негізделеді. Сонымен қатар, таңдаған зерттеу саласының (төменірек қараңыз) аясын анықтауға көмектесетін негізгі бірнеше кілтсөздерді анықтағаннан кейін, электрондық мәліметтер қорынан осы сала бойынша бұрынырақ басылып шыққан әдебиеттер қорын табуға болады.

Электрондық мәліметтер қоры

Ғаламторда қолжетімді онлайн библиографиялық мәліметтер қоры журнал сілтемелерінің өте құнды көзі болып табылады. Мақаланың толық нұсқасының электрондық форматына қолжетімділікті қамтамасыз ететін электрондық журналдар саны да көбейіп жатыр. Осындай мәліметтер қорына мекемеңіздің сізге дербес қолданушы ретінде арнайы атпен құпия сөз беру мүмкіндігі жайлы сұрап біліңіз, ол үшін кітапхананың тіркеу рәсімдерімен танысып немесе кітапханана қызметкерлерімен кеңесіңіз. Әлеуметтік ғылымдары үшін өте пайдалы дереккөзі Әлеуметтік ғылымдар дәйексөздерінің индексі (SSCI) болып табылады, ол жерде 1970 жылдан бергі әлеуметтік ғылымдар пәндерін қамтитын 1,700 ірі әлеуметтік ғылымдар журналының индексі жинақталған. Осы сайттарға шолу жасау үшін Ұлыбритания қолданушыларынан Athens қолданушы аты мен құпия сөзі талап етіледі. Сонымен қатар ISI Веб білім (WoK) парақшасынан мына сілтеме арқылы да қарауға болады: <http://wok.mimas.ac.uk/> (2010 жылдың 3 тамызынан бастап қолданыста).

Дәйексөздер индексі жинақталған Ғылымдар сайты (Web of Sciences) деген жүйе құрғаны да мәлім.

SSCI-дің мәліметтер қоры сілтемелер мен рефераттарды ұсынады, кейбір кітапханаларда дүниежүзіндегі әлеуметтік ғылымдар бойынша ең маңызды журналдардан толық мәтінді сілтемелері қосылған. Сондықтан әдебиетті іздеуде осыларды бастапқы дереккөздер ретінде қолданған пайдалы, өйткені егер сіз мәліметтер қорынан іздеуді тиімді жүргізсеңіз, сіз соңғы кездері шығатын көптеген журналдарды қамтығаныңызға сенімді боласыз, яғни сізді қызықтыратын мәселелер бойынша жарияланған мақалаларды таба аласыз. SSCI іздеу бойынша кейбір кіріспе басшылыққа алатын қағидаттармен таныс болыңыздар:

- ISI білім қызметі веб парағын таңдаңыз.
- Ғылыми белгі веб парағын таңдаңыз.
- Басқа дәйексөздер индекстерін алып тастау арқылы тек қана әлеуметтік ғылыми дәйексөздер индексін қалдырып таңдаңыз:
- Сіз іздеуді тақырып және /немесе автор бойынша, сәйкес келетін сөздерді немесе аттарды ұяшықтарға енгізу арқылы Іздеу түймесіне басыңыз:

Іздеуді басыңыз. Іздеу үшін автоматты түрде 1970 жылдан бергі деректерді көрсететін мерзімін анықтаңыз. Бұл топтамаға өзгерту енгізу үшін төменде көрсетілген меню арасынан уақыт аралығына өзгертулер енгізе аласыз.

SSCI-дің ерекшелігі: журнал мазмұнының толық қамтылуы, сонымен қатар зерттеулер мен ғылыми мақалаларға

қосымша ол кілтсөздер арқылы табуға болатын кітаптар мен редакциялық материалдарға шолуды да қамтиды. Сізге кілтсөздерді қолдануға машықтанып эксперименттер жасау керек, өйткені бұл ұқсас мәліметтер қорынан керегіңізді іздеуге дағдыландырады, дегенмен өзіңіздің тәжірибеңізді де қолдануға болады. Сонымен бірге көптен қолданылатын сілтеме «Times cited» уақытпен байланысты болып табылады. Егер сіз диссертацияңызға қатысы бар мақала тапқан болсаңыз, сіз басқа да сілтемелерді басып, басқа қандай мақалалар одан дәйексөздер алғанын көре аласыз. Бұл екі нәрсеге мүмкіндік береді: біріншіден, бұл мақала соңғы зерттеулерде қалай қолданылғанын көруге мүмкіндік береді, яғни қандай да пікірталастардың болғанын білуге болады. Екіншіден, мақаладағы мәліметтер мен идеялар жаңа деректермен байланыстырыла дамытылғанын немесе жаңа деректер қолданылмаған тексере аласыз. Мысалы, осы тарауды жазу кезінде (17 қаңтар 2011) менің 1999 жылы Әлеуметтік шолулар журналында басылып шыққан «Қоғамның диснейлендірілуі» деген жұмысымда менің тақырыбыммен байланысты жиырма тоғыз жұмыста атап өтілген болатын, мысалы, эмоционалды еңбек пен бөлшектеп сату тақырыбында. Осы арада маңыздысы – басқа журналдарда осы мақаланың мәліметтерінен дәйексөздер келтірілгенін түсіну. SSCI іздеуінде шықпауының себебі мәліметтердің сұрыптау, іріктеу үдерістерінен өткізілетінінде, демек барлық журналдар осы мәліметтер қорына енгізілмейді. Сұрыптау үдерісі журналдың беделі мен

қызығушылық аясын ескере отырып жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, сіз өзіңіз білетін мақаладан дәйексөз алып іздеуге сілтеме бере аласыз, нәтижеде сол дәйексөз мысал болып келтірілген мақалаларды көре аласыз. Бұл басқа да сіздің тақырыбыңызға қатысты ғылыми-зерттеулерді табуға көмектеседі және басқа авторлардың сіздің жұмысыңыз жайлы ойларымен танысуға мүмкіндік береді. Дегенмен, тиімділігі мақалаңыздың жарық көрген мерзіміне орай анықталады.

Сонымен қатар Скопус (Scopus) жүйесі де өте пайдалы болып табылады, мына сілтеме бойынша таба аласыз: www.scopus.com/Scopus/home.url (2010 жылдың 3 тамызынан бастап қолданысқа енгізілген).

Скопус өзін ең көп абстрактілі және ғылыми әдебиеттің деректерінен көптеп дәйексөздер келтіретін қор, сонымен қатар, сапалы вебресурс» болып табылады. Мәліметтер қорына кіру үшін сізге Athens немесе басқа қолданушы аты мен құпия сөзі қажет болады. Кілтсөздер және/немесе авторлардың аттарын енгізу арқылы іздеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «жалпылама іздеу» сіздің бастапқы қажеттіліктеріңізге жарап қалуы мүмкін. Іздейтін мақалалардың бастапқы мерзім аралығын көрсетуіңіз керек (1960 жылдан бастау алады) және өз салаңыздың тұсын белгілеп қалдырып, басқа қажет емес салаларды белгілемей алып тастау арқылы іздеу аясына шектеу қоя аласыз. Скопус жүйесінде SSCI-ге карағанда, журналдар саны жағынан кең ауқымды қамтылған. SSCI сияқты ол да мақаланың резюмесін ұсынады, сонымен қатар ары қарай тереңірек зерттеу үшін нақты элементтерге сілтеме береді.



Студент тәжірибесінен

Сілтемелерді іздеу стратегиялары

Әдебиетті шолу барысында қолданылған стратегиялары туралы берген ақпараттарында студенттер әртүрлі тәсілдер қолданғаны белгілі болды. Журналдарды іздеумен қатар, Эрин Сандерс өзінің жетекшісінен және басқалардан көмек алды.

«Маған жетекшім тақырыпқа сәйкес келетін бірнеше мәтіндерді ұсынды, соның ішіндегі библиографияның көмегімен басқа да дереккөздерге шықтым. Сонымен қатар журналдардан менің тақырыбыммен байланысты мақалаларды кең ауқымда іздестірдім. Осыған қоса тақырыптық саладағы танымал академик мамандармен хабарласып, кеңестер алдым. Мүмкіндігінше өте көп әдебиет оқи отырып, зерттеу аясының маңызды тақырыптары мен идеяларын анықтадым».

Ханна Креанның мақсаты балалық шақ туралы әлеуметтік әдебиеттегі танымал есімдерге басымдылық беру болды.

«Мен бірінші әлеуметтанудың жалпы аспектілерін қамтитын бірнеше маңызды оқулықты оқып шықтым, солардың ішінен балалық шақты әлеуметтік құрылыс ретінде талдай отырып балалық шақ жайлы жазған жазушылар есімін таңдап алдым. Осы жазушылардың балалық шақ туралы зерттеулерін оқуды жалғастырдым және олардың жұмыстарында сілтеме берілген басқа жазушылардың есімдерін теріп жазып алдым. Осылайша өзімнің нәтижелерімді жазып, теория құруға дайын жеткілікті әдебиет жинақтағанымды сезінгенше жалғастыра бердім, нәтижеде дербес зерттеуімді сәтті жүргіздім».

Ребекка Барнес негізгі мәтіндерді анықтай отырып библиографияларды қолданғанын айтып өтті.

«Негізгі мәтіндерді бөліп іздей бастағанымда үлкен перспективаларға тап болдым, себебі табылған мақалалардың әрқайсысында библиография тізімі берілген, осы библиографиялардағы сілтемелерді қолдана отырып, басқа ұқсас мақалалар табу еш қиындық тудырмады».



Эрин, Ханна Ребекканың зерттеу жұмыстарымен көбірек танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Сонымен бірге сілтемелер іздеу үшін Google Scholar да өте пайдалы – Ұсыныстар мен қорытындылар бөлімінде «Ғаламтордан ақпараттарды қолдану» жайлы толығымен қарастырылған.

Қазіргі кезде көптеген академиялық баспалар өз журналдарында жарияла-

натын мақалалардың толық нұсқасын өздерінің дербес веб парақтарында ұсына бастады; Кембридж университетінің баспасы (Желідегі Кембридж журналдары) және Sage (HighWire) – ең көрнекі екі мысал болып табылады. Осы ұсынылған ресурстарды қалай қолдануға болады

және қалай рұқсат алуға болатыны туралы өз мекемеңіздің кітапханасынан анықтап біле аласыз. INGENTA веб парағынан әртүрлі баспалардың толық мәтінді материалдарын таба аласыз және кітапханаңыз мүше болып жазылған болса журналдардағы мақалалардың толық мәтініне қол жеткізе аласыз. Ғылыми кітаптар мен журналдарға қосымша әлеуметтік ғылымдарда пайда болған жаңа тақырыптарға шолуларды ұсынатын газет архивтері қосымша қорларға жол ашып береді. Мұндай газеттер көбі жариялаған мақалаларын желіде іздеу үшін оларға мүше болуды талап етеді (мысалы, Financial Times, Daily және Sunday Telegraph, The Times). Дегенмен академиялық кітапханалардың көпшілігі жекелеген газеттерге және қызметтерге жазылған, мысалы, Proquest немесе Lexis Nexis, оларда бірнеше газетті бірден іздеуге мүмкіндік бар, бірақ қолдану үшін сізге құпиясөз қажет болуы мүмкін. Кейбір тақырыптар үшін газеттер мен мерзімдік басылымдар ақпараттың жақсы көзі болуы мүмкін, өйткені журналистер кейбір тақырыптарды, мысалы, әлеуметтік мәселелер, саяси инициативалар, кәсіпкерлер одақтары мәселелері туралы жақсы әңгімелейді. Талдау деңгейі де өте жоғары болуы мүмкін. Академиялық диссертация үшін кітаптар мен журналдарға қарағанда, газеттер екінші деңгейдегі ақпарат ретінде қаралады, бірақ бұл академиялық мақалалардың басылып шығуына біраз уақыт керек екенін көрсетеді, ал газеттерде соңғы кезде болған жағдайлар жазылғандықтан, олар ақпараттың бірден-бір дереккөзі болуы мүмкін.

Зерттеу жұмыстарында кәдеңізге жарап қалар Google және басқа да іздеу жүйелерін қолдану туралы біраз ескертулер айта кетейік. Интернеттің іздеу жүйелері зерттеудің қандай түріне болса да өте пайдалы. Дегенмен олар кейде тек қана сайттарды тауып береді, оларды сұрыптап, бағалай алмайды. Сондықтан тапқан нәрсенізге сыни тұрғыдан қарауға дайын болыңыз. Әрбір адам ғаламтор көзіне ақпарат жүктей алатыны есіңізде болсын және де веб парақтарынан алынған мәліметтеріңізді пайдалы болуы немесе болмауына өзіңіз баға бересіз. Мұндай бағалауларда мынадай талаптарға назар аударыңыз:

- Сайттың авторы кім және мақаланы жариялаудағы себебі қандай?
- Сайт қай жерде орналасқан? Оны URL-адресі арқылы анықтай аласыз. Бұл сайттар академиялық (.ac), мемлекеттік (.gov), коммерциялық емес ұйымның (.org), әлде коммерциялық ұйымның (.com or .co) еншісіне тиесілі ме?
- Сайттағы соңғы жаңарту қашан болған? Көптеген сайттар сізге ең соңғы жаңартылған күнін көрсетіп тұрады, бірақ сіз әртүрлі қосымша ақпараттар және сыртқы келбеті арқылы да сайтқа жақсы қолдау көрсетіліп тұрғанын немесе сілтемелердің жасап тұрғанын көре аласыз. Осы тарауда айтылып өткендей әдебиеттерді іздеу аумағын сенімді веб парақтар арасында шектеп жүргізіңіз. Бұл туралы толық Ұсыныстар мен қорытындылар бөлімінде «Ғаламтордан ақпараттарды қолдану» тақырыбынан қараңыз. Сіздің мекемеңіздің каталогы кітап іздеудегі ең тиімді жол болып табылады, со-

нымен қатар басқа университеттердің каталогтарын де қолдануыңызға болады. СОРАС (КОПАК) құрамына жиырма жеті ауқымды университеттердің ғылыми кітапханалары мен Британия кітапханасының қорлары жинақталып

енгізілген, мына сілтеме арқылы өтіп таныса аласыз: <http://copac.ac.uk> (2011 жылдың 17 қаңтарынан қолданысқа енгізілген).

Танымал amazon сияқты веб парақтар да кітаптар іздеуде өте пайдалы.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Электрондық хат арқылы хабарламалар жіберу

Әдебиеттер тізімін іздеу ауқымын кеңейте түсудің тағы бір тәсілі электрондық пошта арқылы құлақтандыру. Сізді қызықтырған мақала өзіңіз қалаған журналда жарық көргенде, сізге хабарлама жолдайды. Сонымен бірге осындай хабарламалар сізге нақты кілтсөздері бар мақалалар шыққанда немесе белгілі бір авторлардың мақаласы шыққанда, келуі мүмкін. Осындай поштаға хабарлама жеткізудің негізгі тәсілдердің бірі – Британия кітапханасы арқылы Zetoc жүйесін қондыруға тапсырыс беру. Сіз жүйеге қолданушының аты мен құпия сөзі арқылы тіркелуіңіз керек, мұндай жүйелерге Athens қолданушы аты мен құпия сөзі талап етілетінін ескергеніңіз жөн. Zetoc жүйесін мына сілтеме арқылы таба аласыз: <http://zetoc.mimas.ac.uk/> (2010 жылдың 3 тамызынан қолданыста).

Сонымен қатар таңдалып алынған тақырыптар мен авторлардың мақалалары басылып шыққаны жайлы хабарламаларды алып тұру үшін Scopus жүйесін де қолдана аласыз: www.scopus.com/alert/form/MyAlerts.url (2010 жылдың 3 тамызынан қолданыста).

Сонымен бірге iPhone, iPod Touch, және iPad-қа арналған Scopus бағдарламалық қондырғылары да қолданысқа енгізілген, жүктеп алуға да мүмкіндіктер қарастырылған: <http://itunes.apple.com/app/scopus-alerts-lite-take-your/id365300810?mt=8>



Ұсыныстар мен қорытындылар

Ғаламтордан ақпараттарды қолдану

Ғаламтор әлеуметтік зерттеулер туралы өте көп және бай, еркін қолжетімді дереккөздер қорын ұсынады, оларды университеттермен келісімсіз жасамай-ақ оңай және тез алуға мүмкіндік бар. Дегенмен осы арада да туындайтын қиындықтар бар: интернеттің күші өте ауқымды ақпаратты қолдануға рұқсат беруге жететінінің өзі бір жағынан әлсіздік болып саналады, себебі олардың ішінен қайсысы пайдалы, сенімді екенін, ал қайсысы коммерциялық мақсатты ұстанатынын, тым қарапайым жазылғаны немесе ғылыми деңгейі төмен екенін анықтау өте қиын. Ең қауіптісі сіз ғаламтордағы дереккөзге сілтеме жасай отырып, дұрыс емес нәрсеге, қателесу мен жаңылысуға тап

болуыңыз мүмкін. Сондықтан ақпаратты қолдануда талғампаз болған дұрыс және сенімді ақпараттар легі үшін ұдайы тексеріп отыратын сүйікті сайттарыңыздың тізімін жасап алыңыз.

Бірақ мұндай дереккөздер сыни тұрғыдан қатты бағалануы керек. Мысалы, осы кітаптың үшінші басылымы үшін осы тарауды жазу барысында мен студенттер арасында өте танымал Уикипедияда жазылған сапалық зерттеулердің мынадай анықтамасын кездестірдім.

Сапалық зерттеулер – әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеу әдіснамасындағы екі негізгі тәсілдің бірі болып табылады.

Сапалық зерттеулер адамның әрекеттерін және сол әрекеттердің себептерін терең түсінуді қарастырады. Сандық зерттеулермен салыстырғанда сапалық зерттеулер мінез-құлықтың, әрекеттердің түрлі аспектілерінің себептеріне негізделеді. Басқаша айтсақ, сапалық зерттеулерде шешімдер қалай және неге қабылданғанын зерттейді, ал сандық зерттеулерде қай жерде және қашан дегенді қарастырады. Сонымен нәтижелерді ұйымдастыру мен есеп беруде сапалық зерттеулер кездейсоқ іріктеуге негізделсе, аз болса да белгілі үлгіге негізделген.

http://en.wikipedia.org/wiki/Qualitative_research (2007 жылдың 12 ақпанынан қолданыста)

Бұл – сапалық және сандық зерттеулерге берілген жаңсақ сипаттама. Бұл сандық зерттеушілер «мінез-құлықтың түрлі аспектілерінің себебін» зерттеумен байланысты емес дегенді білдіреді. Бұл, тіпті өзгеше ой. Себептік және тәуелсіз және тәуелді айнымалылардың мағыналары сандық зерттеудің негізгі сөздік қорын құрайтын жеке тақырып (7-тарауды қараңыз) ретінде басқаша пікір ұсынады: сандық зерттеушілер мінез-құлықтың себептерін зерттеумен өте терең айналысады. Сонымен қатар сандық зерттеулер де «не, қашан, қай жерде» деген сұрақтарға жауап бере отырып оқиғалар мен нақты жағдайларда не болып жатқанын сипаттап, қай жерде болғанын және уақыты туралы да қорытындылар жасалады. Ары қарай сандық зерттеулер «деректерді үлгі категорияларына бөледі» бірақ бұл үлгілердің табиғаты мен сипаттамасы басқа форманы ұсынады. Бұл сапалық зерттеудің өте нашар анықтамасы және сипаттамасы, веб ресурстарын мүлтіксіз қолданудың үлкен тәуекелге апаратынын көрсетеді. Уикипедияда өте жақсы мақалалар қамтылған, бірақ оған жалпы барлық вебресурстарға қарағандай сақтықпен қарау керек. Бір қызығы жоғарыда берілген дәйексөз алынып тасталған болар, себебі мына адрес бойынша қазір ашылмайды:

http://en.wikipedia.org/wiki/Qualitative_research (2010 жылдың 3 тамызынан қолданыста).

Іздеу құралдары

Google-да «Google Scholar» деген атпен белгілі өте пайдалы ресурс бар, бұл веб парақты Google-дің негізгі парағынан аша аласыз. Ол жерде сізге ғылыми әдебиетті іздеуге оңай тәсіл ұсынылып отыр. Іздеу академиялық баспалар, кәсіби одақтар, университеттер және де басқа да ғылыми мекемелерден алынған рецензияланған жұмыстарға, диссертацияларға, кітаптарға, автореферат пен мақалаларға негізделген.

Google Scholar, сонымен қатар бұл пункт басқа адамдармен қанша рет дәйексөз ретінде алынғанын көруге мүмкіндік береді. Бұл идеяның маңыздылығын немесе нақты ғылыми қызметкердің өзін бағалауда өте пайдалы болуы мүмкін.

<http://scholar.google.com>.

Ағымдағы жағдайлар

Тақырыптық зерттеулер талдауы мен қазіргі заман талабына сай күнделікті әлеуметтік мәселелерді BBC жаңалықтар веб парағынан да таба аласыздар. Бұл жаңалықтар орынды берілген және жақсы талдау жүргізілген:

www.bbc.co.uk.

Әлеуметтік тенденциялардағы статистикалық мәліметтер

Ұлттық статистика бюросының әлеуметтік тенденциялар туралы өте көп мәліметтерін олардың веб парағынан таба аласыздар:

www.statistics.gov.uk

28-тараудың басында көрсетілген Интернетті қолдануға байланысты статистика осы сайттан алынған.

Нақты елдерді, салаларды және секторларды қамтитын Еуропалық статистиканы Еуропалық Одақтың сайтынан таба аласыздар:

http://europa.eu/index_en.htm

Әлеуметтік зерттеу тәсілдеріне қатысты басқа да пайдалы веб парақтар:
Әлеуметтанушыларға арналған материалдар қоры:

<http://tramss.data-archive.ac.uk/>

Intute жүйесі:

www.intute.ac.uk/services.html

Әлеуметтік зерттеу тәсілдерін желіде қарастыру:

www.geog.le.ac.uk/ORM/

Сапалық зерттеу талдаулары:

<http://onlineqda.hud.ac.uk/>

Зерттеу этикасы: www.ethicsguidebook.ac.uk және

[www.lancaster.ac.uk / researchethics /index.html](http://www.lancaster.ac.uk/researchethics/index.html)

Екінші сараптамаға қолдануға болатын біршама деректерге шолуды мына сілтеме арқылы таба аласыз:

www.esds.ac.uk

(Осы арада сілтемелері ұсынылған барлық веб парақтар 2010 жылдың 3 тамызынан қолданыста екені мәлім, кейінгі мәліметтер жоқ.)



Студент тәжірибесінен

Әдебиеттерге шолу жасау. Жалғасы

Қолданылған әдебиеттерге шолу жасау әдетте ғылыми жұмыстың бөлек кезеңі ретінде сипатталады, ал шын мәнінде, бұл бөлім ғылыми-зерттеу жобасының маңызды әрі тұрақты бөлігі болып табылады. Zetoc (Кеңестер дағдылар «Электрондық хат арқылы хабарламалар жіберу» тақырыбын қараңыз) электрондық поштаға хабарлама жіберу жүйесіне мүше болу әдебиеттерді бақылап отыруға ыңғайлы жол екенін алдыңғы тақырыптарда қарастырып кеттік, дегенмен әдебиеттерге шолу жасау зерттеудің бастапқы кезеңінде бітеді деп айту қиын. Ребекка Барнс әдебиеттерге шолу жасаудың үздіксіз үдеріс екендігіне көзі жеткенін білдірді.

«Мен ғылым кандидаты дәрежесіне жазған жұмысымды бастағанда әдебиеттерді қарастырып және шолулар жасауға көп уақытымды жіберсем де, бұл үдеріс жұмысым барысында ұдайы жалғасын тауып отырды. Мен Кембридж Әлеуметтік Тезистер жинақтарынан маған қажетті болатын әдебиеттерді іздестіріп, электронды ақпарат базасын пайдаландым және дереккөздер библиографиясынан біржыныстық отбасындағы жәбірлеуге қатысты ақпаратты ұшырастырғаным пайдаға асты . . . Мен Zetoc хабарламаларына да тіркеліп алдым, себебі қолда бар әдебиеттерде ұдайы ақтарып уақыт кетірмей, жаңадан жарық көрген мақалалардан хабардар болуға тиімділік тудырды».

Ребекканың тәжірибелері аса ерекше емес. Ғылым кандидаты жұмысы барысында Изабелла Робинс әдебиеттерге шолу жасауды «алты жыл бойына жалғасатын үдеріс» ретінде сипаттайды. Ал Сара Хэнсон шолуды аяқтау қиындықтар тудыратынын тұжырымдап отыр.

«Мен әдебиеттермен танысуды, оқуды тоқтата алмаймын деп қорықтым. Әдебиеттерге шолу жасап біткен соң, диссертацияны жазуға кірістім. Бірақ мен бәрібір кітаптан кітапқа үңілуді жалғастырдым және оқыған кітабымды әдебиеттер тізіміне қосу керектігін естен шығармадым. Соңында мен жұмысымды жазып бітірдім де, дереккөздерін қойып шықтым».

Дәл осындай жұмысты дипломдық жұмысының дереккөздерін жазған Джонатан Сметэрхэм өзіне таныс әдебиеттерге шолу жасаудан бастағаны туралы былай деп жазды:

«Мен зерттеу сұрақтарын құрастырдым, оларды әдебиеттерге кең ауқымды шолу жасаудың негізі етіп алдым. Осы алғашқы кезеңінде-ақ мен атақты зерттеушілердің есімдерін көп кездестірген соң олардың еңбектерімен тереңірек таныса бастадым. . . Ғылыми-зерттеуімді аяқтағанымда әдебиеттер сілтемесін қайтадан жазуға тура келді. Себебі деректерді жинақтау барысында ғылыми жұмысымның көлемі айтарлықтай өзгеріске ұшыраған еді. Дегенмен зерттеу жұмысы мақсатқа сай және нәтижелі түрде жасалды және уақыт тығыздығы, шолу жасау үстірт түрде емес, керісінше жаңартылған түрде ауқымды болып қамтылуы еш кедергі болмады», – деп жазды.



Ребекка, Изабелла, Сара және Джонатанның зерттеу жұмыстарымен көбірек танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Кілтсөздер және зерттеу параметрлерін анықтау

Барлық желідегі дерекқорлар үшін іздестіру жүйелеріне енгізуге ыңғайлы Негізгі ұғымдар ойлап табуыңыз керек, бұл сізге қолайлы сілтемелер анықтауға мүмкіндік тудырады. Журналдағы мақалаларда көбіне кілтсөздердің тізімі ұсынылады. Сіздің зерттеуіңізге қатысты Негізгі ұғымдар тізімі көрсетілген екі немесе үш мақала тауып алсаңыз сіздің зерттеуіңізге қатысты басқа мақалаларды іздеу үшін осы кілтсөздердің кейбіреулерін қолдану пайдалы нәтиже беруі мүмкін. Сонымен қатар, дерекнамада ол сөздердің өз тіліңіздегі синонимдерін немесе баламалы терминдерін қолдануға бо-

латынын ойлаңыз. Мысалы, 5.4-тақырыбының зерттеуіне келтірілген мысалда «басқару*», «әкімшілік» және «жетекші*» деген баламаларды алып қарастырдым (жұлдызшалар орнынан алмастырып қоюға болатын баламаларды осы тараудың басынан бастап қараңыз). Бұл басқару және әкімшілік сөздерінің жетекші сөзімен бір мағыналы дегенім емес, дегенмен кейбір авторлардың осы терминдерді жетекші орнына синоним ретінде немесе өте ұқсас түрде қолданатынын байқадым. Зерттеу үдерісі жүріп жатқан кезде де эксперимент жасауға және негізгі ұғымдарды алмастыруға дайын болыңыз; әдебиеттерге шолу барысында сіздің субъектінің басқаша аталғанын ұшыратуыңыз мүмкін.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Кілтсөздер


Шолудың барлық түрлері үшін – жүйелі немесе хабарлы – желіде мақалалардың дерекқорларын негізгі ұғымдарды қолданып іздеу өте маңызды. Алайда айтуға оңай болғанымен, іс жүзінде қиындау. Мысалы, 5.3-тақырыбындағы зерттеу мақаласының авторлары өз тақырыптарында кілтсөздерді қолданып іздегенмен, тек қана мета-этнографиялық сусамырға қолдану жұмыстарын толығымен жасап біткенде «мета-этнографиялық тақырыпта «сусамырға қарсы шынайы тәжірибелерге» қатысты 43 сапалық баяндаманың бар екенін білдік» дегенді жазды (Кемпбел және басқалары, 2003: 683). 1998 жылы жарық көрген бұл мақаланы таба алмағандар тек қана олар емес, мета-этнография жайлы мақала іздеген басқа авторлар да Кемпбел және басқалары қолданған жеті мақаланың тек қана үшеуін қамтыған. Кілтсөздерді қолданып іздеу біраз тәжірибені талап етеді және бір мәртелік ретінде қарастырылмауы керек.

Көптеген дерекқорларда іздеу шарты ретінде зерттеу жобаңыздың тақырыбын, бір сөйлем немесе ұзын сөздер тізбегін енгізу тәсілін қолданбаңыз, себебі осы тақырыпта басқалары тақырыпқа сай емес нәрселер жазатындықтан іздеу нәтижесі сізге өте ауқымды деректер бе-

регі анық, сондықтан ұсынылған біршама тізім арасынан кәдеңізге жаратар, тақырыпқа сай мақала аз болуы мүмкін. Сол себепті қолданылатын кілтсөздер де саналы пікірді қажет етеді («кілтсөздер» тақырыбының Ұсыныстар мен қорытындыларын қараңыз).

5.1-сызба

Әдебиет іздестірудің бір жолы




Ескертпе: Зерттеу жұмысының әрбір кезеңінде қандай іс атқарғаныңызды және кейбір әрекеттеріңіздің себебін жазып отырыңыз. Бұл сіздің жұмысты қандай реттілікпен жүргізгеніңізді есіңізге түсіреді және сипаттама жазуда, сонымен қатар тәсіл түрлерінің бөлімдері болып табылатын әдебиеттерді іздеу стратегиясын негіздеуге өте пайдалы. Оқыған әдебиеттеріңіздің қажетті тұстарын белгілеп алғанда, оның мазмұны мен тәсіліне, сонымен қатар қолданушылығына мән беріңіз, және әрбір элементтің сіздің сыни көзқарасыңызды қалай қалыптастыратыны жайлы ойлай жүріңіз.

Дерекқорларда жүйелі түрде өздігінен ұсынылатын ЖӘРДЕМДІ қолданыңыз, осылайша кілтсөздерді қалай тиімді қолдануды біліп аласыз. ЖӘНЕ, НЕ-МЕСЕ, және ЕМЕС тәрізді «көмекші» сөздерді қолдану кәдеңізге ерекше жауабы мүмкін.

Зерттеудің кейбір салаларында қыруар сілтемелер болады. Олардың ішінен негізгілерін таңдап алып, тек қана сол сілтемелермен жұмыс істеуге тырысыңыз. Зерттеу жұмысыңызға қатысты жасап алған кестеңіздегі келесі кезеңге өтіп, ары қарай жүргізу үшін, кітапханада көп отыра бермеңіз. Бұл әдебиетпен жұмысты тоқтатыңыз деген сөз емес, дегенмен өзіңізді зерттеу жұмыстарын ары қарай, кітапханадан

тыс жүргізуге ынталандырыңыз. Жетекшіңіздің әдебиеттерді қайдан іздестіру туралы берген кеңесін тағы бір рет шолып шығыңыз. 5.1-сызбада тиісті әдебиеттерді іздестірудің жолы сатылармен көрсетілген. Кестенің соңында берілген маңызды және есте сақтап жүретін ұсыныстардың бірі – үдерістердің әрбір қадамы жайлы ұдайы жазбалар жүргізу, бұл өз кезегінде қандай істердің атқарылғанын қадағалауға өте тиімді. Сонымен қатар жетекшіңізге әдебиеттер тізімінің алғашқы қолжазбасын бергенде, барлық сілтемелерді нақтылап көрсеткеніңізді тексеріңіз, бұл жетекшіңізге сіздің шолуыңыздың сапасына және ауқымына жақсы баға беруіне мүмкіндік тудырады.



Өз жұмысыңызға сілтемелер жасау

Басқаларының жұмыстарына сілтеме беру маңызды ғылыми әрекет, себебі осылайша сіз өз зерттеу тақырыбыңыздың тарихына үңілгеніңізге назар аудартасыз, әсіресе егер сіз Гарвард (немесе авторға ыңғайлы мерзімді) тәсілін қолдануыңыз өз дербес зерттеуіңізді басқалардың жұмыстарына сүйене отырып жасағаныныңызды қабылдайтыныңызды көрсетеді. Әдебиетке шолуда сілтеме бере отырып, сіз өз тақырыбыңызға сай біліміңізді және түсінігіңізді көрсете аласыз. Диссертацияңыздың басқа кезеңдерінде бұл сілтемелер басқа мақсатта қолданыла алады, мысалы, сіздің әдіснамалық пікірлерді түсінетініңізді көрсетеді немесе ол – өз дәлелдеріңізді нығайта түсуде көмекші құрал. Сілте-

мелер көбіне жеке дәйексөз ретінде немесе дәйексөзге сілтеме беру арқылы келтіріледі.

Осы тараудың басында айтып кеткенімдей, сіздің белгілі бір уақытқа дейін не оқығаныңызды жазып жүру, әсіресе библиография немесе сілтемелер бөлімінде қолданылатын әрбір кітап немесе мақаланың библиографиялық мәліметтерін жазып жүру – әдебиетке шолу жасауда керемет машықтың үлгісі. Ауқымды зерттеу жобалары үшін жабысқақ қағаздар немесе осындай мақсаттарда пайдалануға тиімді арнайы Procite немесе Endnote тәрізді қондырылған бағдарламалар пакетін қолдану өте пайдалы. Дегенмен, студенттердің кішігірім ғылыми-зерттеу жұмысына

оқып шыққан барлық кітаптары мен мақалалары туралы электрондық жазбаларды Word түрінде сақтап, жазу жетерлікті. Алайда қорытынды библиография тарауына жазбаларыңыздың барлығын енгізе алмауыңыз мүмкін екенін естен шығармаңыз. Сонымен қатар библиографиялық жазбаларыңызды уақытымен жаңалап тұруды да ұмытпаңыз және бұл істі қолжазбаңыздың соңында уақыт тығыздығына да қарамастан, ұдайы қадағалап отырыңыз.

Диссертацияңызда сілтеме жолдарының қандай тәсілін қолдану туралы сіздің мекемеңіздің мідетті түрде өз нұсқаулары болары анық, сондықтан сілтемелер жұмысын сол нұсқауларды негізге алып бағыттаңыз. Дегенмен, осы арада, қолданыстағы негізгі екі тәсілін айта кетейік:

- *Гарвард* немесе авторға ыңғайлы мерзімді. Бұл жүйенің тобықтай түйіні: өз жазбаларыңызда автордың немесе авторлардың дәлелін немесе пікірлерін өзгертіп қолдансаңыз, бірден автор(лар)дың аты-жөнін және мақаласының басылып шыққан жылын көрсетіп бірден жақша ішіне алып жазыңыз. Егер автор(лар)дың дәйексөздерінен мысал келтіретін болсаңыз, осы дәйексөзді тырнақша ішіне алып жазыңыз және басылып шыққан жылы мәліметінен соң дәйексөз алынған беттің нөмірін көрсетіңіз. Өз мән-мәтініңізде келтірілген дәйексөздер алынған барлық кітаптар, мақалалар немесе басқа ақпарат көздері диссертацияңыздың соңында авторлардың фамилиясын әліпби бойынша жазу арқылы сілтемелер тізімі ретінде беріледі. Бұл әлеуметтік зерттеуде қолданылатын жалпылама сілтеме

жүйесі және осы кітапта да осы жүйе қолданылғанын көресіз. Сонымен қатар егер сіздің университетіңізде сілтемелер туралы нұсқауларға талап қарастырылмаған болса, осы жүйені қолдануға кеңес береміз.

- *Сілтеме немесе нөмірлеу*. Бұл тәсілде, мән-мәтінде үстіңгі көрсеткіштерді қолдану арқылы сол беттің немесе мән-мәтіннің соңында жазылған ескертуге сілтеме беру қамтылған, егер тікелей дәйексөз келтірілген болса, ол ескертпеде сілтеме бетінің нөмірі көрсетіліп толық мағлұмат беріледі. Егер дәйексөз алынған негізгі мақалаға сілтеме беру бірнеше рет қолданылатын болса, әрбір келесі дәйексөзге ықшамдалған атау жүйесі деп аталып кеткен сілтеменің қысқартылған нұсқасы жазылады. Сонымен қатар осы қолданылған дерекнамаларға сілтеу жасауда үстіңгі және астыңғы көрсеткіштерді қолдану да дамыған және көбіне қосымша нақтылауларда қамтылады, мысалы – автор сілтеме жасаған дерекнамаға қатысты өз пікірін жазуына болады. Бұл – тарихи жазбаның ерекшелігі. Сілтеме немесе нөмірлеу тәсілінің бір басымдылығы оқырманның назарын басқаға аудармайды, ойын бөлмейді, керісінше Гарвард тәсілінде кей жағдайларда ұзын сілтімелердің берілуі оқыманның негізгі ойын тұжырымдауына қиындықтар тудырады. Және Word тәрізді бағдарлама пакеттерінде ескертулер енгізуге қолайлықтар қарастырылған, сондықтан болар, көптеген студенттер өз жұмыстарында осы сілтеме түрін қолдануды өте тиімді деп ойлайды. Алайда бұл тәсілді дұрыс қолдануды

әркім оңай меңгере бермейді және студенттердің көбі бұл тәсілді дұрыс қолдана алмайтындықтан, кейде жеке библиография тізімін енгізу немесе енгізбеу туралы екі ойлы пікірлер туындап жатады. Сілтемені астыңғы көрсеткішпен көрсету тәсілі қолданылса оны библиографияға енгізудің қажеті

жоқ, алайда бұл студенттердің жұмысын бағалауда маңызды рөл алуы мүмкін (5.2-терең пікірді қараңыз). Библиография тізімін жазбау сілтеменің бұл түрінде анық кемшілік болып табылатындықтан, мекемеңіз сіздің бұл тәсілді неліктен қолданбағаныңыз туралы сұрақтар қоюы мүмкін.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Сілтемелердің Гарвард және ескерту тәсілдері

Төменде келтірілген мысалдар басылып шыққан жұмыста жалған сілтемелер берілгеніне мысал бола алады. Жарық көрген мақалалардың барлығының соңында сілтемелер тізімі болатынын жадыңызда ұстаңыз; Гарвард тәсілі қолданылған кітаптарда сілтемелер тізімі әдетте библиографияны жазуда ықшамдалған-тақырып жүйесі бойынша көрсетіледі. Сілтемелерде қолданылатын тыныс белгілері – мысалы, үтірді қай жерге қою керек немесе сөйлемді толықтай бас әріппен жазу керек пе немесе тек қана бірінші әрпі бас әріппен жазылады ма – әртүрлі ақпарат көздерінде әрқалай қолданылған. Мысалы, Гарвард тәсілі қолданылған кейбір журналдар мен кітаптарда автордың тегі мен мақала басылып шыққан мерзімі арасында үтір қойылған – (Есім, 1999) – алайда кейбір кітаптарда осы тәрізді сілтемелерде үтір қойылмаған. Дегенмен, тұрақтылық өте маңызды екенін есте сақтаңыз. Өз сілтемелеріңізде қолданатын тыныс белгілер үлгісін таңдап алыңыз; сіздің зерттеу тақырыбыңыздағы танымал журналда қолданылған тыныс белгілерінің нұсқасын үлгі ретінде алып, жұмысыңыздың соңына дейін сол үлгіні қолданыңыз.

Кітаптағы Гарвард сілтемесіне мысалды мына мән-мәтіннен көре аламыз:

Текстің ішінде:

Есім және басқалары (1999) тұжырымдағандай, уәждеме дегеніміз – көптеген ішкі және сыртқы факторларды қамтитын кең ауқымды мағына...

. . . және библиографияда немесе сілтемелер тізімінде:

Есім, А., және Басқалары, С. (1999). *Кітаптың аты қиғаш жазылған*. Баспа орны: Баспа.

Кітаптағы тікелей дәйексөзге Гарвард сілтемесіне мысалды мына мән-мәтіннен көре аламыз:

Текстің ішінде:

Дегенмен ішкі факторлардың маңыздылығы көбіне назардан тыс қалады, себебі «уәждемені зерттеу сыртқы факторлардың ықпалын қарастыруда басымдылық танытады» (Есім және Басқалары 1999: 123).

. . . және библиографияда немесе сілтемелер тізімінде:

Есім, А., және Басқалары, С. (1999). *Кітаптың аты қиғаш жазылған*. Баспа орны: Баспа.

Журнал мақаласындағы Гарвард сілтемесіне мысалды мына мән-мәтіннен көре аламыз:

Текстің ішінде:

Есімдерін атай отырып жасаған зерттеу (2003) жұмысшыларға уәждеме беруде ішкі факторлардың маңыздылығына назар аудартты.

... және библиографияда немесе сілтемелер тізімінде:

Есім, А. (2003). «Журналдағы Мақала Аты», Журналдың аты, 28(4): 109-38.

Осы кітаптағы сілтемелерден көруге болатындай басылым нөмірлері ескерілмеуі де мүмкін.

Томдық (басылым) нөмірлеріне қатысты



Өңделген кітаптағы тарауда қолданылған Гарвард сілтемесіне мысалды мына мән-мәтіннен көре аламыз:

Текстің ішінде:

Есім (2001) ұсынғандай, жұмысқа дара уәждеме беру бірталай сыртқы және ішкі факторларға байланысты.

... және библиографияда немесе сілтемелер тізімінде:

Есім, А. (2001). «Кітаптағы Тараудың Аты», С. Басқасы (бас), *Кітаптың аты қиғаш жазылған*. Баспа орны: Баспа, 124-56.

«Баспа» сөзі қысқартылып алынған



Гарвард сілтемесі екінші қайтара қолданылған мысалды мына мән-мәтіннен көре аламыз:

Текстің ішінде:

Жұмысқа дара уәждеме беру бірталай сыртқы және ішкі факторларға байланысты (Есім 1993, Басқасында дәйексөз келтірілген 2004).

... және библиографияда немесе сілтемелер тізімінде:

Есім, А. (1993). *Кітаптың аты қиғаш жазылған*. Баспа орны: Баспа, С. басқасында дәйексөз келтірілген (2004), *Оқу құралының аты қиғаш жазылған*. Баспа орны: Баспа.

Гарвард сілтемесі галамтор сайттарында қолданылған мысалды мына мән-мәтіннен көре аламыз:

Текстің ішінде:

Скопус өзіне былай деп сипаттама береді «ғылыми-зерттеу әдебиеттерінің ең ауқымды абстракция және дәйексөз дерекқорлары және сапалы веб парақтар» (Скопус 2007)

... және библиографияда немесе сілтемелер тізімінде:

Скопус (2007). www.scopus.com/scopus/home.url (2010 жылдың 5 тамызынан бастап қолданыста).

Ескерту: қолданысқа енген мезгілді көрсету өте маңызды, себебі көптеген веб парақтар жиі өзгеріске ұшырап тұрады (кейде өшіріліп қалып та жатады)! «Веб-парақтардан ақпараттар қолдану» тақырыбындағы Ұсыныстар мен қорытындыларды мысал ретінде қарап шығыңыз.

Кітапқа ескерту сілтемесі берген мысалды мына мән-мәтіннен көре аламыз:

Текстің ішінде:

Басқаша жағынан қарасақ, Есім³ тарапынан жүргізілген зерттеу ішкі факторлардың жұмысшылар уәждемесіне ықпал ететініне назар аудартты . . .

. . . және ескертуде:

³А. Есім, *Кітаптың аты қиғаш жазылған*. Баспа орны: Баспа, 2000, 170-7 бб.

Галамтор сайтына ескерту сілтемесі берген мысалды мына мән-мәтіннен көре аламыз

Текстің ішінде:

Скопус өзіне былай деп сипаттама береді «ғылыми-зерттеу әдебиеттерінің ең ауқымды абстракция және дәйексөз дерекқорлары және сапалы веб парақтар».³⁹

. . . және ескертуде:

³⁹ Скопус (2007). www.scopus.com/scopus/home.url (2010 жылдың 5 тамызынан бастап қолданыста).

Өзіңіз дербес сілтеме дайындағанда, өз мән-мәтініңізде және библиографияда немесе сілтемелер тізімінде *сіздің мекемеңіздің диссертация, баяндама немесе тезис жазуға дайындаған үлгісі мен құралдарын қолданыңыз*.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Библиографиялық бағдарламалық жасақтаманы қолдану

ProCite, EndNote, және Reference Manager – библиографияға түзетулер енгізіп және басып шығаруға арналған Windows бағдарламалық жасақтамасының құралдарына негізделген үш жетекші бағдарламалар. Сіздің университетіңіздің осы үш бағдарламалардың бірінің пакетін қолдануға рұқсаты болуы мүмкін. Олар ғылыми-зерттеушілер, ақпараттық мамандар және студенттер тарапынан библиографиялық баяндама бөлімін жазуда қолдан жасалған индекс карточкаларына балама ретінде қолданылады. Бұл сізге өзіңіздің дербес дерекқорыңызды жинап алуға мүмкіндік туғызады. Бұл жазба жинақтарын кейіннен түрлі талаптарға сай автоматты түрде формаға келтіруге болады, мысалы, арнайы бір ғылыми журналдың сілтемелер талаптарына сай өзгерту мүмкіндігі қарастырылған. Бағдарламалық жасақтаманың тағы бір басымдылығы, ол – әлеуметтік ғылымдардың дәйексөз индексі (SSCI) дерекқорынан сілтемелерді тікелей экспорттау мүмкіндігінің болуы. Бағдарламалық жасақтама тиісті сілтемені тауып беретін қосымша іздеу мүмкіндігімен де қамтамасыз етілген, алайда бұл қызметтің деңгейлері пакет түрлеріне қарай әртүрлі.

Ұзақ мерзім қолданылатын жағдайда бұл сіздің уақытыңыз бен күш-жігеріңізді үнемдейді және ықтимал қателерді азайтады. Алайда егер тек қана диссертация жазуға қолданатын болсаңыз, студенттік зерттеу жобасы үшін бұл бағдарламалық жасақтаманы қолдануды үйренуге арнайы уақыт бөлу, тіптен қажет емес. Басқа жағынан қарайтын болсақ, егер бағдарламалық жасақтаманы қолдануды жетік білу ұзақ мерзімге қажет болса, мысалы кандидаттық қорғап, ғылыми мансап жолында қалуды жоспарлаған

болсаңыз, немесе зерттеу тәжірибелері жақсы бағаланатын салада жұмыс істеуге ниеттенген болсаңыз, мұндай бағдарламалық жасақтаманы егжей-тегжейді үйреніп алуыңыз сіз үшін өте пайдалы болмақ. Бұл бағдарламалар жайлы нақты деректерді мына веб-парақтар сілтемесі бойынша таба аласыз:

www.procite.com

www.endnote.com

www.refman.com

Бұл бағдарламалар пакетіне рұқсатыңыз болмаса, студенттерге тегін бағдарламалық жасақтамалар ұсынылған, оларды ғаламтор парақтарынан көшіріп алуға болады. Мысалы, BiblioExpress түрлерінің қарапайым бір нұсқасы – Bibloscape пакеті. Бұл пакеттің қызметтері құрамында библиографиялық сілтеменің бағдарламалық жасақтамасымен байланысты маңызды сипаттары бар және өзіңіз тегін жүктей алатын веб парақтардан тұтынушыға барынша қолдау көрсетеді. BiblioExpress студенттің зерттеу жобасына қажетті маңызды жұмыстардың көбін атқара алады. Толық ақпарат алу үшін мына сілтемені қараңыз:

www.bibloscape.com/biblioexpress.htm

Осы арада көрсетілген барлық веб парақ сілтемелері 2010 жылдың 5 тамызынан бастап қолданыста.



5.5 Терең пікірлер

Екінші қол әдебиеттер қорларын қолдану мәселесі

Екінші деңгейлі дерекнама болып саналатын теориялар мен нәтижелерді қолданғанда, өте сақ болыңыз. Олардың кейде басылымдарда жаңылыс қолданылатыны белгілі, дегенмен осы кітапта кездеспейді деген үміттенемін. Кітаптың соңына жақын 24.8-тақырыбының зерттеу жұмысында мысал келтірілген ауқатты жұмысшы зерттеуі қызық жағдай болып табылады. Зерттеуде 1960 жылдары Лутон қаласындағы үш компанияда жұмыс істеген ауқатты жұмысшылар арасында сауалнама жүргізілген. Бұл тақырып британиялық элеуметтану классикасына жатады. Осы зерттеуге қатысты басылып шыққан кітаптардың бірінің авторы осы зерттеудің нәтижелері талқыланған кітаптар мен мақалаларға қайталап зерттеу жүргізді. Плат (1984) кейбір авторлардың нәтижелері қате қорытындыланғанын анықтады. Төменде қате түсіндірулерге мысалдар көрсетілген:

- *Зерттеу тек қана автокөлік жүргізушілеріне негізделді.* Дұрыс емес – үш компанияның тек қана біреуі машина компаниясы болған.
- *Зерттеу тек қана жартылай-тәжірбелі немесе жаппай өндіріс жұмысшылар арасында жүргізілді.* Дұрыс емес-тәжірбелік деңгейлері әртүрлі болды және қолмен жұмыс атқарудың технологиялық нұсқалары да қарастырылған.
- *Зерттеу инструментализмді «ашты»* – демек, жұмысқа инструменталдық бағыт қолданылған. Бұл тағы да дұрыс емес – инструментализм деректер жайлы қорытынды болатын, жаңадан ашылған жаңалық болып саналмаған.

Осы арада ескертетініміз, теориялық пікірлер мен зерттеу нәтижелерінің қате түсіндірмелерін абайсызда пайдаланудан абай болыңыз.


Библиографияның алар орны

Жақсы жазылған библиографияны немесе сілтемелер тізімін не құрайды? Бастапқыда сіз тізімнің біршама көп болуы жақсы әсер қалдырады деп ойлаған боларсыз, себебі көптеген сілтемелерді қамтыған библиографияның ұзын тізімі автордың өз зертеуіне қатысты қолда бар әдебиеттерді жан-жақты қарастырғанын жақсы жағынан көрсетуі мүмкін. Бұл, әрине, дұрыс пікір, дегенмен оның да шегі бар, себебі библиографияның таңдалып жинақталғаны да маңызды рөл ойнайды – тақырып туралы осы уақытқа дейін жазылған барлық деректерді қамтымауы мүмкін, дегенмен автор ресурстардың тиімділігі және маңыздылығы жайлы ақпараттық пайымдауын көрсете білуі тиіс. Бұл осы тараудың басында айтып кеткен сапа жайлы әңгімені қайта қозғайды. Сапалылықты арттырып көрсететін жалпы бір түрі – мақала жарық көрген журналдың беделі. Жоғары беделді болу жақсы көрсеткіш екеніне қарамастан, бұл тәсілге ерекше сенім артпағаныңыз дұрыс, себебі орта дәрежелі журналдарда сіздің тақырыбыңызға тікелей қатысты мақалалар болуы мүмкін, мысалы практиктерге арналған мақалалар. Сапа туралы осы пікірлерді білгеніңіз дұрыс, дегенмен жетекшіңіздің кеңесіне жүгініңіз. Библиографияның жақсы жазудың тағы бір ерекшелігі – қосымша сілтемелердің болуында. Бұл тәсіл мына жағдайда қолданылады: сіз мақалаға немесе кітапқа сілтеме бердіңіз; ол өз кезегінде басқа ақпарат көзінде, мысалы оқу құралында дәйексөз ретінде келтірілген; сіз осы дәйексөз

келтірілген мақаланың немесе кітаптың түпнұсқасына қол жеткізе алмадыңыз немесе ондай мүмкіндігіңіз болмады. Алайда қосымша сілтемелерге үлкен үміт арту да шешімін таппауы мүмкін, себебі сіз басқа авторлардың қайталама мән-мәтінінде ұсынылған түпнұсқаға берген түсініктемеге бағынышты боларсыз. Әрине бұл сіздің тақырыбыңыз бойынша әдебиетке шолуыңыздың кейбір кезеңдерін тамамдауға жетерлікті болуы мүмкін, алайда бұл Қытайша сыбыр ойынына ұқсайды: түпнұсқа мән-мәтінді басқаша түсіндіру ықтималы әрқашан да міндетті түрде орын алып отырады және түпнұсқадан ары қарай алшақтаған сайын өзгере береді. Сондықтан егер сіздің тақырыбыңызда сілтемелер маңызды рөл алатын болса, екінші қолды немесе қайталама сілтемелерді қолданғанда абай болып және мүмкіндігінше тек қана түпнұсқаны қарастыру – маңызды пікір. 5.5-тақырыбының терең пікірлерінде автордың жұмысы жарыққа шыққаннан кейін, қайтадан түсінік беру және қате түсініктемеге қалай сілтеме беруге болатыны жайлы мысал келтірілген. Жақсы жазылған библиографияның тағы бір ерекшелігі – жазбаның соңында келетін сілтемелер тізімі мен тақырыптың негізгі мән-мәтінінде олардың қалай қолданылғаны арасындағы байланыстан туындайды. Мән-мәтінде қолданылмаған сілтемелерді сілтемелер тізіміне қосудың қажеті жоқ екені өз алдына түсінікті. Сілтемелер мән-мәтінде жазылғандармен байланыстырмай, жай ғана арасында қосқаннан гөрі, сілтемелерді қолданғанда, ол сілтемелермен шынымен де танысқаныңызды, түсінгеніңізді және теориялық пікірлер

қалыптастырғаныңызды көрсете отырып қолдансаңыз – бұл міндетті түрде жақсы әсер қалдырады сөзсіз. Тағы бір ескеретін маңызды жай: Барнет (1994) жақсы жазылған библиография кейде жұмыстың тіптен кішкентай бөлігіне де сапалық сипаттама бермейді деп тұжырымдайды және көптеген ықпалды ғылыми кітаптардың бірде-

бірінде сілтеме жазылмағанына мысал келтіріп сөзін растап отыр. Бордьюдің (1984) пікіріне сүйене отырып, ол библиография жазудың басты мақсаты: автордың өзі жеткен мақсаттарының ерекшеліктерін сізге түсіндіре білуі, автордың шектелген жағдайдағы ықыластары мен сенімдерін түсіндіруі дегенді ұсынады.



Шығармашылық ұрлықтың алдын алу

Әдебиетке шолуды жазу барысында танысып жатқан жұмысыңыздан шығармашылық ұрлық жасамауды, заңсыз пайдалануды болдырмауды естен шығармаңыз. Жалпы плагиат тым екі ұшты түсінік. Қысқаша оксфорд сөздігінде шығармашылық ұрлық жасауға «басқа біреудікі (пікірлерін, жазбаларын, ойлап тапқандарын) өзінікі тәрізді алу және қолдану» деген анықтама берілген. Сонымен қатар, Ұлыбритания желідегі Encarta ағылшын сөздігінде «басқа біреулердің идеясын немесе жазба жұмысын көшіріп алу және оны түпнұсқа ретінде ұсыну» деген анықтама берілген. Шығармашылық ұрлық эссе немесе баяндама дайындау барысында оқыған әдебиеттерге ғана байланысты емес. Басқалары жазған эседен немесе веб парақтардан ешкімге тиесілі емес ақпаратты ауқымды мөлшерде алу да шығармашылық ұрлыққа жатады. Және өзін-өзі шығармашылық ұрлыққа итермелеу де мүмкін, бұған адам өзі бұрын жазған және түпнұсқа ретінде өткізіп тастаған ақпаратын қайтадан қолдануы жатады. Шығармашылық ұрлық ғылыми

алдаудың түрі деп қарастырылады және егер шынында академиктердің саналарында жалған ғылыми нәтижелер жасау тәрізді теріс қылықтар орын алса да, бұл әрекеттердің айырмашылықтары өте аз. Студенттер арасында шығармашылық ұрлық деңгейі барған сайын көбейіп барады деген көп таралған пікірлер бар, алайда бұл пікірдің дұрыс немесе бұрыстығын анықтау қиынға соғатыны анық. Шынында, шығармашылық ұрлықтың өз алдына қаншалықты кең таралғанын айту қиын, себебі таралу деңгейі туралы берілген бағалар арасында елеулі айырмашылықтар бар. Осы плагиаттың орын алуына маңызды себеп – егер негізгі себеп деп айтпағанда – ғаламтор деген пікірді көбі қолдайды. Веб парақтарынан оңайлықпен көшіріп алуға болатын мән-мәтіндер, электрондық журналдар мақалалары, электрондық кітаптар, коммерциялық негізде сатылатын желідегі эсселер және басқа көптеген ақпарат көздерінен алып, өз эссесінде қолдану британдық студенттер мен басқа жерлерде плагиат мәселелерінің кеңінен таралып кетуіне себепші негізгі факторлар деп қарастырылады.

Жоғарғы оқу орындарында плагиатқа қатысты бірталай қиындықтар орын алып отыр. Оның бірі – университеттердің ішкі заңына орай плагиатқа берілген анықтамалардың әртүрлі болуы (Стифени және Кэрел 2001). Әрі қарай, қашан әшкереленгеніне баға беруіне байланыстылығы да әртүрлі. Сонымен қатар типіне және қолданылатын жаза түріне қарай да өзгешеленеді. Мұның үстіне, көптеген университеттерде ғалымдар және басқа да қызметкерлердің плагиаттың күнәлі іс екені және қалай қарастыру керек екені жайлы пікірлері де әрқалай (Флинт және басқалары 2006). Ғылыми қызметкерлерге қарағанда студенттердің басым бөлігі, плагиаттың дұрыс емес және мұндай істің жауапкершілікке тартылуы керек екеніне сенетіндері жайлы дәлелдер де бар. Австралиялық университетте жүргізілген зерттеуде университет қызметкерлерінің плагиаттың студенттер арасында көп таралғаны анықталды (Дж. Уилкинсон 2009). Қызметкерлер мен студенттердің плагиатқа негізгі себеп жайлы пікірлері бір жерден шықты: сілтеме нұсқауларын жете түсінбеу; жалқаулық немесе уақытты тиімді қолданбау; және ғаламторда дайын материалдардың болуы. Көптеген студенттер қажетінше кеңес алмағанын сезетіндерін меңзейді, осылайша «Студенттер бағыттарға сілтеме жайында ненің дұрыс және бұрыс екені жайлы қызметкерлерден жеткілікті нұсқау алады» деген қызметкерлердің мәлімдемесімен келісе бермейді. Осы арада қорытынды ретінде, өз мекеменіздің плагиат туралы құралдарымен, әсіресе, сілтеме тура-

лы кеңестерімен жете танысыңыз деп тұжырымдаймын.

Плагиат анықтамасының және оның жауапкершілігі жайлы белгісіздік күйін ескере отырып, студенттердің плагиат мәселесіне байыппен қарауды немесе мән бермеу керектігі жайлы сұрақтары туындауы мүмкін. Менің жауабым – міндетті түрде байыппен, шынайы қараңыз. Ғылыми жұмыс қандай да бір ұсынылған қорытындының өзіндік ерекшелігін жоғары дәрежеде бағалайды. Басқа біреулердің пікірлерін және/немесе жазбаларын өзінікі деп ұсыну, кем дегенде, моральдық жағынан күмән тудырады. Осылайша, өткен параграфта қысқаша айтылып кеткендей, плагиатқа қатысты біршама «бұлыңғыр» тармақтар орын алғанда, оның маңызын асырып жібермеу керек. Плагиат жайлы ғылыми салаларда қалыптасқан айқын/таралған түсінік бар және студенттердің (және басқаларының) жұмысында кездесіп жатса әрдайым/дерлік шара қолданылып, жазаланады. Сондықтан сіз де басқаларының жұмысын ұрлап пайдаланудан аулақ болыңыз. Сынақ алу кеңесінің талқылауына түсетін жұмыстарда осы плагиат мәселесінің ауқымы көбейіп бара жатқаны университеттерді алаңдатып отыр, ғаламтор желісінде плагиатты анықтайтын бағдарламалық жасақтамалар жүйесін қолдану күннен күнге олардың жұмыстарын жеңілдетіп отыр, оларға ғаламторда сөздер тіркесін теру жеткілікті (мысалы, Turnitin UK; нақты деректер үшін мына сілтемені қараңыз <http://turnitin.com/static/index.html> (2010 жылдың 5 тамызы-

нан бастап қолданыста). Кейбір жазушылар (мысалы, МакКиивер 2006) плагиаттың ықпалын арттыруға себепші – техникалық жағынан дамыған ғаламтор болса, оны әшкерелеуге бастама да осы ғаламтор көзінен алынатынына сенімді. Тіптен, күнделікті қолданыстағы Google тәрізді қарапайым іздеу жүйелері де сөз тізбегі көмегімен студенттердің плагиат жұмыстарын әшкерелеуде қолданылады. Студенттердің пікірінше, жауапкершілікке тартылу мүмкіндігінің болуы студентке қайткен күнде плагиаттан аулақ болуға ең маңызды себеп, тіптен студенттердің плагиат туралы қалыптасқан өз пікірлерін ұсынуы да істі оңға бастырмайды. Біріншіден, мән-мәтіннің ауқымды бөлігінің, шын мәнінде дәйексөз екенін анықтамау үшін «жеке жазбаңыз». Бұл сұрақта қарастырылып отырған мән-мәтін сіздің жұмысыңыз емес, сіз тек қана басқасынан дәйектер келтіріп, өз ойыңызды білдіріп отырғаныңызды көрсетеді. Дегенмен, мәселені қате түсіну өте оңай. 2006 жылдың маусым айында Лондон экономикалық мектебінің плагиат сарапшысы плагиат жайлы жарыққа шыққан жазбасында плагиат қолданғаны әшкереленгені жарияланды! Оның тақырыбында басқа біреудің жарыққа шыққан, алайда басқа жерлерде қажетінше танылып үлгермеген ақпараттан көшіріп алынған параграф табылды. Айыпкер бұл параграфтың шартқа сай дұрыс жазылмай қалғанымен түсіндіріп ақталды. Бұл ғылыми басылымдардың ауқымды материалдар бөлігіне дәйексөздер келтірілгенде орын алатын жалпы тәжірибе.

Студенттердің пікірінше, жауапкершілікке тартылу мүмкіндігінің болуы студентке қайткен күнде плагиаттан аулақ болуға ең маңызды себеп, тіптен студенттердің плагиат туралы қалыптасқан өз пікірлерін ұсынуы да істі оңға бастырмайды. Біріншіден, мән-мәтіннің ауқымды бөлігінің, шын мәнінде дәйексөз екенін анықтамау үшін «жеке жазбаңыз». Бұл сұрақта қарастырылып отырған мән-мәтін сіздің жұмысыңыз емес, сіз тек қана басқасынан дәйектер келтіріп, өз ойыңызды білдіріп отырғаныңызды көрсетеді. Дегенмен, мәселені қате түсіну өте оңай. 2006 жылдың маусым айында Лондон экономикалық мектебінің плагиат сарапшысы плагиат жайлы жарыққа шыққан жазбасында плагиат қолданғаны әшкереленгені жарияланды! Оның тақырыбында басқа біреудің жарыққа шыққан, алайда басқа жерлерде қажетінше танылып үлгермеген ақпараттан көшіріп алынған параграф табылды. Айыпкер бұл параграфтың шартқа сай дұрыс жазылмай қалғанымен түсіндіріп ақталды. Бұл ғылыми басылымдардың ауқымды материалдар бөлігіне дәйексөздер келтірілгенде орын алатын жалпы тәжірибе (Браймен 2012: 125).

Бос жердің қарастырылмай тақырыпта параграфтың бірден жазылуы оның өз пікірін жазып отырғандай көрінеді. Алайда бұл «әдейі жасалмаған плагиат» болып қарастырылуы да мүмкін (Парк 2003), әдейі жасалған мен әдейі жасалмаған ниетті ажырату, тіптен мүмкін емес. Дегенмен, автор өзіне деген сенімділікті жоғалтып, тұтастығынан айрылады және беделі түсуі мүмкін.

Сонымен қатар көптеген университеттерде немесе барлық мекемелерде, мән-мәтіннің ауқымды бөлігін жай ғана көшіріп алып, біршама сөздерін өзгертіп жазу да плагиатқа жататынын ескеруіңіз керек.

Екіншіден, басқа адамдардың идеяларын өзіңіздікі деп ұсынбаңыз, себебі өзіңіздікі деп ұсынғаннан соң, ол идеялардың қайдан және қалай туындағаны туралы дерекнамаға дәлел беру керек боласыз. Плагиаттың осы аспектісі «Да Винчи кодының» авторы Дан Браунның плагиат қолданғанын әшкереледі. Оған айып тағушылар, оның айыптаушылардың жұмыстарынан ауқымды мән-мәтін бөлігін алып, өзінікі ретінде ұсынды деп емес, оның айыптаушылар жазған ғылыми кітаптарда жазылған идеяларды (*Қасиетті қан мен қасиетті Грааль*) алды деп айыптады. Дан Браун олардың тарихи жазбаларындағы грааль мифін жалпылама растай отырып қолданғанын мойындады, себебі новеллашылар бір-біріне тілектес бола отырып, өз жұмыстарындағы басқаларының идеяларына қайталап сілтеме бермейді. Браунға айып тағушылар бұл істе ұтылып қалды. Дегенмен плагиатқа байланысты басқа да аты шулы мәселелер орын алып, дәлелденгендері де болды. Мысалы, 2003 жылы Ұлыбритания премьер-министрі коммуникация және стратегия директоры журналистермен баспасөз мәслихатын өткізіп, Иранның қару-жарақ жасырып отырғанын айтты. Бұл ақпараттың бірнеше дерек көздерінен көшіріліп, жинақталғаны анықталды және «құлықсыз құжаттама» ретінде танымал болып кетті. Оның сөздерінің

басым бөлігі басқаларының жұмысынан алынғаны әшкереленіп басқалардың алдында оның беделін түсірді.

Осы тарауда қарастырылатын отырған маңызды мәлімдеме – қайткен күнде плагиатқа қарсы барлық мүмкіндіктерді қолданып, қарсы болатыныңызға сенімді болыңыз. Алдымен сіздің университетіңіздің және бөліміңіздің осы мәселеге қатысты қандай нұсқаулары бар екенін анықтап алу керексіз. Плагиаттың дұрыс және бұрыстығын есепке алмаған күнде, сіздің эссеңізде немесе баяндамаңызда басқа ақпарат көздерінен алынған ауқымды бөлімі, өз сөздеріңізбен осы ұрланған мән-мәтінді келістіріп жазғаныңыз анық байқалып тұрса жетекшіңізге жақсы ой қалдырмайтыныңыз белгілі. Менің тәжірибемде көптеп кездесетіні: ақпаратты ашып көрсетуде қарама-қайшылық тудыратын нақыштар көбіне бірден байқалады, сондықтан жетекшіңіздің сіздің жазғаныңыздың басым бөлігі басқасының жұмысынан рұқсатсыз алынуы мүмкін деген оймен тексеруіне түрткі болады. Егер мән-мәтініңіздің ауқымды бөлігін басқа жерден алып әрбір жерлерін өз сөзіңізбен өзгертіп, кей жерлерге шашыратып өз ойыңызды қоссаңыз, мұндай мән-мәтін сіздің жетекшіңізге ұнай қоймасы анық. Және де өзіңіз жазғаныңызға байланысты сөйлемдерге бірнеше рет сілтеме жасау да құптала қоймайтынын айта кеткеніміз дұрыс. Маған осындай тәсілмен жазылған эсселерді ұсынғанда, студенттерге тақырып бойынша олардың өз пікірлерін анықтау өте қиын екенін бірнеше рет қайталап айттым.



5.6 Терең пікірлер

Роман жазудағы плагиат және авторлық құқық

Жасөспірімдерге арналған америкалық роман жазушысы «*Онал Метханың алғашқы сүйісуі, Тағылық, Өмірге қайта келу*» тәрізді романдардың авторы Каавиа Висуанатанға басқа бір роман жазушысы Кинселланың «*Құпияны сақтау аласың ба?*» атты романынан бірдей сөйлемдермен қоса алғанда, тағы да ауқымды үзінділер ұрлап алғаны туралы айып тағылды. Висуанатан бұл жағдайдың қасақана жасалмағанын, бәріне кінәлі оның фотографиялық есте сақтау қабілеті екенін айтып ақталды. Салман Рушди және Меган Маккэффerti және тағы басқа жазушылар тарапынан айып тағыла бастағанда кітап бірден сатудан алынып тасталды және автордың Литтл Браун және компания (Little Brown & Company) баспасымен жасаған 500,000 \$ келісімшарты күшін жойды. Лоуснға (2006) қатысты осы мәселеде жас роман жазушы қандай қылмыс жасап отырғанын білді ме жоқ әлде бұл істің плагиат екенін қабылдай отырып жасады ма деген маңызды сұрақ мазалайды. Осындай істерді басымдылық ретінде қолдана отырып басқа мақсаттардың пайда болғанын көруге болады, мысалы, роман жазушылар нарықта өздерінің маңыздылығын көрсету үшін, сауықтың басқа түрлерімен бәсекелесе отырып, тек қана баспалардың қолдауымен жұмыс істейді.

Дәлелдеуі өте қиын автордың плагиатқа баруының маңызды себептерін көрсетуін қоса алғанда, бұл жағдай плагиаттыққа қарсы жала жабудың даулы жақтарын көрсете отырып, плагиатқа барғаны дәлелденген авторға қарсы қолданылуы мүмкін моральдық пікір мен қомақты айыппұл мөлшеріне де назар аудартады. Университет студенттері осы роман жазушысы сияқты көптеген миллион долларлық тәуекелге баратын жағдайда болмаса да, плагиатқа барғаны айқын білінсе, бұл іс оның болашақ білімі мен мансапқа ұмтылуында зиянын тигізери анық.

Дерекнама: с.Голденберг, «Жұлдызы жанған жас автор санасыз түрде плагиатқа барғанын мойындады», *Гардиан*, 26 сәуір. 2006; М. Лоусн, «Ворд Тилдегі саусақтар», *Гардиан*, 6 мамыр 2006.

Тек қана өз идеяларыңызды және өз сөзіңізбен жеткізуге тырысыңыз және басқаларының пікірін тиісті түрде көрсетіңіз. Плагиатты қолданып бір немесе екі рет құтылып кетесіз, алайда бұл құйылған таңбадай санаңызда қалып қояды және қазіргі күні университеттерде жұмыс істеп жүрген көбіміз үшін әрдайым судан таза болып шыға алмайтыныңыз белгілі. Сонымен қатар, өз жұмысыңыздың басқа біреулер тарапынан заңсыз қолданғаны да сізге ұнамайтыны хақ. Бір докторлық те-

зисті сырттан бақылаушы ретінде менің тексеруімді өтінді, тексеру барысында менің кітаптарымның бірінен ауқымды мөлшерде бөлімдер алынғанын байқадым және студент бұл бөлімдерді өзінің жұмысы ретінде ұсынған. Әрине, менің қатты ашуым келді. Әріптесіме бұл жағдайды түсіндіргенімде, ол плагиаттан бетер жаманы – біліксіз плагиат екенін айтты, біліксіз деуінің себебі студент өзі білетін басқа біреудің жұмысын ұрлап алды, ол ол басқа біреу болса – оның жұмысын сырттан бақылаушы.

Алайда бұл пікірді білдірген әріптесім қателескен еді. Плагиат – білікті немесе біліксіз қолданылғанына қарамастан, дұрыс емес әрекет. Міне, сондықтан болар, 2007 жылдың мамыр айында Google студенттерге арнап дербес эссе жазатын жарнамаларға тыйым салды (<http://news.bbc.co.uk/1/hi/education/6680457.stm> (2010 жылдың 5 тамызынан бастап қолданыста)). Сонымен қатар плагиат жайлы кеңестерді студенттер мекемелері ұсынған анықтамалықтардан және мына сілтемеден таба аласыз www.plagiarism.org/ (2010 жылдың 5 тамызынан бастап қолданыста).

Плагиат туралы тараудың соңында ақырғы айтарымыз плагиат – дамып отыратын, қозғалыстағы күш. Плагиат дегеніміз не, қалай анықтауға бола-

ды, қалай әшкерелеуге болады, қандай жаза қолдануға болады – осы және де басқа сұрақтар ұдайы өзгеріске ұшырап отырады, мен осы тарауды жазып жатқанда да өзгерістер енуі мүмкін. Бұл ұдайы қозғалыстағы жағдай, бұған атап айтқанда жиі қолданылуының артып бара жатқаны себеп бола алады. Плагиат үшін төленетін айыппұл көлемі де ауқымды болады және студенттерге олардың плагиат жасағандарына дәлел келтіргенде, оларға ауыр тигеніне және өте ыңғайсыз жағдайда қалғандарына мен куәгер болдым. Осыдан шығатын қарапайым қорытынды: плагиат жасауға бармаңыз және сіздің мекемеңізде оған қандай және қалай анықтама берілгенін біліп алыңыз, бұл байқамай плагиатқа барудың алдын алады.



Сұрақтар тізімі

Әдебиетке шолу жасауда және жазуда өзіңізді тексеруге қоятын сұрақтар

- Оқырмандардың әдебиетке шолудан не күтетіні жайлы ойландыңыз ба?
- Сілтемелер тізімі сіздің ағымдағы зерттеу салаңызға сәйкес жаңартылды ма? Жаңартуларға орай сіздің зерттеу жүргізуге қызығушылығыңызды тудырған жаңа салалар бар ма? Және ол, шыныменде, жан-жақты ма?
- Соңғы іздестірген әдебиетіңізді жазыңыз.
- Соңғы оқыған кітабыңыз/мақалаңыз қандай? Оқуға уақытыңыз болды ма?
- Әдебиеттен нені үйрендіңіз? Сіздің зерттеу жүргізіп жатқан тақырыбыңыз туралы түсінігіңізді қандай бір өзгерістер енгізді ме?
- Әдебиет іздестіру және шолу жазу сіздің зерттеу сұрақтарыңызға бейімделген бе? Әдебиеттермен танысу сізге зерттеу сұрақтарын өзгерту туралы ой салды ма?
- Сіздің оқығандарыңыз сіз таңдаған зерттеу жобасын қандай да бір түрде өзгертуге ықпал етті ме немесе ықпал етуі мүмкін бе? Сізге нені қарастыру және қосыша енгізу туралы идеялар қосуға себепші болды ма?

- Өз тақырыбыңызды тұжырымдау үшін әдебиеттегі маңызды пікірталастарды қарастырдыңыз ба немесе басқа қандай тәсілдерге жүгіндіңіз?
- Қандай ақпараттар оқығаныңыз жайлы жазып отырдыңыз ба? Оқығандарыңыз сіздің зерттеуіңізге қалай қатысты екенін қайтадан қарастыру керек па?
- Өзіңіздің әдебиеттерге шолуыңызды ұсынуда сыни тәсіл қолдандыңыз ба?
- Әдебиет жайлы қандай қызықты әңгіме айтасыз? Басқаша айтқанда, оқырмандарыңызға әдебиетті ұсынғанда, қандай мәлімдеме жасайтыныңызды жоспарладыңыз ба?
- Жазған бастапқы шолуыңыздың стилін және әдебиет жайлы дәлелдеріңіздің нақтылығын тексерту үшін біреулерге оқыттыңыз ба?

Дерекнама: Брюстен (1994) бейімделіп алынған; Холбрук және басқалары (2007); Рюбер (2010).



Негізгі ұғымдар

- Әдебиетке шолу жазу дегеніміз – өзіңіз таңдап алған, қызықтырған салаға қатысты негізгі идеялар мен зерттеуге қысқаша шолу жазу.
- Әдебиетке білікті шолу жасау сіздің тақырыбыңыздың саласын жақсы меңгергеніңізді көрсетеді.
- Әдебиетке шолу жасауға қатысты ауқымды жұмыс жасау сіздің зерттеу тақырыбыңызға қатысты басқа зерттеушілердің жасаған жұмыстарымен танысуға негізделеді; негізгі машықтар оқығандарыңыздан көп ақпарат қамтуға көмектеседі.
- Жүйелік шолу – талдау жасауда және әдебиетті іздеуде сенімділікті арттырып отырған әлеуметтік зерттеуде танымалдығы артып келе жатқан тәсіл.
- Әңгімелік шолу – көбіне дәстүрлі тәсілге жақын, индуктивті зерттеу мен сапалық зерттеу жобаларында қолдануға бейімділігі басым.



Қысқаша шолу сұрақтары

Қолда бар әдебиеттерге шолу

- Әдебиетке шолу жазудың негізгі себептері қандай?
- Оқығандарыңыздан көп мағлұмат алғаныңызды қалай тексере аласыз?

- Жүйелік шолуға қатысты негізгі артықшылықтар мен кемшіліктер қандай?
- Әңгіме құруға жүйелік шолудың қандай зерттеу сұрақтары аса тиімді?
- Әңгімелі әдебиет шолуын жасаудың негізгі себептері неде?
- Зерттеудің қандай түріне әңгімелі шолу тиімді пайдаланылады?

Қолда бар әдебиетті іздеу

- Тақырыпқа байланысты қолда бар әдебиетті табудың негізгі жолдары қандай?
- Негізгі ұғым дегеніміз не және әдебиет іздеуде қандай пайдасы бар?

Жұмысыңызға сілтеме беру

- Өз жұмысыңызға сілтеме беру неліктен маңызды?
- Ғылыми жұмыста қолданылатын негізгі сілтеме тәсілдері қандай және бұлардың қайсысы сіздің мекемеңізде қолданылады?
- Библиографияның рөлі қандай және жақсы библиография қалай жазылады?

Плагиаттың алдын алу

- Плагиат дегеніміз не?
- Зерттеушілер тарапынан неліктен байсалдылықпен қарастырылады?



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/


Әдебиетке шолу жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

6-тарау

Әлеуметтік зерттеулердің этикасы және саясат

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	220
Этикалық қағидалар	228
Зерттеуге қатысушыларға зиян келу	229
Ақпаратты келісімнің болмауы	233
Жеке басының тірлігіне араласу	239
Алдау тәсілі	241
Этика және сапалық мәселелері	242
Этикалық шешімдер қабылдаудағы қиындықтар	250
Жаңа бұқаралық ақпарат құралдары және қиын шешімдер	251
Әлеуметтік зерттеуде саясаттың алар орны	252
<i>Сұрақтар тізімі</i>	258
<i>Негізгі ұғымдар</i>	259
<i>Қысқаша шолу сұрақтары</i>	260





Тараудың қысқаша мазмұны

Этикалық мәселелер әлеуметтік зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде туындайды. Осы тарауда зерттеу жүргізу барысында туындауы мүмкін этикаға байланысты мәселелер талқыланады. Әлеуметтік ғылымдардың кәсіби мамандары осы туындауы мүмкін этикалық мәселелерді анықтауда зор қызығушылықтар танытты, олардың кейбіреулерінің мәлімдемелері осы тарауда қарастырылады. Этикалық мәселелерді елемеге болмайды, себебі олар зерттеу бөлімдерінің тұтастығымен және енгізілген тәртіптерімен тікелей байланысты. Осы тарауда этикалық мәселелер негізгі назар аударылған тақырып, дегенмен зерттеу саясаты жайлы да мағлұматтар талқыланады. Сонымен осы тарауда қарастырылатындар:

- Этикалық қағидалар сақталмаған кейбір танымал, нақтылап айтсақ «маскара» мысалдар. Осы арада этикалық мәселелер осындай төтенше жағдайларда ғана туындайды деген ағат ойды болдырмау өте маңызды;
- Әлеуметтік зерттеудің этика тақырыбына енгізілген және енгізілуі мүмкін әртүрлі ұстанымдар;
- Этикалық мәселелер көптен туындайтын төрт тақырыптың маңыздылығы және пайдаланылуы: қатысушыларға зиян келуі мүмкіндігі; ақпаратты келісім; жеке басының тірлігіне араласу; алдау;
- Этикалық тұрғыдан шешім қабылдауда туындайтын кейбір қиындықтар;
- Ғылыми-зерттеу жүргізуге рұқсат алудан бастап зерттеу нәтижелерін басып шығаруға дейінгі зерттеу жұмыстарының кейбір маңызды саяси қырлары.

Кіріспе

Әлеуметтік зерттеудегі этика мәселелерін талқылау зерттеу барысындағы құндылықтардың рөліне байланысты бөлімге жол ашады және мынадай сұрақтардың алаңын қарастырады:

- Біз ол жайлы зерттеу жүргізіп отырған адамға қалай қарау керекпіз?
- Олармен қатынас құруда қандай да бір іске асыратын немесе алдын алатын әрекеттер бар ма?

Әлеуметтік зерттеудегі этика мәселелері жайлы сұрақтарды талқылау нә-

тижесінде кәсіби қауымдастықтар құрылды, мысалы Британиялық әлеуметтік қауымдастық (БСК) және Әлеуметтік зерттеулер қауымдастығы (СЗҚ): бұл қауымдастықтар өз кезегінде этикалық кодекстерді тұжырымдап шығарды. БСК мен СЗҚ кодекстері тарау барысында бірнеше рет қарастырылмақ.

Кәсіби қағидалардың мәлімдемелерін көбіне ғаламтордан да тауып алуға болады. Ал негізгі қолданыстағы бірталай этикалық кодекстерді мына сілтеме бойынша оқи аласыз:

- Британдық әлеуметтік қауымдастық (БСК), *Этикалық нормалар туралы мәлімдеме*: www.britsoc.co.uk/NR/rdonlyres/801B9A62-5CD3-4BC2-93E1-FF470FF10256/0/
- Әлеуметтік зерттеулер қауымдастығы (СЗК), *Этикалық жетекші нұсқаулар*: www.the-sra.org.uk/documents/pdfs/ethics03.pdf
- Британдық психологиялық қоғам (БПК), *Мінез-құлық кодексі; Этикалық қағидалар мен нұсқаулар*: [www.bps.org.uk/document-download-area/document-download\\$.cfm?file_uuid=E6917759-9799-434A-F313-9C35698E1864&ext=pdf](http://www.bps.org.uk/document-download-area/document-download$.cfm?file_uuid=E6917759-9799-434A-F313-9C35698E1864&ext=pdf)
- Америкалық әлеуметтік қауымдастық (АСҚ), *Этикалық кодекс*: www.asanet.org/galleries/default-file/Code%20of%20Ethics.pdf
- Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер Кеңесі (ЭСЗК), *Зерттеу этикасының негіздері* (төмендегі ЭСЗК *Зерттеу этикасының* Ұсыныстар мен қорытындылар бөлімін қараңыз): www.esrcsocietytoday.ac.uk/ESRCInfoCentre/Images/Framework%20for%20Research%20Ethics%202010_tcm6-35811.pdf

Осы мәліметтер 2010 жылдың 5 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Әлеуметтік зерттеудегі этика мәселесі туралы жазбаларды төрт түрлі дүрліктірген себептерге бөліп қарастырады.

1. Әлеуметтанушылардың этикалық мәселелер мен сұрақтар жайлы пікірлері көбіне бір-бірлерінікінен мүлдем басқа. Басқаша айтқанда этикалық тұрғыдан қайсысы дұрыс немесе бұрыс екені жайлы пікірлері әртүрлі.

2. Пікірталастарда талқыланатын негізгі тақырыптар әзірге ешқандай нәтиже бермей отыр. 1960 жылдары тұжырымдалған пункттер 1990 жылдың аяғында және осы ғасырдың басында басқа сөздермен өзгертіліп жазылды. Өзгеріске енген бір буыны – этикалық мәселелердің бүгінгі таңда зерттеу жұмыстарында талқылауға алынған маңызды тақырыпқа айналуы. Бұған себеп, этикалық мәселелерге қатысты сезімталдықтың артуы, сонымен қатар университет өкілдерінің, зерттеу қорлары тұлғаларының және кәсіби қауымдастықтардың тиісті этикалық кәсіби жарамдылықтарын көрсетулерімен байланысты болуы. Әлеуметтанушылардың бірі, бүгінгі таңда этикалық мәселелер «моральдық үрей» тудырады деп сипаттай келе, әлеуметтік пікірлерді ағымдағы зерттеу алаңына айналдырып жіберді (Ван ден Хунаард 2001).

3. Этика мәселелеріндегі пікірталастарда көбіне, көпірме деп айтқысыз, танымал этикалық деп жорамалданған 4 жағымсыз әрекет қосарлана жүреді. Олардың құрамына енетіндер: жасырын зерттеуші топтарының діни ғұрыптарды зерттеуі (Фестинджер және басқалары 1956); психиатриялық ауруханаларды зерттеуде жалған пациенттерді көрсету (Рошенхан 1973; 12.5 тақырыбындағы зерттеу); Розенталь мен Якобсонның (1968) мұғалімдердің сынып оқушыларына артқан үміті туралы жүргізген далалық тәжірибесі (3.1 тақырыбындағы зерттеу); Холдэуэйдің (1982, 1983; 3.14-тақырыбындағы зерттеу) полиция күштерінің құпия этнографиясы. Осы жаман атакқа ие болуда

көзделген мәселе – этикалық мәселелер тек қана осындай төтенше жағдайларда ғана қарастырылады дегенге келтіру, алайда этикалық жағымсыз әрекеттер потенциалы бұл мәселелерден тыс та көптеп кездеседі. 6.1 және 6.2-тақырыптарындағы атақтары шыққан танымал екі зерттеуді қараңыз. 6.1 және 6.2-тақырыптарындағы зерттеулер осыдан бірнеше онжылдықтар бұрын жүргізілген зерттеулерге қатысты болуы таңқалдырады. Осы екі жағдайға айналып келе беретін авторлардың (мен сияқты!) бір себебі, олардың этикалық жағымсыз әрекеттерді айқын көрсетуі, дегенмен соңғы жылдар ішінде этикалық тәжірибе жағынан осыншама жаман қылықтар көрсеткен айқын мысалдардың жоқтың қасы екенін атап өтейік. Бұл, қазіргі таңда әлеуметтік зерттеушілер арасында, сонымен қатар этикалық нұсқаулардың және зерттеу жұмыстары бойынша этикалық комитеттердің этикалық жағынан толығымен хабардар болуының жемісі. Айтқымыз келгені, 6.1-тақырыбындағы Хумфрейдің зерттеуі және 6.2-тақырыбындағы Милграмның зерттеуі тәрізді зерттеулер бүгінгі күн-

дері мүмкін емес дегенді білдірмейді, дегенмен орын алуы екіталай. Алайда 6.2-тақырыбындағы зерттеуде Милграмның ғылыми тәжірибесінен ішінара қайталаулар алынған.

4. Осы соңғы бөлімде қарастырылатын факт – төтенше және жағымсыз әрекеттерімен аты шыққан осы этикалық құқық бұзушылық мәселелеріне әдетте бірдей әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің қолданылуы, әсіресе жасырын бақылау және өтірік алдап тәжірибе жүргізу тәсілдері қолданылатынын талқылау. Тағы да кейбір зерттеулерге (тәсілдерге) қатысты этикамен осы тұрғыдан байланысқан мәселелер, басқа тараптарынан емес, тек қана этикалық тұрғыдан, соның ішінде кейбір таңдаулы тәсілдерімен ғана қарастырылады. Нәтижеде сауалнама жүргізу немесе сұхбат алу тәрізді, басқа тәсілдер этикалық мәселелерге шешім таба алмайды деген әсер пайда болады. Алайда мәселе онда емес. Мысалы, балалар арасында сауалнама немесе басқа да бақылаулар жүргізілгенде, ересек адамдар арасында зерттеу жүргізгенде орын алуы мүмкін емес, этикалық мәселелер көптеп туындайды.



6.1 Зерттеу нысаны

Әлеуметтанушының вуайерист рөліндегі жағымсыз әрекетімен әйгілі болған мәселе

Этикаға (немесе, басқаларының пікірінше, оның болмауына) қатысты әйгілі тергеу ісі Хумфрейдің (1970) қоғамдық әжетханаларда («әжетхана жұмысы») гомосексуалдық қатынастарды зерттеу жұмысы. Хумфрейдің зерттеуі талғаусыз жыныстық қатынастарды зерттеуге қызығушылығынан туындады; осы саланы анықтай түсу үшін ол өзін «уочквин» (вуайерист) рөлінде ұсынды – демек, ер адамдар қоғамдық әжетханада гомосексуалдық жыныстық қатынас құру үшін кездестіретін бейтаныс адамның рөлін ойнап, бақылау жүргізді. Орын алған әлеуметтік оқиғаға байланысты Хумфрейдің, нәтижеде, осы бағыттағы белсенділердің автокөліктерінің нөмірлерін алып,

ақпарат жинап алды. Автокөліктерінің нөмірлерін қолдана отырып, ол адамдардың аттары мен мекенжайларын біліп алып, осылайша 100 шақты әжетхана жұмысына қатысушылардың тізімін жасап шығарды. Ары қарай, ол анықталған адамдар арасында сұхбат жүргізіп, салыстырма пікірін қалыптастыруға әрекет етті. Сұхбатта денсаулыққа қатысты және жанұядағы жыныстық қатынас туралы біраз сұрақтар қамтылды. Оны естерінде сақтап қалуы тәуекелін азайту мақсатында, ол қатысушыларға тек қана бір жылдан соң хабарласқан және шаш үлгісін де өзгертіп алды.



6.2 Зерттеу нысаны

Психологтың нацистік тұтқындарды бір жерге жинап ұстайтын лагердің комендаты рөліндегі жағымсыз әрекетімен әйгілі мәселе

Мильграмды (1963) Екінші дүниежүзілік соғыс заманынан қалып кеткен нацистік тұтқындарды бір жерге жинап ұстайтын лагерлердегі қатыгездік мәселесіне алаңдаушылық танытып, дәл осы тақырыпқа қатысты өзіндік зерттеуін жүргізді. Сондай-ақ, бір адамның бұйрыққа бағына отырып, басқа біреуге қатыгездікпен зиян келтіруіне себеп болатын үдерістері де зерттеуге қызығушылық танытты. Осы мәселені ары қарай бақылау үшін Мильграм лабораториялық эксперимент жүргізді. Ол экспериментке ерікті қатысушылар арасынан «оқушыларды (тәжірибе жүргізуге көмектесушілер) жазалайтын мұғалімдердің» рөлін ойнайтындар іріктеп алынды және оқушылар рөлін ойнаушылар сұраққа дұрыс жауап бермегенде осы мұғалім рөлін ойнаушылар электр тогымен оларды жазалап отырды. Әрине, электр тогы шын мәнінде қолданылмады, алайда жазалаушы рөліндегі мұғалімдер мұны білмейтін еді. Электр тогының қуатын әрбір қате жауап үшін, жазалаушы рөліндегі мұғалім қуат деңгейін ары қарай асырмауға шешім қабылдағанға дейін, ұлғайтып отырды. Ал оқушыларға электр тогының әртүрлі қуатына қиналғандарын күйзеле отырып ұқсату алдын ала үйретілді. Бөлмеде Мильграмның сыбайласы да болды, ол жазалаушы рөліндегі мұғалімге ары қарай жалғастыру зерттеудің талабы екенін және шыңғырған айқайларынан қатты қиналғандары білініп тұрса да ешқандай ауыр зақым келтірмейтінін айтып, алдап-сулап оларды ток қуатын арттыруға көндірді. Мильграмның зерттеуі, осы нацистік тұтқындарды бір жерге жинап ұстайтын лагерлердегі жағдайды анықтау үшін жүргізген жұмысы адамдар басқа біреулерге қатты зақым келтіретін әрекетке бара алатынына мысал бола алатынын көрсетеді. Басқа біреудің сөзіне бағынуды зерттеу, әсіресе экспериментке қатысушыларға қатысты жасалған ықтимал зақымды ескеретін болсақ, этикалық мәселенің күрделі жақтары ортаға шығады. Бұл зерттеу осыдан отыз жылдай бұрын жүргізілгенін атап өту керек, қазіргі күндері университеттің адамдарға зерттеу жүргізу комитеті немесе көптеген әлеуметтік зерттеулерде осындай әдістерді жарамды деп табуы өте күмәнді. Дегенмен 2006 жылы Бургер (2009) «ішінара қайталау» деген сипат бере отырып Мильграмның экспериментін қайталады. Бургердің шамалауынша, қырық бес жыл өткеннен соң оның өткізген зерттеуі мен Мильграмның зерттеуі нәтижелері арасында аз ғана немесе тіптен айырмашылық болмайды деп топшылады. «Ішінара» сөзін қолдануының кейбір себептері мынада: қатысушыларға Мильграм қолданған қуаттың ең төмен көрсеткішінен арттырмады (150 вольт; Мильграм экспериментінде

мұғалімдерінің 79% осы көрсеткіштен асырған); қатысушылар алдын ала қандай да бір эмоциялық және психологиялық проблемаларға жіті тексерілді, егер қандай да бір ауытқу байқалған болса қатардан алынып тасталды; психологиялық мәселелерге зерттеу жүргізген адамдар да тізімнен алынып тасталды (себебі, Мильграмның зерттеуі өте танымал); және қатысушылардың жасы, түпнұсқадағы 50 жасқа дейінгі шектеуден тыс, барлық жастағы ересек адамдар қатарын құралды. Мильграмға қарағанда Бургер өз зерттеуінде этникалық әртүрлілікті де қарастырғанын айтады. Жартылай ұқсас деген ұғымды қолдану себебіне Бургер «қатысушыларға қарсы ағымдағы этикалық стандартты қолдануы Мильграмның зерттеуін бірден тысқары орынға ысырып тастады» деп түсініктеме берді (Burger 2009: 2). Бургер зерттеуінің нәтижесінде ырыққа көңуге бейімділік қырық бес жыл бұрынғы көрсеткіштен сәл ғана аз болды, дегенмен А.Г.Миллер (2009) Бургердің енгізген түзетулері Мильграмның нәтижелерімен салыстырғанда күмән тударатынын айтып өтті. Зерттеушілердің этикалық тұрғыдан күмәндарын теледидар бағдарламаларынан көрсетпейді. 2010 жылдың наурыз айында газеттерде «қиялдағы Өлім Ойыны» атты теледидарлық сұрақ-жауап ойынына негізделген француздық деректі фильм туралы және прайм-таймда ұсынылатыны жайлы ақпарат пайда болды. Сексен адам басқа қарсылас қатысушыларға электр тогын қолдануына келісімін беріп, шартқа қол қойды. Электр тогы қарсыдағы қатысушы сұраққа дұрыс жауап бермегенде қолданылды және қуаты қатысушылар мен аудиторияның айқайлап арандауымен ең жоғарғы дәрежеге жеткенге дейін арттырылатын болды. Тек қана он алты қатысушы, одан ары арттырса қатерлі болатын, ең жоғары ток қуатын қолданудан бұрын тоқтады. Мильграмның экспериментінде, электр тогын қолдануға келіскендер айқайлап, шыңғыруды ұқсатып келтіретін актерлер болды және электр тогы, шын мәнінде қолданылмады. Мильграмға қатысты бұл бағдарлама жайлы мына сілтемеден оқи аласыз:

<http://news.bbc.co.uk/1/hi/world/europe/8573756.stm>

www.independent.co.uk/news/media/tv-radio/the-evil-that-reality-television-contestants-do-1923218.html

Төмендегі сілтеме бойынша қысқаша бейнежазба және Гамбургердің сөздерінен (мына сілтеме бойынша оқуға болады: www.cnn.com/video/data/2.0/video/bestoftv/2010/03/17/cb.game.show.death.cnn.html) қысқаша үзінді берілген бағдарлама туралы CNN жаңалықтарымен таныса аласыз.

Мильграмның бастапқы жүргізген экспериментінен YouTube және веб парақтарынан әсерлі бейнежазба таба аласыз: (мысалы: www.youtube.com/watch?v=4C5Y8xG1l6A).

Осы барлық веб-парақтар 2010 жылдың 5 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы тарауда мен этикаға қатысты негізгі этикалық мәселелер мен пікір-таластарды ұсынамын. Мен оларға шешім табуға тырыспаймын, себебі оңай қарар шығаруға олар дайын емес. Міне, сондықтан болар, этикалық пікір-таластар 1960 жылдардан бастап қана

алға жылжыды. Әлеуметтік зерттеулерде енгізілген этикалық қағидалар мен этикаға қатысты сипаттамалардан хабардар болу өте маңызды. Зерттеуші егер таңдап алынған тақырыптағы мәселермен толық хабардар болса ғана, бұл мәселеге қатысты білікті шешім

қабылдай алады. Егер мәліметіңіз жеткіліксіз болса өзіңіз жасаған кейбір тандауларға қатысты кездестіретін айып тағушылыққа дайын болуыңыз керек. Мені негізгі алаңдататын мәселе зерттеу барысында зерттеуші мен зерттеуге қатысушы арасындағы қатынастарда туындайтын этикалық мәселелер. Бұл аударылып отырған назар, әлеуметтік зерттеулерді қаржыландыру немесе нәтижелердің зерттеушілер емес адамдар тарапынан басқа мақсатта қолданылуына байланысты туындауы

мүмкін этикалық мәселелер мен дилеммалармен ғана шектеліп қоймайды. Алайда зерттеу барысында туындайтын этикалық мәселелер көбіне студенттерге қастандық жасаумен байланысты болып келеді. Этиканы зерттеуші әлеуметтанушылардың зерттеушілер мен зерттеуге қатысушылар арасындағы қатынастан туындайтын этикалық мәселелер жайлы көзқарастары әртүрлі. 6.1-тақырыбындағы негізгі ұғымдарда осы көзқарастарға қатысты жалпылама мәлімет берілген.



6.1 Негізгі ұғымдар

Этикадағы көзқарастар

Этикаға қатысты әлеуметтік зерттеулердің авторларды осы мәселеге қатысты көзқарастарына қарай бөлуге болады. Төменде көрсетілген көзқарастарды атап көрсетуге болады:

- *Әмбебаптық.* Әмбебаптық көзқарас этикалық ұйғарымдар арқашан орындалуы, сақталуы керек деген пікірді ұстанады. Этикалық қағидаларды бұзу моральдық жағынан ағаттық болып табылады және әлеуметтік зерттеулерге зиянын келтіретіні анық. Осы көзқарастағы пікірлерді Эриксон (1967), Дингуол (1980) және Балмердің (1982) жазбаларынан көруге болады. Алайда Блумер жасырын бақылаудың кейбір түрлерін қолдануға болады деген пікір танытқан. Олардың бірі ретроспективті жасырын қадағалау – бұл зерттеушінің өзінің тәжірибесін қоғамдық орындарда жасырын жүргізуі, демек ол өзі қатысқанымен өзінің зерттеуші екенін білдірмейді. Мысал ретінде Ван Мааненді (1991b) атауға болады, ол Диснейлендта көптеген жылдар бойы демалыс кезінде сырғанақ механигі ретінде жұмыс істеуіне қатысты өз тәжірибе жұмысын жазды. Тіптен Эриксон (1967: 372) тәрізді әмбебап маманның өзі де бұл жұмысты «ақылға сыймайтын, абсурдты...этика тұрғысынан әлеуметтанушылар жүрген жерлерінде міндетті түрде бақылаушы екенін айтып өзін-өзі таныстыруы және әрбір адамға қандай зерттеу жүргізіліп жатқаны жайлы бүкпесіз айтуы керек» деп сынады.
- *Ситуациялық этика.* Е. Гуди (1996) әрбір нақты жағдайға жекеше қарастырылатын алдауды жақтап, дәлел келтірді. Басқаша айтқанда, Флетчердің (1966: 31) «ситуациялық этика» деп атаған немесе тағы да айқынырақ «принципті релятивизмді» кейбір әлеуметтанушылардың универсалистік этикасымен салыстыруға болады деп тұжырымдап отыр. Бұл дәлелді екі жолмен түсіндіруге болады.
 1. *Бөлінген қаражат мақсатты ақтайды.* Кейбір әлеуметтанушылар өз пікірлерін этикалық ережелерді толығымен орындамайынша біз айқын әлеуметтік құбылыстар жайлы ешқашан танып білмейміз деп тұжырымдайды. Фиилдинг

(1982), 1970 жылдары саяси беделдігі артқан төтенше құқық ұйымы – Ұлттық майданға қатысты зерттеуіне орай осы пікірді қолдады. Жасырын бақылаулар жүргізілмегенде бұл маңызды қозғалыс пен оның үндеулерін анықтау мүмкін емес еді. Осыған ұқсас, жасырын түрде ас қорыту жүйесінің бұзылуына шалдыққан адамдарға қолдау көрсететін веб-парағында жүргізілген бақылауға қатысуды («про-ана» веб-парақтары атымен әйгілі – 28.4 тақырыбының зерттеуін қараңыз) Броцкий мен Джилес (2007: 96) осы арада айтылған өтіріктің ақталған іс екенін былай деп тұжырымдайды: «тағылған айып про-ана қауымдастығына қарсы болды (олар іс жүзінде өздігінен ашығуды қолданғандары үшін) және клиника саласына ас қорыту жүйесінің бұзылуына қатысты біздің нәтижелеріміздің потенциалды тиімділігін де ескеру керек». Мұндай дәлелдер этиканы әлеуметтік тұрғыдан зерттеуде екінші нысанға жататын ситуациялық дәлел келтіруге жатады.

2. *Амалсыздық/еш таңдаудың болмауы.* Кей жағдайларда бізді қызықтырған тақырыптарды зерттегіміз келсе өтірік айтудан басқа шара қалмағаны ұсынылады. Бұл пікірді Холдауейдің (1982) және Хоманның (Хоман және Балмер 1982) жазбаларынан көруге болады. Мысалы, Броцкий мен Джилес (2007: 96) былай деп жазды: «өз зерттеуінің мақсатын ашып айтатын зерттеушіге зерттеу жүргізуге рұқсат берілуі екіталай екені білініп тұрады».
- *Этикалық теріс қылық кеңінен таралған.* Барлық зерттеулерде этикалық тұрғыдан сұрақ тудыратын элементтердің міндетті түрде болатыны көптеп байқалады. Бұл жағдай зерттеуге қатысушыларға зерттеу туралы егжей-тегжейлі мағлұмат берілмегенде немесе ғылыми-зерттеу туралы мағлұмат деңгейінде өзгерістер болғанда орын алады. Мысалы, Пунч (1994: 91) өз пікірін «қоғамдық өмірде, әсіресе далалық зерттеуде өтірік айту тән тәсіл» деп білдіреді. Ол өз пікіріне қолдау ретінде Ганстың (1962: 44) сөздерінен дәйек келтіріп отыр: «Егер зерттеуші өз әрекеттері туралы адамдарға шынайы мағлұмат беретін болса, адамдар қажетсіз деп ойлаған ниеттерін және әрекеттерін жасырып қалуға тырысады, ал бұл өз кезегінде әділетсіздікке жатады. Сондықтан зерттеуші әділетсіздік жасап, әділетті деректер жинап алады».
- *Шексіз рұқсат (азды көпті).* Этикалық жағдайларға және этикалық теріс қылықты қолданудың кеңінен таралғанын мойындайтын дәлелдерге орай қауымдасқан әлеуметтанушылар, «шексіз рұқсат» діліне қатысты емес, керісінше этикалық шешімдер қабылдаудағы кейбір бейімділіктерге қатысты деп дауласуда. Алайда Дуглас (1976) әлеуметтік зерттеулерде қолданылатын өтірік айту түрлері қазіргі қоғамдағы ықпалды мекемелер (бұқаралық ақпарат көздері, полиция бөлімдері және өндіріс тәртізді) тарапынан жасалып жатқан әрекеттерге қарағанда болмашы ғана деп сендіреді. Оның кітабында адамдарды алдау тәсілдерінің құралдары жазылған: адамдарды алдап, олардың сеніміне кіріп алған соң олар өздері зерттеушіге бейімділік танытады. Дензин (1968), әлеуметтанушылардың кез келген адаммен кез келген жағдайда «ғылыми» мақсатта зерттеу жүргізу құқығы бар, қатысушыларға еш зиян келмейді және пәнге де еш залалы жоқ дей отырып шексіз рұқсат ұстанымына жақын пікір білдірді.
- *Жүйелілік этикасына қарсы деонтологиялық этика.* Соңғы жылдары жүйелілік пен деонтологиялық этикалар арасында айырмашылық өзіне назар аудартып отыр. Деонтологиялық этикаға тұрғысынан кейбір әрекеттердің өзі сырттай және іштей

қате (дұрыс) бола алады. Жүйелілік этикасы әрекет нұсқауларының дұрыс немесе бұрыс болуының жүйелілігіне қатысты қарастырылады. Әлеуметтік зерттеудегі этикалық мәселелерге орай деонтологиялық дәлелдер мына жағдайларда басым: жасырын мәселелерге қатысты зерттеуге қатысушыларды алдау немесе этикалық тұрғыдан дұрыс болмағындықтан дәйекті келісім берулеріне мүмкіндік бермеу. Алайда жүйелілік дәлелдер кей жағдайларда үстіртін болып келеді. Мысалы, сіз кей кездері жасырын бақылау тәрізді әрекеттің дұрыс емес екені және оның әлеуметтанушылардың немесе ұйымның беделіне кір келтіретіні жайлы дәлелдер кездестіріп жатасыз. Олай болса, басқа әлеуметтанушылар жасырын бақылауда қолданылатын этикалық жағынан күмәнді шешімдерден жағымсыз ықпал алатын еді.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Этика мәселесі бойынша комитеттер

Британиялық әлеуметтік қауымдастық, америкалық әлеуметтік қауымдастық және әлеуметтік зерттеу қауымдастығы тәрізді кейбір кәсіби қауымдастықтар тарапынан ұсынылған тәжірибелік кодекстермен танысу қажеттілігімен қоса сіз өзіңіздің университетіңіз немесе колледжіңіздің этикалық нұсқауларымен де танысу керексіз. Көптеген жоғарғы оқу ұйымдарында этикалық нормалардың нұсқауларын шығаратын этика мәселелері бойынша жұмыс істейтін арнайы комитеттер болады. Бұл нұсқаулар көбіне кәсіби қауымдастықтардың жетілдірген кодекстеріне сүйене отырып немесе негізге ала отырып құрастырылады. Университеттердің және колледждердің нұсқаулары этикалық жағынан қолданылмайтын нормаларды қарастырады. Кейбір жағдайларда сізге таңдаған зерттеу тақырыбыңызды университетіңіздің және колледжіңіздің этика мәселелері бойынша комитеттің талқылауына ұсыну керек болады. Бұндай жағдайлар, сіздің таңдап алған зерттеуіңіз нұсқауларға қарсы келетіні жайлы күмәніңіз болғанда немесе сіздің зерттеу тақырыбыңыздың этикалық жағынан күмән тудыратын біле тұра ары қарай зерттеу жүргізу үшін қайткен күнде комитеттің рұқсатын алғыңыз келгенде орын алды.

Этикалық нұсқаулардың және этика мәселелері бойынша комитеттің міндеті зерттеуге қатысушыларды қорғау, сонымен қатар мекемеге зияны тиіп кету мүмкіндігін тудыратындай зерттеушілердің этика тұрғысынан жарамсыз әрекеттерді қолданбауын қадағалап, мекеменің беделін қорғауға да жауапты. Егер зерттеушілердің этика тұрғысынан жарамсыз әрекеттеріне қатысты заңды түрде қарсы іс ашылса немесе жағымсыз немесе жұртқа жария болса, мұндай әрекеттер мекемеге проблемалар туындатуы мүмкін. Дегенмен этика мәселелері бойынша комитетпен этикалық нұсқаулар осындай жағдайларда зерттеушілерді қорғау шараларын қолға алады, сондықтан мекеменің беделіне кір келтіретін зерттеу жүргізуге рұқсат алу ықтималдығы өте төмен.

Этика мәселелері бойынша комитеттердің негізгі тәсілдерінің бірі – зерттеушілерден олардың зерттеуінде қандай да бір шараларға немесе әрекеттерге әкеп соқтыратын мүмкіндіктің бар немесе жоғын көрсетуін, мысалы жасырын бақылау тәрізді тәсілдерді ашып айтуларын сұрайды, бұл зерттеушілердің этикалық жағынан күмән тудыратын

тәсілдердің бар немесе жоғын өздерінің мәлімдеуіне мүмкіндік береді (көбіне БСҚ-ның Этикалық нормалардың мәлімдемесі немесе Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер бойынша кеңестің (ЭСЗК) Зерттеу этикаларының негіздері (ЗЭН) тәрізді кәсіби нұсқауларға сүйене отырып алынады (Ұсыныстар мен қорытындылар тақырыбындағы ЭСЗК-ның Зерттеу этикаларының негіздерін қараңыз). Бұл үдерісті, сіздің зерттеу барысында ықтимал этикалық мәселелер туындауы мүмкін екенінен хабардар екеніңізді білдіретін, арнайы үлгіні толтыру арқылы бастайсыз. Бұл үлгілерде мынадай сұрақтар келуі мүмкін: «Сіздің зерттеуіңізге қатысушыларға қатысты ықтимал зиян, қолайсыздық, дене немесе психологиялық зақым тәуекелі бар ма?» және жауап ретінде зерттеушілерге «Ия» немесе «Жоқ» деген екі нұсқа таңдауға беріледі. Егер сіздің зерттеуіңізде мұндай жағдай орын алу ықтималдығы бар болса, этика мәселелері бойынша комитет бұл істі жете тексеруге «дабыл» қағады. Мұндай жағдайлар орын алғанда, зерттеушіден өзінің зерттеуі жайлы толық мәлімет беруі және этикалық жағынан жарамсыз әрекетті қолдану себебін түсіндіру талап етіледі. Нәтижеде зерттеу жұмысының қарқыны азайып және комитет тарапынан бұл зерттеуді жүргізуге тыйым салынуы мүмкін.

Соңғы жылдары, этика мәселелері бойынша комитеттерде (көбіне АҚШ-ның мекемелерінің бақылау кеңесі деп аталады) көптеген даулы мәселелер орын алып отыр. Кейбір әлеуметтанушылар олардың зерттеу үдерісінде жаратылыстану ғылымдары үлгісінің ықпалына көп мән беретінін, сондықтан әлеуметтік зерттеулерге, соның ішінде сапалық зерттеулерге, көр қарсылық танытанын айтып жүр (Линкольн мен Терней 2004). Бұған қоса, олар көбіне жанжалға бейімді зерттеуге қатысушыларға қатысты мекемелердің құқығын қорғауда өз қызметтерін тым асыра қолданатын тәрізді (Ван Ден Хунард 2001). Сонымен қатар олар зерттеу барысында туындауы мүмкін этикалық мәселелерге қатысты ұдайы қырағы болудан және осы мәселелермен байланысты талқылау талаптарынан ауытқып кеткендері жайлы пікірлер айтылды (Джюллемин және Джиллам 2004). Басқаша айтқанда, егер зерттеуші этика мәселелері бойынша комитеттің тексеруін артта қалдырса, ол зерттеуші этикалық мәселелердің барлығы жабылғанына сенімді бола алады. Алайда бұған толығымен сенімді болуға болмайды, себебі этикалық мәселелер зерттеу үдерісінің әр кезеңінде және әрдайым шығуы мүмкін.



Этикалық қағидалар

Әлеуметтік зерттеудегі этикалық қағидаларды талқылаулар, нақтырақ айтсақ олардың сақталмауы, әртүрлі қалыпта белгілі бір мәселелер маңына айналып келе береді. Динер және Крандалл (1978) бұл мәселелерді төрт негізгі салаға бөліп ықшамдады:

1. зерттеуге қатысушыларға зиянның бар/жоғы;

2. келісім түрі қандай: ақпарат бермеу/ ақпаратты;

3. жеке басының тірлігіне араласу орын алған ба/жоқ па;

4. алдау әдісі орын алған ба/жоқ па.

Уақыты келгенде мен бұл төрт бөлімді жіті қарастырамын, дегенмен осы арада айта кетерім, осы төрт қағидалар

арасында ұқсастық байқалады. Мысалы, толықтай ақпарат беріп, келісімін алып бақылау жүргізу қағидасын зерттеуге қатысушыларға өтірік айтып алдаумен қалай байланыстыруға болатынын түсіну қиын. Дегенмен осы төрт сала әлеуметтік зерттеулерде қолданылатын этикалық қағидаларды топтастыруда өте тиімді екеніне күмән жоқ.

Зерттеуге қатысушыларға зиян келу

Зерттеуге қатысушыларға зиян келтіретін зерттеудің болатынын көптеген адамдар қабылдап, ұғына бермейді. Дегенмен зиян келтіру дегенге не жатады? Зиян келтірудің көптеген қырлары бар: денеге зақым келтіру; зерттеуге қатысушылардың дамуына зиян; өзін-өзі бағалауын жоғалту; күйзеліс; Динер мен Крендал (1978: 19) атап өткендей «ұят қылықтар жасауға түрткі болу». Осы кітапта атап қамтылған кейбір ғылыми-зерттеулерде зерттеуге қатысушыларға шынайы немесе ықтимал зиян келтіру түрлері кездеседі.

- Розенталь мен Якобсонның (1968) ғылыми зерттеуінде (3.2-тақырыбындағы ғылыми зерттеу) кем дегенде, «спуртерлер» қатарына ілікпеген оқушылардың, спуртерлерге көп көңіл бөлінгендіктен білімдерін қажетінше жетілдіру мүмкіндіктеріне қол жеткізе алмау ықтималдығы орын алды.

- Фестинджер және басқаларының (1956) діни ғұрыптарды ғылыми зерттеуінде зерттеушілердің топқа ең шешуші уақытта келуі, яғни жобаның соңына қарсы қосылуы, топ мүшелері арасында қателіктерге жол ашты.

- Мильграмның (1963) экспериментіне қатысушылардың көбі (6.2 тақырыбының

ғылыми зерттеуі) токтың қуатын қолдануға мәжбүрлегенге көнгендері үшін бойларын үрей билеп, жоғары дәрежелі күйзеліске ұшырауды бастарынан кешірді. Осы арада Мильграмның бақылаушылары «ұят қылықтар жасауға түрткі болды» дегенді тұжырымдауға болады.

- Хамфрестің (1970) ғылыми зерттеуіне қатысушылардың көбісінің жанұялары бар (6.1-тақырыбының ғылыми зерттеуі), олар өздерінің гомосексуалист екенін басқаларының білгенін қаламауы мүмкін. Оның қолданған тәсілі кейбір қатысушылардың есімдерінің жариялауына олардың еркіне қарсы қолданылғаны әбден мүмкін.

БСҚ-ның *Этикалық нормалардың мәлімдемесі* зерттеушілерге «зерттеуге қатысушыларға зиян келуі мүмкін жағдайларды алдын ала болжап және алдын алуды» және «ғылыми зерттеу тәжірибесінің әбігерлікке салатын жақтарын анықтап тексеруді» бұйырады. СЗҚ-ның *Этикалық нұсқауларында* да осыған ұқсас, мысалы «әлеуметтанушы субъектілердің өздерін және субъектілердің қоршаған ортамен қатынастарын бұзуды мүмкіндігінше азайтуы керек» деген жақтарын да байқауға болады.

Зерттеуге қатысушыларға зиян келтіру мәселесі ары қарай деректерге құпиялық сақтауды қорғай отырып этикалық кодекстерде дамытылған. Бұл дегеніміз, адамдардың жеке бас деректері мен жазғандары құпия түрде қалады дегенді білдіреді. Бұл тыйым салатын норма нәтижелерді жария еткенде жеке тұлғалар жайлы мәліметтер берілмейді немесе анықталынбайды дегенді де білдіреді. Осы арада Американың Спрингдейл (балама ат) қа-

ласындағы Видич пен Бенсмен (1968) жасаған ғылыми-зерттеу осыған мысал бола алады. Бұл ғылыми-зерттеу Видичтің қатысуымен қала ішінде екі жылдың төңірегінде жасалды. Зерттеу бойынша жарыққа шыққан кітапта қала жайлы және оның басшылары жайлы жағымсыз пікірлер және адамдардың қандай пікірлерді жақтаған сарынмен сөйлейтіні байқалғаны жазылған. Және осы арада отқа май тамызғаны, осы жазылғандарға орай адамдардың тегін анықтауға болатын еді. Қала тұрғындары бүркеме аттарын жазып алған белгі тағып алып көшеге шығып, Төртінші шілде шеруін ұйымдастырды және шеруде тезектен Видичтің тұлбы жасалды. Сонымен қатар, қала тұрғындары бұдан әрі ешқандай әлеуметтік зерттеулерге қатыспайтынын жария етті. Тұрғындар жарық көрген басылымның өздеріне зиян келтіргені үшін қатты наразылық танытты. Бұл мәселе төменде қарастырылатын жеке бас тірлігі мәселесін де қозғап отыр.

Осы соңғы қарастырылған іске қатысты көріп отырғанымыздай, құпиялылық мәселесі сапалық ғылыми-зерттеулерде кейбір қиындықтарды туындатады. Сандық ғылыми зерттеулерде деректерді анонимдік түрде және санақ нәтижелерін тұлғалардың тегін анықтауды қажет етпейтіндей санақ деректерін жүргізу біршама оңай. Алайда сапалық ғылыми-зерттеулерде бұл іс оңайлықпен атқарылмайды, себебі бұл жұмыста тұлғалардың тегін және зерттеу жүргізілген орынды жасыруға ерекше көңіл бөлу керексіз. Бүркеме ат жалпылама қолданылатын тәсіл, дегенмен тегін анықтау мүмкіндігін толығымен жоққа шығара алмайды. Бұл мәселе сапалық деректер туралы екінші талдау жүргізгенде қиындықтар туды-

рады (24-тарауды қараңыз), дегенмен адамдарды және орындарды анықтау мүмкіндігін тудырмай **зерттеу жазбалары** мен сұхбаттың стенограммасын жария ету қаншалықты қиын болғанымен де ықтималдықты мүлдем алып тастауға болмайды. Олдерсон (1998) айтқандай екінші рет қайтадан талдау жүргізілгенде негізгі зерттеу жүргізуші барлық мәліметтердің түпнұсқасын ұсынады, ал бұл өз кезегінде бастапқы зерттеуші ұсынған құпиялықты сақтауға кепілдеме беруі қиындықты туындатады.

Этика саласын ары қарай қарастыру зерттеушіге келетін зиян жайлы болмақ, бұл мәселе Ұсыныстар мен қорытындылар тақырыбында «Зерттеудегі қауіпсіздік» деп таныстырылып кетті (4-тарауды қараңыз). Басқаша айтқанда, өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстарына этикалық мәселелер бойынша комитеттен рұқсат алуды көздеген зерттеушілерге далалық зерттеу жұмысынан келетін дене немесе психологиялық зиян ықпалы туралы ойлануды ұсынуы мүмкін. Этикада мұндай түсінік қарастырылмаған болса да, сіз өзіңіз осы мәселені жақсалып ойластыру керексіз.

Құпиялылық сақтау қажеттігінде зерттеушілерге дилеммалар ұсынуы мүмкін. Вестмарленд (2001) полиция қызметкерлерінің тұтқындағы адамдарға көрсететін жәбірлеушілікті бақылай отырып көрген дилеммалары жайлы әңгімелеп берді. Оның пікірінше, қандай да бір дәрежеде жәбірлеу жарамды деп табылса, мысалы, полиция қызметкерлерін өздерін қорғануы немесе қоғамды қорғауында қолданса, қандай дәреже жарамсыз, қай дәрежеде тоқтау керек деген сұрақ туындайды және зерттеушілер осыған қатысты мәлімет беру керек. Сондай-ақ, мұндай себепті жәбірлеушілік көрсету дәрежесі

полиция қызметкерлерінің кәсіптік құзыреті аясында қарастырылуы да мүмкін. Этнографтың проблемасы, егер зерттеушілер жәбірленуші дабылын қағатын болса шенеуніктер арасында сенімін жоғалтып алып жұмысын аяқтай алмауы мүмкін немесе болашақта қандай да бір рұқсаттарға қол жеткізе алмауы мүмкін. Үдеріс барысында, мансап мәселесі зерттеушілер үшін алдыңғы орынға қойылады, бұл мәселе осы тараудың соңында қарастырылатын

саяси сұрақтармен байланысты. Осыған ұқсас, қыздардың жәбір көруі туралы феминистік ғылыми зерттеуде Бурман және басқалары (2001: 455) жұмыс барысында «анық нені және қаншалықты ашық айту, кімге және қалай айтуға болады» деген сұрақтардың туындауымен көңілге кірбің келтіретін жағдайлар орын алған. Осылайша, құпиялылыққа байланысты маңызды тыйымдар зерттеушілерге шешім қабылдауға қиын дилеммалар ашуы мүмкін.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Деректерді қорғау

Ұлыбританияда деректерді қорғау – құпиялылықтың маңызды қырларының бірі және оның шарттарын сақтай білудің жолы – Деректерді қорғау Заңы (1998) болып табылады, осы Заң басқаларының жеке тұлғалық мәліметі бар адамдар мен ұйымдарға жауапкершілік артады және осы ақпаратты қорларда жеке мәліметтері берілген тұлғалардың құқығын қорғайды. Ақпараттық комиссардың веб парағында осы Заң туралы былай жазылған:

Біріншіден, осыған [Деректерді Қорғау Заңы] сәйкес жеке тұлғаның мәліметін өңдеумен айналысатын әркім сегіз қағиданы ұстануы тиіс және олар жеке тұлғалық мәліметтерге мына көрсетілгендер жататынын білетінін растайды:

- Әділетті және заңды түрде өңделген
- Шектелген мақсаттарға сай өңделген
- Тиісті түрде, орынды және шамадан тыс емес
- Тиянақты және қазіргі заманға сай
- Тиісті уақыттан артық сақтамау
- Сіздің құқықтарыңыз аясында өңделген
- Қауіпсіз
- Басқа мемлекеттерге тиісті қорғау шараларынсыз тапсырмау

Заңның екінші саласында жеке тұлғаларға берілген маңызды құқықтары жазылған, соның ішінде компьютерде және маңызды қағаз жазбаларда жеке тұлғаға қатысты қандай мәліметтердің бар екенін білуге болады.

(www.ico.gov.uk/what_we_cover/data_protection/the_basics.aspx (2010 жылдың 5 тамызынан бастап қолданыста))

Бұл қағидаларды есіңізде сақтау өте маңызды, себебі әлеуметтік зерттеулер жүргізгенде осында берілген құқықтарға бола егесіп қалуға болады. Алайда осы

Заңның 33-тармағында зерттеу мақсатында кейбір жеке мәліметтерді жинақтауға рұқсат берілген. Осы тарауға сәйкес, зерттеуші «деректер кейбір тұлғаларға қатысты шаралар қолдану немесе шешім қабылдау мақсатында жинақталмайтынына» және «деректер субъектілерге қандай да бір зиян немесе елеулі ауыртпалық тигізетіндей немесе тигізуі мүмкін жағдайда жинақталмайтынына» кепілдік беруі керек.

(www.legislation.gov.uk/ukpga/1998/29/section/33 (2011 жылдың 5 шілдесінен бастап қолданыста)). Сонымен қатар, зерттеу егер «ғылыми зерттеу нәтижелері немесе қандай да бір статистикалық нәтижелер дерек субъектілерін немесе кез келген біреуін анықтауға мүмкіндік бермейтіндей түрде жүргізілсе» ғана арнайы құқықтарға ие болатынын да ескерген дұрыс. (www.legislation.gov.uk/ukpga/1998/29/section/33 (2011 жылдың 5 шілдесінен бастап қолданыста)). Осы ескерту құпиялылыққа кепілдік берудің маңыздылығы және жеке тұлғаның мәліметі жасырын болуы керектігіне тағы да назар аудартады.

Сонымен қатар, зерттеушілердің құпиялылыққа қатысты жауапкершіліктері 2006 жылғы *Денсаулық және әлеуметтік қамсыздандырудың шекті зерттеу нұсқауларында (ШЗН)* қарастырылған. ШЗН денсаулық және әлеуметтік қамсыздандыру салаларында ғылыми зерттеуге шектеулер енгізуге, зерттеуге қатысушыларға қатысты тәуекелді азайтып және ауқаттылығын қамтамасыз етуге арналған. ШЗН, ауруханаларда немесе әлеуметтік қамсыздандыру агенттіктері тәрізді ұйымдарда жүргізілетін барлық зерттеулерге қатысты және осы орындарда жүргізілетін қандай да бір әлеуметтік зерттеулерге қатысты шарттарды қамтуға арналған. Мысалы, 3.6.1-бөлімінде көрсетілгендей, зерттеушілер «зерттеу барысында шыққан клиникалық және басқа деректер мен жазбалардың құпиялылығы және жинақылығын қорғауға» жауапты. (www.dh.gov.uk/assetRoot/04/12/24/27/04122427.pdf (2010 жылдың 5 тамызынан бастап қолданыста)).

Холмис (2004) зерттеуге қатысушылардың деректері мен құпиялылықты қалай қорғау туралы пайдалы және маңызды ұсыныстар қамтамасыз етті. Оның кеңестері мынадай:

- Зерттеуге қатысушылардың аттары мен мекенжай немесе хат жазысқан деректерін қатты дискке сақтамаңыз;
- Дерек файлдарына және қатысушылардың тізімін сақтауға арнайы анықтау коды қолданыңыз, бұл анықтау кодын бөлек жабық орында ұстаңыз;
- Бейнежазбаларды танып, оқушының Деректерді қорғау Заңына орай әрекет ететіндері туралы хатқа қол қойғызып алыңыз;
- Бейнежазбаларды танып, оқушының зерттеуге қатысушылардың есімін көрсетпегеніне көз жеткізіңіз;
- Бейнежазбалардың көшірмесін жабық жерде сақтау.

Осы Ұсыныстар мен қорытындылар тақырыбының негізгі қорытынды пікірі: құпиялылық пен деректерді сақтауды қатты талап ететін орта бар және студенттер мен зерттеушілерге олардың міндеттерін орындап және талаптарына сай болу өте маңызды.

Құпиялылық мәселесі өз алдына меншікті құқықпен қорғалған маңызды бір бөлім. Израэль мен Хей (2004) бұл мәселені меншікті құқықпен қорғалған бөлек этикалық қағидалар ретінде қарастырады. Олардың айтуынша, егер зерттеушілер оларға айтылғандарды құпия сақтай алмаса «олармен болашақта кім сөйлеседі?» (Израэль мен Хей 2004: 94). Сондықтан құпиялылықты сақтамауға тән қателіктен аулақ болыңыз, бұл болашақ зерттеушілерге зиян келтіруі мүмкін деген жүйелі дәлел бар.

Зерттеуге қатысушыларға зиян тақырыбына қатысты мәселелердің бірі барлық жағдайларда зиянның барлық түрлерін қарастырып және алдын алу мүмкін емес, алайда бұл факт зиян келтіруден қорықпау керек дегенді білдірмейді. Киммель (1988) осыған орай Кемтридж-Саммервил Жастар мектебінің мысалын келтіреді. 1939 жылы 5-13 жас арасындағы ұл балалар арасында болашақта құқық бұзушы болатыны немесе орташа деңгейде құқық бұзушы болатындары туралы эксперимент жүргізілді. Осы ерекшеліктерді анықтау мақсатында 506 ұл баланы тепетең қылып екіге бөлді: кездейсоқ түрде алдын ала кеңес берілген эксперименттік топқа, ал кейбіреулері бақылаусыз топқа бөлінді. 1970 жылдардың ортасында осы зерттеудің нәтижелері қайтадан тексерілді, алайда өте таңқалдырарлық еді: «Тексерілген бағыттар шамалап алғанда мыналар: маскүнемдікке салыну, психикалық ауруға шалдығу, өте ерте қайтыс болу, күйзеліске көп ұшырап ауруға шалдығу, оқуында өте төмен дәреже көрсету, екінші рет қылмыс жасауға бейімділігі» (Киммель 1988:

19). Басқаша айтқанда, зерттеу бұл топқа тек қана жағымсыз салдарлар әкелген. Бұл өте төтенше жағдай, әлеуметтік зерттеулерде әдетте қолданылатын әлеуметтік зерттеу тәсіліне жатпайтын эксперименттік зерттеуге жатады (3-тарауды қараңыз), зерттеуге қатысушыларға келген болжамды зиянды көрсетеді. АСҚ-ның Этикалық кодесі, егер зерттеуге қатысушыларға зиян келетін болса, келесі тақырыпта қарастырылатын ақпаратты келісім түрін қолдану орынды болады: «зерттеу барысындағы тәуекел күнделікті өмірдің тәуекелінен артық болса, зерттеу ақпаратты келісім түрінде жүргізілуі тиіс. Аз мөлшерде тәуекелге бару немесе зиян келуі ықтимал болса, міндетті түрде ақпаратты келісім алынуы керек».

Ақпаратты келісімнің болмауы

Әлеуметтік зерттеулердің этикасы аясында жүргізілетін ақпаратты келісім мәселесі көп талқыланатын пікірталастардың бірі. Әңгіменің төркіні, астыртын немесе жасырын бақылауға не жататынын талқылау. Мұндай бақылауға, зерттеушінің жеке тұлғалығы беймәлім болып қалып, қатысушыларды жасырын бақылау (19.2-негізгі ұғымдар) немесе жай ғана ойдан шығарылған бақылау жүргізу (14.3-негізгі ұғымдар) жатады. Осы арадағы принцип, зерттеуге ықтимал қатысушыларға жеткілікті мәлімет беріліп зерттеуге қатысуға келісіп немесе келіспейтініне ақпаратты келісім беруі керек. Жасырын бақылауда бұл принцип қарастырылмаған, себебі қатысушыларына зерттеуге қатысудан бас тарту мүмкіндігі берілмеген. Оларға ұнаса да, ұнамаса да қатыстырылады.

Ақпаратты келісімнің болмауы 6.1 және 6.2-тақырыптарында келтірілген ғылыми зерттеулердің ерекшеліктерінен болып табылады. Хумфрейдің зерттеуінде ақпаратты келісім қарастырылмаған, себебі ол өзін вайерист ролінде ұсынған зерттеуінде адамдардың зерттеуге қатысудан бас тарту мүмкіндігі болмады. Осыған ұқсас пункттер осы кітапта қарастырылған бірталай басқа зерттеулерде де кездеседі, мысалы Фестинджер және басқалары (1956), Патрик (1973), Холдауей (1982, 1983), Винлоу және басқалары (2001), Броцкий және Джилес (2007) және Пирсон (2009). Ақпаратты келісім принципінің де өзіндік салдарлары бар: адамдар зерттеуге қатысуларын біліп рұқсат берген күнде, оларға зерттеу үдерісі жайлы толық мәлімет берулерін талап етеді. СЗҚ-ның Этикалық нұсқауларында былай жазылған:

Адамдардың қатысуымен сауалнама жүргізу олардың ақпаратты еркін келісім беру негізінде өте тиімді түрде жүргізілуі керек. Қатысушылардың болуы заңды түрде талап етілсе де, оларға мүмкіндігінше ауқымды ақпарат берілуі керек. Ерікті сауалнамаларда субъектілерде өздерін осы зерттеуге қатысулары талап етілгендей сезім туындамауы керек. Олар, өздерінің кез келген уақытта әртүрлі себептермен қатысудан бас тартып, берілген мәліметтерді алып кету құқығы бар екенінен хабардар болуы тиіс. Субъектінің қатысуға дайын екеніне әсер ететін мәліметті әдейі кейінге қалдыруға болмайды, себебі бұл субъектілердің өз мүдделерін қорғау маңыздылығын жоғалтады.

Осыған ұқсас БСҚ Мәлімдемесінде былай делінген:

Әлеуметтік зерттеулерге қатысу жіті мүмкіндікпен зерттеуге қатысушылардың еркін ақпаратты келісімі негізінде жүргізілуі керек. Бұл әлеуметтанушыларға қолдан келгенше толық ақпарат беріп, түсіндіруге жауапкершілік артады. Зерттеуге қатысушыларға берелетін мәліметтердің қысқаша тізімі: зерттеу тақырыбы неге байланысты, кім жауапты және кім қаржыландырып отыр, неліктен зерттеу жүргізіліп отыр және қалай ұсынылмақ.

Мильграмның экспериментіндегі субъектілер ерікті адамдар болғандықтан, олар зерттеуге қатысатындарынан хабардар болды, дегенмен ақпараттық келісімі орын алмаған еді, себебі зерттеудің толық сипаты және оларға қандай әсер ету мүмкіндігі жайлы ешқандай мәлімет берілмеді.

Алайда Хоумен (1991: 73) атап өткендей ақпаратты келісімнің принципі «іске асырудан гөрі айту оңай». Осы арада, кем дегенде екі маңызды ойды атап өтейік:

- Толық хабардар бола отырып зерттеуге қатысуы туралы тиісті шешім қабылдайтын ықтимал қатысушыларға толық ақпаратты жеткізудің өзі қиын. Шын мәнінде, көптеген әлеуметтік зерттеулерде шағын ауытқулар орын алып жатады, мысалы сұхбатқа бөлінетін уақытты әдейілеп анық белгілемеу, бұл өз кезегінде адамдарға сұхбатты кейінге қалдырмауға, ал зерттеушіге адамдардың сұраққа жауаптарына әсер етпес үшін ғылыми зерттеу туралы толық мәлімет бермеуге мәжбүр етеді.

- Этнографиялық зерттеулерде зерттеуші бірталай адамдар шоғырларымен

байланысады, сондықтан міндетті түрде әрбір адамнан ақпаратты келісім алу-ды жүзеге асыру мүмкін емес, себебі бұл күнделікті мән-мәтінде қатты әбгерлікке салады. Мысалы, 19.6-тақырыбының ғылыми зерттеуіндегі Пунчтың далалық зерттеуінде адасып жүрген велосипедшіден ақпаратты келісім алуға ешқандай мүмкіндігі болмады. Пунч, полиция қызметкерлері алаңдатушылық танытып айтқандай жасырын бақылаушы емес, керісінше далалық жұмысы барысында полиция қызметкерлері қақтығысқан тұлғалардан жасырынып жүрді. Сонымен қатар, зерттеуге қатысушылардың барлығы қандай да бір тәсілмен этнографтың зерттеуші екенін білгенде де, оларға зерттеу сипаты туралы ұқсас (бірдей демесек те) мәлімет беріліп немесе берілмегені белгісіз.

Ақпаратты келісімдегі кең тараған жарамсыздықтарға қарамастан және жасырын бақылаудың осал жақтары көп этикалық жат қылық деген көзқарастарға қарамастан, зерттеулерде осы тәсілдер әлі күнге дейін әлсін-әлсін қолданылады (мысалы, Броцкий және Джилес 2007; Пиирсон 2009). «Мақсатқа жету – нәтижелерге қол жеткізу» деген ақтайтын дәлел туралы төменде толық қарастырылады.

Бір қызығы, БСҚ-ның мәлімдемесінің осы мән-мәтіні жасырын бақылауды айлалы жолмен қолдануға рұқсат беретіндей, басқаша айтқанда барлық мүмкіндіктерге тыйым салынбаған. Мәлімдемеден келтірілген соңғы мысалдағы дәйексөз ақпаратты келісім туралы «жіті мүмкіндікпен» деген сөз тізбектері осыны меңзейді, дегенмен БСҚ-ның **жасырын бақылау** туралы көзқарасы да тым тереңде:

Жасырын зерттеуді қолдануда қатаң этикалық және заңи мәселелер ортаға шығады, дегенмен кейбір жағдайларда жасырын тәсіл ғана көздеген мақсаттарға жеткізе алады. Мысалы, зерттеуге қатысушылар өздеріне бақылау жүргізіп отырғанын білгенде, бірден әрекеттерін, мінез-құлықтарын өзгерте бастайды, бұл өз кезегінде қиындықтар туындатады. Сонымен қатар, қуатты немесе жасырын мүдделердің болуымен әлеуметтанушылар әлеуметтік өмірдің кейбір салаларын зерттеуді қолға алуда көптеген машақаттарға тап болуы мүмкін. Алайда жасырын тәсілдер ақпаратты келісімнің қағидаларын бұзады және бақылау жүргізіп отырған субъектілердің жеке тұлғалылығына қол сұғуы мүмкін. Зерттеуге қатысушы немесе енгізілмеген бақылау қоғамдық емес орындарда немесе зерттеуге қатысушыларға эксперименттік айлалы әрекет жасау, әрине, олардың келісімінсіз, деректер жинақтауға зерттеудің басқа тәсілдері мүмкін емес деп табылған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. Мұндай зерттеуде зерттеуге қатысушылардың жеке тұлғалығы жайлы мәліметтердің жасырын қалуын қадағалау керек. Егер зерттеу жүргізуге ақпаратты келісім алынбаған болса, апостериорлық түрде іске асыру мінсіз болар еді.

Осы мәлімдеме жасырын бақылауға қатысты ақпаратты келісімнің болмауын қолдамаса да, екіұшты, тіптен сыни мағынада. Жасырын зерттеулер «кейбір проблемалардың алдын алатынын» және ашық бақылау тәсілдерімен байланысты әрекет қабілеттігіне орай уақыт белгіленбейтінін мойындайды.

Сонымен қатар, жасырын тәсілдер кейбір параметрлерге байланысты рұқсат алуда қиындықтарды оңай жеңіп шығуға жол ашатынын да мойындайды. Осы мәліметтен жасырын ақпаратты келісімге жеке тұлғалық құпиялылықты қоса алғанда (төменнен қараңыз) қауіп төндіреді, дегенмен жасырын ғылыми зерттеу «тиісті мәліметтер жинақтауда басқа тәсілдерді қолдану мүмкін болмаған жағдайда ғана» қолданыла алады деген пікірді қалыптастырады. Осы арада туындайтын қиындық, шынында басқа тәсілдер қолданыла алмайтынын, деректерді тек қана жасырын тәсіл қолдану арқылы жинақтауға болатынын зерттеуші қалай дәлелдейді. Осыған ұқсас. ЭСЗК Зерттеу этикаларының негіздерінде (Ұсыныстар мен қорытындылар. ЭСЗК Зерттеу этикаларының негіздері төменде келтірілген) былай жазылған: «Алдау (келісімсіз зерттеу жүргізу) басқа ешқандай тәсіл қолданыла алмағанда, соңғы мүмкіндік ретінде ғана қолданылуы керек».

Жалпы алғанда, жасырын бақылау жүргізушілер іс жүзінде қарсы келетін мәселелерден емес, әдетте осы бақылау түрін қолдану шешіміне қажетті параметрлерге қол жеткізуде немесе әрекет қабілеттілігіне орай туындайтын қиындықтарға бола өз ойларын қалыптастырады деп пайымдаймын. Мысалы, Холдауей (1982: 63), полиция қызметкері ретінде оның жасырын бақылау жүргізуіне шешім баламаларының барлығы этикаға сай емес немесе «шынай емес» болып шығатынын жазды.

Осыған ұқсас, Хоумен өзінің діни сектаға жүргізген жасырын бақылауын, ол топтың мүшелері әлеуметтанушыларға өте жағымсыз көзқараста болуымен және «оларда осындай пікір қалыптасқандықтан әлеуметтанушы екенімді білсе далалық жұмыстың тиімділігіне нұқсан келтіруі мүмкін еді» деген пікірге негіздей отырып жүргізгенін айтады (Хоумен және Балмер 1982: 107). Пиирсон (2009) өзінің футбол бұзақыларына қатысты жүргізген зерттеуін тек қана жасырын бақылау арқылы ғана жүргізу мүмкін болғанын, алдын ала сұхбат алу тәсілін қолдануға тырысқан әрекетінен еш нәтиже болмағанын жазады: ашынған елірме бұзақылар сотқарлық жасауларын азайтқанымен, күш көрсетпейтін басқа бұзақылар көбейіп кетті. Этикалық қағидаларды орындамау жағдайларына қатысты мәселелер, мысалы ақпаратты келісім, төмендегі талқылауларда да орын алмақ. Сонымен қатар жасырын бақылау жүргізетін зерттеушілерге бақылау жүргізілетін субъектінің тұрақты болуын талап ететін жақтары қолайсыздықтар тудыратыны да ескерілуі керек. Пиирсон (2009) өзінің зерттеуін жүзеге асыру үшін араласып жүрген бұзақыларға өзін таныту мақсатында бұзақылармен бірге жүріп, қылмыстық әрекетке баруы керек болатынын сезді. Осыған орай ол былай деп жазады:

«Бір жолы, мысалы, мен өзімнің сенімділігімді дәлелдеу керек екеніне көзім жеткенде, өздігімнен бір ішімдік орнында кішігірім қарсылас топпен қақтығыстым. Бұл

әрекет әрине «жасандылық» еді, мен алдын ала болжағанымдай менің тобымдағылар төбелеске араласып қандай да бір ауыр зақым алуыма жол бермеді. Дегенмен әрекетім қылмыстыққа сай болды (қауіп төндіретіндік) және отырған жерімізді біраз зақымдап тастадық. Бұл әрекетке менің келтіретін дәйегім: менің олардың арасындағы позициямды нығайта түсті және менің қатаң тәртіпсіздіктерге қарсы ұдайы «бұлтартып» кете беруіме қарамастан «ашынған» деп қабылдап сол маусымның аяғына дейін топ арасында қалдырды (Пиирсон 2009: 248-9)»

Ақпаратты келісім принципі де зерттеуге қатысушыларға белгілі бір дәрежеде зиян келтірумен байланысқан. Эриксонның (1967) пікірінше, егер қағидалар жіті қадағаланбаса және зерттеуге қатысушыларға зерттеу нәтижесінде зиян келетін болса, зерттеушінің осы арада кінәсі олардың мәлімет бермей бақылауынан да ауыр. Мысалы, ол былай деп тұжырымдайды: «егер біз субъект ретінде келісім берген адамға зиян тигізсек, кем дегенде оның тәуекелден хабары болғанын айта аламыз. . . » (Эриксон 1967: 369). Осы арадағы қорытынды мәселе әлеуметтанушының көңілін жұбататын шипамай десе болады, нақтырақ айтқанда, зерттеуге қатысушылардың келісімі болуымен олардың келісімі болмай жағымсыз әсерде қалса, екінші жағдайда зерттеушінің кінәсі қатаң сынға алынады. Алайда бұл зерттеушінің кінәсі азаюы мүмкін бе деген сұрақ өз алдына дау тудырады. Эриксон пікірінше азаюы

тиіс, дегенмен бұған қайшы ойлар да жетерлік.

Ақпаратты келісім үлгілері

Зерттеуге қатысушылардың ақпаратты келісімін алуда ақпаратты келісім үлгісін толтыруды дұрысырақ көретін зерттеушілер саны көбейіп барады. Мұндай үлгілердің артықшылығы, қатысушыларға зерттеу ерекшеліктерімен толық танысу мүмкіндігін береді және қатысушыларының нәтижелері болатыны жайлы басынан хабардар етеді. Сонымен қатар, егер қатысушылардың немесе басқалардың нәтижелерге орай қандай да бір сұрақтары туындап жатса зерттеушінің қолында қол қойылған келісім үлгісі болады. Осы арада туындайтын ықтимал мәселе: қатысушыларға үлгіге қол қоюды талап ету оларды қорқытып жіберуі мүмкін және нәтижеде қатысудан бас тартары анық. Және сапалық зерттеу бағыттары сандық зерттеуге қарағанда алдын ала болжаулар жасауға аз бейімделген, сондықтан кейбір мәселелерге қатысты үлгі толтыру жайлы кесіп айту мүмкін емес. Ұсыныстар мен қорытындыларда «Сұхбатқа келісімнің типтік үлгісі» және «Зерттеу ақпаратының типтік үлгісі» түрлерін ұсына отырып, қатысушылардың ақпаратты келісімін алғанда ескере жүретін функциялар қарастырылған. Мына сілтемелерде бойынша зерттеу жүргізуге қажетті келісім үлгілері мен этикалық нормалардың басқа аспектілері туралы пайдалы кеңестер берілген:

www.ethicsguidebook.ac.uk/ (2010 жылдың 9 тамызынан қолданысқа енгізілді) www.lancaster.ac.uk/research-ethics/index.html



Ұсыныстар мен қорытындылар

Сұхбатқа келісімнің типтік үлгісі

Мен, төменде қол қоюшы, берілген Зерттеу ақпараттың үлгісін оқып, таныстым.

- Маған зерттеу туралы сұрақтар қоюға мүмкіндік берілді.
- Зерттеуге қатысуда сұхбат алынатыны және ұнтаспаға жазылатыны жайлы хабарым бар.
- Тиісті шешім қабылдауыма уақыт жеткілікті болды және зерттеуге қатысуға келісемін.
- Менің аты жөнім, жұмыс мекенжайым тәрізді жеке тұлғалық деректерім осы жобадан тыс ешкімге мәлім болмайтынын қабылдаймын.
- Менің сөздерім басылымдарда, баяндамаларда, веб парақтарда немесе басқа да ғылыми жазбаларда қолдануы мүмкін екенін қабылдаймын, алайда менің аты жөнім еш жерде қолданылмайды.
- Осы жобаға сай барлық мәліметтерге қатысты менің құқығымды [зерттеушінің есімі] беруге келісемін.
- Мен зерттеуге қатысудан кез келген уақытта бас тарта алатынымды және неліктен ары қарай қатысқым келмейтіні жайлы сұрақтар қойылмайтынын қабылдаймын.

Қатысушының аты жөні: _____

Қол қойылған күні:

Зерттеушінің қолы: _____

Қол қойылған күні:

[Ұлыбритания Мұрағат Деректерінің (2009) және кейбір Ұлыбритания университеттерінің мысалдары негізінде құрастырылды]



Ұсыныстар мен қорытындылар

Зерттеу ақпаратының типтік үлгісі

Осы зерттеуге қатысуға келіскеніңіз үшін алғысым(ыз)ды білдіремін(із). Осы ақпараттық үлгісінде зерттеудің немен байланысты екені және сіздің қатысуыңыздың қалай өтетіні жайлы анықтамалар жазылған.

Зерттеудің мақсаты: [ғылыми-зерттеу жайлы қысқаша түсініктеме беріңіз].

Сіздің пікіріңізді анықтау үшін [университет аты] университет жүргізіп отырған Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша сізден сұхбат алынуына келісуіңізді сұраймыз. Егер келісіміңізді берсеңіз, сұхбат ұнтаспаға жазылатыны және, шамамен бір сағат уақытқа созылатыны жайлы хабардар етеміз. Сізден, сонымен қатар, төрт апта жұмыс орнында күнделік жүргізуіңізді сұраймыз. Зерттеудің осы аспектісіне қатысуыңыз үшін жетекші менеджеріңіздің келісімі керек болады. Бұл нұсқаулардан өтуді қалай іске асыруға болатыны сұхбат барысында түсіндіріледі.

Сұхбат барысында және жұмыс күнтізбесінде қатысты алынатын мәліметтер ғылыми-зерттеу мақсатында қолданылады. Жауаптар сіздікі екені анықталмайтындай түрде қолданылады.

Зерттеу соңында, қазіргі таңда қолданысқа енген басқа зерттеушілермен ақпараттық алмасуды тиімді ету мақсатында, жасырын зерттеу деректері Ұлыбритания Мұрағат Деректеріне енгізіледі.

Зерттеу тақырыбы [университет аты] университетінің Мекемелік этика мәселесі бойынша комитетінің талқылауынан өтті және жүзеге асыруға рұқсат етілді.

Осы зерттеуге қатысты сіздің қандай да бір төлемдеріңіз бен жол шығындарыңыз қайтарылып беріледі. Өтініш: барлық төлем қағаздарыңызды сақтап қойыңыз.

Тағы да осы зерттеуге қатысуға келіскеніңіз үшін алғысым(ыз)ды білдіремін(із). Зерттеу жайлы қандай да бір сұрақтарыңыз туындап жатса, кез келген уақытта бізге хабарласыңыз.

[Зерттеушінің байланыс телефондары, мекенжайы, электрондық адресі]



Студент тәжірибесінен

Ақпаратты келісім үлгілері

Ребекка Барнес, өзі үшін «этикалық мәселелер бірінші кезектегі міндеттер болды, әсіресе тақырыптың ерекше сезімтал және әсершілдігін ескеретін болсақ» деп мәлімдеді. Ол «қатысушыларға өздерінің құқықтары жайлы білдіру және зерттеуге қатысудан туындайтын ықтимал жағымсыз салдарлар жайлы хабардар ету мақсатында» қатысушы ақпараттық қағазы мен келісім үлгісін дайындады. Эрин Сандерс, өзінің келісім үлгісін жасамағанын былай деп түсіндіреді:

«Себебі мен сұхбат алған әйел ағылшынша оқи алмайды, ал мен болсам тай тілінде жаза алмаймын, осылайша келісім үлгісін қолданбадым. Олардың зерттеуді түсінулері, сонымен қатар өз құқықтарын және өз тұлғалықтарын қорғау үшін қандай қадамдар жасау керек екенін білулері үшін менің ауызша келісім алуға мүмкіндігім болды, дегенмен қазіргі күні тай тіліне аударылған құжаттың болуы дұрысырақ екенін түсінемін».



Ребекка мен Эриннің ғылыми зерттеулері туралы толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған *Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:*

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Жеке басының тірлігіне араласу

Этикалық алаңдатушылыққа қатысты үшінші бір мәселе басқаларының жеке басының тірлігіне қаншалықты араласуға болуымен қатысты. Жеке бастың

дербес құқығы баршамыз өте қадірлейтін пікір болып табылады және зерттеу жүргізу мақсатында бұл құқыққа қол сұғу қабылданбайтыны шарт. Бұл ақпаратты келісіммен тікелей байланысты, себебі зерттеуге қатысушының зерттеуге қатысуынан қандай салдарлар

келетінін толықтай мәлімет ала отырып ақпаратты келісім беру негізінде жеке басының дербес құқығына сол шектелген саланың араласытынының қандай да бір дәрежеде сезеді. БСҚ-ның мәлімдемесі 139 бетте келтірілген дәйексөзге тікелей сілтеме жасап, былай деп тұспалдайды: «жасырын тәсілдер ақпаратты келісімнің қағидаларын бұзады және зерттеуге қатысушылардың жеке басының дербес құқығына қол сұғады». Әрине, зерттеуге қатысушы ақпаратты келісім бере отырып жеке басының дербес құқығынан толығымен бас тартпайды. Мысалы, адамдар сұхбатқа қатысуға келісім бергенде, дәлелдеуі керек болғанда кейбір сұрақтарға өзіндік себептеріне орай жауап беруден бас тартады. Көбінесе осылай жауаптан ауытқулар кейбір сұрақтар жеке өмірге қатысты болуымен орын алады және сұхбаттың дара жүргізіліп отырғанына қарамастан респонденттер бұл жайлы басқаларға мәлім болғанын қаламайды. Бұған жалақы, діни көзқарас немесе сексуалды белсенділік туралы сұрақтар мысал бола алады. Жасы-

рын тәсілдер, әдетте, зерттеуге қатысушылардың жеке құпияларына басқалардың араласуына қарсы келуге мүмкіндік берілмейтіндіктен құпиялылық қағидаларын бұзады деп танылады. Мұндай тәсілдер құпиялар немесе мәліметтерді әшкерелей алады дегенді білдіреді, ал егер олар сенім артқан адамы зерттеуші екенін білсе әшкереленгенін қаламайды. Жеке өмір мәселесі зерттеу үдерісінде анонимдік және құпиялылық мәселелерімен әртүрлі байланысқан, бұл тақырып зерттеушілерге зиян келу немесе келмеуі туралы сұрақтың мән-мәтінінде жоғарыда қарастырылып кетті. БСҚ Мәлімдемесі байланыстың бұл түрін жасанды құрастырады: «зерттеу үдерісіне қатысатындардың анонимдігі мен жеке өміріне құрмет көрсетілуі керек. Зерттеуге қатысушыларға қатысты жеке тұлғалық деректер құпия түрде сақталуы керек. Қажет деп табылған жағдайда, сезімге бейімделген ақпаратты ұнтаспаға жазуға жарамды немесе жарамсыз екенін жайлы шешім қабылдау керек.



Студент тәжірибесінен

Анонимдік және құпиялылық

Ребекка Барнес өзі дайындаған қатысушы ақпарат қағазында анонимдік пен құпиялылыққа *кепілдік* туралы бөлімге қысқаша тоқтап өткенін жазады.

Мен қатысушыларға анонимдік пен құпиялылықты сақтау үшін қолымнан келген шараларды жасайтыныма сендірдім және анонимдік пен құпиялылыққа кепілдік беруде өте сақ болдым. Зерттеушінің бақылауынан тыс орын алып жататын құпия құжаттардың ұрлануы сияқты факторлар мұндай кепілдіктерді жаңылыстыққа әкеп соқтырады. Дегенмен мен анонимдік пен құпиялылықты қамтамасыз етуде шынымен де қолымнан келгеннің бәрін жасадым, мысалы: ұнтаспадағы жазбаларды танып оқығанда балама есімдер қолдандым; сонымен қатар сұхбаттың ұнтаспа жазбаларын, олардың көшірмелерін және қатысушылардың байланыс ақпараттарын бөлек жерде сақтадым. Және сұхбатты ұнтаспадан танып оқығанда тұлғалықты анықтауға мүмкіндік беретін ақпараттарды өзгертіп жаздым, мысалы олардың тұрып жатқан аудандары, мамандықтары және басқа да қатысушылар әңгімелерінде атап

өткен ішімдік орны, түнгі клубтар аттарын өзгертіп енгіздім. Дегенмен енгізген өзгерістердің қатысушылардың әңгімелерінің мағынасын өзгертіп жібермеуін қадағалап, тексердім.



Ребекканың ғылыми зерттеуі туралы толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Мәліметті ұнтаспаға жазу және оларды өңдеуге қатысты анонимдік пен құпиялылық қамтамасыз ету туралы мәселенің қойылуы әлеуметтік зерттеудің барлық тәсілдеріне қатысты. Басқаша айтқанда, жасырын бақылау жеке өмірге қатысты бірталай проблемаларды ортаға шығаруға бейім болса, әлеуметтік зерттеудің басқа тәсілдері анонимдік пен құпиялылыққа қатысты қиындықтарды қарастырған. Бұл мәселе Спрингфилдтің (Видич және Бенсмен 1968), зерттеуге қатысушыларды ашық бақылауға қатысты зерттеуінде көрсетілген. Осы арада көтерілген мәселе, қоғамның кейбір мүшелерінің жеке тұлғалығын қорғауға қатысты қауіпсіздік қарастырылмағандықтан, олар жайлы құпия болып қалатын бірталай мәліметтің қоғамның талқылауына түсуі.

Алдау тәсілі


Алдау – зерттеушілер өз жұмыстарының негізгі тақырыбын жасырып, басқаша жеткізуі болып табылады. 6.2-ғылыми зерттеуіндегі Мильграмның эксперименті алдау әдісін қамтыған. Қатысушыларға олардың шынайы электр тогын қолданып отырғандары сендірілген. Осындай зерттеулерде алдау әртүрлі деңгейде көптеп орын алады, себебі зерттеушілер ғылыми жұмыстың, шын мәнінде немен байланысты екенін

зерттеуге қатысушылардың білгенін қаламайды, бұған қатысушылардың экспериментті қолдануда табиғи әсерлерін байқағысы келетіндіктерін себеп қылады. Алайда алдау әдісі әлеуметтанудың психологиялық эксперименттер жүргізуінің ерекше деңгейі болып табылады. Мысалы, Е.Гуди (1996) кездесуге ниет білдірген жалған және бір-бірінен өзгеше төрт жарнаманы мерзімді басылымдарда жариялады. Нәтижеде ол 1,000-ға жуық жауап алып, мазмұндарына талдау жүргізді. Осы кітапта қарастырылған тағы басқа ғылыми зерттеулерде де алдау тәсілі қамтылған: Розенталь мен Якобсон (1968), кездейсоқ түрде таңдалып алынған нақты оқушылардың тізімін бере отырып олардың оқуда жақсы үлгерім көрсететініне мұғалімдерді сендіре отырып алдады; Фестинджер және басқалары (1956) діни ғибадатты ұстанушыларға өздерінің жаңадан қосылушылар екенін айтып алдады; Холдауей (1982) басшылары мен әріптестерін өзінің тек қана полиция қызметкері ретінде әрекет ететінін айтып алдады; және Броцкий (Броцкий және Джилес 2007) «про-ана» веб парағына өзінің тәбетсіздікке шалдыққаны жайлы өтірік айтып хабарлама жазды.

Алдау тәсілі этикалық тұрғыдан екіге бөлініп қарастырылады. Біріншіден, бұл қолданылмайтын жағымсыз іс. СЗҚ

нұсқауларында алдаудың әлеуметтік әрекеттестікте кеңінен таралғанын мойындағанымен, жақсы жол екені күдікті. Екіншіден, кәсіби жеке мүдде қарастырылған. Егер әлеуметтанушылар адамдарды әлеуметтік беталысты ұстанып алдап кеткен тыңшы ретінде танымал болса біздің жұмысымыздың беделіне сәйкесінше кері әсері тиіп, біздің қаржылай көмек алуымызда және болашақтағы ықтимал зерттеуге қатысушылармен ықтымақтастық құруымызда қиындықтар туындататыны анық. СЗҚ-ның Нұсқауларында былай жазылған: «Бұл әлеуметтанушылардың және олардың зертхана әріптестерінің міндеті болып табылады, Алайда адамның жеке құндылықтары мен сезімдеріне нұқсан келтіретін тәсілдерді көздемеулері тиіс. Және осы талаптарды іске асыру үшін қандай да бір әдіснамалық артықшылықтарына қарамастан, әлеуметтік зерттеудің мүддесіне зиян келтірмей және көптеген зерттеулер үшін алғышарт болып табылатын қоғам мен әлеуметтанушылар арасында қарсылықты сенімді орнатуды қадағалаулары керек». Осыған ұқсас, Эриксон (1967: 369) де өз пікірін, жасырын зерттеулер «бұқара халық арасында

әлеуметтану пәнінің мүддесіне нұқсан келтіруге бейім және болашақ сынаушылар үшін үміт күттірер салаларда зерттеу жүргізуге тыйым салынуына жол ашады» деп тұжырымдайды. Этиканың осы аспектісін талқылаудағы маңызды мәселелердің бірі алдау тәсілі, кейбір әлеуметтанушылар мұның әлеуметтік зерттеуде кең етек жайғанын байқап отыр (6.1-тақырыбының негізгі ұғымдарынан «Этикалық құқық бұзушылық кеңінен таралған» тақырыбын қараңыз). Зерттеуге қатысушыларға ғылыми зерттеу туралы толық мәлімет беру өте сирек орындалады. Пунчтың (1979) 19.6-тақырыбындағы ғылыми зерттеуінде айтып өткен оқиғасында, ол жастарға немесе адасып жүрген велосипедшіге өзінің полиция қызметкері емес екенін айтуы және өзінің зерттеуіне қатысты ұзақ айтып түсіндіруі мүмкін емес еді. Балмер (1982) этика тұрғысында өзінің айрықша идеологиялық көзқарастарымен әйгілі бола тұра (6.1-негізгі ұғымдарын қараңыз), осындай жағдайлардың орын алып тұруы орынды екенін мойындайды. Алайда осы арада шектен шығып кетпес үшін ешқандай ескертулер қарастырылмаған.



Этика және сапалық мәселелері

Этикалық мәселелерге байланысты ерекше көңіл аудартағын жетістіктердің бірі – ғылыми-зерттеудің этикалық тұтастығының белгісі оның сапасында екенінің анықталуы. Мысалы, ЭСЗҚ ЗЭШ-ында былай делінген: «Ғылыми-зерттеу алдын ала жоспарларынып, талқыланып және тұтастық, сапа мен айқындықты сенімді түрде көрсете

алатындай болуы керек» (ЗЭШ, 3 б.) Осындай нұсқаулармен толығымен танысу үшін төменде берілген ЭСЗҚ Зерттеу Этикасының шектеулі нұсқаулары жазылған Ұсыныстар мен қорытындыларды қараңыз. Осыған ұқсас, сапалық ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын бағалаудың өлшем бірлігіне «Этикалық мәселелерді

қарастыруға дәлелдер» (Спенсер және басқалары 2003) өлшемі енгізілген. Осы өлшем бірлігі Ұлыбритания министрлер кабинетіне арналып дайындалған баяндамалар негізінде құрастырылды. Сонымен қатар ЗМН Ұсыныстар мен қорытындыларда келтірілетін «Деректерді қорғау» тақырыбында «қолда бар мағлұматтарға пайдалы үлес қосатындай тиісті дәрежеде сапалы нәтиже бермеген ғылыми зерттеу этикаға сай емес» деп жазылған (Денсаулық департаменті 2005: 2.3.1 бап). Израэль мен Хей (2004: 52), осы этикалық тұтастық пен ғылыми зерттеу сапасы арасындағы күннен күнге артып келе жатқан жасанды байланыс айқын британдық бағыт болуы мүмкін бе деп тұспалдауы ойландыратын пікір.

Ұлттық денсаулық қызметі (ҰДҚ) немесе осы ҰДҚ қызметкерлерінің немесе емделушілерінің қатысуымен жүргізілетін әлеуметтік зерттеулерге қатысуға ниет білдірген әр адам Ғылыми зерттеудің этика мәселесі бойынша комитетінен (ҒЗЭК) этикалық тұрғыдан рұқсат алуда қосымша қиындықтармен кездеседі. 2007 жылдың 1 сәуіріне дейін бұл мәселені Ғылыми зерттеудің этика мәселесі бойынша комитеттерінің Орталық Бөлімі қарастырды, қазіргі күні Емделушілердің құқығын қорғайтын ұлттық агенттіктің құрамына енетін Ұлттық ғылыми зерттеулер бойынша этикалық қызмет бөлімінің қарамағында. Соңғы аталмыш комитеттің веб парағында Ұлттық ғылыми зерттеулер бойынша этикалық қызмет жайлы ауқымды ақпарат берілген, сонымен қатар ҰДҚ зерттеуіне қатысу үшін этикалық тұрғыдан рұқсат алуға қажетті үдеріспен және осыған орай талап етілетін құжаттарға қатысты рәсімдермен толығымен танысуға болады (www.nres.

npsa.nhs.uk (2010 жылдың 5 тамызынан қолданысқа енгізілген)). ҒЗЭК тарапынан әлеуметтік зерттеу жүргізуге рұқсат алуды ойлап жүргендер рұқсат алуда талап етілетін үш пунктті ескеруі қажет. Біріншіден, бұл өте баяу жүргізілетін үдеріс, сондықтан рұқсат алу ісі ұзаққа созылатынына дайын болыңыз. Екіншіден, кей жағдайларда өтініштердің 15%-ы ешқандай түсініктеме берілместен рұқсат етіледі. Ал өтініштердің басым бөлігінде (шамамен, 64%) өтініш иесінен жауаптылықты талап ететін кейбір мәселелері қарастырылатын болса, шамамен 6% бірінші қарастырғандақ қабылданбай, кері қайтарылады. Қалған бөлігі ҒЗЭК тарапынан олардың құзыретінде емес деп тұжырымдалады немесе қарастырудан алынып, тыйым салынады (Диксон-Вуудс және басқалары 2007). Үшіншіден, ҒЗЭК-нің ғылыми зерттеудің сапасы туралы ұдайы көтеріп отырған мәселесі (6.1-тақырыбының терең пікірлері).

Зерттеуге рұқсат алуда туындайтын келесі мәселе зерттеу үдерісіне тікелей әсер етуімен байланысты және өз кезегінде ғылыми-зерттеудің сапасына ықпал етуі мүмкін. Графиня және басқалары (2010) өздерінің, Канада мен Италия жастарының АИВ/ЖИТС жайында көзқарастарын ұлтаралық салыстырмалы ғылыми сапалық зерттеу жүргізу үшін этикалық комитеттен рұқсат алуда алған тәжірибелері жайлы мәлімдеп берді. Екі италияндық жас зерттеуші өздерінің университеттерінің психиатриялық бөліміне оқитын, ал канадалық зерттеуші медбикелер бөліміне қызмет атқаратын. Деректер екі мемлекеттің университет студенттерінен бетпе-бет кездесу және желілік жүйені қолдана отырып екі тәсілмен жинақталды

(21-тарауында бетпе-бет кездесуді талқылау және 28-тарауында желілік жүйе жайлы таныса аласыз). Зерттеу медициналық білім мен қауіпсіздік тәжірибесі арасында орын алған елеулі кемшілікке байланысты жүргізілді. Италияндық зерттеушілерге әлеуметтік зерттеу саласында тақырыптың этикалық тұрғысынан рұқсат алу үдерісінен өту талап етілді, ал канадалық зерттеушіден медбикелік бөлімде жұмыс істейтін болғандықтан, медицина ғылымы саласында этикалық тұрғыдан рұқсат алу үдерісінен өтуі талап етілді. Үлгі керегінше қарапайым құрылды және зерттеушілердің көңілдегідей іске асыратынына сеніп тапсырылды, дегенмен қатысушылардан ақпаратты келісім алу талап етілген еді. Канадалық зерттеуші үшін медицина ғылымы саласында этикалық тұрғыдан рұқсат алу үдерісінен өту талап етілгендіктен, бұл үдеріске Италияда рұқсат етілгенімен Канадада тыйым салынған құрылымдық және директивті үдеріс болып табылатын зерттеуге қатысушыларды қабылдау техникасын ұсынуы қажет болды. Италияндық зерттеушілер университет қалашықтарын аралап қатысуға ниет

білдіргендерді іздеді, Графиня және басқалары бұл техниканы «кездейсоқ серуен» деп атап кетті. Рұқсат беруді қарастыру үдерісі Канада да ұзаққа созылады, мұның себебі, әсіресе желідегі жүйе арқылы жинақталған фокустық топтың жеке тұлғалық деректеріне алаңдатушылық тудырумен байланысты. Авторлар деректердің дискурс талдауларын (22-тарауды қараңыз) салыстырып көріп, канадалық және италияндық студенттер арасында кейбір айырмашылықтарды анықтады. Мысалы, италияндық студенттердің ауру жайлы аз мәліметтері бар бола тұра қисынсыз қорқынышқа көбірек бейім екені байқалды; ал канадалық студенттердің ауруды бақылауға алу туралы түсініктері мол екені анықталды. Авторлардың пікірінше, осындай айырмашылықтар кросс-мәдени айырмашылықтарға ықпал ете алатын болса «осы ауытқудың бір бөлігі Канада мен Италиядағы Этика мәселесі бойынша комитеттер тағайындайтын қабылдау, іріктеме жасау және келісім үдерістеріндегі айырмашылықтарға байланысты болуы мүмкін» (Графиня және басқалары 2010: 348).



6.1 Терең пікірлер

ТБК хаттарын зерттеудегі этика және сапа

Анджел және басқалары (2008) ТБК-нің атынан жазылған 141 хатқа мазмұндық талдау жасады (13.1 негізгі ұғымдарында осы техника түріне қысқаша анықтама берілген). Бұл хаттар ҰДҚ қатысуымен жүргізілетін зерттеуге қатысуға этикалық тұрғыдан рұқсат алуға өтініш білдіргендерге жазылған жауаптар еді. Талдауға түскен хаттар екі түрге бөлінді: біріншісі жағымсыз шешім (этикалық тұрғыдан жарамсыз деп табылғандықтан, зерттеу жүргізуге болмайды) немесе екіншісі уақытша шешім (кейбір мәселелерде толық түсініктеме беруі талап етілген немесе өтініш иесінің ЭКТ ұсыныстарына орай кейбір рәсімдерді өзгертуі тиіс.) Анджел және басқалары, хаттарды талдау барысында авторлар «ғылыми мәселелер» деп атап кеткен ұсынылып отырған зерттеудің сапасына байланысты мәселелер мән-мәтіннің 74% кездесетінін

анықтады. Және үш проблема көп туындаған: іріктеу туралы алаңдаушылық; таңдап алынған тәсілдерге қатысты мәселелер; зерттеу сұрағына қатысты мәселелер. Мысалы, таңдап алынған тәсілдерге қатысты мәселелерде ЭКТ тәсілдің таңдап алынған себебі туралы анық түсінік берілмегеніне шағымданған. Дегенмен оларда көбінесе таңдап алынған тәсілдің мақсатқа сай болуына немесе қалай жүзеге асу керектігі жайлы пайымдар жазылған. Осы зерттеу нәтижесінде анықталғаны: ЭКТ-нің этика мен ғылыми сапа арасындағы айырмашылыққа мән берулері әрқашанда бір деңгейде қарастырылмайды және олардың бірімен-бірін қалқалау жиі орын алып тұрады. Сондықтан этикалық талқылауға не жататыны соңына дейін анықталмаған мәселе болып табылады.



Студент пен жетекші тәжірибесінен

ҰДҚ қатысуымен ғылыми-зерттеу жүргізбеу

Этикалық тұрғыдан рұқсат алу үдерісі студенттер үшін ең машақатты іс десе болады. Мысалы, Изабелла Роббинстің жағдайы осыған бара бар, ол балаларға вакцина егу туралы зерттеуінде этикалық рұқсат алуда туындайтын қиындықтарға бола өз зерттеуін ҰДҚ-мен бірлеспей, бөлек жүргізуді шешті.

«Мен мемлекеттік ұйымдардың, мысалы ҰДҚ, көмегіне жүгінуді қолданбадым, себебі этикалық тұрғыдан рұқсат алу ұзаққа созылатын еді. Маған тек өзіме сенуіме және бейресми топтың көмегіне жүгінуге кеңес берілді. Мен осы топты ұйымдастырушы комитеттің басшылары мен өкілдеріне менің жобамның мақсаты мен міндеттерін тізімдей отырып кіріспе хат жаздым. Және өз зерттеу тақырыбымның маңыздылығын көрсете отырып ұнпарақтар дайындап, топтың басшыларына ұнпарақтарды және постерлерді осы топтар жиналатын холлдарға іліп қоюларын өтіндім». Осыған ұқсас, С жетекшіден студенттерге зерттеу жұмыстарын бастамас бұрын қандай үш маңызды кеңестер беретінін сұрағанымызда, үш кеңестің бірі ретінде былай деп жазды: «егер ҰДҚ-не этикалық мәселелер бойынша рұқсат алуға бірнеше ай бұрын тапсырыс беріп қоймасаңыз, ҰДҚ емделушілерімен немесе қызметкерлерімен зерттеу жұмысын бастамаңыз». Бұл кеңес 4-тарауда айтылып кеткен зерттеу жүргізу пікірін этикалық жағынан бақылауға ұсынғанда уақытты тиімді пайдалану мәселесімен байланысты десе де болады.



Изабелланың ғылыми зерттеуі туралы толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Авторлар, канадалық постерлер және плакаттардың көмегімен жинақталған дерекке қарағанда, **кездейсоқ сәруен** техникасы арқылы жинаған деректер көбірек гетерогенді нұсқалар

көрсеткенін анықтады. МСК Мекеменің сараптау кеңесінің қысқартылған атауы және Солтүстік Америкадағы зерттеу сұрақтары бойынша этика үлгісі комитеті. Канадалық МСК бұл тәсілді

қолдануға рұқсат бермеді, себебі кездейсоқ кездескен адам өзін қатысуға мәжбүр екен деп ойлап қалады. Сонымен қатар, бұлар келісім беру үлгісі де Италияда талап етілген үлгіден күрделі, мол ақпаратты болуын талап етті. Авторлар, өздерінің зерттеулерінің жасақтау техникасына канадалық қатысушылардың мол үлес қосқандарын және зерттеуге шынайы беріле отырып қатысқандарын айтып тұжырымдайды, себебі олар осы жоба туралы әдебиетке қажеттіліктері бар еді. Осылайша, Канада және Италияда этика нормаларына әртүрлі талаптар қоя отырып, зерттеу жобасы мен оның нәтижелерін қарсылықты салыстырып, қорытынды шығаруға мүмкіндік берді.

Осы қысқа бөлімнен туындайтын пікір, этикалық мәселелердің зерттеу сапасына қатысты міндеттермен шиеленісіп кету жолдарына үстірт қана назар аудару керек, себебі бұл дамудың өз алдына елеулі маңыздылығы бар. Бұл маңыздылық, комитеттерден этикалық рұқсат алуға келіп түскен өтініштерде зерттеушінің таңдап алған үдерістерін де тексеруді талап етулерінің артуымен байланысты сияқты. Егер сапа этика саласының құрамдас бөлігі ретінде

енгізілген болса, этикалық рұқсат алуға талпынған өтініш иесі, этикалық түсініктердің дәстүрлі саласының бөлімдері болып табылатын (мысалы, ақпаратты келісім немесе қатысушыға зиян келтірмеу) жақтарын толығымен қамтығандай қосымша іріктеу жүргізу, **сұхбат нұсқаулығы** немесе сауалнама тәрізді техникалық жақтарынан да өз шешімдерін нақтылай көрсетуі әбден мүмкін. Сонда да, Графиня және басқалары (2010) мәлімдеген жағдайдан көретініміз, этикалық комитеттер тарапынан жасалған шешім ғылыми зерттеу бағытына ықпалын тигізеді. Бұл еш таңқалдырмайды, алайда әлеуметтанушылар ғылыми-зерттеуде әдетте тиісті этикалық нормаларды қаншалықты сақтаса да, олардың рұқсат алу ісінің ұзаққа созылуы нәтижесінде, әсіресе ҰДҚ қатысуымен зерттеу жүргізуге мәселесінде олардың да жұмысы көпке созылып кететіні және этикалық комитеттің зерттеу жобасы мен сапасына қатысты шешімдерінің артуы соңғы кездері көп наразылық тудырып отыр (мысал ретінде Хаммерсли (2009) және А. Г. Миллер (2009), британиялық және солтүстік америкалық көзқарастар).



Ұсыныстар мен қорытындылар

ЭСЗҚ-ның Зерттеу этикасының негіздері

Экономикалық және әлеуметтік зерттеу кеңесі (ЭСЗК) тарапынан 2005 жылы басылып шыққан құжаттың (*Зерттеу этикасына арналған негіздердің (ЗЭН)* британдық үлгісінің мән-мәтінінде этикалық мәселелер мен этикалық тақырыптарға қатысты нұсқаулар бере отырып, оларға анықтама беруі өте маңызды орын алды. 2010 жылы өзгерістер енгізіліп, аты Зерттеу этикасының негіздері деп өзгертілді. ЭСЗК Ұлыбританияда әлеуметтік зерттеулерді қаржыландыратын өте ірі агенттік. Бұл агенттік зерттеу жобаларының барлық түрлерін, мысалы, академиктер тарапынан жүргізілетін маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарын және соңғы курс студенттері жүргізетін студенттік зерттеулерді де қаржыландырады. ЗЭН-де Кеңестің қолдау көрсететін зерттеу жұмысында талап етілетін этикалық нормалар баяндалған. Келешек-

те ЭСЗК-ның осы ЗЭН арқылы әлеуметтік ғылымдарының зерттеулерінің этикалық нормаларына толығымен ықпал етуі мүмкін; басқаша айтқанда, ЗЭН-нен тыс қолдау көрсететін зерттеуге ықпал ету көзделуде. ЗЭН 3 бетте зерттеу этикасы туралы алты қағида ұсынады.

1. Жоғарыда айтып өткеніміздей, этикалық зерттеу өте жоғары сапалы. Демек, зерттеу жұмысы нашар әзірленген болса ЭСЗК тарапынан қаржылай көмек бөліну мүмкіндігіне ілікпейтін тәрізді, бұл этикалық жағынан да дұрыс емес болар еді.
2. «Ғылыми-зерттеу қызметкері мен басқа да көмекшілері зерттеудің мақсаты, тәсілі және көзделген ықтимал қолданысы жайлы жеткілікті хабардар болуы тиіс, олардың зерттеуге қатысуы қандай нәтиже беретінін және қандай да бір тәуекел болса атап көрсетулері керек».
3. Ақпараттың құпиялылығы сақталуы керек және қатысушылардың анонимдігіне құрмет көрсетілуі керек.
4. Зерттеуге қатысушылардың келісімі ерікті түрде болуы тиіс.
5. «Зерттеуге қатысушыларға қандай да зиян келтірудің алдын алу керек».
6. «Зерттеудің тәуелсіз жүргізіліп отырғаны анық көрсетілуі керек, қандай да бір мүдделердің толығымен немесе жартылай келіспеушілігі ашық жазылады». Бұл қазіргі таңда зерттеу этикасындағы кейбір әлеуметтанушылардың назар аударып жүрген қосылуға бейімділіктің ықтимал рөліне назар аудартады (Белл және Браймен, 2007).

Зерттеу қызметкерлерінің 2 қағидадағы (зерттеу этикасы аясында зерттеуші қауіпсіздігін қоса алғанда) сапа мәселесінің 1-қағида мен 6-қағидадағы ықтимал мүдде жанжалын біріктіру, жоғарыда атап кеткен Диинер мен Крендол (1978) зерттеуінде анықталған түрлерімен салыстырғанда, этика мәселелерінің мүмкіндіктерін келтейтеді.

Сонымен қатар, ЭСЗК-нің ұсыныстарында қарастырылған этикалық мәселелерге қажетінше көңіл бөлу жолдарының елеулі мағынасы бар. Төменде Кеңестің этикалық мәселелерді өңдеуге қатысты болжалдарының маңызды кезеңдері ұсынылып отыр.

- Қаржылай көмек ұсынысы алдын ала расталмаған болса ЭСЗК-нен этикалық келісім ала алмайды. Өтініш иелері этикалық келісімнің қандай түрі талап етілгенін және қандай тәсілмен қол жеткізілетінін көрсетулері керек.
- Ұсыныс рецензияланған болса, рецензиялаушылар мен бағалаушылардан өзіндік баға берулері талап етіледі.
- Егер рецензиялаушылар немесе бағалаушылар өзіндік баға беру толығымен үйлесімсіз екенін сезетін болса, бұл рұқсат берілмеуіне себеп болатынын білгеніңіз дұрыс. Өтініш қабылданғаннан кейін ЭСЗК мекеменің зерттеу жасалатын бөлімінен этикалық рұқсат алуда өзіндік баға беру үдерістері аяқталғаны жайлы жазбаша растау құжаты тапсырғанға дейін, қаражат бөлу ісі жүзеге асырылмайды.
- Кейбір жағдайларда тек қана «қарқынды талқылау» талап етіледі: егер зерттеуге қатысушыларға немесе басқаларға қауіп төну ықтималдығы өте аз болса ол зерттеу

талапқа сай деп саналады. Әдетте мұндай істі қарастыруға ғылыми-зерттеулер этика комитетінің бір мүшесі (мүмкін бірнеше) қатысады.

- Егер этикалық тұрғыдан толық шолу жасалуы қажет деп табылған жағдайда, ғылыми зерттеулер этика комитеті де толық шолу жүргізеді. ЭСЗК-інде мұндай комитеттер мүшелерінің құрамы жайлы нұсқаулар қабылдаған.
- Мекемелердің жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулерді бақылауға алатын механизмнің болуын қамтамасыз етуі керек, бұл өз кезегінде зерттеу барысында туындаған қандай да бір этикалық мәселелерді қарастыруға мүмкіндік тудырады. Осы тәртіптің болуы этикалық қолдау көрсетудің дамылсыз әрекеттігіне кепілдік бар екенін білдіреді.

Осы арада, ЭСЗК-нің көзқарастарына орай зерттеулердің «қарқынды талдауға» жатпайтын түрлеріне қандай түрлері енетінін айта кеткеніміз дұрыс: ғылыми-зерттеуге қатысушыларға немесе онымен байланысты басқаларға зиян келуі «минималды қауіптен» асып кеткен жобалар. Мысал келтіретін болсақ:

- халық арасындағы осал жерлеріне байланысты зерттеу;
- қабілеттігі шектелген адамдардың қатысуына байланысты зерттеу;
- әсерлі тақырыптарға байланысты зерттеу;
- «қайтыс болған адамдарға, дене бөлігіне немесе басқа да адамдық элементтермен байланысты зерттеу»;
- «әкімшілік деректерді немесе құпия деректерді қолдана отырып жүргізілетін зерттеу», әсіресе деректерді қолдану салдарынан қатысушылардың жеке тұлғалылықтары анықталып қалу мүмкіндігі болса;
- қамқоршыларының рұқсатын алуды талап ететін топтың қатысуымен байланысты зерттеу (мысалы, балалар, қарт адамдар);
- алдау тәсілі немесе ақпаратты келісімнің болмауымен байланысты зерттеу;
- есептемелермен немесе дербес/құпия мәліметтермен байланысты зерттеу;
- «психологиялық күйзеліс, алаңдатушылық, жәбірлеу тудыратын немесе ауыр сезімді түйсінудің ең аз мөлшерінен асып кетумен байланысты зерттеу» (ЗЭН, 9 б., айқындылық алынып тастаған);
- адамды ығыр қылып жіберетіндей мазалау немесе осыған ұқсас басқа әлеуметтік зерттеу тәсілдерімен байланысты зерттеу;
- зерттеушілердің қауіпсіздігіне қатер төндіретін зерттеу;
- қоғам мүшелерінің зерттеу жұмысына араласумен байланысты зерттеу;
- Ұлыбритания аймағынан тыс жерлерде, кедендік бақылауда немесе әлеуметтік зерттеу тәсілдеріне қатысты қиындықтар туындатуы мүмкін зерттеулер;
- көзбе-көз көру және/немесе әсерлі тақырыптарды қозғағанда желілік жүйеде деректер жинақтаумен қатысты зерттеулер;

- адамдардың жеке тұлғалылығын анықтауға ықтималдық тудыратын, көзге көріну және вокалдық жағы естіліп тұруына қатысты субъектілердің анық көрінуімен байланысты зерттеулер;
- бастапқы келісімнен тыс деректерді бірлесіп қолдануға байланысты зерттеу (ЗЭН, 9 б., бөлім түпнұсқа түрінде).

Бұл тізімнің бір ерекшелігі, бес жыл бұрын ұсынылған ЗЭАН тізімінен саны жағынан артығырақ болуы. ЗЭН жайлы атап өтетін ескертулер көп, дегенмен осы аталғандар ең маңыздысы. Менде көп уақытымды оны зерттеп білуге сарп еттім, себебі көптеген университеттер мен колледждерде этикалық көзқарастардың қолданылу тәсілдеріне ықпал ете алатын тәрізді. Сонымен қатар, әртүрлі тақырыпта және әртүрлі деңгейде зерттеу жобаларын жүргізетін студенттерді қызықтыратын тәрізді. ЗЭН-ді мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.esrc.ac.uk/Images/Framework_for_Research_Ethics_tcm8-4586.pdf
(2011 жылдың 5 шілдесінен қолданысқа енгізілді).



Студент тәжірибесінен

Этикалық тұрғыдан келісім алуда уақыт қажеттілігі

4-тарауда диссертацияңызды дайындау барысында уақытыңызды дұрыс пайдалану туралы кейбір маңызды мәлімдемелер айтылып кетті. Көптеген кезеңдері сіз шамалағаннан ұзаққа созылуы мүмкін. Эмма Тейлордың, ішімдік туралы заңның Шотландияда ішімдікке қарсы әрекеттері мен көзқарастарына әсерін бақылауда топтық зерттеу жобасына орай студенттердің сауалнама жүргізуіне этикалық тұрғыдан рұқсат алуға талап етілген уақыт мөлшеріне қатысты былай деп пікірін білдіреді:

«Біздің топтың этикалық тұрғыдан адамдарға қандай сұрақтар қоюға болады және сауалнаманы қай жерлерде жүргізу керек тәрізді мәселелерде көптеген тосқауылдары болды. Нәтижеде сұрақтар мәтіні бастапқыда құрастырғанымыздан мүлдем басқаша болып шықты, бұған себеп болған, біздің уақытымыз бен күш жігерімізді салған зерттеу жобасын толығымен өзгерту керектігін айтып, өтінішіміздің этика тұрғысынан қабылданбауы».

Осыған ұқсас, Али Пальмер егер зерттеуін қайтадан бастайтын болса, басқаша жүзеге асыратын ісі туралы өткір ой танытты «этикалық құжаттармен жұмысты ертерек қолға алуым керек еді, себебі шынында уақыты келгенде бәрі шиеленісіп кетті және менің университетімнің этикалық нормаларын ресми түрде қолданбауым көп ұзамай өзіме қиындықтар тудырды».



Эмmanın ғылыми зерттеу тәжірибесі туралы толығырақ танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған *Онлайн Ақпарат орталығынан* мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/



Этикалық шешімдер қабылдаудағы қиындықтар

Этикалық және этикаға жатпайтын нормалар арасында айырмашылықты анықтау күрделілігін бірқатар әдістерден көруге болады. Зерттеуші мәртебесі мен бақылаушының ерекшелігін ерекше ескеретін қоғамдық органның кейбір мүшелеріне қатысты мәселелер де бірнеше рет қарастырылып өтті. Сұхбат алуға қатысты нұсқаулар мен құралдарда сұхбатшыны ашық әңгімеге қалай тартуға болатыны туралы бірталай кеңестер берілген. Сұхбат алушылар сұхбатқа қанша уақыт кететіні туралы сұраққа әдетте тиімді уақыт көлемін көрсетеді. Әйел адамдар өздерінің табиғи қасиеттерін пайдаланып, феминистік зерттеу жолын нақты ұстанған болса да, терең мағыналы сұхбаттарда әйел адамдардың өмірі және ішкі сезімі мен ойлары жайлы пікірлерін ашып айтуына ықпал ете алады (Оукли, 1981; Финч, 1984). Сапалы зерттеулер көбіне соңына дейін тұжырымдалмайды, нәтижеде зерттеу сұрақтары шашыраңқы немесе толық анықталмаған болып келеді, осыған орай этнографтар өздерінің зерттеу жұмысының ерекшеліктері туралы басқаларына сапалы ақпарат бере алатыны немесе бере алмайтыны күмән тудырады. Сонымен қатар, кейбір респонденттер біз қойған сұрақтардың қапаландыратын немесе кекесін және фокустық топтың әңгіме бағытын шиеленіскен деп ойлауы мүмкін, әсіресе, егер олар, шын мәнінде солай болып көрінгенінен бетер ушықтыруды көздеген болса. Басқаша айтқанда, алдау тәсілін қолдануға итермелейтін көптеген жолдар бар және бұл өз кезегінде әлеуметтік зерттеулерде ақпаратты ке-

лісімнің болмауымен байланысып жатады. Әрине, бұл жағдай 6.1 және 6.2-тақырыптарының зерттеу жұмыстарында қолданылған алдау түрлерінен мүлдем басқа, дегенмен этика нормаларын білетұра шешім қабылдау қиындықтар тудырады. Этикалық нормаларда анық жағымсыз тәжірибелерге қатысты кеңестер берілген, дегенмен байқап отырғанымыздай, бірталай жағдайларда айлалы әрекет қолдану шешімін ашық қалдырғандай. Бірақ этикалық тұрғыдан шешім қабылдауда шектеулерге қатысты ешқандай нұсқаулар қарастырылмаған. Сонымен қатар, бұл нұсқаулар далалық зерттеулерге қатысты шектеулер коюды талап еткенде зерттеуге қатысушылар тарапынан зерттеушілерге қарсы қолданылуы мүмкін (Пунч 1994).

Кей жағдайларда этикалық және тәжірибелік тұрғыдан дұрыс болуының арасында қайшылықтар туындап жататынын ескеру керекпіз. Мысалы, бұдан бұрын айтып өткеніміздей, кейбір зерттеушілер ақпаратты келісім алынатын зерттеулерде зерттеуге қатысушылардың толық мағлұмат алғандарының белгісі ретінде келісім үлгісін толтыруларын сұрайды. Алайда ықтимал қатысушылардан мұндай үлгі түріне қол қоюларын талап ету олардың бақылау зерттеуге қатысуға ынтасын жоғалтатынын көрсетті. Мысалы, АҚШ-ында жүргізілген бір зерттеу нәтижесі 13% зерттеушілердің егер келісім үлгісіне қол қоюды талап етпесе зерттеуге қатысатынын айтқанын көрсетті (Сингер, 2003). Егер келісім үлгісіне қол қою міндетті талап болса, жинақталған нәтиже үлгісі бұрмаланып көрсетілуі ықтимал (8-тарауда

талқыланған бұрмаланып көрсету тақырыбын қараңыз). Грузез және басқалары (2004) бақылау зерттеуінде сұхбат алушы респонденттің келісім бергені туралы үлгіге қол қоюы керек деген ұсыныс жасады.

Жаңа бұқаралық ақпарат құралдары және қиын шешімдер

Қазіргі таңда, ғаламторда әлеуметтанушыларға этикалық шешімдер қабылдаудағы шектеулер жайлы мәліметтер көптеп ұсынылуда. Мысалы, өзара әрекеттестікті немесе қызығушылық көзқарасын байқау үшін желіде тақырыптық конференция құру, чаттасу, электрондық пошта, пошта арқылы топтық әңгімелесу және тағы басқа бағдарлама түрлері дем беріп, қызықтырып отыр. Ғаламтор аясында «жасырынғанды» ерекше жаратпайды. Алайда мұндай пікірлерден өте шалғай қалатын, осы ағымдағы қолданыстың өзара әрекеттестігінен туындаған талдау кемеліне жетіп тұрғанда «құжат» ретінде қалай қолдануға болатыны туралы мәселе этикалық тұрғыдан дау тудырады. Әңгімеге қатысушылар өздерінің желіде жазғандарын осы негізге қолдануға рұқсаттарын бермегендіктері үшін ақпаратты келісім қағидасының бұзылғаны дау тудыруы мүмкін. Алайда кейбір жағдайларда, қоғам иелігіндегі мүлікті қолдануға әркімнің мүмкіндігі болғандықтан, осындай жазбалардың жариялануы газетке жазған хатқа теңеп, рұқсат алуды қажет етпейді деп тұжырымдауға болады.

Электрондық байланыс түрі қоғамдық немесе дербес болып саналатынын қазіргі таңда пікірталастар тақырыбына айналды. Пейс және Ливингстон (2005:

39) мұндай электрондық байланыс түрлері ғылыми зерттеуде кейбір талаптарға сәйкес қана қолданылуы тиіс деп тұжырымдайды, нақтырақ, егер:


- мәлімет архивтелген және көпшіліктің қолы жетімді болса;
- мәліметті алуға ешқандай шартты белгі талап етілмесе;
- мәліметтің әсершіл ерекшелігі болмаса;
- мәліметті қолдануға сайт тарапынан ешқандай талап қойылмаса.

Осы авторлардың пікірінше, егер осы талаптарға сәйкес болмаса ақпаратты келісім алынуы керек және ағымдағы желілік әрекеттерге еш зиян келмеуін қадағалау керек. Сонымен қатар, олар жеке тұлғалылық және құпиялылық құқықтарының сақталуы керектігін де ескертіп отыр. Алайда бұл нұсқаулар да өз алдына келіспеушіліктер тудырып отыр, мысалы, мәліметтің «әсершіл ерекшелігін» кім анықтайды? Әсершіл тақырыпқа не жататыны немесе жатпайтыны туралы сұрақтар әрқашанда пікірталастарға жол ашады, сондықтан бұл пікірді қағида ретінде қабылдау мүлдем тура нәтиже бермейді. Осыған ұқсас мәселелер этикалық тұрғыдан шешім қабылдағанда қиындықтар тудырып жатады. Ғаламторда мәлімет іздеу тәсілдері 28-тарауда талқыланбақ.

Сурет тәрізді көзге көрінетін ақпарат құралдары қолданылатын әлеуметтік зерттеу тәсілдері дәстүрлі тәсілдерді әсерлендіру мақсатында көптен қолданылып, танымал әдіске айналып барады. Мысал ретінде 19-тарауда қарастырылатын көзбен шолу этнографиясының артуын атап көрсете аламыз. Көзбен шолу тәсілдеріне қызығушылықтың артуына сандық ка-

мералардың жайылып кетуі және бейнекамераларының оңай қолданылуы себепші болды дерлік. Алайда көзбен шолу тәсілдерін қолдану да кейбір күрделі шешімдерді туындатады. Суреттегі тұлғалардың ақпаратты келісімін алу керектігі анық, алайда суреттегі әрқайсысының келісімін алу кейде, тіптен мүмкін емес. Кейбір адамдар артқы фонда көрініп қалған және ақпаратты келісімін алуға қамданғанша ол жерден алыстап кетуі мүмкін. Сонымен қатар, суреттегі ерекшеліктер тек қана жарамды немесе жарамсыз деректерді іріктеп жатқанда ғана байқалуы мүмкін, бұл орайда да байқаусызда сурет аясында көрініп қалғандардан ақпаратты келісім алу мүмкіндігі болмайды. Өзімнің Диснейлендіру жайлы кітабымда (Браймен,

2004а), Флоридадағы Дисней жануарлар әлемінің Азия региондарын аралап жүргенімде түсірген суреттерімді қолданғым келді. Мен бір «актердің» суретін түсіріп алдым, ол тиісті тақырыптық үлгіде киініп алған және оның қолында екеуіміздің де назарымызды аударған жәндік бар еді. Осы арада менің ойыма бір жарқын пікір келді: тұлғаларды осы жасырын түрінде тақырыпта осы түрде қолдануға керемет мысал, дегенмен ақпаратты келісім болмағандықтан ол суретті қолдану орынды болмас деп таптым. Мұндай жағдайларда, тұлғалардың бет пішінін пиксельдеп, жеке тұлғалығын анықтау мүмкін болмайтындай өңдеуден өткізіп қолдану мүмкіндігінің болуы 19-тарауда талқыланатын тақырып.



Әлеуметтік зерттеуде саясаттың алар орны

Дегенмен, әлеуметтік зерттеулерге өзінің кең ауқымды қағидалары мен міндеттерін байланыстыра құратын этика мәселелері ғана емес. Белгілі бір дәрежеде, этикалық мәселелердің өзі бағалаудың зерттеу үдерістерінде алатын рөлін кең ауқымды қарастыратын бір бөлігі болып табылады. Бірақ бағалаудың орынды болуы тек қана зерттеуді этикалық тұрғыдан өлшеумен шектелмейді. 2-тараудағы «Әлеуметтік зерттеу жүргізуге ықпал ететін факторлар» тақырыбында бағалаудың зерттеу үдерісінің барлық кезеңдерінде, таңдап алынған зерттеу саласынан бастап қорытындылардың құрылымына дейін, орын алатынын айтқанбыз.

Бұл дегеніміз – әлеуметтанушы ғылыми зерттеуді ешқашанда моральдық

вакууммен жүргізбейді, зерттеуші болжамның барлық түрлеріне ықпал ете отырып нәтижеде әлеуметтік зерттеу жүргізуге қорытынды шығарады. Осы пікір әлеуметтанушылар арасында кеңінен таралған және әлеуметтік зерттеулер толығымен объективті, бейтарап бағаланатын жолмен жүргізіледі деген пікірлерді аз естиміз дегенді де айтып жүр. Сандық зерттеулер кейде объективтілікке бейім көрінгенімен (мысалы, Линькольн және Губа, 1985) қазіргі күні осы қағиданың, сапалық зерттеушілердің бізді сендіргісі келетіндей сандық зерттеушілер арасында қажетті және орынды ерекшеліктері ретінде кеңінен таралғаны анық екені белгісіз. Әлеуметтік зерттеулер жайлы жазатын кейбір әлеуметтанушылар

үшін Миис (1993: 68) атап көрсеткен «әдейі бейімділік» танымал. Сондай-ақ, феминистік зерттеушілер арасында әйел адамдарға объективті, бейтарап бағалау жолымен зерттеу жүргізу орынсыз (сонымен қатар қамтамасыз ету қиын), себебі бұл феминизмнің бағалауларымен үйлеспейді. Керісінше, көптеген феминистік зерттеушілер әйелдердің шынайы берілген абыройларын мадақтайтын және ер адамдар үстемдік ететін қоғамда олардың алған қолайсыз шарттарын жария ететін көзқарастарды ұстанады. Осындай зерттеулердің көбі әйелдердің жағдайын өзгертуге және олардың қандай қиындықтармен бетпе-бет келетіндері жайлы біздің түсінігімізді арттыруға арналған.

Осындай түсініктер саясаттың әлеуметтік зерттеулерде қандай маңызды рөл ойнайтыны жайлы сұраққа назар аудартады (партиялық емес саясат басшылығы және жарыстар арқылы жұмыс істеу). Саясат әртүрлі құрылымдарда және тәсілдерде маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтанушылар кейде қандай ұстанымға қолдау көрсету керек екенін білмейтін жағдайларға тап болып жатады. Бұл көбіне феминистік зерттеушілердің әйелдердің жанұяларында, жұмыс орындарында және басқа жерлерде орын алатын қолайсыз жағдайларына және бұл жағдайларды жақсарту мүмкіндіктеріне назар аудартуда қолданатын әдістер. Дегенмен кейбір әлеуметтанушылар, осы әртүрлі ұстанымдарға қолдау көрсету әлеуметтануда кеңінен таралғанын айтады (6.2-терең пікірді қараңыз).

- Ғылыми-зерттеуді қаржыландыру осы тақырыппен байланысады. Көптеген әлеуметтік зерттеулер компаниялары және мемлекеттік мекемелері тәрізді ұйымдардың қаржыландыруымен жүзеге

асады. Көбіне, мұндай ұйымдардың зерттеу нәтижесіне қатысты жеке мүдделері болады. Кейбір ғылыми зерттеулердің қаржыландырылып және кейбіреулеріне қаражат бөлінбеуінің ақиқаты – саяси көзқарастардың болуынан деген пікірлер тудыруы мүмкін және мұндай ұйымдар оларға пайда әкелетін зерттеулерді ғана қаржыландыруға ынталанатыны және сондай жобалардың әрекеттері мен дүниетанымын қолдайтыны болжалды. Мұндай ұйымдардың зерттеушілермен байланыс құрып, белгілі бір салада зерттеу жүргізуді ұсынуы немесе зерттеушілерді тендерлік негізде зерттеу жүргізуге шақыруы жиі орын алып тұрады. Әлеуметтанушылар мұндай тәжірибелерге қатысқанда, ұйымның зерттеу сұрақтарын өздері бағыттап немесе ықпал етуіне байланысты зерттеу болса да олар саяси майданда зерттеу жұмыстарын жүргізеді, себебі олар өздерінің зерттеу тақырыптарын дағдыландыруға мәжбүр. Мемлекет мекемелері тәрізді ұйымдар (Ішкі Істер Министрлігі) өздерінің жұмыстарына және министрлердің мәселелеріне қатысты түсініктерге тәуелді болады. Г. Хьюздің (2000) британиялық «төменгі топ» арасында қару қолдану қылмысына қатысты қылмыстық салада жүргізген зерттеуінің нәтижелеріне қарай – зерттеу мемлекеттік тәртіпсіздік мәселесінен гөрі қаржыландырудың маңыздылығы жағынан басымдау болды. Р.Морган (2000) Ішкі істер министрлігі тарапынан қаржыландырылатын зерттеу тақырыптары бір типті екенін көрсетеді: эмпириялық; сандық зерттеуге бейімделген; саясат пен жаңарту жолындағы шығындар мен пайдаларға қатысты; қысқа мерзімді (пайдалылық анализі, әдетте, ұзақ мерзімге созыл-

майтын тікелей салдарлармен байланысты болуы мағынасында); сын көзімен қаралмайды (мемлекеттік саясат зерттелмеген, алайда саясатты тиімді іске асыру жолдарымен байланысты болуы мағынасында). Бұған қоса көптеген ұйымдар барлық ұсынылған басылымдардың бастапқы қолжазбаларын көруді талап етіп, зерттеушілердің қол жеткізген нәтижелері туралы жазу қабілетіне шектеу қояды. Ұлыбританиядағы әлеуметтік зерттеулерді қаржыландыратын ең ірі ұйымдардың бірі ЭСЗК-і өздерінің зерттеу бағдарламаларын қоғамдағы күрделі салаларды зерттеуге бағыттай құрастырып және зерттеуге ұсыныстарын білдіруге және бағалауға ғылым саласынан тыс қызметкерлерді жұмылдырып отыр. Мұндай ерекшеліктер ЭСЗК-ға мемлекеттен түсіп отыратын қаржы ағымын ұдайы қамтамасыз ету ниетімен жүргізіп отырған саясат ақиқатымен байланысты және осы мәселеге қатысты жөнділіктің бір жолын көрсете білуіне де байланысты.

ЭСЗК-нің үлесіндегі осы бейімділік 2009 жылы «екпінді күн тәртібі» деп аталатын міндетті өзіне алғанда тағы да арттырылды. Ғылыми зерттеуді қаржыландыруға өтініш беруге 2009 жылдың 17 ақпанынан мынадай талаптар қойылды: «зерттеудің ықтимал ықпалы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету; бұл ықпалдарға қол жеткізу тәсілдері; сала аралық және жаңартылған тәсілдерді қабылдау» (www.esrc.ac.uk/ESRCInfoCentre/Support/esrcexpectations/faq.aspx (2010 жылдың 6 тамызынан қолданысқа енгізілген)). Бұл өтініш иелерінен таңдап алынған зерттеудің ықтимал ғылыми нәтижелерін ғана көрсетіп қоймай,

ғылыми емес салдарларын да қамтуды талап етеді. Ғылыми емес салдарларын көрсетуді талап етуінің негізі – зерттеуден кімнің қандай пайда көре алатынын және қалай пайда табатынын талқылау. Екпінді күн тәртібінің енгізуімен өтініш иелерінің бастапқы кезеңде-ақ қандай нәтижеге қол жеткізетіндері туралы ұтымды пікірлері болуы керектігін сезген көптеген зерттеушілер арасында бұл пікір алаңдатушылық тудырды (мысалы, «Петиция «екпінді» бетке басып отыр» Ғылыми зерттеу саласында күн тәртібін мына сілтемеден таба аласыз: www.timeshighereducation.co.uk/story.asp?storyCode=406931§ioncode=26 (2010 жылдың 6 тамызынан қолданысқа енгізілген)). Осы арада айта кетер негізгі түйін – екпінді күн тіртібі көптеген зерттеушілердің көзінде таңдап алынған зерттеуін тереңдете түсіп және орынды екенін көрсетуге ынталандырады, осылайша мемлекеттен келетін болашақ қаржы ағымына еш қауіп төнбейді.

- Рұқсат алу да саяси үдеріске жаатады. Рұқсат көбіне зерттеушілердің дәлеліне: зерттеу нәтижесінде ұйымға қандай пайда келеді, ұйым қызметкерінің уақыты және басқа да қаржылай төлемдерді қоса алғанда қандай шығындарға ұшырайды, ұйымның беделіне келетін ықтимал қатерлер сияқты мәселелерге алаңдатушылық білдіретін бақылаушылар тарапынан беріледі. Көптеген жағдайларда бұл бақылаушылар зерттеудің қалай жүргізілуі керектігіне, қандай сұрақтар қойылатыны, қандай тұлғаларды қатыстыру немесе қатыстырмау мәселесіне, әрбір зерттеуге қатысушыға бөлінетін уақыт көлеміне, нәтижелерге түсініктеме беруде және ұйымға берілетін мәлімдеме түрлеріне ықпал етуге тырысады. Рейнер (2000b),

мысалы, полиция қызметкерлерінің ба-
сылымдарда өздері бақылауындағы ме-
кемелерге жағымсыз түрде ұсынылатын
болса ол мәлімдеменің қандай түрде
болуы керек екеніне алаңдатушылық
тудыратынын мәлімдейді. Компания-
лар да ұдайы өздерінің қандай үлгіде
ұсынылатыны туралы мәселелердің
қамын жейді. Осыдан туындайты-
ны: рұқсат алу әрқашанда келіссөздер
арқылы шешілетін мәселе, сондықтан
саяси үдеріске айналып кететіні сөзсіз.
Мұндай келіссөздердің нәтижесі көбіне
«зерттеу ымырасына» байланысты.

- Зерттеушілер ұйымдардың жоға-
рылауы ұдайы келіссөз үдерісі мен мүм-
кін және мүмкін емес тақырыптарда
қайталап келіссөздер жүргізу арқылы іске
асып отыратынын байқады. Басқа сөзбен
айтқанда, кез келген зерттеу жобасының
құрамындағы бірнеше бақылаушылардың
көмегімен рұқсат алу үдерісін зерттеудің
ағымдағы ерекшелігіне айналдырып
жіберуі мүмкін. Мысалы, жүк кемесіне
қатысты жүргізген зерттеуінде Сем-
псон мен Томас (2003: 171) бастапқыда
кеме иеленуші немесе кеме меңгеруші
компаниялар арқылы рұқсат алуға ниет
білдірді, алайда, «негізгі бақылаушы
– ұдайы капитан» екенін біліп алды.
Капитандардың, әдетте, далалық зерт-
теуді үлестіруге құқық беру міндеттері
бар және зерттеушілердің зерттеу жұ-
мысына көмектесуге ниет білдіру дең-
гейлеріне қарай әртүрлі: олардың талап-
тары басқа, ары қарай рұқсат алу ісінің
негізін қалайтын басшылар басқа. Бұл
міндетті атқаратын лауазымды адамдар
да әртүрлі: біреулері жетекші басшының
сұхбат алу ісі қалай жүзеге асуы керектігі
туралы жиналыс өткізгісі келетінін та-
лап етсе, басқа біреулері зерттеушілерге
біршама еркіндік береді. Сондай-ақ,

зерттеушілер олардың шынында бас-
қару бөлімінде жұмыс істейтініне кү-
мән келтіріп, әдетте күдікпен қарап және
олардың ниеттеріне сенімсіздік білдіріп,
үнсіз қалып жатады. Бақылаушылардың
зерттеушілерге тек қана рұқсат бергені
үшін олардың ары қарай да адамдармен
қатысты зерттеу жұмысына кедергісіз
араласа алады деп ойлау жөнсіз болар
еді. Кейбір зерттеуге қатысушылар
өздерінің күдікпен қарау әдеттеріне
орай немесе әлеуметтік зерттеулердің
тиімділігіне күмән келтіргеннен зерттеу
үдерісі барысында қиындықтар туын-
датады. Сонымен қатар, фракциялық
мәселелер туындағанда зерттеушілерді
ұйымның ішкі саясатына еріксіз енгі-
зіп жібереді және кейде айқын бір көз-
қарасты көздеген осындай күрестерде
басқа біреулердің «қолжаулығы» болып
кетуі де мүмкін.

- Зерттеу жұмысын арнайы коман-
да жүзеге асыратын болса саясаттың
алар орны да ауқымды болмақ, себебі
мамандардың әр саладан болуы коман-
да мүшелерінің әртүрлі мақсаттарды
көздеуі және олардың қосар үлесінің
әртүрлі (кейде бірікпейтін) болу
себептері, тіптен өзгеше саяси арена-
ны құруы мүмкін. Алайда бұл жағдай
соңғы курс студенттері мен аспирант-
тар арасында орын алуы екіталай, де-
генмен, командалық негізде бірдей
деңгейде орындалатын жұмыстардың
артуы кейбір студенттерге ой таста-
уы мүмкін. Басқа жағынан қарасақ,
соңғы курс студенттерінің көптеген
жарыстар қатарында көрінуі немесе
аспирант диссертациясының сапалы-
лығы негізінде осы жұмыстарға және
аспирант, студенттерге жауапты жет-
екшілердің де мақамдарын көтеріп
тастайды. Сондықтан осы тәрізді кең

ауқымды саяси үдерістер осы кітаптың көптеген оқырмандарына да қатысты болуы мүмкін.

- Сонымен қатар нәтижелерді жарыққа шығаруға шектеулер қойылуы мүмкін. Хьюздің (2000) британиялық қылмыстық сот жүйесіндегі күнәні келісіммен мойындау мәселесін зерттеудегі жұмысын мысалға келтіруге болады. Зерттеушілер сол уақытта ресми сот үдерістерінің әлсіреп кеткеніне меңзеп, ресми емес келіссөздердің деңгейі алаңдатып отырғанын көрсетті. Ағылшын заң мекемелері зерттеу нәтижелерін таратуға барынша кедергі келтіруге тырысты, тек қана ғылымдардан құралған топ нәтиженің ресми сәйкес екенін дәлелдегенде ғана басылымға рұқсат берілді.

- Басқалары тарапынан қол жеткізілген нәтижелерді қолдану басқа саяси астыртын әрекеттің келелі мәселесі бола алады. 1960 жылдары жүргізілген зерттеудің жалпы білім беру мектептерінде ағымдар мен әлеуметтік топтарға бөліну орын алғанын көрсеткен нәтижесі (сол уақыттағы жаңадан күшіне енген Еңбекші үкіметінің мектептерде жалпы білім беру саясатына бағынатын еді) жалпы білім берудегі төтенше жағдайды сынайтын оңшыл жазушылар тарапынан қолданылды.

- Осы тақырыптың елеп өтуге тұрарлық тағы бір қыры – Севейдждің (2010) тәсілдің саясаттарын атап өтуі. Әлеуметтік ғылымдар, соның ішінде әлеуметтану өзін Ұлыбританияда сенімге ие болған пән ретінде орнықтырды, себебі осы саланың практиктері кейбір әлеуметтік зерттеу тәсілдерін нейтралды және кең ауқымды «ғылыми» түрде қолдана отырып, біліктіліктерін дәлелдей білді. Осылайша жас зерттеушілерге

өздерінің сала бағытын таңдап алуы үшін іріктеме тәсілі, сауалнамалар және сұхбат алуды қолданулары арқылы сатылық талаптарды біртіндеп іске асыра отырып ғылыми пәнді таңдап алуға мүмкіндік қарастырылған және экономика саласының арнайы білімдерінен осы тұрғыдан алатын орны айрықша. Британдық жас әлеуметтанушыларды әлеуметтік зерттеу тәсілдерін қолданған алғашқы кәсіби мамандар деп тұжырымдауға болмайды; қанша дегенмен нарық зерттеушілер әрқашанда танымал практиктер болған. Олардың айтқысы келгені «әлеуметті» танып білу және зерттеуде осы әлеуметтік зерттеу тәсілдерін қолдануда арнайы білім қалыптастырды, басқа ғылымдардың назарынан тыс қалған сала немесе егер қарастырылған болса да еркін және жүйесіз түрде орын алғанын айтады. Бұл Севейдждің «хүкім» деп атап кеткен саяси айқасы болып саналады және көптеген нәтижелерде әлеуметтану жеңімпаз атанып отырды. Алайда Севейдж (Севейдж және Борроу, 2007 қараңыз) әлеуметтанушылардан арнайы білімнің болуын талап еткен нақты әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің басқалары тарапынан қолдануы себебінен және әлеуметтанушыларға аз орын бөлінген немесе тіптен олар тыс қалдырылған әлеуметтік мәселелер жайлы жаңа деректердің шығуы бұл күкімге қауіп төндіріп тұрғанын тұжырымдайды. Нәтижеде әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің саласын әлеуметтік ерекшелікті анықтауда әдіснамалық біліктілік бәсекелес орын алған алаң ретінде қарастыруға болады.

Осы аталғандар – зерттеу үдерісінің саясаты жайлы ашық айтуға болатын санаулы ғана жолдары.



6.2 Терең пікірлер

Әлеуметтік зерттеулерде жақтасу түрі: Беккер-Гулднер диспуты

1960 жылдарының соңына қарай АҚШ аймағында және тысқары аймақтарда әлеуметтік салада жетекші ғылымдар болып табылатын екі әлеуметтанушы арасында қызықты диспут орын алды: Говард С. Беккер (1928) және Элвин Гулднер (1920-1980). Олардың диспуты зерттеудегі саясат және өлшемдердің алатын рөлі жайлы көптеген мәселелерді қамтыды, дегенмен зерттеуді жақсарту мәселесі осы диспуттың өзіндік ерекше қыры болды. Беккердің (1967) пікірінше, біздің дербес сүйіспеншілігімізді тудырмайтын зерттеуді жүргізу мүмкін емес. Зерттеу жүргізетін болсақ оның мән-мәтінінде міндетті түрде сатылық қатынастарды осыған сүйене құрастырамыз (полиция қызметкерлері-қылмыскерлер, менеджерлер-жұмысшылар, қақпа қарауылшылары-тұтқындар, дәрігерлер-емделушілер, мұғалімдер-студенттер). Беккердің пікірінше осындай қатынастардың мән-мәтінінде жақтаушылық тудырмау мүмкін емес; керісінше, ең үлкен дилемма – қай тарапты жақтауды шешу. Беккер сол кездері өзі зерттеу жүргізіп жатқан сала аясында – ауытқу әлеуметтануы – көптеген практиктер осы сатылық қатынастар негізінде ұтылып қалғандарға жататынын мойындады. Тіптен, ауытқу әлеуметтануы қылмыскерлер, тұтқындар, ақыл-есі кем және олармен теңдестіруге келмейтін басқалардың да көзқарастарын ұсынуға немесе білдіруге тырысады. Алайда ауытқу әлеуметтануының мамандары осы топтардың көзқарастарын білдіруге тырысқанда олар қоғам көптеген жағдайларда жоламауға тырысатын топқа жататындықтан, бұл пікірлерге шәлкес пікір деп кінә тағылатынын тұжырымдады.

Неліктен зерттеу ұтылып қалғанның келешегін өте бейімді деп қарастыруға басымдылық жасайды? Беккер мұны екі себеппен анықтауды ұсынып отыр: бірінші себеп, жоғары топтың мүшелері өз саласында мәселелердің жағдайынан анықтауға эксклюзивті құқығы бар және екінші себеп, олар толықтай мәліметпен қамтамасыз етілген деп қарастырылады.

Басқаша айтқанда, сенімділік қоғамда әртүрлі таралған.

Гулднер (1968) Беккердің зерттеудің барлығы жақтауды қажет етпейді деп түсіндіруі мәселені ушықтырып жіберетінін айтады. Сонымен қатар мұның қате пікір екенін айтып, зерттеуші қоғамның бөлімдері жайлы көзқарасына тым байыпты қарау керек, бірі болмаса бірі ол топқа тілектес болары анық деген қарапайым себеппен түсіндіреді. Арада көп уақыт салып Либлинг (2001) зерттеушінің бір ғана тараптың пікірінен де кең пікірлері болуы мүмкін деп тұжырымдады. Ол, Ұлыбританияның түрмелерінде зерттеу жүргізген мәселесіне орай әртүрлі тараптардың көзқарастарға баға беріп қана қоймай, сонымен қатар, мұндай жұмыстарды ешбір тарапты ашуландырмай жүргізуге болатынын көрсетті: мысалы түрме қызметшілері мен тұтқындар.



Сұрақтар тізімі

Этикалық мәселелермен байланысты ескеретін жағдайлар

- Осы кітапта аталып өткен маңызды және кәсіби тұрғыдан байланысты қағидаларды оқып, кем дегенде біреуін өз зерттеуіңізге қостыңыз ба?
- Мекемеңіздің этикалық зерттеу жүргізу мақсатында талаптарымен танысып, оларды қолдандыңыз ба?
- Мекемеңіздегі этикалық мәселелерді талқылауға жауапты тұлғаға тапсырылатын барлық зерттеу талаптарын орындау қажет немесе қажет еместігін анықтадыңыз ба?
- Егер тек қана бірнеше зерттеу түрлері ұсынылатын болса, сіздің таңдап алған зерттеу тақырыбыңызға рұқсат алу керек немесе керек емесін тексердіңіз бе?
- Зерттеуге қатысушыларға қандай да бір ықтимал қауіптің жоқ екенін тексеріп, қамтамасыз еттіңіз бе?
- Сіздің зерттеуіңізге қатысушылар түсіне білетіндей зерттеуіңіз ақпаратты келісім қағидасына сай ма және ақпаратты келісім үлгісінде мына пункттер қарастырылған ба:
 - Зерттеу не жайлы?
 - Зерттеу жүргізудің мақсаты?
 - Қаржылай демеу беруші кім?
 - Олардың зерттеуге қатысудағы ерекшеліктері?
 - Олардың зерттеуге қатысуы қаншаға созылмақ?
 - Олар ерікті қатысушылар ма?
 - Зерттеуге қатысудан кез келген уақытта бас тарта алатыны.
 - Деректермен қандай жұмыс жасалады (мысалы, олар қалай сақталынады)?
- Сіздің зерттеуіңізге қатысқан тұлғаның құпиялылығы жария болмайтынына сенімдісіз бе?
- Сіздің зерттеуге қатысушылардың зерттеуге қатысушы басқалары жайлы айтқан мәліметін немесе пікірін жарияламауды бағалайсыз ба?
- Сіздің зерттеуіңізге қатысушылардың зерттеудің не жайлы екені және мақсаты жайлы алданып қалмаулары үшін әрекеттер жасадыңыз ба?
- Сіздің зерттеуіңізге қатысушылардың деректеріне қатысты құпиялылықты сақтау үшін әрекеттер жасадыңыз ба?

- Деректерді жинақтап болғаннан соң сіздің зерттеуіңізге қатысушылардың есімдері мен орналасқан жерлерінің аттарын (зерттеу орын алған ұйымның аты тәрізді деректер) анықтау мүмкіндігін жоюға әрекеттер жасадыңыз ба?
- Сіздің деректерді электрондық түрде сақтау стратегияңыз деректерді сақтау заңына сәйкес пе?
- Зерттеу жұмысыңызды тәмамдағанда, сіздің зерттеуіңіздің талаптары болып табылатын міндеттерді кездестірдіңіз бе (мысалы, сізге рұқсат берген мекемеге мәлімет беру)?



Негізгі ұғымдар

- Осы тарауда этикаға қатысты әлеуметтік зерттеулерде деректерді жинақтау және талдау барысында орын алуы мүмкін этикалық мәселелер шектеулі мөлшерде қарастырылды. Мені алаңдатқан мәселе – зерттеушілер мен зерттеуге қатысушылар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты болды. Дегенмен әлеуметтік зерттеулерде этикалық тұрғыдан басқа да мәселелер бой көтеруі ықтимал.
- Кәсіби қауымдастықтардың кодекстері мен нұсқаулықтары кейбір нұсқаулар ұсынғанда тиімділігі біржақты емес және олар этикалық мәселелерге қатысты қандай да бір мүмкіндікті ашық қалдырады.
- Этикалық мәселелердің негізгі бағыттары мыналарға қатысты: зерттеуге қатысушыларға зиян; ақпаратты келісімнің болмауы; жеке өмірге араласу; алдау тәсілі.
- Жасырын бақылау және кейбір жағымсыз жағынан мәлім болған зерттеулер ерекше алаңдатқан тақырыптар болып табылады.
- Этикаға қатысты және қатысты емес мәселелердің арасындағы шектеу анықталмаған.
- Этикаға әлеуметтік зерттеу жүргізетін әлеуметтанушылар осы мәселеге қатысты бірнеше ұстанымдар қабылдады.
- Зерттеуге қатысушылардың құқығы этика қағидаларына орай маңызды болып табылса да, кәсіби қызығушылықты өз алдына тарту да алаңдатушылық тудырып отыр.
- Кей жағдайларда этикалық мәселелерді сапалық зерттеулерден бөлек қарастыру қиындық тудырады.
- Ғаламтор және басқа да жаңа бұқаралық ақпарат құралдары этикалық тұрғыдан шешім қабылдауда жаңа алаңдар ашты.

- Зерттеу үдерісінің бағалаулармен байланысып жатқан саяси өлшемдері бар.
- Зерттеулерге қатысты саяси өлшемдер зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде орын алуға және басшылықты жүзеге асыруға қатысты мәселелермен байланысты.



Қысқаша шолу сұрақтары

- Әлеуметтік зерттеулер жүргізуде неліктен этикалық мәселелер маңызды болып табылады?
- Әлеуметтік зерттеулердің этикалық әртүрлі ұстанымдарын атап көрсетіңіз.

Этикалық қағидалар

- «Зерттеушіге зиян келтіру» дегеніміз тек қана денеге зақым дегенді білдіреді ме?
- Осы этикалық қағиданы қолданудан туындайтын қандай қиындықтарды білесіз?
- Ақпаратты келісім алу мәселесі неліктен қызу пікірталастар тудырады?
- Осы этикалық қағиданы қолдануда туындайтын негізгі қиындықтар қандай?
- Жеке өмір қағидасы неліктен маңызды?
- Алдау неліктен орын алады?
- Жағымсыз атымен танымал болған Мильграмның электр тогы эксперименті және Хемфрейхдің зерттеуі әлеуметтік зерттеуде этикалық қағидалардың әрекетін түсінуде қандай көмек береді?

Этика және сапалылық мәселелері

- Зерттеудің этика тұрғысынан байланысты жақтары зерттеудің сапалық жағынан байланысын бөліп қарастыруда неліктен қиындықтар туындатады?
- Зерттеуді этика және сапа жағынан бөліп қарастыру мүмкін бе?

Этикалық тұрғыдан шешімдер қабылдаудағы қиындықтар

- Жаңа бұқаралық ақпарат этикалық тұрғыдан жаңа бағыттарға қаншалықты үстемелеп отыр?
- Этикалық зерттеу жүргізу қаншалықты оңай?
- Осы тарауға қатысты этикалық нұсқаулықтардың бірін оқып шығыңыз. Этикалық құқық бұзушылыққа қарсы қаншалықты тиімді?

Әлеуметтік зерттеулердегі саясат

- Саясаттың әлеуметтік зерттеуде алар орны өте маңызды дегенді қалай түсінесіз?
 - Саясаттың рөлі әлеуметтік зерттеулерде қалай айқындалады?
-

**Онлайн Ақпарат орталығы**

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Әлеуметтік зерттеулердегі этика және саясат жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа да веб парақтармен танысыңыз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

Екінші бөлім

Кітаптың екінші бөлімі сандық зерттеуге арналмақ. 7-тарау осы зерттеу стратегиясының маңызды ерекшеліктерін анықтау арқылы осы әлеуметтік зерттеу тәсілі жайлы негізгі ұғымды қалыптастырады. 8-тарауда зерттеу жүргізілетін адамдар немесе оған қатысушылар жайлы сөз қозғалады. 9-тарауда сандық зерттеу кезінде дерек жинақтауда негізгі әдістердің бірі болып табылатын, сонымен қатар, бақылау зерттеуінде де қолданылатын стандартталған сұхбат жайлы мағлұмат қамтылады. 10-тарау бақылау зерттеуі арқылы деректер жинақтаудың тағы бір көрнекті әдістерінің бірі – сауалнама жайлы болмақ, зерттеуге қатысушылар сауалнаманы өз бетінше толтырады. 11-тарау осы стандартталған сұхбат пен сауалнамалар жүргізу үшін қандай сұрақ қою керектігі жайлы кеңестермен толықтырылған. 12-тарау адамдарды сырттай бақылаудың жүйелі тәсілімен қамтамасыз ететін амалды, стандартталған бақылауды сөз етеді. 13-тарау мазмұнды талдауға арналған, әртүрлі құжаттармен талдау жұмыстарын жүргізуде оның айқын және жүйелік ерекшеліктерін көрсетуге көмектеседі. Ал 14-тарауда өз зерттеу жұмысыңызда басқа зерттеушілер жинаған деректерді немесе ресми статистикалық мәліметтерді қолдану ықтималдығы жайлы сөз қозғалмақ. 15-тарауда сапалық деректерге талдау жүргізгенде қажетіңізге жарайтын құралдар жайлы кеңестер беріледі. 16-тарау компьютерлік бағдарламалық жасақтамаларды SPSS түрінде (кең ауқымды қолданылатын бағдарламалық жасақтамалардың бірі) қалай қолдануға болатыны, 15-тарау өткендерді іс жүзінде қалай жүзеге асыруға болатыны жайлы мәліметтерді қамтиды.

Осы тарауда сандық зерттеулер жүргізуге қажетті барлық құралдар мен тәсілдер жайлы ақпараттар легін ұсынғалы отырмыз. Сандық зерттеудің жалпы ерекшеліктерін қолдана отырып жалпы мәселелерді талқылау және сауалнама жүргізіп, жинақталған дербес деректеріңізге талдау жүргізу сияқты тәжірибелік әдістерді де қамтимыз.

7-тарау

Сандық зерттеу сипаттамасы

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	264
Сандық зерттеудегі негізгі қадамдар	265
Ұғымдар және олардың өлшемдері	269
Ұғым дегеніміз не?	269
Өлшем неліктен қажет?	270
Көрсеткіштер	270
Жиынтық көрсеткіш өлшемдерін қолдану	274
Ұғымдардың өлшем бірліктері	276
Сенімділік және заңдылық	277
Сенімділік	277
Заңдылық	281
Сенімділік пен заңдылық жайлы пікірлер	285
Сандық зерттеушілерді толғандыратын маңызды мәселелер	288
Өлшем	288
Себепті байланыс	288
Жалпылама	290
Қайталау	291
Сандық зерттеудегі сын	294
Сандық зерттеудегі сын	294
Ұдайы осылай ма?	296
Кері операционизм	296
Сенімділік және заңдылықты тестілеу	298
Іріктеме	299
Негізгі ұғымдар	299
Қысқаша шолу сұрақтары	300



Тараудың қысқаша мазмұны

Бұл тарауда әлеуметтік зерттеулер жүргізуде басымдық танытқан стратегиялық тәсіл болып табылатын сандық зерттеуге жалпы сипаттама беріледі. 1970 жылдардың ортасынан сапалық зерттеулер қолданысқа көптеп енгізіле бастады, алайда қазіргі таңда бұл зерттеу түрінің ықпалы біраз азайып кетті. Дегенмен, бірқатар салада айтарлықтай ықпалы әлі күнге дейін жалғасып келеді. Осы тарау сандық зерттеулерде көбіне қандай нәтижелерге қол жеткізілетіні жайлы болмақ, десек те тараудың кейінгі бөлімшелерінде осы негізгі тақырыптан ауытқып кететін кейбір мәселелер жайлы да әңгімеленген. Сонымен, осы тарауда қарастырылатын тақырыптар:

- желілік реттілік кезеңдері түрінде берілген сандық зерттеудің негізгі қадамдары;
- сандық зерттеуде тұжырымдамалардың маңызы және осы тұжырымдамаларға арналған өлшемдерді жетілдіру жолдары; бұл талқылаулар тікелей өлшем бірліктері қарастырылмаған осы тұжырымдамаларды өлшеуде орын алатын көрсеткіштер жайлы пікірлерге ұласады;
- өлшем үдерістерінің сенімділігі мен заңдылығын тексеру тәртiптерi;
- сандық зерттеудің ерекше назар аударуды талап ететін төрт сипаты беріледі: өлшем бірлігі, себептік байланыс, жалпылама және қайталау.
- сандық зерттеуде көп кездесетін сыни көзқарастар реті.

Кіріспе

2-тарауда сандық зерттеу өз алдына ерекше зерттеу стратегиясы ретінде сипатталған. Жалпы алғанда сандық деректер топтамасын ұсынатын, дедуктивті және жаратылыстану ғылымдарының (сондай-ақ позитивизмнің де) тәсілдеріне бейімді теория мен зерттеу арасындағы байланысты көрсететін және әлеуметтік болмыстың объективті ұғымын қолдайтын сипаттама берілді. Сандық зерттеудің басқа да ерекшеліктері қарастырылады, дегенмен осы тарауда осы тәсілдің стратегиялары жайлы тақырып кеңінен талқыланбақ.

Осы арада айта кететін жайт, зерттеу стратегиясына «сандық зерттеу»

деп анықтама беруіміз, әлеуметтік өмір аспектілерінің сандық ерекшеліктерін көрсете отырып оның толықтай сапалық зерттеу стратегиясынан айырмашылығын көрсетеміз дегенді білдірмейді. Оның эпистемологиялық және онтологиялық ұстанымдарының болу фактісінің өзі бұл жердегі сандардың жай ғана сан емес екенін айқындап тұр. Тарау барысында сандық зерттеудің негізгі қадамдары да қарастырылады. Сонымен қатар, стратегияның кейбір негізгі қызметтерін талқылап және кейбір практиктер арасында орын алып отырған, өлшем бірліктерінің заңдылығы тәрізді мәселелердің қалай шешілетіні жайлы да айтып өтеміз.



Сандық зерттеудегі негізгі қадамдар

7.1-сызбада көрсетілген сандық зерттеудің негізгі қадамдарын идеалды және әдеттегі үдерісі деп атауға болады: осындай анық түрінде өте сирек кездеседі, тіптен кездеспейді десе де болады, дегенмен негізгі тәсілдердің құрамдас бөліктері мен олардың арасындағы байланыстарды анықтауда тамаша бастама қызметін атқарады. Кестеден көріп отырғанымыздай, зерттеу бір мезгілде тармақталмаған және бір ретпен болуы өте сирек, алайда оның мақсаты негізгі қадамдарды ғана қамтып және олардың өзара әрекеттестігін шамамен көрсету болып табылады.

Осы маңызды қадамдардың бірнешеуі жайлы 1, 2 және 3-тарауларда айтылып кетті. Осы арада кіріспені теориямен бастауымыз теория мен зерттеу арасындағы байланыста дедуктивті тәсіл қарастырылатынын көрсетеді. Сандық зерттеудің негізгі қадамдарының кестесіне сүйене отырып, гипотезаның теория негізінде құрылғаны және оның дәлелденгені жайлы пікірді пайымдауға болады. Дәл осы түсінік 7.1-сызбада көрсетілген.

Алайда жүргізілген зерттеулердің бірқатары нақты гипотеза анықтамасын бермейді, керісінше әлеуметтанушы деректер жинақтап жатқан бағытта теория жаңадан сұрақтар туындатып, мәселені күрделендіре түседі. Гипотеза анықтамасына эксперименттік зерттеу жүргізу арқылы ғана қол жеткізілуге болатын тәрізді. Зерттеу жобаларының

7.1-сызба



басқа түрлері де арагидік гипотезаларды тестілеуді қамтып жатады. 2-тарауда атап өткен, әлеуметтік сауалнама зерт-

теу құралнамаларын қолдана отырып кросс-секциялық зерттеу жобасымен жүргізілген зерттеуде (2.4 зерттеу нысанын қараңыз) гипотезаның тестіленгенін көреміз. Дегенмен, осы арада көрсетіліп отырған 2-қадам, көбіне эксперименттік зерттеулерде кездеспейтін тәрізді.

Келесі қадамда зерттеу жобасын таңдаймыз, бұл тақырып 3-тарауда кеңінен қарастырылып кетті. Бұдан бұрын атап өткеніміздей, зерттеу жобасын дұрыс таңдай білу, нәтижелердің сыртқы заңдылығы және зерттеушілердің өз нәтижелерінің себептерін нақтылай білу қабілеттілігі тәрізді көптеген түрлі мәселелердің шешімдеріне ықпал етеді. 4-қадам, зерттеуші қызығушылық танытып отырған ұғымды дұрыс бағалап, өлшем бірлігін жетілдіреді. Бұл үдеріс – көбіне ұғымды қалыптастыру (операционализация) деп аталады, бұл терминнің негізі физика саласында қаланған және ұғымды (мысалы температура немесе жылдамдық) өлшеу, бағалау әрекеттерімен түсіндіріледі (Бриджмен 1927). Осы мәселенің қыр-сыры жайлы мәлімет төменде толығымен қарастырылады.

Келесі екі қадам зерттеудің бір саласын немесе бірнеше салаларын таңдау, сонымен қатар зерттеу субъектілерін/қатысушыларын іріктеп алумен байланысты. (Эксперименттік зерттеу жүргізушілер өз зерттеулеріне қатысушыларды «субъектілер» деп атайды, ал әлеуметтік сауалнама түрін қолданатын зерттеушілер оларды «қатысушылар» деп атайды). Осылайша, әлеуметтік сауалнама бойынша зерттеу жүргізуші алдын ала өз зерттеуін тиісті түрде реттеп,

көптеген шешім қабылдауы керек болатынын ескеруі тиіс. Мысалы, Голдторп және басқаларының (1968: 2-5) жүргізген әйгілі Ауқатты жұмысшы зерттеуі зерттеу орны немесе реттілігіне қатысты екі шешімге негізделді. Біріншіден, зерттеушілерге «буржуазиялану» тезисін тестілеуге лайықты қоғам табу керек болды (ауқатты жұмысшылар өздерінің қарым-қатынастарымен және өмір салтымен орта таптық адамдармен бірдей еді). Осы пікірді ескере отырып, зерттеу жүргізуге Лютон елдімекені таңдалып алынды. Екіншіден, «ауқатты жұмысшы» (6-қадам) бейнесін қалыптастыру үшін, осы Лютонда орналасқан жетекші үш компания қызметкерлері арасында сұхбат жүргізуге шешім қабылданды. Бұдан басқа, таңдап алынған фирмалардың жаңа технологиялармен жабдықталған болуы талап етілді, себебі ол кездері технологиялар жұмысшылардың қарым-қатынастары мен әрекеттеріне әсер ететіні дәлелденген еді. Осы ойларды жинастыра келе, зерттеу талаптарына сай үш фирма таңдалып алынды. Өндіріс жұмысшыларының таңдап алыну себебі – тағы да зерттеушілердің буржуаздану тақырыбына қызығушылық танытуларына орай және технологияның адам қарым-қатынастары мен әрекеттеріне әсерін анықтау мақсатына орай болды. 7.1 тақырыбындағы зерттеу нысанында зерттеу орыны мен қатысушыларды осылайша таңдап алу тәсіліне кең ауқымды мысал келтірілген. Эксперименттік зерттеуде осы екі қадам субъектілерді жеке бақылауға алу және эксперименттік топтарға бөлу арқылы қарастырылатын тәрізді.



7.1 Зерттеу нысаны

Зерттеу орындары мен ықтимал қатысушыларды іріктеп алу: әлеуметтік өзгеріс және іскерлік өмір бастамасы

Әлеуметтік өзгеріс және іскерлік өмір бастамасы (ӘӨІӨБ) мына алты мемлекеттің еңбек нарығында зерттеу жүргізуді қолға алды: Абердин, Ковентри, Киркальди, Нортгемптон, Рочдейл және Суиндон. Бұл аймақтар еңбек нарығындағы 1980 жылдардың ортасынан бастап жақын уақыттарға дейінгі экономикалық өзгерістердің салыстырмалы үлгілерін көрсету үшін таңдалып алынды. Шолу жүргізуге әр аймақтан негізгі үш бағыт таңдалып алынды.

- *Еңбекке көзқарас/Тарихқа шолу.* Осы алты аймақтан стандартталған сұхбат кестесін қолдана отырып кездейсоқ іріктеме тәсілімен 6111 жеке тұлғадан сұхбат алынды. Әрбір сұхбатта жеке тұлғалардың жұмыс тарихтары және көзқарастары жайлы сұрақтар қойылды.
- *Шаруашылық және қоғамдық шолу.* Әрі қарай сұхбат еңбекке көзқарас/тарихқа шолу жайлы сұхбат алынғандардың үштен бірі арасында жүргізілді. Қатысушылар мен олардың серіктестерінен стандартталған сұхбат кестесі қолданыла отырып сұхбат алынды, сонымен қатар әрқайсысына өз бетінше толтырылатын сауалнама берілді. Бұл сұрақ-жауапта үй шаруасындағы жұмыстарды бөліп алу, бос уақытты өткізу және мемлекеттің әлеуметтік дамуына деген көзқарастары жайлы сұрақтар қамтылды.
- *Жұмыс берушілерге жалпы шолу.* Еңбекке көзқарас/тарихқа шолу тақырыбына байланысты сұхбат алынған әрбір аймақтың әрбір қатысушысынан өз жұмыс берушісі жайлы мәлімет берулеріне өтініш білдірілді (қажет жағдайда). Соңынан осы мысал келтірілген жұмыс берушілерден стандартталған сұхбат кестесі арқылы сұхбат алынды. Бұл сұхбат кестесінде жұмыстарды гендерлік ерекшеліктерге қарай бөлу, жаңа технологияларды енгізу және кәсіптік одақтармен өзара байланыс тәрізді сұрақтар қамтылды.

Нәтижелердің ауқымды бөлігі бірнеше том ретінде, соның ішінде Пенн және басқалары (1994) мен А.М. Скот (1994) басылымдарында жарық көрді. Осы мысал зерттеушілердің зерттеу орындары мен қатысушыларды іріктеп алуы қатысты шешім жолдарын анық көрсетеді.

7-қадам зерттеу құралнамаларын басқару немесе зерттеу жұмысын жүзеге асыруды қамтиды. Эксперименттік зерттеуде эксперименттік топтың тәуелсіз айнымалысына әсер ете отырып алдын ала тестілеу субъектілерін және тестілеуден кейінгі респонденттерді іріктеп алу мүмкіндігі бар. Әлеуметтік сауалнама зерттеуінің құралдарын қолдана отырып

кросс-секциялық зерттеу жүргізгенде ықтимал қатысушы тұлғалармен стандартталған сұхбат кестесі арқылы әңгімелесу немесе өз бетінше сауалнама толтыру тәсілдері ұсынылады. Стандартталған бақылау тәсілі қолданылатын зерттеуде дәл осы қадам адамдардың әрекеттері мен реттілігіне қарайтын бақылаушы (мүмкін бірден

де көбірек) дегенді білдіреді, осылайша әртүрлі әрекеттерге жеке дара категория беріледі.

8-қадамда қарапайым жұмыс атқарылады: егер мәліметтер жинақталып қойған болса, олар «деректер» халіне келтіріледі. Сандық зерттеуде деректер санауға болатындай түрде дайындалуы тиіс дегенді білдіреді. Кейбір ақпараттарға байланысты мұндай санақтар тікелей жолмен жүзеге асырыла алады, мысалы, адамдардың жасы, жалақылары, мектеп қабырғасында өткізген жылдары және тағы басқа осыған ұқсас ақпараттар. Басқа айнымалылардың санын немесе мөлшерін білу үшін ақпараттарды *кодтау* тәсілі алға тартылады. Демек, деректердің сандық талдауын жасауға қолайлы етіп оны сандарға айналдырады, әсіресе, талдау жұмысы компьютердің көмегімен жасалатын болса, бұл тәсіл таптырмас құрал. Бұл кодтар компьютердің өңдеуіне қолайлы түрде адамдар жайлы ақпараттарға қондырылған арнайы таңба ретінде әрекет етеді. Бұл түсінік келесі 9-тарауға бастау бола отырып, деректерді талдау қадамын алға шығарады. Бұл қадамда зерттеуші жинақталған деректердің ауқымын азайту, айнымалылардың арасындағы байланысты тестілеу, талдау нәтижелерін басқаларына ұсынудың жолдарын дамыту және басқа да әрекеттерді іске асыру мақсатында сандық деректерді талдаудың бірнеше тәсілдерін қолданады.

Осы жинақталған деректер негізінде зерттеуші талдау нәтижелеріне түсініктеме беруі керек. Осы кезең барысында «нәтижелер» ортаға шығады. Зерттеуші 8-қадамда қол жеткізілген нәтижелер

арасындағы байланыстарды және зерттеуге негіз болған кейбір себептерді қарастырады. Қандай да бір гипотеза бар ма және тиісті түрде қолданылған ба? Зерттеудің алғышарттарын құрайтын теориялық пікір нәтижелерінің салдарлары қандай?

Демек, зерттеу жұмыстары жаңартылып отырылуы тиіс. Бұл жұмыстар қоғамдық байлық ретінде конференцияда оқылатын маңызды баяндама, зерттеуге қаржылай көмек көрсеткен агенттікке есеп мәлімдемесі немесе ғылыми әлеуметтік зерттеулерге арналған кітаптар журналдарда мақала ретінде жарық көрмейінше зерттеушінің жеке ықыласынан ары асып шыға алмайды. Нәтижелер мен қорытындыларды жаңартып жазу барысында зерттеуші қандай жетістіктерге қол жеткізгенін жай ғана көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар, оқырмандарды зерттеу қорытындыларының маңызды екеніне және нәтижелердің анық дәлелденгеніне сендіре білуі керек. Осылайша, зерттеу үдерісінің ауқымды бөлігі басқаларын өз нәтижелерінің заңдылығы мен маңыздылығына сендіруді қамтиды.

Нәтижелер басылып шыққан сәттен бастап сол саланың білім қазынасы қорына (немесе барлық жағынан қарастыруға болатын теоремаға) айналады. Осылайша 11-қадамнан 1-қадамға кері байланыс та орнайды. Дедуктивизм (2-қадам) мен индуктивизм (кері байланыс) екеуінің де элементтерінің болуы сандық зерттеудің позитивистік негізіне меңзеп тұр. Сондай-ақ ұғымдарды өлшем бірліктеріне айналдыруға екпін жасау (4-қадам) – позитивизмнің ерекшеліктерінің бірі болып табылатын

феноменализм қағидаларына жатады. Осы арада біз ұғымды өлшем бірлігіне айналдыратын маңызды кезенді қарастырамыз. Кейбір ұғымдардың сандық зерттеулердің өлшемдеріне қойылатын басымдылықтан келіп туындайтынын көреміз. Жалпы осы ұғымдар социологтар тарапынан құрастырылған заңдылық пен сенімділік өлшемдерімен сәйкес болуы керек. Осы ұғымдар келе-

сі талқылауларда міндетті түрде орын алады

Тарау басында айтып кеткеніміздей, 7.1-сызба қадамдардың реттілігі сақталған мінсіз-типтік үлгі және қадамдардың осы реттілікпен сақталуы өте сирек кездеседі. Тараудың соңында «Әрқашанда осындай нәтиже ме?» деген тақырыпта іс жүзінде үлгіге тіптен келмейтін үш жолын қарастырамыз.



Ұғымдар және олардың өлшемдері

Ұғым дегеніміз не?

Ұғымдар теорияның құрылымдық бөлімдері және әлеуметтік зерттеу жүргізілген тақырып аясында пікірлерді ұсынады. Осы кітапта келтірілген зерттеу мысалдарына қатысты осы уақытқа дейін кездескен көптеген ұғымдардың өзін ойлап қараңыз: *құрылым, агенттік, әлеуметтік тап, жұмыс іздеу тәсілдері, біліктілігін жоғалту, эмоциялық қанағат, діни ортодокстық, діни бағыт, өзін өзі қорғау, бейресми әлеуметтік бақылау, келісімді тапсырма, мәдениет, ғылыми жетістік, мұғалім үміті, үйірмпаз жетекші, салауатты өмір салты, алмасу.*

Бұлардың әрқайсысы әлеуметтік өмірдің элементтеріне берілетін таңба. Олар өте маңызды және ортақ сипаттары бар сияқты көрінеді. Булмер (1984: 43) қысқаша айтып түсіндіргендей, ұғымдар – «пікірлер мен бақылауларды жүзеге асырудың категориялары». Мысалы, әлеуметтік мобильдік ұғымы әсерінен кейбір адамдар өздерінің ата-аналарына деген әлеуметтік-экономикалық көзқарастарын

жақсартып жатса, біреулері еш өзгеріссіз қалдырып, ал тағы басқалары кертартпа мобильдік жолға түсіп жатқанын байқаймыз. Осындай түсініктемелердің нәтижесінде әлеуметтік мобильдік ұғымы анықталады.

Егер ұғым сандық зерттеуде қолданылатын болса, оны міндетті түрде өлшеуден өткізіп, баға беру керек. Өлшеуден өткізілген ұғымдар тәуелді және тәуелсіз айнымалылар түріне енеді. Басқа сөзбен айтатын болсақ, бұл ұғымдар әлеуметтік өмірдің кейбір аспектілеріне түсініктеме бере алады немесе олар біз түсіндіргіміз келетін нысандарда қолданыла алады. Мысалы, әлеуметтік мобильдік ұғымын мынадай сипатта қолдана аламыз: кейбір ұстанымдарға ықтимал анықтама беруде пайдаланылады (кертартпа мобильділік пен басқаларының саяси ұстанымдары немесе әлеуметтік көзқарастары арасында айырмашылық бар ма?) немесе түсініктеме берілетін бір нысан ретінде қолданылады (әлеуметтік мобильдіктегі әртүрліліктің себептері неде?). Сонымен қатар, уақыт өте келе әлеуметтік мобильдікте орын алған өзгерістер

ауқымына қызығушылық таныта аламыз немесе мемлекеттер арасындағы әлеуметтік мобильдік деңгейіндегі айырмашылықтарды салыстырып көрумізге болады. Осындай мәселелерді зерттеуді бастаған болсақ, кейбір мәселелерді, мысалы, неліктен мемлекеттер арасында әлеуметтік мобильдік деңгей әртүрлі екенін немесе уақыт өте келе неліктен өзгеретінін білуге көмектесетін теорияларды құрастыра алатын сияқтымыз. Бұл өз кезегінде, біз деңгейлердің неліктен әртүрлі екенін түсіндіруге тырысатын болғандықтан жаңа ұғымдарды ортаға шығарады.

Өлшем неліктен қажет?

Сандық зерттеуде өлшем бірліктерін қолданудың үш негізгі себебі бар:

1. Өлшемдер қойылатын сұрақтардың сипатына орай, адамдар арасында *тиісті айырмашылықтарды* белгілеп алуға мүмкіндік тудырады. Бұл өте пайдалы мүмкіндік, дегенмен адамдар арасындағы айырмашылықты 3 ерекше категорияға бөліп қарастыратын болсақ, бұдан артық айырмашылықты таппасымыз анық. Біз адамдардың жұмысына көңілі толу деңгейлері арасында анық айырмашылықтарды көрсете аламыз – жұмысына көңілі толатын адамдар және жұмысына көңілі толмайтын адамдар – алайда, айырмашылық мөлшері аз болса оны анық көрсету қиындық тудырады.

2. Өлшем осындай айырмашылықтарды анықтау үшін *жүйелілік құрылысын* немесе критерийлер ұсынады. Өлшем құрылғысы өзгерістерді өлшеудің жүйелі құралын ұсынады, ал бұл жүйелілік өз кезегінде екі нәрсеге байланысты: уақыт өте келе осы жүйелікті сақтай білу қабілетіміз және басқа зерттеушілермен жүйелілік құра білу

қабілетіміз. Басқа сөзбен айтқанда, өлшем оны жүзеге асыруға кеткен уақыт немесе жүзеге асырып отырған адамның ықпалына мүлдем байланысы жоқ қандай бір нысан болуы тиіс. Сірә, өлшем уақыт мөлшеріне ешқандай да қатысты емес деп айтылуы өлшем бірліктерінің өзгермейтінін меңзейтін болса керек: олар әлеуметтік өзгеріс үдерісінің ықпалында болулары тиіс. Демек, табиғи өзгерістерден тыс басқа жағдайларда бұл өлшемдер ұдайы тұрақты нәтижелер беруі керек дегенді білдіреді. Өлшемнің шын мәнінде 3-тарауда анықтамасы берілген *сенімділік* сапасына ие болып немесе болмауы жайлы төменгі тақырыптарда талқыланады.

3. Өлшем ұғымдар арасындағы байланысты нақтылай түсетін негізгі қағидаларды ұсынады (мысалы, 15-тарауда қарастырылатын **корреляциялық** талдау арқылы). Осылайша, егер біз жұмысына көңілі толу мен оған қатысты әрекеттердің байланысын, мысалы, күйзелістен туындаған ауру салдарын өлшейтін болсақ, біз олардың арасында қаншалықты жақын байланыс бар екеніне нақты баға бере аламыз, ал егер мұндай жолды да қолданбайтын болсақ ешқандай нәтижеге қол жеткізбейтініміз анық.

Көрсеткіштер

Ұғымның өлшем бірліктерін көрсету мақсатында (қолданысқа енгізу пікірінен туындаған термин, көбіне **операциялық анықтама** деген атымен қолданылады) ұғымды алға тартатын көрсеткіш немесе көрсеткіштердің болуы талап етіледі (7.1 негізгі ұғымдарын қараңыз). Көрсеткіштердің пайда болуының бірнеше жолдары бар:

- Стандартталған сұхбат кестесінің немесе өз бетінше толтырылатын сауалнамалардың сұрағы (немесе сұрақтары) арқылы; қатысушының көзқарасы мәлімдемесімен (мысалы, жұмысына көңілі толу) немесе олардың әлеуметтік жағдайы мәлімдесімен (мысалы, тапшылық) немесе олардың әрекеттері жайлы баяндамамен (мысалы, бос уақытты өткізу) байланысты туындайтын сұрақ(тар) арқылы;

- Стандартталған бақылау кестесін қолдана отырып жеке тұлғалардың әрекеттерін жазу арқылы (мысалы, оқушының сыныптағы әрекеті);

- Ресми статистика арқылы, мысалы, қылмыстық беталысқа баға беру үшін Ішкі Істер Министрлігінің қылмыстық статистикасын қолдану;

- Мазмұндық талдау жасай отырып бұқаралық ақпарат көздерін шолу ар-

қылы, мысалы, бұқаралық ақпарат көздерінде АИТВ мәселесінде қатысты айқын айырмашылықтарды анықтау (Би-харрел 1993).

Көрсеткіштер, сонымен қатар, басқа да дерекнама көздері мен тәсілдер арқылы да пайда болады. Зерттеуші көптеген жағдайларда бір ғана көрсеткіштің жеткілікті болатынына немесе болмайтынына шешім қабылдауы керек. Осы мәселеге әлеуметтік сұрақ-жауап зерттеушілері көптеп назар аударады. Ұғымның тек қана бір көрсеткіші болғанынан гөрі зерттеуші, белгілі бір ұғым қалыптастыру үшін стандартталған сұхбат немесе өз бетінше толтырылатын сауалнама барысында бірнеше сұрақтар қоюдың тиімді екенін сезуі мүмкін (7.2 және 7.3 тақырыптарының зерттеу нысандарын қараңыз).



7.1 Негізгі ұғымдар

Көрсеткіш дегеніміз не?

Осы арада екі айырмашылықты бөліп көрсету өте маңызды. Біріншіден, көрсеткіш пен өлшем арасында айырмашылық бар. Соңғысы жеке табыс көзі, жанұялық табыс, жас мөлшері, балалардың саны немесе мектеп қабырғасындағы жылдар санына қатысты анық саналатын сұрақтарда қолданылады. Өлшемдер басқа сөзбен айтқанда – мөлшер дегенді білдіреді. Егер біз жеке табыс көзіндегі айырмашылықтардың кейбір себептерін анықтауға ниеттенсек, соңғысы тиімді түрде тікелей сандық мөлшерде көрсетіле алады. Біз көрсеткіштерді тікелей санауға бейімделмеген ұғымдарды анықтау үшін қолданамыз.

Егер біз жұмысына көңілі толудың айырмашылықтарының себептерін білуге қызығушылық танытатын болсақ, ұғымды белгілеп көрсететін көрсеткіштерге қажеттілік туындайды. Бұл көрсеткіштер жұмысына көңілі толу деңгейін өлшеуге мүмкіндік тудырады, осылайша, өлшемі белгілі болғандықтан біз нәтижені сандық ақпарат ретінде қолдана алатын боламыз. Сонымен көрсеткіш дегеніміз – жаңадан пайда болған немесе қолда бар нысан және ұғымның өлшемін көрсететін құрал ретінде қолданылады. Бұл жұмысына көңілі толу тәрізді ұғымның жанама өлшемі ретінде көрсетіледі. Осы арада ұғымдардың *тікелей* және *жанама* көрсеткіштері рөліндегі екінші айырмашылығын көре аламыз. Көрсеткіштер өздері қолдау көрсетіп тұрған ұғымдармен байланысына орай тікелей және жанама бола алады. Мы-

салы, жұмыстан қанағаттану көрсеткішіне (немесе көрсеткіштер жиынтығына) қарағанда отбасы жағдайының көрсеткіші өзінің ұғымымен біршама тікелей байланысады. Көзқарастардың жиынтығы және мінез-құлықтың көптеген формалары да әрқашанда жанама көрсеткіштер тобымен өлшенеді. Көрсеткіштер нақты сандармен көрсетілмесе, олар сандарға ауыстыруға бейімделген кодтармен белгіленуі керек. Туралық және жанамалық көрсеткіштің сипаттарына жатпайтын, мысалы, сауалнама сұрағындағы айлық табыстың мөлшері жайлы деректен жеке тұлға табысының тікелей өлшемін білуге болады. Алайда егер біз жеке тұлға табысын әлеуметтік таптың көрсеткіші ретінде қолданатын болсақ, бұл жанама көрсеткішке айналып кетеді. Жанамалық мәселесі жанама көрсеткіштерінің қайдан пайда болатыны туралы сұрақты алға шығарады, мысалы, зерттеуші жұмысына көңілі толу тәрізді мәселеде көрсеткішті қалай құрастырады? Әдетте, бұл ұғымның қолданылатын түрлерін қарапайым түрде түсіну немесе ұғымға қатысты бейресми немесе сапалық дәлелді түсінуге негізделеді.



7.2 Зерттеу нысаны

Ұғымның жиынтық көрсеткіш өлшемі

2 және 3-тарауларында айтылып өткен Вестгаард және басқаларының (1989) қысқарып қалу ықпалына орай жүргізген зерттеуі қысқарып қалған 378 құрыш құюшылар арасында стандартталған сұхбат түрінде жүргізілді. Зерттеу жүргізуші авторлардың бірін осы зерттеуге қатысушылардың әлі де жұмыссыз екені, жұмысқа орналасып үлгергені немесе зейнетке шығып кеткені туралы сұрақ қызықтырды.

Жұмысбастылыққа бейімділікті өлшеу мақсатында бұл авторлар зерттеуге қатысушыларға он анықтамалық түсініктеме келтіре отырып, олардың келісетін немесе келіспейтін деңгейлерін «Иә, мен толығымен келісемін» жауабынан бастап, «Жоқ, толығымен келіспеймін» деп, жеті ұпайлы шәкілді көрсетулерін сұрады. Сонымен қатар, бұл шәкілде орта деңгейді көрсететін бейтарап жауап үлгісі де қарастырылды. Көзқарастардың кластерін бақылаудың осы тәсілі **Лайкерт шәкілі** атымен мәлім, дегенмен көптеген жағдайларда зерттеушілер жеті ұпайлы шәкілге қарағанда бес ұпайлы шәкілді баламаны таңдап жатады. Лайкерт шәкілінің қандай нәтиже көрсететіні жайлы 7.2 тақырыбының негізгі ұғымдарымен танысыңыз. Қойылған он анықтамалық сұрақтар мыналар:

1. Жұмыс – қажеттілік, алайда жұмыс істеуді жағымды деп таппаймын.
2. Маған жұмысымның болуы аса маңызды емес.
3. Жұмыста өткізген уақытымды өзімнің жаным қалаған іспен айналысатын уақытты жоғалтқандай деп қараймын.
4. Мен үшін жұмысымның болуы/болғаны ақшалай табыс әкелетін болғандықтан ғана маңызды.
5. Егер де мен пулдан қомақты қаржы ұтып алсам да, жұмыс істеуді жалғастыра беремін.

6. Жұмыссыздыққа төленетін жәрдемақы мөлшері жоғары болса да, мен жұмыс істеуді таңдар едім.
7. Жәрдемақыға тәуелді болуды қаламаймын.
8. Егер жұмысқа ұзақ уақыт шықпаған болсам, тез арада жалығып кетер едім.
9. Мен үшін ең маңызды жетістік – жұмысқа орналасқаным.
10. Өзімнің қол жеткізген жетістіктерімнің барлығы атқарған жұмыстарымның нәтижесінде келді.

Нәтижеде авторлар зерттеуге қатысушылардың қысқарып қалған кездерінен бастап әлі де жұмыссыз, немесе жұмысқа орналасқан, немесе зейнетке шыққанына қарамастан жауаптарынан соншалықты айырмашылық байқамады.



7.2 Негізгі ұғымдар

Лайкерт шәкілі дегеніміз не?

Көзқарастарды зерттеу – көптеген сұрақ-жауап зерттеулерінде маңызды сала болып табылады. Осындай зерттеулерді жүргізуде көп қолданылатын жалпы тәсілдердің бірі – осы тәсілдің негізін қалаған Ренси Лайкерт атымен мәлім Лайкерт шәкілі. Негізінде Лайкерт шәкілі – тиісті бір салаға байланысты көзқарас жиынтығының **жиынтық көрсеткіші** немесе **жиынтық-нысан көрсеткіші**. Лайкерт шәкілінің мақсаты – қарастырылып отырған сала аясындағы сезіну қарқынын өлшеу. Біршама жалпылама үлгілерінде бұл белгілі бір мәселеге немесе тақырыпқа қатысты түсініктеме топтамаларын жинақтайды (бұл жинақтар «нысандар» деп аталады). Әрбір қатысушыдан белгіленген түсініктемеге орай өздерінің жеке келісім деңгейлерін көрсетулеріне өтініш білдіріледі. Әдетте келісім деңгейлерін көрсетуде «толығымен келісемін» пікірінен бастап, «толығымен келіспеймін» пікіріне дейін бес ұпайлы шәкіл үлгісі қолданылады, дегенмен жеті ұпайлы шәкіл және басқа үлгілер де қолданылып жатады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған мәселеге байланысты «келісіп немесе келіспейтінім» немесе «шешімге келмегенім» білдіретін орташа көзқарастағы бейтарап жауап үлгісін көрсету де қарастырылады. Әрбір қатысушының жауаптарына жеке-жеке ұпай беріліп, соңында барлық ұпайлар саны қосылады, осылайша, нәтижеде жалпы ұпай саны есептеп шығарылады. Әдетте, шәкілдің көмегімен қарқындықты өлшейтін болсақ, ендеше жалпы ұпай санында сезімдердің жоғары дәрежелі қарқындығы ең жоғары ұпаймен есептелінеді (мысалы, бес ұпайлы шәкіл үлгісіндегі көрсеткіштерде 5 ұпай өте жоғары деңгейдегі жағымды сезімді білдіреді, ал 1 ұпайы өте жағымсыз пікірді білдіреді.) 7.2 зерттеу нысанында аталып кеткен жұмысбастылыққа бейімділіктің өлшемі осы Лайкерт шәкіліне мысал бола алады. Типтік үлгідегі келісім деңгейлерін көрсетудегі өзгерістер жиілікке (мысалы, «ешқашанда» және «әрқашанда» арасында) және бағалауға (мысалы «өте нашар» және «өте жақсы» арасында) қатысты өлшеуіштер болып табылады.

Лайкерт шәкілінің құрылымына қатысты жадымызда ұстауымыз керек бірнеше пункттер бар және төменде көрсетілгендері ең маңыздылары:

- Берілген нысандар түсініктемелер түрінде болуы керек, сұрақ түрінде жазылмайды;
- Барлық нысандар бір ғана салаға қатысты болуы керек (қызмет, ұйым, этникалық топтар, жұмыссыздық, қылмыскерлерге қатысты шешім және т.б.).
- Шәкілді құрастырып тұрған нысандар өзара байланысты болуы тиіс (осы тарауда қарастырылатын ішкі сенімділік талқылауын және 7.3 негізгі ұғымдар бөлімін қараңыз).

Қызығушылық таныту құбылысының кейбір нысандарына жағымды пікір және кейбір нысандарына жағымсыз пікір қалдыра білетіндей етіп сөйлемдерді түрлендіріп құрастыру өте пайдалы. Мысалы, 7.2 зерттеу нысанында келтірілген мысал зерттеуде кейбір нысандарда жұмыс жайлы жағымсыз пікірлер көрсетілген болса (мысалы, «Маған жұмыстың болуы аса маңызды емес»), кейбір пункттерінде жұмыс жайлы жағымды пікірлер көрсетілген (мысалы, «Егер жұмысқа ұзақ уақыт шықпаған болсам, тез арада жалығып кетер едім»). Осы ұстанымды қолдану қатысушылардың қайсысы жауап беруге аса көңіл бөлмей, жай ғана **жауаптар жиынтығын** көрсеткенін анықтауға мүмкіндік тудырады (9 және 10 тараулардағы «Жауаптар жиынтығы» тақырыбын қараңыз).

Жиынтық көрсеткіш өлшемдерін қолдану

Ұғымның жиынтық көрсеткіш өлшемін қолданудың қандай басымдылықтары бар? Бұл әдісті қолданудың негізгі себебі – жалғыз көрсеткішті қолдануда сенімділікке қатысты туындайтын бірқатар проблемалардың бар екенін мойындау:

- Жалғыз ғана көрсеткіш жеке тұлғалардың пікірлерін тиісті түрде жүйелі көрсетпеуі мүмкін. Бұл сұрақтардың құрастырылуымен немесе толық түсінбестікпен байланысты болуы мүмкін. Алайда, адамдар белгілі бір сұрақтарға қатысты дұрыс жүйеленбеген болса, бірнеше көрсеткіштер ұсынудың тиімділіктеріне орай оның ықпалына теңгеру жасауға мүмкіндік болады.

- Бір ғана көрсеткішпен қарастырылған ұғымның тек қана бір бөлігі немесе ұғым жалпылама түрде ғана қамтылуы мүмкін. Бір ғана сұрақ мәселені жоғары деңгейде жалпылама түрде

көрсетуі мүмкін, сондықтан адамдарға дәл сол мәселе жайлы анық мәлімет бере алмайды. Сонымен қатар, сұрақ та қарастырылып отырған ұғымның тек қана бір аспектісін қамтуы мүмкін. Мысалы, егер сіз жұмысына көңілі толу жайлы мәліметті білгіңіз келген болса, адамдардан олардың жалақыларына қаншалықты көңілі толатындарын сұрау жеткілікті болар ма еді? Әрине жеткіліксіз, себебі жалақыға көңілі толудан гөрі жұмысына көңілі толудың маңызды екенін айттып талас тудыратын адамдар саны баршылық. Міне сондықтан, егер осы арада бір ғана көрсеткішті қолданатын болсақ, ол жұмыстың шарттарына көңілі толу, жұмыстың өзін қанағат тұту немесе жұмыспен байланысты басқа да жақтарының анық көрсеткіштерін бере алмайды. Бірнеше сұрақ қоя отырып зерттеуші ұғымның біршама аспектілерін қамти алады;

- Айырмашылықтарды анағұрлым анық көрсетуге мүмкіндік туындатады. Вестгард және басқаларының (1989)

жұмысбастылық бейімділігін өлшеуін мысал ретінде қарастыра отырып (7.2 тақырыбының зерттеу нысанын қараңыз) ол жерде көрсеткіштердің тек қана біреуін өлшем ретінде алатын болсақ біз адамдарды 1-ден 7-ге дейінгі шәкілмен реттеп көрсете алар едік және бейімділік танытпайтын көрсеткішке 1 ұпай, бейімділіктің жоғары дәрежесін көрсетсе 7 ұпай, ал

басқа бес көрсеткішті 2, 3, 4, 5, және 6 ұпайларымен белгілеген болар едік. Дегенмен, он көрсеткішті қамтитын жиынтық көрсеткіш өлшемінің мөлшері 10 (10 x 1) - 70 (10 x 7) тең болмақ. 7.2 тақырыбының негізгі ұғымдарында Вестгард және басқаларының зерттеуінде қолданылған шәкілдің түрлері жайлы (Лайкерт шәкілі) біраз мағлұматтар қамтылған.



7.3 Зерттеу нысаны

Басқа ұғымның жиынтық көрсеткіш өлшемі

Келли және Де Графтың (1997) діни сенімдер жайлы зерттеуінде олар қызығушылық танытқан маңызды екі ұғымның әрқайсысын – ұлттық діндарлық және жанұяның діни бағыты – бір ғана көрсеткішпен өлшенеді (2.4 зерттеу нысанын қараңыз). Алайда діни ортодокстық болса, төрт сауалнама сұрағы арқылы таразыдан өткізілді және олардың жауаптары әрбір қатысушыға «баға» беруге ыңғайланып жинақталған еді. Төрт сұрақтың жауаптарының әрқайсысына жеке баға беріліп, әрі қарай жинақталып діни сенім өлшемін құрастырды. Ол төрт сұрақ мыналар:

1. Төменде көрсетілген нұсқалардың қайсысы сіздің Жаратушы жайлы сеніміңізге жақынырақ екенін көрсетіңіз:
 - Мен Жаратушыға сенбеймін;
 - Жаратушының бар немесе жоқ екенін білмеймін және бұл жайлы білудің жолы бар екеніне сенбеймін;
 - Дербес Жаратушының бар екеніне сенбеймін, бірақ қандай да бір күштің бар екеніне сенемін;
 - Кей жағдайларда Жаратушыға сенетінімді байқаймын, бірақ әрқашан емес;
 - Күмәнді жағдайларда Жаратушыға сенетінімді сезінемін.
 - Мен Жаратушының бар екенін білемін және бұған еш күмән жоқ;
2. Сіздің Жаратушыға сеніміңізді мына нұсқалардың қайсысы анық суреттейді?
 - Мен Жаратушыға сенбеймін және де ешқашан сенім болған емес;
 - Мен Жаратушыға сенбеймін, алайда сенімім болған;
 - Жаратушы бар екеніне бұрын сенбегенмін, қазір Жаратушыға сенемін;
 - Мен Жаратушыға сенемін және әрқашанда сенгенмін.
3. Жаратушыға қаншалықты жақынсыз?
 - Жаратушыға сенбеймін;
 - Сенімім тіптен жоқтың қасы;
 - Аса жақын емеспін;

- Біршама жақынмын;
 - Аса жақынмын.
4. Әр адамға жеке-жеке ықылас танытатын Жаратушы бар.
- Толығымен құптаймын;
 - Құптаймын;
 - Жартылай құптаймын, жартылай құптамаймын;
 - Құптамаймын;
 - Толығымен құптамаймын.

Ұғымдардың өлшем бірліктері

Өлшемнің жалпы тәсілдемесін дамыта отырып қолданысқа енгізуде өзіңіз талқылап жатқан ұғымның әртүрлі өлшем бірліктерін қамтитынын қарастыру мүмкіндігі бар. Осы көзқарас әсіресе Лазарсфелдпен (1958) тікелей байланысты десе болады. Және бұл көзқарастың түпкі негізінде – зерттеуші ұғымның өлшемін дамытып қолданысқа енгізуді көздегенде сол ұғымның әртүрлі қырлары немесе құрамдас бөліктерін ескеруі тиіс деген қарапайым пікір жатыр. Ұғым өлшемдерінің осы сипаты теория мен зерттеудің сол ұғыммен байланысына сүйене отырып жүзеге асырылады. Тәсілдің осы түріне мысал ретінде Сиименнің (1959) шеттетуге (дәрменсіздік, мәнсіздік, шаманың жоқтығы, шеттетуге және өз бетінше бөлектену) қолданған бес өлшем бірлігіне берген сипаттарын атап айтуға болады. Ал Брайман және Крамер (2011) осы тәсілді қолданылуын «кәсіпқойлық» ұғымына сүйене отырып ұсынады. Осы арадағы назар аударатын пікір – бір өлшем бірлігі бойынша жоғары көрсеткіш берген адам басқа

өлшем бірліктері бойынша да сондай жоғары көрсеткіш бермеуі мүмкін және нәтижеде әрбір қатысушыдан көп өлшем бірлігін көрсететін «мәлімет» жинап алынады. 7.4 тақырыбының зерттеу нысанында өлшем бірліктерін жұмыс социологиясында «біліктілігін жоғалту» ұғымымен байланыстыра қолданылуы көрсетілген.

Алайда көптеген жағдайларда сандық зерттеуге жатпайтын зерттеулерде ұғымдардың бір ғана көрсеткішіне сенім арту тенденциясы қабылданған. Көптеген жағдайларда бұл өте тиімді болып табылады. Негізгі ұғымдарға бір ғана көрсеткіш қолданылған бақылауларды кемеліне жетпеген деп ойлау қате пікір болар еді. Дегенмен, кейбір зерттеулерде, мысалы Келли және Де Граф (1997, 7.3 тақырыбының зерттеу нысанын қараңыз) зерттеуінде ұғымдарға бір және көп дүркінді өлшемдер қолданылған. Бұл қолданылған өлшемдердің сенімді болып немесе болмауы және олар есептеп, дамытып шығаруы керек ұғымдардың анық түсінігін беретіні – ең маңыздысы. Нақ осы мәселені біз әрі қарай талдайтын боламыз.



7.4 Зерттеу нысаны

Ұғым өлшемдерін анықтау: біліктілігін жоғалту мәселесі

Осы мысал Маршал және басқалары (1988) тарапынан негізгі мақсаты Британиядағы әлеуметтік таппен байланысты жүргізілген әлеуметтік сұрақ-жауап зерттеуінен алынған. Зерттеу стандартталған сұхбат тәсілімен жеке тұлғаларды ұлттық деңгейде кездейсоқтық тәсілмен таңдай отырып жүргізілді. Зерттеушілерді қызықтырған бағыттардың бірі – Брейверменнің (1974) біліктілігін жоғалту туралы жазған тезисі болды (2.2 зерттеу нысанын қараңыз). Осы тақырыпқа қатысты әдебиеттермен таныса отырып, қазіргі күні біліктілігін жоғалтудың екі маңыздысы құрамы немесе өлшемі бар екенін айттып тұжырымдады: «шеберлік – күрделілік жолы және шеберлік – бостандық жолы» және бұл өз кезегінде «еңбек міндеттерде біліктілігін жоғалту арқылы пролетарландырылуда деген тезисте негізгі орын алады» деген анықтама берді (Маршал және басқалары 1988: 116). «Шеберлік – күрделілік жолы» түсінігін анықтауда сұхбатқа қатысушыларға олардың қазіргі жұмыстары алғаш бастаған кездерінен молырақ, азырақ немесе сол дәрежеде қабілеттілікті талап ететініні жайлы бір ғана сұрақ қойылып өлшенді. «Шеберлік – бостандық жолы» түсінігі болса, бір-бірімен байланыспайтын, жеті көрсеткіш арқылы бағаланды. Қатысушылардан өз жұмыстарының қарқынын азайта алғандары немесе жаңа жұмыстарды да қосып атқаруға тырысқандары туралы сұрақтар қойылды. Біліктілігін жоғалу тезисіне тиісті түрде өлшеуге ешқандай өлшем бірлігі сәйкес келмеді.



Сенімділік және заңдылық

«Сенімділік» және «заңдылық» екеуі де синонимдес сөздер тәрізді көрінгенімен, ұғымдардың өлшемін бағалауға қатысты мағыналары әртүрлі және бұл айырмашылықтары жайлы 3-тарауда қарастырып өткенбіз.

Сенімділік

7.3 тақырыбындағы негізгі ұғымдарда қарастырылғандай, сенімділік толығымен өлшемдердің жүйелілігіне байланысты. Бұл терминнің кем дегенде үш түрлі мағынасы бар. Олар 7.3 негізгі ұғымдарында қарастырылған және төменде қайталап шолу жасалынады.

Тұрақтылық

Өлшемді тұрақтылыққа тексерудің кең қолданыстағы түрі – қайталап тестілеу тәсілі. Бұл тесті немесе өлшемді бір жағдайда қолданып, әрі қарай оны дәл осы нысанға басқа жағдайда қолдануды қамтиды, демек:

$$\begin{array}{cc} T_1 & T_2 \\ \text{Obs}_1 & \text{Obs}_2 \end{array}$$

Obs1 және Obs2 арасында жоғары дәрежеде өзара байланыстылыққа қол жеткізуді ойлау кекекпіз. Өзара байланыстылық – екі айнымалылар арасындағы

байланыстың беріктігін тексеретін өлшем. Бұл тақырып 15-тарауда сандық деректерді талдау тақырыбының мән-мәтінінде тағы да қарастырылады. «Дизайншыл» (тауарларды, әсіресе, киімді тек қана «дизайн» белгілерінен ғана сатып алу талғамы) деп жорамалданып алынған ұғымды алға шығару үшін,

жиынтық көрсеткішті өлшем дамытып шығардық дейік. Бұл өлшемді біраз қатысушыларға қатысты қолданып, біраз уақыт өткен соң тағы да қолданып көреміз. Егер өзара байланыстылық аз болса, қатысушылардың жауаптары сенімсіз дегенге келтіріліп, өлшем тұрақсыз болып табылар еді.



7.3 Негізгі ұғымдар

Сенімділік дегеніміз не?

Сенімділік ұғым өлшемінің жүйелілігін білдіреді. Төменде өлшемнің сенімділігін тексеруге қатысты үш көрнекі фактор берілген:

- *Тұрақтылық.* Бұл түсінік біршама уақыт бойы өлшемнің тұрақты болып тұратынын тексереді, осылайша, қатысушылар іріктемесіне қатысты өлшемінің нәтижесі ауытқымайтынына көз жеткізе аламыз. Демек, егер біз белгілі бір топқа өлшем қолданып, әрі қарай қайталап тағы қолдансақ арадағы уақытты ескере отырып нәтижелерде азғандай айырмашылықтың болатынын көреміз. 2010 жылдың ақпанында сол кездердегі Ішкі Істер Министрі Крис Грейлингтің, 1997 жылы Еңбекшілер партиясының басшылыққа өтуімен 1990 жылдан бастап күнімізге дейін ауыр қылмыс көрсеткіштерінің арта түскенін көрсеткен Ішкі Істер Министрлігінің статистикасы Ұлыбритания статистикалық мәліметтер басшылығы тарапынан қатаң сынға алынды. Себебі, ауыр қылмыстың анықтамасы өзгертіліп алынып және соның салдарынан статистика нәтижесінде ауыр қылмыс негізгі көрсеткішінен 35% артық болып көрсетілген. Дәл осы жағдайда уақыт өте келе үлкен айырмашылықты көрсеткенін назарға алатын болсақ, ауыр қылмыстың өлшем бірлігі сенімді емес еді. Осы оқиға жайлы оқығыңыз келсе, «Крис Грейлингке қылмыс көрсеткіштері жайлы жалған ақпарат беріп қоғамның сеніміне зиян келтіргені үшін, айып тағылуда» мақаласын мына сілтеме бойынша оқи аласыз: www.thetimes.co.uk/tto/news/politics/article2030815.ece (2010 жылдың 9 тамызынан қолданысқа енгізілген).
- *Ішкі сенімділік.* Осы арада қарастырылатын маңызды мәселе – шәкілді немесе индексті көрсететін индикаторлардың тұрақты немесе тұрақсыз екенін, басқаша айтқанда, қатысушылардың кез келген көрсеткішіне берілген ұпайы олардың басқа көрсеткіштеріне берілген ұпайларымен байланысатынын немесе байланыспайтынын анықтау.
- *Бақылаушы аралық жүйелілік.* Бақылау жұмысына жазба жүргізу немесе деректерді категориялар түрлеріне келтіру тәрізді істерде бірқатар субъективті пайымдаулардың болуы және осындай істерге бірден көп «бақылаушы» қатысқанда, көбінесе олардың шешімдерінде жүйеліліктің болмауы орын алып жатады. Мұндай нәтижені көптеген мәнмәтіндерде кездестіруге болады, мысалы: мазмұндық талдау-

да ұнтаспа жазбасындағы деректерді категорияларға бөлу туралы шешім қабылдау; қажет деп табылған жағдайда ашық сұрақтардың жауабын категорияларға бөлу немесе стандартталған бақылауда бақылаушылардың субъектілердің әрекеттерін топтастыру жайлы шешім қабылдау.

Алайда, сенімділікті осы тәсілмен бағалауда көптеген проблемалар туындайды. T1 нысанына қатысушылардың жауабы T2 нысанында берген жауаптарына ықпал етуі мүмкін. Бұл өз кезегінде Obs1 мен Obs2 арасында шындығында көрсетілуі керек нәтижеден біршама жоғары жүйелілікті көрсете алады. Екіншіден жүйеліліктің деңгейіне әсер ететін T1 мен T2 әрекеттері араласып кетуі де мүмкін. Мысалы, егер де арада біршама уақыт өткен болса және экономикада немесе қатысушылардың дербес қаржы жағдайында орын алған өзгерістер нәтижесі де тұтынушылардың дизайнерлік тауарларды ғана қолдану көзқарастарына ықпал еткен болуы мүмкін. Мысалы, Бертуд (2000b) Британиялық үлгілік тұтынушылар тобын бақылау (БҮТТБ) тарапынан жүргізілген жұмыс нәтижесінде денсаулық нашарлығының көрсеткіші қайталап тексеруде жоғары сенімділікке ие болғанын мәлімдеді. Және де мұндай нәтижелердің көптеген үміттерді ақтайтынын айтып, «тестілеулер арасындағы кейбір өзгерістердің (араға бір жыл салып) адамдардың денсаулығында айтарлықтай өзгерістер болғанын көрсетеді» деп жазды (Бертуд, 2000b: 170). Сұрақта қарастырылған, тұрғындардың денсаулығына қатысты жыл бойына орын алған «шынайы» өзгерістерде өлшемнің тұрақсыз болуынан болған әсерлерді анықтау оңай емес.

Мұндай мәселелердің тікелей шешімдері жоқтың қасы, дегенмен, комплекссті ғылыми зерттеу жобасын құрып, өзіндік заңдылықтарына сүйеніп, сенімділікті бақылау арқылы ауқымды жоба жұмысын жүргізе отырып жүзеге асыруға болады. Мүмкін осы себептен де болар, зерттеу нәтижелері бойынша жазылған баяндамалардың барлығы дерлік ауқымды бөлігі тұрақтылық тестілеуінен өткізілмейді. Шынымен де, көптеген жағдайларда, әлеуметтік өзгеріс пен оның өзара байланысын анықтау мақсатында созылмалы зерттеулер жүргізіледі.

Ішкі сенімділік

Сенімділіктің осы мағынасы 7.2 және 7.3 зерттеу нысандарында қарастырылған жиынтық көрсеткіш өлшемдеріне қолданылады. Жиынтық нұсқалы өлшемдерде әрбір қатысушының әрбір сұраққа жауаптары жалпылама ұпай санын шығару үшін біріктірілгенде көрсеткіштердің бір нұсқаға тиесілі болмау ықтималдығы жайлы сұрақ туындайды, басқаша айтқанда, олар жүйелілігін жоғалтып алады. Сондықтан біз барлық дизайншыл көрсеткіштердің бір-бірімен байланыста болуына көз жеткізуіміз керек. Егер байланыстыра алмасак, кейбір нұсқалар дизайншылдыққа қатысты болмауы, тіптен басқа тақырыпқа сай болуы да мүмкін.

Ішкі сенімділікті тестілеудің бір жолы – *бөлшектеу* тәсілі. Мысал ре-

тінде Вестгард және басқаларының (1989) жүргізген жұмысбастылыққа бейімділік өлшеуін алуға болады (7.2 зерттеу нысанын қараңыз). Он көрсеткіш әр топқа бес-бестен келетіндей екіге бөлінеді. Бұл көрсеткіштер кездейсоқ тәсілмен немесе тақ немесе жұп сан көрсеткіштерін жеке алу арқылы таңдалып алынады. Осылайша екі бөлек топтың ұпайлары арасындағы корреляция (өзара байланыстылық) деңгейін есептеп шығаруға болады. Басқаша айтқанда, осы арадағы мақсат – екі топтың бірінде жоғары ұпай жинаған бір топтың қатысушылары басқа көрсеткіштер тобы бойынша да осындай жоғары көрсеткіштер жинағанын анықтау. Анықталған байланыс коэффициент деп аталатын санды береді, бұл коэффициент өз алдына 0 (ешқандай корреляция жоқ, сондықтан ешқандай жүйелілік сақталмаған) мен 1 (корреляция межесіне жеткен және ішкі жүйелілік толығымен сақталған) арасында өзгеріп тұрады. Әдетте 0.80 және одан жоғары нәтижелер көрсеткіші ішкі сенімділіктің ұйғарынды деңгейі деп қабылданады. Сандар анық есептеп шығарылмаса да алаңдаудың еш қажеті жоқ.

Корреляцияның мағынасын төменгі тақырыптарда толығымен қарастырамыз. Осы арада жасайтын қорытынды тұжырымдамамыз – көрсеткіштері екі топқа бөлінген қатысушылардың ұпайлары қаншалықты жақын байланысқаны корреляцияның көмегімен анықталады.

Қазіргі таңда ішкі сенімділіктің коэффициентін өлшеу үшін Кронбах альфасы (7.4 негізгі ұғымдарын қараңыз) атымен белгілі тестілеу түрін таңдайды. Сапалық деректерді талдау мақсатында компьютерлік бағдарламамен байланыстырылып жетілдірілгеннен бері бұл тәсілді қолдану артып отыр.

Бақылаушы аралық жүйелілік

Бақылаушы аралық жүйелілік жайлы 7.3 тақырыбының негізгі ұғымдарында қысқаша қарастырылды. Бұл тақырыпта қарастырылуы тиіс мәселелер осы кезеңде аса күрделі болмақ, сондықтан келесі тарауларда қысқаша қайтадан қарастырылады. Крамер (1998: 14-т) осы тақырыптың мәселелері және тиісті тәсілдері жайлы жете мәлімет ұсынғанын осы арада айта кеткеніміз дұрыс.



7.4 Негізгі ұғымдар

Кронбах альфасы дегеніміз не?

Шындығында біз осы арада тым ілгерілеп кеттік, дегенмен осы кең ауқымды қолданылатын тест түрінің басты сипаттарымен таныс болып, бағалай білу өте маңызды. Кронбах альфасы ішкі сенімділікті тестілеуде жалпылама қолданыста және бұл барлық ықтимал бөлшектенген сенімділік коэффициенттерінің орташа есебін шығарады. Компьютерленген альфа коэффициенті 1 (толық ішкі заңдылықты көрсетеді) мен 0 (ішкі заңдылықтың сақталмағанын көрсетеді) арасында өзгеріп тұрады. Тәжірибелерден көріп отырғанымыздай, 0.80 коэффициент саны ішкі сенімділіктің ұйғарынды деңгейін көрсетуде қолданылады, дегенмен көптеген әлеуметтанушылардың бұл көрсеткіштен де аз деңгейді қолданатынын көруге болады. Мысалы, Вестгард және басқаларының (1989: 93) жұмысбастылыққа бейімділік

шәкілін көрсетуде альфа коэффициенті 0.70-ті құрады және олар бұл деңгейді «қанағаттандырылғы деңгей» деп көрсетті. Келии және Де Графтың (1997) төрт көрсеткіштің қосындысынан тұратын діни ортодокстық өлшем көрсеткіші 0.93-ке жетті. Деректерді жинақтауға бағытталған он бес ұлттық іріктеменің әрқайсысының альфа коэффициенті 0.79 бен 95 деңгейлері арасында өзгеріс табуда. Бертуд (2000b: 169) минимум деңгей ретінде 0.60 көрсеткіші «жақсы» көрсеткіш болып табылатыны және БҮТТБ-да қолданылған денсаулық нашарлауының көрсеткіші 0.77 деңгейіне дейін жеткеніне сілтеп мысал келтіріп отыр.

Заңдылық

3-тарауда айтылып кеткендей, өлшемнің заңдылық мәселесі – ұғымға берілген өлшем бірлігінің шынымен де сол ұғымды өлшеуге жарамды немесе жарамсыз екенін анықтаумен байланысты (7.5 негізгі ұғымдарын қарағыз). IQ ұпай саны шынымен де жеке тұлғаның зиялылық деңгейін көрсететіні жайлы пікірталас туындағанда адамдар көбіне зиялылық ұғымына қатысты IQ тесттің өлшем заңдылығы жайлы көп сөз қозғайды. Сондай-ақ, адамдар арасында Бөлшек сауда баға көрсеткішінің шынымен де құнсыздану және ең төменгі күнкөріс деңгейін анықтайтынына кү-

мән келтіретіндерін көптен естіп жатамыз. Осылайша, өлшемнің заңдылығы жайлы осындай талқылаулар негізінде сұрақтар тізбегі туындап жатады. Ресми сынақтардың ғылыми біліктілікті анық көрсете алатыны жайлы студенттер немесе дәріс оқушылар арасында пікірталастар туындағанда, олар да осы өлшем заңдылығы жайлы сұрақтарды алға тартып жатады.

Өлшем заңдылығы жайлы жазушылар осы өлшем заңдылығын бағалаудың көптеген түрлерін айырып көрсетеді. Бұл түрлері ұғымның өлшем заңдылығын көрсетуде бірнеше жолдар ұсынады. Әрі қарай осы өлшем заңдылығын бағалау жолдарын қарастыратын боламыз.



7.5 Негізгі ұғымдар

Заңдылық дегеніміз не?

Заңдылық – белгілі бір ұғымды түсіндіруде қолданылған көрсеткіш (немесе көрсеткіштер тобы) дәл сол ұғымды өлшеуге, түсіндіруге арналғанын тексереді. Заңдылықтың бірнеше жолдары бар: дербес заңдылық; бәсекелік заңдылығы; болжамды заңдылық; құрылымдық заңдылық; конвергентті заңдылық. Осы арада қолданылып отырған заңдылық термині 3-тарауда *өлшем заңдылығы* деп алынған терминнің қысқартылған түрі. Және де осы арада қолданыстағы заңдылық 3-тарауда келтірілген басқа да түрлерінен, атап айтсақ, ішкі заңдылық, сыртқы заңдылық және экологиялық заңдылықтан бөлек түсіндірілуі керек.

Дербес заңдылық

Жаңа өлшем ұсынып отырған зерттеуші өте аз болса да бұл өлшемнің **дербес заңдылығы** бар екенін анықтауы

керек, демек ол мәселеде талқыланып отырған ұғымның анық мағынасын анықтауға қолданылғанын көрсетуі тиіс. Дербес заңдылықты басқа адамдардан осы назар аударылып отырған

өлшемнің ұғымды анық түсіндіріп немесе түсіндірмейтіні туралы сұрау арқылы анықтауға болады. Басқа сөзбен айтатын болсақ, белгілі бір салада тәжірибесі бар немесе сол салада сараптама жұмыстарын жүргізген адамдардан бір қарағанда сол өлшемнің қарастырылып отырған ұғымды анық білдіретінін анықтауда төреші болуларына өтініш білдіруге болады. Сондықтан дербес заңдылық көбіне интуициялық үдеріс болып табылады.

Бәсекелік заңдылығы

Сонымен қатар, зерттеуші өлшемнің **бәсекелік заңдылығын** да дамытып жетілдіруі тиіс. Заңдылықтың бұл түрінде зерттеуші нысандардың (мысалы, адамдар) әртүрлі болатыны және қарастырылып отырған ұғымға қатысы анық критерийді іске қосады. Мысал ретінде жұмысына көңілі толудың жаңа өлшемін қарастыруға болады. Бұл арада критерий ретінде абсентеизмді (жұмысқа себепсіз шықпау) қарастыруымызға болады, себебі кейбір адамдар басқаларына қарағанда (ауырып қалған кездерін есепке алмағанда) жұмыстан көбірек қалуға бейім. Жұмысына көңілі толудың бәсекелік заңдылығы өлшемін анықтау мақсатында біз жұмыстан шыныменде қанағат тұтатын адамдардың жұмыстан көп қалатындармен салыстырғанда жұмыстан қалуға ықыластары өте аз екенін көре аламыз. Егер де қандай да бір сәйкессіздік анықталған болса, мысалы жұмыстан себепсіз жиі қалушылар арасында жұмысына көңілі толу деңгейінде еш өзгеріс білінбесе, жұмысына көңілі толуды өлшеуге тиісті өлшем брілігін қолданғанымыз туралы күмән туары сөзсіз. Сондай-ақ, Вуд пен Виллиамс та

(2007) адамдардан сауалнама жүргізу арқылы олардың құмар ойындарына қанша қаражат жұмсайтындарын анықтауда кездестірген проблемаларын атап өтті. Олардың айтуынша, құмар ойындарына жіберілген шығын көлемі осы құмар ойындарынан түсетін пайдамен тіптен салыстыруға келмейді. Авторлар Онтарио, Канадада кездейсоқ тәсілмен көптеген адамдар арасында сауалнама жүргізіп, олардың соңғы айда он екі түрлі жолмен қанша қаржы жұмсағандарын сұрады. Олардың айтуынша, сұрақтар аз ғана өзгертіліп қойылса қатысушылардың шығындары жайлы берген деректері мүлдем басқаша. Осы жауаптардың өзгеруіне қатысты мәселені 11-тарауда қарастыратын боламыз. Дегенмен кейбір сұрақтардың жауаптары Онтариодағы құмар ойындарына адам басына шаққандағы шығынды есептеуге қолайлылық тудырды және барлық жағынан бәсекелік заңдылығы критерийіне сай есептелді. Авторлар заңдылықты және дербес заңдылыққа тестілеуде жүргізген жұмыстарына сүйене отырып төмендегі сұрақтарды ұсынып отыр:

Шамамен айына [құмар ойын түріне] қанша сома жұмсайсыз? Осы арада, сіздің алда немесе қалып бара жатқаныңызды немесе айына нақты қанша ұтып немесе қаншаға ұтылып жатқаныңызды білу өте маңызды. (Вуд және Вилиам 2007: 68)

Сұрақтар қатысушылардың құмар ойын түрлерінің әрқайсысына қаншалықты қаржы жұмсайтындарын көрсетулерін талап ете отырып құрастырылды.

Болжамды заңдылық

Жаңа өлшемнің заңдылығын анықтаудың тағы бір түрі – *болжамды заңдылық* тәсілі: зерттеуші бәсекелік заңдылық мәселесіндегідей, өлшемнің актуалды критерийіне қарағанда болашақ критерийін қолданады таңдайды. Болжалды заңдылықта зерттеуші жұмысына көңілі толудың жаңа өлшем заңдылығын тестілеу критерийі ретінде абсентеизмнің болашақ деңгейлерін қолданады. Бәсекелік заңдылығынан айырмашылығы – болашақ көрсеткіш бір уақытта қолданылатын өлшем критерийі ретінде пайдаланылады.

Құрылымдық заңдылық

Кейбір әлеуметтанушылар өлшемнің *құрылымдық заңдылығы* да бағалануы керек деген пікірді алға тартуда. Бұл тәсілде, зерттеуші теорияға сүйене отырып ұғымға қатысты гипотеза шығаруы керек. Мысалы, технологияның жұмыс тәжірибесіне әсері жайлы пікірлерді ескере отырып, зерттеуші жұмысына көңілі толатын адамдардың кертартпа жұмыс тәртібі бойынша жұмыстарды атқаруды қаламайтынын және керісінше жұмысына көңілі толмайтын адамдардың өз кезегінде осы кертартпа жұмыстарды жасауға бейім екенін анықтай алады. Сонымен осы теориялық дедукцияны жұмысына көңілі толу мен кертартпа жұмыс тәртібі арасындағы байланысты бақылай отырып тексере аламыз. Дегенмен осы мысалды қарастырмастан бұрын, жұмысына көңілі толу мен кертартпа жұмыс тәртібі арасында байланыстың жоқ екенін түсіндіруде біраз абай болғанымыз дұрыс. Себебі,

біріншіден, осы нәтижеде алға шыққан теория немесе дедукция жаңылыс табуы мүмкін. Екіншіден, қарапайым жұмысты өлшеу бірлігі осы ұғымды өлшеуде дұрыс таңдалмаған болуы мүмкін.

Конвергентті заңдылық

Кейбір методологтардың көзқарасы бойынша, өлшем заңдылығы белгілі бір ұғымның басқа тәсілдермен жетілдірілген өлшемдерімен салыстырыла отырып анықталуы керек. Мысалы, біз менеджердің әртүрлі жұмыстарға (мысалы, кездесулерге қатысу, басқа ұйымдарға бару, бейресми кездесулер және т.б.) қанша уақыт бөлу керек екенін мөлшерлеп белгілеуге сауалнама жүргізетін болсақ, біз алдымен бірнеше менеджердің қасында жүріп стандартталған бақылау кестесіне олардың әртүрлі жұмыстарға қанша уақыт бөлгенін және осы жұмыстардың жиілігін жазу арқылы осы сұрақтың заңдылығын анықтай аламыз. Өздерінің құмар ойын шығындарын анықтау зерттеуінде Вуд пен Виллиамс (2007) бәсекелік заңдылық тестілеумен қатар құмар ойынына жұмсаған шығындары жайлы жаза жүрулеріне өтініш білдіріп күнделік енгізді. Сонымен қатар, бұл күнделік жазбалары осы тақырып бойынша жүргізген сауалнамаға берген олардың жауаптарымен салыстыруға тиімділігін тудырды. Қатысушылар сауалнамаға қатысқаннан кейін біраз уақыт өткізіп барып күнделік толтыруды бастады және жазба жұмыстарын отыз күн бойы жалғастырды. Бұл тестілеу зерттеушілерге сауалнама біткен соң бір айдан кейін шығын мөлшерінің шын көлемін анықтап (күнделікте

жазылғандар нақты мәлімет деп болжай келе), қатысушылардың құмар ойындарына қаншалықты жұмсадық деп ойлағандарымен салыстыруға мүмкіндік берді.

7.1 терең пікірлер тақырыбында конвергентті жарамсыздық жайлы қызықты мәлімет жазылған. Ол мысалда Британиялық қылмыс шолуы (БҚШ) ресми статистиканың деректерін тексеру құралы ретінде жұмыс атқара алатын қылмыстың деңгейін көрсететін баламалы өлшем түрін ниет білдіре отырып дамытып, қолданысқа енгізді. Деректердің екі топтамасы мүлде бір-біріне ұқсамайтын жолмен жинақталды: Британиялық қылмыстық сот жүйесі мүшелерінің лауазымдық міндеттерін атқарулары барысында қылмыскерлерді бюрократиялық өңдеуден өткізудің бір бөлігі ретінде ресми қылмыс статистикасы жинақталды, осы арада БҚШ қылмыстың ықтимал құрбандары арасында ұлттық негізде сұхбат жүргізе отырып деректер жинақтады. 7.1 терең пікірлерінде көрсетілген жағдайда конвергентті заңдылықтың болмағаны

анықталды. Алайда, заңдылықты тестілеуде осы конвергентті тәсілді қолдануда туындайтын мәселе – жоғарыда аталған екі өлшемнің қайсысы нақты мәлімет ұсынғанын анықтаудың мүмкіндігі қарастырылмаған. БҚШ-ның қылмыстың деңгейін анықтауда қолданған тәсілдерін соншалықты нақты деуге келмейтін еді және кез келген жағдайда да қылмыстың деңгейіне қатысты «дұрыс» мәлімет қай уақытта да метафизикалық түсінік ретінде қабылданған (Рейнер 2000b). Сонымен қатар, авторлар ресми деректердің көрсеткіштері бұрмаланғаны жайлы жаңа деректер жинағына қол жеткізген өздерінің тезистеріне орай аз ғана бейресми ақпаратты қолдана отырып және мұны БҚШ дәлелдерімен бірге ұсынғанда, ресми статистикаға күмән келтірді. Алайда, сұрақ-жауап дәлелдері соңғы және шынайы заңдылық өлшемін береді деген қате болар еді.

7.5 тақырыбының зерттеу нысанында Лайкерт үдерісінің шәкілін жаңа тәсілмен қолданудың және сенімділік пен заңдылықты бағалаудың бірнеше жолдары көрсетілген



7.1 Терең пікірлер

Конвергентті жарамсыздық жағдайы: Ішкі істер министрлігінің қылмыстық статистикасы

Sunday Times газетіндегі (Буррел мен Липпард 1994) мақалада билік басындағылардың қылмыс деңгейінің азайғаны жайлы жалған ақпарат бергендерін мәлімдеді. Мақаланың кіріспе бөлімінде былай деп жазылған:

«Үкіметтің бұдан бұрын қылмыс деңгейінің азайғаны жайлы мәліметі – жалған әңгіме. Жүздеген мың ауыр қылмыс жайлы жазбалар полиция қызметкерлерінің құжаттамаларынан алынып тасталған, себебі Ішкі Істер Министрлігінің жаңа мақсаттарға қол жеткізу үшін жоғары лауазымды тұлғалар өздерінің баяндамаларындағы статистиканы өздеріне тиімді болатындай етіп өңдейді... Сарапшылардың айтуынша, өткен жылы кем дегенде 220,000 қылмыс, соның ішінде тонау, қарақшылық шабуыл,

ұрлық және автокөлікке қатысты жасалған қылмыстар полиция қызметкерлерінің сандық көрсеткіштерді бұрмалап көрсетуінің нәтижесінде ресми статистикадан алынып тасталды».

Осы арада туындайтын сұрақ: «қылмыс сарапшыларына» және репортерлерге қылмыстың азайғаны жайлы дүрліктірген ақпараттың жалған әңгіме екеніне, өйткені жасалған қылмас санының көрсеткіштері бұрмалауға ұшырағанына сенімді болуларына не себеп? Бұған жауап – Британиялық қылмыстық шолу (БҚШ) деректеріндегі «іс жүзінде жасалған қылмыс деңгейі 1980 жылдарға қарағанда соңғы екі жылда жылдам өскені жайлы жуырда мәлім болды» (БҚШ мәлімдемесімен толығырақ танысу үшін 7.2 зерттеу нысанын қараңыз) деген мәлімдесі. Осы жағдайға қатысты кездейсоқ таңдалып алынған көптеген жеке тұлғалар арасында стандартталған сұхбат жүргізілген. Бақылауды қайталамалы (панельдік) зерттеу жобасына негіз етіп алынбау себебі, әрбір деректерді жинақтау кезеңінде дәл сол алдыңғы қатысушылардан сұхбат алынбайды. Осы арада БҚШ-ның көрсеткіші осы арада «қудалау бақылауы» деген атпен мәлім болған көрсеткіші мысал бола алады. Бақылаудың осы түрін қолдана отырып, тұрғындар арасынан кездейсоқ тәсілмен таңдап алынған адамдарға қылмыстың құрбандары ретінде бастан өткізгендері жайлы сұралды. Бұл тәсілді қолдану идеясының негізінде ресми статистикада көрсетілмен қалған және басқа да қылмыстардың бар екені мәлім болды. Сұхбатта қарастырылған қылмыс түрлері ресми статистикада көрсетілген қылмыс түрлерімен бірдей қылып алынды (Коулмен және Мойнихан 1996: 83-6). 1994 жылы жүргізілген сұхбат нәтижесі көптеген қылмыс түрлерінің көрсеткіші айтарлықтай артқанын анықтады.

Сенімділік пен заңдылық жайлы пікірлер

Сонымен, әлеуметтік ғылыми ұғымдарын түсіндіру үшін жетілдірілген өлшемдердің атқаратын қызметін тексерудің көптеген жолдары бар. Дегенмен, сенімділік пен заңдылық жайлы талқылаулар кейде жаңылыс тудырып жатады, өйткені ұғымдардың барлық өлшемдеріне жоғарыда айтылып көрсеткендей қатаң талаптар қойылады деп ойлау қате болар еді. Іс жүзінде, көбіне, өлшем бірлігі Сикурель (1964) сипаттап көрсеткен «бұйрықты өлшем» көзқарасынан туындайды. Сикурель «бұйрықты» сөзін аса танымал италияндық көлік жасап шығарушы мағынасында емес (бұйрық-fiat), «заң» мағынасында қолданды. Оның

тұжырымдамасы бойынша, көптеген өлшем бірліктері қарапайым түрде бекітіліп жатады. Өлшемнің сенімді және заңды екенін тексеру үшін өте қарапайым, дегенмен аздаған тексеру шаралары жүзеге асып жатады, мысалы, жиынтық көрсеткіштің өлшемдерін бекітудің ішкі сенімділігін тексеру және дербес заңдылығын тестілеуде аз ғана қадамдар жасалады. Алайда көптеген жағдайларда, ұғымдарға үстіртін шолу жасалады да, әрі қарай тестілеу жүргізілмейді. Бұл мәселе алдағы тақырыптарда кеңінен талқыланбақ.

Сонымен қатар, сенімділік пен заңдылықтың аналитикалық түрде бір-бірінен өзгеше болғанымен, екеуі өзара байланысты екенін жадыңызда ұстауыңыз керек, себебі сенімділік заңдылық негізінде жорамалданады. Демек егер сіздің өлшем

бірлігіңіз сенімсіз болса, ендеше ол өлшем заңды емес болып табылады (47-бетті қараңыз). Бұл көзқарас жоғарыда айтылып кеткен сенімділіктің үш критерийіне де қатысты. Егер де өлшем бірлігі ұзақ уақыт бойы тұрақсыз нәтижелер берсе, ол заңды және нақты өлшемдер бермейтіні анық. Егер өлшем бірлігі тұрақсыз болса, бұл өлшем ұғымға анықтама беруде қолданыла алмайды. Егер өлшем бірлігі ауытқымалы болса, нәтижеде әртүрлі жағдайларда әртүрлі нысандарды өлшеуі

ықтимал. Егер өлшем бірлігінің ішкі заңдылығы анықталмаған болса, жиынтық көрсеткіштің өлшем бірлігі бірден екі немесе одан көп әртүрлі нысандарды өлшеуі мүмкін. Демек өлшем бірлігі берген нәтиже нақты емес. Қорыта келе айтарымыз: егер бақылаушы аралық жүйелілік болмаса бақылаушылар өздерінің неге бақылау жүргізіп жатқанына келісе алмас еді және бұл өз кезегінде заңды және жарамды өлшем бірлігі қолданылмайды дегенді білдіреді.



7.5 Зерттеу нысаны

Лайкерт шәкілін дамыту: вегетарианшылдарға қатысты көзқарас

Чин және басқалары (2002) вегетарианшылықты жақтайтын немесе оған қарсы көзқарастарды анықтайтын шәкіл кестесін қалай құрастырғандары жайлы тәжірибелерімен бөлісті. Олардың байқауынша, вегетарианшыл емес адамдар вегетарианшылықты кейде өзгеше ойды ұстанушылар ретінде көреді, кейде жек көре қарайды демесек те күдікпен қарайды. Авторлар өздерінің шәкіл кестесіне отыз бір тармақ енгізген. Тұжырымдаманың әрбір тармағымен қатысушылардың қаншалықты келісіп немесе келіспейтінін көрсетуге жеті ұпайлы шәкіл ұсынылды. Бұл зерттеуде мынадай қадамдар жүзеге асырылды: сұхбатқа вегетарианшылар және вегетарианшыл еместер де қатыстырылды; вегетарианшылдық жайлы әдебиеттерге шолу жасалды; далалық бақылау (нені немесе кімді екенін ашып жазылмаған); топ ішінде жиналыстар өткізу; айтылған тұжырымдамалар және ұсыныстарды ұсынудың ықтимал басқа жолдарын талқылаудан өткізу. Тұжырымдамалар төрт саланы анықтауға бағытталды:

- Вегетарианшылдардың тітіркендіретіндей әрекеттері, мысалы, «вегетарианшылдар өздерінің сенімдері мен тамақтану әдеттері жайлы тым көп үгіт-насихат айтады» (екіұшты пункт болуы мүмкін, 11-тарауды қараңыз);
- Вегетарианшыл сенімдермен келіспеу, мысалы, «вегетарианшылар жануарлардың құқықтарына аса көңіл бөледі»;
- Вегетарианшыл болудың денсаулыққа қатысты қырлары, мысалы, «вегетарианшылар салмақ қосуға көп алаңдатушылық танытады»;
- Вегетарианшылардың қолданатын тиімді тәсілдері, мысалы – «басқа біреулерді вегетарианшыл болуға шақырып жабысу – қалыпты іс».

Бұл шәкіл АҚШ университеттерінің студенттері арасында жүргізілді. Кейбір тармақтар басқаларымен ішкі жүйелілік бойынша айтарлықтай сәйкес келмегені үшін алынып тасталды. Кробах альфасы қалған жиырма бір тармаққа қолданылып, көрсеткіші 0.87-ден асты (7.4 негізгі ұғымдар тақырыбын қараңыз). Бір шәкілдің құрылымдық заңдылығы да (терминнің анықтамасымен жоғарыда жазылған тақырыптардан та-

ныса аласыз) студенттерден басқа шәкілдерді толтыруларына өтініш білдіре отырып анықталды және зерттеушілер ол шәкілдерді олардың вегетарианшылықты жақтайтын немесе оған қарсы көзқарастармен байланысты етіп дайындады. Авторлардың өктемдік көзқарастағы адамдар көбіне вегетарианшылыққа қарсы көзқараста болады деп тұжырымдаулары өз алдына бір тәсіл болды. Бұл тұжырым дәлелдеуін тапты, алайда, осы екі айнымалылар арасындағы байланыс өте аз болды. Десек те, олардың тұжырымдамаларына қарамастан, саяси консерватизммен байланысты вегетарианшылыққа қатысты көзқарас шәкілі анықталмады. Шәкіл ішкі сенімділікке бағынатындай етіп анықталады (7.3 негізгі ұғымдарын қараңыз), алайда стандартталған заңдылығына орай біраз күмәнді.



7.6 Зерттеу нысаны

Ұйымдық ахуалы өлшем бірлігінің ішкі сенімділік, бәсекелік және болжалды заңдылықтарын бағалау

Паттерсон және басқалары (2005) ұйымдық ахуалға қатысты жетілдірген өлшем бірлігін бекітуде қолданылған тәсілдері жайлы жазды. 1960 жылдары алғаш анықталып және 1970 жылдары ұйымдарға олардың мүшелері тарапынан қолдануға ұсынылған түрінен біраз еркін ұғымда болды. Төмендегі түсініктер аясына негізделіп төрт негізгі ахуал өлшемдері жетілдірілді:

1. *адамдардық қатынас үлгісі*: ұйымның құрамына тиісті болу және ұйымға сенімділік сезімдері және үйрету, жақсы коммуникация құру және жетекшінің қолдауын қамтитын деңгейі;
2. *ішкі үдеріс үлгісі*: ресми ережелер мен жұмысты атқарудың дәстүрлі жолдарына ерекше көңіл бөлу деңгейі;
3. *ашық жүйелер үлгісі*: бейімділік пен инновацияларға баға беру деңгейі;
4. *рационалды мақсат үлгісі*: белгілі бір мақсаттар, нормалар мен құндылықтардың тиімділігі, сапасы және жоғары атқарымдылығы жағынан анық бағыттау деңгейі.

95 тармақтан тұратын төрт ұпайлы Лайкерт үлгісінде Ұйымдық ахуал бағалау кестесі құрылды (айқын қате, көбі қате, көбі дұрыс, анық дұрыс) және 55 ұлыбританиялық ұйымдар қызметкерлері арасында таратылып, 6,869 сауалнаманың 57 % толтырылды. Бірлесе жүруі тиіс әртүрлі тармақ топтарының арасындағы айырмашылық деңгейін анықтау үшін **факторлық талдау** (7.6 негізгі ұғымдарды қараңыз) жүргізілді.

Бұл үдеріс өз алдына автономия, қосылу, инновация, бейімділік және ұйымның мақсатын анықтау тәрізді он жеті шәкілді құрады.

Шәкілдердің *ішкі сенімділігі* Кронбах альфасын қолдана отырып бағаланды және барлық шәкілдер 73 немесе одан да жоғары деңгей көрсетті. Демек, өлшем бірлігінде құрамдас шәкілдердің ішкі сенімділігі сақталған дей аламыз.

Бәсекелік заңдылығы әрбір компания менеджерлерімен олардың ұйымдағы тәжірибелеріне байланысты жарғылай стандартталған сұхбат жүргізу арқылы бағаланды. Шәкілдердің заңдылығын есептеуге ыңғайлы етіп сұхбат деректеріне арнайы кодтар

берілді. Көптеген жағдайларда, шәкілдердің бәсекелестік заңдылығына сәйкес екенін анықталды. Мысалы, зерттеуші сұхбат деректеріне сүйене отырып дәстүрге ерекше көңіл бөлу мен «жаңа жетілдірілген парадигмаға» (Паттерсон және басқалары, 2005: 397) байланысты тәжірибенің деңгейі арасындағы корреляцияны анықтады. Корреляция деңгейі -0.42 көрсетті, осылайша толығымен дәстүрлі бағытты ұстанған фирмалардың жаңа өндірістік тәжірибелерді қабылдауға аса ықылас танытпайтындары анықталды. Осы арада жаңа өндірістік тәжірибелерді қабылдау қолданыстағы дәстүр өлшемінің анық дәстүрге байланысты екенін анықтау мақсатында қолданылды. Егер де корреляция аз деңгейде болса немесе плюстік көрсеткіш болса шәкілдің бәсекелік заңдылығы күмән туғызар еді.

Болжамды заңдылықты бағалауға зерттеушілер негізгі зерттеу жұмысы аяқталғаннан соң араға бір жыл салып әрбір **компанияның ақпарат берушілеріне** сауалнаманы толтыруларына өтініш білдірді. Сауалнама құрамдас шәкілдердің екі өлшеміне бағытталды, олардың біреуі – инновациялар мен бейімділік шәкіліне байланысты болды: ақпарат берушілерден өздерінің компанияларының бірнеше салалары бойынша инновацияландырылғанына баға берулеріне өтініш білдірілді. Мысалы, инновация мен бейімділік шәкілі, ақпарат берушілердің өз компаниялары өнімдерінің инновацияландырылғанына баға берулері арасындағы корреляция деңгейі 0.53 -ке жетті. Демек инновациялар мен бейімділікті қабылдау және инновацияландырудың тиісті көрсеткіші арасында корреляция бар екенін көрсетеді.



Сандық зерттеушілерді толғандыратын маңызды мәселелер

Сандық және сапалық зерттеу екеуінде де өз алдына ерекше, дегенмен, қарама-қарсы алаңдаушылықтардың бар екенін көреміз. Бұл алаңдаушылықтар тиісті мәліметтерді құрайтын эпистемологияға негізделген сенімдерді қалыптастырады. Осы бөлімде, сандық зерттеуде ерекше орын алатын төрт алаңдаушылық түрлері тестіленіп және анықталатын болады, олар: өлшем, себепті байланыс, жалпылама және қайталау.

Өлшем

Өлшеммен қатысты алаңдаушылық – осы тарауда оның сипатының көбірек талқылануы нәтижесінде әлдеқашан то-

сын тақырып емес болып үлгерді. Сандық зерттеу ұстанымы тұрғысынан, өлшем бірлігінің бұдан бұрын айтқанымыздай, біршама басымдылығы бар. Сондықтан сенімділік пен заңдылық мәселелерінің де сандық зерттеушілерге қатысы бар екені таңғалдырмайды, дегенмен, зерттеу тәжірибесінде бұл көбіне байқала бермейді.

Себепті байланыс

Көптеген сандық зерттеулерде түсініктеме беруге өте көп көңіл бөлінеді. Сандық зерттеушілер арасында істің барысын суреттеп айтушылар өте сирек, бірақ олар неліктен істің осылай екеніне

түсінік беруге ұмтылады. Бұл ерекшелік басқа салаларда да қолданылады, сонымен қатар, жаратылыстану ғылымдарында да осылайша сипатталады. Сондықтан зерттеушілер нәсілдік жалған сенімдер тәрізді құбылыстарды тек қана анықтамасын беру үшін ғана қарастырмайды: белгілі бір тұлғалардан құралған топ арасында жалған сенімнің қаншалықты орныққанын немесе мысал ретінде алынған адамдар арасынан қанша пайыз жоғары деңгейде жалған сеніміне берік және қанша пайыз жалған сенім жоқ екенін анықтайды. Және олардың себептерін анықтай отырып, түсініктеме беруге тырысады. Зерттеуші нәсілдік жалған сенімді жеке тұлғалық ерекшеліктері негізінде (өктемшілдіктің деңгейі тәрізді) немесе әлеуметтік ерекшеліктерін алға тарта отырып (білім немесе әлеуметтік мобильдік тәжірибесі тәрізді) түсіндіруге тырысуы мүмкін. Зерттеу баяндамаларында «тәуелсіз» және «тәуелді» айнымалылар жайлы пікірлерді көп кездестіретін боласыз, бұл ұғымдар өз кезегінде себептер мен ықпалдар негізінде ойлау үрдісін қамтиды. Мысалы, нәсілдік жалған сенім анықтамасы берілетін тәуелді айнымалы ретінде, ал өктемшілдік болса, жалған сенімге себептік ықпал ететін тәуелсіз айнымалы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Эксперименттік жоба қолданылғанда, тәуелсіз айнымалы бұрмалауға бейім айнымалыға айналады. Осы арада себептік ықпалдың екі ұштылығы байқалады. Дегенмен көптеген әлеуметтік сауалнама зерттеулерінде қолданылып жүрген кросс-секциялық жобаларда айнымалыларға қатысты

қатар жинақталған сол мәліметтердің себептік ықпалының бағыты да екі ұшты. Сондықтан тәуелсіз айнымалы тәуелді айнымалыдан бұрын болады деп айта алмаймыз. Кросс-секциялық жобалар мәнмәтініндегі тәуелсіз және тәуелді айнымалыларға қатысты біреуінің екіншісіне себеп болатынына *қорытынды* жасауымыз керек, жоғарыда қарастырып кеткен өктемділік пен жалған наным осыған мысал бола алады. Біз негізгі мағынасын немесе теориялық идеясын ашып көрсете отырып айнымалылардың уақытша басымдылығын қорытындылай алуымыз керек. Алайда, қорытындының қате болу ықтималдығы әрқашанда басым (осы ықтималдықтың мысалы ретінде 27.6 зерттеу нысанын қараңыз).

Себептік байланыс жайлы толғаныстар 3-тарауда қарастырылып кеткен ішкі заңдылық тақырыбында да атап көрсетілген болатын. Ол жерде сандық зерттеудің жақсы критерийі ретінде зерттеушінің себептік қорытындысына сенімді болуының маңыздылығы жайлы айтылған. Эксперименттік жобаның ерекшеліктерін қамтыған зерттеу кросс-секциялық зерттеуге қарағанда жоғары бағаланады, себебі алғашқысының құрамындағы себептік нәтижелер жоғары сенімділікке ие. Өздерінің жұмысында кросс-секциялық жобаны қолданатын сандық зерттеушілері себептік ықпалдарды болдыру мақсатында тәсілдерді дамытуға ынталы. Сонымен қатар, БҮТТШ тәрізді созылмалы зерттеудің қолданылуы сандық зерттеушілерінің өз жұмыстарында себептік түсіндіруге жол ашатын нәтижелерді жалпылауды арттыруға ниет білдіретіндерін көрсетеді.

Жалпылама

Зерттеуші сандық зерттеуде белгілі бір тақырып аясында жүргізетін зерттеу нәтижелерінің негізгі тақырып аясынан тыс жалпылама қолданылуы мүмкін екеніне алдын ала тұжырымдама беруі оның жұмысында қолайлық тудырады. Сондықтан егер, мысалы, нәсілдік жалған сезім жайлы зерттеу көптеген адамдардан сауалнама сұрақтарына жауап беру түрінде жүргізілген болса, біз көбіне нәтижелердің зерттеуге қатысқандардан басқа жеке тұлғаларға да қатысты болуы мүмкін екенін айтып жатамыз. Осы мәселе әлеуметтік сауалнама зерттеулерінде таныстырмалы іріктемені қалай ұсынуға болатыны жайлы сұрақтың жауабына басты назар аударумен айқын танылады.

Континенттің барлығынан түгелдей сұхбат алу немесе сауалнама жүргізу (бір қаланың барлық тұрғындарынан немесе бір мемлекеттің барлық азаматтарынан немесе бір мекеменің барлық қызметкерлерінен) өте сирек жүзеге асатынын ескере отырып, олардың арасынан іріктеме жүргізуіміз керек. Алайда біз зерттеу нәтижелерінің сол зерттеу жүргізіліп отырған топқа ғана бірегей болмайтынын айтып жеткізе алатындай іріктеменің жетерінше таныстырмалы болғанын қалаймыз, басқаша айтқанда, сол іріктемеде ғана қарастырылған нысандарға (мысалы, адамдар) қарамастан, нәтижелердің барлық нысандарға жалпылама қолданылғанын қалаймыз. Жаратылыстану ғылымдарының ережелеріне ұқсас нәтижелерді жетілдіру – жалпыламаға қатысты туындап отырған алаңдаушылық.

8-тарауда қарастырылатын кездейсоқ іріктеу тәсілі – зерттеушілердің таныстырмалы іріктеуді жетілдіруге қолданатын негізгі жолдары. Бұл үдеріс кездейсоқ таңдау үдерісіне сүйене отырып, нысандарды іріктеп алуда бейімділіктің алдын алады. Кездейсоқ таңдау үдерісін қолдану арқылы таныстырмалы іріктемеге қол жеткіземіз дегенге еш кепілдік жоқ, себебі, 8-тарауда қарастыратынымыздай, бұл үдерісте таңдау жүйесінен тыс факторлар да қолданылады, ал бұл факторлар өз кезегінде іріктеменің таныстырмалы болуына нұқсан келтіруі мүмкін. Осыған орай туындайтын тұжырымдама: егер біз таныстырмалы іріктемені жетілдірген болсақ ол іріктеме нені көрнекілейді немесе нені ұсынады? Қапарайым жауап – бұл контингенттер арасынан таңдап алынған таныстырмалы өкіл және белгілі бір контингентті толықтай ұсынады. Әрине бұл іріктеме теориясына негізделіп алынған жауап. Шындығына келетін болсақ, контингенттерден тыс жалпылама ұсына алмаймыз. Демек, егер осы іріктемеге таңдалып алынған контингент мүшелері жаппай бір қаланың, аймақтың тұрғындары немесе бір мекеменің барлық қызметкерлері болса біз нәтижені тек сол қаланың, аймақтың немесе мекеменің мүшелеріне ғана жалпылама қолдана аламыз. Дегенмен, нәтижелердің кең қолданыс аясына ие болғанын көру көңілге демеу болары сөзсіз, мысалы, үлгі ретінде Бирмингем қаласы тәрізді үлкен қалалардың бірі алынған болса, нәтижелер де осыған ұқсас қалаларда қолданыла алар еді. Біз іріктеме алынған мекеннің контингенттерінен тыс қорытындылар жасамауымыз керек, бірақ зерттеушілер көптеген жағдайларда

мұндай тұжырымдар жасап жатады. Жалпылама ұсына білу мүмкіндігін қолдану терең қалыптасып кеткені соншалық, кейде нәтижелерді жалпылама қолдануға шектеу қою ұмытылып кетіп жатады немесе жанама түрде ғана қарастырылады.

Сыртқы заңдылық немесе жалпылама жайлы мәселе сандық тақырыпта кросс-секциялық және созылмалы жобаларды

қолданатын зерттеушілер арасында терең жайылған. Сонымен қатар, 3-тарауда сыртқы заңдылық жайлы талқылаулардан көруге болатындай эксперименттік зерттеуде де жалпылама мәселесі орын алып отыр, бірақ бұл тәсілді қолданушылар көбіне ішкі заңдылық мәселелеріне көп көңіл бөледі.



Студент тәжірибесінен

Студент жобасындағы жалпылама тәсілі

Джой Томпсон командасымен бірге өз университетіндегі студенттер арасында жүргізген сауалнама зерттеуінде сенімділік пен заңдылыққа қатысты мәселелерге аса назар аударды. Әсіресе бұл әрекетін нәтижелерді жалпылама ұсынудың маңыздылығына қатысты мына жазғандарынан білуге болады:

«Тағы да зерттеудің сенімділігі және заңдылығы жайлы мәселе алға тартылды. Осылайша қолданылған тәсілдерге қатысты мынадай пікірге келдік: сауалнама түрлендіру кезеңінен өткізілді, біз команда ретінде оны өзіміздің іріктемеге ғана тестілеумен шектелмедік, сонымен қатар біздің зерттеу жобамыз аясында жұмыс істеген адамдардан да ақпарат жинадық. Біз ол іріктеменің бүкіл бір университетті таныстырып, ұсынуы керек екенін білдік, сол үшін әрбір холлда студенттерден сұхбат алатын топтың мүшелері сол жерлерде тұрып жатқан студенттер санына сәйкестендіріп құрылды.



Джойдың зерттеу тәжірибелері жайлы мағлұматты осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз: www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Қайталау

Жаратылыстану ғылымдары ғалымдардың бейімділіктерінің ықпалдарын минимумға келтіріп көрсетеді. Зерттеу жұмысының шағын бір бөлімінің ғана нәтижелері болса да зерттеушілердің арнайы сипаттамалары, болжамдары немесе басқа да ықпалдарынан тыс болуы тиіс. Егер бейімділік пен объективтілік кең орын алатын болса, жаратылыстану ғылымдарының әлем жайлы нақты анықтама беру талаптарына зиян келер

еді. Осы потенциалды зиян келтіретін мәселелердің ықпалын тексеру ретінде зерттеушілер бір істі қайталап қарастыруы мүмкін, басқа сөзбен айтқанда, бір-бірінің тәжірибелерін қайталайды. Қайталау ісін жүзеге асыра алмаса, яғни қайталап зерттеу жүргізгенде алдыңғы зерттеушінің нәтижелерімен бірдей нәтижеге қол жеткізе алмаса, ендеше оның зерттеу нәтижесінің заңдылығы күмән тудырады. Сондықтан ғалымдар өздерінің зерттеу барысындағы үдерістерінің уақыт өте келе басқалары тарапынан қайталану

мүмкіндігінің болуына өте мұқият қарайды. Осы сияқты әлеуметтік ғылым саласындағы сандық зерттеушілер де осы қайталама әдісін көптеп қолданады немесе нақтырақ айтатын болсақ, өздерінің маңызды әрекеттерінің құрамдас бөлігі ретінде қайталау мүмкіндігін қолданады. Оның себебін де оңай түсінуге болады: жаратылыстану ғалымдарының табиғи түрде зерттеуімен салыстырғанда әлеуметтік өмірді зерттеуде объективтіліктің болмауы және зерттеуші құндылықтарының қосылмауы біршама артықшылығын көрсетер еді. Сондықтан зерттеуші өз үдерістерінің басқалары тарапынан қайталануға мүмкіндік тудыратындай анықтап ашық көрсетуі маңызды саналады және егер де зерттеуші өз жұмысын қайталау әдісімен аяқтамаса да осы талап қойылады.

Зерттеудің тәжірибе жүзінде қайталану немесе қайталанбауы – өз алдына басқа мәселе. Қайталама жаратылыстану және әлеуметтану ғылымдарында аса жоғары бағаға ие бола алмайтын әдістердің бірі, себебі бұл тәсіл көп жағдайларда қатардағы және қызықсыз жұмыс ретінде қабылданады. 7.7 зерттеу нысанындағы мысалда зерттеу жұмысына «бұрынырақта жасалған кейбір зерттеулерді қайталама және толықтыру» деп анықтама бере отырып (үлкен маңыз бере айтылған) қайталап жүргізілген зерттеудің жай ғана қайталау емес екеніне назар аударған.

Сонымен қатар, қалыпты қайталама жұмыстары көрнекі баяндамалар ретінде ұсынуға жарамайды және мұндай қолданыс көптеген ғылыми журнал редакторларының назарынан тыс қалып жатады. Олай болса зерттеудің қайталануы баспаларда болжанғанынан да аз мөлшерде жарық көреді. Қайталамалардың басылып шығуына қиындық тудыратын тағы бір себеп – әлеуметтік ғылым саласында зерттеудің түпнұсқамен бірдей бұлжытпай қайталанылғанын дәлелдеу өте қиын. Сонымен егер қайталау шарттарының түпнұсқа шарттарына қатысты қандай да бір екіұштылығы бар болса, зерттеу нәтижелерінде табылған қандай да бір айырмашылық сол қайталау жобасындағы сәйкессіздік әсерінен туындады деп саналады және ол айырмашылықты түпнұсқада қарастырылмай қалған жаңалық ретінде қабылдамайды. Белгілі бір дәрежеде бұл жазғандарымыз 7.7 зерттеу нысанында айтылған зерттеуде орын алған жағдаймен бірдей. Бірнеше нәтижелерді жетілдіруде қолданылатын тәсілдердің анық көрсетулері аса маңызды екені көптеп айтылады, ал бұл өз кезегінде кейде осы зерттеудің белгілі бір бөлімін ғана қайталауға мүмкіндік тудырады. Сонымен, сандық зерттеудің маңызды ерекшелігі ретінде көп айталытыны осы – қайталау тәсілі.



7.7 Зерттеу нысаны

Мультфильмдерді зерттеуді қайталап зерттеу

С. Н. Дэвис (2003: 412) «бұрынырақта жасалған кейбір зерттеулерді қайталама және толықтыру» деп анықтама берген зерттеу жұмысын жүзеге асырды. Қайталама зерттеу, әсіресе, Л. Смит (1994) бұрын жүргізген АҚШ-та көрсетілген телебағдарламалардағы

балаларға арналған коммерциялық бағыттағы мультфильмдердің кейіпкерлеріне жасаған мазмұндық талдауымен байланысты болды. Мазмұндық талдау – жүйелік тәсілмен түрлі мазмұндағы зерттеулерді сандық талдаумен қамтамасыз ететін шара. Бұл тақырып 13-тарауда толығымен қарастырылады. Дэвис (2003), әсіресе, мультфильм кейіпкерлерін жыныстық рөлдерге бөлу стереотиптеріне назар аударды. Алдыңғы жасалған зерттеуге сүйене отырып Дэвис 1990 жылдардағы мультфильм кейіпкерлерінің жыныстық рөлінің стереотиптеріне қатысты біраз тұжырымдамалар жасады. Сол тұжырымдамалардан мысал келтіре кетейік:

- «Шағын рөлдердегі кейіпкерлерге қарағанда басты рөлдегі кейіпкерлердің ер адам болу ықтималы басымырақ» (2003: 411);
- «Егер әрекеттер топтық емес, жеке дара кейіпкерге қатысты болса кейіпкердің ер адам болу ықтималы басымырақ» (2003: 411);
- «Аз әрекет ететін кейіпкердің рөліне қарағанда көп әрекет ететін кейіпкердің рөлінде ер адамның болу ықтималы басымдырақ» (2003: 411).

Дэвис өзінің зерттеуіне жартылай қайталанбалы және жартылай толықтыру деген анықтама беруінің себебі: Смиттің зерттеуінде жалпы балаларға арналған телебағдарламалар қарастырылған, ал оның зерттеуі анимациялық мультфильмдермен байланысты болды. Ол 1995 жылы бір айдың ішінде көрсетілген мультфильмдердің мазмұнына талдау жасады. Қанша рет қайталанып көрсетілгеніне қарамастан әр мультфильм нысан ретінде тек қана бір рет қарастырылды. Осы үдеріс барысында 167 мультфильм мен 478 кейіпкерге талдау жүргізілді. Ол қол жеткізген нәтижелерінде балаларға арналған мультфильмдер арқылы жарнамалардың шыныменде жыныстық рөлдердің стереотипіне жол ашатынын дәлелдеді. Сондай-ақ, ол тағы былай деп жазады:

«Бұл жоба Смиттің зерттеуін көп жағынан қайталайтындықтан, жұмыс барысында осы талдауды қайталай отырып жалғастырудың қажет екені байқалды, себебі Смиттің зерттеуіндегі кейбір нәтижелер талдау барысында қайтадан өңдеуден өткізілмеген. Жарнама беру үшін уақытын қысқартуға телебағдарламалардың таңдалып алынуы немесе олардың балаларға өз тауарларын жарнамалау кезінде жарнама тәсілдеріндегі өзгерісті көрсете алу – айырмашылықтар болып саналды» (С.Н. Дэвис 2003: 421)

Осы зерттеу нәтижесі қайталама тәсілінің аса құнды екенін, әсіресе, зерттеу нәтижесінің сөзбе-сөз қабылданбауы керектігін көрсетті. Басқа жағынан алып қарайтын болсақ, келтірілген дәйексөздің екінші сөйлемінен қайталама зерттеу нәтижелерін түсіндірудің қаншалықты қиынға соғатынын көре аламыз. Зерттеу нәтижелеріндегі кез келген айырмашылықты түсіндіру қиын. Есесіне, Дэвидтің тұспалдауынша, түпнұсқа нәтижелері «кәте» деуге келмейді, бірақ әртүрлі іріктемелерге бірдей талдау тәсілі қолданылса да әртүрлі нәтижелер беруі мүмкін немесе жарнамалау тәжірибесінде өзгеріс болуы да осындай нәтиже беруі мүмкін. Осы түр қайталамаларда екіұштылықтың болуы әлеуметтік зерттеулерге тән қасиет болып табылады.



Сандық зерттеудегі сын

Жылдар бойы сандық зерттеу – өзінің эпистемологиялық және онтологиялық негіздерімен қатар, әсіресе, сапалық зерттеу жолын ұстаушылар мен өкілдері тарапынан сынға алынып отырған негізгі нысандардың бірі. Ұсынылған тақырыпта әртүрлі сыни пункттерге айтарлықтай түрлі сын айтылғанда олардың арасындағы айырмашылықты ажырату қиын. Әсіресе, мына тақырыптарда: сандық зерттеудің зерттеу стратегиясы ретінде жалпы сынға алынуы; сандық зерттеудің эпистемологиялық және онтологиялық негіздерінің сынға алынуы; сандық зерттеуге қатысты арнай тәсілдердің және зерттеу жобаларының сынға алынуы.

Сандық зерттеудегі сын

Сандық зерттеуге қатысты сынды аша түсу үшін төрт сыни көзқарастарды қысқаша қарастырып өтейік:

1. *Сандық зерттеушілер адамдар мен әлеуметтік институттарды «табиғат әлемінен» бөліп қарастырмайды.* «Табиғат әлемі» деген сөз тізбегі Шутцтың (1962) жазбаларында кездеседі және осы сөз тіркесінің қайдан алынғаны жайлы өзіндік дәйексөзді жоғарыда 13-беттен оқи аласыз. Шутц және басқа да феноменологтар, әлеуметтанушылардың жаратылыстану ғылымдарының үлгілерін қолдануын табиғи жолдан еш айырмашылығы жоқ деп сынға алуда. Осылайша олар позитивизмнің негізгі

қағидаларының біріне назар аудартады, атап айтсақ, зерттеуде алынып отырған барлық құбылыстарға ғылыми тәсілдің қағидалары қолданыла алады және қолданылуы тиіс. Шутцтың тұжырымдауынша, осы әдісті қолдану әлеуметтік және жаратылыс әлемдері арасындағы айырмашылықтарға көз жұму дегенді білдіреді. 2-тарауда айтылып өткендей, бұл адамдардың айналасындағы өмірді өздерінше түсіндірулеріне мән бермеу немесе қысым көрсетуді білдіреді, ал мұндай әрекеттер жаратылыстану ғылымдары объектілері арасында кездеспейтін құбылыс (Шутцтың мысалынан: молекулалар, атомдар, электрондар).

2. *Өлшеу үдерісі жасанды және жалған нақтылық пен ұқыптылыққа бейім.* Осы сынның өз алдына көптеген аспектілері бар. Біріншіден, социологтар тарапынан жетілдірілген өлшем бірліктері мен олар ұсынуы керек ұғымдар арасындағы байланыс болжалды, анық емес, демек, Сикурельдің (1964) «бұйрықты өлшем» ұғымы да солай болғаны. Алдыңғы тарауда сипатталған тәсілмен заңдылықты тестілеу осы қарастырылып отырған мәселені толығымен аша алмайды, себебі тестілеудің өзі бұйрықты өлшемді алға тартады. Өлшем бірлігі үдерісінің одан кейінгі қадамдарын Сикурель тәрізді әлеуметтанушылар толыққанды емес деп бағалайды, оған себеп, мысалы, сауалнама (өз алдына ұғымның

көрсеткіші деп алынған) сұрақтарына жауап беруші сұрақтағы кілтсөздерге ұқсас етіп алуға тырысады. Ал басқа да көптеген әлеуметтанушылардың пікірінше, қатысушылар ол кілтсөздерді көшіріп қана ала салмайды. Және осы мәселенің шешімі ретінде сұрақтарға жауаптарды берілген нұсқалардан таңдау тәсілі қолданылады, бірақ бұл тәсілдің өзі «мәселенің маңыздылығын елемей шешім қабылдау» дегенді білдіреді (Сикурель 1964: 108).

3. Құралдар мен үдерістерге сенімділік зерттеу мен күнделікті өмір арасындағы байланысты көруге кедергі келтіреді. Бұл мәселе 3-тарауда қарастырылған экологикалық заңдылықтың мәселелеріне қатысты. Сандық зерттеудің көптеген тәсілдері зерттеу құралнамаларын (стандартталған сұхбаттар немесе өз бетінше толтырылатын сауалнамалар тәрізді) тақырыпқа қатысты бағыттап қолданумен немесе олардың ықпалдарын анықтай отырып жағдайды бақылауға алумен (эксперименттерді бақылау тәрізді) тікелей байланысты. Дегенмен Сикурель (1982) топшылағандай, біз зерттеуге қатысушылардың сұраққа жауап беруі үшін жетерлі білімі бар екенін немесе ол тақырыптың олардың күнделікті өмірлеріндегідей маңызды етіп көрсетілгенін қалай білеміз? Мысалы, егер қатысушылар нәсілдік жалған сенімді бағалау жайлы сұрақтар топтамасына толығымен жауап берсе, біз олардың бұл тақырыппен жете таныс екеніне және оның манифестациялары қандай екенін білетініне сенімді бола алмыз ба? Немесе сұрақтарды олардың күнделікті өмірімен байланыс-

ты етіп ұқсас көрсеткенімізге сенімді бола аламыз ба? Немесе әрі қарай дамытып олардың жауаптары күнделікті өмірлерімен қаншалықты байланысты екенін сұрауға болады. Адамдар нәсілдік жалған сенімді бағалауға арналған сұраққа жауап беруі мүмкін, бірақ қатысушылардың мінез-құлқышын мәнісінде олардың жауаптарынан мүлдем басқа болуыықтимал (12.2 терең пікірлерін қараңыз).

4. Айнымалылар арасындағы байланыстарға талдау жүргізу адамдардың өмірлеріне бағынбайтын әлеуметтік өмір жайлы статикалық (тұрақты) көзқарасты қалыптастырады. Блумердің (1956: 685) тұжырымдауынша, айнымалылар арасындағы байланысты зерттеуді мақсат тұтқан ғылыми зерттеулерде «адамдар тобы арасында шын мәнінде не болып жатқанын түсіндіру немесе анықтау үдерісі» қалып қойып жатады. Мысалы, зерттеу жүргізілген адамдардың екі немесе көп айнымалылар арасында қаншалықты анық байланыс құрғанын білмейміз. Осы арада жоғарыда айтылып кеткен бірінші және үшінші сыншыл көзқарастар бірге қамтылған, яғни, болып жатқан оқиғалардың, құбылыстардың жеке тұлғаларға қатысты мағынасы есепке алынбайды және олардың нәтижелерінің күнделікті өмірмен қалай байланысатынын білмейміз. Бұған қоса, статикалық әлеуметтік өмір мәнінің оның негізін қалаушы жеке тұлғалардан тыс элементтерін де алға шығарады дегенді қарастырады. Басқаша айтсақ, сандық зерттеу әлеуметтік өмірді қалыптастыратын объективистік онтологияға бағынатын тәрізді.

Осы айтылғандардан байқайтынымыз, сыни көзқарастар – интерпретивисттік эпистемологиялық бағыттағы (жеке тұлғаның көзқарасына акцент жасау) және құрылымдық онтология (әлеуметтік өмірді басқа емес тек қана жеке тұлғалардың жұмысының жемісі деп қарастыруға акцент жасау) мәселелерінен тұратын сандық зерт-

теу стратегиясымен қатысты мәселелер жиынтығын қамтыған. Сыни көзқарастың аса зиянды немесе жойып жіберетін сипаты болуы да мүмкін, дегенмен, 17-тараудан көре алатынымыздай сандық зерттеу жүргізушілерінің де сапалық зерттеудің құралдары мен тәсілдері жайлы айтар қуатты да мәнді сындары баршылық.



Ұдайы осылай ма?

Кез келген зерттеу стратегиясына, зерттеу жобасына немесе әлеуметтік зерттеу тәсіліне сипаттама берудегі проблемалардың бірі – араларынан бірі белгілі бір деңгейде идеалды-типтік тәсілді ұсынатыны. Басқаша айтқанда, араларынан біреуі қажетті стратегияны, жобаны немесе тәсілді ұсынатын қандай да бір тәсіл жетілдіре алады, бірақ зерттеу тәжірибесінде айтарлықтай ашылып көрсетілмеуі, тиісінше орын алмауы мүмкін. Осы идеалды тәсіл мен зерттеудің іс жүзінде жүзеге асуы арасындағы аралықты кем дегенде негізгі екі тұжырымдамамен түсіндіруге болады. Біріншіден, әлеуметтік зерттеу тәсілдері жайлы оқып және жазып жүргендер әлеуметтік зерттеу үдерісі барысында туындайтын барлық іс-әрекеттерді егжей-тегжейлі көрсете алмайтындықтан, зерттеу үдерісі жайлы жалпы сипаттама беріп жатады. Мысалы, 7.1-кестеде көрсетілгендей сандық зерттеу үдерісінің үлгісі барлық сандық зерттеулер жайлы қорытынды анықтама дегеннен гөрі жалпылама тенденция деп қарастырылғаны дұрыс.

Аралық пайда болуының екінші себебі, көптеген жағдайларда әлеуметтік зерттеу тәсілдерін оқу және жазу барысында біз *тиісті тәжірибе* жасалғанын есепке аламыз. Шын мәнісінде бұл тәжірибелер басылып шыққан зерттеулерде терең қарастырылмайды және олармен студенттер тек қана қосымша курстар барысында таныса алады. Тиісті тәжірибеге қатысты шараларды жүзеге асыра алмау социологтардың біліксіздігінде деп айтуға болмайды (дегенмен кейбір жағдайларда орын алып отырады), бірақ көбіне уақыт, құн және атқарымдықпен байланысты мәселелерге қатысты. Басқа сөзбен айтқанда, әлеуметтік зерттеу жүргізгенде алдын алу мүмкін емес прагматикалық мәселелермен байланысты.

Кері операционизм

Идеалды тәсіл түрі мен зерттеудің іс жүзінде жүзеге асуы арасындағы аралыққа бірінші себепте көрсетілген мысалға қатысты, мен «кері операционизм» деп атаған қандай да бір нысанды

алға шығара аламыз (Браймен 1988а: 28). 7.1-кестеде көрсетілген сандық зерттеу үдерісінің үлгісі ұғымдардың тұжырымдалғанын және олардың өлшем бірліктері анықталғанын көрсетеді. Біз жоғарыда атап өткеніміздей, әрі қарай көрсеткіштері жетілдірілуі керек дегенді білдіреді. Бұл өз кезегінде **операционизм** немесе **операционализм** пікірінің негізі болып табылады: термин физика пәнінен алынған (Бриджмен 1927) және зерттеу қалай жүргізілуі керектігі жайлы дедуктивті көзқарасты қалыптастырады. Алайда зерттеуді осы жағынан қарастыру өлшем бірлігінің 7.1-кестеде көрсетілгеннен көп мөлшерде индуктивті элементтер ұсына алатынын жоққа шығарады.

Кей жағдайларда, өлшемдерді жетілдіру өз алдына жаңа ұғым қалыптастырады. Мұның бір жолы *факторлық талдау* (7.6 негізгі ұғымдарын қараңыз) деген атпен танымал статистикалық тәсіл қолданылғанда іске асып жатады. Қалыптасынуа Вебер (1947) көп еңбек сіңірген үйірімпаз басшылық тақырыбына қатысты «үйірімпаз жетекші» ұғымына баға беру мақсатында Сонгир мен Канунджо (1998) ұғымның жиынтық нысан өлшемін қамтамасыз

ету үшін жиырма бес нысан ойлап тапты. Бұл нысандар олардың тақырыпқа қатысты, әсіресе ұйымдардағы үйірімпаз басшылыққа қатысты қолда бар теориялар мен зерттеулерді оқып танысуынан бастау алды. Нысандар қатысушылардың назарына ұсынылып және нәтижелер факторлық талдаудан өткізілді. Нәтижеде нысандардың алты фактор бойынша шоғырланғаны анықталды және олардың әрқайсысында үйірімпаз басшылық ұғымының барлық ниет және мақсаттарына орай баға берілген:

1. Стратегиялық көзқарас және айқын мінез;
2. Айналасындағыларға сезімтал бола білу;
3. Дөрекі мінез-құлық;
4. Жеке басын тәуекелге тігу;
5. Ұйым мүшелерінің қажеттеріне түсіністік таныту;
6. Кво-статус қызметінен тыс әрекет.

Бұл алты өлшемнің алғашқыда бөлініп көрсетілмегенін ескергеніміз жөн: ұғым беру мен өлшеу арасындағы байланыс индуктивті болған еді. Және көріп отырғанымыздай зерттеу жүргізілгендіктен, кездейсоқ жағдай болып саналмайды (Браймен 1988а: 26-8).



7.6 Негізгі ұғымдар

Факторлық талдау дегеніміз не?

Факторлық талдау жиынтық көрсеткішті өлшем бірліктеріне қатысты, көрсеткіштер топтамаларын біріктіре отырып фактор деп аталатын жеке кластер құрастыруға болатынын немесе болмайтынын анықтау үшін қолданады. Оның негізгі мақсаты – зерттеушінің жұмысы барысында кездесетін айнымалылардың санын азайту. Және көбінесе, Лайкерт шәкілі тәрізді жиынтық нысан өлшемдерінде қолданылады және осындай өлшемдерді құрайтын біршама нысандардың өзіндік құрылысын анықтайды. Кей жағдайларда, зерттеушілер факторлық талдау көмегімен

өздері енгізуді көздеп отырған өлшем бірлігінің тұжырымдамасы сәйкес келетінін немесе келмейтінін анықтап жатады. Факторлық талдау арқылы анықталған нысандар кластерлеріне атау беріледі (мысалы, 7.6 зерттеу нысанында мысал келтірілген инновация, бейімділік немесе автономия). Бұл осы кітаптың аясында қарастырылмайтын өте күрделі тәсіл болып табылады (Браймен және Крэммер 2011: т. 13 қараңыз), бірақ көптеген әлеуметтік ғылымдар саласында өлшем бірліктерін дамытып жетілдіруде маңызды орын алады.

Сенімділік пен заңдылықты тестілеу

Идеалды тәсіл түрі мен зерттеудің іс жүзінде жүзеге асуы арасында аралықтың орын алуының екінші себебі – зерттеушілердің кейбір кеңес берілген тәжірибелерді тиісінше сақтамауымен байланысты. Бұл тенденцияның классикалық бір түрі, мысалы, осы тарауда сенімділік пен заңдылық өлшемдерінің қандай жолдармен анықталуы керектігіне көп уақыт пен күш жігер жұмсалғанына қарамастан, көптеген жағдайларда бұл үдерістер сәйкесінше жүзеге асырылмайды. Әлеуметтік зерттеулерде қолданылатын пікірлер мен тәсілдерді экстенсивті түрде негіз тұтатын ұйымдық зерттеулер арасынан басылып шыққан сандық зерттеу талдауларында (Подсаков және Далтон 1987) әлеуметтанушылар өздерінің өлшем бірліктерінің тұрақтылығын тестілегендері жайлы өте сирек баяндайтыны, ал заңдылыққа дәлелдер келтіргендерін одан да сирек жазатындары (мақалалардың тек қана 3% өлшем заңдылығы жайлы мағлұматтарды қамтиды) жайлы дәлел келтірілген. Мақалалардың ауқымды бөлігінде Кронбах альфасы қолданылған, алайда ішкі жүйелілікке бағынатындықтан бұл құрал тек қана жиынтық нысан

өлшемдеріне жарамды және ұйымдық зерттеулерде қолданылған көптеген өлшем бірліктерінің сенімділігі пен заңдылығы жете анықталмаған. Бұл өлшем бірліктерінің тұрақсыз және жарамсыз дегеніміз емес, дегенмен анықталмағанын, бізге беймәлім екеніне меңзеп тұр. Сенімділік пен заңдылықты анықтау үдерістерінің сирек қолданылатын себептері – біздің қалауымыздан тыс орын алатын уақыт пен құн мәселелерінің болуы. Зерттеушілер сүбелі мәселелерді қарастырғанды басымдырақ деп табады және өлшемді сапалы түрде анықтау үдерістерін талап ететін техникалық жұмыстарды қолға алуға аса ынта таныта бермейді. Алайда Сикурельдің (1964) біз айтып кеткен дәйексөзіндегі әлеуметтануда көптеген өлшемнің «бұйрықты өлшем» болып табылатыныны жайлы пікірінің жаны бар.

Өлшем сапасына дұрыс баға бермеу жайлы осы ескертулер оқырмандарға өз жұмыстарының осы кезеңдерінде олқылықтарды болдырмауға және сылтаулар айтып оларды айналып өтуге жол бермеулері керектігіне кеңес береді. Менің мақсатым – осы кітапта жазылған тәсілдерге қатысты кейбір ережелердің қолданылмайтынына назар аударту және неліктен қолданылмайтын жайлы түсінік беру.

Іріктеме

Іріктеме тәсілі жайлы да дәл осындай пікір айтуға болады және бұл тақырыпты келесі тарауда толық қарастырамыз. Біз бұдан әрі де байқайтынымыздай тиісті тәжірибе *кездейсоқ* және *ықтимал іріктеме* тәсілдерімен тығыз байланысады. Дегенмен зерттеулердің ауқымды бөлігі **арнайы іріктеме** тәсіліне негізделген, яғни ықтимал іріктеу қағидаларынан тыс таңдап алынған. Бұл жайлы мағлұматты да 8-тарауда қарастыратын боламыз. Кей кездері арнайы іріктеу тәсілін қолдану **ықтимал іріктеулерді** қолданудың мүмкін болмауымен немесе айрықша қиын талаптарының болуымен байланысты. Ықтимал іріктеуді жұмылдырудың алдын алатын тағы бір себеп – ол уақыт

пен құн мәселелерінің бөлінген қорлар мөлшерінен асып кетуі. Үшінші себеп те – кей жағдайлары белгілі бір топқа зерттеу жүргізу мүмкіндігінің қолайлығы осы мүмкіндікті жіберіп алмауды ұсынады. Осы арада мұндай түсініктердің тағы да сылтау ретінде болмауы керектігі және әрі қарай іріктеу қағидаларын елемудің себептері жайлы келесі тарауда қайталап айтылады, сонымен қатар, ықтимал іріктеу қағидаларын дұрыс ұстанбау зерттеу барысында жұмылдыруы мүмкін статистикалық талдауларға ықпал етеді (15-тарауды қараңыз). Осының бәрін ескере келе, менің мақсатым осыдан бұрын айтылып кеткендей тиісті тәжірибелер жайлы ұсыныстар мен іс жүзінде жүзеге асатын тәжірибе арасында аралық тудыратын ықтимал жолдарға назар аударту.



Негізгі ұғымдар

- Сандық зерттеуді теориядан тұжырымдама шығаратын қадамдар жүйелілігімен сипаттауға болады, дегенмен 7.1-сызбада көрсетілген үдеріс идеалды нұсқа болып табылады және осы нұсқадан көптеген бағыттар таралған:
- Сандық зерттеудегі өлшем бірлігінің үдерісі көрсеткіштерді жетілдіру жұмыстарын туындатады;
- Өлшем бірлігінің сенімділігі мен заңдылығын анықтау олардың сапалығына баға беруде өте маңызды;
- Сандық зерттеуде белгілі тақырыптар алаңдаушылық тудырып отыр және оның ең негізгілері мыналар: өлшем, себепті байланыс, жалпылама және қайталама;
- Сандық зерттеу сапалық зерттеушілер тарапынан көп сынға алынды. Бұл айтылған сындар әлеуметтік өмір зерттеулерінде жаратылыстану ғылымдарының үлгілерін қолдану жарамсыз деген пікірлер білдірілді.



Қысқаша шолу сұрақтары

Сандық зерттеудегі негізгі қадамдар

- Сандық зерттеудегі негізгі қадамдар қандай?
- Негізгі қадамдардың қатаң реттілігі қандай дәрежеде сақталады?
- Бұл қадамдарда теория мен зерттеу арасындағы байланыста дедуктивті немесе индуктивті тәсілдер қолданылады ма?

Ұғымдар және оларды өлшеу

- Сандық зерттеушілері үшін өлшем бірлігі неліктен маңызды?
- Өлшем бірлігі мен көрсеткіш арасындағы айырмашылық неде?
- Ұғымның өлшем бірлігінің жалғыз көрсеткішпен бағалаудан гөрі жиынтық көрсеткішпен бағалаудың басымдырақ болуының себебі неде?

Сенімділік және заңдылық

- Өлшем үдерісінің сенімділігін дамыту жайлы пікірлердің жолдары қандай? Сенімділіктің қандай да бір түрі өте маңызды болып саналады ма?
- «Заңдылық сенімділікті болжай алады, ал сенімділік заңдылықты болжай алмайды» дегенді талқылаңыз.
- Өлшем бірлігінің заңдылығын бағалаудың негізгі критерийлері қандай?

Сандық зерттеушілердің негізгі алаңдаушылықтары

- Сандық зерттеушілердің негізгі алаңдаушылықтарын атап көрсетіңіз. Олардың маңыздылығы жайлы не айта аласыз?
- Әлеуметтік зерттеулерде қайталаманың өте сирек орын алуына қарамастан сандық зерттеушілер арасында қайталама зерттеу тәсілі неліктен алаңдатып отырған тақырып?

Сандық зерттеудің сынға алынуы

- «Сандық зерттеуге қатысты маңызды проблема осы бағыттағы практиктердің мәселенің мағынасын толықтай аша білмеуімен байланысты». Осы айтылған пікірді талқылаңыз.
- Зерттеу жүргізуде сандық зерттеушілердің жаратылыстану ғылымдарының үлгісін қолдануы сандық зерттеу жүргізетін сапалық зерттеушілер тарапынан сынға алынуы қаншалықты маңызды?

Ұдайы осылай ма?

- Социологтар кей жағдайларда өздері қолданатын өлшем бірліктерінің сенімділігін және/немесе заңдылығын неліктен тестілемейді?

**Онлайн Ақпарат орталығы**www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Сандық зерттеудің сипаты жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа де-меу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа да веб парақтармен танысыңыз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

8-тарау

Іріктеме

Тараудың қысқаша мазмұны

Сұрақ-жауап зерттеуіне кіріспе	303
Іріктеме тәсіліне кіріспе	306
Іріктеме тәсіліндегі қателік	310
Ықтимал іріктеменің түрлері	311
Қарапайым кездейсоқ іріктеме	312
Жүйелі іріктеме	314
Бөліктелген кездейсоқ іріктеме	315
Көп сатылы кластерлік іріктеме	317
Кездейсоқ іріктеменің сапалығы	321
Іріктеме көлемі	323
Абсолютті және салыстырмалы іріктеме көлемі	323
Уақыт және күн	325
Жауап бермеу	325
Контингенттің әртектілігі	329
Талдау түрлері	329
Арнайы іріктеме түрлері	330
Қолайлы іріктеме	330
Айқындама іріктеме	331
Топтама іріктеме	333
Жалпылама шектеулері	336
Сұрақ-жауап зерттеуіндегі қателік	337
<i>Негізгі ұғымдар</i>	338
<i>Қысқаша шолу сұрақтары</i>	339



Тараудың қысқаша мазмұны

Осы және келесі үш тарау әлеуметтік сұрақ-жауап зерттеуін жүргізу қағидалары және тәсілдеріне арналады. Іріктеме қағидалары сұрақ-жауап зерттеуімен тікелей байланыспайды, мысалы, олар мазмұндық талдау барысында құжаттарды іріктеуде қолданылады (13-тарауды қараңыз). Дегенмен осы тарауда сұхбатқа немесе сауалнамаға қатысатын тұлғаларды таңдау үшін іріктеме жүргізу үдерістері сипатталады. Сонымен осы тарауда қарастырылатындар:

- Сұрақ-жауап зерттеуін жүргізу үдерістеріндегі іріктеменің рөлі;
- Жалпылама (көбіне сыртқы заңдылық деген атпен танымал) және таныстырмалы іріктемеге қатысты пікірлер; соңғысы арқылы зерттеуші іріктеме жүргізе отырып қол жеткізген нәтижелерді контингенттерге жалпылама ұсынуға мүмкіндігі бар;
- Ықтимал іріктеме ұғымы – іріктеменің кездейсоқ таңдау үдерісін қамтитын іріктеме түрі;
- Ықтимал іріктеменің негізгі түрлері: қарапайым кездейсоқ іріктеме, жүйелік іріктеме, бөлектелген кездейсоқ іріктеме, көп сатылы кластерлік іріктеме;
- Іріктеменің көлемін анықтауда қамтылатын негізгі мәселелер;
- Арнайы іріктеме түрлері, соның ішінде, нарықтық мәселелер мен қоғамдық пікірлерге жүргізілетін зерттеулерде көптеп қолданылатын – топтық іріктеме;
- Сұрақ-жауап зерттеуін жүргізудегі ықтимал қателіктер.

Сұрақ-жауап зерттеуіне кіріспе


Осы тарауда сұрақ-жауап зерттеуін жүргізудің кейбір маңызды аспектілері жайлы ақпарат қамтылған; сонымен қатар, тәсілдердің ауқымдылығы ескеріліп ішінара таныстырылған десек болады. Және тарау барысында сұрақ-жауап зерттеуіне қатыстырылатын жеке тұлғаларды іріктеп алу мәселелерін талқылайтын боламыз, бірақ осы арада айта кетеріміз қолданылатын қағидалар сандық зерттеуде қолданылатын тәсілдермен, атап айтсақ мағыналық талдау қағидаларымен бірдей. 9, 10 және 11-та-

рауларында сұрақ-жауап зерттеуінің деректер жинақтау кезеңдері қарастырылған және 15, 16-тарауларда деректерге талдау жүргізу мәселелері талқыланды.


8.1-сызбада сұрақ-жауап зерттеуін жүргізудің негізгі қадамдары атап көрсетілген. Сұрақ-жауап зерттеуі, алдымен, негізгі зерттеу тақырыптарын анықтаудан басталады. Бұл тақырыптарды талқылай келе аясы тарыла түседі, осылайша, зерттеу сұрақтары қалыптасады. Кей жағдайларда зерттеу сұрақтары

8.1-сызба

Әлеуметтік сауалнама жүргізудің қадамдары



8.2-сызба



тұжырымдама түрінде құрастырылып жатады. Бірақ, әрдайым осы реттілікпен жүзеге асуы талап етілмейді. Зерттеу тақырыптарының зерттеу сұрақтарына айналу үдерісі – осы мәселелерге қатысты әдебиеттерді оқу барысында тиісті теория және дәлелдермен танысу нәтижесінде іске асады (1 және 4 тарауларды қараңыз).

Зерттеу сұрақтары құрастырылып болғаннан соң далалық жұмыс жоспарына кірісуге болады. Іс жүзінде іріктеме және зерттеу құралнамаларына қатысты шешімдер бір-бірімен ұштасып жатады, дегенмен, бұл шешімдер реттілігі 8.1-сызбада жүйелілік бөлімдері ретінде көрсетілген. Бұл кесте сұрақ-жауап зерттеуінің негізгі фазаларына

мысал ретінде берілген және қамтылған әртүрлі қадамдарды (осы тарау барысында талқыланатын іріктеме үдерісінен басқалары) 9-11 және 15-16 тарауларында кеңінен қарастыратын боламыз.

Сауалнама жүргізуші тандап алынған зерттеу тақырыбына байланысты контингенттің қандай ауқымы қолайлы болатынын анықтап, зерттеу құралнамасын жасақтап, зерттеу үдерісіні жоспарлау арқылы жұмысын тиянақтауы тиіс. Осы арадағы «зерттеу құралнамаларына» **стандартталған сұхбат** немесе **өз бетінше толтырылатын сауалнама** тәрізді әлеуметтік зерттеу тәсілдерін жатқызуға болады. Бұған қоса осындай зерттеу құралнамаларын

жүзеге асырудың басқа да жолдары бар, 8.2-сызбада зерттеу барысында кездесуі ықтимал олардың негізгі түрлері көрсетілген. 1-4 түрлері 9-тарауда, ал 5

және 6 түрлері 10-тарауда талқыланады. 7-9 түрлері 28-тарауда ғаламторды қолдану жайлы жалпылама ақпарат мәнмәтіндерінде кездеседі.



Іріктеме тәсіліне кіріспе

Осы кітаптың оқырмандарының басымы бөлігі колледж немесе университет студенттері болары анық. Сіздің университетте (бұдан кейін осы терминді ғана қолданамын, колледждер де қамтылған) өткізген жылдарыңызда жаныңызда жүрген дос-құрбы студенттердің көптеген түрлі мәселелерге көзқарастарын, кейбір әрекеттерін немесе олардың өткен өмірлері жайлы білуге ынта танытқан кездеріңіз болған шығар? Егер сіз осы аталған тақырыптардың бірін немесе барлығын тексеруді ойға алған болсаңыз, олардың әрекеттерін, көзқарастарын және өткен өмірлерін анықтау мақсатында сіз олармен стандартталған сұхбат жүргізіп немесе сауалнама толтыруларына өтініш білдіре аласыз. Әрине, алдымен сұхбатыңызды немесе сауалнамаңызды үздік түрде қалай жобалайтыныңызды ойластыруыңыз керек. Зерттеу құралнамаларын жобалау кезінде туындайтын мәселелерді шешу және оларды іс жүзінде жүзеге асыру жайлы кеңестер 9-11-тарауларда қарастырылады. Алайда ол тараулардағы анықтамалармен танысқанға дейін осы мәселелерге қатысты қиындықтар туындайтыны сөзсіз. Мысалы, сіздің университетіңіз өте үлкен және онда 9000-ға жуық студент оқиды дейік. Барлық студенттерден сұрақ-жауап алуға

уақытпен бөлінетін басқа да қорлар тапшылығы туындайтыны рас. Сіздің барлық 9000 студентке сауалнама жіберу мүмкіндігіңіздің болуы екіталай, ал олардың барлығынан сұхбат алу тіптен мүмкін емес, оған себеп: пошта арқылы сауалнама жүргізуде қолданылатын үдерістерге ұқсас үдерістер таңдап алынса да, салыстырмалы түрде алып қарасақ, сұхбат алу арқылы сұрақ-жауап зерттеуін жүргізу қымбатқа түспек және еңбекті де көп қажет етеді (10-тарауды қараңыз). Сонымен, университетіңіздің барлық студенттері арасынан қатысушыларды іріктеп алуыңыз керек екені айқын.

Іріктеме тәсілін қажетсіну сандық зерттеуде ұдайы орын алып тұрады. Осы тарауда, мен деректер жинақтауда стандартталған сұхбат немесе сауалнама тәсілдерін қолданатын әлеуметтік сұрақ-жауапқа қатысты іріктеме жүргізу мәселелерін терең қарастырамын. Сандық зерттеудің басқа тәсілдері де іріктеу ұғымдарын қамтиды: бұл жайлы 12 және 13-тарауларда стандартталған бақылау мен мағыналық талдау мәселелері қарастырылғанда танысатын боламыз. Осы және басқа тәсілдерде іріктеу қағидалары аз немесе көп мөлшерде бірдей деңгейде қолданылады, бірақ, көп жайдайларда басқа ұғымдары ортаға шығып жатады.

Сонымен, қолда бар ескі іріктеме тізімі қажетімізге жарайды ма? Бұл сіздің университет ауласының (егер бар болса) нақ ортасынан орын алып, өзіңізге назар аудартуға және қасыңыздан өтіп бара жатқан студенттен сұхбат алуға жеткілікті ме? Немесе студенттік одақтарға барып, ондағы студенттердің сұхбатқа қатысуларына өтініш білдіруге жеткілікті ме? Немесе сіздің курсыңыздағы барлық студенттерге сауалнаманы жіберуге оңтайлы ма?

Әрине, жауап – өз зерттеу жұмысыңыздың нәтижелерін университетіңіздің барлық студенттері арасы-

да жалпылама ұсынуды қалап немесе қаламауыңызға байланысты. Егер жалпылама пікірін қаласаңыз, алдыңғы тақырыпта аталып кеткен үш іріктеу стратегиясы университетіңіздегі барлық студенттер арасынан *таныстырмалы іріктеме* жүргізуге мүмкіндік беруі екіталай. Контингент арасынан таңдап алынған іріктемеге негізделген нәтижелеріңізді жалпылама түрде контингенттің барлық бірліктеріне ұсына білуіңіз үшін, ол іріктеме сол контингентті таныта болуы тиіс. Іріктемеге қатысты негізгі терминдермен танысу үшін 8.1 негізгі ұғымын қараңыз.



8.1 Негізгі ұғымдар

Іріктемеде кездесетін негізгі терминдер мен ұғымдар

Контингент: арасынан іріктеме таңдап алынатын бірліктердің негізгі жиынтығы. «Бірліктер» сөзінің таңдап алынуы іріктеу тек адамдар арасынан жүргізілуі шарт емес екенін білдіреді: зерттеуші қалауы бойынша ұлт, қала, аймақ, фирма және т.б. нысандар аясынан іріктеп алуды қалауы мүмкін. Мысалы, Финч пен Хэйс (1994) өздерінің қалауларына бойынша зерттеулерінің бір бөлімін кездейсоқ іріктеп алынған өсиетхаттарға арнады. Демек олардың контингенті – өсиетхаттар. Осылайша «контингент» термині күнделікті өмірдегі мағынасынан басқа, кең түрде қолданылады және мемлекеттің барлық контингентімен байланысы байқалады.

- *Іріктеме*: контингент арасынан зерттеу мақсатында таңдап алынған ауқымы. Бұл – контингент ішіндегі топ бөлігі. Таңдау тәсілі ықтимал немесе арнайы тәсілдерге (төменде анықтамалары берілген) негізделуі мүмкін.
- *Іріктеу негізі*: іріктеме таңдап алынатын контингенттің барлық бірліктерінің тізімі.
- *Таныстырмалы іріктеме*: контингенттің ең ұсақ элементтері ретінде контингентті ұсынатын іріктеме түрі.
- *Іріктеме бейімділігі*: іріктеме жүргізуде бұрмалау: контингенттің кейбір мүшелерінің (нақтырақ айтсақ іріктеме негізі) іріктемеге таңдалып алынуына өте аз мүмкіндігінің болуы немесе мүмкіндігінің мүлдем болмауы.
- *Ықтимал іріктеме*: контингент бірліктерінің әрқайсысының таңдалып алыну мүмкіндігі бар екенін білдіре отырып, кездейсоқ тәсілімен таңдалып алынатын іріктеме түрі. Контингент арасынан іріктемеде осы тәсіл қолданылған көптеген жағдайлардың нәтижесінде таныстырмалы іріктеме ортаға шығады деген болжам

бар. Ықтимал іріктеменің мақсаты – іріктеме қателігін (төменде қарастырылады) мүмкіндігінше минимумға дейін азайту.

- *Арнайы іріктеме*: кездейсоқ іріктеме тәсілін қолданбай жүргізілетін іріктеме түрі. Демек, контингент арасынан кейбір бірліктердің басқаларына қарағанда таңдап алыну мүмкіндігі басымдырақ болмақ.
- *Іріктеме қателігі*: іріктеме мен осы іріктеме таңдалып алынған контингент арасындағы айырмашылықтан туындаған зерттеу нәтижелеріндегі қателік. Бұл ықтимал іріктеме тәсілі қолданылғанда да орын алуы мүмкін.
- *Репрезентативтілік қателік немесе іріктемеге қатысты емес қателік*: сұрақтарды айтарлықтай білікті құрастырмау, сұхбатты білікті жүргізбеу, деректерді дұрыс өңдемеу, үйлесімсіз іріктеме негізі немесе **жауапсыз қалдыру** тәрізді (төменде анықтамасы берілген) іріктеме тәсілінің дұрыс таңдалмауынан туындайтын контингент пен іріктеме арасында айырмашылық салдарынан орын алатын зерттеу нәтижелеріндегі қателік.
- *Жауапсыз қалдыру*: жеке тұлғалар арасында іріктеме жүргізу барысында орын алатын тіркеу қателігі. Іріктеменің кейбір мүшелерінің қатысудан бас тартуы, олармен байланса алмау немесе кейбір себептерге байланысты (мысалы, ақыл-ой кемтарлығы) қажетті деректермен қамтамасыз ете алмаулары нәтижесінде орын алып жатады.
- *Санақ*: барлық контингенттердің санағы. Егер деректер контингент бірліктерін іріктеу арқылы жинақтаудан гөрі контингенттің барлық бірліктерінен толықтай жинақталған болса, бұл деректер санақ деректері ретінде қабылданады. «Санақ» сөзі белгілі бір мемлекет тұрғындарының барлық мүшесі толықтай қамтылғанын көрсетеді және ұлттық санақ деп аталады. Санақтың осы түрі қазіргі таңда Ұлыбританияда он жылда бір жүргізіліп тұрады, алайда санақтың қайталанып қашан жүргізілетіні жайлы анық мағлұматтар жоқ. Статистикалық көрсеткіште контингент термині сияқты санақ термині де осы аталып өткен мағынасынан да кең ауқымда қолданылады.

Жоғарыда айтылып кеткен стратегиялар неліктен студенттер арасында таныстырмалы іріктемеге шек келтіруі мүмкін? Мұның бірнеше себептері бар:

- Алғашқы екі тәсілді қолдану сіздің зерттеу жүргізуге арнаған уақытыңыздың студенттерге қолайсыз болуы ықтималдығынан сәйкес келмейді. Барлық студенттер сізге тиімді уақытта бос бола бермейді, сондықтан іріктемеге бұл студенттерді кіргізе алмайсыз.

- Сонымен қатар, студенттердің жүретін жерлері мен баратын орындарына да

байланысты. Барлық студенттер сіз желеген жермен жүрмеуі мүмкін немесе студенттер одағына қатыспауы мүмкін немесе әртүрлі дағдыларын қайталау жүйелігі де мүлдем басқаша болып жатады. Олардың қозғалыстары өздерінің аудиториялары немесе тұрып жатқан жатақханалары, үйлері, әлеуметтік қызығушылық орталықтарының орналасқан жеріне қарай ыңғайланып жоспарлануы мүмкін. Сонымен, жүйелілік сақтамайтындықтан белгілі бір орындарды нақты көрсету тағы да студенттерді жіберіп алумен тең.

- Қандай адамдарға жақындау сіздің жеке көзқарасыңызға байланысты, мысалы, адамдардың қаншалықты жылы шырайлы немесе ынтымақтастық құруға дайын екенін сезінуіңізге, сонымен қатар бірдей жыныстағы (немесе қарсы жыныстағы) студенттерден сұхбат алуда, басқа да факторларға қатысты өзіңізді қаншалықты жайлы сезінетінін сізге байланысты.

- Үшінші стратегияға қатысты мәселе – сіздің курсыңыздағы студенттер бірдей пәндер оқиды, осы арада басқа пәндер оқитын студенттер қамтылмай қалады, сондықтан, сіздің курсыңыздың студенттері университетіңіздің барлық студенттерінің көрсеткіші бола алмайды, оларды таныстыра алмайды.

Басқаша айтқанда, жоғарыда келтірілген осы үш іріктеме тәсілінде кімдерді іріктеп алу – қатысушылардың көптігіне ме, әлде сіздің таңдап алуға қатысты дербес көзқарасыңызға негізделме – бұл сіздің құзырыңызда. Осындай шектеулер, сұрақ-жауап іріктемесі тілінде айтатын болсақ, сіздің іріктемеңіз бейімді іріктеме болатынын білдіреді. Бейімді іріктеме сол іріктемеге таңдалып алынған контингенттің мүддесін көрсете алмайды. Іріктеме бейімділігі егер контингенттің кейбір мүшелерінің іріктемеге ену тәуекелі өте аз немесе тіптен мүмкін емес болған жағдайларда орын алады. Мүмкіндігінше бейімділіктің іріктемеңізде орын алуына жол бермеңіз немесе түбегейлі алынып тасталуын қадағалаңыз. Іс жүзінде, бейімділікті мүлдем шектей отырып шыннайы таныстырмалы іріктеме жүргізу

қиынға соқпақ. Бейімділіктің деңгейін минимумға жеткізу үшін қандай әрекеттер жасай аламыз?

Іріктеме бейімділігінің үш түрін ерекше атап көрсете аламыз (негізгі шарттарымен 8.1 негізгі ұғымдар тақырыбында таныса аласыз).

1. *Егер де арнайы немесе кездейсоқ емес іріктеме тәсілі қолданылған болса:* іріктемені таңдауда кездейсоқ емес тәсіл қолданылса адамның жеке пікірлері контингенттің кейбір мүшелерін басқаларына қарағанда көбірек таңдап алынуына ықпал етеді. Бейімділіктің осы түрінің алдын алуды – төменде анықтамасы берілген ықтимал/кездейсоқ іріктеу тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асыруға болады.

2. *Егер іріктеме негізі үйлесімсіз болса:* Егер іріктеме негізі жан-жақты болмаса немесе үйлесімсіз, немесе басқа себептердің салдарынан кемшіліктері бар болса таңдап алынған іріктемеде ықтимал/кездейсоқ іріктеу тәсілдері қолданылған болса да, контингентті таныстыра алмайды.

3. *Егер іріктеме мүшелерінің кейбіреулері қатысудан бас тартса немесе олармен байланыс құру мүмкін емес болса:* басқа сөзбен айтқанда, егер ешқандай жауап болмаса: Жауап бермеуге қатысты мәселенің қатысуға келісім бергендер мен қатысуға келісім бермегендер арасында айырмашылықтары өте көп. Кейбір айырмашылықтар зерттеу сұрағы немесе сұрақтарына қатысты бірдей болуы да мүмкін. Егер бұрынғы дайын деректер қолда бар болса, соңғысына жауап бермегендердің деңгейіне қа-

рап, алынған нәтижеде іріктеменің толық контингенттен қаншалықты айырмашылығы бар екенін білуге болады. Бұл әдіс көбіне жынысқа, жасқа немесе университеттің студенттері арасынан алынған іріктеменің ерекшеліктері білгілі бір факультет мүшелерін толықтай

ұсына білуіне қатысты сипаттама беруде қолданылып жатады. Алайда, қарым-қатынастар немесе әрекет үлгілері тәрізді «терең» факторларға қатысты жауап берілмегенде контингент пен іріктемелер арасында айырмашылықтардың бар немесе жоғын анықтау өте қиын.



Іріктеме тәсіліндегі қателік

Таныстырмалы іріктемені таңдау үшін жүргізілген іріктеме тәсіліндегі қателікті анықтау үшін 8.3-8.7-сызбаларын қарастырайық. 200 адамнан тұратын контингент бар дейік және бізге олардың ішінен 50-уін іріктеп алуымыз керек. Осы контингент арасында адамдарды құнсыз операны қарайтынын және қарамайтынын ескере отырып екіге бөліп, құнсыз операны қарайтын және қарамайтындардың деңгейін көрсететін айнымалыларды анықтауға ниет білдірдік дейік. Осылайша адамдар саны тік сызықпен екіге бөлініп көрсетілген (8.3-сызба). Егер таныстырмалы іріктеме жүргізілген болса, біз таңдап алған 50 іріктеме осы айнымалыға қатысты теңдей екіге бөлінеді (8.4-сызба). Егер іріктемеде аз ғана мөлшерде қателік орын алған болса, кестеде құнсыз операны қарамайтындар саны бір адамға көп, ал қарайтындар саны бір адамға аз болып беріледі және нәтижесін 8.5-сызбадан көре аламыз. 8.6-сызбада құнсыз операны қарайтын адамдар санының шамадан тыс артып кеткенін көреміз: қарайтындар саны үш

адамға артып, ал қарамайтындар саны үш адамға кеміген. 8.7-сызбада құнсыз операны қарамайтын адамдардың шамадан тыс дәрежесін көреміз: кестеде 35 адамның қарамайтыны көрсетілген, ал мысалға гөре бір іріктемеде 25 адам ғана болатынын ескерсек, бұл өте үлкен айырмашылық болып табылады.


Жоғары айтып кеткенімдей, ықтимал іріктеме орын алатын қателіктердің алдын алмайды және алдын алу мүмкіндігі жоқ екенін біле жүргеніміз дұрыс. Тіптен тиісті түрде өңделген ықтимал іріктеме болса да, ықтимал қателік деңгейі міндетті түрде орын алып отырады. Дегенмен ықтимал іріктеме арнайы іріктемеге қарағанда қателіктердің алдын алу деңгейі жағынан басымдырақ және 8.7-сызбада көрсетілгендей жоғары дәрежелі қателіктердің орын алуына жол бермейді. Сонымен қатар, ықтимал іріктеме тәсілі зерттеушіге статистикалық маңызды тестілерді қолдануға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде іріктеме таңдалып алынған іріктеме жайлы қорытынды жасау қолайлығын тудырады. Бұл жайлы 15-тарауда қарастырылады.

8.3-сызба

200 контингенттің арасында құнсыз операны қарайтындар

Құнсыз операны қарайтындар

Құнсыз операны қарамайтындар




8.5-сызба

Аз ғана іріктеме қателігіне мысал

Құнсыз операны қарайтындар

Құнсыз операны қарамайтындар




8.4-сызба

Іріктеме қателігі кездейпайтын мысал

Құнсыз операны қарайтындар

Құнсыз операны қарамайтындар




8.6-сызба

Біршама орын алған іріктеме қателігіне мысал

Құнсыз операны қарайтындар

Құнсыз операны қарамайтындар



Ықтимал іріктеменің түрлері

Университет студенттер арасында алкогольді ішімдік қолдану дәрежесінің көрсеткішін және қолдану деңгейіндегі өзгерістерге қатысты айнымалыларды

білуге қызығушылық таныттық дейік. Біз зерттеуімізді ең жақын университеттердің бірінде жүргізуге шешім қабылдауымыз мүмкін. Демек біздің

мен N (9000) арасынан әртүрлі n (450) кездейсоқ сандар таңдап алыңыз;

6. n (450) сандары берілген студенттер іріктеме қорытындысын құрайды.

Осы үдерісте екі қадам ерекше таң қалдырады. Біріншіден: нәтижені адамдардың араласып бейімдеулеріне ешқандай мүмкіндік берілмейді. Студенттер жылы шырайлы және тез арада кездесуге қолайлы критерийлеріне қарай таңдалмады. Сұхбат алынатындарды таңдау тікелей механикалық түрде жүзеге асты. Екіншіден, бұл үдеріс студенттердің уақытына немесе басқа да талаптарына тәуелді емес. Іріктеме тізіміне енуі үшін студенттердің сұхбат алушыға жақын жерлерде болулары талап етілмеді және таңдау үдерісі олардың келісімінсіз жасалды. Тек қана сұхбатшы олармен хабарласқанда ғана олар өздерінің әлеуметтік сауалнамаға қатысатындарын біліп жатты.

Бесінші қадам кездейсоқ сандар кестесін қолданылуға болатынына кеңес береді. Мұндай мысалдарды көптеген статистикалық мәліметтердің қосымша бөлімдерінде кездестіруге болады. Кестелер бес таңбалы сандар тізбегінде мынадай түрде бола алады:

09188
90045
73189
75768
54016
08358
28306
53840
91757
89415

Осы арада бірінші назар аударатынымыз – берілген сандардың барлығы бес таңбалы сандар, бізге олардың ішінен іріктеп алуға болатын максималды сан 9000, ал бұл төрт таңбалы сан. Берілген кездейсоқ сандардан 09188 және 08358 басқалары біздің қолданысымызға жараммайды, тіптен бірінші санның өзі максималды саннан да асып кетіп отыр. Осы арадағы тиімді шешім өте қарапайым: біз тек қана төрт таңбалы сандарды алу керекпіз. Берілген сандардан тек қана соңғы төрт таңбалы сандарды алып қарайық:

9188
0045
3189
5768
4016
8358
8306
3840
1757
9415

Алайда екі санның – 9188 және 9415 – 9000 асып кеткенін көреміз. Біздің тізімде осы сандармен нөмірленген студенттер жоқ. Шешімі оп-оңай: бұл сандарды назардан тыс қалдырамыз. Осылайша 45 санымен нөмірленген студент біздің іріктемеде бірінші болып белгіленеді, 3189 нөмірлі студент келесі, одан кейін 5768 және осылай әрі қарай жалғаса береді.

Дегенмен бұл үдерістің өзі біраз бұралаң жолмен жасалғаны көрініп тұр, сондықтан, кейбір жағдайларды жүйелі іріктеме үдерісімен алмастыруға болады (келесі бөлімді қараңыз), соны-

мен қатар, жалпылама түрде тізімдеуді компьютердің көмегімен алмастыру да әбден мүмкін (Ұсыныстар мен қорытындылар бөлімінің «Кездейсоқ сандарды жалпылама» тақырыбын қараңыз).

Жүйелі іріктеме

Қарапайым кездейсоқ іріктеме тәсіліндегі ауытқулар **жүйелі іріктеме** болып табылады. Іріктеменің бұл түрінде бірліктерді іріктеме негізінен тікелей таңдап алуға болады, демек, кездейсоқ сандар кестесін қолданбауға болады.

Біз 20 студент арасынан 1 ғана таңдап алуымыз керек екенін білеміз. Жүйелі іріктемеде 1 мен 20 (қоса санағанда) сандары арасынан кездейсоқ таңдауды бастаймыз және кездейсоқ сандар кестесіндегі сандардың соңғы екі таңбасын ғана қолданамыз. Егер жо-

ғарыда берілген он санның арасынан іріктеп алатын болсақ, соңғы екі таңбасы 20 немесе одан төмен санды алу керекпіз, ал біздің жағдайымызда құрамында 16 саны бар бірінші сәйкес келетін сан 54016. Осылайша біздің іріктемемізде 16-шы студент бірінші болып тіркеледі, әрі қарай әрбір жиырмасыншы студент тізімге енгізіледі және жүйелі түрде былай көрсете аламыз:

16, 36, 56, 76, 96, 116, т.б.

Бұл тәсіл студенттерді нөмірлеп, кейін кездейсоқ таңдау тәсілімен анықталған сан бойынша студенттің аты-жөнін іздеу қажеттілігін тудырмайды. Алайда іріктеме негізінің реттілігі қарастырылмағандықтан іріктеме нәтижесін бейімдеу мүмкіндігі болатындығын ескерген жөн. Егер қандай да бір реттілік қажет болса, үдерісті қайтадан жасау ең дұрыс шешім болмақ.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Кездейсоқ сандар құрастыру

Мәзмәтінде сипатталған кездейсоқ сандар құрастыру тәсілі классикалық тәсіл ретінде де қарастырыла алады. Бірақ, кездейсоқ сандар құрастырудың тиянақты және жылдам жолы – компьютерлік бағдарламаны қолдану. Мысалы, желіде мына сілтеме бойынша қолданысы өте оңай бағдарламамен кездейсоқ сандар құрастыруға болады: www.psychicscience.org/random.aspx (2010 жылдың 9 тамызынан қолданыста).

Егер сіз 9,000 тұрғын арасынан 450 нысан таңдап алуыңыз керек болса, құрастыру сөзінен кейін 450 санын қойыңыз, әрі қарай кездейсоқ бүтін сандар бөлімінде бастапқы деген жерге 1 санын және ақырғы сан түймесіне 9000 санын енгізіңіз. Сонымен қатар қондырылған мәзірде сандардың «қайталанбау» шартын да белгілеңіз, бұл кездейсоқ алынған сан тек қана бір рет таңдалып алынады дегенді білдіреді. Әрі қарай ALPHA немесе SANAУ түймесін басыңыз, 450 кездейсоқ сандар тізімінің жеке кестеде Қорытынды ретінде шығарылғанын көресіз. Осы берілген сандарды құжатыңызға көшіріп алуға болады.

Бөліктелген кездейсоқ іріктеме

Университет студенттеріне ойша жүргізіп отырған зерттеуімізде қол жеткізуді қалауымыз мүмкін бір ерекшелік – іріктемеде студенттердің әртүрлі факультеттерді таныту сәйкестігінің болуы. Студент оқып жүрген пән ішімдікке қатысты ерекшеліктерді зерттеуге қатысты деп алынуы мүмкін. Кездейсоқ іріктеме немесе жүйелік іріктеме арқылы осындай таныту сәйкестігін есептеп шығаруға болады, мысалы, іріктемедегі гуманитарлық бағыттағы студенттердің санының студенттер контингентіндегі санымен бірдей болуы немесе тағы осы сияқты сәйкестіктерді бере алады. Мысалы, гуманитарлық факультетте 1800 студент бар болса, 20 адам арасынан 1 таңдап алу іріктемесіне орай біз тізімде осы факультеттен 90 студенттің болатынын болжай аламыз. Алайда іріктемеде орын алып жататын қателіктерге байланысты дәл осындай нәтижеге қол жеткізе алмайтын тәріздіміз, сондықтан біраз ауытқуларды ескере отырып, осы

факультеттен шамамен 85 немесе 93 студенттің қатысуы мүмкін.

Университетте студенттердің әрқайсысын қайсы факультетте оқитынына қарай реттеп, міндетті түрде жазба жүргізілетіндіктен немесе әрбір факультетте жекеше іріктеу негіздері болатынын ескере отырып, студенттердің белгілі бір факультет тізімінде болатынына сенімді бола аламыз. Іріктеме тілінде айтатын болсақ, бұл контингентті критерийлері бойынша бөліктеу (біздің мысалымызда факультет тізімі) және әрбір бөліктен қарапайым кездейсоқ іріктеме немесе жүйелік іріктеме тәсілін қолданып таңдап алу. Осы қарастырылып отырған мысалда егер бес түрлі факультет болатын болса, біз бес бөлік бойынша қарастырамыз, 8.1-кестеде көрсетілгендей әрбір бөлікте факультеттің толық санынан бірдежиырма есебі алынады және нәтижеде қарапайым кездейсоқ іріктеменің болжалды қорытындысын көре аламыз, ал бұл өз кезегінде студенттерді факультеттерге бөлу арқылы барлық контингенттерді анық көрсетеді.

8.1-кесте

Бөліктелген іріктеменің артықшылықтары

Факультет	Контингент	Бөліктелген іріктеме	Болжалды қарапайым кездейсоқ немесе жүйелі іріктеме
Гуманитарлық	1,800	90	85
Әлеуметтік ғылымдар	1,200	60	70
Теориялық ғылымдар	2,000	100	120
Қолданбалы ғылымдар	1,800	90	84
Инженерлік	2,200	110	91
Жалпы	9,000	450	450

Осы қарастырылып отырған мысал сияқты жағдайларда бөліктелген кездейсоқ іріктеменің басымдылығы анық білінеді: бұл таңдап алынған іріктеменің контингентті бөліктеу критерийлерімен бірдей болып жіктелетінін білдіреді. Егер сіз кездейсоқ іріктеме немесе жүйелік іріктеме должарын таңдаған болсаңыз соңында осындай бөліктелген іріктеме түрінде жіктеулерді құрастыра аласыз, алайда әрқашанда мұндай нәтижелердің болуы екіталай. Осы арада маңызды екі пунктті айта кетейік. Біріншіден, егер бірліктерді анықтау және бөліктерге жіктеу айтарлықтай оңай болса, сіз бөліктелген іріктеме тәсілін соншалықты тиімді қолдана аласыз. Егер жіктеу, анықтау қиынға түсетін болса немесе мүмкін емес жағдайда, бөліктелген іріктеме тәсілі жүзеге аспайды. Екіншіден, сіз бірнеше бөліктеу критерийлерін қолдана аласыз. Мысалы, факультет пен жыныс арасында немесе факультетте сту-

денттер мен аспиранттар болуына қарай бөліктеу тәсілін қолдануыңызға болады. Егер студенттерді осындай бөліктелген критерийлеріне қарай жіктеу мүмкін болса, критерийлерді жұптап немесе одан да көп түрде алып қолдануға болады (мысалы, факультет мүшесіне қосымша жынысы және студент немесе аспирант болу критерийлеріне қарай да бөліктеуге болады).

Бөліктелген іріктемесі тек қана орынды ақпаратқол жетімді болғанда ғана жүзеге асады. Басқаша айтқанда, контингент мүшелерін бөліктелген критерийлеріне (немесе критерийіне) орай анықтауға болатын мәліметтер бар болса, осы тәсілді қолдану мақсатқа сай болмақ. Алайда, бөліктеуге қажет ешқандай дайын деректер жоқ болып және контингент мүшелерін бөліктеу мақсатында біршама ауқымды жұмыстар атқарылатын болса, бұл экономикалық жағынан тиімді болмас еді.



Студент тәжірибесінен

Студент жобасындағы ықтимал іріктеме

Джой Томпсон өзінің және оның командасы мүшелерінің Шығыс Англия Университетінің жатақханасында тұратын студенттер арасында зерттеу жүргізуде **кездейсоқ-бөліктеу іріктеме тәсілін** қалай қолданғандары жайлы жазды. Төмендегі берген түсініктемесінде ол жатақханада студенттерді қатыстыруға қолданылған жүйелі іріктеме тәсілі жайлы мәлімет беріп отыр:

Қай жатақханаға команданың қай мүшесі барып сауалнама жүргізетінін шешуде кездейсоқ-бөліктеу іріктеме тәсілі қолданылды. Іріктеменің бұл түрі анық нәтиже беретін еді, себебі сұхбат алушының қай жатақханаға баратынын нақтылауға/бейімдеуге ешқандай мүмкіндік бермейтін еді және зерттеудің сипатына да толығымен келіп тұрды.

Сұхбат алуда «кездейсоқ серуен үдерісі» деген атпен танымал кездейсоқ-бөліктеу іріктеме тәсілі қолданылды. Зерттеу тобының әрбір мүшесі іріктемедегі үлесі ретінде 4 пен 8 арасында бір санмен нөмірленді: менің үлесіме 7 саны және «Коулмен үйі, блок 1» мекенжайындағы жатақхана тиді. Демек бұл, менің Колумен жатақханасына барып

7 есікті, әрі қарай 14 есікті, осылайша үстіне 7 қосып отырып, бес адамнан сұхбат алып біткенше жалғастыруым керек екенімді білдіреді. Егер мен 6 есікке келгенімде ешкім есік ашпаса, бірінші бөлмеге қайтып келіп басынан бастап қайтадан есіктерді қағып шықтым, бірақ қайтадан сол есікті қақпас үшін әр кезінде бір санға арттырып отырдым. Бұл іріктеу тәсілі стандарттау, сенімділік және заңдылықтың қағидалары негізінде анықталды.



Дэжойдың зерттеу жұмысымен толығырақ танысу үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Көп сатылы кластерлік іріктеме

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, мысалда сұхбат алынатын студенттердің барлығы бір университет жатақханасында орналасады. Сұхбат алушылар іріктеп алынған студенттермен сұхбат жүргізуге келісулері керек, олардың бәрі бір-біріне жақын орналасқандықтан (тіптен университет пен жатақхана арасы қосылған) аса көп жол шығыны жұмсалмайды. Дегенмен, студенттер арасында ұлттық деңгейде іріктеме жасауды ойлап көріңіз. Демек сұхбат алушылардың Ұлыбритания территориясы бойынша басынан аяғына дейін іріктеліп алынған студенттерден сұхбат алу үшін жол жүрулері керек болады. Бұл зерттеу жүргізуге ауқымды уақыт мөлшері мен қомақты қаржыны талап етеді. Мұндай жағдайлар шашырап орналасқан контингент арасынан, мысалы, бір ұлт тұрғындарынан, үлкен аймақтың тұрғындарынан немесе тіптен үлкен қаланың тұрғындарынан іріктеп алынған қатысушылардан сұхбат алу көзделгенде көп орын алып жатады.

Осы сияқты ықтимал проблемаларды шешудің бір жолы – **кластерлік іріктеме** тәсілін қолдану. Кластерлік іріктемеде бастапқы іріктеліп алынатын бірлік (іріктеу үдерісінің бірінші қадамы) – іріктеп алынуы керек контингент бірліктері емес, сол бірліктердің тобы болып табылады. Дәл осы кейінгі топтар немесе топтастырылған контингент бірліктері *кластерлер* деп аталады. Мысалы, ұлттық деңгейде 5000 студентті таңдап алуға өкіл іріктеме жүргізуді ойластырайық. Қарапайым кездейсоқ іріктеме немесе жүйелік іріктеме арқылы кең аймақта шашырап орналасқан іріктемеге қол жеткіземіз, ал бұл өз кезегінде сұхбат алушылардың көп жолға шығуын талап етеді. Осы арадағы тиімді шешім – бірінші университеттерді іріктеп алып, әрі қарай сол таңдалып алынған университет студенттері арасында іріктеме жүргізу. Ықтимал іріктеме тәсілі әрбір қадам барысында қолданылып отырады. Демек барлық университеттер арасынан біз кездейсоқ түрде он университет іріктеп аламыз, осылайша он кластер алға шығады және әрбір университеттен кездейсоқ тәсілмен

таңдалып алынған 500 студенттен сұхбат алатын боламыз.

Әрі қарай төменде берілген он университет іріктеуден өтті деп алайық:

- Глазго Каледония
- Эдинбург
- Тиссайд
- Шеффилд
- Суонси Университетінің колледжі
- Лидс қаласы университеті
- Ольстер Университеті
- Лондон Университетінің колледжі
- Саутгемптон
- Лафборо

Бұл тізім жақсы жасалған, дегенмен, он университет бір-бірінен өте алыста орналасқандықтан сұхбат алушылардың көп сапарға шығуларын талап етеді. Солтүстік америкалық және австралиялық оқырмандар бұл уни-

верситеттің орналасуларын Ұлыбританияның аймақтық картасынан қарап өте жақын орналасқан деп ойлаулары мүмкін!

Осы арада ең тиімді бір шешім – барлық Ұлыбританиялық университеттерді стандартты аймақтарға топтастырып (осы тәсілге мысал ретінде 8.1 зерттеу нысанын қараңыз) және кездейсоқ іріктеме арқылы екі аймақты таңдап алуға болады. Әр екі аймақтан бес университеттен іріктеп алып, қосындысында шығатын он университеттің әрқайсысынан 500 студенттен таңдап алуға болады. Осылайша басқаша жолдар алға шығады:

- Ұлыбританиялық университеттерді стандартты аймақтарға топтастыру және екі аймақты іріктеп алу;
- Әрбір екі аймақтан бес университеттен іріктеп алу;
- Әрбір он университеттен 500 студенттен іріктеп алу.



8.1 Зерттеу нысаны

Көп сатылы кластерлік іріктеме мысалы

Заманауи Британиядағы әлеуметтік тап жайлы өздерінің зерттеуінде Маршал және басқалары (1988: 288) «күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне жатпайтын, 16-64 жас аралығындағы ерлер мен 16-59 жас аралығындағы әйелдер арасынан, кездейсоқ тәсілмен іріктеп 2000 адамнан сұхбат алуға» іріктеме жүргізу жобасын жасады.

- Сайлау округін іріктеу
 - Сайлау округтері стандартты түрде аймақтарға топтастыру арқылы жүзеге асты (барлығы он бір).
 - Округ контингенттері тығыз орналасқан стандартты үш аймақтың біреуінен таңдап алынды.
 - Бұл топ бөлімшелері өткен жалпы сайлауда саяси партияның осы сайлау округін ұсынуға дауыс беруіне қатысты қайтадан құрылды.
 - Әрі қарай бұл топ бөлімшелері жекеменшік шаруашылықтарының пайыздық көрсеткіштерінің жоғары болуына қарай тізімделді.
 - 100 сайлау округтері таңдап алынды.

- Осылайша сайлау округтері төрт ерекшеліктеріне орай жіктелді: стандартты аймақ; контингенттің орналасу тығыздығы; соңғы жалпы сайлауда дауыс берген саяси партия; жеке меншік пайызы.
- Дауыс беру аймағын іріктеу
 - Іріктеп алынған әрбір сайлау округтерінен екі дауыс беретін аймақ таңдалып алынды.
- Жеке тұлғаларды іріктеу
 - Әрбір дауыс беру аймағынан он тоғыз мекенжай жүйелі іріктеме әдісімен таңдалып алынды.
 - Әрбір мекенжайдан бір адам алдын ала анықтау құралдары бойынша таңдалып алынды.

Белгілі бір дәрежеде кластерлік іріктеме әрқашанда көп сатылы тәсіл болып табылады, себебі бірінші кластер іріктеліп алынғаннан соң, әрі қарайғы қажетті іріктеме жасалады, мысалы, таңдап алынған кластерлер бөлімшелерге немесе контингенттер бірліктерге жіктеледі.

Көп сатылы кластерлік іріктеме жайлы көптеген мысалдар бөліктеме тәсілін алға шығарады. Мысалы, біз университеттерді «ескі» немесе «жаңа» деп топтастыратын болсақ, олардың ресми жарғыларын 1991 жылғы Жоғары білім жайлы жаңа құрылымға қатысты қабылданған Жоғары Білімге арналған Ақ Қағаз жарғысы шыққаннан бұрын немесе кейін алғандарына қарай бөлеміз (White Paper for Higher Education, *Higher Education: A New Framework*). Демек, бізге қажетті университеттер тізімін әрбір екі аймаққа және ескі/жаңа критерийлеріне қарай топтаймыз, әрі қарай әр аймақтың екі бөлімінен екі немесе үш университеттен таңдап аламыз.

8.1 зерттеу нысанында көп сатылы кластерлік іріктемеге мысал қарастырылған. Ол мысал үш сатыдан тұрады:

сайлау округтерін іріктеу; дауыс беретін аймақтарды іріктеу; жеке тұлғаларды іріктеу. Белгілі бір дәрежеде төрт сатылы десек те болады, себебі бірінші дауыс беретін аймақтардан мекенжайлар іріктеліп алынып, тек қана содан кенін осы мекенжайлардан жеке тұлғалар іріктеліп алынды. Алайда Маршал және басқалары (1988) өздерінің іріктеме стратегиясын тек қана үш қадам көрсету арқылы ұсынып отыр. Сайлау округтері төрт критерийлеріне қарай жіктелді: стандартты аймақ, контингенттің орналасу тығыздығы, дауыс беру ерекшелігі, жеке меншік.

Көп сатылы кластерлік іріктеменің басымдылығын анық білетін боламыз: қарапайым іріктеме немесе жүйелік іріктемеге қарағанда бұл тәсіл сұхбат алушыларға географиялық жағынан жинақы болуға мүмкіндік тудырады. Бөліктеме тәсілінің басымдылығы кластерлерінің топтарға бөліну мүмкіндігімен маңызды орын алады. Алайда, өте нақты іріктеме стратегиясы қолданылған болса да қателіктің алдын алу мүмкін емес, бұған 8.2 зерттеу нысаны мысал бола алады.



8.2. Зерттеу нысаны

1992 Британиядағы қылмыстық істерге шолу

Британиядағы қылмыстық істерге шолу (БҚШ) – Ішкі Істер Министрлігі тарапынан қаржыландырылатын, ұлттық іріктеме негізінде Англия және Уэльс тұрғындары арасында тұрақты түрде жүргізіліп тұратын шолу. Шолу 1982-2000 жылдар арасында қылмыстың сегіз түрі бойынша жүргізілді және 2001 жылдан бері жыл сайын шолу жасалып келеді. Әрбір жағдайда 10,000-нан астам адамнан сұхбат алынды. Шолудың негізгі мақсаты – қылмыстың құрбандары болған адамдардың басынан кешкендері жайлы мәліметтер жинақтау. Сонымен қатар, іріктемеде таңдалып алынғандардың қылмысқа қарсы көзқарастары мен олардың өздері жасаған қылмыстары жайлы өзіне-өзі есеп беру компоненті де қолданылды. 1992 жылдан бұрын БҚШ іріктеме негізі ретінде сайлаушылар тізімін қолданатын. Сайлаушылар тізімін іріктеме негізі ретінде қаншалықты сенімді болғанымен де проблемалар туындатпай қоймайды: бұл тізім тіркелмеген барлық азаматтарды есепке алмайды және бұл іс Жергілікті Салық мекемелерінің тым қатаң талаптарына (жан басы салығы) орай ушығып кеткен уақытында өз еркімен тіркелмегендер тізімінің арта түсуіне септігін тигізді, себебі көптеген адамдар салық төлемеу үшін ресми түрде көрсетілгендерін қаламайды. 1992 жылы іріктеме негізі ретінде пошталық мекенжай файлы қолданылды және сол уақыттан бері осы негіз қолданылып келеді. Мұның іріктеме негізі ретінде сайлау тізімінен негізгі басымдылығы – мұндағы тізімнің жиі жаңартылып тұратыны. Әрине, мінсіз деп айтуға келмейді, себебі бұл тізімге баспанасыз адамдар кірмей қалады. Біз жоғарыда айтып кеткен БҚШ іріктемесі өз алдына бөліктелген көп сатылы кластерлік іріктеме болып саналады және іріктеме үдерісі 13117 мекенжай арасында жүргізілді. Алайда, басқа да көптеген шолулардағыдай осы шолуда да қамтылмай қалғандар көрсеткіші болды: 13117 мекенжай арасынан 23.3% «занды» сұхбатқа жауап бермеді. Бұл көрсеткіштің жартысына жуығы зерттеуге қатысудан тікелей бас тартқандар болды. БҚШ тиісті түрде өңдеуден өткен және ауқымды іріктеме болғанына қарамастан Эллиот пен Элинг (1997) 1992 жылы осы жасалған шолуды тексеріп шықты және тексеру барысында іріктеме қателігі орын алғанын анықтады. 1991 жылғы санаққа қатысқандарды топтарға бөлу түрін салыстыра отырып кейбір әлеуметтік топтардың айтарлықтай қамтылмағанын анықтады, әсіресе: жеке меншігінде автокөлігі жоқ үй шаруашылықтары мен жеке меншік иелері, жұмыссыз ер адамдар. Және де, Эллиот пен Элинг пошталық мекенжай бөліміндегі мүліктік қылмыс деңгейі өскен сайын, жауап берушілер көрсеткішінің (8.2 негізгі ұғымдар) төмендей түскенін көрсетті. Басқаша айтқанда, қылмыстық деңгейі жоғары аймақтардың тұрғындары сұхбатқа қатысуға аз ниет танытқан. Бұл тенденцияның БҚШ-на қаншалықты әсер ететінін анықтау қиын, дегенмен, осы қысқа мысалдан туындайтын маңызды қорытынды: осы іріктеме сапалы түрде жүргізілсе де, іріктеме және іріктемеге қатысты емес қателіктің алдын алу мүмкін емес. Іріктеме жүргізуде қатандық талаптары үйлесімсіз болса, мысалы, БҚШ-ына таңдап алынғандай сәйкессіз болса, қателіктердің көптен жайылу потенциалы арта түспек.



Кездейсоқ іріктеменің сапалығы

Әлеуметтік сауалнама жүргізуде ықтимал іріктеменің соншалықты маңызды болуының себебі – контингент арасынан таңдап алынған кездейсоқ іріктеме жайлы ақпараттан қорытынды жасауға болатыны. Басқаша айтқанда, контингент іріктемесінен алынған нәтижелерді жалпылама қорытынды ретінде ұсына аламыз. Алайда бұл контингент жайлы деректер мен іріктеме деректерін бірдей деңгейде қарастырамыз дегенді білдірмейді. Егер біз іріктеп алынған 450 студенттер арасында алкогольды ішімдік қолдану деңгейі жайлы мысалды алып және осы деңгейді өткен жеті күнде қолданылған алкогольды ішімдік бірліктерінің көрсеткіші ретінде бақылап қарасақ – (X) іріктеме мүшесі

қолданған бірліктер көрсеткішінің **орташа мөлшерін** анықтай аламызжәне осылайша контингент тарапынан қолдану мөлшерін де көрсете алатымыз, дегенмен, қандай бір қателік шамасы орын алатыны анық. Осы арада айтылып отырған мөлшер немесе нақтырақ айтсақ **арифметикалық орташа көрсеткіш** – орташа жай сан.

Осы мәселені шешуде кейбір негізгі статистикалық көзқарастарды қарастыру маңызды болып табылады. Бұл көзқарастарға Ұсыныстар мен қорытындылар, «Кездейсоқ іріктемені контингентке жалпылама ұсыну» тақырыбында түсініктеме беріледі және іріктеме үдерісінің кең ауқымы талап етілген жағдайда ғана осы көзқарастарды назардан тыс қалдыруға болады.



Ұсыныстар мен қорытындылар


Кездейсоқ іріктемені контингентке жалпылама ұсыну

Қолданылған алкогольды ішімдіктің орташа мөлшері 9.7 бірлікті көрсетті деп алайық (мысалда өткен жеті күнде қолданылған алкогольды ішімдік деңгейінің орташа көрсеткіші). Осы арада туындайтын сұрақ: ықтимал іріктеме тәсілі қолданылған болса да, контингент арасында алкогольды ішімдік қолданудың орташа мөлшері 9.7 болатынына біз қалай сенімді бола аламыз? Егер біз контингент арасынан шексіз іріктеме тізбегін алатын болсақ, орташа көрсеткішпен қарастырылып отырған айнымалының іріктеме бағалары контингент көрсеткішіне қарай өзгеріп отырады. Бұл өзгеріс қонырау үлгісіндегі *қалыпты үлестірім* атымен белгілі ирек сызық түрінде беріледі (8.8-сызба). Бөліктеменің пішінінен іріктеменің орташа көрсеткішінің контингенттің орташа көрсеткішімен бірдей немесе шамалас кластерлерге біріктірілгенін көреміз. Іріктеме орташа көрсеткішінің жартысы контингент көрсеткішімен тең немесе төмен болады, ал қалған жарты бөлігі контингент көрсеткішімен теңдей немесе жоғары деңгейде болады. Сол жаққа (контингент көрсеткішімен тең немесе төмен) немесе оң жаққа (контингент көрсеткішімен тең немесе жоғары) қозғалған сайын қисық сызық төмендеп және іріктеме көрсеткіші өзгеріске ұшыраған сайын контингент көрсеткішінен ауытқуы арта түскенін көреміз. Контингент көрсеткіші аясында іріктеме көрсеткіштерінің өзгерісі – *іріктеме қателігі* болып табылады және статистикада **стандартты қателік**

көрсеткіші атымен белгілі өлшем бірлігімен өлшенеді. Бұл – іріктеменің орташа көрсеткішінің контингенттің орташа көрсеткішінен ықтимал ауытқу мөлшеріне берілген баға.

8.8-сызба

Орташа көрсеткіштің бөлінуі



Ескерту: Іріктеме орташа көрсеткішінің 95%-ы жіңішке сызықтармен көрсетілген бөлігінде орналасқан. SE = көрсеткіште орын алатын стандартты қателік.

Мысалда берілген осы түсініктеме маңызды болып табылады, себебі біздің іріктеме теориясы бойынша білетіміз: барлық іріктеме орташа көрсеткіштерінің 68% контингент орташа көрсеткішінен + немесе – 1 стандартты қателік арасында және барлық іріктеме орташа көрсеткіштерінің 95% контингент орташа көрсеткішінен + немесе - 1.96 стандартты қателік арасында орналасады. Нақ осы екінші көрсеткіш маңызды болып саналады, себебі сұрақ-жауап зерттеушілер статистикалық нәтижелерін жариялағанда осы көрсеткіш жанама түрде болса да қолданылады. Әдетте олар өздерінің нәтижелеріне қаншалықты сенімді бола алатындары жайлы критерийлерде 1.96 стандарт қателігін қолданады. Бұл критерий – контингенттің орташа көрсеткішінің іріктеменің орташа көрсеткішінен + немесе - 1.96 іріктеме қателігі арасында болатынына 95% сенімді болу дегенді білдіреді. Егер нысан ықтимал іріктеме қағидаларын ескере отырып таңдалып алынған болса, контингенттің орташа көрсеткіші іріктеменің орташа көрсеткіші осы көрсеткіштің стандартты қателікке көбейтіліп + немесе - 1.96 аралығында болатынына 95% сенімді бола аламыз. Бұл *сенімгерлік межселдемесі* деп талады. Егер соңғы жеті күнде қолданылған алкогольды ішімдік мөлшері 450 студент арасында 9.7 бірлікке тең болып және стандартты қателік көрсеткіші 1.3 тең болса, біз 95% сенімділікпен контингенттің орташа көрсеткішінің мәнін былайша көрсете аламыз:

$$9.7 + (1.96 \times 1.3)$$

және

$$9.7 - (1.96 \times 1.3).$$

Демек 12.248 және 7.152 арасында болмақ.

Егер стандартты қателік көрсеткіші төмен болса, контингенттің орташа көрсеткішінің ықтимал мөлшері де азая түседі; ал егер стандартты қателік көрсеткіші

молырақ болса, контингенттің орташа көрсеткішінің ықтимал мөлшері де көбірек болмақ.

Егер бөліктелген іріктеме тәсілі таңдап алынған болса, орташа көрсеткіштің стандартты қателігі аз мөлшерде болмақ, себебі контингент критерийлерге жіктеліп немесе критерийлерге байланысты іріктеп ұсынылатындықтан бөліктер арасында айырмашылықтар болмайды. Бұл түсінік іріктеме қателігінің ықтимал көздеріне жол берілмейтіндіктен, ықтимал іріктеме үдерісінде бөліктеменің қосымша үстелімді жұмылдыру жолдарын көрсетеді.

Керісінше бөліктеме тәсілін айналып өткен кластерлік іріктемеде қарапайым кездейсоқ іріктемеге қарағанда орташа көрсеткіштің стандартты қателігі біршама артық болмақ. Себебі студенттер арасындағы ықтимал өзгеріс негізі (басқа университеттерге қарағанда ішімдік қолданудың деңгейіне әсер ететін университеттің мүшесі болу) есепке алынбайды. Мысалы, кейбір университеттерде қалыптасып кеткен дәстүрлер бар, ол дәстүрлерге студенттердің басым бөлігі қатысып, алкогольды ішімдікті аса көп қолданады. Ал егер бұл университеттер кластерлік таңдау нәтижесінде іріктемеге енбей қалған болса, жоғарыда айтып кеткен ықтимал өзгерістің маңызды себебі ескерілмей қалмақ. Демек, іріктеменің орташа көрсеткіші төмен болады, ал бұл өз алдына жеке тақырып.



Іріктеме көлемі

Мен ғылыми зерттеу тәсілдерінің ұстазы және осы салада көптеген кітаптар жазушы ретінде танымал болғанымнан маған әдіснамалық мәселелер жайлы көп сұрақтар қойылады. Басқаларына қарағанда көп қойылатын сұрақтардың бірі таңдама көлеміне байланысты: «менің іріктеме қаншалықты ауқымды болуы керек?» немесе «іріктеме жетерінше ауқымды қамтылған ба?» Іріктеме көлемі жайлы сұраққа бір сөзбен ғана жауап беру мүмкін емес: бұл әртүрлі пікірлерге байланысты және тікелей жауабын табу қиын. Осы сұрақты қоятындар нәтижеде сенімі босқа кеткендей күйде қалып жатады. Мұнан басқа іріктеме көлемі жайлы шешімдер көптеген жағдайларда уақыт пен құн мәселелеріне байланысты. Сондықтан

іріктеме көлемі жайлы бірқалыпты шешімдер уақыт пен құн арасында бірымыраға келуді және нақтылықты талап етеді: осы және үдерісте жалғасын табатын басқа да мәселелерді төменде қарастырамыз.

Абсолютті және салыстырмалы іріктеме көлемі

Іріктеме көлемі жайлы сіздің болжамдарыңызға қарама-қайшы және ең негізгі, сонымен қатар, таң қалдыратын түсініктердің бірі – іріктеменің абсолютті көлемі оның салыстырмалы көлемінен мүлдем басқа болуы. Демек, Ұлыбританияда 1000 жеке тұлғалар арасынан ұлттық деңгейде ықтимал іріктеме жүргізу АҚШ-ның 1,000 жеке тұлғалар арасы-

нан ұлттық деңгейде ықтимал іріктеме жүргізумен бірдей заңдылықтармен жүзеге асады бар және соңғысының контингент саны жағынан әлдеқайда алда болуы бұл заңдылықтарға ешқандай әсер етпейді. Сонымен қатар, іріктеме көлемін арттыру іріктеме нақтылығын да өзгерту дегенмен тең. Бұл Ұсыныстар мен қорытындыларда «Кездейсоқ іріктемені контингентке жалпылама ұсыну» тақырыбында айтылып кеткен контингент арасынан кездейсоқ іріктеменің 95% сенімділік интервалының азаятынын білдіреді. Алайда іріктемені ауқымдырақ қылып алу сенімді нақтылыққа қол жеткізбейді, сондықтан іріктеме көлемін арттыру іріктеменің *ықтимал* нақтылығын да арттыра түседі деп топшылап қана айта аламыз. Демек іріктеме көлемін арттыру іріктеме қателігін азайта түспек. Және де іріктеме көлемі жайлы қабылданатын шешім – зерттеушінің қаншалықты іріктеме қателігіне жол беруге дайын екеніне байланысты. Қаншалықты аз мөлшерде іріктеме қателігіне жол бергісі келетін болса,

соншалықты іріктеме көлемі де ауқымды болуы керек. Алайда Фоулер (1993) осы критерийге қатысты қарапайым шешім қабылдауға қатысты ескерту жасап отыр. Ол зерттеушілердің іс жүзінде іріктеме көлемі жайлы шешімдерін айнymалыға қатысты бір ғана көрқарасқа негіздемейді деп тұжырымдайды. Сұрақ-жауап зерттеулеріне бірден бірнеше көзқараспен тексеріп қарауға ниет білдіріледі, яғни қолданылатын зерттеу құралнамаларынан тұратын айнymалылардың бірнешеуін қарастырады. Сондай-ақ, ол сұрақ-жауап жүргізушілерінің «нақтылап межелеген деңгейін» алдын ала анықтап алуларының қалыпты жағдайға жатпайтынын ескертеді (Фоулер 1993: 34). Іріктеме қателігі бағалауда орын алатын қандай да бір қателіктің бір ғана компоненті болатындықтан, іріктеме көлемі жайлы шешімде нақтылықтың межелеген деңгейін фактор ретінде қолдану түсінігі шындыққа негізделмейді. Есесіне бұл түсінік іріктеме көлемі жайлы шешімде қолданылады және есептеме жүргізілмей, жалпылама түрде қолданылады.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Іріктеме көлемі және ықтимал іріктеме

Алдыңғы мәнмәтіндерде айтып кеткенімдей, осы іріктеме көлемі жайлы мәселе көптеген жағдайларда студенттерге және басқаларына қатысты болып келеді. Негізінде осы қарастырылып отырған тақырыпта көлем шыныменде маңызды – іріктеме ауқымды болған сайын көрнекілігі де басымдырақ болмақ (кездейсоқ таңдап алынған іріктеме қамтылған) және бұл іріктеме жасалған контингенттің көлеміне немесе санына байланысты болмайды. Дегенмен өз ғылыми жобаларын жүргізгенде студенттерге бөлінетін қорлар мөлшері шектеулі болып келеді және бөлінген осы шамалы қорлармен олар зерттеулерін жүзеге асырулары керек. Өз бөліміңіздің нұсқауларынан қамтылуы тиіс іріктеменің ең аз көлемі жайлы қандай да бір ақпараттың бар немесе жоқ екенін анықтауға тырысып көріңіз. Егер ондай нұсқаулар қарастырылмаған болса, сізге бөлінген уақыт пен қорларды ескере отырып, көлемі жағынан өзіңіздің

қысқа зерттеуіңізде жүргізетін сұхбаттарыңызды немесе сауалнаманы пошта арқылы жібергенде іріктеме көлемін максималды түрде қамтуға тырысыңыз. Сонымен қатар, көптеген жағдайларда іріктеме жасауда кездейсоқ тәсілін қолдану сізге қолайлы болмауы мүмкін. Осы арада кідіріп қалмай, өзіңіздің қандай істерді атқарып үлгергеніңізді қарап шығыңыз. Кездейсоқ іріктеменің қолданған жағдайда қандай қиындықтар шығатынын ашық айтып және неліктен қатысушыларды іріктеуде бұл тәсілді қолдана алмағаныңызды түсіндіріңіз. Дегенмен, өзіңіз қолданған және әлі тұрақсыз іріктемелер жайлы шағым айтпау керектігін есіңізден шығармаңыз. Оның таныстырмалы екенін тұжырымдап немесе кездейсоқ тәсіл қолданғаныңызды айтып дәлел келтірмеңіз, әсіресе, бұлар іске аспаған болса бірден білініп қалары анық. Басқаша айтқанда өзіңіздің сол уақытқа дейін жасаған істеріңіз жайлы ғана ашық әңгімелеңіз. Басқалары іріктеме жайлы қате болып шығуы ықтимал шағымыңызды естігеннен гөрі сіздің іріктеме жобасына шектеу қоюыңыздың себебін білуге көбірек ынта танытып жатады. Және де сіз таңдаған іріктеменің басқа да көптеген жақсы сипаттары болуы мүмкін: қатыстырылған адамдар санының көптігі, жауап беру жылдамдығы, фирманың сізбен жоғары деңгейде ынтымақтастық құруы. Сондықтан, өзіңіздің шектеулеріңізді ашық түрде жария етерден бұрын ол іріктеменің жағымды жақтарын біраз атап өтіңіз.

Уақыт және құн

Уақыт және құн ұғымдары осы тақырыпта өзекті мәселеге айналып кетті. Жоғарыдағы тақырыпта іріктеме көлемі қаншалықты ауқымды болса нақтылық та соншалықты анығырақ болатыны жайлы кеңес берілді (себебі іріктеме қателігінің мөлшері азырақ болмақ). Алайда жалпы алғанда 1000 шамасында таңдап алынған іріктеме көлемінде нақтылықтың алар орны елеулі, себебі іріктеменің көлемі төменнен бастап 50, 100, 150 түрінде жоғары қарай жылжиды. Белгілі бір уақыттан кейін, көбіне 1000-ға жақындап қалғанда нақтылықтың артқаны аса байқала бермейді және нақтылықтың артқанын көрсететін деңгейдің ақырындап азайып бар жатқаны да байқалады (осылайша орташа іріктеме қателігі де азая түседі). Іріктеме көлемі жайлы пікір осы нақтылық жалғасын осылай тапқанда уақыт пен құн мәселелерімен терең байланысатан тәрізді, себебі нақтылық

көрсеткішінің барған сайын азаюы тиімсіз ұсынысқа айналмақ. Хазелриг (2004: 85) қысқаша атап көрсеткендей: «Контингент арасынан таңдалып алынған іріктеменің көлемі қаншалықты ауқымды болса, (x)-тің m-ге тең болу ықтималдығы соншалықты арта түседі; бірақ бұл теңесу азайып бара жатқан деңгейде орын алады (демек іріктеменің жоғарғы сатыларының тиімділігі аз).

Жауап бермеу

Өкінішке орай, іріктеме қателігі жайлы ұғымдар осымен шектелмейді. **Жауап бермеу** проблемасының да болатынын әрдайым есіңізде ұстауыңыз керек. Көптеген сұрақ-жауап зерттеулерінде жауап бермеу біршама орын алып жатады. Зерттеуге таңдап алынған іріктеменің тек қана кейбір мүшелері қатысуға келісімін беруі әбден мүмкін. Егер мақсатымыз орай 450 студенттен сұхбат алуға мүмкіндігінше сенімді болғымыз келсе, ендеше шамалап алғанда 20%

жауап бермейтінін топшылап және бұл көрсеткіштің 90 адамды құрайтынын ескерсек, шамамен 540-550 адамды іріктеп алғанымыз дұрыс болады.

Жауап бермеу мәселесі, сондай-ақ, қатысудан бас тартудың өз алдына маңызы бар. Кейбір социологтардың байқауынша әлеуметтік сауалнамаларға қатысу деңгейі (8.2 негізгі ұғымдар) көптеген елдерде азайып барады. Бұл әлеуметтік сұрақ-жауап зерттеулеріне қатысудан бас тартатын адамдарға қарсы тенденцияның артып бара жатқанын білдіреді. 1973 жылы америкалық *Бизнес Уик (Business Week)* газетінде «Қоғам сұхбат алушыларға үнсіздік жариялады» деген қаһарлы тақырыппен мақала жарық көрді. Газеттегілер зерттеу жүргізуші компаниялардан өздерінің тәжірибелерімен бөлісулері жайлы сұрақ қойып, нәтижеде жылдам жауап беру деңгейінің айтарлықтай азайғанын анықтайды. Сонымен қатар, Британияда 1975 жылы Қоғамды Зерттеу және Дамыту Комитетті бойынша Нарықты Зерттеу жұмысшылар партиясы жариялаған мақалада нарықты зерттеу компанияларында да дәл осындай мәселенің орын алып отырғаны жайлы жазылды. Алайда басылып шыққан мақалаға талдау жүргізген Т. В. Смит (1995) көп таралған пікірге қарамастан мұндай құлдыраудың орын алғанына ешқандай тиісті дәлел жоқ екенін айта-

ды. Сондай-ақ, Смит зерттеу тақырыбы, сұхбат түрі, жеке сауалнамаларға қатысушылар санын көбейту үшін жұмсалған күш-жігер деңгейі тәрізді айнаымалылардың арасынан жауап беру деңгейінің жалпы тенденциясын ажыратып қарау өте қиын екенін көрсетті. Алайда, АҚШ-ында көптеген ұдайы бақылауларға жауап бермеу деңгейіне негізделген жауап бермеу тенденциясына байланысты жүргізген шолуда, мұндай сауалнамаларға үй шаруашылығындағы адамдардың қатысу деңгейі азайғаны байқалды (Грувс және басқалары 2004). Тағы бір дәлел Баручтың (1999) 1975, 1985 және 1995 жылдары басқару жүйесін зерттеуге арналған бес ғылыми журналдардағы сауалнамаға негізделген мақалаларды зерттеуінен алынды. Бұл мақала қатысушылар деңгейінің орташа есеппен (көрсеткіш) 55.6% құрағанын көрсетті, алайда осы орташа көрсеткіш айналасында біршама көп ауытқулар қалыптасты. Мысалы, үш жыл ішінде қатысушылардың орташа көрсеткіші 1975 жылы 64.4% құраса, 1985 жылы 55.7%, ал 1995 жылы 48.4/52.2% көрсетті. 1995 жылы 2% көрсеткіш берілді, себебі топ менеджментке қатысты зерттеулерді басып шығарған журналда айтарлықтай үлкен сандар берілді, ал бұл бағытта жауап берушілер деңгейі өте нашар еді: 10% көрсеткіш пен 15% арасында ғана болатын.



8.2 Негізгі ұғымдар

Қатысушылар деңгейі дегеніміз не?

Қатысушылар деңгейінің әлеуметтік сұрақ-жауап жүргізуде жалпылама ұғым болып табылады. Сұхбат алу немесе өз бетінше сауалнама толтыру арқылы сұрақ-жауап зерттеуі жүргізілгенде іріктемедегі кейбір адамдардың қатысудан бас тартуы (осы тақырыпта жауап бермеу деп қарастырылған) қалыпты жағдай. Қатысушылар деңгейі дегеніміз – қатысуға келісім берген іріктеменің қалған пайызы. Алай-

да, қатысушылардың көрсеткішін анықтау осы анықтамада берілгеннен біршама қиындау. Біріншіден, барлық жауаптар есепке алынбайды: қатысушылар тарапынан көптеген сұрақтарға жауап берілмеген жағдайда немесе қатысушының сұхбатқа немесе сауалнамаға байсалдылықпен қарамағаны анық болса, көрсеткіш ретінде тек қана *жарамды* сұхбаттарды немесе сауалнамаларды қабылдау дұрыс болмақ. Сонымен қатар іріктемеге енген тұлғалардың барлығы таралтарға сай, жарай бермейді немесе кей жағдайларда байланыс құру мүмкін емес болып жатады. Осылайша қатысушылар деңгейі былайша есептеледі:

$$\frac{\text{Жарамды сауалнамалар саны}}{\text{толық іріктеме саны} - \text{жарамсыз немесе байланыса алмаған іріктеме мүшелері}} \times 100$$

Жауап бермеу мәселесіне қатысты тағы бір қарастырылатын мәселе – зерттеушілердің өз зерттеулерінде қатысушылар деңгейін арттыруға қаншалықты дайын екеніне байланысты. 10-тарауда жауап берушілер деңгейі шыныменде өте аз болып келетін пошта арқылы сауалнама жүргізуде қатысушылардың деңгейін жақсартуға қатысты бірнеше кеңестер берілген. Алайда сұхбат алуға қатысты қатысушылардың деңгейін арттыру біршама қымбатқа түспек. Тейтлер және басқалары (2003) АҚШ-ында іріктеліп алынған адамдар арасынан қатысушылар деңгейін арттыруға қатысты қолданылған амалдарда кездескен қиындықтар жайлы талқылауларын ұсынып отыр, атап айтсақ: жаңа туылған нәрестенің ата-анасы екеуінен бірге сұхбат алу қиындығы, себебі көптеген жағдайларда ата-аналары үйленбеген. Қатысушылар деңгейінің бастапқы 68% көрсеткіштен 80% артқанына дәлел болғанына қарамастан, контингент арасынан іріктеп алынған ақырғы іріктемеде азаймалы табыстылық еш күмәнсіз орын алғанын анықтады. Басқаша айтқанда іріктеме сипаттамасын жетілдіру сәйкес келмейтін қорлар шығындарын талап етеді. Алайда

бұл қатысушылар деңгейін жақсартуға қатысты ешқандай қадам жасалмау керек дегенді білдірмейді. Мысалы, пошталық сауалнамаға қатысушылар алғашқыда жауап бермегенімен, азғана мөлшерде қосымша қаражат бөлу басқаша нәтиже беретіні сөзсіз. Бреннан мен Чарбоню (2009) Жаңа Зеландиялық контингент арасында өздері жүргізген сауалнамада жауап беру деңгейін жақсартудың пошталық сауалнамаға қатысушыларға кем дегенде екі электрондық хат жолдап қадағалау арқылы да қол жеткізуге болатынына және егер осы сауалнама сұхбат алуға негізделетін болса нәтижеде қатысушылар деңгейінің аз болатынына анық дәлелдер келтірді. Сауалнамамен бірге жіберілген шоколад істің оңға бауына міндетті түрде өз үлесін қосады!

Бұдан бұрын да айтылып кеткендей Барухтың (1999) қатысушылар деңгейі жайлы зерттеуінде анықталғандай социологтар тарапынан жүргізілген сұрақ-жауап зерттеулеріне қатысушылар деңгейінің көрсеткіші әртүрлі болған. Қатысушылар деңгейінің қандай болатынына жайлы алдын ала анық көрсеткіштер беру өте қиын. Барухтың зерттеуі бизнес ұйымдарды зерттеуге

бағытталды және оның байқауынша топ менеджерлерге қатысты зерттеулер жүргізілгенде қатысушылар деңгейі өте төмен. 2.9 Зерттеуінде айтылып кеткен Мәдени капитал және Әлеуметтік шеттету (МКӘШ) жобасы бойынша жүргізілген сауалнама құрамында бастапқы негізгі іріктемеде қатысушылар деңгейі 53% құрады (Бернет және басқалары 2009). Зерттеушілер бастапқы іріктеменің әртүрлі жолдарын қарастырып және олардың бірінде іріктемеге этникалық басымдылық беруді шешті, себебі негізгі іріктеменің ауқымды бөлігінде этникалық азшылық мүшелері қамтылмаған еді. Алайда этникалық басымдылық бөлінген іріктесінің қатысушылар деңгейі негізгі іріктемеге қарағандай әлдеқайда төмен болды. Осыған орай зерттеушілер былай деп қорытынды жазды: «Шыныменде этникалық басымдылықтың кросс-

секциялық сұрақ-жауап зерттеулеріне қарағанда төмен қатысушылар деңгейін көрсету тенденциясы бар» (Томпсон 2004: 10). Демек іріктеменің түріне қарай және сұхбатта немесе сауалнамада қарастырылатын тақырыпқа қатысты қатысушылар деңгейі өзгереді дегеннің мәні бар. Қатысушылардың деңгейін максималды түрде арттыруға барлық күш-жігерін салумен қатар, нәтижелердің бейімділігін ескере отырып қатысушылар деңгейін аздығына қойылатын шектеулерді ашық көрсету керек. Болашақта сұрақ-жауап зерттеу жүргізушілерге қатысушылар деңгейін ауқымды мөлшерде қамтуға ықтимал шектеулер болатыны айтылып жатқандықтан, нәтижелердегі ықтимал бейімдеулерді бағалап және түзетуге көптеген күш жігер жұмсалатын болады (Грувз 2006).



8.3 Зерттеу нысаны

Жауап бермеуге қатысты проблемалар

2006 жылдың желтоқсан айында «*The Times*» газетінде жарияланған мақалада британдық балалардың салмағы жайлы зерттеу жүргізуге жанұялардың зерттеуге қатысудан бас тартулары кедергі келтіріп отырғаны жайлы жазылды. Бұл зерттеу Денсаулық Сақтау Министрлігі тарапынан жүзеге асырылып, нәтижеде 10 немесе 11 жас арасындағылардың 14% салмақ артықтығы бар болса, 17% семіздікке шалдыққаны анықталды. Алайда «*The Times*» жазушысы Денсаулық Сақтау Министрлігі тарапынан мұндай көрсеткіштердің берілуі «салмақ артықтығы мен семіздікке шалдығудың жайылып бара жатқанына жете баға бермеген тәрізді» деп тұжырымдайды (Хоукис дәйексөзінен 2006: 24). Статистикалық мәліметтерде осындай бейімділіктердің орын алу себебі – ата-аналардың балаларына мұндай зерттеулерге қатысуға рұқсат бермеулерімен, әсіресе, салмақ жағынан проблемалары бар балалардың ата-аналары тіптен қарсы болуымен байланысты. Нәтижеде іріктеме салмақ жағынан проблемалары жоқ, аса ауыр салмақ тізіміне енбейтін балалар арасында жүргізілді. Осыдан мақала жазушылары іріктеме бейімділігіне қатысты ағаттықтарға назар аударды, себебі қатысушылар деңгейінің өте аз болғанына қарамастан көптеген балалар семіздікке шалдыққан деп белгіленген.

Контингенттің әртектілігі

Тағы бір жаңа ұғым – іріктеме жүргізілетін контингенттің біртектілігі мен әртектілігі. Контингент бір қала немесе мемлекет деңгейінде қарастырылатындай әр текті болса контингенттің әртүрлілігін көрсету үшін ауқымды іріктеме жүргізілуі керек. Ал егер тек қана студенттер немесе бір мамандық иелері тәрізді іріктеме біртекті болған жағдайда әртүрлілік деңгейі аз және іріктеме көлемі де аз болмақ. Қорыта келе айтарымыз: контингенттер қаншалықты әр текті болса, соншалықты ауқымды іріктеме жасалуы керек.

Талдау түрлері

Зерттеушілер өздерінің қандай талдау түрін қолданатынын естерінен шығармауы керек. Осы арада сөз төркіні болып отырған – **түйіндесу кестесі**. Түйіндесу кестесі екі айнымалының арасындағы байланысты кестемен көрсетеді. Бұл бір айнымалының өзгерісі басқа бір айнымалының өзгерісіне қалай әсер ететінін көрсетеді. Бұның мағынасын терең түсіну үшін Маршал және басқаларының (1988) Британиядағы әлеуметтік таптарға жүргізген зерттеуіндегі кестенің негізгі құрылымын қарастырайық. Бұл зерттеу 8.1 зерттеу нысанында айтылып кеткен болатын. Кесте іріктеп алынған ата-аналардың екеуі де ақылы жұмыста істейтін 589 жұп (1178 адам) арасында жүргізілген зерттеуге негізделді. Авторлардың мақсаты

– Голдтроптың әлеуметтік таптарды жеті категорияға бөлу кестесін қолдана отырып жұптардың қаншалықты бір немесе әртүрлі әлеуметтік тап өкілдері болып табылатынын кестеде көрсету. Нәтижесінде әрбір айнымалы 7 категориядан тұратындықтан **49 тордан** (7 x 7). тұратын кесте құрылды. Әрбір торда жағдайлардың сәйкес мөлшері қарастырылуы үшін біршама ауқымды іріктеме талап етілді. Маршал және басқалары аз іріктеме арасында зерттеу жүргізіп және 150 жұппен ғана шектелді дейік. Егер Маршал және басқалары жүргізген шынайы зерттеу осы 150 жұпқа жүргізілген болса, бұл жұптар кестенің 49 торлары арасында шашырап орналасқан болар еді. Көптеген тор бос қалып немесе аз ғана көрсеткіштермен белгіленген болар еді, ал бұл өз кезегінде кестеде не көрсетілгенін қорытындылауда қиындықтар тудыраары анық. Шыныменде, Маршал және басқаларының нақты кестесінің көптеген тор көздері өте аз белгіленді (8 тор көз 1 немесе 0 санымен белгіленген). Егер олар нәтижеде бұдан да аз мөлшерде жұптар іріктемесін қамтыған болса, бұл мәселе аса айқын білінер еді. Осыдан шығатыны: іріктеме көлемі нәтижеде талап етілетін талдау түріне қарай таңдап алынуы тиіс, мысалы, осы кестедегі тор көздер саны тәрізді мәселелер ескерілуі керек. Осы қарастырылып отырған жағдайға қатысты жасалатын талдаудың сипатына және сұрақтағы айнымалылардың ерекшелігіне қарай ауқымды іріктеме қажет болмақ.



Арнайы іріктеме түрлері

«Арнайы іріктеме» термині – жоғарыда айтылып кеткен ықтимал іріктемелердің заңдарымен қарастырылмаған барлық іріктеме түрлерін қамтитын жалпылама термин. Бұл таң қалдырмайды, себебі термин аясында көптеген әртүрлі іріктеме стратегиялары қамтылған. Олардың бірі: **топтама іріктеме** – кейбір практиктердің айтуынша бұл іріктеме түрі ықтимал іріктеме тәрізді өте тиімді. Осы тақырыпта арнайы іріктеменің үш негізгі түрлерін қарастыратын боламыз: **қолайлы іріктеме, айқындама іріктеме, топтама іріктеме.**

Қолайлы іріктеме

Қолайлы іріктеме – оңай қолдану мүмкіндігі және қол жетімділігіне орай зерттеуші назарына ұсынылған қарапайым іріктеме. Ойша бір мысал алып қарастырайық: университетте сабақ беретін ұстаз-зерттеуші әдетте ұстаздар өздерінің басшыларынан көргісі келетін қасиеттерді білуге қызығушылық танытты дейік. Зерттеуші кейбір дәрісханаларда магистрлік деңгейге білімдерін жетілдіріп жүрген мұғалімдер арасында сауалнама жүргізуді ұйымдастыра алады. Зерттеушінің осы арада барлық немесе барлығына жуық сауалнаманы кері алу мүмкіндігі мол және қатысушылар деңгейі өте жоғары болады. Қол жеткізілген нәтижелер өте қызықты қорытындылар беруі мүмкін, алайда мұндай іріктеме стратегиясында туын-

дайтын қиындық – біз іріктеменің контингенттің қанша көлемін таныта алатынын білмегендіктен, нәтижелерді жалпылама ұсына алмаймыз. Себебі іріктемедегі контингент зерттеушінің айналасындағы ұстаздар тобы және олар барлық ұстаздарды таныта алмайды, олар басқа ұстаздардан тек қана білімдерін жетілдіру үшін сол бағдарламада оқып жүргендерімен өзгешеленеді.

Алайда осы қолайлы іріктеме тәсілі ешқашан қолданбауы керек дегеніміз емес. Осы мысалды дәрісшінің/зерттеушінің ұстаздардың үйірімпаздық артықшылықтарын өлшеуге арналған сұрақтарды жетілдіру мақсатында қойды деп ойлайық. Мұндай зерттеу құралнамаларын зерттеу жұмыстарында қолданар алдында сынақтан өткізіп алған өте дұрыс және негізгі зерттеудің іріктемесі құрамына енбейтін топ арасында бақылау ретінде жүргізіп алу кейбір мәселелерге алдын ала талдау жүргізудің заңды жолы болуы мүмкін. Мысалы, қатысушылардың сұрақтарға бірдей жауап берулері мүмкін бе немесе барлық ұстаздардың белгілі бір сұраққа жауап бермеуі ықтималдығын анықтау. Басқаша айтқанда, осындай мақсаттарда қолдануға қолайлы іріктеме тәсілі өте тиімді болар, дегенмен бұл тәсіл де мінсіз емес. Қолайлы іріктеменің едәуір тиімді болып табылатын екінші бір қолданылыс түрі – қолайлы іріктеме арасынан деректер жинақтауға өте сәтті бір жағдайдың туындауы және бұл жіберіп

алуға болмайтын қолайлы мүмкіндік. Жалпылама мәселесіне қатысты бұл деректер жалпылама түрде ұсынатын шешуші нәтижелер бермейді, дегенмен, әрі қарайғы зерттеулерді дамытуға бастама болып немесе осы салада қолда бар нәтижелермен салыстыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қолайлы іріктеме кей кездері шамалап көрсетілген түрінен де маңызды рөл атқаруы мүмкін. Әрине, ұйымдық зерттеулер аясында қолайлы

іріктеме кең таралған және ықтимал іріктемеге негізделген іріктемеге қарағанда айқынырақ (Браймен 1989а: 113-14). Әлеуметтік ғылыми зерттеу де көбіне қолайлы іріктемеге негізделіп жатады. 8.4 зерттеу нысанындағы мысалда әлеуметтік зерттеуде қолайлы іріктеменің қолданылғанын көреміз. Ықтимал іріктеме көптеген дайындық түрлерін қамтиды, сондықтан көптеген жағдайларда кейбір қиындықтар мен баға мәселесіне орай айналып өтіліп жатады.



8.4 Зерттеу нысаны

Қолайлы іріктеме

Миллер және басқалары (1998) қазіргі замандағы жеке тұлғалылықты қалыптастыратын сатып алу рөліне қатысты теорияларды қарастырды. Осы тақырыпқа қатысты көптеген талқылаулар сауда орталықтарымен (молдармен) байланысты болғандықтан, олар сапалық және сандық зерттеу тәсілдерін қолдана отырып, сатып алушылардың көзқарастарын білу мақсатында Лондонның Брэнт кросс және Вуд Грин деп аталатын екі сауда орталығында зерттеулерін жүргізді. Зерттеудің бір кезеңі сауда орталығынан шығып бар жатқан сатып алушылардан стандартталған сұхбат алумен байланысты болды және сұхбат 1994 жылдың маусым және шілде айларының апта ішіндегі күндері жүргізілді. Зерттеушілер көбіне сатып алушылардан негізгі шығатын есік алдында сұхбат алды, сонымен қатар, қосымша шығатын есіктер алдында да сұхбат алу мүмкіндігін жібермеуге тырысты. Авторлардың мәлімдеуінше: «Біз топтама (төменде қараңыз) немесе кездейсоқ іріктеме жасауға тырыспадық және сұхбатымызды толықтыру үшін қасымыздан өтіп бара жатқан – басқа жаққа қарап немесе жолдарын өзгертіп айналып өтуге тырысқандардан басқа – барлығына сұрақ қойдық» (Миллер және басқалары 1998: 55). Осындай іріктеме түрі де қолайлы іріктемеге жатады, себебі тек қана сауда орталықтарында жүрген адамдар және белгілі бір уақыттарда сатып алуға шыққандар арасынан ғана тандап алынған.

Айқындама іріктеме

Белгілі бір жағдайларда айқындама іріктеме қолайлы іріктеменің бір түрі болып саналады, дегенмен соңғы жылдары көп назар аударылып отырғандықтан, бөліп қарастыру өте орынды болмақ. Іріктеменің осы түрінде зерттеуші зерт-

теу тақырыбына қатысы бар адамдар арасынан кішігірім топпен алғашқы байланысты орнатады және осы топ мүшелерін басқаларымен байланыс құру үшін қолданады. Мен осы тәсілді Дисней тақырыптық паркіне келуші бригандықтар арасында іріктеме жүргізуде қолдандым (Брайман 1999).

8.5 зерттеу нысанында марихуана қолданушыларға айқындама іріктеме жүргізу тәсілі суреттелген және бұл көбіне есірткі қолдануға байланысты классикалық зерттеу деп бағаланады. Беккер осы айқындама іріктемені жүзеге асыру тәсіліне керемет сипаттама берген: «Іріктеме «кездейсоқ» түрде мүлдем жүргізіле алмайды; кездейсоқ іріктемені қолдану тіптен мүмкін емес, себебі қандай сипаттарға байланысты таңдап алу керектігін ешкім білмейді» (Беккер 1963: 46). Беккердің осы арада айтайын дегені (және менің Дисней тақырыптық паркіне келушілерге қатысты зерттеуіме дәл осындай көзқарас орынды) контингент арасынан іріктеме жасап алатындай ешқандай

дайын іріктеме негізінің жоқтығы және осындай іріктеме негізін құруда кездесетін қиындықтардың бірден-бір шешімі – айқындама іріктеме тәсіліне жүгіну болып табылады. Тіпті, Дисней тақырыптық паркіне келуші британдықтар арасынан марихуана қолданушыларды таңдап алуға іріктеме негізін құрастыру мүмкін болса да, бұл іріктеу тиянақсыз және сәйкес болмасы анық, себебі адамдар үнемі қозғалыста: адамдар бірінен соң бірі келіп-кетіп жатады, біз кейбіреулерін марихуана қолданушы деп ойлап және біраз бақылап ол көзқарасымызды өзгертіп жатқанымызда, паркқа жаңа келушілер және шығып бара жатқандар легі толастамай жатады.



8.5 Зерттеу нысаны

Айқындама іріктеме: Беккердің марихуана қолданушылар арасында жүргізген зерттеуі

Ең алғаш 1953 жылы басылып шыққан мақаласында Беккер (1963) өзінің марихуана қолданушыларды қалай іріктеп алғанын жариялады.

Ол былай деп жазды:

«Мен елу марихуана қолданушылармен сұхбат жүргіздім. Зерттеуімді жүргізу барысында бірнеше жылдар бойы кәсіби би саласындағы сазгер болып жұмыс жасадым және алғашқы сұхбаттарымды осы музыка бизнесі аясында кездестірген адамдармен жүргіздім.

Өздерінің тәжірибелерімен бөліскісі келетін басқа да марихуана қолданушылармен мені таныстыруларын өтіндім.... Бірақ, соңында елу сұхбаттың жартысын музыканттар арасында жүргіздім, ал қалған жартысы әртүрлі маман иелері, атап айтсам, лаборанттар, машинисттер және басқа да жоғары кәсіби мамандар арасынан болды» (Беккер 1963: 45-6).

Айқындама іріктемесінде кездесетін қиындық – іріктеменің контингентті таныта білуі екіталай, дегенмен осы арада айтарым – контингент ұғымының өзі кейбір жағдайларда проблема тудырып жатады. Жалпы алғанда айқындама іріктеме сандық зерттеу стратегиясында

қолданылмайды, тек қана сапалық зерттеу стратегиясында қолданылады: Беккер мен менің зерттеу жұмыстарымыз сапалық зерттеу негізі аясында жүргізілген. Сыртқы заңдылық пен жалпылама ұсыну мүмкіндігі сандық зерттеумен салыстырғанда сапалық зерттеуде

айтарлықтай қатаң талаптар қойылып, ұлғайтылмаған (17-тарауды қараңыз). Сапалық зерттеуде іріктеме бағыты осы тарау барысында назар аударылған статистикалық іріктемеге (18.3 негізгі ұғымдарын қараңыз) қарағанда көбіне *теориялық іріктемеден* нұсқау алатындай. Сандық зерттеудегі статистикалық іріктеу тәсіліне қарағанда сапалық зерттеудің теориялық іріктеме стратегиясы мен айқындама іріктеме арасында біршама «ұқсастықтар» бар. Алайда бұл айқындама іріктемесі сандық зерттеуге мүлдем келмейді дегеніміз емес: зерттеуші адамдар арасындағы қатынастарды көрсетуге назар аударған болса осы қатынастарды бақылауда қарапайым ықтимал іріктемеге қарағанда айқындама іріктеу тәсілі көбірек тиімді болмақ (Коулмен 1958).

Топтама іріктеме

Топтама іріктеме әлеуметтік ғылыми зерттеулерде салыстырмалы түрде өте сирек қолданылады, алайда нарықтық зерттеулер мен саяси пікірлерді анықтау тәрізді коммерциялық бағыттағы зерттеулерде өте жиі пайдаланылады. Топтама іріктеменің мақсаты – әртүрлі категориялардағы адамдардың салыстырмалы үйлесім мөлшерін анықтап, контингентті таныта білетін іріктеме жүргізу. Адамдарды, мысалы, жыныстық, этникалық, белгілі бір жас арасындағы топтар, әлеуметтік-экономикалық топтар, тұратын аймақтар және осы аталғандардың өзара байланысы тәрізді ерекшеліктеріне қарай категорияларға бөлуге болады. Дегенмен бөліктелген іріктемеге қарағанда жеке

тұлғаларды іріктеме кездейсоқ түрде жүргізілмейді және іріктемені соңғы өңдеуден өткізу респондентге қалатын іс. Ұлыбритания контингенттерін немесе кейбір таңдаулы аймақтарын топтарға бөлу мағлұматтарын санақ қорларынан және Жалпы шаруашылыққа шолу, Британиялық әлеуметтік көзқарастар және Британиялық үлгілік тұтынушылар шолуы тәрізді шолу қорларынан алуға болады.

Әрбір категорияға (топтама деп аталады) категориялар мен бірқатар адамдарды топтастырып, сұхбат алуға шешім қабылданса, осы категорияларға сай келетін адамдарды таңдап алу сұхбат алушының жұмысы болмақ. Бұл топтамалар әдетте өзара байланысты болып келеді. Бөліктеме іріктеме тәсіліне ұқсас контингенттер топтарға, мысалы, жынысына қарай немесе әлеуметтік тап, жас аралығы және этникалық тұрғысына қарай бөлінуі мүмкін. Категориялардың әрбір бөлімшелерінде қанша контингент болатынын анықтауда санақ деректерін қолдануға болады. Әрбір бөлімшелерде сұхбат алынатындар саны контингентті құрайды. Әрине, әрбір сұхбат алушы тұлғаларды бірден бірнеше бөлімшелерге сәйкес келетіндей таңдап алуға тырысады. Сәйкесінше сұхбат алушы әртүрлі бөлімшелердегі адамдар арасынан дербес бір адамды табуы керектігін біледі, мысалы, сұхбатшының жұмыс алаңы болып бөлінген жерден (Виррал деп алайық) төмен және орта таптағы 25-34 жас аралығындағы бес азиаттық әйел адамды іріктеп алып, сұхбат алады. Сұхбат алушы көбіне арнайы бөлімше талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында адамдардан олардың ерекшеліктері (десе де

гендерлік ерекшеліктері көрініп тұрары анық) жайлы сұрап білуі тиіс. Бөлімше топтамасы (немесе біріккен бөлімше топтамасының) іріктеліп алынғаннан кейін ғана зерттеуші бөлімшеге сәйкес тұлғаларды іздеуін тоқтатады.

Барлық топтамалардың талаптарына сай қатысушыларды таңдап алу сұхбат алушының еркінде болады және топтаманы іріктеп алуды, әдетте, белгілі бір уақыт ішінде аяқтау керек. Сіздердің араларыңызда біреуіңізде көшеде планшетін ақтарып, сұхбат кестесін ұстап келе жатқан адамның сізге жасыңыз, мамандығыңыз жайлы және тағы басқа сұрақтар қойып, тауар немесе басқа да нәрселер жайлы салмақты сұрақтар қояр алдында топтама нұсқасын толтыруға өтініш білдірген жағдайлар кездескен болар. Кей жағдайларда олар сізден сұхбат алмауды жөн көреді, себебі топтама критерийлеріне сай келмеуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайлар топтама қажетінше толықтырылып үлгергенде немесе арнайы ерекшелігі бар адамдар топтама талаптарына сай емес болғанда орын алып жатады.

Топтама іріктемеге қатысты көптеген сындар айтылуда.

- Қатысушыларды іріктеме алу ісі сұхбат алушының еркіне болғандықтан ықтимал іріктемені жақтаушылар топтама іріктеменің таныстырмалы бола алмайтынын айтып тұжырымдайды. Топтама ретінде қаралатындықтан контингенттің ерекшеліктері үстіртін қарастырылуы мүмкін. Алайда адамдарды таңдап алу мәселесінде зерттеушілер адамдардың қаншалықты жылы шырай танытатыны немесе зерттеушінің көздеріне қарап әңгімеге дайын екен-

дерін білдірулеріне өте тәуелді болады (біздің көбіміз жерге қарап және мүмкіндігінше тез басып өте шығамыз, себебі бос уақытымызда басқаларының бізді мазалағанын қаламаймыз).

- Сол мезетте сұхбат алушының маңайында жүрген және сұхбат беруге дайын адамдар талаптарға сай болмауы мүмкін. Сонымен қатар, күндізгі уақытта ақылы жұмыс кестесі бойынша жұмыс істейтін адамдар қатыспай қалу және іріктеп алынғандар типтік жағынан талаптарға сай емес болу тәуекелі де бар.

- Сұхбат алушы қасындағы адамға жақындауға қатысты кейбір ерекшеліктерді, әсіресе жас шамасын ескере отырып пайымдаулар жасап жатады. Алайда мұндай пайымдаулар кей жағдайларда қате болып шығуы мүмкін, мысалы, топтама саны толық емес болғанымен іріктемеге лайық деп табылған адам сұхбатқа қатыспай қалады, себебі сұхбат алушының пайымдауы бойынша ол адам топтамаға сәйкес емес (мысалы, адамның жасы біршама үлкен болып көрінуі мүмкін). Мұндай жағдайлар орын алғанда бейімділік элементінің орын алуы ықтимал.

- Сонымен қатар, әлеуметтік тапты топтаманы бақылауда көптеп қолдану қиындықтар тудыратыны жайлы да айтылып жатыр, себебі сұхбатқа қатысушының әлеуметтік таптарға дұрыс бөлінгені күмән тудырады (Моузер мен Калтон 1971).

- Топтама іріктемесінен туындайтын стандартты қателіктің орташа көрсеткішін анықтау мүмкін емес, себебі арнайы іріктеме тәсілінде контингенттің

ықтимал көрсеткіш деңгейін анықтау мүмкін емес.

Осы сындардың барлығы топтама іріктемесін жақтауға мүмкіндікті азайта түседі және ғылыми зерттеушілер тарапынан аса қолдау тауып отырмағаны анық. Дегенмен бұл тәсілдің де өзіндік жағымды сипаттары бар:

- Салыстырмалы түрде ықтимал іріктемеге негізделген сұхбатқа қарағанда арзанырақ және тез жүзеге асады. Мысалы, сұхбат алушыдан сұхбатқа қатысушылар арасында ұзақ жол жүріп көп уақытын сарп етуін талап етпейді.

- Сұхбат алушылардың алғаш байланыс құруға тырысқанда таба алмаған немесе әңгімелесе алмаған қатысушыларға қайтадан телефон шалуларының қажеті жоқ.

- Қайтадан телефон шалу талап етілмеуі топтама іріктемесін жүргізудің тиімділігін арттыра түседі. Қайтадан қоңырау шалу немесе адамдардың қатысудан бас тартуларын қадағалауға еш қажеті жоқ. Әрине, қатысудан бас тартулар орын алып тұрады, алайда бұл жайлы деректер жазып отыру талап етілмейді (жазба жүргізу мүмкін де емес).

- Жылдамдық маңызды шарт болатын жағдайларда топтама іріктеме басқа да күрделі ықтимал іріктеме түрлеріне қарағанда таптырмас тәсіл болып табылады. Газеттерге көбіне ұлттық іріктемеде дауыс берушілердің арнайы бір тақырып туралы ойларын немесе қандай пікір танытуға ниеттенгендерін біліп тұру маңызды. Күтпеген маңызды жағдайлар орын алғанда, мысалы, 2005 жылы Лондонда болған террористтік

акт тәрізді жағдайлар жаңалықтарда бұқаралық ақпарат көздері адамдардың жеке бас қауіпсіздігі жайлы қандай да пікірін немесе адамдардың жалпылама жауаптарын мүмкіндігінше шапшаң білдіруге тырысып жатады. Осы арада да топтама іріктеме нәтижеге жылдам қол жеткізуге септігін тигізеді.

- Қолайлы іріктемедегідей, жаңа өлшемдерге немесе жаңа зерттеу құралнамаларына қатысты жетілдіру жұмыстарын жүргізуде өте пайдалы. Сонымен қатар, жаңа теориялық пікірлер алға шығаратын зерттеу жұмысында да тиімді түрде қолданыла алады.

- Топтама іріктемеде стандартты қателіктің орташа көрсеткіші есептеп анықтауға келмегенімен, көптеген жағдайларда есептеп шығару мүмкін болып жатады. Моузер мен Калтонның (1971) байқауынша кейбір әлеуметтанушылар топтама іріктемеде кездейсоқ емес тәсілді қолдану мұндай есептеулерге шектеу ретінде қарастырылмауы керек деп тұжырымдайды, себебі зерттеу барысында туындауы мүмкін басқа қателіктерге қарағанда оның қателік көзі ретінде алар орны өте аз (8.9 кестесін қараңыз). Алайда олар кездейсоқ іріктемеде зерттеуші кем дегенде іріктеме қателігінің мөлшерін есептей алатынын және оның потенциалды әсері аса алаңдаушылық тудырмайтынын да атап айтқан.

Кездейсоқ іріктемелермен салыстырғанда топтама іріктемелер көбіне бейімді келетініне біршама дәлелдер бар. Олар жеке секторларда және өнеркәсіп орындарында жұмыс істейтіндерді, әлеуметтің төменгі топ өкілдерін, ең

мөлшерлі жалақы иелерін аз мөлшерде қамтып және үй шаруасындағы балалы әйелдерді, ірі шаруашылықтағы адамдарды асыра ұсынады. Басқа жағынан алып қарасақ, ықтимал іріктемелердің де

көптеген жағдайларда бейімді келетінін мойындаған жөн, мысалы, бұл тәсілде ерлер мен жұмыс істейтін адамдар аз мөлшерде қамтылады деген пікірлер бар (Марш және Скарбру 1990; Батчер 1994).



Жалпылама шектеулері

Көптеген жағдайларда ескере бермейтін пункттердің бірі – іріктемеде ықтимал іріктеме тәсілі қолданылған болса да, кез келген нәтижелер сол іріктеме таңдап алынған контингентке ғана жалпылама қолданыла алатыны. Бұл әрине дәлелдеуді қажет етпейтін анық пункт, бірақ зерттеу нәтижелерінің кең ауқымда қолданылуы жайлы ойлар келетіні анық. Егер біз университет студенттері арасында ішімдік қолдану туралы ойша жүргізген зерттеуімізді алатын болсақ, қол жеткізілген кез келген нәтижелер сол университетке ғана жалпылама қолданыла алады. Басқаша айтқанда, бұл нәтижелерді басқа университеттің студенттеріне жалпылама қолдануда өте абай болуыңыз керек. Университет студенттері арасында ішімдік қолдану деңгейі жоғары (төмен) болуына ықпал ететін көптеген факторлар бар. Мысалы, университетке жақын орналасқан жоғары (төмен) қолданыстағы барлар шоғыры болуы мүмкін, университет кампустар аймағында көп (немесе аз) барлар орналасуы мүмкін, университетте көп (немесе аз) дәстүрлі ішімдік ішу кештері бола алады немесе университет студенттердің көп (немесе аз) мөлшерін таза табысты жұмысқа жалдауы мүмкін. Басқа да көптеген фактор-

лар болуы мүмкін. Сонымен қатар, біз аймақ жайлы да асыра жалпыламауды ескеруіміз керек. Лунт пен Ливингстоун (1992: 173) дағдыларды қайталауға байланысты жүргізген зерттеуін «Оксфордта және маңайында 1989 жылдың қыркүйек айында тұрған 241 адам» арасында пошталық сауалнама арқылы жүргізді. Авторлардың нәтижелері замануи қолданыс құрылымдарына әсерлі түсініктер енгізгенімен біз олардың нәтижелерінің Оксфорд және оның аймағынан тыс жерлерге жалпылама қолданыла алатыны жайлы пікірлерімізде абай болуымыз керек.

Лунт пен Ливингстоунның (1992) мысалын жалпылама ұсынуға тағы да басқа қойылатын шектеулер бар болуы мүмкін. Олар зерттеу 1989 жылдың қыркүйек айында жүргізілгенін жазған. Мәнмәтіндегі осы жазылғанға орай көптеп талқыланатын және қандай да бір баға беру өте қиын мәселе – ол қол жеткізілген нәтижеге қандай да уақыт шектеуі қойылып немесе қойылмайтыны анықталмаған. Біз осы қол жеткізілген нәтижелердің Оксфорд аймағынан тыс жерде жалпылама қолданыла алмайтын (немесе қолданылмауы керектігі) фактісінен басқа, «Ол нәтижелер Оксфорд аймағында қолданылған, бірақ

одан бері біршама уақыт өтті және олар осы күні де сол аймақта немесе басқа жерлерде қолданылатынын болжай алмаймыз» деген пікір айта аламыз ба? Әрине, айта аламыз, себебі қандай да бір көрнекті өзгеріс орын алғанда әрнәрсе өзгеріске ұшырайды деген пікір бар. Кішігірім мысал келтірейік, 1980 жылғы университет студенттерінің қаржыландырылуы мен олардың дербес қаржы жұмсау дағдылары жиырма бірінші ғасырдың бірінші жартысында да студенттерге қолданылады дегенді ешкім ойламаған еді. Табиғи түрде орын алатын

өзгерістерді санамағанда, студенттердің грант оқу жүйесіндегі өзгерістер мен демонстрация студенттердің өз оқуларын қаржыландыру жолдарына өзгертулер енгізді, атап айтсақ жарты күндік жұмыс тәртібіне сену (Лукас 1997), ата-анаға арқа сүйеу немесе несие алу. Бірақ мұндай көрнекті немесе анық өзгерістің орын алғаны байқалмаса да нәтижелердің уақытша сипатының болу ықтималдығы (немесе мүмкіндігі) бар. Мұндай мәселеге түбегейлі зерттеу жүргізілмегенше шешімін табу қиынға соқпақ (Брайман 1989b).



Сұрақ-жауап зерттеуіндегі қателік

«Қателік» – көптеген жағдайларда қолданылатын термин және мына көрсетілген төрт негізгі фактордан тұрады (8.9-сызба).

1. Іріктеме қателігі. 8.1 негізгі ұғымдар тақырыбында анықтамасы берілген. Мұндай қателіктер ықтимал іріктеме тәсілі қолданылған болса да, нәтижеде шынайы таныстырмалы іріктемеге қол жеткізуі екіталай болғандықтан орын алып жатады.

2. Біз іріктемеге қатысты қателік деген сөздің астарында не жатқанын ажырата аламыз. Бұл қателік *іріктемеге қатысты емес қателік* категориясына жатады (8.1 негізгі ұғымдар), бірақ, бұл қателік іріктеу үдерісі барысындағы жұмыстар немесе оқиғаларға және жалпылама мәселелерімен немесе нәтижелердің сыртқы заңдылығымен байланысты туындайды. Мысал ретінде

тиімсіз іріктеме негізі және жауап бермеуді атай аламыз.

3. Зерттеу үдерісін жүзеге асыруда да қателіктер орын алып жатады. Бұл үдеріс *деректер жинақтау қателігі* деп аталады. Қателіктің бұл түріне мыналар жатады: өз бетінше толтырылатын немесе стандартталған сұхбаттарда сұрақтардың айтарлықтай білікті құрастырылмауы; сұхбат алуда тиісті тәсіл қолданылмауы; зерттеу құралнамаларын басқарудағы жетіспеушіліктер.

4. Және соңғысы – деректерді өңдеу қателігі. Деректерді дұрыс қолданбауда орын алады, атап айтсақ, жауаптарды *кодтау барысында*.

Факторларға қатысты қателіктің үшінші және төртінші негіздері іріктемемен байланысты емес, есесіне 7 тарауда айтылып кеткен өлшем бір-

ліктерінің заңдылықтарына қатысты мәселелерге жақынырақ. Әлеуметтік сауалнама жүргізуде осы қателіктер

негізін минимумға келтіру үшін жасалатын қадамдар 9-11 тарауларда қарастырылатын болады.

8.9-сызба



Негізгі ұғымдар

- Ықтимал іріктеме – іріктемені таңдап алуда бейімділіктерді азайту механизмі.
- Іріктеме жайлы әдебиеттерде негізгі қолданыстағы терминдермен таныс екеніңізге көз жеткізіңіз: таныстырмалы іріктеме; ықтимал іріктеме; жауап бермеу; контингент; іріктеме қателігі және т.б.
- Кездейсоқ алынған іріктемелердің маңызды болу себебі – контингентке нәтижелерді жалпылама ұсыну мүмкіндігінің қарастырылғаны және олардың кейбір сапалық белгілерінің болуы.
- Іріктеме көлемі артқан сайын іріктеме қателігі азая түседі.
- Топтама іріктемелер кездейсоқ іріктемелерге тиімді балама ретінде қолданыла алады, алайда олардың кейбір кемшіліктері бар.
- Қолайлы іріктемелерде қызықты деректерге қол жеткізуге болады, дегенмен олардың жалпылама мәселесіне қатысты шектеулерін естен шығармаған дұрыс.
- Іріктеме және іріктемеге қатысты қателіктер әлеуметтік сауалнама жүргізудегі екі қателік түрлері.



Қысқаша шолу сұрақтары

- Мына терминдердің анықтамасын беріңіз: контигент; ықтимал іріктеме; арнайы іріктеме; іріктеме негізі; таныстырмалы іріктеме; іріктеме және қріктемеге қатысты емес қателіктер.

- Іріктеме қандай мақсаттарда жүргізіледі?
- Іріктемедегі ықтимал бейімділіктің қандай түрлері бар?

Іріктеме қателігі

- Таныстырмалы іріктемеге қол жеткізуде іріктеме қателігінің мәні неде?

Ықтимал іріктеменің түрлері

- Ықтимал іріктеме дегеніміз не және неліктен маңызды?
- Ықтимал іріктеменің негізгі түрлері қандай?
- Бөліктелген кездейсоқ іріктеме қарапайым кездейсоқ немесе жүйелік іріктемеге қарағанда қаншалықты нақты болып табылады?
- Егер сіз Манчестер қаласында 500-ге жуық адамдардан сұхбат алып зерттеу жүргізетін болсаңыз ықтимал іріктеменің қандай түрін таңдайсыз және неліктен?
- Зерттеуші көшеде кетіп бара жатқан 5 адамның ішінен 1 адамнан сұхбатқа қатысуын өтінеді және 250 адам іріктеп алмағанша осылай жалғастыра береді. Таныстырмалы іріктемеге қол жеткізу мүмкіндігін есептеңіз.

Ықтимал іріктеменің сапалылығы

- Зерттеуші өзгеріске ұшырауы көзделіп отырған фирманың өндірістік жұмысшылары арасында жұмысына көңілі толу деңгейін білуге ынта танытты. Фирмада 1200 өндірістік жұмысшы қызмет атқарады. Зерттеуші контингент арасынан қарапайым кездейсоқ тәсілмен 10% таңдап алып және қанағат тұту деңгейін Лайкерт шәкілі бойынша он нысанмен өлшеді. Жоғары деңгейде қанағат тұту 5 ұпаймен, ал аз қанағат тұту деңгейі 1 ұпаймен белгіленді. Осылайша орташа жұмысына көңілі толу көрсеткіші 34.3 құрады. Стандартты қателік көрсеткіші 8.58 тең. Сенімділік аралығының 95% нені құрайды?

Іріктеме көлемі

- Ықтимал іріктеме жүргізгенде іріктеменің қаншалықты ауқымды болуына қатысты қандай факторларды ескеретін боласыз?
- Жауап бермеу дегеніміз не және сіздің таныстырмалы іріктемемен аяқтау мүмкіндігіне қатысты маңыздылығы неде?

Арнайы іріктеме түрлері

- Арнайы іріктемелер шыныменде пайдасыз ба?
- Айқындама іріктемесін қандай жағдайларда қолдана аласыз?
- «Топтама іріктемелері нақты кездейсоқ іріктемелерге жатпайды, бірақ таныстырмалы іріктеме ұсынаатынын ескере отырып олардың арасында кішігірім айырмашылық бар және бұл олардың нарық пен қоғамдық пікірлерді зерттеуде кеңінен пайдаланылуымен байланысты». Осы пікірді талқылаңыз.

Жалпыламаға қойылатын шектеулер

- «Контингентке жалпылама ұсыну проблемасы таныстырмалы іріктеме ұсыну мәселесімен ғана шектеліп қоймайды». Осы пікірді талқылаңыз.

Сауалнама жүргізудегі қателік

- «Іріктемеге қатысты емес қателігі, өзінің атынан көрініп тұрғындай, іріктеме үдерісіне қатысы жоқ қателіктер көздері болып табылады». Осы пікірді талқылаңыз.



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Іріктемеге қатысты біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа да веб парақтармен танысыңыз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

9-тарау

Стандартталған сұхбат

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	342
Стандартталған сұхбат	343
Сұхбат алушының жаңылысуынан туындайтын қателікті азайту	344
Ақпараттарды өңдеу жеңілдігі және нақтылық	345
Сұхбаттың басқа түрлері	347
Сұхбат мән-мәтіндері	349
Бірнеше респонденттің қатыстырылуы	349
Бірнеше сұхбат алушының қатыстырылуы	349
Сұхбат алу: бетпе-бет жүздесу немесе телефон арқылы	349
Компьютерленген сұхбат	352
Сұхбат алу	355
Сұхбат кестесін жатқа білу	355
Зерртеуге кіріспе	355
Жақсы қарым-қатынас	356
Сұрақ қою	358
Жауаптарды жазып алу	358
Нақты нұсқаулықтар	359
Сұрақ қою реті	359
Шолу	364
Қосымша көмек	365
Сұхбатты аяқтау	367
Жаттығу және бақылау жұмыстары	368
Стандартталған сұхбатта туындайтын келеңсіз мәселелер	369
Сұхбат алушының ерекшеліктері	369
Жауап беру реакциялары	370
Мағыналық мәселе	372
Феминистік сыни пікір	372
Негізгі ұғымдар	374
Қысқаша шолу сұрақтары	375



Тараудың қысқаша мазмұны

Стандартталған сұхбат – сұхбат алу арқылы зерттеу жүргізудің сан алуан түрлерінің бірі, дегенмен, сұрақ-жауап зерттеулерінде еі көп қолданылатын түрі. Стандартталған сұхбаттың мақсаты – сұхбатқа қатысушылардан сұхбат алуды барынша стандарттау, осылайша кез келген ғылыми зерттеу жобаларына қатысты сұхбат алуда айырмашылықтарды айтарлықтай азайту. Сұхбат алу үлгісінде айырмашылықтардың аз мөлшерде болуын қамтамасыз ететін, стандартталған сұхбатты қалай жүргізу керектігі жайлы көптеген нұсқаулықтар бар. Осы тарауда төменде көрсетілген мәселелер қамтылған:

- стандартталған сұхбаттың сұрақ-жауап зерттеуінде негізгі әлеуметтік зерттеу тәсілі болуының себептері; бұл мәселе өлшем үдерісін стандарттау маңыздылығын қарастыруға алып келеді;
- бірнеше сұхбат алушылардың қатысуы және бетпе-бет жүздесу немесе телефон арқылы жүргізілетін сұхбаттардың түрлі мәнмәтіндері;
- Стандартталған сұхбаттың түрлі алғышарттары, атап айтсақ: сұхбатқа қатысушымен өзара жақсы қарым-қатынас құру; сұрақтарды сұхбат кестесіне сәйкес қою; сұхбатқа қатысушының айтқан сөздерін дәлме-дәл жазып алу; сұрақтардың қойылу реті мен жауаптарды жазып алу тәрізді сұхбат кестесіне қатысты нұсқаулардың бар немесе жоғына көз жеткізу және сұрақ реттілігін сұхбат кестесінен ауытқымай ұстану;
- Стандартталған сұхбаттағы орын алатын келеңсіз мәселелер, атап айтсақ: сұхбат алушының сұхбатқа қатысушыға ықпал етуі және жауаптардағы жүйелі бейімділіктің ықтималдығы (жауаптар жиынтығы деп аталады); тәсілдерге қатысты мәселелер жиынтығын қамтитын стандартталған сұхбатқа қатысты феминистік сыни пікірлер де қарастырылады.

Кіріспе

Қазіргі таңда сұхбат алу – әлеуметтік өмірде қалыпты жағдай және кеңінен таралған, мәселен: жұмысқа қабылдау сұхбаты, бұқаралық ақпарат құралдарының сұхбаты, қоғамдық жұмыстар саласындағы сұхбаттар, полицияның тергеу сұхбаттары, сараптама сұхбаттары. Сонымен қатар, осы және басқа да тарауларда толыққанды қамтылатын (20 және 21 та-

рауларда) – зерттеу сұхбаттары да қарастырылады. Осы сан алуан сұхбаттың түрлерінде сұхбат алушының сұхбатқа қатысушыдан ақпарат алуы және сұхбат жүргізуге байланысты ресми немесе нақты әртүрлі деңгейдегі ережелерді қолдану сияқты кейбір жалпы қасиеттері ортақ қолданыста.

Әлеуметтік зерттеу сұхбатының мақсаты – сұрақ-жауап алғанда сұхбат алу-

шы сұхбатқа қатысушыдан немесе респонденттен жан-жақты ақпарат жинау: сұхбат берушінің немесе басқаларының өздерін ұстауы, әрекеттері; көзқарастары; ережелері; сенімдері; құндылықтары. Зерттеу сұхбатының көптеген түрлері немесе стильдері бар, бірақ сұрақ-жауап

зерттеуінде көптеп қолданылатын және осы бөлімде назар аударылып отырған сұхбат түрі – стандартталған сұхбат. Сұхбаттың басқа да түрлері осы тарауда қысқаша қарастырылып өтеді және кейінгі тарауларда ауқымды түрде қарастырылмақ.



Стандартталған сұхбат

Зерттеу сұхбаты – осы бөлімде басты назарда болатын негізгі дерекқор жиынтығы. Стандартталған сұхбат сандық және сапалық зерттеу жүргізу стратегиясы болып табылады. Сұрақ-жауап жүргізу мүмкіндігінің болуы социологтардың сандық зерттеуде стандартталған сұхбатты (9.1 негізгі ұғымдарды қараңыз) қолдануының негізгі себебі және осы сұхбат түрі – сұрақ-жауап зерттеу құралнамаларын басқаруда екі маңызды сұхбат түрінің бірі болып табылады: оның негізгі түрлері 8.2-сызбада қысқаша көрсетілген. Бұл кесте

осы және 10-тараулардың алғышарттары ретінде қолданыла алады.

Сұрақ-жауап зерттеушілерінің әдетте стандартталған сұхбатты таңдауларының себебі – ол сұрақтарды қоя отырып жауаптарды жазып алуды қатар жүргізуді стандарттау мүмкіндігін тудырады. Бұл ерекшелік сандық зерттеу тұрғысында екі тығыз байланыстағы құндылыққа ие: сұрақ қоюда өзгерістерді енгізу арқылы қателіктер санын азайтады және сұхбатқа қатысушылардың жауаптарын өңдеуде үлкен нақтылық және жеңілдікті қамтамасыз етеді.



9.1 Негізгі ұғымдар

Стандартталған сұхбат дегеніміз не?

Стандартталған сұхбат кей жағдайларда *стандартталған сұхбат* деп те аталады. Стандартталған сұхбатта сұхбат алушының сұхбат кестесін жүзеге асыруы талап етіледі. Оның мақсаты – барлық сұхбатқа қатысушыларға бірдей мағыналы сұрақтар қойылуын қадағалау. Демек, сұхбатқа қатысу ынтасы әрбір сұхбатқа қатысушыда бірдей болмақ. Сұхбат алуда осы тәсілді қолданудың мақсаты – сұхбатқа қатысушылардың жауаптарын топтастыруға болатынына сенімді болу, ал топтастыру сол жауаптар тек қана нақты бір құралдарға сәйкес болуымен жүзеге асады. Сұхбат алушының сұрақтарды дауыстап анық және кестеде көрсетілген реттілікпен оқитыны ұйғарылады. Әдетте, сұрақтар нақты бір тақырыпқа қатысты болып және көптеген жағдайларда сұхбатқа қатысушыларға тиісті жауаптар топтамасын ұсынады (осындай сұрақ түрлері әдетте жабық, жабық аяқталған, алдын ала кодталған немесе алдын ала белгіленген деп аталады). Стандартталған сұхбат сұрақ-жауап зерттеуін жүргізудің қарапайым үлгісі болып табылады.



9.1 Терең пікірлер

Сұрақ-жауап зерттеуінде кездесетін жалпы қателіктер

Сұрақ-жауап зерттеуінде іріктеме қателіктеріне қосымша басқа да көптеген қателік көздері кездеседі. Негізгі қателік көздеріне мыналар жатады:

1. нашар құралған сұрақ;
2. сұхбат алушы тарапынан сұрақтың қойылу тәсілі;
3. сұхбатқа қатысушының жете түсінбеу салдарлары;
4. сұхбатқа қатысушының есте сақтау қабілетінің төмен болу салдарлары;
5. сұхбат алушының ақпаратты жазу үлгісі;
6. ақпаратты өңдеу жолдары: жауаптарды кодтау немесе ақпараттың компьютерге енгізілуі барысында орын алатын қателіктер.

Сұхбат алушының жаңылысуынан туындайтын қателікті азайту

Сұрақ қою мен жауаптарды жазып алу жұмыстарын стандарттау, егер сұхбат тиісті түрде жүргізілген болса, адамдардың жауаптары арасындағы айырмашылық «анық» немесе «шын-найы» айырмашылықтан ғана тұрады және бұл айырмашылықтың орын алуы сұхбат мәнмәтіне қатысты емес. Қарапайым мысал келтіретін болсақ, бізге бір ұғымның көрсеткіші жайында сұрақ қойылғанда, 8-тараудың аяғында айтып кеткеніміздей, қателіктің барынша аз орын алғанын қалаймыз. Біз сұраққа қайтаратын жауаптарды айнамылының белгілері ретінде қарастыруымызға болады. Әрине, бұл белгілер өзгеріп отырады. 8-тараудың негізгі талқылау тақырыбы болған студенттер арасында алкогольды ішімдік қолдануға байланысты мысалдың кейбір пункттері осы арада қарастырылатын сұраққа келуі

мүмкін. Студенттер өздерінің алкогольды ішімдік қолдану көрсеткіштеріне орай ерекшеленеді (9.1-сызбада көрсетілген). Дегенмен, айнаымалы тұрғысынан кейбір қатысушылар тиянақты жүйеленбеуі мүмкін, оның көптеген себептері бар (9.1-терең пікірлер тақырыбын қараңыз).

Айнаымалылар құрамында көбіне қателік элементтері кездесіп жатады, сондықтан айырмашылық екі компоненттен тұрады деген пікір біршама пайдалы болмақ. Бұл компоненттер: анық айырмашылық және қателік. Басқа сөзбен айтқанда:

айырмашылық = анық айырмашылық + қателік салдарынан болған айырмашылық.

Өлшем бірлігінің заңдылығына кері әсер ететіндіктен қателік элементінің барынша аз болуын қамтамасыз ету керек (9.2-сызбаны қараңыз). Егер қателік элементі өте жоғары деңгейде болса (9.3-сызбаны қараңыз) қабылданған заңдылыққа қауіп төнері анық. Стан-

дартталған сұхбатында стандарттау қателігінің маңыздылығы – қателіктерден туындаған айырмашылықтың екі түрі аса анық байқалмауы мүмкін, себебі осы екі түріне қатысты (сұрақ қою және жауаптарды жазу) сұхбат алушының іс-әрекетінде айырмашылық мүмкіндігі аз болмақ: 9.1 терең пікірлерінің екінші және бесінші тармақтары.

9.1-сызба


Айнымалы



Айырмашылық

9.2-сызба

Аз мөлшерде қателігі бар айнымалы




Анық айырмашылық

Қателік айырмашылығы

9.3-сызба

Біршама мөлшерде қателігі бар айнымалы



Анық айырмашылық

Қателік айырмашылығы

Стандарттау маңыздылығы және осыған орай сұхбат алушының айнымалылығын азайтуға мыналар жатады: сұхбаттың сұрағында жаңылысу мен терминдердің екі ұштылығы сияқты келеңсіз жағдайлардың ешқандай қиындық тудырмайтынын болжай отырып (осы сұрақ 11-тарауда қарастырылады), анықталған айыр-

машылықтың максималды түрде респонденттер арасында орын алған анық айырмашылықпен байланысты екеніне және бұл айырмашылықтың стандартталған сұхбат жүргізу барысында сұрақ қоюда немесе жауаптарды жазып алуда туындамағанына сенімді болғымыз келетіні анық. Айнымалылық екі амалдың бірінде орын алуы мүмкін. Біріншіден, *сұхбат алушыға қатысты айнымалылық*, бұл – сұхбат алушы сұрақ қоюда және/немесе жауаптарды жазып алғанда реттілік сақтамауымен орын алады. Екіншіден, екі немесе одан да көп сұхбат алушы жұмылдырылғанда *сұхбат алушылар арасында айнымалылық* болуы мүмкін, бұл – сұхбат алушылар сұрақ қоюда және/немесе жауаптарды жазып алуда өзара реттілікті сақтағанда орын алып жатады. Осы айнымалылардың бірін-бірі жоққа шығармайтыны және мәселелерді одан әрі өрбіте отырып өзара байланыса алатыны сөзсіз. Стандарттау маңыздылығын ескере отырып кейбір әлеуметтанушылардың стандартталған сұхбатты стандартталған сұхбат (мысалы, Оппенгейм, 1992) немесе стандартталған сұрақ-жауап сұхбаты (мысалы, Фоулер және Мангион 1990) деп атауды жөн көрулері аса таңғалдырмайды.

Ақпараттарды өңдеу жеңілдігі және нақтылық

Өз бетінше толтырылатын сауалнамадағыдай көптеген стандартталған сұхбаттар *жабық*, *жабық аяқталған*, *алдын ала кодталған* немесе *алдын ала белгіленген* деген әртүрлі атпен таны-

мал сұрақтардан тұрады. Осы мәселе 11-інші тарауда толығымен сипатталады. Дегенмен, осы сұрақ түрі ағымдағы талқыламада аса маңыздылыққа ие болмақ. **Жабық сұрақтарда** сұхбатқа қатысушыға ықтимал жауаптардың шектеулі нысандары ұсынылады. Басқаша айтқанда, сұхбат алушы қатысушыларға екі немесе одан да көп лайықты жауаптар ұсынып және олардың ішінен біреуін немесе бірнешеуін таңдауына өтініш білдіреді. Шын мәнінде, бұл іс қарапайым жолмен атқарылады: сұхбат алушы респонденттің таңдаған жауабын берілген тор көздерге қанат белгісін қойып немесе дөңгелектеп қоршап немесе осыған ұқсас жолдармен белгілейді. Осы тәжірибенің артықшылығы – сұхбат алушының айнымалылығы азаяды: сұхбат алушының сұхбатқа қатысушының барлық айтқандарын жазып алуының қажеті жоқ және берілген жауапты дұрыс жазбау тәрізді проблемалар туындамайды. Ал, егер *ашық* немесе *анықтама жазуды* талап ететін сұрақ қойылса сұхбат алушы барлық айтылғандарды жаза алмауы мүмкін, айтылғандарды көркемдеп жіберуі мүмкін немесе айтылғандарды дұрыс түсіндірмеуі мүмкін.

Алайда сұрақ-жауап зерттеу мән-мәтініндегі жабық сұрақтың артықшылықтары осы айтылып өткендерден де басым екеніне 11-тарауда көз жеткізе аламыз. Ағымдағы талқылау мән-мәтінінде атап өтер маңыздылыққа ие бір артықшылығы – жабық сұрақтар деректерді өңдеу ісін жеңілдетеді. Ашық сұрақ қойылғанда деректерге сандық талдау жасау үшін жауаптарды іріктеуден

өткізіп және алдын ала кодтау қажет болады. Бұл көп еңбекті талап ететін жұмыс болып қана қоймай, егер бірнеше ашық сұрақтар қойылса немесе біршама қатысушылар жұмылдырылған болса қателіктердің жаңа бір көзінің ашылуына себеп болмақ. Бұл қателік көзі жайлы 9.1 терең пікірлер тақырыбының алтыншы бөлімінде айтылады: қателік жауаптарды кодтау барысында туындаған айнымалы болуы әбден мүмкін. Ашық сұрақтар қойылғанда сұхбат алушы айтылған әңгімені барынша толыққанды жазып алуы тиіс. Сәйкесінше жауаптар бірнеше сөйлем түрінде бола алады. Бұл жауаптар тексеруден өткізіліп, әр тұлғаның белгілі бір сұраққа жауабы басқа қатысушылардың жауаптарымен топтастырыла алатындай әрі қарай категорияларға сұрыпталуы керек. Жауаптың әрбір категориясы жеке санмен белгіленеді, осылайша, жауаптар компьютер дерекқорына енгізіліп, сандық талдау жүргізіледі. Осы жалпы кодтау үдерісін толықтай 11 тарауда қарастыратын боламыз.

Өз кезегінде кодтау да тағы бір қателік көзін алға тартады. Біріншіден, егер **кодтау негізі** деп аталатын жауаптарды категорияларға бөлу ережелері жарамсыз болса зерттеудегі айырмашылық сұхбатқа қатысушының жауаптарындағы анық айырмашылықты танытпайды. Екіншіден, жауаптардың қай категорияға жатқызылғанына байланысты айырмашылық болуы мүмкін. Сұхбат алуға байланысты бұл жерде екі түрі орын алады: *қодтаушылардың ішкі айырмашылығы* – жауаптарды категорияларға бөлуге қатысты ереже-

лерге сай кодтаушылардың уақыт өте келе ауысып тұруы; *кодтаушылар арасындағы айырмашылық* – жауаптарды категорияларға бөлуге қатысты ережелерге сай кодтаушылардың бір-бірінен ерекшеленуі. Егер айырмашылықтың кез келген біреуі (немесе екеуі де) орын алатын болса, респонденттердің жауаптарындағы айырмашылықтың кем дегенде бір бөлігі анық айырмашылыққа жатпайды және осылайша қателікке жол беріледі.

Жабық сұрақтар бұл мәселені мұқият айналып өтеді, себебі респонденттер алдын ала категорияларға бөлінеді. Сонымен, кодтау үдерісі – жауаптың әр категориясын қарапайым жай сандармен белгілеу және сол сандарды компьютерлік дерекқорға енгізу болып табылады. Сондықтан, сұрақтың осы түрі алдын ала кодталған деп қарастырылуы таңғалдырмайды, себебі жауаптарды кодтау шешімі әдетте кесте үлгісінің бір бөлігі ретінде қарастырылады, демек респонденттерге сұрақтар қойылмас бұрын дайындалып қойылады. Сұхбат алушылар немесе кодтаушылар үшін жауаптарды кодтау немесе жазуда қандай да бір өзгерістер енгізу мүмкіндігі өте аз. Әрине, егер кейбір респонденттер өздеріне ұсынылған альтернативті жауаптарда кей терминдерді түсінбесе немесе жауаптарда қажетті нұсқалар тиісті түрде қамтылмаған болса – бұл сұрақ заңды өлшем бірлігін ұсына алмайды. Алайда бұл өз алдына жеке сұрақ болып табылады, бұл сұраққа 11 тарауда қайта ораламыз. Осы арада жабық сұрақ жайлы негізгі тұжырымдама: жабық сұрақ ашық сұрақпен салыстырғанда

қателіктің орын аулын азайтады, сонымен қатар, сандық деректерді талдау үдерістерінде қолданысы өте оңай.

Сұхбаттың басқа түрлері

Стандартталған сұхбат, сөзсіз, сұхбат алудың жалғыз ғана түрі емес, дегенмен, ол – сұрақ-жауап зерттеу жұмысында және жалпы сандық зерттеуде қолданылатын негізгі түрі. Өкінішке орай, әлеуметтанушылар тарапынан зерттеу сұхбатының айрықша түрлерін көрсету мақсатында зерттеу әдіснамасында көптеген түрлі терминдер қолданылды. 9.2 негізгі ұғымдар тақырыбында кейбір негізгі терминдер мен түрлері қарастырылады. Және ол тақырыпта көбіне сандық зерттеумен байланысты қолданылатын стандартталған сұхбат пен стандартталған сұхбаттан басқа сұхбаттың барлық түрлері қарастырылған және осы кітап барысында алдағы талқылауларда да кездесетін болады. Бұл түрлері сандық зерттеулерде, әсіресе, сұрақ-жауап зерттеулері жүргізілгенде өте сирек қолданылады, себебі сұрақ қою және жауаптарды жазып алу әдістері стандартталмағандықтан, респонденттердің жауаптарын топтау және өңдеу жұмыстарын күрделендіріп жібереді. Алайда бұл олардың ешқандай рөлі жоқ дегеніміз емес. Мысалы, біз 11-тарауда бейресми немесе жартылай стандартталған сұхбаттардың стандартталған сұхбатқа тән жабық сұрақтарды қоя отырып, респонденттерге ұсынатын алдын ала белгіленген альтернативаларды жетілдіруге қатысты пайдалы рөлге ие екенін көреміз.



9.2 Негізгі ұғымдар

Сұхбаттың негізгі түрлері

- *Ресми сұхбат.* 9.1 негізгі ұғымдарын қараңыз
- *Стандартталған сұхбат.* 9.1 негізгі ұғымдарын қараңыз
- *Жартылай стандартталған сұхбат* – кең ауқымды жағдайлар аясын қамтитын термин. Бұл, әдетте, сұхбат кестесінің жалпы үлгісіне сәйкес сұхбат алушының құрастырған сұрақтарымен байланысты және бұл түрінде сұрақтар реттілігі өзгертіле алады. Көбіне сұрақтар стандартталған сұхбат кестесінде кездесетін типтік сұрақтарға қарағанда өз алдына жалпылама болып беріледі. Сонымен қатар, сұхбат алушыға әдетте тақырыпқа сай болып табылатын қосымша сұрақтар қою еркіндігі де беріледі.
- *Бейресми сұхбат.* Сұхбат алушының қолында, әдетте, сұхбат алу нұсқаулығы немесе жадынама деп аталатын сұхбат барысында қамтылуы тиіс мәселелердің немесе тақырыптардың тізімі ғана болады. Сұрақ қою тәсілі бейресми болып келеді. Сұрақтардың құрылымы мен реттілігі сұхбаттан сұхбатқа қарай өзгеріп отырады.
- *Интенсивті сұхбат.* Бұл терминді Лофланд және Лофланд (1995) бейресми сұхбатқа балама термин ретінде қолданған болатын. Спрадли (1979) бейресми сұхбатқа аз-кем синоним болып келетін сұхбаттың тағы бір түріне этнографиялық сұхбат терминін қолданды.
- *Сапалық сұхбат.* Кейбір әлеуметтанушыларға осы термин бейресми сұхбат дегенді білдіретіндей (мысалы, Мэйсон, 1996), алайда бұл жартылай-стандартталған және бейресми сұхбат түрлерінің екеуін де қамтитын жалпылама термин болып табылады (мысалы, Рубин мен Рубин, 1995).
- *Тереңдетілген сұхбат.* «Сапалық сұхбат» термині тәрізді бұл сұхбат түрі де бейресми сұхбат түріне жатады, бірақ, көбінесе жартылай-стандартталған пен бейресми сұхбат түрлерінің екеуін де қамтиды. Соңғы кездері осы термин кеңінен қолданылып жүр.
- *Нысаналы сұхбат.* Бұл терминді Мертон және басқалары ойлап тапқан (1956) және сұхбатқа қатысушыларға олар үшін маңызды нақты жағдайларға немесе зерттеуші қызығушылық танытқан әлдебір оқиғаға байланысты ашық сұрақтарды қолдана отырып сұхбат алу түрі.
- *Фокустық топ.* Бұл нысанды сұхбатпен бірдей десе болады, бірақ респонденттер белгілі бір мәселені топ болып талқылайды, толық мағлұмат алу үшін 21.1 негізгі ұғымдарына көз жүгіртіңіз.
- *Топтық сұхбат.* Кейбір әлеуметтанушылар бұл терминді фокустық топтың синонимі ретінде қарастырады, бірақ бұл жерде соңғысы мен топ мүшелерінің түрлі сұрақтарды талқылауларында өзара жартылай ғана байланыс болуы мүмкін.
- *Ауызша тарих сұхбаты.* Бұл сұхбат түрі респонденттің оның өткен шағындағы оқиғаға қайта оралуды және оны талқылауды сұрайтын жартылай-стандартталған және бейресми сұхбатқа жатады. Әдетте нақты бір кезеңді немесе оқиғаны зерттеу үшін арнайы кластерлерге бөледі. Бұл сұхбат түрінің нысаналы сұхбатпен ұқсастықтары бар (20-тарауда «Өмірбаян және ауызша тарих сұхбаты» тақырыбын қараңыз).
- *Өмірбаян сұхбаты.* Бұл сұхбат түрі ауызша тарих сұхбатына ұқсас, бірақ, осы бейресми сұхбат түрінің мақсаты – әр респонденттің толық өмірбаяны жайлы ақпарат жинау (20-тарауда «Өмірбаян және ауызша тарих сұхбаты» тақырыбын қараңыз).



Сұхбат мәнмәтіндері

Үлгілі сұхбатта сұхбат алушы сұхбатқа қатысушыға жүзбе-жүз отырып немесе тұрып оған сұрақтар қоя отырып жауаптарын жазып алады. Біршама ауытқулар болуы ықтимал, алайда сұхбат атуда осы үлгілік сұхбат түрі қолданыстағы ең қарапайымы болып саналады.

Бірнеше респонденттің қатыстырылуы

Топтық сұхбаттарға немесе фокустық топтарға бірден көп немесе біршама көп респонденттер қатысады. Және де бұл бірнеше респондент қатысатын сұхбатта жалғыз мәнмәтін болмауы да мүмкін. Мысалы, Макки және Белл (1985) ер азаматтардың жұмыссыздық әсеріне байланысты өз зерттеулерінде қос жұптан сұхбат алған болатын, ал менің Дисней тақырыптық бағына келушілер арасында жүргізген зерттеуімде тек қос жұптар ғана емес, сонымен бірге, олардың балалары да сұхбатқа белсене қатысты (Брайман, 1999). Алайда, осындай сауалнамада стандартталған сұхбатты қолдану өте ерекше көрініс. Сұрақ-жауап зерттеуінде әрқашан дерлік сауалнама нысаны ретінде бір тұлға таңдап алынады. Шын мәнінде, сұрақ-жауап сұхбаттарында мүмкіндігінше сұхбат барысында өзге кедергілерге немесе басқаларының килігуіне жол бермеу маңызды. Бірнеше адамнан қатар сұхбат алу сапалық зерттеулерде кездесетін амал, дегенмен, бұл амал да әрқашан жүзеге аса бермейді: Поул (1990) жұптар арасында ақшаны жұмсау үлгілеріне байланысты зерттеуінде стандартталған сұхбат қолдана отырып,

жұптар арасында жары мен жұбайынан жеке-жеке сұхбат алды.

Бірнеше сұхбат алушының қатыстырылуы

Бұл әлеуметтік зерттеуде кездесе бермейтін ерекше жағдай, оның себебі – бір адамнан сұхбат алуға екі (немесе екіден көп) адамды жалдаудың құн мәселесі жағынан тиімсіздігі. Бичофер және басқалары (1984) көптеген маман иелерінен сұхбат алуға екі адамның жұмылдырылғанын айтып әңгімелейді. Алайда, әрқайсысына тиесілі пайда көзі жайлы мәселе ортаға шыққанда, олар сұхбат алу тәсілін сапалық зерттеуде типтік түрде қолданылатын бейресми сұхбат тәсіліне ауыстырды және стандартталған сұхбатта екі сұхбат алушының болуы кез келген қосымша табыстарға қол жеткізу мүмкіндігін бермейтінін тұжырымдады.

Сұхбат алу: бетпе-бет жүздесу немесе телефон арқылы

Үлгілі нұсқа қолданылмайтын үшінші жол – сұхбат бетпе-бет жүздесуден гөрі телефон арқылы жүзеге асырылғанда орын алады. Нарықтық зерттеу тәрізді коммерциялық салада әдетте телефон арқылы компьютерленген сұхбат алу (КТС, төменде анықтамасы берілген) көп таралғанымен, ғылыми әлеуметтік зерттеулерде бетпе-бет жүздесуге негізделген зерттеулердің баяндамаларын оқу дағдыға айналған, дегенмен 9.1 зерттеу нысандағы қызықты мысалға назар аударыңыз.



9.1 Зерттеу нысаны

Швецияда жұмыссыз азаматтар арасында телефон арқылы жүргізілген сұхбат

Ноденмарк және Странд (1999) Швециядағы жұмыссыз азаматтар арасында психикалық әл-ауқатына байланысты қызықты зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялады. 1996 жылдың басында Шведтік еңбек нарығы комитетінің тіркеуіндегі барлық жұмыссыз азаматтардың арасынан ұлттық деңгейде 3,500 адам кездейсоқ іріктеме тәсілімен іріктеліп алынып, олармен телефон арқылы сұхбат жүргізілді. Жауап берушілер саны 74% құрады. Сұхбат кестесінде «психикалық әл-ауқаты, экономдау, жұмысқа қызығушылығы, болашаққа деген сенімі, жалақы мөлшері және жұмыс іздеу тәсілдері» тәрізді тақырыптар төңірегіндегі сұрақтар қамтылды (Ноденмарк және Странд, 1999: 585). Шамамен екі жыл өткеннен соң дәл осы қатысушылардан ұқсас сұрақтар қойылып, қайтадан телефон арқылы сұхбат алынды. Осы арада, бұл зерттеудің қайталамалы зерттеу түріне жататынын айта кетейік. Авторлардың айтуы бойынша 26% жауап бермегендердің кейбіреулері (6% шамасында) қатысудан бас тартқандар; ал қалған қатысушылармен байланыс құра алмады.

Дербес сұхбат алумен салыстырғанда телефон арқылы сұхбат алудың біршама мүмкіндіктері бар.

- Баламалы нұсқа ретінде қолданысы біршама арзан және тез арада жүзеге асады. Себебі дербес сұхбат алуда сұхбат алушы респонденттердің арасында жол жүріп, уақыты мен қаржысын жұмсап шығындалады. Әсіресе, іріктеме географиялық тұрғыда шашырап орналасқан аймақтардан болса, дербес сұхбат алуда кластерлік іріктеме стратегиясы қолданылып жартылай жеңілдетілгенімен, шығын факторы анағұрлым білініп қалады. Әрине, телефон арқылы сұхбаттасу да уақытты алады және жалданған сұхбат алушыларға да ақша төлеу мәселесі де бар, дегенмен дербес сұхбатқа қарағанда, телефон арқылы жүргізілген сұхбаттың құны әлдеқайда төмен болмақ. Сонымен қатар, коммерциялық бағытта кеңінен қолданылатын телефон арқылы компьютерленген сұхбат алу (КТС)

пайда болғаннан бері телефон арқылы жүргізілетін сұхбаттың жалпы тиімділігі артып отыр.

- Телефон арқылы сұхбат алуды басқару дербес сұхбат алумен салыстырғанда әлдеқайда жеңілірек. Әсіресе, бірнеше сұхбат алушылар жұмылдырылғанда басымдылығы білінеді, себебі сұхбат алушылардың сұрақтарды өзгертіп қоюлары немесе зерттеуді тиісті емес бағытта қолдануы тәрізді сұрақ қоюда жіберген қателерін анықтауда жеңілдіктер береді. Деректер сапасын тексеруге болатындай сұхбаттарды таспаға жазып алу мүмкіндігі де бар, алайда, бұл мәселе деректерді сақтау және құпиялылыққа қатысты мәселені ортаға шығарады, сондықтан бұл амал аса сақтықпен орындалуы тиіс.

- Телефон арқылы сұхбаттасудың келесі басымдылығы – дербес сұхбатта респонденттер жауаптарын кейде сұхбат алушының ерекшеліктеріне (мысалы, белгілі бір әлеуметтік тап өкілі,

нәсілі) және жай ғана қарапайым қасында болуына (респонденттердің сұхбат алушы осылай қажет етеді деп сезініп жауапты бейімдеуі) байланысты бейімдейтіндеріне дәлелдер бар (алайда, бұл дәлелдер қалағанымыздай анық емес). Телефон арқылы сұхбаттасуда арадағы қашықтық осы ықтимал бейімділіктердің біршама алдын алады. Сұхбат алушы телефонның арғы жағында болғандықтан, оның жеке ерекшеліктері білінбейді және оны физикалық тұрғыда көрінбеуі респонденттердің сұхбат алушының ықпалынан алыс болып, жауаптарында тепе-теңдікті сақтауды қамтамасыз етеді.

Дегенмен, телефон арқылы сұхбат алуда да дербес сұхбатқа қарағанда кейбір шектеулер кездесіп отырады.

- Телефоны жоқ немесе телефон қолданбайтын адамдармен телефон арқылы сұхбат жүргізу мүмкін емес. Бұл сипаттама жағдайы төмен отбасыларына байланысты болғандықтан, іріктемеде бейімділік міндетті түрде орын алады. Сонымен қатар, көптеген адамдар телефон анықтама кітаптарына өздерінің телефон нөмірлерінің енгізілгенін қаламайды және телефон нөмірлерін ол тізімде көрсетпеу үшін шаралар қолданып жатады. Демек, бұл адамдардан да телефон арқылы сұхбат алу мүмкіндігі жоқ. Осы соңғы қиындықтың ықтимал шешімі – *кездейсоқ телефон нөмірін теру*. Осы тәсілдің көмегімен компьютер алдын ала анықталған географиялық аймақ аясында кездейсоқ телефон нөмірін тереді. 8-тарауда қарастырылатын ықтимал іріктеме туралы ережелерге сай осы кездейсоқ таңдау тәсілі ғана емес, сонымен қатар, телефон анықтама кітаптарына енгізілмеген үй шаруашылықтарын да қамту мүмкіндігі

де қарастырылған. Алайда, оның бәріне телефонсыз қол жеткізу мүмкін емес.

- Есту қабілеттері нашар респонденттер телефон арқылы жүргізілетін сұхбатты дербес сұхбатқа қарағанда қолайсыз деп табары анық.

- Телефон арқылы жүргізілетін сұхбаттың 20-25 минутқа үзбей созылатыны күмәнді, ал жеке сұхбатты уақыт жағынан айтарлықтай ұзаққа созуға болады (Фрей 2004).

- Телефон арқылы жүргізілетін сұхбатқа қатысушылар деңгейі (8.2-негізгі ұғымдарын қараңыз) дербес сұхбатқа қатысушылар деңгейінен төмен екендігі жайлы мәселе нақты емес, себебі осы пікірге қатысты дәлелдер өте аз. Алайда телефон арқылы сұхбат алу дербес сұхбаттарға қарағанда аз көрсеткішке ие деген ортақ пікір қалыптасқан (Фрей және Ойши 1995; Шуй 2002; Фрей 2004).

- Нашакорлық, спирттік ішімдік қолдану, табыс көзі, салықтық есеп беру және денсаулыққа байланысты сезімтал сұрақтарды қойып телефон арқылы сұхбат алу аз нәтиже беретініне дәлелдер бар. Дегенмен, осы пікірге қатысты дәлелдер жүйелі емес, бірақ осындай бағытта біршама сұрақтар қойылатын болса дербес сұхбат түрі тиімді болатыны айқын (Шуй 2002).

- Автожауап қайтарғыш телефондар, басқа да экранды және ұялы телефон түрлерін қолданудың қарқынды өсуі телефон арқылы сұхбат алуда қатысушылар деңгейінің төмендеуі және қарапайым байланыс желісімен респонденттермен байланыс құра алмау тәрізді қиындықтар тудыруда. Әсіресе, тек қана ұялы телефондар қолданатын жанұялармен байланыс құру ерекше қиынға соғып отыр.

- Телефон арқылы сұхбат алушылар бақылау жүргізе алмайды. Демек олар сұрақ қойылғанда респонденттердің жүзіндегі әбігерлікті немесе қобалжу белгілеріне қарай әрекет ете алмайды. Ал жеке сұхбатта сұхбат алушы мұндай белгілерді көргенде сұрақты қайта қою арқылы айқындай алады немесе сұрақтың мағынасын ашуға тырысады, алайда, мүмкіндігінше стандартталған жобадан асып кетпеуі керек. Сұхбат алушының бақылауды жүзеге асыра алмайтын тағы бір жайы – кей жағдайларда сұхбат алушыдан барған жерлері жайлы қосымша ақпарат жинау талап етіледі (мысалы, үйдің қаншалықты ескі екені). Мұндай ақпаратты телефон арқылы жүргізілетін сұхбатта жинақтау мүмкін емес.

- Көптеген жағдайларда үй жайындағы немесе белгілі фирмалардағы жеке тұлғалардан сұхбат алу мақсатқа айналып жатады. Басқаша айтқанда, кез келген адам сұхбатқа қатысуға таңдалып алына бермейді. Бұл талап контингент арасынан іріктеп алынатын ерекшеліктерден туындайтын тәрізді, мысалы, белгілі бір рөлге немесе мансапқа ие, болмаса, ерекше қасиеті бар адамдардан сұхбат алу талап етілгенде орын алып жатады. Телефон арқылы жүргізілетін сұхбатта нақты бізге керек адамның жауап беріп тұрғанын анықтау қиын.

- Телефон арқылы сұхбат алу да респонденттерге жауап нұсқаларын ұсынатын карточка үлгілері (төменнен қараңыз), диаграммалар немесе суреттер тәрізді көзбен көріп таңдалатын көмекші құралдар тиісінше қолданыла алмайды.

- Дербес сұхбатпен салыстырғанда телефон арқылы сұхбат алу жолымен жинақталған деректер сапасы жағынан төменірек болатындығы жайлы біраз

дәлелдер бар. Холбрук және басқалары (2003) бірнәшама эксперименттер жүргізіп АҚШ-да ауқымды сұрақтар тізімін қолдана отырып респонденттерден телефон арқылы сұхбат алуда қатысушылардың жауаптарына мынадай тұжырымдама берді: көбінесе ешқандай пікір айтылмайды немесе «білмеймін» жауабы беріледі (осы мәселемен толығырақ танысу үшін 11-тарауды қараңыз); байланысқан сұрақтарға бірдей жауап беріледі; жауаптарын әлеуметтік қажеттілікке сәйкес құрастырады; сұхбат сезіктене қарайды; сұхбат алуға бөлінген уақытқа наразылық білдіреді (бетпе-бет жүздесу сұхбатынан анағұрлым аз уақыт алатынына да қарамайды). Сонымен қатар, телефон арқылы сұхбат алынғанда респонденттер сұхбат үдерісіне аса көңіл бөлмейді. Осы қорытындыларды аса мұқияттылықпен қарастыру талап етіледі, себебі осыған ұқсас зерттеулерде ұлттық деңгейдегі іріктемеге сауалнамалар жүргізілетіндіктен, ойлануға пікір тастап отырғандай.

Компьютерленген сұхбат

Соңғы жылдары сұхбат барысында компьютерді қолдану әдісі артып отыр, әсіресе қоғамның пікірін білу және нарықты зерттеу ұйымдары тарапынан жүргізілетін коммерциялық бағыттағы сұрақ-жауап зерттеуінде қарқынды қолданылуда. Компьютерленген сұхбаттың екі маңызды үлгілері бар: компьютерленген дербес сұхбат (КДС) пен телефон арқылы компьютерленген сұхбат (ТКС). Телефон арқылы сұхбаттың басым бөлігі жеке компьютердің көмегімен жүргізіледі. Коммерциялық бағыттағы сауалнама ұйымдарында телефон арқылы сұхбат

жүргізу түгелдей соңғы үлгідегі ТКС арқылы жүзеге асады және сұхбаттың осы тәсілі аталмыш фирмалардың көп қолданыстағы үлгілерінің біріне айналып отыр. КДС қолданылудың қарқынды дамуының басты себептері – портативті компьютерлердің қол жетімді болуы және ұтқырлығының артуынан туындап отыр, сонымен қатар, сұхбат кестесін өңдеуді қамтамасыз ететін арнайы бағдарламалық пакеттердің сапасы мен санының артуы бетпелбет сұхбаттарда бұл бағдарламаларды қолдану қолайлықтарын арттырып отыр. КДС және ТКС ғылыми сұрақ-жауап зерттеулерінде қолданысы коммерциялық сұрақ-жауап зерттеуіндегі деңгейге жете қоймады, дегенмен олардың көптеген артықшылықтарын ескере отырып болашақта пікірлер айтарлықтай өзгертін сияқты. Мысалы, 2.9 зерттеу нысанда қарастырылған, Мәдени капитал және Әлеуметтік оқшаулау (МКӨО) тарапынан жүргізілген аралас тәсілдер зерттеуінің сұрақ-жауап бөлігі КДС арқылы жүзеге асырылған. Айта кетерлік жай, қайталама талдауда қолданылатын үлкен дерекқор жүйелері (мысал ретінде 14-тарауды қараңыз) коммерциялық немесе ірі қоғамдық зерттеу ұйымдары тарапынан жүргізілген компьютерленген сұхбат зерттеулері нәтижесінде қол жеткізілген.

Компьютерленген сұхбат алуда сұхбат кестесінде құрастырылған сұрақтар экран бетіне шығады. Сұхбат алушы әр сұрақты қойған бойда пернетақтаны (ашық сұрақтар үшін) немесе жүгірткіні қолдана отырып (жабық сұрақтар үшін) тиісті жауапты «енгізеді» және келесі сұрақтарды жалғастырып кете береді. Сонымен қатар, осы үдерістің *іріктеу*

сұрақтарды қоюда үлкен артықшылығы бар (Ұсыныстар мен қорытындылар, «Сұхбат алушыға іріктеу сұрақтарды қоюға арналған нұсқаулық» тақырыбын қараңыз), мысалы, қатысушының жауабында келесі сұрақтың жауаптары қамтылған болса, компьютерді әрі қарайғы тиісті сұраққа «секіруге» арнайы бағдарлауға болады. Бұл сұхбат алушының білмей сәйкессіз сұрақ қою немесе қойылу керек сұрақты ұмытып кету ықтималдығын жояды. Осындай компьютерленген сұхбат жүргізу сұхбатты басқару деңгейін арттыра түседі, осылайша, сұрақтарды қою және жазып алуды әдісін стандарттауды жақсартта түседі. Алайда, компьютерленген сұхбат арқылы деректер жинақтаудың қағаз бен қалам алып жүргізілетін сұхбаттардан сапасы жағынан әлдеқайда жоғары екені жайлы дәлелдер аз (Купер және Хенсен, 2002). Егер сұхбат алушы күні бойы далалық зерттеуде жүрсе, ол зерттеу кеңсесіне деректер сақталған дискті жеткізе алады немесе модемнің көмегімен телефон арқылы деректерді жібере алады. Дегенмен, технофобиямен зардап шегетін респонденттер қолданғанда қорқыныш сезімі пайда болуы мүмкін, бірақ компьютерленген сұхбатты қолданудың қарқыны бәсеңдер емес.

Өз кезегінде кәсіби сұхбат алушылар компьютерленген сұхбат алуды көбірек таңдайтыны жайлы дәлел бар және олар осы тәсіл өздерінің мамандықтарының беделін арттыра түседі деген сенімде, алайда техникалық қиындықтардың туындау мүмкіндігі және компьютерлік бағдарламада қаламмен түзету ерекшелігінің болмауы сияқты мәселелерді алға тартатындар саны да

аз емес. Сұхбат алушыны кейде әбігерге салатын бір жайт – кей жағдайларда кестені толығымен экранда көре алмауы (Купер және Хенсен, 2002). КДС мен ТКС жүйелерінде орын алатын ықтимал мәселе – сұхбат алушы жауаптың түймесін «жаңылыс» басып, қате енгізуі мүмкін. Ал егер сұхбат алушы қалам мен қағазды қолданатын болса мұндай қателіктердің алдын алу мүмкіндігі болады. 2.9 зерттеу нысанда айтылғандай МКЭО тарапынан жүргізілген зерттеуде кейбір сұрақ-жауап зерттеуіне қатысушылар арасынан сапалық сұхбат жүргізілді. Ол зерттеуде сұрақ-жауап зерттеуіндегі кейбір сұрақтарға қалай жауап бергендері жайлы сұрақ қойылып, жартылай стандартталған сұхбат жүргізілді. Нәтижеде зерттеушілер қатысушының дұрыс деп белгілеген жауаптары олардың тиісті жауаптарымен сәйкес келмейтінін анықтады. Мысалға сұрақ-жауап зерттеуінде дұрыс жауап ретінде итальяндық мейрамханада тамақтануды қалайтынын көрсеткен респондент шын мәнінде үнді тағамдарын таңдайтын болып шықты (Силва және Райт, 2008). Зерттеушілер мұндай қателіктердің қалай жіберілетінін анықтау мүмкін емес екенін, алайда қате түймеге басылып жауаптың жаңылыс енгізілуімен байланысты болуы әбден мүмкін екенін айтады.

Алдыңғы тақырыпта қарастырылған телефон арқылы сұхбат алу және осы тақырыптағы ТКС жайлы талқылаулардан – жердегі байланыс желісі қолайлы шарт екенін көреміз. Дегенмен, ұялы телефондарды қолдану қарқынының артып отырғанын ескеретін болсақ, олар болашақта үлкен

рөлге ие болатын тәрізді. Ұялы телефон қолданушылардың тізіміне телефон анықтама кітаптары арқылы қол жеткізу мүмкін болмағандықтан, ұялы телефон арқылы сұхбатта зерттеушілер нөмірлерді кездейсоқ сандар (КСТ) арқылы тереді. Зуалактың (2009) ТКС тәсілін қолдана отырып АҚШ-та ұялы телефон арқылы денсаулық тақырыбында жүргізген зерттеу нәтижелерін жария етті. Зерттеушілер көп адамдар байланыстың алғаш сәтінде-ақ телефон тұтқасын қоя салатынын анықтады және кейбір респонденттер қулыққа да барған: қарапайым жердегі байланыс жүйелері арқылы телефонмен хабарласқанда сауалнамаларда қарастырылмаған сипаттар орын алып жатты, мысалы, жасөспірім балалардың телефонға жауап беруі. Үй шаруашылығындағы көптеген қатысушылар жердегі байланыс жүйесін орнатпаған, олардың пікірінше, егер тек қана ұялы телефондарды қолданатын болса ұялы телефондар арқылы сұхбат алу арта түспек. Алайда Зуалак ұялы телефон арқылы сұхбат алу жердегі байланыс жүйесі арқылы сұхбаттан анағұрлым қымбатқа түсетінін де мәдімдеп отыр.

Компьютерленген сұхбат алуға байланысты тағы бір ескеретін пікір – бұл бөлімде интернет арқылы сұрақ-жауап алу қамтылмаған. Оның себебі, осы тәсілмен сұрақ-жауап алу стандартталған сұхбатқа қарағанда өз бетінше толтырылатын сауалнамаларға лайық деп қарастырылады (8.2 кестесін қараңыз). Және осы сұрақ-жауап алу тәсілінде ауызша сұрақ қоятын сұхбат алушы қатыстырылмайды. Интернет арқылы сұрақ-жауап тәсілі 28-тарауда қарастырылады.



Сұхбат алу

Сұхбатты жүргізуге қатысты мәселелер осы арада жалпылама қарастырылады. Осы тақырыпқа қатысты талқылаумен бірге, сұхбат сұрағын қалай құрастыру жайлы нақты және маңызды мәселе де қарастырылады. Осы тақырып 11-тарауда кеңінен сипатын табады, себебі сұрақ қоюға қатысты көптеген ережелер стандартталған сұхбаттар мен өз бетінше толтырылатын сауалнамалардың тәсілдерімен (мысалы пошта арқылы жіберілетін сауалнама) байланысты болып келеді. Осы жерде айта кететін тағы бір жайт – осы тарауда сұхбат алуға қатысты берілген кеңестер стандартталған сұхбатқа қатысты болмақ. Сапалық зерттеуге қатысты сұхбат түрлерінің негіздері (мысалы, бейресми және жартылай стандартталған сұхбаттоптар) келесі тарауларда қарастырылады.

Сұхбат кестесін жатқа білу

Сұхбат алушы сұхбат алардан бұрын өз сұхбат кестесімен егжей-тегжейлі танысуы керек. Сұхбат алатын жалғыз адам ғана болса да, сұхбат кестесін жатқа білетініне көз жеткізуі тиіс. Сұхбат барысында сұхбат алушы қобалжып, сұрақтарды өңдеу (Ұсыныстар мен қорытындылар, «Сұхбат алушыға іріктеу сұрақтарды қоюға арналған нұсқаулық» тақырыбын қараңыз) тәрізді стандартты сұхбат жосықтарын қадағалай отырып жағдайды шиеленістіріп алуы мүмкін, осылайша, нәтижеде кейбір сұрақтарды қоюды ұмытып кетуі немесе сұрақты

қате қоюы орын алып жатады. Егер екі немесе одан да көп сұхбат алушы қатыстырылған болса, олар толық дайындықтан өтулері керек: оларға қандай талаптар қойылғанын және кесте аясында жұмыс істеуді білулері тиіс. Қателіктердің көзі болып табылатын сұхбат алушының сұрақ қоюда айнымалылығын азайту мақсатында осы дайындықтың маңызы өте зор.

Зерттеуге кіріспе

Ықтимал респонденттерге құнды уақыттарын бөліп зерттеуге қатысуларына өтініш білдіре отырып, оларға зерттеуге жайлы тиянақты түсініктеме беру керек. Зерттеу сұхбатын жүргізудің осы кезеңі сұрақ-жауап зерттеуіне қатысушылар деңгейінің азайып кетуіне байланысты аса маңызды рөл атқарады, дегенмен 8-тарауда айтып кеткеніміздей, қатысушылар деңгейіне қатысты пікірлерде қайшылықтар туындап отыр. Алғашқы кіріспе түсініктемені сұхбат алушы ауызша түсіндіреді немесе жазбаша нұсқасын ұсынады. Көптеген жағдайларда респонденттерге осы екі тәсіл қатар ұсынылып жатады. Сұхбат алушылар респонденттермен көшеде кездескенде немесе респонденттерге телефон арқылы немесе үйлеріне барып «суық қоңырау» шалғанда ауызша түсіндіру түрі қолданылады. Жазбаша түсініктеме респонденттерден сұхбат алушының келетіні немесе телефон арқылы хабарласатыны жайлы ескертуге қолданылады. Респонденттер екі

түрін де талап етеді, мысалы, алдымен оларға хат жіберілгенде зерттеудің не жайлы екенімен танысады және сұхбат алушы сұхбат алуға келгенде зерттеудің не жайлы екенін қайталап сұрап жатады. Сондықтан сұхбат алушы осы екі сұрақ кезеңіне де дайын болуы керек, себебі респонденттер оларды тексеріп жатқан болуы мүмкін!

Зерттеуге кіріспе, әдетте, Ұсыныстар мен қорытындыларда «Кіріспе тұжырымдамасына енгізілетін тақырыптар мен мәселелер» тақырыбында көрсетілген ақпараттар бөлігін қамтиды. Сұхбат алушылар зерттеу мен респонденттің арасында байланыс құралы қызметін атқаратындықтан олар сауалнамаға қатысушылар деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, келесі мәселелерді де естен шығармаған дұрыс:

- Сұхбат алушылар респонденттер байланыс аясынан тыс жерде немесе телефондарына жауап бермесе қайтадан қоңырау шалуды қайталаулары керек. Осы арада адамдардың жұмыста уақыттарын немесе қарапайым демалыс уақытын өткізу әдеттерін ескерген жөн, мысалы, күні бойы жұмыста жүретін адамдардың үйіне қоңырау шалудың ешқандай мәні жоқ. Сонымен қатар, жалғыз тұратын адамдар қылмыс қаупін ескере отырып, кеш уақыттарда есік қоңырауын шалғанға жауап бермеуі мүмкін.
- Өзіңізге сенімді болыңыз. Сіз адамдар сұхбат беруден бас тартады деген ойдан аулақ болып, олардың келісім беретіні жайлы ойласаңыз жағымды жауапқа қол жеткізуіңіз мүмкін.
- Сіз өзіңіздің тауар ұсынып жүрген сатушы емес екеніңізді түсіндіре білу керексіз. Себебі нарықтың немесе әлеуметтік зерттеу жүргізіп жүргендерін айтып өздерінің тауарларын ұсыну тактикасын қолданатын кейбір ұйым өкілдерінен кейін, көптеген адамдар бірнеше сұраққа жауап беру өтінішіне аса сенімсіздікпен қарап жатады.
- Адамдар арасында ерсі көрінбейтін лайықты киім үлгісін таңдаңыз.
- Сұхбатқа қатысушыларға ыңғайлы уақытты таңдайтыныңызды анық білдіріңіз.

Жақсы қарым-қатынас

Сұхбат алушының респондентпен *жақсы қарым-қатынас құрудың* маңыздылығы жайлы ұсыныстар көп айтылып жатады. Демек тез арада жақсы қарым-қатынас құрып үлгерсеңіз бұл респонденттің сұхбатқа қатысуды қалауына (немесе кем дегенді қатысуды ойлауы) және соңына дейін қатысуына септігін тигізбек. Егер жақсы қарым-қатынас құрылып үлгермесе кейбір респонденттер бастапқыда сұхбатқа келісіп, артынан сұхбаттың ұзақ уақыт алатындығын немесе қойылатын сұрақтардың ерекшеліктерін сылтау етіп, сұхбатты әрі қарай жалғастырудан бас тартулары мүмкін. Алайда бұл ұйғарым негізінде сұхбат алушы респонденттермен қаншалықты сыпайы болып және жеңіл сөйлеуге тырысқанымен, тым шектен шығып кетпеуі де өте маңызды. Өте жақсы қарым-қатынас респондентмен жылы әңгіменің ұзаққа созылып кетуіне әкеледі, сұхбат соңында респондент сұхбаттың бастапқы келіскен уақыттан

ұзаққа созылып кеткеніне мән беруі мүмкін. Сонымен қатар, достық ниет басқаша қабылданып және нәтижеде сұхбатқа қатысушы сұхбат алушының назарына ерекше ілініп қалу мақсатында сұраққа берген жауабын бейімдеуге тырысуы мүмкін. Сондықтан сұхбат алушы мен респонденттің арасында осындай жақын қарым-қатынас құру шетін

мәселе болып табылады. Сондай-ақ, телефон арқылы сұхбатқа қарағанда бетпе-бет жүздесу сұхбатында жақсы қарым-қатынас құру белгілі бір дәрежеде оңайырақ, себебі телефонмен байланыс құруда сұхбат алушының достық ниет танытып күлімсіреу немесе көзбен байланыс құру тәрізді сияқты мүмкіндіктері болмайды.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Кіріспе тұжырымдамасына енгізілетін тақырыптар мен мәселелер

Ықтимал респондентге арналған кіріспе тұжырымдамасын ойдағыдай құру үшін, онда бірнеше мәселелерді қамтуыңыз керек. Келесі тізімде негізгі және маңызды түсініктемелер қамтылған:

- Респонденттермен байланысатын адамның жеке тұлғалылығын анықтау;
- Зерттеу жүргізілуге қолдау көрсетіп отырғандар, мысалы, университеттер, нарықты зерттеу агенттіктері жайлы анықтама беру;
- Зерттеуге бөлінген барлық қаржы көздерін ашық көрсету немесе диссертация, тезис жазып жүрген студент немесе аспирант екеніңізді айтып таныстыру;
- Зерттеу не жайлы екенін және неліктен маңызды екеніне жалпылама анықтама беру және қандай деректер жинақталатыны жайлы мәлімет беру;
- Сұхбатқа қатысушының неліктен таңдалып алынғанын білдіру, мысалы, кездейсоқ таңдау тәсілі бойынша таңдалуы;
- Қатысу еркіндігі жайлы түсініктеме беру;
- Сұхбатқа қатысушыға оның жеке тұлғалық ақпараттарының ешкімге мәлім болмайтынын және мәлім болу мүмкін еместігін айтып дәлелдеу: деректердің компьютерге анонимді түрде енгізілетінін және деректер жинақтық түрде берілетінін түсіндіру;
- Берілген кез келген ақпараттың құпия сақталатынына кепілдік беру;
- Қандай да бір сұрақтар туындайтынын ескере отырып респонденттерге байланыс мүмкіндігін ұсыну, мысалы, кіріспе тұжырымдама жазбаша түрде болса байланыс телефонын жазу немесе бетпе-бет кездесуде респонденттен сұрақтары бар ма екенін сұрау.

Бұл ұсыныстарды пошта арқылы жіберілетін сауалнамалармен бірге жіберілетін жолдама хаттарда да қолдануға болады, бірақ кері мекенжайды міндетті түрде көрсетуді ұмытпаңыз!

Сұрақ қою

Осыдан бұрын айтылып кеткендей стандартталған сұхбаттың мақсаттарының бірі – сұрақтардың респонденттердің барлығына бірдей қойылуын қадағалау. 9.1 терең пікірлеріне қайта оралсақ, сұрақ-жауап зерттеуінде сұрақ қою тәсілінде айырмашылыққа жол беру ықтимал қателік көздерін алға тартатыны жайлы айтып кеткенбіз. Стандартталған сұхбатта осы келеңсіздіктің орын алуы азаяды, дегенмен мүлдем болмайтынына кепілдік берілмейді, себебі сұхбат алушы сұрақ қойғанда оны түрлендіруі немесе өзгертуі ықтимал. Мұндай жағдайлардың, тіптен әдіснамалық қағидаларды қатаң ұстанғандары үшін үлкен беделге ие әлеуметтік зерттеу орталықтарының өзінде де орын алып тұратынына дәлелдер де бар (Брадбун және Судман, 1979). Сұрақ қоюда орын алатын айырмашылықтар мәселесі жоғарыда айтылып кеткен: бұл жауаптарда «анық» айырмашылықты көрсетпейтін айырмашылықты тудыратын сияқты, басқаша айтқанда қателікке жол ашадy. Сондықтан сұхбат алушылар үшін сұрақтың құрылым нақтылығын сақтаулары өте маңызды.

Сіз «Бәрі бір емес пе?» деп таңқалуыңыз мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда құрамындағы сөздерде аз мөлшерде айырмашылықтың болуы адамдардың жауаптарын айтарлықтай үлкен өзгеріске ұшыратады ма? Сөйлемдерді құрастыруда өзгеріске ұшырату әр мәнмәтінге әрқалай ықпал етуі мүмкін, сондықтан өзгерістің әсері жайлы нақты пікір айту қиын. Осы-

ған орай, сұрақ қоюда сөйлемдерді құрастыру жайлы эксперименттерге жүгінетін болсақ, сөйлем құрамындағы кішігірім ғана өзгерістің өзі жауапқа әсер еткенін көреміз (Шуман және Прессер, 1981). Англияда Әлеуметтік Және Қоғамдық Жоспар Зерттеулері тарапынан жүргізілген үш эксперимент сұхбат алушының сұхбат сұрақтарының басым бөлігін өзгертіп жіберетінін анықтады. Зерттеушілер қарастырылған екі-үш сұрақтың әрқайсысын сұхбат алушылар кем дегенде 2% өзгеріске ұшыратқанын есептеп шығарды (М. Коллинз, 1997). Бір қарағанда қателік көрсеткіші өте аз тәрізді, алайда зерттеушілер бұл жағдайға аса аландатушылық танытып отыр.

Бұл жердегі негізгі тұжырымдама – сұхбат алушылардың сұрақтарды жазылып берілген түрінде қою өте маңызды. Сұхбат алушылардың сұрақтың құрамын өзгертіп жіберулерінің көптеген себептері бар, мысалы, белгілі бір қиындықтар әсерінен сұрақты қойғысы келмеуі мүмкін (М. Коллинз, 1997). Дегенмен, сұхбат алушылардың тәжірибеден өтулері барысында сұрақ құрамына еш өзгеріс енгізбеу туралы жалпы ескертулер бұл мәселенің алдын алады. Осы кенестерді өз зерттеуіңізді жүргізгенде де жадыңызды ұстағаныңыз жөн.

Жауаптарды жазып алу

Респонденттердің жауаптарын мүмкіндігінше нақты жазып алулары тиіс сұхбат алушыларға осы жауаптарды жазып алуда айтылып кеткен себептерге байланысты бірдей ескертулер айтуға бо-

лады. Бұл ескертулер ескерусіз қалатын болса сұхбат алушы респонденттердің жауаптарын асыра өзгертіп және осыған орай қателіктер орын алуы мүмкін. Сұхбат алушы респонденттің жауаптарын жабық сұрақтардағыдай категорияларға бөліп тек қана белгілеп отыратын болса мұндай қателіктердің ықтималдығы азая түспек. Бұл үдеріс сұхбат алушының кей қадамдарына біршама түсініктеме беруін талап етуі мүмкін, бірақ ашық сұрақтардың жауаптарын жазып алумен салыстырғанда осы тәсілде қателіктер аз болары анық (Фоулер және Менджон 1990).

Нақты нұсқаулықтар

Сұрақ қою мен жауаптарды жазып алуы туралы нұсқауларға қосымша сұхбат алушыға сұхбат кестенін жүзеге асыру туралы нұсқаулар да қажет болады. Бұл нұсқаулардың қажетіңізге жарауы мүмкін мысалға – іріктеу сұрақтары мәселесін жатқызуға болады. Іріктеу сұрақтары белгілі бір респонденттерге ғана қойылады. Мысалы, мына сұрақ:

Соңғы жалпы сайлауда қай саяси партияға дауыс бердіңіз?

Бұл сұрақ респонденттің сайлауға қатысқанын және дауыс бергенін білдіреді. Бұл алдын ала белгіленген жауаптар ұсынылған нұсқада қолданылады және баламалы жауаптар арасында «дауыс бермедім» нысаны да болуы тиіс. Дегенмен дауыс беру жайлы алдын ала болжам жасамай, қатысушылардан соңғы жалпы дауыс беруге қатысып немесе қатыспағандары жайлы сұрап, әрі қарай қатыспағандарды іріктеп алып тастау ең дұрыс шешім. Осылайша, дауыс берілген

саяси партия жайлы әрі қарайғы сұрақтар тек қана дауыс бергендерге қойылатын болады. Осыған ұқсас тағамдар жайлы зерттеуде вегетариандық көзқарастағы тұлғаларға ет жайлы көп сұрақ қоюдың еш мәні жоқ. Вегетариандықтарды іріктеп алып және оларға басқа сұрақтар топтамасын қоюға болады. Ұсыныстар мен қорытындылар, «Іріктеу сұрақтарын қолдануда сұхбат алушыға нұсқаулар» тақырыбында алкогольды ішімдік қолдану жайлы ойша жүргізген зерттеу мысалға алынған. Осы мысалдарды алудың басты себебі – бұл зерттеу сұхбат алушылардан анық нұсқаулардың орындалуын талап етеді. Егер осындай нұсқаулар қарастырылмаған болса респонденттерге орынсыз сұрақтардың қойылу тәуекелі бар (мысалы, оларға жағымсыз сұрақтар болуы мүмкін) немесе сұхбат алушы абайсызда сұрақты қоймай аттап кетуі мүмкін (бұл ақпараттың жетіспеуіне әкеп соғады).

Сұрақ қою реті

Сұхбат алушыларға сұрақ қою мен жауаптарды жазып алуда өзгеріске жол бермеудің маңыздылығымен бірге сұрақ қою реттілігін сақтаудың маңыздылығы жайлы да ескерту қажет. Бір жағынан сұрақ реттілігін сақтамау кейбір сұрақтардың қойылмай қалуына себеп болады, себебі сұхбат алушы сұхбат барысында кейінге қалдырылған сұрақты қоюды ұмытып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, сұрақ реттілігін сақтамау берілген жауаптарға да өз әсерін тигізе алады: егер кейбір респонденттерге қойылған сұрақ басқа біреулерге қойылмаған болса, сұрақ қоюда айнымалылық орын алады, ал бұл өз кезегінде қателік көзі болып табылады.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Іріктеу сұрақтарын қолдануда сұхбат алушыға нұсқаулар

Төменде берілген сұрақтардың әрқайсысы сұхбат алушыға сұрақ-жауапты қалай құру жайлы нұсқаулар ұсынады.

1. Сіз соңғы он екі айдың ішінде алкогольды ішімдік қолдандыңыз ба?

Иә _____

Жок _____

(егер **жок** деп жауап берген болсаңыз, 4-сұраққа көшіңіз)

2. (егер респондент 1 сұраққа **Иә** деп жауап берсе қойылады)

Мына алкогольды ішімдік түрлерінің қайсысын көбірек қолданасыз?

(сұхбаткерден оның көп жағдайда қолданатын ішімдік категориясын таңдап белгілеуін сұраңыз)

Сыра _____

Спиртті ішімдік (арақ) _____

Шарап _____

Ликер _____

Басқасы (ашықтап жазыңыз) _____

3. Алкогольды ішімдіктерді қаншалықты жиі қолданасыз?

(респонденттен оның қолдану тәжірибесіне жақын болып келетін категорияны таңдауды сұраңыз)

Күнделікті _____

Жиі _____

Аптасына бір немесе екі рет _____

Айына бір немесе екі рет _____

Жылына бірнеше рет _____

Жылына бір немесе екі рет _____

4. (респондент 1-сұраққа **Жок** деп жауап бергенде қойылады)

Бұрын соңды алкоголь ішімдіктерін қолданып көргенсіз бе?

Иә _____

Жок _____

Сұрақ реттілігін жалпы тақырып ретінде қарастырған зерттеудің айтарлықтай ауқымды бөлігі жүзеге асты, бірақ сауалнамада немесе сұхбат кестесінде әртүрлі көзқарастарға қарай қойылған сұрақтардан туындайтын адамдардың жауаптарынан алынған

тиісті әсер жоқтың қасы. Көптеген жағдайларда әртүрлі әсерлер байқалған.

АҚШ-та жүргізілген зерттеуде адамдардан егер алдын ала кей өңірлерде мемлекет шығындарын арттыра түсу керек пе деген сұрақ қойылған болса, келесі сұрақта салықтың тым жоғары

екендігін мойындайтындар саны аз болатынын анықталды (Щуман және Прессер 1981: 32). Кейбір адамдар көп шығын шығарып және аз салық төлеу арасында келіспеушіліктің бар екенін түсініп осыған орай бейімделген жауап берді. АҚШ-та алдау қылмысы аясында жүргізілген зерттеу алдыңғы қойылған сұрақтар кейінгі сұрақтарда тиянақтылыққа әсер ететінін көрсетті (Щуман және Прессер 1981: 45). Респонденттерге соңғы он екі айда қылмыс құрбаны болып/болмағандары жайлы сұрақ қойылды. Кейбір респонденттерге алдын ала қылмысқа қатысты біршама сұрақтар қойылып, ал кейбіреулеріне бұл сұрақтар қойылмады. Қылмыс жайлы пікірлерін білдірген респонденттер пікірлері жайлы сұрақ қойылмағандарға қарағанда қылмыс жайлы көбірек ақпарат берді.

Мэйхью (2000) сұрақ реттілігі жайлы Британдық Қылмыс Шолуларына қатысты қызықты жағдайды ұсынған болатын. БҚШ-ның әрбір кезеңі мына сұрақты қамтыған:

Барлық жағдайларды ескере отырып полиция қызметкерлерінің осы салада жақсы немесе жаман қызмет көрсетіп отырғаны жайлы не айта аласыз?

1988 жылы бұл сұрақ қателіктер салдарынан кейбір респонденттерге берілген сауалнамада екі рет басылып кеткен! Көптеген респонденттердің сауалнамасында бір рет кездесе, ал қалған жартысында бұл сұрақ полиция қызметкерлеріне қатысты сұрақтар аясында қайтадан кездесті. Сұрақ екі рет қайталанғандардың ішінде 66% екеуіне де бірдей жауап берген, ал 22% полиция қызметкерлеріне қатысты сұрақтар

аясында жағымды көрсеткіш берген болса, 13% жағымсыз көрсеткіштер берген. Мэйхьюдің пайымдауынша, осы сұхбат барысында респонденттер қылмысқа қатысты мәселелерге анағұрлым сезімталдықпен және полиция қызметкерлеріне көрсетілетін қысымға жанашырлық таныта қарады.

Дегенмен осындай зерттеулерден жалпы қорытындылар жасау қиынға соғады, себебі сұрақ реттілігі жайлы эксперименттерде сұрақтардың реттілігін өзгертуден туындаған қандай да бір анық ықпал байқалмады – тіптен бұл өзгерістен кейін мұндай ықпалдардың болуы заңды түрде дәлелденген болса да. Осы арада екі жалпы қорытындыны атап кетуге болады:

1. Сұхбат барысында сұрақтар реттілігі өзгерілмеуі керек (әрине егер сұрақ реттілігі зерттеу тақырыбы болмаса!).

2. Зерттеушілер бірінші қойылған сұрақтың келесі сұраққа ықтимал әсерлеріне мұқият болулары керек.

Кей жағдайларда сұрақ реттілігі жайлы мына ережелер ұсынылып жатады:

- Алғашқы сұрақ респондентке таныстырылған зерттеу тақырыбымен тікелей байланысты болуы керек. Бұл респонденттің сұхбаттың алғашқы сәтінен бастап өзіне неліктен тиісті емес сұрақтар қойылғандығы жайлы алаңдауының алдын алады. Бұл адамның жасы, әлеуметтік шығу тегі тәрізді басқа да тақырыптан тыс сұрақтарды сұхбатты жаңа бастағанда қоюға болмайтынын ескертеді.

- Сұхбаттың бастапқы кезеңінде респонденттерге мүмкіндігінше жарқын сұрақтар қойған абзал, осылайша олардың қызығушылықтары және зейін қоюлары арта түседі. Алайда бұл біраз бұрын айттып кеткен сұхбатты зерттеу тақырыбына тікелей қатысты сұрақтармен бастау жайлы пікірімізге қарсы келетіндей, бірақ

бұл сұрақты респонденттің назарын аударып алу мақсатында зерттеу тақырыбына жақын немесе сұхбаттың алғашқы сұрақтарына жақын алынуы тиіс дегенді білдіреді.

• Қолайсыз сұрақтар немесе алаңдатушылық тудыратын сұрақтар кейінге қалдырылуы тиіс. Зерттеуде мүмкіндігінше респонденттер абыржып, жоспарды бұзбауларына жағдай жасалуы керек, алайда кейбір тақырыптарда мұндай жағдайлардың алдын алу оңайға соқпайтыны анық. Ұзын кестеде немесе сауалнамада сұрақтар секцияларға топтастырылуы тиіс; бұл бір тақырыптан екіншісіне аттап кетпей, рет-ретімен жылжуға мүмкіндік тудырады.

Сұрақтардың әр тобында негізгі сұрақтардан бұрын жалпылама сұрақтар қойылуы керек. Кеңестер және дағдыларда «Жеке куәліктер тақырыбындағы сұрақтардың реттілігі» тақырыбында осындай реттілікті сақтау

бойынша Гэллаптың (1947, Фоддида дәйексөз ретінде келтірілген 1993: 61-2) ұсыныстары қамтылған. Мысал соңғы жылдары Ұлыбританияда пікірталастар мен қарама-қарсы көзқарастар тудырып отырған жеке куәлікке қатысты амалдар қалай іске асатыны жайлы болды. Сұрақтардың реттілігі кейбір ерекшеліктерді ескере отырып ойша құрастырылды. Адамдардан жеке куәлік туралы сұраудан бұрын ол жайлы не білетінін анықтап алып және ол жайлы көп білетіндер мен аз білетіндерді бірден бөліп көрсету мүмкіндігін ескере отырып құрастырылды. Фоддидің (1993) айтуы бойынша екінші сұрақ ашық сұрақ ретінде қойылғаны дұрыс, осылайша респонденттердің қарастырылып отырған тақырып аясында көзқарастарын білуге болады. Алайда тиісті тестілеу зерттеуі жүргізілген болса жабық сұрақ ретінде де қарастыруға болады, бұл пікір 4-сұраққа сәйкес келеді.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Жеке куәліктер тақырыбындағы сұрақтардың реттілігі

1. Жеке куәлік туралы естігеніңіз бар ма?
Иә _____
Жок _____
2. Жеке куәлік жайлы сіздің пікіріңіз қандай?
3. Жеке куәлікті қолдайсыз ба, әлде жоқ па?
Қолдаймын _____
Қолдамаймын _____
4. Жеке куәлікті неліктен қолдайсыз (қолдамайсыз)?
5. Осы мәселе қаншалықты терең ойландырады?
Өте терең _____
Жеткілікті _____
Аса терең емес _____

• Негізгі сұрақтардан бұрын жалпылама сұрақ қоюдың басымдылығына тағы бір дәлел: негізгі сұрақ бірінші қойылатын болса оған жауап ретінде респондент жалпылама сұрақтың жауабын да қамтуы мүмкін, сондықтан қайдалап жалпылама сұрақ қойылғанда респондент сұраққа жауап бергенін ойлап, түсінбеушілік туындайды. Сонымен, егер адамдардан төлемақы жайлы сұрақ олардың жұмысына көңілі толулары жайлы жалпылама сұрақтан бұрын қойылса, респонденттер жұмысына көңілі толу жайлы сұраққа жауап бере отырып төлемақы мәселесін ескермеуі мүмкін.

• Кейде пікірлер мен ұстанымдарға байланысты сұрақтар білім мен тәрбиеге қатысты сұрақтардан бұрын қойылуы керек деген кеңес беріледі. Бұның себебі – тәрбие мен білім жайлы сұрақтар ұстанымдар мен пікірлер жайлы сұрақ-

тарға қарағанда сұрақ реттілігіне аса қатаң талап қоймайды.

• Кей жағдайда респонденттер сұхбат барысында біраз кешірек келетін сұрақтың жауабын қамтып жатады. Сұрақ реттілігіне қатысты ықтимал салдарлардың алдын алу үшін кезегі келгенде ол сұрақты қайталап қою керек.

Алайда сұрақ реттілігінің ықпалдары сауалнама жобасы мен стандартталған сұхбатта аса алаңдатушылық танытып отырған мәселе болып отыр, себебі дәйексіз дәлелдер орын алып отыр және мұндай дәлелдердің бар екенін көрсететін жалпылама ережелер құрастыру, әрине, қиындық тудырады. Бірнеше жылдар бұрын әлеуметтік тапқа байланысты зерттеудегі сұрақ реттілігі жайлы қызықты пікірталас орын алған болатын, бұл мысалды 9.2 терең пікірлер тақырыбынан оқи аласыз.



9.2 Терең пікірлер

Сұрақ реттілігі жайлы пікірталас

7.4 және 9.2 зерттеу нысандарында толықтай қарастырылып кеткен Маршал және басқалары (1988) жүргізген әлеуметтік тапқа байланысты зерттеудегі сұрақ реттілігі жайлы мәселе қайшылықтар тудырды. Зерттеуге сыни пікір білдірген Сондерс (1989), құндылықтардың ашық түрде зерттеуге еніп кеткеніне меңзеп, өзі «біржақты әлеуметтік пікір» деп атаған көзқарасты білдіретінін айтты (2.3-сызбаны қараңыз). Сондерстің пайымдауынша, мұның ашық көрсетілгенін, әлеуметтік таптарды көрсете отырып қатысушылардан өздерін қай тапқа меншікті екенін көрсетулеріне қойған салмақты сұрақтарды атауға болады. Ол былай деп жазды (1989: 4):

«Сауалнамадағы сұрақтарға қарап респонденттерге сұхбат басынан бастап таптарға бөліну жайлы сұрақтар жаудырғанын көруге болады. Таптар жүйесі жайлы кем дегенде 28 сұрақты қоя отырып, респонденттерден өздерін қандай да бір әлеуметтік тапқа жатқызатындары және қандай тап екені жайлы пікірлерін сұраған, сондай-ақ, өз таптарынан басқа қандай да бір дара топтарға өздерін жатқызатындары жайлы ойларын қамтитын сұрақтар да қойылған. Көбі өздерінің әртүрлі таптарға жататынымен келіскені және даралық жайлы ойламауы таң қалдырмайды... Осы «нәтижелермен» қаруланған ав-

торлар, біз барлығымыз таптарға бөлінуге бейімдіміз және басқа даралық ерекшеліктер аса маңызды емес деген тұжырымдама жасады».

Кітап авторлары арасынан екеуі жігерлене отырып бұл пікірді теріске шығарды.

Олар былай деп жауап жазды: «тап туралы сұрақтан бұрын тақырыппен байланысты 30 сұрақ берілген. Олардың ішінде алтауы әлеуметтік теңдік мәселесіне тіптен қатысы жоқ; мысалы, Британия экономикалық көрсеткіштерін анықтаған. . . 17-ден кем емес сұрақтар респонденттерге айналасындағыны әлеуметтік таптан тыс қабылдаулары үшін арнайы құрастырылған. Олар адамдарды өздерін тұтынушы, сайлаушы, этникалық немесе гендерлік топтардың мүшелері, жұмыскерлер ретінде ойлауға, қысқаша айтсақ әртүрлі халде бірақ анық бір әлеуметтік таптың өкілі ретінде ойлауға шақырған. Сонымен қатар әлеуметтік тап тақырыбын қозғалмас бұрын сұхбатқа қатысушыларға «қазіргі таңда Ұлыбританияда қандай да бір маңызды қақтығыстар» орын алған ба деген сұрақ қойылған. Тек содан кейін ғана, Британияны арнайы әлеуметтік тап ретінде қабылдаулары жайлы көзқарастары сұралған» (Маршал және Роуз 1989: 5).

Бұл қызықты пікірталас: себебі әлеуметтік зерттеуде құндылықтар мен бейімділіктердің рөліне қатысты мәселені қозғап, сонымен қатар, сұрақтар реттілігі мәселесін де қамтыған және бұл мәселеде тұжырымды пікірге келудің қиындығын көрсеткен. Мысалы, Маршал мен Роуздың жауаптары сенімдірек болғанымен, бұл даралық жайлы сұрақтардан бұрын келген әлеуметтік тап жайлы сұрақтардың салыстырмалы мөлшеріне қатысты болуы мүмкін және Сондерстің те назар аударған мәселесі осы болар. Дегенмен пікірталастар сұрақтар реттілігі жайлы қорытынды дәлелдер келтіруге қиындықтар тудырады.

Шолу

Шолу стандартталған сұхбат әдісін қолданатын зерттеушілер үшін өте күрделі жұмыс болып табылады. Сұхбат алу барысында респонденттердің жауап беруде көмек қажет етуі көптеп орын алып тұрады. Мысалы, олар сұрақты түсінбей қалу әбигерлігін таныта отырып лайықты жауапты беруге тырысып жатқанын немесе сұрақты түсінуге бар күшін салғанын ашық айтып қосымша ақпарат сұрауы мүмкін. Сұхбат алушының осындай жағдаймен кездестіруінің тағы бір жолы – респондент тиісті түрде толық жауап бермегенде немесе қосымша ақпарат алу үшін

шолу жасау керек болғанда орын алады. Екі жағдайда орын алып отырған мәселе анық: сұхбат алушының араласуы сұхбатқа қатысушыға әсер етуі мүмкін және сұхбат алушының араласу әрекеті түрлі сипатта бола алады. Респонденттердің жауаптарындағы «анық» айырмашылықты көрсетуге кедергі келтіретін ықтимал айнымалы орын алады, ал бұл қателікке жол берілгенмен тең.

Шолуға қатысты кейбір жалпы тәсілдер мыналар:

- Егер қосымша ақпарат талап етілсе, әдетте, ашық сұрақ түрінде «Осы туралы тағы біраз жазасыз ба?» немесе «Осылай ойлауыңыздың басқа себептері бар ма? Не болмаса қарапайым «ммммм. . . ?»

тәрізді стандарт шолу тәсілдерін қолдануға болады.

- Егер жабық сұрақтарға қатысты сұрақ туындаса және жауап берушінің жауаптары сұхбат алушыға алдын ала берілген жауаптардың бірін белгілеуде қиындық тудырса, сұхбат алушы берілген баламалы жауаптарды қайталап оқып жауаптың осы берілген нұсқалар арасынан болуы керектігін түсіндіруі тиіс.

- Егер сұхбат алушы, мысалы, құрылыс қоғамына соңғы төрт аптада қанша рет барғанының саны немесе респонденттің шоты бар құрылыс қоғамдарының саны тәрізді бірнәрселердің сандық мөлшерін анықтауы керек болып, ал респонденттер анық жауап бермей жалпылама көрсететін болса («айтарлықтай жиі» немесе «мен әдетте қоғамдық мекемелерге апта сайын барып тұрамын»), сұхбат алушы респонденттерден нақты санды көрсетуін табандылықпен талап етуі керек. Бұл әдетте сұрақты қайталап қоюды қажет етеді. Сұхбат алушы сұхбатқа қатысушы жауабына сүйеніп жорамалдап ешқандай сан айтпауы керек, себебі сұхбатқа қатысушы еш ойланбастан айтылған санмен келісе салуы мүмкін.

Алайда стандартталған сұхбатта сұрақ қоюдың стандарттау тәсілін қолданып сұхбат алғанда шолу үдерісі минимумға дейін азайтылуы тиіс (егер алдын алу мүмкін емес болса), себебі ол қателікке жол ашады. Сұхбат алушылардың тиісті түрде шолу жасау мүмкіндіктері болмағандықтан және сұхбат алушының әсері көбірек болып, сұхбат алушының ерекшеліктері респонденттердің жауаптарына ықпал етуі мүмкіндігінің болуы

мен осы нәтижелер орын алып жатады (Грувс және басқалары 2004: 281-2).

Қосымша көмек

Қосымша көмек – сұхбат алушы сұхбатқа қатысушыға қойылған сұраққа ықтимал жауапты ұсынғанда орын алады. Бұл жердегі алғышарт – барлық респонденттер бірдей қосымша көмек алады. Сұхбатқа қатысушыларға арасынан таңдап алатын ықтимал жауаптар тізімі ғана берілетіндіктен барлық жабық сұрақтарда стандартталған қосымша көмектер қарастырылған. Ашық сұрақта қосымша көмекке жол берілмеуі керек, алайда тек қана кейбір қатысушыларға, мысалы, шын мәнінде тиісті жауап беруге тырысып жатқандарға ықтимал жауап түрлерін ұсынуға болады.

Бетпе-бет сұхбат барысында кейбір жағдайларда сұхбат алушының берілген баламалы жауаптарды тізіп оқып шыққаннан гөрі «карточка үлгілерін» қолданғаны анағұрлым қолайлы болмақ. Карточка үлгілерінде («дидактикалық карточка» деп те аталады) респонденттер таңдауына барлық жауап нұсқалары көрсетіледі және олар сұхбатқа қатысушыға сұхбаттың әртүрлі кезеңдерінде ұсынылуы мүмкін. Берілген баламалы жауаптарды тізіп оқып шыққаннан гөрі карточка үлгілерін қолдану тиімдірек болатын үш жағдай төменде көрсетілген:

Ықтимал жауаптар тізімі өте ұзын болуы мүмкін. Мысалы, респонденттерден күнделікті қай газетті оқитындары сұралуы мүмкін. Газеттің барлық тізімін оқу жалықтырып жіберері анық,

сондықтан сұхбатқа қатысушының өзіне арасынан таңдап алуға газеттер тізімін ұсынған жөн.

Кейде сұхбат барысында респонденттерге бірдей ықтимал жауаптар берілген сұрақтар тобы ұсынылып жатады. Осы стратегияға 7.2-негізгі ұғымдарында айтылып кеткен көзқарастар өлшем бірлігінің тәсілі Лайкерт шәкілі мысал бола алады. Лайкерт шәкілінің компоненттері сұрақтар ретінде емес көбіне жеке нысан ретінде қарастырылады, себебі қысқаша айтқанда қатысушыларға сұрақ қойылмайды, тек қана берілген ұстанымдармен келісім деңгейін көрсетулеріне өтініш білдіріледі. Мысал ретінде 7.2- және 7.5-зерттеу нысандарын қараңыз. Бес немесе жеті ықтимал жауаптарды он рет дауыстап оқу тым зеріктіріп жіберері анық. Сонымен қатар, жауаптарды бір рет оқып шығып және респонденттерден ықтимал жауапты естерінде сақтап, сұрақтар топтамасына жауап берулерін сұрауымыз оларға қатаң талап қоюымызбен тең. Осылайша, сұрақтар топтамасына қолданылатын, респонденттер қалаған уақыттарында тұрақты түрде көмекке жүгіне алатын карточка

үлгілерін ұсыну қолайлы шешім болып табылады. 7.2-негізгі ұғымдарында айтып кеткеніміздей, Лайкерт шәкілінің осындай көптеген түрлері әдетте бес деңгейлі келісу/келіспеу көрсеткіштерінен тұрады және бұл Ұсыныстар мен қорытындылар, «Карточка үлгілері» тақырыбында көрсетілгендей қарапайым тәсіл болып табылады.

Кейбір адамдар өздерінің жеке тұлғалықтарына қатысты, мысалы, олардың жасына немесе табыстарына қатысты сұрақтарға жауап беруді қаламайды. Осындай сұрақтардың өткірлігін бәсеңдету амалдарының бірі – әріппен немесе санмен белгіленген жастары мен кірістерін көрсететін топтама ұсыну. Осылайша, олар қай сан немесе әріп оларға қатысты екенін топтамадан көрсете алады (Ұсыныстар мен қорытындылар, «Карточка үлгісіне тағы бір мысал» тақырыбын қараңыз). Алайда егер зерттеу талаптарында анық жас немесе табыс көзін көрсету талап етілген болса бұл тәсіл жарамсыз болып табылады. Осы тәсіл жыныстық қатынас тәжірибесі мен неше сыбайлас болғандығы жайлы сезімтал сұрақтарда да қолданылуы мүмкін.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Карточка үлгілері

- 6 карточка
- Толығымен келісемін
- Келісемін
- Жауап беруге қиналамын
- Келіспеймін
- Толығымен келіспеймін



Ұсыныстар мен қорытындылар

Карточка үлгісіне тағы бір мысал

11 карточка

1. 20 төмен
2. 20-29
3. 30-39
4. 40-49
5. 50-59
6. 60-69
7. 70 және жоғары



Студент тәжірибесінен

Сұрақ-жауап сұхбатында құрылым жүйесінің қажеттілігі

Джой Томпсон өзінің университетіндегі студенттер арасында олардың жатақхана және басқа да қолайлықтар жайлы көзқарастарын білуге жүргізген сұрақ-жауап зерттеуі командалық жобаның бір бөлігі еді. Ол команда мүшелерімен бірге сұхбат кестесіне тестілеу жүргізгенде оның құрылымының айтарлықтай жетілмегенін аңғарды. Олар құрылымын тағы да жетілдіре түсулері керектігін түсініп, карточка үлгілерін қолдануға шешім қабылдайды (ол карточкалардың «шпаркалга» деген жалпы есімін қолданды).

Осы арада команда мүшелері егер сауалнама әлеуметтік ортада қолданылғанда сәтті болу мүмкіндігін тексеру үшін оппортунистік іріктеме қолданып, әр аптада бір адамға сауалнама беріп отырды. Келесі аптада команда мүшелері жиналып тестілеу сауалнамаға байланысты кездестірген қиындықтарын талқылады: нәтижелерге кейбір бейімділіктердің әсер етуі мүмкін стандартты сұхбат алу үдерісін қолданбау және басқа да мәселелер талқыға салынды. Осылайша команда жетекші сұрақтардың алдын алу және тағы басқа мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап нұсқаларын бергенде шпаргалка қолдануға шешім қабылдады. Осы өзгерістерді енгізіп сауалнаманың соңғы нұсқасы әзірленді.



Джойдың зерттеу тәжірибесімен көбірек танысқыңыз келсе, осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Сұхбатты аяқтау

Қатысушыларға уақыттарын бөлгендері үшін алғыс айтуды ұмытпаңыз.

Алайда бұл іске бөлер уақытты да мүқият таңдаңыз және бұл ниетіңізді сұхбат біткеннен соң бірден білдіріңіз, себебі сұхбат біткенін сезген қатысушы

сұхбаттың мақсаты жайлы сұхбат алушының өзіне сұрақ қоя бастайды. Сұхбат алушылар стандартты жауаптарынан басқа артық әңгіме қоспауы керек, себебі қатысушылар басқаларымен қандай жауап алғандарымен бөлісуі мүмкін, ал бұл нәтижелерге бұрмалау енгізеді.

Жаттығу және бақылау жұмыстары

Бұдан бұрын да сұхбат алушылардың тәжірибеден өту қажеттілігі жайлы біраз әңгімелер айтылған болатын. Сауалнама жүргізуде және сұхбат алу да қолданылатын стандартты мәнмәтіндерге қарап, сұхбат алушыларға тәжірибе жинақтау жайлы таптырмас кеңестер ұсынылып жатыр. Мұндай кеңестер сұхбатқа қатысушының зерттеуге қатысуына өтініш білдіретін зерттеушінің мәнмәтіне қатысты болып келеді. Осы тәсіл зерттеуге бірнеше сұхбат алушы (серіктес қызметкерлер немесе жалдамалы сұхбат алушы болуы мүмкін) қатыстырылғанда өте пайдалы, осылайша сұхбат алушының сұрақ қоюда қандай да бір тәуекелге барып өзгерту енгізуінің алдын алуға болады.

Зерттеу жүргізуді жоспарлап жүрген осы кітаптың көптеген оқырмандары үшін мұндай шешім орынды бола қоймасы анық, себебі олар «дара» зерттеушілер болмақ. Сіз студенттік диссертация жұмысын жазып жүрген боларсыз, әлеуметтік зерттеу тәсілдері курстарының жаттығуларын жүргізуіңіз мүмкін немесе магистрлік және басқа да жоғары білім деңгейін жетілдіру мақсатында диссертация немесе тезис жазып жүрген аспирант боларсыз. Мұндай жағдайлардың көбінде

адамдардың сұхбат алуға қосымша зерттеуші жалдайтындай керемет жағдайлары бола бермейді (дегенмен, сіз өзіңізге біраз болса да жәрдем беретін біреуді таба аласыз). Өзіңіз ғана сұхбат алатын болсаңыз жоғарыда көрсетілген тәртіптерді және айтылған кеңестерді өзіңіз қадағалай аласыз. Ал сұхбат алуға бірқатар сұхбат алушыларды жалдайтын ірі зерттеу мекемелері немесе нарықты зерттеу агенттіктерінде жағдай мүлдем басқаша. Сұхбат алуға жетекші зерттеу жүргізушіден басқа адамдар қатыстырылғанда олар алдын ала мына тәжірибелік іс пен бақылаудан өтулері қажет болады:

- Ықтимал қатысушылармен байланыс құру және зерттеуге кіріспе түсініктеме беру;
- Сұрақтарды жазылып тұрғандай оқу және сұхбат кестесіне қатысты нұсқауларды орындау (мысалы, іріктелген сұрақтарды саралаумен байланысты);
- Шолу жасаудың тиісті тәсілдерін қолдану;
- Қатысушылардың сөздерін дәлмедәл жазу;
- Қатысушылардың жауаптарын бұрмаламайтын сұхбат тәсілін қолдану.

Фаулер (1993) толық бір күн тәжірибеден өтпеу нәтижеде білікті сұхбат алушы болып шығуға аздық ететініне дәлелдер келтіріп өз пікірін білдіріп отыр.

Бұл мәселелерге қатысты төменде көрсетілген жолдар арқылы сұхбат алушыларды бақылауға болады:

- Жеке сұхбат алушылардың қатысушылар деңгейін тексеру;
- Үнтаспаға кем дегенде мысал сұхбаттарды жазу;

- Толтырылған кестелерде қандай да бір сұрақтың қалып кеткені немесе олардың айтарлықтай тиянақты толтырылғанын тексеру;

- Қатысушылардың арасынан іріктеп алып (әдетте тек қана 10%) қоңырау шалып олардың сұхбатқа қатысып не-

месе қатыспағандарын анықтау және сұхбат алушының әрекеттері жайлы сұрау.

9.2 зерттеу нысанында бірнеше сұхбат алушыларды жұмылдырудың кейбір құрамдас талаптарына мысал келтірілген.



9.2 Зерттеу нысаны

Бірнеше сұхбат алушылар жұмылдырылған зерттеу мысалы

Бұл мысал Эссекс Университетінің социологтар командасы – Маршал және басқаларының (1988) заманауи Британиядағы әлеуметтік тап туралы зерттеу жұмысынан алынған (7.4 зерттеу нысанын қараңыз). Сұхбат жетекші тәуелсіз әлеуметтік зерттеу мекемесі болып табылатын Әлеуметтік және Қоғамдық Жоспар Зерттеулері (ӘҚЖЗ) тарапынан жүргізілді. Зерттеуге 2000 адамды қатыстыру мақсаты алға қойылды (іс жүзінде 1770 адам қатысты, іріктеме үдерісі жайлы мағлұматты 8.1 зерттеу нысанынан оқи аласыз).

Сұхбат алуға жүз жиырма үш сұхбат алушы қатыстырылды. Алты толық нұсқаулық дәріс өткізілді және бұл дәрістерге Эссекс мүшелерінің барлығы қатысты, сонымен қатар, сұхбат алушыларға нұсқаулардың жазбаша толық жиынтығы берілді. Қандай да бір сыни түсініктемелер беру мақсатында әрбір сұхбат алушының алғашқы үш сұхбаты кідірітпей толық тексеріліп отырды. Далалық жұмыс барысында сұхбат алушылардың жұмысына өздерінің пікірлерін таныту да талап етілді. Аяқталған жұмыстардың 10% пікірлерін білдірулері үшін қайтадан басылып шығарылды. . . Осыған қосымша далалық жұмыс кезінде 36 сұхбат алушының қасында бақылаушылар жүрді (Маршал және басқалары 1988: 291).



Стандартталған сұхбатта туындайтын келеңсіз мәселелер

Стандартталған сұхбат әлеуметтік зерттеудің жалпылама тәсілі болғанымен осы саладағы біршама мәселелер көптеген жылдар бұрын бой көтере бастаған. Бұл мәселелер тек қана стандартталған сұхбатқа тән емес, мысалы, сұрақ-жауап зерттеуіндегі өз бетінше толтырылатын сауалнама немесе сандық зерттеудегі жартылай стандартталған сұхбат тәрізді ұқсас тәсілдерде де орын

алып жатады. Алайда кейбір шектеулерге қатысты төменде қарастырылатын мәселелер стандартталған сұхбатқа қатысты болмақ.

Сұхбат алушының ерекшеліктері

Сұхбат алушылардың сыртқы көрінісі зерттеуге қатысушылардың жауапта-

рына ықпал ететініне дәлел бар. Бірақ, өкінішке орай, осы мәселеге қатысты әдебиеттерде жалпылама түсініктемелер берілмеген. Көптеген жағдайларда, сұхбат алушылардың ерекшеліктеріне қатысты жүргізілген көптеген эксперименттерде екі ұштылықтың болуы мына мәселелерге қатысты екенін көрсетеді: сұхбат алушының әртүрлі ерекшеліктерінің (нәсілі, жынысы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы) әсерлерін бөліп қарастыру; сұхбат алушылардың ерекшеліктерінің қатысушылардың ерекшеліктеріне ықпал етуі; сұхбат тақырыбы мен оған қатысты кез келген ықпалдардың өзара байланысы. Осыған қарамастан сұхбат алушының ерекшеліктеріне қатысты кейбір ықпалдарды ажыратуға болатынына дәлелдің бары сөзсіз.

Сұхбатшының этникалық өзгешелігі өз алдына назар аудартатын мәселе. Щюман мен Прэссер (1981) қатысушылардан бірнеше жақсы көретін актерлары немесе артисттерін көрсетулеріне өтініш білдірген зерттеу жайлы ойларымен бөлісті. Актерілі сұхбат алушыға қарағанда қара терілі сұхбат алушы сұхбат алғанда қатысушылар қара терілі актерлар немесе артисттерді көбірек атаған. 1969 жылы Мартин Лютер Кингтің өлімінен кейін Щюман мен Прэссер (1971) 619 қара терілі детройттық тұрғындардан сұхбат алды. Зерттеушілер сұхбатқа қатысушы ақ терілі және қара терілі тұлғалардың жауаптарының төрттен бірінде айтарлықтай айырмашылықты байқады.

Бұл сәйкестік аландатушылық тудырады, дегенмен көптеген сұрақтардың айтарлықтай ашылмай қалу фактісі

ықпал етуші фактордың орын алғанына аса сенімділік тудырмайды. Дәл осыған ұқсас сұхбат алушылардың басқа да ерекшеліктеріне қатысты аяқталмаған нәтижелер орын алып жатады. Бұл ескертулер сұхбат алушылардың ерекшеліктерінен туындайтын өлшем қателігін азайтып көрсету керек дегенді білдірмейді, бірақ дәлелдер жайлы нақты қорытындылар жасап, шектеулер қоюда абай болуға назар аудартады. Осы арада қорытындыланып, тіркелетін мәліметтер: сұхбат алушылардың ерекшеліктері сұхбатқа қатысушының жауабына әсер етеді, алайда бұл әсерлердің табиғаты немесе неге негізделетіні нақты анықталмады және тақырыптарға қарай бұл ықпалдар әртүрлі.

Жауап беру реакциялары

Кейбір әлеуметтанушылардың айтуынша стандартталған сұхбатта респондеттер арасында бейімділік біршама орын алады. Бұл әрекетті Вебб және басқалары (1966: 19) «іске жарамды емес, алайда ауытқудың заңды түрі» деген анықтама бере отырып «жауап беру реакциялары» деп атаған. Жауап берудің осы бейімділік түрі жиынтық көрсеткіштерде (7-тарауды қараңыз) орын алып жатады, себебі ол жерде қатысушылар Лайкерт шәкілі (7.2 негізгі ұғымдарын қараңыз) бойынша анықталатын топтама сұрақтар немесе нысандарға жауап береді. Жауап беру реакциясы – адамдардың сұрақтар топтамасына жүйелі түрде жауап беруінен туындайды, бірақ өлшем бірлігі ұғымына бағынбайды. Жауап беру реакциясының танымал екі түрі мыналар: «үнсіз келісім» (сонымен қатар «иә деу» және «жоқ

деу» салдарлары ретінде танымал) және **әлеуметтік қажеттілік** ықпалы.

Үнсіз келісім

Үнсіз келісім – қатысушылардың сұрақтар немесе нысандар топтамасымен келісіп немесе келіспеу жүйелілігіне қатысты үрдіске жатады. 7.2 зерттеу нысанындағы зерттеуге қатысушының барлық сұрақтарға келісіммен жауап бергенін елестетіп көріңіз. Әрине, бұл үлкен проблема туындатады, себебі кейбір берілген нысандармен келісу жұмысқа қызығушылық танытудың аз деңгейін көрсететін болса (1-4 нысандары), ал кейбір нысандар жұмысқа қызығушылық танытудың жоғары деңгейін көрсетеді (5-10 нысандары). Зерттеушінің жиынтық көрсеткіштерді қолдана отырып қарама-қайшы көзқарастарды (мысалы, нысандардың кейбіреулері жұмысқа қызығушылық танытудың жоғары деңгейін көрсетеді, ал кейбіреулері жұмысқа қызығушылық танытудың аз деңгейін көрсетеді) ұсынуының себебі – үнсіз келісім негізіне сүйеніп жауап берушілерді іріктеп алып тастау.

Әлеуметтік қажеттілік ықпалы

Әлеуметтік қажеттілік ықпалы кейбір зерттеуге қатысушылардың сұрақтарға өздерінің әлеуметтік қажеттіліктерін ескере отырып жауап беретіндеріне бірден бір дәлел. Әлеуметтік қажеттілікті танытатын жауап бұл тақырыпты қамтымайтын жауапқа қарағанда көптеп белгіленеді. Бұған дәлел психиатриялық сауалнама жүргізіп психикалық денсаулықты тексеруге арналған зерттеуде көрсетілді. Бұл сауалнама созылмалы

психикалық аурулармен байланысты емес, жай ғана кішігірім жүйке тозуы мен мазасыздыққа шалдығумен қатысты болды. Доуринуенд (1966) Нью-Йорк қаласында жүргізген зерттеуінде басқа этникалық топтарға қарағанда пуэрторикандық тұлғалардың сауалнамада жоғары дәреже көрсеткенін анықтады. Бұл үрдістің осы этникалық топта психикалық аурудың жоғары деңгейде болуымен емес, қатысушылардың жауаптарындағы қоғамдық қажеттілік ықпалына байланысты екенін анықтады. Пуэрторикандықтар басқа этникалық топтармен салыстырғанда сауалнамада берілген нысандарды көбіне жағымсыз деп белгілеген. Демек зерттеушінің қол жеткізген анықтаманың этникалық және психикалық ауру арасындағы байланыс емес екенін, керісінше этникалық тұрғы мен психикалық ауру сауалнамасын әлеуметтік қажеттілік ретінде қабылдауымен туындайтынын білдіреді. Кейінірек зерттеуде психикалық аурулар симптомдарына қатысты әлеуметтік қажеттіліктегі айырмашылық осы симптомдардың респонденттің айналасындағы достары және таныстары арасында таралғанымен байланысты болуы мүмкін деген жорамал айтылды (Филипс 1973). Әлеуметтік қажеттілік ықпалының болуы басқа да жерлерде анықталды (мысалы, Арнольд пен Фельман 1981).

Жауап беру қателіктерінің бұл түрлері аса білінбейтіндіктен олар ұғымдар өлшемдерінде орын алатын қателік негіздерінде кездеседі. Дегенмен кейбір зерттеушілердің жауап беру реакциясындағы дәлелдерге негізделген әлеуметтік зерттеулерге тікелей сын айтып отырғандарын ескере отырып (мысалы, Филипс 1973) осындай нәтижелерді тұжырымдауда тым іл-

гері кетпегеніміз дұрыс. Біз мұндай ықпалдардың қаншалықты жан-жақты екеніне көз жеткізе алмаймыз, алайда оларды жете түсінуіміз олардың деректерге ықпалдарын шектеуімізге мүмкіндік тудырды (мысалы, оларға ықпал ететін жағдайларды қарастырмау немесе сұхбат алушыларға респонденттермен аса жақын достық құрмау және олардың жауаптарына мінеуші пікір танытпаулары жайлы әлеуметтік қажеттілік ықпалын шектеу нұсқауларын үйрету).

Мағыналық мәселе

Ұқсас тәсілдер қолданылған сұрақ-жауап зерттеулерінің деректері мен нәтижелеріне социологтар тарапынын танытылған сыни көзқарастар 2 тарауда қарастырылған феноменологиялық және интерпретивист пікірлер негізінде туындаған (Цисоурил 1964, 1982; Фильмер және басқалары 1972; Бриггс 1986; Мишлер 1986). Бұл сыни көзқарас көбіне «мағыналық мәселе» деп аталып кеткен ұғым аясында қарастырылады. Осы арадағы негізгі түйін мәселе – адамдар әңгімелескенде сөздің тек қана күнделікті қолданыстағы мәнін ғана келтіріп қоймай, сонымен қатар, дербес мағынада да қолданып жатады. Осы арадағы «мағына» – алдын ала берілген ұғым емес, жаңадан тиісті әрекеттер нәтижесінде ортаға шығарылған мәнінде қолданылады. Стандартталған сұхбаттағы мағыналық мәселер, сұрақ-жауап зерттеулерінде сұхбат сұрақтары мен жауаптарында қолданылған терминдердің сұхбат алушы мен қатысушы тарапынан бірдей мағынада қолданып отырғандарына мән беруге назар аудартады. Шыныменде сұхбат алушы мен сұхбатқа қатысушының терминдерді әртүрлі мағынада қолдануы және осы-

лайша әрқайсысы әртүрлі нәрсе жайлы айту мүмкіндігімен қатысты мағыналық мәселесі зерттеу жұмысын стандартталған сұхбат арқылы жүзеге асыруда толығымен қарастырылмаған, басқаша айтқанда бұл мәселені айналып өткен. Мағыналық мәселе оған мән бермеу арқылы шешімін тапқан.

Феминистік сыни пікір

Стандартталған сұхбат жайлы феминистік сыни пікірді 2 тарауда қысқаша қарастырылып кеткен жалпы сандық зерттеуге айтылған сындардан ажыратып қарау қиын. Алайда көптеген феминистік көзқарастағы социологтар сандық зерттеудің басқа да шектеу тәсілдеріне қарағанда стандартталған сұхбатты қарапайым тәсіл деп санайды. Және мұндай пікір танытуларына бұл тәсілдің көп қолданыста болуымен қатар кейбір ерекшеліктерін де байланыстырып отыр. «Ерекшеліктері» дей отырып олар стандартталған сұхбаттың зерттеуші мен тақырып арасындағы асимметриялық байланысын меңзейді, бұл өз кезегінде сандық зерттеудің сипаты болып табылады: зерттеуші зерттеуге қатысып отырған субъектіден ақпарат алады, ал өз тарапынан ешнәрсе ұсынбайды, субъектіге ешқандай қайтарым жоқ. Мысалы, осы тарауда келтірілген стандартты кеңестер зерттеушіге өзара жақсы қатынастың аса маңызды екенін білдіреді, алайда, олар жақсы таныс болып кетудің алдын алуы тиіс. Демек қатысушылар тарапынан қойылатын сұрақтар (мысалы, зерттеу жайлы немесе зерттеудің тақырыбы жайлы) өте сыпайы түрде, бірақ анық қайтарылып тасталуы керек, себебі жақсы достық қатынас құруға жол берілмеуі керек: ол қатысушылардың келесі сұраққа жа-

уаптарын бұрмалауларына себеп болуы мүмкін.

Бұл – стандартталған сұхбаттың стандарттау мен нақты және сенімді деректерді жинақтау ережелерін ескере отырып өте орынды және тиімді кеңес. Алайда феминистік көзқараста әйел адам басқа бір әйелден сұхбат алғанда сұхбат алушы мен сұхбатқа қатысушы арасында иерархиялық қатынастан пайда болатын байланыс туындайды, ал бұл осы көзқарасты ұстанушылардың құндылықтарына қарсы. Олардың пікірінше, пайдаланып қалу әсері туындайды, ал феминистік әлеуметтік ғылым дәл осы әйел адамды пайдаланып қалу мәселесін сынға алады. Оукли (1981) бала туу туралы зерттеуінде зерттеуге қатысушылар оған көптеген сұрақтар қойғанын айтты. Осы сұрақтар феминистік көзқараста бола тұрып әйел адамдардан сұхбат алуда қандай қиындықтардың болатынына мысал болды.

Феминистік көзқарастағы сұхбат алушының әйел адамнан сұхбат алу дилеммасын сұхбатқа қатысушының сұрақтарына жауап беру жайлы кеңестердің кейбір стратегиялардың іс жүзінде қолдану арқылы шешуге болады. Мысалы, «Бала қалай туылады?», «Эпидуралдық анестезия әйел адамның сал болуына себеп болған жағдай болды ма?» және «Жаңа туылған нәрестені үйде жалғыз қалдырып кету неліктен қауіпті?» тәрізді сұрақтарға сұхбат алушы мынадай жауаптар беруіне кеңес беріледі: «Бұл сұраққа дәл қазір нақты жауап бере алмаймын, себебі терең ойлануды қажет етеді»

немесе басын шайқап «бұл қиын сұрақ» дегендей ишарат білдірсе болады (Гуди мен Хат [1952: 198]). (Оукли 1981: 48).

Сұрақ-жауап зерттеулері жайлы кітаптарда осындай кеңестер әлі де кездесіп отырады. Мысалы, Гривс және басқалары (2004: 283) мынадай кеңестерді ұсынады:

1. Сұхбат алушылар зерттеуде қарастырылып отырған тақырып жайлы ешқандай пікір немесе көзқарас танытпаулары керек.

2. Сұхбат алушылар сұхбатқа қатысты қандай қалаулар немесе құндылықтар қарастырылып жатқанын анықтауға мүмкіндік беретін кез келген мәлімет беруден бас тартуы тиіс.

3. Кез келген, мысалы, ауа райы немесе сүйікті үй жануары жайлы бейтарап тақырыпты қолдау әңгімені әрі қарай еркін өрбітуге мүмкіндік береді, дегенмен, сұхбат алушылар негізгі тақырыптан ауытқып кетпеуі керек.

Осы айтылғандар сұхбат алушының сұхбатқа жауап берушінің жауаптарына ықпал етуі немесе бейімдеуінен туындайтын қателіктердің алдын алу мақсатында өте жақсы айтылған кеңестер болып табылады. Сонымен қатар, сұхбат алушының ықпалынан орын алатын қателіктерді азайтуға септігін тигізеді.

Оуклидің пікірінше оындай жағдайларда феминистердің кітаптарда жазылған қағидаларға сүйеніп әрекет етулері жауаркершілікке жатпайды. Бұл көптеген феминистік көзқарастағы социологтар өздерінің мақсаттары мен нормаларына сапалық зерттеуді сай деп қолдауымен осы стандартталған сұхбат

пен жалпы сандық зерттеу жайлы айтқан сыни пікірлері болып табылады. Сұхбат алу мәселесіне келетін болсақ, осы үрдіс сұхбат алуда бейресми, жартылай стандартталған және фокустық топтар сұхбат түрлерін көбірек таңдауға себеп болды. Бұл тақырып келесі тарауларда тағы да қарастырылады. Дегенмен 2-тарауда айтылып кеткендей феминистік көзқарастағы зерттеушілер арасында сандық зерттеуге қатысты көзқарастарда біршама жеңілдіктер орын алған. Мысалы, Уолби мен Майхил (2001) әйел адамдарды жәбірлеу тақырыбындағы зерттеу нәтижесінде шын мәнінде болған осы бағыттағы істердің қарастырылып жатқан мөлшерінен (БҚШ тәрізді жалпы қылмыстық шолуларға қарағанда) біршама көп екенін анықтады. Сұхбат

алуда тұлғалық құпиялылықты ескере отырып және сезімтал тақырыптарда сұхбат алуға арнайы тәжірибеден өту арқылы бұл мәселеге аса үлкен мән берілді және кейбір мемлекеттерде осы тақырыпта жүргізілген зерттеулер әйел адамды жәбірлеу деңгейі жайлы мәлімет жинауға және оның себептері жайлы біршама қорытындылар жасауға негіз болды. Стандартталған сұхбатқа негізделген осындай зерттеулер көптеген феминистік көзқарастағы зерттеушілердің мақсаттарына сәйкессіз болып көрінбейтін тәрізді және бұған қоса көптеген әйелдер үшін біршама маңызды болуы мүмкін. Дегенмен, көптеген феминистік көзқарастағы зерттеушілер үшін сапалық зерттеу оңтайлы болып қалып отыр.



Негізгі ұғымдар

- Стандартталған сұхбат – сұхбат алушының қателіктерін минимумға келтіру мақсатында сұрақ қою және жауаптарды жазып алуды стандарттауда қолданылатын зерттеу құралнамасы.
- Стандартталған сұхбат адаммен бетпе-бет жүздесіп сөйлесу арқылы немесе телефонмен сөйлесу арқылы жүзеге асырылады.
- Стандартталған сұхбатты қолданып зерттеу жүргізгенде сөйлемнің құрылымын және сұрақтардың реттілігін сақтау өте маңызды.
- Сұхбат алушылардың ерекшеліктері сұхбатқа қатысушылардың жауаптарына әсер ету мүмкіндігі жайлы қандай да бір дәлелдің болуы осы эксперимент нәтижелерінің екіұштылығын білдіреді.
- Жауаптар жиынтығы стандартталған сұхбатта қол жеткізілген деректерге зиянын келтіруі мүмкін, сондықтан қатысушылардың осы реакцияларды танытуын анықтайтын тәсілдер қолданылуы тиіс.
- Құрымылдық сұхбат феминистік көзқарастағы зерттеушілер жағымсыз деп тапқан сандық зерттеудің ерекшеліктеріне жатады, жағымсыз жақтарын атап айтсақ: өзара байланыстың болмауы және пайдаланып қалу.



Қысқаша шолу сұрақтары

Стандартталған сұхбат

- Сұрақ-жауап зерттеуінде сұхбат алушының жаңылысуын минимумға келтіру неліктен маңызды?
- Сұхбат алушының жаңылысуын минимумға келтіру стандартталған сұхбаттың қаншалықты сәтті өтуіне ықпал етеді?
- Сұрақ-жауап зерттеу жүргізуші деректер жинақтауда бейресми сұхбат тәсіліне қарағанда неліктен стандартталған тәсілді таңдайды?
- Неліктен стандартталған сұхбат кестелерінде көбіне жабық сұрақтар қамтылады?

Сұхбат мәнмәтіні

- Стандартталған сұхбатты бірден көп сұхбат алушының көмегімен жүргізу талап етілетін жағдайлары болады ма?
- «Бетпе-бет кездесу сұхбаттарына қарағанда телефон арқылы сұхбат алудың аз шығынға түсетінін ескеретін болсақ, соңғысы тиімді болып табылады». Осы пікірді талқылаңыз.

Сұхбат жүргізу

- Зерттеуге рұқсат алынған фирмадағы өндірістік жұмысшылар арасында зерттеу жүргізу үшін кіріспе сөз әзірлеңіз.
- Өзара жақсы қарым-қатынас стандартталған зерттеудің қаншалықты маңызды құрамы болып табылады?
- Сұрақтың реттілігі жауаптарға айтарлықтай әсер ететіні жайлы дәлел қаншалықты нақты?
- Сұхбат алушының ерекшеліктері жауаптарға айтарлықтай әсер ететіні жайлы дәлел қаншалықты нақты?
- Алдын ала шолу мен қосымша көмек арасындағы айырмашылық қандай? Олардың маңыздылығы неде және қолданысы қандай тәуекел тудырады?

Стандартталған сұхбатта орын алатын проблемалар

- Жауаптар жиынтығы дегеніміз не және олар неліктен маңызды?
- Феминистік көзқарастағы зерттеушілердің стандартталған сұхбатты сынға алуларының астарында қандай маңызды мәселелер жатыр?



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/


Стандартталған сұхбат жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа да веб парақтармен танысыңыз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

10-тарау

Өз бетінше толтырылатын сауалнамалар

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	378
Өз бетінше толтырылатын сауалнамалар парақтары ма, әлде поштамен жіберілетін сауалнама түрлері ме?	378
Жауап беруші өз бетінше толтыратын сауалнамаларды стандартталған сұхбатпен салыстырып бағалау	379
Өз бетінше толтырылатын сауалнамалардың стандартталған сұхбатқа қарағанда артықшылықтары	380
Өз бетінше толтырылатын сауалнамалардың стандартталған сұхбатқа қарағанда кемшіліктері	381
Поштамен жіберілетін сауалнамаларға жауап беру үлесін арттыру шаралары	384
Өз бетінше толтырылатын сауалнаманы құрастыру	386
Сауалнама мәтінін аса тиянақтамау	386
Сауалнама мәтінін түсінікті жазу	386
Тік және көлденең үлгідегі жабық жауаптар	387
Қалай жауап беру керектігі туралы анық нұсқаулар беру	389
Сұрақтар мен жауаптарды жақын көрсету	390
Жауап беруші өз бетінше толтыратын сауалнама ретінде қолданылатын күнделіктер	390
Күнделіктің деректер жинау әдісі ретіндегі артықшылықтары мен кемшіліктері	395
Негізгі ұғымдар	395
Қысқаша шолу сұрақтары	396





Тараудың қысқаша мазмұны

Өз бетінше толтырылатын сауалнамалар алдыңғы тарауда сипатталған стандартталған сұхбатпен қатар, әлеуметтік сұрақ-жауап жобасы арқылы деректер жинаудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Интернет сауалнамаларды жүргізудің платформасына айналғанға дейін (28-тарауды қараңыз) сауалнама жүргізудің ең жиі қолданылатын түрі поштамен жіберілетін сауалнама болды деуге болады. «Өз бетінше толтырылатын сауалнама» термині көбірек қолданылады, себебі бұл термин «пошта арқылы сауалнама» терминімен салыстырғанда толығырақ мағынасын береді. Осы тарауда төмендегі мәселелер қарастырылады:

- Сауалнаманың стандартталған сұхбатпен салыстырғандағы артықшылықтары мен кемшіліктері;
- Көбінесе поштамен жіберілетін сауалнамаларға тән қатысушылар деңгейінің төмендігіне қатысты мәселелерді шешу жолдары;
- Жауап берушілер үшін жауап беруді жеңілдетіп және қателікті азайта отырып сауалнамаларды құрастыру жолдары;
- Күнделіктерді өз бетінше толтырылатын сауалнама ретінде қолдану.

Кіріспе

Сауалнамалар жайлы тұжырымдамалар алдыңғы тараудың ауқымды бөлігін алды. Стандартталған сұхбат көптеген жағдайларда сұхбат алушы жүргізетін сауалнама болып табылады.

Алайда жабық сұрақтар жинағына жауап берушілер өз бетінше толтырылатын сәттерді сипаттау үшін «сауалнама» терминін сақтап қалуды талап ететін ереже дерлік үрдіс қалыптасқан.



Өз бетінше толтырылатын сауалнамалар парақтары ма, әлде поштамен жіберілетін сауалнама түрлері ме?

Өз бетінше толтырылатын сауалнама кейде жауап беруші өз бетінше жүргізетін сауалнама деп аталады. Осы кітапта бірінші термин қолданылады. Өз бетінше толтырылатын сауалнама – жауап берушілердің сұрақтарға өздері жауап бере отырып сауалнаманы тол-

тырулары арқылы жүзеге асады. Тәсіл ретінде өз бетінше толтырылатын сауалнама әртүрлі үлгіде қолданылады. Осы үлгілердің ең танымал түрі **поштамен жіберілетін сауалнама** десе болады және өзінің атынан көрініп тұрғандай, сауалнама жауап берушіге пошта

арқылы жолданады. Ал жауап беруші сауалнаманы толтырғаннан соң, оны пошта арқылы қайта жолдауы тиіс. Қайта жолдаудың балама әдісі ретінде жауап берушіге оның толтырған сауалнамасын белгілі бір жерге, мысалы, мектептің демалыс бөлмесіндегі немесе фирмадағы супервайзердің кеңсесіндегі жәшікке салуына өтініш білдіріледі. Пошта арқылы жіберілетін сауалнамаларды 28-тарауда қарастырылған электрондық пошта арқылы жолданатын сауалнамалардан ажырату үшін «пошта» сөзі қолданылады. Сонымен қатар «өз бетінше толтырылатын сауалнама» термині сауалнама жүргізудің басқа үлгісін де қамтиды, мысалы, зерттеуші сауалнамаларды дәрісханадағы барлық студенттерге таратып беріп, олар толтырып болған соң жинап алынады. Мысалы, Смит және Макви (2003) өздерінің қылмысқа қатысты Эдинбург жастарының ауқымды іріктемесі арасында жасөспірімдер мен жастардың дамуы кезіндегі өзгерістерге қатысты жүргізген созылмалы шоғырламалық зерттеуінде осы тәсілді қолданғандарын баяндады. Олар былай деп жазды:

«Жалпы алғанда, сауалнамаларды бір немесе екі зерттеушінің қадағалауымен сыныптың барлық

оқушылары толтырды. . . . Парталар бір-бірінен мүмкіндігінше алшақ қойылды және кейбір шарттарына орай сауалнамаларды толтыру сынақ алу шарттарымен бірдей болды: оқушылардың бір-бірімен сөйлесуіне тыйым салынды, басқалардың сауалнамаларына қарау мүмкіндігі аз болды немесе мүлдем болмады» (Смит және Макви 2003: 183).

Осы мысалдан жауап берушілердің сауалнаманы өздері толтыратынын, бірақ сауалнама пошта арқылы жіберілмегенін көре аламыз. Оны «бақылау арқылы өз бетінше толтырылатын сауалнама» деп сипаттауға болады. Сондықтан «өз бетінше толтырылатын сауалнама» атауы «поштамен жіберілетін сауалнама» атауынан гөрі анағұрлым сәйкес және толық мағынасын береді. Алайда, соңғысы жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнаманың ең танымал түрі болып табылатыны рас.

Төменде берілген талқылауда, мәселелер өз бетінше толтырылатын сауалнаманың барлық түрлеріне қатысты болған жағдайда, осы термин қолданылады. Ал мәселелер нақты түрде немесе тек пошта арқылы жолданатын сауалнамаларға қатысты болған жағдайда, «поштамен жіберілетін сауалнама» термині қолданылады.



Жауап беруші өз бетінше толтыратын сауалнамаларды стандартталған сұхбатпен салыстырып бағалау

Көбінесе өз бетінше толтырылатын сауалнама және стандартталған сұхбат әлеуметтік зерттеудің өте ұқсас тәсілдері болып табылады. Олардың арасындағы

айқын айырмашылық – жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнамада сұрақтарды қоятын сұхбат алушы жоқ, керісінше жауап берушілер әрбір

сұрақты өз бетінше оқып, сұрақтарға өздері жауап беруі тиіс. Осы айқын, бірақ негізгі айырмашылықтан басқа, олар өте ұқсас. Алайда, өз бетінше толтырылатын сауалнаманы жүргізу кезінде сұхбат алушы болмағандықтан, зерттеу құралнамасы түсінуге ерекше жеңіл болуы және оның сұрақтары жауап беруге өте оңай болуы тиіс. Себебі, жауап берушілер сұхбат берушілер сияқты нұсқаулар алып, арнайы тәжірибеден өтпеген және зерттеу құралнамасы жайлы ешқандай мәліметі болмауы мүмкін.

Осының нәтижесінде жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнама стандартталған сұхбатпен салыстырғанда төмендегідей сипаттарға ие:

- ашық сұрақтары аз қамтылады, себебі жабық сұрақтарға жауап беру жеңіл болып келеді;
- түсінуге жеңіл жобамен құрастырылады, бұл жауап беруші іріктеу сұрақтарды түсінбей қалу немесе абайсызда сұрақты қалдырып кету мүмкіндігін азайту үшін қажет;
- қысқартып құрастырылады, бұл «жауап берушінің шаршап қалуының» алдын алады, себебі ұзақ сауалнамалардағы сұрақтарға жауап беруден шаршап, оны аяқтамай қоқыс жәшігіне лақтыра салу жауап беруші үшін жеңілдірек.

Өз бетінше толтырылатын сауалнамалардың стандартталған сұхбатқа қарағанда артықшылықтары

Сауалнама жүргізу арзанырақ

Сұхбат жүргізу қымбатқа түсуі мүмкін. Егер сіздің іріктемеңіз әртүрлі географиялық аймақтарда шашырап орналасқан болса, өз бетінше толтырылатын сауалнаманы қолдану арзанға

түсуімен тиімділік тудырады. Осындай жағдайларда сұхбат алушылардың уақыты және жол шығындары жұмсалмайтындықтан, поштамен жіберілетін сауалнама анағұрлым арзанырақ болмақ. Жол шығыны мен уақыт шығынына қарағанда телефон байланысының арзанға түсетінін ескеретін болсақ, бұл артықшылық та кейінгі қатарларға ысырылып қалатыны анық. Бірақ тіпті телефон арқылы сұхбатпен салыстырғанда да, поштамен жіберілетін сауалнаманың шығын мөлшері жағынан артықшылығы бар.

Сауалнама жүргізу жылдам жүзеге асырылады

Өз бетінше толтырылатын сауалнамаларды бір мезгілде топтама түрде пошта арқылы немесе басқаша жолдармен жөнелтуге болады. Мың сауалнаманы пошта арқылы бір топтамамен жолдауға болады, дегенмен, тіпті сұхбат алушылар тобы жұмылдырылған болса да, осындай ауқымды мөлшердегі іріктемеге жеке сұхбат өткізу көп уақытты қажет етеді. Алайда, сауалнамалардың барлығы дереу қайтып келмейтінін және олар қайтып келгенше бірнеше апта өтуі мүмкін екенін ескерген жөн. Сонымен қатар, алғашқы кезде сауалнамаға жауап қайтармаған адамдарға ескерту хаттарын немесе/және сауалнамаларды қайта жолдау қажеттілігі әрдайым туындап отырады. Бұл мәселеге төменде қайтып ораламыз.

Сұхбат алушының әсерінің жоқтығы

Әртүрлі зерттеулер сұхбат алушылардың (және жауап берушілердің) ерекшеліктері адамдардың беретін жауаптарына әсер ететінін көрсеткені жайлы

9-тарауда атап өтілді. Осы зерттеудің нәтижелері екіұшты болғанымен, сұхбат алушылардың ұлты, жынысы және әлеуметтік ортасы сияқты ерекшеліктерін жауап берушілердің жауаптарын бейімдеу мақсатында біріктіруге болады деген ұйғарым жасалды. Сөзсіз, жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнаманы толтыру кезінде сұхбат алушы болмағандықтан, сұхбат алушының әсері болмайды. Алайда, осы артықшылыққа, бәлкім, сақтықпен қараған жөн, себебі көптеген жылдар бойғы зерттеулер нәтижесінде сұхбат алушының қандай ерекшеліктері жауаптарға әсер ететіні туралы біршама тұрақты ұйғарымдар да пайда болды. Бәлкім, сұхбат алушының қатысуы маңызды болуы мүмкін, себебі сұхбат алушы қатысса адамдар өздерінің қоғамдық жағымдылығын көрсетуге тырысып, біржақты жауап беруге бейім болады. Судман және Брадбурн жүргізген зерттеу (1982) нәтижелері сұрақтар осындай біржақтылықтың мүмкіндігін ескеріп құрастырылған жағдайда, поштамен жіберілетін сауалнамалар дербес сұхбаттардан гөрі жақсы нәтиже беретінін көрсетті. Сонымен қатар, жауап берушілер өздерін мазалайтын немесе қынжылтатын мәселелер туралы аз мәлімет беруге бейім. Туранжо және Смит (1996) қорытындылаған зерттеу нәтижесі жауап берушілердің стандартталған сұхбаттан гөрі өз бетінше толтырылатын сауалнамаларда есірткі қолдану, ішімдік ішу, жыныстық серіктерінің көп болуы және аборт жасау сияқты тақырыптардың сұрақтарына көбірек жауап беретінін көрсетті.

Сұхбат алушының сұрақтарды өзгерту мүмкіндігінің болмауы

Жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнамаларда сұхбат алушы-

лардың сұрақтарды басқа ретпен немесе басқаша қою мәселесі орын алмайды.

Жауап берушілерге ыңғайлы

Өз бетінше толтырылатын сауалнамалар жауап берушілер үшін анағұрлым ыңғайлы, себебі олар сауалнаманы өздері қалаған кезде және өздеріне ыңғайлы жылдамдықпен толтыра алады.

Өз бетінше толтырылатын сауалнамалардың стандартталған сұхбатқа қарағанда кемшіліктері

Түсіндіру мүмкіндігінің болмауы

Жауап берушілер сұраққа жауап бере алмай қиындық туындағанда ешкім көмектеспейді. Қойылған сұрақтардың анық және түсінікті болуы әрдайым маңызды. Алайда бұл ережеге жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнамада ерекше көңіл бөлінуі керек, себебі жауап берушілер түсіне алмай және жауапсыз қалдырып жатқанда сұрақтарды түсіндіретін сұхбат алушы жоқ. Сонымен қатар, сауалнаманың толтыруға жеңіл болуына ерекше назар аудару қажет, нұсқаулар түсініксіз болса, жауап берушілер сұрақтарды абайсызда қалдырып кетуі мүмкін.

Қосымша көмектің болмауы

Жауап берушілердің жауаптары толығырақ болуы үшін қосымша сұрақ қою мүмкіндігі жоқ. Ашық сұрақтарға қатысты қосымша сұрақ қойып, сұрақтардың мағынасын анықтау өте маңызды болуы мүмкін. Сұхбат алушылар көп жағдайда жауап берушілерден

толығырақ жауап алуға арнайы дайындықтан өтеді. Алайда, бұл мәселе көбінесе ашық сұрақ қойылғанда туындайды, ал өз бетінше толтырылатын сауалнамада ашық сұрақтар көп қолданылмайды.

Жауап берушілер үшін аса маңызы жоқ сұрақтар қою мүмкіндігінің болмауы

Сұхбатпен салыстырғанда, жауап берушілердің өздері үшін аса маңызды емес және жалықтыратын сұрақтарға жауап беруден шаршау ықтималдығы жоғары. Сауалнаманы толтырмай, қоқыс жәшігіне лақтыра салу тәуекелі басым болғандықтан, өз бетінше толтырылатын сауалнамаға аса маңызды емес сұрақтар енгізудің алдын алған жөн. Керісінше, егер зерттеу тақырыбы жауап беруші үшін маңызды болса, жауап беру үлесі жоғары болмақ (Алтшульд және Лоуер 1984). Демек, сұрақтарда маңызды тақырыптар қамтылса өз бетінше толтырылатын сауалнама, әсіресе, шығындардың төмен екенін ескерсек, зерттеуші үшін тиімді құрал екенін білдіреді.

Сұрақтардың басқа түрлерін қоюдың қиындығы

Жауап берушілерге аса маңызды емес сұрақтарды тым көп қоймауды қамтамасыз етумен қатар, жоғарыда айтылғандай, ашық сұрақтарды көп қоюдан да аулақ болған жөн (себебі жауап берушілер көп жағдайда ұзақ жазып отыруды қаламайды). Іріктелген сұрақтар сияқты құрылымы күрделі сұрақтарды мүмкіндігінше қоймаған жөн (себебі көп жағдайда жауап берушілер оларды түсінуді қиынсынады).

Сауалнаманы толығымен оқу мүмкіндігі

Жауап берушілер бірінші сұраққа жауап берер алдында бүкіл сауалнаманы оқып шыға алады. Және қойылған сұрақтардың бір-біріне іс жүзінде тәуелсіз екенімен танысады. Алайда, бұл сұрақтарға тиісті ретімен жауап берілгеніне сенімді бола алмайсыз. Осылайша, сұрақтар реттілігінің ықпалына қатысты мәселе (9-тарауды қараңыз) туындауы мүмкін. Сауалнамаға веб парақтар зерттеу аясында жауап берілгенде жауап беруші бір уақытта сұрақтардың тек бөлігін ғана көруі мүмкін (28-тарау).

Кім жауап бергенін білмеу

Поштамен жіберілетін сауалнамаға тиісті адамның жауап бергеніне сенімді болу мүмкін емес. Егер сауалнама жанұядағы белгілі бір адамға жіберілсе, жанұяның басқа бір мүшесі сауалнаманы толтыруы мүмкін. Сонымен қатар, жауап беруші болып табылмайтын басқа адамдардың (мысалы жанұяның басқа мүшелерінің) сұрақтарға жауап беруге араласпауын қадағалау да мүмкін емес. Демек, егер сауалнама фирманың менеджеріне жіберілсе, ол бұл тапсырманы басқа қызметкерге жүктеуі мүмкін. Стандартталған сұхбаттың поштамен жіберілетін сауалнамаға қарағанда осы артықшылығы алдыңғысы телефон арқылы жүргізілгенде іске аспай қалады, себебі жоғарыда аталған мәселе орын алады: телефонға кімнің жауап беріп тұрғанын білмейміз. Кейбір сыншылар, веб-пайдаланушылар бірнеше онлайн-есім қолдануға бейім болатындықтан, жауап беруші өз бетінше толтыратын сауалнама интернет арқылы (28-тарауда сипатталған сауалнама жүргізу түрі)

жүргізілгенде кімнің жауап бергенін білмеу мәселесі тағы да алға шығады деп санайды (Купер, 2004 ж.).

Қосымша деректер жинау мүмкіндігінің болмауы

Сұхбат кезінде сұхбат алушыларға үй, мектеп, фирма жайлы немесе басқа да қосымша ақпарат жинау тапсырылуы мүмкін. Поштамен жіберілетін сауалнама жүргізілгенде мұндай тапсырманы іске асыру мүмкін емес, бірақ егер жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнамалар мектепте немесе фирмада таратылса, осындай қосымша мәліметтер жинау мүмкіндігі басым болмақ.

Көп сұрақтар қою қиындығы

Жоғарыда айтылғандай «жауап берушінің шаршап қалу» мүмкіндігі ескерілетіндіктен ұзын сауалнамалар жүргізу мүмкіндігі аз. Ұзын сауалнамаларда, тіптен, жауап бермеу жиі кездесіп жатады, себебі олар жауап берушілерге жағымсыз көрінеді.

Кейбір жауап берушілерге сәйкес келмеуі

Сауаттылығы шектеулі немесе ағылшын тілін меңгеру дәңгейі төмен жауап берушілер сауалнамаға жауап бере алмайды. Осы шектеулердің екіншісі орын алғанда сұхбат жүргізуді іске асыру мүмкін емес, алайда поштамен жіберілетін сауалнамаларда да қиындықтар көп кездеспесе, азаймайды.

Жетіспейтін деректер болу қаупі жоғары

Сұхбаттарға қарағанда, түсіндіру немесе қадағалау мүмкіндігі болма-

ғандықтан, сауалнамаларға жартылай жауап беру ықтималдығы жоғары. Сонымен қатар, сұхбатта сұхбат алушының өтініш білдіру мүмкіндігінің болуымен салыстырғанда, өз бетінше жауап беретін сауалнамада жауап берушілер сұраққа жауап бермеу туралы шешімді өздері қабылдай алады. Мысалы, жауап беруші үшін жалықтыратын немесе өзекті емес сұрақтар көбінесе жауапсыз қалады. Егер сұрақтарға жауап берілмесе, бұл айнымалыны қалыптастыруға қажетті деректердің жетіспеуіне әкеп соғады.

Жауап беру үлесінің аз болуы

Аса қауіпті шектеулердің бірі – сұхбатқа негізделген зерттеулермен салыстырғанда, поштамен жіберілетін сауалнамалар арқылы зерттеулер әдетте жауап беру үлесінің аз болуына әкеліп соғады (8.2 негізгі ұғымын қараңыз). Жауап беру үлесінің маңыздылығы мынада: егер қатыспайтын адамдар саны қатысатын адамдар санымен бірдей екенін дәлелдеу мүмкін болмаса, бейімділік қаупінің болу ықтималдығы жоғары. Басқаша айтқанда, егер қатысушылар мен жауап беруден бас тартқандар арасында айырмашылықтар болса, осы іріктемеге қатысты нәтижелер дұрыс болмауы мүмкін. Егер жауап беру үлесі төмен болса, нәтижелерде бейімділіктің орын алу ықтималдығы жоғары болмақ.

Мангион (1995: 60-1) поштамен жіберілетін сауалнамаларға жауап беру үлесінің топтамасын төмендегідей жіктеуді ұсынды:

85% жоғары	керемет
70-85%	өте жақсы
60-69%	жарамды
50-59%	жарамдылығы төмен
50%-төмен	жарамсыз



Ұсыныстар мен қорытындылар

Жауап беру үлесі

Жауап беру үлесі өте маңызды, себебі жауап беру үлесі неғұрлым төмен болса, кол жеткізілген іріктеменің таныстырмалы түрде болуына қатысты соғұрлым көп сұрақтар туындайды. Бір жағынан, бұл мәселе тек кездейсоқ іріктемелерге қатысты болуы мүмкін. Ықтималдық іріктеме әдісіне сүйеніп таңдалмаған іріктеме тәсілі қолданылғанда жауап беру үлесі аса маңызды мәселе емес деп мәлімдеуге болады, себебі іріктеме тіпті барлығы қатысқан болса да контингентті таныстыра алмайды! Жекелеп алғанда, поштамен жіберілетін сауалнама арқылы зерттеуде жауап беру үлесі көбінесе төмен болады және Мангион жіктеуінен көріп отырғанымыздай, кейбір мамандардың ойынша, 50% төмен болатын жауап беру үлесі жарамсыз болып саналады. Екіншіден, көптеген жарияланған мақалалар осы деңгейден анағұрлым төмен зерттеу нәтижелерін көрсетеді. 1979-83 жылдарындағы ұйымдық зерттеу саласында жарияланған зерттеулерді талдау барысында Митчел (1985 ж.) жауап беру үлесінің 30-94% құрайтын қатарын анықтады. Сондықтан егер сіздің зерттеуіңізде жауап беру үлесі төмен болса, үмітіңізді үзбеңіз. Мангион сияқты авторлар (1995) 30% жауап беру үлесін жарамсыз деп санағанымен (және оның ойы дұрыс болуы мүмкін), көптеген жарияланған зерттеулерде жауап беру үлесі төмен болған. Осы арада негізгі тұжырым: төмен жауап беру көрсеткішінің ықтимал шектеулерінің салдарын түсініп және қабылдай білу керек. Екінші жағынан, егер сіздің зерттеуіңіз қолайлы іріктемеге негізделген болса, керісінше, төмен жауап беру көрсеткіші маңызды емес деп мәлімдеуге болады. Көптеген студенттер жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнаманың поштамен жіберілетін және басқа түрлерін жүргізу құны төмен және уақыт тиімділігі жағынан таңдай отырып, оларды тиімді деп санайды. Қорыта келе айтарымыз: жауап беру көрсеткіші аз болатын ықтималдық басым болса да осындай әдістерді қолданудан бас тартпағаныңыз жөн.

Поштамен жіберілетін сауалнамаларға жауап беру үлесін арттыру шаралары

Стандартталған сұхбатпен салыстырғанда, поштамен жіберілетін сауалнама арқылы зерттеу кезінде жауап беру үлесі төмен болуға бейім болғандықтан (және ол зерттеу нәтижелерінің заңдылығына әсер ететіндіктен) сауалнамаға жауап беруді жақсарту әдістерін анықтау үшін көптеген зерттеулер мен талдаулар жасалды. Осы мақсатта, яғни жауап беру үлесін арттыруда мына шаралар жиі ұсынылады:

- Зерттеу жүргізу себебін, оның неліктен маңызды екенін және хатты алушы адам неліктен таңдап алынғанын түсіндіріп жолдама хат жазыңыз. Бар болса, демеушілерді атап өтіңіз және жеке тұлғалық құпиялығын сақтауға кепілдік беріңіз. Ұсыныстар мен қорытындыларда «Кіріспе тұжырымдамасына енгізілетін тақырыптар мен мәселелер» бөліміндегі жауап берушінің сұхбатқа қатысуына өтініш білідіріп жолдайтын хаттың түріне қатысты кеңестерді (9-тарауды қараңыз) қолдану жақсы нәтиже беруі мүмкін.
- Поштамен жіберілетін сауалнамалармен бірге әрдайым марка жабысты-

рып мекенжай жазылған конверт немесе ең кемінде кері қайтару ақысы жолдануы тиіс.

- Бастапқыда жауап бермеген адамдарға қайтадан хат жолдаңыз, екі немесе үш хат жазу қажет болуы мүмкін. Еске салу хаттарының маңыздылығын асыра айту мүмкін емес, дегенмен, олардың көмегі бар. Маған ұнайтын әдіс – жауап бермеген адамдарға алғашқы хаттан кейін екі апта өткен соң еске салу хатын жолдау. Онда мен зерттеудің сипатын және мақсаттарын қайта мәлімдеп, егер сауалнаманың түпнұсқасы жоғалған болса жауап беруші сауалнаманың қосалқы көшірмесін алу үшін зерттеу тобының мүшесіне немесе маған хабарласуын ұсынып жолдама хат жаздым. Әрі қарай екі апта өткен соң барлық жауап бермеген адамдарға тағы бір еске салу хатымен бірге сауалнаманың қосымша көшірмесін жолдау керек. Осы еске салу хаттары жауап беру үлесіне елеулі түрде әсер етеді. Кейбір авторлар жауап бермеген адамдарға әрі қарай еске салу хаттарын жазуды қолдайды. Егер жауап беру үлесі тым төмен болса осындай қосымша хаттар шынымен қажет болмақ.

- Қысқа сауалнамаларға жауап беру үлесінің ұзын сауалнамаларға қарағанда жоғарырақ болуы таңқалдырмайды. Алайда, бұл қатаң қағида емес, себебі сауалнаманың «тым ұзын» екенін қалайша анықтауға қатысты мәлімет жоқ. Сонымен қатар, кейбір дәлелдерге сүйенетін болсақ, жауап беру үлесі сауалнамалардың ұзын болуының ықпалы мен жауап берушілерге зерттеу тақырыбының (тақырыптарының) маңызды болуы және іріктеменің ерекшеліктерімен бірге қарастырылады. Жауап берушілер өздерін

қызықтыратын тақырыптарға қатысты көптеген сұрақтары бар сауалнамаларға өте төзімді болуы мүмкін.

- Түсінікті нұсқаулар және тартымды дизайн поштамен жіберілетін сауалнамаларға жауап беру үлесін арттырады. Диллман, Смит және Кристиан (2009) «Арнайы дизайн әдісі» (АДӘ) деп атаған әдістің аясында сұрақтарды қоңыр түсті және/немесе ірі әріптермен жазуды, ал жабық жауаптарды ашық түсті және/немесе кіші әріптермен жазуды ұсынады. Алайда, сауалнамалардың эстетикалық әсеріне көңіл бөлумен қатар, әріп түрін және әшекейлеу элементтерін қолдануда сәйкестікті қамтамасыз ету де өте маңызды. Мысалы, сұрақтарды жазуға ірі әріп қолдансаңыз, сұрақтардың барлығының ірі әріптермен жазылуын және ірі әріптердің сауалнаманың басқа бөліктерінде қолданылмауын қадағалаңыз.

- Сауалнаманың тым көлемді болып көрінуіне жол бермеңіз. Диллман және басқа авторлар (2009ж.) сауалнаманы буклет үлгісінде басып шығаруды немесе сауалнаманың өлшемі буклет үлгісіне сәйкес келетіндей етіп қысқарту үшін фотокошіргіші құрылғыны қолдануды ұсынады. Сонымен қатар, осы үлгі кәсіби көзқарас әсерін қалдырады.

- Стандартталған сұхбаттағыдай (9-тарауды қараңыз), сауалнаманы жауап берушілер үшін қызықты болуы ықтимал сұрақтардан бастаңыз. Осы кеңес тақырыптың маңыздылығы мәселесімен байланысты (жоғарыдан қараңыз), бірақ жауап беруші үшін аса маңызды емес сәттерінде алар орны орасан зор.

Жауап берушінің есімі мен мекенжайын жазу арқылы ілеспе хаттарды

дербестендірудің жауап беру көрсеткіші үшін қаншалықты маңызды екені туралы қарама-қайшы пікірлер бар (Баумгер-тнер және Хеберлайн, 1984). Алайда, Диллман және басқа авторлар (2009) ұсынған АДӘ әдісінің ерекшеліктерінің бірі – осы мәліметтер ілеспе хаттарға жазылады және олардың әрқайсысына жеке қол қойылады.

- Мен, жалпы алғанда, поштамен жіберілетін сауалнамаларда ашық сұрақтар мүмкіндігінше аз болу керек деп санаймын, себебі көбінесе адамдар ұзақ уақыт жазып отыруды ұната бермейді. Шындығында, осы мәселені зерттеген көптеген авторлар жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнама-

ларда ашық сұрақтар мүмкіндігінше аз қолданылуын ұсынады.

Ақшалай ынталандыруды қамтамасыз ету жауап беру үлесін арттырады. Сауалнаманы қайтарғаннан кейін беріледі деп уәде еткеннен гөрі ақшалай қаражат сауалнамамен бірге жіберілетін болса, анағұрлым тиімді болмақ. Жауап берушілер әдетте ақшаны алып, сауалнамаға жауап беруден бас тартпайтыны анық! Сонымен қатар, ақшаның аздаған мөлшерінің жауап беру үлесіне жағымды әсер ететінін дәлелдер көрсетіп отыр, дегенмен, ақшаның ауқымды болуы жауап беру үлесін айтарлықтай арттыратыны жайлы пікірлер жоқ.



Өз бетінше толтырылатын сауалнаманы құрастыру

Сауалнама мәтінін аса тиянақтамау

Бәрімізге мәлім осы поштамен жіберілетін сауалнамаға жауап беру көрсеткішінің төмен болуына қатысты, кей жағдайларда зерттеу құралнамасының мүмкіндігінше қысқа болуы болашақ жауап берушілердің жауап беруден бас тарту ықтималдығын азайтады деген пікірлер бар. Алайда бұл қате пікір. Диллман және басқа авторлар (2009) атап өткендей, тартымды құрылым жауап беру көрсеткішін арттыруы ықтимал, ал жиектерін және сұрақтардың арасындағы кеңістікті азайту сияқты әдістерді қолданып сауалнаманы іс жүзіндегіден қысқа етіп көрсету сауалнама сұрақтарының арасын тым тығыз қылып жібереді және тартымсыз үлгіні қалыптастырады. Сонымен қатар, егер

сұрақтар бір-біріне тым жақын орналасса, оларды жауап берушілердің қалдырып кету ықтималдығы басым.

Бұл сіздің сұрақтар арасындағы кеңістікті оғаш түрде алшақ қолдануыңыз керек дегенді білдірмейді, себебі бұл да үлгінің тартымсыз болуына жол ашады және сауалнаманы тым көлемді етіп көрсетуі мүмкін. Әлеуметтік зерттеудің басқа да мәселелерінен бірдей, осы мәселеде де шектен шығуды болдырмау үшін үнемі орынды тәсілдер қолданылуы керек.

Сауалнама мәтінін түсінікті жазу

Диллман және басқа авторлар (2009) ерекше көңіл бөлгендей жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнаманы іс жүзіндегіден қысқа болып көрінетін етіп

құрастырудан гөрі, оның құрылымын әдемі болуы маңыздырақ және Диллман және басқа авторлар айтып кеткендей, бұл жауап берушінің барлық сұрақтарға жауап беруіне септігін тигізеді. Диллман және басқа авторлар бойынша сұрақтарды қоңыр түсті және/немесе ірі әріптермен жазу және жабық жауаптарды ашық түсті және/немесе кіші әріптермен жазу тәсілі – құрылымға қатысты бір мысал. Әртүрлі жазба түрлері (мысалы, әртүрлі әріптер фоны, әріптер өлшемі, қалың әріппен, курсивпен және бас әріптермен жазу) көрнекі етуі мүмкін, дегенмен, оларды сәйкестендіріп қолданған жөн. Осы соңғы кеңес сіздің жалпы нұсқауларға, әрбір тақырыпқа, бәлкім, арнайы нұсқауларға («7-сұрақты қараңыз» сияқты), сұрақтар мен жабық жауаптарға белгілі бір стильді бірдей қолданғаныңызға көз жеткізуіңіз керектігін білдіреді. Әріптер стильдерін араластырып кейде бір стильді жалпы нұсқауларға да, сұрақтарға да қолдану жауап берушілердің жаңылысуына әкелуі мүмкін.

Тік және көлденең үлгідегі жабық жауаптар

Жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнамада сұрақтардың көпшілігі жабық сұрақтар болуы ықтимал екенін ескере отырып, тағы бір қарастыратын мәселе – алдын-ала берілген жауаптарды тік немесе көлденең орналастыру мәселесі. Өте көп жағдайларда жауаптардың сипаты олардың ұзындығына байланысты тік орналастыруды қажет етеді. Көптеген авторлар мүмкіндігінше тік үлгіні қолданып жатады, себебі

үлгінің екі түрі де қолайлы болғанымен, кей жағдайларда жауаптарды көлденең орналастыруда жаңылысып кету көп орын алады (Судман және Брэдбурн 1982 ж.).

Премьер-министрдің өз лауазымына кіріскеннен бергі жұмысын қалай бағалайсыз?

(Тиісті жауапты белгілеңіз)

Өте жақсы _____ Жақсы _____

Қанағаттанарлық _____

Нашар _____ Өте нашар _____

Егер сауалнамаға асығыс жауап берілетін болса, тиісті белгіні тиісті емес ұяшыққа қою қаупі бар. Мысалы, жауап беруші «Қанағаттанарлық» деп жауап бергісі келіп тұрып «Жақсы» деген жауапты белгілеп қоюы мүмкін. Сонымен қатар, тік үлгі сұрақтарды жауаптардан анық ажыратып көрсетеді. Сұрақтардың аралығының және әріптердің әртүрлі нұсқаларын орынды қолдану арқылы осы әлеуетті мәселелерді болдырмауға болады, бірақ олар мұқият ойластыруды қажет етеді. Тік орналастыру себебінің тағы бір артықшылығы – әсіресе, сауалнамада алдын ала кодтар үдерісі қолданылған болса, оларды **кодтау** жеңілдеу болуы мүмкін. Көбінесе, жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнамаларды құрастырғанда әрбір сұрақтың оң жағына екі баған орналастырылады: бірі – сұраққа қатысты мәліметтерді деректер матрицасында көрсететін баған үшін; екіншісі – барлық алдын ала берілген кодтар үшін. Соңғысы жауап берушінің жауабын дөңгелектеу арқылы тиісті кодпен белгілеп, оны кейіннен компьютерге енгізу мүмкіндігін береді. Осылайша, Ұсыныстар мен қорытындылар, «Көлденең үлгідегі жабық сұрақ» және

Ұсыныстар мен қорытындылар, «Тік үлгідегі жабық сұрақ» бөліміндерінде көрсетілген үлгілер арасында таңдау жасалады. Екінші үлгісінде қай жерге белгі қою туралы түсініксіздік туындамайды деуге болады, сонымен қатар кодтау ісі де оңайырақ. Алайда, Лайкерт шәкіліндегідей, үлгілері бірдей жауаптары бар сұрақтар тобы қойылғанда тік үлгі тым көп орын алады. Сұрақтардың

осындай түрін орналастырудың бір әдісі – қысқартылған сөздерді қолдану және оларға түсініктеме беру. Бұған келтірілген мысалды Ұсыныстар мен қорытындылар, «Лайкерт шәкілін үлгілеу» бөлімінен таба аласыз. Жұмыстан қанағат тұтпауды бағалау үшін құрастырылған он сегіз тармақтан тұратын Лайкерт шәкілінен 4 тармақ алынды (Брейфильд және Роте, 1951).



Ұсыныстар мен қорытындылар

Көлденең үлгідегі жабық сұрақ

Премьер-министрдің өз лауазымына кіріскеннен бергі жұмысын қалай бағалайсыз?
(*Туісті жауапты белгілеңіз*)

Өте жақсы __ Жақсы __ Қанағаттанарлық __ Нашар __ Өте нашар __ 5 4 3 2 1



Ұсыныстар мен қорытындылар

Тік үлгідегі жабық сұрақ

Премьер-министрдің өз лауазымына кіріскеннен бергі жұмысын қалай бағалайсыз?
(*Туісті жауапты белгілеңіз*)

Өте жақсы	_____	5
Жақсы	_____	4
Қанағаттанарлық	_____	3
Нашар	_____	2
Өте нашар	_____	1



Ұсыныстар мен қорытындылар

Лайкерт шәкілінің үлгісі

Төмендегі сұрақтар жиынтығында сізге мәлімдеме ұсынылған. Сізден төмендегілерді белгілеу арқылы өзіңіздің әрбір мәлімдемемен келісу немесе келіспеу деңгейіңізді көрсетуіңізді сұраймыз: Толық келісемін (ТК), Келісемін (К), Сенімді емеспін (Се), Келіспеймін (Кп) немесе Мүлдем келіспеймін (МК).

(Туісті жауапты қоршап сызу арқылы өзіңіздің келісу деңгейіңізді көрсетіңіз)

23. Менің жұмысым – мен үшін ермек.
ТК К Се Кп МК
24. Менің жұмысым жалықтырмайды және өте қызық.
ТК К Се Кп МК
25. Менің достарым жұмыстарына көбірек қызығушылық танытатын сияқты.
ТК К Се Кп МК
26. Маған жұмыс істеген бос уақытымды өткізгенімнен көбірек ұнайды.
ТК К Се Кп МК

Лайкерт шәкіліндегі жауаптар жиынтығын анықтау

Жабық сұрақтарды қолданудың артықшылықтарының бірі – оларды алдын ала кодтауға болады, осылайша компьютерлік талдау үшін деректерді өңдеуді анағұрлым қарапайым іске айналдыруға болады (осы туралы толығырақ ақпарат алу үшін 11-тарауды қараңыз). Алайда, Кеңестер және дағдылар, «Лайкерт шәкілін үлгітау» бөлімінде көрсетілгендей, жауаптарға ұпай тағайындауды ойластыру керек. Мысалы, біз 23-сұраққа төмендегідей ұпай тағайындай аламыз:

Толық келісемін = 5

Келісемін = 4

Сенімді емеспін = 3

Келіспеймін = 2

Мүлдем келіспеймін = 1

Сәйкесінше, тармаққа берілген жоғары ұпай (5 немесе 4) жұмысына көңілі толуды жоғары дәрежесін көрсетеді және төмен ұпай (1 немесе 2) жұмысына көңілі толудың төмен дәрежесін көрсетеді. 24-сұраққа да осындай ұпай тағайындалады. Алайда 25-сұрақта жағдай біраз басқаша. Мұнда, келісу жұмыстан қанағаттанудың

жетіспеушілігін көрсетеді. Демек келіспеу деңгейі, керісінше, жұмыспен қанағаттануды білдіреді. Біз осы тармақта кодтау үдерісін керісінше қолдануымыз керек:

Толық келісемін = 1

Келісемін = 2

Сенімді емеспін = 3

Келіспеймін = 4

Мүлдем келіспеймін = 5

Осындай тармақтарды енгізу үнсіз келісім жауаптар жиынтығын көрсететін адамдарды анықтауға септігін тигізеді (9-тарауды қараңыз). Егер әлдекім барлық он сегіз тармақпен келіскен болса және олардың кейбіреулері жұмыстан қанағаттан тұтпауды көрсететінін ескере келе, бұл жауап берушінің еш мағынасыз жауаптар жиынтығын бергенін білдіреді және жауаптардың осы адамның шын мәнінде жұмыстан қанағаттануын бағалауға мүмкіндік беретіні екіталай.

Қалай жауап беру керектігі туралы анық нұсқаулар беру

Жауап берушілердің жабық сұрақтарға жауап бергенде өз жауаптарын қалай белгілеу керектігін әрдайым анық

түсіндіріңіз. Олар қанатша белгі қоюы тиіс пе, әлде қоршап сызуы тиіс пе, әлде тиісті жауаптың астын сызып немесе қажет емес жауаптарды сызып тастауы тиіс пе? Сонымен қатар, көптеген жағдайларда, жауап берушілер бірнеше жауапты таңдауы мүмкін – бұл сізге тиімді ме, жұмысыңызға жарамды ма? Егер жарамсыз болса, сіз осыны өз нұсқауларыңызға енгізуіңіз керек, мысалы:

(Тиісті ұяшыққа қанат белгісін қою арқылы өз ойыңызды анық көрсететін бір жауапты ғана таңдаңыз).

Егер сіз осылай анық түсіндірмесеніз және кейбір жауап берушілер бірден көп жауаптарды таңдаса, олардың жауаптарын қабылдай алмайсыз. Осы мүмкіндік кейбір жауап берушілердің жауаптарында жетіспейтін деректер болуы қауіпін арттырады. Егер сіз үшін бірден көп жауаптардың таңдалғаны тиімді болса, сіз оны да анық түсіндіруіңіз керек, мысалы:

(Тиісті ұяшықтарға қанат белгісін қою арқылы өз ойыңызды көрсететін барлық жауаптарды таңдаңыз).

Осындай нұсқау жазылмауы және жауап берушілердің қалай жауап беруді білмеуі немесе өз ойларына сәйкес келмейтін жауап нұсқасын таңдауы – жиі кездесетін қателік.

Сұрақтар мен жауаптарды жақын көрсету

Бұл – қарапайым және айқын талап, алайда зерттеушілер бұл талапты жиі бұзады, атап айтқанда, сіз бір сұрақты екі бөлек бетте көрінетіндей етіп бөлмеуіңіз керек. Парақтың төменгі жағында қалған аздаған кеңістікке сұрақты енгізіліп, ал оның жабық жауаптарын келесі бетте көрсету – жиі кездесетін қате. Мұндай қателіктерге жол берілгенде, жауап берушінің сұраққа жауап беруді ұмытып кету немесе жабық жауаптардың басқа тобына енгізіп жіберу қаупі туындайды (әсіресе, Лайкерт шәкіліндегідей, бірдей жауаптар үлгісі берілген сұрақтар топтамасы қолданылғанда туындауы мүмкін мәселе).



Жауап беруші өз бетінше толтыратын сауалнама ретінде қолданылатын күнделіктер

Зерттеушінің нақты мақсаты – әртүрлі мінез-құлықты дәл бағалау болса, осы күнге дейін аз қолданылып жүрген тәсіл болғанымен, күнделікті қолдану мүмкіндігін мұқият қарастырған жөн. Әлеуметтік зерттеуде «күнделік» термині аздап басқаша мағынада қолданылады (10.1 негізгі ұғымын қараңыз). Осы кітапта, әсіресе сандық зерттеуге қатысты қолданылуында оның үш мағынасының біріншісі – Х. Эллиот (1997) «зерттеуші жүргізетін күнделік»

деп атаған құрал ретінде қолданылады. Осы бағытта қолданылғанда зерттеуші жүргізетін күнделік өз бетінше толтырылатын сауалнамаға ұқсас болып келеді. Осылайша зерттеуші жүргізетін күнделік деректер жинаудың бақылау әдісіне балама әдіс деп айтуға болады. Сандық зерттеу тұрғысынан құрастырылған зерттеу сұрақтарының аясындағы стандартталған бақылау әдісіне (12-тарауды қараңыз) балама деп санауға болады. Күнделік тәсілдері қолданылғанда ба-

қылау жүргізіледі десе болады, себебі күнделікті толтыратын адам өзінің мінез-құлқын бақылауға алады.

Корти (1993) күнделіктің екі әдісін – «құрылымдық күнделіктер» және «еркін баяндалған күнделіктер» деп бөліп қарастырады. Бұл екі әдісті де сандық зерттеу жүргізушілері қолдана алады. 10.1 зерттеу нысанындағы жыныс және уақытты қолдану туралы зерттеуде құрылымдық күнделікке мысал келтірілген. Осы зерттеуде қолданылған күнделіктің нақты түрі көп жағдайларда «уақыт қолдану күнделігі» деп аталады, мұндай күнделікті толтырушылар ас әзірлеу, бала бағу, өз-өзіне күтім жасау, ас ішу және т.б. іс-әрекеттерді орындауға жұмсаған азды-көпті ұзаққа созылған уақыт мөлшерін көрсетіп

құрастырады. Әртүрлі іс-әрекеттерді орындауға жұмсалатын уақыт мөлшерін бағалау көбінесе сауалнама арқылы бағалауға қарағанда, анағұрлым дәлірек деп саналады, себебі ұмытып кету немесе дөңгелектеу тәрізді бейімділіктер азырақ кездеседі (Фишер және Лейте, 2004 ж.). Алайда, уақыт қолдану күнделігі сауалнамаға жауап бергеннен гөрі жалықтырып жібереді және ол мінез-құлықтың өзгеруін туындатады деп тұжырымдауға болады. Салливан ерлі-зайыптылардың әртүрлі іс-әрекеттері кезінде қаншалықты қуаныш сезінгендерін күнделікке жазып отыруларына өтініш білдірген. Бұл ақпараттар да бір мезгілде және Лайкерт шәкілі бойынша бес ұпайлық **көрсеткішпен** жауап берілген.



10.1 Негізгі ұғымдар

Күнделіктің әлеуметтік зерттеуде алар орны

Әлеуметтік зерттеу аясында «күнделік» терминін қолданудың негізгі үш жолы бар:

1. *Күнделікті деректер жинаудың әдісі ретінде қолдану.* Бұл жерде зерттеуші күнделіктің құрылымын ойлап табады және күнделік толтыратын адамдар арасынан алынған іріктемеге осы зерттеу құралнамасын толтырып, өздерінің жұмыстарымен қатар бір мезгілде азды-көпті басқа қандай іс-әрекеттер атқарғанын күнделікке тіркеулерін өтінеді. Х. Эллиот (1997) күнделіктің осылайша қолданылуын «зерттеуші жүргізетін күнделік» деп атайды. Осындай күнделіктерді сандық зерттеу және сапалық зерттеу екеуінде де деректерді жинауға қолдануға болады. Кейде осы әдіспен деректерді жинауға қосымша жеке сұхбат жүргізіледі, онда күнделік толтырушыға белгілі бір мәлімдемелерге түсініктеме берулері үшін сұрақтар қойылады. Осы «күнделік-сұхбат» (жиі осылай аталады) (Циммерман және Видер, 1977 ж.), әдетте, күнделік толтырушылар өздерінің әртүрлі іс-әрекеттеріне жұмсалған уақыт мөлшерін жай ғана көрсетпей, бұл әрекеттерді жазба түрінде тіркеген жағдайда, осы тәсіл қолданылады.
2. *Құжат ретіндегі күнделік.* Осындай мақсаттағы күнделікті күнделік толтырушы зерттеушінің талабымен емес, өзі қалаған кезде жазады, бірақ талдау жүргізу кезінде оны ақпарат көзі ретінде қолдануға болады. Осындай күнделіктерді көбінесе тарихшылар қолданады, бірақ әлеуметтік ғылыми маңызы бар мәселелерді зерттеп жүрген социологтар үшін де пайдалы. Скотт (1990) атап өткендей, осын-

дай күнделік көбінесе өмірбаянға ұласады. Онлайн тәртібіндегі күнделік деп санауға болатын блогтарды (веб-журналдарды) да талдау жүргізуге материал ретінде қолдануға болады. Құжат ретіндегі күнделіктер 23-тарауда толығырақ сипатталады.

3. *Зерттеушінің іс-әрекеттерін тіркейтін журнал ретіндегі күнделік.* Зерттеушілер кейде өздерінің әртүрлі сатыдағы іс-әрекеттерін жадынама жазба ретінде жазып жүреді. Мысалы, танымал элеуметтік антрополог Малиновский (1967) өз іс-әрекеттері туралы абыройсыз журнал жазып жүрген («абыройсыз» деуіміздің себебі онда ол өзі зерттеген адамдарды жек көргенін және әйел адамдармен жөнсіз қарым-қатынастары туралы жазған). Сонымен қатар, блогтарды зерттеушілердің осы мақсатта қолдануға болатыны да ұсынылып жатыр (Уейкфорд және Коен, 2008). Күнделіктің осы түрі көбінесе этнографтардың далалық жұмыс барысындағы жұмыс жазбаларын қамтиды, бұл туралы 19-тарауда толығырақ жазылған.



10.1 Зерттеу нысаны

Жыныс және уақытты қолдану мәселесін зерттеуде күнделік тәсілін қолдану

Салливан (1997) үйдегі уақытын әртүрлі жыныс өкілдерінің қалай өткізетіні туралы зерттеу нәтижелері жайлы мәлімдейді. Ол 7.1 зерттеу нысанында баяндалған Элеуметтік өзгеріс және экономикалық өмір бастамасы (ЭӨЭӨБ) аясында жанұя деңгейінде жүргізілген уақытты қолдану күнделіктері жайлы зерттеу барысында жинақталған деректерді қолданды. Күнделіктер 1300 жанұя мүшелеріне таратылып, бір апта бойы деректер жинақталды. Күнделік толтырушылар күні бойы әрбір он бес минут сайын өздерінің не істегендерін жазып отырды. Күнделіктер жанұяның бірнеше мүшелері үшін толтырылғандықтан, жанұядағы басқа адамдардың белгілі бір іс-әрекетті бір мезгілде жасаған-жасамағанын анықтау үшін олардың күнделіктерін салыстыру мүмкіндігі болды. Осы мақаладағы талдау жұмысы ең кемінде 6-7 күндік күнделік мәліметтері бойынша жарамды ақпараттар бар ерлі-зайыптыларға негізделген. Нәтижеде 408 жұптың деректері алынды.

Салливан (1997: 225) былай деп мәлімдеді:

«Күнделік буклетінде күнделік толтырушылардан уақыттың әрбір бөлігінде не істегенін және сол уақытта тағы басқа іс атқарып/атқармағанын жазуларын сұрадық, ал әрі қарай реттілік коды арқылы әрбір ширек сағатта бірден төрт іс-әрекет атқаруға болатындай етіп белгіленді. . . . ЭӨЭӨБ күнделіктерінде қырық бір негізгі іс-әрекеттер топтары тіркелген, бірақ талдауды жеңілдету мақсаттарында үйдегі тұрмыс әрекеттері жеті категорияға бөлінді. . . .

Жеті категорияға мыналар енгізілді (үй шаруасындағы әйелдердің жұмсаған жалпы уақытының жиілігі бойынша реттелген): ас әзірлеу, үй тазалау/киімдерге күтім жасау; бала бағу; дүкенге бару; бау-бақша егу; қосымша жұмыстар/өз қолымен бір нәрсе жасау; ел ішінде жол жүру. Осындай деректерді талдау арқылы, Салливан ер адамдар мен әйелдердің арасындағы айырмашылықты және үй шаруасын бірге атқарған уақыттың арақатынасын көрсете алды.

Крук және Лайт (2002 ж.) уақыт қолдану күнделіктерін еркін баяндау үлгісінде қолданды. Ол университет студенттерінен бір апта бойы күннің әртүрлі сәттерінде жасайтын әртүрлі оқу және дайындық жұмыстары туралы күнделік толтыруын сұрады. Күнделіктер он бес минуттық уақыт аралықтарына бөлінді, барлық студенттердің әрбір уақыт аралығындағы «іс-әрекеттерін, барған орындарын, қолданған оқу материалдарын» атап көрсетуілеріне ыңғайлы етіп жасалды (Крук және Лайт 2002: 162). Әртүрлі іс-әрекеттер үш топқа бөлінді: дәрістер, жеке дайындық, қоғамдық дайындық (яғни басқа студентпен бірге оқу). Олардың әдетте күні бойы жасаған әртүрлі іс-әрекеттері мен оқу көлемдерін көрсету мүмкіндіктері болды.

Еркін баяндау арқылы әрекеттерді тіркеуде стандартталған сұхбаттың ашық сұрақтарын кодтаумен байланысты туындайтын мәселелерге ұқсас қиындықтар туындайды, атап айтқанда талдау жұмыстары көп уақытты алады және жауаптарды кодтаумен байланысты қате жіберу қаупі де бар (осы мәселелер туралы талқылауды 11-тараудан қараңыз). Алайда, күнделік толтырушыларға қойылған талаптар туралы нұсқау берілсе және зерттеу нысаны болып та-

былатын әрекетке көп көңіл бөлінсе, еркін баяндау әдісі күрделі мәселе туындапайды. Салливан зерттеген мінез-құлықтың, әрекеттің жалпы түрлеріне қатысты еркін баяндалған жазбаларды кодтау анағұрлым қиын болуы мүмкін (1997; 10.1-зерттеу нысанын қараңыз). Құрылымдық күнделіктер, әсіресе, уақытты қолданудағы әртүрлі ұлт өкілдерінің арасындағы ерекшеліктерді зерттеуде пайдалы, бұған мысалды 10.2-зерттеу нысанынан көре аласыз.

Корти (1993) күнделік құрастырушыға мынадай кеңестер береді:

- Күнделік толтырушыларға анық нұсқаулар беріңіз;
- Әрекет тіркелуі тиіс уақыт мерзімін дәл көрсетіңіз, яғни күн, тәулік, апта;
- Толтырылған күнделік үлгісінің бір бөлігінен мысал көрсетіңіз;
- Адамдардың есіне түсіру үшін «тармақтар, оқиғалар немесе әрекет» тізімі жазылған жадынама беріңіз, бірақ тізім тым ұзақ немесе күрделі болмауы тиіс;
- Аталған іс-әрекеттердің басталу және аяқталу уақытын көрсететін белгіленген уақыт бөліктерін немесе бағандарын енгізіңіз (бұл адамдардың өз уақыттарын қалай жұмсайтынын көрсететін Салливан (1996) қолданған күнделіктердің түрі үшін жарамды).



10.2 Зерттеу нысаны

Еуропалық үлгіде уақытты үйлестіру зерттеу жобасы

Уақыт қолдану күнделіктері әртүрлі ұлт өкілдерін зерттеу үшін жақсы мүмкіндік береді. «Еуропалық үлгіде уақытты үйлестіру зерттеу жобасы» (HETUS) Еуропаның көптеген елдері арасында уақытты қолдану жөніндегі зерттеулер ұйымдастырды (Фишер және Лейте 2004 қараңыз.). Деректерді жинақтау үдерісі күнделіктің екі түрін қарастырды – олардың бірі жұмыс күндеріне, ал екіншісі демалыс күндеріне арналды.

Деректерді жинақтау жұмыстары он екі айлық мерзім бойынша қарастырылып және осы мерзім аралығында әртүрлі іс-әрекеттерді қамтуға бағытталды. Күнделікті толтырушылар зерттеу құралнамаларын өздері толтырды және күні бойы әрбір он минуттық аралық ішінде не істегендерін өз сөздерімен жазып отырды. Кейіннен бұл іс-әрекеттер кластерлерге топтастырылып, кодталды. Сонымен қатар, күнделік толтырушылар тағы басқа адамдар қатысқан-қатыспағаны және іс-әрекеттің орны жайлы да ақпарат берді. Толығырақ ақпарат алу үшін мына сілтемені қараңыз:

http://epp.eurostat.ec.europa.eu/cache/ITY_OFFPUB/KS-RA-08-014/EN/KS-RA-08-014-EN.PDF (2010 жылдың 16 желтоқсанынан қолданысқа енгізілген).

Жалпы, күнделік қағазға толтырылады, бірақ осындай күнделіктерді компьютердің көмегімен толтыру соңғы кездері жиі кездеседі. Еуропалық үлгіде уақытты үйлестіру зерттеу жобасынан алынған бір күндік күнделік үлгісінің бір бөлігі 10.1-кестеде берілген.

10.1-кесте

Еуропалық үлгіде уақытты үйлестіру зерттеу жобасынан күнделік жазбасының үлгісі

Мысал, 2/3 бет

Уақыт	Сіз немен айналыстыңыз? Өзіңіздің іс-әрекеттеріңізді сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін әрбір он минут сайын тіркеніз. Әрбір жолға тек бір іс-әрекетті жазыңыз. Сапар шегу және сапар шегуге себеп болған іс-әрекетті белік жазыңыз.	Сіз тағы басқа не істедіңіз? Ең маңызды қосымша іс-әрекетті тіркеніз. Негізгі іс-әрекет ретінде немесе қосымша іс-әрекет ретінде компьютер немесе интернетті қолданған-қолданбағаныңызды көрсетіңіз. Жұмыс кезінде компьютер немесе интернет қолданғаныңызды көрсетпеуіңізге болады.	Сіз қай жерде болдыңыз? Іс-әрекет жасалған орныды немесе көлік түрін жазыңыз. Мысалы, үйде, досыңыздың үйінде, мектепте, жұмыс орнында, мейрамханада, дүкенде, жауу, велосипедпен, автокөлікпен, мотоциклмен, автобуспен, ...	Сіз жалғыз болдыңыз ба, алде өзіңіз білетін басқа адаммен бірге болдыңыз ба?					
				Жауабыңыз «иә» болса, крест белгісін қойыңыз					
				Жалғыз	Жұбайы	Ата-анасы	9 жасқа дейінгі жаңуя мүшесі	Басқа да жаңуя мүшелері	Сіз білетін тағы басқа адам
10.00-10.10	Жұмыс	Кофе үзілісі		<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>
10.10-10.20				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.20-10.30				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.30-10.40				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.40-10.50				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10.50-11.00				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
11.00-11.10				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
11.10-11.20				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
11.20-11.30				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
11.30-11.40	Түсік үзілісі: Түсік ас ішітім	Әріптестеріммен сөйлестім	Асхана	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>
11.40-11.50	--"	--"	--"	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>
11.50-12.00	--"	--"	--"	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input checked="" type="checkbox"/>
12.00-12.10	Түсік үзілісі: Супермаркетке бардым		Жауу	<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
12.10-12.20	Түсік үзілісі: тамақ сатып алдым		Супермаркет	<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
12.20-12.30	Түсік үзілісі: жұмысқа қайтып бардым		Жауу	<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
12.30-12.40	Жұмыс		Жұмыс орнында	<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
12.40-12.50				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
12.50-13.00				<input checked="" type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Уақыт күнделігінің беті Еуропалық үлгіде уақытты үйлестіру зерттеу жобасында қолданылған түрінде берілген.

http://epp.eurostat.ec.europa.eu/cache/ITY_OFFPUB/KS-RA-08-014/EN/KS-RA-08-014-EN.PDF сайтынан алынған (110-бет).

Ақпарат көзі: Евростат. Қайта басып шығаруға рұқсат етілген.

Күнделіктің деректер жинау әдісі ретіндегі артықшылықтары мен кемшіліктері

Күнделіктер қолдануға мысал беруге бағытталған зерттеулер олардың ықтимал артықшылықтарын растайды.

- Әрекеттің алуан түрлерінің жиілігінің және/немесе оларға жұмсалатын уақытты анағұрлым дәл бағалау қажет болғанда күнделік сауалнамаларға қарағанда жарамды және сенімді деректерді дәл дерлік қамтамасыз етеді.

- Әрекеттердің алуан түрлерінің реттілігі туралы ақпарат қажет болғанда күнделік сауалнамаларға немесе сұхбаттарға қарағанда анағұрлым пайдалы болуы мүмкін.

- Алғашқы екі артықшылығына орай стандартталған бақылау жүргізуде қолдануға болады, бірақ стандартталған бақылау жыныстық қарым-қатынас сияқты жеке тұлға үшін сезімтал тақырыптарда дерек жинақтауға жарамауы мүмкін. Сонымен қатар, осындай тақырып туралы деректерді стандартталған сұхбат арқылы жинау мүмкін болғанымен де, жауап берушілер Коксонның (1994) күнделік зерттеуінде жыныстық қарым-қатынас жөнінде жазған жете мәліметтері түрінде жария

еткілері келмеуі мүмкін. Егер осындай ақпарат сауалнама арқылы жиналатын болса, еске түсіру және деректі дөңгелектеу қаупі зор болмақ (осы тізімдегі бірінші тармақты қараңыз).

Басқа жағынан алып қарасақ, күнделіктерге келесі мәселелер әсер етуі мүмкін:

- Олар дербес сұхбаттардан қымбат болып келеді (күнделік толтырушыларды тартуға және күнделіктердің толтырылуының дұрыстығын тексеруге жұмсалатын шығындардың салдарынан).

- Күнделіктерді толтыру бірте-бірте бәсеңдеуі мүмкін, себебі адамдар күнделік толтырудан басқа да маңызды жұмыстары бар деп ойлайды.

- Осы соңғы мәселе күнделік толтырушылардың уақыт өте келе мәліметтерін жазу ісіне мұқияттығы төмендеуіне мүмкіндік туғызады.

- Кейде мәліметтер дер кезінде жазылмағандықтан, шамалап еске түсіріп жазу орын алады.

Дегенмен, Коксон және Салливан сияқты күнделікті қолданатын зерттеушілер күнделік нәтижесінде алынатын деректер сұхбаттар немесе сауалнамалар тәрізді балама тәсілдермен жинақталған деректерге қарағанда анағұрлым дәл болады деп тұжырымдайды.



Негізгі ұғымдар

- Жоғарыда бірнеше рет аталып өткендей, өз бетінше толтырылатын сауалнамаға байланысты көптеген ақыл-кеңестер стандартталған сұхбаттарда тең дәрежеде немесе тең дерлік дәрежеде қолданылады.
- Сұрақ-жауап зерттеу кезінде ашық сұрақтардан гөрі көбінесе жабық сұрақтар қолданылады. Ашық сұрақтарға берілген жауаптарды кодтау әдісі ерекше күрделі мәселе болып табылады.

- Стандартталған сұхбаттарда және өз бетінше толтырылатын сауалнамалардың әрқайсысына тән артықшылықтары мен кемшіліктері бар, бірақ пошта арқылы жіберілетін сауалнамаларға қатысты ерекше күрделі мәселе – оларға жауап беру көрсеткіші көбінесе төмен болып келеді. Дегенмен, поштамен жіберілетін сауалнамаларға жауап беру үлесін арттыруға бағытталған шаралар қолдануға болады.
- Жабық сұрақтарды ұсыну және жалпы құрылымына аса мән беру өз бетінше толтырылатын сауалнама үшін маңызды мәселелер болып табылады.
- Зерттеу тақырыптары адамдардың әртүрлі нақты әрекеттеріне қатысты болған жағдайда, зерттеуші жүргізетін күнделік тәсілі сауалнамаларды және сұхбаттарды қолданудың ықтимал баламасы болып табылады.



Қысқаша шолу сұрақтары

Жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнама ма, әлде поштамен жіберілетін сауалнама ма?

- Жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнама және поштамен жіберілетін сауалнама екеуі бірдей тәсіл ме?

Жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнаманы стандартталған сұхбатпен салыстырып бағалау

- «Поштамен жіберілетін сауалнамаларда жауап беру көрсеткіші төмен болатындықтан, құрылымдық сұхбат қолдану тиімді жол болып табылады». Осы пікірді талқылаңыз.
- Поштамен жіберілетін сауалнамаларға жауап беру үлесін арттыру үшін қандай шаралар қолдануға болады?

Өз бетінше толтырылатын сауалнаманы құрастыру

- Өз бетінше толтырылатын сауалнамалар неліктен негізінен жабық сұрақтардан тұрады?
- Жабық сұрақтарды енгізуде көлденең үлгінен гөрі тік үлгіні қолдану неліктен дұрысырақ?

Өз бетінше толтырылатын сауалнама ретінде қолданылатын күнделіктер

- Әлеуметтік ғылыми деректерді жинақтау барысында күнделіктің қандай негізгі түрлері қолданылады?
- Жауап беруші өз бетінше толтырылатын сауалнамаларды қолданғаннан гөрі күнделік әдісі дұрысырақ болатын жағдайлар бар ма?

**Онлайн Ақпарат орталығы****www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/**


Өз бетінше толтыратын сауалнамалар жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа да веб парақтармен танысыңыз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

11-тарау

Сұрақ қою

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	399
Ашық сұрақтар ма, әлде жабық сұрақтар ма?	399
Ашық сұрақтар	400
Жабық сұрақтар	404
Сұрақ түрлері	409
Сұрақтар құрастыру қағидалары	411
Негізгі асыл қағидалар	411
Сұрақтар құрастырудың айқын қағидалары	412
Суреттеме сұрақтар	423
Үлгіні сынақтау және алдын ала тестілеу сұрақтары	425
Дайын сұрақтар топтамасын қолдану	426
<i>Сұрақтар тізімі</i>	428
<i>Негізгі ұғымдар</i>	430
<i>Қысқаша шолу сұрақтары</i>	430





Тараудың қысқаша мазмұны

Осы тарау – алдыңғы екі тарауда қарастырылып кеткен сұхбат алу және сауалнама барысында сұрақ қою тақырыптарына қатысты ұғымдармен байланысты. Сондай-ақ 8-тарауда талқылауды бастаған сауалнама жүргізу жайлы тақырыпты әрі қарай жалғастырмақпын. Сонымен, осы тарауда қарастырылатындар:

- ашық немесе жабық сұрақтардың қайсысын және қай жағдайларда қолдануға қатысты шешім қабылдау;
- сұхбат алу және сауалнама барысында қойылатын сұрақтардың түрлері;
- сұрақтарды құрастыру барысында ескерілуі тиіс қағидалар;
- жауапқа қатысушыларға кішігірім көрініс ұсынылып және осы көрініс бойынша пікір танытуға өтініш білдіруге арналған шағын көріністі сұрақтар;
- үлгілі сұрақтарының маңыздылығы;
- бұдан бұрынғы сауалнама зерттеулерінде кездескен сұрақтарды қолдану ықтималдығы.

Кіріспе

Көптеген адамдар үшін стандартталған сұхбат немесе өз бетінше толтырылатын сауалнамалар тәрізді зерттеу құралнамаларында сұрақ қою – негізгі ұғымының мағынасын беру дегенді білдіреді. Алдыңғы екі тақырыпта мұндай зерттеу құралнамаларында сұрақта керекті сөзді баса айтқаннан гөрі, құрылымы мен жүргізу тәсіліне көбірек назар аудару ұсынылған болатын. Де-

генмен, сауалнамалық зерттеу жүргізуші үшін сұрақтың қалай қойылатыны өте алаңдатарлық мәселе екені еш күмән тудырмайды және көптеген жылдар бойы зерттеу құралнамаларының жобасын құрылымдау кезеңдері басты назар аудартып келген, біршама практик зерттеушілерді толғандырып отырған мәселе екені де таңғалдырмайды.



Ашық сұрақтар ма, әлде жабық сұрақтар ма?

Көптеген зерттеушілер үшін маңызды мәселелердің бірі – сұрақты ашық немесе жабық түрінде қою жайлы шешім қабылдау. Араларындағы айырмашылық

жайлы алғашқы сипаттаманы 9-тарауда берген болатынбыз. Сұрақты ашық немесе жабық түрінде қою – мәселесі стандартталған сұхбат пен өз бетінше

жауап беру сауалнамалары екеуінің де құрылымдық жобасына қатысты болып табылады.

Ашық сұрақта жауап берушілерге сұрақ қойылады және бұл сұраққа олар өз қалауларынша жауап бере алады. **Жабық сұрақта** оларға алдын ала белгіленген баламалы жауаптар топтамасы беріліп және олар сол топтама арасынан тиісті жауапты таңдап алулары керек болады. Ұсыныстар мен қорытындылар, «Өңделген сұрақтарды қолдануда сұхбат алушыларға нұсқаулар» тақырыбындағы (9-тарауды қараңыз) барлық сұрақтар жабық үлгіде берілген. Сонымен қатар 7.2 зерттеу нысанындағы Лайкерт шәкілі мысалдары мен Ұсыныстар мен қорытындылар, «Лайкерт шәкілін дамыту» (10-тарауды қараңыз) тақырыбындағы мысалдардың барлығы жабық сұрақтарға жатады. Ендеше, сұрақтың осы екі үлгілерінің қандай артықшылықтары мен шектеулері бар?

Ашық сұрақтар

Ашық сұрақтар сауалнамалық зерттеушіге артықшылықтары мен кемшіліктерін қатар ұсынады, алайда, келесі тақырыптан көруге болатындай, ашық сұрақтардың жауаптарын өңдеумен қатысты туындайтын мәселелер жабық сұрақтардың қолданылуы басымдырақ екенін көрсетеді.

Артықшылықтары

Зерттеушілер әдетте, жабық сұрақтарды қолдануды қалағанымен ашық сұрақтардың жабық сұрақтармен салыстырғанда біршама артықшылықтары бар, атап айтсақ:

- Жауап берушілер өздері білетін терминді қолдана отырып жауап бере алады. Олар жауап беруге таңдап алуға ұсынылған терминдермен жауап беруге мәжбүр емес;

- Олар ерекше тәсілдермен жауап бере алады. Жауаптар сауалнама зерттеушісі еш күтпеген үлгіде болуы мүмкін (сондықтан алдын ала белгіленген баламалар негізін құра алмас еді);

- Бұл сұрақтар үлгісі жауап берушілерге қандай да бір жауап түрлерін ұсынбайды. Сондықтан жауап берушінің мәселені қаншалықты білетінін және түсінетінін анықтауға болады. Және де мәселенің жауап беруші үшін айқындығын да бағалауға мүмкіндік туындайды;

- Ашық сұрақтарды жаңа салаларды дамытуда немесе зерттеушілер аз хабардар салаларда өте пайдалы;

- Олар алдын ала белгіленген жауаптар үлгісін жетілдіруде өте пайдалы. Бұл мәселе төменде кеңінен сипатталады.

Кемшіліктері

Ашық сұрақтардың, сонымен қатар сауалнама жүргізушілерге біршама қиындықтар тудыратынын төмендегі тізімнен көруге болады:

- Олар жауап берушінің көп уақытын алады. Жабық сұрақта орын алатын жағдаймен салыстырғанда жауап беруші ашық жауапта біраз ұзақ сөйлейтін тәрізді;

- Жауаптар «кодталған» болуы керек, бұл уақыт үнемділігін арттырады. 11.1-негізгі ұғымдар тақырыбында кодтау жүйесінің сипатамасы берілген және оның қолданысы жайлы біршама түсініктемелер де қамтылған. Әрбір ашық

сұрақтың жауаптарын соңына дейін оқып, осылайша тақырыппен таныса келе кодтауға негіз болатын нысандар таңдап алынады және жауаптарға тағы бір рет шолу жасап, бұл жауаптарға компьютер кестесіне енгізуге бейімделіп кодтар беріледі. Бұл үдеріс мағыналық талдауда қолданылған үдеріспен өте ұқсас және кей жағдайларда алдын ала кодтаумен шатастырып алмас үшін соңынан кодтау деп аталады, осылайша зерттеуші зерттеу құралнамаларын қолданар алдында кодтау негізін құрастырып алады және сауалнамада көбіне алдын ала кодтауды қолданылады (Кеңестер мен жағдылар, «Жабық сұрақтарды өңдеу» тақырыбындағыдай). Уақытты көп қажет етуімен қатар, соңынан кодтау сенімсіз үдеріс болуы мүмкін, себебі ол жауаптарды кодтау жүйесінде ықтимал айнымалылықтың орын алып, әрі қарай қателікке ұласып кетуіне жол ашуы мүмкін (және заңдылықтың болмауы да ортаға шығады). Бұл деректерді өңдеумен қатысты қателіктің түріне жатады (8.9-кестесін қараңыз). 11.1 және 11.2 зерттеу нысандарында ашық сұрақтарды кодтау кезендері қарастырылмақ;

- Олар жауап берушілер тарапынан біршама күш-жігер жұмсалуды талап етеді. Жабық сұрақтармен салыстырғанда сұхбат сұрақтарына жауап берушілер мүмкіндігінше ұзақ әңгімелеуді қалайтын сияқты немесе

өз бетінше толтырылатын сауалнамаларда ұзақ жазба жазуға бейім сияқты. Сондықтан өз бетінше толтырылатын сауалнамалар құрамында, әдетте, ашық сұрақтарды шектеулі түрде қолдануға кеңес беріледі. Біршама ынта қойып, күш салатындықтан көптеген ықтимал жауап берушілер жан-жақты ашып жазуды жұмыс көріп, сауалнаманы толтыруды кейінге қалдыруы мүмкін, ал бұл өз кезегінде, әсіресе, поштамен жіберілетін сауалнамаларда қатысу деңгейінің төмендеуіне әкеп соғады (10-тарауды қараңыз);

- Стандартталған сұхбатқа негізделген зерттеулерде сұхбат алушылардың жауаптарды жазып алу тәсілдері арасында айнымалылық ықтималдығы бар. Бұл ықтималдық сұраққа жауап берушінің сөздерін сұхбат алушының сөзбе-сөз жазып алуда орын алатын қиындықтардан туындайтын сияқты. Айқын шешім – үнжазба құралын қолдану. Алайда, бұл құралды келген жағдайларда қолдану мүмкіндігі туындай бермейді, мысалы, шулы орталарда. Сонымен қатар ашық сұрақтардың ұнтаспаға жазылған жауаптарын көшіріп жазу көп уақыт алады және зерттеуге қосымша шығын әкеледі. Көшіріп жазу проблемалары сапалық зерттеушілер жартылай құрылымдық және құрылымсыз сұхбат жүргізгенде ұдайы кездесіп тұрады (20-тарауды қараңыз).



11.1 Негізгі ұғымдар

Кодтау дегеніміз не?

Кодтау жүйесі сандық зерттеуде маңызды кезең болып табылады. Социологтарды қызықтыратын көптеген деректер нысандары көбіне реттелмеген болып келеді. Мысалы, сұхбаттарда және сауалнамаларда ашық сұрақтардың жауаптары; газет

мақалалары; теледидар бағдарламалары; мектеп сыныптарында өзін-өзі көрсету. Мұндай мәліметтердің сандық көрсеткішін анықтау және талдау жасау үшін социологтар оларға арнайы кодтар беруі керек. Кодтау жүйесі екі қадамнан тұрады. Біріншісі, реттелмеген мәліметтер категорияларға бөлінуі тиіс. Мысалы, ашық сұрақтарға берілген жауаптар категорияларға бөлінеді, демек зерттеуші адамдардың берген жауаптарын тексеріп, оларды әртүрлі категорияларға топтастыруы тиіс. 11.1 зерттеу нысанында осы үдеріске біраз мысалдар келтірілген. Екіншіден, зерттеуші құрастырылған категорияларды сандармен нөмірлеуі керек. Негізінде бұл ерікті қадам және сандар бұл арада мәліметті сандық өңдеуден өткізу үшін қолданылатын жай ғана белгі. Мысалы, Шуман және Прессер (1981; 11.3 зерттеу нысанын қараңыз) адамдар артығырақ көретін жұмыстың ерекшеліктері жайлы сұрақ қойды және жауаптарды: жалақы; жетістік сезімі; жұмысты бақылай білу; жағымды жұмыс; қауіпсіздік; жоғарылау мүмкіндігі; қысқартылған жұмыс уақыты; жұмыс шарттары; жайлылық; қанағат тұту; басқа жауаптар сияқты он бір категорияға бөліп қарастырды. Осы он бір категорияны үшін әрі қарай нөмірлеу қажет болады, мысалы, 1 – жалақы; 2 – жетістік сезімі; 3 – жұмысты бақылай білу; 4 – жағымды жұмыс, т.б.

Алдын ала кодтау мен соңынан кодтау арасында маңызды айырмашылық бар. Сауалнаманың зерттеу құралнамаларындағы жабық сұрақтардың біршамасы **алдын ала кодталған** болып келеді (мысал ретінде Ұсыныстар мен қорытындылар, «Жабық сұрақтарды өңдеу» тақырыбын қараңыз). Бұл дегеніміз – жауап берушілерге өздерін нөмірлеп белгіленген дайын категориялармен көрсетулеріне өтініш білдіріледі. Соңынан кодтау, мағыналық талдаудағыдай (13-тарауды қараңыз), ашық сұрақтың жауаптарын жаңадан кодтау барысында немесе газетте арнайы бір тақырыпқа қатысты мақалалар саны анықталып жатқанда қолданылады. Кодтау үдерісі барысында үш негізгі қағидалар сақталады (Брайман және Крэмер, 2011).

1. Құрастырылған категориялар қайталанбауы керек. Егер қайталанатын болса оларға берілген нөмірлер анық бір категорияға қолданыла алмайды.
2. Категориялар тізімі толық және барлық мүмкіндіктермен қамтамасыз етілген болуы керек. Бұл ерекшеліктері болмаса, кейбір мәліметтерді кодтау да мүмкін емес. Міне, сондықтан болар, мысалы, ашық сұрақтардың жауаптарында ақпараттардың кейбір нысандарын кодтау жүйесінде «басқа» категориясы қатар жүреді.
3. Кодтарды қалай енгізу жайлы анық қағидалар болуы керек және осы кодтарды құрастырған адам белгіленген кодқа тиісті жауаптарды жинақтап алуға болатындай кодтаудың құралдарын таныс болуы тиіс. Мұндай қағидалардың болуы кодтарды құрастырған адамдардың мәліметті категорияларға бөлуі уақыт өте келе де жүйелі болып қалуын және кодтауы бірнеше адам жүзеге асырғанда олардың кодтары бір-бірімен өзара сәйкес болуын қамтамасыз етеді дегенді білдіреді. «Кодтау құрылымы» термині көбіне, реттелмеген деректерге енгізілетін кодтар тізімін анықтауда және олардың қолданысы жайлы қағидаларда қолданылады. Мағыналық талдау мен құрылымдық бақылауда мәліметтердегі әрбір нысанның кодтар тізіміне және қолданылатын қағидаларға сипаттама беруде көбіне **кодтау нұсқаулығы** термині қолданылады.

Кейбір жағдайларда сандық мәліметтер де *тіркелін* отырады. Мысалы, іріктемедегі әрбір адамның нақты жасы жайлы дерек берілген болса, біз адамдарды жас мөлшеріне

қарай топтауды қалауымыз мүмкін. Бұл тәсілді қолдану 15-тарауда және компьютерлік бағдарламаға енгізу үдерісі 16-тарауда сипатталған.

Кодтау жүйесі сапалық зерттеуде де қолданылады, бірақ оның алатын орны және маңызы сандық зерттеуде орын алатын шарттардан мүлдем басқа. Сапалық зерттеудегі кодтау жүйесі жайлы 24-тарауда сипатталған және сапалық деректерді компьютерлік бағдарламаға енгізіп талдау үдерісі 25-тарауда қарастырылады.



11.1 Зерттеу нысаны

Ашық сұрақты кодтау

Ашық сұрақты кодтау әдетте, жауап берушілердің сөзбе-сөз көшіріп жазылған жауаптарын оқу және қайтадан оқып, олардың жауаптарындағы өзгеше тақырыптарды анықтау дегенді білдіреді. Демек, *кодтау құрылымы* әрбір сұрақпен байланысты жауап түрлерін және оларға тиісті кодтарды (нөмірлерді) анықтай алатындай түрде құрастырылуы керек. Сонымен қатар **кодтау кестесі** тақырыпқа қатысты кейбір жауап түрлерін анықтауда сақталуы тиіс қағидалар жайлы жазбаны сақтауда таптырмас құрал бола алады. Әрі қарай әрбір жауапқа енгізілген нөмірлер деректерді компьютерлік өңдеуден өткізгенде қолданылады. Чарлз және Кэрт (1988) үйде азық-түлік тұтыну жайлы 200 британдық әйелдер арасында сұхбат жүргізді. Олар сұхбат алуда ашық сұрақтар қою үшін жартылай стандартталған сұхбат тәсілін қолданды (*9.2-негізгі ұғымдарды қараңыз*). Чарлз және Кэрт сапалық зерттеу жүргізіп жатқан болатын, алайда, сұхбат барысында қатысушылардың кейбір сұрақтарға берген жауаптарын нөмерлеудің тиімді болатынын аңғарды. Осылайша, олардың нәтижелерінің ауқымды бөлігі сапалық талдауда осындай нәтижелерді ұсынуда қалыпты жағдай болып табылатын сұхбаттар көшірмесінен үзіндісі ретінде берілгенімен (тарауды қараңыз) олардың кейбір нәтижелері әдетте сандық зерттеуде кездесетін түрлерімен өте ұқсас болып шықты. Авторлар: «Біздің қолымызда бар мәлімет сапалық негізде болды, себебі көбіне әйел адамдарға пікірлерін еркін білдірулері үшін көптеген ашық сұрақтар қойдық және пайдалы статистикалық деректер шығаруға жететіндей іріктеме ауқымды болғандықтан сандық мәліметтер де шығара алдық» деп баяндайды (Чарлз және Кэрт, 1988: 7).

Олардың талдауларының бірі түйіндесу кестесі ретінде берілген (*15-тарауды қараңыз*): бұл кесте ер адам серіктесінің әлеуметтік табы мен тамақ әзірлеуге жауапкершілігі арасындағы қатынасты көрсетеді. Соңғы айнымалы бес түрлі жауапкершілік түрлерін қосып көрсететіндей етіп кодталды: барлық тағамдарды өзі дайындайды; көбіне, өзі және арасында серіктесі дайындайды; екеуі де (50/50); көбіне өзі, кейде серіктесінің және/немесе балаларының көмегімен дайындайды; басқасы. I және II әлеуметтік тапқа жататын ер адамдар басқа тап өкілдеріне қарағанда көмектесуге көбірек бейім болды. Келесі кестеде тап пен алкогольды ішімдіктің үйде ішілетін жағдайлары арасындағы байланысты көрсетілді. Соңғы айнымалыққа жататындар: Рождество (христиандардың діни мейрамы) және арнайы сәтті жағдайлар; Рождество, арнайы сәтті жағдайлар және

серіктестер болғанда; басқа уақыттарда, бірақ жиі емес; аптасына бір рет немесе бірнеше рет; үйде ешқашан ішпеу; басқасы. Бұл категориялар деректер жинақталып болғаннан кейін енгізілді, осылайша ықтимал өздігінен танып тандайтын категориялардың алға шығуын қамтамасыз етті, әрі қарай тамақ әзірлеу жауапкершілігі немесе үйде алкогольды ішімдіктер қолдану ұғымдарын ескере отырып, әрбір жауап берушінің жауабын жүйелі түрде кодтау үдерісі ортаға шықты.



11.2 Зерттеу нысаны

Толығымен ашық сұрақтарды кодтау

Фодди (1993) өзінің азғандай студенттері арасында жүргізген «Сіздің әкеңіздің мамандығы (болған)...» тақырыбындағы жаттығу жұмысының нәтижесі жайлы жазды. Онда ол үш түрлі: бизнес түрі, бизнес ауқымы, бизнес иесі ме әлде жалдамалы жұмысшы ма сияқты мәлімет бойынша ақпарат берулерін сұраған. Бизнесінің көлеміне қатысты жауаптар өте ауқымды болды, мысалы: ауқымды, кішігірім, өте ауқымды, 3000 акр, жанұялық, көп ұлтты, 200 адамдық, Филипс. Осы арада мәселе орынды туындайды: сіз салыстырмалы түрде қарастыра алмайсыз, сондықтан адамдардың жауаптарын жинақтау мүмкін емес. Белгілі бір дәрежеде тек қана бір мәселе, яғни ашық сұрақтарды кодтау қиындығы ғана туындап отыр. Сонымен қатар сұрақта қажетті ерекшеліктің анықтап көрсетілмеуімен де байланысты. Егер Фодди сұрақты біраз нақтылай түсіп, «Әкеңіздің ұйымында қанша жұмысшы жұмыс істейді (істеген)?» деп сұрағанда біршама салыстырмалы жауаптар алынар ма еді. Сонымен, осы жаттығудан көріп отырғанымыздай, әсіресе, шамамен ауқымдық мөлшерін көрсетпеген жағдайларда ашық сұрақтарды қоюда ықтимал қиындықтар кездеседі.

Жабық сұрақтар

Жабық сұрақтардың артықшылықтары мен кемшіліктері көбіне ашық сұрақтардың кейбір ұғымдарына қатысты болып келеді.

Артықшылықтары

Жабық сұрақтар зерттеушіге мынадай артықшылықтар ұсынады:

- Жауаптарды өңдеу өте оңай. Мысалы, өз бетінше толтырылатын сауалнамалар немесе стандартталған сұхбат кестесі қолданылған сұхбаттарда жауап беруші тек тиісті жауапты қанат белгісімен не-

месе домалақтау арқылы белгілей алады. Белгіленген жауаптарға алдын ала кодтар берілетіндіктен тиісті код тандалған жауаптарға қарай механикалық түрде анықталады. Ұсыныстар мен қорытындылар, «Тік үлгідегі жабық сұрақтар» тақырыбына негізделген Ұсыныстар мен қорытындылар, «Жабық сұрақтарды өңдеу» тақырыбының мысалын қараңыз (10-тарауды қараңыз).

- Жабық сұрақтар жауаптардың салыстырымдылығын арттырады. Соңынан кодтау тәсілінде белгілі бір кодпен белгіленген жауаптар қаншалықты салыстырмалы екенін білуде әрқашан қиындықтар туындатып жатады. Осыдан

бұрын айтып кеткеніміздей адамдардың жауаптарына кодтар енгізу жүзеге аспауы да мүмкін (*9.1-терең пікірлер тақырыбының алтыншы пунктін қараңыз*). Код енгізушілер мен олардың осы кодтау стандарттарын уақыт өте келе өзгертіп жібермейтіні жайлы аралық нақты келісім бар екендігіне міндетті түрде көз жеткізу керек. Жабық сұрақтар осы мәселені айналып өтеді;

- Жабық сұрақтар жауап берушілерге берілген сұрақтың мағынасына түсініктеме бере алады. Кей жағдайларда, жауап берушілер сұрақтың не жайлы екенін анық түсінбеуі мүмкін, ал берілген жауаптар нұсқасы осындай жағдайларда анықтама ретінде қызмет атқара алады;

- Жабық сұрақтар сұхбат алушыларға және/немесе жауап берушілерге тамамдауда өте қолайлы. Сұхбат алушылар мен жауап берушілерге ұзақ уақыт жазып отырудың орнынан қанат белгісін немесе домалақтау арқылы белгілеу керек болғандықтан жабық сұрақтар оңай әрі жыдам тамамдалатын тәсіл болып табылады;

- Стандартталған сұхбат тәсілімен сұхбат алынғанда жабық сұрақтарды қолдану жауаптарды жазып алу барысында ықтимал айнымалылықты азайтады.

9-тарауда айтылып кеткендей, егер сұхбат алушы жауап берушінің сұраққа жауабын сөзбе-сөз жазып алмаса бейімділік орын алып, осыдан туындайтын жарамсыздық орын алады. Жабық сұрақтар мұндай ықтималдықтың деңгейін азайтады, дегенмен, сұхбат алушыларға берілген жауаптарды категорияларға бөлу үшін айтылғандарды нақты түсінуге қатысты ықтимал мәселе бар.

Кемшіліктер

Дегенмен, жабық сұрақтарда біршама кемшіліктер де бар.

- Жауап берушілердің жауаптарында спонтанды, тосын жауап болмайды. Олардың берілген жауаптарда қамтылмаған қандай да бір қызықты жауаптары болуы мүмкін. Осы орын алуы ықтимал мәселенің бір шешімі – категориялар түзеуге ашық сұрақтар қолданылатынына сенімді болу (*11.3-зерттеу нысанын қараңыз*). Сонымен қатар «Басқасы» деп көрсетілетін ықтимал жауап категориясын қосуға болады, осылайша, жауап берушілерге осы категорияны таңдай отырып не айтқылары келгенін көрсетуге мүмкіндік беріледі.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Жабық сұрақтарды өңдеу

Премьер-Министр қызметіне тағайындалғаннан бері оның атқарған жұмысы жайлы не ойлайсыз?

(*Туісті жауапты белгілеуіңізді сұраймыз*)

Өте жақсы	_____	5
Жақсы	_____ ✓	④
Орташа	_____	3
Нашар	_____	2
Өте нашар	_____	1



11.3 Зерттеу нысаны

Ашық және жабық сұрақтардың нәтижелерін салыстыру

Шуман және Прессер (1981) жабық сұрақтарға берілген жауаптардың осы сұрақтарды бірінші ашық сұрақтар түрінде қойып және берілген жауаптарға қарай жауап категорияларын жетілдіруде жауаптар қаншалықты түзетілетінін анықтауға эксперимент жүргізді. Олар адамдарға ашық және жабық сұрақтар түрінде жұмыстан не күтетіндері жайлы сұрақ қойды. Көптеген түрлі мысалдар келтірілді. Нәтижеде екі жауаптар топтамасы арасында біршама сәйкессіздіктің бар екенін анықтады (ашық үлгідегі категориялардың 60% жабық үлгідегі жауаптарға енгізуге келмейтін болып шықты). Олар жабық категорияларды адамдардың ашық сұраққа берген жауаптарын көрсететіндей етіп өзгертті. Әрі қарай олар жабық сұрақтарды өзгертіп және америкалықтардың екі үлкен іріктемесі арасында осы сұрақты ашық сұрақ түрінде қойып, қайтадан зерттеу жүргізді. Өзгертіліп алынған сұрақ пен оған берілген жауаптар мына төмендегідей:

– келесі сұрақ жұмыс тақырыбына қатысты. Адамдар жұмысқа әртүрлі үміт артады. Сіз жұмысқа қатысты төменде көрсетілген бес нысанның қайсысын көбірек таңдайсыз? [жабық сұрақ]. Сіз жұмыстан көбіне не күтесіз? [ашық сұрақ];

– жалақы; жетістік сезімі; жұмысты бақылай білу; жағымды жұмыс; қауіпсіздік; жоғарылау мүмкіндігі; қысқартылған жұмыс уақыты; жұмыс шарттары; жайлылық; қанағат тұту; басқа жауаптар

Жабық үлгі		Ашық үлгі	
Жауап	%	Жауап	%
Жалақысы жақсы жұмыс	13.2	Жалақы	16.7
Жетістік сезімі беретін жұмыс	31.0	Жетістік сезімі	14.5
Шамадан тыс көп бақылау жоқ және көптеген шешімдерді өз бетінше қабылдайтын жұмыс	11.7	Жұмысты бақылау	4.6
Жағымды жұмыс және бірге жұмыс істейтін адамдар да жылы жүзді	19.8	Жағымды жұмыс	14.5
Тұрақты жұмыс және жұмыстан шығып қалу тәуекелі аз	20.3	Қауіпсіздік	7.6
	Іріктеменің 96%		Іріктеменің 57.9%
		Жоғарылау мүмкіндігі	1.0
		Қысқа жұмыс уақыты/ көп бос уақыт	1.6
		Жұмыс шарттары	3.1
		Жайлылық	2.3
		Жұмыстан қанағаттану	15.6
Басқа/ДцК/NA	4.0	Басқа жауаптар	18.3

Жабық сұрақты өзгерту арқылы Шуман және Прессер ашық сұрақтың жауаптары көрсеткіш шамасы жағынан жабық сұрақпен сәйкес келетін жауап берушілердің санының біршама көп екенін анықтады. Олар жаңа жабық сұрақтың алдыңғысына қарағанда басымдырақ болғанын және ашық сұрақпен салыстырғанда да басым шыққанын айтып тұжырымдады. Дегенмен, ашық сұраққа жауап бергендердің жабық сұраққа жауап бергендермен тек қана 58% бірдей категориямен сәйкес келгені алаңдатты. Сонымен қатар үлестірулер де біршама басқаша болды: мысалы, сұрақтың ашық түріне қарағанда жабық түрінде жетістік сезімін екі еседей көп жауап беруші таңдады. Дегенмен, экспериментте ашық сұрақтардан мәжбүрлі-таңдап алынатын жауаптарды құрастыру қажеттілігін байқаймыз.



Студент тәжірибесінен

Жабық сұрақтар және деректерге сандық талдау жасау

Джой Томпсон және оның жақын студент достары команда құра отырып, өз университеттерінің студенттері арасында, ӘФСП бағдарламасымен оңай талдау жасауға болғандықтан, басымдырақ болып қабылданатын жабық сұрақтарды қолданып, зерттеу жүргізді. ӘФСП бағдарламалық жасақтамасы жайлы 16-тарауда қарастырылады. Олар алғашқы тестілеу жасалғаннан кейін сұхбат кестесіне шолу жасай отырып, мына мәселелерге көңіл аударды:

Жетерлікті сапалық немесе сандық деректерге ұсына алмайтын ашық немесе жабық сұрақтар саны жағынан тым көп емес пе немесе сұрақтар дихотомиялық немесе саралайтын шәкілде болуы керек пе? Сауалнаманың қорытындысы бағдарламалық жасақтаманы (ӘФСП) қолданып, деректерге талдау жүргізу арқылы жүзеге асатындықтан, команда мүшелері белгілі беталыстарды көрсету үшін өзара байланыстыруға болатын анық жауаптары берілетін жабық сұрақтарды таңдауға бейім болды.

Дегенмен, университетте зерттеу жүргізіп жатқан осы топтың құрамындағы Софи Мейсон жабық және ашық сұрақтарды араластыра қолдану біршама басымдылық беретінін байқады. «Ашық және жабық сұрақтардың екеуін де қолдана отырып, қажет статистикалық деректерге қол жеткізу және әрбір студентке ғана сай тәжірибелер мен пікірлерді білу мүмкін болды».



Джой мен Софидің зерттеу жұмысы бойынша тәжірибелерімен толығырақ танысу үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Таңдаулы жауапты сауалнама жауаптарының түрлері

- Алдын ала белгіленген жауаптарды бірін-бірі жоққа шығаратындай етіп құрастыру қиынға соғуы мүмкін. Жауап

берушілерге ұсынылатын белгіленген жауаптар ұқсас болмауы керек. Егер олар ұқсас болса жауап беруші қайсысын таңдауды білмей, өз бетінше кез-келген біреуін көрсете салады немесе екеуін де белгілейді. Егер жауап беруші екі немесе

одан да көп жауапты белгілеген болса, сіз ол жауапты қабылдай алмайсыз, себебі жауап беруші белгілеген жауаптардың қайсысы дұрыс екенін білмейсіз. Осы мәселеге қатысты нысанды төменде берілген жас бойынша топтама мысалынан көруге болады:

18–30

30–40

40–50

50–60

60 және үлкен

40 жастаға адам өзін қай бағанада көрсетуі керек?

- Алдын ала белгіленген жауаптарды бірін-бірі жоққа шығаратындай етіп құрастыру өте күрделі. Барлық ықтимал жауаптар талаптарға сай болуы керек, дегенмен іс жүзінде олай құрастыру қиынға соғуы мүмкін, себебі бұл қағидаға сүйену ықтимал жауаптардың өте ұзын тізімін беруі мүмкін. Сонымен қатар, жауаптардың ауқымды мөлшерін қамту үшін «Басқасы» категориясын қолдану қажеттілігі туындайды.

- Алдын ала белгіленген жауаптарды жауап берушілер әртүрлі түсінуі мүмкін. Жауап берушілер сұрақтың кейбір терминдерін басқаша түсіну мәселесі әрқашанда орын алып отырады. Бұл мәселе заңдылыққа күмән тудырады. Ал алдын ала белгіленген жауаптарды қолдану, жауаптардың негізгі терминдер өзгеше түсіну мүмкіндігіне байланысты, бұл ықтимал мәселені шиеленістіре түседі.

- Жабық сұрақтардың жауаптарында өздерінің жауаптарына сәйкес келетін нұсқаның болмауы жауап берушілерге ұнамауы мүмкін.

- Сұхбат алу барысында жабық сұрақтарды көптеп қолдану өзара үндестік құру іс-әрекетін күрделендіреді, себебі сұхбатқа қатысушы мен сұхбат алушы аса көп әңгімелеспейді. Осылайша сұхбаттың өзіндік ерекшелігі жоқ болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, стандартталған сұхбатта үндестік құру маңызды фактор екенін ескере отырып, бұл мәселеге аса көңіл аудару қажеттілігін анықтау қиынға соқпақ (*9-тарауды қараңыз*).



Студент тәжірибесінен

Ашық және жабық сұрақтар дилеммасы

Джой Томпсон Ист Англия университетінің студенттері арасында жүргізген зерттеуі барысында ашық және жабық сұрақтарды қолданудың классикалық дилеммасы мәселесіне тап болды. Ол: «Қорытындыларға ӘФСІП бағдарламалық жасақтамасын қолданып талдау жүргізілгендіктен көбіне жабық сұрақтар қойылды, бұл мәселенің ауқымды қарастырылуын шектеп, белгіленген жауап аясын ұсына отырып, жауап берушілерге жеке пікірлерін білдіру мүмкіндігін бермейтінін сездім. Алайда, бұл мәселеге айналып өтуге шешім қабылданды, себебі атқарылатын маңыздысы іс – қорытындыларды талдаудан өткізіп және қорытынды нұсқаға қол жеткізу болды. Ашық сұрақтар сапалығы жағынан жоғары деректер беретін болғанымен оларды барлық деңгейде қолдану қиын, сонымен қатар салыстыру жа оңайға түспес еді», – деп жазды.

Бұдан бұрын айтып кеткеніміздей, жабық сұрақтар жауап берушілерге «жеке пікірлерін білдіруге мүмкіндік» бермейді, дегенмен, осы түрінде деректерді жинақтау біршама оңай. Сонымен қатар ашық сұрақтар сапалық деректерді көптеп қамтығанымен, сандық талдау жасауға шектеулі болуы мүмкін.



Джойдың зерттеу жұмысыны бойынша тәжірибелерімен толығырақ танысу үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/



Сұрақ түрлері

Егер стандартталған сұхбат немесе өз бетінше толтырылатын сауалнама жүргізіп жатқан болсаңыз сіз бірнеше сұрақ түрлерін қолдануыңыз мүмкін екенін естен шығармаңыз. Оларды жіктеулердің бірнеше жолдары бар, олардың маңызды бірнеше түрлері төменде көрсетілген:

- *Дербес нақты сұрақтар.* Бұл сұрақтарда адамдардан жеке тұлғалық мәліметтер беруі сұралады, мысалы, жасы, білімі, мамандығы, отбасы жағдайы, табысы және тағы басқалар. Мұндай сұрақтарға мінез-құлық жайлы сұрақтар да енгізілуі мүмкін. Мұндай нақты сұрақтар, мысалы, олардан шіркеуге бару жиілігін, кинотеатрға қаншалықты жиі баратыны немесе соңғы рет қашан мейрамханада тамақтанғаны жайлы сұрақтарда жауап берушінің есте сақтау қабілетіне сүйену керек болады;

- *Басқалары жайлы нақты сұрақтар.* Алдыңғысы сияқты сұрақтың осы түрінде де басқалары жайлы тұлғалық мәліметтер сұралады және кей кездері жауап берушімен бірге екеуінің де

деректерін көрсетуге өтініш білдіріледі. Мұндай мысалдардың біріне отбасы табысы жайлы сұрақты жатқызуға болады: жауап берушінің табысын серіктесінің табысымен бірге есептеп көрсетуді сұрайды. Чарлз және Керр (1988) екеуінің ас әзірлеуде кімнің қандай үлесі бар екені жайлы сұрағында (11.1-зерттеу нысанын қараңыз) әйелдеріне олардың өздері және күйеулері ас әзірлегенде қалай бөлісетіндеріне сұрақ қойылды. Шын мәнінде, мұндай зерттеудің қатысушының өзінің және өзгелердің мінез-құлқы жайлы бұрмаланғаны болуы мүмкін пікірлерге сүйенуі сынға алынады (Биирдсуорс және Кейл, 1997). Дербес нақты сұрақтардағы есте сақтау қабілетіне сүйену тәрізді сенімділік элементтері жұмылдырылуы ықтимал;

- *Ақпарат берушіден дербес сұрақтар.* Кей жағдайларда біз сұхбатқа қатысушыны немесе сұрақтарды толтырушыны өзі жайлы сұрақтарға жауап беруші емес, басқа біреу жайлы ақпарат беруші ретінде көрсетеміз. Сұрақтардың мұндай түрін кейбір мәнмәтіндерде

кездестіруге болады, мысалы, жауап берушілерден өздері жұмыс істейтін фирманың ауқымдығы, оның иесі, қандай да бір технология түрін немесе мамандар қызметтерін қолданып немесе қолданбайтыны жайлы сұрақтар. Мұндай сұрақтар, әдетте, олар білетін қандай да бір мекеме ерекшеліктері жайлы болып келеді және дәл осы жағдайда фирма мысалға алып қарастырылған. Чарлз және Керрдің (1988) сұрақтары осы түріне мысал бола алады: олар адамдардан үй шаруашылығы немесе отбасындағы мінез-құлық жайлы сұрақтарға жауап берулерін сұраған;

- *Қарым-қатынастар жайлы сұрақтар.* Қарым-қатынастар жайлы сұрақтар стандартталған сұхбат және өз бетінше толтырылатын сауалнама екеуінде де көп қолданылады. Лайкерт шәкілі қарым-қатынастарды бағалауда көптеп қолданылатын үлгі болып табылады.

- *Сенімдер жайлы сұрақтар.* Жауап берушілерге сенімдері, ықтимал діни және саяси көзқарастары жайлы сұрақтар көптеп қойылады. Сенімдер жайлы сұрақ қоюдың тағы бір түрі – жауап берушілерден қандай да бір сұрақтардың дұрыс немесе бұрыс екенін жайлы сұралады, мысалы, жауап берушіден Ұлыбританияның Еуропалық Одаққа мүше бола отырып, жақсы ахуалға ие екеніне сеніп немесе сенбейтіні жайлы сұрау. Осыған ұқсас, қылмыс жайлы зерттеуде жауап берушілерге кейбір қылмыс түрлерінің көбейіп бара жатқанына сеніп немесе сенбейтіні жайлы сұрақ қойылуы мүмкін;

- *Нормативті стандарттар мен құндылықтар жайлы сұрақтар.* Жа-

уап берушілерге оларға қандай мінез-құлықтан әсерленетінін немесе қандай мінез-құлықты жақтайтынын көрсетулері сұралуы мүмкін. Мінез-құлықтың мұндай нормаларын анықтау қарым-қатынастар мен сенімдерге қатысты сұрақтарда біршама сәйкес болады, себебі нормалар мен құндылықтардың ортақ элементтері бар деп білінуі мүмкін;

- *Білімі жайлы сұрақтар.* Сұрақтар кей жағдайларда жауап берушінің арнайы бір саладағы білім деңгейін анықтау мақсатында қойылады. Мысалы, қоғамның ғылымды түсінуі аясында бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі жайлы зерттеуінде Харгривез және басқалары (жылы көрсетілмеген) сауалнамаға қатысушылардан ғылыми білімге қатысты біршама ауқымды сұрақтарға жауап берулерін сұрады. Сұрақ 2002 жылы білім деңгейлерінде қандай да бір өзгеріс болып немесе болмағанын анықтау мақсатында екі түрлі жағдаймен 1000 қатысушыға сұрақ қойылды. Бірінші сұрақ: «Соңғы зерттеулерде ҚПҚ [қызылша, паротит, қызамық] вакцинасының тағы қандай ауру түрімен байланысы бар болуы мүмкін екеніне болжам айтты?» Жауап берушілерге бес: соқырлық; дислексия; Даун синдромы; аутизм; білеймін сияқты баламалы жауап нұсқалары берілді. Азды көпті сәйкестікті көрсете отырып (үштен екі бөлігі), әрбір жағдайда аутизм деген дұрыс жауап белгіленді.

Көптеген стандартталған сұхбаттар мен өз бетінше толтырылатын сауалнамалар бірден көп және бірнеше осы үлгідегі сұрақтардан құралады. Сұ-

рақтардың әртүрлі үлгілері арасындағы айырмашылықты үнемі жадыңызда ұстағаныңыз жөн. Мұның да өзіндік себептері бар:

- Олардың айырмашылығын ойда ұстаудың себебі – бұл жалпылама түрде болса да сұрағыңыздың не жайлы екенін ұмытпауға мәжбүрлейді немесе септігін тигізеді;

- Сұрақты үйлесімсіз түрде қоюдың алдын алады. Мысалы, Лайкерт шәкілі мінез-құлық жайлы нақты сұрақтар қоюға жарамайды;

- Лайкерт шәкілі тәрізді кестелерді құрастырғанда сұрақтардың әртүрлі нұсқаларын араластырмау ең дұрысы болып табылады. Мысалы, қарым-қатынастар мен сенімдер мағынасы жағынан ұқсас тәрізді және сіз олар жайлы аралас сұрақтарды бір үлгіде қолданғыңыз келуі мүмкін. Дегенмен бұлай жасамаған абзал, есесіне, қарым-қатынастар мен сенімдердің әрқайсысына жеке шәкіл ұсыныңыз. Егер оларды араластыратын болсаңыз, сұрақтар нақты берілген нысанды қатысты болмауы мүмкін, ол бұл өз кезегінде өлшем заңдылығына қауіп төндіреді.



Сұрақтар құрастыру қағидалары

Ұзақ жылдар бойы сұрақ қоюмен байланысты жарамды және жарамсыз көптеген қағидаларды (және асыл қағидаларды) жетілдіріліп алға шығарылды. Бұған қарамастан, осы қағидаларды ұстану қателіктерге оңай бой береді. Бастапқы пункт ретінде үш қарапайым асыл қағида қолданылады; сонымен қатар төменде көрсетілген қағидалар әрі қарайғы қателіктердің алдын алу тәсілі ретінде іс-әрекет етеді.

Негізгі асыл қағидалар

Зерттеу сұрақтарын әрдайым жадыңызда ұстаңыз

Өзіңіздің өз бетінше толтырылатын сауалнама немесе стандартталған сұхбатыңызда қоятын сұрақтарыңыз әрқашанда сіздің зерттеу сұрақтарыңыздың жауабын қамтуға бағытталуы тиіс. Асыл қағидаларға жататын осы бірінші қағиданың кем дегенде, екі мағынасы бар. Біріншісі:

қойылған сұрақтарыңыз сіздің зерттеу сұрақтарыңызға қатысты екеніне сенімді болу керектігіңізді білдіреді. Сенімді болуды басқа сөзбен айтқанда, сауалнамадағы сұрақтар сіздің зерттеу сұрақтарыңызға бағыттталып, зерттеу сұрақтарыңызды қамтуы тиіс. Зерттеуіңіздің соңғы кезеңдеріне қарай кейбір негізгі шешуші сұрақтарды қосуды ұмытып кеткеніңіз анықталғанын қаламайтыныңыз анық. Екіншісі: сұрақ қоюда сіздің зерттеу сұрақтарына қатысы жоқ кішігірім пункт болатынын білдіреді. Сіз үшін аса маңызды жоқ сұрақтар қойып жауап берушілердің уақытын босқа алу әділдікке жатпайды.

Сіз не білгіңіз келеді?

Екінші асыл қағида бойынша сіздің нақты нені анықтағыңыз келетінін шешу. Бір қарағанда қарапайым болып көрінетін сұрақты қарастырайық:

Сіздің автокөлігіңіз бар ма?

Бұл сұрақ қандай мақсатта қойылған және нені анықтауға бағытталған? Сұрақ жекеменшік автокөлік жайлы ма? Егер жекеменшік автокөлік жайлы болса, сұрақ дұрыс қойылмаған және «бар ма» сұрағы екі ұшты мағына беріп тұр. Осы арада сұрақты бірнеше мағынада түсінуге болады: дербес автокөліктің болуы; ортақ қолданыстағы үй шаруашылығындағы автокөлікті қолдану; компанияның немесе бизнес қажеттіліктеріне арналған автокөліктің «болуы». Осылайша «иә» жауабының көрсетілгені жауап берушінің автокөлік иесі екенінің нақты жауабы бола алмайды. Егер сіз жауап берушінің жеке меншік автокөлігі бар немесе жоғын білгіңіз келсе, сұрақты нақтылап қойыңыз. Шыныменде, сіздің неше балаңыз бар деген сұрақта да еш қателік жоқ.

Дегенмен, егер сіз адамның немесе үй шаруашылығының тұрмыс деңгейін анықтауды мақсат тұтқан болсаңыз, нақты сұрақ бір үйде қанша жан тұратыны жайлы болуы тиіс.

Осы сұраққа қалай жауап берер едіңіз?

Үшінші асыл қағидасы – өзіңізді жауап берушінің орнына қою. Өзіңізге сұрақ қойып және оған қалай жауап беретініңізді байқап көріңіз. Егер осы тәжірибені байқап көрсеңіз, кем дегенде, «Сіздің автокөлігіңіз бар ма?» сұрағында кездескендей екі ұшты мағынаны анықтап және бұл сұрақтың автокөлік иесін анықтауға жарамсыз екенін алдын ала білу мүмкіндігіңіз болады. Алдыңғы сұрақты нақтылайтын сұрақ бар дейік:

Осы аптада автокөлік жүргіздіңіз бе?

Бұл сұрақтың да ешқандай тамыры байқалмайды, дегенмен өзіңізді жауап

берушінің орнына қойып қарасаңыз «осы апта» сөзінде белгісіздік байқалатынын көресіз. Сұрақта соңғы жеті күнді меңзеп тұрғаны немесе сол сұрақ қойылған апта жайлы айтылғаны анықталмаған және соңғысында сұрақтың дүйсенбі немесе жұма күні қойылғаны да жауапқа ықпал етеді. Көбіне, бұл мәселе – сұрақ құрастырушы сұрақтың не жайлы болатынына нақты ұйғарым жасамағанда орын алады. Дәл осылай, өзіңізді бір сәтке жауап берушінің орнына қойып тестілеу жүргізуіңіз бұл сұраққа жауап берудің қиын екенін көрсетуі мүмкін.

Осы асыл қағидаларды және төменде көрсетілген сұрақ қою жайлы қағидаларды ескере жүру сізге тосын жайттардың алдын алуға септігін тигізеді.

Сұрақтарды құрастырудың айқын қағидалары

Сұрақта екі ұшты терминдерді қолданбаңыз

Жиіліктің өлшемдеру болып табылатын «жиі» және «ұдайы» сияқты терминдерді қолданбаңыз. Олар бір мағыналы емес, сондықтан, әр жауап беруші бұл терминдерді әртүрлі көзқарастарға ыңғайлап қолданады. Дегенмен, мұндай терминдерді қолданбау мүмкін емес жағдайлар да кездесіп жатады және жиілікті шынайы үлгіде өлшейтін баламаларды қолдану, әрқашанда, қолайлы тәсіл ретінде басым болып келеді. Мысал ретінде «Сіз, әдетте, кинотеатрға қаншалықты жиі барасыз?» деген сұрақты қарастырайық:

- | | |
|-----------------|--------|
| Өте жиі | _____; |
| Біршама жиі | _____; |
| Аса жиі емес | _____; |
| Мүлде бармаймын | _____. |

Бұл сұрақта да «мүлде бармаймын» баламалы жауабынан басқалары екі ұшты болуымен, қиындықтар тудырып тұр. Сондықтан шынайы жиілік жайлы сұрақты нақтылай түскеніңіз өте дұрыс, мысалы:

Сіз, әдетте, кинотеатрға қаншалықты жиі барасыз (Сіздің кинотеатрға бару жиілігіне жақын нұсқаны көрсетуіңізді сұраймыз)?

- Аптасына бірден көп _____;
- Аптасына бір рет _____;
- Айына 2 немесе 3 рет _____;
- Айына бір рет _____;
- Жылына бірнеше рет _____;
- Жылына бір рет _____;
- Жылына бір реттен де сирек _____.

Баламалы түрде, жауап берушілерден соңғы төрт апта ішінде кинотеатрға қаншалықты жиі барғандарын сандық мөлшермен сұрауыңызға болады.

«Жанұя» сөзін қолдану да екі ұшты нәтижелер беруі мүмкін, себебі адамдардың жанұя жайлы пікірлері де әртүрлі қалыптасқан. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, «бар ма» сөзін сұрақта қолдану да екі ұшты пікірлердің ортаға шығуына бірден-бір себепкер.

Сонымен қатар «түскі ас» (диннер) және «кітап» сияқты жалпылама сөздерді де әр адам әртүрлі мағынада қабылдауы мүмкін екенін атап өткен жөн. Мысалы, түскі ас дегеніміз – кейбіреулері үшін талтүсте қабылданатын жеңіл ас болса, кейбіреулері үшін тоқ және кенулі кешкі ас дегенді білдіреді. Дәл осылай, кейбір адамдар кітап ретінде журнал, каталог және брошюраларды да қоса алады, ал кейбіреулері біршама шектеулі аяда қарастырады. Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында,

сұрақта қолданылған терминнің нақты мағынасына анықтама беру қажет.

Ұзақ сұрақтарды қолданбау

Ұзақ сұрақтар жағымсыз деген сенім бар. Стандартталған сұхбатта сұхбат алушы сұрақтың желісінен жаңылысуы мүмкін және өз бетінше толтырылатын сауалнамада жауап беруші мұндай сұрақтарға жауап бермей аттап кетуді қалауы немесе көз жүгіртіп шығып аса мән бермеуі мүмкін. Алайда, Судман және Брэдберн (1982) бұл кеңестің мінез-құлық жайлы сұрақтардан гөрі қарым-қатынас сұрақтарына қатысты екенін ұйғарады. Олардың тұжырымдамасы бойынша, егер сұрақ мінез-құлыққа назар аудартатын болса, сұхбат алуда ұзақ қойылған сұрақтар біршама жағымды әсер қалдырады, мысалы, олар есте сақтайтын ілікпе сөздер қолданылады және сұрақты қоюға кеткен уақыт жауап беруде біршама қолайлықтар тудырады. Дегенмен, көбінесе, сұрақтарды қысқа қайырған дұрыс.

Екі мақсатты көздеген сұрақтарды қолданбаңыз

Екі мақсатты көздеген сұрақтар – екі нысанды бірдей қамтыған сұрақтар. Мұндай түр сұрақтарда кездесетін қиындық: жауап берушілер қалайша тиімді жауап берулеріне сенімсіздікпен қарайды. Мына сұрақты қарастырып көрейік:

Жұмысыңызға төленетін жалақы мөлшерімен және басқа шарттарымен қаншалықты қанағат тұтасыз?

Бұл арадағы проблема анық көрініп тұр: жауап берушінің аталғандардың біріне көңілі толса, екіншісіне көңілі

толмауы мүмкін. Осы арадағы мәселе жауап берушінің жауап беруде қиналуымен шектеліп қана қоймайды, Сонымен қатар жалақы және шарттармен қанағат тұту деңгейін нақты көрсетуге кез келген жауаптың қолайлық тудыратыны күмәнді.

Сіздің күйеуіңіз ас әзірлеу және тазалық жүргізуде сізге қаншалықты жиі көмектеседі?

Бұл мысалда да дәл осындай проблеманы көруге болады. Күйеуі ас әзірлеуде белсенді көмек көрсетіп, ал тазалық ісіне еш қатыспауы мүмкін, сондықтан жиіліктің қаншалықты сәйкес түрін таңдағанмен де айқын жауап шықпайды және жауап берушілердің екі ойлы болып қалуларына жол ашады.

Бұл қағида алдын ала берілген жауаптарға да қатысты. 11.3-зерттеу нысанындағы Шуман мен Прессердің (1981) ұсынған дайын жауаптарының бірі:

Жағымды жұмыс және бірге жұмыс істейтін адамдар да жылы жүзді.

Осы жауапта берілген екі пікір – жағымды жұмыс және жылы жүзді адамдар – арасында симметрия сақталғандай көрінгенімен, олардың арасында тиісті байланыс жоқ. Кейбіреулер үшін жағымды жұмыс маңызды болып, ал қасындағы қызметтестерінің жылы жүзді болуларына аса мән бермеулері мүмкін. Екі мақсатты көздеген сұрақтарға тағы бір мысал 11.1-терең пікірлер тақырыбында қарастырылады.

Екі мақсатты көздеген сұрақтар тіптен біршама танымал зерттеулерде де кездесетін ортақ сипаттар. Тимминг (2009) 2004 жылы жүргізілген Жұмыс орнындағы жұмысшылар қатынастарын зерттеуде осындай сұрақтардың кездескенін айтады. Ол сауалнаманы www.wers2004.info/pdf/Vol%201%20

(part%202)%20-20Technical%20Report.pdf сілтемесінен таба аласыз (2011 жылдың 1 ақпанынан қолданыста).

Бұл зерттеу 14-тарауда қарастырылған. Мысалы, жұмысшыларға қойылған бір сұрақта былай делінген:

«Жалпы алғанда, менеджерлерге мына бағыттарда қаншалықты жақсы баға бере аласыз бы?»

Әрі қарай үш сала берілген және жауап берушілер алдын ала бекітілген шәкіл бойынша жауап берулері тиіс: өте жақсы; жақсы; жақсы да емес, жаман да емес; нашар; өте нашар (сонымен қатар «білмеймін» нұсқасы да берілген). Берілген үш сала:

Қызметкерлердің немесе қызметкерлер өкілдерінің көзқарастарына мән беру;

Қызметкерлердің немесе қызметкерлер өкілдерінің ұсыныстарына жауап қату;

Қызметкерлерге немесе қызметкерлер өкілдеріне соңғы шешімдерге ықпал етулеріне рұқсат беру.

Осы сұрақтардың әрқайсысында WERS зерттеушісі «қызметкерлер немесе қызметкерлер өкілдері» сөз тіркесін қолданған. Тимминг, жауап берушілер менеджерлерге осы үш нұсқада қаншалықты жақсы баға беруге қатысты қызметкерлер өкілдерімен салыстырғанда қызметкерлер ретінде әртүрлі пікірде болулары мүмкін екенін тұжырымдайды. Шыныменде, зерттеуші қызметкерлер және қызметкерлер өкілдеріне қатысты екі бөлек сұрақ қоюы керек еді. Әрі қарай, ол WERS сауалнамасында бірнеше екі мақсатты көздеген басқа да сұрақтар тауып алады. Екі мақсатты көздеген бір сұраққа қатысты Форс және басқалары

(2010: 58) Тиммингтің мақаласына жауап ретінде сұрақтарды бөлек қою «WERS-тен шығатын барлық білім қорына қосары аз, тек қана сауалнаманы ұзарта түседі» деп өз ойларын тұжырымдайды. Осы арада қорытындылайтын және осы кітапта бірнеше рет айтылып өтетін

пікір – барлық зерттеушілер осындай ұғымдармен іс жүзінде күресулері керек. Алайда, мәселе түбегейлі шешімін таппады және жауап берушілер көптеген екі мақсатты көздеген сұрақтарға қалай жауап беру керектігіне сенімді бола алмайды.



11.1 Терең пікірлер

Жабық сұрақ (және кейбір екі мақсатты көздеген сұрақтар) қоюда сұрақ пен оның жауаптарын сәйкестендіру

Осы кітаптың бірінші басылымы дайындалып жатқанда мен бір жазушының романын оқып жатқан едім, ол өз кітабына кері байланыс ретінде сауалнама енгізген. Сауалнаманың бір пунктінде кітаптың сапасы жайлы сұрақтар қойып, бірнеше Лайкерт шәкілі бойынша жауаптар нысандары қамтылған. Әрбір нысанда жауап берушіге кітаптың сапасы жайлы сұрақтар қойылып, шәкілдерді белгілеу арқылы ерекшелігіне сипаттама беруді сұраған: нашар; келісуге боларлық; орташа; жақсы; өте жақсы. Алайда, әрбір нысан сұрақ ретінде берілген, мысалы:

Жазба көркем, жіксіз және шығармашылық жағы басым ба?

Осы арадағы мәселе – жауап «иә» немесе «жоқ» болу керек. Әрі кетсе біз «иә» немесе «жоқ» жауаптарының үдемелі түрін көрсете аламыз, мысалы: терең қамтылған; көптеген жағдайларда; кейбір жағдайларда; мүлдем қамтылмаған. Алайда, «нашар» немесе «өте жақсы» бұл сұраққа жауап бола алмайды. Дұрысы – сұрақтарды түсініктеме ретінде қою, мысалы:

Кітаптың сапасын мына критерийлері бойынша көрсетуіңізді сұраймын:

Жазу көркемдігі:

Нашар _____;

Келісуге боларлық _____;

Орташа _____;

Жақсы _____;

Өте жақсы _____.

Әрине, мен бұл мысалдың мағынасын біраз өзгертіп көрсеттім және де осы сұраққа қатысты тағы бір мәселе бар екенін көреміз: бұл сұрақ – бірден екі мақсатты көздеген. Шындығында, тіптен үш мақсат көзделген, себебі бір ғана сұрақтың ішінде жазу стилінің үш ерекшелігіне баға беру сұралған. Сапасы жағынан оқырмандардың осы үш сипатына қатысты көзқарастары әртүрлі болуы мүмкін. Тағы бір қарапайым сұрақты қарастырайық:

Түпкі ойда шиеленіскен, күтпеген, шешуші жағдайлар орын алған ба?

Тағы да «иә» немесе «жоқ» жауап үлгілерін ғана ұсынғанына қарамастан, бірден үш сипатты жайлы сұраған. Егер осы үш сипаты жайлы әртүрлі пікірде болсаңыз, бұл сұраққа қалай жауап берер едіңіз?

Бұл айтылған пікірлерді болмашы кемшіліктерге мін тағу деп тұжырымдауға болады: әлбетте, сұрақтармен таныса отырып, оқырман бұл сұрақтардың кітаптың сапасына әртүрлі сипаттары бойынша баға беруге өтініш білдірілгенін білетін болар. Туындап отырған мәселе: сұрақ пен жауап арасындағы дизъюнкцияның ықпалы қандай болатынын білмейміз, осылайша, сұрақ пен дұрыс жауаптар арасында байланыс құра аласыз (қайталап айтарымыз: екі немесе үш мақсатты көздеген сұрақтар қоймаңыз).

Жалпылама сұрақтар қоймаңыз

Тақырып бойынша өте жалпылама сұрақ қою өте оңай және сұрақ нақты бір мәселеге қатысты болғанда қолдануға болады. Мұндай сұрақтарда туындайтын мәселе – олардың мүлдем жалпылама түрде беріліп, көзқарастар жүйесінің болмауы. Мысалы, *«Жұмысыңыздан қаншалықты қанағат тұтасыз?»* сұрағын қарастыратын болсақ, өте орнықты көрінгенімен ешқандай ерекшелікті бөліп көрсетпеген. Сұрақтың нақты не жайлы қойылып тұрғаны белгісіз: жалақы, шарттары, жұмыс ерекшеліктері немесе осылардың барлығын қамтыған ба? Сұрақты осылай әртүрлі жақтарымен түсіну мүмкіндігі бар болса, жауап берушілер де өз бетінше түсінуіне болады, ал бұл қателіктер көзін алға шығарады. Менің ең жақсы көретін жалпыла сұрағым Карл Маркстің 25000 француз әлеуметтанушылары мен басқа да мамандар (дегенмен, жауап бергендер саны бойынша есеп жүргізілмеген) арасында жүргізген Enquete ouvrière (жұмысшылар сауалнамасы) сауалнамасының ең соңғы жүзінші сұрағы:

Сауда аясында қызмет атқаратын ерлер мен әйелдердің жалпылама, табиғи, интеллектуалды және моральдық жағдайы қандай? (Боттомор және Рубель 1963: 218)

Жетекші сұрақтар қолданбаңыз

Жетекші немесе сөздің астары бар сұрақтар жауап берушіге белгілі бір бағыт көрсетеді. «Мына пікірмен келіссіз бе: ...?» типіндегі сұрақтар осы бағыттаушы сұрақтарға жатады. Мұндай сұрақтарда туындайтын мәселе – сұрақ жауап берушіге өз алдына нақты жауап ұсынады, дегенмен, кез келген ұйғарынды жауапты жокка шығару мүмкіндігі әрқашанда бар болады. Алайда, олар өздеріне белгілі бір бағыттың көрсетілгенін сезуі мүмкін екені анық, ал бұл тиімсіз болмақ. Мысал ретінде мына сұрақты қарайық:

«Тұрғындар арасындағы аса мұқтаж адамдардың әл-ауқатына бөлінетін көмектің азаюына әкеп соқтыратын болса да салықтар мөлшерінің тағы төмендетілуіне келісер ме едіңіз?»

Бұл сұрақ салыққа қатысты адал кейбір адамдардың жауап берулерінде қиынға соқпақ. Тағы да Маркстің танымал жетекші сұрақтарына оралайық:

Егер сізге кесімді жалақы төленетін болса, айлакерлік сылтаумен жазылған мақаланың сапасына төленетін ақы жалақыңыздан шегеріліп тасталады ма? (Боттомор және Рубель, 1963: 215)

Екі сұрақты бірдей қамтитын сұрақтар қоймаңыз

Екі мақсатты көздейтін сұрақтар осы қағиданы сақтамаудың анық дәлелі, Сонымен қатар «Соңғы жалпы сайлауда қайсы саяси партияға дауыс бердіңіз?» деген сұрақтар да кездесіп жатады.

Бұл сұраққа, мысалы егер жауап беруші дауыс беруге бармаған болса, қалай жауап бермек? Мұндай жағдайларда екі бөлек сұрақ қою аса тиімді болмақ:

Сіз соңғы жалпы сайлауда дауыс бердіңіз бе?

Иә _____

Жок _____

Егер ИӘ жауабын белгілеген болсаңыз, қайсы саяси партияға дауыс бердіңіз?

Бірден көп сұрақ қоюдың тағы бір жолына мысал сұрақ:

Жұмыс іздестіруде әртүрлі стратегиялар қаншалықты тиімді болды?

Өте тиімді _____

Айтарлықтай тиімді _____

Аса тиімді емес _____

Мүлдем тиімді емес _____

Осы арадағы анық қиындық: егер жұмыс іздеуші бірнеше жұмыс іздеу стратегияларын қолданған болса, әртүрлі стратегия бойынша оның көзқарасы өзгеше болары анық. Шын мәніде, осы арада жауап берушілерден әртүрлі стратегиялардың қаншалықты тиімді болғанына орташа көрсеткіш анықтауға мәжбүрлегеннен гөрі, әрбір стратегияға баға беру құрылымы қажет.

Негативтер қамтылған сұрақтарды қолданбаңыз

Бұл «емес» немесе осы тәрізді құрастырылған сұрақтарда туындайтын мәселе – өз бетінше толтырылатын сауалнаманы толтыру барысында немесе сұхбат барысында жауап беруші бұл сөзге мән бермей, оңай жіберіп алады. Егер мұндай жағдай орын алса, жауап беруші жауап ретінде қарама-қарсы мағынасын берері анық. Дегенмен, негативті қолданбау мүмкін емес жағдайлар да орын алып жатады, бірақ, мына түр сұрақтардың мүлдем қолданылмағаны жөн:

«Студенттер жоғары оқу орындарында білім алуға төлеу үшін несие алмауы керек деген пікірмен келісесіз бе?»

Есесіне, мұндай сұрақтар позитивті үлгіде қойылуы тиіс. Сонымен қатар екі рет негативті сөз мүлдем қолданбаңыз, себебі, оларды түсінудің өзі біршама қиындық тудырады. Осындай сұрақтарға Опенгейм (1966) төмендегі мысалды келтіреді:

«Дәрілік қасиеті жоқ су сабынды қолданбауды қалай ма едіңіз?»

Осы сұраққа жауаптың «жоқ» немесе «иә» болатынын анықтау шыныменде біршама қиын болмақ.

Лайкерт шәкілі нысандарын қолданып құрастырылатын сұрақтар – негативті сұрақтарды қолданбау мүмкін емес жағдайдың бірі. Егер сіз қатысушылар көрсеткішін құрайтын жауап берушілердің жеке тұлғалылығын анықтағыңыз келсе, сонымен қатар сұрағыңыздың бағытын өзгерткіңіз келсе (9-таурауды қараңыз) – негативті сұрақтарды қолданудың алдын алу мүмкін емес.

Техникалық терминдерді қолданбаңыз

Қарапайым, қолданыстағы тілді қолданыңыз және кәсіби жаргондарды қолданудың алдын алыңыз.

Өзіңізді жұмыстан алыстап кеткендей сезінесіз бе?

Мұндай сұрақтарды қоймаңыз. Себебі, сұраққа жауап берушілер «алыстап кету» деген сөздің мағынасын жете түсіне бермейді, сондықтан термин тіптен таныс болмаса да өз бетінше қабылдап, басқа мағынада қабылдауы мүмкін.

Тағы бір сұрақты қарастырып көрейік:

Соңғы жылдары ТЮК-нің ұлттық саясатқа ықпалы төмендеп кетті.

Толықтай келісемін _____

Келісемін _____

Шешімге келмедім _____

Келіспеймін _____

Толықтай келіспеймін _____

Бұл сұрақта ТЮК түрінде қысқартылған сөз жауап беруде қиындық тудыруы мүмкін, себебі жауап берушілер бұл қысқартылған ұйым атының толық мағынасын білмеуі мүмкін.

Жауап берушінің тиісті білімі бар ма?

Жауап берушілерге олардың жетерінше білімі жоқ тақырып бойынша сұрақтар қоюдың еш мәнісі жоқ. Мысалы, компьютерді бұдан бұрын көрмеген немесе онымен жұмыс істемеген адамнан компьютердің қолданысы жайлы мәлімет алу екіұшты мәселе.

Жабық сұрақ пен оның жауаптары арасында симметрияның бар екеніне көз жеткізіңіз.

Сұрақ пен оның жауаптарында кездесетін жалпы қателік – олардың бір-бірімен қиылыспауы. 11.1 терең пікірлерінде осы мәселе қарастырылған.

Жабық сұрақтарға берілген жауап нұсқаларының сұрақпен үйлесетініне сенімді болу

Жабық сұрақтарды қоюда көптеп кездесетін ортақ қателік – оның жауаптарының үйлеспеуімен орын алады. Мысалы, жауап берушіге мынадай жауап нұсқалары берілді дейік:

Өте жақсы _____

Жақсы _____

Келісуге боларлық _____

Нашар _____

Бұл мысалда жауап таңдаулары жақсы ықыласты көрсетуге бағытталғандай. *Өте жақсы* және *Жақсы* екеуі де – жағымды жауап болып саналады. Келісуге боларлық – бейтарап немесе орташа бағалау. Тек қана *Нашар* – жағымсыз жауап. Басқаша айтқанда, жауаптар жағымсыз жауаптан гөрі жағымды жауапты ұсынуда басымдырақ қолданылған. Сондықтан осы жауаптар нұсқасында келесі жағымсыз таңдауды білдіретін (бәлкім, *Өте нашар*) нұсқаны қосу қажет.

Есте сақтау қабілетінің проблемалары

Адамдардың есте сақтау қабілетіне аса сенім артпаңыз, себебі көптеген сұрақтардың жауабы нақты емес болуы мүмкін. Жауап берушінің өткен он екі айда кинотеатрға неше рет барғаны жайлы сұраққа анық жауап алу, әрине, өте тиімді

болар. Дегенмен, көптеген адамдардың осындай ұзақ мерзім бойынша фактілерді нақты есіне түсіруі екіталай (соңғы он екі ай ішінде мүлдем бармаған немесе бір-екі рет қана барғандардан басқа). Осы себепті жоғарыда келтірілген мысалда мерзім бір ай көлемінде ғана алынған.

Барлық тиімді нұсқаларды белгілегеннен гөрі мәжбүрлі таңдау жасауды талап ету

Жауап берушіге жауаптың бірнеше нұсқаларын таңдауға болатын сұрақтар қойылғанда арнайы ескерту қолданылады, мысалы: «Тиімді барлық нұсқаларды көрсетіңіз». Осындай сұрақтарға, жауап берушінің соңғы алты ай ішінде ұдайы жаттығу ретінде қандай спорт түрімен шұғылданғаны жайлы сұрақ мысал бола алады. Сұрақ шамамен былай құрылуы керек:

Соңғы алты ай ішінде төменде көрсетілген жаттығулардың қайсысын жасадыңыз? (Тиімді барлық нұсқаларды көрсетіңіз)

- | | |
|-----------------------------------|--------------------------|
| <i>Спортзалға бару</i> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Жаттығулар</i> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Ашық жолда велосипед тебу</i> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Жүгіру</i> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Ұзақ серуен</i> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Басқасы (жазып көрсетіңіз)</i> | <input type="checkbox"/> |

Сұрақтарды осы тәсілмен қоюдың балама түріне дәстүрлі мәжбүрлеу тәсілін қолдану жатады, мысалы:

Соңғы алты ай ішінде мына көрсетілген жаттығулармен шұғылдандыңыз ба?

- | | | |
|-----------------------------------|--------------------------|--------------------------|
| | <i>Иә</i> | <i>Жоқ</i> |
| <i>Спортзалға бару</i> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Жаттығулар</i> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Ашық жолда велосипед тебу</i> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Жүгіру</i> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Ұзақ серуен</i> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| <i>Басқасы (жазып көрсетіңіз)</i> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |

Бір қарағанда, бірден көп нұсқаны көрсетіп жауап беруге болатын осы екі сұрақ қою түрлерін ұқсас деп топшылау оңай. Дегенмен, осы екінші нұсқасы (мәжбүрлі таңдау) басымдырақ екеніне сенімді дәлел бар. Смит және басқалары (2006) мәжбүрлі таңдау тәсілінде нұсқалар көбірек белгіленетінін айтып, дәлел келтіріп отыр. Сонымен қатар, Дильман және басқалары да (2009) мәжбүрлі таңдау тәсілін осындай сұрақтарға қолдануға кеңес береді.

Білмеймін

Жабық сұрақтарды қоюда қарама-қайшы пікірлерді тудыратын тағы бір мәселе – «білмеймін» немесе «пікірім жоқ» нұсқаларының қайсысы тиімді екендігі жайлы болып отыр. Бұл мәселе көбіне, қарым-қатынас жайлы сұрақтарда орын алады. «Білмеймін» нұсқасын қолдануға басты дәлел – жауап берушілер өздері қолдайтын нұсқаны таппағандықтан, басқа нұсқаны көрсете салуларының алдын алады. Коверс және Прессер (1986: 35-6) жауап берушілерге «білмеймін» нұсқасын қолдануға кеңес береді, бірақ, тақырып жайлы өз пікірлері жоқ адамдарды іріктеп алып тастауға мүмкіндік беретіндей іріктеме сұрақтарын қолдану керек екеніне де тұжырымдама беріп отыр.

«Білмеймін» нұсқасын қолдануға қарама-қайшы басым дәлел – жауап берушілер тақырып жайлы терең ойланбай, қандай да бір нұсқаны көрсете салуды ойға алуына жол ашады. Басқа сөзбен айтқанда, таңдауларды ұсыну жауап берушілердің тақырып жайлы ойлануларына кедергі келтіруі мүмкін. АҚШ-та жүргізілген көптеген эксперименттер көрсеткендей, тақырып жайлы пікірлері жоқ екенін көрсеткен біршама жауап

берушілердің, шын мәнісінде, тұрақты пікірлері бар болып шығады (Кросник және басқалары, 2002). Сонымен қатар білімдері таяз адамдар «білмеймін» жауабын көрсетуге көп ынталы екені де анықталды және сауалнамада әрі қарай жалғасын табатын сұрақтар осы «білмеймін» нұсқасынан ықпалданып, зиян шегіп жатады. Соңғы нәтиже сұрақтың реттілігінің ықпалына келіп тіреледі, бұл мәселе жайлы 8-тарауда айтып кеткенбіз. Демек, жауап берушілер жауап

беру барысында шаршап немесе жалығып кетуі арта түседі және берген жауаптарына аса мән бермей, жалқаулыққа салына бастайды. Зерттеушілер «білмеймін» нұсқасын қосу деректер сапасын нығайта түспесі анық дейді және кей жағдайларда жауап берушілер өздерінің бар пікірлерін жоққа шығаруы да мүмкін екенін қорытындылап отыр. Сонымен, аса қажет болып танылмағанша «білмеймін» нұсқасын ұсыну зерттеушінің қатесі болып табылады.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Сұрақ қоюда кездесетін жалпы қателер

Көптеген жылдар бойы мен стандартталған сұхбат және өз бетінше толтырылатын сауалнама тақырыптарына негізделген біршама жобалар мен диссертацияларды оқып, таныстым. Нәтижеде қателердің бірнеше бірдей түрлері қайталап кездесе беретінін аңғардым. Сіздерге осы қателердің кейбіреулерін ұсынбақпын.

- *Ашық сұрақтарды аса көп қолдану.* Студенттер кей жағдайларда шамадан тыс ашық сұрақтар қолданады. Жабық сұрақтарды қолдануды аса қаламау, әрине, түсінікті жайт, дегенмен кейбір пікірлерді қолдамасам да айта кетейін: ашық сұрақтар жауап берушілер көрсеткішін азайтып және талдау жүргізуде қиындықтар туындатуы мүмкін. Ашық сұрақтар санын мүмкіндігінше минимум дәрежесінде ұстаңыз.
- *Иә/жоқ сұрақтарын шамадан тыс қолдану.* Кей жағдайларда студенттердің иә/жоқ жауап нұсқаларын қамтитын сұрақтарды көп қолданғаны да байқалды. Бұл көбіне еріншектікке салынып, дайындықсыз жасалған жобалардың нәтижесі. Әлем жайлы пікірлер мұндай түр сұрақпен өте сирек қамтылады. Мына сұрақты қарастырайық:

Фирмаңыздағы қызмет бабымен жоғарылау мүмкіндіктеріне ризасыз ба?

Иә _____

Жоқ _____

Бұл сұрақта жауап берушілердің пікірі тек қана риза болып немесе болмауы мүмкін қарапайым жайт емес екенін ескермеген. Адамдардың пікірлері мұндай тақырыптарда міндетті түрде әртүрлі болып келеді. Сондықтан, сұрақты біршама өзгертіп қойған абзал:

Фирмаңыздағы қызмет бабымен жоғарылау мүмкіндіктеріне қаншалықты ризасыз?

Өте ризамын _____

Ризамын _____

Бейтарап пікірдемін (ризамын/риза емеспін) _____

Риза емеспін _____

Мүлдем риза емеспін _____

- Көптеген жағдайларда студенттер өз бетінше толтырылатын сауалнамаларды қалай толтыру керектігі жайлы арнайы нұсқаулар бермейді. Мысалы, қанат белгісін қою, дөңгелектеп көрсету, сызып тастау керектігін немесе басқа да амалдарға анықтама беру. Егер берілген жауаптардан тек қана бір нұсқаны белгілеулері керек болса, мысалы, «сіздің пікіріңізге ең жақын нұсқаны көрсетіңіз» деген нұсқаудың берілгеніне көз жеткізіңіз.
- Жауап берушілерге бірнеше жауаптар нұсқасын көрсетулерін сұрағанда біршама сақтық керек. Кей жағдайларда мұндай жауаптардың алдын алу мүмкін емес, алайда бірден көп жауаптар нұсқасы берілетін сұрақтарға талдау жүргізу бас қатыратын мәселе. Шыныменде, бірден көп жауабы берілетін сұрақ қоюды ойласаңыз мәжбүрлі таңдау тақырыбында берілген «тиімді барлық нұсқаларды көрсетуіңіз» кеңесін нұсқаулық ретінде көрсетіп, анықтама беріңіз (бұл сізге талдау жасауда кездесетін қиындықтарды азайтады).
- Қайталана қиылысатын категориялардың проблемалары жайлы үнемі ескертулер айтқаныма қарамастан, студенттер әлі де бірін-бірі жоққа шығармайтын жабық сұрақтар қолданады. Бұған қоса, кейбір категориялар, тіптен, тізімге енбей де қалады.

Мысалы:

Қоғамдық көлікті аптасына қанша рет қолданасыз?

1-3 рет _____

3-6 рет _____

6-9 рет _____

10-нан көп рет _____

Жауаптар нұсқасында 3 немесе 6 рет қолданатындардың қайсы нұсқаны белгілейтіндерін түсінбей абдырып қалуы мүмкін, Сонымен қатар нақты 10 рет қолданатындарға жауап нұсқасы берілмеген.

- Кей жағдайларда, студенттер сұраққа тиісті жауап нұсқаларының берілгенін аса қадағаламайды. Мысалы:

Спортзалға ұдайы барып тұрасыз ба?

Аптасына бірден көп рет _____

Аптасына бір рет _____

Айына 2 немесе 3 рет _____

Айына бір рет _____

Мұндағы мәселе: негізінде, логика тұрғысынан бұл сұрақтың жауабы «иә» немесе «жоқ». Алайда, студент жиілік жайында біршама анық мәлімет алғысы келетін тәрізді (осы тізімде келетін екінші пікіріме қатысты бұл талпынысымен келісер едім). Осы арадағы сұрақ пен жауап категорияларының ретсіз болуы мәселені күрделендіріп тұр. Студент бірінші жауап берушінің спортзалға барып немесе бармайтынын анықтап, тек қана содан кейін жиілік туралы сұрақ қоюы тиіс, мәселен:

Спортзалға айына қаншалықты жиі барасыз?

Аптасына бірден көп рет _____

Аптасына бір рет _____

Айына 2 немесе 3 рет _____

Айына бір рет _____

- Кейде, студенттер өздерінің сұрақтарына қарай уақыт шектеулерін (тиісті болып табылатын) көрсетуді құнттамайды. Мысалы, «Жалақыңыз қанша?» сұрағы неғайбіл десе болады, себебі жауап берушіге нақты бір уақыт аралығын бермеген: аптасына, айына немесе жылына ма? Әрі қарайғы туындайтын мәселе жауап берушілерге көрсетілген санның грос (салық, ұлттық сақтандыру және т.б. төлемдер шегерілмегендегі мөлшері) немесе таза мөлшерде (төлемдер шегерілгеннен соң) болуы жайлы анықтама берілмеген. Жеке тұлғалардың жалақысына қатысты мәселенің сезімтал тақырыпқа жататынын ескере отырып, сұрақты осы түрінде емес, біршама өзгертіп қойған дұрыс және бірнеше табыс топтамасы берілген карточкалар үлгісіне ұсынған дұрысырақ болмақ (мысалы, £10000-нан төмен; £10,000-£19,999; £20,000-£29,999, т.б.).
- Жауап берушілердің жауаптарына қолайлық тудыратын сұрақ құрудың маңыздылығы жайлы тақырыптағы кеңестерді эрқашанда жадыңызда ұстаңыз. Мен осы түзетулерімді жазып жатқанымда, мен тұрып жатқан үйде жұмыс жүргізіп жатқан біреулер маған карточка берді және оны сауда стандарттары кеңсесіне кері жіберуіме өтініш білдірді. Ол карточкада олардың жұмыс атқару кезеңдеріне менің қаншалықты көңілімнің толғанына байланысты біршама сұрақтар берілген. Қысқа сауалнаманың соңында мынадай сұрақ бар еді:

Жасыңызды төмендегі категорияларға орай көрсетіңіз

50 төмен 60-64 65-74 75+

Ер Әйел

Осы сұрақтағы келеңсіздіктердің қайсысынан бастауды білмеймін. Бірінші анық мәселе – 50-59 жас аралығында ешкім болмайтынын болжап тұрғандай. Екінші мәселе – жауапта берілген жас жайындағы категориялар екінші бір арнаға жалғасып кеткен. Егер бос орын жетпейтін болса, жауаптарды тік орналастырып қараңыз. Алайда, Ер және Әйел деген адамның жынысы жайлы категорияның жас категорияларымен бірге келуі өте оғаш қолданыс түрі болып табылады. Және де бұл жауаптар нұсқасы ешқандай сұрақ қойылмаса да пайда болған! Сұрақты тиімді етіп құрастырудың маңыздылығын ешқашан ұмытпаңыз және адамдардың 50 мен 59 жас аралығында да болатынын есте сақтаңыз!

Осы «күнелардың» ешқайсысын жасамаған болсаңыз, демек, сіз осы тарау барысында мен берген кеңестерге сүйеніп, басқаларынан ерекше сауалнама құрастыру жолындасыз.



Суреттеме сұрақтар

Адамдардың нормативті стандарттарын тексеруге арналған сынақта қолданылған негізгі жабық сұрақтарды қою үлгісі – суреттеме сұрақтар болып табылады. Әдіснама негізінде жауап берушілерге бір немесе бірнеше сценарий нұсқалары ұсынылып, осы сценарийде берілген жағдайлар орын алғанда жауап берушінің қалай әрекет ететіні жайлы сұралады.

11.4 зерттеу нысанында британиялық отбасындағы міндеттер тақырыбында жүргізілген зерттеуде қолданылған суреттемеге түсініктеме берілген. Зерттеудің мақсаты – жауап берушілердің мұқтаж туысқандарына қатысты жанұя мүшелері қалай әрекет ету керек және шыныменде кім жауапты екені жайлы нормативті пікірлерін анықтау болды.



11.4 Зерттеу нысаны

Отбасы міндеттерін анықтауда қолданылған суреттеме

Джим мен Маргарет Робинсон қырықтан жаңа асқан ерлі-зайыптылар жұбайы. Бірнеше жүз миля қашықтықта тұратын Джимнің әке-шешесі ауыр көлік апатына ұшырап, оларға ұзақ уақыт күнделікті күтім және көмек қажет болады. Ал Джим олардың жалғыз ұлы.

Ол жұбайы екеуі де Электр энергия кеңсесінде қызмет атқарады, сондықтан екеуінің де әке-шешесіне жақын жерде жұмыс істеу үшін қызмет бабымен ауысу мүмкіндіктері бар.

Е карточка

- (a) Картадағы нұсқаға сәйкес, Джим мен Маргарет не істеулері керек?
 Джимнің әке-шешесіне жақын жерге көшу
 Джимнің әке-шешесін өздерімен бірге тұруға көшіріп әкелу
 Джимнің әке-шешесіне күнделікті күтім қызметін жалдауға ақша беру
 Джимнің әке-шешесіне шешімді өздері қабылдауларына ерік беру. Басқа нұсқалар (ашып көрсетіңіз).
 Білмеймін
- (b) Джим мен Маргарет Джимнің әке-шешесіне жақын жерге көшуге дайындалып қойды, бірақ олардың балаларының мектеп ауыстыруы ұстаздардың пікірінше балалардың білім деңгейіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Екі баласы да жақын арада О-деңгейіне ілікпек [ағымдағы ОБЖС сынақтарына қатысушылар].
 Джим мен Маргарет не істеулері керек? Олар көшулері керек пе немесе қалулары керек пе?
 Көшулері керек
 Қалулары керек
- (c) Неліктен олар көшу/қалу керек деп ойлайсыз?

Пікіріңізді толығымен сөзбен жазыңыз.

(d) Джим мен Маргарет шешім қабылдап, Джимнің әке-шешесіне жақын жерге көшіп барды. Бір жыл өткен соң Джимнің анасы қайтыс болып, әкесінің денсаулығы нашарлай түсті және күні-түні күтімді қажет етті.

Джимнің әкесіне күтім көрсету үшін Джим мен Маргарет жұмыстарынан шығулары керек пе? Егер жауабыңыз ИӘ болса: жұмыстан кім шығуы керек, Джим бе, әлде Маргарет па?

Иә, Джим жұмыстан шығуы керек

Иә, Маргарет жұмыстан шығуы керек

Жоқ, екеуі де жұмыстан шықпаулары керек

Білмеймін/Жағдайларға байланысты

Ақпарат көзі: Финч (1987: 108).

Суреттеме – жауап берушілердің кейбір факторларға қатысты отбасы міндеттерінің нормаларын анықтауға талпыныс білдірулеріне қарай құрастырылды: күтім көрсетудің түрі (қысқа немесе ұзақ мерзімді және тікелей қатысуды қажет етеді ме немесе жай ғана көмек көрсетуге бола ма); географиялық жағынан қаншалықты жақын орналасқаны; ақылы жұмыс пен күтім дилеммасы; егер жұмыстан шығуды талап ететін жағдай болса, жұмыстан кімнің шығуы керектігінде талқыланатын жыныс мәселесі. Джим мен Маргарет жайлы мысалда жағдайды біртіндеп асыра әсерлеу орын алған. Бастапқыда Джим мен Маргареттің көшуге ниеттері бар немесе жоқ екенін білмейміз; келесі сұрақта олардың ондай ниеттері бар екенін білеміз; әрі қарайғы жалғасын тапқан сұрақта олардың көшіп-орналасқандарын және олардың біреуі күні-түні күтім көрсетуі керек деген келесі талқылау тақырыбымен жалғасқанын көреміз.

Қатысушылардың қарым-қатынастары жайлы сұрақтар топтамасын қоя отырып көптеген мәселелердің аспектілерін анықтауға болады, мысалы:

Жұмыс істейтін ерлі-зайыпты жұптардың бірі әке-шешеге күтім көрсету керектігі жайлы шешім қабылданғанда, әйелі жұмысынан шығуы керек.

Толығымен келісемін _____

Келісемін _____

Шешімге келмедім _____

Келіспеймін _____

Толығымен келіспеймін _____

Осындай қарым-қатысқа қатысты суреттеме сұрақтарының басымдылығы – берілген жағдайға қарай анық таңдау жасалады, демек, ойланбастан жауап беру мүмкіндігін азайтады. Финч те (1987), егер талқылау аясында сезімтал тақырыптар қарастырылатын болса (біз қарастырып отырған жағдайда, жанұядағы қарым-қатынас талқыға салынған), жауап берушілерге осы тақырыптардың сұрақтары қауіп төндіріретіндей әсерде қабылданатынын тұжырымдайды. Жауап берушілер өздерінің берген жауаптарына орай сынға алынады деп сезінулері мүмкін. Сонымен қатар Финчтің пікірінше: сұрақтың басқа біреулер жайлы болуы (ойдағы құрастырылған біреулер) сұрақ қоюшы

мен жауап беруші арасында біршама жақындықты орнатады және айтып өткен қауіп сезімін азайтады.

Дегенмен жауап берушілер тіптен, сұрақ олар жайлы болмаса да, өздерінің жауаптарының қандай да бір мөлшерде олардың өздері жайлы әсер қалдыратынын сезбейді деу сенгісіз жағдай.

Суреттеме тәсілінің маңызды талаптарының бірі – мысал ретінде алынатын сценарий шындыққа жанасымды болуы тиіс, сондықтан мұндай жағдайларды құрастыруға біршама күш салынады. Сұрақтың осы түріне қатысты Финч біршама қосымша түсініктер ұсынып отыр. Сценарий кейіпкерлерін тұспалдап

қаншалықты терең сипаттауға болатынын (мысалы, олардың этникалық қалыптасуы) және осы тұспалданған сипаттың адамдардың жауаптарының заңдылығы мен салыстырмалығында қаншалықты маңызды рөл атқаратынын азды-көпті болсын анықтау мүмкін емес. Сонымен қатар адамдардың жауаптары олардың жеке нормативті көзқарастарына қаншалықты әсер ететінін немесе олар сценарийде берілген таңдаулармен өздері қарсы келгенде шын мәнінде қалай әрекет ететінін анықтау қиын. Дегенмен осы күмәндарға қарамастан, суреттеме тәсілінде – осы түрде сұрақ қойылатын болса, зерттеу тақырыбына салмақты көзқарас болатынына кепілдік бар.



Үлгіні сынақтау және алдын ала тестілеу сұрақтары

Іріктеме арасында өз бетінше толтырылатын сауалнама немесе стандартталған сұхбат кестесін жүргізерден бұрын, мүмкін болған барлық жағдайларда, алдын ала үлгіні сынақтан өткізіп алған дұрыс. Шыныменде, мұндай құралдарды сынақтан өткізуді қалау, зерттеу сұрақтарының дұрыс құрылғанына көз жеткізу үшін ғана емес: сынақтан өткізудің – зерттеу құралнамасының толықтай жүзеге асыруға дайын екеніне көз жеткізуде алар орны зор. Үлгіні сынақтан өткізу, әсіресе, өз бетінше толтырылатын сауалнамаға негізделетін зерттеулерде өте маңызды болып табылады, себебі қандай да бір келеңсіз жағдайдың орнын толтыратын сұхбат алушының қатысуы қарастырылмаған. Ал, сұхбат алуда қайталанып кездесетін мәселелер бірнеше сұхбат алынғаннан соң ғана алға шығады: осы мәселелер

анықталғаннан кейін шешімі қарастырылып жатады. Алайда, өз бетінше толтырылатын сауалнамалар ауқымды мөлшерде пошта арқылы жіберілетіндіктен немесе адамдардың қолдарына беріліп үлестірілетіндіктен, қандай да бір келіспеушіліктің бар екені анықталғанша біршама бөлігі таратылып тасталған болады.

Сауалнамаға негізделген зерттеулерді сынақтан өткізудің бірнеше түрлерімен танысып қарайық:

- Егер негізгі зерттеу тақырыбында көбіне жабық сұрақтар қолданылатын болса, ашық сұрақтарды сынақтан өткізіп алған абзал, бұл мәжбүрлі таңдау сұрақтарын жетілдіруге септігін тигізеді. Мысалы, Глок (1988) осындай себептерге орай зерттеуге дайындық ретінде сапалық зерттеу жүргізудің ба-сымдылығын асыра мадақтайды.

- Сұхбат кестесін сынақтан өткізу – сұхбат алушыға ол кестені қалай қолдануда біраз тәжірибе жинап алуына мүмкіндік тудырып және сенімді болуына ықпал етеді.

- Егер сұраққа барлығы (немесе барлығына жуығы) бірдей жауап берген болса, қол жеткізілген нәтиже аса тиімді бола қоймас, себебі бірдей көрсеткіштермен айнаымалылық құрылмайды. Сынақ зерттеу жүргізу осындай бірдей жауап берілуі мүмкін сұрақтар қоюдың алдын алуға мүмкіндік береді.

- Сұхбат жүргізгенде респондетті жайсыз жағдайда қалдыратын сұрақты анықтау мүмкіндігі бар және кейбір жағдайларда қандай да бір қолайсыздықтың әсерінен респонденттің ықыласын жоғалтып алудың алдын алады.

- Сұрақтардың айтарлықтай түсінікті болмауы (өз бетінше толтырылатын сауалнамамен салыстырғанда көбіне сұхбатта кездеседі) немесе көбіне жауап берілмейтін сұрақтарды анықтауға болады. Сұрақтарға жауап бермеу мәселесі көбіне, тиісті сөзге екпін жасалмағанда, сөйлем дұрыс құрастырылмағанда, сұхбат кестесінде немесе сауалнамада сөйлемдегі сөздерді дұрыс орналас-

тырмағанда орын алып жатады. Қандай себеп болса да, сұрақтың жауапсыз қалуына жол берілмеуі тиіс. Міне, осындай мәселелерді анықтауда сынақ зерттеуін жүргізу таптырмас құрал болып табылады.

- Сынақ зерттеулер жүргізу сұхбат алушыларға немесе өз бетінше толтырылатын сауалнама респонденттеріне арналған нұсқаулардың айтарлықтай анық және сәйкес екенін анықтауға мүмкіндік береді.

- Сұрақтар ағымының қаншалықты ретті құрылғанын және олардың осы ерекшеліктерін жақсарту мақсатында орындарымен ауыстыру керектігі жайлы мәселелерді қарастыруға болады.

Сынақ зерттеулері нақты зерттеуге қатысуға таңдап алынуы ықтимал іріктеме мүшелері арасында жүргізілмейді. Бұған бір себеп, егер ықтимал іріктеме тәсілін қолдануды жоспарлап жүрген болсаңыз контингенттің немесе іріктеменің мүшелерін таңдап алу кез келген сәйкес іріктеменің таныстырмалы ерекшелігіне ықпал етуі мүмкін. Мүмкіндігінше, нақты зерттеуге таңдап алынатын контингент іріктемесіне ұқсас, басқа кішігірім респонденттерді тауып, жұмылдыру тиімді болмақ.



Дайын сұрақтар топтамасын қолдану

Сұрақ қоюға қатысты қорытынды ескерту ретінде сауалнамаңыздың немесе сұхбатыңыздың кем дегенде бір бөлімінде басқа зерттеушілер тарапынан қолданылған сұрақтарды қарастыруға кеңес беріледі. Бұл әрекет басқа біреудің жұмысын ұрлаумен тең десе бо-

лады, сондықтан ол зерттеушілердің құрастырған сұрақтарын қолданар алдында олармен байланыс құрып, рұқсат сұрағаныңыз дұрыс. Бұл дайын сұрақтар, бір кездері сынақтан өткізу мақсатында сізге қойылған сұрақ болуы мүмкін. Егер ол сұрақтар сенімділігі

мен заңдылығы жағынан тестілеуден өткізілген болса, өзіңіз қолданғалы отырған дайын сұрақтардың өлшем сапасы жайлы мәліметті біле аласыз. Дайын сұрақтарды қолданудың тағы бір басымдылығы – жүзеге асқан басқа зерттеулермен салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл ол сұрақтар қандай да бір өзгеріс орнатқанын немесе ешқандай өзгерістің орын алмағанын немесе нәтижелердің сіздің іріктемеңізге сай келіп немесе келмейтінін анықтауға септігін тигізеді. Мысалы, егер сіз жұмысына көңілі толудың стандартты шәкілдерінің бірін қолданып жұмысына көңілі толу жайлы зерттеу жүргізсеңіз, өзіңіздің қол жеткізген нәтижелеріңізді басқа зерттеушілердің нәтижелерімен салыстыруыңызға болады. Басқа зерттеуші қолданған сұрақтарды қолдана отырып, салыстырмалы түрде сіздің іріктемеңіздің басқа жерде орналасқанын нәтижелердегі айырмашылыққа себеп болатынын немесе болмайтынын анықтай аласыз. Өзіңіздің және басқаларының зерттеу жұмыстары арасында айырмашылықтарды салыстыруда критерийлердің санын аса арттырмағаныңыз дұрыс, дегенмен де нәтижелер сізге біршама мәлімет беретіні анық.

Басқалары тарапынан қолданылған сұрақтарды қолданбайтын болсаңыз да, оларды шолып шығу, кем дегенде сізге өз сұрақтарыңызды қалай құрастыру және қою керектігіне қатысты пікірлер қосады. Осы арада, дайын сұрақтарды қолдану тәсілі зерттеушілер арасында жалпы тәжірибеге айналып кеткенін атап кеткеніміз жөн. Мысалы, вегетарианшылдарға қарсы көзқарасты өл-

шейтін шәкілді құрастырған зерттеушілер (7.5 зерттеу нысанын қараңыз), олар қызығушылық танытқан өктемшілдік және саяси кертартпа тәрізді басқа да ұғымдарды өлшеуге арналған бірнеше дайын сұрақтарды қолданған. Осы аталған ұғымдардың сенімділік және заңдылық тұрғысынан ерекшеліктері анықталған болатын. Осыған ұқсас, Волклейт (2000: 194) қылмыстың ықтимал құрбандарына қатысты қолданылатын зерттеу құралнамаларын жетілдіруде, ол қызметтестерімен бірге «өзіміз желеген тақырыптарды ескере отырып, бұдан бұрын қылмыстың құрбандары арасында жүргізілген зерттеулердің сынақтан өткізілген және қолданылған сұрақтарын» қолданғандарын мәлімдейді.

Ұлыбританияда сұрақ-жауап зерттеулерінің стандарттарын жақсарту мақсатында Ұлыбританиялық деректер мұрағаты (ҰБДМ) негізгі сұрақ-жауап зерттеулерінде (санакты қоса алғанда) қолданылатын тиімді сұрақтар топтамасын қолдануға және сәйкес зерттеу жобасына қатысты талқылаулармен танысуға рұқсат береді. Мына сілтеме бойынша өтіп, мәліметтермен тегін таныса аласыз: <http://surveynet.ac.uk/sqb> (2010 жылдың 28 қыркүйегінен бастап қолданыста).

Сұрақтар топтамасында негізгі сұрақ-жауап зерттеулерінің сұрақтары қамтылған және сауалнама мәнмәтіні түрінде техникалық ерекшеліктері сипатталып беріледі. Осы қолайлы іздеу тетігін қолдана отырып, белгілі бір сауалнаманы іздеп табу немесе кілтсөздерді енгізіп, сізге керек тақырып талқыланған сұрақтарды іздеу мүмкіндігі қарастырылған.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Сұрақтарды құрастыруда көмекке жүгіну

Жоғарыда айтып кеткенімдей, сұрақтарды құрастырғанда өзіңізді сұрақтарға жауап беруге өтініш білдірілген басқа біреудің орнына қойып қараңыз. Әрине, қиындықтар кездесері анық, себебі кейбір сұрақтар (барлығы да болуы мүмкін) сізге сай келмеуі мүмкін, мысалы егер сіз зейнеткерлер арасында зерттеу жүргізіп жүрген жас студент болсаңыз, өзіңізді зейнеткердің орнына қою біраз қиын болмақ. Дегенмен, сұраққа қалай жауап беретініңізді ойланып көріңіз. Бұл әрекет тек қана қойылатын сұрақтар жайлы ойланып қоймай, сонымен қатар сұрақтар арасындағы байланысқа да назар аудартады. Мысалы, іріктеп алынған сұрақтар сіздің жоспарлағаныңызға сай қолданылған ба? Сонымен қатар кейбір сұрақтарды іріктеп алып, өзіңіздің таныстарыңызға сынақ ретінде қойып көріңіз және олардан сұрақтардың бір-бірімен қаншалықты тиімді байланысқанына баға беріп, сын айтуларын сұраңыз. Басқа да тәжірибелі зерттеушілердің сауалнамаларын және құрылымдық сұхбат кестелерін қалай құрастырғанын қарап шығыңыз. Олардың жұмыстарында сіздің сұрақтарыңыз қамтылмаған болуы мүмкін, дегенмен олардың сұрақ қою үлгілері сізге зерттеу құралнамаларын қалай жүзеге асыру және ненің алдын алу керектігі жайлы пікірлер қосары сөзсіз.



Сұрақтар тізімі

Құрылымдық сұхбат кестесін немесе өз бетінше толтырылатын сауалнаманы құрастыруда ескерілетін мәселелер

- Респонденттерден сұхбат алу немесе сауалнама жүргізу мақсатында түсініктеме беру үшін анық және тақырыпты тегіс қамтитындай кіріспе бөлімін жетілдірдіңіз бе?
- Басқа да зерттеушілердің сіз таңдаған тақырыпты бұрын соңды зерттегеніне және сіздің қажетіңізге жарап қалуы мүмкін дайын сұрақтардың бар немесе жоқ екеніне көз жеткіздіңіз бе?
- Сіз құрастырған барлық зерттеу сұрақтарына жауап беру оңай ма?
- Сіздің зерттеу тақырыбыңызға тікелей қатысы жоқ сұрақтарды қоймауға болады ма?
- Өзіңізді жауап берушінің орнына қойып, сұрақтарға жауап беріп сынап көрдіңіз бе?
- Кейбір тиісті респонденттердің арасында сауалнаманы сынақтан өткізіп көрдіңіз бе?

- Егер стандартталған сұхбат кестесі арқылы зерттеу жүргізетін болсаңыз, өзіңізге және сұхбатқа қатысушыларға арналған нұсқалардың анық берілгеніне көз жеткіздіңіз бе (мысалы, іріктеп алынған сұрақтардың қайсысын айналып өтуге болатыны қарастырылды ма)?
- Жауаптарды қалай енгізу жайлы нұсқаулар нақты ма (мысалы, қанатша қою, дөңгелектеу немесе сызып тастау; немесе бірден көп нұсқаларды көрсету)?
- Ашық сұрақтарды мүмкіндігінше аз мөлшерде қамтуға көңіл бөлдіңіз бе?
- Респонденттерге жауаптардың қарқындылық деңгейі біршама сәйкес болып табылатын «иә» немесе «жоқ» деп қана жауап беруге мәжбүр емес екендері және жауаптарының қарқындылық деңгейін анық көрсетулері жайлы нұсқаулық бердіңіз бе?
- Сұрақтар мен олардың жауаптары бір бетке сиятынына көз жеткіздіңіз бе?
- Әлеуметтік-демографиялық бағыттағы сұрақтар сауалнаманың соңына қалдырылды ма?
- Зерттеу тақырыбына қатысты сұрақтар алғашқы сұрақтар қатарына енген бе немесе алғашқы сұрақтарға жақын қойылады ма?
- Сізге қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуі үшін қоятын сұрақтарыңызға тиісті шаралар қолдандыңыз ба?
- Мына қадамдарды болдырмауға тиісті шаралар жасадыңыз ба:
 - Сұрақтарда немесе жауап нұсқаларында анық емес терминдердің болуы?
 - Сұрақтардың тым ұзын құрылуы?
 - Екі мақсатты көздеген сұрақтар қою?
 - Жалпылама сұрақ қою?
 - Жетекші сұрақ қою?
 - Сұрақта бірден екі немесе бірнеше нысан жайлы сұрау?
 - Сұрақтардың құрамында негативтің қолданылуы?
 - Құрамында техникалық терминдер қамтылған сұрақтар қою?
- Респонденттердің сіздің сұрақтарыңызға жауап берулері үшін тиісті білімі бар екеніне көз жеткіздіңіз бе?
- Сұрақтарыңыз бен жауаптар нұсқалары арасында тиісті сәйкестік бар ма?
- Берілген жауап нұсқалары арасында тиісті теңгерімділік сақталғанына көз жеткіздіңіз бе?
- Сұрақтарыңыздың арасында респонденттердің есте сақтау қабілетіне тікелей байланысты нұсқалар бар ма?

- Респонденттерді өздерінің пікірлеріне сәйкес келмейтін нұсқаны белгілеуге мәжбүрлемеу үшін, жауап категориялары арасында «басқа» (немесе осыған ұқсас «сенімді емеспін» немесе «шешімге келмедім») нұсқасын енгіздіңіз бе?

Егер сіз Лайкерт шәкілі қолданылатын тәсілді таңдаған болсаңыз:

- Жай ғана жауаптар топтамасын белгілей салуды азайту мақсатында жауаптар қатарына кері ұпайлы нұсқалар қостыңыз ба?
- Нәтижеде өзара байланыстыруға болатындай, нысандардың барлығы негізгі көзқарастар тобына жататындай етіп алдыңыз ба?
- Сіз ұсынған жауап нұсқалары жан-жақты қамтылғанына көз жеткіздіңіз бе?
- Сіз ұсынған жауап нұсқалары қайталанбайтынына көз жеткіздіңіз бе?



Негізгі ұғымдар

- Ашық сұрақтардың біршама артықшылықтарына қарамастан, сұрақ қою, жауаптарды жазып алу, жауаптарды талдаудан өткізу тәрізді үдерістер оңай жүзеге асырылатындықтан, сұрақ-жауап зерттеулерінде көбіне, жабық сұрақтарды қолдануға басымдылық беріледі.
- Бұл ұстаным өз бетінше толтырылатын сауалнамаларда көп қолданылады.
- Сапалық сұхбат зерттеуін жүргізгенде қолданылатын ашық сұрақ түрлері алдын ала белгіленген жауаптарды құрастыруға және сынақтан өткізуге қатысты істерде өте пайдалы рөл атқарады.
- Кейбір күтпеген кедергілердің алдын алу мақсатында сұрақ қою ережелерін білу ерекше маңызды.
- Сұрақ қойғанда өзіңізді респонденттің орнына қойып көруді ұмытпаңыз және өзіңіздің зерттеу сұрақтарыңызға лайық деректер жинақтап алатыныңызға көз жеткізіңіз.
- Сынақтан өткізу немесе алдын ала тестілеу тәсілдері сұрақ құрастыруда туындауы мүмкін мәселелерді анықтап береді.



Қысқаша шолу сұрақтары

Ашық немесе жабық сұрақтарды қолдану

- Сұрақ-жауап зерттеуінде ашық сұрақтардың болуы қандай қиындықтар туындайды?

- Сұрақ-жауап зерттеуінде неліктен ашық сұрақтарға қарағанда жабық сұрақтарды көбірек таңдайды?
- Жабық сұрақтарға қандай шектеулер қойылады?
- Жабық сұрақтарды қалай жетілдіруге болады?

Сұрақ түрлері

- Стандартталған сұхбат немесе өз бетінше толтырылатын сауалнамада қолданылатын сұрақтардың негізгі түрлері қандай?

Сұрақтарды құрастыру қағидалары

- Төменде көрсетілген әрбір сұрақта қандай қателік орын алған?

Сіздің жылдық жалақыңыздың мөлшері қандай?

- £10,000-нан төмен _____;
- £10,000-15,000 _____;
- £15,000-20,000 _____;
- £20,000-25,000 _____;
- £25,000-30,000 _____;
- £30,000-35,000 _____;
- £35,000 және жоғары _____.

Өзіңізді жұмысыңыздан алыстап кеткендей сезінген кезіңіз болды ма?

- Үнемі _____;
- Жиі болып тұрады _____;
- Анда-санда _____;
- Ешқашан болған емес _____.

Өзіңіз тұрып жатқан аймақта білім беру және әлеуметтік қызмет көрсету салаларында атқарылып жатқан қызметтер қаншалықты ұнайды?

- Өте ұнайды _____;
- Біршама ұнайды _____;
- Ұнайды деп те, ұнамайды деп те айта алмаймын _____;
- Айтарлықтай ұнамайды _____;
- Мүлдем ұнамайды _____.

Тұрмыстық жағдайыңыз қандай?

- Бойдақ _____.
- Үйленген _____.
- Ажырасқан _____.

Кішігірім көріністі сұрақтар

- Кішігірім көріністі сұрақтарды қолдану қандай жағдайларда тиімді?

Сұрақтарды сынақтан өткізу және алдын ала тестілеу

- Сұрақтарды сынақтан өткізу неліктен маңызды?

Дайын сұрақтарды қолдану

- Басқалары тарапынан құрастырылған сұрақтарды қолдану неліктен пайдалы бола алады?



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/


Сұрақ қою жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа веб сілтемелеріне жүгініңіз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

12-тарау

Стандартталған бақылау

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	434
Әлеуметтік іс-әрекеттерге қатысты сұрақ-жауап зерттеуін жүргізуде туындайтын проблемалар	435
Неліктен іс-әрекетті бақылауға алмасқа?	437
Бақылау кестесі	442
Іс-әрекеттерді бақылау стратегиялары	443
Іріктеме	445
Адамдар арасында іріктеме жүргізу	445
Уақытты ескере отырып, іріктеме жүргізу	446
Іріктеме жайлы басқа да пікірлер	446
Сенімділік пен заңдылық мәселелері	448
Сенімділік	448
Заңдылық	450
Стандартталған бақылау тәсілі – тақырыптық ынталандыру	452
Стандартталған бақылауға қатысты сыни пікірлер	455
Басқа себептерге байланысты	456
Сұрақтар тізімі	457
Негізгі ұғымдар	458
Қысқаша шолу сұрақтары	458





Тараудың қысқаша мазмұны

Стандартталған бақылау – әлеуметтік зерттеуде аса қолданылмайтын әлеуметтік зерттеу тәсілі. Бұл тәсіл – іс-әрекеттерге тікелей бақылау жүргізе отырып, оларды деректер жинақтаудан бұрын алдын ала жетілдірілген категорияларға бөліп жазба жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асады. Осы тақырып жайлы тарау барысында қарастыратындарымыз:

- сұрақ-жауап зерттеуінде іс-әрекеттерді зерттеуге қойылатын шектеулер;
- әлеуметтік зерттеудегі бақылаудың түрлері;
- іс-әрекеттерді зерттеуде стандартталған бақылаудың шамасы;
- бақылау кестесін жетілдіру;
- стандартталған бақылауда іс-әрекеттерді бақылаудың әртүрлі стратегиялары;
- стандартталған бақылау зерттеуіндегі іріктеме мәселесі; зерттеудің осы тәсілінде адамдар арасында ғана іріктеме жүргізуді қарастырып қоймай, сонымен қатар уақыт және тақырыпқа қатысты іріктеме де талқыланады;
- стандартталған бақылауда сенімділік пен заңдылық мәселелері;
- тақырыптық ынталандыру – стандартталған бақылаудың бір түрі ретінде зерттеушілер әлеуметтік өмірге белсене араласып және осы араласулары нәтижесінде қандай өзгерістер болғаны жайлы жазбалар жүргізеді;
- стандартталған бақылау жайлы айтылып жүрген кейбір сыни пікірлер.

Кіріспе

Стандартталған бақылау – жетілдірілген категориялар кестесіне сәйкес жеке тұлғалардың іс-әрекеттеріне жүйелі түрде бақылау жүргізу тәсілі болып табылады. Бұл тәсілде зерттеуші іс-әрекеттерді бақылау және оларды жазбаша тіркеуге арналған, алдын ала дамытылған анық қағидаларға сүйенеді. Іс-әрекеттерді тек қана болжауға болатын сұрақ-жауап зерттеуімен салыстырғанда бұл тәсілдің

негізгі басымдылықтарының бірі – іс-әрекеттерге тікелей бақылау жүргізуге болатыны. Сұрақ-жауап зерттеуінде көбіне, респонденттер өздерінің іс-әрекеттері жайлы мәлімдейді, алайда, ол берілген мәліметтердің шындыққа жанасатынында күмән бар. Осындай мәселелердің ықтимал шешімі ретінде, стандартталған бақылау тәсілі – іс-әрекеттерге тікелей бақылау жүргізу арқылы шешуді ұсынады.



Әлеуметтік іс-әрекеттерге қатысты сұрақ-жауап зерттеуін жүргізуде туындайтын проблемалар

8-тараудан бастап 11-тарауға дейінгі тақырыптарда сұрақ-жауап зерттеуінің әртүрлі аспектілері талқыланды. Сұрақ-жауап жүргізуге қатысты үдерістерге сипаттама бере отырып, қолданылатын типтік тәсілдер барысында туындайтын кейбір мәселелерді анықтадық. Сұрақ-жауап зерттеуінде туындайтын олқылықтарға практиктер белгілі бір дәрежеде аса назар аудара отырып, кем дегенде, ол олқылықтардың ықпалын болдырмау немесе олардың алдын алу жолдарын дамытқан. Респонденттердің іс-әрекеттерін зерттеуге қатысты стандартталған сұхбат немесе өз бетінше

толтырылатын сауалнама тәрізді сұрақ-жауап тәсілдері қолданылғанда, зерттеу жұмысына қатысты кейбір қиындықтар туындайды: олардың кейбіреулері жайлы алдыңғы тарауларда айтылып кетті. Ұсыныстар мен қорытындылар, «Іс-әрекеттерді бақылауға қатысты сұрақ-жауап зерттеуін қолдануда туындайтын проблемалар» тақырыбында іс-әрекеттерді зерттеуде сұрақ жауап әлеуметтік зерттеу тәсілдерін қолданғанда орын алатын кейбір қиындықтар көрсетілген. Әрине, туындайтын қиындықтар тізімі толық емес, дегенмен кейбір маңызды элементтері қамтылған.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Іс-әрекеттерді бақылауға қатысты сұрақ-жауап зерттеуін қолдануда туындайтын проблемалар

- *Мағыналық проблема.* Сұрақта берілген негізгі терминнің мағынасын респонденттер әркім өз алдына түсінуі мүмкін (12.1 терең пікірлер тақырыбын қараңыз).
- *Қалдырып кету проблемасы.* Сұраққа жауап бере отырып, респонденттер сұрақта берілген негізгі терминді абайсызда қалдырып кетіп жатады немесе негізгі терминге аса мән бермейді (12.1 терең пікірлер тақырыбын қараңыз).
- *Есте сақтау қабілетіне байланысты проблема.* Респонденттер кейбір іс-әрекеттерді жасаған сәттерін нақты естерінде сақтамауы мүмкін.
- *Әлеуметтік қажеттілік ықпалы.* Олар кейбір жауаптарды өздерінің қажеттіліктерін ескере отырып беруі мүмкін.
- *Сұрақтың жағымсыз әсері.* Кейбір сұрақтар жағымсыз немесе қауіп төндіретін әсер беруі мүмкін және нәтижеде сұраққа шынайы жауап берілмейді.
- *Сұхбат алушының ерекшеліктері.* Сұхбат алушының кескін-келбеті немесе басқа да ерекшеліктері берілетін жауапқа әсер етуі мүмкін.
- *Бекітілген және нақты іс-әрекет арасындағы аралық.* Адамдардың қалай іс-әрекет ету керектігі жайлы пікірлері мен шын мәнінде, іс-әрекет етулері бір-бірімен сәйкес келмеуі мүмкін (12.2 терең пікірлер тақырыбын қараңыз).



12.1 Терең пікірлер

Іс-әрекеттер жайлы тиянақты жазба, мағыналық және қалдырып кету проблемалары

Бельсон (1981) көзқарастар мен іс-әрекеттерге қатысты қойылатын сұрақтарды адамдардың қалай түсінетіндеріне егжей-тегжейлі зерттеу жүргізді. Елу тоғыз британиялық азаматтар арасында стандартталған сұхбат кестесі жүргізіліп, іс-әрекетке қатысты: «Кешкісін теледидарыңызды қосқанда, әдетте кеш уақытқа дейін көріп отырасыз ба, әлде бір немесе екі бағдарлама ғана көресіз бе? (Бельсон 1981: 59)» деген сұрақ қойылды.

Стандартталған сұхбат жүргізіліп біткеннен соң жақсарту мақсатында жүргізілген күшейтілген сұхбат барысында респонденттердің ешқайсысы қойылған сұрақтың нақты мағынасын түсінбегені анықталды. Жиырма бес респондент мағынасын мүлдем дұрыс түсінбеген, ал қалғандары әртүрлі деңгейде жартылай ғана дұрыс түсінген. Негізінде сұрақ респонденттердің теледидарды қашан қосатынын анықтауға бағытталған болатын. Дәл осы мағынасын отыз сегіз респондент түсіне білген, ал он бесі сұрақтағы теледидардың қашан қосылғаны жайлы сәтті маңызды емес деп қабылдаған (мағыналық проблема). Тоғыз жауап беруші «теледидарыңызды қосқанда» сөз тіркесіне ешқандай мән бермеген (қалдырып кету проблемасы). Және тағы он респондент өз жауаптарында «кеш уақытқа дейін» сөз тіркесіне негізгі мағына беріп тұрған «әдетте» сөзіне мән бермеген. Осы арада көріп отырғанымыздай, қалдырып кету және мағыналық проблема екеуі қатар орын алған.



12.2 Терең пікірлер

Бекітілген және нақты іс-әрекет арасындағы аралық

Адамдардың қалай іс-әрекет ететіндері (немесе қалай іс-әрекет еткісі келетіндері) жайлы баяндаулары мен шын мәнінде, қалай іс-әрекет ететіндері арасында жағымсыз мәселелердің бірі – аралық проблемасы орын алады. Сауалнамалардың көмегімен адамдардың көзқарастарын анықтап және олардың іс-әрекеттері жайлы баяндамалар жазып жатамыз, бірақ осы арада бұл анықталғандардың шын мәніндегі іс-әрекеттерге қаншалықты сәйкес екені жайлы заңды сұрақ туындайды. Бірнеше жыл бұрын ЛаПьердің (1934) нәсілдік жалған сенім тақырыбында жүргізген зерттеуінде осы сұрақ қарастырылған. Ол екі жыл бойы әйелімен бірге қытайлық студенттермен саяхаттап және олардың қонақ үйлерге немесе мейрамханаларға енулеріне тыйым салынып немесе салынбайтынын тексеріп, зерттеу жүргізді. Олар АҚШ-ты белінен басып екі рет айналып өтті. Қонуға таңдап алынған 66 қонақ үйдің біреуінде ғана оларды қабылдамады, ал тамақтанған 184 мейрамханалар мен шағын дәмханалардың ешқайсысы оларға шектеу қоймады. Кейбір мекемелер немесе тиісті орындарға енуге өзінің тікелей қатыспағанын айтып, ЛаПьер өзін ықпалдарға ықтимал әсер етуші ретінде көрсетпеуге тырысты, бірақ оған қарамастан қабылдамауды немесе шектеу қоюды алдын ала құрастырып қойған тәрізді:

Кейбір жағдайларда мен қытайлық достарымды жатар орын жайлы сұрап білуге жібердім немесе мейрамханаларға менен бұрын барып отыруларына жағдай жасадым. Осылайша мен «ықпал етуші фактор» рөлінен тыс қалуға тырыстым. Кей кездері күрделі де шаң тозаңға толы күннен кейін өзіміздің жоғары қатарлы орындарда демалуға болатын лайықты жағдайымызға қарамастан, арзан қол автопансионаттарда да түнеп шықтық (ЛаПьер 1934: 232).

Араға алты ай салып, ЛаПьер өздері қалған қонақ үйлер мен мейрамханаларға сауалнама жіберді. Сұрақтардың арасында мынадай бір сұрақты қосты: «Қытай ұлтының нәсілдерін мекемеңізге қонақ ретінде қабылдайтын боласыздар ма?» Мейрамханалардың 92% жоқ деген жауап жіберді және қонақ үйлердің де 91% жоқ жауабын белгілеген.

Қарапайым болса да, ЛаПьердің жүргізген осы зерттеуі, іс-әрекетке баяндама беру мен шын мәнінде іс-әрекет ету арасындағы аралықты көрсетеді. Айта кететін жайт, қойылған сұрақ біршама анық емес, алайда зерттеудің тақырыбын талқылай келе аса мән берілмеген. Мысалы, «қабылдайтын боласыздар ма?» деп сұрақ қоя отырып, респонденттен болашаққа қойған жоспары жайлы немесе мекеменің қазіргі нақты саясаты жайлы сұрақ қойылып отырғаны анықталмаған. Әдеттегі «қабылдайсыздар ма?» үлгісі неліктен қолданылмағаны түсініксіз, бірақ бұл өзгерістің қол жеткізілген нәтижелер мен сауалнама зерттеуіне ықпал ететіні екіталай.



Неліктен іс-әрекетті бақылауға алмасқа?

Орын алып отырған проблемалардың шешімін адамдардың іс-әрекеттеріне тікелей бақылау жүргізу арқылы табуға болады және осы арада, ақпараттарды толықтыру үшін сауалнама жүргізу тәрізді зерттеу құралнамаларына сену нәтиже бермейтінін айта кеткен жөн. Осы тарауда мен *стандартталған бақылау* немесе көбіне **жүйелі бақылау** деп аталатын тәсілді қарастырмақпын (12.1 негізгі ұғымдар тақырыбын қараңыз).

Әлеуметтік зерттеуде сұхбат тәсілі (9.2 негізгі ұғымдар тақырыбын қараңыз) тәрізді бақылаудың да бірнеше түрлері бар. 12.2 негізгі ұғымдар тақырыбында әлеуметтік зерттеуде бақылау жүргізудің негізгі жолдары көрсетілген.

Сонымен қатар стандартталған бақылауды зерттеу жүргізудің сұрақ-жауап тәсіліне балама ретінде қарастыруға болатыны жайлы да пікірлер бар. Ұсыныстар мен қорытындылар, «Іс-әрекеттерді бақылауға қатысты сұрақ-жауап зерттеуін қолдануда туындайтын проблемалар» тақырыбында айтылып кеткен барлық проблемаларды ескере отырып, адамдарға бақылау жүргізудің бірден-бір жолы осы тәрізді көрінетіні анық. Дегенмен, стандартталған бақылау тәсілі көп назарға ілікпей отыр және тек қана кейбір зерттеу салаларында, атап айтсақ, мектептегі ұстаздар мен оқушылар арасындағы іс-әрекеттер және олардың өзара қатынас іс-әрекеттерінде қолданылады.



12.1 Негізгі ұғымдар

Неліктен іс-әрекетті бақылауға алмасқа?

Көбіне *жүйелі бақылау* деп аталатын – *стандартталған бақылау* – зерттеушілер іс-әрекеттерді бақылауды және оларды жазып алу анық құрастырылған қағидаларға сүйене отырып жүргізуде қолданылатын тәсіл. Бұл қағидалар зерттеуші нені бақылау керектігі және іс-әрекетті қалай жазып алу керектігі жайлы бағыт беріп отырады. Зерттеуге қатысатын әрбір адам (біз оларды «қатысушылар» деп аламыз) белгілі бір уақыт ішінде бірдей қағидалар аясында бақылауға алынады. Бұл қағидалар **бақылау кестесі** деп аталатын кесте түрінде қалыптастырылады және құрылымы жағынан жабық сұрақтардан тұратын стандартталған сұхбат кестесіне біршама ұқсас. Бақылау кестесінің мақсаты – әрбір қатысушының іс-әрекеті жүйелі түрде жазылып алынатынына көз жеткізу, осылайша іріктемедегі барлық қатысушылардың әрбір іс-әрекетін жеке жазып, оларды соңынан топтастыруға болатындай етіп тіркеу. Бақылау кестесін құрайтын қағидалар айтарлықтай нақты және бақылаушыларды анық қандай іс-әрекет түрлерін қарастырулары керектігіне бағыт береді. Бақылау үдерістері соңында іс-әрекеттердің әртүрлі кезеңдеріне орай айнымалылардың туындауы, қол жеткізілген деректердің сауалнама деректерімен ұқсастығын көрсетеді. Сондай-ақ стандартталған бақылау зерттеуі көбіне, кросс-секциялық зерттеу жобасына негізделеді (3.6 негізгі ұғымдар және 3.2, 3.3-сызбаларын қараңыз).



12.2 Негізгі ұғымдар

Бақылау зерттеуінің негізгі түрлері

Төменде көрсетілгендер әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің бірі болып табылатын бақылау зерттеуінің негізгі түрлері:

- *Стандартталған бақылау.* 12.1 негізгі ұғымын қараңыз.
- *Жүйелі бақылау.* 12.1 негізгі ұғымын қараңыз
- *Үштен бақылау немесе Қатысты бақылау.* Әлеуметтік ғылымдар саласында кең қолданыстағы және танымал әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің бірі. Ең алдымен, бұл тәсіл сапалық зерттеумен байланысты қолданылады және бақылаушының әлеуметтік ортада белгілі бір құрылым (топ, ұйым, қоғам және т.б.) мүшелерінің әрекетін бақылауға алып, нәтижеде олардың сол ортаға және әрекетке қатысты көзқарастарының мәнін анықтау мақсатында ұзақ уақытын бөліп, бақылау жүргізу тәсілі. Қатысты бақылаушылар бақылау жүргізіп отырған әлеуметтік ортаға өздерінің қаншалықты қатысты болуына қарай бір-бірінен өзгешеленеді. Жете түсінік алу үшін 19.1 негізгі ұғымдар тақырыбын және 19-тарауды толығымен қарастырыңыз.
- *Сырттан бақылау немесе Қатысты емес бақылау.* Бұл термин бақылаушы әлеуметтік құрылымда болып жатқандарға өзі араласпай, жай ғана сырттай бақылайтын жағдайларға анықтама беруде қолданылады. Стандартталған бақылау зерттеуін жүргізушілер, әдетте, әлеуметтік құрылымда бақылау жүргізіп жатқан

әрекеттеріне сырттай бақылау жүргізеді, яғни болы жатқандарға қатыспайды. Дегенмен, кей жағдайларда болып жатқандарға араласып отырады. Бұл термин, сондай-ақ стандартталмаған бақылауда да қолданылады.

- *Стандартталмаған бақылау.* Атынан байқалып тұрғандай, стандартталмаған бақылауларда іс-әрекеттерді жазып алуға бақылау кестесі қолданылмайды. Оның орнына, қатысушылардың ықтимал іс-әрекеті жайлы толық түсініктеме беру мақсатында сол әрекет жайлы мүмкіндігінше көп мәлімет жазып алу көзделеді. Белгілі бір дәрежеде көптеген қатысты бақылаулар стандартталмаған болып келеді, бірақ стандартталмаған бақылау термині қатысты емес бақылау тәсіліне байланысты қолданылады.
- *Қарапайым бақылау және жасанды бақылау.* Вебб және басқалары (1966) бақылаушының қатардағы адам ретінде, бақылауға қатысушылардың көзіне түспей бақылау жүргізудің бір түрі жайлы мәлімет беріп отыр. Қарапайым бақылауда, бақылаушының бақылаудағы жайтқа ешқандай ықпалы жоқ; ал жасанды бақылауға келетін болсақ, бақылаушы араласудың ықпалын көру мақсатында, болып жатқан жайтқа белсене араласады. Бақылаудың осы екі түрі сырттан бақылау түрлері болып табылады және стандартталған, стандартталмаған бақылаулардың екеуінде де қолданыла алады.

Кез келген стандартталған бақылау түрінде *бақылау кестесі* немесе *кодтау кестесі* маңызды құрал болып саналады. Кестеде бақылауға алынатын іс-әрекет категорияларға бөлінеді және осы категорияларға қатысты әрекеттер қалай бөлінуі тиіс екені анықталады. Мысалдар келтіре отырып қарастырайық. Сыныптарда бақылау жүргізуге арналып жетілдірілген әйгілі кестелердің бірі, Фландерс (1970) құрастырған – Фландрия өзара қатынастарды талдау категориялары (ФҚТК). Бұл кесте АҚШ-та құрастырылған, бірақ көптеген елдерде кеңінен қолданыс тапты. Бақылаушы дәріс бойынша сыныпқа қарап отырып, бақылауға алып, әрбір үш секунд ішінде атқарылған әрекеттердің категориясын санмен белгілеп отырды (ФҚТК кестесінде қамтылған әртүрлі атқарылған әрекеттер 12.1-сызбада көрсетілген). Басқаша айтқанда, әрбір минутта бақылаушы жиырма сан жазып

отырды және ол сандардың әрқайсысы тікелей кодтау кестесінде көрсетілді.

Осындай жолмен жинақталған деректерден бірнеше ерекшеліктерді байқауға болады. Мысалы, ұстаздардың сөйлеу мәнері мен оқушылардың сөйлеу мәнерін салыстырып, ұстаздардың әдістеріне салыстырма түрде қарауға болады. Сонымен қатар дәріс барысында ұстаздың үндемей қалуы немесе жаңылысып кетуі тәрізді әрекеттеріне де салыстырмалы түрде қарауға және, сынып оқушыларын да осы категориялар бойынша салыстырып қарауға болады. Нәтижеде, ФҚТК кестесін қолдана отырып, сыныпта өткен уақыттың үштен-екісі сөйлеуден тұратынын анықтаймыз және осы сөйлеудің үштен-екі бөлігін ұстаздың сөздері құраған. Бұл кесте дәрістің қалай өтетіні жайлы білуде және әдістердің қайсысы тиімді екенін анықтауда өте тиімді болып табылады. Мысалы, оқушыларға қарағанда ұстаздар көп сөйлеген сыныптардың сынақ көрсеткіштері жоғары немесе ұс-

таздарға карағанда оқушылар көп сөйлейтін сыныптың көрсеткіштері жоғары екенін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл кесте тәжірибе жинап

жүрген ұстаздарға оқыту әдістерінің ерекшеліктерін анық түсіну үшін ұстаздық тәжірибеден өтуде немесе күмәнді әдістерді анықтауда тиімді болмақ.

12.1-сызба

ФҚТК категориялары	
Жауап	<ul style="list-style-type: none"> 1 Сөзіп қабылдау (мысалы, оқушының көзқарасы немесе сезім қабылдау және анықтама беру) 2 Мадақтау немесе марапаттау 3 Қабылдайды немесе оқушылардың пікірлерін жүзеге асырады
Ұстаз сөзі	<ul style="list-style-type: none"> 4 Сұрақтар қояды 5 Дәріс оқиды 6 Бағыт береді 7 Сыни пікір танытады немесе ақтайды
Оқушылар сөзі	<ul style="list-style-type: none"> 8 Оқушылар сөйлегенде – жауап беру 9 Оқушылар сөйлегенде – ынта таныту
Үндемей қалу	10 Үндемей қалу немесе жаңылысып кету

Осы тәрізді кестені жоғары оқу орындарында білім беруде, әсіресе, консультациялар мен семинарлар барысында қалай қолдануға болатынын ойлау өте қызық.

Төмендегі құрастырылған кестеде бірнеше категорияларға сәйкес ұстаздар назарға алынған:

Репетитор

1. Топқа арнап сұрақ қою;
2. Жеке адамға арнап сұрақ қою;
3. Топ мүшесінің сұрағына жауап беру;
4. Топ мүшесінің түсініктемесіне жауап беру;
5. Тақырыпты талқылау;
6. Шаралар қолдану;
7. Үнсіз қалу.

Студент(тер)

8. Сұрақ қою;
9. Репетитордың сұрағына жауап беру;
10. Репетитордың түсініктемесіне жауап беру;
11. Басқа студенттің қойған сұрағына жауап беру;
12. Басқа студенттің берген түсініктемесіне жауап беру;
13. Шаралар туралы талқылаулар.

Не болып жатқанын әрбір бес секунд сайын жазғымыз келуі мүмкін. Ендеше, репетиторлыққа қатысты бес минуттық уақытқа арналған кодтау 12.2-сызбада көрсетілгендей үлгіде болмақ. Топ сызқтың әрқайсысында бес секундтық аралық берілген және берілген он екі, бес секундтық аралықтың барлық жиынтығы бір минутты құрайды.

12.2-сызба

Ойша жүргізілген зерттеу бойынша университет репетиторларының қодтау кестесі

3	10	10	10	10	10	10	10	10	10
10	10	10	7	7	7	8	8	8	8
8	8	8	8	8	11	11	11	11	11
11	11	11	11	11	11	11	11	11	11
7	7	4	4	4	4	4	4	4	1

Ескерту: Әрбір торда бес секундтық аралық және әрбір қатарда бір минут жиынтығы берілген. Әрбір тордағы сандар бақылаудағы іс-әрекетке арналған код.

Әрбір торда берілген сандар іс-әрекеттің категориясына берілген код. Мысалы, бірінші қатардың сол жағында 3 санын көреміз, репетитордың бұл топ мүшесінің сұрағына жауап бергенін білдіреді. Сонымен қатар біз уақытты толығымен репетитордың кейбір әрекеттерімен, мысалы: топтағы студенттер саны; аудиторияның орналасуы; пән ағы; репетитордың жынысы; репетитордың жасы және т.б әрекеттерімен байланыстыруымызға болады.



12.1 Зерттеу нысаны

Ағылшын мектептерінде іс-әрекеттерді бақылау

Блэчфорд және басқалары (2003) сыныптағы оқушылар санының оқушының іс-әрекеті немесе мінез-құлқына әсері жайлы зерттеу жүргізді. Олар сыныпта оқушылар саны артқан сайын, оқушының сабаққа ынтасы төмендеп, нәтижеде оқушылар арасында қарым-қатынасты қиындататын ықтималдығын бақылауға қызығушылық танытты. Осы зерттеуге қатысты бақылау компоненттері ретінде саны жағынан аз және көп балалар оқитын алғашқы дайындық сыныптары (4-5 жастардағы) таңдалып алынды. Авторлар (2003: 21-2) өздерінің тәсілдеріне былай деп сипаттама береді: *«таңдап алынған балалар арасында алдын ала жетілдірілген категорияларға орай тікелей, яғни дәл сол сәтте, бақылау жүргізілді және 10 секундтық уақыт аралығына бөлінген 5 минуттық бақылау кестесі толтырылды. Кесте бір бала тек қана бір рет бақылауға алынатындай етіп құрастырылды. Және ол кесте уақытты үш «әлеуметтік жолмен» өткізу бойынша категорияларға бөлінді: ұстаздарымен бірге өткізген уақыт, басқа балалармен өткізген уақыт және ешқандай қарым-қатынас құрмағанда өткізген уақыт. Осы әрбір үш категория атқарылған жұмыстарға қарай өз алдына әдіснамалық, әлеуметтік және ешнәрсемен айналыспау болып жеке категорияларға бөлінді. Бір сыныптың балаларына (кездейсоқ тәсілмен алты бал таңдалып алынды) күніне бес уақыт, қатарынан бірнеше күн бақылау жүргізілді. Әрбір балаға жүргізілген бақылау соңында бақылау кестесі 14 бетті құрады және уақыт жағынан әр балаға 69 минут бөлінді».*

Блэчфорд және басқалары (2003) баяндамаларында балалардың арасындағы және «ешнәрсемен айналыспағандағы» әрекеттері жайлы мәліметке аса назар аударып отыр. Балалар арасындағы өзара қатынас бірнеше категорияларға бөлініп, арнайы кодтар берілді. Бөлінген категориялар: тапсырма; арнайы шаралар (ұйымдастыру, басқару); әлеуметтік; ешнәрсе жасамай босқа жүру; өжет; көмек көрсету; түсініксіз әрекет.



Бақылау кестесі

Стандартталған бақылау жобасында бақылау жазбаларын тіркеуге арналған кестені құрастыру өте маңызды қадам болып табылады. Жұмыстың осы кезеңіне қатысты пікірлер стандартталған сұхбат кестесін жетілдіруге арналған пікірлермен бірдей. Сонымен қатар мына пікірлерді де ескергеніңіз жөн:

- Анық бағыт талап етіледі. Осы көзқарасқа қатысты екі аспект қарастырылады. Біріншіден, бақылау жүргізуші кімге немесе неге (екеуі де қамтылуы мүмкін) бақылау жүргізілетінін анық білуі тиіс. Мысалы, егер бақылау нысаны ретінде адамдар таңдалып алынса, зерттеуші бақылауға нақты қандай адамдардың алынатын білуі керек. Осыған қоса, бақылаушы нақты бір жағдайдың қандай аспектілеріне бақылау жасап, жазбалар жүргізу керектігін білуі тиіс. Бағытты анық белгілеуді талап етудің екінші себебі, зерттеуде қарастырылатын проблема анық белгіленуі керек, осылайша зерттеуші әрбір жағдайда қандай әрекетті немесе нысанды жазбаша тіркеу керектігін білетін болады.

- Стандартталған сұхбат кестесіне немесе өз бетінше толтырылатын сауалнамаға жабық сұрақтарды құрастырғандағыдай, бақылау кестесінде тіркелетін іс-әрекеттер категориялары да, бір мезгілде, бірін-бірі жоққа шығарып тұрмауы (қайталанбауы) және орамды болулары керек. Бұдан бұрын айтып кеткен университет консультацияларындағы іс-әрекеттерді кодтау жайлы мысалда қарастырылған он үш категория бойынша қандай да қиындықты кездестіруіміз мүмкін, мысалы, егер студент ұстаздар

бөлмесінің есігін қағып кіріп, бірден сұрақ қоятын болса (егер студент басқа репетиторлық топтан болса, консультация тақырыбы жайлы сұрауы мүмкін), категориялардың жан-жақты қарастырылмағанын көреміз. Бақылаушы университеттің өмірімен жақсы таныс болмағандықтан, осы әрекетті берілген он үш категорияның қайсысымен кодтау керек екенін немесе кодтауды уақытша тоқтату керектігін білмей, абдырып қалады. Осы арада ең дұрыс шешім – жаңа әрекет категориясын қосып, «мазалау» деген атпен кодтаған оңай болуы мүмкін. Кейбір стандартталмаған бақылау зерттеулерінде бақылау кестесін құрастырғанда арнайы орын қалдыру және оны алдын ала сынақтан өткізіп алу дұрыс болмақ, бұл өз кезегінде бос орын қарастырмау тәрізді ықтимал проблемаларды анықтауға мүмкіндік тудырады.

- Жазып алу жүйесі оңай құрылуы тиіс. Ауқымды мөлшерде қамтылған әртүрлі іс-әрекеттерден тұратын күрделі жүйе іске жарамсыз және орынсыз болмақ. Стандартталған сұхбат кестесін жүргізетін сұхбат алушылар тәрізді бақылау жүргізушілер де арнайы тәжірибеден өтулері керек, дегенмен егер бақылаушы бірнеше нұсқаларды бірден байқағанда абдырып қалуы немесе жаңылысып кетуі әбден мүмкін.

- Бақылау кестесіне қатысты туындайтын бір мәселе – бақылаушыдан кей жағдайларда түсініктеме беруі талап етілуі мүмкін. Мысалы, бір студенттің қойған сұрағына басқа бір студенттің жауап беруі және ұстаздың орнына тақырыпты талқылауы. Осын-

дай жағдайлар туындап жатқанда, айырмашылықты көрсету қиынға соқпақ, сондықтан бақылаушы тарапынан түсініктеме берілуі талап етіледі. Ал мұндай түсініктеменің талап етілуі, бақылаушыға осындай жағдайларға

байланысты анық нұсқаулықтар берілуі керектігін және де бақылаушының тиісті тәжірибеден өтуі қажет екенін білдіреді (12.2 зерттеу нысанымен танысыңыз, ол мысалда біршама түсініктеме беруді талап ететін зерттеу қарастырылған)



12.2 Зерттеу нысаны

Жұмысқа бақылау жүргізу

Дженкинс және басқалары (1975) жұмыстың ерекшеліктеріне баға беруге қатысты жүргізген бастапқы жұмыстарының нәтижелерін ұсынып отыр. Зерттеу әртүрлі ұйымдарда бірнеше жұмыс түріне бақылау жүргізуге бағытталды. Бақылау кестесі жұмыстың жиырма аспектісі (ауқымы) бойынша олардың ерекшеліктеріне баға беруге ыңғайлап сұрақ түрінде құрастырылды. Кейбір жұмыс ауқымы бірден көп өлшем бойынша бағаланып, өлшенді және бақылаушы сұрақ түрінде берілген өлшемдерді алты немесе жеті шәкіл бойынша белгілеп, жауаптарын жазып отырды. Соңында әрбір өлшем топтастырылды.

Берілген жиырма өлшемнің көбі еңбек үдерісінің теоретиктері және басқалар (мысалы, Брейвермен 1974) тарапынан еңбек социологиясында қарастырылған мәселелерде қамтылған, ал бұл зерттеуде психологиялық көзқарас тұрғысынан қарастырылды. Мысалы, берілген бір өлшем бойынша «Жұмысшының жұмыс қарқынын бақылау» қарастырылған және бағалауға үш бақылау көрсеткіші берілген:

Жұмысшы жұмысының қарқынын арттыруы үшін қанша бақылау жұмысы жүргізіледі?

Тағы бір өлшем төрт нысаннан тұратын Автономияға қатысты болды:

Жұмыс жеке тұлғаларға өз алдына көптеген шешім қабылдауға ерік береді.

Бұл бақылауды жүргізушілердің көбі университет студенттері еді. Бақылау мына тәртіп бойынша жүргізілді: «әрбір қатысушы бір сағат ішінде екі рет бақылауға алынды. Бақылау кестесіне орай екі бақылау түрі, кем дегенде 2 күн бойына әртүрлі уақыт аралығында бақылауға алынды, осы талаптарға қоса, әрбір бақылауға басқа бақылаушы жұмылдырылды» (Джеркинс және басқалары, 1975: 173).



Іс-әрекеттерді бақылау стратегиялары

Іс-әрекеттерді жазып алудың бірнеше жолдарын тұжырымдауға болады:

- Оқиғалар желісіне орай жазып алу. Бұл бір оқиғаның орын алып, әрі қарай қалай өрбігенін және нәтижеде не болғанын жазып алу дегенді білдіреді.

ЛаПьер (1934) өз зерттеуін осы тәсіл бойынша жүргізген (12.2 терең пікірлер тақырыбы), мысалы, ол қытайлық жұпты қонақ үйге немесе мейрамханаға жіберіп, олар келісіп алғаннан соң ғана оларға рұқсат берілген немесе берілмегенін жа-

зып жүрген. Бірнеше жыл бұрын оқыған мақалада, бір зерттеушінің жаяу жол үстіне шағын саты қойып, адамдардың сатының астымен өтуді немесе өмірлерін қауіпке тігіп көлік ағымы арасынан жүруді таңдайтындарын бақылағаны жайлы жазғаны есімде. Нәтижеде көп адамдар екінші түрін таңдаған, осылайша қоғамда жазылмаған қағидалардың бар екенін анықтап бергендей. Осы арада байқайтынымыз, белгілі бір оқиға (сатыны қою арқылы оқиға тудырып отыр) бақылау жүргізуге себеп болып отыр. 12.3 зерттеу нысанында осындай «зерттеулерге» біршама мысал қарастырылған. Бақылаудың осы түріне Вебб және басқалары (1966) жасанды бақылау мысалына жатады, себебі зерттеушілер оқиғаның әрбуін өздері ұйымдастырады. Осы тарау барысында кейінірек қарастырылатын тақырыптық ынталандыру тақырыбында осы бақылау түріне біраз мысалдар келтіреді.

- Бақылау жүргізе отырып, жазбаларды *қысқа уақыт ішінде* жазып отыру. Бұл бақылау түріне мысалды 12.1 зерттеу нысанындағы «5 минуттық бақылау кестесі» қолданылған мысалдан көре аламыз. Осы тақырыпқа қатысты 3.6 зерттеу нысанында баяндалған зерттеуде аз ғана айырмашылық орын алғанын көре аламыз. Киелі Елена мектебінде оқушылар таңғы, түскі және кешкі үзілістері арасында екі апта бойы бейнежазбаға түсірілген. Бұл бейнежазбалардағы әрекеттерге кейінірек кодтар берілді:

Ойын алаңында іс-әрекеттерді бақылау кестесі арқылы 23 іс-әрекет түрі бірден жазып алынды (мысалы, ойындар; қиялдау ойындары; кейіпкерлерге еліктеу; әлеуметке қарсы және әлеуметті жақтаушы

әрекеттер және олардың топ ішіндегі әрекеттері (әрекетті жеке бір бала ғана жасағаны, жұптасып немесе 3-5 немесе 6 бала болып топтасып жасағаны)... Ойын алаңында іс-әрекеттерді бақылау кестесі жеке-жеке балаға 30 секундтық аралықта толтырылды (Чарлтон және басқалары, 1998: 7).

- Бақылау жүргізе отырып, жазбаларға ұзақ уақыт аралық беріп жазу. Бақылаушы қарап отырып, жазба жұмыстарын азды-көпті жалғастырып отырады. ФҚТК кестесінде осы стратегия қамтылған. Тағы бір мысал ретінде Джеркинс және басқаларының (1975) жұмыстың сипаттары жайлы жүргізген зерттеуін атауға болады: ол мысалда әрбір жұмысшыны екі жағдай бойынша және әрбір жағдайға бір сағаттан бақылау жүргізілген (12.2 зерттеу нысанын қараңыз). Бақылау сағаттары жүйелініп, бақылаушы жұмысты түсінуіне 10 минут, жұмыс әрекеттерінің ерекшеліктерін бақылауға 30 минут және жұмысқа дәл сол сәтте бағалауға 20 минут уақыт бөлінген. Және бақылаушылар жүргізген бақылауларын аяқтау үшін қосымша 15 минут уақыт бөлген (Джеркинс және басқалары, 1975: 174). Осы соңғы зерттеу Мартин және Бейтсон (1986) атап көрсеткен **үздіксіз жазбаға** мысал бола алады, бақылаудың бұл түрінде бақылаушы біршама ұзақ уақыт бойы тек қана бақылау жүргізеді, осылайша әрекеттің жиілігі мен ұзақтығын бағалап, өлшей алады. Бұл тәсілді олар **уақыт іріктемесіне** қарама-қайшы деп көрсетіп отыр.

- *Уақыт іріктемесі* іс-әрекеттерді бақылаудың тағы бір тәсілі. Бұл тәсілге ORACLE (Бақылау зерттеуі және сынып-

та дәрістерді бағалау) атымен танымал жоба арқылы мектептерде жүргізілген зерттеулер мысал бола алады (Галтон және басқалары, 1980). Бұл зерттеуде бақылау жүргізіліп отырған сыныптан сегіз оқушы (әрбір жыныстан төрт оқушы) он түрлі жағдайлар бойынша төрт минуттық бақылауға алынды. Әрбір

жиырма бес минут сайын механикалық қондырғы дыбыс шығарып, белгі беріп отырды және әрбір жағдай үшін осы белгі бағдарламасы жасалды. Дыбыс белгі бергенде бақылаушы ұстаз немесе оқушы бақылау кестесіне сай немен айналысып жатқанын жазып отырды. Уақыт мөлшері кездейсоқ белгіленді.



12.3 Зерттеу нысаны

Адамгершілік таныту жоғалып барады ма?

Бұл мысалды зерттеу деп атауға келмейтіндей. Дегенмен, шина өндіретін Контиенталь фирмасы жүргізген «жол бойында жүргізілген сынақта» британиялық ер жүргізушілер көлігінің дөңгелегін ауыстыруға жан салып жатқан «тартымды, жиырмадан асқан сары шашты әйел адамға» көмектесуге ынта танытпайтындары анықталды (МакВей, 2006). Осы жасанды бақылау сынағы британиялық бес қалада жүргізілді және барлық қалаларда 97% ер адамдар «жолдың бойында қосалқы дөңгелекпен әуре болып жатқан» әйел адамның қасынан жылдамдықтарын арттырып өтіп кеткен. Дегенмен, Ниюкасл қаласының, әсіресе қызыл түсті көлік иелері адамгершілік танытуда біршама алға шықты. Осы «зерттеуді» жария еткен The Times шолушысы ешқандай мәлімет берілмеген бір сауалнама жайлы жазды және ол сауалнамада британиялық ер адамдардың жартысынан көбі көлігінің дөңгелегін ауыстыруға тырысып жатқан әйел адамға көмектесетінін айтқан. Осы мысалдар іс-әрекетке ниет ету мен ол іс-әрекетті шын мәнінде атқару арасындағы аралыққа мысал болады және 12.2 терең пікірлер тақырыбында айтылып кеткен ЛаПьердің (1934) мысалын еске түсіреді.



Іріктеме

Сауалнама зерттеуіне ұқсас, стандартталған бақылауда да іріктеме жүргізу қажеттілігі туындайды. Алайда, стандартталған бақылауда іріктемеге қатысты мәселелер адамдар арасында қалай іріктеме жүргізуге ғана қатысты емес, сонымен қатар, бірнеше басқа іріктеме мәселелері де қарастырылады.

Адамдар арасында іріктеме жүргізу

Адамдар арасынан іріктеме жасау қажет болса, үдерістер 8 тарауда қа-

растырылған тәсілдермен жүзеге асырылады және ықтимал іріктеме тәсіліне басымдылық беріледі. Демек, бақылаушы кездейсоқ тәсілмен іріктеп алуды таңдайды. Крол мен Моузистің (1985) арнайы оқыту талаптары бойынша оқитын балалар арасында жүргізген зерттеуінде бақылауға әртүрлі мектептер арасынан отыз төрт сынып таңдап алынды. Балалардың барлығы жасты болуына назар аударылды және қай бала арнайы талаптарды қажет ететінін анықтау үшін алдын ала ұстаздармен

сұхбат жүргізіліп, мәліметтер алынды. Бұған қосымша, ұстаздардың назарынан тыс қалған кейбір арнайы талапты қажет ететін оқушылар оқу және жазба қабілеттеріне тестілеу жүргізу арқылы анықталды. Әрбір сыныптан арнайы талапты қажет ететін алты оқушы кездейсоқ тәсілмен іріктеп алынып, стандартталған бақылау нысаны ретінде белгіленді. Сонымен қатар арнайы талаптарды қажет ететіндерден тыс төрт бала іріктеп алынды, олар бақылау топтары ретінде қарастырылды. Осылайша, жалпы 280 бала іріктеп алынып, олардың 151 арнайы талаптарды қажет ететіндер, ал қалған 129 оқушы бақылау тобы ретінде бақылауға алынды. Ұстаздарға қай балаға бақылау жүргізіліп жатқаны жайлы мәлімет берілмеді. Әрбір балаға бірнеше минут қана бақылау жүргізіліп, әрі қарай бақылаушы кездейсоқ тәсілмен келесі таңдап алынған баланы бақылауға алып отырды. Және бұл бақылау көп қысқа уақыт аралығына бөлініп тасталды. 12.1 зерттеу нысанында әрбір сыныптан алты оқушы кездейсоқ тәсілмен іріктеп алынғаны жазылған, бірақ қосымша үш ұл және үш қыз болып теңдей таңдап алынуы талап етілген. Ал жұмыс ерекшеліктеріне арналған зерттеуде (12.2 зерттеу нысаны) жұмыс басындағы адамдар кездейсоқ таңдалып алынды (Джеркинс және басқалары, 1975).

Уақытты ескере отырып, іріктеме жүргізу

Уақыт іріктемесіне (жоғарыда анықтамасы берілген) қатысты пікірде айтылып кеткендей, егер кейбір тұлғаларға бірнеше түрлі жағдай бойынша бақылау

жүргізілетін болса, олар бір күнде әртүрлі уақыт аралығында бақылауға алынуы тиіс. Демек, егер кейбір адамдар кездейсоқ тәсілмен бірнеше оқиғаға қатысты қысқа уақыт ішінде бірнеше рет бақылауға алынатын болса, бақылау уақыттары да кездейсоқ таңдалып алынғаны дұрыс болады. Мысалы, бір сыныптағы кейбір балаларды күн сайын тек қана кешкісін бақылауға алу орынсыз болар еді. Себебі олар кешке қарай біршама шаршап және кейбір әрекеттерді дұрыс атқара алмауы мүмкін. 12.1 зерттеу нысанында балалар үш күн бойы әртүрлі уақыт аралығында бақылауға алынған. Осылайша, оқушы өте сирек танытуы мүмкін әдеттен тыс әрекеттер зерттеушінің кестесінде көрсетілуі екіталай.

Іріктеме жайлы басқа да пікірлер

Осы тақырыпқа дейінгі айтылған іріктеме үдерістері ықтимал іріктеме қағидаларына бағынады, себебі олардың барлығында адамдар арасында іріктеме жүргізу талқыланды. Алайда, көптеген басқа да себептерге байланысты бұл жазылғандар іске аса бермейді. Мысалы, жоғарыда айтып кеткен жазылмаған қағидалар жайлы қоғамдық орындарда жүргізілетін зерттеулерге кездейсоқ іріктеме тәсілі жарамайды, себебі көшеде кетіп бара жатқан адамдар арасынан тез арада іріктеме негізін құрай алмаймыз. Дәл осылай, өзара қатынастарға қарап іріктеме негізін құру да мүмкін емес. Мысалы, Рейс (1976) қоғам мен полиция қызметкерлері арасындағы қақтығысқа кездейсоқ іріктеме жүргізудің қиын екенін жазған. Осындай тақырыптарға

қатысты стандартталған бақылау жүргізуде туындайтын проблема – тақырыпқа қатысты іріктеме негізін құрудың мүмкін болмауы және бұл зерттеушіге ықтимал іріктеме жүргізуде қиындықтар туындайды.

8-тарауда айтып кеткеніміздей, ықтимал іріктемеге қатысты пікірлер көбіне, нәтижелердің сыртқы заңдылығына (немесе жалпылама ұсына білу) қатысты туындайды. Алайда, мұндай тұжырымдамалар тек қана ықтимал іріктемеге қатысты болуы шарт емес. Мысалы, стандартталған бақылау зерттеуі сәйкесінше қысқа уақыт аралығында жүргізілген болса, нәтижелердің таныстырмалы түрде ұсынылуына қатысты мәселелер ортаға шығары анық. Егер зерттеу мектептерде жүргізілетін болса, ұстаздар мен оқушылардың сынақтар жайлы ойлары оқу жылының аяғына қарсы кеңінен өріс алатындықтан, осы оқу жылының аяғына қарсы жүргізілген бақылаулар нәтижесі оқу жылының әртүрлі мерзімдерінде жүргізілген бақылаулар нәтижелерімен салыстырғанда біршама басқаша болуы мүмкін. Сәйкесінше, бақылау жүргізілетін уақыттың да маңызды екені ортаға шығады. ORACLE жобасы арқылы зерттеуде осы ықтимал мәселенің алдын алған және ұстаздар мен әрбір бақылауға алынған оқушыға әрбір тоқсан сайын үш тоқсан ішінде алты жағдайға қатысты бақылау жүргізілген. Бұдан басқа да назар аударатын мәселелер бар, мысалы, стандартты бақылау жүргізілетін жер қалай таңдалып алынады? Біз олардың таныстырмалы түрде ұсынылатынын болжай аламыз ба? Бақылауға қатыстырылатын мектептердің кездейсоқ тәсілмен іріктеп алынуы осы

мәселелерге қатысты алаңдаушылықты сейілте алады деуге болады. Алайда, мектептер мен бизнес ұйымдары тәрізді орындарға рұқсат алудың қиындығын ескере отырып, басқа да рұқсат алу ісі оңай ұйымдарды таныстырмалы түрде ұсыну шарттарға сай емес.

Стандартталған бақылауда іріктеме тәсілдері арасында кездесетін мына айырмашылықтар тобын Мартин мен Бейтсон (1986) бөліп көрсетті:

- **еркін іріктеме:** бақылаушы сол сәтте не болып жатқанның бәрін тіркейді;

- **негізгі іріктеме:** таңдап алынған бір жеке тұлғалар белгілі бір уақыт ішінде бақылауға алынады және зерттеуші кестеде көрсетілген іс-әрекетке орай әрекеттердің барлық түрлерін тіркейді;

- **сканерлеу іріктемесі:** таңдап алынған жеке тұлғалар тобы жүйелі түрде белгілі бір уақытта сканерден өткізіліп отырады және сол сәттегі барлығының іс-әрекеттері жазылып алынады. Іріктеме стратегиясының осы түрі тек қана бір немесе екі іс-әрекетті бақылап және жазып алу мүмкіндігін береді.

- **іс-әрекет іріктемесі:** белгілі бір топқа толығымен бақылау жүргізіліп, бақылаушы кімнің белгілі бір әрекетті жасағанын жазып алады.

Көптеген стандартталған бақылау зерттеулерінде іріктеменің алғашқы екі түрі қолданылады: Фландерстің ФҚТК кестесі еркін іріктеме түріне мысал бола алады; Галтон (1980), Крол мен Моузис (1985), Блэчфорд және басқалары (2003; 12.1 зерттеу нысанын қараңыз), Дженкинс және басқалары (1975; 12.2 зерттеу нысанын қараңыз) және 12.4 зерттеу нысанында берілген Бакл мен Фарингтон (1994) зерттеулері негізгі іріктемеге керемет мысал.



12.4 Зерттеу нысаны

Дүкен ұрлығын зерттеу

Бакл және Фарингтон (1994) Петерборо әмбебап дүкенінде бұрын-соңды жүргізілген дүкен ұрлығына байланысты зерттеуді қайталап жүргізген зерттеулерінің нәтижелерімен бөлісті (Бакл және Фарингтон 1984). Зерттеу алғашқы зерттеу жүргізілген дүкенге ұқсас Бедфордта жүргізілді. Дүкенге келушілер дүкенге кірген сәттерінен бастап, екі бақылаушы тарапынан шығып кеткенге дейін бақылауға алынды.

Бақылаушылар сатып алушының жынысы, нәсілі, шамамен жасы, әрекеттері және сатып алған заттарының бағасы тәрізді мәліметтерді жазып отырды.

Петербургта 486 адам іріктеп алынып, бақылау жүргізілді, ал Бедфордта 502 адам іріктеп алынған болатын. Петерборода тоғыз адам, Бедфордта алты адам дүкенде ұрлық жасаған. Бір таңғалатын жайт, Петерборода ұрлық жасаушылар 25-тен төмен ер адамдар болса, Бедфордта 55 жастан асқан ер адамдар болған. Аталмыш дүкендерде ұрлық жасағандар басқа заттар да сатып алған. Ұрлап алынған заттардың көбі арзан бағадағы кішігірім заттар. Іріктеме және бақылау стратегиялары кездейсоқ тәсілмен алынды және бақылаушылар адамдардың дүкенде қанша уақыт өткізгендеріне қарай қысқа және ұзақ мерзімді бақылаулар жүргізе отырып, үздіксіз мәліметтер жазып отырды.



Сенімділік пен заңдылық мәселелері

Бір жазушы өз пікірін, сұхбат алу және сауалнама жүргізумен салыстырғанда, стандартталған бақылау «(а) оқиғалар жайлы сенімді ақпарат береді; (ә) уақыт, жиілік және ұзақтық тұрғысынан нақты; (б) айнымалыларды уақыт дәлдігін реттейді; (в) ауқымды әлеуметтік оқиғаларды экономикалық тұрғыдан құрастыруда жинақы» деп қорытындылаған (МакКол 1984: 277). Осы пікір стандартталған бақылау тәсіліне өте тиімді қолдау болып табылады, алайда, МакКол атап көрсеткендей, осы тәсілді қолданушыларға кедергі келтіретін кейбір сенімділік пен заңдылық мәселелері бар. Бұл кедергілердің кейбіреулері зерттеушілер әлеуметтік зерттеулерде, әсіресе, сұрақ-жауап зерттеулерінде қолданылатын жалпы-

лама өлшемдерді дамытуда кездестіретін қиындықтарға ұқсас. Дегенмен, кейбіреулері стандартталған бақылаумен тікелей байланысты.

Сенімділік

Стандартталған бақылау тәсілін қолданушылар *бақылаушы аралық реттілік* деңгейіне алаңдатушылық танытып отыр. Шын мәнінде, бұл мәселе бірдей іс-әрекетке бақылау жүргізіп жүрген екі немесе бірнеше бақылаушылар ол іс-әрекетті бақылау кестесінде кодтауға келісу дәрежесіне қатысты. Сенімділіктің осы бөлігін бағалаудың басты құрылымы *канпа* деп аталатын статистика (12.3 негізгі ұғым тақырыбын қараңыз; осы арада

аса күрделі статистикалық мәселелерді қарастыруға сенімсіздік танытсаңыз, осы абзацқа мән бермеңіз).

Сенімділікке қатысты екінші пікір, ол бақылау кестесін уақытқа байланысты қолданудың реттілік деңгейі – *ішкі бақылаушы реттілігі*.

Белсенділік танытып және көбіне адамдар үшін әртүрлі мағынада, әртүрлі әрекеттер жасау қажет болғандықтан, әрине, бұл түсінуге біршама қиын ұғым болып табылады. Барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, бақылау рейтингілерінің жүйелігін бағалау күрделі міндет. Сенімділіктің осы кезеңіне баға беру үдерістері бақылаушы аралық реттілік мәселелерімен көп ұқсас. Дженкинс және басқалары (1975) ұзақ уақыт бойы бақылаушы аралық реттілік мәселелеріне қатысты зерттеу жүргізді және осы тақырыпқа қатысты өлшемдердің жақсы нәтиже бермейтінін анықтады (12.2-зерттеу нысаны).

Стандартталған бақылауда сенімділікке қол жеткізу оңай емес екені анық. Заңдылық сенімділіктің болжамы екенін ескеретін болсақ, бұл өте орынды мәселе (7-тарауды қараңыз). Бақылаушының

шаршап қалуы немесе айтарлықтай мұқият болмауы тәрізді әртүрлі факторлардың әсерінен сенімділікке қол жеткізу қиын. Алайда, бұл пікірді асыра бағалауға болмайды, мысалы, ORACLE жобасының зерттеушілері өздерінің көптеген өлшемдеріне қатысты сенімділіктің жоғары дәрежесіне қол жеткізді. Стандартталған бақылау тәсіліне сыни көзқарас танытатын екі сыншы «бақылаушылардың күрделі кодтау кестесін біршама сенімділікпен қолданулары үшін тәжірибеден өте алатындарына күмән жоқ» (Деламонт және Хемилтон 1984: 32) деген пікірлерін білдірген. (12.3 негізгі ұғымдарында қарастырылған Скот коэффициентін қолдана отырып оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерінің бақылаушы аралық сенімділігінің орташа көрсеткіші 0.90 болғаны анықталды). Сенімділіктің жоғары дәрежеде болуы сыныптың ішкі факторларына және мектептерде ұзақ уақыт бойы стандартталған бақылау жүргізудің дәстүрге айналып кету фактілерімен байланысты болуы мүмкін және осы бағытта озат тәжірибе жинақталған деуге болады.



12.3 Негізгі ұғымдар

Коэннің қаппасы

Аса күрделі статистикалық мәселелерді қарастыруға сенімсіздік танытсаңыз, осы тақырыпқа мән бермеңіз.

Коэннің қаппасы – екі адам арасында кодтау үдерісі бойынша келісім дәрежесінің өлшемі болып табылады. Демек, газет мақалаларына немесе сұхбаттың ашық сұрақтарының жауаптарына мағыналық талдау жасау, сонымен қатар бақылау тәсілінде кодтау тәрізді кез келген мәліметтің мәнмәтіндерін кодтаумен байланысты. Бұл өлшем түрінде де, Кронбах альфасы (7.4 негізгі ұғымын қараңыз) тәрізді, 0 мен 1 арасындағы коэффициент көрсеткішіне қол жеткізесіз. Бақылаушы аралық реттіліктің ең жоғары дәрежелі және ең жақсы көрсеткіші 1-ге тең. Ал коэффициенттің 0.75 немесе одан жоғары көрсеткіші жақсы деп бағаланатын болса, 0.6 мен 0.75 арасындағы көрсеткіші жақсырақ немесе орташа дәрежені білдіреді,

ал 0.4 пен 0.6 арасындағы көрсеткіш, сәйкесінше, қанағаттанарлық көрсеткіш болып табылады. Каппа көрсеткіші бақылаушылар арасындағы алдын ала келісімнің дәрежесін өлшеу сипатымен бірге, кенеттен пайда болған оқиғаларды өлшеуге де қолданылады. Кролл (1986), Скоттың келісім коэффициентіне қатты ұқсас және бірдей жолмен түсіндіруге болатын статистика түрін қолданған.

12.2 зерттеу нысанында қарастырып кеткен жұмыстың сипаттамасына жүргізген зерттеуімізде каппа көрсеткіші «қанағаттанарлық» категориясын көрсетті. 12.2 зерттеу нысанында қарастырылған екі нысан 0.43 және 54 көрсеткіштеріне ие болды (Джеркинс және басқалары, 1975). Бұл көрсеткіштер көңілге аса қона бермейді және жұмыс сипаттарын кодтаудың сенімді болғанына күмән келтіреді. Басқа жағынан алып қарайтын болсақ, Блэчфорд және басқалары каппа коэффициентін сыныптағы оқушылардың атқарған әрекеттеріне стандартталған бақылау жүргізуде әртүрлі өлшемдерде қолданып, көрсеткіштің 0.80 мен 0.77 аралығында болғанын көрсетті, ал бұл – бақылаушы аралық реттіліктің жоғары деңгейінің көрсеткіші.

Заңдылық

Өлшем бірлігінің сенімділігі бір нәрсені өлшеуге арналған өлшем бірлігі шынымен сол нәрсені өлшеуге тиісті немесе тиісті емес екені жайлы сұрақтарды ортаға шығарады. Кез келген өлшемнің заңдылығын тексеру мына ықпалдарға байланысты:

- Ұғымды өлшеуге арналған өлшем бірлігі өлшеуге арналып жетілдірілген бе немесе бұл мақсатқа сай емес пе? (7-тарауды қараңыз);

- Зерттеу үдерісіне осы өлшем бірлігін енгізумен орын алатын қателік (9-тарауды қараңыз).

Аталмыш ықпалдардың алғашқысы, стандартталған бақылауда да заңдылықты тексеру ісі сұхбат және сауалнама тәсілдеріне негізделген зерттеулерде заңдылықты тексеруге қатысты мәселелермен бірдей мәселелерге назар аудару керектігін білдіреді. Ықпалдың екінші аспектісі – өлшем енгізудегі қателік – бірден екі мәселені ортаға шығарады:

- Бақылау кестесін жүзеге асыру тиісті түрде атқарылды ма? Алдыңғы тарауларда айтып кеткеніміздей, сұхбат алу-

шылар стандартталған сұхбат кестесін жүзеге асыруда зерттеу құралнамалары мен нұсқауларын сәйкесінше қолдануды қамтамасыз ету керектігін айтқанбыз, стандартталған бақылауда да дәл осындай талаптар бар. Егер бақылаушылар арасында немесе уақыт аралығы арасында өзгеріс байқалса, өлшем бірлігі сенімсіз болмақ және сәйкесінше заңдылыққа сәйкес емес болып табылады. Сондықтан бақылаушының бақылау кестесін айтарлықтай жете түсінуі өте маңызды.

- Адамдар бақылауға алынғанын білетін болса, іс-әрекет атқару үлгісін өзгертеді ме? Бұл «реакция әсері» атымен белгілі мәселе (12.4 негізгі ұғымдар). Егер адамдар бақылауға алынғанын сезіп, әрекет үлгісін біршама өзгертетін болса (себебі, олар бақылаушыға өздерін жақсы жағынан танытқысы келулері мүмкін), олардың атқарған әрекеттері мөлшерден ауытқитыны анық. Осылайша, стандартты бақылау зерттеуінің нәтижелерінде әрекеттің қалай жүзеге асқанын көрсетуіміз шындыққа жанасатынын сенімділікпен айту қиын. МакКол (1984) атап көрсеткендей,

стандартталған бақылауда реакция ықпалының іске қосылатынына дәлелдер бар, бірақ, бақылаушы ұзақ уақыт бойы бақылауға алынған адамның қасында жүрсе, олар бақылаушыға үйреніп, бақылауды қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Сонымен қатар адамдардың бақылаушының оларға бақылау жүргізіп отырғанын сезінулеріне, кей жағдайларда, басқа да факторлар әсер етеді. Мысалы, мұғалімдер мен студенттер арасында сыныптың талаптарына сай орындаулары керек әртүрлі тапсырмалар болады және бақылаушының олардың әрекеттеріне ықпал ету мүмкіндігі сол орындалатын тапсырманың талаптарына сай азауы мүмкін. Харви және басқалары (2009) тарапынан перулік Амазонкада безгек ауруының алдын алу мақсатында жүргізілген зерттеуде шыбын-шіркейден қорғанып, төсектің төбесіне москитті торларды асып қою бағдарламасын ұсынуда осы пікір байқалған. Зерттеу барысында төрт бақылаушы төрт ауылды аймақта алпыс үйде үздіксіз он екі сағат бойы бақылау жүргізді. Бақылаушылар өздерінің бақылау жүргізіп жатқандарын айтып, әрекет қабілеттілігін төмендету мақсатында тұрғындардан бір-бірімен

араласпауларын өтініш білдірді. Дегенмен, бақылаушылар 339 әрекет қабілеттілігі орын алғанын тіркеді. Көбіне, бұл әрекеттер бақылаушылармен амандасу немесе безгек ауруына қатысы жоқ тақырыптарда бақылаушыларға сұрақ қоюмен байланысты болды. Зерттеу тақырыптарына сәйкес тек қана екі әрекет қабілеттілігі байқалған және бұл жағдайларда ауыл тұрғындарының бақылаушылардың қарап отырғандары жайлы көзқарастарын біршама өзгертендерін көруге болады. Бақылаушының далалық жазбаларын мысал келтірейік:

18:20: Масалар қаптап жүретіндіктен мен ұзын жеңді жейдемді кидім. 33 жастағы ер адамның өз бөлмесіне барып ұзын жеңді жейдесін киіп келгенін көрдім. Демек, менің кигенімді көріп барып, ол да киініп келді деп ойладым (Харви және басқалары, 2009: 14).

Осындай нәтижелерге қарап бақылаудан туындайтын реактивті әсерлердің, айтылып жүргеніндей, соншалықты күрделі емес екенін сеніммен айтуға болады.



12.4 Негізгі ұғымдар

Реактивті әсер

Вебб және басқалары (1966: 13) «зерттеу субъектісінің ғылыми зерттеуге қатысатынын білуі зерттеу деректеріне ықпал етіп, бұрмалау енгізуі мүмкін» деген түсініктеме бере отырып, «өлшемнің реактивті әсері» жайлы пікірлерін білдірді. Олар осы ықпалдың төрт түрін ажыратып көрсетті:

1. *Тәжірибе жүргізілетін жануарлар әсері – тестіден өту сезімінің қалыптасуы.* Бұған әдетте қолданылмайтын және Вебб және басқалары атап кеткен мысалдар, бақылауға қатысушы өзі жайлы жақсы пікір қалдырғысы келуі немесе өзін тиісті түрде көрсете алатынын (немесе көзқарастарын таныта білетінін) көрсетуі тәрізді әсерлер мысал бола алады.

2. *Рөл таңдауы.* Вебб және басқалары зерттеуге қатысушылардың зерттеуде ерекше рөл алуға тырысағандарын айтып отыр. Бұған мысал ретінде экспериментті зерттеулерде көп кездесетін әсерді (басқа жағдайларда да көп кездеседі) жатқызуға болады: адамдар алдымен зерттеудің мақсаттары қандай екенін біліп алып, жауаптарын немесе әрекеттерін сол мақсаттарға сай құруға тырысады (әрине, мұндай пікірлер, әрекеттер жалған болып шығады).
3. *Ұйғарымның өзгеріс көзі ретінде алар рөлі.* Әдетте, зерттеуші болмаса да зерттеушінің қатысып отырғаны жайлы ойлаудың өзі көптеген нәрсені өзгертіп жібереді. Мысалы, сыныптың бір бұрышында бақылаушының отыру фактісінің өзі, әдетте, бос тұратын орын, парта мен орындықтың бос емес екенін білдіреді. Осы әсердің өзі әрекетке ықпал ете алады.
4. *Жауаптар жиынтығы.* Бұл мәселені сауалнама және сұхбат алуға қатысты тақырыптарда кездестірген болатынбыз. Респондент сұрақтар топтамасына жүйелі түрде, бірақ ешқандай сәйкес келмейтіндей етіп жауап бергенде туындайтын жағдай. Мұндай әсерлерге мысал ретінде, әлеуметтік қажеттілік ықпалы және үнемі келісу мен үнемі келіспеу (берілген сұрақтардың немесе сұрақтағы нысанның мағынасына аса мән бермей, ұдайы «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру немесе ұдайы келісу немесе келіспеу) жауаптары тәрізді өлшемдерге қатысты мәселелерді жатқызуға болады.

Сонымен, реактивті әсер қатысушылар өздеріне бақылау жүргізіліп жатқанын немесе өздерінің бақылау нысаны екенін білген жағдайда орын алады.

Веб және басқалары, қатысушылар өздерінің бақылауға алынғанын білмейтін және *өздері көзге түспей бақылау* немесе *реактивсіз тәсіл* деп атап кеткен тәсілдерді қолдануға кеңес береді (тәсіл жайлы толық мағлұмат алу үшін 14.3 негізгі ұғымын қараңыз).



Стандартталған бақылау тәсілі – тақырыптық ынталандыру

Салансик (1979) стандартталған бақылаудың көптеген ерекшеліктерін бірден қамтитын бақылау зерттеуінің бір түрін **тақырыптық ынталандыру** деп атады. Ол тақырыптық ынталандыруды сапалық зерттеу стратегиясына жатқызғанымен, оның сандық зерттеу стратегиясында жақсы қолданыс тапқаны анық, себебі зерттеуші, әдетте, өзінің зерттеу үдерісіне араласқанын сандық түрде көрсетуге тырысады. 12.2 негізгі ұғымдар тақырыбында ұсынылған клас-

сификацияларды ескере отырып, мұны «жасанды бақылау» түріне де жатқызуға болады. ЛаПьердің (1934) зерттеуінің бір бөлімі (12.2 терең пікірлер тақырыбын қараңыз) осы тақырыптық ынталандырумен байланысты болды: оның қытайлық жұпты қонақ үйге немесе мейрамханаға жібере отырып, олардың келісуге тырысып жатқан талпыныстарын бақылауы, тақырыптық ынталандыруға жатады. Демек, тақырыптық ынталандыру – зерттеушінің тікелей араласуымен не-

месе табиғи жолдармен алдап ықпал ете отырып, осы араласуы нәтижесінде не болатынын бақылайтын зерттеу түрі. Алайда, стандартталған бақылау түрімен салыстырғанда, тақырыптық ынталан-

дыру тәсілінде қатысушылар бақылауға алынғанынан бейхабар қалады. Далалық ынталандыру тәсілі бойынша жүргізілген әйгілі зерттеу 12.5 зерттеу нысанында берілген.



12.5 Зерттеу нысаны

Тақырыптық ынталандыру

Дэвид Роузенхан (1973) АҚШ-тың психиатриялық ауруханаларына емделуші ретінде тіркелуге тырысқан сегіз адамның бірі. «Жалған емделуші» деп аталып кеткен олардың кейбіреулері бірнеше ауруханаларға еруге талпыныс жасай отырып, он екі аурухананы аралап шыққан. Жалған емделушілердің барлығына аурудың белгісі ретінде дауыстар еститіндерін айтуды үйретті. Он екі жағдайдың он бірінде барлықтарына шизофрения деген диагноз қойылды. Ауруханаға сәті түсіп алдап жатқаннан кейін, жалған емделушілерге қандай да бір ауру белгілерін көрсетуді тоқтату нұсқауы берілді. Жалған емделушілердің «сау» болғандарына қарамастан, кейбіреулерінің ауруханадан шығулары тым ұзап кетті. Орташа он тоғыз күн деп есептеп алғанымен, олар жеті күн мен елу екі күн арасында ауруханада қалды. Төрт ауруханада жалған емделушілер психиатрларға және мейірбикелерге барып өздерін ауруханадан шығаруларын өтінген және қызметкерлер күніне бір реттен артық оларға қарамайтындарына шағым айтқан. Осылайша, жалған емделушілер өздерінің талаптарына жауап беру үлгілерін жазып отырды: 71% психиатрлар басқа жаққа қарап өтіп кеткен және 88% мейірбикелер де дәл осындай әрекетпен жауап берген. Роузенхан осы жағдайды жария ете отырып, бұл зерттеуді психикалық ауруға шалдыққандардың дәрменсіз халге түсіп және тұлғалығынан айрылатындарына дәлел ретінде бағалады. Бұл зерттеу біршама қайшы көзқарастар туындатты: көптеген психиатрлар зерттеу қорытындыларына күмән келтіруге тырысты; және кейбіреулері 6-тарауда қарастырып кеткен этика мәселесін (алдау тәрізді) алға тартты.

12.1-кесте

Дэниелдің (1968) ситуациялық тесті: қонақ үйден орын алу мәселесі

Қонақ үйден орын сұрағанда танытылатын реакция:	№
Батыс үндістандықтар орын жоқ деген жауап алды; басқа екі кандидат орын бар деген жауап алды	38
Батыс үндістандықтардан басқа кандидаттарға қарағанда бөлме үшін жоғары ақы талап етілді	4
Батыс үндістандықтар мен венгрлерге пәтердің жалға беріліп қойылғаны айтылды	2
Батыс үндістандықтар мен венгрлерден бөлме немесе пәтер үшін жоғары ақы талап етілді	1
Барлық кандидаттарға бірдей жауап берілді	15
БАРЛЫҒЫ	60

Кейбір тақырыптық ынталандырулар эксперименттік жоба үлгісінде жүргізілді (3-тарауды қараңыз). Мысал ретінде Дэниелдің (1968) Британияда 1960 жылдары орын алған нәсілдік кемсітушілікке қатысты жүргізген зерттеуін атауға болады. Кемсітушіліктің деңгейін анықтау мақсатында Дэниел келімсектер арасында дәстүрлі көзқарастағы зерттеу жүргізе отырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін «ситуациялық тестілеу» әдісін қолданды. Мысалы, ситуациялық тестілеудің бір мысалында ол қонақ үйден орын алу немесе жалға пәтер алу тәрізді орналасуға қатысты кемсітушілікке бақылау жүргізді. Бірнеше аймақтарда жалға пәтер беру туралы алпыс жарнама таңдап алынды. «Қара нәсілді халықтан мазаламауды сұраймыз» немесе «тек қана еуропалықтарға» деген ескертулері бар жарнамалар, әрине, тізімнен алынып тасталды. Ол кездері пәтерді жалға берушілердің жарнамаға мұндай ескерту қосулары заңсыз әрекетке жатпайтын. Әрі қарай, таңдап алынған жалға берушімен батыс үндістандық, венгрлік және ақ нәсілді ағылшындықтар байланыс құрды. Жалға алушылардың барлық жағынан бірдей жағдайлар жасалды, тек қана этникалық тұрғыдан әртүрлі еді. Пәтер іздей жүріп кандидаттар өздерін жанұя құрған жұп ретінде және балаларымыз жоқ деп таныстырды. Кандидаттардың жартысына (отыз) тест жүргізушілер «кәсіпкой рөлдер» берді және бұл рөлдерде кандидаттар қымбат пәтерлерді жалға алуға тырысты. Қалған жартысына әдеттегі жағдай қолданылды. Қарастырылған алпыс жағдайдың он бесінде барлық нәсіл өкілдері бірдей жауап алды (мысалы,

жалға беріліп қойды немесе пәтер әзірге жалға берілмейді). Ал қалған қырық бес жағдайда кемсітушілік орын алған (12.1 кестесін қараңыз).

Дэниелдің зерттеуіне жүгінетін болсақ, венгрліктерге қарсы кемсітушілік аз бақыланғандықтан, осы кемсітушілікке себеп этникалық азшылықтың өкілі болу емес, терінің түсі әсер ететінін көруге болады. Дәл осындай үлгіде үй сатып алу, жұмысқа орналасу және көлікті сақтандыру тәрізді әртүрлі жағдайлар мысал ретінде алынып, басқа да зерттеулер жүргізілді. Бір қызығы, зерттеушілер сұрақ-жауап зерттеулерінде көзқарастарға қатысты дәрежелермен салыстырғанда мұндай тестілеу нәтижелерінде кемсітушіліктің біршама жоғары дәрежеде екенін анықтаған, оның себебі – сауалнама жағдайында кемсіте пікір танытылғанын анықтау қиын.

Мұндай зерттеулерде қатысушылар бақылауға алынғанынан бейхабар болғандықтан, **реакция таныту** проблемасы туындамайды, соның салдарынан таңғаларлық нәтижелерге қол жеткізіледі. Алайда, мұндай жағдайларда 12.5 зерттеу нысанындағы жалған емделушілер мысалындағыдай алдау тәсілі қолданылғандықтан, этникалық мәселе ортаға шығады. Бұған қоса, зерттеушінің бақылау кестесі шектеулі түрде құрылады, себебі аса белсенділік танытатын болса, жасырын бақылаушының бар екені білініп қалады. Сондықтан мұндай жағдайларда, әсіресе, араласа отырып ықпал етуде абай болған жөн, мысалы, ЛаПьер (1934) мен Дэниелдің (1968) зерттеулеріндегідей тек қана шектелген кодтармен жұмыс атқаруға тура келеді немесе Роузенханның (1973) зерттеуіндегідей істің өрбуіне қатысты шектелген бақылау жүргізу керек болады.



Стандартталған бақылауға қатысты сыни пікірлер

Әлеуметтік зерттеулерде белсенді қолданысқа ие болмаса да, стандартталған бақылау тәсіліне қатысты көптеген даулы мәселелер туындап жатады. Кейбір сыни пікірлерді алдымызда қарастырып өткен сенімділік және заңдылық, сонымен қатар жалпылама тақырыптарында айтып кеттік.

Дегенмен, келесі талқылауларда басқа тақырыптарға қатысты сыни пікірлерді қарастыратын боламыз.

- Бақылауға алынған жағдайға қатысты тиісті емес немесе сәйкессіз негіз қолдану тәуекелі бар. Бұл мәселе сауалнамаларда жабық сұрақтарда кездесетін проблемаларға ұқсас десе болады. Бұл мәселе қарастырылып отырған жағдай жайлы мәлімет аз болған жағдайда, күрделене түспек. Алдын ала стандартталмаған бақылаудан өткізілетін стандартталған бақылауда мұндай мәселенің шешімі ретінде – тиісті айнымалылар мен категорияларды алдын ала анықтап алуды ұсынуға болады.

- Қатысушыға тікелей бақылау жүргізілетіндіктен, стандартталған бақылауда оның белгілі бір іс-әрекетті атқарғанда қандай ойда, пікірде болғанын анықтау мүмкіндігі жоқтың қасы. Көбіне, бақылауға алынған әрекет бақылаушылар тарапынан бағаланады. Мысалы, ФҚТК кестесінде (12.1-кесте) «мұғалімнің мадақтауы немесе марапаттауы» категориясында мадақтау себебін мұғалімнің тапсырма бойынша уәждеме беруімен белгіленеді. Осыған ұқсас, Блэчфорд және басқалары (2009: 668) өздерінің сыныпты тақырыпқа қызықтыруға қатысты зерттеулерінде қатыстырылған оқушылардың іс-әрекеттерін бақылауда

қарастырған категориялардың біріне былай деп сипаттама береді: «Жеке тұлғаның ешнәрсемен айналыспауы (белсенділік танытпауы): таңдап алынған оқушы тақырыптық тапсырма барысында қатыстырылмайды, мысалы, қиялдау тақырыбы». Қорыта келгенде айтарымыз, стандартталған бақылау қатысушының іс-әрекетті атқарғандағы ниетін білдіруге мүмкіндік бермейді.

- Стандартталған бақылау деректер жайлы тек қана үзінділер жинақтауға бейімделген. Осы арада үзінділерді бір араға жинақтап жалпы сипаттама алу немесе ол деректердің үзінділерін біріктіріп жалпы тақырып құрастыру әрекеті проблема тудыратыны анық. Басқаша айтқанда, жоғарыда да айтып кеткеніміздей, стандартталған бақылауда ол әрекет үзінділерінің астарында не жатқаны анықталмайтындықтан, бұл өте күрделі іс болмақ. Мысалы, менеджерлердің күнделікті жұмыс тәртібін жоспарлайтындары жайлы дәлел келтіру үшін менеджерлерге жұмыс барысында стандартталған бақылау жүргізе отырып (Минцберг 1973), менеджердің атқарған қызметтерін ара-тұра бақылап, үзінділер тәсілін қолдану ұсынылды. Нәтижеде, көптеген менеджерлік қызметтердің құрамдас бөлігі болып табылатын жоспарлау тәрізді қызмет түрі нақты орын алмаған (Снайдер және Глук, 1980).

- Стандартталған бақылауда атқарылған әрекеттің қандай жағдайға байланысты атқарылғанына мән берілмейді деген тұжырымдама бар. Мысалы, Деламонт және Хамилтон (1984) ORACLE жобасы зерттеуіне қатысты мұғалімдердің әдістері олардың жастарына сай бол-

ғанын айтып өтті. Олар мұндай нәтижелерді тек қана «ORACLE өз жобасында қолданбайтын, мұғалімдердің тәжірибесі мен өмірбаянына негізделіп жинақталды» деп түсінуге болатынына тұжырымдама берді (1984: 9). Әрине, зерттеу нәтижесінде жақсы деректер жинақталып алынғандықтан, мұндай сыни пікірлердің аса салмағы болмады, алайда, стандартталған бақылау зерттеушілерінің әрекетке тікелей бақылау жүргізу үдерісі қашанда сынға алынатыны анық.

Басқа себептерге байланысты...

Алдыңғы тақырыптардан байқағанымыздай, стандартталған бақылауға қатысты анық шектеулер қойылған. Алайда, анық әрекет талдауға алынғанда мағыналық мәселелердің аз орын алатынын және сауалнама арқылы адамдардан әрекеттеріне түсініктеме алуға тырысумен салыстырғанда, стандартталған бақылау, еш күмәнсіз, ең нақты және тиімді тәсіл екенін ұмытпаған жөн. Сонымен қатар алдыңғы тақырыпта әрекетті бақылай отырып оның атқарымдық мағынасына мән беру керектігі айтылып кетсе де, әрқашанда әрекет мағынасына мән беру керек дегенді білдірмейді. Блэчфорд және басқалары (2009) тарапынан қолданылған көптеген әрекет категорияларына, аз ғана болса да, түсініктеме беру талап етіледі. Сонымен қатар егер бейнежазба арқылы деректер жинақталған болса, бақылаушы әрекетті асығыс категорияға бөле салмайды және атқарылған әрекетті ұзақ уақыт бойы қайтадан қарап, жете бақылау жүргізе алады. Мысалы, Сэмпсон және Рауденбуш (1999) әлеуметтік тәртіпсіздікке қатысты кейбір мәселелердің көрсеткіштерін анықтау мақсатында Чикаго

қаласының көшелеріндегі бейнежазбаларды қарап шықты және қоғамдық орындарда алкогольді ішімдік қолдану, есірткі сату, жезөкшелік, төбелес тәрізді мәселелерге аса көңіл бөлді.

Сондай-ақ зерттеудің басқа тәсілдерінде тек қана стандартталған бақылауды сол тәсілмен қатар қолдануға болады. Бақылауға алынған әрекеттің мағынасына өте сирек түсініктеме беретіндіктен, әрекеттің мағынасына түсініктеме беретін басқа тәсілмен бірге қолданылса өте тиімді болмақ. Деламонт (1976) мектепте жүргізген зерттеуінде мұғалімдердің оқыту әдістеріндегі айырмашылықтарды түсіндіруге ФҚТК кестесін қолдануды тиімді деп тапты. Алайда, ол кейбір себептердің сандық айырмашылығын да анықтай алды, себебі әртүрлі мектептерде қатысушыны бақылау және жартылай стандартталған сұхбат алу (сапалық зерттеудің әкі маңызды тәсілдер) тәсілдерін қатар жүргізілді. Мысалы, ол кейбір әдістерді қолданысы бірдей, бірақ «лекция оқығанда сұрақты көп немесе аз мөлшерде қолдануларына қарай» (Деламонт 1976: 108) өзгешеленетін екі латын тілі мұғалімін салыстырды. Оқыту әдісіндегі осы айырмашылықтар оқыту үлгісі мен адамның жеке әрекеті арасындағы айырмашылық тұрғысынан қарама-қайшы пікірлер туындатады. 12.1 зерттеу нысанында айтып кеткен Блэчфордтың (2005) стандартталған бақылау зерттеуінде жинақталған деректер сынып көлемінің айырмашылықтарына қатысты жүргізілген ауқымды зерттеудің бір ғана бөлігі екенін білдіреді. Сонымен қатар басқа тәсілдер де қолданылды, мысалы: әртүрлі тапсырмалар арасында уақытты қалай ұйымдастырғандары жайлы мұғалімдер арасында тоқсан аралық са-

уалнама жүргізу; сыныптың көлемінің ықпалы жайлы тәжірибелерімен бөлісулерін сұрай отырып, оқу жылының аяғында мұғалімдер арасында сауалнама жүргізу; мұғалімдер мен оқу ісінің меңгерушілерінен оқиғаларға қатысты жартылай стандартталған бақылау жүргізу және жартылай стандартталған сұхбат алу арқылы көп және аз көлемдегі сыныптарды салыстыра отырып, тақырыптық зерттеулер жүргізу.

Әлеуметтік психология тәрізді салаларда зертханалық эксперименттер жүргізу, құрылымның әртүрлі деңгейлеріне бақылау жүргізу – қалыпты жағдай болып табылады, алайда әлеуметтік зерттеулерде стандартталған бақылау көп қолданыла бермейді. Мұның ең маңызды себебі – сұхбат алу және сауалнама жүргізу тәсілдерін қолдану әрекетке нақты анықтама беруде кейбір шектеулер қойғанымен, жоғарыда айтып кеткеніміздей, бұл тәсілдерде ақпарат ала отырып әрекет пен сол әрекеттің мағынасына және әлеуметтік шығу тегіне

түсінік береді. Басқаша айтқанда, олар біршама бейімді және әрекетке, мысалы, әлеуметтік шығу тегіне байланысты көптеген бөлімшелерін, корреляттарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдерде адамдардың көзқарастары, қарым-қатынастары жайлы сұрақ қойылып және адамдардың білдірген пікірлеріне тексеру жүргізіле алады. Нәтижеде, сауалнаманы қолданатын зерттеушілер өздері зерттеу жүргізіп отырған кейбір әрекеттердің астарында не жатқанын анықтай алады. Сонымен қатар стандартталған бақылау арқылы әрекеттердің барлық түрлеріне зерттеу жүргізу мүмкін емес және мұндай жағдайларда сұрақ-жауап зерттеуі немесе зерттеуші енгізетін күнделік (10.1 негізгі ұғымдар) тәсілдерін қолдану бір ғана шешім болуы мүмкін. Дегенмен, стандартталған бақылау тәсілін басқа тәсілдермен қатар қолдану біршама тиімділіктер ұсынады және білім беру тәрізді салаларда сенімді өлшемдер жетілдіруге қол жеткізуге болады.



Сұрақтар тізімі

Стандартталған бақылау зерттеуі

- Зерттеуге таңдап алған сұрақтарыңызды айтарлықтай нақты құрастырдыңыз ба?
- Таңдап алынған іріктеме сіздің зерттеу тақырыбыңызға сәйкес пе?
- Таңдап алынған әлеуметтік зерттеу тәсілін неліктен таңдап алынғанына түсініктеме бере аласыз ба?
- Құрастырған бақылау кестеңізде әрекеттің қандай түрлерін қарастыру керектігін нақты көрсеттіңіз бе?
- Бақылау категориялары бақылаушыдан қосымша түсініктеме беруді талап етпейтіндей, жете дамытылған ба?
- Әрекеттерге берілген категориялардың қайталанбайтынына көз жеткіздіңіз бе?

- Қарастырылатын әрекеттердің әртүрлі категориялары сіздің зерттеу сұрақтарыңызға жауапты қамтиды ма?
- Бақылау кестесін алдын ала сынақтан өткіздіңіз бе?
- Кодтау нұсқасы түсінікті ме?
- Әрекеттер категориялары жан-жақты дамытылған ба?
- Әрекетті болып жатқан түрінде сипаттап жазу оңай ма?



Негізгі ұғымдар

- Стандартталған бақылау іс-әрекеттерді зерттеуге бағытталған, сұрақ-жауапқа негізделген өлшемдердің баламасы.
- Бұл тәсілде іс-әрекеттерді жазып алуға тиімді қағидалар қарастырылған.
- Стандартталған бақылау тәсілін, мысалы, мектептерде орын алатын жағдайлар тәрізді іс-әрекеттер түрлерінің тар аясында қолдануға арналған.
- Сенімділік, заңдылық, жалпылама тәрізді көптеген мәселелерде сұрақ-жауап зерттеу тәсілімен бірдей мәселелерді қамтиды.
- Реактивті әсерлерді есте ұстаған жөн, дегенмен асыра қолдануға болмады.
- Тақырыптық ынталандыру стандартталған бақылауда қолданылады, бірақ этикаға қатысты біршама күрделі қиындықтар туындатады.
- Стандартталған бақылауда кездесетін проблемалар, көбіне, мағыналық түсініктеме берудің қиындығы мен әрекеттерді тіркеп алуға тиісті үлгінің қолданылғанына сенімді болу тәрізді мәселелер аясында талқыланады.



Қысқаша шолу сұрақтары

Әлеуметтік іс-әрекетке сұрақ-жауап зерттеуін жүргізгенде кездесетін проблемалар

- Іс-әрекетті зерттеуге қатысты сұрақ-жауап зерттеуіндегі негізгі шектеулер қандай?

Іс-әрекетке неліктен бақылау жүргізбеске?

- Стандартталған бақылаудың негізгі сипаттамалары қандай?
- Сауалнама немесе стандартталған сұхбат тәсілдеріне қарағанда іс-әрекеттерді бақылау қаншалықты тиімді болып табылады?

Бақылау кестесі

- Бақылау кестесі дегеніміз не?
- «Бақылау кестесі өз бетінше толтырылатын сауалнамалар немесе стандартталған сұхбаттармен бірдей, тек сұрақ қоймауымен ғана ерекшеленеді». Осы пікірді талқылаңыз.
- Өзіңіз ұдайы араласып отыратын әлеуметтік өзара әрекеттестік саласында жеке бақылау кестесін жетілдіріңіз. Өзіңіз ұдайы байланыста болатын адамдардан кестеде көрсетілген жағдайларда қалай әрекет етуді дұрыс деп санайтынын сұраңыз. Ешнәрсе ұмытқан жоқсыз ба?

Іс-әрекеттерді бақылау стратегиялары

- Стандартталған бақылауда әрекеттерді жазып алудың негізгі жолдары қандай?

Іріктеме

- Стандартталған бақылаудағы негізгі іріктеме стратегияларын атаңыз.

Сенімділік және заңдылық мәселелері

- Стандартталған бақылауда сенімділік және заңдылық пікірлері стандартталған сұхбат және өз бетінше толтырылатын сауалнамада сұрақ қоюға қатысты мәселелермен қаншалықты ұқсас?
- Реактивті әсер дегеніміз не және стандартталған бақылау зерттеуінде неліктен маңызды рөлге ие?

Тақырыптық ынталандыру стандартталған бақылау тәсілінің бір түрі

- Тақырыптық ынталандыру дегеніміз не және олардың қолданысында қандай этикалық мәселелер туындайды?

Стандартталған бақылауға танытылған сыни пікірлер

- «Стандартталған бақылауда туындайтын негізгі проблема атқарылған әрекеттің астарында не жатқанын білуге мүмкіндік бермейді». Осы пікірді талқылаңыз.
- Стандартталған бақылау басқа әлеуметтік зерттеу тәсілдерімен бірге қолданылғанда тамаша нәтижелер береді деген пікірмен қаншалықты келісесіз?



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/


Стандартталған бақылау жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа веб сілтемелеріне жүгініңіз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

13-тарау

Мағыналық талдау

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	461
Зерттеу сұрақтары дегеніміз не?	464
Іріктеме жүргізу	467
Бұқаралық ақпарат көздеріне іріктеме жүргізу	467
Тиімді уақытты таңдап алу	468
Нені ескеру өте маңызды?	470
Тақырыптың маңызды нысандары	470
Сөздер	471
Субъекттер мен тақырыптар	474
Бейімділік	475
Кодтау	476
Кодтау кестесі	476
Кодтау нұсқаулығы	477
Кодтау кестесін толтыруда кездесетін кедергілер	482
Мағыналық талдаудың артықшылықтары	483
Мағыналық талдаудың кемшіліктері	487
Сұрақтар тізімі	488
Негізгі ұғымдар	489
Қысқаша шолу сұрақтары	489





Тараудың қысқаша мазмұны

Мағыналық талдау – жүйелі түрде және қалпына келтіруге болатындай етіп, алдын ала бекітілген категориялар тұрғысынан мәнмәтіннің неше категорияға бөлінетінін анықтай отырып, құжаттар мен мәнмәтіндерге (басып шығаруға немесе көзбен шолып шығуға болатын) талдау жүргізу тәсілі. Бұл көптеген сынама үлгілерін қолдануға болатын аса икемді тәсіл болып табылады. Белгілі бір дәрежеде мағыналық талдау әлеуметтік зерттеу тәсіліне жатпайды, себебі деректер жинақтау мақсатында емес, тек қана құжаттар мен мәнмәтіндерге талдау жүргізу мақсатында қолданылатын тәсіл. Дегенмен, талдау жүргізу ісінде айрықша тәсілдеме қызметін атқаратындықтан, көбіне әлеуметтік зерттеу тәсілі ретінде қабылданады. Осы тарау барысында қарастырылатын тақырыптар:

- Талдау тәсілі үйлесімді болып табылатын зерттеу сұрақтарының түрлері;
- Талдауға алынатын құжаттарға іріктеме жүргізу;
- Құжаттар мен мәнмәтіндердің қандай ерекшеліктері ескеріледі;
- Мағыналық талдау жүргізудің негізгі және ерекше кезеңі болып табылатын кодтау үдерісін жүзеге асыру;
- Мағыналық талдаудың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Кіріспе

Бұқаралық ақпарат құралдарында, мысалы газеттерде, Facebook жүйесінің қауіпсіздігіне немесе міндетті қаулыларына (басылымға тыйым салынған) арналған негізгі жаңалықтар тақырыбына қаншалықты қызығушылық танытылғанын немесе танытылған қызығушылықтың қандай сипат алғанын анықтауды көздегенімізді ойша саралап көрейік. Осы мақсатта мынадай сұрақтар туындайды:

- Осы тақырыпта жаңалықтар мақалалары алғаш қашан пайда болды?
- Тақырыпқа қызығушылық танытуда қандай газеттер жылдамдық танытты?

• Қай газеттерде тақырыпқа ерекше көңіл бөлінді?

• Тақырыпты талқылау қандай дәрежеге жеткенде бұқаралық ақпарат көздері қызығушылықты бәсеңдете бастады?

• Журналшылардың тақырыпқа қатысты көзқарастары – мысалы, анти Facebook пікірлеріне қарсы немесе анти міндетті қаулыларына қарсы – өзгерді ме?

Осы тәрізді зерттеу сұрақтарына жауап іздеген болсаңыз, оларға жауап беру үшін сізге мағыналық талдау тәсілін қолдану керек болады.

Мағыналық талдауға біршама анықтама берілген және олардың ішінен ең көп қолданылатыны:

Мағыналық талдау – ақпараттың анық мазмұнына объективті, жүйелі және сандық сипаттама беру үшін қолданылатын әлеуметтік зерттеу тәсілі (Берелсон, 1952: 18).

Осыған біршама ұқсас, жақсы мәлім тағы бір анықтама:

Мағыналық талдау – объективті және жүйелі түрде мәлімдемелердің белгілі ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылатын кез келген тәсіл түрі (Олсти, 1969: 14).

Берілген анықтамалардың екеуінде де объективтілік және жүйелілік сияқты бірдей екі қасиетке назар аударылған. Алдыңғы қасиеті – бақылау кестесі (12 тарау) тәрізді зерттеу құралнамаларында өңделмеген ақпараттарды (газет мақалалары тәрізді) категорияларға бөлу әдістеріне қатысты алдын ала жетілдірілген қағидалардың болатынын білдіреді. Сонымен, объективтілік өңделмеген ақпаратты категорияларға бөлу үдерісінде нақтылық бар екенін білдіреді және талдау жүргізетін қызметкердің талдау барысында қандай да бір ауытқу енгізуінің алдын алу шаралары жасалған. Мағыналық талдау қарастырылып жатқан тақырыптың қағидаларына бағынады. Жүйелілік қасиеті – қағидаларды қолдануда белгілі бір реттіліктің сақталатынын білдіреді, демек, қандай да бір бейімділіктің алдын алу шаралары қарастырылған. Осы екі қасиетіне сүйене отырып, кез келген адам қағидаларды қолданып, белгілі нәтижелерге қол жеткізе алады. Қол жеткізілген нәтижелердің талдаушы қорытындысына немесе талдаушының

жеке бейімдеулеріне байланысты болмауы – талдау үдерісі деп аталады. Әрине, тақырыптың қағидалары зерттеушінің танытып отырған қызығушылықтары мен қарастырып отырған мәселелеріне ықпал етуі мүмкін, бұған қоса олар субъективті бейімділіктің нәтижесі де бола алады, дегенмен негізгі назар аударатын жайт, егер талдауға тиісті қағидалар ұсынылған болса, ешқандай бейімділікке жол берілмей қолданыла алады.

Сондай-ақ, Берелсонның анықтамасында сапалық қасиеті жайлы да айтылған. Егер өңделмеген ақпараттың қағидаларға сүйене отырып категорияларға бөлуде сандық деректерге қол жеткізу көзделген болса, мағыналық талдау толықтай сандық зерттеу стратегиясымен қолданылады. Бейтарап қолданылатын жүйелі және объективті жалпы қағидаларымен қатар сандық ерекшеліктерге қатысты сипаттарды ескере отырып, кейбір деректерді жүйелі түрде және біршама сенімділікпен көрсете аламыз, мысалы, белгілі бір уақыт аралығында *Sun* басылымынан басқа кіші форматтағы газеттермен салыстырғанда, «*The Times*» және басқа да кең форматтағы басылымдар тәрізді бұқаралық ақпарат көздерінде АИТВС/АИТВ тақырыптары біршама ауқымды мөлшерде қамтылғанын және ерекше назар аударылғанын айта аламыз (Бихэрел, 1993).

Берелсонның анықтамасында берілген қалған екі элемент ерекшеліктерімен, әсіресе, Олстиге қарсы қолданылғанда таңғалдырарлық нәтиже береді. Біріншіден, Берелсон анықтамасында «анық мазмұны» жайлы айтқан. Демек, мағыналық талдау тақырыпта немесе сұрақта қарастырылып отырған нысанның айқын мағынасын, мәлім

анықтамасын береді. Олстидің анықтамасында мұндай сілтеме жоқ және ол «белгілі ерекшеліктеріне» ғана мағыналық анықтама беретінін айтқан. Соңғысы «жасырын мағына» деп атауға болатын, белгілі бір мазмұнның анық белгілері астарында жатқан басқа мағыналарын талдау үдерісіне жол ашды. Мұндай жасырын мағынаны ашу – мәлім анықтаманың астарында жатқан мағынаға түсініктеме беру дегенді білдірді, мысалы, АИТВС/АИТВ тақырыбын қарастыра отырып, автор гей қоғамдастық пен ондағы сексуалдық тәжірибелер немесе гетеросексуалдарды қамтитын басқа да кең мағынасының бар болуына назар аударғанын білдіреді. Кей жағдайларда мәнмәтінде екпін жасалған жайттардың бір-бірімен байланысатын айырмашылықтарды көруге болады (көбіне, кейбір сөздерге қатысты), осындай айырмашылықтарды мәнмәтінде қарастырылған тақырыптарда да кездестіруге болады, осының нәтижесінде тақырыпта қарастырылған бірнеше пікірлерге талдау жүргізу керек болады (Бирдзворт, 1980).

Олстидің анықтамасында қарастырылмаған, Берелсонның анықтамасындағы екінші элемент «ақпарат» сөзімен байланысты. Берелсон (1952) ақпараттық зерттеу бағытында кітап жазып шығарды және кітаптың аясында газеттер, теледидар және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары жайлы деректерді қамтыды. Олсти анықтамасында жалпылама түрде «мәлімдеме» деген сөзді қолдана отырып, мағыналық талдауды бұқаралық ақпарат және бұқаралық коммуникация құралдарымен ғана шектелмей, өте кең ауқымда қолданылатынына сілтеме берген. Мағыналық талдау стандартталмаған ақпарат түрлерінің көптеген тәсілдерінде, мы-

салы, жартылай стандартталған және стандартталмаған сұхбат тәсілдерінде (мысалы, Браймен, Стэфенс және А. Кампо, 1996), сонымен қатар ұйымдарға сапалық зерттеу жүргізуде де қолданылады (13.4 зерттеу нысаны). Және талдау жүргізу үшін ол құралдың баспа үлгісінде болуы шарт емес. Зерттеу жүргізуде: мынадай құралдар да қамтылды:

- әйелдерге және ерлерге арналған журналдарда дене бітімдерінің көріністері жайлы мәліметтердің әртүрлі ерекшеліктеріне суреттер (мәнмәтіндер) арқылы көзбен шолу жасау (Малкин және басқалары, 1999);
- анимациялық мультфильмдерде жыныстық айырмашылықтарға қарай рөлдердің бөлінуі (С. Н. Дэвис 2003; 7.7 зерттеу нысаны);
- радио және теледидардағы жаңалықтар бағдарламалары (мысал ретінде 13.1 зерттеу нысанымен танысыңыз);
- ханшайымның таққа отырғанда сөйлеген сөзі (Джон және Дженнингс, 2010) немесе Еуропа парламентіндегі сөздер (Прокш және Слапин, 2010) тәрізді сөз сөйлеу үлгілері;
- қазанама (Фоулер және Биелса, 2007);
- әйел адамдарды бейнелейтін танымал лирикалық өлеңдердегі өзгерістер (Маркик, 2000).

Алайда, мағыналық талдаудың негізгі қолданысы басылып шыққан ақпараттарды, соның ішінде құжаттар мен бұқаралық ақпарат көздерінің мақалаларын тексеруге ғана жарамды деген пікір күмән тудырады. Осыған орай, мағыналық талдау – мәнмәтінге талдау жасау үшін көптеген жылдар бойы жетілдірілген біршама тәсілдердің бірі деген қорытынды жасай аламыз (13.1 негізгі ұғымдарын қараңыз).



13.1 Негізгі ұғымдар

Мағыналық талдау дегеніміз не?

Мағыналық талдау дегеніміз – қарастырылып отырған тақырыпты алдын ала белгіленген категорияларға жүйелі түрде және қайтадан қалпына келтіруге болатындай етіп, мағыналық жағынан санын анықтау үшін құжаттар мен мәнмәтіндерге талдау жасау тәсілі.

Мағыналық талдаудың тиімділігін ақпараттың мазмұнына талдау жүргізетін басқа екі тәсілмен салыстырғанда көруге болады.

- *Семиотика*. **Таңбалардың**, нышандардың, визуалды бейнелердің әлеуметтік мәнін талдайтын ғылыми бағыт. Құжаттарға немесе басқа да құбылыстарға берілген мағыналарынан тыс, терең талдау жүргізуді қажет ететін тәсіл. **Семиотикс** – мағынаны қалыптастыру үдерісін ашумен және белгілі бір таңбалардың іс жүзіндегі және ықтимал қолданушыларға ықпал ету үшін қалай құрастырылып, жетілдірілгенін анықтаумен байланысты. Бұл тәсілді 23-тарауда толығымен қарастырамыз.
- *Этнографиялық мағыналық талдау*. Бұл терминді алғаш қолданысқа енгізген Алмейд (1996) және мағынаның жеке тұрғандағы және мәнмәтіндегі қолданысын қалыптастырған құрастырушының рөліне назар аудара отырып, құжаттарды талдау жүргізумен байланысты қолданылады. Кей жағдайларда бұл тәсіл *сапалық мағыналық талдау* деп те аталады. Этнографиялық тәсіл тәрізді анықтама берілген көптеген басқа тәсілдерде, талдау жасалатын нысанның (және одан туындайтын категориялардың) мәнмәтіндегі мағынасына жақсы түсініктеме берілгеніне қарай бөлінетін категорияларды сол берілген деректерден алуға епкін жасалады. Бұл тәсілді 23-тарауда толығымен қарастырамыз.

Осы тарау барысында «мағыналық талдау» терминінің қолданылуы сандық мағыналық талдаумен байланысты болмақ, яғни Берелсон (1952) мен Олсти (1969) анықтамасын беріп кеткен талдаудың алғашқы үш түрі қарастырылады.



Зерттеу сұрақтары дегеніміз не?

Барлық сандық зерттеулерде зерттеу сұрақтарын нақтылап алу өте маңызды, себебі осы зерттеу сұрақтарына қарай ақпарат көздері таңдалып алынады және кодтау кестесі жетілдіріледі. Егер зерттеу сұрақтары анық құрастырылмаған болса, сәйкес емес ақпарат көздеріне талдау жүргізу немесе кодтау жүйесінде негізгі көрсеткіштерді қалдырып кету қаупі бар. Көптеген мағыналық талдаулар зерттеу

сұрақтарын қалыптастыратын сияқты. 13.1 зерттеу нысанында берілген зерттеу «британиялық бұқаралық ақпарат көздерінде әлеуметтік ғылымдар зерттеулерін жариялаумен» байланысты. Шын мәнінде, бұл зерттеудің сізге аса қажеті болмауы мүмкін және бұқаралық ақпарат көздерін таңдап алуда ешқандай ерекшеліктерін көрсетпеуі немесе кодтау жүйесін дамытуға ешқандай пі-

кірлер қоспауы мүмкін. Дегенмен, басқа зерттеушілер сияқты Фентон және басқалары да (1998) кейбір зерттеу сұрақтарын ойларында қалыптастырып алған болатын, мысалы:

- Әлеуметтік ғылымдар зерттеулері қаншалықты көп жария етілген?

- Қандай да бір бұқаралық ақпарат көзі әлеуметтік ғылымдар зерттеулерін жариялауда басқаларымен сәйкес емес көрсеткіштер береді ме?

- Әлеуметтік ғылымдар зерттеулері қандай жерлерде орналастырылған (мысалы, жалпы жаңалықтармен бірге емес, арнайы ерекшеліктеріне қарай орналас-тыру)?

- Кейбір тақырыптар басқаларына қарағанда ерекше назарға ілінген ба?

- Әлеуметтік ғылымдардың кейбір салалары бұқаралық ақпарат көздерінде ерекше ықпалға ие болды ма?

- Бұқаралық ақпарат көздерінде қандай да бір әлеуметтік зерттеу тәсілі қолданылған зерттеулерді жариялау бейімділігі байқалады ма?

- Әлеуметтік ғылымдар зерттеулерін жариялауға не ықпал етеді?

- Қандай да бір дәрежеге жеткен зерттеушілердің (мысалы, профессорлар) немесе белгілі бір мекемелердің зерттеушілерінің зерттеулері басқаларына қарағанда көбірек жария етіледі ме?

Мұндай сұрақтар кім (жария етті), не (жария етілді), қай жерде (мәселелер жария етілді), орналасуы (талдау жүргізілген нысандардың қақмтылуы), қанша (жария етілді), неге (мақала жария етілді) деген сұрақтар айналасында құрастырылған тәрізді.

Басқа да көптеген мағыналық талдауларда орын алатын қателік тәрізді, осы жерде де зерттеушілер шын мәнінде, нені жария ететінін танытуды ұмытып кеткен сияқты. Мысалы, зерттеушілердің

дәрежелері мен әлеуметтік зерттеу тәсілі жайлы деректер көбіне ескерілмей қалып жатады. Осындай қалып кететін деректер өз алдына бір қызық жағдай болып табылады, себебі баяндаушылар мен баспалар үшін неге аса көңіл бөлініп және неге аса көңіл бөлінбегені білініп қалады.

Мағыналық талдауда тағы бір мәселені зерттеушілер әлеуметтік ғылымдар зерттеулерімен байланысты емес бағытта жиі кездестіреді.

Тақырыпты толықтай қарастыру уақыт өте келе қаншалықты өзгеріске ұшырайды?

Мұндай сұрақтар, әсіресе, бұқаралық ақпарат көздерінің бір тақырыпқа қызығушылық танытуларын әп-сәтте өзгертіп жіберуге, тақырыптарды жиі алмастыруға бейімділігіне назар аударып отырған зерттеушілер тарапынан көп қойылады. Сұрақтардың осы түріне мысал ретінде Миллер мен Рэйлидің (1995) британиялық газеттердің «азық-түлік дүрбелеңі» тақырыбын қаншалықты қамтығанына жүргізген зерттеулерін жатқызуға болады. Олар Британия Үкіметі министрінің мәлімдемесінен кейін және осы мәлімдемеден туындаған пікірталастар нәтижесінде орын алған жұмыртқаның құрамындағы сальмонелла жайлы дүрбелең орнатқан мақалалар, 1988 жылдың желтоқсан айында жиырма күндей бұқаралық ақпарат көздерінен сальмонелла тақырыбының түспегенін көрсетті. Осыдан он бір ай бұрын сальмонелла жайлы мәліметтер жаңалықтарда өте сирек кездесетін болса, 1988 жылдың желтоқсанында осы оқиға орын алғаннан кейін сальмонелла жайлы мақалалар тіптен азайып кеткен. Келесі төрт жылдан кейін бұл тақырып жайлы мүлдем жазылмайтын болған. Денсаулық сақтау мекемелері тарапы-

нан сальмонелланың адам ағзасына зияны артып бара жатқанына дәлелдер келтіргенімен, бұл тақырып одан әрі газеттер мақалаларында өте сирек қамтылатын болды. Осыған ұқсас, Би-

рель де (1993) британиялық газеттерде АИТВС/АИТВ жайлы тақырыптардың 1988-1991 жылдар арасында қаншалықты белсенді немесе аз қамтылғаны жайлы салыстырмалы зерттеу жүргізді.



13.1 Зерттеу нысаны

Мағыналық талдау тәсіліне мысал: британиялық бұқаралық ақпарат көздерінде қамтылған әлеуметтік ғылымдар зерттеулері

Фентон және басқалары (1998) британиялық бұқаралық ақпарат көздерінде жария етілген әлеуметтік ғылымдар зерттеулерінің саны мен тақырып ерекшеліктеріне мағыналық талдау жасай отырып зерттеу жүргізді. Бұқаралық ақпараттардың 1994 жылдың 26 мамыры мен 1995 жылдың 31 наурызы аралығында сексен бір күн іріктеп алынды. Авторлар былай деп баяндайды: «әлеуметтанушының жүргізген зерттеуі, ішкі немесе сыртқы ғылыми мекемелер тарапынан жүргізілген түпнұсқа зерттеуі жайлы жазған кез келген бұқаралық ақпарат көзіне және осы әлеуметтік мәселелерге байланысты әлеуметтанушылардың (тақырыпқа қатысты жазғандары арқылы анықталды) берген қандай да бір түсініктемелеріне код беріліп отырды (Фентон және басқалары 1998: 24).

Бұқаралық ақпарат көздеріне мына тізімге орай бақылау жүргізілді:

- 12 ұлттық газет, олардың ішінде 6 ірі масштабты және қалған 6 аз масштабты; 12 газеттің 5 жексенбілік газеттер болды;
- 4 жергілікті, олардың ішінде Ноттингем мен Манчестердің 1 ақылы және 1 тегін таратылатын газеті;
- 5 журнал, олардың ішінде 2 аптада бір рет шығарылатын әйелдерге арналған журнал, 2 айда бір рет шығарылатын әйелдерге арналған журнал және 1 айына бір рет шығарылатын ерлер журналы;
- Барлық төрт эфирлік теледидар станцияларының жүйелерін қамтитын 13 ұлттық және жергілікті жаңалық бағдарламалары;
- 6 апталық журналисттік зерттеу/әлеуметтік жаңалықтар жайлы теледидар бағдарламалары;
- 5 апталық/күндік теледидардағы сұхбаттар/журналдардағы мақалалар;
- Біршама сәйкес деп табылған кез келген арнайы прайм-тайм теледидар бағдарламалары;
- Тікелей эфирдегі екі ұлттық радио, Радио 4 және Радио 5 арналарындағы жаңалықтар;
- 9 ұлттық радио, 4 журналисттік зерттеу/әлеуметтік сала баяндамалары /студиядағы ток-шоулар мен журналдағы бағдарламалар;
- BBC Radio Nottingham және BBC GMR аймақтарының радио жаңалықтары;
- BBC GMR Talkback жергілікті радиосындағы ағымдағы талқылаулар.

Олар зерттеулер жайлы мәліметтер берген 466 жағдайды анықтады. Әрі қарай әлеуметтанушылар өз істерін жетік білетіндерін таныта отырып, 126 жаңалықтар нысанына кодтар берді. Зерттеушілер талдау жұмыстарында көбіне, «білімпаз қасиеттерін» қолданды десек болады, себебі жаңалықтарда қамтылған әлеуметтік зерттеулер сипаттаған нысандар саны олар болжағаннан да аз болды.

Жаңалықтарда қамтылған әрбір нысан өзінің ерекше сипаттарына қарай, кодталып отырды, мысалы:

- Нысан жайлы хабардар еткен БАК (мысалы, газет немесе теледидар бағдарламасы);
- Зерттеу тақырыбы;
- Жаңалықтарда орын алған әлеуметтік ғылымдардың саласы;
- Нақты әлеуметтік ғылымдардың саласы аталмаған болса, «ықтимал саланы» көрсету;
- Зерттеушінің ғылыми дәрежесі;
- Қолданылған негізгі әлеуметтік зерттеу тәсілі.



Іріктеме жүргізу

Мағыналық талдау тәсілі бірден әртүрлі құжаттар түрлеріне қолданылатындықтан іріктеме жүргізу ісі бірнеше кезеңнен тұрады. Келесі тақырыпта бұқаралық ақпарат көздеріне іріктеме жүргізуді талқылайтын боламыз. Дегенмен, негізгі қағидалар мағыналық талдау жүргізудің кең ауқымды қолданысына барлық мүмкіндіктерді тудырады.

Бұқаралық ақпарат көздеріне іріктеме жүргізу

Бұқаралық ақпарат көздері жайлы көптеген зерттеулер қалыптасқан мәнмәтіннен тұрады деуге болады, мысалы, «Х тақырыбының бұқаралық ақпарат көздерінде жария етілуі». Х тақырыбына кәсіподақтар, азық-түлік дүрбелеңі, қылмыс, мас күйінде көлік жүргізу неме-

се әлеуметтік ғылымдар зерттеулері жатуы мүмкін. Осы арада, тексеру үшін қандай бұқаралық ақпарат көзіне назар аудару керек деген сұрақ туындайды. Газеттер, теледидар, радио, журналдар немесе басқа қандай дерекнама көзі болуы мүмкін? Егер газеттерде таңдайтын болсақ, барлық газеттерді қарастырамыз ба, әлде аз масштабты немесе ірі масштабты газеттерді іріктеп қарастырамыз ба? Егер әртүрлі масштабтағы газеттерді қарастыратын болсақ, барлық газеттерді аламыз ба немесе жексенбілік газеттерді тізімнен алып тастаймыз ба? Және егер жексенбілік газеттерді қоса отырып, іріктеме жасайтын болсақ, жергілікті газеттер мен ұлттық газеттер арасында немесе екеуін де қарастыратынымыз жайлы таңдау жүргізуіміз керек болады. Тегін немесе ақылы таратылатын

газеттерді де ескерген жөн. Егер газеттерді алатын болсақ, барлық жаңалық нысандарына талдау жүргізу керек пе, мысалы, редакторға арналған тақырыптық мақалалар немесе хаттарды да талқылауға аламыз ба деген көптеген сұрақтар легі туындайды.

13.1 зерттеу нысанында баяндалған зерттеуде бұқаралық ақпарат көздерінің көптеген түрлерін таңдаған, себебі авторлар оларға керек мақаланың (әлеуметтік ғылымдардың зерттеулерін қамтитын жаңалықтар) көбіне қай ақпарат көзінде көп қамтылатынын анықтай алмады. Көптеген жағдайларда, зерттеушілер бір немесе екі ақпарат көзін таңдап алады және сол сала немесе салалар арасында іріктеме жүргізеді. Биарель (1993) британиялық бұқаралық ақпарат көздерінің АИТВС/АИТВ жайлы мақалаларды жариялауы жайлы зерттеуінде 1988 жылдың қараша айынан 1991 жылдың тамыз айына дейінгі барлық ұлттық және ұлттық жексенбілік газеттерді қарастырды, нәтижесінде 4000 жаңалықтар іріктеліп алынды.

Тиімді уақытты таңдап алу

Кей жағдайларда, тиімді уақыт аралығын алу жайлы шешім азды-көпті құбылыстың жүзеге асу шарттарына байланысты. Мысалы, Блиг және басқалары (2004) Вебердің (1947) үйірімпаз жетекші өзін көбіне дағдарыс кезінде жақсы танытады деген ұсынысын тексеруге қызығушылық танытты. Олар 2001 жылдың 11 қыркүйегінде №73 ұшағының Әлемдік сауда үйіне, Пентагонға террористік акт жасағанға дейінгі және террористік актіден кейінгі

Президент Джордж В. Буштың сөйлеген сөздеріндегі шешендік өнерін тексеріп қарады. Нәтижеде олар, террористік актіден бұрын оның үйірімпаздығы сөз сөйлеу шешендігінде ғана емес, оның бұқаралық ақпарат көздерінде харизматикалық түрде көрінуімен білініп тұрғанын анықтады. Осы мысалда, негізгі уақыт мерзімі ретінде 9/11 ерекше назар аударылған, дегенменде мағыналық талдауды қай кезде тоқтау керектігі жайлы шешім қабылдау керек болады, себебі сөз сөйлеу шешендігі мен бұқаралық ақпарат көздерінде харизматикалық түрде көрінуіне бақылау жүргізу тым ұзақ мерзімдерге созылатыны анық. Сондықтан сөз сөйлеу шешендігіне соңғы тексеру 2002 жылдың 11 наурызындағы сөздеріне жүргізіліп, дағдарыстан кейін үйірімпаздық белгісі қаншалықты ұзаққа созылатыны жайлы қызықты мәселені алға тарты.

Әлеуметтік ғылымдардың зерттеулерін немесе қылмыстық жаңалықтарды ұсыну тәрізді ағымдағы жалпы құбылысқа байланысты зерттеу сұрақтарында уақыт мәселесі біршама кең көлемде қарастырылады. 8-тарауда айтылып кеткен ықтимал іріктеме қағидалары осындай зерттеулерде уақытқа іріктеме жүргізу үшін – бірден-бір таптырмас құрал болып табылады. Мысалы, аптаның бір күнін кездейсоқ іріктеме арқылы таңдап алып, тиімді мерзімді жүйелі іріктеме арқылы құрастыруға болады, осылайша әрбір п күнді іріктеп алуға мүмкіндік туады. Баламалы түрде, бірінші аптада дүйсенбілік газеттерге шолу жасалса, келесі апта сейсенбілік газеттерге, одан кейінгі апта сәрсенбілік газеттер деп, газеттер арасында жүйелі түрде іріктеме жүргізуге болады.



13.2 Зерттеу нысаны

Кездесуге шақыру

Джаггер (1998) екі шотландиялық газетке және британиялық оқырмандар арасында жалпы көп оқылатын екі газеттегі 1094 кездесуге шақырған жарнамаларға мағыналық талдау жүргізгені жайлы жазды. Жарнамалар 1996 жылдың наурыз айы мен 1996 жылдың мамыр айы аралығында төрт апталық мерзіммен екі рет іріктеліп алынды. Зерттеу мына үш негізгі сұраққа негізделіп жүргізілді:

- Әйелдер мен ерлер ерекшелік пен айқын сипаттарын көрсетуде өмір салтын таңдау және қалауларына қаншалықты мән береді?
- Ерлер мен әйелдердің өздеріне баға берулері арасында және өздерінің серіктестерінің дене бітімі жағынан қандай тұлғада болуын ашық айтуларына қарай қаншалықты айырмашылық бар?
- «Ерлік пен нәзіктік арасында дәстүрлі таптаурындар осы күнге дейін қаншалықты ескеріледі» (1998: 799)?

Джаггер жыныстық айырмашылыққа қатысы жоқ өмір салты, тенденциялары тәрізді шарттарға қарай өздеріне баға беретін жарнама берушілердің саны жағынан біршама алды екенін анықтады. Экономикалық және басқа да қорлар көздерінің маңыздылығына ер адамдарға қарағанда әйел адамдар көбірек екпін жасағанын да байқады. Сонымен қатар әйел адамдар өздерін дене бітімі жағынан да асыра бағалауға бейім екендері де байқалды. Алайда, ерлер өздерін тек қана «сымбатты» деп қана баға беруге тырысқан, мұның себебіне дене бітімінің мүсінді пішіні қазіргі таңда екі жыныс иелерін де таңғалдырмайтынын ескерген болуы керек деген пайымдау айтылды. Джаггер сонымен қатар ерлер өз жарнамаларына «нәзіктік» сипат беруге тырысса, әйелдер «батылдық» терминдерін қолданғанына мән беріп, біршама қызық деректерді алға тартты. Заманауи қоғамда ерлер мен әйелдердің тұлғалықты қалыптастыруда дене бітіміне аса көңіл бөлетіндерін анықтады. Кейінгі басылымында, Джаггер (2005) дәл осы кездесуге шақырған жарнамалар іріктемесі арасында өзін-өзі таныстыруда тұтынушылық мәдениеттің қаншалықты ықпал еткеніне зерттеу жүргізді. Нәтижеде қалай таныстыру және жас айырмашылығы жағынан ерлер мен әйелдер әртүрлі көзқарастар танытқанын көрсетті.

Ең маңызды бір фактор – мәселенің қалай жүзеге асқанын көрсетуге назар аударатыны, зерттеуші кез келген уақыт аралығынан бастап және қай уақытқа дейін тексеру керектігіне шешім қабылдауы керектігін немесе кері бағытта жүріп, бұқаралық ақпарат көздерінен бір немесе бірнеше уақыт аралығын алып, өткенде орын алған мәселенің қалай жүзеге асқанын көрсетуге назар аудару керектігін анық-

тау. Мысалы, Джаггер (1998) ерлер мен әйелдердің кездесуге жарнама беруде өздерін таныстыру үлгісінде ерекше өзгерістердің орын алып немесе өзгеріссіз қалғанын анықтауға ниет білдірді (13.2 зерттеу нысанын қараңыз), сондықтан оған біршама бұрын берілген жарнамалар легін, мысалы он, жиырма жыл немесе одан бұрын берілген жарнамаларды қарастыру керек болды. Уорд (1997) әйелдерге арналған журнал-

дарда тағамдар бөлімінде тағамдарды ұсынуда орын алған өзгешеліктерге (қандай тағамдар жеу керек және қалай жеу керек) назар аударды. Осыған орай ол былай деп жазады:

Түпнұсқа ретінде әйелдер арасында көп оқылатын апталық бес журналды және айлық бес журналды таңдап алдым және екеуінің де 08.1967-02.1991 жылдар аралығында он екі айлық басылымдарын алдым. Журналдар әрбір жылдың қараша, ақпан, мамыр, тамыз айларының ортасынан бастапқы басылымдарынан іріктеліп алынды, осылайша тағамдаға қатысты орын алатын маусымдық өзгерістерді де ескердім. Таңдап алынған журналдар арасынан жүйелі түрде рецепттерді жазып алдым. Бастапқы жылдардың басылымдарынан 114 рецепт жазып алсам, соңғы жылдарғы басылымдардан 124 рецепт алдым, олар кездейсоқ іріктеу тәсілімен таңдалып алынғандықтан рецепттер мен уақыт өте келе орын алған өзгерістер жайлы жалпы түсінік қалыптастыруға жеткілікті еді (Уорд 1997: 44-5).

Осы үзіндіден үш көзқарас алға шығады. Біріншісі, өткен уақытта бұқаралық ақпарат көздерінде басылып шыққан мақалаларды талдау арқылы өзгерісті анықтау мүмкіндігіне қатысты мәселе туындайды. Екіншіден, Уорд төрт түрлі журналды таңдап алып және олардың әрқайсысына екі рет, он екі айлық басылымдарына тексеру жүргізілгенін, нәтижелерге ықпал етпеуі үшін маусымдық өзгеріс факторларын да ескергені жайлы жазған, осылайша журналдардың дұрыс іріктеп алынғанына кепілдік беруге тырысқан. Егер ол қараша айынан бастапқы басылымдарды таңдап алғанда Рождество діни мейрамы қарсаңында кейбір тағамдарды, әсіресе, жемістерді жазғы айларға қарағанда табу біршама қиындық тудыратыны анық. Төрт түрлі мерзімді таңдай отырып, осындай ықпалдардың алдын алу шаралары жасалды. Үшіншіден, рецепттердің таныстырмалы түрде қолданыла алатынын және жүйелі іріктеме түрінде кездейсоқ іріктеу арқылы нәтижелерді жалпылама ұсынуға қатысты анық мәселенің бар екені ортаға шығады (8-тарауды қараңыз).



Нені ескеру өте маңызды?

Мағыналық зерттеу барысында нені ескеру керектігі жайлы сұрақ, әрине, қарастырылып отырған тақырыпқа немесе сұраққа байланысты, сондықтан мағыналық талдау әртүрлі «талдау жүйелерін» ұсынады. Төменде көп қолданыстағы талдау жүйелерінің түрлерін қарастыратын боламыз және олар талқылауға алынатын барлық объектілерге нұсқаулық ретінде қолдануға жарамды. Дегенмен, шын мәнінде, нені

талдауды *қалауыңыз* немесе нені талдау *керектігі* жайлы мәселеде шешімді зерттеу сұрақтарына қарай қабылдау керек болатынын естен шығармаңыз.

Тақырыптың маңызды нысандары

Бұқаралық ақпарат көздерінің мақалаларының мәнмәтінінде кездесетін негізгі фигура және оның сипаттарына

кодтар беріледі. Мағыналық талдау ба-
рысында тіркелген мына бір мысалға
назар аударайық:

- Бұл мақаланы жазған кім (мыса-
лы, қатардағы маман немесе арнайы
жаңалықтар жазатын маман)?

- Мақалада басты назарға алынған
кім немесе кімдер (мысалы, саясат-
кер, сарапшы, үкімет баяндамашысы,
ұйымның өкілі)?

- Баламалы пікір танытқан кім (мыса-
лы, саясаткер, сарапшы, үкімет баянда-
машысы, ұйымның өкілі немесе көшеде
кездестірген адам)?

- Мақала қандай түрде берілген (мы-
салы, сұхбат, соғыс әрекеттері немесе
министрдің ауруханаға баруы тәрізді
оқиғалар жайлы репортаж)?

Әлеуметтік ғылымдар зерттеулерінің
бұқаралық ақпарат көздерінде жария
етілуі жайлы зерттеуде (13.1 зерттеу ны-
саны) мағыналық талдау жұмысында
маңызды қатысушылар қамтылды:

- Мақаланың авторы (мысалы, кор-
респондент);

- Мақаланың түрі (мысалы, басылып
шығатын болса, жалпы мақала түрінде,
тақырыптық мақала немесе басқаша
түрде);

- Мақалада көрнекті зерттеуші жайлы
мағлұмат беру (мысалы, жеке тұлғалық
деректері, дәрежесі және зерттеуде зерт-
теуші ретінде немесе жетік білетін ма-
ман ретінде жұмыс атқарды ма);

- Мақаланың туындауына не себеп
болды (мысалы, баяндаманың жарық
көруі, жаңа зерттеуге немесе конферен-
ция құруға танытылған ниет);

- Зерттеуге негізгі түсінік беруші
(егер қарастырылған болса) жайлы де-
ректер;

- Тағы басқа қатысушылар.

Осындай деректерді жазып алудың
негізгі мақсаты – сол тақырып бо-
йынша мақалада жазылатын ең негізгі
қатысушыларды белгілеп алу және
қоғамның қабылдауына оңай болатын-
дай етіп ақпарат жетілдіру жолдарын
көрсету.

Сөздер

Жалықтыратын болып көрінгенімен,
мағыналық талдауда кейбір сөздердің
қаншалықты жиі қайталанатыны да
қарастырылады. Дегенмен, бір сөз-
дің басқалармен салыстырғанда жиі
қолданылуы, көбіне, біршама маңыз-
ды болуы мүмкін, себебі бұл белгілі
бір оқиғаға ерекше көңіл аударуға
бейімдейді. Мысалы, Даннинг және
басқалары (1988) британиялық бұқа-
ралық ақпарат көздерінде 1960 жыл-
дарының аяғында футбол жарыста-
рында орын алатын тәртіпсіздіктерге
дүрліктіре назар аударған тенденциясы
жайлы жазды. «Бұзақы» және «дөркі»
тәрізді эмоциялық сөздерді «соғыс»
сөзімен бірге қолдана отырып, асыра
назар аударуға тырысқан. Дегенмен,
осыншама өткір емес сөздерді қолдану
біршама дұрыс болар еді. Себебі, футбол
жарыстарындағы бұзақылық жайлы осы-
лайша асыра суреттеу нәтижесінде, Коэн
(1973) айтып кеткен «моральдық үрей»
калыптасты. Даннинг және басқалары
осындай жаңалықтар мақалаларына
мағыналық талдау жүргізбегендіктен,
олардың талдауларында кейбір сөздер
қамтылып, ал кейбіреулері назардан
тыс қалған. Джаггердің (1998) кезде-
суге шақыру жарнамаларын талқылау
зерттеуі (13.2 зерттеу нысанын қараңыз)
адамның ерекшеліктеріне талап етуде
«сымбатты» және «темекі шекпейтін»
сөздерінің жиі кездескенін анықтады.

Кейбір сөздердің қайталануына жүргізілген зерттеуде орын алатын айырмашылық – негізгі сөздердің басқа сөздермен байланысын тексерумен байланысты орын алады. Хансен (1995) малдың кеуекті энцефалопатиясы (мысалы «сиырдың құтыруы») жайлы баяндамаларға жүргізген зерттеуінде қызықты мысал келтіріп, оны «Today» газетінде жария етті. Оның байқауынша МКЭ жайлы жаңалықтарда көп қолданыстағы маңызды, мысалы «сиыр еті», «тамақ», «ет», «фунт стерлинг», «Үкімет», «тыйым» тәрізді сөздер көп кездеседі. Бұл сөздердің жеке қолданылмай, кей жағдайларда «құтырған», «сиыр», «ауру» сөздерімен бірге қолданыла отырып, қолданыс жиілігі арта түскеніне Хансен (1995: 159) «мұндай сөздерді қолдану мынадай белгілерді анық көрсетіп тұр: (1) аурудың Британияда тамақтың негізгі құрамына төндіретін қауіптері; (2) бағаларға деген алаңдаушылық және (3) осыған орай Үкіметтің қандай шаралар

атқарып жатқанын немесе атқаратынын көрсетеді»,– деген тұжырымдама жасады. Осындай негізгі сөздердің сөз тіркесіне айналуын тексеру көптеген тақырыптық талдауларға (төменде «Субъектілер және тақырыптар» тақырыбын қараңыз) жол ашады. Сонымен қатар Хансен кейбір сөздердің жиі қайталануы бірнеше «қисынды сөздердің» түрлерін ортаға шығаратыны жайлы да мәлімдеді. Мысалы, ол МКЭ ауруының *тарауына* байланысты кейбір қисынды сөздердің (мысалы, жұқпалы, жұқтыру, тарату және т.б.) және қауіп пен қатерді сипаттайтын қисынды сөздердің (мысалы, қауіпсіздік, қатер, қорқыныш, қауіп және т.б.) қолданылғанын анықтады. Ұсыныстар мен қорытындылар, «Электрондық жаңалықтарда сөздерді санау» тақырыбында талдаудың осы түрін электрондық газеттерде қолдану туралы жазылған. Сонымен қатар сөздердің маңыздылығы жайлы кейбір мысалдарды 13.3 зерттеу нысанынан оқи ала-сыздар.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Электрондық жаңалықтарда сөздерді санау

Баспа бұқаралық ақпарат көздерінің ҚД-ҰЗСҚ мен электрондық дерекнама тәрізді электрондық түрде қолжетімді болуының артуымен мәнмәтіндегі сөздерді табуға және олардың санын есептеуге біршама қолайлық тудырып отыр. Көптеген Ұлыбританиялық және шетелдік газеттерге олардың ресми веб-парақтары арқылы электрондық түрде қол жеткізуге болады немесе мына сілтеме арқылы Онлайн британиялық бұқаралық ақпарат көздерінің веб-парағынан таба аласыз: www.wrx.zen.co.uk/britnews.htm (2010 жылдың 7 қазанынан бастап қолданыста).

Бұл сілтеме жаппай қамтылған әртүрлі электрондық газеттердің сөре алаңы ретінде қызмет атқарады. Жеке газеттердің мақалаларында негізгі сөздерді немесе фразаларды іздеп табуға болады. Бұл веб-парақты қолдану үшін, әсіресе, университетіңізден немесе колледжіңізден тыс жерден байланысуды қалайтын болсаңыз, сізге құпия сөз қажет болады (мысалы, Athens сәйкестендіруі).

Кейбір қарапайым талдаулар LexisNexis қолдауы арқылы жүзеге асырылады. Бұл дерекнамада газеттердің ауқымды бөлігінің мақалалары қамтылған. Мысалы, Бирдсуорд және Браймен (2004) 1985 жылынан бастап 2002 жылына дейінгі деректерден Кәсіби Lexis Nexis бағдарламасын қолдана отырып, малдың кеуекті энцефалопатиясы, МКЭ, КЯА тәрізді кілтсөздерді алып, МКЭ-мен байланысты мақалаларды іздеген. Олар осы кілтсөздердің кем дегенде, біреуі қолданылған баяндамаларды қарап шықты және 1990 жылдың басында бұл тақырыпқа қатысты бұқаралық ақпарат көздерінде өте аз мөлшерде баяндамалар жарық көрген болса, 1990 жылдың ортасынан кенет «жоғарылап» барлығының назарында болғанын және біраз уақыт өткеннен осы тақырыпта талқылаулар қайтадан тынышталып қалғанын анықтады. Осыған орай сиыр еті мен бұзау етін тұтыну Британияда сәйкес нәтиже бергенін де көрсетті. Осы мақала сөздерді қарапайым түрде санау немесе іздеп табуға бірден-бір мысал бола алады және бұқаралық ақпарат көздерінің электрондық дерекнамасы (осы қарастырылған жағдайда желідегі дерекнама алынды) қолжетімді болса, бұл үдерістің өте тиімді және оңай екенін көрсетеді. Алайда, LexisNexis бағдарламасын қолдануда біраз сақтық керек. Дикан (2007) осыған орай механикалық түрде қолданудың бірнеше кемшіліктерін атап көрсетті. Мысалы, мақалаларға көзбен шолу жасау мүмкіндігі қарастырылмағандықтан және жаңалықтардың тақырыптары қысқартып берілетіндіктен қажетті ақпаратты өткізіп алу мүмкіндігі басым.



13.3 Зерттеу нысаны

Кілтсөздерге компьютерлік талдау

Сиил және басқалары (2006) Ұлыбританияның ең танымал екі веб-парағында желідегі форумдарда бір күннің ішінде (2005 жылдың 20 сәуір) омырау және простатит қатерлі ісіктері жайлы жазылғандарға зерттеу жүргізгендерін баяндайды. Бұл зерттеуде кілтсөздер ретінде антологияда басқаларына қарағанда ерекше жиі қолданылатын сөздер алынды. Осы жағдайда Сиил мен оның қызметтестері простатит қатерлі аурулар жайлы жазылғандармен салыстырғанда, көбіне, омырау қатерлі ісігіне қатысты жазылған кілтсөздердің жиілігіне аса назар аударды. Кілтсөздерді іздеу арнайы Wordsmith бағдарлама арқылы жүзеге асырылды: www.lexically.net/wordsmith/ (2010 жылдың 11 қазанынан қолданысты).

Сиил және басқалары (2006: 2582) одан әрі «осы сандық мәліметті қолданып, кілтсөздермен байланысқан сөз топтарының мағыналарына мән бере отырып, түсініктеме беретін және сапалық талдау жұмыстарын оңай жүзеге асырдық» деп жазады. Осылайша, Сиил және оның қызметтестері сөздерге сапалық талдау жүргізе отырып, сөздердің арасындағы байланысқа тереңдете сапалық зертеу жүргізу үшін бастау ретінде қолданды. Омырау қатерлі ісігін талқылайтын әйелдерге қарағанда простатит қатерлі ісігі бар ерлер көбіне зерттеумен байланысты сөздерді қолдануға бейім болды, мысалы, зерттеу – зерделеу, ем қабылдау - радикалды простатэктомия, тестілеу және диагноз қою – биопсия. Керісінше, әйелдер сезімталдықпен (мысалы, қорқыныш) және адамдармен (мысалы, жанұя) және «асырмалы шырғайға» (мысалы, «ғажап») қатысты сөздерді көбірек қолданатыны анықталды.

Соңғы зерттеуінде, 2005 жылдың сәуірінде омырау қатерлі ісігі, простатит қатерлі ісігі және жыныстық денсаулыққа қатысты ғаламтор форумдарында жазылғандарға тағы да сондай аналитикалық тәсіл арқылы талдау жүргізілді (Сиил және басқалары, 2010). Талдау нәтижелері қатар жүргізілген омырау қатерлі ісігі, простатит қатерлі ісігі бар адамдардың тәжірибелерімен бөліскен және өздерінің жыныстық денсаулықтары жайлы мәлімет берген сапалық сұхбат нәтижелерімен салыстырылды (жалпы 140 сұхбат алынды). Авторлар өздері атап айтқандай, екі әлеуметтік зерттеу тәсіліндегі «бағыттар» әртүрлі. Сұхбат барысында қатысушылардан ауруға қатысты тәжірибелерімен бөлісіп, ауызша әңгімелеп берулеріне өтініш білдірілген, сондықтан олардың өткендегі тәжірибелеріне ерекше екіпін жасалған. Денсаулық пен ауру жайлы зерттеулердің ерекшеліктеріне **әңгімелік талдау** және «ауру жайлы әңгімелер» (24-тарауды қараңыз) арқылы ықпал ете отырып назар аударылған. Ғаламтор арқылы мәліметтерді жария ету – ақпаратпен алмасу және қолдау көрсетумен тең, сондықтан ауру жайлы тікелей тәжірибелермен бөлісуге мүмкіндік қарастырылған. Сиил және басқалары осылайша ғаламтор желісінде жазылғандар ауру жайлы мәліметтер жинауға, тәжірибелермен бөлісуге тиімді қолданыс түрі деп тапты және бұл зерттеушілердің араласуынсыз орын алатын құбылыс. Ғаламтор желісінде жазылғандар игерусіз, яғни бақылауға алынбайды және науқастың тәжірибесіне орай көптеген мәселелерді талқылау немесе жаңадан тақырып ашу еркіндігі де қарастырылған (мысалы, омырау қатерлі ісік ауруына шалдыққандар жазғандарында шоколад тақырыбын жиі талдайды), сонымен қатар сұхбат алушының ықпалы да біршама байқалды (мысалы, «қатынас» немесе «қатынастар» сөздері 622 рет қолданылды). Авторлардың айтуынша, зерттеушілер науқастардың аурулары және кейбір мәселелер жайлы әңгімелерін іздей отырып, аурудың тікелей қалай өрбігені жайлы мәлімдеулерге кедергі келтіреді, алайда, тиісті деректермен қамтамасыз ету үшін тексеру – ғаламтор жазбаларында кездеспейтін амал. Сиил және басқалары сұхбатта толықтай шындық баяндалғаны күмән тудыратын сезімтал тақырыптарда ауру жайлы деректер көзі мінсіз емес екенін білдіре отырып және іріктемеге кеткен уақыт пен құн шығындарын, сапалық сұхбатты дайындау, жүргізу, жазып алумен байланысты басқа да шығындарды ескеретін болсақ, ғаламторда ауру жайлы жазылған пікірлер біршама салмақты мәселелерді ортаға шығарады.

Субъекттер мен тақырыптар

Мағыналық талдауда зерттеушілер, әсіресе, зерттеуге алынып отырған феномен немесе қызығушылық танытып отырған феномен категорияларға бөлінген болса, көбіне, мәнмәтінді белгілі бір субъектілер мен тақырыптарға орай кодтауды дұрыс көреді. Мысалы, британиялық бұқаралық ақпарат көздерінде әлеуметтік ғылымдар зерттеуінің жариялануына жүргізілген мағыналық талдау жұмысында Фентон және басқалары (1998) жария етілген

зерттеу тікелей қатысты әлеуметтану ғылымының негізгі пәнін жүйелеп көрсетуге тырысты (13.1 зерттеу нысаны.). Жүйелеуге қатысты әлеуметтану ғылымдарының әлеуметтану, әлеуметтік саясат, экономика, психология, бизнес және басқару, политология және сала аралық сияқты жеті түрі қарастырылды. Әлеуметтану ғылымдарының басқа пәндері бойынша жүргізілген зерттеулер олардың зерттеулерінде қарастырылмады. Сонымен қатар жарияланып отырған зерттеудің әдіснамасын қарастыру – өз алдына жеке тақырып

болды және ол зерттеулер мына категориялар бойынша жүйеленді: сұрақ-жауап немесе пошталық сауалнама; сұхбат; этнография; мағыналық талдау.

Алайда, мұндай жүйелеу үдерістері сәйкесінше тікелей жүргізіліп және тақырыптық қодтау тәсілі қолданылғанда, әрбір қадамға дерліктей біршама түсініктеме беру талап етіледі. Осы арада талдау жүргізуші тек қана тікелей мағынасына ғана түсінік беріп қана қоймай, астыртын мағынасын да қарастыруы керек. Шын мәнінде не болып жатқанына тиісті терең мағыналы сұрақтар қоя білу үшін, анық мағынасын айтарлықтай жете тексеру қажет етіледі. Бұқаралық ақпарат көздерінде әлеуметтік ғылымдар зерттеулері жайлы жүргізілген зерттеуде (13.1 зерттеу нысаны) қарастырылып отырған зерттеудің қай пән саласына тән екендігі зерттеудің сипатына қарай жүйелендірілді (Фентон және басқалары, 1998). Нәтижеде алпыс екі категория қарастырылып, негізгі жеті салаға топтастырылды: Ұлыбритания және шетелдер экономикасы; Ұлыбритания және шетелдер саясаты мен Үкіметтерінің саясаты; әлеуметтік бірлестік пен бақылау; денсаулық сақтау; демография; әлеуметтік талдау – жалпылама түрде; өмір салты. Қарастырылып отырған зерттеудің құрамындағы олар «ықтимал сала» деп атаған бағытқа қатысты да зерттеушілерден бақылаулары бойынша тағы бір түсініктеме беруді талап етілді. Көптеген жағдайларда (жарияланған барлық әлеуметтік ғылымдар салалары зерттеулері 60% жуығында) жаңалықтарда жарияланған зерттеудің анық қай салада жүргізілгені жайлы жазылмағандықтан, осындай түсініктемелер беру қажеттілігі туындап отырды және қандай пәнге тән екенін анықтау үшін жұмыстары жүргізілді.

Бейімділік

Түсініктеме беруді талап ететін келесі кезең, зерттеуші талдау жүргізіліп отырған мәнмәтіндегі бейімділікке сипаттама бергенде орын алады. Мысалы, бұқаралық ақпарат көзінде зерттеуді жариялап отырған журналшының тақырыпқа қатысты жағымды немесе жағымсыз пікір танытып отырған бейімділігін анықтағысы келуі мүмкін, мысалы, үкіметтің азық-түлік дүрбелеңіне қатысты танытып отырған ұстанымдарына олардың танытқан пікірлерін қарастыра алады. Әлеуметтік ғылымдар салаларының зерттеулерін жариялау жайлы Фентон және басқалары (1998; 13.1 зерттеу нысанын қараңыз) жүргізген зерттеуге келетін болсақ, зерттеу жайлы редакциялық мақаланың позитивті, негативті немесе жай ғана хабарлама түрінде берілгені бойынша арнайы кодтар берілді. Көптеген жағдайларда осы кодтарға сәйкес ешқандай көзқарастар танытылмағандықтан, зерттеушілерден осы редакциялық мақалалардың позитивті немесе негативті сипатын анықтаулары үшін өз бетінше анықтау жұмыстарын жүргізу талап етілді. Мұндай талдауларда танытылған пайымдау көзқарастарын берілген кодтар мен пайымдау сипатына орай ажырату жұмыстары жүргізіледі.

Мағыналық талдауда бейімділікті идеологияларды, сенімдерді немесе қағидаларды қодтау арқылы да анықтауға болады. Джаггер (1998) кездесуге шақырған жарнамаларға жүргізген зерттеу жұмысында ерлер мен әйелдер өздеріне сипаттама беруде батылдық және нәзіктік тәрізді жыныстық стереотиптерді танытып немесе танытпаула-

рына қарай кодтарға бөлді (13.2 зерттеу нысанын қараңыз). Және ол әйелдердің өздерін көбіне, ерлерге тән стереотип-

термен, ал ерлердің өздерін әйелдерге тән стереотиптермен сипаттағандарын көрсетіп, таңғаларлық анықтама берді.



Кодтау

Алдыңғы тақырыптардың көбінде айтып кеткеніміздей, кодтау тәсілі мағыналық талдау жүргізуде соңғы кезең болып табылады. Мағыналық талдау тәсілінің кодтау кестесі екі маңызды элементтен тұрады: кодтау кестесін құрастыру және кодтау нұсқаулығын жетілдіру. Толығырақ түсініктеме алу үшін, ойша зерттеу жүргізіп, бір студенттің жергілікті газетте қылмыстық жаңалықтардың жариялануын зерттеуге қызығушылық танытты дейік. Студент сот ісінің процедураларын талап ететін және жәбірленуші ұйым емес, тек қана жеке тұлғалар болып табылатын қылмыстарға назар аударуды таңдайды. Жұмысты жеңілдету үшін, мынадай айнымалыларды қарастырамыз:

1. Құқық бұзушылық түрі;
2. Қылмыскердің жынысы;
3. Қылмыскердің әлеуметтік табы;
4. Қылмыскердің жасы;
5. Жәбірленушінің жынысы;
6. Жәбірленушінің әлеуметтік табы;
7. Жәбірленушінің жасы;
8. Жәбірленушінің сипаты;
9. Жаңалықтың статусы.

Әдетте, мағыналық талдау жүргізушілер айнымалылар тізімінің осы берілген түрлерінен де көп болғанын қалайды, алайда біздің қарапайым ойша жүргізетін мысалымызда кодтау кестесін және кодтау нұсқаулығын құрастыруда атқарылатын жұмыстарға түсініктеме бе-

руге жеткілікті. Сонымен қатар студент қарастырып отырған нысанда бірнеше қылмыскер мен бірнеше жәбірленушінің қамтылғанын қалауы мүмкін. Басқаша айтқанда, көптеген жағдайларда жасалған қылмыста бірнеше қылмыскерлер және бірнеше жәбірленушілердің қатысқаны анықталып жатады. Мұндай жағдайларда әрбір маңызды субъектінің деректері (жасы, жынысы, мамандығы, жәбірленушінің сипаты) жазылып отырылуы тиіс. Алайда, біздің ойша жүргізетін мысалымызда бір ғана қылмыскер мен бір ғана жәбірленуші жеткілікті.

Кодтау кестесі

Кодтау кестесі дегеніміз – қарастырылып отырған нысан жайлы барлық деректер енгізілетін үлгі. 13.1 кестесінде кодтау кестесінің үлгісі берілген. Бұл кесте мағыналық талдаудың кодтау қағидаларын, сондай-ақ кодтау кестесін құруды талқылау мақсатында өте қарапайым етіп құрылды.

13.1-кестедегі әрбір тор көзде кодтауға арналған өлшем берілген. Кодтаудың тақырыбында кодтауға арналған өлшем көрсетілген. Кодтау үлгісіндегі бос тор көздер берілген кодтарды жазатын орын. Әрбір мақалаға тек қана бір кодтау үлгісі қолданылады. Соңында кодтар компьютерге енгізіліп, деректерді SPSS тәрізді бағдарламалық жасақтама көмегімен талдауға болады (16 тарауды қараңыз).

13.1-сызба

Кодтау кестесі

Нысанның реттік саны	Күні	Айы	Жылы	Қылмыс түрі I	Қылмыскердің жынысы	Қылмыскердің мамандығы	Қылмыскердің жасы	Жәбірленушінің жынысы	Жәбірленушінің мамандығы	Жәбірленушінің жасы	Жәбірленушінің сипаты	Қылмыс түрі II	Жаңалықтың статусы

Кодтау нұсқаулығы

Бір қарағанда, 13.1-сызбадағы кодтау кестесі мүлдем бос тәрізді және қандай іс атқарылуы керек және қай жерде деген мәліметті қамтымайтын тәрізді көрінеді. Осы арада кодтау нұсқаулығын араластыру қажет. Кодтау нұсқаулығы – әрбір кодталуы тиіс өлшемге қатысты ықтимал категорияларды қамтитын кодтаушыларға арналған бекітілген нұсқаулар жиынтығы. Бұл нұсқаулықта: барлық өлшемдер тізімі; әрбір өлшемге қатысты жетілдірілген әртүрлі категориялар; әрбір категорияға сай берілген сандар (кодтар); әрбір өлшемнің неге арналғаны және әрбір өлшемге қатысты нақты код тағайындауда ескерілуі тиіс факторлар жайлы нұсқаулар қамтылады. 13.2-сызбада көрсетілген кодтау кестесі 13.1-сызбаға қатысты кодтау нұсқаулығы болып табылады. Бұл кодтау нұсқаулығында кодтау үдерісі барысында қолданылатын барлық өлшемдер, кодтаушыларға арналған нұсқаулық белгілері және әрбір өлшемге арналған категориялар тізімі қамтылған.

Кодтау нұсқаулығында қылмыскердің де және жәбірленушінің де мамандықтары жайлы мәлімет қамтылған. Ол Голдтроптың әлеуметтік таптар категориялары мен Маршал және басқалары (1988: 22) берген анықтамаға негізделген. Осы кестеге газеттерде қолданылуы мүмкін жұмыссыз, зейнеткер, үй шаруашылығындағы әйел

деген үш категория тағы қосылды. Сонымен қатар «басқа» категориясы да енгізілді. Қылмыстар полиция қызметкерлерінің қылмысты Ішкі Істер Министрлігінің тағайындаған категорияларына орай тіркеуімен бірдей етіп категорияларға бөлінді. Басқа да тиімді айырмашылықтарды қолдануға да болады, алайда, студент жаңалықтардың ауқымды іріктемесін қарастыруды жоспарламағандықтан, шағын іріктеме арасында біршама категорияларды қарастыруға болады. Және де кейін қол жеткізілген нәтижелерді Ішкі Істер Министрлігінің деректерімен салыстыруға болатын артықшылығы да бар. Тіркелген қылмыстық статистика сенімділігі мен нақтылығы жағынан күмән тудырғандықтан сынға алынды (14-тарауды қараңыз), бірақ осындай деректер мен жергілікті газеттерде қылмыстық есеп беруді салыстыру ықтимал түсініктеме берумен тең.

Кодтау кестесі мен кодтау нұсқаулығына сүйене отырып, егер бірден көп қылмыс түрі жасалған болса, бірден екі қылмыстың деректерін жазып алуға болады. Егер екіден көп қылмыс түрі жасалған болса, студент қылмысқа қатысты өзінің пайымдауын жасауы тиіс. Сонымен қатар ол мақалада жазылған бірінші қылмыс түрін негізгі қылмыс деп қарастыруы тиіс.

Кодтау нұсқаулығының шешуші маңызы бар, себебі бұл нұсқаулық кодтаушыларға олар кодтар тағайындайтын

әрбір өлшемге категориялар тізімін ұсынады және өлшемдерге қалай түсініктеме беру керектігі жайлы нұсқаулар да қамтиды. Осы категориялар тізімі мен нұсқауларға сүйене отырып, 13.1-сызбада берілген сияқты кодтау кестелері құрастырылады. Егер сіз диссертацияңызға немесе жазған тезис жұмысыңызға мағыналық талдау жүргізуді қолға алсаңыз және жалғыз зерттеуші болсаңыз да, кодтау жүйесін қалай жүзеге асыруға қатысты құралдармен танысуға біршама уақыт бөлуіңіз өте маңызды. **Кодтаушы аралық сәйкестік мәселесі** кездеспесе де, **кодтаушылар арасындағы сәйкестік мәселесін** ұдайы жадыңызды ұстағаныңыз дұрыс (төменде берілген).

13.1- және 13.2-тілімшелерінде жариялануы мүмкін мақалаға мысал келтіріл-

ген. Екеуі де «*Nottingham Evening Post*» басылымынан алынған.

Оқиғаларды кодтау жұмысы 13.1-сызбада көрсетілгендей етіп кодтау кестесіне жазылады, одан әрі әрбір кестеден алынған деректер SPSS тәрізді компьютерлік бағдарламаларға енгізіледі.

13.1-тілімшедегі оқиғаларды кодтау тәсілін 13.3-кестесінен көре аласыз, мысалы:

123 27 12 02 1 1 17 46 1 17 -1 3 16 2

Сонымен қатар 13.2-тілімшедегі жаңалықта екі қылмыс жасалғанына назар аударыңыз, 16 кодымен «Қылмыс түрі II» деп белгіленген. 13.4-кестеде 13.2-тілімшеге қатысты кесте үлгісі көрсетілген және мына деректер легі қамтылған:

13.2-сызба

Кодтау нұсқасы

Қылмыс түрі I

1. Жеке тұлғаға қарсы күш көрсету
2. Зорлау
3. Тонау
4. Тұрғын үйлерге бұзып кіріп, тонау
5. Тұрғын үйлерден басқа орындарды бұзып кіріп, тонау
6. Жеке тұлғаларды тонау
7. Велосипед ұрлау
8. Дүкендерде ұрлық жасау
9. Қоғамдық көліктерде ұрлық жасау
10. Көлік ұрлау
11. Көлік қақтығысы және келген зақым
12. Ұрлықтың басқа түрлері және ұрланған заттарды сақтау
13. Алаяқтық және жалған құжат жасау
14. Қылмыстық жауапкершілікке тартатын зиян келтіру
15. Есірткіге қатысты қылмыс
16. Басқа да тіркелуі тиіс қылмыстар

Қылмыскердің жынысы

1. Ер
2. Әйел
3. Белгісіз

Қылмыскердің маманы

1. I. Жоғары дәрежелі кәсіпқой маман, әкімгерлер, шенеуніктер; ірі мекемелердің менеджерлері; ірі жеке меншік иелері;
2. II. Орта дәрежелі кәсіпқой маман, әкімгерлер, шенеуніктер; жоғары дәрежелі техниктер; кішігірім бизнес және өндіріс мекемелерінің менеджерлері; жеңіл жұмыстағы қызметкерлердің бақылаушылары;
3. III. Басқарма және сауда жұмыстарында қызмет атқаратын қатардағы қызметкерлер;

3. IIIa. Басқарма және сауда жұмыстарында қызмет атқаратын қатардағы қызметкерлер;
4. IIIә. Жеке тұлғаларға қызмет көрсететін қызметкерлер;
5. IVa. Қызметкерлер жалдайтын кішігірім меншік иелері, колөнер меншік иелері және т.б.;
6. IVә. Қызметкерлер жалдамайтын кішігірім меншік иелері, колөнер меншік иелері және т.б.;
7. IVв. Ферма және кішігірім жер иелері; өз жекеменшік шаруашылығында жұмыс істейтін балықшы;
8. V Орта дәрежелі техниктер, жеңіл жұмыстағы қызметкерлерді бақылаушылар;
9. VI Білікті қызметкерлер
10. VIIa. Орташа білікті және біліксіз қызметкерлер (ауылшаруашылық саласын қамтымайды);
11. VIIә. Жәбірленушінің жынысы;
12. Жұмыссыз
13. Зейнеткер
14. Үй шаруасындағы әйел
15. Студент
16. Басқа
17. Белгісіз

Қылмыскердің жасы

Жасын жазып көрсетіңіз (егер белгісіз болса (-1))

Жәбірленушінің жынысы

1. Ер
2. Әйел
3. Белгісіз
4. Ұйым (қылмыскер алаяқтық жағдайында көрсетілгендей ұйым бола алады).

Жәбірленушінің мамандығы

99 коды көрсетілмеген басқа барлық жағдайларда қылмыскердің мамандығында көрсетілген тізіммен бірдей.

Жәбірленушінің жасы

Жасын жазып көрсетіңіз (егер белгісіз болса (-1) және көрсетуге болмайтын жағдайда (-2))

Жәбірленушінің сипаты

1. Қылмысқа жауапты жәбірленуші
2. Қылмысқа жартылай қатысы бар жәбірленуші
3. Қылмысқа еш қатысы жоқ жәбірленуші
4. Жарамсыз

Қылмыс түрі II

(дәл сол оқиғаға қатысты екінші қылмыс жасалған болса, кодтау жұмысын жүргізіңіз; егер екінші қылмыс орын алмаған болса, 0 санымен кодтаңыз) Қылмыс түрі I кестесінде көрсетілгенмен бірдей.

Жаңалықтың статусы

1. Алғашқы бетінде
2. Ішкі беттерінде
3. Соңғы бетінде

13.1-тілімше

Қылмыстық істерді жергілікті газерттерде жариялау I

Иттердің шабуылы адамдардың төбелесіне айналды

**Шынжырмен шабуыл
жасаған ит иесінің
қатігездігі және кінәсі**

Шон Кенни

Оқиға екі иттің төбелесінен басталды. Іс соңында ит иесіне шабуыл жасалғаны және үй жануарына қатыгездік танытқаны үшін, айып тағылумен аяқталды.

Бествуд, Лейбурн драйв 46 мекенжайында Конрад Аарон Мартин таңғы серуенде жүрген итпен оның иесіне қолына шынжыр алып, шабуыл жасады. Осы іс Ноттингем қалалық сот басқармасында қарастырылды.

Ит иесі 27 мамыр күні өзінің ағылшын және стаффордширлік бультерьерін Бестфудтағы Хакнол жағалауына серуенге шығарған болатын. Осы серуен кезінде олар Рокка Ламагнаның да өзінің Лупо есімді неміс овчаркасын серуендетіп жүргенін көрді.

Бультерьер Лупоның алдыңғы аяғына жармасып, орап тістеп алды. Мұны көрген Бестфуд тұрғыны Ламагна мырза Мартинге өзінің итіне ие болуын айтып ескертті.

Бірақ соттың істі қарауы барысында, Мартиннің: «Мен сені өлтіремін... итіңді де өлтіремін», – дегені анықталды.

Әрі қарай Ламагна мырзаның сөздерінен: «Ол қалың шынжырды алып, мені және менің итімді ұра бастады. Мен тек қана итімді қорғап, оны денеммен жауып қалуға тырыстым, басқа қолымнан ешнәрсе келмеді. Менің итімнің көзінен қан ағып кетті».

Сонымен қатар сот жүргізіліп жатқанда Ламагна мырза осы оқиғадан кейін итімен ол жерге енді серуенге бармайтын айтты.

Сот ісі аяқталғаннан кейін, Post басылымына берген сұхбатында Ламагна мырза былай деді: «Оқиға аяқ астынан басталып кетті. Мен ауруханадан сол кезде ғана келіп, Лупоны серуенге алып шыққан болатынмын, оның иті менің итіме бірден шабуыл жасады».

Ламагна итіне ие бола алды және оны қорғауға да тырысты: «Лупоның көзінен қан ағып жатты, оны көре сала мен оны денеммен жауып, одан әрі соққы тигізбеуге тырыстым. Ветеринарға апарып, £65 төледім. Мен Лупомен ол жерде серуендегенді жақсы көремін, бірақ енді ол жерге мүлдем бармаймын».

Мойындамау

Істі сотта қарастыру барысында Ламагна мырзаның полиция қызметкерлеріне оған шабуыл жасалғаны жайлы хабарлағанда, олардың адамдар арасынан қылмыскерді анықтау жұмысын жүргізгендері баяндалды.

Және Ламагна мырзаның Мартинді бірнеше адамдардың ішінен бірден танып көрсеткенін мәлімдеді.

Мартин өзінің оларға шабуыл жасағанын, үй жануарына қарсы қатыгездік көрсеткенін мойындамады, бірақ бәрі бірде оған айып тағылды.

Ол сотта: «Итімді қорғап қалу үшін мен бәріне де барамын», – деп мәлімдеді.

Қалалық сот Анна Элисон ханым сот үкімін оқыды: «Ламагна мырзаның сізді басқалар арасынан танып, дұрыс көрсетті деп қабылдаймыз».

Мартин итімен серуендеп жүргенде өткен жылдың қараша және желтоқсан айларында екі рет қоғамдық тәртіпті бұзғаны тіркелген.

Оған корольдық сот үкім шығаратын болады.



ЖӘБІР КӨРГЕНДЕР: Рокко Ламанга мырза иті Лупомен

13.2-тілімше

Қылмыстық істерді жергілікті газеттерде жариялау II



BARDAҒЫ ОҚИҒА: Жәбірлеуші Поул Бакстон, сол жақта жәбір көруші Том Тертон.

АШУЛЫ лицензия иелері қатал клиентке «жеңіл үкім» шығарылғанын көпшілікпен бірге сынға алды.

Трент-Бульвардағы Леди Бей барының иесі Пол Бакстон 24 жастағы Том Тертунның ғимараттан шығуын талап еткенде, ол бас бармағын Полдың көзіне тығып алған.

Ноттингем соты Шервуд Райс, Төртінші даңғыл мекенжайында тұратын Тертонның шабуыл жасағанын мойындағаннан соң, оған 200 сағаттық қоғамдық жұмыс жасауы туралы үкім шығарылды. Осыған қоса £70 көлемінде өтемақы және £55 көлемінде айыппұл төлеу де міндеттелді.

Мұндай үкім, Вест Брайфорд Пабвотч ұйымы мүшелерінің ашуын келтірді. Бакстон мырза осы ұйымның мүшесі болып табылады.

Ресми хат

Бүгін Бенч сот мүшелерінің төрағасына хат жолдады. Хатта былай деп мәлімдеді: «Біз айыпталушы Том Тертонға қарсы шығарылған өте жеңіл үкімге наразылығымызды білдіру үшін осы хатты жолдап отырмыз. Біз қандай бағыт береміз сонда?»

Бар иелері болған оқиғаны және істі қарастыру бірнеше рет кейінге қалдырылып, соңында «жеңіл үкім» шығарылғанын жақты.

Бар иелерінен құрылған топ сот үкіміне наразылық білдіріп, арыз жазу үшін заңгерлер кеңсесіне жүгінді.

Вест Брайфордта Тест Матч Инн ғимаратын басқаратын Пабвотч төрағасының орынбасары Алан Мэрриведер былай деп хабарлады: «Сот мүшелерінің қандай мәлімет алғандарын білмеймін, бірақ Тертонға алты ай бас бостандығынан айыратын үкім шығару керек. Себебі ол ауыр зақым келтірді».

Жала шеккен бар иесі Пол Бакстон: «Мен бұл үкімді айтарлықтай қатаң деп ойламаймын», – деді.

«Оған қысқа, әрі әсерлі қайтарым беру керек, алайда, шығарылған үкімнен түсінгеніміз, бар иесіне қол жұмсаған құтылып кетеді».

«Жұмыс жасап жүргендерді жұдырықтап ұрып, көзін шығарып алуға болмайды ғой».

Істі сотта қарастырып жатқанда, сот мүшелеріне 9 наурыз, жексенбі күні Тертон түсі және кешкі уақытын алты-жеті пинт ашық сыра тарта отырып, Леди Бей барында алкогольды ішімдік ішумен өткізгені жайлы мәлімделді.

Ғимараттың жабылатын уақыты келіп, Бакстон мырза оған әзілдеп, үйіне қайтуды айтқанда, Тертон қатты ашуланып кетті.

Қылмыстық істі жүргізуші Лэнис Квин сот мүшелеріне: «Ол саналы түрде екі саусағын Бакстон мырзаның екі көзіне тығып алды» – деп мәлімдеді.

«Бакстон мырза тіптен көз шараларында оның бармақтарын сезінгенін айтып отыр».

Бар иесі көздерінен жарақат алды. Біраз уақытқа дейін көзі қарауытып, көз тамшыларын қолдану керек болады, бірақ келтірілген зақым ұзаққа созылмай, жазылып кетеді.

Тертон мырза Вест Брайфорд Пабвотчтың барлық 22 барларына кіруге рұқсат берілмейтін алғашқы адам болмақ.

Сандр Сур жазаны жеңілдетте отырып, бұл Тертонның алғашқы ауыр қылмысы екенін және оның шын жүректен өкініш білдіргенін айтты.

Грэхам Хупер, Ноттингем Бітімгершілік Сотының сот хатшысы осындай кішігірім шабуыл жасалғанға £5000 өтемақы немесе алты ай бас бостандығынан айыру тәртізді жаза қолданылатынын айтты.


Бұған қоса «Халыққа қызмет көрсететін лицензия иелері немесе өз іскерлігін жүргізіп отырғандар тұлғаларға шабуыл жасалғанда, ол жалпы шабуыл ретінде емес, біршама ауыр қылмыс ретінде қарастырылады» деген мәлімдеме берді.

Түпнұсқа: «Nottingham Evening Post» газетінен, 4 шілде 2003, 13 б. Негізгі баспаның рұқсатымен қайтадан басылып шығарылды.

«Жеңіл үкімге» жиіркеніш білдіру



СУРЕТТЕ: Бакстон мырзаның сот мүшелеріне жіберген хаты. Жоғарыдағы суретте Леди Бей бары.



13.3-сызба

13.1-тілімшедегі жаңалық нысандарының дайын кодтау кестесі

Нысанның реттік саны	Күні	Айы	Жылы	Қылмыс түрі I	Қылмыскердің жынысы	Қылмыскердің мамандығы	Қылмыскердің жасы	Жәбірленушінің жынысы	Жәбірленушінің мамандығы	Жәбірленушінің жасы	Жәбірленушінің сипаты	Қылмыс түрі II	Жаңалықтың статусы
123	27	12	02	1	1	17	46	1	17	-1	3	16	2

13.4-сызба

13.2-тілімшедегі жаңалық нысандарының дайын кодтау кестесі

Нысанның реттік саны	Күні	Айы	Жылы	Қылмыс түрі I	Қылмыскердің жынысы	Қылмыскердің мамандығы	Қылмыскердің жасы	Жәбірленушінің жынысы	Жәбірленушінің мамандығы	Жәбірленушінің жасы	Жәбірленушінің сипаты	Қылмыс түрі II	Жаңалықтың статусы
301	04	07	03	1	1	17	24	1	5	-1	3	0	2

301 04 07 03 1 1 17 24 1 5 -1 3 0 2

Осы тәрізді кесте үлгілері зерттеуге межелеп алынған уақыт аралығындағы барлық жаңалық нысандары үшін толтырылып отырылады.

Кодтау кестесін толтыруда кездесетін кедергілер

Мағыналық талдау жүргізуге кодтау кестесін жетілдіруде біршама ықтимал кедергілер бар және олар стандартталған сұхбат пен стандартталған бақылау кестелерін құрастыруда кездесетін кедергілермен бірдей.

Дискреттік өлшем. Қолданысқа алған өлшемдеріңіздің әртүрлі екеніне көз жеткізіңіз, басқаша айтқанда, олардың арасында тұжырымдамалық немесе эмпириялық сәйкестік болмауы керек. Мысалы, 13.1 зерттеу нысанында талқыланған зерттеуде пән мен зерттеу тақырыбы бірдей шеңбермен көрсетілгенімен, олардың арасындағы айырмашылықты нақты көрсету маңызды.

Бірін-бірі жоққа шығаратын категориялар. Әрбір өлшемге тағайындалған категориялардың қайталанбайтынына көз жеткізіңіз. Егер категориялар қайта-

латын болса, кодтаушылар қайсы кодты көрсету керектігін білмей, шатасып кетуі мүмкін.

Жан-жақты категориялар. Кодтаушылардың назарына берілген өлшемдер үшін ықтимал барлық категориялар ұсынылуы тиіс.

Анық нұсқаулар. Кодтаушылар әрбір категориядың кодтарын белгілегенде әрбір өлшемнің неге арналғанына және қандай факторларды қамтитынына нақты түсініктеме бере алуы тиіс. Кодтаушылар талдау бірліктерін қалай кодтау туралы істерінде ешқандай құпиялыққа жол бермеулері керек.

Талдау бірлігі жайлы анықтама беру. Мысалы, бұқаралық ақпарат көздеріндегі әлеуметтік ғылымдар зерттеулері жайлы зерттеуде (13.1 зерттеу нысанын қараңыз) авторлар бұқаралық ақпарат көзінің мақаласы (мысалы, газет мақаласы) мен жарияланып отырған әлеуметтік ғылым зерттеуі арасындағы айырмашылықты анық көрсетуді маңызды деп тапқан. Сондықтан, кейбір тіркеліп алынған кейбір деректер мақала жайлы болса, қалған деректер бөлігі қарастырылып отырған зерттеу жайлы болды. Зерттеушілер әрбір мақалаға

жасаған мағыналық талдауында үш әлеуметтік ғылым зерттеуін көрсетіп отырды, себебі зерттеу жайлы жазған мақалалардың көбі бірден бірнеше зерттеу жұмыстарын қамтыған. 7.7 зерттеу нысанында баяндалған зерттеуде 167 мультфильм іріктеліп алынды, бірақ ол зерттеуде талдау бірліктері ретінде мультфильм кейіпкерлері алынды. Нәтижеде, 478 кейіпкер ерекше сипаттамаларына орай кодталып, талдау жүргізілді.

Осыған ұқсас, жергілікті газеттерде жарияланатын қылмысқа қатысты мақалаларға жүргізген ойша зерттеуімізде, әрбір мақалаға қатысты бірнеше қылмыс түрін көрсетуге болады. Алайда, кодталатын бұқаралық ақпарат көзі мен (мысалы, газет мақаласы) тақырып (қылмыс түрі) арасындағы айырмашылықты нақты ашып көрсету керексіз. Іс жүзінде, зерттеуші екеуіне де талқылау жүргізеді, дегенмен, арасындағы айырмашылықты үнемі жадында ұстауы керек.

Кодтау кестесінің сапасын жоғарылату үшін, кестенің алғашқы үлгісін сынақтан өткізіп алуға кеңес беріледі. Сынақтан өткізу кестені іс жүзінде қолданғанда шығуы мүмкін белгілі бір өлшемді қандай категорияға жатқызу немесе белгілі бір оқиғаны белгілеуге код жүйесі

берілмегені тәрізді кемшіліктерді, қиындықтарды алдын ала анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар сынақ жүргізу қандай бір категорияның ішіне көптеген оқиға түрлерін қамтып, асыра толтырып жібергеніңізді анықтауға септігін тигізеді. Егер бір категорияда қарастырылатын оқиғалар тізімі асып кеткен болса, оқиғаларды талқылауға алынған айырмашылықтары бойынша бірнеше категорияларға бөлу дұрыс болмақ.

Кодтау жүйесінің сенімділігі – тақырыпқа қатысты тағы бір мәселенің негізі. Кодтау жұмысы келісімді түрде жүзеге асуы тиіс. Стандартталған бақылау тәсіліндегідей, кодтау әдісі кодтаушылар арасында жүйелі түрде жүргізілуі тиіс (кодтаушы аралық сәйкестік) және әрбір кодтаушы уақыт өте келе де жүйелілікті сақтауы тиіс (ішкі кодтаушы сәйкестігі). Кодтау кестесін сынақтан өткізу осы кодтаушы аралық сәйкестіктің сақталғанын тексеруге мүмкіндік береді және, егер, уақыт тығыз болмаса ішкі кодтаушы сәйкестігіне де тексеруге болады. Сенімділікті бағалау үдерісі стандартталған бақылау бөлімінің 12.3 негізгі ұғымдар тақырыбында қысқаша қамтылған мәселемен бірдей деуге болды.



Мағыналық талдаудың артықшылықтары

Мағыналық талдаудың артықшылықтары төменде көрсетілген:

- Мағыналық талдау әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің арасындағы ең айқын тәсілі болып табылады. Кодтау кестесі мен іріктеме тәсілдерінде атқарылатын үдерістерге жете түсініктеме беріліп, анық көрсетілетіндіктен, қайталап жә-

не жалғастырып зерттеу жүргізуге мүмкіндіктер толықтай қарастырылған. Мағыналық талдаудың осы айқындығы, оның негізгі талдау тәсілі ретінде таңдалып алынуына себеп болып жатады.

- Сонымен қатар сәйкесінше еркін түрде біршама бойлық талдау жүргізу мүмкіндігі де бар. Жоғарыда келтірілген

кейбір мысалдарда зерттеушілердің ұзақ уақыт бойы өзгеріс жиілігін бақылап тұру мүмкіндігі болды (Ворд 1997; Блай және басқалары 2004). Кей кездері уақыт аралығы тым ұзақ болып та жатады, мысалы, Ворд (1997) әйелдерге арналған журналдарға талдау жүргізген екі жұмысының арасында жиырма жыл уақыт өтті. Керісінше, тым қысқа уақыт аралығы да қарастырылады, мысалы, Блай және басқалары (2004) Президент Буштың 9/11 оқиғасынан бір ай бұрынғы және бір ай кейінгі аралықтағы сөйлеген сөздеріндегі шешендік өнеріне талдау жүргізді. Осыған ұқсас, газеттерде қылмыстық тақырыптың жариялануы жайлы зерттеуде екі түрлі уақыт аралығын алуға назар аударған жөн.

- Мағыналық талдауды көбіне, *көзге түспейтін тәсіл* деп те атайды. Бұл терминді Вебб және басқалары (1966) енгізген және зерттеуге қатысушылардың зерттеушіге мән бермеуі деген мағынаға келеді (14.3 негізгі ұғымдарын қараңыз). Сонымен қатар *реакциясыз тәсіл* деп те аталады (12.4, 14.3 негізгі ұғымдарын қараңыз). Алайда, соңғы пікірді қолдануда абай болған дұрыс. Газет мақалалары немесе теледидар бағдарламалары тәрізді нысандар мағыналық талдау тақырыбы ретінде алынғанда реакциялық әсердің болмайтыны анық. Себебі газет мақалаларының жазылу стильдеріне қарай оларға бір күн ішінде мағыналық талдау жасау мүмкін емес. Басқа жағынан, егер мағыналық талдау сұхбат көшірмесі немесе өмірбаян тәрізді құжаттарға жасалатын болса (Ходсон 1996; 13.4 зерттеу нысанын қараңыз), мағыналық талдау үдерісі өздігінше реактивті әсер енгізе алмайтындықтан, құжаттар аз да болса, осындай әсерлердің ықпалына ұшырайды.

- Мағыналық талдаудың көзге түспейтін сипаты көптеген студенттер үшін өте тиімді бола алады. Олар соңғы курстық немесе басқа да себептермен жазып жүрген диссертациялары үшін жүргізіп жатқан зерттеу жобасында қатысушылардың болуын талап ететін тәсілдерді таңдайтын болса, мағыналық талдау тәсілі студенттерден әдетте, этикалық тұрғыдан талап етілетін кейбір шарттарды айналып өтуге мүмкіндік беруімен басым түседі. Алайда, бұл студенттерге зерттеудің этникалық тұрғыдан қойылатын қиын талаптарын айналып өтетін тәсілді іздеу керек дегеніміз емес және 1- және 4-тарауларда айтып кеткен зерттеу сұрақтарын жете анықтай білу үшін тиісті әлеуметтік зерттеу тәсілін таңдап алу туралы кеңестерді қайталап еске саламыз. Дегенмен, студенттердің өз зерттеу жобаларын құрастыруда осы тәсілді де ескере жүргендері дұрыс екенін білдіреді.

- Бұл өте икемді тәсіл болып табылады және кең ауқымдағы әртүрлі стандартталмаған мәнмәтіндердегі үлкен ақпараттар қорларына қолданыла алады. Зерттеу нысанында мағыналық талдаудың ерекше және өте қызықты түрде қолданылғанына мысал келтірілген.

- Мағыналық талдау арқылы зерттеуге рұқсат алу өте қиын болып саналатын әлеуметтік топтар жайлы ақпараттар жинақтауға мүмкіндік тудырады. Мысалы, дін саласындағы жоғары лауазымды өкілдер, компания директорлары мен жоғары лауазымды әскери адамдар тәрізді элиталық топтар мүшелерінің өткен өмірі жайлы білетін ақпараттарымыз Кім және Өмірбаяндық деректер және Буркидің пэрлер кітабы басылымдарының жүргізген мағыналық талдауларынан алынады (Браймен 1974).



Студент тәжірибесінен

Мағыналық талдаудың айқындылығының маңыздылығы

Сара Хансон әйелдерге арналған журналдардың мұқабаларын зерттеуінде өзінің таңдап алған тәсілінің айқын болуына аса көңіл бөлді. Осы пікірі жайлы былай деп жазды:

«Бұрын мұндай үлкен көлемді зерттеу жүргізбегенім үшін, менің жетекшім Кристин менің зерттеуіме көп ықпал етті. Зерттеу және жазба жұмыстарын жүргізу үшін тиімді ұйымдастыру жолы қажет болды. Брайменнің Әлеуметтік зерттеу тәсілдері (екінші басылым) мен Мағыналық талдау тақырыбын диссертациямда қолдана отырып, бақылауға алынған ортаға біршама зерттеу жұмыстарын жүргізе алдым: толық іріктеп алынған сөздер саны 2000-ға жетті. Мағыналық талдау кодтау және талдау үдерістерінде жүйелі түрде жұмыс істеуге мүмкіндік тудыра отырып, көптеген әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің және деректер жинақтау жұмыстарының оңай жүзеге асуына және зерттеуді жүзеге асыруға барлық жағдайды жасайды. Мағыналық талдау тақырыбын диссертацияма қоса отырып, мәнмәтін бойынша оңай сілтеме жасауға және белгіленген «математикалық» жұмыстарды асыра көрсете отырып, зерттеудегі соңғы қорытындыға қалай қол жеткізгеніме дәлелдерді анық көрсете алдым.

Жасаған жұмысыңыздың ықпалы бар екенін білу жағымды сәт!



Сараның зерттеу жұмысымен толығырақ танысу үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығынан мына сілтеме бойынша таба аласыз: www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/



13.4 Зерттеу нысаны

Жұмыс орындарына қатысты сапалық зерттеудің мағыналық талдауы

Ходсон (1996: 724) «ұзақ мерзімді тікелей бақылауға негізделген кітап көлеміндегі этнографиялық зерттеулер» тақырыбында жүргізген мағыналық талдау жұмысының нәтижелерін жариялады. Жұмыс орнының этнографиялық жобасына қатысты тамаша веб-парақ жетілдірілген, оны мына сілтеме бойынша таба аласыз:

www.sociology.ohio-state.edu/rdh/Workplace-Ethnography-Project.html (2010 жылдың 7 қазанын бастап қолданыста).

Этнографияны әлеуметтік зерттеу тәсілі ретінде 19-тарауда қарастыратын боламыз. Этнографияда белгілі бір әлеуметтік топтың мәдениетін жете түсіну үшін бақылаушының ұзақ уақыт бойы қатысуы талап етіледі. Ходсон кітап түрінде басылып шыққан (қамтылған мақалалар алынып тасталған, бұл жеткілікті мағлұмат

қамтылмаған дегенді білдіреді) жұмыс орнына қатысты этнографиялық зерттеулерге мағыналық талдау жүргізді. Мыңдаған зерттеу жұмыстары ықтимал іріктемеге енгізу үшін тексеруден өткізілген. Іріктеме үдерісі әртүрлі мемлекеттерде жүргізілген зерттеулер арасынан таңдалып алынды. Берілген www.sociology.ohio-state.edu/rdh/Workplace-Ethnography-Project.html (2010 жылдың 7 қазанынан бастап қолданыста) жұмыс орнының этнографиялық жобасына қатысты веб-параққа қатысты ағымдағы және қорытынды топтамаға мынадай сипаттама берілді: «Зерттеу 204 этнографиялық зерттеуді ортаға шығарды. Бұл оқиғалар 156 әртүрлі кітаптан алынды және кейбір кітаптарда сансыз жағдайларды кодтау мүмкіндігі де қарастырылды».

Ходсонның (1996) мағыналық талдауында әрбір жағдай бес түрлі жұмыс орны (қолөнер, тікелей бақылау, құрастыру желісі, бюрократиялық, жұмысшы жалданған) ұйымдарына қарай кодталды. Бұл тәуелсіз айнымалы ретінде қарастырылды және әртүрлі тәуелді айнымалылар мен «бақылау» айнымалылары (тәуелсіз және тәуелді айнымалылар арасындағы қатынасқа әсер ететін айнымалылар) да кодталды.

Төмендегі мысалда екі айнымалы және олардың кодтары көрсетілген:

ЖҰМЫСШЫЛАР:

Жұмысына көңілі толуы

1 = өте төмен; 2 = төмен; 3 = орташа; 4 = жоғары; 5 = өте жоғары

Дербестік

1 = ешқандай (жұмысшылардың жұмысы толығымен басқалары тарапынан және машина немесе ұйым қағидаларына орай анықталады); 2 = аз ғана (кей кездері жұмысшылардың ұсынылған жұмыстар немесе басымдылықтар арасынан таңдап алу мүмкіндігі бар); 3 = орташа (белгілі бір дәрежеде ұсынылған жұмыстар немесе басымдылықтар арасынан таңдап алу мүмкіндігінің ұдайы болып тұруы); 4 = жоғары (жұмыстарды анықтауда және басымдылықтарды таңдап алуда біршама мүмкіндіктердің берілуі); 5 = өте жоғары (белгіленген көптеген максаттарға жету үшін нақты түсініктемелер қажет) (Ходсон, 1996: 728).

Ходсонның нәтижелеріне жүгінетін болсақ, жұмысшылардың белсенділігі жайлы кейбір пессимистік көзқарастар қарастырылмаған (мысалы, оларға шын мәнінде, қатысуға рұқсат етілмейді және жұмысшыларға тиімді әсер ету қажет емес). Осы зерттеуге қатысты жете мағлұматты Ходсонның (1999) жұмыстарымен танысып біле аласыз, оның жұмыстары 1996 жылдың басында жарық көре бастағандықтан, көптеген журналдарда жарияланды және 4-тарауда қарастырылған жұмыс орнында әлеуметтік толықтыруға қатысты (Ходсон 2004) тақырыпта да қамтылды.

Жобада қолданылған басылымдар тізімі (көптеген мақалалар көшірмесін жүктеп алуға оңтайлы етіп, pdf файлы түрінде берілген) мен кодтау жайлы мағлұматты веб-парақтан таба аласыз, Сонымен қатар SPSS бағдарламалық жасаққа да жүктеп алу мүмкіндігі қарастырылған, бұл бағдарламалық жасақтама жайлы 16-тарауда қарастырылады.



Мағыналық талдаудың кемшіліктері

Барлық әлеуметтік зерттеу тәсілдерінде кездесетіндей, мағыналық талдауда да біршама шектеулер орын алады. Төменде олардың кейбіреулеріне мысал келтірілген:

- Мағыналық талдаулар практиканттардың көмегіне жарайтын құжат ретінде ғана қолданылады. Скот (1990) құжаттарды мына критерийлеріне қарай бағалауды ұсынады: түпнұсқалық (құжаттың мәлімделген түріне сәйкестігі); ақиқатқа жақын (құжаттың мәнмәтіні белгілі бір дәрежеде бұрмаланғаны жайлы күмәннің туындауы); таныстырмалы (талдауға алынған құжат барлық оған ұқсас құжаттарды ұсына алатынына тексерілгенін анықтау, себебі, егер қандай да бір құжатқа қол жеткізу мүмкін емес болса немесе ол құжат қолданыста жоқ болса, жалпылама ұсынуға қауіп төнеді). Осы сияқты ойларды, әсіресе, хаттар тәрізді құжаттармен жұмыс жасағанда ерекше назарда ұстауға кеңес беріледі. Бұл мәселелер 23-тарауда кеңінен талқыланады.

- Кодтаушылар тарапынан ешқандай түсініктемелер берілмеген кодтау нұсқаулығын қолдану өте қиынға соқпақ. Кодтаушылар қарсыларына шыққан ақпараттарға кодтар бере білулері үшін жалпы мәдениет мүшелері ретінде білімдеріне сүйенулері тиіс (Сицоурил, 1964; Гарфинкель, 1967). Кей жағдайларда құжаттарға талдау жасаған жауапты адамдар мен кодтаушылар арасындағы түсініктеменің өзі күмән тудырып, қабылданбай жатады (Биирсворд, 1980).

- Айқын мағынасын емес, астыртын мағынасын қолдану пікірін жүзеге асы-

руда ерекше мәселелер туындап жатады. Ерлік пен нәзіктіктің ерекшеліктерін (13.2 зерттеу нысаны) немесе әлеуметтік ғылымдардың нақты пәнін (13.1 зерттеу нысаны) анықтауда жарамсыз пікірлердің орын алу қаупі арта түседі.

- Мағыналық талдау тәсілінде «неге?» сұрағына жауап алу қиын. Мысалы, Джаггер (1998: 807) өздеріне жарнама беріп, сатуға қарағанда «жарнама берушілер сатып алуға келгенде (серіктес табуға жарнама бергенде) серіктестерінің дене бітіміне, ажарлығына, пішініне аса мән бермейтінін» анықтады (13.2 зерттеу нысаны). Неліктен? Джаггердің осы ерекшелікті еркектер мен әйелдерде бірдей байқағаны жайлы жазғанымен, бірталай таңғаларлық жайт. Тағы да неге деген сұрақ туады. Біз ойдағы пікірімізді білдіре аламыз, алайда бұл пікірлеріміз тек қана болжам. Осыған ұқсас, Фентон және басқалары (1998) әлеуметтік ғылымдар зерттеулерін жариялағанда әлеуметтану пәні танымалдық өрісі жағынан тек қана төртінші орында қарастырылғанын анықтады (13.1 зерттеу нысанын қараңыз). Фентон және басқалары журналшылар тарапынан көрсетілмей қалған кейбір пәндерді болжап көрсетті. Сөзсіз әлеуметтану ең көп болжамға алынған пән болды. Мұны да қызықты нәтиже ретінде қарастыруға болады, алайда себебі тек қана болжамдармен түсіндіріледі (Фентон және басқалары, 1998). Дегенмен, мағыналық талдауды қолданушылар деректер жинақтау жұмыстарын жүргізу арқылы, бақылаулар арасында туындайтын осы «неге?» сұрағына жауап табылған жайлар да болды. Мұндай деректер жинақтау

жұмыстарында сапалық мағыналық талдау (мысалы, Глаго университетінің БАК 1976) және/немесе журналшылардан немесе басқалардан сұхбат алу (Фентон және басқалары 1998) тәсілдері қолданылады.

- Мағыналық талдамалы зерттеулер теорияға бағынбайтыны жайлы пікірлер айтылып жатады. Теорияға негізделмейтін тәсілдің қалай туындайтынын анықтау біршама оңай болмақ. Мағыналық талдауда өлшемге қатты көңіл бөлудің нәтижесінде теориялық түрде ненің маңызды екенін анықтаудан гөрі, барлық назарды еріксіз ненің өлшенетіні немесе бағаланатынына аударып жібереді. Алайда, мағыналық талдаудың теорияға бағынуы қажет етілмейді. Джаггер (1998, 2005) кездесуге шақырған жарнамаларға жүргізген

зерттеуінің нәтижелерін қазіргі таңдағы тұтынушының құқығын қорғау және дене бітіміне қатысты пікірлерді ескере отырып ұсынды. Фентон және басқалары (1998) өздерінің мағыналық талдау жұмыстарын бұқаралық ақпарат көздерінің пайда болуынан бастап, оны басқаларының қабылдауға дейінгі және биліктің маңыздылығы мен осыдан туындайтын жарыстар аясындағы үдерістерге қатысты жүргізді. Ходсон (1996) жұмыс орнының этнографиясына қатысты жүргізген мағыналық талдауын Блоунер (1964) және Эдуард (1979) тәрізді танымал жазушылардың жұмыстарындағы ұйымдарда жұмыс орындарымен қамтамыз ету түрлері және олардың жұмысшылардың тәжірибелеріне ықпалы жайлы жазған теориялық пікірлерімен дәлелдей түсті.



Сұрақтар тізімі

Мағыналық талдау

-
- Зерттеу жүргізетін сұрақтарыңызды түсінікті қылып құрастырдыңыз ба?
 - Мағыналық талдау жасалатын құжаттың континеттері сіздің зерттеу сұрақтарыңызға сәйкес пе?
 - Өзіңіз таңдап алған іріктеме тәсілін неліктен таңдап алынғанына түсініктеме бере аласыз ба?
 - Өлшемдердің қайталанбайтынына көз жеткіздіңіз бе?
 - Өлшемдерге қолданылатын категориялардың қайталанбайтынына көз жеткіздіңіз бе?
 - Әрбір өлшемге қолданылатын категориялар жан-жақты қарастырылған ба?
 - Барлық өлшемдер сіздің зерттеу сұрақтарыңызға жауап алуға мүмкіндік береді ме?
 - Кодтау кестесін сынақтан өткіздіңіз бе?
 - Кодтау нұсқаулары анық жазылған ба?

- Егер сіздің зерттеуіңіз бұқаралық ақпарат көздеріне негізделген болса, ақпараттардың қарастыруға алынатын мерзім аралығын анық көрсете аласыз ба?
- Талдау бірлігін анық белгіледіңіз бе?



Негізгі ұғымдар

- Мағыналық талдау көбіне, сандық зерттеу тәсілдерінің сипаты болып табылатын өлшемге мән беру және сенімділік талап ететін қағидалардың ерекшеліктерін ұстанатын тәсіл болып табылады.
- Бұқаралық ақпарат көздері мақаласына іс жүзінде қарапайым талдау жүргізуге қолданылғанда кең ауқымды құбылыстарға қолданылатын өте икемді тәсіл.
- Талдау бірліктерінің және шын мәнінде неге талдау жүргізу керектігін анықтау мақсатында зерттеу сұрақтарының анық құрастырылуы өте маңызды.
- Сонымен қатар ненің өлшенуі керектігі жайлы пікірлеріңізді де анық білдіруіңіз керек.
- Кодтау кестесі мен кодтау нұсқаулығы мағыналық талдау жүргізуге дайындықтың негізгі кезеңдерін құрайды.
- Мағыналық талдау тақырыптың және мәнмәтіннің астыртын мағынасын анықтауға қолданғанда біршама терең күмән тудырады.



Қысқаша шолу сұрақтары

- Құжаттардың және бұқаралық ақпарат көздерінің қандай түрлеріне мағыналық талдау жүргізуге болады?
- Айқын және жасырын мағына арасында қандай айырмашылық бар? Мағыналық талдау тәсіліне қатысты айырмашылықтары неде?

Зерттеу сұрақтары дегеніміз не?

- Мағыналық талдауда зерттеу сұрақтарының нақты құрастырылуы неліктен маңызды?
- Мағыналық талдау қандай жалпылама зерттеу сұрақтарына байланысты қолданылады?

Іріктеме жасау

Мағыналық талдауда қандай негізгі іріктеме мәселелері орын алады?

Нені өлшеу керек?

- Мағыналық талдау жүргізу барысында қандай жағдайларды ескеру керек?
- Сөздерді санап іздестірмегенде, жасырын мағынаға қаншалықты жан-жақты тексеру жүргізуіңіз керек?

Кодтау

- Мағыналық талдауда кодтау тәсілі неліктен маңызды?
- Кодтау кестесі мен кодтау нұсқаулығы арасында қандай айырмашылық бар?
- Кодтау кестесі мен кодтау нұсқаулығын жетілдіруде қандай ықтимал кедергілердің алдын алу керек?

Мағыналық талдаудың артықшылықтары

- «Мағыналық талдаудың маңызды қасиеттерінің бірі – оның икемді болуы және әртүрлі құжаттарға қатысты қолдану мүмкіндігінің болуы». Осы пікірді талқылаңыз.

Мағыналық талдаудың кемшіліктері

- Мағыналық талдауда кодтаушылардың мағынаға түсініктеме беруі қаншалықты жан-жақты болуы талап етіледі?
- Мағыналық талдау зерттеулері қаншалықты теорияға сай емес болып келеді?



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/


Мағыналық талдау жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа веб сілтемелеріне жүгініңіз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

14-тарау

Қайталама талдау және ресми статистика

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	492
Басқа зерттеушілердің деректері	494
Қайталама талдау тәсілінің артықшылықтары	494
Қайталама талдауда кездесетін шектеулер	499
Мұрағаттық деректерді қолдануға рұқсат алу	501
Ресми статистика	507
Сенімділік пен заңдылық	510
Ресми статистиканы жарамсыз деп табу және қайтадан қолдану	512
Ресми статистика көзге көрінбей зерттеу тәсілдерінің бір түрі	515
Негізгі ұғымдар	518
Қысқаша шолу сұрақтары	519





Тараудың қысқаша мазмұны

Осы тарауда басқалары тарапынан жинақталған деректерге талдау жүргізудің мүмкіндіктері қарастырылатын болады. Тарау барысында осы тәсілдің негізгі екі түріне тоқталатын боламыз:

- Басқа зерттеушілер тарапынан жинақталған деректерге қайталама талдау жүргізу;
- Ресми статистикалық мәліметтерге қайталама талдау жүргізу. Үкімет мекемелерінің өз жұмыстары барысында немесе тікелей статистикалық деректер жинақтау мақсатында жинақтаған статистикалық деректер – ресми деректер деп аталады.

Осы тарауда қарастырылатындар:

- басқалары тарапынан жинақталған деректерге қайталама талдау жүргізудің артықшылықтары мен кемшіліктері, әсіресе, студенттердің қалтасы көтере бермейтін ауқымды және жоғары дәрежедегі зерттеулерге негізделген деректер жинақтары алынады;
- мұндай деректерге қалай қол жеткізуге болады;
- ресми статистикалық мәліметтердің сенімділігі мен заңдылығына орай қабілеттілігі;
- соңғы жылдары ресми статистикалық мәліметтерге танытылып отырған сыни пікірлерден соң, олар біраз уақыт назардан тыс қалып, еленбейді, дегенмен, біраз уақыт өткеннен соң ресми статистикалық мәліметтердің қабілеттілігін мойындау артып отыр;
- ресми статистикалық мәліметтер көзге көрінбейтін әлеуметтік зерттеу тәсілдерінің бірі деген пікірлер бар, бұл тәсіл – зерттеуге қатысушылардың өздерінің бақылауға алынғанына ешқандай реакция танытпауы дегенді білдіреді.

Кіріспе

Осы араға дейін қарастырған сұрақ-жауап тәсілі арқылы сауалнама жүргізу немесе сұхбат алу, стандартталған бақылау, мағыналық талдау тәрізді әлеуметтік зерттеу тәсілдері жұмысты іс жүзінде атқаруға шамадан тыс көп уақыт және қаржы талап етуімен ерекшеленеді. Студенттер көптеген жағдайларда кең көлемді зерттеу жүргізу үшін уақыт

тығыздығы және қаржы тапшылығы мәселелерімен кездесіп жатады. Сандық деректердің ауқымды бөлігі әлеуметтанушылар және басқалары тарапынан жинақталатыны баршамызға мәлім. Сонымен қатар көптеген ұйымдар, оның ішінде мемлекеттік мекемелер мен олардың өкілетті бөлімшелері статистикалық үлгіде көрсетілетін дерек-

тер жинақтайды. Бұл деректерді әлеуметтанушылар көп қолданады. Жаңадан деректер жинақтағаннан гөрі осындай деректерге талдау жүргізу жақсы пікір деп ойлайсыз ба? Бұл пікірді қолдау, қоғам мүшелерінен сұхбат алып немесе пошталарына сауалнама жіберіп мазаламауы жағынан артықшылығы басым.

Осы арада *қайталама талдау* тәсілі ортаға шығады. Жоғарыда атап өткен артықшылық осы қайталама талдау тәсілінің ерекшелігі болып табылады. 14.1 негізгі ұғымдар тақырыбында осы қайталама талдау тәсіліне қысқаша анықтама берілген және бір немесе екі

негізгі ерекшеліктері жайлы мағлұматта қамтылған. Тарау мазмұны жайлы тақырыпта айтып кеткеніміздей, осы тарауда екі түрлі мәселе талқыланады:

1. Басқа зерттеушілер тарапынан жинақталған деректерге қайталама талдау жүргізу;
2. Көптеген мекемелердің жұмыстары барысында жинақталған деректерге қайталама талдау жүргізу;

Осындай деректердің танымал түрлерінің бірі – қылмыс, жұмыссыздық, ереуілге шығу тәрізді әлеуметтік өмір саласымен байланысты ресми статистикалық мәліметтер болып табылады.



14.1 Негізгі ұғымдар

Қайталама талдау дегеніміз не?

Қайталама зерттеу дегеніміз – деректерді жинақтау үдерісіне қатыспаған зерттеушінің сол деректерді жинақтаушылар тарапынан қарастырылмай қалған жақтарын ашу мақсатында, олардың деректер қорына талдау жүргізу дегенді білдіреді. Қайталама талдау сандық (Дейл және басқалары, 1988) және сапалық (Корти және басқалары, 1995) деректердің екеуіне де жүргізіле береді, бірақ осы тарауда біз алдыңғысымен қатысты мәселелерді қарастыратын боламыз. Белгілі бір дәрежеде, алғашқы және қайталама талдаудың қай жерден бастап және қашан бітетіні жайлы алдын ала айту қиын. Егер зерттеуші сұхбат деректерін жинақтап және кейбір басылымдарда жарияланған біршама деректерге талдау жүргізуді көздеген болса және біраз уақыт өткеннен кейін ол деректерді қайтадан өңдеуді шешсе, соңғы әрекеті алғашқы немесе қайталама талдауға жататыны жайлы сұрақ туындайды. Негізінде, қайталама талдау басқалары тарапынан жинақталған деректерге талдау жүргізу болып табылатынын жоғарыда айтып кеттік, алайда, дәл осы жағдайды ескеретін болсақ, міндетті түрде осы қорытындыға келу керек еместігін көреміз.

Мысалы, мен Лестершир тұрғындары арасынан алынған іріктеменің диеталық талғамдары, көзқарастары мен тәжірибелеріне қатысты деректерді қайталама талдау жұмыстарына қатыстым (Биирдсворд және басқалары, 2002). Бұл талдауда менің және алғашқы автор екеуміздің зерттеуге танытқан көзқарастарымыз қамтылды. Алдыңғы зерттеу барысында қамтылмаған әйелдер мен еркектердің тағамның қоректілігіне көзқарастары мен тағам таңдауларына талдау жасалды. Мен деректерді жинақтау жұмысына да, зерттеу жобасын құрастыруға да қатыспадым, дегенмен талдау жайлы баяндаған авторластар зерттеу жұмысы барысында көрсеткен. Әрине, олар үшін қайталама талдау болмағаны анық, бірақ мен қайталау жұмысын жасадым. Талдау нәтижесі еркектерге қарағанда әйелдердің біз «пайдалы» тамақтану үлгісі деп атаған жолды көбірек таңдайтындарын көрсетті және көптеген батыс елдерінде

аса көңіл бөлінетін рецептті сақтау және қоректілігін тексеру тәрізді қағидаларға сай әрекет етуге дайын екенін және осы тақырыпқа өте жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті. Мақалада осы қағидалардың жағымсыз әсер ететіні, әсіресе, әйелдердің дұрыс тамақтанбағандары үшін өздерін кінәлап және дене пішіндерінің өзгеріп кететініне қауіптенетіні жайлы деректер де қамтылды.



Басқа зерттеушілердің деректері

Қайталама талдауды неліктен жаңа деректер жинағының негізгі балама түрі ретінде қабылдау керектігіне бірнеше себептер бар. Қайталама талдаудың осы артықшылықтарын Дейл және басқалары (1988) ұсынған болатын және олардың осы жұмыстарынан мен де біршама бақылауларды мысал ретінде алып, төменде көрсеттім. Қайталама талдаудың көптеген артықшылықтарын ескере отырып, мен соңғы курстық диссертациясын немесе курс аралық кішігірім зерттеу жұмысын жүргізіп жүрген дара студенттің қажеттіліктерін ескердім. Алайда, бұл пікірім қайталама талдау жұмысы тек қана студенттерге арналған немесе студенттер жүргізетін жұмыс дегенді білдірмейді. Керісінше, қайталама талдауды барлық әлеуметтанушылар жүргізуі тиіс, сондай-ақ Экономикалық және Әлеуметтік Зерттеу Кеңесі (ЭӘЗК) Ұлыбританияның мұрағаттар дерекқорында (төменнен қараңыз) белгілі бір деректің жоқ екенін айтып, ол бағытта деректер жинақтау үшін зерттеу грантына өтініш білдірушілерге осы талапты қояды.

Менің осы арада студенттерге аса назар аударуымның себебі жеке тәжірибемнен туындаған пікірлермен байланысты, себебі студенттер өздері жүргізетін кез келген зерттеу жұмысын-

дағы алғашқы деректерді олар өздері жинақтаулары керек деп ойлайды. Егер сізге жетекшіңіз басқаша кеңес бермеген болса немесе университетіңіздің, факультетіңіздің құжаттамалары бойынша басқа талаптар қойылмаған болса, қайталама талдау жүргізуге тездетіп кірісіңіз, себебі талдау жұмысы және деректерге түсініктеме беру көп уақытты қажет етеді. Ал уақыт тығыздығы мен қаржының тапшылығы сізге салыстырмалы түрде деректер жинақтауға да мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сонымен қатар келесі қайталама талдауының артықшылықтары тақырыбында көрсетініміздей, талдаулар жүргізу арқылы өзіңіз деректер жинағанда қол жеткізе алмайтын нәтижелерге қол жеткізе алатыныңызды көресіз.

Қайталама талдау тәсілінің артықшылықтары

Қайталама зерттеу тәсілі зерттеу жобасын жүргізіп жатқан студенттерді сансыз тиімді мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді. Бұл артықшылықтарды төменде ашып көрсеттік:

- *Құн және уақыт.* Жоғарыда айтылып кеткендей, қайталама талдау тәсілі зерттеудің кішігірім бөліміне қатысты сапалы деректерге қол жеткізу мүмкіндігін

тудырады, осылайша деректер жинақтау жұмысын атқару оңайға түспек. Сансыз деректер жинағын Колчестердегі Эссекс университетінде орналасқан Мұрағаттық деректер қорынан алуға болады. Сонымен қатар бұл мұрағаттың ресми веб-парағы да бар, ол жерден кілтсөздерді қолдана отырып, әртүрлі жолдармен қажетті ақпаратты іздеуге болады (төменде қамтылған).

- *Жоғары сапалы деректер.* Қайталама талдау жүргізу үшін жиі қолданылатын көптеген деректер жинағы өте жоғары сапалы деректер болып табылады. Бұл сөзімнің бірнеше мағынасы бар. Біріншіден, іріктеме тәсілі қатаң қағидаларға сәйкес жүргізілген, көптеген жағдайларда іріктеме таныстырмалы түрде ұсынуға қолайлы болып келеді. Ұйымдар бұл зерттеулерді жүзеге асыру барысында барлық басқа зерттеу жұмыстарында орын алатын жауап бермеу мәселесімен қарсы келіп және жауап бермегендерді қадағалауға қатысты шаралар ұйымдастырып жатады, ал қайталама талдау жұмысында бұл мәселе минимум дәрежесінде қалады. Екіншіден, Іріктемелер көбіне ұлттық деңгейде жүргізіледі немесе Ұлыбританияның әртүрлі аймақтарын қамтиды. Мұндай деректер жинағының тиісті түрде шашырап орналасқан географиялық аймақтардың және іріктеме көлемінің сәйкесінше ауқымды болуы осындай ірі зерттеу жұмыстарында қамтылады және бұл өз кезегінде, біршама қорлармен қамтамасыз етеді. Ал студенттің жобасында осыншама ауқымды аймақ және іріктеме көлемінің қамтылуы екіталай жайт. Үшіншіден, көптеген деректер жинақтарын жоғары тәжірибелі зерттеушілер жинаған және көлемді де-

ректер жинақтары Жалпы Шаруашылық Сауалнамасы (ЖШШ), Британиялық әлеуметтік көзқарас (БӘК) сауалнамасы (14.1 зерттеу нысанын қараңыз), Британиялық шаруашылыққа қайталама сауалнама (БШҚШ, 14.1 және 14.2 зерттеу нысандарын қараңыз) тәрізді әлеуметтік зерттеулер жүргізетін ірі ұйымдар тарапынан жинақталған, ал олар берілетін деректердің сапалығын тексеруге айтарлықтай дамытылған бақылау және құрылым үдерістерін қолданады.

- *Созылмалы талдау мүмкіндігінің болуы.* Осы соңғы артықшылығына қатысты факт – қайталама талдауда 3-тарауда айтылып кеткен және әлеуметтік зерттеулер жүргізуде уақыт пен құн мәселесіне байланысты өте сирек қолданылатын созылмалы зерттеу жүргізу мүмкіндігінің болуы. Кей жағдайларда, БШҚШ жұмысындағыдай қайталама жобасы қолданып, үрдістерді кестемен көрсете отырып, уақыт өте келе байланыстыру мүмкіндігі бар. Мұндай деректерге талдау жүргізуде кей кездері кросс-секциялық тәсіл қолданылады, дегенмен созылмалы тәсілді қолдану дұрысырақ болмақ. Сонымен қатар сұхбаттың кейбір сұрақтары әр жыл сайын өңдеуден өтіп отыратындықтан, осындай деректерді ұзақ уақыт бойы жинайтын ЖШШ және БӘК шолулары тәрізді деректер жинақтарында үрдістерді (пікірлерді немесе әрекеттерді өзгерту тәрізді) анықтауға да ұзақ уақыт қажет болуы мүмкін. Мұндай деректер жинағында қатысушылар жыл сайын өзгеріп тұрады, сондықтан уақыт өте келе бірден себептік қорытындысын жасау оңайға түспейді, алайда жасалған үрдістерді бағалауға қандай да бір мүмкіндік қарастырылады.



14.1 Зерттеу нысаны

Британияда дін мәселесі және «тәуелді болмадан сену» фразасының мағынасы

«Тәуелді болмадан сену» фразасы діни сенімдерді ұстанудың заманауи британиялық қоғамда азайып кетпегенін және белгілі бір дінге адал болмаса да, діни сенімнің әлі де терең екенін білдіреді, демек фразадан анық көрініп тұрғандай, адамдар белгілі бір діннің талаптарын қатан ұстанбаса және шарттарын орындауға тәуелді болмаса да, дінге сенімдерін жоғалтпаған. Осы фразаны БШҚШ мен БӘК сауалнамаларына бірдей қайталама талдау жүргізе отырып, Воас және Крокет (2005) қорытындылады. Авторлар екі уақыт аралығында жүргізілген сауалнамалардан, атап айтсақ 1991 жылы және 1999-2000 жылдары жүргізілген сауалнамалардағы ауытқуларды қарастыра келе, үш сұрақты назарға алып, БШҚШ талдауларын жүргізді. Қарастырылған үш сұрақтар мыналар:

1. Респонденттің қандай да бір діни ұстанымға сеніп немесе сенбейтіні және егер сенетін болса, қандай дін екені жайлы сұрақ қойылды. Бұл адамның қандай да бір діни ұстаным қатарына жататынын анықтайды.
2. Респондентке діни ғибадаттар немесе кездесулер болып жатқан жерге қаншалықты жиі баратыны жайлы сұрақ қойылды. Бұл сұрақ белсенділерді анықтауға көмектеседі.
3. Әрбір респондентке діни ұстаным оның өміріне қаншалықты өзгеріс енгізгені жайлы сұрақ қойылды және оларға шәкіл бойынша жауап беру ұсынылды: ешқандай өзгеріс орын алмады; аз ғана өзгеріс орын алды; өмірім біршама өзгерді; өте көп өзгерістер орын алды. Бұл сұрақ респонденттің діни ұстанымға сенім тереңдігін және діннің респонденттің өміріндегі маңызын анықтауға бағытталды.

Қол жеткізілген нәтижелерден Воас пен Крокет (2005: 15) «діни ұстанымның азайып кетуі алдымен ұрпақтар арасындағы айырмашылықтан туындап отыр: әрбір келесі ұрпақтың алдыңғысына қарағанда діни ұстанымы азайып отырған» деген тұжырымдама жасады. Сонымен қатар бұл деректер де «тәуелді болмадан сену» тезисін құптамады: егер қандай да бір өзгеріс орын алса, діни сенім тәуелді болудан бұрын азайып кетеді. Олар араға өте ұзақ уақыт салып зерттеу жүргізілетін (1983-2002) БӘК сауалнама деректеріне де талдаулар жүргізді. Деректер жыл сайын және осы әрбір жылғы жаңа діни ұстанымдар мен сенімдер жайлы деректерді ескере отырып тексерілді. Олар топтық әсердің басым ықпал еткенін анықтады, демек, әрбір келесі топтың (бес топ бөлініп алынды) алдыңғы топпен салыстырғанда діни сенімі азайып отырған. Жалпы алғанда, осы созылмалы деректер «тәуелді болмадан сену» тезисінің эмпириялық әдісті қолдамайтынына болжам келтірді.



14.2 Зерттеу нысаны

Шаруашылық жұмыстары: қайталама талдауға мысал

Бонд және Сейлс (2001) БШҚШ-ның 4-кезеңіне (1994) қайталама талдау жүргізді. Олар екеуі де жұмыс істеу жасына жеткен және ақылы жұмыс істейтін жұптардың үй шаруашылығын қалай бөлісетіндерін анықтауға қызығушылық танытты. Осы кезең барысында деректер жинақтау үшін 9481 қатысушыдан сұхбат алынған, олардың ішінде 981 жұп зерттеу критерийлеріне сай келген. Бонд пен Сейлс еркектер мен әйелдер ара-

сында үй шаруашылығын атқаруға бөлетін уақыт айырмашылығы мен үй шаруашылығы жұмыстарын деңгейлеріне қарай бөліп алуларын зерттеді. Авторлар алдыңғысына қатысты айырмашылықтың, мысалы, үй шаруашылығы жұмысына бөлінген уақыттың серіктесінің шаруашылық белсенділігін үнемдеуге кері әсер еткенін және еркектердің үй шаруашылығына жұмсаған уақыттары серіктестерінің ақылы жұмыста өткізген уақыттарынан асып кететінін анықтады. Үй шаруашылығын бөліп атқару, әсіресе, жұмыс уақыты ұзаққа созылатын әйелдер арасында көп байқалған, бірақ бұл арада еркектер үй шаруашылығында аз жұмыс атқарып және әйелдер атқарғандағыдай нәтиже бермеген. Сонымен қатар серіктестеріне қарағанда көп күш жұмсайтын жұмыс атқармайтын еркектер үй шаруашылығын аз атқарған. Осындай зерттеулер жобаны жүзеге асыру біршама қиынға түсетін таныстырмалы іріктемені қолдана отырып, маңызды тақырыптарды қамтуға мүмкіндік береді.

• *Топ бөлігінің деректеріне талдау.* Деректер көзі ретінде үлкен көлемдегі іріктеме алынатын болса (ЖШШ, БШҚШ тәрізді сауалнамалар), біршама ауқымды топ бөліктеріне зерттеу жүргізу мүмкіндігі көбірек болады. Көптеген жағдайларда арнайы жеке тұлғалар категорияларына зерттеу жүргізу үшін кішігірім бағытталған зерттеу жүргізу құны жағынан алып қарағанда бірден-бір шешім болмақ. Мысалы, Арбер және Гильберт (1989) ЖШШ 1980 сауалнамасын қолдана отырып, жекеменшік үй иелері арасынан 4500 егде адамдарды іріктеп алды. 1980 жылы 65 жастағы және одан асқан қарт адамдардан белгілі бір тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қатысты әртүрлі сұрақтар қойылды. Осы көрсеткіштер олардың жұмысқа қабілетсіздігін анықтау үшін қолданылды. Жұмысқа қабілетсіздік деңгейлері қарт адамдарға күтім көрсету ерекшеліктеріне байланысты бола алады. Арбер және Гильберт (1989: 75) жүргізген зерттеулеріне орай былай деп жазды: «Үлкен іріктеме көлемі, жауап беру көрсеткішінің жоғары дәрежеде (82%) болуы және іріктеме көлемінің таныстырмалы түрде ұсынылуы, Жалпы шаруашылық сауалнамасын кішігірім, сапалы және бағытталған зерттеулердің

нәтижелері мен теориялық пікірлерін толықтыруға, кеңейтуге және оларға жүйелік тестілеу жүргізуге арналған құнды деректер көзіне айналдырды. Деректер қарттар үйінде күтім көріп жатқан қарт адамдарға қатысты болмаған жағдайда да, сұрақ-жауап зерттеуі қарт адамдарға қатысты жоғары сапалы құнды деректер көздерімен қамтамасыз ете алды. Осы арада, ұқсас талдаулар жүргізу үшін әртүрлі топ бөлімшелерін анықтап алу оңай екенін көреміз.

• *Кросс-мәдени деректеріне талдау жүргізу мүмкіндігі.* Кросс-мәдени зерттеулер әлеуметтанушылар ғаламдану және мәдени айырмашылықтармен байланысты үдерістерді зерттеуге назар аударғанда қолдануға өте тиімді болып табылады. Зерттеу нәтижелерінің зерттеу жүргізілген мемлекеттен тыс басқа мемлекеттерге қолданылмайтынын ұмытып кетіп жатамыз. Алайда, кросс-мәдени зерттеу тәсілі зерттеушілерге біршама шектеулер қояды. Алдымен құн мәселесі орын алады, одан әрі әртүрлі мемлекеттерде зерттеу жүргізудің іс жүзінде қиын болатыны ортаға шығады, әсіресе, тіл мен мәдениет айырмашылықтарына қатысты мәселелер маңызды орын алады. Екі немесе одан да көп мемлекеттердің деректерін салыстыра отырып,

қайталама талдау жүргізу осы кросс-мәдени зерттеуін жүргізуге мүмкіндік береді. Алайда, кросс-мәдени зерттеу жүргізу үшін біршама жұмыстар атқарылады және қойылған сұрақтар салыстырмалы түрде құрастырылғанына көз жеткізу керек. Келии және Де Граф (1997) жүргізген 2.4 және 7.3 зерттеу нысандарында берілген діни тақырыпқа қатысты зерттеуі осындай жұмыстарды атқаруға мысал бола алады. Авторлар жұмыс барысында:

«Деректер 1991 жылғы көбіне ғылыми зерттеу ұйымдарының халықаралық бірлестіктерін құрайтын Халықаралық Әлеуметтік Сауалнама Бағдарламасының (ХӘСБ) «Дін» модулінен алынды. . . Әрбір жылы ХӘСБ барлық қатысатын мемлекеттерге арнап бірдей сұрақтар мен жауаптар нысандары берілген бірдей үлгіде модуль құрастырады. . . Іріктеме көлемі ауқымды етіліп, ұлтты таныстырмалы түрде ұсына алатын ересек адамдар арасында жүргізіледі. Жалпылама қолданылатын тәсіл – бөліктелген кездейсоқ іріктеме арасында бетпөбет жүздесу арқылы сұхбат жүргізу және артынан бірден ХӘСБ модуліне сәйкес өз бетінше толтырылатын сауалнаманы толтыруды ұсыну . . .» (Келии мен Де Граф 1997: 642), – деп сипаттама берді.

Келии және Де Граф зерттеу нәтижелеріне он бес мемлекеттің деректерін қарастыра отырып, қайталама талдау жүргізу арқылы қол жеткізді. Осындай кросс-мәдени зерттеулер жүргізу мүмкіндіктері артып келе жатқан тәрізді. Мысалы, Жұмысшы күшіне арналған сауалнамадағы (ЖКС) негізгі сұрақтар ЕО мүше мемлекеттер тарапынан жүр-

гізілген ұқсас сауалнамаларда қолданылды.

• *Деректерге талдау жүргізуге уақыттың молдығы.* Деректерді жинақтау көп уақыт талап ететіндіктен, деректерге талдау жүргізуге көбіне, аз уақыт бөлініп жатады. Деректерді жинақтау кезеңінің қиын екенін және сәйкесінше деректерді талдау кезеңі еш күрделілік тудыратынын ойлау жұмысты біршама оңайлатады. Дегенмен бұл шешім емес. Жинақтаған деректеріңізді қалай өңдеуді жетілдіру оңай атқарылатын іс емес және тиісті пікірлер мен шешімдер қабылдауды, Сонымен қатар, жаңадан енгізілген деректерді талдау тәсілдерімен танысуды талап етеді. Қайталама талдауда ауқымды деректерді өңдеу жұмыстарын қамти отырып, сіз деректер жайлы мәліметтер жинап аласыз және оларды сізге қажет үлгіде топтастыра аласыз (төменде анықтамасы беріледі), дегенмен осы арада бір артықшылықты естен шығармаған дұрыс: сізден жаңа деректерді жинақтау талап етілмейтіндіктен, деректерді талдау жұмыстарыңызды әдеттегіден тыс, тиімді түрде ойластыра аласыз.

• *Қайтадан талдау жүргізу жаңа анықтамаларды ашуы мүмкін.* Деректер талдаудан өткізілгеннен кейін ол деректер белгілі бір дәрежеде бұдан әрі қолданысқа енгізілетінін білеміз. Басқаша сөзбен айтқанда, басқа біреу талдау жүргізіп қойған деректерді қайтадан қолдану арқылы неге қол жеткізе аламыз? Шыныменде, деректерге көптеген жолдармен талдау жүргізуге болатындықтан, ықтимал талдау аясының тарылуы әдеттен тыс құбылыс. Кейбір мүмкіндіктерді атап көрсетейік. Қайталама талдау арқылы айнымалылар мүдделері арасындағы байланысқа белгілі бір айнымалының ықпалын

қарастыруға болады. Мұндай мүмкіндік, әрине, бастапқы зерттеу жобасында қарастырылмауы мүмкін. Екіншіден, жаңа теориялық идеялардың ортаға шығуы алғашқы зерттеушілер тарапынан жоспарға алынбаған талдаулар жүргізуге жол ашуы мүмкін. Басқаша айтқанда, осындай жаңа теориялық бағыттардың орын алуы деректердің актуалдығын қайтадан қарастыруға жол ашады. Үшіншіден, сандық деректерге талдау жүргізудің балама тәсілін қолданып, анықтамаларға басқа жолдарын түсініктеме беруге болады. Төртіншіден (және соңғысы) сандық деректерге талдау жүргізудің әрқашан жаңа тәсілдерін қолдануға болады. Статистика және эконометрика тәрізді пәндерде талдаудың жаңа тәсілдері ұдайы жетілдіріліп тұрады, дегенмен әлеуметтік ғылымдар салалары да бұл жолда қалыс қалмайды. Осындай тәсілдердің көп таралғандығы және оларды қолданудың орындылығы дәлелденгендіктен, зерттеушілер оларды жаңа деректер жинағына жаппай қолдануда.

- *Әлеуметтанушылардың міндеттері.* Әлеуметтік зерттеулердің барлық түрлеріне зерттеуге қатысушылар өздерінің біршама уақытын бөледі және, әдетте, ешқандай сыйақы талап етпейді. Және олар өздері жинақтауға қатысқан деректердің жан-жақты қарастырылуына ықылас танытуы қалыпты жағдай. Алайда, көптеген әлеуметтік зерттеулер соңына дейін талдаудан өткізілмей қалады. Алғашқы зерттеушілер, өздерінің негізгі сұрақтарына қатысты деректерді ғана талдауға алуды қалауы мүмкін немесе жаңа зерттеу сұрақтарының топтамасы олардың жүзеге асыруды ойлаған шараларына кедергі келтіруі мүмкін. Қайталама талдау жүргізуге мүмкіндікті

ашық қалдыруы жинақталған деректерге толықтай талдау жүргізуге жол ашады.

Қайталама талдауда кездесетін шектеулер

Алдыңғы тақырыптарда қайталама талдау жүргізудің артықшылықтары асыра суреттелгенімен шындыққа жанасуы қиын. Дегенмен, аса терең шектеулер қойылмайды. Десек те, назардан тыс қалдырылмауы тиіс кейбір шектеулерін атап өтейік:

- *Деректер жайлы бейхабар болу.* Егер сіз өзіңіздің жеке деректеріңізді жинақтайтын болсаңыз, деректер жинағы толықтырылып болғанда сіз ол деректердің құрылымымен және ерекшеліктерімен таныс болуыңыз таңғалдырмайды. Алайда, басқалары тарапынан жинақталған деректерді қолданғанда, ол деректермен танысуға уақыт бөлу керек болады. Сіз айналымылар ауқымын меңгеріп және ол айналымылардың қалай кодталғанын, деректерді өңдеуде атқарылған басқа да әртүрлі шаралармен танысуыңыз керек. Деректер жинағымен танысу біршама күрделі іс болуы мүмкін, сондықтан жете бағаламауға болмайды.

- *Деректердің күрделі болуы.* Қайталамалы талдауда қолданылатын БШҚШ тәрізді кейбір танымал деректер жинақтарында респонденттер мен айналымылар саны жағынан көп болады. Кей жағдайларда қолда бар деректердің өзі өте ауқымды қамтылғандықтан ол ақпараттарды меңгеруде проблемалар туындатуы мүмкін, осы арада, тағы да деректермен танысу және бейімділік талап етіледі. Сонымен қатар қайталама талдауға қолданылған ЖШШ мен БШҚШ тәрізді кейбір ең көрнекі де-

ректер жинағы иерархиялық деректер жинағы деген атпен танымал. Осы арадағы туындайтын қиындық – деректер бірден шаруашылық пен жеке тұлғалар және тағы басқа қатысушылар деңгейлеріне қатысты жинақталып, ұсынылған. Қайталамалы талдауда осы деңгейлердің қайсысы қолданысқа жарамды екені жайлы шешім қабылданады. Егер жеке тұлғаларға қатысты деректер деңгейін қолдануға шешім қабылданса, осы жеке тұлғаларға қатысты деректер басқаларынан бөлініп алынуы тиіс. Әрбір деңгейге сәйкесінше әртүрлі деректер жинақталады. Мысалы, ЖШШ қатысты шаруашылық деңгейінде көлік саны мен ұзақ қолданылатын тауарлар тәрізді айнымалылар бойынша деректер қамтылады, ал жеке тұлғалар деңгейінде табыс мөлшері және жұмысы жайлы деректер енгізіледі. Дейл (1987) өмір кезеңдерін анықтауға қызығушылық танытты. Осылайша, ЖШШ 1979 бойынша шаруашылық деңгейіндегі деректерді қолдана отырып, он төрт категориядан және үй шаруашылығына енген таза табыс тәрізді әртүрлі категориялардың әртүрлі корреляттарынан тұратын өмір кезеңдерінің тұрпаттамасын құрастырып, жетілдірді.

• *Деректердің сапалығына ерекше бақылаудың жоқтығы.* Жоғарыда бірнеше рет айтып кеткеніміздей, қайталама талдау тәсілі студенттерге және басқаларға өздері жинақтап алатын деректермен салыстырғанда өте жоғары дәрежеде сапалы деректермен жұмыс істеу мүмкіндігін ұсынады. Алайда, бұл пікір көзіне ЖШШ, БШҚШ (3.10 зерттеу нысанын қараңыз), БҚС (7.1 терең пікірлерді қараңыз), NCDS (3.11 зерттеу нысанын қараңыз), Әлеуметтік өзгеріс және экономиялық өмір баста-

малары (7.1 зерттеу нысанын қараңыз) БӘА сауалнамасы (2.4 зерттеу нысанын қараңыз) тәрізді дереккөздер жинақтарына қатысты айтылған. Деректердің сапасына дәлелдер келтірмейінше қолданылмайтыны анық, дегенмен, осындай дереккөздер жинақтарында деректер сапалығына сенімді болуға болады. Алайда, бұл қайталама талдау жүргізушінің барлық талаптарына сай дегеніміз емес, себебі ол деректер қызығушылық танытылған бағыттан тыс жинақталған болуы мүмкін. Басқа дереккөздер жинақтарына қатысты біршама абай болған жөн және деректердің сапалығына қатысты сақтық шараларын қолдану ешқашан артықтық етпейді. Десек те, ол деректерді белгілі бір мұрағатқа енгізер алдында мұқият тексеруден өткізіледі.

• *Негізгі айнымалылар болмайды.* Қайталама талдауда зерттеушілер өздерінің мақсаттарына сай басқалары жинаған деректерге талдау жүргізетіндіктен, бір немесе бірнеше негізгі айнымалылар қолданылмауы мүмкін. Мысалы, сіз бір немесе бірнеше айнымалылар есепке алынғанда, екі айнымалы арасындағы қатынастың болып немесе болмайтынына бақылау жүргізуді қалауыңыз мүмкін. Мұндай талдау түрі **көп өлшемді талдау** деп аталады және бұл ұғымды келесі тақырыпта толығымен қарастыратын боламыз. Маңызды немесе теориялық жағынан маңызды айнымалыны тексерудің мүмкін болмауы жағымсыз қорытындылар беруі мүмкін, мысалы, деректерді жинаудың бастапқы үдерістерінде теориялық тәсілдің пайда болуы оның маңыздылығын білдіреді. Әлбетте, зерттеушілер алғашқы деректерді өздері жинағанда, мұндай жағдайлардың орын алуы сирек кездеседі.

14.1-сызба

Экономикалық және әлеуметтік ақпарат жүйелерінің каталогын іздеу

Мұрағаттық деректерді қолдануға рұқсат алу

Әссекс университетінің Британиялық Мұрағат Деректері қайталама талдау жүргізу үшін сандық деректер алудың негізгі көзі болатын сияқты, дегенмен, кейбір оқытушылардың деректер жинағы бар болып және ол жинақтарды сізге қолдануға беруі де мүмкін. Мұрағатта өзіңізге керек деректерді тауып алудың ең тиімді жолы – оның желідегі каталогын ақтарып қарау. Бұл каталогты Британиялық Мұрағат Деректерінің жеке веб-парағында мына сілтеме бойынша таба аласыз: www.data-archive.ac.uk (2011 жылдың 28 қаңтарынан қолданыста) немесе Экономикалық және әлеуметтік ақпараттар жүйесінің (ЭӘАЖ) каталогынан да мына сілтеме арқылы таба аласыз: www.esds.ac.uk/Lucene/Search.aspx (2011 жылдың 28 қаңтарынан қолданыста).

Мен «қауіп» сөзі кілтсөз ретінде қолданылған барлық зерттеулердің

тізімін көрсетуді сұрап, іздеу түймесін бастым. Осы тарауға өңдеу жұмыстарын жүргізіп жатқанымда 14.1-сызбаның тақырыбы менің назарыма қатты ілікті. Іздеу нәтижеде тоғыз зерттеудің тізімі берілді (14.2-тілімшені қараңыз). Осылайша, сіз де талдау жүргізетін ықтимал барлық құжаттардың тізімін, сонымен қатар қажетті деректер жинағын қарап шыға аласыз. Әдетте, мұндай ақпараттар зерттеуге жалпы сипаттама бере отырып, кейбір нақты мағлұматтарды да ұсынады, атап айтсақ: демеушілер; іріктеме жайлы мәлімет; деректерді жинақтау тәсілі; сұрақ-жауапта қарастырылған негізгі тақырып; зерттеу жарияланатын басылымдар жайлы ақпарат. Сонымен қатар рұқсат алу үшін арнайы шарттардың бар немесе жоғы жайлы да мәлімет беріледі. Мысалы, менің SN 5357 – Қоғамдық тәуекелді ұғыну, Климаттың өзгеруі және Ұлыбританияда Энергетика саясатын қайтадан қарау, 2005 деп бөліп көрсеткен бөліміме қатысты мынадай жауап келді: «Салымшының тіркелуі та-

лап етіледі және қолданыстың стандартты шарттары анық енгізілуі керек». Арнайы шарттар қойылатын жағдайларда тіркелу рәсімінен өту талап етіледі. Деректерге тапсырыс беру үшін арнайы тіркеме жазбасын толтыруыңыз керек. Тіркеме жұмысы сәтті аяқталғанда сізге қолданушы аты мен құпия сөз беріледі, осындан кейін деректерді жүктеп алуға еркін әрекет ете аласыз. Алайда, ол деректерді жүктеп алу үшін әкімшілік өтемақының бар болуы мүмкін, осы жайлы мәліметті анықтап алуыңыз керек. Көптеген жағдайларда, егер сіз Ұлыбританияның жоғарғы оқу орнының студенті немесе қызметкері болсаңыз, ешқандай өтемақы болмауы тиіс немесе қандай да бір шартты өтемақы белгіленген болуы мүмкін. Зерттеуге қажетті іздеп табылған құжат веб-парақтың төменгі жағында орналасады. 14.3-кестеде осы жайт көрсетілмей қалған, алайда, ол кестеде ESDS веб-парағынан табуға болатын біршама ақпарат көздері ұсынылған. Егер қажетті құжатты көргіңіз келсе, компьютер жүгірткесімен 14.3-кестеде көрсетілген веб-парақтың төменгі жағына барыңыз. Сонымен қатар, SN 5357 нұсқасы сұрақ-жауап зерттеуінің құрамдас бөлігі болып табылатын зерттеудің аралас тәсіліне жататынын айта кеткен жөн, бұл тәсілді 27-тарауда қарастыратын боламыз.

Қайталама талдау жүргізу үшін сапалық деректер іздестіру жайлы ақпарат 24-тарауда қарастырылады. Сапалық деректерді ESDS бөлімшесі болып табылатын ESDS Qualidata дерекқорынан іздеуге болады.

ESDS арқылы табуға болатын көп қолданыстағы аса ауқымды деректер жинақтарының бастапқы көзін мына

сілтеме арқылы табуға болады: www.esds.ac.uk/findingData/majorStudies.asp (2011 жылдың 28 қаңтарынан қолданыста).

14.1-кестеде студенттерге еркін қолдануына рұқсат етілген деректер жинақтарының үлкен тізімі көрсетілген және оларды қызығушылық танытқан зерттеу сұрақтарының құрамында тиімді қолдануларына мүмкіндіктер бар. Осы деректер жинақтары жайлы басқа да ақпараттарды ESDS, Google немесе басқа да іздеуге арналған бағдарламаларды қолданып таба аласыз.




Осы тарау барысында қайталама талдауларына қатысты БШҚШ тәрізді үлкен деректер жинақтары көзін атап өттім. Дегенмен, Мұрағаттар Деректерінде аса үлкен мөлшерде зерттеулер қамтылғанын ұдайы жадыңызда ұстау пайдалы болмақ. Каталогты іздеп табу үшін «әлеуметтік зерттеу тәсілдері» деп енгізетін болсаңыз, сізге ұсынылатын нәтижелердің бірі – сандық және сапалық зерттеуді қатар қамтып журнал мақалаларына жүргізілген мағыналық талдау болмақ (SN 5077). Бұл менің 2003-2004 жылдары жүргізген зерттеуім және осы кітап барысындағы 27-тараудың негізін құрайды. Алайда, бұл жұмыс жоғарыда айтып кеткендей көлемді деректер жинағына жатпайды. Сонымен қатар мұрағатқа енгізуге келмейтін кейбір жақсы сапалы зерттеу жұмыстарын да қарап шыққан дұрыс. 13-тарауда айтылып кеткен Жұмыс орнына қатысты этнографиялық жоба деректерінде (13.4 зерттеу нысанын қараңыз) оңай жүктеп алуға болады және әлеуметтік жұмыс тақырыбын зерттеуді ойлап жүргендер үшін өте қызық қайталама талдау жобасына негіз бола алады.

14.1-тілімше

Іздеу нәтижелері

9 жазба табылды

Серия бойынша топтама

- SN 4707** **UEA-MORI қауіптерді зерттеуі, 2002** [ESDS Access and Preservation]
 Бұл зерттеуде ғылымға, тәуекелге және басқару түрлеріне қатысты қоғамдық көзқарастар қарастырылған. Негізгі бағыт. . .
[\[Зерттеу сипаттамасы/Құжат\]](#) | [Жүктеу/Тапсырыс беру](#) 
- SN2738** **Есірткіге құмарлық және қолдану қаупі: Жастардың жеке басының денсаулығына деген қатынасы, 1990** [ESDS Qualidata]
 Зерттеу Лестерширеде 15-16 жасында темекі шегу, ішімдік ішу, есірткі қолдануға қатысты көзқарастармен байланысты. . .
[\[Зерттеу сипаттамасы/Құжат\]](#) | [Жүктеу/Тапсырыс беру](#) 
- SH 5214** **Бөлінсек те біргеміз: Қоршаған ортаға қауіптің әртүрлі анықтамаларын байланыстыру: GIS-P Naps, 2004** [ESDS Access and Preservation]
 Осы деректер жинағы алынған осы зерттеу жобасы. . .
[\[Зерттеу сипаттамасы/Құжат\]](#) | [Жүктеу/Тапсырыс беру](#) 
- SN 5357** **Қоғамға төнген қауіпті ұғыну, Климаттың өзгеруі және Ұлыбританияда Энергетика саясатын қайтадан қарау, 2005** [ESDS Access and Preservation]
 Зерттеуде болашақтағы энергия көзіне қатысты қоғамдық көзқарастарға эмпириялық зерттеу жүргізумен байланысты. . .
[\[Зерттеу сипаттамасы/Құжат\]](#) | [Жүктеу/Тапсырыс беру](#) 
- SN 5481** **Жұмыссыздықтың алдын алу: Икемді жұмыс нарығында жанұяны қамтамасыз ету тәуекелі, 1996-1999** [ESDS Qualidata]
 Осы жобаға жинақталған деректер фокустық топтарды құрайды және әрбір серіктестен жеке дара сұхбат алынды. . .
[\[Зерттеу сипаттамасы/Құжат\]](#) | [See Access Information](#)
- SN 5564** **Еуробарометр 64,1: Мобильділік, Тағам тәуекелі, Темекі шегу, АИВТС қорғану, Медициналық қателік, Қыркүйек - Қазан, 2005** [ESDS International Micro]
 Евробарометр (ЕБ) кросс-ұлттық және уақытша әлеуметтік ғылымдардың бірегей бағдарламаларының сауалнамалық түрі. . .
[\[Зерттеу сипаттамасы/Құжат\]](#) | [Жүктеу/Тапсырыс беру](#)  | [Access via ZACAT](#)
- SN 5831** **Ювеналды әділет: Ювеналды әділет тәжірибесінде тәуекелдерге талдау жүргізу және қажеттіліктерді бағалау, 2004-2005** [ESDS Qualidata]
 Соңғы онжылдықта жастардың қылмыс жасауы және қамауға алынуы артып отырғаны байқалады. . .
[\[Зерттеу сипаттамасы/Құжат\]](#) | [Жүктеу/Тапсырыс беру](#) 
- SN 6072** **Жергілікті халықтың су тасқыны қаупі жайлы хабардар болуы: Қоршаған ортаны қорғау агенттігінің су тасқыны картасының рөлі, 2006-2007** [ESDS Access and Preservation]
 Жергілікті халықтың су тасқыны қаупі жайлы хабардар болуы: Қоршаған ортаны қорғау агенттігінің су тасқыны картасының рөлі. 2006-2007, мақсаты бақылау жүргізе отырып, ресми түрде қалай. . .
[\[Зерттеу сипаттамасы/Құжат\]](#) | [Жүктеу/Тапсырыс беру](#) 
- SN 6295** **Тағамдар желісін басқару қаупі, 2006-2007** [RELU Data Support Service]
 Бұл деректер жинақтаудың аралас тәсілі. Ауылшаруашылық экономикасы және жерді пайдалануға (АЭЖП) бағдарламасы бойынша зерттеу бөлімі. . .
[\[Зерттеу сипаттамасы/Құжат\]](#) | [Жүктеу/Тапсырыс беру](#) 

14.2-тілімше

Таңдап алынған деректің сипаттамасы және құжаттамасы

Түйіндеме

Климат өзгерісі тақырыбына қатысты жоба, әсіресе, атомдық энергияға асыра екіпін жасай отырып, Ұлыбританияның болашақтағы энергия көздеріне қатысты қоғамның пікіріне жан-жақты эмпириялық зерттеумен байланысты болды.

Бұл сұрақ-жауап сауалнамасы 4 негізгі бөлімді құрады. Бірінші негізгі бөлімде климаттың өзгерісі мен атомдық энергетика тақырыптары кең көлемде қарастырылды және олардың басқа да бірқатар экологиялық және энергетикаға қатысты ғаламдық және жергілікті масштабтағы мәселелері салыстырылды. Осы бөлімде, сонымен қатар энергия көзін жетілдірудің көптеген басқа түрлеріне қатысты көзқарастарды бақылау да қамтылды. Екінші бөлім тек қана атомдық энергетика тақырыбына арналды. Ал үшінші бөлімде климаттағы өзгерістерге қатысты көзқарастар талқыланды. Екінші және үшінші бөлімдерде атомдық энергетика мен климат өзгерістеріне, олардан туындайтын ықтимал қауіптер мен олардың артықшылықтарына, сонымен қатар екі жақтылық, қоғамда қалыптасқан сенімділік пен қауіптерді меңгерумен байланысты сенім мәселелеріне қатысты жалпы көзқарастарды өлшеп, бағалау мақсатында стандартталған сұрақтар жиынтығы қамтылды. Сондай-ақ осы екі тарауда мәселеге қатысты нақты сұрақтар жиынтығы да қарастырылған. Сауалнаманың төртінші және соңғы бөлімі атомдық энергетиканы климаттағы өзгеріс мәселелерінің шешімі ретінде қайтадан қарастыру көзқарастарымен тікелей байланысты болды. Бұл бөлімде климаттық өзгерістер салдарынан туындайтын қауіптер мен атомдық энергетика қауіптерін салыстыру мақсатында және климаттағы өзгерістердің алдын алатын болашақтағы әртүрлі энергия көздері мен электр энергиясын дамыту түрлеріне қарасты пікірлері құрастырылған сұрақтар қамтылды. Бұл сұрақтарда іріктемені бөліп қарастыру тәсілі қолданылды.

Энергия көзін жетілдіру, атомдық энергетика, климат өзгерістері тақырыптарын жеке-жеке қарастырған осы сауалнаманың бір мәртегік немесе тексеру көрсеткіші және зерттеудің қабылданып немесе қабылданбау тәуекелі болғанына қарамастан, осы атқарылған зерттеу құралнамасының құндылығы – оның нәтижеде осы үш мәселе бойынша жауаптарды салыстыруға болатын дерекқормен қамтамасыз етуі. Бұған қоса, қайтадан қарастыру сұрақтарын жан-жақты қамтылған, қолда бар салыстырмалы зерттеу осы ғана.

Негізгі тақырыптар

Қамтылған негізгі тақырыптар: болашақтағы энергия көзі; атомдық энергетика; климаттағы өзгеріс; экологиялық мәселелер; қауіпті қабылдау.

Ақпараттың қамтылуы:

Далалық жұмыс уақыты: 01 қазан, 2005-2006 қараша, 2005

Мемлекет: Ұлыбритания

Территориялық бірліктері: Аймақтық Үкімет мекемелері

Бақылау бірліктері: Жеке тұлғалар

Деректер түрлері: Сандық деректер

Іріктемеге қатысқан сала:

Бақылау бірліктерінің ауқымы: Ұлттық деңгейде

Тұрғындар: 2005 жылғы Ұлыбританияның 15 жастағы және 15-тен асқан жалпы қоғам мүшелері

Әдіснама

Уақыт өлшемі: Кросс-секциялық (бір реттік) зерттеу

Іріктеме үдерісі: Үлестік іріктеме: көп сатылы бөліктелген кездейсоқ іріктеме

Бірліктер саны: 1491

Деректер жинақтау тәсілі: бетпе-бет жүздесу арқылы сұхбат алу

Өлшемдер: Деректер 2001 санақ деректерінен жасы, жынысы, жұмыс статусына қарай алынды (Айнымалы - @Өлшем0)

Деректерді тіркеуде қолданылған тіл:

Зерттеу сипаттамасы: Ағылшын тілі

Зерттеу құжаттамасы: Ағылшын тілі

Қол жеткізілімділік:

Қол жеткізу шарттары: Деректер сақтау орны тіркелу рәсімінен өтіп мен стандартты шарттарды қабылдау міндетті екенін нақтылады. Қолдануға алынғанда деректер сақтаушы хабардар етілуі мүмкін. Толық мәлімет алу үшін [шарттары мен тәртібі](#) бөлімімен танысыңыз.

Қол жетімді дереккөзі: ESDS Access and Preservation, Ұлыбритания Мұрағаттық Деректер

Байланыс түрі: Қызмет орталығы help@esds.ac.uk

Басылым мерзімі:

Алғашқы басылым: 19 мамыр, 2006

Авторлық құқық

14.1-кесте

Қайталама талдауға арналған мәліметтердің ірі жинақтары

Тақырып	Деректер жинағының сипаттамасы	Қамтылған тақырыптар
Британиялық қылмыстық шолу (БҚШ)	Кездейсоқ тәсілмен іріктеліп алынған адамдарға стандартталған сұхбат арқылы сұрақ қойылып, әдеттен тыс зерттеу жүргізілді. 2001-2 жылдардағы БҚШ іріктемеге 36.0 жеке тұлғаны қатыстыру мақсат етілді. 1982 жылынан бастап жүргізіліп, 1984, 1988, 1992 жылдары қайталанды. 1992 мен 2000 жылдары арасында әрбір екі жылда, ал 2001 жылдан бастап жыл сайын жүргізіледі.	Қылмысқа қарсы көзқарас және жеке тәжірибе; қылмысқа қарсы қорқыныш; қылмыстық қауіп.
Британиялық шаруашылыққа қайталама шолу (БШҚШ)	5000 шаруашылық арасына ұлттық таныстырмалы іріктеме ретінде 10000-ға жуық жеке тұлғалар арасында 1991 жылы басталып, сұхбат алу және сауалнама жүргізу түрінде жыл сайын өткізілетін қайталама зерттеу. Зерттеу жыл сайын дәл сол қатысушылар арасында жүргізіліп тұрады. БШҚШ 40000 шаруашылыққа қайталама зерттеу жүргізетін Қоғам түсінігіне шолу атты сауалнама түрімен алмастырылуда. www.understandingsociety.org.uk (2011 жылдың 17 қаңтарынан қолданыста) сілтемеден табасыз.	Ұйымдар шаруашылығы; жұмыс нарығындағы өзгерістер; табыс және байлық; шаруашылық құру; денсаулық; әлеуметтік-экономикалық құндылықтар.
Британиялық әлеуметтік көзқарастар (БӘК) шолуы	18 жас және одан жоғары таныстырмалы іріктеме арасында сұхбат алу және сауалнама жүргізу арқылы 1983 жылдан бері жыл сайын жүргізілетін сұрақ-жауап зерттеуі. Әрбір сұрақ-жауап бір сағатқа созылатын сұхбат және өз бетінше толтырылатын сауалнамадан тұрады.	Әлеуметтік көзқарастар мен әрекеттердің ауқымды бөлігі. Жыл сайын зерттеуге қатысатын ұдайы аймақтар мен тұрақсыз аймақтар қамтылады.
Тұрмыс құны және Азық-түлік шолуы (ТҚАТШ)	2001 жылдың сәуір айынан қолданысқа енгізілген Шығындар мен Азық-түлік шолуы сауалнамасының жаңа аты және FES мен NFS біріктіріп, алмастырылды. Шаруашылықтарға күнделіктер енгізіп, екі апта бойына шығындары мен кірістерін енгізіп жүруге өтініш білдірілу арқылы деректер жинақталады. Бұған қоса, CAP1 жүйесі бойынша бетпе-бет жүздесу сұхбаты алынады.	Бұдан бұрын FES және NFS қамтыған салалар.
Жанұя шығындары шолуы (ЖШШ)	Екі апталық шығындары мен кірістері жайлы күнделік жүргізіп отыратын 10000-ға жуық шаруашылықтың 1957 мүшесі арасында жыл сайынғы сұхбат алу зерттеуі. 2001 жылы Шығындар мен Азық-түлік шолуы сауалнамасымен алмастырылды.	Жанұяның шығындары мен кірістері
Жалпы өмір салты шолуы (ЖӨСШ)	Әдетте, Жалпы шаруашылық шолуы (ЖШС) ретінде танымал, 1971 жылдан бері 8000 шаруашылықта 16 жастан асқан кездейсоқ тәсілмен анықталған іріктеме арасында жылдық мерзімде өткізілетін сұхбат. 1997-1998 жылдары ЖШС тексеруден өткізілгенде бұл шолу жүргізілмеді, 1999-2000 жылдары жаңартылған нұсқасы енгізілді. Осы аралықтан кейін ЖӨСШ әр жыл сайын өткізіліп тұрады.	Әр жыл сайын білім, денсаулық салалары бойынша стандартты сұрақтар қамтылды және жыл сайын әртүрлі жаңа тақырыптар қосымша енгізіліп отырды. Әлеуметтік көзқарастар мен әрекеттерге қатыстысы көптеген сұрақтарды қамтыды
Комплексті Шаруашылық Шолуы (КШШ)	Тұрғындар арасында үздіксіз сауалнама деген атпен де танымал бұл сұрақ-жауап зерттеуі алғаш 2009 жылы жүргізілді. Бұл сауалнама түрі тақырыпқа сай негізгі сұрақтар мен басқа да Ұлттық статистикалық мекеме (ҰТМ) тарапынан жүргізілетін үздіксіз сұрақ-жауап зерттеулерінің үлгілерін қамтиды. Атап айтсақ: Жұмыс күші шолуы; Жалпы өмір салты шолуы; Тұрмыс құны және Азық-түлік шолуы; Ағылшын шаруашылық шолуы; Өмір мүмкіндіктеріне шолу. Қысқа уақыт ішінде мұның құрамына ҰСШ Пікірлер шолуы енгізілді, алайда бұл шолу қазіргі күні алынып тасталды.	Жұмыс күші шолуы; Жалпы өмір салты шолуы; Тұрмыс құны және Азық-түлік шолуы; және ҰСШ Пікірлер шолуын қараңыз.

14.1-кесте

Жалғасы

Тақырып	Деректер жинағының сипаттамасы	Қамтылған тақырыптар
Жұмыс күші шолуы (ЖКШ)	15000 мекенжай бойынша тоқсан сайын және қосымша наурыз-мамыр айларында 1973-1983 жылдар арасында екі жыл сайын, ал 1984-1991 жылдар арасында жыл сайын сұхбат алу арқылы жүргізілген зерттеу түрі; 1991 жылдан бері 60000 мекенжай бойынша тоқсандық зерттеу жүргізіледі. 1998 жылдан бері негізгі сұрақтарды Еуропа одағына мүше мемлекеттер құрастырады.	Жұмыс сағаттары; жұмыс іздеу әдістері; тренингтер; ұлты, жынысы тәрізді жеке тұлғалық деректер.
Мыңжылдық шоғырламалық шолу	Англия мен Уэльсте 2000 жылдық 1 қыркүйегі мен 2001 жылдың 31 тамызы аралығында туылған және Шотландия мен Солтстік Ирландияда 2000 жылдың 22 қарашасы мен 2002 жылдың 11 қаңтары арасында туылған 19000 бала мен олардың жанұяларына жүргізілген зерттеу. Ол балалар 9 айлық пен 3 жас арасындағы мерзімде олардың ата-аналарынан сұхбат алу арқылы деректер жинақталды. Келесі зерттеу ол балалар 5 пен 7 жас аралығына келгенде қайталанды.	Әрбір баланың жанұясы мен оның тәрбие ортасындағы тұрақтылық пен өзгеріс; баланың дамуының маңызды аспектілеріне баға беру.
Баланың дамуына ұлттық зерттеу (БДҰЗ)	1958 жылы 3-9 наурыз аралығында Ұлыбританияда туылған 17000 балаға тұрақсыз, алайда сүрелі зерттеу жүргізу. 1981 жылдан бері сұхбат алынып және сауалнама толтырылады. Осы уақытқа дейін алты рет деректер жинақталды: 1965 жылы (қатысушылар 7 жаста), 1969 жылы (11 жаста), 1974 жылы (16 жаста), 1981 жылы (23 жаста), 1991 жылы (33 жаста), 1999-2000 жылдары (41-42 жаста), 2004 жылы (46 жаста), 2008-2009 жылдары (50-51 жаста).	Денсаулығы және психикалық жағдайы; жанұясы; тәрбие беру; мамандығы, табысы; тұрғын үй шаруашылығы және қоршаған ортасы; т.б.
Ұлттық тағам шолуы (ҰТШ)	Алғаш рет 1940 жылы құрастырылған бұл сұрақ-жауап зерттеуі шаруашылықтың таныстырмалы іріктемесі арасында сұхбат жүргізу және бір апталық күнделік толтырау арқылы жүргізілді. 1998 жылы 6000 шаруашылық арасында осы екі тәсіл арқылы деректер жинақталды. 2001 жылы Тұрмыс құны және Азық-түлік шолуымен алмастырылды.	Шаруашылық сипаттамасы; азық-түлік тапы алу; дайын тамақтар..
ҰСШ Пікірлер шолуы	Бұрынғы ҰСШ көп мақсатты шолу: 1990 жылдан тек қана 2000 адам арасында тұрақты жүргізіліп тұратын коммерциялық бағыттағы стандартталған сұхбат зерттеуі. 1990 жылдан бері жылына сегіз рет жүргізілді. 2008 жылы Комплексті шаруашылық шолуы (КШШ) қатарына енгізіліп, ҰСШ Пікірлер шолуы болып өзгертілді.	Жыл сайын қатысушылар жайлы маңызды сұрақтар және жылдық деңгейде өзгеріп тұратын тақырыптар үлгілері (қатысатын ұйымдар атынан қойылады), мысалы, азық-түлік қауіпсіздігі, тамақтану дағдысы, дербес қаржы, спорттық шараларға қатысуы.
Жұмыс орнындағы еңбек қатынастарына шолу (ЖЕКШ)	Бұл сұрақ-жауап зерттеуі 1980, 1984, 1990, 1998, 2004 жылдары жүргізілді. Он немесе одан да көп жұмыс орындары іріктеп алынып, менеджерлер, жұмысшы өкілдері және қызметкерлерден сұхбат алынды. Соңғы сұрақ-жауап зерттеуі 2011 жылы жүргізілді.	Еңбекақыны анықтау; жұмысқа қабылдау және тренинг; бірдей мүмкіндіктер; жұмыс орнын ауыстыру; жұмысқа қатынас; басшылықты ұйымдастыру; жұмысшыны таныстыру; т.б.



Ресми статистика

Көптеген жылдар бойы ресми статистика көрсеткіштерін әлеуметтік зерттеулерге қолдану даулы пікірталастар тудырып келді. Мемлекет агенттіктерінен өздерінің қызметтері салаларында жұмыстарына қатысты ағымдағы деректер жайлы ақпараттары болуы талап етіледі. Бұл деректердің барлығын бір жерге жинақтағанда белгілі бір салада ресми статистика ортаға шығады. Мысалы, Ұлыбританияда полиция қызметкерлері қылмыс деңгейін анықтауға болатын деректер жинайды («полиция қызметкерінің тіркеуін талап ететін қылмыс» деп те аталады), ал Жұмыспен қамтамасыз ету орталығы жұмыссыздықтың деңгейін қалауға мүмкіндік беретін деректер жинайды («жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алушылар саны» деп аталады). Осы аталғандар жоғары сапалы статистикалық жинақтарына келтірілген тек қана екі мысал және оларды «ресми статистикалық мәліметтер» деп аталатын категорияға жатқызуға болады. Мұндай статистикалық мәліметтер, мысалы, егер тіркелген қылмыс немесе жұмыссыздық көрсеткіш деңгейлерінде айқын өзгеріс байқалса, бұқаралық ақпарат көздерінде арнайы тақырып ретінде екпін келтіріле жарияланады. Сонымен қатар статистикалық мәліметтердің жарық көруі – әлеуметтанушылардың потенциалын айтарлықтай асырып тастайда деуге болады.

Сұрақ-жауапқа негізделетін сандық деректер түрлеріне қарағанда осындай ресми статистикалық мәліметтер әлеуметтанушыларға біршама артықшылықтар береді деп ойлайық.

- Дайын деректер ұсынылған. Деректерге қайталама талдау жүргізудің басқа түрлері тәрізді (жоғарыда көрсетілген), осы арада да уақыт және құн мәселелері жағынан тиімді. Сонымен қатар деректер іріктемелерге негізделмеген болуы мүмкін, ал бұл тақырып жайлы толық суреттеме береді.

- Ақпарат көздерінің негізі болып табылатын адамдарға зерттеу жобасының бір бөліміне жататын сұрақтар қою тәсілі жүргізілмейтіндіктен, сұхбат алу немесе сауалнама толтырумен салыстырғанда, мұнда реакциялық әсер салдары аз болмақ.

- Деректерге талдау жүргізуде созылмалы және кросс-секциялық зерттеу тәсілдерінің екеуін де қолдану мүмкіндігі бар. Кросс-секциялық тәсіл арқылы деректерге талдау жүргізгенде әлеуметтік тап, табыс, этника, жас, жыныс, аймақ тәрізді стандартты айнымалыларды ескере отырып, біз қылмыс деңгейін (бұған қоса, белгілі бір қылмыс бағытын) тексере аламыз. Мұндай талдаулар нәтижеде қылмысқа итермелейтін немесе жұмыссыздыққа жол ашатын факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ деректерді талдауды уақыт өте келе де жүргізе аламыз. Деректер ұзақ уақыт бойы жинақталып, тіркелетіндіктен, уақыт өте келе олардың беталыстарын немесе көрсетілген өзгерістерді анықтап, көлемді әлеуметтік өзгерістермен байланыстыруға болады.

- Әртүрлі мемлекеттердің белгілі бір саладағы ресми статистика деректерін салыстыруға болатындықтан, кросс-мәдени талдау жүргізу мүмкіндігі де


қарастырылған. Мысалы, Дюркгеймнің (Дюркгейм 1952) өзін-өзі өлтірудің артып отырғаны жайлы әлеуметтік классикасы бірқатар елдерде өзіне-өзі қол жұмсауға қатысты ресми деректерді салыстыру нәтижесінде анықталған.

7.1 терең пікірлер тақырыбын еске алатын болсақ, бұл істе де біршама сақтық керек екенін түсінеміз. Қылмыс деңгейі тәрізді әлеуметтік өмірдің көрсеткіштер жайлы ресми статистикалық мәліметтер жаңылыс жолға бағыттауы мүмкін, себе-

бі ол жазбаларда статистикаға жауапты агенттіктер статистикада көрсетуге болатын жағдайларды ғана өңдеуден өткізіп көрсетеді. Қылмыс және ауытқудың басқа да түрлері, әрқашанда ерекше назар аудартатын және ресми статистиканы қолданатын әлеуметтанушылар арасында ұдайы алаңдатушылық тудыратын тақырыптар. 14.1-сызбада алаңдатушылық тудырып отырған қылмыс және қылмыс көрсеткішімен байланысты фактор түрлері көрсетілген.

14.2-сызба

Қылмыс статистикасының әлеуметтік құрылымы: сегіз қадам



Егер біз қылмыстық істерді бастапқы қадам (1-қадам) ретінде алатын болсақ, ол істің құрамына қарап, оны қылмыстық іске жатқызуға болатынын немесе болмайтын факторды анықтай аламыз. Қылмыстық істі екі жағдайға байланысты (басқа да жағдайлар қарастырылады, алайда, осы екі түріне ерекше назар аударылады) қылмыстық көрсеткіш ретінде енгізуге қарастырылады. Біріншіден, жасалған қылмысты қоғам мүшесі байқап қалуы керек немесе қоғам мүшесі қылмыс құрбаны болуы керек (2-қадам). Алайда, ол жасалған қылмыс жайлы полиция қызметкерлеріне мәлімдеуден бұрын оның шын мәнінде қылмысқа жататыны анық болуы керек (3-қадам). Егер ол қылмыстық іс болып танылса да, қоғам мүшесі (ол жәбірленуші болса да) болған жасалған қылмыс жайлы полиция қызметкеріне хабарламауды жөн көруі мүмкін. Демек, егер қылмыстық іс назардан тыс қалса немесе назарға алынғанымен қылмыстық іске жатпайтын болса немесе назарға алынып және қылмыстық іс екенін де анықталып, алайда, полиция қызметкеріне хабарланбаған болса, мұндай істер ресми статистикаға енбей қалады. 4-қадам – қылмыстық іс жайлы полиция қызметкерлеріне хабарлау. Ол қылмыстық іс қылмыстық статистикаға енбей қалатын болса да, қылмыстық іс жайлы хабардар ету керек: полиция қызметкерлері адамдарға айып тағу немесе тек қана ескерту жасауға қатысты істі жүргізуде біршама тәуелсіздікке ие (6-қадам). Бұған себеп бола алатын факторлар әртүрлі: қылмыстың ауырлығы, басқаша айтқанда, ауыр қылмысқа жататыны немесе жатпайтыны, қылмыскердің алдыңғы жасаған қылмыстары жайлы тіркеулер, қылмыскердің жасаған

қылмысына шыныменде өкініш білдіруі немесе сол сәтте олардың жұмыс көлемінің аса көп болуы.

Бұдан басқа, полиция қызметкерлері жасалған қылмысқа тергеу жүргізе алады, бұл полиция қызметкерлерін тиімді түрде іске қосуға байланысты шешімнің жемісі (5-қадам). Осылайша, полицияның тергеу жүргізу операцияларын жүргізуіне байланысты, қылмыстық іс тағы да қылмыстық көрсеткіш ретінде енгізілмей қалады. Алайда, полиция қызметкерлері тергеу арқылы айып тағуға болатындай жағдайға жеткізетін болса (6-қадам), қылмыстық іс тіркеледі (7-қадам) және «полиция қызметкерінің тіркеуін талап ететін қылмыс» болып табылады, осылайша қылмыстық көрсеткіш қатарына енеді (8-қадам).

Бұл үдерістің қылмыстық көрсеткішке және жалпы қылмыстық статистикалық мәліметтерге тигізер ықпалдары қандай? Бір жағынан, қылмыстың біршама ауқымы, сөзсіз тіркелмей қалады, оның көптеген себептері бар: қоғам мүшелерінің назарынан тыс қалуы; қылмыстық іске жатпауы; тиісті орындарға хабарланбауы; полиция қызметкерлерінің іске тергеу жүргізуіне байланысты кейбір қылмыстық істерге сәйкес деңгейінің берілмеуі; полиция қызметкерлерінің бақылауға алу операциялары. Осы ашылмай қалған қылмыс түрлері көбіне, «күңгірт сандар мөлшері» деп те аталады (Коулмен және Мойнихан 1996). Осы арада, мұндай нәтижелер тек қана қылмыстық іс саласында орын алады дей алмаймыз. Өзіне-өзі қол жұмсау істерінде де көптеген жағдайлар тіркелмей қалып жатады және шын мәнінде өзіне-өзі қол жұмсауға жатпайтын кейбір істер бұл тізімге еніп кетіп жатады (бұл, мысалы, жәбірленуші шын мәнінде өзіне-өзі

қол жұмсауға тырысқаны немесе істің жазатайым оқиға нәтижесінде болғаны жайлы шешім қабылдауда орын алады). Сонымен қатар өлер алдында жазған хаты болмаса, біреудің өзіне-өзі қол жұмсаудың құрбаны болғанын анықтау өте қиын. Және де, өлімнің өзіне-өзі қол жұмсау нәтижесінде келгені немесе басқа себеп болғаны жайлы қорытынды жасайтындарға, істі бұлай тіркемеулері жайлы айтарлықтай басым көрсетіліп жатады, бұған адамдардың өздеріне «жаман аттың» тағылу қорқынышы немесе діни сенімдері себеп. Қадамдарды әрі қарай жалғастыра отырып, ресми статистикалық мәліметтерде жетіспеушіліктер тек қана қылмыстық немесе біреудің өзіне-өзі қол жұмсау тәрізді ауытқу салаларында ғана орын алмайтынын білуге болады. Мысалы, әр ай сайын жұмыссыздық деңгейін анықтауда қолданылатын «жұмыссыздық бойынша берілетін жәрдемақыға өтініштер саны» бойынша жұмыссыздық деңгейінің «шын» көрсеткішін бұрмалап көрсетуге болады: қосымша табыс көзін қаламайтын жұмыссыз адамдар саны немесе қабылданбаған өтініш иелері де статистикада көрінбей қалады, алайда, жұмыссыздық бойынша берілетін жәрдемақы алушылар санының бір бөлігін құрайтын және «күңгірт» немесе «бейресми» экономика деп аталатын көрсеткіштерді құрастырушылар (және шын мәнінде жұмыссыз еместер) жұмыссыздық статистикасында көрсетіліп жатады.

Ресми статистикалық мәліметтер мен олардың түйіндемелер саны ғаламтор көздерінде күннен күнге артып барады. Ұлттық статистикалық мәліметтер мекемесін көптеген ресми статистикалық деректерге қол жеткізуде тамаша бас-

тама ретінде қолдануға болады және www.statistics.gov.uk/default.asp (2011 жылдың 28 қаңтарынан қолданыста) сілтемесі бойынша таба аласыз.

Сенімділік пен заңдылық

Жоғарыда айтылып кеткен жағдайларда сенімділік пен заңдылық мәселелері өте үлкен маңызға ие болатын тәрізді. Құбылыстардың анықтамалары мен шарттары уақыт өте келе өзгеріп отыруына байланысты сенімділікке қауіп туындайтын сияқты. Мысалы, Ұлыбританияның Ішкі істер министрлігі немесе полиция мекемелерінің қызмет көрсету саясаттары бойынша, мысалы есірткі немесе мас күйінде көлік жүргізу тәрізді белгілі бір қылмыс саласында бақылау жүргізуге көп мөлшерде ресурс бөлінгенін қалауы мүмкін. Сонымен қатар қатаң жаза қолдану шарасы ретінде, полиция қызметкерлері өздерінің шешім қабылдау мүмкіндіктерін қолданып, кінәлілерге ескерту жасау мүмкіндігін бермеуді шешуі мүмкін. Қылмыстық статистикаға қатысты сенімділік мәселесі – уақыт өте келе белгілі бір саладағы қылмыс деңгейлеріндегі өзгерістер ондағы құқық бұзушылық деңгейіндегі өзгерістермен байланысты емес, керісінше, тергеу жүргізу жұмыстарына ресурстарды жұмсап, істі сотта қарастыруға қол жеткізумен байланысты өзгерістерге қатысты болуы. Сонымен қатар уақыт өте келе қылмыс түріне берілген анықтама өзгеруі мүмкін немесе қылмыс құрбандары арыздарын қайтадан қарастыруларын қалаулары мүмкін. Белгілі бір қылмыстардың атқарылғаны жайлы көрсеткіш ауытқыларындағы мұндай өзгерістер сол қылмыстардың немесе басқа факторлардың (уақыт өте

келе тергеу жүргізу, шешім қабылдау операциялары, анықтамалар, хабарлауға бейімділік тәрізді көптеген факторларға қатысты) «шынайы» көрсеткіш деңгейінде ауытқулардың болуына ықпал етеді. Қылмыстық статистикалық мәліметтердің сенімділігіне күмән ту-

дыратын тағы бір фактор полиция қызметкерлерінің «бұрмалап жазуы» (7.1 және 14.1 терең зерттеулер тақырыптарын қараңыз). Осындай факторлар қылмыстық деректерге деген сенімділікті азайтады, сәйкесінше заңдылық та күмән тудырады.



14.1 Терең пікірлер

Қылмыстық көрсеткіштерді бұрмалау

«The Times» басылымында (Leake 1998) жоғары лауазымды полиция қызметкерлері өздерінің мүмкіндіктерін пайдаланып, қылмыстық статистикалық мәліметтерді бұрмалап көрсететіні жайлы дәлелдердің артып бара жатқанын мәлімдеген мақалада жарық көрді. Автордың айтуынша, полиция қызметкерлері ашылған қылмыстық істердің деңгейін жақсартып көрсету мақсатында, көптеген қылмыстық істерді әдейі «жоғалтып» алады. Осылайша, қылмыстық істер деңгейі шын мәніндегі көрсеткішінен әрқашан төмен. Мақалада қылмысты қалай жасырып қалатындарына бірнеше мысал келтірілген:

- Ұрлық жасауға байланысты сансыз қылмыстарды топтастыру, мысалы, бір күннің ішінде көпқабатты үйлерде болған ұрлықтарды бір ғана оқиға ретінде көрсетуі;
- Кредиттік карталарға немесе чек кітапшаларына байланысты алаяқтық қылмыс түрлерін бір қылмыс ретінде көрсету;
- Жәбірленушілер аса ауыр зақым көрмегенде, ауыр қылмыс жасағандардың шабуыл жасаған әрекеттерін тіркеуге енгізбеу;
- Есірткі қолданғандарын мойындаған адамдарға тек қана ескерту жасау.

Қылмыстық деңгейді осылайша азайтып көрсету, әрине, сенімділікке күмән келтіреді, себебі деректер бұрмалап көрсетілетіндіктен уақыт өте келе қандай өзгерістер орын алғанын анықтау қиын, сондықтан әртүрлі уақыт аралықтарындағы көрсеткіштерді салыстыру мүмкін емес. Заңдылыққа да дәл осындай амалдар ықпал етеді: өлшем заңдылығы сенімділікке жол ашатынын жоғарыда айтып кеткенбіз (7 тарау) және берілген көрсеткіштер қылмыстық істердің шын деңгейінің көрсеткіші екені екіталай.

Сонымен қатар ресми статистикадағы қылмыстық көрсеткіштермен байланысты барлық айнымалылар сараптамаға салынады. Мысалы, аймақтық өзгерістерге сараптама жүргізу нәтижесінде қылмыстық көрсеткіш негізгі этникалық немесе әлеуметтік тапқа байланысты өзгеріп тұратыны анықталса, этникалық статус пен әлеуметтік тап өз алдына қылмыспен байланысты екенін көреміз. Мұндай

қорытындыларды жасай отырып, екі проблемаға қарсы келеміз. Біріншісі, **экологиялық тұрақсыздық** (14.2 негізгі ұғымын қараңыз) деп аталатын аналитикалық мәселелер қиындық тудырады. Екіншіден, егер біз экологиялық тұрақсыздық мәселесіне назар аудармайтын болсақ (әрине, бұл мүмкін емес), бірден заңдылық мәселелері алға шығады. Этникалық топ немесе әлеуметтік

тап арасындағы айырмашылықтар этникалық топтың немесе әлеуметтік таптың қылмыс жасауға бейімділігі жағынан айырмашылықтарынан басқа факторлардан құралуы мүмкін. Мұндай басқа факторларға, мәселен, белгілі бір этникалық топтың немесе әлеуметтік таптың мүшесі қылмыс жасағанда, сол қылмыс жайлы қоғам мүшелерінің хабарлауында байқалатын айырмашылық; полиция қызметкерлерінің белгілі бір этникалық топ немесе әлеуметтік тап өкілдерінің тұратын аймағын басқа этникалық топ немесе әлеуметтік тап өкілдерінің аймағына қарағанда қатаң бақылауға алып, ерекше назарда ұстауларымен туындайтын айырмашылық; белгілі бір этникалық топ немесе әлеуметтік тап мүшелеріне қатысты полиция қыз-

меткерлерінің қызмет бабына орай шешім қабылдауларындағы айырмашылық; кейбір этникалық топқа немесе әлеуметтік тапқа тікелей қатысты қылмыстарды тексеріп, тергеу жүргізуде полиция қызметкерлері үшін туындайтын проблемалар (мысалы, жоғары лауазымды адамның қылмыс жасауы). Осыған ұқсас, Дуглас (1967) өзіне-өзі қол жұмсау жайлы статистикалық мәліметтерге талдау жүргізе отырып, өзін-өзі өлтіру көрсеткішіндегі этникалық және діни топтар арасындағы көрсеткіштер айырмашылығы, осы кенеттен келген өлім істерін жүргізетін тергеуші тарапынан өзін-өзі өлтірген құрбандардың жанұяларына қазаны өзін-өзі өлтіру деп көрсетпеулері үшін басымдылық көрсетуі нәтижесінде болуы мүмкін деген қорытынды жасап отыр.



14.2 Негізгі ұғымдар

Экологиялық тұрақсыздық дегеніміз не?

Экологиялық тұрақсыздық дегеніміз – жеке тұлғалар жайлы пікірлерді жалпы деректерге сүйене отырып қате қалыптасу. Коулмен және Мойнихан (1996) белгілі бір этникалық топ өкілдері мен қылмыс арасында қандай байланыс болуы мүмкін екеніне мысал келтірді. Олар белгілі бір этникалық топ көп орналасқан бір аймақта қылмыстық істер көрсеткішінің жоғары болуы, сол этникалық топты қылмыс жасауға бейім деп көрсету үшін жасанды түрде құрастырылғанын анықтады. Алайда, 1960 жылы осы бағытта жүргізілген зерттеу барысында, шын мәнінде, азшылық этникалық топтың қылмыс жасауға аз баратындары анықталды. Осындай тұрақсыздықтар әртүрлі себептерге байланысты орын алып тұрады және қылмыс көрсеткіштерінің жоғары болуына осындай азшылық этникалық топ мүшелерінің еш қатысы болмауы мүмкін.

Ресми статистиканы жарамсыз деп табу және қайтадан қолдану

1960 жылдары әртүрлі саладағы ресми статистикалық мәліметтерді, әсіресе, қылмыс пен басқа да ауытқуларға қа-

тысты статистикалық мәліметтерді қатаң сынға алу кеңінен орын алды. Осыған дейін айтылған сыни пікірлер өте терең талқыланды. Нәтижеде, көптеген орталарда ресми статистикалық мәліметтердің әлеуметтанушылардың кәдесіне жарамайтыны жайлы пікірлер

туындап, тіптен, жарамсыз деген сенімдер қалыптасты. Оның есесіне, әлеуметтанушыларға жазушылар анықтаған әртүрлі кемшіліктерді туындататын ұйымдастыру үдерістеріне аса көңіл бөлу кеңес берілді. Елеулі бір мақала жазған жазушылардың тілімен айтатын болсақ, қылмыстық істер мен басқа да ауытқулардың көрсеткіштерін «белгілі бір әрекеттер үлгісінің көрсеткіші ретінде емес, ұйымдастыру шараларының көрсеткіші ретінде қарастыруға болады» (Китсуци және Сикоурил 1963: 137). Мұндай пікірлерді білдіре отырып, ресми статистикалық мәліметтерді ықтимал деректер көздері ретінде қолданбай, керісінше әлеуметтік зерттеулердің зерттеу объектісіне айналдыру көзделді, дегенмен кейбір салаларда ресми статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, жүргізілген зерттеулер жалғасын тауып жатты. Сонымен қатар Китсуци мен Сикоурил (1963), Дуглас (1967) тәрізді жазушылар тарапынан қалыптасқан сыни пікір осы уақыт аралығында ресми статистикалық мәліметтерді әшкерелеген тек қана себеп болды деп ойлау қате пікір болмақ. Ресми статистикалық мәліметтер мемлекеттік мекемелерде қосымша құжаттар ретінде қарастырылатындықтан, әлеуметтанушылардың қажеттеріне толығымен жарамайтынына тағы бір дәлел. Басқаша айтқанда, ресми статистикалық мәліметтерді орындайтын жауапты қызметкерлер тарапынан бірдей немесе өте ұқсас терминдер анықтамаларының (мысалы, жұмыссыздық немесе әлеуметтік-экономикалық тап) қолданылуы әлеуметтанушылар қолданған терминдермен бірдей мағынада болмауы мүмкін.

Балмердің (1980) жариялаған маңызды мақаласында ресми статистикалық

мәліметтерге, әсіресе, британиялық әлеуметтанушылардың есепке алмаулары күмән тудыратынын жазды, осылайша, көптеген зерттеушілердің осы деректер көздеріне деген пікірлеріне түбегейлі өзгеріс енгізді (Левитас және Гай 1996). Бір жағынан, Балмер ресми статистикалық мәліметтер жайлы сыни пікірлер, көбіне, қылмыстық істер мен басқа да ауытқуларға қатысты статистикалық мәліметтер айналасында ғана орын алатынын тұжырымдады. Бұл тақырыптардың айтулы мәселелерге жататынын және осы аталмыш мәселелерге бола барлық ресми статистика деректерін жоққа шығарудың дұрыс болмайтынын айтып қорытындылады. Көптеген ресми статистикалық мәліметтер белгілі бір жағдайларға орай біршама ауытқуларға ұшырауы мүмкін, алайда, кездесетін кемшіліктер қылмыстық істер мен басқа да ауытқуларда аталғандармен салыстыруға келмейді. Сонымен қатар қылмыстық істер мен басқа да ауытқулармен байланысты емес ресми статистикалық мәліметтердегі кемшіліктер аса қауіп тудырмайды және сауалнама немесе стандартталған сұхбаттар тәсілдерін қолданып жүргізген зерттеулерде туындайтын қателіктермен бірдей болмаса, асып кетпейді. Шыныменде, ресми статистикалық мәліметтердің, мысалы, туылу санағы, неке қию санағы, өлім санағы тәрізді кейбір түрлері барлық критерийлері бойынша нақты көрсеткіштер ұсынады.

Сондай-ақ Балмер әлеуметтік зерттеулерде қолданылатын кейбір айнамашылар арасындағы анықтама айырмашылығы аландаушылық танытарлықтай үлкен емес, мысалы, ресми статистиканы құрастырушылар қолданған терминдер мен әлеуметтанушылар қолданатын терминдер арасындағы

айырмашылық, айтарлықтай зор емес екенін де тұжырымдама беріп отыр. Алайда, әлеуметтік тапқа қатысты мәселеде айнымалылар арасында біршама айырмашылық бар екенін ескертті. Әлеуметтік таптарды топтарға бөліп жалпы тіркеуді жетілдіруде әлеуметтанушылар тарапынан дамытылған, мысалы Холл-Джонс және Хоуп-Голдторптың ықпалды тәсілдері тәрізді кестелерге аса мән берілмеген тәрізді. Дегенмен, Балмер осы жалпы тіркеудегі бөлімдер құрамындағы топтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың анық айырмашылығын көрсетеді және осы көзқарасты білдіру мақсатында әлеуметтанушылар тарапынан көптеп қолданылады. Балмер өліммен байланысты әлеуметтік таптың айырмашылықтарын көрсететін ресми статистикалық мәліметтердің деректері ерекше маңызға ие болып, медицина және әлеуметтану салалары ғылымдарының назарына ерекше ілінетініне факт келтіріп отыр. Деректер мінсіз немесе сынға алынбаған деуге келмейді, дегенмен статистикалық деректер ықыласпен қолданылады. Дәл осындай жағдай байлықты бөлуге қатысты мұра салығына негізделген Салық басқармасының деректерінде де орын алды.

Ресми статистикалық мәліметтердің әртүрлі үлгілерін қолданбауға себеп тудырып отырған тағы бір сыни пікір – әлеуметтанушылардың өздері жинаған сандық деректер біршама қатесіз немесе нақтырақ келеді. Алайда, алдыңғы тарауларда айтып кеткеніміздей, әлеуметтанушылар негізгі ұғымдарға анықтама беріп, өлшеуге қатысты қателіктердің максималды алдын алуға барын салғанымен де (мысалы, сұрақтар

қоюды стандарттау немесе сұрақ-жауап зерттеулерінде жауаптарды жазып алу арқылы), қол жеткізілген әртүрлі өлшемдер қателіктерден толықтай арылмайды. Барлық әлеуметтік өлшемдер қателікке бейім келеді, ал бұл өз кезегінде қателіктерді барынша азайту үшін жұмыстар атқаруды талап етеді. Сондықтан егер барлық әлеуметтік зерттеулердің құрамында қателіктер орын алатын болса, құрамында қателіктер бар деген пікірмен ресми статистикалық мәліметтерді қолданудан бас тартудың өзі қате іс. Осы арадаға назар аударатын ерекше мәселе – ол қылмыстық істер немесе ауытқулар тәрізді кейбір ресми статистикалық мәліметтердің қателіктерге шыныменде, аса бейімді болуында.

Осы жазылғандардың бәрін ескере келе, ресми статистикалық мәліметтерге қатысты біршама сақ болу керек. Тек қана полиция қызметкерлері тарапынан тіркелген қылмыстар (7.1 терең пікірлер) мөлшерін көрсету үшін британиялық қылмыстық шолу (БҚШ) деректері қолданылатынын болса, сұрақ-жауапта қателіктерге жол берілмеген деп қорытындылау қате болмақ. Коулман және Мойнихан (1996) БҚШ құрамынан тапқан кейбір қателіктерді атап көрсетті. Мысалы, БҚШ жұмыстарында маңызды оқиғаларды «жаңадан қаттау» деп аталатын үдеріс арқылы, өткен оқиғаларды асыра бағалап жіберілетініне дәлелдер бар. Демек, анық уақытын еске түсіру қиынға соғатын он екі ай бұрын болған оқиғаларды (респонденттерден жауап алынған мерзім) біршама кейінгі уақытта орын алғандай қате тіркеледі. Коулман және Мойнихан (1996) да дәл осы қатені көрсетіп, тергеу барысында маңызды факторлардың жасырын қалатынын

айтты. Мысалы, әйел адамдардың тұрмыста зорлық-зомбылық көргендері жайлы сұхбат алушыдан гөрі, полиция қызметкерлеріне мәлімдеуді қалайды деп болжауымыздың себебі бар (14.1-кестесінің 4 қадамын қараңыз). Басқаша айтқанда, БҚШ тәрізді сұрақ-жауап зерттеулерінің дәлелдеріне негізделген қылмыстық ресми статистикалық мәліметтердегі ауытқуларда да қателіктер кездеседі.

Дегенмен, Балмердің (1980) мәлімдемесінен кейін әлеуметтанушылар тарапынан ресми статистикалық мәліметтерді қолданбау, жаппай бас тарту азайды. Алайда, кейбір салалар бойынша (әсіресе, қылмыстық істер мен ауытқулар) ресми статистикалық мәліметтерде проблемалар көптеп кездесетіні жайлы кең жайылған пікірлер мен дәлелдер бар, сондықтан әртүрлі салалардағы статистикалық деректерді әлеуметтік зерттеуге қолдануда, оларда өз алдына жеке бағалау керек.

Ресми статистика көзге көрінбей зерттеу тәсілдерінің бір түрі

Ресми статистикалық мәліметтерді үзбей қолдануға қатысты жиі айтылатын және көңілге қонымды пікірлердің бірі – оларды көзге көрінбейтін өлшем түрі ретінде қолданылуы. Қазіргі күндері көптеген әлеуметтанушылар **көзге көрінбейтін тәсілі** деп атауды жөн көреді (Лии, 2000). Бұл термин Вебб және басқалары (1966) тарапынан енгізілген «көзге көрінбейтін өлшем» ұғымынан туындаған. Аса танымал кітабында Вебб және басқалары, әлеуметтанушылар деректер жинақтау арқылы қол жеткізілген, әрекет қабілеттілігіне өте бейімді әлеу-

меттік құбылыстардың өлшемдеріне өте тәуелді екенін мәлімдеді (3.3 зерттеу нысаны және 12.4 негізгі ұғымдар тақырыптарында осы пікір талқыланды). Демек, адамдар өздерінің зерттеуге қатысатынын білген сәттен-ақ (деректерді жинақтауда стандартталған сұхбат алу, өз бетінше толтырылатын сауалнама қолдану, стандартталған бақылау жүргізу тәрізді әртүрлі тәсілдер қолданылғанда міндетті түрде білінеді), жауаптарының немесе әрекеттерінің белгілі бір бөлігіне біле тұра ықпал етіп, бұрмалап немесе бейімдеп жауап беруге, әрекет етуге тырысады. Басқаша айтқанда, олардың сұраққа берген жауаптары немесе танытқан әрекеттері типтік немесе шынайы болмауы мүмкін.

Ресми статистикалық мәліметтер 14.3 негізгі ұғымдар тақырыбында көрсетілген көзге көрінбейтін өлшемдердің төрт түрінің екіншісіне толығымен сәйкес келеді. Кестеде көрсетілгендей, осы екінші топ мемлекеттік мекемелерге жатпайтын ұйымдар тарапынан құрастырылған статистикалық мәліметтерді қамтитын кең көлемді деректер жинағынан тұрады. Бұл сізді қызықтыруы мүмкін статистикалық деректердің көптеген жағдайларда әртүрлі ұйымдардың жұмыстарының нәтижесі болуы мүмкін екеніне ескерту деп білгеніміз дұрыс. Осындай деректерді қолдануға қызықты бір мысал 14.3 зерттеу нысанында келтірілген. Алайда, әлеуметтанушылар мұндай деректерді көп қолдана бермейді және 14.3 зерттеу нысанындағы зерттеуді жүргізген автордың экономист екенін де мәселені көп өзгерте қоймайды. Сонымен қатар мемлекеттік емес ұйымдардың, мысалы, тау-кен ісіне қатысты статистикалық деректерін іздеп табуға да болады.



14.3 Негізгі ұғымдар

Көрінбей бақылау дегеніміз не?

Көрінбей бақылау дегеніміз – «бақылаушының кез келген зерттеудегі әрекеттерге немесе оқиғаларға қатысуын толығымен болдырмайтын тәсілі» (Дэнзин, 1970). Вебб және басқалары (1966) оның төрт негізгі түрін ашып көрсеткен:

1. *Физикалық белгілер.* Бұл «топ мүшелерінің соңынан қалған белгілер», мысалы, дуал, қабырғаларға жазылған жазулар немесе қалдықтар;
2. *Мұрағаттық деректер.* Бұл категорияға мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жүргізген, күнделіктерге, бұқаралық ақпарат көздеріне, тарихи жазбаларға негізделген статистикалық мәліметтер жатады;
3. *Қарапайым бақылау.* Бұл «бақылаушы бақылауға алынған тақырыптағы әрекетке немесе белгіге еш араласа алмайды, байқамай, белсенділік танытпай және зерттеу үдерістеріне көзге көрінбейтін рөл алатын жағдайларды» білдіреді (Вебб және басқалары 1966: 112).
4. *Жасанды бақылау.* Бұл қарапайым бақылаумен бірдей, бірақ бақылаушы жасырын түрде болып жатқан оқиғаға немесе әрекетті өзгертуге қатысады (дегенмен, бақылаудың көзге көрінбейтін сипатына нұқсан келтіріп алмауы тиіс) немесе бақылауды жазып алу үшін бейне камералар тәрізді жасырын құралдарды қолданады.

13-тарауда айтылып кеткен бұқаралық ақпараттар ресурстарының мағыналық талдауына жататындықтан, ресми стратегиялар 2-категорияға жататын болады. Алайда, 13.4 зерттеу нысанында келтірілген мағыналық талдау көзге көрінбейтін өлшемге мысал бола алмайды, себебі мағыналық талдауға алынған деректер (жұмыс орнына қатысты этнография) көзге көрініп бақылау арқылы жинақталған. 12-тарауда қарастырылған стандартталған бақылау түрі 3 және 4 категорияларға сәйкес келмейді, себебі бұл арада бақылаушы бақылауға алынғандарға таныс. 12.5 зерттеу нысанында мәлімделген Розенханның (1973) зерттеуі жасырын бақылауға жақсы бір мысал болып табылады, себебі жалған емделушілердің зерттеушілер екені білінбеді және олар жағдайды өздерінің әрекеттерімен өзгертіп отырды. 12.1-кестеде көрсетілген Дэниелдің (1968) зерттеуі де жасырын бақылауға мысал бола алады, себебі «актерлердің» зерттеушілер екенін ешкім білмеді және жалға пәтер алу үшін олар әртүрлі жағдайда әртүрлі рөлдер орындады.

Вебб және басқалары (1966) көзге көрінбей бақылау тәсілі арқылы дәстүрлі тәсілдерді ығыстырып тастауға тырыспағанын білу маңызды. Керісінше, олар бақылау жүргізіп жатқан мәселенің әрекет қабілеттілігі орын алатын тәсілмен бірдей болғанына тұжырымдама келтірді. Вебб және басқалары қарапайым (реактивті) және жасырын (реакциясыз) тәсілдерді біріктіріп қолданғанда, әлеуметтану зерттеулерінде орын алатын көлемді триангуляция (17.4 негізгі ұғым) жайлы мәлімет берді. Мысалы, олар жасырын тәсілдерді қолдану себебін былай деп түсіндірді: «себебі олар сұхбат алушыға сұхбат немесе сауалнамада жүргізуде реактивті жетіспеушілікті орнықтыратын жолды көрсетеді» (Вебб және басқалары 1966: 174). Көптеген жылдар бойы біршама әлеуметтанушылар «көзге көрінбеу тәсілін» «көзге көрінбейтін өлшем» деп атап келді (мысалы, Лии 2000), себебі соңғысыны қолдану атынан байқалып тұрғандай, сандық зерттеу тәсіліне меңзейді.

Көзге көрінбейтін тәсілдер деректерді қамту үдерісінің кем дегенде екі түрлі жолын ойластырудан тұратынын айтып кеткеніміз жөн. Біріншіден, көзге көрінбейтін тәсілдер деп аталатын деректер көзіне жататындар: қабырға жазулары, күнделіктер, бұқаралық ақпарат көздеріндегі мақалалар, ресми статистикалық мәліметтер. Екіншіден, әртүрлі құжат түрлері міндетті түрде «көзге көрінбейтін» деректер көзі деп аталатын болса, яғни ол деректер зерттеушінің өтінішіне орай құрастырылмаған болса (сондықтан реактивсіз болып саналатын), олар ешқандай қиындықтар туындатпайды дегенді білдірмейді. Олар, әрдайым, қандай да бір мақсатты көздеп құрастырылады (дегенмен, ғылыми зерттеу мақсатында болмауы да мүмкін). Үшіншіден, деректерді жинақтау тәсілдерінде қарапайым және жасырын бақылау түрлері қолданылады. Ал деректерді жинақтау осындай тәсіл түрлерімен жүзеге асқанда, оларға талдау жүргізу талап етіледі. Деректер әлеуметтік зерттеу тәсілдері арқылы жинақталып, құрастырылуы керек. Және бұл деректерге, әдетте, күнделік немесе газеттер мақалаларына жүргізетін талдаулар тәрізді талдау жүргізуді күтпейді (дегенмен, мұндай дерек көздерінен мағлұматтар жинау үшін кең ауқымды іздеу жұмыстары жүргізілуі тиіс). Демек, «көзге көрінбейтін тәсілдер» де және «көзге көрінбейтін өлшемдер» де әртүрлі жолдарды айтарлықтай қамтымайды.

Ли (2000) Вебб және басқалары (1966) тарапынан жетілдірілген классификациядан біраз айырмашылығы бар көзге көрінбейтін тәсілдердің классификациясын ұсынды. Және ол деректер түрлері мынадай:

1. *Іздеп табылған деректер.* Бұл категория азды-көпті физикалық белгілерге жатады.
2. *Қамтылған деректер.* Бұл категория қарапайым және жасырын бақылау тәсілдерінің екеуін де қамтиды.
3. *Қайта құрылған деректер: жазбаларды тіркеу.* Туылған күн, неке қию күні немесе қайтыс болған күні тәрізді деректер осындай жазбаларға негіз болатын жағдайлар. Мұндай деректер ұзақ уақыт бойы жүргізіліп, сақталады, сондықтан өзгерістерге зерттеу жүргізуге мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар ол бұл категорияға, мысалы, тұрмыс құру ұсынысы, кездесуге шақыру, сондай-ақ жұмыс жайлы жарнамалары тәрізді жеке тұлғаның жарнамаларын да енгізді (кездесуге шақыруға қатысты зерттеу мысалын 13.2 зерттеу нысанын қараңыз).
4. *Қайта құрылған деректер: жеке тұлғалық және эпизодтық жазбалар.* Бұл категорияға Ли деректердің үш түрін енгізді: **жеке тұлғалық құжаттар** (хаттар, күнделіктер, ғұмырнамалар), бұқаралық ақпарат көздеріндегі суреттер (мысалы, газеттегі фотосуреттер, көркем суреттер) және ««мекемелік жаңалық» деп аталатын талаптар арқылы құрастырылған құжаттар» (мысалы, апаттың ненің салдарынан болғаны жайлы факторлық жазбалар) (Ли, 2000: 87).
5. Ли, сонымен қатар *ғаламторда жасалған жазбаларды да бөлімдерге айырып көрсетті*, әсіресе, электрондық пошта, әртүрлі жарнамалар тақталары, әңгімелесу парақтары тәрізді компьютердің көмегімен байланыс құрудың көптеген түрлерін қамтыды. Лидің жылдар бойы өз блогын (веб-парақ блогы) жүргізіп жүргені осы арада мысал бола алады.

Осы арада айтылған деректердің көптеген түрлері, мысалы, жеке тұлғалық деректер 23-тарауда, ал компьютердің көмегімен байланыс құру 23- және 28-тарауларда қарастырылады. Веб және басқалары мен Лидің ірқайсысының атап көрсеткен классификацияның әртүрлі жолдары дәлелдердің сенімділігі мен этикалық мәселелері тұрғысынан өз алдына жеке сұрақтар туындатады.



14.3 Зерттеу нысаны

Бейресми статистикалық мәліметтерді қолданған дұрыс па? Нью Йорк таксомотор жүргізушісімен болған оқиға

Нью Йорк такси (таксомотор жүргізушілері арасында жүргізген бейресми зерттеуінен кейін Кэмерер (1997) такси жүргізушісінің жұмысында бірнеше сағат өткізуі және сағаттап төлейтін жұмыстың орташа көрсеткіші арасындағы қатынас жайлы екі бөлек теорияларды тестілеуді қолға алды. Бірінші теория – сұраныс заңы: сағатына табыс көзі аз төленгенге қарағанда, егер сағатына төлемақы артатын болса такси жүргізушілері белгіленген уақыттан тыс, артық жұмыс істеуге келіседі (мысалы, қолайсыз ауа райы жағдайында, апта іші күндері, бизнес орталықтары орналасқан аймақтарда). Екінші теория – әр күндік табысты жоспарлау: бұл теорияда такси жүргізушілерінің арасында бір күнге белгілеп алынған табыс мөлшерінің бар екені және олар осы мөлшерді жинап алғанда сол күнгі жұмысын аяқтайтыны жайлы пікір қамталған. Демек, тиімді сағаттарда (жол ақысының белгілі бір сағаттарда жоғары болуы) көп жұмыс атқарылса, олар жұмыстарын ертерек бітіреді. Кэмерер Нью Йорк такси және Лимузин Комишн ұйымдарының таксометр көрсеткіштерін қарастырып, мынадай деректерді ұсынды:

Такси жүргізушілерінің 1988, 1990, 1994 жылдардағы әрекеттеріне бақылаулар. Шай-пұл мөлшері тіркелмеген, сондықтан бұл сыйақының мөлшерін тек қана болжап көрсетуге болады. Алынған деректер бір күндік мөлшерленген табыс көзі жайлы айтарлықтай толық мәлімет бере алды. Ол қосымша түрде жаңа келген және тәжірибелі такси жүргізушілері арасындағы айырмашылықтарға да талдау жүргізді, мысалы: жаңа келген такси жүргізушілері табысты жоспарлау теориясын көбірек ұстанған; ал тәжірибелі жүргізушілердің көрсеткіші әртүрлі, мысалы, кей жағдайларда сұраныс заңына жақынырақ болып келген, алайда бұл себеп те олардың көрсеткіштерін анықтауда тұрақты емес болған. Жалпы алғанда, егер такси жүргізушілері сұраныс заңына бағынғанда олардың табыстары шамамен, 15% артқан.



Негізгі ұғымдар

- Қолда бар деректерге қайталама талдау жүргізу – өз алдыңызға қайтадан деректер жинақтау үдерісін атқармай, өзіңізді қызықтырған зерттеу сұрақтарына, тақырыптарына зерттеу жүргізу мүмкіндігін туындатады.
- Көптеген жағдайларда қайталама талдау жұмыстарында көлемді және тиімді іріктемеге негізделген өте сапалы дерек қорларын қолдану мүмкіндігі бар.
- Қайталама талдаудың бірнеше кемшіліктері бар.
- Ресми статистикалық мәліметтерге талдау жүргізу қайталама талдаудың ерекше, сонымен қатар көп пікірталастар тудыратын түрі ретінде қабылданады, бұған

кейбір ресми деректердің, әсіресе, қылмыстық істер мен ауытқуларға қатысты деректердің сенімділік және заңдылық мәселелерінің алаңдатушылық тудыруы себеп болып отыр.

- Қылмыстық істер мен ауытқуларға қатысты мәселелер барлық ресми статистикалық мәліметтерге қарсы жалпылама орын алмауы тиіс. Әртүрлі салалардағы ресми статистикалық мәліметтер қылмыстық істер мен ауытқулар статистикалық мәліметтерге қарағанда қателіктерге біршама аз бейімді, дегенмен сол статистикалық мәліметтерді құрастырған ұйымдар мен әлеуметтанушылар арасында белгілі бір терминдерге түсініктеме беру және қолдануда айырмашылықтар бар.
- Ресми статистикалыр көзге көрінбей әлеуметтік зерттеу тәсілін қамти отырып, біршама артықшылықтар ұсынады (әсіресе, реакция таныту әсері болмайды).



Қысқаша шолу сұрақтары

- Қайталама талдау дегеніміз не?

Басқа зерттеушілердің деректері

- Басқа зерттеушілердің деректеріне қайталама талдау жүргізудің артықшылықтары мен кемшіліктерін атап шығыңыз.
- Әлеуметтану тәрізді Британиялық әлеуметтік бағыттағы журналдарда жарияланған ағымдығы мәселелерді қарап, қайталама талдау жасалған мақаланы тауып алыңыз. Осы таңдап алынған мақалада артықшылықтары мен кемшіліктері қаншалықты сәйкес қолданылған?
- Қайталама талдау жүргізу мүмкіндігі басқалары тарапынан жинақталған сандық деректерге ғана қолданылады ма?

Ресми статистика

- Көптеген әлеуметтанушылар зерттеу жұмыстарында ресми статистикалық мәліметтерді қолдануға неліктен үзілді-кесілді қарсы?
- Олардың осы үзілді-кесілді көзқарастары қаншалықты орынды?
- Ресми статистикалық мәліметтерде сенімділік пен заңдылық мәселелері қандай орын алған?
- Көзге көрінбейтін тәсіл немесе өлшем дегеніміз не? Мұндай тәсілдердің негізгі артықшылықтары неде?



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Қайталама талдау және ресми статистикалық мәліметтер жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа веб сілтемелеріне жүгініңіз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

15-тарау

Сандық деректерге талдау жүргізу

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	522
Шағын зерттеу жобасы	523
Жетіспейтін деректер	526
Айнымалылардың түрлері	528
Бір шамалыны талдау	531
Жиілік кестелері	531
Диagramмалар	532
Орталық бағыт өлшемдері	533
Дисперсия өлшемдері	534
Екі шамалыны талдау	535
Өзара қатынастар себепті байланысқа жатпайды	537
Түйіндесу кестелері	537
Пирсонның r корреляциялық коэффициенті	538
Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициенті	541
Фидің және Крамердің корреляциялық коэффициенттері	541
Көрсеткіштерді салыстыру және этта	542
Көп шамалыны талдау	543
Өзара қатынас жалған болуы мүмкін бе?	543
Аралық айнымалылар болуы мүмкін бе?	544
Үшінші айнымалылар өзара қатынаста бәсеңдеуі мүмкін бе?	544
Статистикалық маңыздылығы	546
Хи-шаршы критерийі	549
Корреляция және статистикалық маңыздылық	550
Орташа көрсеткіштерді және статистикалық маңыздылықты салыстыру	551
Сұрақтар тізімі	552
Негізгі ұғымдар	552
Қысқаша шолу сұрақтары	553



Тараудың қысқаша мазмұны

Осы тарауда сандық деректерді талдаудың бірнеше негізгі және жиі қолданылатын әдістері талқыланады. Деректерді талдау тәсілдерінің қолданысына көрнекі түрде мысал келтіріліп, фитнес клубына бару жайлы деректерге негізделген, шағын ойша мысал келтіріледі. Мұны диссертация немесе тағы сол сияқты ғылыми жұмыстар жазып жүрген студенттердің жүзеге асыруына болатын шағын зерттеу жобасы деуге болады. Сонымен, тарауда қарастырылатын мәселелер:

- Сандық деректерді талдау жолдары туралы мәселені кейінге, барлық деректерді жинақтап болғанға дейінгі мерзімге қалдырмаудың маңыздылығы; сіз деректерге қандай жолдармен талдау жүргізетінізді зерттеу жұмысыңыздың бастапқы кезеңінен бастап білуіңіз керек;
- Сандық зерттеуде анықталатын әртүрлі айнымалылардың ерекшеліктері; айнымалылардың түрлерін ажырата білу аса маңызды, себебі айнымалылар мен олардың арасындағы өзара қатынастарды зерттегенде талдаудың қандай тәсілдерін қолдануға болатыны анықталады;
- Бір сәтте бір айнымалы шаманы талдау әдістері (*бір шамалы талдау*);
- Айнымалылардың арасындағы өзара қатынастарды талдау әдістері (*екі шамалы талдау*);
- Үш айнымалының арасындағы өзара қатынастарды талдау (*көп шамалы талдау*).

Кіріспе

Осы тарауда сандық деректерді талдаудың бірнеше негізгі тәсілдері қарастырылады. Келесі тарауда осы тәсілдерді жетілдірілген компьютерлік бағдарламалық жасақтама арқылы жүзеге асыру жолдары баяндалады. 16-тарауда анықтама берілетін осы бағдарламалық жасақтама көптеген жылдар бойы «SPSS» деген атаумен белгілі болды, бірақ осы тарауда сипатталатын нұсқасы «PASW Statistics 18» деп аталады. Дегенмен, мен оны SPSS деп қолдануды жалғастырамын, себебі SPSS термині келесі шығарылымда да қолданылмақ және онда «IBM SPSS» деп аталатын

болады. Қажетті есептеулерді «SPSS» бағдарламалық жасақтамасын қолданып, оңай есептеп алуға болатындықтан, тәсілдерді нығайта түсетін формулалар талқыланбайды. Екі тарау осы тақырып жайлы түсініктемелерді толық қамти алмайды, сондықтан оқырмандарға толық және жана мәліметтер беретін басқа да кітаптарды (мысалы, Брайман және Крамер, 2011) мүмкіндігінше тезірек оқып шығуға кеңес беремін.

Деректерді жинап болмағанша, зерттеу деректеріне қалай талдау жүргізуді жоспарламау керек болды. Бұл мәселені шешуді кейінгі уақытқа

дейін қалдырдым, себебі бұл деректерді жинақтау әдістеріне ешқандай әсер етпейді.

Бұл жиі кездесетін қате пікір және сандық деректерге талдау жүргізу деректер жиналып біткеннен кейін ғана жүргізілетін бөлек кезең деп санаудан пайда болған (мысалы, 7.1-кестесін қараңыз, онда сандық деректерді талдау үдерісі сандық зерттеуде нөмірі 9, яғни соңғы сатысы ретінде сипатталған). Сандық деректерді талдау, шындығында, барлық зерттеу жұмысының соңында жүзеге асатын қадам, сонымен қатар өз алдына бөлек кезең болып табылады.

Алайда, бұл сіздің сол сәтке дейін деректерді талдау жолдарын қарастырмауыңыз керек дегенді білдірмейді. Іс жүзінде, мысалы, сауалнаманы, бақылау кестесін, кодтау кестесін немесе т.б. құралдарда тәсілдерді қолданаты-

ныңызды сіз алғашқы қадамдардан бастап білуіңіз қажет. Мұның екі негізгі себебі мыналар:

1. Кез келген айнымалыға кез келген тәсілді қолдана алмайсыз. Талдау тәсілдері зерттеу жұмысы барысында пайда болған айнымалылардың түрлеріне сәйкес болуы тиіс. Демек, әртүрлі айнымалылардың жіктелу жолдарын білуіңіз керек.
2. Іріктеменің көлемі мен сипаты сіз қолдана алатын тәсілдердің түрлеріне шектеу қоюы ықтимал (8-тараудағы «Талдау түрлері» бөлімін қараңыз).

Басқаша айтқанда, жинақталатын деректердің түрі және іріктеменің көлемі сияқты зерттеу жұмысыңыздың бастапқы кезеңінде қабылдайтын шешімдеріңіздің жүргізілетін талдау түрлеріне әсер ететінін білгеніңіз дұрыс.



Шағын зерттеу жобасы

Сандық деректерді талдаудың сипаттамасы элеуметтану факультеті студентінің диссертация жұмысы үшін ойша жүргізген зерттеу жұмысына негізделеді. Студент спортпен шұғылдану және толықтай бос уақытты қалай өткізу жайлы тақырыпты зерттеуді ойға алды және өзінің демалыс орындары мен фитнес клубтарына деген ынтасы, сондай-ақ аталмыш орындарды адамдар қандай мақсаттарда қолданатыны және оларға баруының себептерін анықтауға деген қызығушылығы осы зерттеуді жүргізуге негіз болды. Ол ересектердің фитнес бағдарламаларына қатысуы осы фитнес клубына тұрақты түрде баруына және осы ниетпен уақыт бөліп және ақша

жұмсауына, айналасындағы адамдарды үгіттеуіне, фитнес тәртіптерін меңгеруге немесе ұстануға себеп болатыны туралы мақала оқыған (Парк, 1996). Ол осы теорияны өзінің мәліметтеріне негіз етіп алуға бел байлады. Сонымен қатар бұл студент ерлер мен әйелдердің фитнес клубтарына бару себептерінің әртүрлі болатынын, олардың фитнес клубтарында айналысатын спорт түрлерінің айырмашылықтарын да ескере отырып, жыныс пен дене келбетіне қатысты мәселелерді қоса қамтуды ойлады. Қарастыруды шешкен соңғы сұрағы – фитнес клубына бару үшін адам жасының алар орны. Атап айтқанда, ол бұрынғы зерттеу жұмыстарында жасы

үлкен адамдардың сауықтандыру ісімен айналысуға көбірек ниетті болатынын көрсетілгенін анықтады және осы мәліметтің фитнес клубтары мен демалыс орындарына да қатысты болу мүмкіндігін зерттегісі келді.

Ол өзінің үйінің жанындағы фитнес клубымен, оның мүшелерін іріктеп алып, пошта арқылы хабарласу туралы келісім жасады. Фитнес клубының 1200 мүшесі бар, ал студент клуб мүшелерінің 10 % (яғни 120 мүшесін) кездейсоқ тәсілмен іріктеп алуды ұйғарады. Ол іріктемедегі клуб мүшелеріне пошта арқылы сауалнамалар мен зерттеудің фитнес клубының қолдауымен жүргізілетінін растайтын ілеспе хат жіберді. Тақырып бойынша адамдардың фитнес клубындағы жүрек-қан тамырлары жүйесін шынықтыратын құрылғы, ауыр салмақтағы және жаттығулар құрылғылары сияқты негізгі үш спорт түрінің әрқайсысына қаншалықты уақыт бөлетіндерін анықтауды ұйғарды. Ол осы мәселелердің әрқайсысын ілеспе

хатында түсіндіріп және іріктемедегі клуб мүшелерінің фитнес клубына келесі барғанда осы үш спорт түрлерінің әрқайсысына қанша уақыт жұмсайтынын жазып алуына өтініш білдірді. Содан соң олардың сауалнаманы алдын ала төленген жауап конвертіне салып, кері жолдауын сұрады. Ол тоқсан сұрақтан тұратын сауалнама құрастырды, жауап берушілер көрсеткіші 75%-ды құрады.

Респонденттер жауап берген және студент кодтаған бұл сауалнаманың бір бөлігін Ұсыныстар мен қорытындылар «Толтырылған және өңделген сауалнама» бөлімінде көре аласыз. Толық сауалнама төрт бетті құрады, бірақ осы кітаптағы мысалда тек қана он екі сұрағын қарастыратын боламыз. Сұрақтардың көпшілігі (1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9) алдын ала кодталған, ал студент сұрақтың оң жағындағы «код» бағанының астындағы кодты қоршап сызуы тиіс. Қалған сұрақтар бойынша нақты санды көрсету талап етілетіндіктен, ол тиісті санды код бағанына көшіріп жазады.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Толтырылған және өңделген сауалнама

Сауалнама	Код
1. Сіздің жынысыңыз? (қанатшамен белгілеңіз).	
Еркек <input checked="" type="checkbox"/> Әйел <input type="checkbox"/>	① 2
2. Жасыңыз нешеде?	
<u>21</u> жаста	21
3. Төменде көрсетілгендердің қайсысы сіздің фитнес клубына баруыңыздың негізгі себебі болып табылады (тек қана <i>бір</i> нұсқаны көрсетіңіз)?	
Демалу	<input type="checkbox"/> 1
Фитнесті меңгеру немесе жақсарту	<input checked="" type="checkbox"/> ②
Салмақ тастау	<input type="checkbox"/> 3
Басқа адамдармен кездесу	<input type="checkbox"/> 4
Күш жинау	<input type="checkbox"/> 5
Басқа (жазып көрсетіңіз)	<input type="checkbox"/> 6

4. Фитнес клубқа барғанда жүрек-қан тамыр жүйесін шынықтыратын құрылғыны (жүгіретін жол, жүретін жаттығу құрылғысы, велосипед, ескек) қаншалықты жиі қолданасыз? (қанатшамен белгілеңіз).

Әрдайым	<input checked="" type="checkbox"/>	①
Көбіне	<input type="checkbox"/>	2
Сирек	<input type="checkbox"/>	3
Ешқашан	<input type="checkbox"/>	4

5. Фитнес клубқа барғанда ауыр салмақты құрылғыны (гантельдерді қоса алғанда) қаншалықты жиі қолданасыз? (қанатшамен белгілеңіз).

Әрдайым	<input checked="" type="checkbox"/>	①
Көбіне	<input type="checkbox"/>	2
Сирек	<input type="checkbox"/>	3
Ешқашан	<input type="checkbox"/>	4

6. Фитнес клубқа қаншалықты жиі барасыз? (қанатшамен белгілеңіз).

Әр күн сайын	<input type="checkbox"/>	1
Аптасын 4-6 күн	<input type="checkbox"/>	2
Аптасына 2 немесе 3 күн	<input checked="" type="checkbox"/>	③
Аптасына бір рет	<input type="checkbox"/>	4
Айына 2 немесе 3 рет	<input type="checkbox"/>	5
Айына бір рет	<input type="checkbox"/>	6
Айына бір реттен де аз	<input type="checkbox"/>	7

7. Фитнес клубқа жалғыз өзіңіз барасыз ба немесе біреулермен ілесіп барасыз ба? (тек қана *бір* нұсқаны көрсетіңіз).

Өзім жалғыз барамын	<input checked="" type="checkbox"/>	①
Досыммен барамын	<input type="checkbox"/>	2
Серіктесіммен/жұбайыммен	<input type="checkbox"/>	3

8. Фитнес клубтан басқа ұдайы жаттығулар түрімен айналысасыз ба?

Ия <input type="checkbox"/>	Жоқ <input checked="" type="checkbox"/>	1 ②
-----------------------------	---	-----

Егер сіз «Жоқ» деп жауап берген болсаңыз, бірден 10-сұраққа өтіңіз.

9. Егер сіз 8 сұраққа «Иә» деп жауап берген болсаңыз, төмендегі тізімнен соңғы алты айда жасаған ұдайы жаттығулар көздерін көрсетіңіз (тек қана *бір* нұсқаны көрсетіңіз).

Спорт	<input type="checkbox"/>	1
Велосипед тебу	<input type="checkbox"/>	2
Жүгіру	<input type="checkbox"/>	3
Ұзақ уақыт жүру	<input type="checkbox"/>	4
Басқасы(жазып көрсетіңіз)	<input type="checkbox"/>	5

- | | |
|--|----|
| 10. Фитнес клубқа соңғы барғаныңызда жүрек-қан тамыр жүйесін шынықтыратын құрылғыда (жүгіретін жол, жүретін жаттығу құрылғысы, велосипед, ескек) қанша минут уақытыңызды өткіздіңіз? | 33 |
| <u>33</u> минут | |
| 11. Фитнес клубқа соңғы барғаныңызда ауыр салмақты құрылғыда (гантельдерді қоса алғанда) қанша минут уақытыңызды өткіздіңіз? | 17 |
| <u>17</u> минут | |
| 12. Фитнес клубқа соңғы барғаныңызда басқа жаттығуларға қанша минут уақытыңызды бөлдіңіз (мысалы, денені жалпы дамытатын жаттығулар)? | 5 |
| <u>5</u> минут | |

Жетіспейтін деректер

Барлық тоқсан жауап берушілер жайында деректер Ұсыныстар мен қорытындылар «Фитнес клубының зерттеу деректері» бөлімінде берілген. Қазіргі уақытта он екі сұрақтың әрқайсысы айнымалы сан екені белгілі (айн00001 және т.б.). Айнымалы сан – SPSS бағдарламалық жасақтамасы бекітетін сан, статистикалық деректер пакеті болып табылатын бұл бағдарламалық жасақтама келесі тарауда сипатталады. Әрбір айнымалы сан Ұсыныстар мен қорытындылар «Толтырылған және өңделген сауалнама» бөлімінде берілген сұрақтың нөмірмен сәйкес келеді (яғни, айн00001 – 1-сұрақ, айн00002 – 2-сұрақ және осылай жалғаса береді). Деректерді меңгеруде «жетіспейтін деректерді» қалай өңдеуге қатысты маңызды мәселе туындайды. Жетіспейтін деректер жауап берушілер сұрақты абайсызда қалдырып кеткенде немесе сұраққа жауап бергісі келмегенде пайда болады. Мысалы, 24-жауап беруші оның жасына қатысты 2-сұраққа жауап бермеген. Бұл «нөл (0)» санымен кодталған, талдау барысында бұл мәлімет міндетті түрде ескерілетіндіктен, компьютерлік бағ-

дарламада осы мәліметтің қамтылуы өте маңызды. Сонымен қатар 9-сұраққа қатысты да көптеген нөлдер көрсетілген: алдыңғы сұрақтың жауабына қатысты көптеген адамдар бұл сұрақты жауапсыз қалдырған (яғни, олар ұдайы жасайтын басқа күнделікті жаттығулар түрі жоқ). Бұлар да жетіспейтін деректерді белгілеу үшін «нөл» санымен кодталған, алайда, іс жүзінде, олардың сұраққа жауап бермеуі сұрақтың оларға қатысты болмағанын білдіреді. Сонымен бірге айн00010, айн00011 және айн00012 бойынша да бірнеше нөл санының көрсетілгенін ескеріңіз. Алайда, олар жетіспейтін деректер емес, жауап берушінің сұрақта аталған спорт түрімен айналысуға нөл минут жұмсағанын білдіреді. Жауап берушілердің барлығы 10, 11 және 12-сұрақтарға жауап берген, сондықтан іс жүзінде, осы айнымалылар бойынша жетіспейтін деректер жоқ. Егер жетіспейтін деректер болғанда, оларды санмен кодтау қажет болатын еді және бұл да ақиқат мәнді көрсете алмайтын еді. Мысалы, көрсетілген спорт түрлеріне ешкім 99 минут жұмсамайды, сондықтан бұл сан ақиқат санға жатпайды, себебі оны еске сақтау онай және компьютер оны тек жетіспейтін дерек ретінде қабылдайды.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Фитнес клубы жайлы сұрақ-жауап деректері

	айн00001	айн00002	айн00003	айн00004	айн00005	айн00006	айн00007	айн00008	айн00009	айн00010	айн00011	айн00012
1	21	2	1	1	3	1	2	0	33	17	5	
2	44	1	3	1	4	3	1	2	10	23	10	
2	19	3	1	2	2	1	1	1	27	18	12	
2	27	3	2	1	2	1	2	0	30	17	3	
1	57	2	1	3	2	3	1	4	22	0	15	
2	27	3	1	1	3	1	1	3	34	17	0	
1	39	5	2	1	5	1	1	5	17	48	10	
2	36	3	1	2	2	2	1	1	25	18	7	
1	37	2	1	1	3	1	2	0	34	15	0	
2	51	2	2	2	4	3	2	0	16	18	11	
1	24	5	2	1	3	1	1	1	0	42	16	
2	29	2	1	2	3	1	2	0	34	22	12	
1	20	5	1	1	2	1	2	0	22	31	7	
2	22	2	1	3	4	2	1	3	37	14	12	
2	46	3	1	1	5	2	2	0	26	9	4	
2	41	3	1	2	2	3	1	4	22	7	10	
1	25	5	1	1	3	1	1	1	21	29	4	
2	46	3	1	2	4	2	1	4	18	8	11	
1	30	3	1	1	5	1	2	0	23	9	6	
1	25	5	2	1	3	1	1	1	23	19	0	
2	24	2	1	1	3	2	1	2	20	7	6	
2	39	1	2	3	5	1	2	0	17	0	9	
1	44	3	1	1	3	2	1	2	22	8	5	
1	0	1	2	2	4	2	1	4	15	10	4	
2	18	3	1	2	3	1	2	1	18	7	10	
1	41	3	1	1	3	1	2	0	34	10	4	
2	38	2	1	2	5	3	1	2	24	14	10	
1	25	2	1	1	2	1	2	0	48	22	7	
1	41	5	2	1	3	1	1	2	17	27	0	
2	30	3	1	1	2	2	2	0	32	13	10	
2	29	3	1	3	2	1	2	0	31	0	7	
2	42	1	2	2	4	2	1	4	17	14	6	
1	31	2	1	1	2	1	2	0	49	21	2	
2	25	3	1	1	2	3	2	0	30	17	15	
1	46	3	1	1	3	1	1	3	32	10	5	
1	24	5	2	1	4	1	1	2	0	36	11	
2	34	3	1	1	3	2	1	4	27	14	12	
2	50	2	1	2	2	3	2	0	28	8	6	
1	28	5	1	1	3	2	1	1	26	22	8	
2	30	3	1	1	2	1	1	4	21	9	12	
1	27	2	1	1	2	1	1	3	64	15	8	
2	27	2	1	2	4	2	1	4	22	10	7	
1	36	5	1	1	3	2	2	0	21	24	0	
2	43	3	1	1	4	1	2	0	25	13	8	
1	34	2	1	1	3	2	1	1	45	15	6	
2	27	3	1	1	2	1	1	4	33	10	9	
2	38	2	1	3	4	2	2	0	23	0	16	
1	28	2	1	1	3	3	1	2	38	13	5	
1	44	5	1	1	2	1	2	0	27	19	7	
2	31	3	1	2	3	2	2	0	32	11	5	
2	23	2	1	1	4	2	1	1	33	18	8	

	айн00001	айн00002	айн00003	айн00004	айн00005	айн00006	айн00007	айн00008	айн00009	айн00010	айн00011	айн00012
1	45	3	1	1	3	1	1	2	26	10	7	
2	34	3	1	2	2	3	2	0	36	8	12	
1	27	3	1	1	2	3	1	3	42	13	6	
2	40	3	1	1	2	2	1	4	26	9	10	
2	24	2	1	1	2	1	1	2	22	10	9	
1	37	2	1	1	5	2	2	0	21	11	0	
1	22	5	1	1	4	1	1	1	23	17	6	
2	31	3	1	2	3	1	1	4	40	16	12	
1	37	2	1	1	2	3	2	0	54	12	3	
2	33	1	2	2	4	2	2	0	17	10	5	
1	23	5	1	1	3	1	1	1	41	27	8	
1	28	3	1	1	3	3	2	0	27	11	8	
2	29	2	1	2	5	2	1	2	24	9	9	
2	43	3	1	1	2	1	2	0	36	17	12	
1	28	5	1	1	3	1	1	1	22	15	4	
1	48	2	1	1	5	1	1	4	25	11	7	
2	32	2	2	2	4	2	2	0	27	13	11	
1	28	5	1	1	2	2	2	0	15	23	7	
2	23	2	1	1	5	1	1	4	14	11	5	
2	43	2	1	2	5	1	2	0	18	7	3	
1	28	2	1	1	4	3	1	2	34	18	8	
2	23	3	1	1	2	1	2	0	37	17	17	
2	36	1	2	2	4	2	1	4	18	12	4	
1	50	2	1	1	3	1	1	2	28	14	3	
1	37	3	1	1	2	2	2	0	26	14	9	
2	41	3	1	1	2	1	1	4	24	11	4	
1	26	5	2	1	5	1	1	1	23	19	8	
2	28	3	1	1	4	1	2	0	27	12	4	
2	35	2	1	1	3	1	1	1	28	14	0	
1	28	5	1	1	2	1	1	2	20	24	12	
2	36	2	1	1	3	2	2	0	26	9	14	
2	29	3	1	1	4	1	1	4	23	13	4	
1	34	1	2	2	4	2	1	0	24	12	3	
1	53	2	1	1	3	3	1	1	32	17	6	
2	30	3	1	1	4	1	2	0	24	10	9	
1	43	2	1	1	2	1	1	2	24	14	10	
2	26	5	2	1	4	1	1	1	16	23	7	
2	44	1	1	1	4	2	2	0	27	18	6	
1	45	1	2	2	3	3	2	0	20	14	5	



Айнымалылардың түрлері

Сұрақтарға талқылау жүргізгенде таңғалдыратын нәрселердің бірі – алынатын ақпарат түрлерінің сұраққа қарай өзгеріп отырғаны. Кейбір сұрақтар нақты санмен жауап беруді талап етеді: 2, 10, 11 және 12-сұрақтар. 1 және 8-сұрақтарында «немесе» қолданылып

жауаптардан таңдау жасау берілген, сондықтан олар дихотомия түрінде қойылады. Қалған сұрақтар категориялар тізімдері түрінде қойылған, бірақ олардың арасында да айырмашылықтар бар. Кейбір сұрақтар дәреже бойынша ретпен орналастырылған жауаптарды

қажет етеді: 4, 5 және 6-сұрақтар. Мысалы, біз 6-сұрақ бойынша «күн сайын» категориясында «аптасына 4-6 күн» де жиірек дегенді білдіреді, ал «аптасына 4-6 күн» категориясы өз кезегінде «аптасына 2 немесе 3 күн» көрсеткішінен жиірек және осылай жалғасып кете береді. Дегенмен 3, 7 және 9-сұрақтар бойынша категорияларды дәреже бойынша ретпен орналастыру мүмкін емес. Біз 3-сұрақ бойынша «демалу» «фитнесті меңгеру немесе жақсарту» немесе «салмақ тастаудан» көбірек деп айта алмаймыз.

Осы мәселерді қарастыра отырып, зерттеу барысында пайда болған айнымалылардың алуан түрлерін жіктеуге жол ашады. Олардың негізгі төрт түрі:

- *Аралық немесе арақатынас айнымалылары.* Бұлар – барлық категориялар ауқымында категориялар арасындағы аралықтары бірдей болатын айнымалылар. Айн00010 – айн00011 айнымалыларын алсақ, категориялар арасындағы аралық – 1 минут. Мысалы, бір адам жүрек-қан тамыр жүйесін шынықтыратын құрылғыда 32 минутын жұмсауы мүмкін, демек, ол басқа бір адамның осы құрылғыда өткізген 31 минутынан 1 минут артық жұмсаған. Бұл айырмашылық осы құрылғыда бір адамның өткізген 8 минуты мен тағы біреудің өткізген 9 минуты арасындағы айырмашылықпен бірдей. Бұл – өлшемнің ең жоғарғы деңгейі болып табылады және аралық/арақатынас айнымалыларын талдауға көптеген түрлерін қолдануға болады. Шындығында, аралық және арақатынас айнымалыларының арасында айырмашылық бар, ол соңғысының аралық айнымалылары тұрақты нөлдік нүктесіне тең болуымен байланысты.

- *Реттік айнымалылар.* Бұлар – категориялары дәреже бойынша ретпен орналастырылатын айнымалылар (аралық/арақатынас айнымалылары сияқты), бірақ барлық категориялар ауқымында категориялар арасындағы аралықтары бірдей емес. Осылайша, 6-сұрақ бойынша «күн сайын» категориясы мен «аптасына 4-6 күн» категориясы арасындағы айырмашылық «аптасына 4-6 күн» категориясы мен «аптасына 2 немесе 3 күн» категориясы арасындағы айырмашылықпен бірдей емес және т.с.с. Осыған қарамастан, біз «күн сайын» «аптасына 4-6 күнге» қарағанда жиірек деп айта аламыз, ал «аптасына 4-6 күн» «аптасына 2 немесе 3 күнге» қарағанда жиірек және т.с.с. Сонымен қатар сіз, егер аралық/арақатынас айнымалысын адамдардың жасына қатысты айн00002 сияқты кезекті түрде категорияларға топтасаңыз (мысалы, 20 және одан жас; 21-30; 31-40; 41-50; 51 және одан аса), оларды реттік айнымалыға айналдырып отырғаныңызды ескеруіңіз қажет.

- *Шартты айнымалылар.* Категориялы айнымалылар деп те аталатын осы айнымалылар ретпен орналастырылмайтын категориялардан тұрады. Жоғарыда аталғандай, біз 3-сұрақ бойынша «демалу» терминінің мағынасын «фитнесті меңгеру және жақсарту» немесе «салмақ тастау» деп түсінуден терең ойластырылған деп айта алмаймыз.

- *Дихотомиялық айнымалылар.* Осы айнымалылар тек екі категорияға бөлінетін деректерден тұрады (мысалы, жыныс). Олар тек қана бір аралыққа қолданылатындықтан, басқа категория түрлеріне қарағанда алар орны біршама басқа. Сондықтан оларды айнымалылардың басқа үш түрінің сипаттамаларына ие деп санауға болады.

Олар шартты айнымалылар сияқты болып көрінеді, алайда, тек бір аралығы болғандықтан, кейде олар реттік айнымалылар ретінде қарастырылады. Алайда, оларды көп жағдайда қарапайым шартты айнымалылар ретінде өңдеу ең дұрыс шешім болуы мүмкін.

Айнымалылардың негізгі төрт түрі және олардың фитнес клубы жөніндегі зерттеу бойынша көрсеткіші 15.1-кестеде берілген.

Лайкерт шәкілі сияқты, ұғымдардың көп көрсеткіштік (немесе көп нысандық) өлшемдері (7.2-негізгі ұғымын қараңыз), іс жүзінде, реттік айнымалыларды өн-

діреді. Алайда, көптеген авторлар салыстырмалы түрде олар категориялардың көптеген түрлерін ұсынатындықтан, аралық/арақатынас айнымалыларын өндіретін өлшемдердей өңдеуге болады деп тұжырымдайды. Осы мәселе туралы қысқаша талқылауды Брайман және Крамэр (2011) еңбегінен қараңыз, олар «шынайы» аралық/арақатынас айнымалылары мен көп көрсеткіштік өлшемдер көмегімен құрастырылған өлшемдерді ажыратып көрсеткен (2011: 71-3).


15.1-кестеде айнымалылардың түрлерін қалай анықтауға болатыны жайлы нұсқаулық қамтылған.

15.1-кесте

Айнымалылардың түрлері

Түрі	Сипаттамасы	Фитнес клубы зерттеуінен мысал	SPSS бағдарламалық жасақтама бойынша айнымалының атауы (16-тарауды қараңыз)
Аралық/арақатынас	Барлық категориялар	айн00002	жасы
	ауқымында категориялар	айн00010	кардминс
	арасындағы аралықтары	айн00011	вейминс
	бірдей болатын айнымалылар	айн00012	озминс
Реттік	Категорияларын дәреже бойынша ретпен орналастыруға болатын, бірақ барлық категориялар ауқымында категориялар арасындағы аралықтары бірдей емес айнымалылар	айн00004	кардюз
		айн00005	вейюз
		айн00006	жиілігі
Шартты	Категорияларын дәреже бойынша ретпен орналастыруға болмайтын айнымалылар; сонымен қатар категориялық деп те аталады.	айн00003 айн00007 айн00009	себептер аккомп жаттығу
Дихотомиялық	Тек екі категориялы деректерден тұратын айнымалылар	айн00001 айн00008	жынысы озсорс

15.1-сызба



Бір шамалыны талдау

Бір шамалыны талдау бір сәтте бір айнымалыны талдау дегенді білдіреді. Осы бөлімде ең жиі қолданылатын тәсілдерді қысқаша қарастыратын боламыз.

Жиілік кестелері

Жиілік кестесі қарастырылып отырған айнымалы бойынша адамдар санын және әрбір категорияға тиесілі пайыздық арақатынасын көрсетеді. Оны айнымалылардың барлық түрлеріне қатысты қолдануға болады. 15.2-кесте-

де айн00003 бойынша жиілік кестесінің мысалы берілген. Берілген жауаптың нұсқаларынан ешкімнің «басқа адамдармен танысу» және «басқа себеп» деген екі ықтимал нұсқасын таңдамағанына назар аударыңыз, сондықтан олар кестеге енгізілмеген. Кестеде, мысалы, іріктеменің 33 мүшесінің фитнес клубына салмақ тастау үшін баратынын және бұл бүкіл іріктеменің 37% (жиілік кестелерінде пайыздық арақатынастар көбінесе, кемітіліп немесе арттырылып дөңгелектеп алынады) құрайтынын көрсетілген. SPSS бағдарламалық жа-

сақтамасының көмегімен жиілік кестесін құрастыру үдерісі 361-бетте сипатталған.

Егер аралық/арақатынас айнымалыларын (мысалы, адамдардың жастарын) жиілік кестесі форматында көрсету қажет болса, категориялар міндетті түрде топтастырылуы тиіс. Топтастыру барысында олардың енгізілген категорияларының қайталанбауын қадағалаңыз (мысалы, былай: 20-30, 30-40, 40-50, т.с.с.). Аралық/ арақатынас айнымалыларының жиілік кестесі 15.3-кестеде көрсетілген, онда айно0002 жиілігіне мысал ретінде фитнес клубына баратын адамдардың жасына қатысты деректер енгізілген. Егер адамдарды жас қатарына қарай топтастырмасақ, нәтижеде отыз төрт түрлі категория шығып, жұмысты жүргізуді тым қиындатары анық. Бес түрлі категория құрастыру арқылы біз жас аралықтарын қамтуды жеңілдете түсеміз. Іріктеменің жалпы саны 89-ға тең екеніне және пайыздық арақатынастар 90-ға емес, 89-ға негізделгеніне назар аударыңыз. Себебі айнымалылардың арасында бір шама жетіспейді (24-респондент). Осы тақырыпқа орай SPSS бағдарламалық жасақтамасы бойынша респонденттерді топтастыру үдерісі 359-бетте сипатталған.

15.2-кесте

Фитнес клубына бару себептерінің жиілік кестесі

Себеп	n	%
Демалыс	9	90
Фитнесі меңгеру немесе жақсарту	31	34
Салмақ тастау	33	37
Күш жинау	17	19
Барлығы	91	100

15.3-кесте

Фитнес клубы мүшелерінің жас аралығының жиілік кестесі

Жас	n	%
21- төмен	3	3
21-30	39	44
31-40	23	26
21-50	21	24
51- жоғары	3	3
Барлығы	89	100

Диаграммалар

Диаграммалар – сандық деректерді бейнелеуде өте жиі қолданылатын тәсілдердің бірі. Олардың негізгі артықшылығы – оларға түсініктеме беруге және түсінуге салыстырмалы түрде жеңіл.

Егер сіз шартты немесе реттік айнымалылармен жұмыс істесеніз, бағандық диаграмма және шеңберлік диаграмма қолдануға ең жеңіл екі әдіс болмақ. 15.2-кестеде берілген деректердің бағандық диаграммасы 15.2-сызбада бейнеленген. Бағандардың әрқайсысында әрбір категорияға жататын адамдардың саны берілген. Суреттегі бағандық диаграмма SPSS бағдарламалық жасақтамасының көмегімен құрастырылды және SPSS бағдарламалық жасақтамасымен бағандық диаграмма құрастыру үдерістері 363-бетте сипатталған.


Дәл осы деректерді басқаша бейнелеудің тағы бір жолы – 15.3-сызбадағыдай шеңберлік диаграмманы қолдану. Бұл әртүрлі категориялардың салыстырмалы мөлшерін көрсетеді, бұған қоса әрбір бөліктің барлық іріктемеге қатысты мөлшерін де бейнелейді. Осы диаграммада берілген барлық іріктемені

көрсететін әрбір бөліктің пайызы да SPSS бағдарламалық жасақтамасымен есептелген. SPSS бағдарламалық жасақтамасымен шеңберлік диаграмма жасау үдерісі 363-бетте сипатталған.


Егер сіз айналым сияқты аралық/арақатынас айнымалыларын бейнелесеңіз, гистограмманы қолдану біршама қолайлы болуы мүмкін. SPSS бағдарламалық жасақтамасының көмегімен жасалған 15.4-сызбада 15.3-кестеде берілген деректер мен категориялар қамтылған. Бағандық диаграммадағыдай, бағандар әрбір жас тобының салыстырмалы мөлшерін білдіреді.

Дегенмен, гистограммада бағандар арасында бос аралықтың болмайтынын, ал бағандық диаграмманың бағандары арасында бос аралықтың болатынын ескеріңіз. Гистограммаларды аралық/арақатынас айнымалыларына қолдануға болады, ал бағандық диаграммалар шарттық және реттік айнымалыларға қолданылады. SPSS бағдарламалық жасақтамасымен гистограмма жасау үдерісі 363-бетте сипатталған.


15.3-сызба



15.4-сызба



15.2-сызба



Орталық бағыт өлшемдері

Орталық бағыт өлшемдері шамаларды үлестіруге тән шаманы бір ғана санға айналдырады. Іс жүзінде, біз үлестірімнің орташа көрсеткішін іздейміз, бірақ сандық деректерді талдауда орташа шаманың үш бөлек түрі кеңінен танылған.

- **Арифметикалық орташа шама.** Бұл күнделікті қолданыстағы біз қолданатын орташа шама, яғни біз үлестіріміндегі бүкіл шамаларды қосып және оны

шамалар санына бөлеміз. Осылайша, айн00002 бойынша арифметикалық орташа шама (немесе жай ғана орташа шама) 33.6-ға тең, яғни фитнес клубына баратын адамдардың орташа жасы 34 жас шамасында екенін анықтай аламыз. Орташа шама тек аралық/арақатынас айнымалыларына қатысты қолданылады, дегенмен оны реттік айнымалыларға қолдану да жиі кездеседі.

- **Медиана.** **Медиана** – шамаларды үлестіруде ортаңғы орын. Орташа шамаға айтарлықтай жоғары немесе төмен қысым көрсетілетіндіктен, орташа шама ауытқымалы шамаларға (үлестірімінің екі ұшындағы шеткі шамалар) бағынады, ал медиана шамалар үлестірімінің ортаңғы нүктесін алғандықтан, оған мұндай әсер етпейді. Медиана үлестірімдегі барлық шамаларды кіші шамадан бастап үлкен шамаға дейін реттеп, ортаңғы орынды табу арқылы шығарылады. Егер шамалардың саны жұп болса, медиана үлестірімнің екі орта санының орташа шамасын табу арқылы есептеледі. Мысалы, айн00002 шамасы бойынша медиана 31-ге тең. Бұл орташа шамадан сәл азырақ екенін көреміз, ал бұл кейбір ішінара жасы үлкен мүшелердің (әсіресе, 5 және 10 жауап берушілер) орташа шамаға ықпал етуімен байланысты. Медиананы аралық/арақатынас және реттік айнымалылар үшін қолдануға болады

- **Пішін.** **Пішін** – бұл үлестірімдегі ең жиі кездесетін шама. Айн00002 бойынша пішін 28-ге тең. Пішінді айнымалылардың барлық түрлері үшін қолдануға болады.

SPSS бағдарламалық жасақтамасымен орташа шаманы, медиананы және пішінді құрастыру үдерісі 363-бетте сипатталған.

Дисперсия өлшемдері

Іріктемедегі ауытқудың көлемін анықтау үлестірім шамасын есептеумен бірдей қызықты болуы мүмкін. Біріншіден, шамалардың салыстырмалы үлестірімдері арасындағы айырмашылықты анықтауға мүмкіндік туады. Мысалы, ауыр салмақты құрылғыларды қолдануға кеткен уақытпен салыстырғанда жүрек-қан тамыр жүйесін шынықтыратын құрылғыларда өткізілген уақыт айырмашығы аз ба, әлде көп пе?

Дисперсияны өлшеудің ең айқын жолы ретінде мөлшер қолданылады. Бұл аралық/арақатынас айнымалыларымен байланысты шамалар үлестіріміндегі ең жоғары және ең төмен шаманың арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Біз құрылғылардың екі түрінде жүрек-тамыр жүйесін шынықтыратын құрылғының мөлшері 64 минутты және ауыр салмақты құрылғылар үшін 48 минутты құрайтынын анықтаймыз. Бұл алдыңғысына жұмсалатын уақыт мөлшерінде айнымалылық көбірек дегенді білдіреді. Алайда, орташа шамаға, мысалы, айн00010 шамасына қатысты 60-жауап берушіге ауытқымалы шамалар әсер етеді.

Тағы бір дисперсия өлшемі – **стандартты ауытқу**, ол орташа шаманың айналасындағы айнымалылықтың орташа мөлшерін құрайды. Есептеу бұдан сәл күрделірек болғанмен, стандартты ауытқу үлестірімдегі әрбір шама мен орташа шама арасындағы айырмашылықты шығарып, шыққан жалпы айырмашылықты шамалар санына бөлу арқылы есептеледі. Мысалы, айн00010 шамасы үшін стандартты ауытқу 9,9 минутқа тең болса,

ал айн00011 шамасы 8 минутқа тең. Осылайша, ауыр салмақ құрылғысына жұмсалатын уақыттан жүрек-қан тамыр жүйесін шынықтыратын құрылғы оған жұмсалатын уақыттың орташа көрсеткішінің артық болғаны ғана емес, сонымен бірге стандартты ауытқуы жағынан да артығырақ. Ауытқымалы шамалар стандартты ауытқуға да әсер етеді, бірақ мөлшердің әсеріндей емес және олардың әсері үлестірімдегі шамалардың санына бөлу арқылы қалпына келтіріледі. SPSS бағдарламалық жасақтамасымен стандартты ауытқуды анықтау үдерісі 363-бетте сипатталған.

Аралық/арақатынас айнымалыларын бейнелеуге тиімді болғандықтан, көпшілікке танымал болған бейнелеу түрі – қорап типті диаграмма (15.5-сызбаны қараңыз). Бейнелеудің осы түрі орталық беталысты (медиана) және дисперсияны (мөлшерді) көрсетеді. Сонымен қатар ол қандай да бір ауытқымалы шаманың бар-жоғын көрсетеді. 15.5-сызбада фитнес клубына соңғы рет барған мүшелердің жұмсаған минуттарының жалпы саны бойынша жәшіктік диаграмма бейнеленген. 41-мүше ауытқымалы шаманы көрсетіп тұр,

ол фитнес клубында барлығы 87 минут өткізген. Қорап типті диаграмма ортаңғы мүшелердің 50% көрсетеді. Қораптың жоғарғы сызығы фитнес клубының 50% көп қолданылғанын, ал төменгі сызығы фитнес клубын 50% аз қолданылғанын көрсетіп тұр. Қорапта көлденең өтетін сызық медиананы көрсетеді. Қораптан жоғарғы қарай жүргізілген сызық фитнес клубының нөмірі 41-мүшесінен көбірек қолданғаны барлық басқа мүшелерге сай келеді. Қораптан төменге қарай жүретін сызық фитнес клубы мүшелерінің спортпен ең аз шұғылданған мүшесін көрсетеді. Қорап типті диаграммалар пайдалы болып табылады, себебі олар орталық беталысты да, дисперсияны да көрсете алады. Олардың пішіндері медианамен салыстырғанда мүшелердің аз немесе көп болуына қарай өзгеріп отырады. 15.5-сызбада қорап және медиана үлестірімнің төменгі ұшына жақын, бұл медианадан төмен спортпен шұғылданушы мүшелердің арасында ауытқу азырақ дегенді білдіреді. Медианадан асып кеткен жерден бастап, ауытқу көбірек болмақ. SPSS бағдарламалық жасақтамасымен стандартты ауытқуды анықтау рәсімі 363-бетте сипатталған.




Екі шамалыны талдау

Екі шамалыны талдау екі шаманың бір-бірімен байланысатынын немесе байланыспайтынын анықтау үшін бірден екі айнымалыға талдау жүргізумен байланысты. Айнымалылардың арасындағы өзара қатынастарды зерттеу бір шамадағы ауытқудың екінші шамадағы ауытқумен бір мезгілде болатынына

дәлелдер іздеу дегенді білдіреді. Өзара қатынастарды зерттеудің көптеген түрлі тәсілдері бар, бірақ олардың қолданылуы талдауға түсетін екі айнымалының сипатына байланысты. 15.6-кестеде таңдалып алынған айнымалының түрлеріне сәйкес екі шамалы талдаудың негізгі түрлерін берілген.

15.5-сызба

Фитнес клубына соңғы бару кезінде жұмсалған минуттар саны бойынша қорап типті диаграмма



15.6-сызба

Екі шамалыны талдау әдістері

	Шарттық	Реттік	Аралық/ аракатынас	Дихотомиялық
Шарттық	Тоғысу кестесі + хи-шаршы (χ^2) + Крамердің V -коэффициенті	Тоғысу кестесі + хи-шаршы (χ^2) + Крамердің V -коэффициенті	Тоғысу кестесі + хи-шаршы (χ^2) + Крамердің V -коэффициенті Егер аралық/ аракатынас айнымалы шамасын тәуелді айнымалы шама ретінде анықтауға болса, орташа шамаларды салыстырыңыз + этта шамасы	Тоғысу кестесі + хи-шаршы (χ^2) + Крамердің V -коэффициенті
Реттік	Тоғысу кестесі + хи-шаршы (χ^2) + Крамердің V -коэффициенті	Спирманның ро-коэффициенті (ρ)	Спирманның ро-коэффициенті (ρ)	Спирманның ро-коэффициенті (ρ)
Аралық/ ара- катынас	Тоғысу кестесі + хи-шаршы (χ^2) + Крамердің V -коэффициенті Егер аралық / аракатынас айнымалы шамасын тәуелді айнымалы шама ретінде анықтауға болса, орташа шамаларды салыстырыңыз + этта шамасы	Спирманның ро-коэффициенті (ρ)	Пирсонның r -коэффициенті	Спирманның ро-коэффициенті (ρ)
Дихото- миялық	Тоғысу кестесі + чи-шаршы (χ^2) + V -коэффициенті	Спирманның ро-коэффициенті (ρ)	Спирманның ро-коэффициенті (ρ)	фи (Φ)

Өзара қатынастар себепті байланысқа жатпайды

Айнымалылар арасындағы өзара қатынастарды талдаудың барлық тәсілдері туралы ескерілетін маңызды мәселе – олардың өзара қатынастарды дәл анықтайтыны. 3-тарауда кросс-секциялық жобаларға қатысты айтып кеткеніміздей, бұл бір айнымалының екінші айнымалының пайда болуына ықпал етеді деп ұйғаруға болмайды дегенді білдіреді. Кей жағдайларда себептік салдардың әсері бір бағытта болады деп күтілгенде, іс жүзінде әсері басқа бағытта байқалады. Себептік бағытқа қатысты мәселеге қызықты бір мысал кітаптың соңғы жағында 27-тарауда баяндалады. Ол мысалда Суттон мен Рафаэлидің (1988) бөлшектеп сату бөлімдерінде жағымды эмоциялар көрсету (мысалы, бақылаушы сатушылардың күлімсіреуі немесе жылы шыраймен сөйлесуі) мен олардың сауда көлемінің арасында себептік байланысты табуға үміттенгендері қарастырылады. Басқаша айтқанда, жағымды эмоцияларды көрсету бөлшектеп сатуда сауда көлеміне себептік әсер етеді деп саналды. Іс жүзінде, өзара қатынас кері әсер бергені анықталды: бөлшектеп сату көлемі эмоцияларды көрсетуге себептік әсер етті (осы зерттеудің толық түсіндірмесін 27.6-зерттеу нысанынан қараңыз).

Кейде, екі айнымалылар арасындағы өзара әрекеттерді анықтау мүмкін болғанда, мұның себептік байланысқа жататынына сенімді бола аламыз, мысалы, адамның жасы ұлғайған сайын дауысының өзгеруін атап көрсетуге болады. Адамдардың өздерінің жастарына

еш ықпал ете алмайды, сондықтан егер екі айнымалының байланысты екенін анықтасақ, адам жасы тәуелсіз айнымалы деген ұйғарымды сенімді түрде айта аламыз. Зерттеушілер арасында деректерге талдау жүргізу барысында өзара әрекеттегі айнымалылардың арасындағы себептік бағыттарын өздері болжаған себептік байланысқа негіздейтіні жиі кездеседі, мысалы, Суттон мен Рафаэлидің (1988) мысалын атап көрсетуге болады. Мұндай қорытындылар ықтимал орынды пікірлерге негізделген болса да, олар тек ұйғарым болуы мүмкін және себептік бағыттың нақты үлгісі болжамды пікірге қарағанда керісінше болуы ықтималдығы бар.

Түйіндесу кестелері

Түйіндесу кестелері өзара қатынастарды талдаудың барлық әдістерінің ішіндегі ең тиімдісі және икемдісі болуы мүмкін, себебі оларды айнымалылардың кез келген жұбына қатысты қолдануға болады, алайда олар кейбір жұптар үшін тиімсіз болуы мүмкін, сондықтан бұл тәсіл 15.6-сызбадағы барлық ұяшықтарда ұсынылмаған. Түйіндесу кестесі жиілік кестесіне ұқсайды, бірақ мұнда екі айнымалыға бір уақытта талдау жүргізіп, олардың арасындағы өзара әрекеттерді қарастыру мүмкіндігі бар. Түйіндесу кестесіне пайыздық мөлшердің болуы қалыпты жағдай, себебі олар кестелерді түсініктеме беруді жеңілдетеді. 15.4-кестеде фитнес клуб жайлы зерттеуден алынған екі айнымалының жасы және фитнес клубына бару себептері арасындағы өзара байланыс көрсетілген. Пайыздық көрсеткіштер – пайыздық бағандағы көрсеткішке тең,

яғни олар әрбір ұяшықтағы санды сол бағандағы жалпы санның пайыздық көрсеткіші ретінде есептейді. Осылайша, сол жақтағы жоғарғы ұяшықты алып қарасақ, фитнес клубына демалу үшін баратын үш ер адам іріктемедегі барлық 42 ер адамның 7 % құрайды. Түйіндесу кестелерін пайдаланушылар көп жағдайда болжалды тәуелсіз айнымалыны (егер, іс жүзінде, болжай алса) бағандық айнымалы ретінде және болжалды тәуелді айнымалыны қатарлық айнымалы ретінде көрсетеді. Бұл жағдайда біз адамның жынысы фитнес клубқа бару себебіне әсер етеді деп болжай аламыз. Ал шын мәнінде, фитнес клубқа баруға адамның жынысы ешқандай әсер ете алмайтынын білеміз. Мұндай жағдайларда, қатарлық пайыздық көрсеткіштен гөрі, бағандық пайыздық көрсеткіш қолдану дұрыс болмақ. SPSS бағдарламалық жасақтамасымен түйіндесу кестесін жасау үдерісі 366-367-беттерде сипатталған.

Түйіндесу кестелері біріктіру үлгілерін жаңадан құрастыру үшін өте тиімді. Аталмыш мысалда біз фитнес клубына бару себептерінің адамның жыныстық айырмашылығымен байланысын анық көре аламыз. Зерттеуші студент болжағандай, ерлерге қарағанда әйелдердің фитнес клубтарына салмақ тастау үшін бару ықтималдығы анағұрлым жоғары. Сонымен бірге олардың фитнес клубтарына демалу үшін бару ықтималдығы да сәл жоғары. Ал ерлердің фитнес клубтарына күш арттыру үшін бару ықтималдығы анағұрлым жоғары. Бару себебі ретінде денсаулық мәселесін көрсеткен екі жыныс өкілдерінің көрсеткіштері арасындағы айырмашылық аз.

15.4-кесте

Жынысқа және жас шамасына қатысты айырмашылықты көрсететін түйіндесу кестесі

Себептер	Жынысы			
	Еркек		Әйел	
	№	%	№	%
Демалыс	3	7	6	13
Фитнес	15	36	16	33
Салмақ тастау	8	19	25	52
Күш жинау	16	38	1	2
БАРЛЫҒЫ	42		48	

Ескерту: $\chi^2 = 22.726$ $p < 0.0001$.

Пирсонның r корреляциялық коэффициенті

Пирсонның r корреляциялық коэффициенті аралық/арақатынас айнымалыларының арасындағы өзара байланысты тескеруге арналған тәсіл. Бұл тәсілдің негізгі ерекшеліктері мынадай:

- Коэффициент міндетті түрде 0 (нөл немесе айнымалылар арасында ешандай байланыс жоқ) мен 1 арасында орналасады (атқарымдық байланыс) және өзара байланыстың нақтылығын білдіреді;
- Егер коэффициент 1-ге жақын болса, өзара байланыс біршама нақтырақ болмақ; ал егер коэффициент 0-ге жақын болса, өзара байланыс әлсіз болады;

Өзара байланыстың бағытын көрсететін бұл коэффициент – оң және теріс бола алады.

Осы ерекшеліктерін мысал арқылы көрсету үшін Ұсыныстар мен қорытындылар «Әртүрлі өзара байланыс түрлерін көрсету үшін бес айнымалының ойша жинақталған деректері» тақырыбын қараңыз. Ол жерден бес айнымалының ойша жинақталған деректері мен аралық/

арақатынас айнымалылары жұптарының өзара байланысын қарастыратын 15.7-15.10-сызбаларында шашыраңқы диаграммаларымен таныса аласыз. 1 және 2 айнымалылардың шашыраңқы диаграммасы 15.7-сызбада берілген және ол жерден Пирсонның r корреляциялық

коэффициенті 1-ге тең болатын атқарымдық **оң байланысты** көре аласыз. Егер корреляция 1-ден төмен болса, айнымалы 1 кем дегенде, тағы басқа бір айнымалымен байланысты екенін білдіреді, айнымалы 2 үшін де осындай қорытынды жасауға болады.



Ұсыныстар мен қорытындылар

Әртүрлі өзара байланыс түрлерін көрсету үшін бес айнымалының ойша жинақталған деректері

Айнымалылар 1	2	3	4	5
1	10	50	7	9
2	12	45	13	23
3	14	40	18	7
4	16	35	14	15
5	18	30	16	6
6	20	25	23	22
7	22	20	19	12
8	24	15	24	8
9	26	10	22	18
10	28	5	24	10

2 және 3 айнымалылардың шашыраңқы диаграммасы (15.8-сызба) атқарымдық **теріс байланысты** көрсетіп тұр және бұл арада Пирсонның r корреляциялық коэффициенті -1-ге тең. Бұл бір айнымалының көрсеткіші асып кетсе, басқа айнымалының көрсеткіші төмен болып, араларында ешқандай байланыс жоқ дегенді білдіреді.


Егер айнымалылар арасында іс жүзінде ешқандай корреляция болмаса, шашыраңқы диаграммада ешнәрсе белгіленбейтін еді. Мысалы 2 және 5 айнымалыларды алып қарауға болады, корреляция нөлге жақын, нақтырақ айтсақ, -0.041. Демек, әрбір айнымалыдағы айырмашылық осы талдауға алынған айнымалыға қарағанда басқа айнымалылар

мен көбірек байланысатынын білдіреді. 15.9-сызбада осыған ұқсас шашыраңқы диаграмма мысалы берілген.

Егер өзара байланыс айтарлықтай нақты болса, айнымалылардың көрсеткішін анық байқауға болады. Мысалы, 15.10-сызбада берілген 2 мен 4 айнымалыларын алып қарайық. Олардың арасында анық оң байланыс бар және Пирсонның r корреляциялық коэффициенті +0.88 көрсетіп тұр (әдетте, оң корреляция «+» белгісі қойылмадан көрсетіледі). Демек, екі айнымалыдағы айырмашылық біршама нақтырақ байланысқан және олардың арасында айырмашылықтың болуы басқа айнымалылардың да алатын орнын көрсетіп тұр.


15.7-сызба

Атқарымдық оңды өзара байланысты көрсететін шашыраңқы диаграмма




15.9-сызба

Өзара байланыспайтын екі айнымалыны көрсететін шашыраңқы диаграмма




15.8-сызба

Атқарымдық оңды теріс байланысты көрсететін шашыраңқы диаграмма



15.10-сызба

Өзара анық оң байланысты көрсететін шашыраңқы диаграмма



Фитнес клубқа бару жайлы мысалымызға қайта оралатын болсақ, біз ондағы мүшелердің жасы (айн00002) мен ауыр салмақты құрылғыларда өткізген уақыты (айн00011) арасындағы корреляция -0.27 тең екенін көреміз, бұл олардың арасындағы аз мөлшерде кері байланысты білдіреді. Осыдан, адамның жасы ұлғайған сайын, осындай ауыр салмақты құрылғыны қолдануы азая түседі деген пікірді ортаға шығарады, бірақ басқа айнымалылар осы жаттығу

түріне кеткен уақытқа айтарлықтай анық әсер ете алады.

Егер Пирсонның r корреляциялық коэффициентін квадратқа дәрежелейтін болсақ, қажетке жарайтын *детерминациялық коэффициент* деп аталатын статистикалық дерекке қол жеткізе аламыз ол өз кезегінде, бір айнымалының екінші бір айнымалыға қатысты қаншалықты айырмашылығы бар екенін анықтайды. Мысалы, егер r корреляциялық коэффициенті -0.27 тең бол-

са, r^2 көрсеткіші 0.0729 болмақ. Одан әрі r^2 көрсеткішін 100-ге көбейту арқылы пайыздық көрсеткішін анықтай аламыз. Осы жаттығудың пайыздық көрсеткіші 7%-ға тең болады. Бұл адамдардың жастарына қарай жүрек-қан тамырлары жүйесін шынықтыратын құрылғыны қолдануында тек қана 7% айырмашылық бар екенін білдіреді. Детерминациялық коэффициент көрсеткіші корреляциялық мәліметтерге кеңінен анықтама беруде қосымша дереккөзі болып табылады.

Пирсонның r корреляциялық коэффициентін SPSS бағдарламалық жасақтамада қалай есептеу жайлы мәліметті 368-беттен және SPSS бағдарламалық жасақтамасында шашыраңқы диаграмма қалай құрастыруды 368-372 беттерден оқи аласыз.

Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициенті

Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициенті көбіне грек әліпбиінің ρ әрпімен белгіленеді және жұптасқан реттік айнымалыларға қолдануға жетілдірілген, сонымен қатар 15.6-сызбада көрсетілгендей бір айнымалы реттік, ал екінші айнымалы аралық/арақатынас түріне жататын кейбір жағдайларда да қолданылады. Бұл коэффициентті есептеп шығару тәсілі Пирсонның r корреляциялық коэффициенті тәсілімен бірдей: ρ коэффициент көрсеткіші 0 мен 1 арасында өзгеріп тұратын, онды және теріс көрсеткіш болады. Егер тағы да фитнес клубқа бару жайлы мысалға оралатын болсақ, үш реттік айнымалыны байқаймыз: айн00004, айн00005, айн00006 (15.1-кестені қараңыз). Егер

бірінші екі айнымалы арасындағы Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициентін есептейтін болсақ, жүрек-қан тамырлары жүйесін шынықтыратын құрылғыны пайдалану жиілігіне қатысты айн00004 пен айн00005 арасындағы корреляцияның төмен екенін, 0.2-ге тең екенін анықтаймыз. Алайда, айн00006 (фитнес клубқа бару жиілігі) мен айн00010 (жүрек-қан тамырлары жүйесін шынықтыратын құрылғыны қолдану уақыты) арасындағы корреляцияның біршама терең екенін көреміз – 0.4-ке тең. Соңғы айырмашылықтың аралық/арақатынас айнымалысы болып табылатынына назар аударыңыз. Реттік және аралық/арақатынас айнымалысы арасындағы корреляцияны есептеуді қалайтын болсақ, Пирсонның r корреляциялық коэффициентін қолдана алмаймыз, себебі бұл тәсілде екі айнымалы да аралық/арақатынас өлшемі дәрежесінде болуы тиіс. Оның орнына біз Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициентін қолдануымыз керек (15.6-сызбаны қараңыз). Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициентін SPSS бағдарламалық жасақтамасында құрастыру үдерісі жайлы 368-беттен оқып таныса аласыз.

Фидің және Крамердің корреляциялық коэффициенттері

Фи (ϕ) және **Крамердің корреляциялық коэффициенттері** өте тығыз байланысқан статистикалық деректер. Фи корреляциялық коэффициенті екі дихотомиялық айнымалылар арасындағы өзара байланысқа талдау жүргізуде қолданылады. Пирсонның r корреляциялық коэффициенті тәрізді

есептеп шығарылған статистикалық деректің көрсеткіші 0 мен +/-1 арасында өзгеріп тұрады. Айн00001 (жыныс) пен айн00008 (ұдайы жасайтын басқа жаттығулар көздері! Арасындағы корреляция 0.24-ке тең және өзара байланыс көрсеткішінің төмен болғанына қарамастан, еркектер әйелдерге қарағанда басқа да ұдайы жаттығулар түрімен айналысуға бейімдірек екенін білдіреді.

Крамердің V корреляциялық коэффициенті фи корреляциялық коэффициентіне өте ұқсас формула арқылы анықталады және реттік айнымалыларға қолдануға болады (15.6-сызбаны қараңыз). Алайда, бұл статистикалық дерекке тек қана оң шамалар қолданыла алады, себебі бұл екі айнымалы арасындағы өзара байланыстың бағытын емес, тек қана қаншалықты тығыз байланысқанын анықтайды. Крамердің V корреляциялық коэффициентінің көрсеткішін 15.4-кестеден байқауға болады – 0.50-ге тең. Әдетте, ол өз алдына жеке ұсынылмайды. Фи (φ) және Крамердің корреляциялық коэффициенттерін анықтау үдерістерімен 366-367 беттерден таныса аласыз.

Көрсеткіштерді салыстыру және этта

Егер сізге аралық/арақатынас айнымалысы мен реттік айнымалы арасындағы өзара байланысты есептеу керек болып және соңғысы өз алдына тәуелсіз айнымалы екені белгілі болса, аралық/арақатынас айнымалысының орталық шамаларын реттік айнымалының әрбір бөлімшесімен салыстыру ең тиімді ықтимал тәсіл болмақ. Мысал ретінде жүрек-қан тамырлары жүйесін шынық-

тыратын құрылғыда (айн00010) өткізген уақыттың орташа көрсеткішінің фитнес клубына барудың төрт себебіне (айн00003) қатысты көрсетілгенін 15.5-кестеден көре аласыз. Көрсеткіштерден байқайтынымыз, фитнес клубына фитнес немесе салмақ тастау үшін баратын адамдар фитнес клубқа демалу немесе күш жинау үшін баратын адамдарға қарағанда бұл құрылғыда көбірек уақыт өткізеді.

Көптеген жағдайларда бұл үдеріс **этта** деп аталатын айнымалылар арасындағы өзара байланыс өлшемдерімен бірге жүргізіледі. Бұл статистикалық дерек екі айнымалы арасындағы өзара байланыс деңгейін көрсетеді және Крамердің V корреляциялық коэффициенті тәрізді, әрқашанда оңды көрсеткіш беретін болады. 15.5-кестеде этта деңгейі 0.48-ге тең, демек екі айнымалы арасында сәйкесінше орташа байланыс бар. Эттаның квадрат дәрежесі реттік айнымалыға қатысты аралық/арақатынас айнымалының айрымашылық мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Біз қарастырып отырған мысалда эттаның квадрат дәрежесі 22%-ға тең болмақ. Екі айнымалының бірі реттік, ал екіншісі аралық/арақатынас түріне жататын болса да, есептеу жүргізуге мүмкіндік беретіндіктен, екі айнымалы арасындағы өзара байланысты анықтауда этта тәсілі өте икемді және тиімді тәсіл болып саналады. Сонымен қатар ол айнымалылар арасындағы өзара байланыс жүйелік тәуелділік болуы ықтималдығын есепке алмайды. SPSS бағдарламалық жасақтама көмегімен орташа көрсеткіштерді салыстыру және оларды есептеп шығару үдерісімен 372-беттен оқып таныса аласыз.

15.5-кесте

Бөлімшенің орташа көрсеткіштерін салыстыру: жүрек-қан тамырлары жүйесін шынықтыратын құрылғыда өткізілген уақытты фитнес клубына барудың себептеріне қатысты салыстыру

Уақыт	Себептер				
	Демалу	Фитнес	Салмақ тастау	Күш жинау	Барлығы
Жүрек-қан тамырлары жүйесін шынықтыратын құрылғыда өткізілген уақыттың орташа көрсеткіші	18.33	30.55	28.36	19.65	26.47
<i>n</i>	9	31	33	17	90



Көп шамалыны талдау


Көп шамалыны талдау бірден үш немесе одан да көп айнымалыларға бір сәтте талдау жүргізу мүмкіндігін ұсынады. Бұл өте күрделі тақырып, сондықтан қолданылатын тәсілдерді жақсы меңгеру үшін оқырмандарға сандық зерттеулерді талдау жайлы кітаптарды ақтарып шығуларына кеңес беріледі (мысалы, Браймен мен Крамэр 2011). Осы көп шамалы талдау тақырыбына қатысты үш негізгі кішігірім талқылаулар қарастырылады.

Өзара қатынас жалған болуы мүмкін бе?

Екі айнымалы арасындағы өзара байланысты анықтау үшін олардың өзара байланысатынына дәлелдер келтіріп қана қоймай, ол байланыстардың *жалған емес* екені де анық көрсетілуі керек. **Жалған өзара байланыс** дегеніміз екі айнымалы арасында байланыс бар тәрізді көрінеді, бірақ мұндай байланыстар шын мәнінде, жоқ: мұндай жалған байланыс әрбір ай-

нымалы өз алдына үшінші бір айнымалымен байланысатындықтан орын алуы мүмкін. Мысалы, егер біз табыс пен дауыс беру әрекеттері арасында өзара байланыс барын анықтасақ, осы байланыс адам жасына қатысты орын алады ма деген сұрақ туындайды (15.11-сызбаны қараңыз). Адамның жасы ұлғайған сайын табысы арта түсуі мүмкін, сонымен қатар адамның жасы дауыс беруге әсер ететіні анық. Егер адамның жасы табыс пен дауыс беру арасында өзара анық байланыс орнататыны анықталса, бұл байланыстың жалған екені жайлы қорытынды жасайтын едік. Және айнымалының жасы бұл арада **бұрмалаушы айнымалы** болып табылады.

15.11-сызба



Осы **жалған өзара байланысқа** қатысты бір қызықты жағдай «*The Times*» (1 қазан, 1999 жыл, 2 бет) басылымында медициналық қорытындыларға байланысты қысқа баяндама түрінде жарық көрді. Онда гормондық алмастыру терапиясын (ГАТ) қолдайтын әйелдердің басқа терапия түрлерін қолдайтындарға қарағанда жүрек ауруына аз шалдығатыны жайлы мәлімделген. Мақалада шведтік зерттеу қорытындыларына сүйеніп, осы терапияны қолдамайтындармен салыстырғанда, бұл терапияны бастауды таңдайтын әйелдердің «арық, бай және дені сау» болып келуі арасында өзара байланыс болуы мүмкін екені жазылған. Осындай екінші сортты факторлар ГАТ қабылауды және жүрек ауруына шалдығу тақырыптарының екеуін де қозғайтын тәрізді. Тағы да бір денсаулыққа қатысты мақала «*Times*» басылымында (Хокес 2003) жарық көрді, онда ер адамдардың сақал-мұртын алу жиілігі мен ықтимал ұстамалы жүрек ауруының пайда болуы арасындағы өзара байланыс жайлы жазылған. Бұған себеп ретінде әрбір айнымалыда (сақал-мұртын алу жиілігі мен ұстамалы жүрек ауруына шалдыққыш) өмір салтының болуы мен гормоналдық факторлардың орын алатыны келтірілді.

Аралық айнымалылар болуы мүмкін бе?

Біз айнымалылар арасында жалған өзара байланыс бар екенін анықтай алмасақ, ол екі айнымалы арасында байланыс қалай және неліктен құрылып тұрғаны жайлы сұрақ туындайды. Мысалы, ұйымның нарықтың бағыты мен оның шаруашылық қызметі арасындағы өзара байланыс тақырыбында бірнеше зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын. Алай-

да, қол жеткізілген нәтижелердің аралас сипаттарын ескере отырып, Пирси, Эррис, Лейн (2002) тәрізді зерттеушілер осы екі айнымалы арасында алдыңғы зерттеулерде ұсынылғаннан да күрделі өзара байланыс бар деген тұжырымдады. Іс жүзінде олар нарық бағытының жоғары деңгейін осы ұйымның шаруашылық қызметін ұлғайта түсуге жол ашатын жұмысшыға уәждеме беру, жұмысшыны қанағаттандыру, жұмысқа шынайы берілу тәрізді себептердің жоғары деңгейімен байланыстырған. Осы арада жұмысшының көзқарастары **аралас айнымалы** болып табылады:

Нарық бағыты → Жұмысшының көзқарастары → ұйымның шаруашылық қызметі

Осы аралық айнымалы – айнымалылар арасындағы екі шамалы өзара байланысқа қатысты сұрақтарға да жауап алуға мүмкіндік береді. Екі айнымалы арасындағы өзара байланыстың тікелей құрылмайтынын көрсетеді, себебі, мысалдан көріп отырғанымыздай, нарықтық бағыттың ұйымдық қызметке ықпалы қызметкерлердің көзқарастары арқылы жүзеге асады.

Үшінші айнымалылар өзара қатынаста бәсеңдеуі мүмкін бе?

Мынадай бір сұрақ туындауы мүмкін: екі айнымалы арасындағы өзара байланыс еркектер үшін бар болып, әйелдер үшін болмауы мүмкін бе? Егер мұндай құбылыс шын мәнінде, орын алатын болса, ендеше өзара байланыс жынысқа байланысты азайып отырады. Мысалы, фитнес клубқа қатысты мысалда, адамның жасы мен басқа ұдайы жасайтын жаттығудың болуы немесе болмауы

(айн00008) жынысқа қатысты ма екенін анықтап көрейік. Демек, егер біз адамның жасы мен басқа жаттығу көзі арасында байланыс бар екенін анықтасак, ол байланыс жынысқа қарай өзгеріп тұрады. 15.6-кестеде адамның жасы мен басқа жаттығу көзі арасындағы өзара байланыс көрсетілген. Талқылауға оңай болуы үшін, бұл кестеде адамның жасы тек қана үш тармаққа бөлінген: 31-40 жас аралығындағы адамдар тобы 30 және одан төмен, 41 және одан үлкен жастағы адамдарға қарағанда басқа да ұдайы жаттығу көздерін қатар қолдануға аса ниет танытпағанын көреміз. Алайда, өзара айырмашылық жыныстарға қатысты бөлініп көрсетілген 15.7-кестеден еркектер мен әйелдерге қатысты байланыстың бірталай басқа көрсеткішке ие болғанын

көруге болады. Еркектерге қатысты байланыс 15.6- кестеде көрсетілген және еркектерге қатысты көрсеткіш біршама айқын болса, әйелдерге қатысты байланыс басқа жаттығу көздерін қатар қолдану жынысқа байланысты өте аз көрсеткішке ие болатын сияқты. Сонымен, адамның жасы мен басқа жаттығулар көзін қолдану арасында **бәсеңдейтін өзара байланыс** бар, себебі көрсеткіш жынысқа байланысты өзгеріске ұшырап отыр. Осы мысалдан көп шамалы талдауда түйіндесу кестесін қалай қолдануға болатынын көруге болады. Дегенмен, көптеген басқа да тәсілдер бар (Браймен және Крамэр 2011: т.10). SPSS бағдарламалық жасақтамасын қолданып мұндай талдауларды қалай жүргізуге болатынын 372-373 беттерден оқи аласыз.

15.6-кесте

Адамның жасы мен фитнес клубқа келушілердің басқа да ұдайы жаттығулар түрін жасайтыны немесе жасамайтыны арасында өзара байланысты көрсететін түйіндесу кестесі (%)

Басқа жаттығу көздері	Жас		
	30-төмен	31-40	41-жоғары
Басқа жаттығулар	64	43	58
Басқа жаттығу жасамайды	36	57	42
<i>n</i>	42	23	24

15.7-кесте

Адамның жасы мен фитнес клубқа келушілердің әйелдер және еркектер арасында басқа да ұдайы жаттығулар түрін жасайтыны немесе жасамайтыны арасында өзара байланысты көрсететін түйіндесу кестесі (%)

Басқа жаттығу көздері	Жыныс					
	Еркек			Әйел		
	30-дан төмен	31-40	41-дан жоғары	30-дан төмен	31-40	41-дан жоғары
Басқа жаттығулар	70	33	75	59	50	42
Басқа жаттығу жасамайды	30	67	25	41	50	58
<i>n</i>	20	9	12	22	14	12



Статистикалық маңыздылығы

Ықтимал іріктеме тәсілін қолданған болсаңыз да (фитнес клубқа қатысты мысалдағыдай), іріктемеден алынатын деректермен жұмыс істегенде үнемі алаңдатушылық туындататын бір мәселе бар: сіз іріктеме таңдап алынған контингентке қол жеткізген нәтижелеріңізді жалпылама ұсына алмайсыз. 8-тарауда өтіп кеткеніміздей, іріктеме үдерісінде әрқашанда ықтимал іріктеме қателігі (контингент пен сіз таңдап алған іріктеме арасындағы айырмашылық) қатар жүреді және ықтимал іріктеме тәсілін қолдансаңыз да бұл мәселенің алдын алу мүмкін емес. Егер осындай жағдай орын алатын болса, алынған іріктеме таныстырмалы түрде контингентті ұсына алмайды, осылайша нәтижелер жарамсыз болып табылады. Бұған қоса, олардың, шын мәнінде контингентке қолданылатынын немесе қолданылмайтынын анықтау мүмкін емес. Сіз тек қана өз нәтижелеріңізге қаншалықты сенімді екеніңізді айтып, дәлелдер келтіре аласыз. Осы арада **статистикалық маңыздылығы** және

статистикалық маңыздылығын тексеру жұмыстары қамтылады.

Біз қол жеткізген деректеріміздің іріктеме таңдап алынған контингентке жалпылама ұсына білу үшін қаншалықты сенімді бола алатынымызды білуіміз керек. Біз іріктемеге негізделген нәтижені контингент ішінен таба алатынымызға толықтай сенімді бола алмасак, бізге осы нәтиженің контингент арасында бар екенін сенімді түрде жеткізуге және ол нәтижені сенімді түрде ұсына отырып, тәуекелге баруымызды оңға шығаруға мүмкіндік беретін тәсіл қажет болады. Сенімділік пен тәуекел статистикалық маңыздылығын тексерудің ең негізгі екі элементі болып табылады (15.1-негізгі ұғымын қараңыз). Алайда, статистикалық маңыздылығын тексеру тек қана ықтимал іріктеме тәсілі қолданылған іріктемелерге қатысты ғана қолданыла алатынын білу өте маңызды. Осы контингент арасынан таңдап алынған іріктемеге қатысты нәтижелерге қол жеткізу **статистикалық деректер қорытындысы** деп аталады.



15.1 Негізгі ұғымдар

Статистикалық маңыздылығын тестілеу дегеніміз не?

Статистикалық маңыздылығын тестілеу сарапшыларға зерттеушінің контингент арасынан кездейсоқ тәсілмен таңдап алған іріктемесіне негізделген зерттеу нәтижелерінің сол контингентке жалпылама қолдануға болатынына қаншалықты сенімді екендігін бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, екі айнымалы арасындағы өзара байланысқа қатысты берілген статистикалық маңыздылығын тексеруде, контингент ішінде өзара байланыс жоқ бола тұра, контингент ішінде іс жүзінде өзара байланыс бар деп қорытындылау тәуекелінің бар екенін білдіреді. Егер талдау қорытындысы ретінде қол жеткізілген нәтиженің статистикалық маңызды екені анықталса, ол нәтиженің шын мәнінде, маңызды екені бірден бекітілмейді.

«Маңызды» сөзі осы арада маңыздылықты, нақтылықты білдіріп тұрғандай. Алайда, статистикалық маңыздылығы – ол тек қана зерттеушінің нәтижелерінде орын алатын маңыздылықты білдіреді. Демек, статистикалық маңыздылығы жалпылама маңызды дегенді білдірмейді.

8-тарауда (Ұсыныстар мен қорытындылар, «Кездейсоқ іріктеме нәтижелерін контингентке жалпылама ұсыну» тақырыбын қараңыз) орташа көрсеткіште орын алатын стандартты қателік жайлы талқылауда осы статистикалық маңыздылығы жайлы мәлімет беруді бастаған болатынбыз. Мысалы, фитнес клубына баратын мүшелердің орташа жасы 33.6 екені мәлім. Орташа көрсеткішке қатысты стандартты қателіктің ережелерін ескере отырып, біз контингенттің орташа көрсеткіші 31.72 мен 35.47 арасында орналасатынына 95% сенімді бола аламыз. Демек біз іріктеменің орташа көрсеткішін біршама сенімділікпен анықтай аламыз.

Осы тақырыптың қалған бөлімінде, айнымалылар арасындағы өзара байланыстарды анықтағанда қол жеткізген нәтижелеріміздің сенімділік дәрежесін анықтайтын қолда бар тестілеу түрлерін қарастыратын боламыз. Барлық тестілеу түрлеріне мынадай ортақ құрылым тән болып келеді:

- *Нөлдік гипотезаны құрастыру.* **Нөлдік гипотеза** екі айнымалы контингент ішінара өзара байланыспайтынын қарастырады, мысалы, іріктеме таңдап алынған контингент ішінде, контингенттердің жасы мен фитнес клубқа баруы арасында ешқандай өзара байланыс жоқ.

- *Жарамды деп тапқан статистикалық маңыздылық дәрежесін анықтаңыз.* Бұны сіздің нөлдік гипотезаны қолдаудың орнына (контингент ара-

сында өзара байланыс бар деу) жоққа шығара алатын тәуекел дәрежесі деуге болады (контингент арасында ешқандай өзара байланыс жоқ деу). Демек, статистикалық маңыздылықтың ықтималдық деңгейін анықтайды, себебі нөлдік гипотезаны қабылдауыңыз керек жерде, сіздің оны жоққа шығару ықтималдығыңыз бар. Осы тақырыпқа қатысты 15.2-негізгі ұғымымен танысыңыз. Көптеген әлеуметтанушылар арасында статистикалық максималды маңыздылық дәрежесі $p < 0.05$ көрсеткішіне тең деп қабылданады, яғни контингент іріктемесі арасында өзара байланыс жоқ бол тұра, бар деп көрсетуге 100 мүмкіндіктен тек қана 5-тен де аз мүмкіндіктің болатынын білдіреді.

- *Өзіңіз қол жеткізген статистикалық маңыздылықты анықтаңыз* (статистикалық тестілеуді хи-шаршы критерийі ретінде қолдану дегенді білдіреді, толығырақ төменде анықтамасы берілген).

- Егер сіздің қол жеткізген нәтижелеріңіздің статистикалық маңыздылығы 0.05-ке тең болса, 100 ішінде 5-тен көп мүмкіндік беріліп және контингент арасында өзара байланыс болмаса да, өзара байланысты бар деп көрсету тәуекелі әдеттегіден тыс көп болса, нөлдік гипотезаны қабылдамауыңыз керек. Осылайша, ондай қорытындылардың кездейсоқ пайда болуы мүмкін емес дегенге дәлел келтіре аласыз.

Іс жүзінде, статистикалық маңыздылығын анықтауда екі негізгі қателік орын алуы мүмкін. Бұл қателіктер Тип

I және Тип II деп аталады (15.12-сызбаны қараңыз). Нөлдік гипотезаның қабылдануы тиіс жерде сіздің оны жоққа шығаруыңыз Тип I қателігіне жатады. Бұл сіздің нәтижелеріңіздің кездейсоқ пайда болғанын және контингент арасында өзара байланыс болмаса да, бар деп қате қорытындылағаныңызды білдіреді. Статистикалық көрсеткіш деңгейін $p < 0.01$ деп алғанға қарағанда, егер бұл көрсеткішті $p < 0.05$ деп алатын болсақ, Тип I қателігінің орын алуы

арта түспек. Себебі 0.01 дәрежесінде нөлдік гипотезаның жалған екенін анықтап, теріске шығару қиынға соқпақ. Дегенмен, бұлай жасау (теріске шығаруыңыз керек болса да, нөлдік гипотезаны қабылдауыңыз) сіздің Тип II қателігіне жол бергеніңізді білдіреді. Бұл маңыздылық деңгейі 0.05-ке (20-дан 1-і) тең болғандағыға қарағанда, 0.01-ге (100-ден 1-і) тең болғанда нөлдік гипотезаны қабылдау мүмкіндігіңіздің артық болуымен байланысты.




15.2 Негізгі ұғымдар

Статистикалық маңыздылық деңгейі дегеніміз не?

Статистикалық маңыздылық деңгейі дегеніміз іріктеме таңдап алынған контингент арасында ешқандай өзара байланыстың жоқ болғанына қарамастан, олардың арасында өзара байланыс бар деп қорытындылап, тәуекелге бару деңгейін білдіреді. Әдетте, әлеуметтанушылар арасында қабылданатын іріктеме таңдап алынған контингент арасында өзара байланыс жоқ бола тұра, өзара байланысты бар деп қорытындылаудың ықтимал тәуекел дәрежесі – 100 мүмкіндіктің тек қана 5-ке жуық мүмкіндігіне тең. Демек, егер біз 100 іріктеме таңдап алған болсақ, оның ішінде, кем дегенде, 5-еуінде өзара байланыс бар деп қорытындылай аламыз, алайда, бұл іріктеме алынған контингент арасында шын мәнінде, ешқандай өзара байланыс жоқ. Біздің іріктемеміз осы 5-еуінің біреуі бола алады, алайда, тәуекел дәрежесі өте төмен. Осы маңыздылық дәрежесі $p < 0.05$ көрсеткішімен белгіленеді (p – ықтималдық дәрежесін білдіреді). Егер біз маңыздылық деңгейінің $p < 0.1$ -ге тең екенін қабылдайтын болсақ, демек, контингент арасында өзара байланыс болмаса да, 100 іріктеменің арасында, кем дегенде, 10 іріктеме байланысады деп қорытындылау мүмкіндігіміз бар. Демек, контингент арасында байланыс жоқ болғанына қарамастан, іріктеме арасында өзара байланыс бар деп қорытындылауымыздың тәуекел деңгейі ықтимал $p < 0.05$ көрсеткішінен де асып кетті және нәтижеде осындай іріктемені анықтау ықтималдығы 20 іріктеме арасынан 1-уі байланыс құрған деп қорытындылауға қарағанда ($p < 0.05$ деп алынғанда 100 арасынан 5 алынады), 10 іріктеме арасынан 1-уі байланыс құрған деп қорытындылау тәуекелі біршама басым ($p < 0.1$ деп алынғанда, 100 арасынан 10 алынады). Сондықтан екі айнымалы арасында жалған қорытынды жасап, 10 іріктеменің 1-уінде өзара байланыс бар дегенге қарағанда, 20 іріктеменің 1-уі өзара байланыс құрған деп болжау, соңғысында сенімділіктің біршама артығырақ екенін білдіреді. Дегенмен, сіздің нәтижелеріңіздің қолданысқа енуі мүмкін болуына алаңдатушылық танытатын болсаңыз, тестілеу жұмыстарын нақтырақ етуге тырысуыңыз керек және тексеру жұмысында $p < 0.01$ көрсеткішін қолдануды таңдауыңызға болады. Демек, сіздің ықтимал тәуекел деңгейіңіз 100-дің арасынан тек қана 1-уі шығуы мүмкін деген қорытынды береді (бұл да іріктеме қателігіне байланысты болады). Сондықтан егер тестілеу үдерісі аяқталғаннан соң қорытындылай келе өзара байланыстың статистикалық маңыздылығы $p < 0.01$ деңгейіне емес, $p < 0.05$ деңгейіне тең екенін көрсетіп тұрса, сіз нөлдік гипотезаны қабылдауыңыз керек.

15.12-сызба

**Хи-шаршы критерийі**

Хи-шаршы критерийі (χ^2) 15.4 түйіндесу кестесінде қолданылған. Бұл контингенттің екі айнымалысы арасында өзара байланыс бар екеніне қаншалықты сенімді бола алатынымызды анықтауға мүмкіндік тудырады. Бұл тестілеу үдерісі кестедегі әрбір тор көздің ықтимал жиілігі немесе шамасын есептеу арқылы жүзеге асады, демек, тек қана кездейсоқ пайда болатын шаманы есептеу. 15.4-кестесінде хи-шаршы критерийі 22.726-ға тең: кестедегі әрбір тор көздің ағымдағы және ықтимал шамалар арасындағы айырмашылықты анықтап, соңында ол айырмашылықтардың көрсеткішін қосу арқылы есептеп шығарылады (іс жүзінде есептеу біршама күрделі, алайда дәл қазір бұл әдісті жете талқылау қажет емес). Өз алдына хи-шаршы критерийі ешнәрсеге әсер ете алмайды және тек

қана статистикалық маңыздылығымен байланыстыра отырып қолданылғанда маңызға ие бола алады. Ал біздің мысалымызда бұл маңыздылық $p < 0.0001$ -ге тең. Демек, нөлдік гипотезаны теріске шығарудың 10,000-ның арасынан тек қана 1 мүмкіндік бар (яғни, контингент арасында ешқандай өзара байланыс болмаса да, қандай да бір байланыс бар деп қорытындылау дегенді білдіреді). Барлық фитнес клуб мүшелері арасында олардың жынысы мен фитнес клубқа бару себептері арасында өзара байланыс бар екеніне өте сенімді болуыңыз керек, себебі фитнес клубының барлық мүшелері арасында ешқандай байланыс жоқ болса да, сіз таңдап алған іріктеме арасында 10,000-нан 1 мүмкіндіктің бар екенін көрсетіп тұр.

Хи-шаршы критерийі статистикалық маңыздылыққа жетуі немесе жетпеуі тек қана маңыздылық көрсеткішіне байла-

нысты емес, Сонымен қатар талдауға алынған екі айнымалының категория санына да байланысты. Соңғысы кестемен байланысты және «бостандық дәрежелері» деп аталатын нысанға қатысты меңгеріледі. Бостандық дәрежелерінің саны қарапайым формуламен есептеп шығарылады:

Бостандық дәрежелерінің саны

$$= (\text{бағаналар саны} - 1)(\text{тармақ жолдар саны} - 1).$$

15.4-кестесіне келетін болсақ: $(2 - 1)(4 - 1) = 3$. Басқаша айтқанда, хи-шаршысының квадрат дәрежесі кестенің көлеміне тәуелді бола отырып анықталады және хи-шаршы критерийі статистикалық маңыздылығы нақты немесе нақты емес екенін анықтауда осы жағдай ескерілуі тиіс. Хи-шаршы критерийінің түйіндесу кестесімен байланысын SPSS бағдарламалық жасақтамада көрсетілуі 366-367 беттерде қамтылған.

Корреляция және статистикалық маңыздылық

Кездейсоқ іріктеме тәсіліне негізделген іріктеменің компьютер көмегімен анықталған корреляциялық коэффициентінің статистикалық маңыздылығын тексеру арқылы, осы іріктеме алынған контингент арасында қандай да коэффициент көрсеткішін анықтау мүмкіндігінің бар екенін біле аламыз. Мысалы, корреляция көрсеткіші -0.62 -ге тең болса, контингент арасында, кем дегенде осы көрсеткішке тең өзара байланыстың бар болу ықтималдығы қандай болмақ? Әрине, өзара байланыстың кездейсоқ пайда болуына меңзеп тұр.

Егер корреляциялық коэффициент $r = 0.62$ -ге тең және маңыздылық деңгейі $p < 0.05$ болса, контингент арасында ешқандай өзара байланыс болмайтындықтан, біз нөлдік гипотезаны жоққа шығара аламыз. Егер корреляция, кем дегенде -0.62 -ге тең болуы 100 арасынан 5 мүмкіндіктің болуымен орын алады деп қорытындылай аламыз. Контингент арасында ешқандай өзара байланыс болмаса да, сіз 100-дің арасынан алынған 5 іріктеменің 1-уінде өзара байланыс бар деп шығарған болуыңыз мүмкін, бірақ мұндай әрекеттің орын алуының тәуекел көрсеткіші өте төмен. Егер $r = -0.62$ және $p < 0.1$ тең болған жағдай орын алатын болса да, контингент арасында ешқандай корреляцияның жоқ екеніне 100 арасынан кем дегенде, 10 мүмкіндік болуы тиіс. Нәтижеге қол жеткізу мақсатында бұл тәуекелдің қажет көрсеткішіне жатпайды. Бұл 10 іріктеме арасында корреляция көрсеткіші -0.62 -ге тең немесе контингент арасында ешқандай өзара байланыс жоқ жағдайда одан да жоғары корреляция көрсеткіші болатын кем дегенде, 1-уін табуымыз керек екенін білдіреді. Егер $r = -0.62$ және $p < 0.1$ тең болса, контингент арасында корреляцияның жоқ екенін дәлелдеу 1000 арасынан 1 мүмкіндіктің бар екенін білдіреді. Осыған орай, егер корреляция кездейсоқ түрде орын алмады деп қорытындылайтын болсаңыз, тәуекел дәрежесі өте төмен болмақ.

Корреляциялық коэффициенттің статистикалық маңыздылығы екі фактор арқылы анықталады:

1. компьютер көмегімен анықталған корреляциялық коэффициентінің көлемі;
2. іріктеме көлемі.

Осы екінші фактор кенеттен пайда болуы мүмкін. Негізінде, іріктеме көлемі ауқымды болған сайын, компьютер көмегімен анықталған корреляциялық коэффициент статистикалық маңызды деп бағалануы да арта түспек. Мысалы, фитнес клубы мүшесінің жасы мен ауыр салмақты құрылғыда өткізетін уақыт мөлшерін есептегенімізде корреляцияның -0.27 -ге тең екенін анықтаған болатынбыз, ал бұл өте әлсіз өзара байланыс және статистикалық маңыздылығы $p < 0.01$ -ге тең болмақ. Демек, контингент арасында ешқандай өзара байланыстың жоқ екенін анықтау 100 арасында 1 мүмкіндіктің бар екенін білдіреді. Корреляциялық коэффициенттің статистикалық маңызды екені немесе маңызды емес екені жайлы сұрақ іріктеменің көлемімен тікелей байланысты болғандықтан, әрқашанда корреляциялық коэффициентті де, маңыздылық деңгейін де тексеру керек екенін білуіңіз өте маңызды. Оларды бір-біріне қатысты етіп тексермеуіңіз керек.

Корреляциялық коэффициентті және статистикалық маңыздылықты осылай өңдеу Пирсонның r корреляциялық коэффициенті мен Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициенті екеуінде де қолданылады. Фи және Крамердің корреляциялық коэффициенттеріне қатысты да дәл осындай анықтама беруге болады. SPSS бағдарламалық жасақтамасы, Пирсонның r корреляциялық коэффициенті, Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициенті, Фи және Крамердің корреляциялық коэффициенттері қолданылғанда статистикалық

маңыздылық жайлы автоматты түрде мәлімет береді.

Орташа көрсеткіштерді және статистикалық маңыздылықты салыстыру

Статистикалық маңыздылықты тестілеу үдерісін 15.5-кестеде көрсетілген орташа көрсеткіштерді салыстыруға да қолдануға болады. Бұл үдеріс тәуелді айнымалының жалпы айырмашылық санын анықтауға көмектеседі, яғни жүрекқан тамырлары жүйесін шынықтыратын құрылғыда өткізген уақыт мөлшерін екі түрге бөліп көрсетеді: тәуелсіз айнымалы құрамына кіретін төрт бөлімшенің ішінара айырмашылығы және олардың арасындағы айырмашылық. Соңғысы көбіне түсініктеме берілетін дисперсия, ал алдыңғысы қателік дисперсия деп аталады. Орташа көрсеткіштерді салыстырудың статистикалық маңыздылығы осы екі дисперсия түріне қатысты F статистика деп аталатын үлгіні алға шығарады. Бұл статистика қателік дисперсияның көлеміне қатысты түсініктеме берілетін дисперсияның көлемін көрсетеді. 15.5-кестеде берілген деректерге келетін болсақ, F статистиканың нәтижесі $p < 0.001$ дәрежесіне жеткенде статистикалық маңыздылығы анықталады. Осылайша, қорытынды – барлық фитнес клуб мүшелерінің екі айнымалысы арасында ешқандай өзара байланыс жоқ дей білу үшін 1000-ның арасынан 1 мүмкіндіктің бар екенін білдіреді. F статистикасы мен оның статистикалық маңыздылығы жайлы SPSS бағдарламалық жасақтамасындағы мәліметтерді 372-беттен оқи аласыз.



Сұрақтар тізімі

Сандық деректерді талдауды жүргізу және жазба жұмыстары

- Өзіңіздің зерттеу сұрақтарыңызға жауап таба алдыңыз ба?
- Тек қана сіздің зерттеу сұрақтарыңызға қатысты талдаулар ұсынғаныңызға көз жеткіздіңіз бе?
- Арнайы тәсіл қолданып (шартты, реттік, аралық/арақатынас, дихотомиялық), айнымалыға немесе айнымалыларға талдау жүргізгенде олардың ерекшеліктерін ескергеніңізге көз жеткіздіңіз бе?
- Өзіңіздің зерттеу сұрақтарыңызға жауап беру үшін ең тиімді және маңызды тәсілдерді қолдандыңыз ба?
- Егер сіздің іріктемеңіз кездейсоқ тәсілмен іріктелмеген болса, қорытындыны контингентке жалпылама жасамағаныңызға көз жеткіздіңіз бе (немесе, егер олай жасаған болсаңыз, ондай қорытынды жасауда қолданылған қандай да бір шектеулерді көрсеттіңіз бе)?
- Егер сіздің деректеріңіз кросс-секциялық жобаға негізделген болса, себептік байланыс жайлы тұрақсыз пікірлер танытпауға ниет білдірдіңіз бе?
- Жетіспейтін деректерді кодтауды ұмытып кетпедіңіз бе?
- Жасаған барлық талдауларыңызға пікірлер қалдырдыңыз ба?
- Бір шамалы талдауды айналып өтіп, қандай да бір екі шамалы талдау жүргіздіңіз бе?
- Егер өзгертілген нысандарға Лайкерт шәкілін қолданған болсаңыз, олардың кодтарын өзгертуді ұмытып кеткен жоқсыз ба?



Негізгі ұғымдар

- Деректерге қалай талдау жүргізетінін зерттеу құралнамаларын жоспарлаудан бұрын ойлай бастауыңыз керек.
- Деректерге талдау жүргізу тәсілдері кейбір айнымалыларға қолдануға мүмкін болғанымен, кейбір айнымалыларға қолданылмайды. Сіздің шартты, реттік, аралық/арақатынас, дихотомиялық айнымалылар арасындағы айырмашылықты білуіңіз керек.

- Жинақтайтын деректердің түрлері жайлы алдын ала ойлануыңыз керек және жасаған қортындыларыңыз қандай тәсіл түрін қолдануға қатысты шешімге ықпал ететін болады.
- Өзіңіз қолданатын зерттеу құралнамаларын жобалауға бастамас бұрын SPSS бағдарламалық жасақтамасы тәрізді компьютерлік бағдарламалармен танысып алыңыз, себебі бұл өз деректеріңізде SPSS бағдарламалық жасақтамасын қолдануда кездестіретін қиындықтарды зерттеуіңіздің басында анықтауға мүмкіндік береді.
- Осы тарауда қарастырылған тәсілдермен толық танысқаныңызға, оларды қашан және қалай қолдана алатыныңыз немесе қолдана алмайтыныңыз жайлы толық меңгергеніңізге көз жеткізіңіз.
- Ескеретін маңызды жағдай, осы түсініктемелердің барлық деректер жинақталып болғанға дейін соңына қалдырмау, алайда, мұндай ой келуі әбден мүмкін.
- Статистикалық маңыздылықты негізгі нысанмен байланысты маңыздылықпен шатастырып алмаңыз.



Қысқаша шолу сұрақтары

- Өзіңіз жүргізетін деректерге талдау жүргізу түрлері жайлы зерттеуіңіздің қай кезеңінде ойлай бастауыңыз керек?
- Жетіспейтін деректер дегеніміз не және олар қалай пайда болады?

Айнымалылар түрлері

- Осы тарауда көрсетілген төрт айнымалы – шартты, реттік, аралық/арақатынас, дихотомиялық – арасындағы айырмашылықтар қандай?
- Осы төрт айнымалы арасын ажыратып көрсету неліктен маңызды?
- Төменде көрсетілген төрт сұрақты қойып, сұхбат алу арқылы зерттеу жүргізуді шештіңіз дейік. Сіздің сұрақтарыңызға берілетін жауаптарды ойлап көріңіз. Әрбір сұрақ қандай айнымалы құрауы мүмкін: дихотомиялық, шартты, реттік, аралық/арақатынас?
 1. Сізге дүкен аралап жүріп, сатып алу ұнайды ма?
Иә _____ Жок _____
 2. Соңғы айда сіз неше рет сатып алдыңыз? Барлық жағдайларды төменде жаз-
баша көрсетуіңізді сұраймыз.

3. Сіз көбіне, қандай зат сатып алғанда қалайсыз? Тек қана бір нұсқаны көрсетуіңізді сұраймыз.

Киімдер (аяқ киімді қоса алғанда) _____

Тағам _____

Үй шаруашылығының заттары _____

Сыйлықтар _____

Сауықтыру заттары (CD дисктер, видеолар, т.б.) _____

4. Дизайнерлік белгісі бар киімдерді сатып алу сіз үшін қаншалықты маңызды?

Өте маңызды _____

Маңызды _____

Аса маңызды емес _____

Маңызды емес _____

Бір шамалы талдау

- Ауытқу дегеніміз не және орташа көрсеткіш пен дәрежеге неліктен кері әсер етеді?
- Орталық бағыт өлшемдерінің қандай өлшемдеріне қатысты стандартты ауытқу жайлы баяндауға болады деп ойлайсыз; орталық көрсеткіш; медиана; пішін?

Екі шамалы талдау

- Екі шамалы талдауда себептік салдарды анықтау мүмкін бе?
- Түйіндесу кестесін құрастырғанда пайыздық көрсеткіштер неліктен маңызды?
- Мына көрсетілгендерің әрқайсысын қандай жағдайларда қолданасыз: Пирсонның r корреляциялық коэффициенті; Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициенті; Фи; Крамердің корреляциялық коэффициенттері; этта?

Көп шамалы талдау

- Жалған айнымалы дегеніміз не?
- Аралық айнымалы дегеніміз не?
- Өзара айырмашылықтың бәсеңдеуі дегеніміз не?

Статистикалық маңыздылық

- Статистикалық маңыздылық дегеніміз не және нысанның негізгі маңыздылығынан қандай айырмашылығы бар?
- Маңыздылық дәрежесі дегеніміз не?
- Хи-шаршы критерийі нені өлшейдн?
- Корреляцияның 0.42 тең болуы статистикалық маңыздылықтың $p < 0.05$ көрсеткішіне тең дегенді қалай түсенесіз?

**Онлайн Ақпарат орталығы****www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/**

Сандық деректерге талдау жүргізу жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа веб сілтемелеріне жүгініңіз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

16-тарау

Windows жүйесінде IBM SPSS бағдарламалық жасақтамасын қолдану

Тараудың қысқаша мазмұны

Кіріспе	550
SPSS бағдарламалық жасақтамаға кіріспе	559
SPSS пакетін қолдануды бастау	559
Деректерді шолушыға деректер енгізу	560
Айнымалыларға анықтама беру: айнымалы атаулары, жетіспейтін шамалар, айнымалы белгілері, шама белгілері	562
Айнымалыларды қайтадан кодтау немесе кодтарды өзгерту	564
Жаңа айнымалыны есептеп шығару	567
SPSS пакетімен деректерді талдау	569
Түйіндесу кестесін құрастыру	569
Бағаналық диаграмма құрастыру	569
Шеңберлік диаграмма құрастыру	569
Гистограмма құрастыру	570
Арифметикалық орташа шама, медиана, стандартты ауытқу, дәреже және қорап типті диаграмма құрастыру	570
Түйіндесу кестесі, хи-шаршы критеріі, Крамердің V корреляциялық коэффициентін құрастыру	573
Пирсонның r корреляциялық коэффициенті мен Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициентін құрастыру	575
Шашыраңқы диаграмма құрастыру	575
Көрсеткіштерді салыстыру және этта	579
Үш айнымалы қамтылған түйіндесу кестесін құрастыру	580
SPSS пакетіндегі басқа да операциялар	581
Деректерді сақтау	581
Деректерді қалпына келтіру	581
Шығыс құжаттары	582
Негізгі ұғымдар	582
Қысқаша шолу сұрақтары	582



Тараудың қысқаша мазмұны

15-тарауда танысып үлгерген тәсілдерді іс жүзінде жүзеге асыру үшін, сізге екі тәсілдің бірін жақсы меңгеру керек: әрбір тәсілге қатысты негізгі формулаларды үйреніп, деректеріңізді сол формулаларға орай енгізу немесе деректерге талдау жүргізу үшін компьютерлік бағдарламалық жасақтаманы қолдануды үйрену. Осы кітапта соңғы нұсқасына толық анықтама беріледі. Бұл нұсқаның таңдалып алынуына екі себеп бар:

- Қазіргі таңдағы ғылыми зерттеулерде сандық деректерге талдау жүргізу үшін қолданылып жүрген әдіске өте жақын;
- Бұл сізге тиімді машықтарды кең ауқымды меңгеруге мүмкіндік береді.

Осындай талдауларды жүргізуде өте тиімді болып табылатын кең қолданыстағы Windows жүйесінде SPSS бағдарламалық жасақтамасының пакетін қолдануды үйренесіз. Бұл бағдарламаның қолданысы салыстырмалы түрде біршама оңай. Мен 15-тарауда айтылып кеткен тәсілдерге сілтеме бере отырып, жалғастырамын, сонымен қатар фитнес клубқа бару жайлы зерттеуді мысал ретінде қолданамын.

Бұл тарау 15 тарауға сілтеме бере отырып, қатарласа жүргізіледі: 15 тарауда анықтамасы берілген тәсілдермен байланысты қарап және оларды жүзеге асыру үшін SPSS пакетін қолдануды көрсетеді.

Кіріспе

Осы тарауда Windows жүйесіне арналған SPSS пакетінің кейбір негізгі аспектілерімен танысасыздар. SPSS пакеті әлеуметтанушылар арасында сандық деректерге талдау жүргізу жұмыстарында ең көп қолданылатын бағдарламалық жасақтама болып табылады. SPSS – Әлеуметтанушыларға арналған статистикалық пакетінің қысқартылған атауы, 1960 жылдардың ортасынан бастап қолданысқа енгізілді және жылдар өте келе, әсіресе жеке компьютерлерде жаппай қолданыла бастағанда, бірталай жаңа өзгертулермен жабдықталды. Осы тарауды дайындау барысында PASW

Statistics 18 деп аталатын Release 18 нұсқасы қолданылды. Дегенмен, тараудың жазба жұмыстары жүргізіліп жатқанда Release 19 нұсқасы да бета тестілеуден өткізілді, нәтижесінде осы тарау барысында қамтылған материалдармен салыстырғанда кейбір сұхбат терезелер мен мәзір артықшылықтардың пайда болғаны ғана байқалды. Бета тестілеуден өткізілген нұсқа IBM SPSS Statistics Version 19. Осы арадан бастап SPSS for Windows немесе PASW Statistics 18 пакеттері жайлы сөз қозғалғанда қысқаша ғана SPSS немесе Release 18 деп жазатын боламын. 15-тарауда қарастыруды

бастаған фитнес клубқа бару жайлы зерттеу мысалы осы SPSS пакетінің жұмысының және тәсілдерінің қалай жүзеге асатынын көрсету мақсатында қолданылады. Осы тараудың мақсаты – 15 тарауда қарастырылған талдау тәсілдерін жүзеге асыруда SPSS пакетінің қалай қолданылатынымен таныстыру.

SPSS пакетінің операциялары **қалың** әріппен жазылады, мысалы **Айнымалы**. **Аты:** **Талдау**. SPSS пакетін қолдану барысында берілген аттар **қалың көлбеу** әріппен жазылады, мысалы, **жыныс** немесе **себептер**. Шамаларға немесе

айнымалыларға берілген белгілер де қалың әріптермен, бірақ басқа түрлі шрифтпен жазылады, мысалы, **бару себептері** немесе **еркек**. Ұсыныстар мен қорытындылар «SPSS пакетінің негізгі операциялары» тақырыбында осы атқарылатын операцияларға қысқаша қайталама түсініктеме беріледі. Бұдан әрі қарайғы түсініктемелерде оң бағыттағы тілсызық (→) – «компьютер жүгірткесінің сол жақ түймесіне басыңыз» дегенді білдіреді. Бұл әрекет таңдау жасауға және оған ұқсас әрекеттерді жүзеге асыруда қолданылады.



Ұсыныстар мен қорытындылар

SPSS пакетінің негізгі операциялары

- **SPSS пакетінде Деректерді Редакциялау.** Бұл SPSS пакетінің деректерді енгізу және тиісті түзету, анықтау жұмыстарын жүргізумен байланысты бөлімі. Бұл бөлім екі терезеден тұрады: **Деректерді көзбен шолу** және **Айнымалыны көзбен шолу**. Осы екі көзбен шолуға түріне терезенің төменгі жағындағы басқару пернесін басу арқылы таңдау жүргізе аласыз.
- **Деректерді көзбен шолу.** Бұл сіздің деректеріңіз енгізілетін электрондық кесте. SPSS пакетін жағадан ашқанда Деректерді көзбен шолу бірден пайда болады.
- **Айнымалыны көзбен шолу.** Бұл да электрондық кестенің бір түрі, бірақ бұл кестеде әрбір айнымалы жайлы жеке деректер көрсетіледі және ол деректерге өзгертулер енгізу мүмкіндігі де қамтылған. Бұл бөлімде айнымалылар жайлы мынадай ақпараттар көрсете аласыз: айнымалының атауы; айнымалының белгісі; шаманың белгісі (төменде анықтамасы берілген).
- **Шығыс құжаттары.** Диаграмма құрастырғанда немесе талдау жұмыстарын жүргізгенде (SPSS пакетінде «диаграмма» деп аталады) сіздің шығарған мәліметтеріңіз осы арада сақталатын болады. **Шығу мәліметтері** талдау жұмыстары біткенде немесе диаграмма құрастырылып біткенде **Деректерді Редакциялау** бөліміне қосылады.
- **Айнымалының атауы.** Бұл сіздің айнымалыға беретін атауларды қамтиды, мысалы, **жыныс**. Берілетін аттардың ұзындығы сегіз әріптен асып кетпеуі тиіс. Сіз айнымалыға арнайы ат бергенге дейін, ол айнымалы айн00001 деген атпен белгіленеді және осылай ретпен жалғасып кете береді. Айнымалыға ат берілгенде, ол бірден Деректер Ұсынылатын терезенің дәл сол айнымалы орналасқан бағанасында пайда болады. Бұл Айнымалыны көзбен шолуға қарай құрастырылады.

- **Айнымалының белгісі.** Бұл айнымалыға берілетін белгі, бірақ сегіз таңбадан немесе әріптен асып кетпеуі тиіс. Бірнеше сөзден тұратын белгі берілгенде бос орын да қолдануға болады, мысалы, фитнес клубқа бару себептері. Бұл Белгілер сіз құрастырған барлық шығу мәліметтерінде пайда болады. Бұл **Айнымалыны көзбен шолуға** қарай құрастырылады.
- **Шаманың белгісі.** Бұл аралық/арақатынас айнымалыларынан басқа барлық айнымалылардың деректерін енгізуде қолданылатын кодтарға берілетін белгі. Мысалы, айн00001 үшін еркектерге 1 және әйелдерге 2 деген белгілер бере аламыз. Жиілік кестесі немесе диаграммалардың шығу мәліметтерін құрастырғанда, ондағы әрбір шама үшін осындай белгілер беріледі. Бұл Айнымалыны көзбен шолуға қарай құрастырылады.
- **Жетіспейтін деректер.** . . Белгілі бір жағдайға орай деректерді енгізу барысында кейбір нысандардың деректері берілмеген болуы мүмкін, сондықтан осындай айнымалының жетіспейтін деректерін қалай енгізетініңізді алдын ала ойластыруыңыз керек. Жетіспейтін деректер Айнымалыны көзбен шолуға қарай құрастырылады.
- **Қайтадан кодтау немесе кодтарды өзгерту.** Кодтарды немесе сандарды өзгертуді жүзеге асыратын шара. Бұл әсіресе, адамдарды белгілі бір топтарға топтасыруда өте тиімді, мысалы, адамдарды жастарына қарай топтастыру.
- **Есептеу.** . . Екі немесе одан да көп айнымалыларды құрастыра отырып, жаңа айнымалыға қол жеткізуді жүзеге асыратын шара.
- **Талдау.** Бұл Деректерді Редакциялаудың жоғарғы жағындағы басқару пернесіндегі нұсқа болып табылады және осы арадан (ұсынылған ашық мәзірлер арқылы) қандай талдау тәсілі керек екенін таңдап аласыз. Егер мәзірдегі нұсқаның қасында оң тілсызық бар болса, ол нұсқаны таңдағанда тағы да сол нұсқаға қатысты таңдаулар сілтемесінің мәзірі шығатынын естертеміз.
- **Кестелер.** Бұл Деректерді Редакциялаудың жоғарғы жағындағы басқару пернесіндегі нұсқа болып табылады және осы арадан (ұсынылған ашық мәзірлер арқылы) диаграмма түрін таңдап ала аласыз.
- **Диаграммаларға түзету енгізу.** Кестелер құрастырғанда, ол кестелерде Диаграммаларға түзету енгізу пернесі арқылы қажет түзетулер енгізе аласыз. Бұл үдерісті іске асыру үшін, түзету енгізілетін кестенің үстіне келіп, екі рет батырманы басыңыз. Кішігірім диаграммаларға түзету терезесі пайда болады, ал сіз түзету енгізіп отырған кесте біршама ашық түске еніп, Түзету енгізу терезесін жапқанға дейін осындай бейактив түрге енеді. Осы Түзету мәзірінде кестеңізге қажетті өзгертулер мен жаңартулар енгізе аласыз.



SPSS бағдарламалық жасақтамаға кіріспе

SPSS пакетін қолдануды бастау

SPSS пакетін іске қосу үшін компьютеріңіздің экранындағы **PASW Statistics**

түймесіне келіп, екі рет батырманы басыңыз. Егер ондай түйме жоқ болса, экраныңыздың жол жақ бұрышындағы → Start түймесі, бағдарламалар мәзірінен

→ **SPSS Inc.** Әрі қарай кезекті мәзір терезесі пайда болады, ол жерден **PASW Statistics 18** нұсқасын таңдауыңыз керек. SPSS пакеті жүктеліп болғаннан соң автоматты түрде «Қандай операция жасайсыз?» деген сұхбат терезесі мен таңдаулар сілтемесі бар тізім пайда болады. Көптеген қолданушылар осы кіріспе терезесін бірден жауып тастауға тырысады. Бұл келесі қадамдарға қатысты аса маңызды рөл атқармады, сондықтан → Болдырмау. Осы арада **SPSS пакетінде Деректерді Редакциялау** аспектісіне келесіз. Бұл кезең екі құрамдас бөлімнен тұрады: **Деректерді көзбен шолу** және **Айнымалыны көзбен шолу**. Әрі қарайғы талқылауларда осы екі терезелер **Деректерді шолушы** және **Айнама-лығын шолушы** деп аталатын болады. Осы екі шолушылар арасында экранның төмен жағында орналасқан тиісті басқару пернесі арқылы таңдау жасай аласыз. **Деректерді шолушы** деректер енгізуге арналған электрондық тор көз кестелер түрінде беріледі. Бұл бағаналарға **айнымалылар** енгізіледі, басқаша сөзбен айтқанда, фитнес клубқа қатысты мысалдағы әрбір адамға қатысты сипаттамалар қамтылады. Әрбір айнымалыға қатысты ат беріліп, деректері енгізілгенге дейін, әрбір бағанаға қарапайым түрде **айн** деген ат беріледі. Әрбір тармаққа жеке **оқиға** енгізіледі, мысалы, талдау жүргізілетін адамдар (мысалы, біз талдауға алатын мысалдағы) немесе кез келген бірлігі. Тор көздегі әрбір блок «ұяшық» деп аталады. Сонымен қатар SPSS пакетінің электрондық кестесіне деректер енгізілгенде, олар біршама өзгеріске ұшырауы мүмкін, мысалы, 1 саны 1.00 түрінде көрінеді.

Деректерді шолушыға деректер енгізу

Деректерді шолушыға деректер енгізу үшін тор көздегі сол жақ ұяшықтың активті болып көрінуі тиіс (16.1 тілімшесін қараңыз). Егер ол активті түрге келтірілмеген болса, ол ұяшықтың үстіне барып бастырманы басыңыз. Одан әрі, сол ұяшыққа тиісті санды енгізіңіз, мысалы 1. Бұл сан бірден ұяшықтың ішінде және мәзір пернесінің төменгі жағында пайда болады. Жүгірткіні қолданбайтын көптеген қолданушылар, ұяшықтар арасында қозғалысты жеңілдету үшін, балама ретінде, пернетақтадағы тілсызықтарды қолданады. Егер қандай да бір кезеңде қате жіберіп алған болсаңыз, дұрыс жасалмаған ұяшықтың үстіне келіп, бастырманы басып, түзету енгізе аласыз, Түзету енгізіп біткеннен соң, ұяшықтың үстіне тағы бір рет басыңыз. Бұл жұмыстарды толығымен тамамдағанда, сіз оң жақ ұяшықтың төменгі бөлігіне келесіз, осылайша деректерді қамтыған төртбұрыш пайда болады. Деректерді шолушы 16.2 тілімшесінде фитнес клубқа барушыларға қатысты деректер берілген (ол жерде тек қана алғашқы отыз бір мүшенің ғана деректері қамтылған және кейбір деректер жиынтығы ғана берілген). Бұл деректердің алғашқы тармақтарында 15-тарауда айтылып кеткен сауалнама сұрақтарының кодталған жауаптары енгізілген (Ұсыныстар мен қорытындылар «Толтырылған және өңделген сауалнама» тақырыбын қараңыз).

Бұдан әрі SPSS пакетінде айнымалыларды анықтау және деректерге талдау жұмыстарының жүйелі түрде жүзеге асатынын көресіз.

1. Экранның жоғарғы жағындағы негізгі басқару мәзірінен қажетті нұсқаны таңдайсыз, мысалы, → **Талдау**.
2. Пайда болған мәзірден әрі қарайғы таңдау жасайсыз, мысалы, → **Сипаттамалы статистика**.
3. Осы арада **сұхбат диаграммасы** пайда болады, бұл диаграммада SPSS пакетіне келесі қадамдарыңыз жайлы мәлімет тіркей аласыз, мысалы, қандай айнымалыларға талдау жүргізіледі;
4. Көптеген жағдайларда қосымша мәлімет беру керек болып жатады, мұндай жағдайларда → әрекеті арқылы Брай-мен және Крамэр (2011) **қосымша сұхбат терезесі** деп атаған түймені басыңыз.
5. Осылайша пайда болған қосымша сұхбат терезесіне қосымша деректерді енгізе аласыз және жұмысыңыз біткенде сұхбат терезесіне кері оралуға болады. Кей жағдайларда қосымша сұхбат терезелеріне қайта барып, сұхбат терезесіне кері қайту керек болады.


Осы үдерістер арасында еркін әрекет ететіндей орнықтырып алғаннан кейін, → **ОК**. Негізгі басқару мәзірінің төменгі жағындағы аспаптар панелінде SPSS пакетінің кейбір операцияларын оңай ашып алу мүмкіндігі қарастырылған.

16.1-тілімше

SPSS Деректерді шолушы

Әрбір тармаққа жеке оқиға енгізіледі


Әрбір бағанаға айнымалы енгізіледі



16.3-тілімше

Айнымалыға шолу терезесі


Айнымалы айн00003 жетіспейтін шамаларын көрсету үшін, бастырманы мына жерге басыңыз, 3 нүктелі шағын түйме пайда болады.



16.4-тілімше


Шама белгілері сұхбат терезесі

Әрбір Шама мен Белгіні енгізгеннен кейін, Қосу түймесін басуды ұмытпаңыз



16.5-тілімше

Жетіспейтін шамалардың сұхбат терезесі



Сұрақтағы айнымалының жетіспейтін дерегі ретінде 0 санын көрсетеді

Аралық/арақатынас айнымалыларының өздері сандық айнымалылар болып табылатындықтан, оларды кодтаудың қажеті жоқ (әрине, оларды белгілі бір топтамаға жинақтауды ұйғармасаңыз). Шама белгілерін бекіту үшін ағымдағы айнымалыға қатысты бағананың үстіне келіңіз, әрі қарай **Шамалар** пернесі →, бірден үш нүктесі бар кішігірім түйме шығады: түйме →. Осы арада **Шамалар белгісі** сұхбат терезесі пайда болады (16.4 тілімшесін қараңыз), оң жақтағы **Шамалар** түймесін → және қажетті шама белгісін анықтауға болады. Үдерісті іске асыру үшін, шаманы (мысалы, 1) Шама пернесінің оң жағына және шама белгісін (мысалы, демалыс) **Белгі** пернесінің оң жағына енгізіңіз. Әрі қарай **Қосу** пернесін →. Осылайша әрбір шамаға енгізіп шығасыз. Жұмыс біткеннен соң **OK** →.


5. SPSS пакетіне әрбір айнымалыға арнап енгізілген шамалар жайлы мәлімет беруіңіз керек, бұл жетіспейтін деректерді анықтауға септігін тигізеді. Мысалы, **себептер** жағдайында шама 0-ге (нөл) тең. Осы жетіспейтін деректі көрсету үшін осы айнымалы орналасқан ұяшыққа келіп, **Жетпейтін** бағанасын →. Тағы да → түймесін басқанда осы үш нүкте сол жерде пайда болады. Осылайша **Жетіспейтін деректер** сұхбат терезесі пайда болады (16.5 тілімшесін қараңыз). **Жетіспейтін деректер** сұхбат терезесіне жетіспейтін шаманы **Үзікті жетіспейтін деректердің** төменгі жағына (0) деп енгізіңіз, **OK** →.

Осы үдеріс жайлы түсініктемені жеңілдету үшін, айнымалы белгісі анықталатын айнымалыны **себептер** деп алып, бір ғана мысал қарастырамыз.

Айнымалыларды қайтадан кодтау немесе кодтарды өзгерту


Кей жағдайларда, айнымалыларды тіркеп отыру қажет болады, мысалы: адамдарды белгілі бір топтарға бөліп жинақтау. Мұндай үдеріс адамның **жасы** деген айнымалы аты берілген, **айн00002** аралық/арақатынас айнымалысына арналған 15.3-кестеде көрсетілген кесте құрастыру қажет болғанда жүзеге асырылады. Осыған орай SPSS пакеті екі жолды ұсынады: сіз адамның **жасын Деректерді шолушы** бөлімінде қайтадан кодтауға мүмкін болатындай етіп енгізе аласыз немесе адам **жасын** берілген күйінде қалдырып, жаңа айнымалы енгізе аласыз. Осы соңғы нұсқа сіз сұрақтағы айнымалыны берілген күйінде сақтап қалғыңыз келсе, сонымен

қатар жаңа айнымалы енгізуді көздеген болсаңыз да ыңғайлы үлгі болмақ. Егер біз адамның *жасын* қолдана отырып аралық/арақатынас айнымалы ретінде талдау жүргізуді ойласақ, адам *жасст* деген ат беріп, адамдардың *жас санатын* құрастыра аламыз. Келесі мысал келтіретін операциялардың мақсаты – *жасст* жаңа айнымалысын құрастыру: бұл топ 15.3-кестеде көрсетілгендей бес жас санатынан тұрады:

1. → **Ауыстыру** → **Қайтадан кодтау** → **Әртүрлі айнымалыларға өзгерту**. . . [Әртүрлі айнымалыларға бөліп кодтарын өзгерту сұхбат диалогын ашады, 16.6-тілімшені қараңыз];
2. → **жас** →  [адамның жасы Сандық Айнымалыға енгізіледі → **Қорытынды Айнымалы: терезе**] → төмен **Қорытынды Айнымалы Аты** терезесі шығады: оған *жасст* жазып енгізіңіз → **Өзгерту** [*жасст* Сандық Айнымалыға енгізеді → **Қорытынды Айнымалы: терезе**] → **Ескі және Жаңа Шамалар**. . . [16.7-кестеде көрсетілген **Әртүрлі айнымалыларға бөліп кодтарын өзгерту: Ескі және Жаңа Шамалар** қосымша сұхбат терезесі ашылады];
3. Белгілі бір айнымалыға қатысты шама жетіспейтін болса немесе қате енгізілген болса, → **Жүйелік немесе қолданушы қателігінің** шеңбері және **Жаңа Шамаға** қатысты **Жүйелік қателік**;
4. → **шама арасындағы ЕҢ ТӨМЕН дәрежесі бойынша** шеңберін белгілеңіз: терезе ішіне **20** санын жазып енгізіңіз → **Жаңа Шама** астына терезені **Шама** бойынша орналастырып, **1** санын енгізіңіз → **Қосу** [**Ескі** → **Жаңа** терезесінде жаңа шама пайда болады];
5. → **Дәрежесі** бойынша бірінші терезені белгілеңіз: **21** санын енгізіңіз және келесі терезеге **30**-ға дейін (**қоса алғанда**) деп енгізіңіз → **Жаңа Шама** астына терезені **Шама** бойынша орналастырып, **2** санын енгізіңіз → **Қосу**;
6. → **Дәрежесі** бойынша бірінші терезені белгілеңіз: **31** санын енгізіңіз және келесі терезеге **40**-қа дейін (**қоса алғанда**) деп енгізіңіз → **Жаңа Шама** астына терезені **Шама** бойынша орналастырып, **3** санын енгізіңіз → **Қосу**;
7. → **Дәрежесі** бойынша бірінші терезені белгілеңіз: **41** санын енгізіңіз және келесі терезеге **50**-ге дейін (**қоса алғанда**) деп енгізіңіз → **Жаңа Шама** астына терезені **Шама** бойынша орналастырып, **4** санын енгізіңіз → **Қосу**;
8. → **шама арасындағы ЕҢ ЖОҒАРЫСЫ дәрежесі бойынша** шеңберін белгілеңіз: терезеге **51** санын енгізіңіз → **Жаңа Шама** ішінде терезені **Шама** бойынша орналастырып, **5** санын енгізіңіз → **Қосу** → **Жалғастыру** [16.7-тілімшеде көрсетілген **Әртүрлі айнымалыларға бөліп кодтарын өзгерту: Ескі және Жаңа Шамалар** қосымша сұхбат терезесі аяқтайды және 16.6-тілімшеде көрсетілгендей **Әртүрлі айнымалыларға бөліп, кодтарын өзгерту** сұхбат терезесіне қайта оралады];
9. → **ОК**.
Осылайша, жаңа *жасст* айнымалысы Деректерді шолушы құрамында пайда болады. Одан әрі сізге бес жас санатына қатысты **шама белгілерін**, сонымен қатар жоғарыда түсініктемесі берілген тәсілді қолданып, ықтимал **айнымалы белгісін** енгізу қажет болады.


16.6-тілімше

Әртүрлі айнымалылардың сұхбат терезесіне мәлімет енгізу




16.7-тілімше

Әртүрлі айнымалыларға бөліп кодтарын өзгерту: Ескі және Жаңа Шамалар сұхбат терезесі



16.8-тілімше

Көрсеткіштер сұхбат терезесі



Жаңа айнымалыны есептеп шығару

Адамның фитнес клубта өткізген барлық уақыт мөлшері үш айнымалыға негізделіп анықталады: **кардминс** (жүрек-қан тамырлары жүйесін шынықтыратын құрылғыда өткізген уақыт), **вейминс** (ауыр салмақ құрылғысында өткізген уақыт), **озминс** (басқа жаттығуларға кеткен уақыт).

Қорытындылай келе, біз фитнес клубта жаттығуларға кеткен уақыт мөлшерін анықтай аламыз. Осылайша, біз тағы бір жаңа айнымалыны – **тоталмин** (барлық уақыт мөлшері) – алға шығарамыз, бұл айнымалыны шығаруға қатысты мына үдерістер реті жүзеге асырылады:

1. → Ауыстыру → Есепте . . . [16.8 тілімшеде көрсетілгендей Айныма-

лыларды есептеу сұхбат терезесі ашылады];

2. Мақсатты Айнымалы ішіне: **тоталмин** деп жазыңыз;

3. Айнымалылар тізімінен, солдан бастап → **кардминс** [Сандық көрсеткіштер терезесінің төменгі жағына **кардминс** деп шығарады:] → **вейминс** [+ таңбасынан кейін **вейминс** енгізеді] → + түймесі; → **озминс** [+ таңбасынан кейін **озминс** енгізеді];


4. **Ок.**

Жаңа айнымалы **тоталмин** осылайша құрастырылады және бірден **Деректерді редакциялауда** пайда болады. Осы арадан бастап біз деректерге талдау жүргізе аламыз!

16.9-тілімше

Жиіліктер сұхбат терезесі


1. Талдау жүргізілетін айнымалыны мына жерден таңдап алыңыз



2. Таңдап алынған айнымалыны **АЙНЫМАЛЫ** тізіміне енгізу үшін мына жерге басыңыз

16.10-тілімше

Жиілік кестесі қамтылған шығу мәліметі шолушысы



Әрбір категориядағы оқиғалар саны

Әрбір категориядағы оқиғалар пайызы


Жетіспейтін шама ескерілген әрбір категориядағы оқиғалар пайызы



SPSS пакетімен деректерді талдау

Түйіндесу кестесін құрастыру

15.2-кестеде көрсетілгендей жиілік кестесін құрастыру үшін:

- **Талдау** → **Сипаттамалы Статистика** → **Жиілік . . .** [16.9-тілімшеде көрсетілгендей **Жиілік** сұхбат терезесі ашылады];
- фитнес клубқа бару себептері →  [фитнес клубқа бару себептерін **Айнымалыға** немесе **Айнымалыларға** енгізеді: терезе];
- **Ок**.

Кесте **Шығу мәліметтері** бөлімінде пайда болады (16.10-тілімшені қараңыз).

Жиілік сұхбат кестесінде арнайы белгімен бекітілген айнымалылар сол бекітілген белгілеріне орай орналасатынын және арнайы белгілермен бекітілмеген айнымалылар оларға берілген айнымалы атымен көрінетінін ескертеміз. Бұл **Талдау** және **Диаграмма** (төменде анықтамасы беріледі) арқылы құрастырылатын барлық сұхбат кестелеріне қатысты ерекшелік болып табылады.

Бағаналық диаграмма құрастыру

15.2-кестеде көрсетілгендей бағаналық диаграмманы құрастыру үшін мынадай қадамдар жасалады:

- **Кестелер** → **Кесте құрастырушы** . . . [16.11-тілімшеде көрсетілгендей **Кесте құрастырушы** сұхбат терезесі ашылады];

- Төменде берілген **Арасынан таңдау** нұсқасынан **Кестелер** →: одан әрі жоғарыда сол жақ бұрыштағы **Галерея** нұсқасынан қарапайым кесте үлгісін таңдап алыңыз → оны бастырманы басып отырып, экранның межеленген жеріне тартып әкеліңіз. Келесі қадам **жас** →, оны да тартып әкеліп, бағаналық диаграмма сияқты орналастырыңыз;
- Айнымалылар** арасынан фитнес клубқа бару себептері →: **көкпен боялған X-Осі?** деп белгіленген орынға тартып әкеліп орналастырыңыз;
- **Ок**.

Шеңберлік диаграмма құрастыру

15.3-кестеде көрсетілгендей шеңберлік диаграмма құрастыру үшін:

- **Кестелер** → **Кесте құрастырушы** . . . [16.12 тілімшесінде көрсетілгендей **Кесте құрастырушы** сұхбат терезесі ашылады], **Арасынан таңдау** нұсқасынан **Шеңбер/Поляр шеңбері** →: одан әрі жоғарыда сол жақ бұрыштағы **Галерея** нұсқасынан шеңберлік диаграмма үлгісін таңдап алыңыз →, оны бастырманы басып отырып экранның межеленген жеріне тартып әкеліңіз;
- Айнымалылар** арасынан фитнес клубқа бару себептері → **көкпен боялған Топтастыру ерекшеліктері?** деп белгіленген орынға тартып әкеліп орналастырыңыз;
- **Ок**.

15.3-кестеде берілгендей пайыздық көрсеткішті енгізу үшін, диаграмманың үстіне келіп жүгірткінің бастырмасын екі рет басыңыз, бұл **Диаграмма Редакциялау** мәзірін ашады. Құрастырылған диаграмма **Диаграмма Редакциялау** терезесінің ішінде пайда болады және негізгі кесте бейактив түрге енеді. **Элементтер** → **Деректердің белгілерін көрсету** → **Ерекшелік** қосымша сұхбат диалогы пайда болады (16.12-тілімшені қараңыз). Одан әрі 15.3-кестеде белгілер мен пайыздық көрсеткіштер қосу үшін % нұсқасын таңдаңыз.

Пайда болған диаграмма түрлі түсті болып шығады, алайда, егер сізде тек ақ/қара түсті принтер болса, шеңберлік диаграмманы сызба бөліктеріне өзгертуіңізге болады, осылайша әрбір бөлімді анық көру мүмкін болмақ. Бұл өзгерісті **Диаграмма Редакциялау** нұсқасында жасай аласыз.


Гистограмма құрастыру

Аралық/арақатынас айнымалы үшін, мысалы *жас* гистограммасын құрастыру үшін: **Арасынан таңдау** нұсқасының төменінде берілген **Кестелер** → **Гистограмма** →: одан әрі жоғарыда сол жақ бұрыштағы **Галерея** нұсқасынан гистограмма үлгісін таңдап алыңыз → оны бастырманы басып отырып, экранның межелеген жеріне тартып әкеліңіз. Келесі қадам *жас* → және оны да бағаналық диаграмма тәрізді тартып әкеліп қойыңыз. Бұл үдеріс соңында *жас* санаттары бағдарламалық жасақтама арқылы анықталған, дайын гистограмма шығады. Диаграмманың үстіне келіп жүгірткінің бастырмасын екі рет басы, пайда болған **Диаграмма Редакция-**

лау мәзірінде гистограммаға өзгертулер енгізе аласыз. Мысалы, бөліктердің түстерін өзгертуге немесе басқа да ерекшеліктерін енгізуге болады.

Арифметикалық орташа шама, медиана, стандартты ауытқу, дәреже және қорап типті диаграмма құрастыру

Аралық/арақатынас айнымалының, мысалы, *жас* мысалына қатысты орташа көрсеткіш, медиана, стандартты ауытқу және дәрежесін көрсету үшін мына қадамдар жасалады:


1. → **Талдау** → **Сипаттамалы статистика** → **Анықтау . . .** [**Анықтау** сұхбат терезесі ашылады];
2. → *жас* → Тәуелді тізімнің сол жағына : [**жас** бөлімін **Тәуелді тізімге** енгізеді: терезе], **Дисплейдің** төменгі жағындағы **Статистикалық мәліметтер** → **Ок** →.

Қорытынды мәліметте орташа көрсеткіштің стандартты қателігіне негізделген 95% сенімдік аралығын құрайтын орташа көрсеткіш те қамтылады. Осы үдерістің толық қортындысын 16.1-кестеден көре аласыз. Егер сіз **Қисық диаграмманы** таңдасаңыз . . . **Анықтау: Қисық диаграмма** сұхбат терезесі пайда болады, осы арада қажет гистограмма түрін құрастыра аласыз. Бұл үдерісті іске асыру үшін **Анықтау** сұхбат терезесінен **Дисплейдің** төменгі жағындағы **Екеуі** де немесе **Қисық диаграмма** нұсқасын таңдауыңыз керек. Бұған қоса, **Екеуі** де немесе **Қисық диаграмма** нұсқасы таңдалғанда басқа да қосымша пішіндер түрлері пайда болады, араларында 15-тарауда анықтамасы берілген қорап типті диаграмма да болады.

16.11-тілімше

Диagramma құрастырушы көмегімен бағаналық diagramma құрастыру

3. Айнымалыны мына жерден таңдап алып, тартып әкеліп, мына жерге орналастырыңыз




1. Мына жерден бағаналық diagramma түрін таңдаңыз (мысалға сәйкес Бағана)

2. Мына жерден кестенің үлгісін таңдап алыңыз, тартып әкеліп, мына жерге орналастырыңыз

16.12-тілімше

Диаграмма құрастырушы көмегімен шеңберлік диаграмма құрастыру және Кесте Ерекшеліктері



16.1-кесте

Жасына қатысты мәліметті шығару (SPSS мәліметі)

Анықтау

Оқиғаны өңдеу

	Оқиғалар					
	Жарамды		Жетіспейтін		Барлығы	
	№	%	№	%	№	%
жас	89	98.9%	1	1.1%	90	100.0%

Сипаттамалы

		Статистика	Станд.кәтелік
Жас	Орташа көрсеткіші	33.5955	.94197
	95% сенімділік	Төменгі шегі	31.7235
	Орташа аралық	Жоғарғы шегі	35.4675
	5% қысқартылған орташа		33.3159
	Медиана		31.0000
	Айырмашылық		78.971
	Стандартты ауытқу		8.88656
	Минимум		18.00
	Максимум		57.00
	Дәреже		39.00
	Токсан аралық дәреже		14.00
	Үйлесімсіздік		.446
	Асқақтаушылық		-.645
			.255
			.506

16.13-тілімше

Айқыш кестелер сұхбат терезесі

Тармақтарды құрайтын айнымалыны таңдап, мына жерге енгізіңіз. Себептік байланысын анықтау үшін, мүмкіндігінше тәуелді және заңды айнымалыны таңдап алу талап етіледі.

Бағаналарды құрайтын айнымалыны таңдап алып, мына жерге енгізіңіз. Себептік байланысын анықтау үшін, мүмкіндігінше тәуелсіз және заңды айнымалыны таңдап алу талап етіледі.

Айқыш кестелер: Статистикалар қосымша сұхбат терезесін (16.15-тілімше) ашу үшін мына жерге басыңыз: хи-шаршы критеріі және түйіндесу кестесінің тиісті өлшемдерін таңдаңыз.

Айқыш кестелер: Статистикалар қосымша сұхбат терезесін (16.14-тілімше) ашу үшін мына жерге басыңыз: пайыздық көрсеткіштер деректері тәрізді әрбір ұяшыққа жазылатын деректерді таңдаңыз.

Түйіндесу кестесі, хи-шаршы критеріі, Крамердің V корреляциялық коэффициентін құрастыру

15.4-кестеде көрсетілгендей түйіндесу кестесін құрастыру үшін хи-шаршы критеріі және Крамердің V корреляциялық коэффициентімен қатар мынадай әрекеттер жүзеге асырылады:

1. Талдау → Сипаттамалы статистика → Айқыш кестелер → [16.12-тілім-

шеде көрсетілгендей Айқыш кестелер сұхбат терезесі ашылады];

2. фитнес клубқа бару себептері → Тармақтар арқылы [фитнес клубқа бару себептері Тармақтар арқылы бөлімінде пайда болады: терезе] → жынысы → Бағаналар арқылы

[**Жыныс Бағаналар арқылы** бөлімінде пайда болады: терезе] → **Ұяшықтар . . .** [16.14-тілімшеде көрсетілгендей **Айқыш кестелер: Ұяшық дисплейі** қосымша сұхбат терезесі ашылады];

3. Есептеу терезесінде **Бақылау нысаны** нұсқасының белгіленгеніне көз жеткізіңіз. Пайыздық көрсеткіш терезесіндегі Бағана нұсқасының да белгіленгеніне көз жеткізіңіз. Егер бұл нұсқалардан бірі белгіленбеген болса, қажет түймені басып, активті түрге келтіріңіз. Жалғастыру → [**Айқыш кестелер: Ұяшық дисплейі** қосымша сұхбат терезесін жабады және 16.13 тілімшеде көрсетілгендей **Айқыш кестелер** сұхбат терезесіне қайта оралады];

4. **Статистикалық мәліметтер** → [16.15 тілімшесінде көрсетілгендей **Айқыш кестелер: Статистикалық мәліметтер** қосымша сұхбат терезесі ашылады];

5. **Хи-шаршы критерийі** → **Фи және Крамердің V корреляциялық коэффициенті** → **Жалғастыру** → [**Айқыш кестелер: Статистикалар** қосымша сұхбат терезесін жабады. 16.13-тілімшеде көрсетілгендей **Айқыш кестелер** сұхбат терезесіне қайта оралады];


6. **Ок.**

Қол жеткізілген қорытынды нәтижені 16.2-кестеден көре аласыз.

Егер сіздің кестеңізде екі шамалы айнымалылар бар болса, осы үдерістің реттілігін сақтай отырып, Фи корреляциялық коэффициентін шығара аласыз.


16.14-тілімше

Айқыш кестелер: Ұяшық дисплейінің қосымша сұхбат терезесі



16.15-тілімше

Айқыш кестелер: Статистикалық мәліметтер қосымша сұхбат терезесі



Түйіндесу кестесінде хи-шаршы статистикасын көрсетуді таңдаңыз

Фи және/немесе Крамердің V корреляциялық коэффициенттерін құрасытуды таңдаңыз

Пирсонның r корреляциялық коэффициенті мен Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициентін құрастыру

Пирсонның r корреляциялық коэффициентін құрастыру үшін, төмендегі қадамдарды жүзеге асыра отырып, *жас*, *кардминс*, *вейминс* араларында корреляцияны анықтаңыз:

1. Талдау → Корреляциялау → Екі шамалы . . . [16.16-тілімшеде көрсетілгендей Екі шамалы корреляциялар сұхбат терезесі ашылады];
2. *жас* → → *кардминс* → → *вейминс* → [Айнымалылар арасында *жас*, *кардминс*, *вейминс* пайда болады; терезе], Пирсон → [егер активті емес түрде болса] → Ок.

Қол жеткізілген нәтиже 16.3-кестеде көрсетілген.

Спирменнің рангілік корреляциялық коэффициентін көрсету үшін дәл осы үдерістерді қайталап, Пирсон командасының орнынан Спирменді таңдап алып, →.

Шашыраңқы диаграмма құрастыру

SPSS пакетінде шашырап орналасқан диаграмма деп те аталатын шашыраңқы диаграмманы құрастыру жолдарын қарастырайық. Мысал ретінде *жас* пен *кардминс* арасындағы өзара байланысты көрсетуді алайық. Егер бір айнымалы тәуелсіз айнымалы екенін анық болса, бұл айнымалы x осінде ораналсуы керек деген анықтама бар, демек, көлденең ості аламыз. Сонымен қатар, *жас* тәуелсіз айнымалы болып табылатындықтан, әрі қарай мына қадамдарды жүзеге асырамыз:

16.2-кесте

Фитнес клубына бару себептерінің адам жынысына қарай көрсетілген түйіндеу кестесі (SPSS қорытынды нәтижесі)

Анықтау

Оқиғаны өңдеу

	Оқиғалар					
	Жарамды		Жетіспейтін		Барлығы	
	№	%	№	%	№	%
жынысына қарай себептері	90	100.0%	0	0%	90	100.0%

Фитнес клубына бару себептері* жынысына қарай көп көрсеткішті түйіндеу кестесі

	Жынысы				Барлығы
	Еркек		Әйел		
бару себептері	Демалыс	Жыныс арасында % есеп	3 7.1%	6 12.5%	9 10.0%
	Фитнес	Жыныс арасында % есеп	15 35.7%	16 33.3%	31 34.4%
	Салмақ тастау	Жыныс арасында % есеп	8 19.0%	25 52.1%	33 36.74%
	Күш жинау	Жыныс арасында % есеп	16 38.1%	1 2.1%	17 18.9%
Барлығы	Жыныс арасында % есеп	42 100.0%	48 100.0%	90 100.0%	

Хи-шаршы критерийі

	Шама	Өз	(2-жақты)
Пирсонның Хи-шаршысы	22.726 ^a	3	.000
Ақиқат дәрежесі	25.805	3	.000
Сызықтық құрам	9.716	1	.002
Нақты оқиғалар саны	90		

a. 2 ұяшық (25.0 %) 5-тен аз көрсеткіш береді деп күтілді.
Біқтимал минимум көрсеткіші – 4.20.

Пирсонның Хи-шаршы көрсеткішін есептейді

Хи-шаршы критерийі


	Шама	Шамамен
Шартты Фи	.503	.000
Краммер V	.503	.000
Нақты оқиғалар саны	90	

Айнымалылар арасындағы өзара байланыстың нақтылығын көрсетеді

Анықталған Крамердің V көрсеткішінің статистикалық маңыздылық дәрежесін көрсетеді

16.16-тілімше

Екі шамалы корреляциялардың сұхбат терезесі



16.3-кесте

Жас, вейминс, кардминс қорытындысының корреляциялары (SPSS пакетінің қорытындысы)

Корреляциялар

Корреляциялар

		жас	кардминс	вейминс
жас	Пирсонның коррел. (2-жақты)	1	-.109 .311	-.273** -.010
кардминс	Пирсонның коррел. (2-жақты)	-.109 -.311	1	-.161 -.130
вейминс	Пирсонның коррел. (2-жақты)	-.273** -.010	-.161 .130	1
		89	89 90	89 90

$p < 0.05$ корреляциясы (жұлдызшамен) белгіленген

Корреляцияны есептеуге алынған оқиғалар санын көрсетеді, айнымалылардың біреуінде немесе екіінде де жетіспейтін деректер болса, оларды есепке алмайды.

** .01 дәрежесінде (2-жақты) корреляция өте анық

Пирсонның r корреляциялық коэффициентіне қатысты айнымалылар арасындағы өзара байланыстың нақтылығын көрсетеді


Анықталған Пирсонның r корреляциялық коэффициенті көрсеткішінің статистикалық маңыздылық дәрежесін көрсетеді

16.17-тілімше

Кесте құрастырушы көмегімен шашыраңқы диаграмма құрастыру

Мына жерден тәуелсіз айнымалыны таңдаңыз, тартып әкеліп, мына жерге орналастырыңыз

Мына жерден тәуелді айнымалыны таңдаңыз.




1. Мына жерден тиісті кесте түрін таңдаңыз

2. Мына жерден шашыраңқы кесте түрін таңдаңыз және тартып әкеліп мына жерге орналастырыңыз.

16.1-сызба

Жас пен кардминс арасындағы өзара байланысты көрсететін шашыраңқы диаграмма (SPSS пакетінің қорытындысы)



- 1. Кестелер** → **Кесте құрастырушы** [16.17-тілімшеде көрсетілген **Кесте құрастырушы** сұхбат терезесі ашылады];
- 2. Арасынан таңдау нұсқасынан Шашырату/Нүкте** →: сол жақ бұрышта орналасқан негізгі үлгілер арасынан шашыраңқы диаграмма үлгісін таңдап алып, шашыраңқы диаграмма үлгілерінің жоғарғы жағына қарай тартып әкеліп, орналастырыңыз;
- 3. Кардминс** → **Y осі?** деп жобаланған жерге тартып әкеліп, орналастырыңыз, **жас** → **X осі?** деп жобаланған жерге тартып әкеліп, орналастырыңыз (16.17-тілімшені қараңыз).

Тиісті шашыраңқы диаграмма 16.1-сызбада көрсетілген. Кесте редакциялау мәзіріне көшіру арқылы шашыраңқы диаграммаға өзгертулер енгізуге бола-

ды. Мысалы, кестенің кез келген жерін басып, Кесте редакциялау мәзірі шыққаннан кейін, диаграмма жиектерінің түрі мен көлемін өзгертуге болады. Осы арада Ерекшеліктер қосымша сұхбат терезесі ашылады және диаграмманың көрінісіне көптеген өзгерістер енгізуге болады, мысалы: белгілі бір бөліктегі нүктелердің түсін өзгерту.


Көрсеткіштерді салыстыру және этта

15.7-кестеде көрсетілгендей кестені құрастыру үшін мынадай қадамдар жасалады:

- 1. Талдау** → **Көрсеткіштерді салыстыру** → **Көрсеткіштер** → ... [16.18-тілімшеде көрсетілгендей **Көрсеткіштер** сұхбат терезесі ашылады]

16.18-тілімше

Көрсеткіштер сұхбат терезесі



2. *кардминс* → → Тәуелділер тізімінің сол жағы: → бару себептері → → Тәуелсіздер тізімінің сол жағына: → Сілтемелер тізімі . . . [Көрсеткіштер: Сілтемелер тізімі қосымша сұхбат терезесі ашылады]
3. Бірінші топтың статистикалық мәліметтер мәзірінің төменіндегі Дисперсиялық талдау және этта → Жалғастыру [Көрсеткіштер: Сілтемелер тізімі қосымша сұхбат терезесі жауып, 16.18-тілімшеде көрсетілген Көрсеткіштер сұхбат терезесіне кері оралады] → **Ок** →.

Үш айнымалы қамтылған түйіндесу кестесін құрастыру

15.7-кестеде көрсетілгендей кестені құрастыру үшін мынадай қадамдар жасалады:
1. Талдау → Сипаттамалы Статистика → Айқыш кестелер → . . . [16.13 тілімшесінде көрсетілгендей Айқыш кестелер сұхбат терезесі ашылады];
2. *озсоурс* → → Тармақтар арқылы [Тармақтарда *озсоурс* пайда болады: терезе];
3. *жас 3* → [адамдардың жастарын үш категорияға бөліп, қайтадан кодтағанда айнымалыға берілген ат], **Бағана арқылы** → : [Бағанада *жас 3* пайда болады: терезе] → *жынысы* → Алдыңғының төменіне [1-ге қатысты 1 топ терезесінің төменгі жағында *жыныс* тобы пайда болады] → **Ұяшықтар** [16.14-тілімшеде көрсетілгендей Айқыш кестелер: **Ұяшық дисплейі** қосымша сұхбат терезесі ашылады];
4. Есептеу терезесінде **Бақылау нысанының** белгіленгеніне көз жеткі-

зіңіз. **Пайыздық** көрсеткіш төменіндегі **Бағана** нұсқасының да белгіленгеніне көз жеткізіңіз. Егер осы нұсқалардың біреуі белгіленбеген болса, батырманы басып, міндетті түрде активті түрге келтіріңіз. **Жалғастыру** → [**Айқыш кестелер: Ұяшық дисплейі** қосымша сұхбат

терезесін жауып, 16.13-тілімшеде көрсетілген **Айқыш кестелер** сұхбат терезесіне кері оралады];

5. Ок.

Қорытынды нәтиже 15.7-кестеде көрсетілгеннен біраз өзгеше болады және жыныс категориясы бағандар түрінде емес, тармақтар түрінде шығады.



SPSS пакетіндегі басқа да операциялар

Деректерді сақтау

Болашақта қолдану мақсатында барлық жасаған жұмыстарыңыздың деректерін сақтап отырыңыз. Бұл үдеріс үшін Деректерді редакциялау мәзірінің активті екеніне көз жеткізіңіз. Осы арадан:

Файл → ...ретінде Сақтау →

Деректерді «ретінде сақтау» сұхбат терезесі ашылады. Сақталатын дерекке арнайы ат беруіңіз керек және оны **Файл аты** деген нұсқадан кейін жазып енгізіңіз. Біз бұл файлды «фитнес клубы зерттеу» деп атайық. Сонымен қатар ол деректерді қай жерге сақтау керектігін де ойластырыңыз, мысалы, ақпаратты сақтау құрылғысына сақтауға болады. Бұл құрылғының орнын көрсету үшін, **Арасынан қарау** түймесінің сол жағына астыңғы тілсызық арқылы түсіп, деректеріңізді сақтайтын тиісті диск пен папканы таңдаңыз, →. Сақтау →.

Бұл операция арқылы сіз деректеріңізді және сол деректерге жүргізген кез келген жұмыстарыңызды, мысалы, шама белгілері немесе тіркелген айнамалылар жайлы барлық ақпараттарды сақтап отыратынын есте сақтаңыз. Егер

бұл деректерді біраз уақыт өткеннен кейін қайта қолданып, жаңа айнымалы енгізу тәрізді түрлі жұмыстар жүргізген болсаңыз, ол жұмыстар соңында қайтадан сақтауды ұмытпаңыз. Егер сақтауды ұмытып кетсеңіз, барлық жасалған жаңа жұмыстардың қорытындысы болмайды. SPSS пакеті арқылы деректеріңіздің атын өзгерте аласыз, осылайша сіз деректеріңіз сақталған екінші файлды сақтай аласыз (бір файлда түпнұсқа түрінде сақтап, екінші файлда өзгерту жұмыстары жүргізе аласыз) немесе файлдарға бірдей ат беруге де болады, мұндай жағдайда аты өзгеріссіз қалады, ал файлдың құрамындағы деректерге өзгертулер енгізуге болады.

Деректерді қалпына келтіру

Жаңадан сақтаған файлдағы деректерді қайтадан қалпына келтіру үшін, мынадай қадамдар жасалады: **Файл** → **Ашу** → . . . **Файлды ашу** мәзірін бассаңыз сұхбат терезесі ашылады. Одан әрі сізге қалпына келтіретін файл сақталған дискіні ашуыңыз керек, **Ашу** → **Дерек сақталған Файл** . . . Осы операцияны қысқаша атқарудың баламасы ретінде: негізгі басқару мәзіріндегі алғашқы

түйме (файл ашуға ұқсайды) →, осы арала **Файлды ашу** сұхбат терезесі ашылады.

Шығыс құжаттары

SPSS Шығыс құжаттары нұсқасы арқылы барлық құжаттарды басып шығару үшін, **Шығу 1 - SPSS шолушы** түймесінің активті болып тұрғанына көз жеткізіңіз, әрі қарай **Файл → Басып шығару** →. . . Осы арада **Басып шығару** сұхбат терезесі пайда болады, Ок →. Бірнеше шығыс құжаттарын басып шығару үшін, пернетақтаңыздағы

Ctrl түймесін басып ұстап тұрыңыз және басып шығарылуы тиіс бөлімдердің үстіне батырманы бір рет басыңыз. Басып шығару ісінің ең оңай жолы – 16.10-тілімшеде көрсетілгендей, сол жақтағы Шығыс құжаттары мәзірінде басып шығаруды қалаған барлық бөлімдерді белгілеу. Содан кейін **Басып шығару** сұхбат терезесі пайда болады, бұл терезеде **Белгіленген мөлшерді Басып шығару** түймесінің белгіленгеніне көз жеткізіңіз. Негізгі басқару мәзірінің үшінші түймесі (принтер түрінде көрсетілген) **Басып шығару** сұхбат терезесіне қысқаша жол ашады.



Негізгі ұғымдар

- SPSS пакеті 15-тарауда өтіп кеткен тәсілдерді қалай жүзеге асыруға қолданылады, дегенмен, бұл бағдарламалық жасақтаманы үйрену біршама табандылықты талап етеді және кейбір сәттерде бұл бағдарламаны үйрену қажетке жарамайтын іс тәрізді көрінуі мүмкін.
- Алайда, бұл бағдарламаны үйрену өте пайдалы және бұл бағдарламаны үйрену, өз алдыңызға 100 шақты іріктемеге түрлі есептеулер жүргізуден әлдеқайда тез және оңай болмақ.
- Егер тәсілдерді қолдануға машықтанып алсаңыз, жұмысты атқаруда уақыт тиімділігі, әсіресе, ауқымды іріктемелермен жұмыс істегенде біршама ұтымды болмақ.
- SPSS пакетімен зерттеу құралнамаларын жоспарламай тұрып танысып алған қолайлы болады, осылайша сіз SPSS пакетінің деректерге қатысты әрбір кезеңінде туындайтын қиындықтарды алдын ала біліп, дайын боласыз.



Қысқаша шолу сұрақтары

SPSS пакетіне бастама

- Мына көрсетілгендер арасындағы айырмашылықтарды атаңыз: айнымалы аттары; айнымалы белгілері; шама белгілері.
- Қандай жағдайларда айнымалыны қайтадан кодтау қажет болуы мүмкін?

- Қандай жағдайларда жаңа айнымалы құрастыру қажет болуы мүмкін?

SPSS пакеті көмегімен деректерді талдау

Фитнес клубқа бару мысалын ала отырып, мына операцияларды жүзеге асырыңыз:

- Жаттығулардың жиілік кестесі;
- Жаттығулардың бағаналық және шеңберлік диаграммалары, олардың пайдалылығын салыстыру;
- **Кардминс** гистограммасы;
- Орташа көрсеткіштің және **кардминс** дисперсия өлшемдері;
- **Жаттығу** және **жыныс** категориялары үшін түйіндесу кестесі және хи-шаршы критерийі;
- **Жас** және **кардминс** категориялары үшін Пирсонның ***r*** корреляциялық коэффициенті;
- **Кардюз** және **вейюз** категориялары үшін Спирменнің корреляциялық коэффициенті;
- **Жас** және **кардминс** категориялары үшін шашыраңқы диаграмма;
- **Тоталмин** және **бару** себептері категориялары үшін орташа көрсеткіш талдауын салыстыру.



Онлайн Ақпарат орталығы

www.oxfordtextbooks.co.uk/orc/brymansrm4e/

Windows жүйесінде SPSS бағдарламалық жасақтамасын қолдану жайлы біліміңізді кеңейту үшін осы кітапқа демеу көрсетіп отырған Онлайн Ақпарат орталығының веб парақтарын қараңыз. Басқа веб сілтемелеріне жүгініңіз, бірнеше жауаптары берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өз біліміңізді тексеріңіз, студенттерге арналған зерттеу құралнамалары жинағындағы нұсқаулармен танысыңыз.

Алан Брайман

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Оқулық

Басуға 15.12.14 қол қойылды. Пішіні 70x100^{1/16}.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman». Баспа табағы – 36.5.
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс бойынша – 600 дана.
Тапсырыс № 9965.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.